

«ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ  
«НАЗИПА ҚҰЛЖАНОВА АТЫНДАҒЫ ТОРҒАЙ ГУМАНИТАРЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» КМҚК  
ГУ «УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ»  
КГКП «ТОРГАЙСКИЙ ГУМАНИТАРНЫЙ КОЛЛЕДЖ ИМЕНИ Н.КУЛЖАНОВОЙ»



**«Нәзипа Құлжанованың рухани мұрасын заманауи  
бағытта жаңартылған білім берумен ұштастыру»**

**Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция**

**«Реализация духовного наследия Н. Кулжановой  
в рамках обновленного содержания образования»**

Арқалық 26 сәуір 2022 жыл

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ  
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА АТЫНДАҒЫ ТОРҒАЙ ГУМАНИТАРЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ  
ТОРГАЙСКИЙ ГУМАНИТАРНЫЙ КОЛЛЕДЖ ИМЕНИ НАЗИПЫ КУЛЖАНОВОЙ

Ағартушы-ғалым Назипа Құлжанованың 135 жылдығына арналған  
**«НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫН ЗАМАНАУИ БАҒЫТТА  
ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУМЕН ҰШТАСТЫРУ»**  
атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары  
26 сәуір 2022 ж.

Материалы Республиканской научно-практической конференции посвященной  
135-летию ученого-просветителя Назипы Кулжановой  
**«РЕАЛИЗАЦИЯ ДУХОВНОГО НАСЛЕДИЯ НАЗИПЫ КУЛЖАНОВОЙ В  
РАМКАХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ»**  
26 апреля 2022г.

УДК 37.0  
ББК 74.00  
Н32

Под общей редакцией директора колледжа С.О. Алматовой

Редакционная коллегия / Редакциялық алқа мүшелері:  
А.Н. Сейдакметова, А.К. Мухамеджанова, Г.А. Халыкова  
(ответственный секретарь сборника),  
К.Г. Едресова (ответственный секретарь оргкомитета)

**Нәзипа Құлжанованың рухани мұрасын заманауи бағытта жаңартылған білім берумен ұштастыру=**

**А** Реализация духовного наследия Назипы Кулжановой в рамках обновленного содержания образования: мат-лы респ.науч.-практ.конф. - Аркалык: ТГК, 2022. - 515 с. -каз., рус.

**ISBN 978-601-08-2155-2**

Жинақта өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен білім берудің өзекті мәселелері, Ахмет Байтұрсынов пен Нәзипа Құлжанова сияқты қазақ ұлтының жанашырлары мен ағартушыларының өмір жолы мен шығармашылығы, сондай-ақ аталған тарихи тұлғалардың қазақ даласында білім мен ғылымның қалыптасуы мен дамуына қосқан баға жетпес үлестері қарастырылады. Жинақ білім және мәдениет қызметкерлерінің, оқытушылардың, тәрбиешілер мен студенттердің кең ауқымына арналған.

В сборнике рассматриваются актуальные вопросы воспитания и образования подрастающего поколения, жизнь и творческая деятельность ученых, просветителей как Ахмет Байтұрсынов и Назипа Кулжанова, их неоценимый вклад в становлении и развитии образования и науки в казахской степи.

Сборник рассчитан на широкий круг работников сферы образования и культуры, преподавателей, воспитателей и студентов.

**ISBN 978-601-08-2155-2**

## Құттықтау сөз

Алматова Сандуғаш Орекенқызы

Нәзипа Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің басшысы

**Қадірменді қонақтар!**

**Құрметті конференцияға қатысушылар!**

Қазақ елінің көрнекті ағартушысы, алғашқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш әйел-журналист Нәзипа Құлжанованың 135 жылдығына арналған «Н. Құлжанованың рухани мұрасын заманауи бағытта жаңартылған білім берумен ұштастыру» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қош келдіңіздер!

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан үшін ең негізгі басымдықтың бірі – білім. Білім – ғылымның іргетасы және мемлекет дамуының алтын арқауы, сондықтан да бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады.

Бүгін мектеп партасында отырған бүлдіршіндер ертең ел тағдырын шешетін азаматтар. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету – мұғалімнің басты міндеті, ал сол ұстаздарымыз жаңартылған білім беру мазмұнын игеріп, заман талабына сай болуы үшін - әрқашан олардың ізденуін, білімдерін жетілдіруін, жан-жақты, білікті болуын талап етеді.

Қазіргі заманғы жаңа формациядағы педагогтарды даярлау біз үшін маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Бүгінгі конференциямыздың да негізгі мақсаты қазақ даласында білім мен ғылымның қалыптасып, дамуына үлесін қосқан тарихи тұлғалар, қазақ ұлтының рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов пен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш журналист-публицист Нәзипа Құлжанованың шығармашылығы мен өмір жолын насихаттау арқылы, олардың өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі рухани және ғылыми-білім беру мұраларының маңыздылығын ашу болып табылады.

Нәзипа Құлжанованың ұлтқа қызмет етудегі қайтпас қайраткерлік тұлғасы әрқайсымызға да үлгі-өнеге. Білімділігімен, парасаттылығымен, ұлтжандылығымен қайраткерлік дәрежеге көтерілген саусақпен санарлық қазақ қыздарының бірі, әрі бірігейі Нәзипа Құлжанованың өмірін, еңбектерін, саналы ғұмырындағы мұрасын зерттеу біздің парызымыз деп білеміз.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының да биыл туғанына 150 жыл толып отыр. Ахмет Байтұрсынұлы сияқты Ұлт ұстазының есімін ұлықтау – қашанда ізгілікті іс екені сөзсіз. Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», сол сияқты «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек» деген. Қазақтың рухани көсемі атанған Алаш ардақтысы, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, мемлекет қайраткері, соңынан із қалдырған жаңашыл ағартушы. Ұлтымыздың баға жетпес осындай тұлғалардың қалдырған мұраларының жаңа қырларынан зерттеп, зерделеп жүрген ізденушілердің бас қосуы үлкен мәнге ие деп білемін. Ұлыны зерттейік, зерделейік, ұлағатты еңбектерін есте сақтап, ұрпақтарға жеткізейік-дей келе, бүгінгі конференциямыздың табысты болатынына сенім білдіремін.

## ҚОС ҚАРЛЫҒАШ

Абдуллина А.Ә

аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі  
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы  
Абдуллин Д.А.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Қ.Жармағанбетов атындағы жалпы білім беретін орта мектеп  
Қостанай облысы, Жанкелдин ауданы

Тобықты елімен Торғай жұртының қашаннан есте қаларлықтай ұмытылмастай байланыстары болған. Алаш баласының басына бұлт үйірілген – «Ақтабан шұбырындыдан» кейін Сыр бойынан ауған Тобықты елі Ырғыз, Торғай, Кеңгір бойын қыстап, Шыңғыс тауларына жеткен.

Абайдың XVIII ғасырда біздің елде дүниеге келген аталары Торғай, Толай, Көтібақ, Ырғызбай есімдерін иеленіпті. Кеңестік кезеңнің кесепат саясаты – «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» ұжымдастыруынан кейін ашыққан Торғай еліне алдымен қол созған Семейліктер болды. Көркем сөз шебері, қаламгер Жүсіпбек Аймауытов бастап келіп, Торғайлықтарға мың шақты ірі қараны үлестіріп береді. Ашыққан елге деп «жылу малын» жинасқандардың бастамашылары: Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Міржақып Дулатов, Нұрғали Құлжановтар болады. Аштықтан жеген құйқасын Торғай елі ұмытпақ емес...

Өткен XX ғасыр басында оқыған қазақ зиялылары Семейге көптеп жинақтала бастады. Солардың сапында Міржақып Дулатов, Нұрғали мен Нәзипа Құлжановтар да болды. Әрі бұлар Алаш Тәуелсіздігі жолында қайсар ісі, уытты сөзі, ерлік істерімен көзге түсті. Абай елі, сонымен, зиялы Алаш оқығандарының мекеніне айналды. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Кәрім Тоқтабаев, Нұрғали мен Нәзипа Құлжановтар Семейде кездесіп, қажырлы кезеңдері мен қызықты шақтары осы қалада сабақтасады. Туған жерлері - Торғайдан қашықта жүріп те олар бір-бірінен қол үзбеген, ауыр істерде иықтаса білген. Бұл ойымыздың басты айғағы ретінде Ахаң мен Нәзипа арасындағы туысқандық шынайы сыйластық пен рухани түсіністікті айтуға болар еді. Ахаң болса Міржақып, Нұрғали, Кәрімнің істерінен қолдаушыларын көрді, өзінің қорғаушыларын таныды. Орынбордың мұғалімдер гимназиясын бітірген Нұрғали Қостанайдың орыс-қазақ гимназиясында оқыған Нәзипамен жұптасып Торғайына келеді. Бұдан бұрын Н.Құлжанов Жітіғараның Шұбар болысында ұстаздық жасап, бала оқытып жүргенді. Ерлі-зайыптылар Торғайдың қыздар училищесінен орын табады. Бірақ оларды туысқандары суық қарсы алады. Құлжан бидің әулеті, Нұрғали ағайындары: «Кедейдің қызын алдың. Біздің теңіміз емес», - деп кергиді. Нәзипаның әкесі Сағызбайдың кедей екендігі рас-ты. Сағызбай күн көріс қамымен Бесқопа бойынан отындық қамыс орып таситын, жазда қала тұрғындары үшін шөп шабатын. Орысша киініп, бала оқытып, еркін жүретін Нәзипадан келінді «шоқынды» санайтындар да табылды. 1905 жылғы төңкеріс лебі шет аймақтарға да жете бастаған шақта төңкерісшіл Нұрғалидың Торғайда қызмет істеуі би-болыстарға да жақпайды. Ауқатты отбасында дүниеге келген Нұрғали еркін өсті.

Нұрғали Құлжанов 1874 жылы мамыр айында дүниеге келеді. Атан бидің баласы Құлжан ақсақал Нұрғали туғанда бірнеше күн бойына той жасайды. Қошалақтың «Қызылша құмы» бойында 37 жерден ошақ қазылып, 37 қазан көтеріледі. Той өткеннен кейін қысырақтың тайын сойып, Құлжан ауыл ақсақалдарынан бата алады, балаға ат қойдырады. «Мамыр айымен таласа туған бала есімі – Нұрғали болсын!», - деген бәтуға келеді Қошалақ ақсақалдары. Торғай елі есімдері қатар аталатын «Құлжан-Төке» билігіне қанық. Торғай арғындарының Әйдерке тармағына жататын Түгелбай, Мерген руынан шыққан қос бидің шешімді билік, төреліктері, әлі күнге жыр болып айтылады. Құлжан мен Төке иықтаса дауға араласып, болыс, оязға да қарсы тұра білген, ел қорғаны бола білген. Бұлардың аттары Торғайда ғана емес Қостанай, Көкше өңіріне де танылған. Ел өмірінің ішкі жай-жапсарына еркін араласып жүрген Құлжан би де баласының орысша білуіне көбірек көңіл аударды. Торғай қаласы тұрғындарының орыс тілді жастарымен үйірсек болуына, Нұрғалиның солармен үйірсек болуына қарсылық білдірмеді. Қаланың екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқып жүріп достасқан балаң достары Қанапия Қойдосов, Кәкімбек Токиндермен қатар Александр Токарьев, Николай Никитин сынды орыс достары болды. Александр қалада ертеден тұратын, қазақшаны жақсы білетін, Халық бостандығы теңдік тақырыбындағы Әліби Жангелдиннің әңгімелерін естіп өскен Қанапия, Кәкімбек, Александрлар коммунистік саясатты қолдады. Тіпті өздерін халық бостандығы жолындағы күреске арнаған, өздерін коммунистерміз деп сенген жастар саяси ұйымның асқақ үні «Интернационалды» жаттап жүрді. Коммунистер гимнін хормен айтуға Торғай шіркеуін пайдаланды. Александр Токарьев бас болып шіркеу хорына қатысып жүргендер арасында Нұрғали да болды. Сонымен өзін халық жолындағы күреске арнаған балғын жас Нұрғали Құлжановтың таңдауы елдегі бірден-бір саяси ұйым коммунистік партияға түсті. Торғайда коммунистік саясатты алғаш қолданушылар қатарында Әліби Жангелдин, Амангелді Иманов, Қанапия

Койдосов, Александр Токарьев, Нұрғали Құлжанов болды. «Ұзақ жолға ниет қып бір шыққан...» Нұрғали бұл бағытынан айнымады. Осы жолда мерт те болды.

Нұрғали Орынбордың мұғалімдер училищесінде 1891-1893 жылдары оқиды. Орыс тіліне әбден төселген. Ұстаздық білім алған Нұрғали елге оралуға асықпай Жітіғараның Шұбар болысында мұғалімдікке орналасады. Қазақтың ескі жуан тұқымы Түгелбайдан шыққан Құлжан би болса Нұрғалидың елге оралуын қолдамайды. Оған басты себеп, баласының саяси көзқарасында болса керек. Әліби, Амангелді, Қанапия тобының айтары: теңдік еркіндік болып алған. Орысша оқып білім алған Нұрғали да солардың сөзін сөйледі. Сондықтан да әке ойы ұлының елден қашықта жырақ жүруін орынды көрді.

Нәзипа Сағызбайқызы 1888 жылғы ақпан айында Торғай өңірінің «Бесқопа» бойында дүниеге келді. Сағызбай мен Уазипаның көп балалы отбасында дүниеге келген Нәзипа балалардың шешек індетінен бір қыста жалғыз болып қалады. «Бесқопа» бойы қыстақтарынан індеттен бой көтеріп, аман қалғандарының бірі – Нәзипа болды. Содан да бұл қыз, осы үйдің бары да нары болып өсті. Ата-ананың өмірге сенім артар көзайымы болды. Атымтай әулетінің Сабынбай, Сағызбай ағайындары ғана малын күйттеген шаруа адамдары болатын. Қалаға қатынайтын жаз: шөп шауып, құрақ баулайтын, қыс малға суат, отын шаруасында болатын. Шай пұлдығын алуға қалаға Сағызбай жиі қатынайтын. Мұндайда шөптің үстіне, өгіздің арқасына мінген Нәзипа да ере жүретін. Қызықтайтыны - Торғайдың жеті көшесі, қалаға өтетін кең ағаш көпір. Биікте алыстан көз тартар ауқымды Ыбырай мектебі, кәсіби білім беру училищесінің орамы Нәзипаның назарын өзіне еріксіз тартатын. Тезірек осында оқуға армандайтын. Қызының оқуға деген ынтасын сезген атымтай ағайындары Жаңғабылдың бас болумен дуан басшысы мен мектеп жетекшілеріне қолқа салады. «Үйде хат танып қалған, оқуға ынталы қызды оқытуға басшылық та қарсы болмайды». Бұрын Ыбырай мектебінде Аққағаз Досжанова да оқыған. Аққағаздың ағасы Сағындық Ырғыздан қызмет бабымен ауысып келеді. Сағындық Досжанов та төңкерісшіл сипатта болған жас. Аққағаз болса болашақ қазақтан шығатын жоғарғы білімді дәрігер. Халық қаржысы есебінен осы негізін Ыбырай Алтынсарин қалаған орыс-қазақ мектебіне Нәзипа Сағынбайқызы да оқуға түседі. Мектепте жақсы оқиды, тәртіпті тәрбиелігімен көзге түседі. Білуге, оқуға деген ынтасымен көзге түскен Нәзипаны мектеп басшылығы енді Қостанайдың орыс-қазақ қыздар гимназиясына оқуға жолдама береді. Қостанайда сапарда болған сол кезеңнің бір орыс жазушысының жазғаны бар: демалыс кезеңінде алыстағы елі – Торғайына жете алмаған «даланың бозторғайы» Нәзипаның көзі жәудіреп терезеге қарап отырады. Дала бозторғайының еліне жетуге жол қашық, қаражат та жоқ. Осындай жабырқау күйде жүрген Нәзипаға тағы бір суыт хабар жетеді. Қысқа жібі шырмауына жетпей жүрген Сағызбай кіші жүздің бір байының ұлына қызына құда түсіп, қалың малын алып та қояды. Жігіт жағы қалыңдығын іздейді. Қиналғанда гимназия басшыларының кеңесімен Нәзипа жақын жер Шұбарда ұстаздық құрып жүрген жерлесі Нұрғали Құлжановпен хабарласады. Арашаға Торғайдан ояз бастығы Құлжан да түседі. Бидің көмегімен қыздың алып қойған қалыңдығы төленеді, қыздың оқуын жалғастыруға рұхсат етіледі. Аққудың көгілдіріндей оқыған қызға – Нәзипаға Нұрғалидың да көзі түседі. Оқуын еш алаңсыз жалғастыруына қолын жеткізуге қамқоршы болған Нұрғалидан қыз да кетері емес еді. Нәзипа оқуын тәмамдаған. Бұлар ерлі-зайыпты Нұрғали мен Нәзипа елге оралады. Екеуі де Торғайдың қыздар училищесіне мұғалімдікке орналасады. Бірақ туған елдерінде ұзақ тұрақтай алмайды. Ұстаздың формалы сәнді киімін киіп, барынша салмақты да сәнді жүріп, таза орысша сөйлейтін Нұрғалиды қазақы жұрт шоқындыға санайды. Татарша сәнімен киініп, қызметінде ашық жарқын тілдесетін Нәзипа келінді көпшілік көре алмайды, еркіндігін қызғанады. Қалды коммунистік көзғарастағы Нұрғалидың дуанбасшылығымен аралас-құралас жүруі де әнгімге арқау болады. 1905 жылғы орыстың төңкерісшіл оқиғасы таяп келе жатты... Бұлар-ерлі-зайыпты Нұрғали мен Нәзипа елге қалай келді, солай қол, Семей асады.

Екі бірдей күрескер, ағартушы, ізденісті жастар Семейде белсенді қызмет істеп, көптің ықылас, құрметіне бөленеді. Алғашқыда олар Семей семинариясына оқытушы болып орналасады. Кейін Нұрғали сол семинарияның директорлығына дейін өседі. Қаланың төңкерісшіл жастар жұмыстарын жасырған жағдайда араласып жүреді. Қаланың қырғыз депутаттары съезіне: К.Шугаев, П.Сиялов, М.Тұрысов, С.Яковлевтермен бірге Н.Құлжанов та депутат болып сайланады. Нұрғали туралы қалалық баспахана жұмыскері Нәсір Ешимов: - Құлжанов турашыл, іскер жан еді, - деп еске алады. 1906 жылдар Семейдегі Құлжановтардың үйінде жатып оқыған Г.М.Хомутов Пушкиннің «Капитан қызы» кітабын алғаш рет Нұрғалидың қолынан көргенін жазады. Олар Нұрғали мен Нәзипа орыс тілін жетік білген орыс әдебиетіне таныс болған. 1913-1914 жылдары Құлжановтар Қарқаралы уезінде болып, қазақ ауылдарында сауық кештерін өткізеді. Сондай бір кешке қатынасқан Шоқанның досы Потанин: - қазақтың әнші, күйшілерін енді елу жылдан кейін әлем сахнасынан көретініме кәміл сенеміз, - деген екен.

1914 жылы 26 қаңтарда Абайдың қайтыс болуына арналған кеш өтеді. Құлжановтардың қолқа салуымен әдеби-музыкалық, этнографиялық кешті өткізуге Орыс география қоғамының Семей бөлімшесі мұрындық болады. Сауық кешінде Нәзипа Құлжанова орыс тілінде «Қазақ ақыны Ибраһим (Абай) Құнанбаев және оның поэзиясы» деген тақырыпта баяндама жасайды. Кеште Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаевтың өлеңдері оқылады. Кеште Т.Жомартбаев, Ж.Аймауытов, Қ.Сәтбаев,

Ә.Қапсалемовтер өнер көрсетеді. Орыс саяхатшысы, ғалым Г.Н. Потанин сол кешті таңдана еске ала отырып: - Қазақтан да мұндай қыз туады екен ғой, - деп Нәзипа - сахна көркі туралы тамсана жазады.

Сонымен, Семейдің қазақ орыстарына Абайдың кім екендігін алғаш рет таныстырғандар Құлжановтар болды. Нәзипа Абайды «қазақтың жазба әдебиетінің көш бастаушысы» деп атайды. Ал, Абайдың ақындық бұлақ көзін ашқан шығыс, сонан соң орыс әдебиеті деп атап көрсетеді.

Генерал - губернатор Тройницкийдің рұқсатымен 1915 жылдың 13 ақпанында Семейдің приказшиктер кулбында Нәзипа ең алғаш рет «Біржан мен Сара» айтысын сахнаға шығарады. Семейдің озық ойлы өнерлі жастары Құлжановтардың маңына көптеп жинала бастайды. Айтыс сахналағанда басты бейнелерді Мұхтар Әуезов пен Қаныш Сәтбаев сынды Нұрғали мен Нәзипа Құлжановтардан оқыған жастар шығарады. Жүсіпбек Аймауытов Біржан болып ойнайды. Кеш мәртебесін Әміре Қашаубаев, Иса Байзақовтар ән-жырмен қыздыра түседі. Құлжановтар отбасы көпшіл, барын қонағымен бөліп жейтін, жастардың жиі жиылатын орнына да айналады. С.Бегалин мен М.Қаңлыбаев сол үйде жатып оқыған. Бұл үйде Сәбит Дөнентаев, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақовтар жиі болып тұрған. Танымал дәрігер Дәмеш Ермакова да Құлжановтар үйінде жатып оқыған. Дәмеш дәрігер өзінің естелігінде Нәзипа туралы барынша жылы әңгімелейді. Құлжановтар отбасында болатындардың арасында Мәриям Хакімжанова, Гүлбарам Тарабаевалар да болған. Танымал күрескер Нағыман Нұрмақовтың әйелі З.Нұрмақова да Құлжановтар отбасы туралы сүйіспеншілікпен еске алады. Ақындық жұлдызы жарқырап жанып, өмірден қыршын өткен Шолпан Иманбаеваны да өмірге баулып, таланттың көзін ашқан осы Нәзипа болатын.

Семейде Кеңес үкіметі орнаған кезеңде Нұрғали қалалық баспахана меңгерушісі қызметінде жүреді. Сібірде Колчак үкіметі орнайды. Мезгілінде «Халық сөзі» газетін шығарып тұру, баспахана мүлкін қорғау қажет болады. Халық үйінде қамауда ұстап отырғандары - Нұрғалидың сау басы ғана. Оның қызылдарды қолдайтыны, большевик екені белгілі. Қаншама ұрып соғып қорласа да одан жөндеп жауап ала алмайды. Баспахана меңгерушісі Нұрғали Құлжанов көзсіз коммунист, дініне берік жанды. Ақтың әскерлері Нұрғалиды «Большевиктерді қолдаушы» ретінде азаптап өлтіреді. Кешікпей 1919 жылдың желтоқсан айының соңында Семейде Кеңес үкіметі қайта орнайды.

Нұрғали көрші ауылдағы Шеген ұрпағын жақсы білген. Ыбырай Алтынсарин ашқан Торғайдағы мектептің сыныптарында Нұрғали Қорғанбек Бірімжановпен қатар оқиды. Тосын болса Бесқопамен шектеседі. Демек, Шеген бидің ұрпақтарын Нәзипа да танытын. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің қызған шағында көтерілісшілер қыпшақ, арғын руларына Әбдіғапар мен Оспанды хан сайлап алады. Ханның сардар басшылығына Амангелді Имановпен Қасымхан Алтынсаринді сайлайды. Сол Оспан ханның сардары болған Қасымхан тәңірдің тәлкегімен «халық жауы» танылып Семейге жер аударылады. Сол Қасымханның туған топырағы Тосынына жетіп қалуына қол үшін созған Нәзипа Сағызбайқызы болады. Семейдің губерниялық сотына Міржақов Дулатов мүше де Нәзипа жерлесін іздеушісі болатын. Кейін Нәзипа Құлжанова жалғыз қызы Гүлжиханды ертіп республика астанасы Алматыға келеді. Мұнда Нәзипа баспасөз жұмысына белсене араласады. Оның қаламынан туған еңбектер «Әйел теңдігі», «Еңбеші қазақ» сияқты басылымдарда жиі басылып тұрады. Жазбаларының негізгі тақырыбы- әйел теңдігі, оқу-ағарту жәйі, бала тәрбиесі төңірегінде болады. «Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесі» деген кітап та шығарады. Оның бұл еңбегін Ахаң да - Ахмет Байтұрсынов жоғары бағалаған. Ахаң-Нәзипа байланыстары туралы төменде арнайы әңгімелейміз. Сондай-ақ, Нәзипа Құлжанова аудармашылық жұмыспен айналысып, Горькийдің, Короленконың, Куприннің ірі-ірі шығармаларын орысшадан қазақшаға аударған. 1930 жылы Н.Құлжанова Мәскеуге арнайы сапар шегеді. Онда Нәзипа Надежда Крупскаямен кездеседі.

Нәзипа Құлжанова 1934 жылы дүние салады.

Нәзипа ұйымдастырушылық жұмыстармен қатар, әдеби шығармашылық еңбектер де жазады, артында оның қаламынан туындаған мол мұра қалды. Нәзипа Құлжанованың шығармашылық еңбегі Абай еңбегімен тығыз байланысты. Ерлі-зайыпты Құлжановтар Семей қаласына қызметке ауысқанға дейін Абай аты оларға беймәлім еді. Олар Семейге Абайдың дүние салғанына бір жыл толған кезеңде көшіп келеді. «Дала уәлаяты» газетінен Абай Құнанбайұлы – 1988 жылдың мамыр айынан Семей облыстық статистикалық комитетінің толық мүшесі туралы және оның балалары Ақылбай мен Мағауия жайлы бірер хабар оқиды. Кейіннен Абайдың өмірі мен творчествосы жайлы көбірек баяндайтын азалы ғұмырнаманы Мемлекеттік географиялық қорының Семей бөлімшесі жазбаларының 1907 жылғы үшінші кітабында жарияланады. Ерлі-зайыптылар болса сол хабарды оқығаннан кейін ғана, Абайдың ойшыл ақын, өрелі азамат болғанына көзін жеткізеді. Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин мектебінің түлектері халқымыздың екінші бір жарық жұлдызы Абай Құнанбайұлымен осылайша танысып, ақын шығармашылығымен осылайша достасады.

Құлжановтардың Семейде жүргізген ағартушылық жұмыстарына Сапарғали Бегалин белсенді араласады. Мұғалімдік семинарияда жұмыс істей жүріп, Нұрғали мен Нәзипа Абай Құнанбайұлы мен Ыбырай Алтынсарин туралы әдеби-сазды кештер өткізеді. Бұл кештердің қызғылықты өтуіне семинария оқушысы Қаныш Сәтбаев та ат салысады. Қазақ әйелдері арасынан шыққан алғашқы қоғам қайреткерлері: Сара Есова, Нағима Арықова, Алма Оразбаевалар Нәзипа Сағызбайқызы туралы асқан сүйіспеншілікпен естеріне алады, естеліктер мен зерттеу мақалаларына арқау етеді. Кезінде кеменгер

Абайда мүше болған орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөліміне қарасты Семей бөлімшесіне Нұрғали мен Нәзіпа Құлжановтар 1913 жылдан мүше болған. Демек, олардың белсене баспасөзге араласуы да сол жылдардан басталады.

Өмірден қыршың өткен ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров:

Ардақты бар Нәзіпа деген ханым

Газет-журнал жүзінде жұртқа мәлім...

– деп өлеңге қосып, әділ бағасын берген болатын.

«Айқап» журналының 1914 жылғы төртінші санында сол жылғы 25 қаңтарда өткен Абай Құнанбайұлының қайтыс болуына 10 жылдығына орай өткен кештен есеп берілген. Нәзіпа Құлжанованың ұйымдастыруымен өткен бұл кештің географиялық қоғамның Семей бөлімшесі пайдасына жасалғаны жазылған.

Құлжановтар қалада өткізілер келесі бір кешті қазақ тілінде өткізуге қам жасайды. Бұратана халық саналатын қазақ тілінде жиын, кеш өткізу қиынның-қиыны болатын. Бұл жолғы ағартушы, ғалым Ыбырай Алтынсариннің өмір жолы мен шығармашылығына арналған кеште Нәзіпа Құлжанова баяндама жасайды. Бүтін Ресей оқымыстыларына есімі танылған Ы.Алтынсаринге цензура тарапынан шектеу қойылмайды. «Біржан – Сара айтысынан» үзінді көрсетіледі. Кештің үшінші бөлімінде Ыбырай Алтынсариннің жастарды оқытуға, білімге шақырған өлеңдері оқылып, Абай әндері шырқалады. Әндерді нәшіне келтіре орындағандар: ақын Тайыр Жомартбаев, журналист Мұстақым Малдыбаев, семинария оқушысы Қаныш Сәтбаев, әнші Әлмағанбет Қапсәлемов пен Әміре Қашаубаевтар еді. Соңынан қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерінен көріністер көрсетіледі. «Географиялық қоғамның пайдасына өткізілген» екінші хабарла «Айқапта» басылады. Журналда атап көрсетілгеніндей: «Ел ішінде лаң болып жабысып, өлең оқып, ән шырқау күнә, сауық-серуен құру обал», – деп уағыздайтын қожалар мен молдаларға да берілген соққы болды. Осы орайда «Қазақ ССР тарихының» үшінші томының «Халықтың ауызша творчествосы және музыкалық мәдениеті» деген тарауында Қазақстанның XX ғасырдың басындағы мәдениет майданы қайраткерлері қатарында Нәзіпа Құлжанованың да есімі аталады. Онда былай делінген: Қазақ әндерінің қоғамдық өмірге қатысуына тиым салып, шектелген семьялық өмірдің қатаң ережелеріне қарамастан, олардың кейбіреулері кертартпа жұмыстың кедергілеріне қарсы төтеп бере алды. Бұлардың арасында есімдері неғұрлым белгілі белсенді мәдени қайраткер, әрі әнші Нәзіпа Құлжанова (1887-1933) әнші композитор Майра Уәлиқызы (1896-1926) күйші композитор Дина Нұрпейісова (1863-1955) және басқалары болатын». Осы орайда Нәзіпа Құлжанова мәдени қайраткер, әнші, әрі жан-жақты талант иесі болғандығын атау ләзім. Ол ағартушылық қызметімен қоса қатуған халқымыздың сарқылмас мұрасы – ауыз әдебиеті мен сазынан да молынан хабардар болған. 1919-1922 жылдарда кең байтақ Қазақ өлкесінде болып, халқымыздың ән-күйлерін жинастырып, оларды нотаға түсірген өнер зерттеушілері А.В.Затаевич пен А.Э.Бимбоэсқа Нәзіпа өзінің орындауында көптеген әндер жаздырады. Әнші Нәзіпа Құлжанованың орындауындағы Абайдың «Сегіз аяқ», «Татьянаның әнін» Альбин Эрнестович Бимбоэс нотаға түсіріп, жазып алады. А.Бимбоэс жариялаған халық әндерінің денін орындап берген де Нәзіпа көрінеді. Нұрғали мен Нәзіпа Құлжановтар Семей мұғалімдер семинариясында жұмыс істеген шағында Абайдың өнерлі ұрпақтарымен етене таныс болады. Жоғарыда сөз болғандай Нәзіпа ақын Тайыр Жомартбаев пен журналист Мұстақып Малдыбаевтардың өткізген ойын-сауық кештерінің әсерлі болуын тиімді пайдаланған. Сондай-ақ Нәзіпа Абайдың сенімді серіктерінің бірегейі Базаралының немересі Тұрар Кенжесарықызы Қозыбағаровамен де достасып, танысады. «Біржан-Сара айтысын» көрсеткен көріністе Сара болып шыққан осы Тұрар әнші екен. Біржанды орындаған болашақ жазушы Жүсіпбек Аймауытов болса керек. Абай құрметтеген әнші Әлмағанбет болса кеште ақын әндерін нақышына келтіре шырқайды. Әдебиетші ұстаз Нәзіпа Құлжанованың Абайтанудағы тағы бір еңбегі, Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңін орысшаға аударып, «Сибирский вестник» журналына бастыруы болып табылады.

Халқымыздың ән мұрасының жанашыры, орыс оқымыстысы А.В.Затаевич әнші Нәзіпа Құлжанованың орындауында халық әндері «Ғайни-ау, сәулем», «Қыздардың зары», «Жылқыбай» жазып алады. А.Затаевич қойын кітапшасына былай деп жазыпты: «Құлжанова Нәзіпа Сағызбайқызы – қазақ қыздарының арасынан шыққан интеллигент, педагог, жазушы және аудармашы. Халық ағарту ісінің көрнекті қайраткері. Семей қаласында өткізілген қазақша музыкалық кешті және Абай Құнанбайұлының қайтыс болуының он жылдығына байланысты кештерді ұйымдастыруда ерекше белсенділік көрсеткен. Өзі ақынның шығармашылығы туралы баяндама жасаған.» Балалар педагогикасы, ғылыми-методикалық еңбектерімен, тәрбие жұмысының жәй-жапсары, мақсат-мүддесі жайлы мәселелерді жұртшылыққа насихаттауда – «Әйел теңдігі» журналы кезеңінде елеулі еңбек етті. Сол басылымның мектепке дейінгі тәрбие бөлімін Нәзіпа Құлжанова басқарады. Журналдарда оның методикалық мақалалары жиі басылып тұрды. Н.Құлжанованың қаламынан 1923 жылы Орынбордан «Мектептен бұрынғы тәрбие», 1927 жылы Қызылордадан «Ана мен бала тәрбиесі» атты еңбектері шығады. Оның бұл еңбектері қазақ балалар педагогикасының алтын қорына қосылатын туынды ретінде бағаланады.

Журналист қаламгер ретінде Нәзіпа Құлжанованың арнайы сөз етерлік еңбегі «Қоса жоқтау» мақаласы. Бұл В.И.Лениннің қайтыс болуына орай жазылған туынды. Мақала «Қызыл Қазақстан» журналының 1924 жылғы бірінші санында басылады. Н.Құлжанова сол кездегі Қазақ-кеңес әдебиетінің



негізін қалаушылар, танымал күрескер, даңқты жазушылар: Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқановпен бірге «Еңбекші қазақ» газетінің («Егемен Қазақстан») редколлегия мүшелерінің бірі болып сайланады. Ақын Мәриям Хакімжанова Нәзипаның қаламгерлік қызметі туралы былай деп жазады: «Назекен көркем шығарма мен әдеби сын жазу, аударма жасау, зерттеулер жүргізуде қабілетті де, білімді де, тілі де, мәдениеті де елең еткізетін талантты да талапты саңлағымыздың өзі еді. Бірақ денсаулығы мен білген кезде өте нашар болатын...» [2, 446.]

Қалайда, Нәзипа Құлжанова заманына қарай оқығаннан түйгені мол, ізденісі көп қаламгер болған. Тек, өкініштісі жазушы, журналист Нәзипа Құлжанованың артына қалдырған мол мұрасы шығармаларының әлі күнге жеке кітап болып шықпауы, атының да Қазақ-Совет энциклопедиясына енбей қалуында. Нәзипа Құлжанованың Абайды іздегеніндей жоқтаушысы болмағаны өкінішті-ақ. Дегенмен, оның ғұмыр сүріп, еліне қызмет еткен кезеңінде құрметтеушілері, іздеушілері де аз болмаған. Солардың бірі де бірегейі Ахаң – Ахмет Байтұрсынов еді. Ахаң Нәзипа қарындасының талантын қатты бағалап, өзін барынша қатты құрметтеген, нәзік қиын шақтарда кеңесіп те отырған. Ахаң мен Нәзипа арасында туысқандық сыйластық пен рухани терең түсіністік болған. Қарқаралы қаласындағы екі сыныптық училищенің меңгерушісі болып істеп жүрген Ахаң 1909 жылдың 1 шілдесінде Семей түрмесіне қамалады. Семей облыстық губернаторы Троиницкийдің жарлығы бойынша, әуелі Ахаңның үйі тінтіледі. Өмір, тәуелсіздік, тіршілік, әділет жолында күресіп жүрген, жастарды ел егемендігі жолында үндеген Ахаң түрмеге түсіп, бір жылдай жазықсыз жапа шегеді. Ахаңның түрмеге түсіп, қамалуына араша түсіп: Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыровтар жүреді. Ахаң қамалған Семей түрмесінде жиі болып, хал-жағдайын біліп тұрған ерлі-зайыптылар Нұрғали мен Нәзипа Құлжановтар болған. Түрме қапасында жатқан Ахаң Нәзипаға «Н.Қ. ханымға» және «Анама хат» өлеңдерін жасырын табыс етеді. Ахаң Нәзипаға арнаған өлеңінде:

Рахатсыз өтсе де өмір жасым,  
Бұл жөнімнен Құдайым айырмасын.  
Ұзақ жолға ниет қып бір шыққан соң,  
Жарым жолдан қайтпаспын қарындасым..,

- деп бастап түрме қапасы да мойытпаған күрескер Ахаң өзінің өмірдегі мақсат-мүддесін былай қорытындылайды:

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,  
Ойлайтындар мен емес – бір күнгісін,  
Ел – бүгіншіл, менікі – ертең үшін..

Ахаңның рухтас қарындасы Нәзипа болса, ағасының аманатын орындап «Анама хат» өлеңін елге – Торғайға салып жібереді. Өлеңді Ақкөлдегі Өдербай хаттасушы Ахаңның анасы Күншеге табыстайды.

Ахаңның ерлі-зайыпты Құлжановтардың азаматтық-рухани достық қатынастары ертеден басталады. Нұрғали Құлжанов Торғай арғындарының Әйдерке тармағынан, түгелбай-жаңқара руынан. Елде әкесі Құлжан мерген Төкемен бастас, дос-жаран болған. Олардың есімдері ел-аралық билік, шешілмес дауларда «Құлжан-Төке» болып қатар аталып жүрген. Құлжан-Төке иықтаса сөз айтып, патша мен болыс билерге де қарсы тұра білген, ел қорғаны болған. Құлжан-Төке ағайын арасы ғана емес, Қостанай-Көкше өңірлеріне де танымал тұлғалар болған. Нұрғали болса осындай текті тұқымнан шыққан оқыған азамат. Сағызбайқызы Нәзипа болса Торғай тұрғындарына қыс отындық қамыс тасысып, жаз құрақ баулап, шөп орған. Бесқопаның қалаға жақындығы Сағызбайдың отын, шөппен шай сулығын табуына оңтайлы болған.

Ахаң мен Нұрғалиды достастырған Орынбордың мұғалімдік мектебінде екеуінің қатар оқуы болса керек. Жітіқараның Шұбар ауылында болыстық мектепте мұғалім болып істейді. Бұған дейін Нұрғали Құлжанов 1889 жылы Орынбордың мұғалімдер мектебіне оқуға түсіп оны 1893 жылы бітіреді. Ахмет Байтұрсынов болса, бұл мектепке 1891 жылы оқуға келеді. Демек олар мұғалімдер мектебінде екі жылдай қатар оқиды.

Ыбырай Алтынсарин бастаған ағартушылық жолын Ахмет Байтұрсынов та, Нұрғали Құлжанов та таңдаған. Нұрғали ағартушылық жолында, коммунистік пиғылда бостандық деп мерт болды. Семейдің қазақ зиялылары көптеп жиналған думанды шаһарында біздің жерлестеріміз Нұрғали мен Нәзипа да, Ахаң мен Жақаң да, Кәрім де ел құрметіне бөленіп, беделді болған. Семей мұғалімдер училищесінің директоры Нұрғали Құлжанов ақ гвардияшылар қолынан оққа ұшты. Кәрім Тоқтабаев Семейдің губерниялық сотында істейді. Кейін Кәрім губерниялық атқару комитетінің төрағалығына сайланады. Міржақып Дулатов болса губерниялық сотта жауапты болады. Олар аштықтан күйзелген Торғай тұрғындарына малдан көмек көрсету мақсатында халықтан Семей тұрғындарынан «жылу» жинайды. Нәтижесінде Семей тұрғындарынан жиырма мыңдай ірі қара жиналады. Оны жазушы Жүсіпбек Аймауытов бастаған топ айдап әкеліп, Торғайдың аштықтан күйзелген тұрғындарына табыстайды.

Өнер мен мәдениет, әдебиет пен әдет-ғұрып – жалпы зиялылықтың Нұрғали мен Нәзипа Құлжановтар Семейде «қос қарлығашы» танылды.

## Әдебиеттер тізімі:

1. Оразалин. К. Абай ауылына саяхат. – Алматы, 1976ж.
2. Мәриям Хакімжанованың естелігі. «Жұлдыз», 1984ж. №9.
3. «Қазақстан әйелдері», 1977ж. № 2.
4. «Торғай тынысы» газеті, 27 қаңтар, 1993ж. Естелік.

## ОПЫТ РЕАЛИЗАЦИИ ДУАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ В ОРГАНИЗАЦИЯХ ТИПО КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ КАК ФАКТОРА ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ПРАКТИКО – ОРИЕНТИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ

Алекешова К.А.,  
методист методического кабинета ТИПО  
Управления образования акимата Костанайской области,  
г. Костанай, Республика Казахстан

Көрнекті қазақ әйелі, педагог-ағартушы, аудармашы, алғашқы қазақ әйел – журналисі Құлжанова Назипа Сегізбайқызының өмірі мен тағдыры өз халқының мүддесі үшін қызмет етуге, ағартушылыққа және халқын дамытуға арналған.

Биыл педагогикалық қоғамдастық Назипа Сегізбайқызының 135 жылдық мерей тойын атап өтуде.

Назипаның өмір жолында батылдықты, өжеттілікті, прогрессивті идеяларды көрсететін көптеген эпизодтар бар. Жаңашыл бола отырып, ол бала тәрбиесіне серпіліс жасады, мектепке дейінгі педагогиканың принциптерін тұжырымдады, балалар ойыны туралы айтылған ойлары, этнопедагогикаға қосқан маңызды үлестерінің бірі болды. Ол өз заманының ең білімді әйелдерінің бірі, алғашқы қазақ зиялылары тобынан шыққан көрнекті тұлға.

Подвиг, сила духа и самоотверженность этой женщины не могут и не должны быть забыты. В педагогическом наследии Кулжановой особое место занимает практическая направленность в воспитании и обучении детей дошкольного возраста. Сегодня воспитатели детских садов активно используют возможности практико-ориентированного обучения в своей работе.

В организациях технического и профессионального образования новая образовательная парадигма также базируется на внедрении большого количества практики и самостоятельной работы студентов в процессе обучения, для того чтобы сформировать необходимые компетенции, которые обучающийся сможет реализовать в профессиональной сфере. В этой связи возникла необходимость к использованию практико-ориентированного подхода. Стратегической целью системы ТИПО является обеспечение высокой востребованности, конкурентоспособности и успешности выпускников колледжей на рынке труда. Решению этих задач способствует реализация дуального обучения (*далее ДО*) т.к. подготовка рабочих кадров ведется через практико-ориентированность, двухуровневость, обеспечивается трудоустройство и высокая мотивация в получении знаний, повышение квалификации педагогов, развитие социального партнерства.

Как показывает практика нашей области внедрение данной системы обучения способствует более качественному освоению теоретического и практического материала, приобретаются, расширяются и углубляются профессиональные знания и опыт, поэтому количество колледжей, внедряющих ДО ежегодно увеличивается на 2-3 единицы.

С целью масштабирования и достижения показателей дуального обучения в рамках государственных программ методическим кабинетом разработана региональная Дорожная карта по внедрению дуального обучения в организациях ТИПО Костанайской области на 2019- 2021 годы, согласована с Палатой предпринимателей и утверждена руководителем Управления образования. В текущем году в разработана региональная программа развития ТИПО на 2022- 2026 годы с учетом приоритетов модернизации казахстанской системы ТИПО, где дуальное обучение рассматривается как одна из самых эффективных форм подготовки конкурентных специалистов.

С 2019 года Костанайский строительный колледж участвует в реализации проекта по внедрению и развитию дуального обучения в строительной отрасли Казахстана совместно с Германским обществом по международному сотрудничеству (GIZ).

В 2022 году дуальное обучение реализуется в **30** организациях ТИПО. Доля учебных заведений составляет **88 %** от их общего числа. Наиболее перспективные направления реализации ДО в нашей области — это **22** колледжа технико-технологического и сельскохозяйственного профиля. Подготовка специалистов осуществляется для **15** отраслей экономики: сельскохозяйственной, транспортной, строительной, пищевой, горнодобывающей, сферы сервиса, образования, связи и информационных технологий, энергетики и других по **30** специальностям и **45** квалификациям.

Увеличение количества квалификаций связано с интеграцией модульно- компетентного подхода с дуальным обучением в **20** колледжах, что позволяет студентам получить дополнительные

квалификации в рамках одной специальности. В 12 колледжах, осуществивших прием обучающихся в рамках дуального обучения в **текущем учебном году**, учебно-планирующая документация разработана с учетом кредитно-модульного подхода на основе требований ГОСО, профессиональных стандартов, профессиональных стандартов WorldSkills, которая дает возможность студенту выбирать большее количество курсов для самостоятельного изучения.

Отмечу преимущества дуального обучения: 1) отсутствие разрыва между теорией и практикой; 2) адаптация будущих специалистов к производственной среде; 3) срок прохождения практики при дуальном обучении засчитывается в трудовой стаж студента; 4) за время прохождения практики, в соответствии со статьей 119 Трудового кодекса РК и условиями договора о дуальном обучении, предприятия могут производить компенсационную выплату обучаемому за выполненные определенные функциональные обязанности; 5) реализация проекта «Жас маман» значительно укрепила материально-техническую базу 10 колледжей области. 1500 студентов дуального обучения учатся в рамках проекта «Жас Маман», где используется высокотехнологичное оборудование. И это не все плюсы дуального обучения.

Успешная реализация дуального обучения, развитие эффективных мотивационных механизмов привлечения социальных партнеров позволяет рассматривать дуальное обучение как педагогическую технологию (*разработка РУП дуального обучения по модульным и кредитно-модульным программам, основанных на компетенциях, проведение практических семинаров по обмену мнениями и опытом работы по вопросам организации ДО, организация производственного обучения и практики, работа над дипломными проектами по заказам социальных партнеров и др.*).

На протяжении 8 лет по инициативе методического кабинета ТиПО проводится круглый стол «Профессии останемся верны» совместно с социальными партнерами и Региональной палатой предпринимателей с целью обмена эффективным опытом работы колледжа в реализации ДО. По итогам работы колледжи подписывают меморандумы с соцпартнерами о сотрудничестве, определяют новые сферы и направления работы для дальнейшего развития ДО в нашей области. В рамках работы круглого стола 3 колледжа области обобщили опыт работы по внедрению ДО (*Аулиекольский сельскохозяйственный колледж, Костанайский политехнический высший колледж, Аркалыкский политехнический колледж*). В учебно-воспитательном процессе колледжей прослеживается особый компетентностный подход в профессионально-трудовом воспитании обучающихся по повышению престижа рабочих профессий, сокращению сроков адаптации студентов на производстве, о чем свидетельствуют положительные отзывы работодателей.

Дуальное обучение является механизмом взаимодействия образования и бизнеса, и предполагает прямое участие предприятий в образовательной деятельности колледжей, поэтому в реализации ДО принимает участие 180 предприятий области. Приоритетным условием стало сотрудничество с крупными акционерными обществами: «Соколовско-Сарбайское горно-обогатительное производственное объединение», «Рудныйсоколовстрой», Агромашхолдинг, КТЖ-Грузовые перевозки – «Костанайское отделение ГП», Костанайские Минералы, Баян-Сулу, Краснооктябрьское бокситовое рудоуправление; товариществами с ограниченной ответственностью: СарыаркаАвтоПром, Алюминстрой, Комаровское горное предприятие, Автодом Костанай, БК-СТРОЙ, Агрофирма «Диевская», «Олга -Агро» и другие.

подготовка высококвалифицированных рабочих кадров и специалистов среднего звена

За последние четыре года заметно улучшилось социальное партнерство, закрепленное на трехсторонней договорной основе с участием Региональной палаты предпринимателей Костанайской области, которая играет ключевую роль в привлечении субъектов бизнеса в дуальную систему обучения и закреплении обучающегося за конкретным предприятием. Социальное партнерство нацелено на максимальное согласование и реализацию интересов всех участников этого процесса, поэтому специалисты предприятий-работодателей принимают участие в учебно-воспитательном процессе (*участие в разработке образовательных программ, учебных планов, включение в состав квалификационных и государственных аттестационных комиссий, проведение стажировок для педагогов, подготовка студентов к профессиональным конкурсам, в том числе по стандартам WorldSkills, проведение культурно-массовых, спортивных мероприятий и др.*). Механизмами взаимодействия с предприятиями являются - индустриальные, консультативные, попечительские советы, которые служат диалоговой площадкой для всех участников дуального обучения. Продуктивный характер взаимодействия позволяет расширять, совершенствовать, корректировать формы, методы, технологии образовательного процесса колледжей. Благодаря сложившемуся опыту социального партнерства укрепляется материально-техническая база колледжа, предоставляются базы для производственного обучения, практики студентов и стажировки педагогов, обеспечивается трудоустройство выпускников. Важным событием этого года стало поручение главы государства **К. Токаева о шефстве** крупного бизнеса над колледжами, тем самым социальное партнерство получило новый вектор развития. В текущем году 34 крупных предприятия области заключили 40 меморандумов о

шефстве над всеми колледжами области, согласно которых обеспечивается гарантированное трудоустройство выпускников.

Обучение на рабочем месте, индивидуальные образовательные траектории и др. позволяют создать условия для формирования общих компетенций, которые, как мы знаем, развивают способность к самообразованию и саморазвитию. Кроме того, студент получает возможность расширить сферу личного опыта, получая дополнительные компетенции на рабочем месте. У обучающегося вырабатывается высокая степень самостоятельности и ответственности за результат собственной деятельности т.к. все виды практик проходят на базе предприятия. В текущем году социальными партнерами созданы производственные площадки на **2632** места в **149** предприятиях. Но не только для студента модель дуального обучения является продолжением обучения. «Обучая, учусь» – этот девиз в полной мере относится и к педагогам, и к наставникам. Очевидно, что процесс обучения в рамках дуальной системы ориентирован на повышение уровня педагогического и профессионального мастерства. ДО мы рассматриваем как модель реализации непрерывного образования: постоянное обновление технологий производства требуют от работников дополнительных знаний, прохождения курсовой подготовки и стажировки на базе предприятий. Так, в **2021** году **113** педагогов из **24** колледжей прошли стажировку на **90** предприятиях области.

Современный специалист должен иметь не только профессиональную квалификацию, чтобы быть конкурентоспособным, но и развитую общую культуру. Взаимодействие колледжей и предприятий приобретает новую идею профессиональной ориентации – принятие корпоративных ценностей в процессе обучения как условия становления личности и профессионального самоопределения. Так, в **2021** году **105** выпускников трудоустроились на базе практик - социальных партнеров: ТОО «Семиозерское», ПрК «Большевичка, ТОО «БК-Строй» и др. В трудоустройстве выпускников ТиПО области не отмечено негативных тенденций, процент трудоустройства выпускников достаточно высок, однако % трудоустройства на базе предприятий желает лучшего.

Заработок для студентов – вопрос жизненной важности. Дуальное обучение является механизмом решения социальных задач, а также фактором мотивации к обучению, студенты охотно идут на практику т.к. их труд объективно оценивается и оплачивается. Так, **35** предприятий области среди них: АО «Костанайские Минералы», АО «Баян сулу», ТОО «СарааркаАвтоПром», ТОО «БК-Строй», ТОО «Раскуль» и др. на постоянной основе осуществляют частичную компенсационную выплату, выдают премии за отличную работу, обеспечивают проезд и питание **500** студентам колледжей.

Однако, это единичные случаи, в целом пока остается открытым вопрос компенсационной выплаты студентам.

Востребованность выпускника – главный показатель эффективности дуального обучения, которая обеспечивает выпускникам трудоустройство, уверенное и безболезненное вхождение во взрослую трудовую жизнь. Так, в **2020-2021** учебном году **16** колледжей области выпустили **780** человек. Их них трудоустроено **655** выпускников, что составляет **85%**. Выпускники работают в **13** отраслях экономики.

В настоящее время с целью заинтересованности предприятий в подготовке кадров и увеличения контингента охвата студентов дуальным обучением колледжи активно привлекают социальных партнеров в организацию и проведение конкурсов профессионального мастерства, чемпионата WorldSkills, на базах **4** Центров компетенций созданы тренировочные площадки WorldSkills по отраслям экономики. Методическим кабинетом и организациями ТиПО области достигнуты значительные результаты в повышении качества практико-ориентированного обучения, наряду с успехами перед нами стоит ряд вопросов, которые мы обязательно решим совместными усилиями (*отсутствие квалифицированных инструкторов-наставников на производстве со знанием основ педагогического мастерства*). Планируем развивать систему наставничества: обучение наставников на базах компетенций с последующим проведением конкурса «Лучший наставник».

Дуальная система обучения в области набирает свои обороты, бесспорно, это источник трудовых ресурсов, который обеспечит экономику региона квалифицированными кадрами. Итоги работы колледжей по реализации ДО можно подвести словами выпускника Аркалыкского политехнического колледжа Тлекова Жанбатыра: «Дуальное обучение помогает быстрее трудоустроиться, адаптироваться без особых сложностей и иметь уже в конце обучения рабочее место, где буду работать с большой надеждой на свое уверенное будущее и уже иметь трудовой стаж!»  
подготовка высококвалифицированных рабочих кадров и специалистов среднего звена

#### Список литературы:

1. Стратегия "Казахстан-2050": новый политический курс состоявшегося государства: Послание Президента Республики Казахстан, Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана // Казахстанская правда. - 2012.- 15 дек. (№ 437-438).- С.1-8.

2. Влияние социального партнерства на модернизацию образовательного процесса в колледже на примере проекта «Будущее белой металлургии» // Вестник высшей школы «Alma mater». 2021 №4. -С.76-78
3. Даулеталиева, Р. Конкурентоспособность специалиста- успех в профессиональной и личностной сферах / Р. Даулеталиева // Білім 2018.- № 5.- С. 59-61.
4. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 21 января 2016 года № 50 «Об утверждении Правил организации дуального обучения»
5. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 28 января 2016 года № 93 «Об утверждении форм типового договора оказания образовательных услуг для дошкольных организаций, организаций среднего, технического и профессионального, послесреднего образования, типового договора на проведение профессиональной практики и типового договора о дуальном обучении для организаций технического и профессионального, послесреднего образования»

## **Н.С.ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ РЕТІНДЕ ТҰЛҒАЛЫҚ БОЛМЫСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

Боленбаева Алия Каримовна  
қоғамдық пәндер оқытушысы, п.ғ.м.  
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»КМҚК,  
Абай облысы, Семей қаласы

Әр халықтың әлеуметтік рухани болмысының қалыптасып, дамуына ерекше ықпал еткен ұлы тұлғалар болады. Олардан қалған асыл рухани қазына сол халықтың сарқылмас бай мұрасы ретінде сақталады. XX ғасырдың басындағы қазақ мәдениеті мен білімінде ерекше із қалдырған тұлға - Нәзипа Құлжанова.

Білімділігімен, парасаттылығымен, ұлтжандылығымен қайраткерлік дәрежеге көтерілген Нәзипа Құлжанова оқыту, тәрбиелеу ісінің теориясына да, тәжірибесіне де аянбай еңбек сіңірді.

Ерлі-зайыпты Нәзипа (1905-1920ж.ж.) мен Нұрғали Құлжановтар 1905 жылдан Семей мұғалімдер семинариясында ұстаздық қызметтерін бастап, орыс аудиторияларына қазақ тілінен сабақ берген. Ұлылар мекені – Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезовтердің отаны болуы, қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уалиханов пен орыстың ұлы жазушысы Федор Достоевскийге тұрақ мекенге айналған Семей қаласында XIX ғ. екінші жартысында түрлі мәдени, ағарту, ғылыми мекемелерінің ашылуы кездейсоқ жағдай емес еді. 1902 ж. Орыс географиялық қоғамының Семейдегі бөлімшесі ашылып, оның «Жазбалары» жүйелі түрде жарық көреді, 1903 ж. Семей оқытушылар семинариясы, 1912 ж. «Жәрдем серіктігі» баспаханасы өз жұмысын бастайды.

Семейде 1917-1918 ж.ж. «Сарыарқа» газетінің, 1918 ж. «Абай» журналының, 1919 ж. «Знамя борьбы и труда», «Қазақ тілі» газеттерінің, 1925 ж. «Таң» журналының шығуы мәдени өмірдегі айтулы оқиғалардан саналады.

XX ғ. б. Семей қаласының мәдени-рухани дамуы мен жаңа белгі беріп келе жатқан ғылыми ізденістердің пайда болуына, ең алдымен, адами фактор игі әсер етті. Шәкәрім Құдайбердіұлының, Әлихан Бөкейханның, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, Ахмет Байтұрсынұвының, Міржақып Дулатовтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Абай балаларының, болашақ ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың, ұлы ғалым Қаныш Сәтпаевтың Семей қаласында бас қосуы - қазақ халқының ой-санасының дамуын анықтаған басым бағыттардың бірі болды. Ұлттың барша қазынасының түпқазығы ұрпақ, жастар болашағына келіп тірелетіндігін ескерсек, мәселенің маңыздылығы ұлғая түседі. Бұл ретте Нәзипа Сегізбайқызының рухтас, пікірлес әріптестерін атап өту орынды. Олар А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедовтар болатын. М.Жұмабаев та баланың дене тәрбиесіне, тамақтануына төтенше мән берсе, А.Байтұрсынұв ұлтымызға оқу-ағартудың жай-жапсарын түсіндіреді, жол көрсетті. Нәзипа Семейдің оқытушылар семинариясындағы ұстаздық ісін ағартушылық, қайраткерлік дәрежеге жеткізді.

Сан қырынан танылған Нәзипа Құлжанова – қаламы жүйрік журналист, талғамы биік жазушы ретінде Алаш арыстарының отаншылдық ұстанымын бекем ұстанады. Нәзипа Сегізбайқызы үнемі күрделі де іргелі мәселелерді көтерген. Н.Құлжанова есімін қазақ оқырманына алғаш таныстырған «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 14-наурыздағы санында жариялаған – «Қазаққа» мақаласы. Оның «Қазақ», «Айқап», «Алаш», «Қызыл Қазақстан», «Жаңа мектеп» секілді мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген мақала, очерктері уақыт талабына жауап берген, оқырманға ой салған. Нәзипа Сегізбайқызы баспасөз беттерінде әйел тағдыры, оның қоғамдағы орны сияқты өзекті мәселелерді көтерген.

Н.Құлжанова «Қазақ» газетінің шыққанына бір жыл толуын қуана қуаттай келе, 3 000-нан астам оқырманы бар басылымның атқарған істеріне баға беріп, атқарылмақ шаруалар төңірегінде ой қозғайды. «Қысқасын айтқанда, ойдағы, қырдағы, алыстағы, жақындағы қазақтардың бастары құралып, пікірлері қозғалып, ақылдасып, сөйлесіп, кең даланың кеңесі құрылған сияқты болды. Жетісіне бір рет шығатын бір жасар жас «Қазақтың» бетінен осылардың бәріне орын табылды. Осылардың бәрі де – Ай мен Күндей, Алаш ұлына бірдей түсінікті ана тілмен сөйлейді», - деп қуанады.

Нәзіпа Сегізбайқызы мен Нұрғали Құлжанұлы Орыс географиялық қоғамның Семей бөлімшесіне қызметкер-мүше болып 1913 жылдың 25-қыркүйегінде жалпы жиналыстың шешімімен сайланады. Н.С.Құлжанова аталған қоғамға мүше болған тұңғыш қазақ қызы еді. Императорлық Орыс география қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің есебіне қарағанда, 1914 жылдың 1 қаңтарында барлығы 137 мүше болған, оның 4-уі құрметті мүше, 113-і толық мүше, 20-сы қызметкер-мүше болса, солардың арасында ұлт өкілдерінен бірде-бір әйел болмаған, ал жалғыз қазақ қызы Нәзіпа Сегізбайқызының тізімде тұруы - оның білгірлігі мен қайраткерлігін әлеуметтің мойындағанының көрсеткіші. Заманында ірі мәдени-қоғамдық істердің ұйымдастырушысы, ұйытқысы болған қазақтың қайраткер қызы Географиялық қоғамның мүшесі ретінде Семей қаласында 1914-1915 жылдары екі кеш өткізген: 1914 жылы 26 қаңтарда Абайдың қайтыс болуына 10 жыл толуына орай әдеби кеш ұйымдастырса, 1915 жылы 13 ақпанда Абайдың 70 жылдық мерейтойына орай екінші кеш өткізген. Кештен түскен 640 сом қаржы тең бөлініп, Пертградтағы мұсылман ауруханасы мен қаражат тапшылығын көріп жүрген 12 қазақ шәкірттері мен студенттерге (студенттер Әлімхан Ермеков, Халел Ғаббасов, Уфадағы «Медресе Ғалия» шәкірті Мәннан Тұрғанбайұлы, семинарист Жүсіпбек Аймауытов, т.б.) жұмсалған. Нәзіпа «Қазақ» газетінде жарық көрген «Семейден» (1915 ж. 31 наурыз) және «Бір керек жұмыс» (1915 ж. 9 мамыр) мақалаларында оқырмандарымен өткізген кештің барысы мен кешті ұйымдастырудан соң түйген ой-тұжырымдарымен бөліскен. Тарихын зерделеген әрбір азамат бұл кештердің тарихи, мәдени, танымдық бағасын өте жоғары деп бағалайтыны хақ.

Н.С.Құлжанова қазақ ұлтының мәдени дамуына, рухани қайта түлеуіне үлес қосты, өз еңбектерінде білім беру, ағартушылық жайлы өзіндік ой пікірін білдіріп қана қоймай, оңды баға беріп, ондағы өткір мәселелерді шешуге талпынады. Ұстаздық, қайраткерлік еңбегінің бір көрінісі - «Ана мен бала тәрбиесі» еңбегі. Бұл еңбегі 1927 жылы Қызылорда қаласында 5000 данамен Қазақстан өлкелік әйелдер бөлімінің ұйғарымымен басылып шыққан. Ұлттық әрі бүкілхалықтық маңызды іс – ана мен бала мәселесі – оқу ағарту, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау мәселелерін қамтитын, бірнеше салалардың түйіскен шиырын шешетін бағдар. Н.Құлжанованың «Ана мен бала тәрбиесі» - педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне арналған әдістемелік нұсқау. Еңбегіндегі Н.Құлжанованың ұлттық ұстанымын айқындайтын ой-тұжырымдарын оқу орнымыз есімін алып отырған, халқымыздың заңғар жазушысы М.О.Әуезов ойларымен ұштастыра ашып қарасам. М.Әуезов «Қазақтың өзгеше мінездері» атты мақаласында Абайдың дәстүрімен халық тұрмысының өсу, даму жағдайларын қозғап, соған кесір келтіріп отырған қазақ арасындағы «ұйымсыздық, күндестік, парақорлық, партия, әділетсіз, билік, әйелдің хәлі» деген сияқты түрлі кемшіліктерді сынап, сол кемшіліктерден құтылудың жолын іздестіреді, жұртшылықты соған шақырады. «Мінез түзеу» дегенді М.Әуезов нағыз прогрессивті жолмен түсінген. Алғашқы мақаласында оған арнайы түсінік бергенімен, келесілерінде: «Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, оны өскен орта, көрген үлгі, өнеге билейді», - деп ашып айтады. Педагогикалық тұрғыдан алып қарағанда балада анадан туа біткен белгілі идеялар мен түсініктер және өжет, жұмсақ немесе байсалды мінез болмайды. Баланың адамгершілік, әуестік, белсенділік және батылдық сияқты қасиеттері даму үрдісінде қалыптасады. Баланың дамуы және оның дүниені тануы түрлі әлеуметтік жағдайларға байланысты. «Адамдық негізі-әйел» атты мақаласында да Әуезов осы мәселені әрі қарай жалғастырып, халық тұрмысының, яғни мінез-құлқының өзгермей, өспей отыруының негізгі бір себебі – қазақ арасындағы әйелге деген көзқарасқа тікелей байланысты деп біледі. Әуезовтің пайымдауынша әйелдің бас бостандығы, азаматтық құқық деген тек бір әйелдің жеке қара басы үшін ғана емес, сол әйел негіз болып отырған бүкіл адам қауымының тағдыр-тіршілігі үшін қажет. Әуезов алған тақырыбының ішкі астарына, түпкі тамыр-тереңіне тарихи салыстырулар жасайды. «Отан от басынан басталады» дегендей, әйелді қоғамдық ортаның ұйтқысы ретінде танытады. Ерлер жағы өздерімен өздері, салт ат, сабау қамшымен бет-бетінде жүргенде төңірегін уыздай ұйғытып, «балаларын баулып, асырап, үйлік ұйымының басын құраған- әйел». Осы әйелге теңдік бермей күйкі халде, күң қылып ұстау тек бір адамға ғана емес, барлық қоғамға жасалған қиянат екенін түйіп айтады. Өйткені адам қоғамындағы адамгершілік – ана тәрбиесінің нәтижесі. Бұл – бүгінгі күннен болашақтың белгісін тани алып, биіктерге қанат қандап, белестерден қарышты қадамдармен өтуге талпынған кезең. «Өмірде әділет, мархабат, махаббат деген нәрсенің атын естімеген ананың» адамды адамдыққа тәрбиелеудегі өрісі қандай болмақ? Демек, адам бойындағы жаман қылық, жат мінездің бәрі бас бостандығы жоқ, сондықтан екі үйдік арасындағы пыш-пыш өсек-ғайбатта әрі асып ешқайда бара алмай қалған көрбала, бұйығы, рухани таяз әйелдің төмендігіне байланысты екенін дәлелдей келе «әйел басындағы тұман асықпай, халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал қазақ мешел болып қалам демесең, тағылымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзейін десең, әйелдің халін түзе!» - деген қорытынды ойын айтады.

Н.Құлжанова «Ана мен бала тәрбиесі» еңбегінде: «Бала қалай бітеді, қалай туады, әйел босанған кезінде қалай күтінуі керек, жаңа туған баланың қалай тәрбиелеу дұрыс, баланың тамақтандыру тәртібі қандай болуы керектігін кеңесті түрде жазып, ұсынады. Екіқабат әйел мен бала күтімі, тәрбиесі адамзаттың қасиетті, маңызды ісі саналатындықтан Н.Құлжанова әйел-ананың қоғамдағы, қоршаған ортадағы қызметіне өзгеше баға берді. «Ана болу, бала өсіру – көп ғылым керек қылатын қиын жұмыс. Дені сау болып, дұрыс, түзу, тәрбие алған, теңіне тиген қыз жақсы ана болады дедік. Жүкті әйел, жас баланың бағуы жөнінен білімі бар, өнерлі әйел жақсы, дені таза бала өсіреді дедік. Бастан, бала жастан түзу тәрбиелі өскен, дені таза болған адам өзі түгіл елді билеп, қамал бұзып жол бастайтын ер болады», - деп түйеді. Анаға лайықты құрмет көрсетілмеген қоғамда көздеген нәтижеге жету мүмкін емес. «Тәні саудың – жаны сау» дегендей: «Балаға суық тиеді деп қауіптену қате. Бетін ашық қалдырып, денесін көрпемен орап қойса болады. Үйдің ішін таза сақтау керек. Жерге төселген киіз, кілем көпелерді ең болмағанда, жұманың алдында бір рет далаға жайып, қағып, сілкілеп кіргізу қажет. Үйді сыпырғанда шаңдатпай, сыпырғышты сулап алып сыпырған дұрыс. Ең жақсысы – күніне сыпыру орнына төсеніштерді далаға қағып кіргізу қажеттігі» сынды бала күтіміне қатысты кеңестер беріп, бала тәрбиелеудің гигиеналық, тазалық бағытарына ерекше көңіл бөледі.

М.Әуезов «Мәдениетке қай кәсіп жуық?» атты мақаласында халықтың мінез-құлқына, сана-сезіміне, жалпы тұрмыс-халіне «сыртқы өмірдің ыңғайы, отырған жерінің табиғи жағдайы және тұтынған кәсібі әсер етеді», - деген зор дүниетанымдық мәні бар пікірді ұсынады. Адам баласын табиғат құпиясын меңгерумен қатар өздерін де зерттеу мен тану, мінез-құлық, адамшылық, ақтық пен шыншылдық, алауыздық пен арамдық, жақсы мен жамандық қайдан деген сұрақтар да мазалаған. Тәрбиенің бала дамуындағы рөліне баса назар аударып: «Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, көрген үлгі, өнеге білетіндігінен және түзелу, бұзылу жас уақытта болатынын, көпшілікті адамшылдыққа жеткізу үшін жас буынды тәрбиелеу қажет» екендігін айта келіп, «адамшылдықты таза жүргізу үшін көп ой керек, ойлау үшін оқу керек және оқу әр тараптан мағлұмат беріп, хақиқатқа баланың көзін жеткізіп, көңілін жақсылық пен тәрбие қылу керек...», - дейді.

Нәзипа Құлжанова «Әйел теңдігі» журналында жарияланған «Бала емізудің дұрыс тәртібі», «Бала ауруы», «Баланың жұқпалы аурулары» пайдалы кеңестері жас буынның дені сау, тәні таза, дұрыс тәрбиелеуге негіз болған мақалалар болды. Нәрестенің дүниеге келуі, өсуі, ержетуі, саналы азамат болып қалыптасуында денсаулық пен білімнің, тәрбиенің егіз қатар жүретіндігін және оны тәрбиелеп отырған анасының рөлін, ықпалын Н.Құлжанова еңбектерінен айқын тануға болады.

Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің құрылуы туралы 1917ж. Семей қаласында өткен съездге қатысушы, Алаш орда партиясының Семей қаласындағы бөлімшесінің төралқа мүшесі болған Алаштың қайраткер қызы, Қазақстандағы әйелдер қозғалысының дамуына үлкен үлес қосқан, бірінші Шығыс әйелдері съезінің ұйымдастырушысы, аласапыран уақыттың парасатты перзенті Н.С.Құлжанованың ағартушылық ағым мен ұлттық мәдениеттің озық үлгілерін насихаттаушы, қазақ сахарасында мәдени-этнографиялық істер атқару дәстүрін қалыптастырушы, ұлттық ділді қалыптастырушы қоғам қайраткері есебіндегі өлшеусіз қызметі бүгінгі таңда лайықты бағасына ие болып отыр.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. М.О.Әуезов. 20-томдықшығармалар жинағы. 16-том.А., 1984
2. Мұхтар Әуезов тағлымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. (Құраст. Р.Нұрғалиев). А., 1987
3. Г.А.Кәрібжанова. Нәзипа Құлжанова. –Семей, 2012
4. Қозыбаев М. Тарих зердесі. –А., 1998
5. Г.Кәріпжанова. Нәзипа Құлжанова мен Ресей Географиялық қоғамы // Қазақ тарихы.-2003. -№3. - 21-23 бб.

#### ЭТНОПЕДАГОГИКА НАЗИПЫ КУЛЖАНОВОЙ В СОВРЕМЕННОМ КОНТЕКСТЕ

Дроженко Галина Григорьевна  
КГКП «Боровской профессионально – технический колледж»  
Управления образования Акимата Костанайской области

*«Надо принимать умные слова сердцем, всей душой так, словно бы утоляешь ими жажду»  
Абай*

*«Все мы – молодые и старые, девушки и юноши – все свои умения, сознание должны направить на учение»*

*Н. Кулжанова*

В этом году казахстанская общественность отмечает 135-летие со дня рождения выдающейся журналистки, талантливого педагога – просветителя – Кулжановой Назипы Сегизбайкызы.

Нази́па – не просто журналист, она первая женщина – журналист. Легко ли быть первой женщиной, в таком мужском деле как журналистика? Что бы работать в этой профессии и самое главное делать успехи на данном поприще необходимо быть как минимум незаурядной женщиной! Назипа Сегизбайкызы каким то образом даже открыла путь казахстанским женщинам в журналистику!

Нази́па писала основательные, сильные статьи полезные для общества. Являясь единственной, на тот момент женщиной – журналисткой, она поднимала в своих статьях злободневные проблемы женщин. Ей написаны такие глубокие размышления как: «Общий женский праздник», в этом труде Назипа пытается определить место женщины не только в семье, но и в обществе, что для начала 20 века само по себе было новым и необычным.

Ее отношение к женщинам и их роли в обществе нашла свое отражение в простом, но очень емком высказывании: «Неграмотный человек — получеловек. Женщина — мать народа. Только образованная, умелая, свободная женщина способна вывести свой народ на уровень передовых народов».

Нази́па Сегизбайкызы проявила себя и в качестве тонкой и проницательной рецензентки, переводчицы и в какой-то мере даже литературного критика. Благодаря ее стараниям русскоязычный читатель смог познакомиться с Абаем, Ибраем и Габитом. А казахи узнали о Л.Толстом, М. Горьком и других писателях.

Перечисляя заслуги Назипы нельзя не отметить ее педагогическую деятельность. Ее книги о педагогике «Традиционное воспитание в школе», «Воспитание матери и ребенка» до сих пор актуальны.

Общение с такими писателями и общественными деятелями как Сакен Сейфуллин, Биимбет Майлин, Мухтар Ауэзовов, Сабит Муканови и рядом других, отложили на ее творчестве отпечаток. Назипа советовалась с ними, стараясь придать своим произведениям глубокий смысл и практическую значимость.

Назипу Сегизбайкызы очень часто называют педагог – просветитель. В самом простом понимании педагог – просветитель это человек просвещающий, несущий свет знаний, внедряющий что то новое, полезное для общества. Мы как достойные наследники Назипы должны в полной мере стараться соответствовать этому определению. В своей педагогической деятельности активно внедрять новые методы обучения, способы донесения знаний до учеников. Идти даже не в ногу со временем, а быть на пол шага впереди! Только при соблюдении этих требований у педагога есть шанс достучаться до сердец и умов учеников, достигнуть эффекта синергии, т.е. через улучшение одного фактора добиться улучшения нескольких. Например, когда на уроке мы стараемся не просто дать знания ученику, но и развить в нем моральные, нравственные качества, привить любовь к труду и т.д.

Вопрос внедрения новых методов обучения всегда остро стоял в педагогике. Накоплен огромный арсенал методов обучения, но проблема привлечения внимания, увеличения заинтересованности и повышения мотивации учеников актуальна и на сегодняшний день.

Сегодня все более популярным становится сторителлинг. За сложным названием скрывается простой и эффективный метод обучения.

Сторителлинг (от англ. history, story – рассказ, история) пришел в педагогику из менеджмента. Метод означающий обучение через рассказывание историй. Т.е. когда обычная, скучная лекция превращается в увлекательное путешествие, где обязательно присутствует развивающийся сюжет, герои и логическое завершение которое вдохновляет, позволяет сделать правильные выводы. Этот метод широко применяется в этнопедагогике, через поэмы, рассказы, потешки и прибаутки прививаются детям понятия морали, добра и зла, справедливости.

Пример, на уроке Основы предпринимательства изучается обычная тема «Формы организации предпринимательской деятельности», акционерные общества, товарищества... скучные определения из законов и кодексов. Но представьте себе, что преподаватель начинает рассказывать о своем друге (ничего страшного, если вымышленном) или о себе самом как об активном участнике процесса. Рассказывая, что при организации товарищества у двух друзей Пети и Васи возникли сложности в разделении прибыли или в решении управленческих вопросов, как вел себя Петя, что говорил Вася (здоровый юмор – приветствуется) и что же в конце они решили. Такая история грамотно и плавно объяснит студентам различия в видах товариществ, делая выводы они поймут, важность доверия между участниками такой организационной формы, смогут самостоятельно анализировать плюсы и минусы того или иного вида товарищества. При этом студенты будут постоянно в напряжении, т.е. их внимание будет полностью сосредоточено на вас и ваших словах. Или, занятие по географии, не просто сухо рассказываем в каком году и на каком корабле Колумб открыл Америку. А стараемся придать истории



форму интересного рассказа: «Ранним промозглым утром 12 октября 1492 года матрос шхуны «Пинта» – одного из трех кораблей Христофора Колумба, - увидел в подзорную трубу очертания берега и радостно закричал: Земля! Матросы набранные преимущественно из заключенных и отбывающих наказание не могли поверить своим глазам! Путешествие длиной в 3 месяца подходило к концу.»

По мимо обучения сторителлинг можно активно использовать и в воспитательной деятельности. Например, при адаптации первокурсников. Представьте себе, 1 сентября вы идете по учебному коридору и навстречу вам первокурсник (или просто новенький студент). Он растерян, возможно, немного подавлен, мимо него проносится множество фигур с книгами, бумагами. Он старается казаться «своим», но понимает, что даже не помнит имен своих одногруппников и тем более имен преподавателей. А ему еще предстоит находиться на уроках, отвечать, пытаться осилить сложный материал. Конечно, можно провести с ним беседу, небольшой тест на адаптацию, сказать дежурные слова. Но, гораздо эффективнее, если Вы просто понимающе похлопаете его по плечу и начнете говорить «Это было во второй день моей работы, когда...», или «Когда я только поступила в институт со мной произошел случай...» и расскажете и о учебном заведении, и, о том как сумели разобраться в весьма непростом вопросе, или же какую то смешную историю связанную с началом вашей работы/учебы. История вдохновляет, вызывает интерес к учебе, формирует знания о колледже о его правилах, помогает лучше понять правила поведения. Интересно, действительно, увлекательно!

Но не каждая рассказанная история является действенным элементом обучения. Обучающий рассказ должен в первую очередь возбуждать эмоции и мышление. А так же отвечать следующим принципам:

1. Если используется живой персонаж, то он должен быть или гипотетическим или же полностью реальным. Может быть целая группа или же придуманное существо.
2. В жизни персонажа должны произойти важные перемены.
3. История должна вызывать различные эмоции, что бы слушатели переживали и радовались вместе с героем. Слушатель должен пропустить историю через себя, что бы в последствии он мог пересказать ее другим людям.
4. Все что происходит в истории должно быть реально, т.е. необходимо указывать место и время.
5. История должна быть конкретной, все реально, живые примеры, а не общие дежурные фразы.

Таким способом передаются не только учебные навыки, но и ведется воспитательная деятельность, студенты вдохновляются на получение новых знаний, на хорошие поступки.

Использовать сторителлинг можно не только при вербальном общении, но и, например, в методе кейсов. Когда необходимая информация не просто распечатывается в виде текста и таблиц и дается для изучения студентам, а когда кейс написан в виде рассказа, где есть красивые, правильно подобранные картинки, где различается способ написания, шрифт, цвет и т.д. Когда кейс это не просто информационный буклет, а больше красиво оформленный рассказ, привлекающий внимание и хорошо читаемый даже при беглом просмотре.

Можно смело утверждать, что метод сторителлинга является как одним из новейших методов, так одним из старейших метод обучения. Ведь сказки и былины обучающие слушателя различать добро и зло, быть добрым и смелым это не что иное как пример сторителлинга. Даже Назипа Кулжанова организуя свои литературно-музыкальные вечера, где читались и обсуждались произведения различных авторов, использовала метод рассказов и историй, для того что бы привлечь внимание слушателей. А грамотное сопровождение музыкальными вставками только подчеркивало насыщенность таких вечеров, придавало динамичности для того, чтобы у слушателя не возникло чувство эмоциональной монотонности и рассеивания внимания. Назипа сторонник воспитания, развития фантазии, увлечения детей именно поэтому метод сторителлинг нашел отклик и в ее деятельности.

Интересные, хорошо рассказанные истории надолго запоминаются и затем распространяются с нужной моралью и побуждением к определенным действиям. Правильно продуманная и рассказанная история формирует алгоритм - «эмоция-вывод-действие». Слушатель визуализирует образы, принимает их личные переживания на себя, сравнивает с личными возможностями и опытом, делает определённые выводы, которые позже переходят в действие.

### **Список литературы:**

1. Биданова, А. Союз любви и мысли : [о супругах Кулжановых Нургали и Назипе] / А. Биданова // Казахстанская правда. - 2008. - 9 янв. - С. 12.
2. Ерсалимов, Б. Женщина - легенда / Б. Б. Ерсалимов; сост. Я. Иванченко // Наше дело. - 2012. - 4 окт. - С. 10.
3. Ерсалимов, Б. Назипа - гордость нации / Б. Б. Ерсалимов // Казахстанская правда. - 2012. - 21 декабря. - С. 14.

## Интернет ресурсы:

1. <http://collegiy.ucoz.ru/> Сексенбаева, Р. Б. Назипа Кулжанова – выдающийся педагог-просветитель XX века(1887–1934 гг.)
2. <https://www.caravan.kz/> Белякина А. Назипа Кулжанова. Ее судьба – быть первой
3. <http://leanoffice.ru/> Герасименко О. Сторителлинг — как вариант обучения
4. <http://nitforyou.com/> Сторителлинг в обучении

## АЛАШТЫҢ АЯУЛЫ НӘЗИПАСЫ

Жанаева Ш.А.

ф.ғ.к. «М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК директоры  
Абай облысы, Семей қаласы

Қасиетті Семей жері ежелден әдебиетіміз бен мәдениетіміздің қатар дамып, қанат жайған әрі сан алуан сыр, шежіре-тарихқа тұнған бай өлке. Тәуелсіз мемлекетіміздің күншығыстағы мәдени – рухани ордасы - көне Семей шаһарында, ұлтымыздың мақтанышы Мұхтар Әуезовтің есімімен аталатын колледж (мұғалімдер семинариясы) – қазақ еліндегі алғашқы ұлттық интеллигенцияны қалыптастыруда, ақын-жазушылар, ғалымдар тобын даярлап шығаруда биік те дара тұрған білімнің қарашаңырағы, Алаштың білім ордасы.

Педагог-ғалым, қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш журналист-публицист, қоғам қайраткері, жазушы, аудармашы, Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаевтардың Семей мұғалімдер семинариясындағы мұғалімі, білім-парасатымен, ұлтжандылығымен қайраткерлік дәрежеге көтерілген қазақ қызы – Нәзіпа Сегізбайқызы Құлжанова ел тарихында есте сақтар айтулы тұлға.

Нәзіпа Сегізбайқызының өмірі жайлы 1982 жылы Абайдың республикалық музейінің аға ғылыми қызметкері Мұздыбай Бейсенбаевтың Ленинградтың орталық мемлекеттік архивінен тапқан құнды құжаттарынан көптеген деректерді кездестіреміз. Нәзіпаның оқуы туралы: «Единственное в Тургайской области женское среднее учебное заведение – Кустанайская русско-киргизская женская прогимназия в течение своей, назначительной по времени, восьмилетней деятельности уже вполне заслужила себе право на дальнейшее существование по одному количеству (14 человек) выпущенных из нее народных учительниц. Всего в этой прогимназии обучалось пять киргизок, а именно: Карджасовы Кафиза и Нагима, Шантемирова Казия, Иманбаева Сахиб и Сагызбаева Назипа...». Келесі бір деректерде ата-анасының ескі әдетпен қызы үшін қалың мал алып қойғандығы туралы: «Конечно Сегизбаевой не хотелось идти в замужество на положении проданного существа, за совсем чужого ей человека, а возратить калым не имелось средств, почему она и обратилась к военному губернатору области с просьбой оказать ей в этом положении помощь, каковую она и получила» - деп жазылған, Нәзіпа өзінің бас бостандығын осылай заң орындары арқылы қайтарып алған. Кейін өзі ұнатқан қазақтың оқыған азаматы Нұрғали Құлжановқа тұрмысқа шығып, 1905 жылы Семей өңіріне келеді. Міне, осы кезеңнен бастап олардың ел қамы үшін қоғамдық-ағартушылық жұмыстары кең өріс табады.

Ерлі-зайыпты Құлжановтар Семейге келген кезде бұл қала Қазақстандағы ірі мәдени-ағарту орталығы болған. Оның үстіне Абай, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезовтерге, Шоқан Уәлиханов пен орыс жазушысы Федор Достоевскийге мекен болғаны белгілі.

Құлжановтар отбасының ұзақ және жемісті жұмыс атқарған жері – Семейдің мұғалімдер семинариясы. 1903 жылы ірі оқу орны – Семей оқытушылар семинариясының ашылуы қаланың мәдени өміріндегі айтулы оқиға саналады. Құлжановтардың Семейге келулеріне байланысты бірқатар архивтік деректердің мазмұнына шолу жасасак:

«С 1 июля 1905 года при Семипалатинской учительской семинарии была учреждена должность преподавателя киргизского языка, который был присвоен «оклад содержания в семьсот пятьдесят рублей в год/ при квартире в натуре/, VIII-ой класс по чиновпроизводству и право на пенсию по учебной службе из оклада в шестьсот рублей». 1 августа этого же года на эту должность был принят учитель Кустанайского двухклассного русского-казахского училища Кульджанов Нургалий Кульджанович, который прослужил в семинарии более 10 лет.

Преподаватель Н.К.Кульджанов кроме преподавания киргизского языка, заведывал выдачею воспитанникам семинарии учебников.

Нургалий Кульджанович Кульджанов. Окончил курсы Оренбургской учительской школы. Преподаватель киргизского языка, киргизский язык, в 1, 2, 3-х, приготовительных классах.»

ГАТО, ф-126, оп.4, д.97. л.249. Копия.

Вследствие отношение от 3 июня сего 1916 года за №10954, честь имею сообщить Областному правлению, что к началу 1916-1917 учебного года во вверенной мне учительской семинарии из 20 земских стипендий освобождаются 6 стипендий, а остальные 14 заняты нижепоименованными воспитанниками, которые при отличном поведении и хороших успехах в науке продолжают учение в названной семинарии:

1. **Аймаутов Жусупбек**
2. Григорьев Гавриил
3. Зубков Павел
4. Ошкин Василий
5. **Сатпаев Абдул-Галий**
6. Таранских Иван
7. Калмаков Павел
8. Лукашев Евгений
9. Антонов Поликарп
10. Устименко Александр
11. Табельков Тихон
12. **Нурмухамедов Казы**
13. Новиков Петр
14. **Сейсембаев Ахметбек**

Директор Семипалатинской учительской семинарии М.Березников. Преподаватель Н.Кульджанов

ГАТО, ф-126, оп.2, д.2897. л.15. Копия.

Құлжановтар өмірі мен мұраларын зерттеудің көрнекті білгірлері Қайым Мұхамедханов, Мұздыбай Бейсембаев, Мерғали Ибраев, Мұхамедхан Имашевтың, кейінгі жылдары Гүлжан Арапқызы Кәрібжанованың әдеби-ғылыми зерттеулерінде қазақтың ардақты, ұлтжанды қызы Нәзипа Сегізбайқызы жайлы көптеген мағлұматтар берілген.

**Нәзипа Құлжанова-заманында ірі мәдени қоғамдық істердің ұйымдастырушысы, ұйтқысы болған қайраткер.**

Императорлық Орыс географиялық қоғамына мүшелікке өткен жалғыз қазақ қызы – Нәзипа Құлжанова. Географиялық қоғамның мүшесі ретінде Семей қаласында 1914, 1915 жылдары Нәзипа Құлжанова өткізген екі кеш тарихи, мәдени, танымдық тұрғыдан бағасын күні бүгінге дейін жойған жоқ. Нәзипаның қазақ мәдениеті тарихындағы есімін әйгілей түскен екі кеш сол кездегі тарихи-мәдени құбылыс саналады.

Қазақ өлкесінің мәдениет ошағындай болған Семей қаласында алғашқы ойын-сауық, мәдени-ағарту кештерін ұйымдастыру Нәзипа Сегізбайқызы есімімен тығыз байланысты. Оның Семей қаласының тарихында ғана емес, бүкіл Қазақстанның мәдени өмірінде ірі оқиға болған кештерді өткізуін төтенше жаңалыққа балап, үлгі етіп, дер шағында кеңінен насихаттаған ұлттық баспасөзіміздің алғашқы қарлығаштары – «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы болатын. Осы басылымдардағы Нәзипа ханымның тындырған ізгі шаруаларын лайықты бағалап, ізін суытпай ел-жұртқа мән-мағынасын егжей-тегжей түсіндірген мақалалар оның дүйім елге танымал тұлғаға айналуына, болашақ сан қырлы қоғамдық, ағартушылық, жазушылық, аудармашылық істерге жүрексіңбей, жасқанбай қадам басуына алғышарт боларлық негіз қалады. Ол үшін музыкалық, этнографиялық бағыттағы кеш өткізу тосын оқиға емес еді. Географиялық қоғамның бағдарламасында мәдени жиындар өткізу, ғылыми кеңестер, басқосулар ұйымдастыру, лекциялық насихатты өрістету белгіленген, жоспарланған шаралар қатарында саналатын. Қоғамның белсенді мүшесі ретінде Нәзипа Сегізбайқызы бұл жауапкершілікті терең сезінді.

Нәзипа Құлжанова Абайға арнап ең алғаш рет шығармашылық әдеби кеш ұйымдастырды. Бұрын-соңды қазақ даласында әдеби кеш өтпеген-ді. Нәзипа осындай батыл да игілікті істің негізін қалады.

1905 жылы «Семипалатинский листок» газеті Абайдың қайтыс болуына байланысты көлемді некролог жариялап, ақынның өмірімен, шығармашылығымен таныстырды. Құлжановтардың қазақ ақыны Абаймен таныстығы осы жылдардан басталса керек.

1914 жылдың 26 қаңтарында Семей қаласындағы «Народный домда» қазақтың ұлы ақыны Абайдың қайтыс болуына 10 жыл толуына орай әдебиет кеші өтеді. Тұңғыш этнографиялық, әдеби, музыкалы-вокалдық кештің бағдарламасы үш бөлімнен тұрады. Осы құнды құжатты Қазақстанның Орталық мұрағатынан тапқан да, Нәзипа ұрпағы Гүлжихан Нұрғалиқызымен сан мәрте кездесіп, сан әңгіме желісін жасаған да аса көрнекті абайтанушы, ғалым Қайым Мұхамедханов еді. Осы кештің белсенді ұйымдастырушысы Орыс географиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімі Семей бөлімшесінің мүшесі Нәзипа Құлжанова еді. Бұл Н.Құлжанованың ең басты тарихи еңбегі болып табылады. Осы кеште Н.Құлжанова «Абайдың өмірі мен ақындық жолы» деген тақырыпта орыс тілінде баяндама жасайды.

Ұлы ақынның еңбектеріне қазақ қызының жан-жақты үніліп, сауатты баяндама жасауы үлкен оқиға болды. Баяндаманың түпнұсқасы сақталмаған, бірақ сол кездегі Орыс географиялық қоғамының басылымдарынан Абай творчествосын ғылыми, әдеби тұрғыдан зерттеп, талдаған, оған алғашқылардың

бірі болып бірден-бір әділ баға берген аса құнды ғылыми еңбек болғандығын аңғаруға болады. Нәзипаның оқуында алғаш рет ақын өлеңдерінің орысша аудармасынан үзінділер оқылады.

Еске алу кешінің қалай және қандай дәрежеде өткенін сол кеште болған және кеш туралы өз пікірін, кештен алған әсерлерін жазған журналистердің мақалаларынан көреміз. «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 51-санында жарияланған «Семейдегі әдебиет кеші» атты тілші мақаласынан үзінді келтірейік: «26 январьда Семейде «Народный домда» жағрафия жамифатының (қоғамының) әдебиет кеші болды. Бұл кеште халық аса көп болып үйге сыймағандықтан, бірсыпыра адамдар кіре алмады.

Ол күн атақты ақынымыз, марқұм Абай Құнанбайұғылы турасында баяндама оқылады деген хабар халық арасына бұрынырақ тараған себепті жұрт ол күнді асыққандай күтіп тұрды. Баяндаманы Нәзифа ханым (Құлжанов жамағаты) орысша оқыды. Баяндамада Абайдың қырда өсіп аз оқыса да Еуропа данышпандарының кітаптарын оқып, сөзін ұғып, көңіліне тоқып, Россияның Пушкин, Лермонтов, Толстой атты мәшһүр адамдарының сөздерін қазақ тіліне аударып жазып, қазаққа өзі өлсе де сөзін қалдырып кеткенін сөйлейді.

Мұнан соң Әлмағамбет атты жігіт, заты – тобықты, Абайдың қасында әр уақыт болған, домбырамен ән салды. Әуелі, Татьянаң жазған хатын Абайдың өзінің шығарған күйімен салды. Бұл ән мұңлы, нәзік, өзі жай салатын әуезбен айтылады екен. Мұнан кейін «Жігіт ғашығы» мен «Өлсем орным кара жер сыз болмай ма» деген күйлерге салды. Бұл әндер майда үнмен салынып, бірде ақырындап, бірде көтеріп созып салынатын ән екен. Естіген халық һәммәсі, орыс-қазақ демей, шығарушысына да, ән салушы Әлмағамбетке де алғыс айтты.

Бұл жағрафия жамифатының кеші халықты сүйсіндіріп көңілін ашты: «Бізде де Абайдай данышпан адам туады екен-ау; атағы қазақ түгіл орысқа да шығып, өзі өлсе де, терең ойларын, қымбат сөздері, түрленген күйлерін жұртына мирас қылып артына қалдырғандай» деп жұрт шаттанды» дейді.

«Айқап» журналының сол жылғы төртінші санында жарияланған мақалада: «...Алашқа аты мәлім атақты ақын һәм философ Ибраһим Құнанбаевтың өлгеніне биыл он жыл толады. Ілгері басқан жұрт мұндай қадірлі адамдарының атағын шығару үшін талай белгі істеген болар еді. Біздің көбімізге Абайдың кім екені де белгісіз...» дей келіп, Абайды еске алу кешінде Нәзифаның жасаған баяндамасының соңғы сөзін келтірді: «Абайды туғызған қазақ даласы тағы да талай Абай секілді, бәлкі онан да артық, данышпандар туғызар» дегенде тыңдаушы қазақтардың жүйесі босап, көзіне жас алғандары да болады» дейді.

Абайдың өз әнімен өлеңі айтылды.

...Бүркіт, қаршығалар көрсетіліп, қазақтың аң құмарлығы біраз сөз болды. Қазақ әйелдерінің қымыз сапырып, қонақ сыйлағандары көрсетіледі. Қысқасы, бұл кеште көрсетілген тамашаның барлығы да қазақ тұрмысынан алынған нәрселер болды.

«Абайдың өлеңі айтылады, бақсы ойнайды» деген хабарды естіп, қа-ладағы, қырдағы жиылған қазақтың көбіне билет жетпей қалды. ...Қазақтың оқығандары бала-шағаларымен көтеріле барыпты.

Абайдың қадірі халыққа зор екен. Абайдың өлеңі оқылғанда, талай қазақтың көзінен жас мөлдіреді.

Бұл кешті жасауға атсалысқан Нұрғали Құлжанов, Абайдың ба-лалары Кәкітай һәм Тұрағұл мырзаның өлеңге, білімге ыңғайы бар деп айтысады. Абай секілді сұңқардың орны бос қалмас деп үміт етеміз. Қазақ шежіресінің негізін құрған, қазірде өлеңмен бірнеше кітаптар жазған ақсақал Шаһкәрім қажы Абайдың інісі болады.

Сөйтіп, Абайды еске алу кешінің үлкен даярлықпен өткізілгенін көреміз.

«Қазақ» газетінің 1914 жылы маусымның 23 күні 67-санында жарияланған «Абай» деп аталған мақаласында Міржақып Дулатов Семейде өткізілген Абайды еске алу кешін ерекше атап жазады: «...Ол кеш бірінші қазақ ақынының құрметіне жасалған бірінші әдебиет кеші болып һәм бірінші қазақ әйелінің (Нәзифа ханым Құлжанов жамағаты) майданға түсіп, берген өрнегі еді» дейді.

Абайдың туғанына 70 жыл толуына арналған Н.Құлжанова ұйымдастырған екінші кеш 1915 жылдың 13 ақпанында Лунагарский театрында өткен. Кештен түскен қаржы Петроградтағы мұсылман соғыс ауруханасы (лазарет) мен тұрмысы нашар қазақ шәкірттерінің мұқтажын өтеуге тең бөлініп жұмсалған.

Осындай бұқара арасына білім мен мәдениет сәулесін шашқан әдеби және сауық кештерді өткізу келе-келе дәстүрге айналды. Алайда, Столыпинның 1910 жылғы «Бұратаналардың барлық мәдени-ағарту қоғамдарына тыйым салынсын» деген нұсқауы күшінде тұрған кезінде өткізу үлкен қиындықпен келетін, ерлікпен пара-пар іс еді. Нәзипа өзі бас болып, Семей әскери генерал-губернаторынан екі айдай өтініп жүріп «Біржан-Сара» айтысын қоюға рұқсатты эзер алуы соның дәлелі. Осы ойында семинаристер Жүсіпбек Аймауытов – Біржан, Тұрар ханым (Қозыбағарова) – Сара рөлдерін орындаған.

Бұл кештерге семинария шәкірттері Ж.Аймауытов, Қ.Сәтпаев, М.Әуезов т.б. талантты жастар қатысып, сахна өнері туралы талғам-түсініктерін қалыптастырады. Қазақ әдебиетінің классиктері М.Әуезов, Ж.Аймауытовтардың драматургия саласына қалам тартуына ықпал еткен тұлға – мұғалімдері Нәзипа Құлжанова.

Абайды «байшыл, феодалдық заман ақыны» деп қаралап жатқан кезде Нәзипаның ұлы ақынды дәріптеуі де, оның қаламгерлік, қайраткерлік позициясының айқындығының, беріктігін дәлелдейді. Ұлы

Абайдың әдеби-мұраларын насихаттап таратуда Ә.Бөкейхановпен қатарлас Нәзипа Құлжанованың да есімін құрметпен атаймыз.

Тағы бір айта кетер жайт, жоғарыдағыдай сауық-кештерден түскен қаржыны Нәзипа толығымен Петерборда, Омбыда, Қазанда оқып жатқан қазақтың қабілетті балаларын ел ішінен алдыртып, олардың оқуға орналасуына көмектесіп отырған. Тіпті көптеген балалар олардың үйінде жатып оқығаны да белгілі. Қазақтың белгілі жазушысы С.Бегалинның «Замана белестері» атты кітабында, Г.М.Хомутов, Мұсағали Қаңлыбаев, Дәмеш Ермекованың естеліктерінен осы бір аяулы жандар жайлы деректерді кездестіреміз.

Н.Құлжанованың өз қолымен жазылған автобиографиялық, анкеталық деректерінің, тұтастай алғанда, жеке іс-қағазының бізге жетпеуі қайраткер тұлғаның өмірбаянын зерттеуде көп қиыншылық туғызып отыр. Тіпті 1917 жылға дейінгі мұрағаттар арасынан кездеспесе де, жиырмамыншы жылдардан бергі жерде әлеумет, баспасөз ісіне бел шеше араласқан оның, «Әйел тендігі» («Қазақстан әйелдері»), «Қызыл Қазақстан» («Ақиқат») журналдарында жауапты қызметтер атқарған жанның құжаттарының бізге жетпегені өкінішті жағдай.

Нәзипаның туған жері мен дүниеге келген мерзімін айғақтай түсетін дерек журналист М. Имашевтің мақаласында келтірілген: «По вашей просьбе сообщаю коротко биографические данные моих родителей. Назипа Сегизбаевна Кульджанова родилась в 1887 году в г. Тургае в бедной семье. Училась в Тургае в приходской школе, а затем окончила Кустанайскую женскую прогимназию. Умерла она в марте 1934 года в Алма-Ате. Нурғали Кульджанович родился в 1870 году в Тургайском уезде Кустанайской губернии. Остальные сведения Вы имеете. С уважением Кульджанова Гульжихан Нурғалиевна. 30.01.1987 г.». Гүлжихан Нұрғалиқызының Имашевқа жазған бұл хаты оның жеке архивінде сақтаулы.

Нәзипа Құлжанованың есімін бірінші рет қазақ мәдениетінің тарихында елеулі орны бар «Қазақ» газетінен кездестіреміз. Осы газеттегі «Потанин докладынан» деп аталатын тағы бір мақала – Мұхтар Саматовтыкі. Төңкеріске дейін Омбы қаласында оқыған, кезінде газет-журналдарға үнемі хат-хабарлар жазып тұрған ол атақты этнограф, фольклорист Григорий Николаевич Потанинмен таныс болған. Сол Потанин 1914 жылдың 10 ақпанында Омбы жағрафия жамғатының жиналысында баяндама жасап, өткен жаз Қарқаралы уезі Тоқырауын деген жерде әдебиет кешін өткізген Нәзипа ханым Құлжанованың білімі мен парасатына таңғалғанын баяндаған.

Н.Құлжанова Орыс Географиялық қоғамының мүшесі ретінде қазақ халқының тұрмыс-салт, әдет-ғұрыптарын, ауыз әдебиеті мен фольклорлық шығармаларын зерттеп, оларды кеңінен насихаттаумен айналысты.

Өлке тарихын зерттеуші Виктор Белослюдов Құлжанованың аудармаларына туралы пікір білдірген. Ол 1915 жылы «Сибирь студенті» журналындағы «Қазақ поэзиясы туралы» мақаласында «Біз, орыстар, Абай Құнанбаевты да, Ыбырай Алтынсаринді де білмейміз. Абай Құнанбаевтың төл шығармалары орыс тіліне аударылмады, әрі басылмады. Алтынсарин өлеңдерінің ішінде орыс тіліне аударылғанынан маған белгілісі біреу ғана. Ол – «Көктем». Ал Абай Құнанбаев өлеңдері ішінен белгілісі – «Желсіз түнде жарық ай». Бұл екі өлеңді де қазақ әйелі Нәзипа Құлжанова аударған» дейді.

Халқымыздың ауыз әдебиеті, этнографиясы, музыкалық мұрасына байланысты материалдарды жинақтап, кейбір үлгілерін Г.Н.Потанин, А.В.Затаевич сияқты ғалым жинаушыларға табыс еткен. А.В.Затаевич пен А.Биоэсқа бірнеше әндер орындап, олардың нотаға түсуіне себепкер болады. Бұл әндердің арасында ұлы Абайдың да бірнеше шығармалары бар еді. Абайдың, «Желсіз түнде жарық-ай» өлеңін орысшаға аударып, 1915 жылы «Сибирский студент» журналының №3,4 сандарына бастырады.

Жас ғалым Елдос Тоқтарбайдың пікірі: Н.Құлжанованың қазақтың ән-күйлері хақында жазған зерттеу еңбектері «ешқайда жарияланбаған, елеусіз қалып келеді».

1917 жылы Семей облысы қазақ сиезінің төралқа құрамына енеді.

Н.Құлжанованың мақалаларынан әдебиет жайлы ойларында кездестіреміз. «Қазақ» газетінің 1916 жылғы 164 санында «Әдебиетімізге көз салу» мақаласында Нәзипа «Қазақ әдебиеті болашақ дамуында орыс әдебиетінен үлгі алуға тиіс. Бұл мәселеде мен орыс, Европа әдебиетіне еру мақұлырақ болар деп шештім. Өйткені татарда – Тоқай, қазақта – Абай орыс әдебиетінің пікірлері, идеяларымен мәлім болады»-деп жазды. Дәл сол кез үшін оқыған қазақ әйелінің осындай пікір айтып, өзіндік ойын алға тартуы прогрестік іс еді.

Құлжанованың өмірі және қоғамдық-ағартушылық қызметі туралы кандидаттық диссертация қорғаған тарихшы Гүлжан Кәріпжанова Нәзипа Сегізбайқызы туралы бірқатар маңызды жайтты алға тартады.

2003 жылы жазылған монографиясында Нәзипаның өткен ғасырдың 20-30-жылдарында мерзімді баспасөзде жарық көрген, бірақ көпшілік назарынан тыс қалып келген мақалалары, очерктері, аудармалары алғаш рет жан-жақты талданып, сараланған.

Өмірден ертерек, шығармашылық ой-толғамы, шеберлігі жағынан нағыз толысқан шағында кеткен ол педагог, журналист, жазушы ретінде артына едәуір салмақты да салиқалы еңбегін қалдырды.

Алаштың білім ордасы – М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінде ерлі зайыпты ағартушылар Нұрғали Құлжановқа, Нәзипа Құлжановаға арналған атаулы кабинеттер жұмыс жасайды.

Нұрғали Құлжанов атаулы кабинетінің ашылуына 2013 жылдың маусымында Рамазан Сәркеков демеушілік жасап, және қос ағартушының бюсттерін сыйға тартты.

Атаулы кабинеттер бірінші күні болашақ мұғалімдердің елінің тарихын тануына үлес қосуда.

Семей қаласында Құлжановтарға көше атауы берілген.

Қаладағы Абайдың мемлекеттік тарихи және әдеби-мемориалдық қорық-музейінде, ШҚО, Семей қаласы «Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығында» Құлжановтар туралы деректер жинақталған.

Колледждің 110 және 115 жылдығында оқу орнының тарихына арналған кітаптар шығарылды. Бұл еңбектер де Құлжановтар өмірінің Семей кезеңі қамтылған. Қысқа баяндамамызда Н.Құлжанованың өмірі мен қызметін түгел қамту мүмкін емес. Сондықтан біз Н.Құлжанова Өмірінің Семей қаласымен байланысты тұстарына ғана шолу жасадық.

## НАЗИПА ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Муқышева Салима Алпысовна

М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі

Мектепке дейінгі педагогика және психология пәндерінің оқытушысы,

педагогика ғылымдарының магистрі

Абай облысы, Семей қаласы

XX ғасырдың басындағы қазақ мәдениетінің тарихында ерекше із қалдырған тұлға – Нәзіпа Сегізбайқызы Құлжанова. Ол 1887 жылы 27 шілдеде Қостанай облысының Жангелдин ауданында (бұрынғы Торғай облысы Жангелдин ауданы) дүниеге келген. Ол алғаш Торғай қаласындағы гимназияны бітірген. Нәзіпа Құлжанова – мектепке дейінгі педагогиканың негізін салушы ғалым, көрнекті ағартушы, қоғам қайраткері

Қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш ұстаз, этнограф, аудармашы, журналист Нәзіпа Сегізбайқызы (Сағызбайқызы) 1902 жылы Қостанайдағы орыс-қазақ гимназиясын, 1903-1904 жылдары Торғайдағы қыздар училищесін бітіреді. Ұлтжанды, қайсар қыз өзінің алған білімін өзгеге үйретпек ниетпен 1905 жылы Семей қаласындағы оқытушылар семинариясында ұстаздық қызметін бастаған.

Н.Құлжанованың аса көңіл аударған мәселесі мектеп жасына толмаған баланы тәрбиелеу мәселесі. Ол мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде нақты мысалдар арқылы жас ерекшеліктеріне назар аударған. Құлжанова нақты деректерге сүйене отырып бала өлімінің артуын байқап, оны түсінген Бір жасқа толмаған жүз сәбидің Филяндияда 13-і, Скандинавияда 13-18 сәби, Ресейдің кейбір уездерінде 44-45 -ке дейін шетінеуі орын алған. Ресей құрамында болған XIX ғасырдың аяғымен XX ғасырдың басында Қазақстанда да балалар өлімінің статистикасы сондай болатын. Мектептен бұрынғы тәрбиені түзеп, мыңдаған балалар бекер мағынасыз қырылып жатқанына сескенбей, тыныш қарап отыра алмайтын үкметтер керек болған /7/.

Нәзіпа Құлжанова 1923 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жайлы «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабын жазған. Бұл Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырысымен жазылған алғашқы авторлық туынды. Аталмыш кітапқа алғысөз жазған қазақ халқының ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы былай деген: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер – білім даярлау керек». Автордың бұл еңбегі мынадай тараудардан тұрады :

1. «Күллі жер жүзінде»
2. «Мектеп жасына толмаған бала»
3. «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие не керек?»
4. «Мектептен бұрынғы тәрбиенің Россиядағы түрі»
5. «Бала бақшасы деген не?»

Сол кездің өзінде шет елдердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарын зерделеу жүргізілгендігін осы кітаптың мазмұнынан айқын көруімізге болады. Мысалға, «Күллі жер жүзінде» атты алғашқы тарауында дүние жүзін мекен еткен Автор дамыған елдердегі бала бақшалардың мән-жағдайын көрсетіп баяндай келе, қазақ тұрмысында бала бақшаның болашақ ұрпақты тәрбиелеуде зор қызмет атқаратындығына зор сеніммен қарайды. Сонымен қатар, Италия балабақшаларының балаларға арналған құрал-жабдықтармен талапқа сай қамтамасыз етілгендіктерін, Швейцарияның Цюрих қаласындағы тастан жасалған мектептің бір жағында мектепке жасы толмаған балалардың үйі бар екендігін және оның балалардың жас шамасына сай құралдармен жабдықталғандықтарын бейнелейді. Шотландиядағы Эдинбург қаласындағы балалар бақшасын өз алдына ерекше етіп көрсеткен. Ол жерде күнделікті, таңертең ашық далада балалар бастары қосылғанда, кешкісін үйлеріне қайтарда бір-біріне «Амандық өлеңдерін» айтады дейді. Н. Құлжанова Европа елдеріндегі балалар бақшаларының өмірін үлгі ете отырып, күншығыстағы Жапония мемлекетіндегі балалар тірлігін де

әңгімелейді. Автор бұл еңбегінде ең бастысы бірігіп ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа, реттілікке, ұйымшылыққа баулу, балалардың ойына, жас межесіне, қабылдау ерекшеліктеріне барлық жұмысты бағындыру, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау, өлең айту, сурет салу тағы басқа өнерлерін дамыту мәселелеріне көңіл бөледі. Болашақтағы қазақ балалар бақшасы сондай болса екен деп армандайды. Нәзипа Сегізбайқызы мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде оның жас ерекшеліктеріне назар аудару қажеттігін нақты мысалдармен түсіндірген. Ол баланың қалыппен дамуы үшін оған айтылатын сөз де, көрсетілетін қимыл да, үйретілетін тағылым да шамадан тыс көп болмау керек және тым ауыр болмауы ескерілуі шарт дейді. Мөлшерден артық тапсырмалар баланың дамуына кері әсерін тигізуі мүмкіндігін және баланың дамуы үнемі дәрігер мен педагогтың бақылауында болуы қажет дейді. Сол кездің өзінде оқымысты ғалымдардың үш жасар баланы зерттеу объектісі етіп алғандығын мысал етеді. Үш жастағы баланың даму ерекшелігін, білімге, зерттеуге, құпия ашуға құмарлығын мәлімдейді. Назипа Құлжанова баланың бойындағы білуге, тануға, ұғынуға, көруге, байқауға, өзінше қайталауға әуестігін тыйып тастамау керектігін, оларды бағыттап, алдында тұрған сауалдарды бірігіп шешуге ұмтылу қажеттігін, бала мүмкіндігіне қарай тұқым қуалаған мінездің әртүрлі құбылуын дәлелдеп көрсеткен. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке баруға дайындауды, оларға «Мен» түсінігін қалыптастыруды және де жас шамаларына байланысты даму деңгей ерекшеліктерін ғылыми түрде негіздеген. Сонымен қатар, балаларды мектепке толыққанды дайындау мәселелері бойынша қойылған сауалдарды жауапсыз қалдырмаған, ғылыми тұрғыда негіздеп берген. Н. Құлжанова мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде ойынның ерекше қызмет атқаратындығына айрықша көңіл бөліп былай деген: «Балаға керегі – ойын. Ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы ойын. Ойында бала көрген-білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып, бекітеді»

Нәзипа Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің жұмыс мазмұнын, атқаратын қызметін айта келіп, баланы тәрбиелеу, өсірудегі ұлттық ойындардың ерекшеліктеріне тоқталады. Үш пен жеті жас аралығындағы балалардың физиологиялық ерекшеліктерін – бала әлемін сөз етеді. Әсіресе, жас баланың айналы білуге деген құмарлығын, сөйлеуге, сұрақтар беруге бейім болатынын, сол арқылы ойы өсіп, жетілетінін айта келе, баланың ойын дамыту үшін олардың сұрақтарын жауапсыз қалдыруға болмайды. Қазақтар баламен сөйлесуге жете мән бермейді. Сондықтан, олардың сөйлеу мәдениеті толыққанды жетілмейді дейді. Баланы табиғат аясында тәрбиелеудің, табиғат құбылыстары жайында үнемі әңгіме жүргізудің тағылымдық мәніне терең тоқталады. Ол баланы жас кезінен бастап табиғат аясында тәрбиелеудің эстетикалық әсерін айта келіп, «Бала даланың кеңдігінде шолпылдатып суға түсіп, жүгіріп құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкөрай шалғын тоғай арасында сайрандай жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей өсіп, өркендемек» дегенді айтады. Автор осы пікірін әрмен қарай жалғастыра келіп: «Әрбір құлықты, жақсы адам мінезінің түпкі негізінде болатын еңбек ету, көңіл көтеру және денесі еліктегіш, талшыбықтай икемді, нәзік сезімді болып келеді» деп мектеп жасына дейінгі балалардың тыныс-тіршілігін сөз етеді. Н. Құлжанова баланы үйде, балабақшада еңбекке бейімдей тәрбиелеудің маңызына тоқталады. Ол үшін әр балабақша жанында биологиялық бұрыш, тәжірибе участогы болуы керек. Бала торғайды, қоянды, тотықұсты, кірпікшешенді, балықты өсіруді білсін, аулаға көкөніс, гүл отырғызып, су құюды үйренсін, сазбалшықтан ойыншықтар жасап үйренсін дейді. Нәзипа Құлжанова баланың санасын оятып, қиялын өсірудегі ойыншықтардың тәрбиелік рөліне ерекше мән береді. «Ойын баланың қиялын өсіреді. Ойнай білу дегеніміз – ойлай білуге үйрету» дейді. Н. Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттарын «Тән саулығы», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Заттың түр-түсін ажыратуы», «Бала тілінің шеберлігі», «Баланы еңбекке дағдыландыру», «Баланың әдемілік сезімін ояту», «Бала ойындары мен ойыншығы», «Баланы көпшіл болуға баулу» деп жіктей келіп, осы мәселелердің әрқайсысының мән-мағынасын ашып талдайды. Нәзипа Құлжанованың мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегінің құндылығы – біріншіден, оның Қазақстан топырағындағы тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуымен ерекшеленсе, екіншіден, Н. Құлжанова мектепке дейінгі педагогиканы биология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастырады, үшіншіден, ол қазақ этнопедагогикасын әлем елдерінің этнопедагогикасымен үндестіре зерттеді, төртіншіден, Н. Құлжанованың еңбектерінде Қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысы, сол уақыттағы ауыл мен қала өмірінің шындығынан алынған нақты көріністер айқын бедерленген.

Нәзипа Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабы нәрестенің өсіп, жетілуі, мектеп табалдырығын аттауға дайындау төңірегінде жаңа ойларды ұсынған алғашқы жаңалыққа толы еңбек. Н. С. Құлжанованың ағартушылық, ұстаздық, қайраткерлік еңбегінің тағы бір ірі көрінісі 1927 жылы Қызылорда қаласында 5000 данаман басылып шыққан – «Ана мен бала тәрбиесі» кітабы. Бұл кітап педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық кітап ретінде ұсынылған. Нәзипа Сегізбайқызы дәрігерлік арнайы білімі жоқ болса да көптеген әдебиеттерді ақтара келе, бала мен ана денсаулығына қатысты пайдалы кеңестерді рет-ретімен оқушысына, қалың көпшілікке ұсынып, қазақ тарихында есімін қалдырған еліміздің көрнекті ұстазы.

Н. Құлжанова мектеп жасына дейінгі Ресейдегі балаларды тәрбиелейтін мекемелердің түр-түріне тоқтала келіп, олардың қазақ тұрмысына лайықтап енгізуді мақсат тұтады. Ресейдегі ата-

анасынан айырылып қалған балаларға арналған «Жетімдер үйі» (приют), үш жасқа дейінгі балалар үшін ясли, жеті жасқа дейінгілерге «балалар бақшасын» қазақ жерінде ашу үшін ұлттық рух пен мінездің, қоршаған ортаның ерекшеліктерін есте сақтауды алғы шарт деп санады.

Нәзипа Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабы нәрестенің өсіп, жетілуі, мектеп табалдырығын аттауға дайындау төңірегінде жаңа ойларды ұсынған алғашқы жаңалыққа толы еңбек

Қаншама жылдар өтсе де Назипа есімі заман жаңарған сайын қайталанып, кейінгі жас ұрпаққа үлгі бола беретіні сөзсіз. Мұның айғағы ретінде өзім ұстаздық етіп жүрген Семей қаласындағы педагогикалық колледжде арнайы ашылған «Назипа Сегізбайқызы Құлжанова атындағы Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» құзыреттілік орталығы.

Бұл орталық заманауи қажеттіліктермен қамтамасыз етіліп, болашақ тәрбиешілердің жан-жақты толыққанды, сапалы білім алуына, озық инновациялық технологияларды қолдана отырып, заманауи кәсіби тұлғасын дамытып, үздіксіз білім беруге бағыттауда маңызы зор.

Қорытып айтқанда, Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанованың мектеп жасына дейінгі ұйымдардың алғашқы қалыптасуына, бала тәрбиесінде неге көңіл аудару керектігіне жалпы бала тәрбиесі сонау бесіктен басталатынын зерттеп, зерделеп қазығын қазып, осы заманға жеткізіп кеткендігі біз үшін баға жетпес байлық. Ал осындай тұлғаның табаны тиген қара шаңырақта еңбек ету біз үшін үлкен мәртебе!

### Әдебиеттер тізімі:

1. Құлжанова Н. Мектептен бұрынғы тәрбие. Орынбор: 1923 - 37 бет.
2. Құлжанова Н. «Ана мен бала тәрбиесі» Қызылорда: 1927 – 117 бет
3. Сағыбаева З. Ардақты, бар Назипа ханым [Мәтін] : [Журналист Н. Құлжанова туралы] / Сағыбаева З.

### АХМЕТ ПЕН НӘЗИПА

Серікбай Оспанұлы,

Күлзада Мырзағалиева

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің профессорлары  
Қостанай облысы, Қостанай қаласы

Н. Құлжанова 1895 жылы Торғай қаласында, суатшы Сағымбайдың отбасында дүниеге келген. Ахаңмен екеуі бір жерде туып, бір өзеннің суын ішкен адамдар. Нәзипа Ахаңнан 22 жас кіші. Бірақ ол жас та болса, әдебиет, мәдениет, оқу-ағарту ісіне ерте араласып, Ыбырай, Ахмет ағаларының жолын қуды. Ізденімпаз, ізгі, еңбекқор, талантты жасты Ахаң қолтығынан демеген, үнемі қолынан келген жақсылығын аямаған. Соның бір айғағы Нәзипаның 1923 жылы жарық көрген «Мектептен бұрынғы тәрбие» деп аталатын кітабына алғы сөз жазып, оның жігерін жанып, үлкен жолға бастағаны.

А. Байтұрсынұлы бұл «Сөз басы» деп аталатын алғы сөзінде адам баласының өсіп-жетілу тарихына қысқаша тоқталып, кешегісі мен бүгінгісін салыстыра әңгімелейді. Небір ғажайып машиналарды, телеграф, телефонды адамзат өнер-білімінің арқасында ойлап тапқанын, сондықтан да заман ағымынан қалмай, ілгері басу үшін баланы жасынан өнер-білімге бейімдеп оқытып, тәрбиелеу керектігін айтады. Дұрыс тәрбие баланың тәні мен жанына әсер етіп, есті, зейінді, денсаулығы да жақсы болатынын ескертіп, дұрыс тәрбиенің негізі – бала табиғатын жақсы білуде екендігін түсіндіре баяндайды.

«Бала бастапқы кезінде адамнан гөрі табиғатқа жақын, – дейді Ахаң. – Оның өсуі, есеюі адам зорлауымен жүрмейді, табиғат жолымен жүрмек. Адамның істейтін көмегі – баланың дұрыс өсуіне, есеюіне керек жағдайды жасау керек. Әуелі балаға тәтті саулығы керек. Тәтті сау баланың жаны да сау болып, есі дұрыс, зейіні алғыр болып өспек. Зейіні алғыр болуы – адам тіршілігіне керек өнер – білім табуы табиғи жолмен болуы тиіс. Адамға іс үстінде пайда болған іс пенен ес қосылуынан өнер-білімді ойлап үйренбейді, істеп, түюден үйренеді».

Ахаңның бұл жазғандарынан оның бала табиғатын, халықтың педагогиканы жақсы білетіні аңғарылады.

Халық педагогикасы мақалдары мен мәтелдерінде!

«Тәтті сау баланың жаны сау» дейді Ахаң. Бұл қазақтың «Тәтті саудың-жаны сау» деген мақалын еске түсіреді. Халық педагогикасының бала тәрбиесінде үндесер қағидасын автор орнын тауып қолданған.

«Адамға іс үстінде пайда болған іс пенен ес қосылуынан өнер-білімді ойлап үйренбейді, істеп, түюден үйренеді» деген жолдар да халықтың «көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлеу шешен боларсың» деген мақалымен үндес. Шебердің шеберлігі де бірте-бірте қалыптасып, дамиды. Жазушының қаламы жазу арқылы ұштала түседі. Жаңа туған нәресте бірден қаз басып, жүріп кетпейді. Қаз тұрады,



еңбектейді, бір аттайды, екі аттайды... сосын барып жүріп кетеді, жүгіреді... Ойлау қабілеті де бірте-бірте дамидыны ақиқат:

«Ой түбінде алтын бар,  
Ойлай берсең табарсың,  
Қанша ұзақ болғанмен,  
Жүре берсең барарсың».

«Сөз атасы – мақал». Ауыз әдебиетінен сусындаған Ахаңның оларды жинап, кітап етіп бастырып шығарудағы негізгі мақсаты да тәрбиелі, білімді, ұлттың қамын ойлайтын ұрпақ тәрбиелеу.

«Бала тәрбиесіндегі негізгі мақсат – баланың бетін жасынан түзеп, дұрыс білім, жақсы әдет, көркем мінез, таза қылық үйрету. Мұны істеуге үлкендердің қалпындағы тұрмыс, үй-күйі үйлесе қоймайды» дейді Ахаң баланың ата-анасының әлеуметтік жағдайын ескеріп.

Шындығы солай – баланың тәбиесі ата-ананың әлеуметтік жағдайымен тығыз байланысты. Қазіргі бала бақшалар мен бастауыш мектептерде бұл жайт ескеріле ме екен?

Автор одан әрі Нәзипаның кітабында айтылған сынға орай бала тәрбиелейтін орындар ашылатынын, ондай үйлердің әзірге қазақ арасында жоқтығын, оның себебі – бала табиғатын жақсы біліп, балаларды жақсы баулырлық қазақтан ешкім болмай тұрғанын баян етеді.

«Нәзипа жолдастың кітабы мектеп жасынан бергі, екі жастан арғы балаларды тәрбиелеу үшін мәдениеті алда тұрған халықтардың не істейтіні, бала тәрбиесі оларда қандай орын алып, қандай дәрежеде тұрғаны жайынан қысқаша мағлұмат береді. Қандай орында балалар қандай тәрбие алатыны да, қандай орындарда бала тәрбиелеушілер даярланып, қандай біліммен шығаратыны да айтылып өткен...» [1;18], –дейді.

Өзімен армандас, бір жолдағы қарындасына арнап «Н.Қ. ханымға» деп өлең жазуы да оған үлкен сенім артқандықтан болар:

Рахатсыз өтсе де өмір-жасым,  
Бұл жөнімнен құдайым айырмасын.  
Ұзақ жолға ниет қып бір шыққан соң,  
Жарым жолдан қайтпаспын, қарындасым!

Су да болар ол жолда, тау да болар,  
Жаудың оғы – жайған тор, ау да болар.  
Мынау пайда, мынауы зиян демек,  
Ол еркектің ісі емес, сауда болар?!...

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,  
Ойлайтындай мен емес – бір күнгісін.  
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын,  
Ел – бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін.

Нәзипа да аға жолын қуып «ертеңгі үшін» қызмет етті.

Әлихан Бөкейханның «Абай Құнанбаев» азанамасы – қазақтың ақынын орыс оқырмандарына тұңғыш таныстырған еңбек екені даусыз.

1914 жылы шығыстану институтының «әл-Шархият» жинағында Абайдың қарасөзбен аударылған «Лето» («Жаз»), «О, любви» («Желсіз түнде жарық ай»), «Поэт» («Адамның кейбір кездері»), «Пожалейте меня», («Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?») өлеңдері басылды.

1914 жылы осы «әл-Шархиятта» Нұрғали (Нұқ) Рамазановтың «Абай Құнанбаев (1845-1904)» мақаласы жарық көрді.

1914 жылы 26 қаңтарда ұлы Абайдың қайтыс болғанына он жыл толуына орай ерлі-зайыпты Құлжановтар тарихи-әдеби кеш ұйымдастырды. Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақовтар сол кеште тұңғыш рет сахна төріне шықты.

Нәзипа Құлжанованың көмегі арқасында оқып-білім алған қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Сапарғали Бегалин «Замана белестері» романында 1914 жылы 26 қаңтарда өткен Абай Құнанбаевтың қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай өткен тарихи әдеби кешке тоқтала келіп: «Ойынды аяқтап, қазақ ұлт әдебиеті-ойын кешінің тұңғыш шымылдығын ашқан саналы зайыптылар Семей жұртшылығына бұрынғыдан да абыройлы көріне бастады...Ойынның артынан сол кешке жиналған 918 сом ақша қазақтардың мұқтаж оқушыларына табысталды. Мысалы, Петербургта оқитын, Томда, Орынборда, Қазанда, тағы басқа жерде оқитын мұқтаж оқушылардың тізімі жасалып, соларға жіберілді. Түнек заманның түнерген бұлтынан жылт еткен сәуледей Семей оқытушылар даярлайтын мектептің оқытушысы Нұрғали Құлжанов, оның жары қазақтың сол кездегі аса мәдениетті оқыған қызы Нәзипа Құлжанова осындай бір игілікті істі бастап еді» [2; 117], – дейді.

Абай Құнанбаевтың өлеңдерін орыс тіліне аударуда мақсұт тұтқан Виктор Николаевич Белослюдов Семейде туып-өскен. Кейін Томскіде тұрса да, Семейде болып жатқан жаналықтарды туысқандары арқылы білім отырған. 1914 жылы 18 ақпанда Виктор Николаевич Белослюдов хат жазып, өзі қатыса алмай қалса да: «Мұнда приказчиктер клубына жақын арада игілікті мақсат көздеген әдеби кеш өтті.

Мың сомнан астам ақша жиналышты. Көрермендердің бәрі де қазақтар. Өте қызықты болды деп айтады. Мен сырқат болып қатыса алмадым», – деп қазақтар тарапынан ұйымдастырылған Абайдың тұңғыш әдеби кешіне елеулі мән бере қарағанын көреміз» [3].

Кеште ақын өмірі мен шығармашылығы жөнінде баяндаманы Нәзипаның өзі жасап, одан кейін Абай өлеңдері оқылады. Бұл кеш туралы 1914 жылы «Айқап» журналы да: «...Жоғарыда айтылған кеште Абайдың орысша жазылған ғұмырнамасы оқылды, арасында өлеңдер қазақша жазылған еді. Копия оқушы Нәзипа ханым болды. Сөздің аяғында Абайды туғызған қазақ даласы. тағы да талай Абай секілді, бәлкім одан да артықданышпандар туғызар, – дегенде тыңдаушы қазақтардың жүйкесі босап, көзіне жас алғандары болды» деп хабар берді.

Нәзипа орысша таза сөйлеген. Оны баяндаманы орысша жасағанынан да, сондай-ақ Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаевтың өлеңдерін орыс тіліне аударуынан да аңғаруға болады. 1915 жылы «Сибирский студент» (№ 3-4) журналында Семей оқушылар семинариясының оқытушысы В. Н. Белослюдов: «Орысшаға аударылған Алтынсариннің өлеңдерінен маған белгілісі «Көктем», Абай өлеңдерінен «Махаббат туралы». Бұл екі өлеңді орыс тіліне аударған қазақ қызы Нәзипа Құлжанова», – деп жазды.

Бұдан біз Нәзипаның Абайдың насихатшысы әрі ол туралы орыс тілінде алғаш баяндама жасаушы һәм аудармашысы екенін де байқаймыз.

Нәзипа Құлжанова Семейде түрлі әдеби кештер ұйымдастырып, одан түскен қаржыны мұқтаж студенттерге бөліп беріп отырған. Ол өзінің «Қазақ» (1915 ж) газетінде шыққан «Семейден» деген мақаласында 1905 жылы 13 февральда Семейде Россия мұсылмандары атынан ашылған Петроградтағы соғыс ауруханасы һәм мұқтаж оқушы қазақ жастарының пайдасына жасалған қазақша әдебиет кешінің есеп-қисабы» жөнінде жазған мақаласында айта келіп, мақала соңында: «Ақшалар тиісті орныға тапсырылды. Бұл әдебиет кеші жасалуы туралы ұйымшылдық етіп, не түрлі қызмет-жәрдемін аямай әйел-еркегі болып атсалысқан ағайын-азаматтарға әуел басқа мұндай бастапқы ізгі ісімізге жол көрсетіп, көсемдік қылған қадірлі қария ақсақалдарға һәм барша ілтипат етіп келушілерге көңіл ризалығын білдіріп шын ықыласыммен тәңірі жарылғасын айтуды міндет көрдім» дейді.

Бұл кеш жайында Міржақып Дулатов «Қазақ әдебиет кеші» деген көлемді мақала жазып онда: «Бұл әдебиет кешін бас болып істеуші Нәзипа ханым мен Нұрғали Құлжановтар еді. Бұларға қазақтың жас талапкерлері қосылып һәм құрметті қажыларымыз, ақсақалдарымыз бәйбішелерімен ойынға келіп, бар ықыластарымен жақындас болып, әдебиет кеші көркем де, қызықты болып өтті» [4], – деп одан әрі халықтың бірлігіне, ынтымақтастықтарының нығая түскеніне ризашылық білдіреді.

Бұл кеш туралы Мұстақым Малдыбаев: «Ойынға жастар ғана емес, ақсақалдар, қажылар екі-үш қатындарын, қыз, келіндерін топ көтере ала келді. Ойынның афишасы кешірек таралғандықтан орыстар аз болды. Бірнеше учитель, үкімет кісілері, «Сибирская жизнь», «Семипалатинский телеграф», «Барнаульская газеталардың» хабаршылары болды», – деп жазды [5; 67-68].

Осы кештен түскен қаражат Семей облысынан оқып жүрген мұқтаж қазақ жастарына бөлініп берілді. Солардың ішінде студент-технолог Әлімхан Ермеков пен семинарист Жүсіпбек Аймауытов бар.

Семей қалалық архивіндегі «дело №119. Список частных избранных в Семипалатинское земство. Приложение к протоколу от 14 ноября 1917 г.» деген құжатта алтыншы округ – Семейден Нәзипа Құлжанова мен Мұстақым Малдыбаевтың земство мүшесі екендігі көрсетіледі.

Земство – халықтың әлеуметтік-тұрмыстық, өнеркәсіп, шаруашылық мәселелерін, сот, милиция ұйымдарын құру, сондай-ақ, білім беру, дәрігерлік көмек көрсету істерімен де айналысатын жергілікті өзін-өзі басқару органы.

Земство мүшелері Семей ұлттық білім беру жүйесін құрды. Бұл жайында ғалым Ерлан Сыдықов «Семей мұрағаттарындағы өткен тарих беттерін парақтағанда белгілі педагог-ағартушы, журналист Нәзипа Құлжанова бастаған Оразбибі Махмұтова, Жұмабике Ибрагимова, Жәмила Кәрімова, Айтбану Көркембаева, Бәтима Татубаева тәрізді тағы басқа бірнеше алғашқы қазақ әйел мұғалімдері де Алаш мектептерін қалыптастыруда ер-азаматтармен қатар аянбай еңбек еткеніне куә боламыз [6; 124], – дейді.

Жауапты қызметтер атқарған Алаш қайраткері М. Малдыбаев: «Қазақ» газетіне хабар, мақала жазып тұрған.

Жалпы, Нәзипа, Нұрғали Құлжановтарды Семей халқы қатты қадірлеген, қазір де ұмытпай, естеріне алып тұрады. Семей мұражайларында Нәзипа Құлжанованың кітаптары, іс қағаздары, өткізген кештердің жобалары, губернаторға кеш өткізге ұрықсат сұраған хаттары мен губернатордың берген жауабының түп-нұсқалары қойылған.

2013 жылы Құлжановтар құрметіне Семей жерінде үлкен іс-шара өткізілген. Осы шараға қатысқан облыстық «Қостанай таңы» газетінің тілшісі Мұрат Жүнісұлы «Семейліктер Нұрғали мен Нәзипаны Абай, Мұхтарлармен қатар қойып құрметтейді. Соған тәңті болдық. Құлжановтарға арналған мұндай қомақты шараларды Қостанай өңірінен көрген емеспіз» [7], – дейді.

1923 жылы 25 қыркүйекте ерлі-зайыпты Құлжановтар Орыс Географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің мүшелігіне қабылданады.

«Еңбекші қазақ» газеті «1922 жылы халық ағарту комиссариатының ғылым ордасы жанында «Қазақстан ғылым ордасы» ашылған. Мүшелері Ахмет, Молдағали, Садуақас (Сәкен), Елдос, Нәзипа, Міржақып, Мырзаұлы Мұхтар» [8], – деп жазды.

Бұл хабар, ұстаз, ағартушы, журналист, аудармашы, жазушы, қазақ әйелдері комитетінің тұңғыш ұйымдастырушысы әнші Нәзипа Құлжанованың ғалым да болғанын айғақтай түседі. Оның үстіне нәзипаның «Мектептен бұрынғы тәрбие», «Ана мен бала тәрбиесі» кітаптары да ғылыми еңбектер.

Нұрғали мен Нәзипаның Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Мәриям Хакімжанова, Сапарғали Бегалин сынды алыптардың ұстазы болуы да біраз жайтты аңғартады.

Қайым Мұхамедханов «Біздің Мұхтар» кітабында Мұханның «Приказчиктер клубында» өздерінің тұңғыш қазақша ойын қойғандарын, ойынды ұйымдастырушы қазақтан шыққан тұңғыш оқыған, білімді әйелдердің бірі Нәзипа Құлжанова болғанын айтқанын жазады» [9; 383].

1920-1924 жылдары музыка зерттеушісі А.Бимбоэс пен А.К.Затаевич Нәзипаның орындауында «Ғайни-ай, сәулем», «Қыздардың зары», «Жылқылы бай» әндерін жазып алып, нотаға түсіріп, «Нәзипа Құлжанова – интеллетуалды қазақ қызы, оқу-ағарту ісінің үздік қайраткері» [10], – деп жазды.

Н.Құлжанова 1903 жылы Қостанай орыс-қазақ гимназиясын бітіргеннен кейін сол 1903 жылдан бастап 1904 жылға дейін өзі туып-өскен Торғайдағы қыздар училищесінде, 1905-1919 Семей семинариясында сабақ берді. 1920-1921 жылдарда Ақмола уездік комитетінде «Еңбекші қазақ» газеті мен «Қызыл Қазақстан», «Әйел теңдігі» журналдарында жауапты қызметтер атқарды.

Ал, Нұрғали Құлжанов Орынбордағы қазақ мұғалімдер мектебіне 1886 жылы түсіп оқуға түсіп, 1891 жылы бітірген. Сол 1891 жылы осы мектеп табалдырығын Ахаң да аттаған. Ахаңмен етене таныс, бір мақсатта, бір жолда болған. Алаш қайраткерлерінің белді өкілдерінің бірі.

Нәзипа Құлжанова «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналына оқу-ағарту, мәдениет мәселелері жөнінде мақалалар жазды.

Нәзипаның адамдық болмысын – оқығандығын, ақ көңіл, адалдығын, мінезінің оңдылығы мен жүзінің жарқындығын, ынталылығы мен сезімталдығын, тірі жанды ренжіткісі келмейтін кеңпейілдігін Сұлтанмахмұт Торайғыров «Таныстыру» деп аталатын поэмасында әдемі сипаттап жеткізген:

Ардақты бар Нәзипа деген ханым,  
Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.  
Оқыса сондай әйел шығар ед деп,  
Оқығандар бағалар сөздің дәмін.

Неше күн қыдырсаң да таба алмассың,  
Семейдің одан өтер адал жанын.  
Ақ көңіл, мінезі оңды, жүзі жарқын,  
Ынтасы жеткізбекке әйел халқын.

Және бар әйелге хас нәзік сезім,  
Танитын бір көргенде-ақ істің нарқын.  
Атақты Байтұрсынов «Мысалында»,  
«Н-ға» деп өлең жазып, жайған даңқын.

Аяныш жұмсақ жүрек мейірбанды,  
Ренжіткісі келмейтін тірі жанды.  
Қайткенмен он облыс бар қазақта,  
Өзір шыққан әйел жоқ сонан мәнді.

Оқып жүрген жастардың анасындай,  
Көрер бәрін не бауыр, баласындай.  
Тарыққан сорлыларды өзі шақырып,  
Күтеді не әкесі, ағасындай.

Сөз табар әр мәжілісте жарасымды,  
Білмейді аса сөйлеп адасуды.  
Оқыған еркектердің көбінен де,  
Әр іске ыңғайы бар жанасымды.

Теңдік туын көтеріп әйелдер де,  
Тұр, эне, желкілдетіп биік жерде.  
Ол туда жазулы тұр мынандай сөз:  
Әйелдер тиюге ұлықсат сүйген ерге...» [11; 157-158].

«Оқып жүрген жастардың анасындай» болып, бірін бауырындай, бірін баласындай көрген Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтар атында қазір Семейде, Торғай мен Арқалықта көше аттары бар. Арқалықтағы гуманитарлық колледжде Н.Құлжанова есімі берілген.

Ұлы Ахаңмен аты бірге аталатын қазақтың тұңғыш журналист, қайраткер, қазына Алматы, Нұр-Сұлтан, өзі оқып қанаттанған Қостанай, т.б қалаларда да көше, оқу орындарының аты берілсе, артық болмас еді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Сөз басы. Нәзипа Құлжанова шығармалары. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2014.
2. Бегалин С. Замана белестері. – Алматы: Жазушы, 1979.
3. Абайдың әдеби-мемориалдық музейі: Тізб №78, 3-6.
4. Дулатов М. Қазақ әдебиет кеші // Қазақ, 28 март, №114, 1915.
5. Малдыбаев М. (М.М) Семиплаттан // Айқап, №4, 1914.
6. Сыдықов Е. Шәкәрім және Алашорда. – Алматы: Раритет, 2008.
7. Жүнісұлы М. Жақсылардың жоқшысы // Қостанай таңы, 21 мамыр, 2013.
8. «Еңбекші қазақ» №105, 1923.
9. Мұхаметханов Қ. Біздің Мұхтар. – Алматы: «Жазушы», 1976.
10. Затаевич А, Қазақ халқының 1000 әні. Орынбор, 1925.
11. Торайғыров С. Таныстыру. Екі томдық шығармалар жинағы. Бірінші том, - Алматы: «Ғылым», 1983.

### НӘЗИПАНЫҢ ХАЛҚЫНА ЖАСАҒАН ЕҢБЕГІ

Сәрсекей Гүлбану Құлетқызы  
Қостанай әкімдігінің мәдениет басқармасының  
«Торғайдың Жангелдин мұражайлар кешені» КММ-сі басшысы

*Рақатсыз өтсе де өмір жасым,  
Бұл жөнімнен құдайым айырмасын.  
Ұзақ жолға ниет қып бір шыққан соң,  
Жарым жолдан қайтпасын, қарындасым.*

Осы өлең жолдары арқылы алты Алаштың ардақтысы, талантты ақын Ахмет Байтұрсынұлы ішкі мұн-сырын қызда болсада Нәзипа Құлжановаға ақтарады. Назипа Сегізбайқызы Құлжанова 1887 жылы 27 шілдеде Қостанай облысының Жанкелдин ауданында дүниеге келген.

Назипа Құлжанова әуелі Торғай қаласындағы приходская школасында оқып, 1902 жылы Қостанайдағы гимназияны тәмәмдаған.

1903-1904 жылдары Тоғайдағы әйелдер училищесінде мұғалімдік қызмет атқарды.

Ерлі-зайыпты Назипа мен Нұрғали Құлжановтар Семей қаласына 1905 жылы келіп, ұстаздық қызметтерін бастаған. Олар Семейге келген кезде бұл қала Қазақстандағы ірі мәдени-ағарту орталығы дәрежесіндегі қала болатын.

Семейде 1917-1918 жылдары «Сарыарқа» газетінің 1918 жылы «Абай» журналының, 1919 жылы «Знамя борьбы и труда», «Қазақ тілі» газеттерінің, 1925 жылы «Таң» журналының шығуы мәдени өмірдегі айтулы оқиғалары болып саналды.

Семей оқытушылар семинариясы іргелі оқу орны болған. Нәзипа Құлжанова оқытушылар семинариясында оқытушылық қызметін атқарған. Ол оқытушылық қызметпен шектелмей қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтау, музыкалық фольклорына көңіл бөлу, қала өміріндегі маңызды мәдени-ағартушылық шаралардың жүзеге асуына ұйытқы болу жағына баса назар аударған.

Нәзипа Сегізбайқызы мен Нұрғали Құлжанұлының Орыс географиялық қоғамның Семей бөлімшесіне мүше болып 1913 жылдың 25 қыркүйек сайланды. Императорлық Орыс география қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің есебіне қарағанда 1914 жылдың 1 қаңтарында барлығы 137 мүше болған, оның 4 құрметті мүшелер, 113-толық мүше, 20-қызметкер мүшелер, соның ішінде санағанда ұлт өкілдерінен жалғыз қазақ қызы Нәзипа Құлжанова болған.

1917 жылы ақпан, қазан төңкерістері қатардағы көптің бірі емес зиялы қауым санатындағы Құлжановтар отбасы бұл ұлы дүрбелең өзгерістен тыс қалған жоқ. Нәзипа Сегізбайқызы оқытушылық қызметін атқарса, Нұрғали Құлжанов бел шешіп әлеумет ісіне араласып кетті. Төңкеріс жолында аянбай өз сенім-нанымымен күреске араласып, ақырында қайғылы қазаға ұшырады.

1920 жылы Нәзипа Семейден Ақмолаға барады. «Нұрғалидің қазасына байланысты бұл жерден ауысуына тура келіп, 1920-1921 жылдары Ақмола уездік партия комитетінде жауапты қызметін атқарады. 1922 жылы Қазақ АССР Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы және «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы С.Сейфуллиннің арнайы шақыртып алдыруымен осы газеттің редакция алқасы мүшелерінің бірі, әрі белгілі авторы болып қызмет атқарады.

Нәзипа өзінің жеке басымен санаспай қоғам алдында қойған, әлеумет ұсынған жұмыстарды үлкен белсенділікпен орындаған.

Нәзипаның бөліп айтарлық ерекшелігі ұстаз Ы.Алтынсарин ашқан мектептің түлегі болумен қатар, ол дарынды тұлғаға лайық шәкірттік мінезді бойына сіңіріп, тәлімгерлік өнегені жете ұғынып бар күш-қуатын, білімін сарқа жұмсап, өзі де соңғы буынға ұланғайыр еңбек сіңірді.

Ұлы ұстаз Ы.Алтынсаринның ағартушылық, дидактикалық принциптерін Нәзипа барынша жан-жақты оқу тәрбие жұмысына енгізіп, бүкіл саналы өмірін ұрпақ тәрбиесіне бағыштаған ұстаз, ғалым, ағартушы дәрежесіне көтерілді.

1905-1920 жылдары Нәзипа Семей оқытушылар семинариясында мұғалімдік қызметте болған.

Семей семинариясында ұстаздық істі жемісті атқарған білімдар жанның өз ісіне шынайы берілгендікпен қарауы, өнегелі істің осы саладағы ағартушылық, қайраткерлік дәрежеге жеткізді.

Нәзипа негізінен орыс аудиториясында қазақ тілінен сабақ берген. Бұл арада орысша оқитын шәкірттерге қазақ тілін оқытудың үкімет тарапынан ресми түрде жолға қойылуы бүкіл Қазақстан бойынша алғаш Семей оқытушылар семинариясының қабырғасында жүзеге асқан.

Ағартушылық, ұстаздық, қайраткерлік Нәзипаның еңбегінің тағы бір көрінісі – «Ана мен бала тәрбиесі». Кітап 1927 жылы Қызылорда қаласында 500 данамен басылып шыққан. Қазақстан өлкелік әйелдер бөлімінің ұйғарымымен, қолдауымен тапсырмасымен жазылған. Бұл кітапты мұражай қорынан КП-2347 папкадан кездестіруге болады.

Нәзипаның «Ана мен бала тәрбиесі» - педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәргеріне арналған анықтамалық, қойын кітапшасы, әдістемелік нұсқау сияқты күнделікті керекті тауып алуға мүмкіндік туғызатын кітап.

Қазақ өлкесінің мәдениет ошағындай болған Семей қаласында алғашқы ойын-сауық, мәдени-ағарту кештерін ұйымдастыру Нәзипа есімімен тығыз байланысты. Нәзипаның Семей қаласының тарихында емес, бүкіл Қазақстанның өмірінде ірі оқиға болған кештерді өткізуін төтенше жаңалыққа балап, үлгі етіп дер шағында кеңінен насихаттаған ұлттық баспасөзіміздің алғашқы қарлығаштары – «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы болатын. Музыкалық, этнографиялық бағытта кеш өткізу Нәзипаға тосын оқиға емес еді. Географиялық қоғамның бағдарламасында мәдени жиындар өткізу, ғылыми кеңестер, бас қосулар ұйымдастыру, лекциялық насихатты өрістету белгіленген, жоспарланған шаралар қатарында саналатын. Қоғамның белсенді мүшесі ретінде Нәзипа Сегізбайқызы бұл жауапкершілікті терең сезінді.

Алғашқы кеш Семей қаласында 1914 жылдың 26 қатарына өтті. Көптеген ұлттардың өкілдерін жинаған, қазақ және орыс тілдерінде өткен, уақытындағы белгілі өнер шеберлері қатыстырылған кешті дайындап, өткізу тек Нәзипа Сегізбайқызы үшін ғана емес, тұтастай алғанда географиялық қоғамның Семей бөлімшесі үшін де үлкен сын болатын. Сол сыннан Нәзипа бастаған зиялылар сүрінбей өтті.

Алдын ала кештің бағдарламасы жасалып, кешке кім қатысып, қандай өнер көрсететіндігі анықталып, тынымсыз репетициялар өткізіліп, ұланғайыр дайындық жұмыстар жүргізілген. Аталмыш жиын қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының қайтыс болғанына он жыл толуына әдейі арналып ұйымдастырылған. Кештің бірінші бөлімі тұтас Абайдың өмірі мен қызметіне арналған. «Қазақ ақыны Ибрагим (Абай) Құнанбаев және қазақ поэзиясы» деген тақырыпта баяндаманы орыс тілінде жасаған Нәзипа Сегізбайқызы. Бұл баяндамасына негіз етіп алаш қайраткері Әлихан Бөкейхановтың мақала некрологын алған. Қазақтың қызының қалың топтың алдында баяндама жасауы қатысушыларға ғажап әсер еткен, тыңдаушылардың жан дүниесін босатып, көздеріне жас алған. Әсіресе, орыс көрермендері Нәзипа ханымның таза орыс тілінде сөз сөйлеуіне таң тамаша қалған. Абайдың өмірбаяны мен творчестволық мұрасы хақында тартымды әңгіме өрбіп, ақын Пушкин, Лермонтов т.б. ақындардың шығармаларын қазақша сөйлеткендігі жөнінде қилы салыстырулар келтіргенде, ең ақырында Татьяна мен Онегиннің сүйіспеншілік хикаялары тарамдалып баяндалғанда бүкіл көрермен қауым өзгеше бір күй кешкен.

Абайдың өзі шығарған әндерді орындауға да тиісінше мән берілген. Мысалы, Әлмағамбет Қапсәләмовтың орындауында «Татьянаның сөзі» мен «Көзімнің қарасы» ерекше тартымды әсер қалдырған. Абайдың ақын балалары мен шәкірттерінен басқа түрлі өнер иелері оның төңірегіне топтасқандығы белгілі. Ертекі Баймағамбет, дойбышы, тоғызқұмалақшы Ермағанбет, әнші Әлмағамбет ұлы ақынның өнер сапарындағы сүйікті серіктері еді.

Екінші бөлімде, негізінен алғанда орыс ақындары мен композиторларының шығармалары орындалған.

Үшінші бөлімде Г.И.Павловтың «Шамандық туралы» баяндамасы назарға ұсынылды. Жұртшылық бақсының ойыны көрсетіледі екен деп дүрлігіп, қызық көріп тамашалапты.

Көрермен қауымды көңілдендіріп, ойларынан шыққан көрініс-қазақ халқының әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне байланысты сахналандырылған этнографиялық этюдтер. Қазақтың ұлттық киімдерінің үлгілерінен көрме ұйымдастырылып, қазақтардың қымыз ішу үстіндегі рәсімдері таныстырылып, қаршығамен аңға шығу тәртібі түсіндірілгенде ризашылық сезіміне бөленіп, тамашалаушы қауымның көтеріңкі көңілмен ұзақ пікір бөліскендігіне дейін қалдырмай баяндаған.

Географиялық қоғамның пайдасы үшін жасалып, халықты бір сілкіндіріп, көтеріп тастаған, Семей шаһарында бұрын-соңды болмаған, алар тағлымы, ұсынар үлгісі мол осынау кештің ойдағыдай өтуіне Нұрғали Құлжановтың, Абай балалары Кәкітай мен Турағұл Құнанбаевтардың, акын інісі, ірі қаламгер Шәкәрім Құдайбердіұлы лайықты үлес қосқан.

Н.Құлжанова ұйымдастырып өткізген екінші кеш 1915 жылдың 13 ақпанында өткен. Кештен түскен қаржы Петроградтағы мұсылман соғыс ауруханасы (лазарет) мен тұрмысы нашар қазақ шәкірттерінің мұқтажын өтеуге тең бөлініп жұмсалатынын хабарлаған.

Кештің қалай өткендігі жөнінде «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде шағын хабарлар жарияланған. Міржақып Дулатұлы «Қазақ» газетіндегі мақаласында: «Ол кеш қазақ ақының құрметіне жасалған бірінші әдеби кеш болып һәм бірінші қазақ әйелінің майданға түсіп, берген өрнегі еді» - деп баға берген.

Н.Құлжанова есімін қазақ оқырмандарына алғаш таныстырған «Қазақ» газеті. «Қазақтың 1914 жылғы 30-наурыздағы санында оның «Қазаққа» мақаласы жарық көрген. Оның баспасөзде жарияланған дүниелерінің басым бөлігі әйел тағдыры, оның хал-тұрмысы, қоғамдағы орны сияқты өзекті мәселелерге арналған. Бұл қатарда «Октябрь төңкерісі және қазақ әйелі», «Қазақ әйелдеріне», «Жұма күндері қазақ әйелдеріне кеңес», «Жалпы әйел мейрамы» т.б. мақалалар жазды.

Ол әйелдерге арнаған газеттер мен журналдар шығару ісін көтеріп, сол баспасөз орындары арқылы келелі проблемаларды қозғау, оларды жан-жақты талқылау тәрізді маңызды істерге дереу көңіл бөлуді.

Н.Құлжанова «Ең бастысы, сол жылдары Қазақстанда бес миллиондай халық болса, соның жарымынан астамы әйелдер. Сол әйелдер оқымаған, надан болса, ел де қараңғы қалыпта қалмақ. Ендеше әйелдің сауаттылығы, білімділігі, мәдениеттілігі ел дамуында шешуші рол атқарады. Әйелді оқытпай, білім нәрінен сусындатпай қоғамда ілгерлеу жуық маңда жүзеге аспайды. Әйел өнегелі, тәрбиелі болса, баланы да, азаматты да тәрбиелейді –деп әйелдер қауымына зор сенім артып, жігерлендірді.

Нәзипа әр жанрдағы шығармаларды аударған. Олардың ішінде Л.Н.Толстой, С.Г.Петров, В.Г.Короленко, А.М.Горький, А.И. Куприн, Б.Г.Лавренев т.б. қаламгерлердің әңгімелерін аударды. Оның аудармасы 1923 жылы жарық көрді. Орысша мәтінде әңгіме тоғыз бөліктен тұрса, сол құрылым аударма барысында мұқият сақталған. Аударма мәдениеті, аудармашы парасаты аталатын күрделі ұғымдар Нәзипа Құлжанованың адастырмас темірқазығына айналған. Сондықтан да аударма сәтті шыққан.

Нәзипаның да аударуындағы басты арна – төңкерістің тарихи танымдық жағы мен басқа ұлт аймақтарына тигізген ықпал-әсерін көрсету еді. Ол авторлық идея мен шығарманың көркемдік қасиеттерін әлсіретіп алмай оқырманға жеткізуді назарына ұстаған.

Шағын әңгімелер мен көркем очерктерді аударып, қаламы төселген, тәржіма жасаудың шытырман қиындықтарын меңгерген Нәзипа Құлжанова біртіндеп үлкен шығармаларды қазақша сөйлеткен.

XX ғасыр басындағы қазақ тарихында ағартушылық жолын бекем ұстаған, оқыту тәрбиелеу ісінің теориясына да, практикасына да Н.Құлжанова именбей кірісіп, аянбай еңбек сіңірді.

Оқу-тәрбие жұмысын ғылыми жолға қоюда бетбұрыс жасаған «Мектептен бұрынғы тәрбие», «Ана мен бала тәрбиесі» кітаптары және ана мен бала денсаулығына байланысты циклдық мақалалары Нәзипа Құлжанованың ұстаздық жолымен ағартушылық еңбегінің нәтижесі жүйелі құбылысқа ұласқандығын дәлелдеп берді.

Географиялық қоғамның мүшесі ретінде Семей қаласында 1914, 1915 жылдары Нәзипа Құлжанова өткізген екі кеш тарихи, мәдени, танымдық бағасын күні бүгінге дейін жойған емес.

Нәзипа Құлжанова – қаламы жүйрік журналист, талғамы биік жазушы. Оның «Қазақ», «Айқап», «Алаш», «Қызыл Қазақстан», «Әйел теңдігі», «Жаңа мектеп» секілді мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген мақала, очерктері уақыт талабына жауап берген, оқырманға ой салған туындылар қатарынан берік орын алды. Тәржіма өнерінің қалыптасуына бір қаламгердей қолқабысын тигізді. Ол – ұстаз, ағартушы, қайраткер, журналист, жазушы, аудармашы. Қазақ мәдениеті тарихында өз орнын ойып алуға тиіс ірі тұлға.

Нәзипа Құлжанова – заманында ірі мәдени-қоғамдық істердің ұйымдастырушысы, ұйтқысы болған қайраткер.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Ибраев.М. Қос қарлығаш // Лениншіл жас, 1973, 18 мамыр
- 2.Имашев М. Нәзипа Құлжанова //Ақиқат, 1991, №12
- 3.Бегалин С. Асыл адам еді //Қазақстан әйелдері, 1973, №10

4. Хакімжанова М. Нәзіпа Құлжанова // Қазақ әдебиеті, 1967, 11 тамыз
5. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995
6. Сыздықова. Р. Қаламынан қайрат құйылып // Білім және еңбек, 1988, №5
7. Абайды оқы, таңырқа... Алматы: Ана тілі, 1993
8. Кәрібжанова Г. Нәзіпа Құлжанова-ағартушы қайраткер. – Алматы, Информ-Арна, 2004
9. Құлжанова Н. Ана мен бала тәрбиесі. – Қызылорда: 1927 мұражай қоры, КП-2347
10. Н. Құлжанова Н. Балалар хирургиясы. Орынбор, 1923 мұражай қоры, КП-2348
11. Алғашқы қарлығаштар. – Алматы: «Қазақстан», 1993

## 1 СЕКЦИЯ. ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

### БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДАМУ

Абилмажинова Балғын Есболқызы

М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжіннің студенті

Жетекшісі: Кабимолдина А.К.

Абай облысы, Семей қаласы

#### **Зерттеу жұмысының мақсаты:**

Бастауыш сынып оқушыларының бойындағы рухани құндылықтарын, таным көкжиектерін дамыту. Өз ұлтының тарихын, ұлттық құндылықтарын бойына сіңіріп өсетін патриот жас ұрпақты қалыптастыруға үлес қосу.

#### **Зерттеу жұмысының міндеті:**

- Рухани құндылықтарды анықтау;
- «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасына шолу жасау;
- Бастауыш сынып оқушыларының бойындағы рухани құндылықтың дамыту жолын ұсыну;

- Ис-тәжірибемен байланысы

#### **Зерттеу жұмысының өзектілігі:**

**Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясында көрсетілген міндеттердің бірі: «Адам бойында рухани байлықты молайтып, жаңа Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру»[1] болып табылады.** Осыған сәйкес ел болашағы өскелең ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды дарыту біздің міндетіміз. Себебі атадан келе жатқан рухани байлық қазіргі заман ағымымен шетте қалған тәрізді.

#### **Зерттеу жұмысының барысы:**

Құндылық – тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар. Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол адам санасында орын алады. Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, ал сана арқылы оны түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықтарды игереді, соған сай әрекет етеді.

Жалпыадамзаттық құндылықтар-тұлғаға рухани-адамгершілік білім берудің негізгі өзегі болып табылады. Ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау - бұл мәңгілік бес құндылық адамның ұлтына, нәсіліне, ортасына, дініне қарамайтын, уақытпен өзгермейтін құбылыс. Адамның руханияты мен мәдениетінің жиынтығы, даналығы. Бүгінгі таңда рухани білім әлемге ауадай қажет болып тұр. Сондықтан әр адамның ақыл ойын жаңғыртып, санасын өзгерту керек, сонда әлем де жаңарып, өзгереді

Бастауыш сынып оқушысының таным жүйесі қалыптасатын жері-мектеп. Бала сол жерден білім нәрімен де, тәлім-тәрбиемен де сусындайды. Ал әрбір баланың бойынан табылуы керек қасиет ол-рухани құндылықтар. Ол әр ұлт пен мемлекет тұрақтылығының сақталуына үлкен септігін тигізеді. Рухани құндылықтарға біз нені жатқыза аламыз? Төл тарихымыз, ұлттық салт-дәстүріміз, ана тіліміз, тәлім-тәрбие, рухани жігер т.б. Бұл құндылықтарды неге бастауыш сынып оқушыларының бойына дарытуымыз керек. Себебі «баланы жастан» демекші енді өмірге деген көзқарасы қалыптасып келе жатқан балаға дұрыс нұсқау беріп, тәрбиелесек ол болашақта нағыз патриот болып өсетін болады.

Осы орайда 2017 жылы Н.Ә.Назарбаевтың бастауымен жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп аталатын мақаласы туралы айта кетсем. «XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай» [2]

Бүгінде жалпы білім беретін мектептің оқу – тәрбие үрдісінде жас ұрпақтың бойынан ұлттық сана – сезімді қалыптастыра отырып рухани – адамгершілікке тәрбиелеуді басты мақсат.

Пән мазмұнында оқушы бойында қалыптасуға тиісті мына ізгіліктерге көңіл аударылады; Ана тіліне сүйіспеншілік – туған тілін білу, өз ана тілінде оқу мен сөйлеу және жаза білу; Ана тіліндегі көркем шығармаларды еркін оқи білу – оқырмандық қабілет қалыптастыру аясы ;

- Туған жерге сүйіспеншілік – туған өлке табиғатын сүйу,туған жерді орман көлі, тау – тасы, аң – құстарына қамқорлық жасау, оны аялау мен қорғау, күтіп – баптау экологтік ая;



- Туған елге сүйіспеншілік – өз ұлтын сүю, Отанын сүю, ұлтының әдет – ғұрпын, салт – дәстүрін, қастерлеу, ұлт мәдениетінің өркендеуіне, ел экономикасының гүлденуіне үлес қосу – азаматтық сапа аясы:

- Өз отбасына сүйіспеншілік – ата – анасын, туыс – бауырын сыйлап құрметтеу, қамқорлық жасау, сыйластық қатынас орната білу – кісілік қасиет қалыптастыру аясы;

- Қазақстанды мекен ететін халықтарға деген құрмет сезімін қалыптастыру – ұлт өкілдеріне түсіністікпен қарау, сыйластық қатынас орната білу, өзге тұлғалардың салт – дәстүрін сыйлау, халықтар мәдениетінен, әлемдік мәдениеттен үлгі алу – қатынас мәдениетінің аясы.

Бастауыш сынып оқушыларының бойында осы тектес құндылықтар қалыптастыру барысында олардың тұлғалы қалыптасу қуаты арта түседі. Ізгілікті, елсүйгіш тұлға ғана жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгереді және сол құндылықтарды өз елінің қажетіне жаратарлық азамат болып тәрбиеленеді.

Сол себепті мектеп оқушыларының, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының рухани құндылықтарының дамуына үлкен назар қою керек. Оны деген бастағанмыз жөн? Қазіргі таңда «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының аясында өткізілетін іс-шаралар көп. Алайда оның мақсат, міндеттері жүзеге аспай жатады. Яғни балалардың бойына рухани құндылықтар қонбай жатады. Оны қалай жоя аламыз? Ол үшін өткізілген іс-шараны сол беті жауып қоймай, әрі қарай дамытуымыз керек.

Алғашқы қадам, рухани құндылықтың ең негізгі бір түрі кітап құндылығында болмақ. Кітап – нәзік те, тұнық әлем! «Әлем кітап беттеріне жазылу үшін жаратылған» — деп, ұлы ғұлама айтқандай, адамзат тарихының өзі – кітап. Кітап құндылығын, адам жанының азығы екендігін соңғы кезеңдерде естен шығарып алып жүргенімізде жасырын емес. Кітап оқу арқылы бала бойында қандай рухани құндылық дамиды? Бала алдымен өз ана тіліндегі кітаптардан бастап оқу арқылы тіліне деген құрмет, сүйіспеншілігі оянады. Қазіргі таңда қазақ тіліміздің шұбарлануы көп кездесетін жағдай. Ана тіліміздегі кітаптарды оқу арқылы бұл оқылықты жоюға мүмкіндік аламыз. Бала кітап оқу арқылы ойлау қабілеті, таным көкжиегі дамиды болады. Мысалы осы жылы Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай, жазушының кітаптарынан оқыту. Алтынсариннің "Қарға мен түлкі", "Әй, достарым", "Әй, жігіттер", "Өзен" өлеңдері мен "Асыл шөп", "Ақымақ дос", "Бір уыс мақта", "Білгеннің пайдасы", "Бай баласы мен жарлы баласы", "Жаман жолдас", "Жамандыққа жақсылық" секілді бірқатар әңгімесі бар.[3] Сол бойынша талқылау жүргізіп отыру. Бұл баланың ата-бабасын біліп жүруіне, өз елінің тарихын білуіне үлкен әсерін тигізетін еді.

Сонымен қатар, қазіргі таңда балалардың қызығатыны ол мультфильм көру. Ол арқылы да бастауыш сынып жасындағы балаларды рухани тәрбиеге негіздей аламыз. Қазіргі таңда қазақ тіліндегі мультфильмдер шығару қолға алынуда. Осы негізде қазақ тіліндегі «Қазақ елі» атты мультфильмді ұсына аламын. Бұл балалардың туған тарихын білуімен қатар, өз ұлтын сүюге, патриоттық құндылықтарын бойларында дарытуға өз септігін тигізбек. Мысалы, өз тәжірибеммен ұштастырып өтсем. Бастауыш 3-сыныптың дүиетану оқулығындағы 23-сабақ «Қазақ хандығы қалай құрылды» тақырыбында берілген. Осы тұста оқушыларға тек оқу материалын ұсынып тоқталмай, үй тапсырмасына осы мультфильмді көруге тапсыруға болады. Ал келесі сабақта осы көргендері бойынша талқылау жүргізіп, балаларға рухани тәрбие бере аламыз. Мен бұл жұмыс барысын мектептегі іс-тәжірибем барысында қолданып көрдім. Нәтижесі өте сәтті шықты. Балалардың сабаққа қызығушылығын арттырып қоймай, тарих туралы біраз деректерді меңгере алды.

Қазіргі кезде көп балалардың кітап оқуға ынталары болмай жатады. Бұл мәселені мына әдіспен жеңуге болады, бірақ бұл әдіс ата-ананың көмегін қажет етеді. Кассиль тәсілі – баланы кітапқа қызықтырудың танымал әдісі. Бұл оқи алатын, бірақ кітап оқуға құлқы жоқ балаларға арналған. Кассиль тәсілі бойынша, ата-ана кітапты баламен бірге оқып бастап, қызық жеріне келгенде үй шаруасын сылтауратып баланы жалғыз қалдырып кетуі керек. Кітаптың қызығын көрген бала оны соңына дейін оқып бітіретіні анық. Мұндайда ата-ана баланың өз бетімен оқып бітіргенін мақтап, ынталандырып отырғаны жөн.[4]

#### **Қорытынды:**

М. Жұмабаев ағамыз айтқандай:

Арыстандай айбатты

Жолбарыстай қайратты

Қырандай күшті қанатты

Мен жастарға сенемін

Осы себептен де ата-баба үмітін ақтап, ел еңсесін биік ұстап тұратын сауатты да, рухы биік ұлт жанашырларын қалыптастыру педагог ретінде біздің басты міндетіміз. Еліміздің ертеңі жастардың қолында.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы [1]

2. Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы [2,3]
3. Бастауыш мектеп журналы 2014 №3
4. <https://massaget.kz/layfstayl/bilim/61074/>. сайты [4]

## **ЖИЗНЬ БЕЗ ГРАНИЦ**

Асаинова Диляра Ерлановна,  
студентка 3 курса отделение «пение»  
Руководитель – Кошук Эльвира Геннадьевна  
ГУ «Комплекс «Музыкальный колледж музыкальная школа-интернат  
для одаренных детей»  
Павлодарская область, г.Павлодар

Современный мир переживает коренную смену подходов к образованию и к социокультурной политике в целом. Это обусловлено переориентацией общества на развитие и формирование личностных качеств человека. Для XXI столетия характерно понимание, что только самореализация личности является основной целью любого социального развития. Эти изменения в общественном сознании вызвали появление новой парадигмы образования, которая опирается на подходы и понятия, выработанные современной практикой. К ним можно отнести, в частности, понятие «инклюзивное образование» [1]. Системная поддержка лиц с инвалидностью характерна для прогрессивных и социально ответственных государств.

Казахстан лишь недавно присоединился к движению организации инклюзивного образования, призванного создать все условия для обучения детей с особыми образовательными потребностями в детских садах, школах, колледжах и вузах страны. По информации вице-министра образования и науки РК Шолпан Кариновой, эти условия были созданы на базе почти 2 000 детских садов и более чем 4 500 общеобразовательных школ Казахстана. МОН РК отметили, что в настоящее время инклюзивное образование достаточно интенсивно развивается лишь в двух регионах Казахстана — Алматы и Павлодарской области.

«В законе РК „Об образовании“ введена норма, где родители детей вправе выбирать место обучения ребенка — в обычной или специальной организации образования — с учетом рекомендаций психолого-медико-педагогической консультации [2].

По данным Министерства образования и науки, в Казахстане число детей с особыми образовательными потребностями ежегодно растет. При этом, около 70% школ располагают условиями для организации инклюзивного обучения детей с ограниченными возможностями. 25 февраля 2021 года, на V заседании Национального совета общественного доверия Глава государства отметил, что количество детей с особыми образовательными потребностями (ООП) в стране растет. Президент также отметил, что действующие нормы по функционированию специализированных организаций для детей с ООП устарели. В связи с чем Глава государства поручил обновить нормативы в данной сфере с учетом специфики регионов и современных стандартов [3].

Инклюзивное образование имеет огромное значение по всему миру, важно в каждой стране. Данную систему образования необходимо развивать, так как в настоящее время появляется все больше детей, нуждающихся в особом подходе не только в получении образования, но социализации к общественной жизни. Для того чтобы любой ребенок с индивидуальными особенностями и возможностями мог обучаться, получая должное образование и внимание, как и все дети, необходимы особые условия, нетипичные для наших образовательных учреждений, инклюзивное образование дает возможность и условия для обучения детей с ограниченными возможностями [4]. Такие условия обучения, воспитания и развития обучающихся, включают использование специальных образовательных программ и методов обучения и воспитания, специальных учебников, учебных пособий и дидактических материалов, специальных технических средств обучения коллективного и индивидуального пользования, предоставление услуг педагога-ассистента, оказывающего обучающимся необходимую техническую помощь, проведение групповых и индивидуальных коррекционных занятий, обеспечение доступа в здания организаций, осуществляющих образовательную деятельность.

Асаинова Диляра является студенткой музыкального колледжа с 2019 года, обучается на отделении пения, по специальности «Академический вокал», имеет инвалидность по зрению. По мнению преподавателей, классных руководителей и администрации колледжа и по результатам обучения Диляра по итогам 5 пройденных семестров имеет максимальные показатели академической успеваемости, т.е. отличные результаты. Активная жизненная позиция, личностные качества характеризуют ее как человека целеустремленного, способного реализовывать творческие амбиции, требовательного к себе и окружающим. Ее опыт обучения в колледже становится показателем способности учреждения –

обучающихся, педагогического коллектива и администрации, к качественной и эффективной реализации образовательных программ в инклюзивном образовании.

Подтверждением этому являются достижения Диляры, за годы обучения в музыкальном колледже на областных, республиканских, международных конкурсах.

**Областные конкурсы:**

1. "Звёздный дуэт" 2 степень. Грамота, (2019 г.)
2. "Брайль бойынша оқимыз және жазамыз" 2 орын. Грамота, (2019г.)
3. "Альтаир" ГРАН ПРИ (2019 г.)
4. «Битва талантов» конкурс среди людей с особыми потребностями, (2021 г.)

**Республиканские конкурсы:**

1. Чемпионат Республики Казахстан (инклюзивного направления) среди молодежи по шашкам, 1 место, город Нұр-Сұлтан, (2019 г.)
2. Республиканский конкурс "READING HANDS" 1 место, online – формате (2020 г.)
3. "Тәуелсіздік тұғырым" 1 орын, (2020 г.)
4. Республиканский конкурс «Әз-Наурыз" 2 место в номинации поэзия, (2020 г.)
5. Республиканский online – конкурс "МИР DISNEY" 1 место, (2021 г.)
6. Республиканский конкурс"Әз-Наурыз" 1 место в номинации Академический вокал, (2021 г.)
7. Чемпионат Республики Казахстан (инклюзивного направления) среди молодежи по шашкам, 1 место, город Алматы, (2021 г.)

В декабре 2020 года стала лауреатом стипендии Гуманитарного Фонда «Дегдар»

**Международные конкурсы:**

1. Международный конкурс среди творческой молодежи, в номинации вокал – 1 место, (2019 г.)
2. Международный конкурс «KAZAKHSTAN STARS - 2019", город Павлодар, 1 место по танцам.
3. Международный конкурс «BI JULDYZAI" 1 место в номинации вокал (2019г.)
4. Международный конкурс «BI JULDYZAI" 1 место в номинации инструментальное исполнение по классу кобыз (2019г.)
5. Международный конкурс «BI JULDYZAI" 1 место в номинации хореография (2019г.)
6. Международный конкурс «Голос России" online – формат, 2 место в номинации Академическое пение, (2020 г.)
7. Международный конкурс «КРУГОВОРОТ ТАЛАНТОВ" 2 место, (2020 г.)
8. Международный конкурс "ГАРМОНИЯ", 2 место, (2020 г.)
9. Международная научно – практическая конференция по языковым направлениям (английский язык) для студентов по инклюзивному обучению, город Павлодар, 3 место, (2020 г.)
10. Международный конкурс «ВЕСЕННЯЯ ЯРМАРКА ТАЛАНТОВ" 2 место, (2021 г.), online – формат.
11. Международный многожанровый фестиваль –конкурс «Крыло Жар-птицы», при поддержке фонда культурных инициатив «Аврора» в номинации «Академический вокал» - 1 место город Караганда (2021 год)
12. Международный многожанровый фестиваль –конкурс «Крыло Жар-птицы», при поддержке фонда культурных инициатив «Аврора» в номинации «Авторская поэзия» - 1 место город Караганда (2021 год)

**Концертная деятельность:**

Асаинова Диляра активный участник концертных мероприятий на уровне города и области в различных организациях:

- концерты отделения, тематические, отчётные концерты колледжа сольно, в составе ансамбля, хора.

- 2019 г. – Праздничный концерт к дню знаний
- 2019 г. – Праздничный концерт к дню пожилых людей
- 2019 г. – Праздничный концерт к дню учителя, проведенный в Музыкальном колледже
- 2019 г. – Праздничный концерт, посвященный к «Дню Первого Президента»
- 2019 г. – Концерт посвященный к «Дню Независимости»
- 2020 г. – Концерт к «Дню Победы» online – формат
- 2020 и 2021 г. - Праздник «Наурыз», online – формат
- 2021 г. – Праздничный концерт ко дню пожилых людей
- 2021 - праздничный концерт «1 Мая – День Единства народов Казахстана», online – формат и прямой эфир
- 2021 – Праздничный концерт «День Победы – 9 мая» в online – формат.

Анализ исследований и изучение проблемы инклюзивного образования на данном этапе в музыкальном колледже позволяет определить, следующие принципы инклюзии:

- признание равной ценности для общества всех обучающихся и педагогов;

- повышение степени участия обучающихся в культурной жизни образовательного учреждения и одновременное уменьшение уровня их изолированности от социальной жизни;
- реструктурирование методики работы таким образом, чтобы она могла полностью отвечать разнообразным потребностям всех детей;
- устранение барьеров на пути получения знаний и полноценного участия в жизни образовательного учреждения для всех обучающихся, а не только для тех, кто имеет инвалидность или относится к тем, у кого есть особые образовательные потребности;
- анализ, изучение и обобщение опыта работы с детьми с особыми образовательными потребностями и ограниченными возможностями здоровьями, повышение квалификации педагогического состава, создание методических пособий, распространение опыта работы посредством организации и проведения семинаров, круглых столов публикаций;
- различия между обучающимися — это ресурсы, способствующие педагогическому процессу, а не препятствия, которые необходимо преодолевать;
- признание права детей на получение образования в учреждениях, отвечающих их потребностям и интересам;
- развитие отношений поддержки и сотрудничества между образовательным учреждением и стейкхолдерами, признание инклюзии в образовании как одного из аспектов инклюзии в обществе;
- дефицит специалистов компенсировать созданием, апробацией, корректированием рабочих учебных программ в соответствии с индивидуальными особенностями здоровья каждого обучающегося в колледже, растить педагогические кадры в учреждении по специальности, выбранной обучающимся.

С 2021 году ГУ «Комплекс «Музыкальный колледж – музыкальная школа-интернат для одаренных детей» реализуется проект «MuzLife + SEN» (музыкальная жизнь + special educational needs - перевод с англ.яз. особые образовательные потребности) – развитие инклюзивного общества, путем определения зон исследований, использования инновационного подхода и применения современных технологий, несущих наибольшие социальные, образовательные результаты для всех участников проекта. Идея проекта заключается в создании условий для интеграции людей с проблемами в развитии в общество используя возможности и потенциал музыкального Комплекс и Центром реабилитации детей с нарушением опорно-двигательного аппарата. Результатом проекта будет создание учебных пособий для детей с ООП и ОВЗ, рабочих учебных программ для студентов колледжей по профилю «музыкальное образование», подготовлены абитуриенты из числа воспитанников Центра, курсы повышения квалификации педагога-музыканта в инклюзивном образовании. Рассчитан проект для изучения его валидности в регионе на 3 года. При использовании принципов критериального оценивания и получения результатов с положительной динамикой в достижении цели, прогнозируется масштабирование проекта и реализация на постоянной основе и введение его как один из компонентов образовательно – воспитательной системы колледжа. Использование форсайт технологии как совокупности инструментов, позволяющих активно предугадывать проблемы будущего, видеть активный прогноз, который включает элементы воздействия на будущее с помощью согласования частных интересов всех участников проекта, стейкхолдеров и позволяет вносить изменения в процесс обучения, воспитания.

#### **Ожидаемые образовательные результаты:**

**Для детей Центра** – развитие слушательской культуры благодаря систематическому посещению концертов с прослушиванием и анализом произведений, участие в конкурсах, концертах.

**Для студентов колледжа** - создание продуктов в виде реферат, квест, конспект, кейс, историческая справка, презентация, викторина, инструкция, создание глоссария по теме работы, алгоритмы действий, созданные на основе анализа информации и т. п., приобретение новых компетенций.

**Для преподавателей Комплекса** - разработка рабочих учебных программ, учебно-методических материалов, документации, создание методических пособий, публикации результатов работы.

**Для учащихся музыкальной школы-интернат для одаренных детей** - благодаря систематическим выступлениям на концертах в Центре перед детьми и сотрудниками развитие исполнительских и технических навыков музыканта.

**Для администрации Комплекса** – создание лидерской команды.

Эволюционные вызовы современного мира в большей степени характеризуются неопределенностью, сложностью, разнообразием предлагаемых методик и связанной с этим необходимостью переосмысления миссии системы образования в обществе. На смену единообразию знаниевого канона, типовых образовательных программ, пониманию человека как средства и капитала должны прийти вариативность деятельности, смыслов, формирования картины мира, персонализация, самоценность личности человека и его потенциала. Фундаментальной ценностью в системе образования становится личность ребенка: разная, самобытная, самоопределяющаяся.

Колледж білім алушылардың кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған әдістермен жұмыс істеу барысында коммуникативтік дағдылары қалыптасып, қарым-қатынаста өзгені ұғыну мүмкіншіліктері артып, өздігінен ізденіп ой қорытуға деген қызығушылықтары оянады, әр түрлі педагогикалық жағдаяттарды талдау мен оны практикада қолдану іскерліктерін меңгереді.

XXI ғасыр – бәсеке ғасыры, олай болса, ұлттық тарихымызды, мәдениетімізді қастерлейтін, ертеңгі Қазақстанның тізгінін ұстайтын, өмірдің әр түрлі мәселелерінен хабардар, кез келген тапсырманы орындауға қабілетті, қолынан іс келетін құзырлы азаматтарды осы бастан тәрбиелеуіміз керек. Қазіргі өмір талабына сай педагогикалық оқу орындары білімді ғана емес, әрі тәрбиеші, әрі қоғамшыл, әрі зерттеуші, әрі ұйымдастырушы педагог даярлау керек екені бәрімізге белгілі. Әр қырлы білімалушы – тәрбиеші педагог даярлау күрделі үрдіс. Ал оған бағыт беруші, жол сілтеуші – білікті, шебер, парасатты ұстаздар.

Педагог – бала бойына білім нәрін себегін басты тұлға. Яғни, балаларды тәрбиелеуде тиімді жағдайлар жасау көбіне педагогқа тікелей байланысты. Сондықтан жаңашыл педагог даярлауға қойылатын талаптар білімалушыларды – ертеңгі педагогтарды оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді. Қорыта келгенде, болашақ педагогтарды кәсіби әрекетке даярлау аса көкейкесті, кезек күттірмейтін өткір мәселе екендігін айғақтайды.

### Әдебиеттер тізімі

1. Ш.Х.Құрманалина, Б.Ж.Мұқанова. Педагогика. А., 2007
2. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. М., 2002
3. Митина Л.М. Психология профессионального развития учителя. — М., 1998
4. Сенкибаева А.Т. Мұғалімнің кәсіби құзырлығын дамыту//Білім берудегі менеджмент, №4, 2009.
5. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.

## МЕДИАТЕХНОЛОГИИ НА ЗАНЯТИЯХ ПО ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ

Есеналина Жумагуль Токушевна,  
преподаватель казахского языка и литературы  
КГКП «Костанайский строительный колледж»  
Костанайская область, г. Костанай

*Чтобы быть хорошим педагогом, надо любить то,  
что преподаешь, и любить тех, кому преподаешь.  
В.О. Ключевский*

В систему работы педагога входит использование медиатехнологий на уроках, во внеклассной и исследовательской деятельности студентов для повышения профессиональной компетентности выпускника колледжа.

Сущность моего опыта заключается в использовании медиатехнологий для формирования профессиональных компетенций выпускника колледжа по специальности, в частности, формирование коммуникативных компетенций на занятиях по дисциплине «Практический курс профессионального казахского языка».

В основу педагогического опыта положены работы коммуникативного обучения Е.И. Пассова, проблемного обучения Дж. Дьюи, Т.А. Ильиной, В. Оконя, Н.С. Якиманской, идеи использования информационных технологий и метода проектов (В.В. Гузеев, Г.А. Русских, Е.С. Полат, О.И. Барменкова), концепция деятельностного подхода к проблеме усвоения знаний (Выготский Л.С., Зимняя И.А., Леонтьев А.Н., Леонтьев А.А.).

Новизна опыта состоит в комплексном использовании технологий коммуникативного обучения казахской культуре, информационных технологий, технологии проблемного обучения, метода проектов и медиатехнологий.

Доступность. Опыт может быть использован в системе работы среднего специального и общего образования при наличии соответствующей материальной базы.

Система работы способствует:

- повышению профессиональной компетентности выпускника колледжа,
- развитию коммуникативных способностей студентов, реализации творческого потенциала студентов,
- увеличению числа студентов, желающих продолжить свое обучение по избранной специальности в ВУЗе, на факультете строительства,
- высокий уровень коммуникативных навыков подтверждён результатами олимпиад, экзаменов, при защите курсовых и дипломных работ.

Проблема качественного обучения всегда была и будет актуальной. Сегодня на рынке труда востребованы интеллектуально развитые, коммуникабельные, конкурентноспособные специалисты, умеющие добывать необходимые знания. Необходим высокий уровень профессиональной квалификации выпускников средней профессиональной школы. Это условие потребовало от преподавателей поиска и использования в учебновоспитательном процессе современных обучающих технологий. Наиболее эффективной формой обучения, на мой взгляд, является такая форма, когда процесс обучения тесно связан с активной деятельностью самого студента. Использование медиатехнологий на уроках профессионального казахского языка – один из видов такой организации учебного процесса. Необходимость широкого внедрения технических средств в обучении профессионального казахского языка обусловлена тем, что их применение раскрывает большие возможности для реализации одного из важнейших дидактических принципов — принципа наглядности. Современные методы преподавания профессионального казахского языка требуют внедрения в учебный процесс звуко- и видеозаписей, фильмов, учебных компьютерных программ.

«Медиа» в переводе с латыни – «средство». Под медиатехнологиями в образовании в настоящее время понимают любые технологии, связанные с использованием массовой коммуникации.

В нашем колледже медиасредства используются широко и интенсивно.



К примеру, преподаватели помещают план курса, программы, списки литературы и заданий в сеть Интернет. Библиотека имеет доступ к ресурсам сети Интернет с 8.00. до 17.00 ежедневно, кроме воскресенья. Поэтому студенты имеют возможность работать в сети во время урока и после него. Как информационная система, Интернет предлагает своим пользователям многообразие информации и ресурсов. Эти ресурсы активно используются на уроке профессионального казахского языка и во внеклассной практике. Если в традиционном учебнике материал статичен, то в компьютере он подаётся с помощью аудио, видео и анимации, причем все тексты разнообразны. Бесспорно, наилучший результат может быть достигнут за счет использования аудиовизуальных источников, и, в первую очередь, учебных фильмов к курсам по профессиональному казахскому языку. В своей работе по профессиональному казахскому языку для строителей я использую электронный учебник Г.Т. Тұрсынова, Ұ.Р. Шүленбаева, Г.Д. Рыскелдиева, А.С. Итемирова «Кәсіби казактілі». В своей практике на занятиях я применяю компьютер или ноутбуки для демонстрации видеофильмов. В основе видео-наглядности при обучении профессиональному казахскому языку лежит тот факт, что динамичность является одной из основных характерных черт живой разговорной речи. Динамичность видеофильма придаёт речи наглядность, не достижимую никакими статистическими изображениями.

Исходя из специфики учебных фильмов по профессиональному казахскому языку, можно сделать вывод, что одна из задач в преподавании профессионального казахского языка – это обучение аудированию. Аудирование как вид речевой деятельности играет большую роль в достижении практических, развивающих, образовательных и воспитательных целей и служит эффективным средством обучения профессиональному казахскому языку. Интерактивное обучение студентов профессиональному казахскому языку с использованием компьютерных технологий:

- расширяет кругозор;
- использует различные коммуникативные каналы;
- повышает мотивацию и познавательную активность;
- способствует формированию коммуникативной компетенции;
- позволяет применить личностноориентированную технологию обучения.

Исходя из сказанного выше, приходим к выводу, что современная концепция преподавания профессионального казахского языка в аудитории с русским языком обучения должна строиться на идеях и методах коммуникативного обучения, приводящего к развитию коммуникативной компетенции, и заключаться в вооружении студентов умениями и навыками свободного пользования устной и письменной речью на коммуникативной основе. Учитывая коммуникативную направленность содержания обучения профессиональному казахскому языку, совершенствование методов обучения, оптимизацию познавательной деятельности студентов, следует отметить определенную переориентировку целей и задач обучения языку с точки зрения соотношения языка и речи.

#### **Список литературы:**

1. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению [Текст] / Е.И. Пассов - М.: Просвещение, 1991. - 223 с.
2. Королев С.И. Проблема коммуникативно-мыслительных упражнений // Коммуникативные упражнения для обучения иностранным языкам в школе и вузе: Материалы к симпозиуму, 7-9 дек. – Минск, 1967. – 43 с.
3. Мильруд Р.П., Максимова И.Р. Современные концептуальные принципы коммуникативного обучения ИЯ. // Иностранные языки в школе, №4, 2000.
4. Павловская И. Ю. Методика преподавания иностранных языков (курс лекций на английском языке): Обзор современных методик преподавания – 2-е изд., исп. и доп. – СПб.: Изд-во С.-Петербур. Ун-та.

### **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ**

Ешпанова Рима Алмасқызы  
Скакова Лаура Султановна  
М.Маметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі  
оқытушылары  
Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

Қазақтың аса көрнекті ағартушысы, педагог-гуманисі, қоғам қайраткері, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы ақын-әдебиетшісі Ыбырай Алтынсарин (1841-1889), Қазақстандағы алғашқы орыс-қазақ

зайырлы мектебінің негізін қалаушы, орыс графикасына негізделген әліпбиді жасаушы Ыбырай Алтынсарин 1845 жылы 1 қарашада Торғай облысында дүниеге келген.


Ойшыл, педагог ретінде Ы.Алтынсарин адамның қоршаған әлемге қатысты танымдық қабілеті бар екенін түсінді. "Қандай күш барлық әлемді қозғалысқа келтіреді, неге бұл әлем сондай әсем әрі үйлесімді?" - деген сұрақтарды түсіндіру үшін ол өлең мен қысқа әңгімелер түрінде қол жетімді баяндау түрін таңдады. Олардың ішіндегі ең танымалы - "Кел балалар оқылық!". Кеңес заманында бұл өлеңнен жоғары рухани принциппен байланысты кейбір жолдары алынып тасталды. Бұл әдістемелік нұсқаулықта біз бұл өлеңнен үзінді келтіреміз, өйткені автор мұнда адамгершілік білімнің зияткерлік білімнен шамалы алда болу керектігінің маңыздылығын жазды.

### Кел, балалар, оқылық!

Бір құдайға сыйынып,  
Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық!  
Істің болар қайыры,  
Бастасаңыз Аллалап,  
Оқымаған жүреді  
Қараңғыны қармалап.  
Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық!

Оқысаңыз, балалар,  
Шамнан шырақ жағылар.  
Тілегенің алдыңнан,  
Іздемей-ақ табылар.  
Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық!

Осыған орай Қазақстан Республикасының соңғы жылдары мектеп тәжірибесіне еңгізілген жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі қағидасына сәйкес, яғни оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру бойынша Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі негізінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және «Мәңгілік Ел» құндылықтар жүйесінде білім беру кеңістігін модельдеу жүргізілді (1-ші сурет).



1-ші сурет – «Мәңгілік Ел» құндылықтар жүйесінде білім беру кеңістігін модельдеу

Алтынсарин Коменскийдің педагогикалық идеяларын ұстанды, ол адамгершілік қасиеттерді игеру ерте жастан басталуы керек деп санады [1].

Коменскийдің пікірінше, "бізді күшті және жомарт ететін даналықты зерттеу" арқылы шындықты тану-бұл мектептің тікелей міндеті. Оның идеясына сәйкес, Алтынсарин "істің бастапқыда дұрыс жоспарлануы оның шығатын нәтижесіне де тікелей әсер ететінін түсінді" [2]. Ол адамдардың іс-әрекеттері мен мінез-құлқы басқаларға үлгі болуы керек, басқаша айтқанда, олар адал, әділ, қоғамға қызмет етуі керек деп мәлімдеді. Сондықтан Ы.Алтынсарин өз өмірінің мәні мен өз халқының өмірі туралы жиі ойланатын. Ол мақсатсыз, тек өзі үшін ғана емес, қоғам үшін де пайдалы өмір сүруге тырысты. Өмірінің мәнін анықтай отырып, ол "танымды" іздейді, "отандастарына жақсылық жасауды" мақсат етеді, бүкіл өмірін халықты ағарту ісіне арнайды, олардың адамгершілігіне де әсер етуге тырысады.

Ол адамға, оның тағдырына деген көзқарасын поэтикалық түрде-нұсқаулар, кеңестер және т.б. түрінде білдіреді, онда адам өмірінің мәні терең ашылады. Олардың бірінде ол былай мәлімдейді:

Жаман адам  
жақсы кеңес алмас.  
Жаман адам тек  
ақымақ сөйлер.  
Бұл қайырымсыз қасиет  
мойындауға келмес  
Қысқа өмір пайдасыз.  
Түстей болып өтер.

Ыбырай Алтынсарин жастайынан еңбексүйгіш, басқаларға оқытқанды және үйреткенді ұнататын, мысалы, Орынбордағы орыс-қазақ мектебінде оқып жүргенде ол үлкен білімқұмарлық танытып, 1857 жылы оны үздік бітірген. Ресейдегі оқу жылдары оны жерлестерінің жағдайын жақсарту, оларды білімге, еңбекке баулу туралы тереңірек ойлануға мәжбүр етті. Өз ойларында ол адамның денесі, жүрегі мен ақыл-ойы еңбекті қажет ететінін түсінді, ол бұл еңбекті адамға ең қол жетімді және оның жалғыз лайықты бақыты деп есептеді. Сондықтан оның көптеген әңгімелері адамның бойында "еңбекқорлық" сияқты қасиеттерді тәрбиелеуге арналды. Оның әңгімелерінің кейіпкерлері тек еңбек арқылы ғана бақытқа қол жеткізеді, еңбек арқылы үлкен адамгершілік қанағат алады [2, 157 б.].

#### **Білімнің пайдасы**

Бір қарт темір ұстасы күндіз-түні демалмай жұмыс істейтін. Оның қасында бай Браун тұрды, оның ұлы ойнап, көңіл көтеру үшін күн сайын темір ұстасына барып, оның темірді қалай соғатынын көретін.

Бірде Темірші байбатшаның баласына айтады:

- Мырза, құр қарап тұрғанша, шеге қағып үйренгенің жақсы болар еді. Кім білсін, мүмкін бір күні саған бұл кәсіптің де білімі керек болып қалар.

Бала күн сайын істер ісі болмағандықтан, қызық үшін шеге қағып, біраз уақыттан соң оны соғып үйренді. Араға көп жылдар салып, елге жаулар шабуыл жасайды. Браунның барлық мүлкі тоналып, әйелі және балаларымен бірге қашуға мәжбүр болады. Олар бір қалада тамақ пен киім жетіспей сенделіп жүрген кезде, қала басшысы әскерге көп етік қажет, ал жақын қалаларда етік шегелерінің қоры таусылды, сондықтан оларды соғып шығаруға бұйрық береді. Бала кезінде шеге қағып үйренген Браун сол мемлекетке өзін аяқкиім шебері деп жариялады:

– Егер көп мөлшерде етік шегелері қажет болса, мен олардың барлығын жасауға аламын. Аяқ киімшілер Браун жасаған шегелерді көріп, ұнатты. Осылайша Браун барлық аяқкиім шегелерін жасап, көп ақша тапты және жұрттың айтуы бойынша өмірінің соңына дейін ештеңеден таршылық көрмеді.

Ы.Алтынсариннің әңгімелері негізінен халық даналығының болуымен сипатталады. Ы.Алтынсарин "Байлық" әңгімесінде былай деп жазады: "Әкесі өлер алдында ұлын шақырып, былай дейді: "мен жер астында сансыз байлықты жасырдым, егер оны қазып алсаң, онда ешқашан аш болмайсың. Әкесін жерлеп, ұлы күні бойы жер асты қазынасын іздеп, жер қазады. Алайда оның бұл ісі сәтсіз аяқталады. Ақылды ақсақал (данышпан қарт) ұлына әкесінің еркін дұрыс түсінбегендігін айтады. Ал әкесінің сөздерінің мағынасы, - дейді данағой, - байлық деп ол саған мұраға қалдырған жер телімін білдірді. Ол саған егер сен жерді өңдеуде жалқау болмасаң, уақытылы егіп, тазалап тұрсаң, ешқашан кедей болмайсың, үлкен байлыққа ие боласың деп айтқысы келді. Байлық-жер мен еңбекте" [2].

Осылайша, Ы.Алтынсаринмен шебер қолданылған халық даналығы, өскелең ұрпақты тәрбиелеудің әдісі ретінде әрекет етеді. Тіпті ежелгі грек философы Демокриттің өзі (б. з.д. 460-370 жж.) "*лэззат алудағы қанағатшылық пен ырақты өмірдің арқасында* [3], *адам нағыз бақытты түсінетін алаңсыз күйге жетті*" - деп айтты.

Аристотель (б.з. д. 384-322 ж. ж.), өз кезегінде, "бірқалыпты әрекет ететін адам ұстамды болады және мұндай іс-әрекеттерсіз, ешкімнің ойына жақсы адам болу келмесін" деп есептеді [4].

Ұстамдылық қағидасы, сондай-ақ Абу Наср әл-Фарабимен де айтылып өтті (870-950). Аристотель сияқты, Әл-Фараби "*жақсылық болып есептелетін іс-әрекеттер, екі шектің ортасында*

орналасқан, екеуі де жаман, біреуі артық, екіншісі – кемшілік" деп санады. Дәл осылай, ізгілік - бұл екі күйдің ортасында орналасқан көңіл -күй мен қасиеттер, олардың екеуі де жаман: бірі - артық, екіншісі - жетіспеушілік" [5].

Ұстамдылық туралы қазақ ауыз әдебиетінде көп айтылады. "Қанағаттылық" ежелден қазақтарда ізгілік ретінде құрметке ие болған. "Шамадан тыс нәрсенің бәрі – зұлымдық" деген қағиданы алға тартқан Абай, ұстамдылықта адамның оң сапасын көрді [6]. Ыбырай Алтынсарин өзінің әңгімелеріндегі ұстамдылықты адамды бақытқа жетелейтін қасиет ретінде қарастырады.

Ыбырай Алтынсариннің өмірлік ұраны-қалыпты өмір салтын ұстану және өз халқына пайдасын тигізуге ұмтылу болды. Сондықтан, ол қысқа мерзім ішінде білім беру инспекторы болып жұмыс істей отырып, өзінің баюы, мансабы туралы ойламай, мүмкіндігінше көп мектеп ашуға тырысты. Еңбекке деген құрмет, халыққа қызмет ету, өз ісіне деген сүйіспеншілік оның өмірінде, сондай-ақ әңгімелерінде ерекше көрінді. Ағарту жүйесін жақсарту туралы оның әр жаңа ойы нақты сөздер мен іс-әрекеттермен қолдау тапты. Бұл оның "жомарт адам" әңгімесінде сипаттайтын шынайы көшбасшы ретіндегі қасиеттерін көрсетті.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар (қаз.тіл.). Алматы, 1943, 357 Б.
- 2 Кисиль В. Я., Рибери В. В. ежелгі философтардың галереясы: 2 том: 1 том/в. Я. Кисиль, В. В. Рибери. – М.: ФАИР-ПРЕСС, 2002.-576с.-Б. 390-392, б. 390-392.
- 3 Аристотель Этика. СПб., 1884, Б. 30.
- 4 әл-Фараби Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы, 1973, 186 бет, 186 б.
- 5 Абай қара сөзі. Аударған С.Санбаев. Алматы, 1970, 121 Б.
- 6 Есим Г. Ар-ождан ғылымы-Алматы: Раритет, 2008. – "Шәкәрім әлемі" сериясы.

### ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жакупова Асем Маликовна  
«Б.Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебі» КММ  
ағылшын тілі пәні мұғалімі:  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

*«Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын  
жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс.»  
Н.Ә.Назарбаев*

Қазіргі Қазақстандық көпұлттық, көптілділік және көпмәдинеттілік жағдайда. Сондықтан осы қоғамға бейімделген көп тілді меңгерген мәдениетті тұлға қалыптастыру — өзекті мәселелердің бірі. Әлемдік білім беру жүйесі жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Бұл ұстаным Қазақстан республикасының туралы Заңында жан-жақты сипатталған: “Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу” Тіл мәселесін сөзге тиек ете отырып, Н.Ә.Назарбаев қазақстандықтардың жаңа ұрпағы ең кем дегенде үш тілді біліп, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін білу тиіс екендігін айтты. Сонымен қатар ағылшын тілін кеңінен білмейінше, ұлттың бәсекеге шынайы қабілеттілігі туралы айту қиын болатындығын ескерте отырып, барлық ата- аналарды балаларын үш тілде оқытуға шақырды. Алдымыздағы өскелең ұрпақтың алдында бірнеше тіл білу міндеті тұр.

Біздің мақсатымыз: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Өз ана тілін біліп, өзге тілдерді құрметтеуге, қадірлеуге үйрету. Оқушыларды ізденуге дағдыландыру. Мемлекеттік тілді білу – парыз, өзге тілдерді үйрену – құқық. Қазіргі таңда мектептерде жаңартылған бағдарлама бойынша ағылшын тілі ,барлық сыныптарда оқытылуда. Негізінен ағылшын тілін ерте жастан оқытудың мақсаты – оқушылардың ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі болып табылады. Ерте жастан ағылшын тілін оқыту оқушылардың коммуникативті даму біліктілігін арттырады, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді, бірден көп тілдерде сөйлеуге мүмкіндік алады. Ал әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан ағылшын тілін меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдай түседі. Қазір ағылшын тілін білу – уақыт талабы.

Неден бастаған жөн деген сұраққа жақсы оқулық керек дер едім. Өйткені дұрыс таңдалған оқу құралы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Қазіргі кезде ағылшын тілінен оқу құралдары өте көп, қазіргі таңда 1,2,3,4 сыныптар «Smile» оқулығымен оқытылуда. Ал 5,6,7 сыныптар «Excel» оқулығымен оқытылуда. Бұл кітаптардың ерекшеліктері сөйлеу мен тыңдау дағдыларын дамытуға арналған оқу кітабы мен дискілер, жазу тапсырмалары бар жұмыс кітабі және әр сабақтың жоспары мен әртүрлі әдіс-тәсілдер көрсетілген мұғалімге арналған кітабі, тақырыпқа сай көрнекіліктері берілген. Оқулықтың өзі оқушылар үшін өте қызықты. Себебі оқулық ішінде өте керемет суреттер, видеолар және қызықты тапсырмалар берілген [2,556]. Оқушылар әр сабақ сайын сабаққа деген қызығушылықтары арта түсуде. Жаңартылған бағдарламаның бір ерекшелігі оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар пен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі. [3,306.]

Оқулықтың соңында оқушыларға үш тілді сөздіктер берілген, бұл оқушылардың пән аралық бірлестігін дамыта түседі. Грамматикалық тапсырмалар орындағанда оқушыларға кітап соңында арнайы грамматикалық бөлім бар. Яғни оқушылар грамматика ережелерін ізтеп білу үшін басқа да ресурстарға жүгініп уақытын бос кетірмейді деп ойлаймын. Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығын қалыптастыруға бағдарланған.

Қорыта келгенде, «Тілдердің үш тұғырлылығы» бағдарламасының негізгі мақсаты мемлекеттік тіл – қазақ тілін орыс және ағылшын тілдерінің деңгейіне дейін көтеріп, бәсекелестігін арттыру болып табылады. Өскелең ұрпақтың үш тілді: қазақ тілін – мемлекеттік тіл, орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілін халықаралық тіл ретінде оқып үйренуге ұмтылыс жасауы – замана талабы, болашақ ұрпаққа қажеттіліктен туындап отыр. Осыдан келе, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді менгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Президенттің Қазақстан халқына жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». Астана, 28 сәуір. - 2007 жыл.
2. Бочарова Л.П. 1996; - 276. «Игры на уроках английского языка в младших классах для развития речевых навыков и умений»
3. Гальскова Н.Д. 2004; - 556. Теория и практика обучения иностранным языкам. Начальная школа.

### ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПӘНГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Жунисханова Нурай

«Бастауыш білім беру» мамандығы студенті

Астана халықаралық университетінің Педагогикалық колледжі

Жетекшісі: Мутан Е

Нұр-Сұлтан қаласы

Ұлттық педагогика, халық педагогикасы — Халықтың ұрпақ тәрбиелеу тәжірибесін зерттеп, ғылыми жүйеге келтіретін педагогика ғылымының саласы. Адамның белгілі бір этносқа тән қасиеті сәби кезінен қалыптасады. Бала өмірінде отбасы тәрбиесі басты рөл атқарады. Отбасы мүшелерінің қарым-қатынасы, бір-біріне көзқарасы, ойлау жүйесі, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы – ұлттың анықтаушы, бөлінбес бөлшегі. Ұлттық мінезқұлықтың отбасы қалыптасуында ұлттық тәлім-тәрбие (этнопедагогика) шешуші рөл атқарады.

Халық тәрбиесінің ең негізгі мақсаты мен міндеті-сегіз қырлы, бір сырлы; жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарымыз арқылы балаға ақыл-ой, адамгершілік, әсемдік, дене, денсаулық, еңбек тәрбиелерін беру, мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру

Ал, жаңартылған білім беру бағдарламасының мәні – баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушыны өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірде қолдана білуге баулу. Осы міндет ұстаздарға үлкен жауапкершілік жүктейді. ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болулары үшін, оқушылардың бойына қажетті дағдыларды дарыту жолында мұғалімдер тынымсыз

еңбектенуі керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Жаңа білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.

Ал енді сұрақ, ұлттық педагогика қазіргі таңда, жаңартылған білім беру жүйесімен қолданылып жатыр ма? Меніңше, ұлттық педагогика тыс қалуда, ал жаңартылған білім тиімдірек болғанымен ұлттық тәлім-тәрбие жайлы қозғалмауда. Екеуінің айырмашылығы, бірі қазіргі заманға сай болса, бірі қазақ халқының бұрынғы тәлім-тәрбиесі.

Осы екі саланы байланыстыра алатындай, жас маман ретінде мен мына ұсынысты айтар едім:

Әрине, жаңа білім - уақыт талабы, бірақ ұлттық педагогиканы ұмытпауымыз қажет, біз сол арқылы жас-жеткіншектерге тәлім-тәрбие береміз. Жаңа білім беру жүйесімен ұлттық педагогиканы байланыстыру арқылы біз өз ұлтымыздың тарихын, салт-дәстүрін насихаттап, жүйеге үйлестіре енгізіп, тақырыпқа сай қылсақ, сабақты қызықты әдіспен өткізсек, бір оқпен-екі қоян атқандай боламыз. Осылай екі жүйені, қазіргі заман талабына сай қылып, оқушыларға түсінікті етіп, өмірге қажеттілігін бере аламыз. Мысалы, мен болашақ бастауыш сыныптардың мұғалімімін, мен осы жаңартылған білім берумен ұлттық педагогиканы сабақ үстінде былай байланыстырушы едім: 1-ші сыныпқа келген әр бала сабаққа әртүрлі оймен келеді, біреуге сабақ қызық болса, екіншісіне сабақтағы достарымен ойнау қызық болады, ал кейбір оқушылардың сабаққа мүлдем ынтасы болмайды. Мен оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ашу үшін, жаңартылған білім берумен ұлттық педагогиканы байланыстырып сабақ өткіземін. Ұлттық педагогиканың бір түрі ұлттық ойындар. Сабақта мынадай ойындарды ойната отырып, пәнге қызығушылықтарын арттыруға болар еді. Атап айтатын болсақ:

“Қожанасыр қоржыны” ойыны.

Ойынның мақсаты: Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне (ана) деген қызығушылықтарын арттыру.

Ойынның шарты: тақтаға қоржын ілінеді. Бұл қоржын Қожанасырдың қоржыны, оның іші сыйлықтармен толы екенін айтып, оқушыларға тапсырмаларды тарату. Егер оқушы тапсырманы дұрыс орындаса, қоржыннан сыйлық ұтып алады.

Ұлттық ойындарды математика сабағының барлық түрлеріне келтіруге болады. Мысалы «Алтын сақа» ойынынан заттарды санап отырып, салыстыруды оқып-үйренеді. Қайсысы көп, қайсысы аз? Нешеуі артық? Нешеуі кем? Есеп құрастыру, белгісіз азайғыш, азайтқыш, қосылғыштарды табуы білетін болады.

«Ақсүйек» ойынын орнату үшін, сүйектің формасындай карточка жасап, артқы жағына тапсырманы жазып қою керек (белгісіз санды табу).

Мақсаты: Белгісіз санды таба білу, өрнектің мәнін табу.

Керекті құралдар: Белгісіз санды табуға арналған кесте, әріпті өрнектер мен теңдеулер. Ойынға сынып оқушылары толық қатысады. Кестедегі белгісіз сандардың орнына «ақсүйек тығылып» жатады. Кім дұрыс шығарса сол табады. Дұрыс шығармаса көрмей аттап кетеді. Кім «ақсүйекті» көп жинаса, сол ұтады. Ойын әрі қарай түрлендіріліп, жалғастырылып отырады. Көп «ақсүйек» жинаған балабағаланады, мадақталады.

«Орамал тастау» ойыны (теңдеулерді шешу).

Мақсаты: теңдеулерді шешуді пысықтау, әріпті өрнек құра білу.

Керекті құрал: орамал. Сыныптағы оқушылар екі топқа бөлінеді де бір-біріне қарама-қарсы тұрады немесе отырады. Жүргізуші орамалды 1-топтың шеткі отырған балаға береді. Ол ойыншы қарсыласына теңдеу немесе әріпті өрнек жасырады:  $(x+7=15)$ . Белгісіз қандай санға 7-ні қосқанда 15 шығады? Қарсы топтағы бала орамалды қағып алады да жауабын айтады. Егер жауабы дұрыс болмаса, өнер көрсетеді не не ойыннан шығып кетеді де бақылаушы болып отырады. Егер жауап дұрыс болса, ол ойынды әрі қарай жалғастырады. Енді ол теңдеу жасырады. Жауапты тек орамал ұстаған, аты аталған бала ғана айтады. Мұғалім ойынды өзі қалауынша күрделендіруіне болады.

Міне осылай байланыстырып, оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыруға болады әрі сабаққа қызыға қатысады. Мұны тек сабақ үстінде ғана емес, ашық сабақтарға қолдануға болады. Осылай оқушыларға барлық жақтан қажеттілігін бере аласыз. Ұлттық педагогика мен жаңартылған білім берумен тек сабақты қызық өткізу емес, баланы жан-жақты дамыту.

Ұлттық ойындармен әр пәнді ұштастыра оқыта отырып, ең бастысы сабақ қызықты, түсінікті болады. Оқушының сабақтағы қажеттілігін беру және мұғаліммен оқушы арасындағы байланыстың күшті болуы, әр мұғалім маманның іздемаздығына, шығармашылық қабілетін байланысты. Ендеше үнемі іздене отырып, оқушылардың бойына білімге деген құштарлығын арттыру, әрбір ұстаздың міндеті деп ойлаймын.

## Әдебиеттер тізімі :

1. Ахметжанова А.С « Халық педагогикасы — ғасырлардың асыл пернесі »// Қайнар университетінің хабаршысы.- 2005.-№1/2 Б.54-57
2. Ғаббасов С. « Халық педагогикасының негіздері».-Алматы 1995.
3. Ембергенов Ж. « Халықтық педагогика және салауатты өмір салты»// Ұлт тағылымы.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012ж
5. Бастауыш мектеп, №3, 2003, А.Әбішева «Ойын элементтерін пайдаланудың педагогикалық ерекшеліктері»,
6. Бастауыш сыныпта оқыту. Алматы,2010ж.
7. Бастауыш сыныпта оқыту мен тәрбие ісі. №1,2015
8. Бастауыш сыныпқа арналған әдістемелік кітаптар.

### **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҒЫ**

Жантулина Динара Закариевна  
тәрбие жұмысының директордың орынбасары,  
«Рудный музыкалық колледжі» КМҚК, Қостанай облысы, Рудный қ.  
Джамбурчина Карыгаш Умирбековна  
қазақ тілі және әдебиет пәнінің оқытушысы,  
«Рудный музыкалық колледжі» КМҚК, Қостанай облысы, Рудный қ.

Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының ұлы перзенті, қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырған, қазақ зиялылығының арасынан шыққан тұңғыш халық ағартушысы, қоғамда өзгерісті жасау жолында талмай күрескен, аса талантты педагог, дарынды жазушы, ақын, көрнекті қоғам қайраткері.

Сонымен қатар, Ыбырай Алтынсарин – балалар әдебиетінің атасы. Бүкіл өмірін қазақ балаларын оқытуға арнаған. Сол мақсатпен алғаш рет балаларға арнап мектеп ашып, оқулық жазған. Ағартушы оқулықты жазудағы мақсатын хрестоматияның алғы сөзінде: «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қатар, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім...» деп тұжырымдаған. Өйткені, хрестоматияға Ыбырай өзінің педагогтық мақсатына лайықтай жазған тәрбиелік мәні жоғары көптеген шағын әңгімелерін, өлендері мен ауыз әдебиеті үлгілерін, сондай-ақ, орыс педагогтері мен айтулы орыс қаламгерлерінен аударған шығармаларды енгізген болатын. Бұл шығармалардың тақырыптық – идеялық мазмұнынан біз Ыбырайды ұстаз-тәрбиеші ретінде алдына мақсат етіп қойған адамгершілік мәселелерін көреміз. Аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал-мәтел қолдану, әр әңгіменің тәлім-тәрбиелік мәніне ерекше көңіл бөлу – Ыбырай шығармаларының ерекшелігі деп айтуға болады.

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы дамытудың Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық идеяларымен үндес келетін сабақтастық дәстүрлері бар. Осылайша, білім беру жүйесінің жаңғырту процестері педагог-ағартушы ұсынған бірқатар негіз қалаушы қағидаттарға негізделеді:

- \* білім беруді дамытудағы мемлекеттің шешуші рөлі
- \* барлық адамдар үшін білімнің қолжетімділігі
- \* тұлғаның жан-жақты дамуы
- \* белсенді азаматтық ұстанымды тәрбиелеу
- \* демократиялық және жаңа технологияларға бағдарлану
- \* білім беру жүйесінің икемділігі және динамикасы.

Ол жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлді.

Халықтың өзіне тән ой-санасын, парасатын, бүкіл болмыс – тіршілігі мен сезім-түйсігін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізді. Ыбырай Алтынсарин өз халқын өркениетті халықтар қатарында көру үшін бәрін жасады. Қазақ қоғамының мәдениет пен экономика жағынан мешеу кезінде өмір сүріп, халқымыздың демократиялық мәдениеті мен өнерінің бір сыпыра саласында жаңадан өсіп-өркендеуіне айқын жол ашып, негізін қалады. Ы. Алтынсарин Қазақстандағы әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешудің басты жолдары мен негізгі ұстанымдарын ұсынды. Іргесі қаланбақшы алғашқы мектеп құрылысын, тұңғыш берілетін білімнің бағыт-бағдарын айқындады, қалың бұқараға оның мазмұны мен маңызын түсіндірді, бастауыш мектепке оқу-құралдарын әзірледі. Ол білім беруді мақсат ретінде емес, әлеуметтік ортаны өзгертудің негізгі құралы ретінде қарастырды.

Ыбырай Алтынсарин жаңа үлгідегі мектептер ашып, оқушыларды өз кезінің озық ғылымымен қаруландыруға, кәсіп түрлеріне үйретуге арнаған. Ыбырай бұл жолда сан алуан кедергілер мен қиындықтарды жеңе отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Өшпес ізі туған халқының мақтан

тұтатын ардақтысына айналды. Ыбырай Алтынсарин өзі ашқан мектептерде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, алғашқы тілашар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланып, өзі де ұрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды. Сол әдеби шығармалары арқылы қазақтың жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі болды. Әдебиетке тың тақырыптар әкеліп, озық ойлар енгізді. Оның мазмұнды да мағыналы әсем лирикалық өлеңдері, әсерлі әңгімелері, мысалдары қазақ әдебиетінің тарихында өшпес орын алады.

«Қазақ халқы білім алу үшін құнарлы негіз болып табылады», - деп жазды ол. Ыбырай А. «Қазақ хрестоматиясына» кірген өлеңдерінде де халық-ағарту идеясын көтерді. Оның «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңдері осындай мақсатта туған. «Кел, балалар, оқылық!» өлеңі жастарды оқуға, білім алуға шақырады.

Сөйтіп, ақын, бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, оқу, өнер, ғылым-білімге, оның жалпы халық үшін керектігіне еш мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы береді. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық – білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін, ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндіреді. Ыбырай Алтынсарин «Өнер-білім бар жұрттар» атты өлеңінде оқу, білім алудың мақсатын кеңінен сөз етеді. Өлеңнің негізгі идеясы – қазақ қауымына озық мәдениетті елдерді үлгі етіп көрсету.

Ыбырай жастардың оқыған адам болғандағы мақсаты өз халқының бір керегіне жарау, оны «тастан сарай салдырып, айшылық алыс жерлерден көзінді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызатын» елдердің қатарына жеткізу деп білді. Келешекке сенімі мол Ыбырай өмір көркі, болашақтың иесі – жастар деп ұқты.

Біз надан боп өсірдік,

Иектегі сақалды.

«Өнер – жігіт көркі» деп,

Ескермедік мақалды.

Біз болмасақ, сіз барсыз,

Үміт еткен достарым,

Сіздерге бердім батамды! – деп, жеткіншек ұрпаққа сенім артады.

Бұл өлеңдердегі: жақсы мен жаманды, білімділік пен надандықты салыстыра суреттеу әдісі де жас балаларға оларды айқынырақ таныту мақсатын көздейді. Сондықтан, Ыбырай Алтынсарин өз дәуірі оқырмандарының ұғымына жеңіл етіп, салыстырулар жасайды. Бұл өлеңдердің көп тіркестері бүгінде мақал-мәтелге айналып кетті.

Осы тұрғыдан, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Ы. Алтынсариннің тіл тазалығы үшін күрескерлігі, педагогикалық ілімнің тұңғыш кемеңгері деп білеміз. Көрнекті әдебиетші ғалым Қ. Жұмалиев өзінің «ХУІІІ- ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті» деген ғылыми – зерттеу еңбегінде педагог-жазушыға: ХІХ ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Европа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын- жазушы Ыбырай Алтынсариннің өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор» - деп баға береді.

Ұлы педагог адам елдің басты байлығы екенін түсінді, өйткені білімі мен дағдылары бар адамдар дамудың негізгі стратегиялық ресурсын қалыптастырады, ал білім прогрестің қозғаушы күшіне, жаңа өмірлік игіліктердің көзіне айналады. Білім-бұл жеке адамның да, жалпы елдің де құндылығы мен табысының негізі.

Отандық мектептің білім беру міндеттері Ы.Алтынсарин халықтың қажеттіліктерін ескере отырып анықтады. Оның пікірінше, мектеп қоғам өмірінде лайықты орынды, мәдениеттің жоғары деңгейін, өз халқының өкілі ретінде адамның адамгершілік қасиеттерін қамтамасыз ететін нақты білім беруі керек. «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы, - деп жазды Ыбырай Алтынсарин, - барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі – тек осы мектептерде».

Қазақ даласындағы Ы. Алтынсарин мектептерінің тарихын, оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын зерттей келе, сол кездерден бастап қалыптаса бастаған ағартушылық саясатпен қазіргі ХХІ ғасырдағы білім беру саласындағы жаңғыртулар арасында терең сабақтастық бар екенін де байқауға болады, атап айтқанда:

- оқытудың заманауи өмірмен байланысын күшейту;

- білім алушылардың қызығушылықтарына сәйкес оқыту материалдарын жеңілден күрделендіріп құру;

- білім беру мазмұнындағы ұлттық құндылықтарды баланың жас және дара ерекшеліктеріне сай дәріптеу;

Ы. Алтынсарин қазақ мектебінің негізгі мақсаттары мен міндеттерін нақты тұжырымдап, оларды өзінің барлық практикалық қызметінің негізіне салды. Ыбырай Алтынсарин «Үлгілі жолға қойылған, ақылға қонымды, тәртіпті, жаңа үлгідегі мектеп оқушыларды қызықтырып, оларды мәдениетке, еңбекке және ақыл - ой жұмысына дағдыландыруы, олардың білімге және орыс тілін меңгеруге деген қызығушылығын барынша арттыруы тиіс», - деп атап өтті.

Мектептің негізгі міндетін-ағартушы мұғалім нақты білімнің берілуімен байланыстырып қана қоймай, оқушылардың білімді әр түрлі құбылыстарды тәжірибелі зерттей отырып, көрнекі түрде алуына



қол жеткізуге талпынды.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұқтар Омарханұлы Әуезов Ыбырай Алтынсарин туралы былай жазды: «Ыбырай орыстың мәдениет мектебін танымаса, Ушинский бастаған педагогикалық жаңалықтарды білмесе, орыстың адамгершіл, прогрессшіл классикалық әдебиетінің нәрінен қорек алмаса, Ыбырай болмас еді... Ыбырай да сол бір бағытта болумен қатар, өмірі, еңбек еткен ортасы, әлеуметтік-қоғамдық қайраты, әрекеті жөнінде Шоқанға да, Абайға да ұқсамайды. Ыбырай Шоқан мен Абайдың ісін өз өмірінде еңбегіне түйістіріп, қоса білді. Сөйтіп, ол Шоқан мен Абайдың істеген тың тарихтың ұзақ өрісі бар, зор келешегі бар істердің үлгісін өз қолымен орнатты. Әрі ол жаңа үлгідегі ақын, әрі сол кездегі Ресейде батыл жаңалық жасап, тың үлгідегі мектеп ашушы. Қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектебін жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты ол аса шебер өнерлі түрде қабыстырушы». Қазіргі таңда Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғырту кезеңінде тұрмыз. Әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледжде, университетте жаңа кәсіби білім алуын, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді. Яғни Ыбырай Алтынсаринның ұлы, сара жолын әліде жалғастырып келеміз.

Қазір заман ағымына қарай білімнің күші бағаланып, оқу ағартудың, оның ішінде, білімді адамның беделі өсіп келеді. Ал оқу ағарту жүйесі – ұлттық мәдениет, ұлттық сананың рухани даму көрсеткіші.

Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының білім деңгейінің көтерілуіне жағдай жасайды. Оны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «жаңашылдық» деп атауға болады. Инновацияны қолдану арқылы мұғалім өз-іс тәжірибесін байытып, белгілі бір нәтижеге қол жеткізе алады.

Жаңаша оқыту бұл - мағынаны іздеу, өзінің көзқарасымен ғана шектелмей, басқалардың да пікірін ескеріп, қандай да объективті ойлау және қисыны бар өзіндік қате сенімінен бас тарта білу. Тұлға жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көруге қабілетті. Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді.

Жаңа инновациялық технологияларды қолдану, яғни ойлауға үйрету, оқушының еркін сөйлеуіне, пікір таластыруына, достарының ойын тыңдауға, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған. Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім-осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Қазіргі өзекті проблемалардың бірі - мектеп оқушысы әдеби кітап оқымайды, тек бар ақпаратты интернеттен іздеп, тауып алып, оқып, көшіріп алып, дайын материалмен жұмыс жүргізіп, қысқа оймен шектеліп жүр. Бүгінгі оқушылардың сөздік қоры тайыз. Себебі оқу материалынан басқа әдеби, тарихи кітап оқуға деген ынта жоқ. Ыбырай атамның барлық білімдік, тәрбиелік мәні бар әңгімелері, өлеңдері оқулыққа енгізілген, қазіргі ата-аналар мен мұғалімдер соған шүкіршілік етеді. Осындай жағдайда жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден бір шарты- мұғалімнің ізденімпаз болуы. Себебі, еліміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақтың білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан сабақты жаңаша құрып, инновациялық түрлі тәсілдерді, педагогикалық білімдерді жетілдіре отырып, оны дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу-әрбір ұстаздың міндеті болуы керек. Қазіргі сабақтар оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, жұптық және ұжымдық бірлесіп жұмыс жасауға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Ең бастысы оқушы білімінің тереңдігі мен тиянақтылығын арттырады.

Қазіргі заман талабына сай білім беру жүйесінің тиімділігінің басты көрсеткіші білім сапасы мұғалімнің негізгі міндеті - оқушыны білімге, өз бетінше ізденіске және шығармашылық жұмысқа баулу болып табылатыны бәрімізге белгілі. Елбасының жолдауында: «Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз» делінген. Қазіргі жас буын жан-жақты терең білімді, саяси-экономикалық сауатты, яғни интеллектуалдық деңгейі жоғары болса, тәуелсіз мемлекетіміздің мықты тірегі болатынына сеніміміз мол.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Бержанов К., Сейталиев К. Ауыз әдебиетіндегі адамгершілік, тәрбие мәселелері. «Қазақстан мектебі», 1970ж.
2. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде 2003 ж.
3. Қазақстан мектебі №4, 1995ж
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық.- 3 деңгей, 2012 ж.
5. Оқыту – тәрбиелеу технологиясы журналы. 2011ж.
6. Салтақова Л.Қ. Бастауыш сыныптың оқу-тәрбие жұмысында халықтық педагогиканы оқыту әдістері. 2015ж.
7. Қазақ тілі мен әдебиеті 2005 ж.

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫНДА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Жидебаева Ақжайық Сабырбекқызы  
М.Мәметова атындағы Қызылорда жоғары педагогикалық колледжінің оқытушысы  
Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

Қазіргі білім беру жүйесінде педагогикалық үдерістің міндеттерін жүзеге асыру – білім берудің мемлекеттік саясатының қағидалық-ұстанымдары мен басты идеяларына тәуелді және соның аумағында іске асырылады. Сондықтан оқытушылардың педагогикалық қызметіндегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың жаңа бейнесі мен бағыттылығын жаңартылған білім беру бағдарламасының жүйесінде айқындап алумен және осы тұрғыда жұмыс жасау міндеттері туындайды. Яғни, қазіргі біздің білім ордаларымыздағы педагогикалық үдерістерді заманауи сұраныс-талаптарға үйлесімді ұйымдастыра отырып, оны қанағаттандыратын біліктілігі жоғары мұғалім мамандардың қажеттілігінің туындауы – заңдылық. Жаңа заман сұранысына жаңаша қарайтын және педагогикалық қызметті жаңаша ұйымдастыруға қабілеті бар, білім беру мен оқыту және тәрбиелеу жұмыстарына жаңашылдық бейнемен қатынас жасайтын, білім беру жүйесінің жаңа мазмұнындағы ғылыми-әдістемелік тұстарын жетік түсініп, қабылдайтын, әрі осы бағытта кәсіби әрекетін нәтижелі атқаратын мұғалім мамандықтарын ЖОО-да дайындау – оның профессиограммасын жаңа тұрғыдан жетілдіру мәселесі күн тәртібінен орын алуда. Бүгінгі күндегі мұғалім дайындаудың профессиограммасының мазмұнына педагогика (онда: педагогика және ұлттық тәлім-тәрбие мен жалпы адамзаттық құндылықтарды үйлесімдігі), психология (онда: психология және ұлттық психология, тілі, ділі, т.б. үйлесімділігі), жеке пәндерді оқыту әдістемесі (онда: оқытудың дәстүрлі әдістері және оқытудағы жаңа технологиялар, жаңашылдықты талап ету мәселесімен мұғалімнің жаңашылдық тұрғыдағы іздену-шығармашылдық әрекеттері, т.б.) және мамандыққа қатысты жеке пәндердің теориялық білімдерінің заманауилық мазмұны – түрлі ғылыми білімдердің ықпалдасуын қамтуы көкейтесті міндеттердің бірі ретінде басшылыққа алынады. Мұғалім дайындау ісіндегі түрлі ғылымдар мен педагогика, психология, жеке пәндерді оқыту әдістемесі пәндерінің өзара байланыста болуы – басты шарт. Өйткені, педагогика, психология, жеке пәндерді оқыту әдістемесі пәндерінен берілетін білімдер мұғалім тұрпатының нақты көрініс беретін әрі бейнесін көрсететін нақты білімдер саласы болып табылады. Екіншіден, білім беру үдерісінің өз мақсаты мен мазмұнына сәйкес әлеуметтік сұранысты қанағаттандыру және озық тәжірибелерді тасымалдаушылық орны. Үшіншіден, жеке тұлғаны тану ғылымдарының негізгілері болып табылады. Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесінің жаңартылған оқу бағдарламасына сәйкес педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың ғылыми-теориялық негіздерін қарастыру – Қазақстан Республикасындағы білім саясатының аясында білім берудің жаңартылған мазмұнының құрылымдық жүйесін талдай отырып, қазіргі мектепке дейінгі ұйымдарда оқу-тәрбие үдерістерін ұйымдастырудағы жаңашылдық жүйенің орын алуын негіздеу болып табылады. Сондай-ақ, жаңартылған білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес бастауышта ұйымдастырылатын педагогикалық үдерістің дидактикалық заңдылықтарын жаңаша түсіндіріп, тәрбиешінің кәсіби қызметін ұйымдастырудағы түрлі педагогикалық қайшылықтарды анықтай отырып, оларды шешуде педагогикалық қызметті шығармашылық тұрғыдан ұйымдастыру арқылы оқушы тұлғасын дамытудың жолдарын ашып беру мәселелері – қазіргі мұғалімдерге қойылатын жаңа педагогикалық талаптар және олардың жұмысын ұйымдастырудың жаңаша міндеттер болып табылады.

Қазақтың көрнекті ғалымы, психолог Ж.Аймауытов білім негіздерінің ана тілі арқылы меңгерілетінін айта келіп: «Ана тілін жақсы меңгермей тұрып, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілі – халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы болып, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп сақтап отыратын қазынасы мол халықтың тілі», – деп оқушыларға оқылатын пәндерден білім беруді ұйымдастыру арқылы танымдық болмысын дамытудағы негізгі қызмет атқаратын құралдардың бірі – тіл екендігіне ерекше мән беріп, оның әлеуметтік орта мен қоғамдық мәнін аша түскен. Сондай-ақ, оқушылардың ғылыми танымдық болмысын дамытуда пәндерден берілетін білім мазмұнын өзара байланыстыру тасымалдау барысында тілдік қатынастың орны ерекше екендігіне мән бергендігіне көз жеткіземіз, бұл өз кезеңінде айтылған пікір болса да, бүгінгі күнде де үлкен мәнге ие болып отырғандығы анық [85]. Бұл сыртқы дүниені танудағы танымдықтың алғашқы қадам сезім мүшелерін түйсігі, қоршаған дүниедегі құбылыстардың қасиеттерін бейнелеу арқылы тани білетіндігін көрсетеді. Оқушының жас кезінде танымдық, қабылдағыштық қабілеттерінің ерекше болатындығына байланысты тілді тез меңгеретіндігі туралы психологтар ғылыми тұрғыда зерттеп, өзіндік тұжырымдар ұсынған. Бұдан біздер оқушы тілінің дамуын кезеңдерге бөліп көрсетуінің өзі олардың психологиялық ерекшелігін ескере отырып, байланыстырып сөйлеуге үйретуде деген пікірін өз жұмысымызға негіз етіп алдық. Оқушының қабылдауы, түйсінуі, ойлау үдерістерімен қатар дамып, қабылдаған заттардың атын немесе абстрактылық бейнеленудегі түрлі нәрселердің мәнін біліп отырады. Бұл – қабылдау үдерісінің дамуы. Бастауыш сынып оқушысының жүйелі қабылдауы тәлім-тәрбие мен

жеке пәндерді оқытып-үйрету нәтижесінде ғылыми тұрғыдан дамып, жетіледі. Бұл пікірден біз егер оқушы қоршаған орта туралы білімдерді пәндердің өзара байланысы арқылы дұрыс қабылдаса, онда оның ғылыми танымдық болмысы дамиды және оны өз тарапынан айтып, түсіндіріп бере алатындығын түсінеміз. Қазіргі бастауыш сынып мұғалімінің жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында атқаратын кәсіби іс- әректің мазмұны оқушылардың танымдық ой-өрісін жан-жақты кеңейту. Бұл мектепке дейінгі балалардың танымдық болмысын дамытуды пәнаралық байланыстар арқылы қоршаған ортаны, әлемді, танып-білудің тізбектеліп берілу заңдылығына бағындырыла отырып жүзеге асыру. Яғни, оқушы өзінің танымдық іс-әрекетіндегі тізбектелу заңдылығы аясында игерген білімдер жүйесімен оқу материалдарын қайта айтып беру барысында тілдік оралымдары да жүйелік сипат орын алатындығы анық. Бұндай ғылыми жүйелену оқушының ой-өрісінің тілдік бейнеленуін тізбектелу заңдылығына келтіреді, дұрыс сөйлеуге, тілдік қарым-қатынастағы тәртіптілікке үйретеді. Мәселен, Р.С.Немов өз зерттеулерінде «Бізді қоршаған ортада сансыз көп әр түрлі заттар мен құбылыстар бар. Егер біз олардың әрқайсысын жеке сөзбен атауға талпынсақ, онда біздің сөздік қорымыз қолдануға қиын, ал тіліміз адамзат оқушысына түсініксіз болып қалады. Ғылыми тілмен айтқанда біз тілді қарым- қатынас, коммуникация құралы ретінде пайдалана алмас едік. Табиғатта кездесетін жеке заттар мен құбылыстардың әрқайсысына арнайы атау, дербес сөз ойлап табудың қажеті жоқ. Өзіміздің қарым-қатынасымызда, ойлауымызда сөздердің шектеулі санын қолданамыз. Әрбір сөз бір ғана затқа емес, бір типті заттардың үлкен тобына тиесілі», –деп негіздейді [91].

Білім алушылар тапсырманы орындауда берілген уақыттан артық жұмыс жасап, уақытты тиімсіз қолданды. Бұл қателікті жою үшін келесі сабағымды жоспарлағанда тапсырмаларды уақытқа бөліп тастадым. Келесі сабағымда білім алушылар уақытты тиімді пайдалануға үйрене бастады. Сонымен қатар, сабақты бекіту мақсатында «Венн диаграммасы» әдісін сабақтың соңында пайдаландым. Бұл әдісте білім алушылар ас қорыту мүшелерінің ұқсастығы мен айырмашылығын таба білуіне басты көңіл аудардым. Бұл әдістің тиімділігі білім алушылар ойларын, ізденістерін көрсете білді.

Жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану барысында жекелеген білім алушылар өздерінің білім деңгейлерін жақсы екенін көрсетсе, қай кезде де көзге түсіп отырса, кейбір білім алушылар топ алдында өз ойларын жеткізе алмағандығын байқадым. Білім алушылардың бір-біріне деген ойларын, еркін сөйлеуге дағдыландыру, өз ойларын еркін айта білулері керек екенін түсіндім. Ол үшін сабақтарымда білім алушылардың бір-бірімен амандасуы, жақсы тілектер айту сияқты көңіл-күй тренингтерін өткізуді керек екенін түсіндім. Келесі сабағымда «Миға шабуыл», «Ыстық орындық» сияқты әдістерді жоспарыма енгіздім. Мақсатым топқа еркіндік атмосферасын орнату арқылы білім алушылардың сұрақ қоюын қалыптастыру, сөздік қорларын кеңейту, сыни ойлауға үйрету, белсенділік көрсете білуге

талпындыру болды. Бұл әдістерді қолдану кезінде білім алушылар бір-біріне сұрақ қоя алды, сұрақ қойып қана қоймай айтқандарын нақтылап көрсетуге тырысты.

Мен қолданған диалогтік оқыту әдістері білім алушылардың диалогке түсу арқылы өздеріне деген сенімділіктерін арттыра білгенін, тәжірибиеде өткізген сабағымнан байқадым. Сабаққа араласпай отыратын білім алушылар ұялшақтығы арылып, өз ойларын еркін айта бастады. Диалогке түсу арқылы білім алушылар жоғары деңгейлі сұрақтарды дұрыс жауап беруге үйренсе, олардың сабаққа деген қызығушылықтары артты. Әдістің тиімділігін білім алушылармен ой бөлісу арқылы олардың пікірлерінен білдім. Оқытудың жаңа тәсілдерін пайдаланып сабақ өтпестен бұрын білім алушылардың сабаққа деген көзқарастарын біліп алдым. Жоспарланған төрт сабағымды өткізбес бұрын білім алушылардан жаңа тәсілдер арқылы өткізетін сабақтарымнан не күтетінін сұрадым. Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасының тиімділігі сын тұрғысынан ойлай алатын білім алушылар өздері зерттейтін мәселені терең білім алуға ұмтылдыру, жаңа көзқарастарға, шындықты айту, өзіне айтылған сынды қабылдау, өзінің пікірі қате болған жағдайда оны түсіне алу, өзгелердің дәлелдерін тыңдауға дайын болу сияқты көптеген артықшылықтары болады. Білім алушылар сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін олардың ойлануларына уақыт беріп, ойын ашық айтуға рұқсат беру, әртүрлі ұсыныстар мен пікірлерді қабылдау, үйрену барысындағы білім алушылардың белсенді іс-әрекеттерін қолдау керек. [4, 75 б.]

Білім алушыларды сыни ойлауға бағыттауда жеті модульді пайдалана отырып, төрт сабағымды да сыни тұрғыдан ойлау модулі бойынша өткізуді жоспарладым. Сын тұрғысынан ойлау білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын ең басты педагогикалық түсінікті еңгізе отырып, әр сабағымда білім алушылардың жан-жақты ізденіп, сыни ойлауын дамытуды көздедім. Жаңа сабақты бастамас бұрын, жаңа тақырыптың мағынасын ашу үшін «Миға шабуыл», «Ой қозғау» сияқты қызығушылықты оятуды қолданып, сабаққа психологиялық дайындық жүргізіп отырдым. Бұл кезеңде білім алушыларға ойлануға мүмкіндік беретіндей жоғарғы дәрежедегі сұрақтар қоя отырып, диалог арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамытуды көздедім. Алғашқы сабағымда жаңа тақырыпты өткенде «ДЖИГСО» әдісін қолдандым. Бұл әдіс бойынша әр топқа сұрақтар беріліп, топ ішінде талқылап, оны постерге түсіру арқылы топ алдына шығып қорғады. Білім алушылар топта бір-бірімен өз ойларымен бөлісіп, бір-бірін тыңдай, талдай отырып, әр топ өздерінің жұмыстарын дәлелдер келтіріп тапсырманы орындап қорғады. Бірақ алғаш рет топпен жұмыс жасап отырғандықтан топта кейбір білім алушылар белсенділік танытпай, тек бақылап отырғандарын, кейбір білім алушылар атсалысып отырғандығын байқадым. Бұл кемшілікті жою үшін ең алдымен топта бірлесіп жұмыс жасауын сұрадым және бірлескен топтық ереже ұсынып топ ержесі қылып тақтаға іліп қойдым. Әр топ өздерінің постерін қорғап, тақырыпты бір-біріне түсіндіруде білім алушылардың қаншалықты деңгейде түсінгендерін бақылау үшін тақырыпқа байланысты ашық және жабық сұрақтар қою арқылы білім алушылармен диалогтік қарым-қатынас жасадым. Әр білім алушы өзінің деңгейіне қарай жауап беруге тырысты. «Ас қорыту мүшелерінің құрылысы», «Тыныс алу мүшелерінің құрылысы мен қызметі» тақырыбында постер қорғау арқылы адамның ең басты мүшелерінің бірі екенін талдау жасау арқылы төрт топтың аясында әңгіме-дебат жүргізді.

Сыни тапсырмалардан кейін білім алушылар көп шаршатып немесе зеріктіріп алмау үшін әуенге билеу, тілек айту, т.б сияқты сергіту сәттерін жасатып отырдым. Сергіту сәтінен кейін білім алушылар жақсы сергіп, сабаққа ынтымақпен қатысып отырды. Анатомия сабағында ойын еркін жеткізуге, ортаға шығып өз ойын дұрыс жеткізе алмаған білім алушылар болды. Соңғы сабақтарымда тұйық деген білім алушылардың өзінде ойын еркін жеткізуге, ұжымда өздерін еркін сезіне бастағанын, ойын ашық айтып, ашыла бастағанын байқадым. Білім алушылардың өз ортасына бейімделе бастағанын аңғардым.

Бағалау бірінші кезекте білімнің сапасын айқындау үшін қажет. Егерде біз өз жұмысымызда елеулі табыстарға қол жеткізгіміз келсе, онда өткен уақыттағы және қазіргі нәтижелерімізді анақтауымыз керек, яғни жұмысымыздың оң жақтары мен кемшіліктерін айқындап, оны бағалауымыз қажет. [5, 87 б.]

Ең алғаш сабағым топтық формада өткендіктен, алғашында топты қалай бағалау керектігін білмедім. Постер қорғада екі-үш білім алушы шығып сөйледі, ал қалған білім алушылар топтық жұмысқа өз үлестерін қосқанымен, бір уақытта барлығын бақылай алмадым. Осылайша топтағы қалған білім алушыларды бағалау мен үшін қиындық туғызды. Бұл кедергілерден шығу үшін келесі сабағымда әр топқа бағалау парағын таратып бердім.

Топ мүшелері өздерінің ішінен топ басшысын сайлау арқылы топ басшысы өз тобының сабаққа белсенді қатысып отырған мүшелерін бағалады.

Әр топқа бағалау парағын таратып, сайланған топ басшысы топ мүшелерін жоғарылау шкаласы бойынша бағалап тапсырды. Бұл жайлы білім алушылар топтастарын бағалауды түсінгендей болды.

Білім алушылардың бойында өзін-өзі бағалау дағдылары дамытуда бақылағаным: ең күрделі мәселе білім алушылардың бағалаудың құрылымын түсіне бастағанын байқадым. Әсіресе, топтастырып бағалау, өзін-өзі бағалаудың ең тиімді әрі пайдалы әдісі болып саналады. Себебі, білім алушылар өз жұмысына қатысты топтастары сын айтса, оған оң көзбен қарайды. Ал, осы сынды оқытушы айтса, ол білім алушыға соншалықты әсер етпеген болар еді. Топта жұмыс жасау арқылы бір-бірінің жұмысына баға беруді үйренсе, екінші жағынан оқытушының рөлін ойнай отырып білім алады. Білім алушылар түсінбеген жағдайда ең алдымен оқытушыдан емес, өзінің топтасынан сұрайды. Сондықтан топтастарын бағалау ауыртпалығын білім алушының өзімен тікелей байланысты. Сол себепті өткізетін сабақтар



топтамасын жоспарлауда әр сабақта өзін-өзі бағалау мен өзара бағалаудың әдістерін түрлендіріп, сабақтарыма енгізіп отырдым.

Соңғы сабағыма «Блоб ағашы» әдісін қолдандым. Бұл тәсіл білім алушылардың өзін-өзі бағалауға, оқудағы қиындықтарды анықтауға арналған тиімді әдіс. Сабақ соңында білім алушылар сабақта өзін қалай ұстады, қандай дәрежеде өз білімін көрсете алады, ағаштың өзін тауып бояйды.

Сонымен қатар сабақ үстінде білім алушылардың жұмыстарын ары қарай түрлендіруге қызығушылықтарын оятып, мақтаудың да алар орны ерекше. Мақтау сөзін есту арқылы білім алушылар жұмысқа ынтымақпен, жақсы көңіл-күймен кіріседі. Сол себепті сабақта бір-біріне жақсы сөздер айту «Бес саусақ» әдістерді қолдандым.

Бағалаудың түрлі әдістерінен кейбір білім алушылар өзін-өзі бағалап, рефлексия жасай алды. Рефлексия жасау арқылы олар өздерінің толғандырған сұрақтарын қоя отырып, қойған сұрақтарына жауап ала алды. Өздерінің сұрақтарына жауап ала білу де олар үшін өте маңызды. Жүргізілген кері байланыстың әсерінен оқу нәтижелерінің өзгеруіне байланысты білім алушылардың ұсыныстарын ескере отырып, оқыту мен оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін өзгертіп отырдым.

Оқытудың жаңа тәсілдерін пайдаланып өткізген сабағымның білім алушыларға қаншалықты әсер ететіндігін көңілдерінен шыққандығын білу мақсатында «Досыма хат» әдісін қолдандым. Бұл әдіс бойынша білім алушылар сабақта алған әсерлерін қағазға хат ретінде жазды. Шеңбер болып отырып, хатты домалата бір-біріне тарату арқылы барлығы оқып шығады. Кейін 3-4 білім алушыға оқытқызым. Мақсатым: өткен сабағымның жақсы өткенін көру үшін білім алушылардың кері байланыс берген бағаларынан тұжырым жасау. Кері байланыста білім алушыларға оқытудың жаңа тәсілдері арқылы өткізген сабақтарда топтық оқытудың ұнағанын, бір-бірімен диалог құрып, бірігіп орындау арқылы жасаған жұмыстары қызықтырғанын, өздері көріп отырып орындаған жұмыстарын іс-тәжірибиеде қолдана алатындарын жеткізген. Сонымен қатар бағалаудың да ерекше болғандарын айтып өткен. Осы уақытқа дейін бағалауды пән оқытушылары қойып келсе, оқытудың жаңа тәсілдері арқылы өзін-өзі және өздері бірін-бірі бағалауы олар үшін жаңалық болғанын айтады.

Білім алушыларды бағалау жұмысы үш түрлі жолмен жүзеге асатынын түсіндім: бақылау кезінде, білім алушылар бір-бірімен қарым-қатынас жасағанда және білім алушылардың әрекеттеріне талдау жасағанда. Оқу үдерісін және сабақты қадағалау және талдау білім алушылардың сәтті оқуына, ал оқытушылардың тиімді оқытуына мүмкіндік берді. Бұл оқытушыларға өздерінің оқытушы ретінде қаншалықты ілгерілегенін көру үшін маңызы зор болды. Бағалауда түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану оқытушыларға да, білім алушыларға да оқу мен оқытудың сапасын жетілдіруге көмектесті.

Анатомия сабағында білім алушылардың тыңдауын, сөйлеу дағдыларын дамыту, зерттеу, білімдерін одан әрі жетілдіру мотивацияларын арттыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың маңызы зор. Мен тәжірибе кезіндегі өткізілген төрт сабағымда да АКТ-ны қолданып өткіздім. Колледжде арнайы биология кабинеті болғандықтан, АКТ-ның мүмкіндіктерін сабағымда кеңінен қолдана білдім. Өз сабақтарымда электрондық оқулықпен жұмыс жасау, бейнефильмдер көрсету, интерактивті тақтаны пайдалана отырып тапсырмаларды орындау т.б. жаңа технологиялардың барлық мүмкіндіктерін пайдалануға тырыстым. Дарынды және талантты балаларды оқытуда қабілеті жоғары білім алушылар интернет көздерін пайдаланып, өздері ізденетіндей тапсырмаларды бердім. Дарынды білім алушы өз бетінше ізденіп, қажетті ақпаратты алып, оны өңдей алады, тапсырманы орындаудың өз жолдарын іздейді. Биология кабинетінде жеке компьютерлерге әр білім алушылардың қабілетіне қарай тапсырмалар енгізіп, студенттер АВС деңгейлік тапсырмаларын орындады.

Дарынды және талантты балалармен жұмыс жасаудың негізгі мақсаты: олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Яғни, қажетті оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту, білім алушылардың танымдық белсенділіктерін дамыту болып табылады. Олардың білім сапасын арттырып, біліміне, ойлау қабілетіне, деңгейіне сай оқыту арқылы оларды ары қарай дамыту үшін жұмыс жасауымыз қажет. Болашақта оқытуды саралауда білім алушыларды шығармашылықпен жұмыс жасауға, қабілеттерін ашуға мүмкіндік беретіндей әдіс-тәсілдерді сабақтарыма енгіземін. Білім алушылардың бойындағы қабілетті ашу – білім алушыны шығармашылық бағытта дамуына жете мән беру болып табылады. Оқу үрдісінде үйренген әдіс-тәсілдерімнің оқу үдерісі үшін, білім алушылардың өз бетінше ізденіп, тығырықтан шығудың жолын таба білуінде, ғылыми ізденіс қабілеттерін қалыптастыруда тиімділігі мол деп есептеймін.

Оқыту барысында өз тәжірибиеме енгізу сияқты көп ізденіс пен еңбекті талап етті. Бір жағынан өз білімімді одан әрі жетілдірсем, екінші жағынан білім алушыларымның тұлға ретінде шыңдалуы өз септігімді тигіздім деп ойлаймын. Колледж білім алушыларыммен өткен сабақтарымда қолданған жаңа әдіс-тәсілдер арқылы оқытудың тиімсіз тұстарыма қорғау тиімді, ұтымды жағы көп болды. Яғни, білім алушылардың белсенді іс-әрекеттері арқылы білімді өздігінен іздене отырып түсіну, алған білімдерін болашақта қолдана алатыныма көзім жетті. Ең бастысы, білім алушылардың өзіме деген сенімділігі артып, үлгірмеуші білім алушылар саны азайды. [6, 45 б.]

Болашақта оқытудың жеті модулін тәжірибиеме ендіріп, оқыту кезіндегі әдіс-тәсілдерді өз сабақтарыма тиімді қолдану арқылы шәкірттеріміздің тұлға ретінде қалыптасуыма одан әрі ықпал етсем деймін.

Әдіс-тәсілдер білім алушыға өз пәніме деген қызығушылығын арттырып, білім деңгейлерін жақсартады деген ойдамын.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Мырзабаев А.Б., Биологияны оқыту әдістемесі, Қарағанды, 2006.
2. Әлімов А., «Интербелсенді әдістерді сабақта қолдану», Астана, 2015.
3. Әлімов А., «Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану», Астана, 2016.
4. Валиева М., Білім беру технологиялары және оларды оқу тәрбие үрдісіне енгізу жолдары. Алматы, 2002.
5. Өстемиров К., Оқыту құралдарын пайдалану негіздері. Алматы, 2002.
6. Хмель Н., Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс. Алматы, «Ғылым», 2002.

### **ВІМ-ТЕХНОЛОГИЯЛАР ОЛАРДЫ ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС ПЕН ЖОБАЛАУДАҒЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ**

Конарбаева Бактыгул Кыстауовна  
Конарбаев Нурбол Сакенович  
КМҚК Қостанай құрылыс колледжінің арнайы пәндер оқытушылары  
Қостанай облысы, Қостанай қаласы

Соңғы он жылдықтарда ғимараттар мен құрылыстарды жобалау тақырыбы жоғары қарқынмен дамуда. Бұрында ғимараттар мен құрылыстардың сызбаларын қарындашпен және сиямен қағаз бетіне қолмен жасалды, бұл жұмыс үшін сәулетшілер көп уақыт пен күш жұмсады. Технологияның дамуымен сәулет өнері белсенді дамып келеді және арнайы бағдарламалық жасақтамасы бар жоғары өнімді компьютерлер қарындаштар мен сызғыштарды алмастырды. Дизайн саласындағы алғашқы негізгі серпінді AutoCad бағдарламасының көмегімен жасалды. Бұл бағдарламадағы дизайн екі өлшемді кеңістікте жүзеге асырылады, бұл кез-келген күрделіліктің жоғары сапалы сызбаларын жасауға мүмкіндік берді. Бірақ кейінгі кезде ВІМ модельдеу термині екі өлшемді кеңістіктегі модельдеуді біртіндеп алмастыра бастады.

ВІМ-технология дегеніміз не?

Building information model – ағылшын тілінен аударылғанда "Ақпараттық құрылыс моделі". Ақпараттық модельдеу немесе ВІМ-технология кейін қалыпты сызбалық және есептік-сметалық құжаттама, сондай-ақ құрылыс объектілерін құрудың жаңа сатылары үшін модельдер пайда болатын объектінің цифрлық моделін құруды көздейді. Модельдер ғимаратпен жұмыс істеудің әрбір кезеңінде пайда болатын ақпараттың мұрағатқа сақтауға берілмей, жұмыстың кейінгі кезеңдерінде пайдаланылатынын, өзгертілетінін және толықтырылатынын білдіреді. Қазіргі уақытта, Қазақстанның құрылыс саласында ақпараттық модельдеуді практикалық қолдануды Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі. Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті белсенді іске асырып жатыр.

Деректер құрылыстың бүкіл өмірлік циклі бойынша ақпараттық 3D-модельге қосылады. Олар тұжырымдамаларды жоспарлау және жасау, материалдар мен құралдарды сатып алу, жобаның әртүрлі учаскелеріндегі жұмыстарды басқару және үйлестіру, ғимаратты пайдалану және қайта құрылымдау үшін қажет. Ақпараттық модель инвесторлар, жобалау, құрылыс және пайдалану ұйымдары үшін жалғыз және ең сенімді деректер көзіне айналады. Тұтастай алғанда, құрылыс саласын ақпараттық модельдеу технологиясы (бұдан әрі – ақпаратты басқару процесстерінің дұрыстығын қамтамасыз етеді.

ВІМ-технологияны қолдану тиімділігі

ВІМ саласындағы жетекші орынды Ұлыбритания алады. ВІМ-технологияларын қолдану бойынша көшбасшы болған елдердің тәжірибесі туралы айтуға болады. Қолдану оң бағаланған, алайда олар біржолғы пилоттық жобаларға бағытталады және жүйелік зерттеулердің қорытындыларын бермейді.

Стэнфорд университетінің Объектілерді кешендік жобалау орталығының (CIFE) деректері бойынша, ВІМ-технологияларын қолдану сметалық есептердің дәлдігін 3 %-ға дейін арттыруға, сметаларды әзірлеу уақытын 80 %-ға азайтуға және 7 %-ға дейін жобаны орындау уақытын қысқартуға мүмкіндік берді. ВІМ-технологияларын пайдалану құрылысқа кететін шығындарды 20 %-ға азайтуға қол жеткізуге, сондай-ақ жобаның жалпы сапасын 55 %-ға арттыруға мүмкіндік береді. [1]

#### Жобалау кезеңіндегі BIM-технологиясы

Ғимараттың 3D-ақпараттық моделін қолдану әртүрлі мамандар мен ұйымдар құратын ғимарат жүйелерін біріктіріп жинауға, үйлестіруге және келісуге мүмкіндік береді. Бұл жобалау кезеңіндегі кез келген келіспеушіліктерді (қайшылықтарды) анықтауға жәрдемдеседі және құрылымдарды олардың өміршеңдігіне, функционалдық жарамдылығына және пайдаланушылық сапаларына алдын ала тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Жобаланатын нысанның құрылған ақпараттық 3D-моделі кейін басқа процесстерді модельдеу (4/5/6-D) үшін негіз болады. Ол құрылыс құрылымдары мен бөлшектерінің барлық түрлерін жұмыс құжаттамаларын құру, әзірлеу және дайындау, технологиялық құрылымға тапсырыс беру және монтаждау, экономикалық есептер, ғимараттың құрылысын ұйымдастыру, сондай-ақ әрі қарай пайдаланудың техникалық және ұйымдастыру-шаруашылық мәселелерін шешу үшін белсенді пайдаланылады. [2]

#### BIM артықшылықтары мен кемшіліктері

Осы тәсілдің басты және артықшылығы болып табылатын әртүрлі бағдарламаларды талдағаннан және сынақтан өткізгеннен кейін ғимараттың ақпараттық моделін қолданудың маңызды артықшылықтарын анықтауға болады, бұл дизайнның бұрынғы формаларымен салыстырғанда объектімен жұмыс істеуді айтарлықтай жеңілдетеді. BIM технологиясының пайдасына бірінші және негізгі дәлел-жобаны 3D мөлшерімен, бұл оларды қолданудың ең кең таралған тәсілі және объектінің құрылыс процестерін оның барлық кезеңдерінде басқаруға мүмкіндік береді. 3D моделі ретінде ғимараттың дамуы оңтайлы жобалық шешімдерді салыстыруға және таңдауға және жобаны тапсырыс берушіге немесе әртүрлі келісуші органдарға жақсы үйретуге мүмкіндік береді. Тағы бір басты артықшылығы-енгізілген өзгерістерді тиімді және қарапайым басқаруды қамтамасыз ететін модельдегі деректерді орталықтандырылған сақтау. Бір қызығы, жобаға белгілі бір түзетулер енгізу барлық көріністерде: еден жоспарларында, қасбеттерде немесе бөлімдерде осы әрекеттердің жедел көрсетілуімен бірге жүреді. Әмбебап интеграцияланған модельді қолдануға көшу кезінде, әдетте, бір өндірушіден бағдарламалық жасақтаманы пайдалану мүмкін болады, бұл бағдарламада бұрыннан бар құралдардың орнына жеке мәселелерді оңтайлы құралдармен шеше алмауына байланысты BIM-ді іске асырудың елеулі кемшілігі болып табылады. BIM-ге көшу кезінде қолданыстағы жұмыс тәжірибесін жоғалту. Әзірлеушілер мен жеткізуші орнатқан BIM шешімдері барлығына бірдей қолайлы емес. Ақпараттық технологиялардың даму тарихында оған ең маңызды талап-қолданыстағы жұмыс әдістері мен таныс құралдарды интеграцияланған процесске қосу мүмкін емес және болып қала береді. Алайда, BIM технологиясының кемшіліктері туралы жалпы BIM қолданудың тиімсіздігінің дәлелі ретінде қарастыруға болмайды. BIM технологиясы белгілі бір жағдайларда тиімді, бірақ үшінші тарап дизайн құралдарын қолдануда үлкен шектеулерге ие және әлі де жобаны дамытуға және кеңістік пен пішінді ұйымдастыруға қатысы жоқ жерлерде қолмен жұмыс жасауды қажет етеді. [3]

#### BIM-технологияларын құрылыс компанияларының пайдалану міндеттілігі

ҚСАМТ мемлекеттік инвестициялық-құрылыс жобаларын іске асыру қауіптерін азайтуға, мемлекеттік инвестициялар мен мемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен жылжымайтын мүлік объектілерін салу кезінде мүдделі тараптардың өзара іс-қимыл процестерінің айқындылығын жоғарлатуға және жақсартуға арналған құрал ретінде қарастырылатындықтан, ҚСАМТ міндетті пайдалану бойынша талаптар тек бюджеттік-инвестициялық жобаларға қолданылады.

Ақпараттық модельдеу технологиясы құрылыс саласының практикасына үш кезеңмен енгізілетін болады. 2017-2019 жылдарда стандарттарды ерікті түрде қолдану және әзірлеу, 2020-2021 жылдарда – технологиялық күрделі объектілерді жобалау көзделді. 2022 жылдан бастап орындаушы модельдерді пайдалануға беру басталады. ҚСАМТ енгізудің бұл кезеңінде сәулет-құрылыс қызметінің барлық субъектілерінің технологияларды міндетті пайдалануы туралы мәселе қозғалмайды. Ақпараттық модельдеу технологияларын Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және азаматтық құрылысына енгізу тұжырымдамасының ережелеріне сәйкес мемлекеттік қаражаттың есебінен немесе олардың қатысуымен технологиялық күрделі объектілердің құрылысы үшін ҚСАМТ міндетті қолдану 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап жоспарланған. Бұл жауапкершілік деңгейі жоғары объектілер ретінде технологиялық күрделі объектілерге талаптарды арттыру қажеттілігінен туындап отыр. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі министрі Құрылыс объектілерін жобалау кезінде ақпараттық модельдеу технологияларын енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті. Осы құжатқа сәйкес, бүгінгі күні Қазақстан Республикасының құрылыс саласының ҚСАМТ-ға өту тұжырымдамасын, сондай-ақ екі нормативтік-техникалық құжатты әзірлеуді қоса алғанда, 34 іс-шараның 11-і іске асты. Саланың ақпараттық модельдеуге өту тәсілдері мен мониторингін жасап шығару үшін Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің базасында жұмыс тобы құрылды. Құрылыс саласын цифрландыру ең алдымен қаржы үнемдеуге жол ашады. Мәселен, компания белгілі бір көлемдегі қаражатқа 5 үй салатын болса, ал BIM технологиясын енгізгеннен соң, дәл сол қаражатқа 7 үй тұрғызуға мүмкіндік бар. Құрылыстың сапасы жақсармақ.

Қорытынды

Жоғары технологияның қорытындысы сәулет-құрылыс жобалауындағы түбегейлі жаңа тәсіл, ол түбегейлі өзгерген жағдайлар мен өмір ырғағына жауап болды, бұл жағдайда жобалау мен құрылыс процессін алдын-ала және сүйемелдейтін жүздеген есе және үнемі өсіп келе жатқан ақпарат ағынын бұрынғы әдістермен тиімді өңдеу. BIM- мәні ғимараттың компьютерлік моделін құру болып табылады, ол тіршілік циклінің барлық кезеңдерінде объект туралы ең көп өзара байланысты мәліметтерді алып жүреді, бұл есептеулерді жедел және дәл жүргізуге, ресурстар мен уақытты үнемдеуге ықпал етеді. Осылайша, BIM-ді барлық жерде белсенді енгізу жобаның жоғары сапасының, қаражатты тиімді пайдаланудың кепілі, сондай-ақ адамдардың өмірін жақсартудың және қоршаған ортаға әсерді төмендетудің кепілі болып табылады.

Қазақстанда BIM технологиясын қазірдің өзінде пайдаланатын колледждер бар. «BIM технологиясын енгізу мемлекет үшін маңызды. Ғимаратты ақпараттық модельдеу-бұл жобалаудың жаңа тәсілінен әлдеқайда көп. Бұл құрылысты салуға, жабдықтауға, пайдалануға және жөндеу жұмыстарына, объектінің өмірлік циклын басқаруға, оның ішінде оның қаржылық бөлігін басқаруға, бізді қоршаған техногендік ортаны басқаруға түбегейлі басқа тәсіл. Сонымен, бұл қоршаған әлемге жаңа көзқарас және адамның белгілі бір әлемге әсер ету әдістерін қайта қарастыру. Ақпараттық модельдеу арқылы ғимараттарды жобалауға деген көзқарас, ең алдымен, ғимарат туралы барлық сәулеттік-құрылымдық, технологиялық, экономикалық және басқа да ақпаратты, оның барлық байланыстары мен тәуелділіктері бар, ғимарат және оған қатысты барлық нәрсе біртұтас объект ретінде қарастырылған кезде алуды және жан-жақты өңдеуді білдіреді. Басқаша айтқанда, BIM-бұл ғимараттың жобалау және салу сатысында қолданылатын сандық сипаттамасы және объект туралы қажетті түрде қалыптасқан ақпарат. Қазақстанда BIM технологиясын қазірдің өзінде пайдаланатын колледждер бар. «BIM технологиясын енгізу мемлекет үшін маңызды».

#### Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».
2. «Жобалау әдісі - жобалы оқыту құралы» Бағдаулет. Ж., Педагогика мәселелері 2010ж.
3. Нағымжанова Қ.М. Оқу процесінде инновациялық іс-әрекеті. Өскемен: МедиаАльянс, 2004ж

#### ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАМЕН САБАҚТАСТЫРУ

Курманбаева Молдир Ерболовна  
«Қостанай гуманитарлық колледжі» мекемесінің оқытушысы  
Қостанай облысы, Қостанай қаласы

*«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес,  
ол жаңадан жаңаны табатын өнер»*

**Жүсіпбек Аймауытов**

Жаңартылған білім беру жағдайында оқу үдерісін ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері қалыптасып келеді. Қазіргі таңда оқытушыға қойылатын талап бағдарламаны жақсы, терең меңгерген, күнделікті сабақтағы мақсатқа сай іс-әрекет таңдап, оны білім алушыға жеткізе алатын белсенді оқу әдістерін қолданып, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды саралай білу іскерлігі қалыптасқан, ақпараттық-коммуникативтік технология құралдарын еркін меңгерген, білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын, білімге деген қызығушылығын арттыра отырып, сыни тұрғыда дарындылығын дамытуда іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну және рухани дүниелер арқылы ынтымақтастық орта қалыптастыру, тиімді кері байланыс ұйымдастыру [1, 16 б.].

Халықтың тірнектеп жинаған оқу-тәрбие ісінің бай тәжірибесін аса тиімді, шығармашылықпен қолдана білу – әрбір ұстаздың міндеті. Өз халқының мол мұрасын, ұлттық ерекшеліктерін білудің адам болып қалыптасуына берер пайдасы зор.

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы барлық қызмет салаларына, соның ішінде білім беру саласына айтарлықтай әсер етеді. Цифрлық технологияның ұлттық болмысты қалыптастырудағы орны тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ, «Білім туралы заңның», «Білім берудің мемлекеттік бағдарламасының» қабылдануы, олардың «Қазақстан — 2030» стратегиялық бағдарламасының өмірге жолдама алып, іске асуы, білім сапасын және тәрбие жұмысын жақсартудағы толып жатқан іс-шаралар еліміздегі педагог қауымын шәкірттерді оқыту, тәлім-тәрбие жұмысына жаңаша, жаңа тұрғыда қарауына, оқыту мен тәрбиенің ұлттық формаларын енгізуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдырады [3, 32 б.].

Қазақ өмірінде толып жатқан қалыптасқан салт-дәстүрлер бар. Оларды оқып-үйрену, бойға сіңіру, жақсы қасиеттерді дағдыға айналдыруға цифрлық технологияның орны ерекше. Ұлттық педагогика элементтерін пайдалану информатика пәнінің әрбір тарауынан өткізілген сабақ түрлері пәнге қызығушылығын, өз бетімен тапсырмаларды орындау белсенділігін арттыруға көмектеседі [4, 21 б.].

**Информатика сабағында Ms Word** бағдарламасын өткенде практикалық жұмыс ретінде білім алушыларға қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары, ұлттық ойындары сияқты тақырыптарға мәтіндер беріліп, оларды теріп, өңдеу жұмыстарын атқару тапсырмалары беріледі. Мәтінді форматтау тақырыбында төрт түлік малға байланысты жұмбақтарды, тыйым сөздерді жазу жарысын ұйымдастыруға болады және жұмбақтардың шешімін орыс, ағылшын тілдерінде шешуге болады.

Power Point тақырыбын өткенде білім алушыларға «Бесікке салу», «Беташар», «Қазақша табак тарту», «Тұсау кесу», «Алтыбақан», «Аударыспақ», «Асық ойындары» т.с.с. тақырыптар беріліп, презентация дайындау ұсынылады.

Виртуалды тур және сфералық панораманы құру тақырыбында өтілген сабақта білім алушыларға FreeDEXрано GUI бағдарламасының көмегімен киіз үйдің ішкі панорамасын жасауға тапсырма беріледі.

Мобильді қосымшаларды әзірлеу және орнату тақырыбын өткен кезде білім алушыларға MIT App Inventor визуалды программалау ортасында «Қазақтың ұлттық ойындары» мобильді қосымшасын дайындауға тапсырма берілді. Мобильді қосымшада ұлттық ойын ретінде «Тоғызқұмалақ», «Асық» және «Аударыспақ» ойындары туралы мәлімет, видео жүктеуге берілді.

Компьютерлік графика тақырыбын өткенде ұлттық педагогика элементтерін енгізіп, оқушыларға қазақ халқының тұрмыста пайдаланатын заттардың, ұлттық киімдердің суретін, ұлттық ою-өрнектердің суреттерін көрсете отырып, компьютерлік графиканың қай түрі қолданылғаны туралы тест сұрақтарын Kahoot - әлеуметтік оқыту сайтынан қолдана отырып ұсынуға болады.

LearningApps сервисі – әртүрлі мектеп пәндерінен интерактивті дидактикалық материалдар, соның ішінде дидактикалық ойындар жасауға арналған. Осы сервисінің көмегімен өткен тақырыпты бекіту мақсатында «Бәйге» ойынын ойнатуға болады. Құрылатын дидактикалық ойын материалдарының формалары мен мазмұны білім алушылардың оқуға деген қызығушылықтарын арттырады.

Мұндай сабақтар білім алушылардың шығармашылығын, ойлау қабілетін, өз ұлтына деген сүйіспеншілігін, компьютерлік іскерлігін арттыра түседі. Білім алушы өз бетімен жұмыс істеуге ынталы болады. Өз ісіне сенімділігі артады, ұлттық салт-дәстүрлер туралы ізденуге, көп білуге тырысады. Пәнге деген қызығушылығы артады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015
2. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015
3. Хмель Н.Д Тұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы. Алматы, 2005
4. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. А., 1998.
5. Өстеміров К, Айтбаева А. Қазіргі білім беру технологиялары. Алматы, 2006

### **ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА МЕН ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ САБАҚТАСТЫҒЫ БОЛАШАҚТЫҢ КІЛТІ РЕТІНДЕ**

Мадияр Мадина Сырылбекқызы

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғарғы колледжінің биология пәні  
оқытушысы

Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

Қазіргі таңда Елбасымыз алға қойған, дамыған отыз елдің қатарына кіру жөніндегі «Ұлт жоспары - 100 нақты қадам» - баршамызға ортақ жауапкершілікті жүктеп, Қазақстанның білім беру саласын жаңғыртуындағы негізгі бағыттарын айқындауды көздейді. Әлемдік өркениетке жетудің бірден-бір жолы – теңіздей терең білімділікте екенін үнемі назарда ұстап келе жатқан Нұрсұлтан Әбішұлы бүгінгі таңда білім және ғылым саласына ерекше көңіл бөліп отыр. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де ақымақшылық...» деген Абай сөзіне жүгінген Елбасы ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалатынын, ал ол үшін үздіксіз ізденіс пен өмір бойы оқу қажеттігін ескертті.[1]

Балаларды оқыту процесінде педагогикалық тәрбиенің атқаратын рөлі ерекше. Ол тәлім-тәрбиелік ой - пікірдің бастауы, атадан балаға беріліп келе жатқан рухани мұра. Ерте кезден бастап, халық болашақ ұрпақты шынайы адамгершілік қасиеттерге баулып, дұрыс тәрбиелеуді жолға қойған. Ата- бабамыздан берілген асыл қасиеттерімізді қастерлеп, студенттерге осы рухани байлықтың мәнін сезіндіру, еңбексүйгіштікке, адалдыққа баулып, отаншылдық , бауырмалдылық , қонақжайлылық, қасиеттерді саналарына сіңіріп өсіру әрбір ұстаздың парызы, міндеті деп білемін.

Қазіргі заман талабына сай болу үлкен міндет. Әлем секунд сайын жаңарып отырады. Соған сәйкес біз де машықтануымыз қажет. Білім беру мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті қолдана отырып, оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде пайдаланған дұрыс», - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Білім саласында түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу – ұстаз қолында. Ұстаздың міндеті: заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру – санасы жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеу. Білім беруде тәрбие мен оқыту ажырамас компоненттер. Заманауи педагог әр студенттің шығармашылық және ғылыми қасиеттерінің үйлесімділік тауып, дамуы үшін жағдай жасау. Өз кәсіби шеберлігінің нәтижесінде ол студент бойында сын тұрғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зерттеушілік дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, АКТ дағдылары, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдыларын қалыптастыруы қажет. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша нәтижемен жұмыс жасалады. Мониторинг жасаудың жаңа формасы критериалды бағалау студенттің оқу нәтижесін әділ әрі нақты бағалауға мүмкіндік береді. Ең бастысы – оқу үрдісінің өзі, жетістік критерийлері арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді. Бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны белгілі болады. Білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу - танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, ұжыммен шығарылған, білім үрдісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критерийлермен оқушылардың оқу жетістіктері салыстырылады. [2, 54 б]

Қазіргі заман талабына сай мен де оқушыларды тәрбиелеуде халықтық педагогиканы басты бағдар ретінде ұстанғанымыз жөн болар еді. Қазіргі заман педагогикасы үлкен қарқынмен дамудағы ғылым. Сол дамуға байланысты өзгерістердің ізімен асығу қажеттігі пайда болып отыр. Педагогиканың іркіліс, кешеуілдеуі адамдардың даму дағдарысына алып келеді, ғылыми-техникалық прогрестің шабандауына соқтырады. Сондықтан да, педагогика қалаған дерек көздерінен жаңа білімдерді теріп, жинақтап баруы қажет. Педагогиканың дамуына себепші көздер – адамдардың өмір салтында, дәстүрлерінде, халықтық педагогикада бекіген көп ғасырлық тәрбие тәжірибесі, іс-қызметтері; философиялық, қоғамтану, педагогикалық және психологиялық еңбектер; әлемде және елімізде жүріп жатқан тәрбие практикасы; арнайы ұйымдастырылған педагогикалық зерттеу деректері; жаңа идеялар, жаңарған бағыт-бағдарлар, жылдам өзгерістерге келіп тұрған бүгінгі дүниедегі тәрбиенің тиімді соны технологиялары. Сонымен, педагогика – тәрбие жөніндегі ғылым. Оның басты міндеті адам тәрбиесі жөніндегі ғылыми білімдерді жинақтау және жүйелестіру. Педагогика адамдарды тәрбиелеу, білім беру және оқыту заңдылықтарын ашып, соның негізінде алға қойылған мақсаттарға жетудің ең пайдалы педагогикалық жолдары мен тәсілдерін көрсетіп отырады. [3]

Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері 10 бөлімнен тұратын жаңа құрылымы болып табылады:

1. Пәннің маңыздылығы;
2. Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты;
3. Үштілділік саясатты іске асыру;
4. Оқыту үдерісіне ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
5. Пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер;
6. Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет;
7. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі;
8. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
9. Оқу нәтижелерін бағалау жолдары;
10. Оқудың мазмұны, ұйымдастырылуы мен бірізділігі.

Жаңартылған білім берудің артықшылығы – жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, бәсекеге қабілетті, өмірдегі кез келген жағдаятта тығырықтан шыға алатын, функционалдық сауатты, белсенді және шығармашыл ойлайтын, интеллектуалды және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруда. Ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық педагогикадағы тәрбие мен жаңартылған заманауи талаптағы оқытуда студенттерге білім мен тәрбиені қатар беру қажет. Жаңартылған білім беру мазмұнындағы критериалды бағалау негізінде студенттерді шыншылдыққа, әділдікке тәрбиелейміз. Халқымыздың тыйым сөздері мен әдет ғұрыптарын еске түсіру арқылы сыни тұрғысынан ойлау қабілетін дамытамыз.

Баланың ойлау, танымдық қабілетін арттыруда жұмбақ шешкізудің маңызы зор. Кез-келген сабақта жұмбақты қолдану оқушылардың білімпаздығын, алғырлығын, тапқырлығын дамытуға көмектеседі. Мақал-мәтелдерді белгілі тақырыпқа сай қолдану арқылы оның тәрбиелік мәніне түсінік бере отырып оқушыларды тура жолға сілтеуге, адамгершілік қасиеттер баулуға мүмкіндік зор. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында сабақта ертегі немесе әңгіме құрастыруды ұсыну студенттердің сөздік қорын молайтуға, өз бетімен жұмыс істеуіне себеп болады.

Осылайша, ұлттық педагогика мен жаңартылған білім беру жолдарын сабақтастыра отырып, халқының діні мен салт дәстүрін білетін, қастерлейтін, өз елін сүйетін және өз елі мен халқына адал еңбек етуді көздейтін бәсекеге қабілетті, білгір маман даярлап шығарамыз. Олардың бойында тәрбие мен білім ұштасуы нәтижесінде біздің байтақ еліміз дамиды, өсіп-өркендейді. Бұл өз кезегінде Қазақстанның экономикада, мәдениетте саяси-әлеуметтік құрылымда едәуір жоғары деңгейге көтерілуіне және дамыған 30 елдің қатарына енуімізге өз септігін тигізеді деген сенімдемін.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Елбасы Н.Ә Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 31 қаңтар 2017ж.  
<http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700002017>
2. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. «Жалпы педагогика» - Алматы 2005ж
3. <https://daryn.online/>

### **А.БАЙТҰРСЫНОВ- ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ**

Махмутова Куралай Досболовна  
М.Жұмабаев атындағы Жоғары колледж  
Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы

*«Сөзі жоғалған жұрттың, өзі де жоғалады»*

Ахмет Байтұрсыновтың өмір жолы қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданы Ақкөл жағасында Сарытүбек деген жерде басталып, қазақ шаруасының әулетінде дүниеге келген. Алдымен ауыл мектебінде (1882-84), кейін Торғайдағы орыс-қазақ училищесін (1891), Орынбор мұғалімдік мектебін бітірген. 1895-1909 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде мұғалімдік қызмет атқарады. Отаршылдыққа қарсы күреске шыққаны үшін бірнеше рет тұтқындалып, жер аударылады (1909). 1913-1917 жылдары «Қазақ» газетінің редакторы, 1918-19 Алашорда қатарында, ал 1919 жылдан қазақ өлкесін басқаратын әскери-революциялық комитеттің мүшесі, 1922-25 жылдары Қазақстан Халық ағарту комиссариаты жанындағы Ғылыми әдеби комиссияның төрағасы, халық ағарту комиссары, Қазақ АССР Орталық атқару комитетінің мүшесі, 1925-29 жылдары Қазақ Халық ағарту институтында (Ташкент) және ҚазПИ-де оқытушылық қызмет атқарады. 1938 жылы қазақ жауы ретінде ұсталып, өлім жазасына кесілді. 1988 жылы ел-жұрт алдында ешқандай кінәсі жоқ екендігі анықталып, толық ақталды.

А.Байтұрсыновтың алғаш ағартушылық ой-пікірлері сонау 1913-1917 жылдары Орынборда шыққан «Қазақ» газетінде (Байтұрсынов 5 жыл бойы осы гезеттің жауапты редакторы болған) жарияланған мақалаларынан айқын көріне бастайды. Газет өзінің тұңғыш жарияланған санында-ақ былай деп жазды: «Бұл газеттің мақсаты жұрт пайдасына көз болу, қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету, басқа жұрттардың хәлінен хабар беріп, таныстыру. Сол мақсұттарды орнына келтіру үшін зақұндерді, хакімдердің бұйрық-жарлықтарын білдіріп тұру, Государственный дума, һәм Государственный совет жұмыстары турасында жете хабар беру, казактың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу, күнелту, сауда, кәсіп, жер-су, егін-таран, мал шаруасы жайынан кеңесу, оқу, оқыту, мектеп, медресе, школа, ғылым, өнер тіл, әдебиет турасында жөн көрсету, адам һәм мал дәрігерлігі жайында жазу» («Қазақ», №1, 1913, қаңтар).

А.Байтұрсынов «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 62-санында «Мектеп керектері» деген мақаласында «...ең әуелі мектепке керегі-білімді, педагогика, методикадан хабардар оқыта білетін мұғалім. Екінші-оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді һәм құралдар қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Үшінші- мектепке керегі белгіленген Программа. Әр іс көңілдегідей болып шығуы үшін оның үлгісі я мерзімді өлшеуі боларға керек. Үлгісіз я өлшеусіз істелген іс- солпы я артық, я кем шықпақшы...» деп оқытудың дидактикалық принциптерін тұңғыш ғылыми тұрғыда нақтылы белгілеп берді.

А.Байтұрсынов мұғалімдерді педучилищелер ашып арнаулы оқу орындары арқылы даярлаудың тиімділігін айта келеді де, ондай оқу орнының әзірге қазақ даласында жоқтығын ескеріп, орыс мектептерінен не қазақ медреселерін оқып бітірген жастардың талаптарын мұғалімдік жұмысқа қоса

пайдаланайық деген ұсыныс жасайды. Медреседі оқығандардың педагогика, әдістемеден хабарсыз екенін, ал орыс мектептерін оқып бітіргендердің мұсылманша хат білмейтіндігін қынжыла сөз етеді. Олардың білімін жетілдіру мақсатында жаз айларында 1-2 айлық қысқа мерзімді курстар ашуды ұсынады.

Автор қазақ бастауыш мектептерінде қандай пәндер оқытылу керек дегенге арнайы тоқталып, ол пәндерді оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа- кәсіп, колөнері, жағрафия, жаратылыс болу керек екендігін нақтылап көрсетеді. А.Байтұрсынов осы пәндердің оқулықтарын шығарудың қолға алынғанын, алайда арнайы баспахана болмағандықтан кейбір оқулықтарды шығару ісіндегі қиындықтарды қынжыла баяндайды

Қазақ қоғамына жаңаша оқыту жүйесін енгізе отырып, ежелесіз төте жазу мен оқуды қалыптастырған қазақтың ғұламасы А.Байтұрсынұлы: «Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылманша оқып жүрген жолмен оқуды айтпаймын, қазақтың тіліменен оқуды айтамын», - деген болатын. Мұсылманша, яғни ескі оқу жолы былай болғаны белгілі: «Әуелі әліпті тегіс жатқа оқытады және де оқытқанда әрбір харфтің өз үнімен оқытпай, әліпбиде қалай аталса, сол атымен әліп, би, ти, си, мим, ха, дал дегізіп оқытады. Соны оқып болған соң астын, үстін, үтірін оқытады. Мұны оқытқанда да харфтің өз дауысын оқытпай ... бисын ба, тисын та, сисын са дегізген соң харфтің анық дауысы қалай екенін білмей баланың басы қатады». Міне осы себептен А.Байтұрсынұлы 1910 жылдардан бастап араб әліпбиін қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, ыңғайластыруды қолға алғаны белгілі және ғалым реформалаған әліпби 1912 жылдардан бастап қолданысқа енді. Сол әліпби негізінде тұңғыш «Әліппе» (сурет 1) оқулығы жарыққа шықты. А.Байтұрсынұлының бұл «Әліппесі» сол кезеңдегі қазақ қоғамын сауаттандыру ісінде теңдессіз қызмет атқарған болатын.

Әріп-тер	Сөз сон-мында	Сөз орта-сында	Сөз бас-мында	Же-ке-тір-гін-да	Рет-саы	Әріп-тер	Сөз сон-мында	Сөз орта-сында	Сөз бас-мында	Же-ке-тір-гін-да	Рет-саы
Oo	و				18	Aa	ا				1
Əə	ء				19	Əə	ا				2
Пп	پ	پ	پ	پ	20	Бб	ب	ب	ب	ب	3
Рр	ر	ر	ر	ر	21	Вв	و	و	و	و	4
Сс	س	س	س	س	22	Гг	گ	گ	گ	گ	5
Тт	ت	ت	ت	ت	23	Ғғ	ع	ع	ع	ع	6
Уу	ۇ				24	Дд	د	د	د	د	7
Үү	ۈ				25	Ее	ه	ه	ه	ه	8
Үү	ۈ				26	Жж	ج	ج	ج	ج	9
Фф	ف	ف	ف	ف	27	Зз	ز	ز	ز	ز	10
Хх	ح	ح	ح	ح	28	Ии	ي	ي	ي	ي	11
Ғғ	ع	ع	ع	ع	29	Кк	ك	ك	ك	ك	12
Чч	چ	چ	چ	چ	30	Ққ	ق	ق	ق	ق	13
Шш	ش	ش	ش	ش	31	Лл	ل	ل	ل	ل	14
Ыы	ي	ي	ي	ي	32	Мм	م	م	م	م	15
Іі	ي	ي	ي	ي	33	Нн	ن	ن	ن	ن	16
	( )				34	Нн	ك	ك	ك	ك	17

Сурет 1. Ахмет Байтұрсынов жасаған әліппе

Ахмет Байтұрсынов қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімдерінің негізгі теминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтасып, өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін «фонетика», сөз жүйесін «морфология», сөйлем жүйесін «грамматика» қалыптырған.

Ғұлама-ғалым өзінің алдында жүйелі бағдарлама қойып бұларды біртіндеп шешуге кірісті. Ол ең алдымен қазақша сауат ашыруды көздеп «Оқу құралды» жазды, онан соң қазақ тілінің ғылыми грамматикасы «Тіл құралын» ұсынды, тілді дұрыс жұмсай білу тәртібін көздеп «Тіл жұмсарын», кейін сауат аштыру, тілді оқытудың әдістемесін жасауды міндетіне алып, «Баяншыны» жазды.

1925 жылы 5 мамырда Ахмет өз қолымен жасап берген «Газет» және журналдарда басқа ғылыми, ғылыми-методикалық еңбектердің тізімі, деген документ КАЗПИ архивінде сақталған.

Ахмет Байтұрсыновтың ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбек, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы барша осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қызмет етуге арналған.

Ахмет Байтұрсынов – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған адам. Күш жұмсауға тура келген себебі мынада. Қазақ балаларына арналып 1902 жылдан бастап алғаш үш жылдық бастауыш мектептің тілі қазақша болғанмен, қазақша жазуы, яғни ресми түрде қабылданған графикасы жоқ болатын, сондықтан әр мұғалім өз ыңғайына қарай не орыс, не араб жазуларын пайдаланатын.

Ахмет Байтұрсынов 1926 жылы «Әліппенің» жаңа түрін жазып ұсынады, бұл осы күнге дейін суреттермен берілген оқулық болатын, кітапты «Жаңа әліпби» деген атпен 1926жылы Қызылорда-Ташкент баспаларыбірігіп шығарған. 1927 жылдың өзінде оның 2, ал 1928 жылы 3-басылымы Қызылордада шығады. Бұл «Әліпби» «Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткішінде» (Қызылорда, 1926) былайша бағаланды: «Жаңа құрал. Қазақ тұрмысына сай үйлесімді суреттер бар. Емлесі жаңа. Қазақстан білім ордасы мектептерде қолдануға ұйғарған... Ахметтің 7 рет басылған бұрынғы «Әліпби» («Оқу құралы») қазақ жұртына орасан зор пайда әкелген еді... Бірақ соңғы кездерде жаңа тәртіптер шыға



бастағаннан кейін ол «Әліпби» әдіс жөнінде де, мазмұны жағынан да ескірген. Жаңа әліпби бұрынғысынан қай ретте де артық.

Сонымен, Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми еңбектері сол кездегі қабырғасы жаңа қаланып келе жатқан қазақ бастауыш мектептерінің жаңа сай талаптарына жазылған оқулықтары мен оқу құралдары дәрежесіне көтерілген.

Жоғарыда айтылғандай Ахмет Байтұрсыновтың қазақ бастауыш мектебінде оқытуды ұйымдастыруға қатысты өзіндік ой пікірмен ғылыми негіздегі пайымдаулары бар ірі тұлғалардың бірі болғанына толық негіз бола алады.

## ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ ҚҰРАЛЫ

Молдабек Дана Базарбайқызы М-31 тобы  
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай педагогикалық колледжі» КМҚК  
Жетекші: Сейлова Ляззат Алдабергеновна  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы  
Қостанай облысы, Қостанай қаласы

**«...Тәрбие адамды өзінің барлық халықтық және жеке ерекшеліктерімен – денесі, жаны мен ақылымен қабылдайды...».**

К. Д. Ушинский

Педагогика атауы қайдан шыққанын барлық адам біле бермейді. Ал бәрімізге белгілі «Тәрбие» сөзі нені білдіреді? Көптеген атаулардың шығу тегін түсіндіру тіпті ғалымдарға да оңай емес, кейде мүмкін емес деп айтсақта қате болып саналмайды. Сонымен қатар, сөздің тарихы өте қызықты және бізді ойлануға, сөздің тарихын түсінуге мәжбүр етеді. Онымен қоса, ұқсас сөздер атауларының пайда болуын зерттеу, бейтаныс сөздерді анықтауға көмектеседі, осылайша сөздік қорымызды кеңейтеді. Бұл зерттеудің өзектілігі. Ал бұл атауды арнайы ғылым зерттейді. Педагогика – (грек тілінен 'παῖς', paída — бала, гр. 'γῶ', gogos — тәрбиелеу) - жеке адамды тәрбиелеу, әсіресе, балаларды тәрбиелеу. «Педагогика» ғылымымен тереңірек танысқан кезде, біздерге бұл сөздің қайдан шыққаны ғана емес, оның тарихы, қалыптасуы, даму перспективалары, тенденциялары туралы мағлұматтарды білу аса қызықты болды. [1. 1-бет]

Қоршаған адамдар арасындағы пікірлерді тыңдап, онымен санасқан кезде, студенттердің көбі сөздер атауларының мағыналары қалыптасуын ұлттық педагогикаға сүйене отырып, оны түсіндіріп, көбіне сөздің түбіріне аса мән берді. Оның мағынасы мен түсіндіру тұрғысынан қарастыратын болсақ мүлдем өзгеше сөздер екенін ғалым болмай-ақ байқауға болады. Мысалы, «тәрбие» мен «тәрбиелеу» сөздер мағыналарының ұқсастықтары сырт көзге ғана-ақ екен, шын мәнінде, бұл сөздердің шығу тегі мен тарихында ортақ ештеңе жоқ: сөздердің етістігіне қарастыратын болсақ, ежелгі қазақ халқынан тәрб (сол мағына қалады), ал «тәрбие» литва тілімен туыстық қатынаста, udra (сол мағына қала береді), грек тілінен xudra – сулы жылан (сөзбе-сөз айтсақ «тәрбие» белгілі бір жануарды көздейді). [2. 1-бет]

Ұлттық педагогика - халықтың жалпы рухани мәдениетінің құрамдас және ажырамас бөлігі. Бұл халық өсиеттерінде, шындықты бейнелеу мен түрлендірудің басқа формаларында бекітілген білімдері, принциптері, мұраттары бар адамдар үшін дәстүрлі тәрбие тәжірибесі. Біздің күрделі және заманауи уақытта, менің ойымша, ұлттық педагогика құрбандыққа бара жатыр. Ал біз сол ұлттық педагогикаға қайта оралуымыз тиіс. Қазіргі осы шақ уақытымызда ұлттық педагогикамызды қайта жандандыру әркімнің қолында, осы ұлттық дәстүр, тәрбие, ұлттық тәрбие қазіргі заманға жетуі оңайлыққа соққан жоқ, қаншама ата-бабаларымыз ол үшін өз қан-терін төкті. Ұлттық педагогиканы дамыту барысында тек дамыту ғана емес оны аспектілі түрде этнопедагогика ретінде қарастыру қажет. Ұлттық педагогиканы осы уақытқа дейін қайтару үшін тек қана ата-бабаларымыз емес, сонымен қатар, қазіргі уақытта да көптен бір бөлігін осы ұлттық педагогикаға маңдай-терін салып жүргені қаншама. Олар ұлттық педагогикаға деген, оның дамуына өз ғылыми байлықтарын балаларды тәрбиелеу мақсатында жүзеге асыруда. Бұл кездейсоқтық емес. Осы жерде өз ойым бойынша, осыған орай бір туындаған мысалымды айта кеткім келеді. Біріншіден, ата-ана не үшін балаларды дүниеге әкеледі. Сұрақ-жауап ретінде өткізіп, ғаламтор ресурстарынан қарастырған кезде, ата-ана баланы «ұрпақты жалғастыру үшін», «тегімді жалғастыру үшін», ең қызығы «мемлекет үшін туады» деген жауап қызықтырды. Бұл қалай?! Сонда жер бетіндегі адамдар тек қана мемлекет үшін ғана туылғанба?! Әрине жоқ! Бұл жауабымды былай түсіндіре кеткім келеді. Егерде біз мемлекет үшін ғана туылған болсақ, ондай жағдайда, көптеген адамдар бұл өмірде болмас еді. Себебі, «Шындық – ащы болады» дегендей, мемлекет тек өз адамдарын ғана қояды. Ал баланы, менің ойымша «Бақыт» үшін туады. Себебі ол адамның бақыты. [3. 2-бет]

### 1.1. Ұлттық педагогика тұжырымдамасын қалыптастыру және оның өзіне тән ерекшеліктері

Көптеген ғылыми жұмыстар мен зерттеулер бойынша ұлттық педагогика барлық зерттеулер баспалдағында ғалым-зерттеушілерді бір оралай беретін шеңберге әкеледі. Барлық даму кезеңдерінде ұлттық педагогикамен айналысқан өткен мен қазіргі шақтағы ғалымдар бір нәрсеге келіп қана тоқтайды. Себебі, ол – шексіздік. Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, әл - Хarezми, Юсуф Хас –Хаджиб, Омар Хайям, Әбу Райхон Бируни, Мирзо Ұлықбек, Әлішер Навои, Захириддин Бабур және басқа да ағартушылар мен ғалымдардың мұраларын талдау олардың тәрбие туралы идеялары халықтық педагогика ескерткіштерінде айтылған идеялар мен ойларға сәйкес келетіндігін көрсетеді. Сонымен қатар, кейбір дәстүрлер халықты ұлы адамдардың іс-әрекеттерімен, өмірімен және іс-әрекетімен тікелей байланыстырады. Бұл ғалымдар гуманизм идеяларын білдірді, жас ұрпаққа жоғары адамгершілік қасиеттерді сіңіру, оларды еңбекке деген сүйіспеншілік, үлкендерді құрметтеу, достық пен қамрадия, шыншылдық пен адалдық рухында тәрбиелеу қажеттілігін атап өтті. Ұлы ғалымдар мен ақындардың прогрессивті идеялары формасы мен мазмұны бойынша халық даналығы идеяларымен үндеседі, сондықтан олар қазақ халқының педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға үлкен әсер етіп, бүгінгі күнге дейін өзектілігін сақтап келеді. [4. 2-бет]

### 1.2. Ұлттық педагогиканың адам қасиеттерімен байланыстыратын құпиялар

Ұлттық педагогиканың анықтамасын өткен кезде, оны небір адами құндылықтар мен қасиеттермен байланыста екенін білдім. Бірақ, біз оның тарихына не болмаса шығу тегіне қарап бағалай алмаймыз.

Ұлттық педагогика – ол сұрақтар немесе жауаптардың жинағы емес. Қазіргі кезде көптеген ата-аналар өздеріне сұрақ қояды, «Егер менің балам аз оқыса не істеу керек?», «Егер менің балам ашушаң болса не істеу керек?», «Егер менің балам үйге кеш оралса не істеу керек?» және т.б. Бұндай «не істеу керек?», «егер» деген сөздер өте көп. Жауабы жоқ сұрақ болмайды. Әрине бұл сұрақтың да жауаптары да табылады. Бірақ бұл жауаптар бос жауаптар болып табылады. Ондай сұрақтарды қою мәңсіз. Оның басты мәнін табу тек ұлттық педагогиканы – адами қасиеттерге дари отырып байланыстыру. Неге біз екі балаға бір нәрсені айтсақ біреуі түсініп, екіншісі түсінбейді? Неге олай. Оның құпиясы неде? Ал құпиясының сыры – бұл педагогика мен адамгершілік қасиеттерінің байланысында екен. Бұл бөлімге байланысты, мен өз ғылыми жұмысымда белгілі бір естіген тәжірибе-мысалымды айта кеткім келеді. Бұл мәлімет ғаламтор желісінде небір сайт арқылы көре аламыз. Бірақ өкінішке орай ол сайтты тек қана аз ғана адам көрген екен. Тақырыптан ауытқымай, мысалымды айта кетейін. [5. 3-бет]

«Бір кісі өзінің жолдасына хабарласып, ақыл сұрайын деп былай сұраған екен... «Менің үлкен ұлым бар, ол медициналық институтта оқиды. Оның жасы әскерге баратындай таяп қалды. Ал ұлым болса, әскерге бармау үшін институттағы емтихандарын әдейі тапсырмай жүр. Негізі менде ұлымды әскерге жібергім келіп тұрған жоқ. Бірақ өз ойым бойынша салыстыра кететін болсам, адамгершілік жағынан бұл дұрыс, ал педагогикалық жағынан дұрыс емес.» Жоқ, бұл адам өзіне, өз сұрағына қарсы шығып тұр. Себебі, жоғарыда атап кеткендей, ұлттық педагогикамен адамгершілік бір нәрсе. Біз адамгершілікке педагогикалық көзқараспен, педагогикаға адамгершілік көзқарастырымызбен қарауымыз жөн.

## ТАРАУ 2. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН - ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА ТУРАЛЫ

Ыбырай Алтынсарин бір сөзінде былай айтқан екен... «Ұлттық педагогиканың дәстүрлеріне баса назар аудара отырып, отбасын баланың сезімдері, ойлары, мінезі мен санасының алғашқы қалыптасуы мен қалыптасуы жүретін жаңа қоғамның бірлігі деп санай отырып, мұғалім дұрыс тәрбиені қарапайым тәрбие ретінде елестету мүмкін емес» деп санайды. [6. 3-бет]

Бұл айтқан сөзінде бізге, дәлірек айтқанда ата-аналарға балаларын тәрбиелеу кезіндегі мән-мағынасын түсіндіргім келеді. Осы сөздерімен мен Ыбырай атамның сөзіне қосылып небір ескертулер айта кеткім келеді.

Біріншіден, отбасы баланы отбасының қажеттіліктері үшін ғана емес, сонымен қатар қоғамдық ұжымдағы жұмыс үшін де дайындауға міндетті екенін ескеріңіз.

Екіншіден, баланың еңбегі мәжбүрлі болмауы үшін барлық күш-жігерді жұмсау, яғни, шығармашылық сипатта болуы тиіс, ынта-жігермен, сүйіспеншілікпен, «еңбек теріден» қорықпай жұмыс істеуі керек.

Үшіншіден, еңбек процесінде балада белгілі бір моральдық қасиеттерді тәрбиелеу керек : еңбек адамына деген сүйіспеншілік пен құрмет, жалқаулық көріністеріне төзбеушілік, еңбекке баулу әрекеттері.

Төртіншіден, еңбек тәрбиесі тек құрал ғана емес «еңбектегі физикалық даму», сонымен қатар адамның психологиялық және рухани дамуы.

Бесіншіден , отбасындағы еңбек дайындығының адамның жеке өмірінде, оның болашақ мамандығы мен біліктілігін анықтауда үлкен маңызы бар екенін ескеру түбегейлі балалардың өмірін өзгертетінін ұмытпау.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Балалық шақта небір ғажайып оқиғаларға сенеміз, және ол ғажайып нәрселердің қайдан шыққанын білгіміз келіп, оның жауабын іздей бастаймыз. Өз ғылыми жұмысымда ұлттық педагогиканың

бүгінгі жастардың құралы екендігін дәлелдедім. Иә, әр істе қиындық әп-сәтте дайын тұрады. Сонымен қатар, ұлттық педагогика кем дегенде келесі педагогикалық талаптарға жауап беруі керек : жұмыстың жүйелі және ұжымдық сипаты, әр баланың жасына байланысты және өзгермейтін еңбек міндеттерінің болуы. Ерте жаста еңбек ойын элементтерімен біріктірілуі керек, ал жоғары сыныптарда қарапайым еңбек формаларынан күрделіге біркелкі ауысу керек. Балаларды қажетті, бірақ кем емес еңбек міндеттерін орындауға үйрету, балаларды еңбекпен жазаламау, еңбек сапасын жүйелі түрде ескеру және бағалау, еңбекті мадақтау және жеке мысал ретінде еңбекке саналы және тәртіпті көзқарасты көрсету. ұлттық салт-дәстүрлер игі әдебиеттердің әдет-ғұрыпқа (әдепті іс-әрекетке) айналып, одан әдеп (ұлттық мәдени көрніс), әдептен дәстүрге (мәдени үрдістің ұлттық дәрежедегі көрнісі) дәстүрден салт (ұлттық мәдени көрніс), әдептен дәстүрге (мәдени үрдістің ұлттық дәрежедегі көрнісі) дәстүрден салт (ұлттық қолданыстың қолданылмалы заңға айналуы), салттан салт-сана (дәстүрдің ұлттық санаға сіңіп, сөзсіз қолданыста болуы) қалыптасқанын көрсететін жеке тұлғаның ұлттық мәдени қасиеттерін қалыптастырады.

Қазақ халқының аса бай ұлттық әдебиеті, қайырымды, әдепті салт-дәстүрлері оның этностық (ұлттық) ерекшеліктерін көрсетеді, ол жеке тұлғалардың ұлттық қасиеттерін қалыптастырады.

Халық педагогикасы- сол халықтың тұрмыстық, өмірлік тәжірибесінен дамып, қалыптасқан ұлттық тәрбиелік және дүниетанымдық жүйені көрсететін ғылым саласы. Халықтың (этностың) тәжірибесіз “педагог тажоқ, педагогика да жоқ “ (К.Д. Ушинский). “Біз бала тәрбиелеуде халық тәжірибесіне сүйенеміз” (Аристотель). Сол халық тәжірибесі арқылы дамып қалыптасқан “Халық педагогикасы-империкалық білімдер жиынтығы”(Г.С. Виноградов) болып табылады. Қазақ халқының халық педагогикасы ұлттық тәрбие құралы ретінде оның этностық (ұлттық) ерекшеліктерін қалыптастырады. Қазақтар “Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле”- дегендей, халқымыздың бойына сіңген атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиесі өзге ұлттардан ерекшеленіп, өздеріне тән қасиеттерді көрсетіп тұратындығын жоққа шығара алмаймыз. Ұлттық тәрбиеміздің халықтың сан ғасырлар тарихымен тығыз байланыста болып, осы уақытқа дейін дәстүрлі тәрбие құндылықтарын жоғалтпай жалғастырып келеді. Халқымыздың ұлттық тәрбиесі негізінен жүйелі болған. Өйткені, тәрбие әке-шеше, отбасынан бастап, ағайын- туыс, көрші-қолаңның бәрі араласып, бәрі де халықтың баласына ортақ қамқорлық жасаған. “Балаң басқұр қалдырғанша, тозбас дәстүр қалдыр” деген қазақ халқы озық жұрттардың санатында болашақ қамын қатты ойластырған. Сол себепті ұлтымыз: “Балаң өзіңе тартса- жұбан, қоғамға тартса — қуан” — деп бекер айтпаған. Біздің тәрбиеміздің бір ерекшелігі — қыз балаға қамқорлықпен қарау. Себебі халқымыз қыз тәрбиесіне баса назар аударған. “Ел болам десең- бесігінді түзе” дегендей, тәрбие бесіктен басталатынын бәрімізге белгілі. Ал бесік иесі- ана. Ал қазіргі заманда қыз баланы, яғни болашақ бесік иесін тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлуіміз керек, өйткені қыз бала ертеңгі бойжеткен, ана, халқымыздың болашағы. Сондықтан да отбасының берекесі болмай, Отанның мықты болуы мүмкін емес. Яғни, Қазақстанның әлем мойындайтын мемлекет болуы әрбір отбасына, оның мүшесіне әсіресе әйел затына көбірек байланысты. Себебі қашанда отбасының ұйытқысы — “Әйел” деген даналық сөз бабалардан болашаққа жалғасып келеді. Баяғының білімпазы Ризаудин Ибн Фахрудин: “Әйелдері тәрбиелі болған халық -тәрбиелі, әйелдері тәрбиесіз болған халық-тәрбиесіз”. Әйелдері үнемшіл,пысық, жігерлі, талантты болса- халық бай, ал жалқау, салақ немесе ысырапшыл болса, халық тақыр кедей болады,-деп бекер айтпаса керек. Тіпті, қыз бала анасына тартады деп қортынды жасаған халықта ақылды әжелер, инабатты аналары бар ауылдың бойжеткеніне көрмей-ақ құда түсу салты да бар. Қызды тәрбиелеу- ұлтты тәрбиелеу,-деген сөз. “Халықты тану үшін қызын көр”- дейді. “Кәріге құрмет, үлкенге міндет” демекші үлкендерді, қарттарды, ақсақалдарды сыйлау тәрбиеміздің ең басты ерекшелігі деп санауға болады. Себебі халқымыздың тарихына үңілсек, ұлттық танымды қалыптастырушы ата-анаға деген көзқарас пен құрмет ерекше болған. Яғни, халқымыздың ұрпақ тәрбиелеу үрдісі, отбасындағы қарым-қатынас үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету тәрізді ұлттық дәстүрлері әрқашан сақталған және оның ұрпақ тәрбиелеудегі маңызы айрықша, халықтық мінез- құлқы мен іс-әрекетінің рухани негізі. Ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, адалдық пен әділдік сияқты қасиеттеріміз ұлттық дәстүр ретінде қалыптасқан.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Педагогика>
2. <https://multiurok.ru/files/narodnaia-piedaghoghika-primiery-sriedstv-narodnoi.html>
3. <https://www.youtube.com/watch?v=ekUiaO-p1sl>
4. <https://novainfo.ru/article/13253>
5. <https://youtu.be/JZB09def4aM>
6. <https://www.youtube.com/watch?v=xSXIrbI4vXM>

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ГУМАНИСТІК ИДЕЯЛАР

Мукушева Амина Онгарбаевна  
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің оқытушысы  
Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

Қазақстанды дербес мемлекет ретінде құру, қоғамдық өмірді демократияландыру, ғылым мен білімді деполитизациялау, жаппай мектепті педагогикалық экспериментке тарту, білім беру жүйесін орталықсыздандыру, әр түрлі профилдегі және оқу материалының күрделілік деңгейі бойынша мектептерді құру, жеке оқу орындарының пайда болуы, қосымша білім беру жүйесін дамыту, қоғамды ақпараттындыру, «темір перденің» алынуы. Қазақстанда жалпы білім беру жүйесін құқықтық реттеу саласында түбегейлі өзгерістерді талап ететін қоғамдық жағдай қалыптасты. Бірыңғай оқу жоспарынан ауытқулар болды, енді ол бірыңғай, аймақтық, сондай-ақ оқу орны үшін өзіндік компоненттерден біріктіріле бастады. Барлық жерде гимназияларды, мектеп-кешендерді, лицейлерді және т.б. құру бойынша эксперименттік алаңдар құрылуда. Балама педагогиканың алаңдарына жеке оқу орындары айналууда.

Қазақстанның қазіргі қоғамының гуманизмі – бұл теория мен практика бірлігінің жоғары деңгейі, шынайы өмірде гуманистік принциптер мен идеалдарды бекіту мүмкіндігі. Өзінің мазмұнын әлеуметтік тұрмыстың объективті процестері негізінде қалыптастырып және оған қарым-қатынасында қосалқы болып есептелгенімен, гуманизм, дегенменде әр адамға қатысты алғашқы орында болуы керек, ол жеке тұлға мен қоғамды біріктіретін қуатты рухани фактор болуы қажет.

Қазақ ұлттық мәдениеті, кез келген басқа халық мәдениеті сияқты, мәңгілік рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделген. Қазақстанның ежелгі мәдениетінің зор маңызын түсіну және оның мұраттарын заманауи өмірге қолдану – әрбір қазақстандықтың парызы. Ежелгі дәстүрлер мен жоғары рухани мұраттар уақыт сынынан өтті. Біздің еліміздің мәдениеті әсіресе олар күнделікті өмірге енген кезде құрмет сезімін тудыратын мінез-құлық нормаларын ұсынады.

Гуманизм дамуының негізгі тарихи кезеңдерін талдау оны адамзаттың өркениеттік дамуының маңызды мазмұны ретінде айқындауға мүмкіндік береді. Өркениеттің тарихи түрлері гуманизмнің тарихи түрлерін де, адамға деген көзқарастың теориясы мен практикасын да ұтымды бастама ретінде сипаттаған. Гуманизм идеяларының артында прогрессивті күштердің, көрнекті ойшылдардың адамның лайықты өмір сүру жағдайлары мен бақыты үшін, қоғамның барлық мүшелерінің жан-жақты дамуы үшін жасалған ғасырлар бойғы күресі тұр. Әмбебап жалпы әлеуметтік санат бола отырып, гуманизм тарихи тұрғыдан нақты және оны қандай әлеуметтік-саяси күштер қабылдағанына байланысты белгілі бір әлеуметтік мазмұнға ие. Бірақ оның мәні әрдайым өзгеріссіз күйде қалды: қоғамдық өмірдің деңгейі мен жағдайларына қарамастан, ол адамның рухани бастауын, шығармашылық мүмкіндіктерін, саналы қызметін дамытуға бағытталды. Осы қасиеттерінде гуманизм белсенді болып табылады. Рухани мәдениеттің барлық түрлерінің басты негізі бола отырып, ол қоғамдағы кері әсер ететін тенденцияларға, жеке тұлғалар мен ұйымдардың деструктивті қызметіне, адамзатқа қарсы идеологияның әртүрлі формаларына қарсы шығады.

Педагог-гуманистердің еңбектерінде тек классикалық білім беруді ғана емес, сонымен бірге қазіргі педагогиканы құруға негіз болған көптеген принциптер қаланды: қоғамда адам тәрбиесіндегі білімнің шешуші рөлі туралы сенімді бекіту – сол кезден бастап білімді адам іс жүзінде тәрбиелі адаммен байланыстырыла бастады; тәрбиенің жаңа мақсаттарын ұсыну – еркін, әмбебап дамыған тұлғаны қалыптастыру; баланың табиғатына сәйкес білім беруді ұйымдастыру қағидатының жаңа негіздемесі; бала жасын дұрыс тәрбие берудің басты шарты ретінде есепке алу. Олар білім берудің ортағасырлық мазмұнын алмастыру идеясын негіздеді, ең алдымен орта және жоғары буындағы классикалық мәдениетті ауыстыру; түбегейлі жаңа оқу-тәрбие мекемелерін құру: отбасылық мектептер, үйірмелер мен академиялар, суретшілер шеберханалары және т.б; тәрбие мен оқытудың түбегейлі жаңа нысандарын құру, мысалы, "сабақ" секілді оқу формасын құру идеяларын негіздеді, бұл оқытудың сыныптық-сабақ жүйесін және баланың дербестігі мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған тәрбие мен оқытудың жаңа әдістерінің жиынтығын жасауға мүмкіндік берді.

Білім беруді гуманизациялау – жеке тұлғаның дамуы мен өзін-өзі тану процесі мен нәтижесі ретінде және нарықтық қатынастар жағдайында оның әлеуметтік тұрақтылығы мен әлеуметтік қорғалуының құралы ретінде жеке бағытқа қайта бағдарлау болып табылады.

Қазіргі заманғы қоғамның рухани жаңғыру жолдарын іздестіру жүріп жатқан кезде Қазақстанның, бүкіл адамзаттың рухани мұрасына, классикалық философиялардың, педагогтардың, гуманистік психология ғалымдарының тәжірибесіне жүгіну ерекше өзекті, өйткені қоғам білім беру мазмұнындағы рухани-адамгершілік компонентті іске асыратын білім беру модельдеріне аса мұқтаж.

Қазақстан Республикасы азаматының рухани-адамгершілік дамуы ҚР Білім туралы Заңының [1], Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі Тәрбие тұжырымдамасы [2], олар білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық құжаттары ғана емес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құжаттар болып табылады. Қоғам рухани-адамгершілік

дағдарысты бастан кешіп жатқан уақытта, қазіргі қазақстандық жастарды жалған діни, секталық ұйымдардың қызметіне тарту мақсатында олардың бағыт-бағдарын өзгерту жөніндегі жұмысты мақсатты түрде жүргізетін деструктивті қоғамдастықтар тарапынан жас мемлекет үшін нақты қауіп бар. Адамгершіліктің құлдырауы, қылмыстың өсуі, терроризмнің, маскүнемдік пен нашакорлықтың, сыбайлас жемқорлықтың және басқа да жаман қылықтардың таралуы әлі қалыптаспаған дүниетанымы бар жас адамның жеке басының жойылуына ықпал етеді.

Сондықтан болашақ мұғалімнің психологиялық-педагогикалық дайындығы адамгершілік тұлғаны тәрбиелеу мақсатында гуманистік негізделген педагогикалық қызметті жүзеге асыруға дайын мұғалімді қалыптастыруға бағытталған (Н.Д. Хмель [3], А. А. Каложный [4], А. А. Бейсенбаева [5], В. А. Ким [6], Г.Т.Хайруллин [7], Р. К. Төлеубекова [8], Р.А. Мұқажанова [9] және т. б.).

Білім беруді гуманизациялау болашақ мұғалімнің рухани-адамгершілік көзқарастарын, сенімдерін, қажеттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді, тек осы жағдайда оның педагогикалық іс-әрекетінің мазмұны, оның құралдары, әдістері мен практикалық жұмыс әдістері адамгершілікті болады. Болашақ мұғалімдерді психологиялық-педагогикалық даярлаудың барлық компоненттері (мақсаты, міндеттері, мазмұны, әдістері, ұйымдастыру нысандары) *білім беруді гуманизациялау қағидатына сәйкес іске асырылуы тиіс*. Білім беруді гуманизациялау - бұл білім беру процесіне кіретін мұғалім мен оқушының сындарлы өзін-өзі өзгерту, олардың жеке тұлғаларының үйлестірілу процесі. Гуманизация кезінде педагогикалық қарым-қатынас стилін демократияландыру, оқу материалын, оны оқыту және игеру құралдарын гуманизациялау жүзеге асырылады.

Ынтымақтастық педагогикасының негізгі қағидаттарын Қазақстан Республикасының мектептері мен ЖОО-ның педагогикалық процесіне енгізумен Н.Д.Хмель айналысты [10, 11], Н. Н.Хан [12].

Н. Д. Хмель "мұғалімнің балаларға деген қарым-қатынасының өзгеруі оқушылардың мұғалімге және ол оқытатын пәнге деген көзқарасының өзгеруіне әкеледі" - деп есептеді. Бірақ бұл өзгерістер мұғалім өз іс-әрекетін өзгерту қажеттілігіне дайын болған кезде, өзінің кәсіби дайындық деңгейін жоғарылатудың негізгі міндеттерін шешуге бағындыратын өзін-өзі тәрбиелеудің әдістері мен амалдарын меңгерген кезде пайда болады" [13].

Осыған байланысты, Н.Н. Хан ынтымақтастық технологиясындағы негізгі сәт оқу процесінде оқушыларға дайын білімді беру емес, ұжымдық-танымдық, бірлескен қызметті жүзеге асыру жағдайында оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру және басқару болып табылатынын атап өтті [14].

Осылайша, ғалымдардың пікірінше, мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынас стилінде болашақ мұғалімнің келесі дағдылары өзгерістерге әкелуі мүмкін:

- бірлескен жұмыстың маңызды бағыттарын және оларға сәйкес әдістер мен формаларды таңдай білу;
- білім алушылармен қарым-қатынас сипатын өзгерту (олармен ынтымақтастықты күшейту жағына).

Өз кезегінде, Мукажанова Р.А. "өзін-өзі тану" дүниетанымдық тұжырымдамасында білім беру парадигмасының ауысуы - тұрпайы материализмнен әлем мен адамды биологиялық және әлеуметтік ғана емес, сонымен бірге қоршаған әлемде өмір, қозғалыс, даму, тәртіп, үйлесімділік ретінде көрінетін, ал адам санасында мәңгілік рухани-адамгершілік құндылықтар ретінде көрінетін жоғары рухани табиғат ретінде тұтас түсіну позициясына ауысады" [20]. Адамгершілік руханияттың қайнар көзі болып және оның сыртқы көрінісі болып табылады. Ол руханияттың анықтамасын келесідей тұжырымдайды: "руханият – бұл адам ұмтылатын ең жоғары, түпкі, биік дүние. Руханилық әрқашан адамның ұмтылысының көзі, оның жанының бағыты, таңдаулы мақсаттарға (құндылықтарға) ұмтылысы. Егер руханилық жеке тұлғаның жоғары, ішкі ұмтылыстарын сипаттайтын болса, онда адамгершілік – бұл оның сыртқы байланыстарының саласы: адамдармен және қоғаммен қарым-қатынас, бұл өз кезегінде адамгершілікпен байланысты" [15, 11-бет].

Адамның жалпыадамзаттық құндылықтарға, олардың маңыздылығын түсінуге деген ұмтылысы-адамның өзін-өзі тануына және өзін-өзі көрсетуіне жеке тұлғаны белсендіретін рухани тұлға ретінде өзін-өзі растауға негіз болатын адамдардың жетекші қажеттіліктері болып табылады. Жеке тұлғаның өзін-өзі тануы оның рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға ықпал ететін рухани тәжірибе алу арқылы жүзеге асырылады. Адамның рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту кезінде адамгершілік мінез-құлық нормалары мен принциптері қалыптасады. Адамгершілік таңдау адамға рухани ізденіс пен рухани-адамгершілік іс-әрекет актісін жасауға мүмкіндік береді. Р. А. Мұқажанованың пікірінше, жалпыадамзаттық құндылықтардың көріну дәрежесі тұлғаның рухани деңгейін немесе өзінің "рухани - менін" тану деңгейін куәландырады.

*Тұлғаның рухани-адамгершілік даму деңгейін анықтау үшін олардың шындықты түсіну қабілетін дамыту қажет*, бұл оларға келесі мәселелерді зерттеуге мүмкіндік береді: адамның өзіне апаратын жолы, рухани ізденіс және рухани жетілу; адам мен оны қоршаған әлемдегі бірінғай тұтастық пен бірілігіне қол жеткізу.

Философиядағы, психологиядағы, педагогикадағы "руханият" және тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы туралы негізгі тұжырымдамалық ережелерді талдай отырып, "руханият", "тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы" зайырлы көзқарас тұрғысынан қарастырылатындығын атап өткен жөн.

Руханилықты зайырлы түсіну жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі тану процесін өзінің "рухани-менін", оның санасын, адамгершілігін, шығармашылығын, ар-ожданын және т. б. зерттеу тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Педагогикадағы руханилықты жаңғырту идеясы "Өзін-өзі тану" адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасында негізгі идея болып табылады. Бүгінгі таңда тәрбие мен білім беру процесінің рухани негізін қалпына келтіру маңызды. Тұтас дүниетаным рухани-адамгершілік заңдарды адам қоғамда тірі қалу үшін құрылмаған, керісінше бастапқыда әр адамға және бүкіл ғаламның құрылымына ендірілген, бұл ғылыми білім мен рухани-адамгершілік тәрбиені интеграциялаудың негізі бола алады.

Сонымен қатар, Ш.А. Амонашвили жаңа іргелі тұжырымдаманы – *рухани гуманизмді* бөліп көрсете отырып: "руханият, адамгершілік, махаббат, жақсылық, бейбітшілік, жақсылық ұғымдарына негізделген педагогикалық сананы өзгерту арқылы ғана білім берудің "қасіретін" – авторитаризмді және оның салдары қазіргі қоғамдағы рухсыздық пен азғындықтың көбеюін жеңуге болады" - дейді. Материалистік философия ойлаудың негізі ретінде үш өлшемді – уақытты, материяны, кеңістікті қабылдайды. *Кеңейтілген сана осы өлшемдердің басына тағы бір нәрсені қояды – руханилық, оның негізі-жоғары бастамаға деген сенім. Рухани өлшем педагогиканы даналыққа толтырады және оны болашаққа бағыттайды".*

Гуманизациялау принципі білім беру жүйесін дамытуға, барлық қарама-қайшылықтарды анықтауға, оқу орындарының инновациялық түрлерін, нормаларын, құндылықтары мен идеяларын тудыратын ең қолайлы және дәйектелген шешімдерді іздеуді ынталандыруға мүмкіндік береді. Білім беруді гуманизациялау бұрынғы ескірген субъект-объективті қатынастардан бас тартып, оларды субъект-субъективті қарым-қатынастарға алмастырумен, жаңа білім беру ұйымына, атап айтқанда әріптестік педагогикасына ауыстырумен байланысты. Білім беру саласындағы мұндай құбылыс жеке тұлғаға бағытталған мәдени қызмет ретінде педагогикалық білім беруді гуманизациялаудың қазіргі жай-күйі туралы түбегейлі жаңа түсініктің пайда болуымен байланысты. Педагогикалық мәдениеттің бұл жаңа түрі адамның қадір-қасиетіне бағытталған. Мұндай мәдениетте жетекші құндылық-адамның жеке басының құндылығы болып табылады. Оқу процесінің басты назарында оқушының өзі тұрады, оның жеке тұлға болып қалыптасуы осы нақты оқу пәнінің нәтижесі болып табылады.

Шынында да, біз сыртқы әлемді білуге және игеруге дағдыланғанбыз және ішкі рухани әлемімізді, яғни өзімізді зерттеуді және білуді ұмытып кетеміз. Қазіргі адамзат ғаламның кеңдігін жаулап алумен мақтанады, бірақ біз өзімізді жеңе алмағанымыз анық. Егер адам ашу-ызадан, ашкөздіктен, қызғаныштан құтыла алмаса, азап шегіп өмір сүрсе және басқаларға азап шектірсе, озықтық пен білімнің пайдасы неде? Шындығында, бірлікке, махаббат пен келісімге ықпал ететін, ойлаудың тарлығын жоятын және жалпыға бірдей бейбітшілік пен өркендеуді қамтамасыз ететін білім ғана шындық.

Ұлы адамдардың өмірі мен ілімдерімен танысу рухани-адамгершілік білім саласындағы идеялардың бірлігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Ежелгі адамдар айтқандай: *"ақиқат бір, бірақ данаөйлер оны әртүрлі атаулармен атайды".*

Гуманистік педагогика жеке тұлғаны дамуға ашық біртұтас жүйе ретінде зерттеуге тырысады.

Педагогикалық инновацияның екінші мысалының ішінде келесі жобаларды бөліп көрсетуге болады:

- даярлық оқыту әдістемелерінде "зорлық-зомбылықсыз педагогика", "мәдениеттер диалогы мектебі" «антропозкологиялық мектеп» жобалары әзірленіп, игерілуде;
- коммуникативтік бағыттың тұжырымдамалары, оның ішінде коммунарлық әдістеме, "мектеп-қауым", "ұжымдық өзара оқыту" тұжырымдамалары одан әрі дамытылады;
- "тұлғаға бағытталған білім беру "қағидаттары" *жеке тұлғаның даралығын дамыту*", *"педагогикалық қолдау"*, *"депривацияның алдын алу"* сияқты ұғымдарда көрініс тапты;
- қосымша білім беру ұйымдарының кең жүйесін қалыптастырудың арқасында *"білім беру және қоғамдастық" бағыты* нақты мәнге ие бола бастады, іске асырылып жатқан жобалар арасында: *"қала-мектеп"*, *"ойын орталықтары"* және *"балалар бірлестіктері (қоғамдастықтары)"*, *"қоғамдық-белсенді мектеп"* жобаларын атауға болады.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы (11.07.2017 ж. жағдайы бойынша).
- 2 Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі Тәрбие тұжырымдамасы. <http://freepapers.ru/16/konceptsiya-vospitaniya-v-sisteme-nepreravnogo/257521.1709797.list1.html>
- 3 Хмель Н.Д. Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс. Алматы: Мектеп, 1984.-115с.
- 4 Калужный А. А. Тұтас педагогикалық процесте оқушыларды адамгершілік тәрбиеге баулуда мұғалімді кәсіби даярлаудың теориясы мен практикасы [қолжазба]; дисс. ізденуге доктор пед. ғылым: 13.00.01-Алматы, 1995. -328 б.

- 5 Бейсенбаева А. А. Мектептегі білім беруді гуманизациялаудың теориясы мен практикасы. – Алматы.: Ғылым., 1998. – 225с.
- 6 Ким В. А. Тұтас педагогикалық процесте оқушыларды адамгершілік тәрбиеге баулуда мұғалімді кәсіби даярлаудың теориясы мен практикасы [қолжазба]; педагогика ғылымдарының докторы диссертациясы: 13.00.01-Алматы, 1995. -328 б.
- 7 Хайруллин Г.Т. Қарым - қатынас және өзін-өзі тану.-Алматы: Жазушы, 2005. – 288с.
- 8 Төлеубекова Р. К. Жоғары сынып оқушыларын жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда адамгершілікке тәрбиелудің ғылыми-педагогикалық негіздері: педагогика ғылымдарының докторы диссертациясы13.00.05- Алматы, 2001.-315 с.
- 9 Мұқажанова Р. А. Жоғары сынып оқушыларын оқытудың гуманистік бағыты.- Алматы: "Бөбек" ҰҒПББСО, 2015.- 167с.
- 10 Рымханова А.Р., Аманбай Ж. С. студенттердің дефектологтың кәсіби қызметіне дайындығын қалыптастыруды зерделеу // Халықаралық эксперименттік білім беру журналы. – 2016. – № 3-2. - Б.238-241
- 11 Хмель Н. Д.мұғалімнің кәсіби дайындығының теориялық негіздері. – Алматы: Ғылым, 1998.-320Б.
- 12 Хан Н.Н. тұлғалық-ұжымдық танымдық қызметі педагогикалық үдерісті гуманизациялау технологиясы ретінде. // «Ғылым мен практиканың әлемдік білім кеңістігі жағдайындағы интеграциясы» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары». – Алматы, 2003. -Б.247-249.
- 13 Хмель Н.Д. мұғалімнің кәсіби дайындығының теориялық негіздері. – Алматы: Ғылым, 1998.-320б.
- 14 Хан Н.Н. тұлғалық-ұжымдық танымдық іс-әрекет педагогикалық процесті гуманизациялаудың технологиясы ретінде. // «Ғылым мен практиканың әлемдік білім кеңістігі жағдайындағы интеграциясы» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары". – Алматы, 2003. -Б.247-249.
- 15 Мукажанова Р. А, Омарова Г. А. Мектепте "Өзін-өзі тану" пәнін оқыту әдістемесі. Мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: "Бөбек" ҰҒПББСО, 2013. -176 б.-38 Б. - 42 Б., 11 Б.

## **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДА МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ**

Мутан Ергуль  
математика пәнінің оқытушысы  
Астана халықаралық университетінің Педагогикалық колледжі  
Нұр-Сұлтан қаласы

*«Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек»  
Ахмет Байтұрсынов*

Қоғамның дамуына қарай ғылым мен техниканың деңгейі де, оны басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі. Осыған орай маман қызметінің мазмұны жаңарып, жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіншіліктерді қажет етеді. Ондай мүмкіншілік тек білім арқылы келеді.

Білім - қоғамды әлеуметтік, мәдени-ғылыми прогреспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық. Оның ең негізгі қызметі - адамның менталитетін, адамгершілігін, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, дамыту. Осыған орай егеменді еліміз өзінің дамуының ең басты алғы шарты - білім беру жүйесінің білім ғасырындағы міндеті мен мазмұнын айқындап берді.

Білім беру – аса күрделі әлеуметтік-экономикалық механизм. Оны реформалаудың мәселелері де сан қырлы. Қазіргі кездегі Республикамызда қолға алынған білім беру жүйесін реформалау ісі осы саланың экономикалық-ұйымдық, құқықтық, құрылымдық жақтарын түбегейлі өзгертуге бағытталған біртұтас кешенді шаралармен тығыз байланысты.

Жүйелі, берік білім беруде интербелсенді әдістерді дұрыс таңдап алудың маңыздылығы өте зор. Интербелсенді әдістер студенттер төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;

Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:

- бірлескен жұмыс;
- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту.
- Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:
- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық),
- рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар,
- ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет,
- құжаттар, т.б.)

Оқытушыларға қойылатын талаптардың бірі – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Озық ойлы, тапқыр да, нәзік, сезімтал, пайымды шәкірттердің іскерлігін, мүмкіндігін ескеріп, бағыт – бағдар беру, ой – өрісін дамытатындай логикалық ой тастау әрбір ұстаздың міндеті. Сондықтан да әр сабаққа студенттердің әр мәселеге сыни көзқарасын қалыптастырып, оларды ашық, еркін сөйлеуге баулу – әр ұстаздың міндеті. Сабақтың тақырыбын ашу мақсатында, сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді енгізіп, оны ұйымдастыру формасын түрлендіріп отыру – оқытушының басты міндеті екені белгілі. Мұндай жағдайда мұғалімнің шеберлігі, ұйымдастырушылық қабілеті үлкен рөл атқарады.

Көбінесе мен математика пәнін әр түрлі мамандыққа беретіндіктер өз сабағымда

Маған айт-мен ұмытып кетемін

Үйрет маған- менің есімде қалады

Өзіме істет-мен үйренемін (Қытай мақалы)

деген мақалды жиі қолданамын . Өйткені қазіргі білім беру үрдісінде білім алушыларға өз бетінше ізденіп , шешімін табуға бағытталған . Сондықтан сабақ барысында мен көбінесе студенттердің өз ойын еркін жеткізуі, математикалық тілде көбірек сөйлеуін, математикалық сауаттылығын арттырып логикаларының дамуын қадағалаймын. Оқытушы тек бағыт беріп, сұрақ қойып негізгі ойды қысқаша жеткізеді. Жеке, топтық жұмыстар әзірлеу, әртүрлі кесте, бақылау жұмыстары, пікір алмасулар сияқты танымдық-рефлексиялық әрекеттер арқылы студенттер өздері үшін маңызды болған мәселелер туындайды. Бүгінгі социумда бірлесіп әрекет ету, бірін-бірі тыңдау, көзқарасын ескеру, ескертпелерді есту, топта жұмыс істей білу аса маңызды. Бүгінгі білім беру жүйесінде жетелеп жұмыс істегеннен гөрі топтасып жұмыс істеу маңыздырақ. Болашақ мамандардың өздігінен ізденуіне, шығармашылық жұмыстарға белсенділіктерін арттыруға тақырыптың мағынасын ашуға талқылау тәсілдерін қолдану да өз септігін тигізеді. Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуда берілетін сұрақтар маңызды. Мен студенттерге Неге? Неліктен? Қалай? сұрақтарын қою, «Ойлан. Бөліс. Ұсын» әдісі арқылы олардың дербес пікірін қалыптастыру жолдарын қарастырамын. Мысалы, «Туынды», «Алғашқы функция және анықталмаған интеграл», «Қисық сызықты трапеция ауданы», «Анықталған интеграл және Ньютон -Лейбниц формуласы деген сияқты тақырыптарды өткен уақытта. Алғашқы функцияны табу амалы неге туындыны табу , яғни дифференциалдау амалы үшін кері амал болып табылады ?, Неліктен қисықсызықты трапецияның ауданын табу үшін Ньютон -Лейбниц формуласын қолданамыз, қандай байланыс бар? Интегралдау кестесі мен дифференциалдау кестесін тез есте сақтап алудың тиімді жолын ата және т.б. Бұл тұрғыда әр студент болашақ маман ретінде сұрақ тұрғысында өзіндік пікірін білдіруге талпынады. Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құрылына айналады және де студенттердің оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарту және кеңейте алады. Сұрақ бар жерде диалог, диалог бар жерде пікір алмасу, ой бөлісу, шешім шығару, қорытынды жасауға болады. Белгілі бір жаңа тақырып меңгерілгеннен соң қайта бағыттау сұрақтарын қою да маңызды. «Шеңбер» әдісі-студенттерді шеңбер түрінде отырғызып, ортаға талқылауға сұрақ тасталады. Сұрақ тұрғысында әрбір студенттің пікірін білу мақсатында шар немесе басқа да заттар қолданылады. Әр студент сұрақ алмасады, нәтижесінде әр студенттің тақырып тұрғысында дербес пікірі пайда болып, олардың сыни тұрғыдан ойлануына септігін тигізеді. Сабақты қорытындылау кезеңінде оқушыларға «Карточкалар иерархиясы», «Бес сұрақ», «Бір минут» сияқты стратегияларды қолдануға болады. Бұл пән адамды жеке тұлға ретінде тәрбиелеуге бағыт ұстайды. Әрбір жеке тұлға, жеке азамат өмірдің мәнін түсініп, өзіндік орнын табуы үшін ішкі мүмкіндіктерін аша білуі қажет. Осыған орай өтілген әрбір сабақ білім алушыны өзінше ойлауға, шешім шығаруға, өз ісіне жауапты болуға баулиды. Ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жеткен халқымыздың мол мұрасы осы пән арқылы келесі ұрпаққа жетіп жатса біздің де мақсаттарымыздың орындалғаны.

Қорыта айтқанда, «Математика» пәні білім алушыны өзінің қадірін өзі білуге, өзін сыйлауға, өзін-өзі жетілдіруге, өмірде және қоршаған өмір жағдайларында математикалық білімнің маңыздылығын ,өзінің бағыт-бағдарының болуына,ой өрісінің кеңеюіне , өз бетінше шешім қабылдай алуына және өз сөзі мен әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіне білуге тәрбиелейді. Рухани- адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік , төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет – дарынының ашыла түсуіне, ақыл-парасатын дамытуына яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді. Міне, осындай үйлесімділік болған жағдайда бүгінгісін ғана емес, болашағын сәулелі күйде елестетіп, алға ұмтылатын, арманшыл, қиялы асқақ, рухы биік азамат тәрбиелеуге болады



## Әдебиеттер тізімі :

1. А.А.Бизязева. Педагогикалық рефлексия-Псков 2004ж
2. А.Әлімов Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану .
3. А.Әлімов Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері Оқу құралы Алматы , 2003ж
4. Г.Абдулина.Интербелсенді оқыту таным белсенділігінің қазіргі бағыты.Ұлт тағылымы 2009
5. Студенттерге арналған нұсқаулық.Бірінші басылым «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016ж 48-бет
6. Әбілқасымова А.Е. Қазіргі заманғы сабақ. Алматы, 2004, 217 б.
7. Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. Алматы, 2000, 190 б.
8. Әбілқасымова А.Е., Кенеш Ә.С. Болашақ мұғалімдердің әдістемелік дайындық негіздері. Алматы, 2004.

## А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Мухамедьярова Лаззат Куанышбековна  
ағылшын тілінің мұғалімі  
«А. Құнанбаев атындағы мектеп – гимназиясы» КММ  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Биыл тәуелсіздігімізге 30 жыл толуымен қатар А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толып отыр. Жалпы А.Байтұрсынұлын кім деп танимыз? А.Байтұрсынұлы 1873 жылы туып 1938 жылы дүниеден өткен. А.Байтұрсынұлы ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, мысалшы, қоғам қайраткері. Мен бүгінгі баяндамада А.Байтұрсынұлының педагогикалық еңбектерінің құндылықтары жайлы баяндамақпын. Қазақ тілін меңгертудің әдістемелік негізін қалаған қоғам қайраткері А.Байтұрсынұлы.

Бүгінгі таңда А.Байтұрсынұлының педагогикалық еңбектерінің құндылықтары ұшаң теңіз. Ұлы ұстазымыздың өз заманында қарапайым қазақтың сауатын ашқан “Әліппе”, “Сауат ашу”, “Тілашар” т.б оқу құралдары күні бүгінге дейін әдістемелік және тіл танымдық тұрғыдан өз мәнін жоймаған құнды еңбектері екені айтпаса да түсінікті. “Әдіс-шеберліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек кылуына қарай” деген сөздері әрбір педагог қауымына бұлжымас қағида болатыны сөзсіз. Бүгінгі білім беру кеңестігінде шетелдік және отандық әдіскерлер “Сын тұрғысынан ойлау” технологиясы “Инсерт” стратегиясы сияқты т.б түрлері әдістерінің ерекшеліктері мен ұстанымдарын айқындап отыр.

Өткенге көз жүгіртсек бүгінгі жаңашыл деп танылған оқыту технологиялары А.Байтұрсынұлының жоғарыда аталған еңбектерінен бастау алатынын атап айтқан жөн шығар. Олай дейтінім ғалымның өз заманындағы балалар мен ересектердің сауатын ашуға арналған оқу құралдарынан да, шағын мақалаларынан да аңғарамыз. Атап айтар болсақ А.Байтұрсынұлының бастауыш сыныптарға арналған “Әліпбиі” (Жаңа құрал) оқулығын жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, т.б дидактикалық ұстанымдарды дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғаруға болады. Себебі А.Байтұрсынұлы бұл еңбегінде білім белгілі бір жүйемен реттеп берілуін ескеріп, балаға әлі келетін, шамасы жететін білімді ғана ұсынған. Баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, оларды іс-әрекетке жаттықтыру қажеттігін де ескерген. Қазіргі таңда ересектерді оқытатын оқытушылар мен мектеп мұғалімдері жалпы білім берудің ең ұтымды тәсілі ретінде Блум таксономиясының 6 түрлі ережесі кез-келген ақпаратты үйретудің ең ұтымды тәсілдері ретінде тәжірибе барысында дәлелденіп жүргенін барлықтарыңыз жақсы білесіздер. Себебі, Блум таксономиясының білу-мағлұматтар мен ақпараттарды еске түсіру, түсіну - жаңа идеяны түсіну, ондағы негізгі идеяларды салыстыру, сипаттау, қолдану - жаңа білімді түрлі нұсқада пайдалану, талдау - дәйектер мен себептерге байланысты ақпараттар тексеру және жіктеу, жинақтау- ақпараттарды жүйелеу, бағалау-ақпарат бойынша қорытынды жасау және жұмыс сапасын бағалау» сияқты 6 ережесі сын тұрғысынан ойлауда яғни ойлау дағдыларын қалыптастыруда, жетілдіруде соңғы әдістемелердің бірі де бірегейі. Бір қызығы Блум таксономиясындағы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту әдісін өз заманында А.Байтұрсынұлының сан жылдар бұрынғы еңбектерінің бастауы екені сөзсіз айқын. А.Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап берген құнды туындыларының бірі “Әдебиет танытқыш”. «Әдебиет танытқыш» атты зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. А.Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясымен сынына, методологиясына тұңғыш рет нақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін қалыптастырды. А.Байтұрсынұлы “Әдебиет танытқыш”

атты еңбегінде қазақ әдебиет тану ғылымының негізін салды. Сондай-ақ әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым және сол еңбегінің жарыққа шығуының негізін қалады. А.Байтұрсынұлының шәкірті Телжан Шонанұлымен бірге жазған «Оқу құралы» оқырмандар қолына тұңғыш рет 2004 жылы қазақ әріпіне түсіріліп ұсынылды. Сол кітап түпнұсқамен салыстырылып толықтырылды. Бұл хрестоматиялық еңбек бастауыш мектеп оқушыларына қазақ тарихы, әдебиет пен қазақ тілі, жағырапия, шаруа кәсіп және жаратылыстану т.б ғылым салалары бойынша санқырлы мағлұматтар береді. Оқу құралы үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім «Әдебиет тұрмыс, еңбек», деп аталса, ал «Ғылым» атты екінші бөлімі жеткіншектер ұғымына қажетті ғылыми ақпараттар мен толықтырған. Ал үшінші бөлім «Дүние» деп аталады. Бұл бөлімде жаратылыстану тылсымдарымен таныстырады. Әдістемелік тәсілі мен тілі ұлттық дүниетанымға сәйкес келгендіктен оқулық оқырмандарға өте қызықты оқылатыны сөзсіз. Сондықтан «Оқу құралы» оқушылар мен оқытушыларға, жоғарғы оқу орындарының ұстаздары мен студент жастарға, жалпы оқырман қауымға арналған құнды қазына. А. Байтұрсынұлының «Жоқтау» деп аталатын бұл кітабында ауыз әдебиеті мұраларын жинақтап, өңдеп тынымсыз еңбек етіп, аянбай ізденісінің жемісі» 23 жоқтау» туындысы.. Жоқтауларды бастырғанда Қазақ тарихының төрт жүз жылын алған. Ақынның “Қырық мысал” атты аударма жинағы 1909 жылы Санкт-Петербург қаласында жарыққа шыққан. Орыс әдебиетінен етене таныс А.Байтұрсынұлының мысал жанрына көңіл бөлуі де тегін емес. Мысал жанрының шағын көлемді туындылары арқылы маңызды ойлар айта білудің, оны астарлап сөйлетудің мүмкіншілігі зор екендігін байқаған А.Байтұрсынұлы әлеуметтік ортаға ықпал ету үшін қырық мысалын жариялаған. Бұл кітапқа енген мысалдар көлемі сюжеттік дамуы жағынан да сөз сараптау жағынан да дараланып, ерекшеленіп тұрғаны айқын. Зерттеушілердің айтуы бойынша бұл мысал жанрындағы негізгі заңдылықтардың бірі бұрыннан белгілі бір жүйемен дүниеге келген мысал автордың шеберлігінің арқасында төл туындыға асыл қазынаға айналды. Оған дәлел – Эзоп, Федр, Лафонтен, Крылов мысалдарына арқау болған сюжеттік жүйенің орталығы. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой санасын ояту үшін бар күш қайратын, білімін сарп етті. Қазақ халқының ұлттық санасын қалыптастыруға қызмет еткен бұл шығармалар Крыловтан жасалған таза аударма емес, автордың төлтума туындысы деген дұрыс. А.Байтұрсынұлы 1926 жылы “Әліп-би” (Жаңа құрал) атты жаңа еңбегін басып шығарды. Бұл әліппе қазіргі таңда кеңінен қолданылып отырған “суретті әліппе” негізінде шығарылған. Еңбек 1926 жылы Қызылорда қаласында 116 беттік кітап болып жарық көрді. Кітапта 128 сурет қолданылған. 1927 жылы “Әліп-бидің” (Жаңа құрал) екінші баспасын Қызылорда, Ташкент қалаларындағы баспа үйлері, 1928 жылы үшінші баспасын Қызылорда баспа үйі 20 000 дана етіп шығарған. Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет майданындағы есімі әр жас ұрпақ жүрегінде Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы, тарихтағы орны ғалымдық, ақындық, публицистік, қайраткерлік істері аса жоғары бағаланған. Өз уақытының аласапыран құбылыстарын бағалау болашақ алыс өрістерді көруге келгенде алмағайып ағыстарға малтығып, қалың тұманда адаспай Ахмет Байтұрсынұлының әуелі тарихтағы орнына тоқталып өткен жөн. Ақан ашқан қазақ мектебі, Ақан түрлеген ана тілі, Ақан салған әдебиеттегі елшілік ұраны, «Қырық мысал», «Маса» еңбегі, «Қазақ газетінің» 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытқанда да, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкім дауласпайды деп ұлы данышпанамыз Абай есімін бар әлемге таныстырған Мұхтар Омарханұлы Әуезов айтқан болатын. Ахмет атамыздың тарихтағы орнын, әлеуметтік-қоғамдық істерін, дүниетанымдағы кейбір қайшылықтарын өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамдардың бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол «Еңбекші қазақ» газетіндегі өз мақаласында былай деген екен: «А.Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан өз заманында патша арам қулықты атарман-шармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары губернатор, соттарға күшін сатып, тілмаш болып, арларын сатып, ұлықтық істеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай, қызметтерін қылды. Қалай болса да, жазушысы аз ғана, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына оқу хәм тіл құралдарымен қылған қызметі таудай». Ахмет атамыздың әдебиет майданында есімін асқақтатар болсақ, қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын ұлы Абай тапқан аударма жасау дәстүріне мойын ұсынады.

Тәуелсіздіктің 30-жылдық қарсаңында яғни 2021 оқу жылында Ахмет Байтұрсынұлының ұмыт бола бастаған жаңа әліппесі қайта жандандырылып оқушыларға қолданысқа берілді. Білім министрі биылғы 1 сынып оқушыларына А.Байтұрсынұлының “Әліппе” оқулығын 1 қыркүйекте салтанатты түрде табыстатып ерекше тосын сый жасады. Бұл дегеніміз менің ойымша тәуелсіздіктің ерекше сыйы болды.

Қорыта келе, “Біздің заманымыз өткен заманның баласы, келер заманның атасы”- деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай міне біз тәуелсіз елде ата заманда тәуелсіз болып өмір сүріп жатырмыз. “Білімді болу үшін оқу керек, Күшті болу үшін бірлік керек, Бай болу үшін кәсіп керек. Осы керектің жолында жұмыс істеу керек”- деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай тәуелсіздік заманда, тәуелсіз елде

емін-еркін әрдайым тәуелсіз болып білімді ұрпақ тәрбиелеп, күшті де жігерлі ұрпақ тәрбиелеп, ашық аспан астында бай қуатты болыңыздар дегім келеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009 ISBN 978-601-01-0268-2
2. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 ж., 509 бет. ISBN 5-7667-2616-3
3. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса – Алматы: “Аң арыс” баспасы, 2009
4. Ойсылбай А. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері. Автореферат. – Алматы, 2010.-26 б.
5. «А.Байтұрсынов шығармалары».-Алматы:«Жазушы», 1989.
6. Ұ.О.Еркінбаев. «Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі».-Алматы, 2008.
7. .Р.С.Имаханбетова. Ғасыр саңлағы.-Астана:»Педагогика Пресс», 2010.
8. Ұ.О.Еркінбаев. «Әдебиет танытқышты» бүгінгі әдебиеттану ғылымындағы орны».-Үркер-2010-№12.

### ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДА ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ПРОБЛЕМАЛАРЫН ОҚЫТУ

Мұқаметқали Аруна Мұхтарқызы  
тарих пәнінің мұғалімі  
Қостанай индустриалды-педагогикалық колледжі  
Қостанай облысы, Қостанай қаласы

Бүгінгі таңда Қазақстанның халықаралық интеграциялық процестерге белсене араласуын бірыңғай әлемдік білім беру кеңістігіне қосуына бағытталу білім беру ұжымдарына жаңа талаптарды жүктейді. Қазақстан Республикасында әлемдік қауымдастыққа қабылданған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын енгізудің басты міндеті – мемлекеттік білім беру жүйесін әлемдік үлгіге сәйкес деңгейге шығару, бәсекеге қабілетті оқушыларды дайындау қажет. Бұл жағдайда жалпы білім берудің мақсаты көп міндетті құзырлармен, шығармашылық әрекет тәжірибесімен қаруланған, бүгінгі өзгермелі жағдайларға бейім тұлғаны дамыту көзделіп отыр. Ең бірінші, толығымен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына тоқталып кеткім келеді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, ақпараттық коммуникациялық технологияны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылады. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Осы негізгі төрт дағдыны қалыптастыру қажет. Бұл әр дағдының ерекше түсінігі бар. Бағдарлама «Біз пән бойынша не білеміз және білімді қалай меңгереміз?» ұстанымы аясында ұйымдастыруды талап етеді. Пән бойынша білімді меңгеру оқу бөлімдерінде тілдік дағдыларды қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған. Оқу бөлімдері жинақталған білім мен түсінік және дағдыларды қалыптастыру мақсаттарын көздейтін бөлімшелерге бөлінген. Оқытудың мақсаттары әр бөлімше ішіндегі сабақтастықты айқындайды. Мұғалім мен оқушыға алдағы қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік береді.

Жаңартылған білім берудің тағы да бір ерекшелігі – оқушылардың үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білуі. Тақырыпты мұғалім меңгертіп түсіндіргеннен гөрі, бірігіп топпен оқу тиімді болып табылады. Белсенді оқыту оқушылардың белсенді қызметпен айналысуы арқылы мұғалім берген ақпараттың мәнін ұғынып, алған білімдерін есте сақтап, оны қолдана алуын қамтамасыз етуді көздейді.

Жаңартылған үлгілік оқу бағдарламасындағы қысқа және ұзақ мерзімді жоспарларды айта кеткен жөн. Қысқа және ұзақ мерзімді жоспарлардың тек бір ғана айырмашылығы бар, қысқа мерзімді жоспар әр тақырыпқа, ал ұзақ мерзімді жоспар әр бөлім бойынша жасалынады.

Қысқа және ұзақ мерзімді жоспарларда тақырыпқа байланысты сабаққа негізделген оқу мақсаттары қойылады.

Сабақтың мақсатының қойылу себебі оқушылар бүгінгі тақырып бойынша қандай мақсаттарға қол жеткізілу керек екенін біледі. Сонымен қатар, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарларда оқу мақсаттарынан бөлек сабақтың мақсаты қойылады. Сабаққа негізделген оқу мақсаттары мен сабақтың мақсатының айырмашылығы: Сабақтың басты міндеті - оқу мақсатын жүзеге асыру болғандықтан, сабақ жоспары толығымен оқу мақсаттарынан туындайды. Сабақ мақсаты, бағалау критерийлері, берілген тапсырмалар оқу мақсатына бағынады. Оқушылардың барлығы оқу мақсаттарына жетуі керек. Бағдарламада оқу мақсаттары төрт саннан тұратын кодтық белгімен көрсетіледі. Олар мынаны білдіреді: бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін (әр пән бағдарламасы екі бөлімнен тұрады), төртінші сан оқу мақсатының реттік номерін көрсетеді.

Ал, сабақтың мақсаты дегеніміз-сабақ нәтижесінде үйренетін дағдылары, оқушының сабақ бойы жасаған жұмысының нәтижесі. Сабақ мақсаттары оқу мақсаттарына негізделіп, жасалынады.

Бағалау критерийлері кейбір қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарларда «табыс критерийі», «жетістік критерийлері» деп атайды. Бағалау критерийлері оқушылардың оқу мақсатына жеткендігін, оқушылардың үйренгендігін, деген сұрақтарға жауап беру арқылы айқындалуы қажет [1, б. 25].

Қысқа мерзімді жоспарларда тілдік мақсаттарды қалыптастыру керек. Тілді, сөйлеуді дамытуда тілдік мақсаттар қойған маңызды деп ойлаймын. Тілдік мақсаттар оқушылардың тақырыпқа қызығушылығын арттыру мақсатанда қолданылады. Сонымен, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарларда мынандай тілдік мақсаттар қойылуы керек: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым.

Оқу жүйесін ұйымдастыруда құндылықтарды дамытуда маңызды ұстанымдардың бірі болып табылады. Сондықтан да, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарларда оқушылардың жеке қасиеттерін дамуын қалыптастыру үшін құндылыққа бағыттау қолданылады.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік нұсқау хатында былай делінген: «Оқытудағы құндылықтарға бағытталған тәсіл – ол оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдаланудың тәсілі.

Сонымен қатар, қысқа және ұзақ мерзімді жоспарларда пәнаралық байланыстар да жазылады. Пәнаралық байланыстар оқушыларға бүгінгі тақырыпта қандай пәндермен байланыс орнататындығын білу үшін қолданылады.

Қысқа және ұзақ мерзімді жоспарларда ақпараттық коммуникацияларды қолдану оқушылардың ойлау деңгейлерін арттырады. Ақпараттық коммуникацияларды қолдану оқушылардың сабаққа деген зейінін арттырады.

Алдыңғы білім кез-келген қысқа және ұзақ мерзімді жоспарларда қолданылады. Оқушылардың алдыңғы тақырып бойынша не білетіндігі көрсетіледі. Яғни, сабақ тақырыбы бойынша бұрыннан не білетіндігі көрсетіледі.

Қысқа және ұзақ мерзімді жоспарларда түрлі ресурстар қолданылады. Мысалы: қағаз, түрлі суреттер, маркерлер, қайшы және т.б. Ресурстар оқушылардың зейінін аудару үшін және сабақ қызықты өту үшін қолданылады. Сонымен қатар, ресурстарға видеоматериалдар, слайд, басқа да ақпараттарды жатқызуға болады.

Саралап іріктелген тапсырмалар, оқушылардан күтілетін нәтижелелер қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлардың қосымша ақпарат бөлімінде қолданылады. Саралап оқыту сабақтың кез-келген кезеңінде қолданылады. Оқушыларға қосымша ақпарат ретінде беріледі.

коммуникационные технологии, действовать в рамках образовательных платформ, которые были приняты в образовательном учреждении. Появилась потребность для преподавателей в дополнительном обучении, самообразовании и самосовершенствовании для налаживания оптимальной работы и поддержания качественного обучения студентов. Тут-то и сработала народная мудрость «Век живи – век учись!». Электронное обучение существенно влияет на все составляющие компоненты учебного процесса, при этом, изменяется структура, местонахождение, методика совместной деятельности преподавателя и студента. Конечно, в дистанционное русло мы влились, работа наладилась. Стало ясно, что обучение на расстоянии имеет свои стороны как положительные, так и отрицательные, как и в любом другом деле. На новую ступень встал вопрос о повышении профессионализма педагогов.

Одна из главных задач Государственной программы развития образования Республики Казахстан на 2020-2025 годы заключается в повышении качества педагогических кадров и престижа профессии учителя, сформированности преподавателя новой формации. Профессиональный рост – неотъемлемая часть нашей жизни, а дистанционный формат способствует непрерывному образованию. Но, так сложилось, что в течение последних двух лет данная задача реализуется в основном в заочной, дистанционной форме.

Начало начал, конечно же, в повышении профессионализма дистанционно: компьютер-дистанционные технологии, дистанционные технологии-компьютер — два неразрывных звена в цепи повышения профессионализма, уровня преподавания, возможности идти в ногу со временем. Поэтому совершенное владение компьютером – важное современное требование в процессе самообразования, саморазвития. По истечении немалого времени можно сделать вывод, что преподаватели свободно используют средства информационных технологий, технических средств, а курсы стали обычным полноправным компонентом дистанционного образования.

С применением информационно-телекоммуникационных сетей не останавливается, а получило дополнительные более широкие возможности, дистанционное обучение педагогов, и, пройдя отдельный дистанционный курс в рамках повышения квалификации, у нас есть возможность глубже проникнуть в этот процесс, который в итоге будет переложен на обучение студентов.

Преподаватели сейчас могут выбрать интересующий курс по своему предпочтению, что является одним из преимуществ – учиться непосредственно тому, в чем есть потребность.

В интернете самые разные образовательные порталы предлагают множество онлайн-курсов по разным профилям, в т.ч. и международные от ведущих университетов, с получением сертификатов: например, Талап, Интуит, *Elab.Asia*, Coursera. При этом можно расширить, углубить свои знания абсолютно во всех жизненных сферах, но, главное, конечно, повысить свою квалификацию как преподавателя по своему профилю.

Дистанционное курсовое повышение квалификации повышает мотивацию к самосовершенствованию педагогов, поиску, позволяет ориентироваться потоках информации, работать с открытыми образовательными ресурсами, при этом включает в себя все присущие учебному процессу компоненты. Не нужно ожидать срока прохождения курсовой переподготовки, достаточно открыть интернет, и найти курс, соответствующий вашим потребностям и условиям. Нам, как преподавателям специальных дисциплин строительного профиля, в дистанционном формате дистанционно довелось совершенствовать свои навыки в постоянно обновляющихся программах автоматизированного проектирования: *ArchiCad*, *AutoCad*, *Revit*, *Компас 3D*, так необходимых в подготовке техникув-проектировщиков и техникув-строителей.

Для обучающегося преподавателя приоритетом на дистанционном повышении квалификации должна стать организация систематических самостоятельных занятий, направленных на решение поставленных задач и достижение запланированных конкретных результатов. Слушатели курсов имеют ряд преимуществ: доступ ко многим источникам учебной информации (электронным библиотекам, базам данных), общение друг с другом, которое не прекращается и после прохождения курсов, и с преподавателем через социальные сети или с помощью средств информационных технологий. Важный положительный факт, что на курсы повышения квалификации педагогам нет необходимости выезжать за пределы места проживания, а обучаться без отрыва от основной деятельности.

Также успех дистанционного обучения зависит немало от деятельности тренера, ведущего курсы, от того, насколько он сам владеет необходимой информацией, как им организованы учебные занятия: интересен ли материал, какова атмосфера во взаимодействии со слушателями, возможность дать исчерпывающие ответы на созревшие вопросы, манера проведения занятия и др. Для обучающихся педагогов восприятие нового материала будет, конечно, лучше и интереснее, если преподающий дополнит свой рассказ тематическим видеорядом, включит в учебной занятие элементы занимательности с помощью презентаций, обучающие интернет-платформы (например, Google, Kahoot, *Jam Board*, *Popplet*, *Padlet*, *Miro*), онлайн-тестов, игр.

Однозначно, что только когда педагог сам пройдет хотя бы один дистанционный курс, он лучше освоит данную технологию и сможет с успехом применять ее на практике, при обучении студентов согласно своей специальности и квалификации. Способствуют профессиональному развитию научно-практические конференции и профессиональные конкурсы разного уровня. Подготовка к ним

самостоятельно или в качестве руководителя со студентами и участие в них помогают успешно решать задачи повышения профессионализма, качества предоставленной работы, позволяют создать благоприятную среду для развития интеллекта, совершенствования профессиональных умений и навыков, развития профессионального и креативного мышления, способствуют формированию опыта творческой деятельности в определённой сфере. Демонстрация профессионального мастерства и дальнейшее его совершенствование – главная цель профессионального конкурса.

Дистанционные технологии в полной мере позволяют организовать проектную деятельность студентов, где преподаватель выступает в качестве консультанта, направляющего и время суток тут не в счет. Преподавателям и студентам нашего колледжа не раз довелось участвовать в международных конкурсах с проектами, которые были оценены достойно, и студенты с научными руководителями из числа педагогов: получали звания лауреатов, дипломы, призы, благодарственные письма.

Для выяснения отношения к дистанционным технологиям и влиянию их на профессиональный рост, нами было проведено социологическое исследование. Для этого была составлена анкета «Отношение к дистанционным технологиям в профессиональном развитии». Если проанализировать ответы респондентов (опрошено 50 преподавателей колледжа), то видно, что главным преимуществом в получении образования, профессионального развития выделяется доступность: интернет общедоступен, надежен, в независимости от местоположения и экономия времени: нет дополнительной траты времени на то, чтобы добраться до определенного места. Далее следуют: возможность добывать обширную разнообразную информацию (при подготовке заданий), повышение профессиональных навыков деятельности в дистанционном формате и деловое общение (обмен опытом, работа в команде)

Конечно, у каждого педагога сложилось свое отношение к дистанционному обучению, кто-то хвалит, кто-то ругает: у каждого свой характер, темперамент, коммуникативные навыки, владение компьютером и всем, что к нему прилагается, умение пользоваться интернет-ресурсами и многое другое.

Как правило, повышение квалификации – это ещё и перспективы для карьерного роста, совершенствования конкретных знаний, получение профессиональных навыков в решении практических задач и улучшение качества образования в целом.

Современный педагог, который будет в курсе последних новинок, новых подходов и методик обучения, быстро найдёт общий язык со своими студентами, что в итоге приведёт к большему взаимопониманию между ними. Это влечёт за собой приятные последствия, обучающийся будет стремиться достичь такого же уровня, как у своего преподавателя, это «подстегнёт» его на улучшение своих знаний и самообразование, и в итоге из него в дальнейшем получится прекрасный специалист, знающий своё дело. Современные дети любят «продвинутых» преподавателей, с которыми чувствуют себя «на одной волне».

Высокий темп жизни, постоянная нехватка времени не дали бы педагогу основательно заняться повышением своей квалификации, и интернет-технологии, используемые для дистанционного обучения, дают возможность решить эту проблему. Благодаря современным технологиям дистанционного обучения мы, преподаватели не только получаем профессионально необходимую информацию, но попутно выполняем практическую часть учебной работы, тут же осуществляется контроль и самоконтроль всего усвоенного и увидеть результат посредством онлайн-тестирования, есть возможность обменяться опытом и защитить разработанные тематические проекты на вебинаре. Еще одна важная возможность, которую мы имеем при дистанционном обучении — это непосредственное использование в дистанционном формате инновационных технологий, овладение ими поможет более глубоко осмыслить пути их применения в своей деятельности, прогнозировать трудности, с которыми могут столкнуться студенты, разработать авторские электронные ресурсы на основе тех, с которыми познакомились на курсах.

В статье Т.А. Телешевой «Возможности дистанционных курсов в повышении квалификации педагогов» четко отмечено, что дистанционные курсы повышения квалификации педагогов помогают:

- приспособить преподавателя к новым технологиям и дать почувствовать себя комфортно себя среди этих технологий;
- совершить самостоятельный подъём на следующую ступеньку в карьерном росте;
- построить обучение таким образом, чтобы обучающийся получил образование в соответствии с его возрастом;
- пользоваться новыми разнообразными технологиями и формами построения учебной деятельности учащихся; строить урок, позволяющий осуществить оптимальный подход, как каждому ученику, так и к группе обучающихся;
- систематически осуществлять самообразование;
- применять средства информационных компьютерных технологий для построения собственной профессиональной деятельности;
- находить общий язык с учениками, что позволит достичь наилучшего результата в понимании друг друга и вследствие получения образования [4].

Дистанционные курсы неотъемлемая часть самообразования, но самое главное для преподавателя – это качественно провести занятие. Урок должен быть запоминающимся, интересным и

«смотрибельным». А для этого преподавателю необходимо готовиться: прочитать учебную литературу, разработать контрольные вопросы, домашнее задание и составить план занятия, подумать, в какой форме преподать подготовленный материал слушателям. Большую роль в самообразовании играют и внеклассные занятия. Для студентов колледжа проводятся мероприятия: научно – практические конференции, конкурсы, семинары, на которых они представляют свои работы, но сам студент без поддержки, без помощи и подсказки преподавателя не справится. При разработке научных работ со студентами преподаватель изучает много специальной литературы, знакомится с новинками строительного производства и общается с инженерами – строителями производственными, чтобы владеть информацией по разрабатываемой теме в полном объёме, чтобы суметь подсказать и направить, найти научное обоснование или даже сделать открытие. При подготовке к профессиональным конкурсам все участники, и студенты, и педагоги, наиболее глубоко изучают возможности систем автоматизированного проектирования, так как конкурсные работы разрабатывались, с целью наглядности, в этих программах. А также при подготовке к конкурсу познакомились с нормативной документацией по проектированию гражданских и промышленных объектов и градостроительству населённых пунктов.

Для повышения рейтинга преподавателей имеют большое значение их публикации статей и заметок в журналах и газетах. Несмотря на то, что получено техническое образование, приходится развиваться и обучаться в литературном направлении, учиться грамотно и логически последовательно излагать свои мысли на бумаге. Освещать события, мероприятия, делиться опытом посредством печати так, чтобы читателю был интересен предлагаемый материал. Помимо статей, для облегчения своей работы и работы других преподавателей, разрабатываются методические указания по оформлению и выполнению курсовых и дипломных работ. Как результат накопленного опыта и высокого профессионализма, преподаватели пишут книги и учебные пособия, учитывая всё новое, что предлагается техническим прогрессом. Это значительно облегчает труд педагога, помогает студентам при изучении материала и, приходя на современное производство, молодой специалист не требует переобучения.

Работая преподавателями специальных дисциплин и на строительном и архитектурном отделениях, нужно быть в курсе событий в сфере архитектуры и строительства, для этого приходится изучать много нормативных документов в этой области, например, журнал «Экспресс-информ», Вим-форумы, где регулярно публикуются и обсуждаются решения Правительства Республики Казахстан, предоставляются актуальные сведения о технических регламентах, государственных нормативах, национальных и межгосударственных стандартах и сметных нормативных документах в области архитектуры, строительства и градостроительства. Также весьма полезно советоваться со специалистами, которые работают на производстве и как практики могут дать полезный технический совет для решения трудного вопроса при курсовом или дипломном проектировании [5].

На тему самообразования высказывались многие выдающиеся личности. Быть может, ознакомившись с ними, вы убедитесь, что идёте верным путём, а приведённые ниже цитаты подзадорят вас и добавят мотивации. Цитаты великих людей на тему самообразования:

«Учитель — это человек, который учится всю жизнь, только в этом случае он обретает право учить» (Лозинский В.М.), «Если будешь любознательным, то будешь многознающим» (Сократ), «Люди перестают мыслить, когда перестают читать» (Дени Дидро), «Надо много учиться, чтобы осознать, что знаешь мало» (Мишель Монтень), «Не стыдись учиться в зрелом возрасте: лучше научиться поздно, чем никогда» (Эзоп),

В заключении хочется сказать, что самообразование, в том числе дистанционное, жизненно необходимо для современного преподавателя, невзирая на опыт, квалификационные категории, нам нужно держать руку на пульсе современных инноваций в образовании, саморазвитии, в помощь нам дистанционные образовательные технологии, а это — конкурентоспособность, востребованность, достоинство.

### Список литературы:

1. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048> (дата обращения 13.01.2022)
2. Питер Сендж. Пятая дисциплина/ П.Сендж Пятая дисциплина, 2006.
3. Самообразование [Электронный ресурс]/Режим доступа: <https://4brain.ru/samoobrazovanie/>
4. Т.А. Телешева «Возможности дистанционных курсов в повышении квалификации педагогов» [Электронный ресурс] / Режим доступа: <http://shgpi.edu.ru/files/nauka/vestnik/2015/2015-2-32.pdf>
5. Информационный бюллетень - журнал «Экспресс – информ»

## БІЛІМ БЕРУ ҮРДСІНЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БЕЛСЕНДІ ЕНГІЗУ

Уахитова Алмагуль Абдуалиевна  
Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі,  
қоғамдық пәндер оқытушысы  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін әрбір білім беру мекемесіндегі ұжымының, әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Осы жайттарды ескере отырып, қазіргідей жаһандану дәуірінде сабақ үдерісінде жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып сабақ өткізу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. [1]

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр. Білім беруді дамыту негізінде жалпы оқыту үрдісіне жүктеліп отырған жаңаша талап, міндеттер жоғарғы оқу орны оқытушыларына да қойылуда. Сондықтан оқытушы іс-әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

«Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» өз бетімен білім ала алатын және алған білімін өмірдің түрлі жағдайларында қолдана білетін жеке тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететін оқытудың жаңарған технологияларына көшу талабын қойып отыр.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. [2]

**Білім беру жүйесі** - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. [3]

Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі- рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге сай оқытудың сапасын арттыру мәселесі жаңа оқыту технологияларын өз дәрежесіне сай қолдануға да тікелей байланысты. Мұны Қазақстан

Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасындағы мынадай жолдар «...білім беруді дамыту үшін оқытудың озық жүйелері мен технологияларын әзірлеу мен енгізу» талап етіп отыр.

«Технология» ұғымы соңғы кездері педагогикалық әдебиеттегі ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Технология ұғымының дидактикалық ұғымдармен байланысы сан алуан: оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы, тәрбие технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, даму технологиясы, қалыптасу технологиясы, модульдік технология, топтық оқыту технологиясы және т.б. [4,174]

Оқытудың жаңа технологиясын пайдалану- сапалы білім негізі.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз - оқу. «Надан жұрттың күні –қараң, келешегі тұман», -деп М.Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі-білімді ұрпақ. Сусыз, құрғақ, таса көлеңке жерге дән ексең өнбейтіні сияқты, жас ұрпақтарымызды тәрбиелемесек өспейді, өнбейді. Қазіргі мұғалімдердің алдында тұрған басты міндет- оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі - жаңа технология негіздері болып табылады. Сонымен бірге өскелең ұрпақтың ақпарат құралдарымен жұмыстана білуіне назар аударған жөн.

XXI ғасырда әлемдік өркениет төрінен орын алуы үшін, Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден-бір жолы ғылымды әр қырынан меңгеру қажет болып отырғаны белгілі. Елбасымыз Қазақстан халқына «Бәсекеге қабілетті халық үшін», «бәсекеге қабілетті экономика үшін» - деген жолдауында: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдың бірі» - деген. Қазіргі заман талабына сай, Елбасының халыққа Жолдауы білім беру ісінде де жыл сайын өзгерістер енгізіп отыр. «Жаңа технологиялық күзінет» бағдарлай білу өз бетінше білім беруде стратегиялық міндеттерін табысты шешуге мүмкіндік береді: таңдай білу, талдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, жеткізе білу, жүзеге асыра білу», -деп атап көрсеткен. Осыны жүзеге асыруда жаңа формацияның педагогы қажет. Мұғалімдердің жаңа ұрпағы, білім деңгейі жөнінен әрдайым саналып келгендей, біршама емес, әлдеқайда жоғары болуы тиіс. [5,22-23]

Бұл - уақыттың талабы. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Ол - балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде жүзеге асырылуы орынды. Жаңа тұлға оқушыны дамыту жолдары: өзін-өзі өзіктендіру, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамушы тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған. Демек, мектеп оқушыларының ғылым, білімнің қоғамдық қажетті деңгейі мен қамтамасыз ету, оларды Отандық, ұлттық және әлемнің мәдениет арналарына сусындату қажет.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» Жолдау
2. Қазақстан Республикасының Білім Заңы
3. Қазақстан Республикасында 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы//Астана. 2004. 3-4б.
4. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе // Алматы. 2005
5. А.Б.Айтбаева. «Білім берудегі жаңа технологиялар» // Алматы. 2011.

### ПІКІРСАЙЫС ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Узакова Боранкуль Зиядиновна  
аға оқытушы, магистр

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының оқытушысы  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Еліміздегі саяси-әлеуметтік жағдайдың тез өзгертіп отыруына және жаңа ақпараттық, коммуникациялық технологиялардың үлкен қарқынмен өмірімізге енгізіле басталуына байланысты бүгінгі заман тұлғасының қасиет пен қаблеттерін қалыптастыруға үлкен талап қойылып отыр. Аталмыш талаптарға сай келу үшін ғылыми-педагогикалық қауымдастық бүгін білім берудің тиімді жолдарын іздеуде. Білім берудің алдына қойған мақсаты дайын нәрселерді үйретіп қана емес, сонымен қатар күрделі мәселелердің ішінен негізгіні анықтап шеше білетін, саналы, белсенді тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Оқытудағы жаңа технологиялардың бірі ретінде пікірсайыс жоғары мәртебеге ие болып отыр. Бұл бағдарлама Қазақстанға 1996 жылы халықаралық «Сорос» қорының Карл Поппер форматы бойынша өткізген бастапқы семинарларының арқасында келген. Қазіргі таңда бұл технология елімізде өз жалғасын тауып отыр.

Пікірсайыс дегеніміз – белгілі тақырып көлемінде арнайы ережелермен шектелген сөз жарыстыру, білім таластыру өнері. Қазіргі таңда пікірсайыстың әртүрлі форматтары бар. Олардың барлығы жаңа заман педагогикасындағы «субъект-субъект» принципіне негізделген. Қазіргі таңда пікірсайыстың әртүрлі форматтары бар. Олардың барлығы жаңа заман педагогикасындағы оқушылар арасында, оқушы мен оқушы арасында, оқушылар топтарының арасында болуы мүмкін. Бұл технология оқу мен мұғалім арасындағы авторитарлы стильдегі қатынасты ашық демократиялық стильге түрлендіруге мүмкіндік береді. Осындай стильдегі қарым-қатынас оқушы мен мұғалімнің шығармашылыққа деген әлеуетін көтереді.

Пікірсайыс технологиясы білім беруде жоғары жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді. Пікірсайыс әңгіме болғалы отырған заттар жайлы белгілі бір білімнің болуын талап етеді. Аталмыш заттар жайындағы білімдер жүйелі пікірсайысқа қатысушылардың белгілі бір жүйелі білімі болады. Пікірсайыс технологиясын оқу процесіне енгізу – бүгінгі заманның талабы. Оқу процесін оындай тәртіппен ұйымдастырудың арқасында төмендегідей жетістіктерге жетуге болады:

- оқушыларда белгілі бір тақырып бойынша жүйелі білім қалыптасады;
- оқушылар әртүрлі мәлімет пайдаланатын болғандықтан көптеген жаңалықтарды тезис түрінде жеткізуге мүмкіндік береді;
- әрбір оқушы өздігінен жұмыс жасап, оны жеткізу жолын таңдайтын болғандықтан оқу процесі бір сарынды емес қызыққа толы, таласты болады;
- пікірсайыс негізінде оқушылар жалпыға ортақ деп танылатын әмбебап пікірге келеді.

Тақырып бойынша өз бетінше мәлімет жинақтаған оқушы пікірсайысқа келіп өзінің ойы, ұстанған позициясы қаншалықты шындыққа жанасады, алған білімі қаншалықты қолданысқа ие екендігіне көз жеткізе алады. Мәліметтер төңкерісі болып отырған заманда оқушылар бүкіл жағдайлықтарды оқып-тануы мүмкін емес. Осы тұрғыда алғанда білім беру мекемелерінде жүйелі жұмыс жасайтын пікірсайыс бәсекелерінің алар орны ерекше. Оқушылар осындай пікірсайыс бәсекелеріне қатысу арқылы немесе көрермені болу арқылы көптеген мәліметтерді игере алады.

Аталмыш пікірсайыс бәсекелерін әртүрлі пәндер үшін әрқилы формада ұйымдастыруға болады. Жоспарланған сұрақтар бойынша оқушылар мәліметтер жинақтап, белгілі бір ой қорытады. Пікірсайыста тың ойлар жүйеленіп, тыңдалып, талқыланады, ортақ пікір іздестіріледі. Пікірсайысқа қатысу деңгейіне байланысты бағалау жүзеге асады. Пікірсайыстың белсенді мүшелерін сраптық комиссияға, ұйымдастырушы алқаға қатынастыруға болады.

Пікірсайыс технологиясы тәрбие процесінде негізгі құралдардың бірі ретінде қолданылады. Пікірсайысты белгілі ережелермен шектелген білім таластыру өнері ретінде қатыстыруға болады. Нақты ережелердің сақталуы пікірсайыс мақсатына жетуді қамтамасыз етеді. Бұл фактіні түсінген оқушыларда белгілі бір заң шеңберінде жұмыс жасау дағдысы қалыптасады. Мұның барлығы құқықтық тәрбиенің негізін қалайды. Оқушы пікір таластыру барысында өз әріптестерін тыңдап, олардың ойларын тыңдауды үйренеді. Әрбір жеке пікірдің қаншалықты маңызды екендігін сезінеді. Бұндай іс-әректтер қабылдап, құнды сын-ескертпелерді дұрыс пайдалану адамгершілік тәрбиенің қайнар көзі болып табылады.

Пікірсайыс технологиясының дамытушылық міндеттері өз алдында бір бөлек. Пікір таластырушы әрқашан ізденіс үстінде болады. Оның ойында шығармашылық қаблеттер дамиды. Көптеген проблемалардың ішінен негізгіні анықтау, оны шешудің жолын іздеу, ұсыну, ұсынысын қорғау деген кезеңдерден өту барысында оқушы өз ойларын логикалық тұрғыдан сраптап, анализ, синтез операцияларын кеңінен қолданады, ой-өрісі дамиды. Продуктивті ойлау нысандары оқушыны өз ойын сөзбен жетік жеткізуге көмектеседі. Сөйтіп сөйлеу мәнері қалыптасқан, ой-өрісі кең, терең білімді тұлға қалыптасуына жол ашылады.

Пікірсайыс технологиясының мүмкіндіктері:

- ✓ Субъектілер арасында мәлімет алмасуды қамтамасыз ету.
- ✓ Білім беруді мақсатты, саналы түрде ұйымдастыру.
- ✓ Білімді жүйелі түрде пайдалануды үйрету.
- ✓ Мәселенің жан-жақты сырларын ашу.
- ✓ Сын тұрғысынан ойлауды үйрету.
- ✓ Шығармашылық қаблетін ашу.
- ✓ Логикалық ой-өрісін дамыту.
- ✓ Сөйлеу мәнерін дамыту.
- ✓ Ғылыми ізденіске баулу.

Әр топ өз көзқарастарын дұрыс жүйемен құрып, дәлелдеу арқылы қарсыласының дәлелін жоққа шығарады. Пікірсайыс бағдарламасының оқу процесіне енгізудің алғашқы кезеңі жаттығулардан басталады. Бағдарлманы жетік меңгеріп, қойылған мақсатқа жету үшін төмендегідей жаттығуларды іске асыру қажет:

- кіріспе жаттығулар;
- дәйек құруға көмектесетін жаттығу;
- пікірсайыс тақырыптарын дайындау мен талдауға арналған жаттығулар;
- үлгі бойынша жаттығулар;

- жақтау тобының кейісін құуға арналған жаттығу;
- қақтығыс тудыратын сұрақтар жаттығуы;
- теріске шығару кейісін жасайтын жаттығу;
- терістеуге арналған жаттығулар.

Жаттығулардан кейін дайындық басталады. Белгілі тақырыпта пікірсайыс өткізу үшін оқушылар біріншіден, зерттеу жұмысын жүргізеді. Зерттеу барысында оқушылар ғылыми әдебиеттер мен баспа материалдарын оқып, сараптамадан өткізеді. Екіншіден топ мүшелері ойларын ортаға салып, тақырып төңірегінде талдау жасайды. Пікірсайыс технологиясының оқу үдерісінде енгізілуі оқушының тұлға, адамзат ретінде жетілуіне, білім алуға деген қызығушылығының артуына зор ықпал етеді.

Пікірсайыс технологиясының негізгі кезеңдері:

1. Қарар: «Болымды-болымсыз».
2. Аргумент: төрешінің көзін шындыққа жеткізу, дәлелдеу арқылы іске асырылады.
3. Дәлел: нақты тақырыпты ашатын фактілер келтіріп, қайнар көзін айтады.
4. Қарам-қарсы сұрақ-жауап.
5. Шешім қабылдау.

Пікірсайыстың басты ерекшелігі – берілетін мәліметтің ақиқатқа (шындыққа) жанасуы, ойыншылардың бір-біріне деген құрметі.

1. Шыншылдық. Шыншылдық пікірсайыста әрбір ойдың, түйіннің өзегі болып атбылады. Жалған дәлелдер, баспа материалдарының 10 жылдан асқан ақпараттары есептелмейді.

2. Бір-біріне құрметпен қарап, пікір таластыру. Пікірталас кезінде бір-біріне сыйластық сақтап, сыпайылық көрсету. Сұрақ-жауап ойын барысында айтылған ойларға қатысты туындау керек.

3. Ойынға төрешілер баға беріп, талдау жасайды. Өз дәлелін шешендікпен тыңдаушыға жеткізе білген, ұйымдастыру өнерін көрсете білген, жүйелі сөйлейтін, қақтығыс пікір айта білген ойыншылар жоғары бағланады.

Пікірталастың мақсаты да үшінші бейтарап төрешіні сендіру, төрешіге айтылып жатқан мәселені дәлелдеу, өз дәлелін қарсыластарынан жақсырақ және сенімдірек екенін көрсету. Мақсат қарапайым болғанымен, пікірталасының стратегиясы, техникасы осы мақсатты соңына дейін жеткізу күрделі болып табылады.

Пікірсайыс технологиясының мақсаты – оқушылардың жан-жағынан сын көзбен қарап, орын алып жатқан құбылыстарға өзіндік баға беруге, айналасындағы адамдармен еркін қарым-қатынас орнатып, жалпы қоғам өміріне белсенді араласуға тарту.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Бұзаубақова К.Ж. Білім берудегі инновациялық технологиялар. Тараз., 2014.
2. Кларин М.В. Педагогическая технология в учебном процессе. Москва., 2010.
3. Кертасева Г.М. О психологическом комфорте на уроке. Алматы: Эвро, 2014.

## КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Уразалдинова Дариға Жақанқызы,  
Қостанай құрылыс колледжі КМҚК, арнайы пәндер оқытушысы  
Қостанай облысы, Қостанай қаласы

*Педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе  
- ең тиімді оқыту әдістерін таба білуде. Ы.Алтынсарин*

Ұлтымыздың кемеңгер ағартушысы, қажырлы қоғам қайраткері Ы.Алтынсарин қазақ жерінде кәсіптік білім беретін оқу орындарының көптеп ашылуын мақсат еткені баршамызға тарихтан белгілі. Ыбырай қызметінің басты саласы – бала оқыту, ұстаздық. Ол тұңғыш Еуропа үлгісіндегі жаңа мектеп ашып, жаңа оқу құралдарын жасаған адам. Халыққа білім беру мәселесіне келгенде Ыбырай білім алу үстем таптың үлесі ғана емес, бүкіл халықтың бәріне бірдей болсын деген көзқарасты ұстанған азамат[1, 17 б.]. Осының барлығын тілге тірек ете отырып, қазіргі таңда кез келген кәсіпқой ұстаз үшін ең басты құндылық- тәжірибемен бөлісу деп білеміз. Өйткені тәжірибе жылдар бойы жинақталады, егер де осы маман өз тәжірибесін жария етсе, оның құндылығы да еселене түспек. Заманауи Техникалық және кәсіптік білім беру жаңа тәсілдер мен әдістемелерді енгізуді қажет ететіні бәрімізге мәлім. Орта буындағы оқу орындарында арнайы пәндерінің ұстаздар қауымы жаңа оқыту инновациялық тәсілдерін



қолданудан қалыс қалмай, барынша тырысуда. Өйткені, мамандықты игерген студент, тек қана жақсы білім алып қана қоймай, алған білімін өндірісте қолдана білуі керек. Осы нәтижеге жету үшін оқытушылар жаңа әдістерді қолдануы шарт.

Инновация сөзін қазақтың «тапқырлық», «жаңалық» сөздерімен тең қолдануға рұқсат етіледі[3, 6 б.]. Инновациялық үдерістерді дамыту дегеніміз - білім беруді жаңғыртуды қамтамасыз ету, оның сапасын, тиімділігі мен қолжетімділігін жоғарылатудың бір жолы болып табылады. Білім саласында жаңалықтар өте қажет, оқытушылардың кәсіби біліктіліктерін арттыру мәселесі, студенттер қауымының тұлға болып қалыптасуына үлкен үлесін қосады. Мен сабақ барысында келесі жаңа әдістерді қолданамын: кейс технологиясы, жобалау әдісі, студенттердің ғылыми-зерттеу істері, мәселені іздеу әдістері, тәжірибеге бағдарлау және шығармашылық әдістері, дәріс көнекіліктер, ынтымақтастық және ақпараттық технологиялар. Кейс технологиясы- студенттерді пәнді оқуға, білімді терең меңгеруге, ақпаратты өңдеуге, әр түрлі жағдайларды саралауға мүмкіндік береді. Бұл жерде студенттер ғылыми ізденістің қатысушылары және куәгерлері деп айтуға болады[3, 49 б.].

Кейс тәсілін пайдалануда келесі мәселелер қарастырылады:

- студенттердің ауызша техникалық тілде баяндамалар жасау тапсырмаларын беру;
- топ студенттерін, топтамаларға бөліп басшы тағайындау, осы топтамаларға берілген тапсырманы бірге талдау, ой-пікірлерін ортаға салу;
- оқытушы ұйымдастырушы, бақылаушы рөлінде.

Жобалау әдісі – жобалау негізіне белгілі бір мәселені шешу және оның нәтижесіне қол жеткізу. Мысалы: қандай да бір ғимараттың қажеттілігі – бұл мәселе, ал сол ғимараттың жобасы дайын болғаннан кейін тұрғындарға әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қолайлы жағдай жасауы-мақсатқа қол жеткізілуі деп айтуға болады. Берілген тақырып бойынша жобалармен жұмыс істеу студенттерге дәстүрлі оқыту әдістерімен қол жеткізе алмайтын білім алуға мүмкіндік бергенмен, орта білім беру жүйесінде ерекше орын алатын үдеріс[2, 79 б.]. Жоба жасау барысында студенттер талаптанып, құрылымдардың нұсқаларын зерттейді, техникалық және қолданыстығы конструкторлық және техникалық құжаттардан ақпарат жинақтайды, қойылған мәселелерді талдайды, соңына келгенде нәтиже шығарып, сапасына баға беру арқылы өз таңдауларын жасайды. Жобалау әдісі нақты мәселелерді шешуде, теориялық білім мен оны тәжірибеде қолдана білу барысында жүзеге асырылады. Студенттердің ғылыми-зерттеу істері – бұл жерде студенттердің ғылыми жұмыстарын қарастырамыз. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары оқыту жоспары мен пәнді оқыту бағдарламаларына сәйкес оқу үдерісіне енгізілгенміндетті түрде орындалатын жұмыс. Оқытушының жетекшілігімен ғылыми зерттеу элементтерін қолдана отырып студенттер өздігінен реферат немесе курстық жоба ретінде орындайды. Студенттің ғылыми зерттеу жұмысы әрқашан оқытушы тарапынан бақылауда болады. Бұл жерде біріншіден студент тұлға ретінде соңында шығатын өнімді ойлау қабілетіне ие болуы, тақырыптың пайда болуына атсалысуы, жұмыс жобасын құрастыра білуі және мақсатқа жетуі қажет. Екіншіден алдына қойылған мәселені түсінуі, мәселені талдай білуі керек[3, 37 б.].

Оқыту барысында мәселені іздеу әдістері студенттердің ішінара іздестіру немесе ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында туындаған мәселені шешу және шешудің негізін табу; ауызша, көрнекі құралдарды қолдану және тәжірибелік оқыту әдістері арқылы жүзеге асырылады. Бұл технология алдыменен қызығушылықты арттыруға бағытталады. Оқытушының жалпы бағыт-бағдары арқылы, пайда болған мәселелерді студенттер мен оқытушылардың бірлескен іс-әрекеттері барысында, студенттердің өздік жұмысына барынша көңіл бөле отырып шешу[2, 33 б.]. Мысалы: тұрғын үй ғимаратында қолданылатын іргетастарды анықта. Тәжірибеге бағдарланған әдістерінің ерекшеліктері, студент үшін тәжірибелік нәтижесі бар түйіндері мен құрылымдарын анықтау, ақауларын жөндеу жұмыстарын жүргізе білу. Осындай жұмыстар орындаған кезде оқытушы тарапынан мұқият бақылау жүргізу шарт. Шығармашылық жобалар – ең күрделі жоғары дайындықты талап ететін, үлгісі немесе орындау тәсілі жоқ жоба түрі болып табылады. Студенттер көптеген техникалық әдебиеттерді оқуы керек. Оқытушы тек қана студенттерді бағыттап тақырып бойынша ғаламтор сілтемелерін, журналдардағы мақалалар мен материалдарды ұсынады. Шығармашылық жобалар білім алушылардың танымдылық белсенділіктерін арттырады, құжаттар мен мақалалардан мәлімет жинауда дағдылары мен қабілеттерін тиімді меңгеруге, оларды талдауға дағдыландыруға, тұжырымдар мен қорытындылар жасауға мүмкіндік береді[5, 71 б.].

Дәріс көнекіліктері – бұл жерде «Көп жасаған білмейді, көп көрген біледі» деген қазақ халқының мақалына, келіспеуімізге болмайды. Латын тілінен аударғанда дәріс сөзі мәтінді оқу деген мағнаны білдіреді[4, 71 б.]. Дәріс – жаңа пәндер бойынша оқулықтар мен толыққанды материалдар болмаған кездегі ақпараттың негізгі көзі. Сонымен қатар оқу материалының кейбір тараулары студенттерге өздігінен оқуға ерекше қиындықтар туғызады, сондықтан оқытушының түсінік беруін қажет етеді. Дәрісті даярлау оқытудың техникалық жабдықтарын қолданумен көрнекілік түрде (сұлбалар, кестелер, суреттер, сызбалар, графиктер) дәріс материалын мұқият зерделеуді қажет етеді. Презентация даярлау барысында студенттерге эмоционалды әсер етуді қарастырсақ - олар жалпы түстің диапазонын пайдалану, иллюстрациялар мен фотосуреттерді енгізу, аудио және бейнекөріністерді пайдалану. Қазіргі кезде студенттер оқып білуді және тыңдағанды емес, байқауды және әрекет етуді қалайды. Сонымен, білім беру нысаны ретінде дұрыс жазылған және түсіндірілген дәріс, қазіргі заманғы білім беру

жүйесінде негізгі орын алады. Сонымен қатар, дәріс барысында қолданылған бейнекөрініс берілген тақырып бойынша студенттердің қызығушылығын дамытуға мүмкіндік береді. Ғылымдағы жаңа технологиясы – жеке тұлғаға бағытталған тәсіл түріндегі жаңа білім беру технологиясы, көбіне кіші топтамаларда қолданылады. Студенттің барлық мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере отырып, оның жеке ерекшеліктерін дамытуға жағдай жасау. Тақырыптағы негізгі мәселелерді анықтау. Сабақ үстінде қойылған сұрақтардың дұрыс жауабы болмайды, өйткені білім алушыларды қызықтыруы тиіс және тақырыпқа шығармашылық көзқараспен қарауды талап етеді, сонымен қатар пәндермен оқытылатын объектілер арасындағы, жергілікті аймақпен байланысты қамтамасыз етеді, ауқымы кең болады. Білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану. Еліміздегі экономикалық қиындықтар және жеткілікті қаржыландырудың болмауына қарамастан білім беру жүйесінде ақпараттық технологияларды белсенді түрде игеру жүруде және оқу, білім беру үдерісінде қолдануға әрекет етуде. Ақпараттық технологиялар студенттерге сабақта өтетін тақырыпты жаңаша қабылдауларына және оны жүйелеуге жол ашады. Жергілікті желі болған уақытта, сабақ барысында көрнекіліктерді пайдалану үшін оқытушыға мүмкіндіктер туады. Жаңа ақпараттық технологиялар біртұтас әлемдік білім беру кеңістігін және бірыңғай ғаламдық қауымдастық педагогикасын басқаруға әкелуі анық [2, 91 б]. Ұстаздарға да, студенттерге де ғаламторды пайдалану бірдей қажетті. Жеке компьютерді қолдану әртүрлі сабақтардан тәжірибелік тапсырмалар, курстық жоба барысында күрделі есептерді шығару, курстық жоба барысында кешенді компьютерлік бағдарламалар қолданып сызбаларды орындау, қорытындылай келе осының барлығы білім сапасына оң нәтижесін береді.

Педагогика ғылымы, ешнәрсеге бейімделмеген, қабілетсіз адам болмайды деп есептейді. Студенттердің қабілетін дамытуға мақсатты түрде ықпал ететін ұстаз. Инновациялық іс-әрекеттің мақсаты, түлектердің тұлға ретіндегі сапалық өзгерістері – олар жоғары деңгейдегі кәсіби даярлығы, оның мәдениеттілігінің көтерілуі, қоғамда өзін дұрыс ұстай білуі, қандай да бір мәселе туындаған жағдайда, өздігінен шеше алуы. Бірақ бұндай нәтижеге арнайы пәндер оқытушыларының сабақ барысында әртүрлі инновациялық әдістерді шебер қолдану барысында ғана жүзеге асады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ақылжанов М. Қазақ ағартушыларының қоғамдық саяси көзқарастарының қалыптасуы/ М. Ақылжанов.- Алматы, 1975.- 175 б
2. Қозыбай А.К. Новые образовательные технологии/ А.К. Қозыбай, Р.Т.Каимов.- Астана, Фолиант, 2015.-136с
3. Панфилова А.П. Инновационные педагогические технологии. / А.П. Панфилова.- М., Академия, 2013.- 192с
4. Якиманская И.С. Технология личностно-ориентированного образования./ И.С. Якиманская .-М., 2017.-96 с.
5. «Білім берудегі менеджмент» ақпарат-әдістемелік хабаршысы: ФАО НЦПК «Өрлеу» РИПСОРК. Алматы, 2018. №3(90)

### **БОЛАШАҚ САРБАЗДЫ ОТАН СҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ**

Усембаев Сандыбай Марденович  
алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушысы  
Қазақстан Тұтынушылар Одағы Арқалық көпсалалы колледжі  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Бүгінгі күні білім беру жүйесі түбегейлі жаңаша ойлауға негізделген іргелі реформалар кезеңіне қадам басты. Жаһандық өзгерістер мен әлемдік трендтер оқу орындарында білім беру мазмұнының жылдам қарқында жаңаруын талап етеді.

- командадағы жұмыс дағдылары;
- көшбасшылық қасиет;
- бастамашылық;
- IT-құзыреттілік (айти-құзыреттілік);
- қаржылық және азаматтық сауаттылық;
- Өз отанының патриоты болу;

Білім алушыны өмір сүруге дайындау үшін академиялық білім, функционалдық дағдылар, жеке тұлғалық қарым-қатынастар мен құзыреттіліктер жеткіліксіз. Мүлдем жаңа сапа – метабілімділік, метақұзыреттілік қажет. Қазақстандық білім жүйесін дамыту стратегиясының басты мақсаты – ұлттық

білім моделін жасау. Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты — адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. Бұл қазіргі уақытта педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты көрініс тауып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Әрбір күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу ұстаздарға зор жауапкершілікті жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Өйткені еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, құзыреттілігін қалыптастыру жолдары, мәселелері тек қана білім мазмұнын жаңартуды жүзеге асырып қана қоймайды, сондай-ақ оқытудың тиімді технологиясы мен әдістерін қолдануды көздейді. Яғни бүгінгі күні мұғалімдердің алдына қойып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ендіруді міндеттейді. Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі оқушылардың сабақта, бос уақытында және күнделікті қарым-қатынасында технологияларды біліктілікпен және шығармашылықпен пайдаланудың бастапқы дағдылары арқылы қалыптасады. Білім алушылар білім беру бағдарламасындағы пәндерді оқу барысында мәліметтерді табу, құрастыру және басқару, ақпараттармен және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамытады.

Әскери - патриоттық тәрбие беру арқылы жастардың саналы сезімін, көзқарасын қалыптастыруға болады. Білім беру ошағында патриоттық тәрбие беру Отанымыздың саналы да белсенді күрескерлерін тәрбиелеуге, оларды еліміздің игілігіне жанқиярлықпен еңбек етуге, Республикамыздың мүддесін қорғауға жаңа мүмкіндіктер туғызуға бағыттайды. Патриоттық тәрбиенің танымдары – жастарды Отанды қорғауға даярлау, жас азаматтардың үлгі боларлық мінездерін қалыптастыру болып табылады. Сондықтан жастардың дүние танымын, білімін, көзқарасын қалыптастыруда оқу орындары шешуші рөл атқарады. Жастардың аға ұрпақтың лайықты мұрагері болуы үшін, батырларымыздың Отанды қорғау жолында жасаған ерлік істерінің ұлылығын жете түсіндіріп отыруымыз қажет. Сол арқылы әрбір жас ұрпақ еліміздің келешегі жолында табанды күрескер болуы керек екенін түсінуі керек. Жас ұрпаққа әскери - патриоттық тәрбие беру міндеті, олардың Отанды қорғауға ұдайы әзір болуы, моральдық - психологиялық жағынан даярлау – ол әрбір ұстаз, әрбір әскер басшыларының тапсырмасында жаңғырып тұруы тиіс.

XXI ғасыр – жаһандану кезеңі. Біз де өзіміздің мәдениетіміз, тарихымыз, салт - дәстүріміз, тіліміз бен дінімізді қорғап, оларды өркендету үшін күресуіміз керек. Қазақ елінің тарихын насихаттап, өскелең ұрпақты ұлтжанды етіп тәрбиелейтін, әрқашан мемлекеттік мүддені көздеп, мемлекеттік тәуелсіздігіміздің мәңгі баянды болуын насихаттау жолында аянбай еңбек етуіміз керек. Өз халқының ұрпағын патриот етіп тәрбиелеу - қай халықтың болса да тәрбиелеу жүйесінің негізгі талаптарының бірі болып табылады. Ал біздің халқымызда бұл талап әрдайым жоғары деңгейде болуы қажет, оларға «Атамекен, туған жер» ұғымы әрдайым қастерлі де қасиетті ұғым болған. Бұл қасиеттер ұрпақ бойына оқумен, біліммен, үйренумен, ізденумен, құлшыныспен, талпынумен бітеді. Қазақ халқын құрып кету қаупінен сақтап қалған, жерін жауға бермей, ұлан байтақ өлкесін қазақ еліне мәңгі қоныс ету мақсатында жарғақ құлағы жастыққа тимей, елім деп еңіреп өткен хас батырлар қаншама десеңізші! Бұлардың ерлігі кейінгі ұрпаққа қашан да болса өнеге болмақ. «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндеттеріміз – Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін - өзі айқын билеуі. Олай болса, осы міндетті орындау жолында тәрбие мәселесін қолға алып, ұрпақтарды аздырмай - тоздырмай қазіргі теріс ағымдар терроризм - экстремизм және сыбайлас жемқорлықтың ықпалына жібермей, еліміздің болашақ өркениетті дамуын алға бастыратын саналы ұрпақты тәрбиелеуіміз керек.

Қазақстандық патриотизм арқылы Отанға қызмет, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлке, халқы туралы түсініктер оқу - тәрбие үрдісінде, сабақтан тыс іс - шараларда Отан сүйгіштік сезімді дамыту, ұлттық салт - дәстүрді сақтау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, ана тілін қадірлеу сияқты сезімдерді жасұрпақ бойына қалыптастыру жүзеге асырылуы қажет. Ұлттық тәрбие дегеніміз – ол оқшаулану емес, керісінше ұлттық тәрбие үлгілерімен әлемдік идеяларды қабылдап, ненің тозық, ненің озық екенін тани білу. Ендеше ұлттық педагогиканың жаңартылған білім берумен сабақтастығын ұштастыру болып табылатын, және рухани жігерді қайрайтын пәндердің бірі.

Ол алғашқы әскери және технологиялық пәні, ендеше бағдарламаны практика жүзінде құзырлы органдармен бірлесе отырып. Білім алушылардың патриоттық сезімін оятып, қызығушылығын арттыру мақсатында, келесідей ауқымды тәрбие сағаттарын ұйымдастырдым. Атап айтқанда «Отан сүйгіштік рухта. Отан қорғау жолында қиындықтарға мойымауға тәрбиелеу». Сонымен қатар алған білімдерін жетілдіру үшін пневматикалық мылтығын пайдалану шеберлігін арттыру үшін атыс оқу-жаттығуын.

«Экстремизм, терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру мақсатында». Арқалық қалалық "Мухтасиф Алмұхаммед молла" мешітінің бас имамы Нұрхан Асанұлы Бақтыбай және Арқалық қаласы ІІМ ПБ экстремизм және терроризм бойынша жедел тобының жедел уәкілі полиция капитаны Куаныш Айтуарович Ергалиевтің қатысуымен бірлесе отырып «Діни экстремизм мен терроризм - Қоғамға тигізер әсері қандай» деген тақырып талқыланса, келесі Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Арқалық қаласының «Орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ директоры (сонымен қатар желтоқсан оқиғасының куәгері) Дәмет Есенжолқызы Құсайынның қатысуымен Тәуелсіздік туралы терең мағлұмат беру. Ата – бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, өз Отанын сүюге, еліне, халқына қызмет ету жолы ерекше аталды.

ҚР ІІМ ТЖК Азаматтық қорғау және құтқару тобының бас маманы аға лейтенант Каиржан Серикұлы Жумакановтың қатысуымен Азаматтық қорғаныс төтенше жағдайлар және олардан сақтану жолдары, төтенше жағдайлар, зілзала апаттары жөнінде білімдерін кеңейтіп, олардан сақтану жолдарымен, алғашқы көмек көрсету шараларымен таныстырылды. ҚР ІІМ Арқалық қаласы ПБ қару - жарақ сақтау қойма нұсқаушысы полиция старшинасы Айдын Мырзажанов және ҚР ІІМ ҚАЖК «УК-161/12 мекемесі» РММ мекемесінің қару - жарақ сақтау қойма нұсқаушысы әділет аға лейтенанты Асылбек Фазылханович Нургожиннің қатысуымен бірнеше мәрте теориялық дайындығын практика жүзінде орындалуын пысықтау үшін Жалпы әскери жиынтығы. Газтұмылдырық. Макаров тапаншасы. Броньды кеудеше. Қорғаныс қалқаны. Резина таяқшасы. Қол кісені. Калашников автоматы нормативтерін уақытқа жасауға үйрету. Қазақстан Республикасы қарулы күштер қатарына енетін жауынгер болуға баулу. Отанға деген сүйіспеншілікке баулу, болашақ жауынгерлік қабілетін арттырып, қызығушылығын ояту мақсатында тактикалық оқу – жаттығуын ұйымдастырдым.

Наиболее значительная отличительная черта казахских интеллигентов основы XX столетия состоит во этом, то что они приобрели формирование около мулл или во школа. Все Без Исключения они существовали духовно интеллигентными народами. Любое творение, публикация Ахмета Байтурсынова наступает с текстов с Корана «Бисмиллахир-рахмани-рахим», данное доказывает деятель науки-критик Айгуль Исмакова. Данные фразы во мощь цензуры вылетели, однако в настоящее время снова приняли старый тип. Тут желаем выделить в таком случае, то что реформист Ахмет Байтурсынов собрал 1-ый казахский азбуку в базе аравийской графики. Во в таком случае период 90% тюркских стран во послании применяли непосредственно данный текст. Деятель Науки обозначил характерные черты новейшего алфавита в казахско-киргизском съезде экспертов, прошлого во Оренбурге: «Особенности новейшего алфавита — во стремительном написании, присутствие обучения ребенка любая символ акцентируется в отдельности, рукописный вид весьма подобен в типографский. В Настоящее Время отсутствует одинаковых казахскому алфавиту. Если около нас наилучший азбуку во разрезе латиницы, буква ко чему латинизация. Необходимо единца искушаться привлекательными знаками также трагить целую собственную цивилизацию?», заявил некто. Подобным способом, со 1913 годы азбуку, сформированный Ахметом, был применен в абсолютно всех школа также российско-казахских школах.

Писатель Сеит Кенжеахмет сообщает: «5-13 декабря 1917 года был проведен II обще казахский съезд. Далее был подтвержден состав правительства Алашорды. Ахмет Байтурсынов был назначен в должность комиссара образования [12]. Вблизи со ним существовали Магжан Жумабаев, Елдес Омаров,

Биахмет Сарсенов, Телжан Шонанов. В таком случае период с целью просветительных трудов Ахмет применял активы мулл. Вследствие того, то что некто никак не глядел в процедура преподавания грамоте только лишь равно как в исследование букв. Некто принимал из-за базу развитие. Некто был убежден во этом, то что индивид, приобретший формирование в отсутствии человечности, сочувствия, милосердия также благотворения способен являться небезопасным. Во тургайском районе существовало весьма большое количество школа-мечетей. Ахмет полагал верным применять данные отделанные средства...». Однако равно как также подразумевали функционеры Алаш, таким образом, никак не вышло. В Скором Времени аравийскую графику упразднили, вследствие того то что возлюбленная существовала приравнена ко Исламу. Только Лишь эти казахи, какие переехали во Поднебесная, Афган, Персия сберегли сообщение, образованное Ахметом. В Настоящее Время выделиться применяемая аравийская видеографика относится Ахмету.

Обожаемая мужа – Бадрисафа

Бадрисафа Мухамедсадыккызы сумела быть послушной супругой Ахмета, возлюбленная прославилась гармоничным нравом, радушием также мудростью из числа близких женой. Наиболее увлекательное в таком случае, то что онабыла российской, наше время название ее — Саша. Об этом, равно как они взяли в мужа, упоминает племянничек Ахмета Самырат: «Я задал вопрос дядю Ахмета, об этом, равно как некто повенчался в тетушке Падрес. Вследствие Того то что они очень обожали товарищ товарища. Ахмет кратко дал ответ в мои проблема: «Я почти все испытать с монаршей правительству, некоторому существовало меня оказать содействие, посодействовать. Смотри в то время ми ручку поддержки пережила твоя тетка Падрес. Если я вышли ко Королевскому стране, для того чтобы оформиться (быть в подсчет), нам никак не позволить вступить в брак, со ссылкой в в таком случае, то что возлюбленная иной цивилизации. В то Время Саша приняла для себя башкирское девическое название Бадрисафа» [6]. Ахмет также Бадрисафопочти все вкусили, просуществовали большое количество года, однако ребенка около их таким образом также никак не существовало. Ахмет растил ребенка собственных братьев. Тетка Бадрисафа жила посредствомного увеличения, синглазой, белокурой, располагала тоненьким гласом. Если возлюбленная беседовала в казахском ее упор напоминал в башкирский, монгольский стили. Она беседовала со нами в казахском, со почтением устремлялась в «вы».

Бадрисафа существовала великолепной снохой. Население ее приглашал «белолицей невесткой». Возлюбленная никак не бродила со необеспеченной головкой; сойдя замуж из-за Ахмета возлюбленная установила Мусульманство. Ахмет уже после никаха бросил супругу в попечительство имама с целью этого, для того чтобы возлюбленная обучилась абсолютно всем обычаям также традициям казахского люди. Наиболее грустное в таком случае, то что около их никак не существовало ребенка. Ахмет принимал в развитие ребенка собственных братьев. Таким Образомон удочеряет дочка родимого меньшего брата Машена Шолпан. Возлюбленная упоминает: «Мой отец был худощавым, высоким и красивым. Он постоянно прогуливался во очках. Владел уравновешенным нравом. Мать существовала привлекательной, абсолютной девушкой. Существовала доброй, веселой. Возлюбленная ведала казахский хорошо. Возлюбленная никак не называла отца согласно фамилии, но обходилось к нему «Торе». Их нравы таким образом подходили друг другу».

Если Ахмета посылают, Бадрисафа с Шолпан остаются одни. После того как их выпирают с дома здоровье Бадрисафы усугубляется [2]. Уже после этого Бадрисафу берет к себе брат Ахмета Кали. Невзирая на то, то что Ахмета никак не было, его родные сильно уважали Бадрисафу. Однако бедняжка Бадрисафа никак не выдерживает разлуку и ко окончанию жизни сходит с ума. Возлюбленная погибает в Костанайской клинике. Все ведь возлюбленная вплоть до окончания дней была послушной своей религии...

Мен өлсем де өлемінжөнімменен,  
Тәнненбасқанемдіаларөлімменен?!  
Өлгенкүніапарыптығары – көр  
Мен жоқболманкөміліптәнімменен.  
Тәнкөмілер, көмілмесеткенісім,  
Ойлайтындар мен емес, біркүнгісін.  
Жұртұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын,  
Ел – бүгіншіл, менікіертеңүшін, –

Сказал он, также направился на верную гибель. Пятьдесят Лет темное клеймо никак не стиралось. А когда его оправдали, народ увидел все его старания и жертвы для народа. «О Ахмет, ты, оказываешься, показал нам образец истинной преданности казахскому народу, жалел людей». Его созидательное достояние невозможно раскрыть в одной статье... Мы только хотим показать одно из достоинств учителя и окрылить молодое поколение «горящие сердца» ...

#### Список литературы:

1. Жизнь и общественно-политическая деятельность Ахмета Байтурсынова. [www.e-history.kz](http://www.e-history.kz). информационный портал.

2. ЦГМ РК. П. 1 ст. 81 дело 1652. - П. 1.
3. КазНПУ им. Абая. Жизнеописание. - Т1. Б - No 6 (б). Дело 209. - 58 с.
4. Жизнь и деятельность А. Байтұрсынова.информационный портал [www.kitaphana.kz](http://www.kitaphana.kz).
- 5.Большая подверженность казахов репрессиям связана с его возвышенностью, передовым мышлением. [www..baq.kz](http://www.baq.kz). информационный портал.
6. Сакен Сейфуллин. Ахмет Байтұрсынулы исполнилось пятьдесят. //Еңбекші Казах. 30 января 1923 г.
7. Итоги комиссии Центрального комитета КП Казахстана по наследию творчества А. Байтұрсынова // социалистический Казахстан. -1999. - 26 июля.
8. Байтұрсынулы Ахмет. [www.tarih-begalinka.kz](http://www.tarih-begalinka.kz). Информационный портал.
9. Турғараева Г. М. Общественно-политическая и государственная деятельность Ахмета Байтұрсынова (1872 – 1937 гг.): Науч истории.канд. В. В. готовимся к получению степени. дисс. автореферат. -2009.-32 С.
10. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 3. - Алматы: "Атамұра", 2002. - 768 С.
11. Нурпеисов. К Алашнамалашорда. - Алматы "Ататек" 1995-256 с.
12. Козыбаев М. К. Ахмет Байтұрсынулы-великий реформатор XX века/ / отечественная история.- 1998. - No 3.- 22-22 – ОП
13. <https://e-history.kz/ru/prominent-figures/show/12608/>

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҚАЗАҚ БІЛІМІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ**

Аханаева Эльвира Нұрханқызы  
М.Мәметова атындағы Қызылорда жоғары педагогикалық колледжі  
ШТ-М-21 тобы студенті  
Жетекшісі: Утепбергенова Гүльнар

Ахмет Байтұрсынов мемлекет қайраткері, қазақ тілі білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ағартушы. Қазақ балаларының сауатын ашамаын деп көз ілмеген қоғам қайраткері. Ол туылған жылы елімізге бақыт құсы қонған заман. Қазақ балалары үшін кітап жазып, қазақ халқының көзін ашу үшін көптеген еңбектерін шығарды. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болған. Ташкент қаласында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен мұғалімдікке жұмысқа тұрады. Қазақ балалары үшін әліппе кітабын жазып шығарып, қолданыста пайдаландыра бастайды. Жәнеде тіл құралы атты кітабын жарыққа шығарды. Оның ішінде синтаксис, морфология, фонетика бөлімі болып бөлінді. Қазақ тіліндегі барлық ережелерді қарастырып, анықтама берген Ахмет Байтұрсынұлы. Бастауыш, баяндауыш, етістік, сан есім, сын есім, зат есім осы терминдердің барлығын енгізген болатын. Қазіргі таңдағы жастардың барлығының оқып жатқаны да осы ұстазымыздың енгізген терминдері. Сол арқылы қазіргі таңда білім алуда.

Осыдан тоқсан жыл бұрын ұлы Мұқаң-Мұхтар Әуезов: “Ахаң соңғы жылдары уақытының бәрін қазақтың мектебіне сарып қылып, істеген ісі де, жазған жазуы да жалғыз соған арналған. Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран “Маса”, “Қазақ” газетінің 1916 жылғы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білімі саясат жолындағы қажымас қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын.”-деп заманауи бағасын берген болатын.

Ахмет Байтұрсынұлының алған білімі, мамандығы жағынан проффесионал лингвист емес еді. Оны тіл біліміне алып келген, оқу-ағарту ісін жолға қою, халықты жаппай сауаттандырып, көзін ашу, сол арқылы қазақ халқын ұлттық теңсіздіктен құтқару мақсаты болатын. Мамандығы лингвист еместігіне қарамастан, Ахмет Байтұрсынұлы тілдің, оның ішінде қазақ тілінің табиғатын, құрылымдық категорияларын дұрыс аңғарған. Қазақ грамматикасын талдауда ол орыс лингвистикалық мектебінен сусынданған, бірақ туыстығы жағынан өзгешеленетін түркі тілдерінің құрылымында орыс тілінен ажыратылатын ерекшеліктері болуға тиіс екенін де жақсы түсінген.

Орыс тіл білімінде XX ғасырдың соңғы он жылында айта бастаған дүниелерді А.Байтұрсынұлы XX ғасырдың басында айтып кеткен. Айтып қана емес, біліп, танып кеткен. Қазіргі кезде рай төртеу, етіс төртеу деп жүрміз. Ал А.Байтұрсынұлы райдың 15 түрін, етістің 10 түрін атайды. Батыс және орыс әдебиетін жете білген ғалым қазақ тілінің суперсегментті фонетикасын орыс, поляк, француз, чех тілдерімен салыстыра зерттеген. Екпіннің табиғаты мен қызметін қарастырып, А.Байтұрсынұлы тілдерді «екпін буыны бірыңғай келетін тілдер және екпін буыны бірыңғай келмейтін тілдер» деп екі топқа бөлген. Екпін буыны бірыңғай келмейтін, орыс тілі сияқты, екпін сөздің әр жерінде, «көшкілеп» жүретін тілдермен салыстырып, қазақ тілі екпін буыны бірыңғай, сөз аяғында келетін француз тіліне ұқсас дейді.

Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалған еді. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Байтұрсынұлының Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек болып саналады. Бірнеше дербес жай және құрмалас сөйлемдерден болған бір тақырып айналасында өрбитін сөйлемдері бар өлеңдерді күрделі синтаксистік тұтастықтарға жатқызуға болады. Бұларды Ахаң «өрнекті сөйлемдер» деп атайды. «Өрнекті сөйлемдер деп құрмалас сөйлемдердің бастары қосылып, кестелі болып құралуын айтамыз. Ондай сөйлемдер нақ текеметке, яки, кілемге салған түр сияқты болмағанымен, өрнек-өрнегімен айтылады. Өрнекті сөйлемді иіріп-жиырып, жай сөйлемге айналдыруға болады. Жай сөйлемді жайып, өрнекті сөйлемге айналдыруға болады. Өйткені өрнекті сөйлем қанша үлкен болғанмен, яғни, ішіне кіретін сөйлемдер қанша көп болғанымен, бәріне қазық болатын бас пікір жалғыз-ақ болады. Ол пікірді көп сөйлеммен ұлғайтып айтуға болады. Ол пікірді шағындап, аз сөйлеммен айтуға да болады», – дейді Ахмет Байтұрсынұлы. Ахаңның бұл сөздері соңғы кезде ғана зерттеле бастаған күрделі синтаксистік (фразалық) тұтастықтың мазмұны мен формасын анықтайды.

Ахмет Байтұрсынұлы “Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек” деген мақаласында: “Школдар ашуға үкіметтің шамасы келмейтіндігі анықталып отыр, үкімет 2116 кісінің ғана расхотын көтермекші, ал балаларды оқытуға 20000-нан артық кісі керек. Сондықтан бір болыс ел күш біріктіріп школдар ашайық. Школдармен договорға отырайық. Және мектептің қасына интернат ашу керек”-деген ұсынысын айтқан.

1929 жылы 1 мамырда өз қолымен жазған өмірбаянында: “1901жылдан бастап бала оқытқан кездерден бос уақыттарымда өз бетіммен білімімді толықтырдым. Әдебиетпен шұғылдандым. Ал Орынборға келгеннен кейін ең алдымен қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім. Одан кейін қазақ алфавитін және емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім. Үшіншіден, қазақ жазба жұмысын бөгде тілдік қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің әсерінен тазартуға әрекеттендім. Төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтың сөйлеу тәжірибесіне икемдеу үшін, ғылыми терминдерді жасаға кірістім және стилдік өңдеу үлгілерін көрсетумен шұғылдандым.” - деп жазды.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен оны таңбалайтын әріптер туралы пікірлерін ол 1912жылдан бастап “Айқап” журналы мен “Қазақ” газетінің беттерінде білдіре бастайды. Айқаптың 1912жылғы 9-10нөмірлерінде “Шахзаман мырзаға” атты көлемді мақала жазып, онда қазақ дыбыстарын білдірмейтін араб таңбаларын қазақ алфавитіне енгізу керектігін, сөздің тұтас жіңішкелігін білдіру үшін оның алдына дәйекші дейтін таңба қою қажеттігін дәлелдейді. “Қазақ” газетінің 1913жылғы 34-інші және әрі қарайғы сандарында “Жазу мәселесі” деген үлкен мақала жарналап, онда кейбір дыбыстарды таңбалау жайындағы өзінің пікірлерін айтады. [12-13]

Әрі қарайғы ізденістерінде араб графикасын қазақ жазуы үшін былайша лайықты қылып алуды ұсынады: 1) араб алфавитіндегі жуан дыбыстарының таңбаларын алмау 2) қазақ тіліндегі ы, е, и, о, ұ, у дыбыстарының әрқайсысына таңба белгілеу 3) к, г дыбыстарынан басқа дауыссыз дыбыстармен келген сөздердің жіңішкелігін білдіру үшін сөздің алдынан дәйекші таңба қою. 1624 жылы Орынборда маусымның 12-сінде басталған Қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде талқыланады. Бұл съездің күн тәртібіне алты мәселе қойылады: 1) жазу ережелері 2) әліпби 3) қазақша пән сөздер 4) ауыз әдебиетін жию шаралары 5) оқу, ғылым кітаптарын көбейту шаралары 6) бастауыш мектептердің программасы. А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтаумен қатар, ол тәсілдерді термин жасауда пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткендігін оның қаламынан туындаған жүздеген терминдері дәлелдейді. Мәселен, ғалымның жұрнақ, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, мүше, әдіс т.б. осылар сияқты терминдері семантикалық тәсілмен, жақша, сызықша, көсемше, есімше, дәйекші, буыншы, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, әуреленіс, күліс, әлектеніс, әліптеме, зауықтама, мазмұндама, ермектеме, қорытпа ұсынба, сұқтаньыс, азаптаньыс, жалғаулық, есімдік тәрізді көптеген терминдері морфологиялық тәсілмен, алдауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем сынды терминдер тобы синтаксистік тәсілмен жасалған.

Қорытындылай келе, осындай ұлы тұлғамыз ешқашан ұмытылмаса екен, жүрегімізде өшпес орын алса екен деп тілеймін. Қазіргі таңда Ахмет Байтұрсынұлының қазақ халқында алар орнын барлық бала білу үшін көптеген іс-шаралар ұйымдасырылып, ескерткіштер көп орналастырылып, Ахмет тану сабақтарының болғанын, көшелерге атағын беруді ұсынамын. Егер қолымыздан бәрі келсе осындай ұлы тұлғамызды әлем мақтанып айтатындай деңгейге жеткенін қалаймын.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.»
2. «Маңғыстау» энциклопедиясына, Компьютерлік-баспа орталығы, 2007, Алматы, 2002; Тарихи тұлғалар. Танымдық — көпшілік басылым.
3. Энциклопедия. Алматы:
4. Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы
5. Қазақстанның қазіргі заман тарихы:
6. Ахмет Байтұрсынұлы “Қазақ тіл білімінің мәселелері” [3-4беттер ]
7. Ахмет Байтұрсынұлы Тіл тағылымы [15-20беттер аралығы]

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Ахметжанова Динара Косылбековна  
Қостанай жоғары политехникалық колледжінің оқытушысы  
Қостанай облысы, Қостанай қаласы

Ахмет Байтұрсынұлов – қазақ мәдениетінің тарихында үлкен, бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Оның тарихи тағылымы мол, тәрбие туралы өзіне тән прогрессивтік ой-пікірі бар ұлы - ғалым. Қазақ философиясының негізін салушы педагог-ағартушы, мәдениет және қоғам қайраткері. Ахмет Байтұрсынұловтың өмірде алдына қойған басты мақсаты қазақ халқының ұлттық санасын ояту, тұрмыс жағдайын жақсарту болатын. Педагог - ғалым ол үшін халықты жаппай сауаттандыру керек екенін айтып, өзінің халықтық идеясын насихаттады. Ол «барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Сондай-ақ педагог-жазушының ғылыми-педагогикалық мұрасындағы тәрбиелеу және оқыту мәселелеріне, оның педагогикалық көзқарастарының негізгі бағыттарына сипаттама беріліп, оларды орта мектептің оқу-тәрбие үрдісінде шығармашылықпен пайдалану жолдары көрсетілген.

Зерттеуші ағартушының тәлімдік ой-пікірлері қазақ халқының ұлттық санасын жаңғырту туралы идеялармен тығыз байланысты екенін, ақынның педагогикалық шығармашылығы халықтық тәлім-тәрбиелік ойлармен ұштасатынын пайымдай келе, баланың жеке басын құрметтеу, оның жан дүниесінде жеке қасиеттермен қатар ұлттық рухты қалыптастыру, ол үшін елдің рухани өмірі және тұрмыс-тіршілігімен етене таныстыру мәселелерін алға тартады. Және ол педагог М.Жұмабаевтың ана тілі мен әдебиетін ұлтты сақтап қалудағы басты шарт, ұлттық білімнің негізгі ережесі деп бағалауын оның халықтық идеяны басшылыққа алуы деп санауға болатынын атап көрсетеді [1, 83 б.].

Бар ғұмырын өз халқына шын құштарлықпен қызмет ету жолына бағыштаған, бар бақытын содан тапқан, табиғаты бөлек жандар болады. Ахмет Байтұрсынұлы сондай адамдар қатарындағы ұлағатты ғалым.

Ахмет Байтұрсынұлы мәдениетіміз бен ғылымымызға қалтқысыз беріле қызмет сіңірген, таланты мен тағдыры, жан дауасын тек сол мақсаттан тапқан жан. Ахаң – күрделі тұлға, зерделі ғалым. Күрделі болғанда, ел-жұртының тарихы мен тағдыр талантын терең біліп толғаған, танымына лайық алысқа қол ұсынған алғашқы оқымыстысы.

Кең құлашты, ұлан-асыр терең ойлы ғалым – халық ұлы өмірдің қай саласында да өз пікір-толғамын, бағдар-бағытын білдіріп келеді. Ахмет Байтұрсынұлов – қазақ халқының әлеументтік өмірі мен мәдениетінде Қазан революциясына дейін де, одан кейін де аянбай адал қызмет еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, тарихта орны айрықша зор тұлға. М.Әуезовтың сөзімен айтқанда, қазақ халқының «рухани көсемі» болған А.Байтұрсынұловтың ұланғайыр еңбегі сан саладан көрінеді.

Ол – ең алдымен қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш жұмсаған ағартушы қайраткер. Осы мақсатты орындау үстінде ол қазақ тілін, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын баяндап, талдап танытқан зерттеуші, әрі сол зерттеушінің негізінде «Әліппе» мен тұңғыш ана тілі оқулықтарын жазған автор. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлов – өз халқының саяси, мәдени, рухани және әлеументтік өмірінің сан-саласына көз тігіп, тікелей араласқан ірі публицист, қоғам қайраткері А.Байтұрсынұлов – өнер иесі – ақын; қазақтың тілін емес, әдебиетін де мәдениетін де зерттеуші ғалым. Оны тіл біліміне алып келген, оқу – ағарту ісін жолға қою, халықты жаппай сауаттандырып көзін ашу. Сол арқылы қазақ халқын ұлттық тенсіздіктен құтқару мақсаты болатын [2, 32 б.].

Ахмет Байтұрсынұлов қазақтың халық педагогикасын жан –жақты зерттеп, қазақ этнопедагогикасының негізін қалады, ұлттық білімнің шамшырағы болды.

Қазақ этнопедагогикасының арқауы – ауыз әдебиеті мен халықтың салт-дәстүрлері. Ауыз әдебиеті мен халықтың салт –дәстүрлері – ұлттық тәрбиенің негізі. Міне, осы тұғырлы тұжырымды ірі

ғалым-лингвист, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын, аудармашы, қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы, қазақ баспасөз тілінің ұлттық үлгісін жасаған талантты көсемсөз иесі, туған халқының рухани дүниесін жаңдандырған ғұлама - Ахмет Байтұрсынов жан-жақты зерттеп, талғай тауып, олардың ғылыми – теориялық негіздерін жасады [3, 4 б.].

Ахмет Байтұрсынов қазақ ауыз әдебиетінің ұлттық - тәрбиелік мәнін жоғары бағалады.

А.Байтұрсынов - өзінің ағартушылық қызметі мен педагогикалық көзқарастары арқылы халықтық идеяны кеңінен насихаттап, оны нақты іске асыру жолына бар өмірін арнаған ғұлама ұстаз, халық педагогы, «ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға».

Ғұлама ғалым, көрнекті педагог, белгілі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов еңбектеріндегі қоғамдық – педагогикалық көзқарастар мен тәлімдік ой пікірлерді жүйелеп жинақтай келе, мынандай тұжырымдар жасауға толық мүмкіндік туғанын байқадым.

А.Байтұрсынов мұраларын зерттеуді үш кезеңге және оның туу себептері саяси - әлеуметтік жағдайларымен байланыстыра саралап дәлелдеуге болады;

- Ахмет Байтұрсыновтың жастарды ұлттық болмысқа сай жоғары менталитетті, ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеудегі идеялары өзінің ұстазы, Қазақстандағы педагогикалық демократиялық озық ойдың иесі Ы.Алтынсариннің ағартушылық идеясымен үндестігі негізделді;

- А.Байтұрсыновтың шығармашылығын жан-жақты меңгерту - таптырмас тәрбие құралы екені сараланды;

- Ғалымның өмірі мен шығармашылығын терең меңгертудің білім алушыларды елжандылыққа, отансүйгіштік қасиеттерге тәрбиелеп жетілдіруде игі ықпал ететіндігі айқындалып дәлелденді.

Менің ойымша ендігі міндет – ақыл ой алыбы А.Байтұрсыновтың асыл сөз, асыл ойларын санамызға сіңіру, өсиеттеріне сай еңбек етіп, іс қылу; өнегелі өмірін жастарға үлгі етіп ұсынып, кемеңгерлік, даналық пікірлерін тәрбиенің қуатты құралына айналдыру.

Қорыта келгенде Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларының негізгі идеясы жастарды бүгінгі күнде құрғақ сөз; «таусылмайтын» ақыл-кеңес айта беріп тәрбиеленгеннен гөрі, жеке бастың үлгі-өнегесіне, ғибратқа негіздеудің қажеттігін баса айтқан.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Иманбекова Б., Ахмет Байтұрсынов мысалдарының тәрбиелік мәні. /Ақиқат, 1999. №2., 83-86 бб.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол. Шығармалары, өлеңдері, аудармалар, зерттеулер. – А: «Жазушы». 1989. – 32 б.
3. Ахмет Байтұрсынұлы тағылымы және Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңның орындалу барысы тақырыбына өткізілген қалалық ғылыми-практикалық конференция. / Алматы ақшамы. 25 қыркүйек, 1998.

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ: ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Ахметова Лаура Қуандыққызы

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі

Тарих және құқық пәнінің оқытушысы.

Педагогика ғылымдарының магистрі.

Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

Бүгінгі таңда елімізде жүріп жатқан жаңару үрдісі өткен тарихымыздың сан қырын объективті тұрғыдан дұрыс бағалауға және ондағы рухани құндылықтарды қазіргі ағарту, оқу-тәрбие ісінде кеңінен пайдалануға қолайлы жағдайлар туғызып отыр. Әсіресе ұлттық педагогикамыздың қайта жаңғыруына байланысты халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық дәстүрінің бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне қажет екені анық.

Ахметтей тұлғаны бүгінгі жұрт ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, мемлекет және қоғам қайраткері, XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілерінің бірі қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі, ұлт ұстазы ретінде таниды.

Қайраткердің саяси қызмет жолы 1905 жылы басталады. Осы жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған “Қарқаралы петициясы” авторларының бірі де Ахмет болатын. “Қарқаралы петициясы” аталатын арыз-тілекте сол кездегі қазақ жұртшылығының мүддесі қамтылған еді. Петициядан кейін жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылдың 1 шілдесінде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды. Бұл аздай Ресей ПМ-

нің Ерекше Кеңесі 1910 жылғы 19 ақпанда Ахметті қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес ол 1910 жылғы 9 наурызда Орынборға келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Бірақ қаршадайынан әлеуметтік теңсіздікті көріп өскен Ахмет Байтұрсынұлы Орынбордағы кезеңді тиімді пайдаланды. Ол осы қалада өзінің ең жақын сенімді достары Әлихан Бөкейхан және Міржақып Дулатұлымен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық “Қазақ” газетін шығарды. Ұлт тағдырына өздерін жауапты сезінген Алаш қайраткерлері қазақ халқының мүддесін қорғауда білектің күшімен емес, ақыл-ойдың қарымымен есе қайтарудың жолын таңдады. Бұл жол ұлттың мүддесін қорғауда ұлттық-саяси мінберге айналған “Қазақ” газетін өмірге әкелді. 1913 жылдың 2 ақпанынан бастап халыққа жол тартқан “Қазақ” газеті 1918 жылға дейін 266 саны шығып үлгеріпті. Халықтың көзі, құлағы һәм тіліне айналған “Қазақ” газеті рухани жаңғыруға бастаған сана серпілісінен туған басылым болатын. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды. Ахметтің Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында еді. Ол “Қазақ” газетіне жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға қамалды. [8],

Жер бетіндегі әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған асыл мұралары бар. Солардың ең бастысы – халықтың рухани қазынасы. Халықтың ізгі ойларынан, талап, тілегінен, мақсат мүддесі мен асыл армандарынан туған бұл мұралар барша адамзат баласына ортақ және келешек ұрпақтар тәрбиелеудің бірден бір құралы. Қазақ халқының сонау түркі заманынан бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраларының бірі – халықтық педагогика. «Халықтық педагогика, делінген Қазақ кеңес энциклопедиясында, — тәрбие жөніндегі халықтың педагогикалық білім тәжірибесі. Халық педагогикасын зерттеу негізіне педагогикалық мазмұн мен бағытты халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халықтық ойындар, семья тәрбиесінің тәжірибелері, т.б. жатады. Халық педагогикасының негізгі түйіні- еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберлікті ұрпақтан ұрпаққа қалдыру».

Халық педагогикасының мазмұнын құрайтын әрі тәлімдік мән-маңызы бар мұра – халықтық идеялар. Ал педагогикаға негізделген халықтық идеялар – жас ұрпақты еңбек, отаншылдық имандылық пен адамгершілік, сыр мен сымбат, ақыл-ой тәрбиесі баулуда біртіндеп бойға сіңіретін нәрлі өзек. Жас буынның кішкентай кезінен «Халық айтса қалып айтпайды», «Халықтың ойы озық», деп санасына мықтап сіңірген қазақ елі халықтық идеяларға негізделген ұлттық тәрбиенің сан алуан түрлерін арнаулы жолдар мен арнайы тәсілдер арқылы жүргізіп отырғаны белгілі. Мәселен, халықтық нақыл сөздер мен мақал мәтелдерде адамгершілік пен имандылық тәрбиесіне қатысты пәрменді ойлар айтылса, ойындар, жұмбақ пен айтыстарға – ақыл-ой тәрбиесі, өлең, жыр дастандарға әсемдік, сыр сымбат, отаншылдық тәрбиесінің негізгі принциптері өзек болған, ал ертегілер халықтық тәрбиенің сан алуан мәселелерін қозғайтын тәлімдік материал ретінде пайдаланылған.

Халықтық мұратқа негізделген халықтық тәрбиенің мақсаты — бүгінгі қоғамның жан-жақты жетілген белсенді мүшелерін, яғни өз ұлтын сүйетін, тілін, дінін білетін және оның әдет-ғұрыптарын сақтап, кейінгі ұрпақтарға үлгі боларлық тұлғаларды тәрбиелеу.

Халықтық идеяның басты мақсаты — қоғамның белсенді мүшесі болатын, жетілген тұлғаларды тәрбиелеу.[3-346 б],

Қазақ тілі әдебиет мамандығында өткен құқық негіздері пәнінен «Еңбек құқығы ұғымы мен түсінігі» тақырыбында өткен сабағымды ұсына отырып, нәтижесінде ақыл-ойы дамыған, еңбекқор, ізденімпаз, эстетикалық талғамы биік, имандылықты бетке тұтқан, адамгершілігі мол қоғамның белсенді мүшесін тәрбиелейміз.

**Сабақтың мақсаты:** Еңбек құқығы туралы біледі және оның қажеттілігін түсінеді

**Тілдік мақсаттар:** Ойлан. Талқыла. Ойыңмен бөліс» тапсырмасы (айтылым, тыңдалым дағдылары); «Еңбек: құқық па, әлде міндет пе?» тақырыбында шағын ой-толғау жазу (жазылым дағдысы)

**Күтілетін нәтиже:** Конституция ерікті еңбек құқығының сақталуына беретін кепілдерді анықтай алады ҚР Конституциясының 24-бабының тармақтарына бір мысалдан (проблемалық жағдаят пен оның шешімі) келтіре алады.

**Бағалау критерийлері:** Конституция ерікті еңбек құқығының сақталуына беретін кепілдерді анықтайды. ҚР Конституциясының 24-бабының тармақтарына бір мысалдан (проблемалық жағдаят пен оның шешімі) келтіреді.

**Құндылықтарды дарыту:** Жауапкершілік, адалдық

**АКТ-ны қолдану дағдылары:** Интернет ресурстарынан қажетті ақпаратты ала білу, арнайы сайттармен қолдана алу

**Пәнаралық байланыс:** Өзін өзі тану пәні, өнер, экономика

**Көрнекіліктер:** Заңды құжат (ҚР Еңбек Кодексі), слайдтар, кесте, құжат үлгісі (еңбек шарты)

**Бастапқы білім:** Құқық салалары бойынша түсініктері қалыптасқан

**Құндылықтар:** Ақиқат .

**Қасиеттер:** Отансүйгіштік, адалдық, бірлік Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы. Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім, Еңбексүйгіштік, Еңбек және шығармашылық (өз жұмысын ұйымдастыра білу, белсенділік, бастамашылдық, адалдық, жұмысқа



күлшыныс, үздік нәтижелерге жету) еңбекқор, ізденімпаз, эстетикалық талғамы биік, имандылықты бетке тұтқан, адамгершілігі мол қоғамның белсенді мүшесін қалыптастыру болып табылады.

Халықтық идеяға толы рухани мұралардың мән-мазмұны мен негізгі түйіні де осы жас буындар бойына тәрбиенің сан алуан және жағымды түрлерін қалыптастыруға саяды. Міне, осыған орай жас ұрпақты тәрбиелеуде жалпыға ортақ қоғамда өмір сүрудің моральдық-психологиялық нормасы белгіленді, оның мәні «сегіз қырлы, бір сырлы» деген нақыл сөзден байқалады.

Қазақ халқының педагогикалық мәні зор ой-толғаныстарын бесік жырынан, ертегілері мен аңыздарынан, эпостары мен дастандарынан, шешендік сөздері мен айтыс-термелерінен, мақал-мәтелдері мен баталарынан көптеп кездестіруге болады.

Мысалы өткен сабағымдағы ұйымдастыру бөлімінде еңбектің адам өмірінде алатын орны мен маңызы жайлы үлгі-өнеге беретін аңыз немесе оқиғаны талдайды.

Б Білімалушыларға мынадай сұрақтар қойылады:

1. Берілген аңыз не туралы?
2. Сіз оны қалай түсінесіз?
3. Қандай ой түюге болады?

Ғалымның педагогикалық көзқарастарын ғылыми-педагогикалық тұрғыда зерттеу жұмыстары А.Қыдыршаевтың «А.Байтұрсыновтың әдістемелік мұралары» атты ғылыми-зерттеу жұмысында қарастырылған. Мұнда қазақ тілінің әдістемесіне ғалымның қосқан үлесінің, тіл білімін дамытуға орнының ерекше екендігі талданған. Сонымен қатар, Р.Б.Үсембаеваның «А.Байтұрсынов мұралары арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу» атты ғылыми-зерттеу еңбегінде ғалымның еңбектеріне ғылыми талдау жасалып және оны бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде пайдаланудың жолдары қарастырылған. Ал, А.Байтұрсыновтың педагогикалық-психологиялық мұраларының тәлімдік мүмкіндіктері Қ.Жарықбаев пен С.Қалиевтің «Қазақтың тәлім-тәрбиесі» және «Қазақтың педагогикалық ой-пікірлер Антологиясы» атты еңбектерінде жақсы ашылып көрсетілген.

Алаштанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ғылым академиясының академигі Дихан Қамзабекұлы “Алаш және әдебиет” деп аталатын еңбегінде Ахмет Байтұрсыновтың ағартушылық бағыттағы идеясын сөз етсе, “Алаш арқауы” деп аталатын кітабында ұлт ұстазының қайраткерлік жолын руханиятпен сабақтастырады. Ол: “Ахмет – ең алдымен ағартушы. Ол поэзияда да, көсемсөзде де, ғылым-ілімде де ағартушы” – дейді. Ғалымның сөзін Ахмет Байтұрсынұлының 1913 жылғы 16 мамырда “Қазақ газетіне” шыққан “Қазақ оқу жайынан” атты мақаласымен байланыстыруға болады. Ахаң: “Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісінен бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ішіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқуменен түзеледі” – дейді. Ахметтей ақынның бәрінен бұрын ағартушы болғанын мына бір өлеңінен аңғаруға болады.

“Балалар!

Оқуға бар!

Жатпа қарап!

Жуынып, киініңдер шапшаңырақ!

Шақырды тауық мана әлдеқашан,

Қарап тұр терезеден күн жылтырап.

Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да,

Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да:

Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп,

Барады аралар да ұшып балға.

Күн ашық, тоғайлар шат, ың-жың орман,

Оянып жан-мақұлық түнде қонған,

Шығады тоқылдақтың тоқ-тоқ даусы,

Сайрағы сарғалдақтың сыңғырлаған.

Өзенде балықшылар ау қарап жүр,

Тоғайда орақ даусы шаң-шұң орған.

Аллалап, ал кітапты қолдарыңа!

Құлдарын Құдай сүймес жалқау болған”.

Қазақ балаларын оқуға шақыратын бұл өлеңді Байтұрсыновтың ағарту ісіне арнаған туындысы десек те болады. Бұл Ыбырай Алтынсариннің “Бір Аллаға сыйынып, Кел, балалар, оқылық!” дегенімен сабақтасып жатыр. Ахмет Байтұрсынұлы 1921-1925 жылдары Орынбордағы, 1926-1928 жылдары Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928 жылы Алматыда Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты. 1929 жылғы 2 маусымда Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге Ахмет те Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ “үштігінің” 1930 жылғы 4 сәуірдегі шешіміне сәйкес Байтұрсынов ату жазасына

кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырады: 1931 жылы қаңтарда 10 жылға концлагерьге ауыстырылса, 1932 жылғы қарашада 3 жылға Архангельскіге жер аударылсын деп ұйғарылды. Ұлт ұстазы атанып, соңына өшпес із қалдырған Ахмет 1937 жылы желтоқсанда жазықсыз атылып кетті.

Тау тұлғаның ұлт үшін жасаған ұшан-теңіз еңбегін бір мақаламен тауысу мүмкін емес. Біз мақаламыз арқылы Ахаңның қазаққа сіңірген теңіздей еңбегінің тамшысындай үлесін көрсете алсақ та жаман болмас еді. Осы арадан сөзді үзіп, Ахметтей ұлт зиялысының Қызылордамен байланысы жайлы әңгіме қозғайық.

Қазақтай ұлттың Ахметтей тау тұлғалы азаматы жалған жаланың құрбаны болады. Кеңестік кезеңде оның кітаптарын оқымақ түгілі, жұрт есімін айтуға қорқатын. Тарих бәрібір шындықты жайып салды. Ахметтің есімін бәзбіреулер қаншама бүркемелесе де таудай тұлғасы уақыт өткен биіктей берді. 1991 жылы Есенбай Дүйсенбаевтың редакторлығымен Ахмет Байтұрсыновтың «Ақ жол» деген кітабы жарық көрді. Осы еңбекке қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Рымғали Нұрғали «Алып Бәйтерек» атты мақала жазды. Ғалым онда: «Ахмет Байтұрсыновтың ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері ретінде жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы – барша осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қалтқысыз қызмет етуге арналған» – дейді. Бұл кітап шықпастан бір жыл бұрын, яғни 1990 жылғы 26 ақпанда Қазақ КСР Үкіметінің №78 қаулысымен республикадағы бірнеше көше мен мектепке ұлт ұстазының есімі берілді. Өйткені Байтұрсыновтың алынбас қамалға айналған өзіндік биігі бар еді. Ал Байтұрсыновтың биігіне жету үшін ұлт ұстазының деңгейіне жету керек. Ал ондай пайым мен парасат миллионның бірінде болмаса, мыңның бірінде кездеспейді.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы. – Алматы. Қазақстан, 1995. -32б.
2. Кожухметов С. Педагогика мәселелері. Қазақ мемлекет баспасы, Алматы, 1940. -120 б.
3. Жарикбаев К.Б., Қалиев С.Қ. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. Алматы, 1995. – 346б.
4. Қунантаева К.К. Развитие народного образования в Казахстане (1917-1991). Алматы, 1997. -220б
5. Урынбасарова Э.У. Становление и развитие теории нравственного воспитания школьников Казахстана (60гг. XIXв. – 90гг. XX в.). Алматы. 1999. -270б.
6. Халитова І. Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарастары. Алматы. 1998. -186б.
7. Бейсенбаева А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. Алматы, РБК, 1995. -117б.
8. Дайрабаева А. Қазақстанда дидактикалық ойлардың дамуы. пед.ғыл.кан. дисс. 13.00.01. Алматы, 1994. -160б.
9. Ақмешіт апталығы газеті №25 30 наурыз 2021 ж

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ-ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Әбдіғаппарова Маржан Рақымжанқызы

М.Мәметова атындағы педагогикалық жоғары колледжінің шетел тілі бөлімінің 1 курс студенті  
Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

Өз елінің патриоты - Ахмет Байтұрсынұлына биыл 150 жыл. Ол - Қазақ деген халықтың бір туар перзенті, Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі. Ол – қараңғылық тұңғиығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы. Жастайынан тағдыр талқысын көріп өскен Ахметті өсірген де, ғылым мен мәдениеттегі көсегесін көгерткен де халық үшін еткен еңбегі, елі үшін еңсере жасаған қызметі. Ұлт маңдайына біткен тұлғаның туған тіліне деген құрметі жоғары болды. Ахмет Байтұрсынов - қазақ мәдениетінің тарихында үлкен, бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Қазақ философиясының (тіл білімі және әдебиет тану) негізін салушы педагог-ағартушы, мәдениет және қоғам қайраткері. Ахмет Байтұрсыновтың әдістемелік еңбектері қазіргі кездің өзінде үлкен сұранысқа. Оның қазақтың тіл білімі және қазақ тілін оқыту методикасы өзінің сапалылығымен және ана тіліміздің ерекшелігін жинақтайтын оқулық негізі ретінде үлкен табыспен мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытылып, қолданылмалы қазақ тілінің бетке ұстар оқулығына айналып отыр.

Ол ғұмырын бейқам жатқан халықты сауаттандырып, өнер - білімге, мәдениетке жетектеуге арнады Ол жастарды білімге шақырғандығы жайлы былай деп жырлады .

Балалар!  
Оқуға бар!  
Жатпа қарап!  
Жуынып, киініңдер шапшаңырақ!  
Шақырды тауық мана әлдеқашан,  
Қарап тұр терезеден күн жылтырап.  
Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да,  
Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да:  
Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп,  
Барады аралар да ұшып балға, деп болашақ жастар үшін шырылдады

Қазақтың саяси теңдігіне, рухани кемелдігіне ғұмырын арнаған ағартушының оқу-ағарту, өнер-білім саласындағы «Жазу тәртібі», «Бастауыш мектеп», «Оқу жайы», «Білім жарысы», «Орысша оқушылар», «Оқыту жайынан», «Баулу мектебі», тағы да басқа мақалалары – руханиятымыздың алтын қорын еселеуде. Ұлы ұстазымыздың өз заманында қарапайым қазақтың сауатын ашқан «Әліппе», «Сауат ашу», «Тілашар» т.б. оқу-құралдары күні бүгінге дейін әдістемелік және тілтанымдық тұрғыдан өз мәнін жоймаған құнды еңбектер болып қалмақ.

Байтұрсынұлы түрлі мемлекеттік қызметке ат салыса жүріп, сонымен бір мезгілде өзінің жаны сүйген оқытушылық-ұстаздық жұмысынан да қол үзбеген. 1921–1925 жылы Орынбордағы, 1926–1928 жылы Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді.

Байтұрсынұлының публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшантеңіз. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор

Қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулығының атасы – Ахмет Байтұрсынұлы 1910 жылы «Әліппе» жазумен бірге қазақ графикасын да жасауға кіріскен. Ол мұның негізіне қазақтың мәдени дүниетанымында бар көп ғасырлық дәстүрлі, өзге түркі халықтарына ортақ, туыстық сипаты бар араб таңбаларын алады. Кейін ғалым сол таңбаларды қазақ фонетикасына икемдеген. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын қазақ жазуын қалыптастырады. Бұл «Байтұрсынов жазуы» деген атқа ие болған. Ахмет Байтұрсыновқа «қазақтың ұлттық графикасының атасы» деген мәртебе берудің түп-төркіні бекер емес. Уақыт өте келе ол осы жазуды үйрететін әліппені жазып шығады. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдар аралығында 7 рет басылып шыққан екен. Ал 1926 жылы «Әліпбидің» жаңа түрі жазылды. Ал алғашқы «Әліппе» 1912 жылы Орынборда басылып шығады. Автор «Балалар, бұл жол басы даналыққа» деп басталатын «Тарту» өлеңін оқулықтың беташары ретінде пайдаланады.

Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «-Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды. Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген. Б. қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тілі білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл граммат. терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің

іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ. Байтұрсынұлының ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды. 1923 жылы Байтұрсынұлының 50 жасқа толғаны Орынбор, Ташкент 1922 жылы қалаларында салтанатты түрде аталды. С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, М.Дулатұлы, Е.Омаров сияқты замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалады. Өмірі мен қызметіне, шығармашылығына ғылыми пікір-тұжырымдар айтылды. Әуезов Ахмет туралы «Ақанның елу жылдық тойы» деген мақаласында «...Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы хүкіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі ... әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» деп жазды. 1929 ж. шыққан «Әдебиет энциклопедиясында]]» (Мәскеу) Байтұрсынұлы тұлғасына «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогы. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми әділ баға берілді. 1933 жылы шыққан М.Баталов пен М.С.Сильченконың «Қазақ фольклоры мен қазақ әдебиетінің очерктері» деген кітапшасында: «оның негізгі бағыты қазақ халқының қоғамдық-мәдени оянуына ықпал ету болды» деп Б-ның қоғамдық қызметін қорытындылады. Кейінгі коммунистік идеология Б. есімін ауызға алуға көп жылдар бойы тыйым салып, ол туралы сыңаржақ пікірлер айтылды. Саяси қысымның қаупіне қарамастан белгілі түркітанушы, академик А.Н.Кононов «Отандық түркітанушылардың библиографиялық сөздігі» деген еңбегінде (1974) Байтұрсынұлының толық өмірбаянын беріп, әлеум.-қоғамдық қызметін, басты еңбектерін нақты айтты. Оның қазақ әліппесінің авторы екендігі, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы оқулықтарын жазғандығы көрсетілді. 1988 жылдан кейін Қазақстандағы көптеген көше, мектептерге Байтұрсынұлы есімі берілді. Тіл білімі институты, Қостанай мемлекеттік университеті Байтұрсынұлының есімімен аталды. 1998 жылы оның туғанына 125 жыл толған мерейтойы салтанатпен атап өтіліп Алматы қаласында республика ғылыми конференция өткізілді, Байтұрсынұлының мұражай-үйі мен ескерткіші ашылды.

Қаршадайынан елім деп езіліп, халқым – деп қайғы жеген Ахмет Байтұрсынұлы - азап пен тозақтың бәрін басынан кешірген, қаратүнек пен надандықтың құрбаны болған, оның өнер, білім, оқу-тәрбие, тарихи тағылымы ұрпақтан-ұрпаққа сақталып, ұлы адамның аты -әр адамның, бүкіл жұрттың жүрегінде мәңгі сақталары даусыз.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. — Алматы: Жалын, 1991. — 464 б.
2. Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды // Байтұрсынұлы А. Ақ жол. — Алматы: Жалын, 1991. — 464 б.
3. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. — Алматы: Мектеп, 1976. — 136-б.
4. Әуезов М. Ақанның елу жылдық тойы // Байтұрсынұлы А. Ақ жол. — Алматы: Жалын, 1991. — 17-б.
5. [https://massaget.kz/mangilik\\_el/tup\\_tamyir/asyil\\_soz/36592/](https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/asyil_soz/36592/) сайты

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТ ҰСТАЗЫ

Әбіш Жанар Серғалиқызы  
Қазақстан Тұтынушылар Одағы  
Арқалық көпсалалы колледжі  
Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы

"...Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті" деп жазған екен Сәкен Сейфуллин.

Қазіргі кезде өз алдымызға тәуелсіз ел болып тұғырымыз қатайғанда, осы жолда өздерінің салиқалы ғұмырларын құрбан еткен азаматтарымыздың халқы үшін сіңірген ерен еңбектерін саралап, жаңа заман талабына сай «ақтаңдақтардың» бет пердесін ашып зерделеу өте маңызды. Өсіп келе жатқан ұрпақ өткен тарихын талдап, есінде сақтап, одан әрдайым сабақ алып отыруы қажет. Сондықтан да ұлттық рухы мықты қазақ зиялыларының бірі Ахмет Байтұрсынұлының халқы үшін көрсеткен елеулі еңбектерін дәріптеу маңызды мәселелердің бірі болмақ.

Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы тарихында ерекше орыны бар аса білімді, салауатты, ірі саяси қайраткер. Ол өзінің орасан зор ерік-жігерімен, ірі ұйымдастырушылық қабілетімен, саяси оқиғаларға көзқарасының тұрақтылығымен зор беделі мен құрметке ие болды. Теориялық жағынан жетік болғандықтан, өз қызметінде таптық белгілерден гөрі ұлттық ұстанымды

ұстанды. Өз халқының сауатты болуына, білім алып, көздерінің ашық болуына зор үлес қосқан айтулы азаматтардың бірі деп анық айта аламыз. Бұл орайда, А.Байтұрсынов республикадағы мектептердің әр түрінің көбеюі мен оқушылар санының өсуіне зор жағдай жасап, оны өзінің қатаң бақылауына алып отырған. Сауат ашуда қазақ мұғалімдерінің қатарын толықтыру керектігін дер кезінде түсініп, жаңа мұғалімдерді дайындау мен қатар бұрынғы мұғалімдердің білімдерін жетілдіру мақсатында уездер мен губерниялардың бәрінде қысқа мерзімді және екі жылдық мұғалім дайындайтын курстарды ашты. А.Байтұрсыновтың ыждағатты бақылауының арқасында не бары үш ғана оқулық - әліппе, грамматика, арифметика оқулықтары шықты. Оның негізгі қызметі қазіргі Абай атындағы педагогикалық ұлттық университетінде қазақ тілі мен әдебиетінің профессоры болып жұмыс істеген, отбасы Алматы қаласында болған..

А.Байтұрсыновты 1937 жылы 8 қазанда Алматы Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті үйінің астындағы жертөлеге әкеліп 7 камераға қамаған, бұл жолы «Жапон тыңшысы болған әйелмен астыртын байланыс жасаған» деп айыптаған. Шындыққа ешбір жуыспайтын айыпты басшылыққа алып 1937 жылдың 25 қарашасында Алматы облыстық ішкі істер халық комиссариаты үкім шығарып ату жазасына кеседі. Үкім 8 желтоқсан күні 1937 жылы орындалған. Бұдан кейін, біраз атылған қазақ ұлтының зиялы ұлдарын Алматы облысы, Іле ауданына қарасасты Жаңалық деген елді мекен жеріне апарып көмген. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, ел басымыздың жарлығы бойынша, ұлтымыздың зиялы ұлдарына мәрмәр тастан үлкен ескерткіш қойылды. «Қорытынды» бөлімінде зерттеудің нәтижелері, алынған ғылыми тұжырымдар мен ұсыныстар берілген. Жеке тұлғаның қоғамның дамуы мен тарихи үрдістерінде ерекше орын алатыны анық. Әрбір дәуірдің мәні мен ерекшелігі жеке тұлғалар арқылы анықталады. Отандық тарихта өзіндік орны бар қоғам, мемлекет қайраткерлерінің бірі - ХХ ғасыр басындағы А.Байтұрсыновтың өз халқын ұйқыдан оятып, бостандық, теңдік және туысқандық жолына салу үшін жүргізген жанида күресі келер ұрпақты патриоттық тәрбие беруде үлгі болмақ. Екіншіден, бүгінгі күнде Ахметтің азабы мол еңбегі азаматтықтың биік үлгісі ретінде қазақ елінің тарихын қайта жаңғырту үстінде. Үшіншіден, ұлы қайраткер күрескердің еңбегін мүдірместен демократиялық дәстүрлерге берік бүгінгі қазақ, Қазақстан Республикасы зиялылары қайталайтындығына біздің ешбір күмәніміз жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды.

Байтұрсыновтың «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады.

Байтұрсынұлы тұлғасына «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогы. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми әділ баға берілді. Бүкіл саналы өмірін қазақ халқының бақытты, берекелі, бірлікшіл ел болуын аңсаған, сол жолда аянбай еңбек еткен ақын, аудармашы, тілші, ғалым, көрнекті қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов қазақ елін отырықшылыққа, мектеп ашып білім алуға шақырған ағартушы. Ол бірнеше оқулықтардың авторы: («Әліпби», «Тіл құралы», «Баяншы», «Әдебиет танытқыш» т.б.) Ол И.А.Крыловтың бірнеше мысал өлеңдерін аударып, 1909 ж. Петербургте «Қырық мысал» деген атпен бастырып шығарды.

А.Байтұрсынов М.Дулатовпен бірігіп 1913-1917 ж.ж. Орынборда «Қазақ» газетін шығарды. Онда мектеп, оқу-ағарту ісі, отырықшылық, сауда, ел билеу ісі, Мемлекеттік Думаға қатынас мәселелерін сөз етті. Алдыңғы қатарлы елдерді үлгі етті. Надандықтан құтылудың жолы оқу-ағарту ісі деп қарады. Мектептерге білімді мұғалім кадрларын даярлауды көтерді. Қазақ алфавитін жаңартып араб әрпіне жаңа әліппе жасады.

Оқыту әдістерін жетілдіруді, оқытудың әдіс-тәсілдерін жаңартуды көреді. «Оқыту жайында» атты мақаласында «Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі. Бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге. Осы үш тіреуі бірдей тең болса, оқу қисаймайды, ауытқымайды, түзу жүреді... дейді.

Ахмет қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымның ағартушысы. Ахмет Байтұрсынұлының мол шығармашылық мұрасының тарихи маңызы жоғары. Ахметтің ілімдері – әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсыновтың ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі – қазіргі жаңа заманға өте керек.

Ахмет Байтұрсыновтың замандасы әрі қаламдасы Мұхтар Әуезов 1923 жылы Ахметке арнаған мақаласында, оның тегі жөнінде былай жазған: "... Сүйегі-Арғын, оның ішінде Үмбетей болады. Бергі аталары Үмбетейден шыққан Шошақ, Түбек. Ақаң Шошақтың немересі. Өз әкесінің аты — Байтұрсын".

А.Байтұрсынов өзінің барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісінің жаңданып кемелденуіне бағыштады. Ол туған халқының білім-ғылымға ұмтылуын әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек»-деп жазды.

Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы, тарихтағы орны ғалымдық, ақындық, публицистік, қайраткерлік істері аса жоғары бағаланған. Өз уақытының аласапыран құбылыстарын бағалау болашақ алыс өрістерді көруге келгенде алмағайып ағыстарға малтығып, қалың тұманда адаспай Ахмет Байтұрсынұлының әуелі

тарихтағы орнына тоқталып өткен жөн. Ақан ашқан қазақ мектебі, Ақан түрлеген ана тілі, Ақан салған әдебиеттегі елшілдік ұраны, «Қырық мысал», «Маса» еңбегі, «Қазақ газетінің» 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытқанда да, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкім дауласпайды деп ұлы данышпанымыз Абай есімін бар әлемге таныстырған Мұхтар Омарханұлы Әуезов айтқан болатын.

Ірі ғалым-тілші, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының есімі бүгінгі таңда әр жас ұрпақ жүрегінде жатталып, мәңгі есте қалары хақ.

Мен өз жұмысымды мына бір жыр шумақтарымен қорытындылаймын:

Ахмет жарық жұлдыз осы күнгі,  
Білімімен тербеткен бесігімді.  
Әліпбиің арқылы әріп танып,  
Ахмет деп атадым есіміңді.

Мерт қылғанда серт ерткен серігінді,  
Шартарапқа жеткіздің шер үніңді.  
Туыс түгіл айырып туғаныңнан,  
Өгей өмір өксітті-ау өміріңді.

Қалауын сұраса егер құлдан Алла,  
Өзгеріс енгізер ем бұл ғаламға:  
Екі өмір берсе екен деп тілеуші едім,  
Біреуін елге арнаған тұлғаларға.

#### Әдебиеттер тізімі:

1 Әшкеева Қ.А. Байтұрсынұлының философиялық көзқарасы: филос.ғ.к. авторефераты. – Алматы.- 2003. - 17 б.

2 Имаханбетова Р. Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы (мұрағат деректері негізінде): филол.ғ.к. авторефераты.- Алматы. - 2006. – 22-23 б.б

3 Қойгелдиев М.Қ. Ұлттық саяси элита. -Алматы:Жалы. - 2004, - 136 б; Мажитов С.Ф. Национально-освободительная война 1916 г. // Исторический опыт защиты отечества. - Алматы. 1999. – С. 139-162.

4 Тұрғараева Г. М. А. Байтұрсынұлының халық ағарту саласына қосқан үлесі // Халықаралық ғылыми конференциясы. – Алматы, 2007 ж. 21-22 сәуір.-Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2007. – 432-437 бб.

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІН САЛУШЫ

Әміржан Ерғанат

Жоғары көлік және коммуникация колледжінің студенті

Ғылыми жетекшісі – Алимова Светлана Асантаевна

Нұр-Сұлтан қаласы

Сан ғасырлық алуан қатпарлы тарих көшінде халқының басын қосқан, жарқын болашаққа бастаған, беделін асырған, намысын оятқан, абыройын қорғаған тұлғалар, әлбетте, аз болмаған. Ұлт тарихының қалың оқулығы бізге тағылым аларлық сан тұлғаның өмірі мен өнегесін ұсынғанда, олардың ішінен мемлекет тізгінін қолына ұстаған хандар мен билерді, ел іргесін жаудан қорғаған баһадүрлерді, әлеумет өмірін кең толғаған жыраулар мен ақындарды, ән мен күйін әуелеткен өнерпаздарды, халқына жол нұсқаған ойшылдарды көреміз. Бойына алуан қабілетті сыйғызған осындай айтулы тұлғалардың ортасында барша қазақ “Ахаң” деп құрмет тұтқан, “Ұлт ұстазы” деген аса мәртебелі ат иеленген-Ахмет Байтұрсынұлының ерекше орны бар.

Халық қайраткері, ұлт ұстазы, жамағат жанашыры Ахмет Байтұрсынұлы – халқының азаттығы, елінің тәуелсіздігі мен ұлттық мемлекеттігі жолында жан аямаған күрескер. “Елшілдік ұранын көтерген” (М.Әуезов), жаңа заман жаршысы, ұлы реформатор. Дарынды сөзімен дабыл қаққан, өлең өрімі мен өресін ұққан ұлы ақын. Бала тәрбиесінен бастап, ұлттық санаға дейінгі педагогикалық мәселелерді түгел зерделеген ұлт ұстазы, гуманист ағартушы. Ұлттың дыбыстық жүйесін дұрыстап, әліпбиін жаңғыртқан, жазуын жүйелеп, жөнге салған ұлы тілші. Қазақ әдебиеті теориясының тәмсілін түзген, көркемдік кестесінің қисындарын көрсеткен әдебиеттанушы. Оқу мен оқытудың озық үлгілерін, оңай тәсілдерін

үйретуші шебер әдіскер. Өзге жұрт жауһарларын өз тілінде сөйлеткен, өзгенің игілігі өз еліне пайдасын тиізерді ойлаған тапқыр аудармашы. Ұлттық ұғымға сыйымды, тіліне жатық, ойына жатық атаулар қорын түзген терминтанушы...

Ел ертеңін ойлаған есіл ердің ерен еңбегі бұл аталғандармен шектелмейді. “Тән көмілер, көмілмес еткен ісім, ойлайтын да мен бір күнгі ісін, жұрт ұқпаса ұқпасын, жабықпаймын; ел – бүгіншіл, менікі ертең үшін” дейтін азаткер азамат арқалай алған уақыт жарлығы мен жұртының жауапкершілігіне саятынның баршасымен толығып кете береді...

Қазақ әдебиеті тарихында ұлы Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында Ахмет Байтұрсыновтың да орны сондай. Елу жылдан астам уақыттан кейін ел қолы әрең жетіп отырған А.Байтұрсыновтың бай мұрасын жай санамалап өткеннің өзінде, осынау адамның өмірдегі ғажайып ерлігі мен табандылығына, туған халқына деген шексіз перзенттік сүйіспеншілігіне, асқан білімдарлығына тәнті болмай тұра алмаймыз.

Барлық саналы ғұмырын ұлт күресінің қасиетті жолына арнаған Ахмет Байтұрсынұлының есімі ел шежіресінде көптеген қырынан айтылады. Біріншіден, ол-қайраткер тұлға. Алаш қозғалысының бастауында тұрып, оның өрістеуіне, жалпыұлттық қозғалысқа айналуына ерен еңбек сіңірген шын мәніндегі ұлт қайраткері. Тіпті, Алашорда таратылып, кеңестік билік орнаған шақта да Ахмет қайраткерлік тұғырында қалды. Соның жарқын мысалы-қазақтың кеңестік кезеңде автономияға қол жеткізуіне басты себепкер болғаны және қазақ жерінің тұтастығы үшін большевиктік билікке дегенін орындатқаны. Екіншіден, ол-сан буын қазақтың сауатын ашқан ұстаз. Оның әліпбиін осы күнге дейін миллиондаған қазақтар пайдаланады.

Оның өмірбаяны, бар тірлік-тынысы, ой-арманы туған халқына деген қалтқысыз қызметтен тұрады. Оның өмірін сондықтан да жеке адамның, жеке бір маманның өмірі деп қарауға болмайды. Ол – халықпен біртұтас, қалың бұқарамен тамырлас, ел жүгін белі қайыспай көтерген нағыз халық перзенті.

Ахмет Байтұрсынов қазақтарды надандықтың шырмауынан шығарудың бірден-бірден жолы – ғылым-білімге ұмтылу, оқу-ағарту жұмысымен айналысу деп ұққан. Халықтың көзін ашып, сапасына сәуле құядан басқа мақсаты жоқ бұл әрекеттерді қолдап, қуаттап отырудың орнына, көп ағайыннан қияс тартып, аяққа оралғы, игі іске кедергі бола беретініне күйініп “Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ” деген өлеңін жазған.

Шынында, білімсіз ел теңізде жүзіп келе жатқан ескексіз қайық сияқты емес пе? Сол кездегі қазақ елінің халы дәл осындай мүшкіл еді. Сауатсыздық салдарынан өзін, елін, жерін кім қалай саудалап, қалай иемденіп жатқанын түсінуге де халықтың мұршасы болмады. Дәл бірінші орыс төңкерісінен кейінгі уақытта А.Байтұрсыновтың қоғамдық саяси қызметі саяси тақырыптарға арнап кітап бастырып, қазақ даласына тарату арқылы қазақ халқының ұлттық саяси санасын ояту болатын. Үнемі патша полициясының бақылауында болған осы бір жылдары Ахмет Байтұрсынұлы азаттық күресін бір сәтке тоқтатпайды. Осы жылдары атақты “Маса”, “Қырық мысал” жыр жинақтары жазылады. Мұқанның сөзімен айтқанда, “Қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі “Қырық мысал” болатын”. Бұдан кейін Аханның атағы жайылып, елдің шын қамқоры екендігі екінің біріне мәлім бола бастаған.

Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсынов – қазақ мәдениеті мен руханиятында тұтас бір дәуірді алып жатқан үлкен тарихи тұлға. Оның тағылымға толы шығармалары өз кезеңінің негізгі ұранына айналып қана қоймай, бүгінгі күні ұлтының айнымас темірқазығына айналды. Ол өзінің тума талантын халқының жолында шыңдап, іргелі істердің андатпасы ретінде тарихи сахнаның бедерінен көрінген. Ол қараңғыдан жол тауып, қазақ қоғамына өзінің сәулесін төкті. Оқу мен білімнің қажет екенін түсінген А. Байтұрсынов қазақ даласына жарық беріп, ағартушылық қызметпен айналысқан еді. Бұл оның елі үшін туған арда азамат екенінің айқын көрінісі.

Қазақ тілін талдап-тануда да Ахмет Байтұрсыновтың еңбегін және бір тұрғыдан ерекше бағалау керек. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша термин ұсынды. Осы күнгі қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу сынды сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы А.Байтұрсыновтікі.

Ахмет Байтұрсынов терминология мәселесіне де қатты назар аударған. Ол тек білім саласы емес, әдебиеттану саласының да көптеген терминдерін жасағаны мәлім. Бұлар да өте сәтті шыққан, қонымды атаулар болған. Сондықтан әдебиеттанудағы А.Байтұрсынов ұсынған терминдердің басым көпшілігі күні бүгінге дейін қолданылып отырған.

Қазақ тілінің графикасын жасаған Ахмет Байтұрсынов енді олардың грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатында “Тіл-кұрал” атты үш бөлімнен тұратын кітабын шығарады. Бұл кітап тек мектеп оқулықтарының ғана емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болып, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы, қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білуде тарихымызда аталмыш кітаптың орны айрықша.

Ахмет Байтұрсынов - өзінің алдына ақындықты, болмаса аудармашылықты емес, ең алдымен ұстаздықты мақсат етті. Оның өлеңдері, ондағы көтерілген тәрбиелік идеядағы мәселелер жас жеткіншектер тәрбиесінде өзінің өзектілігін жоймақ емес. Білімге ұмтылушылық, адалдық, еңбекқорлық, талаптылық, адамгершілік, кішіпейілділік сияқты жас баланың санасында орын алуға тиісті адами

қасиеттер Ахмет шығармаларының өзегі. Бұлар қай кезеңде болмасын, адам тәрбиесінде ерекше орын алуға тиісті қасиеттер десек, онда осылардың баршасын ұлы тұлғаның туындыларынан табамыз. Сондықтан да қазіргі тәрбие мәселесінде Ахмет Байтұрсыновтың алатын орны ерекше. Айталық, оның атты Қрыловтың аударған «Ақку, Шортан һәм Шаян», «Өгіз бен бақа» мысалы арқылы бастауыш сынып оқушыларын қызғаншақ, тәкаппар болудан аулақ болу сияқты ойға жетелейміз.

Ахмет Байтұрсынұлы халықты оятудың жолын оқу-білімнен іздеді, Еуропада ғылым қазақта олардың жұрнағы да жоқ деп, Еуропаны үлгі тұтты. Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді деп санады. Қиын-қыстау кезеңіне қарамастан ғылымның дамуына ерекше назар аударып, академиялық орталықтың жұмысын басқарып, оның өркендеп дамуына жағдай жасап, оған өзі тікелей бағыт беріп отырды. Бұл саладағы қайраткердің қызметін ерлікке бағаласақ артық болмас еді. Жетім балар үшін балалар үйі мен мектеп интернаттарын ашып, олардың әлеуметтік жағдайларын барынша жақсартты. Әлеуметтік жағдайдың әбден жіңішкеріп, экономикалық тапшылықтың құрсауындағы мемлекеттің дамып-жетілуіне зор еңбегін қосқанына қарамастан Кеңес үкіметі А. Байтұрсыновқа алақөздік танытып, қуғын-сүргінге ұшыратты.

Қорытындылай келе, бүгінде Ахмет Байтұрсыновтың шығармалары халық арасында кеңінен танымал. Оның есімін қазақ халқының тәуелсіздігімен байланыстырмау мүмкін емес. Осы жолда аянбай еңбек еткен оның тағылымға толы істері бүгінгі күні өз дәрежесінде бағаланып жатыр. Бұның бәрі ұлт мүддесін берік ұстанған Ахмет Байтұрсыновтың халқына деген сүйіспеншілігінен туындайтын дүниелер.

### Әдебиеттер тізімі:

- 1) Байтұрсынұлы А. Көп томдық шығармалар жинағы. 5-т. Алматы: Алаш баспасы, 2006.-288б.
- 2) Байтұрсынұлы А. Көп томдық шығармалар жинағы, әліппелер мен мақалалар жинағы. Алматы: Алаш, 2006ж.- 320 б.
- 3) Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық, 3-том. — Алматы: «Атамұра», 2002. — 768 б.
- 4) Бұқаралық-ақпараттық құралдардың мәліметтері.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ - ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Әскерғазина Айшагүл Нұрлыбекқызы  
М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі  
Абай облысы, Семей қаласы

Қазақтың ағартушысы, ұлттық білім беру жүйесінің негізін салушы – Ахмет Байтұрсынұлы. Қазақ тілінің дамуына өз үлесін қосқан, оның қоғамдағы рөлінің қандай екеніне зор ықпал білдірген жандардың бірі. Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми шығармашылығы мен қоғамдық қызметіне жан-жақты тоқталу, оны терең зерттеу өте маңызды.


Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы.

XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясының дамуы мен Алаш зиялыларының ұлттық ғылым тілін қалыптастырудағы рөлі ерекше. Неге десеңіз, оның әрбіреуі нақты тілдік-тарихи деректерге негізделген. Ғылыми тәжірибиелердегі тарихи даму, ұйымдастырушылық қызметтерімен тікелей байланысты. Сол себептен, ғалым мұрасының қадірі мен озық ойларын, қажет деректерін керегімізге жарата аламыз. Қазақтың ұлттық ғылым тілінің, терминологиялық қорының дамып, қалыптасуының тұтастай бір кезеңі ғалым еңбектерімен, оның ғылыми-педагогикалық, ағартушылық және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметімен, қайраткерлігімен тікелей байланысты.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты көптеген терминдер жасаған ғалым. Ғалымның термин шығармашылығындағы қызметінің бір ғана ғылым саласымен шектелмейтіндігі оның жалпы қазақ терминологиясын қалыптастырудағы орнының айрықша екендігін көрсетеді. Алайда Ахмет Байтұрсынұлының қазақ терминологиясының қалыптасуына қосқан үлесі бұлармен ғана бітпейді. Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Содан бері, Ахметтің болашағы жарқын, шығармашыл тұлға болып өсті. Балалық шағының көркем шақтары, сол замандағы қариялардан бата алып, жолын ашып білімге жақындатты. Қазақ тіл білімінің, оның ішінде ғылыми терминологияның қалыптасуы мен дамуы туралы сөз қозғағанда, алдымен Ахмет Байтұрсынұлының есімі ойымызға оралады. Тілдің, білімге жақындығын зерттеген Ахмет қазақ халқының ғылым тілін және оның қалыптасуын болашақ жас ұрпаққа тұтастай меңгерткен. Ғылыми еңбектері әлемге танылған, озық



шеберлігін қазақ жұртына тәнтті еткен қайсар қайраткерлігімен тікелей байланысты. Ата-бабасы қолдаған, рухты өлкеден шыққан Ахмет Байтұрсынұлының әдеби іздері бізді өз жолына түсуге тәрбиелеуде.



Біз, болашақ жас ұрпақ Ахмет бастаған дара жолды жалғастырып, ғылым тілін дамытуда ой қалыптастырып, дәстүр ерекшеліктерін сабақтастыру мүмкіндігіне ие болатынымызға сенемін. Сол себептен де Ахаң мұрасына аса мұқият қарап, әр шығармасын толық меңгеру, зерттеу жұмыстарын зерделеу біздің – парыз. Кешегі өткен тарих пен бүгінгі жаңа заманның әдеби ерекшеліктері сан алуан. Ол заманның қалыптастырған, қалдырған қағидаттары ұлттық білім беру жүйесін дамытуда өте ерекше алған. Мазмұны, мәні, сыни тұрғысы, құны және жалпы ережелері күрделі алынған.

Ахмет Байтұрсынұлы тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының ғылыми терминологиясын жасаумен бірге, қазақ тілін оқыту әдістемесінің де негізін қалаушы ретінде бұл салаға қатысты көптеген терминдерді жасаған. Олардың қатарына әдіс, әдісқой, сауаттау әдісі, жалқылау әдісі, жалпылау әдісі, жалқылау-жалпылау әдіс сияқты терминдерді жатқызуға болады. Ғылым, білім саласында қазақ тілінің қолданыс аясының кеңеюіне мақсатты түрде үлкен мән берген және термин шығармашылығында ұлт тілінің өз мүмкіндігін шебер қолдана білген ғалымның әлі баспа бетін көрмеген немесе кезінде жарияланып, қазір қолға түспей жүрген ондай еңбектері табылып жатса, олардың ішінде де көптеген терминдер мен жаңа қолданыстардың болатындығына еш күмәндануға болмайды. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты көптеген терминдер жасаған ғалым. Ғалымның термин шығармашылығындағы қызметінің бір ғана ғылым саласымен шектелмейтіндігі оның жалпы қазақ терминологиясын қалыптастырудағы орнының айрықша екендігін көрсетеді. Оның Қазақстан ғылымын ұйымдастырушылардың бірі ғана емес, солардың ішіндегі аса ірісі, бірегейі екендігін дәлелдейтін деректер ғалым мұрасына тереңірек үңілген сайын табыла береді. Ендігі бір айрықша атап айтуды қажет ететін мәселе – ғалымның терминжасамның тәсілдері мен жолдарын анықтап бергендігі. А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтап, оларды өзінің терминжасам тәжірибесінде кеңінен пайдаланған ғалым. Осы деректердің өзі ғалымның тіл білімпазы ретінде қазақ тілінде термин жасаудың үлгісін көрсете отырып, ғасыр басындағы термин жасау ісіне тікелей ықпал еткен зор тұлға екенін анық аңғартады.

Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Сол 1911–1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912–1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. Сонымен қатар, қазақ тілінің негізін қалаушы тұлға болған.

Ғалымның ұшан-теңіз еңбегі ұлт жүрегінен орын тапқандықтан, туған халқы «Ұлт ұстазы», «Ұлттың рухани көсемі» деп ардақтап ат берді. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлы мен мемлекет тұтастығы, ұлт тұтастығы – егіз ұғым. Ұлт ұстазы – Тәуелсіз Қазақстанның әлем халықтары алдындағы бет-беделі. Ұстаз есімін ұлықтау Ел тәуелсіздігі мен дамуының, ұлттық құндылықтар мен ұлт мұратының жүзеге асып жатқанының белгісі. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО, әлемдік деңгейде тойлау Еліміздің әлемдік аренадағы бет-беделін асыратыны сөзсіз. Ахмет Байтұрсынұлының біз көрсетпей кеткен атқарған игі істері мен өнері жетерлік, сонда бір басына осынша қасиет пен қайраткерлік дарыған тұлғаның қозғаушы күші не болды, мұндай тұлғаны қалай атауға болады деп іздендік. Ізденіс қорытындысында Ахмет Байтұрсынұлын «пассионарлық тұлға» деп атау дұрыс деп санадық.

Қорытындылай келе, Ахмет Байтұрсынұлының бізге қалдырған мұрасы құнды екенін ұғындым. Әр қазақ жастары ұлттық білімнің ірге тасында ой өрбітіп, білімдерін жетілдіру арқылы күш салды. Сол үшін еліміздің ұлттық білімі мен тілі жаңаша жағынан жаңғыруда. Ал біз жаңғыруына үлес қосып, қолдан келгенше көмек көрсетуіміз керек. Болашақта Ахмет жолын жалғастырушы, біздің қолымызда. Оның айтқан өсиеттерін және дана сөздерін жадымызда сақтағанымыз жөн.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. <https://qazaqtimes.com/article/2766>
2. [https://kk.m.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D1%85%D0%BC%D0%B5%D1%82\\_%D0%91%D0%B0%D0%B9%D1%82%D2%B1%D1%80%D1%81%D1%8B%D0%BD%D2%B1%D0%B%D1%8B](https://kk.m.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D1%85%D0%BC%D0%B5%D1%82_%D0%91%D0%B0%D0%B9%D1%82%D2%B1%D1%80%D1%81%D1%8B%D0%BD%D2%B1%D0%B%D1%8B)
3. <https://bilim-all.kz/figure/27>

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Бағдатова Мерей Бағдатқызы  
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК  
Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы

А. Байтұрсынұлы - қазақ терминологиясының әрі жол салушысы, әрі негізін қалаушысы. А. Байтұрсынұлы қазақ терминологиясының жол салушысы ретінде жалғыз емес, себебі А. Байтұрсынұлына дейін де, А. Байтұрсынұлының заманында да қазақ тілі терминологиясы саласында қызмет еткен қазақ зиялылары болған. Бірақ қазақ тіліндегі терминологияның негізін қалаушы, негізін салушы ретінде дара тұлға. А. Байтұрсынұлы терминнің негізгі екі түрлі жолмен жасалатынын жақсы игерген (термин - ұғымды атайтын сөзден жасалады; термин - затты атайтын сөзден жасалады). А. Байтұрсынұлының жасаған терминдері тіл, әдебиет, әдістеме ғылымдарына арналған соң, олар ұғымның аты негізінде жасалған.

А. Байтұрсынұлының терминологиялық мұрасында терминжасамның осы екі негізгі жолы бірін-бірі қиып өтпеген. Яғни, Ахмет Байтұрсынұлы термин жасағанда, ең алдымен, қазақ халқының жалпылама (абстракциялық) ойлау қабілетінің мүмкіншіліктерін пайдаланған, себебі қазақ пәлсапасында, қазақ менталитетінде жалпылама ұғымдық категория басым.

А. Байтұрсынұлы терминдерді көп жағдайда оқыту (білім беру) мақсатында жасағанымен, соңынан сол терминдер нақ ғылыми салада да (ғылыми стильде) өз орнын нықтап мекендеді, себебі ол терминдер, ең алдымен, тілтанымдық ұғымдардың маркерлері болды, содан соң әдістемелік, білім беру мен білім алу ұғымдарының маркерлері болды. Сонымен ХХ ғасырдың басында А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің негізінде қазақ тілі терминологиясын жасады да, қазақ тілтанымында терминжасам ілімінің негізін салды.

А. Байтұрсынұлы қазақ терминологиясының негізін қалаған кезде қазақ тілтанымында әр түрлі теориялар жоқ еді, негізгі тілтанымдық ұғымдар әлі анықталмаған еді, сондықтан Ғалым терминдерді жасау үшін, ең алдымен, ғылыми ұғымдар қорын анықтады, оларды атады, сөйтіп тілтанымдық, әдебиеттанымдық-әдістемелік ғылыми мектептерді дүниеге келтірді, қалыптастырды.

Ғылым тарихында бір термин қолданыстан шығып, орнына басқа (жаңа) термин қолданылуы мүмкін. Мысалы, жалпы қазақ ғылымы және қазақ тіл білімі тарихында: тәлім-тәрбие - педагогика, пәлсапа - философия; дауыстылар гармониясы - дауыстылар үндестігі - сингармонизм - дыбыстар үндестігі - үндесім - үндестік.

Мұндай жағдай әлем тіл білімінде де, ұлттық тіл білімінде де, бір ғалымның творчестволық өмірінде де кездеседі. Мысалы, А. Байтұрсынұлы бір ұғымды (әріп ұғымын) екі терминмен атайды және сол екі терминнің біреуінің үш фоновариантын қолданады: қаріп - харіп - әріп, таңба. Яғни Ғалым әріп, таңба терминдеріне нық тоқтағанынша біраз уақыт өткен, біраз контекстуалдық эксперименттер (қолданыстар) жасаған.

А. Байтұрсынұлының термин жасау процесінде негіз тұтқан принциптері: 1) терминнің түсініктілігі (оқушыға); 2) терминнің ана тілі негізінде жасалуы; 3) көпшілік түсінбейтін, бірақ қолданыста бар арабша, парсыша терминдерді қолданыстан тыс шығару; 4) қажеті мол жағдайда жат тілдің терминін де қолдану (Европа және араб, парсы тілдерінен). Сонымен А. Байтұрсынұлы өзінің терминжасамдық концепциясында жат тіл бірліктерінен жасалған терминдердің қазақ тілінде қолданылуының қажеттілігін толық жоққа шығармайды.

Термин тілге алдымен жат тілден енуі мүмкін (лингвистика), содан соң ана тілінің негізінде жаңа термин пайда болуы мүмкін (тіл білімі, тілтаным). Керісінше де болады: термин алдымен ана тілі негізінде жасалады да, содан кейін интертермин еніп, оны ғылыми қолданыстан шеттетеді (мысалы, А.

Байтұрсынұлының пән сөз ғылыми атауын интернационалдық атаулар (термин, терминология) қолданыстан шығарды).

Терминология сөздермен аталған ұғымдар жүйесі (мысалы, тілтанымдық ұғымдар жүйесі және олардың атаулары - терминдері). Терминдер номенклатурасы - нақты ғылым саласының ұғымдар жиынтығының атаулар жүйесі (мысалы, фонетика объектерінің, ұғымдарының атаулар жүйесі).

Сонымен терминология ұғымы терминдер номенклатурасы ұғымынан кең, себебі, терминдер номенклатурасы нақты ғылыми саланың ғылыми объектітерінің (ұғымдарының) аттары (яғни терминология ұғымынан тар ұғым).

А. Байтұрсынұлы өзінің терминжасамдық творчасының барысында жалпы терминологияға да, терминдер номенклатурасына да арнап терминдер жасаған. Мысалы: тіл, сөз жүйесі, сөйлем жүйесі атаулары жалпы терминологияға жатады: дыбыс, жуан дыбыс, жіңішке дыбыс атаулары фонетиканың терминдер номенклатурасына жатады.

А. Байтұрсынұлының ғылымды табиғи объективтік болмыс ұғымында түсінуі және қазақ тілі ғылыми стилінің негізін қалауы. Ғылым ұлттандырылмайды. А. Байтұрсынұлы қазақтың ұлттық тіл білімі ғылымының негізін қалады, бірақ жалпы ғылымды ұлттық дүние деп түсінген жоқ. Ғылымды жалпы адамзаттық, жалпы әлемдік дүние деп түсінген, сондықтан да ол "Тіл - құрал" деген, "Тіл - адамның белгісінің зоры" - деген [1, 5].

А. Байтұрсынұлы ашқан тіл, әдістеме ғылымдарының заңдылықтары, ұғымдары ғалымның ғылыми мәтіндерінің мазмұны болып қалыптасқан. А. Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндерінің мазмұны сан түрлі (фонетика, орфография, графика, морфология, синтаксис, әдістеме, әдебиеттану, тарих), себебі ғалым ғылымның бірнеше саласында ғылыми ұғымдар, заңдылықтар ашып, оларды

терминдендіріп, оқыту, ғылымтану қызметінде пайдаланып, әдістемелік, тілтанымдық, әдебиеттанымдық, ізденістерді алып баруды дәстүр ретінде қалыптастырған. Сонымен А. Байтұрсынұлының ғылыми, ғылыми-әдістемелік мәтіндерінің мазмұны - өзі ашқан қазақ тілінің заңдылықтары мен ұғымдарының жазбаша тілдесім түрінің қоры.

Тіл үш негізгі әлеуметтік қызмет атқарады - қарым-қатынас қызметі, хабарландыру қызметі, әрекеттендіру қызметі. Осы үш қызметтің екеуі (хабарландыру, әрекеттендіру) ғылыми стильдің негізі болады. Яғни, барлық ғылыми стиль мәтіндерінде жаңа ғылыми дерек, шешілім, заңдылық,... жайында хабар болады және сол ғылыми хабарды ереже, шарт ретінде қолдану керек екендігі туралы тілдің әсер ету (әрекеттендіру) функциясы арқылы жеткізіледі.

А. Байтұрсынұлы ғылыми стиль қызметінің екі түрлі қызметтен құрастырылғанын (ғылыми стиль қарым-қатынас қызметін сирек атқарады) жақсы түсінген, себебі Ғалымның нақ ғылыми, ғылыми-әдістемелік мәтіндерінің ішкі дүниесінен тілдің хабарландыру қызметі де, әрекеттендіру қызметі де үлкен орын алады. Мысалы: "Дауыссыз дыбыстардың кейі қатаң болады. Соған қарай харіптері де қатаң әм ұяң деп аталады... Сынау. Төмендегі сөздердің ішіндегі қатаң харіптердің астын сызып көрсетіңіздер". (А. Байтұрсынұлы, 1914; 1992. 148 б.).

А. Байтұрсынұлы мәтінінің осы үзіндісінде ғылыми стильдің әрі хабарландыру, әрі әрекеттендіру қызметтері айқын байқалады. Хабарландыру қызметі - дауыссыз дыбыстардың екі түрлі болатындығы жайында (қатаң, ұяң). Әрекеттендіру қызметі - осы жаңа ғылыми хабарды түсініп білім алу процесінде қолдану үшін сөздердің құрамындағы қатаң әріптерді тауып, солардың астын сызу керек екендігі. Яғни бұл ғылыми мәтін балалардан ұғу қызметін де, машықтану қызметін де атқаруды талап етеді.

Ғылыми стильді екі түрлі факторлар қалыптастырады - лингвистикалық, экстралингвистикалық. Лингвистикалық факторлар - тіл бірліктерінің (сөз, термин, терминдер тіркесі, сөйлем (хабарлы сөйлем, құрмалас сөйлем,...) ғылыми мәтінде қолданылуы. Экстралингвистикалық факторлар - ғылыми мәтіннің тілдік ұғымдардан тыс ұғымдарды, шарттарды сақтайтындығы (нақтылық, біройлылық, көркемсіздік, бейэмоциялылық, жалпыламапық, күшейтпеушілік, жекелендірмеушілік, объективтік, әділдік, шындық, т.б.). А. Байтұрсынұлының ғылыми, ғылыми-оқыту мәтіндерінде лингвистикалық та, экстралингвистикалық та факторлар нық қалыптасқан. Ғалымның ғылыми және ғылыми-әдістемелік мәтіндерінде жоғарыда аталған лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар сақталғандықтан, ғылыми стильдің барлық негізгі көрсеткіштері қалыптасқан және басқа функционалдық стильдердің көрсеткіштері ендірілмеген (тұрмыстық қарым-қатынас, көркемдік, публицистикалық).

Сонымен А. Байтұрсынұлы XX ғасырдың басында қазақ тілі ғылыми стилінің лингвистикалық және экстралингвистикалық негізгі факторларын, қасиеттерін қалыптастырған; қазақ стилистикасының тілдік және тілдесімдік стандарттарын өзі жаратқан, себебі терминдерді, терминдер тіркестерін, мәтіннің ғылыми стильдік реңкін дүниеге келтірген, қолданған, дәстүрлендірген.

Ғылыми стильдің тағы бір үлкен ерекшеліктері - терминнің, терминдер тіркесінің жиі қолданылуы. Бұл ерекшеліксіз ғылыми стиль қалыптаспайды. А. Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерінің бәрінде терминдердің қолдану жиілігі жоғары. Бұл жағдай қазақ тілі ғылыми стилінің енді қалыптаса бастаған кезін өзінде оның бір мағыналық, нақтылық, қысқалық сияқты негізгі қасиеттерінің нық болып дүниеге келгенін дәлелдейді. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлының 20 жолдан тұратын (жарты

бет) мәтінде терминдердің қолданылу жиілігі төмендегідей: әдіс -11 рет; емле - 9 рет; дыбыс негізгі әдіс - 4 рет; тұтас тұлғалы әдіс - 3 рет; дыбыс жүйелі емле - 3 рет; тарих жүйелі емле - 2 рет.

Сонымен А. Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндері терминдердің қолданылу жиілігі жағынан да қазіргі ғылыми стильдің талаптарына, ерекшеліктеріне толық жауап береді.

Ғалымның терминологиялық мұрасына көңіл белгендердің ішінде әр түрлі ғылыми салалардың мамандары бар: тілшілер, әдебиетшілер, әдістемешілер, математиктер, химиктер, биологтар, дәрігерлер, тарихшылар, техника саласының мамандары. Бұл жағдай А.Байтұрсынұлының терминжасамдық дүниесінің маңызы жан-жақты екендігін, қазақ қоғамының барлық әлеуметтік салалары үшін еңбек етіп жатқанын дәлелдейді. Яғни А. Байтұрсынұлының терминологиялық мұрасы - полиғылыми, полиәлеуметтік дүние. Ө.Айтбаевтың сөзімен айтатын болсақ, "Қазақ әдебиеті тарихында ұлы Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында Ахмет Байтұрсынұлының орны сондай" [2,15].

Зерттеушілер көңіл бөлген негізгі мәселелер әр түрлі. Сол мәселелердің мағыналық көлемін біз төмендегідей анықтадық: А. Байтұрсынұлы - жалпы қазақ терминологиясының жолын көрсетуші

(родоначальник) және негізін салушы (основоположник); А. Байтұрсынұлы - қазақ тіл білімінің, қазақ әдебиеттануының, қазақ әдістемесінің негізін салушы; А. Байтұрсынұлы - салалық ғылыми терминологияның негізін салушы; А. Байтұрсынұлы - қазақ тілі терминжасамы теориясының негізін салушы (ұғымдар, принциптер, жасалу жолдары, т.б.); А. Байтұрсынұлы - терминжасамдық қызметте қазақ тілі мүмкіншілігінің ажарын ашушы, қазақ тілі бірліктерін термин ретінде қолдануды бас міндет деп баяндаушы және соларды ғылыми қызмет айналымында қолданушы; А. Байтұрсынұлы - қазақ тарихындағы, жалпы түркі әлемі тарихындағы терминжасам ілімінде дара тұлға.

А. Байтұрсынұлы жалпы терминологияға (ұғымдар жүйесіне), терминдер номенклатурасына (нақты- ғылым саласына) арнап терминдер жасаған, семасиологиялық таңбалар ретінде қалыптастырған. Тіл туралы сол тілде тілдесім жасау - ғылыми ізденістер жасау. А. Байтұрсынұлы еңбектерінің тілтанымдық мұрасы - қазіргі қазақ тіл білімінің негізі. А.Байтұрсынұлының терминологиялық мұрасын зерттеушілер концептуалдық жақтан терминнің шығу тегін, жасалу жолын, қолданыстағы ерекшеліктерін әңгімелейді. А. Байтұрсынұлының зерттеулері тілтанымдық табиғаты тілдік тілдесім негізін, қорын құрайтын құнды ғылыми еңбектер, оның әлі де зерделенер тұстары көп деуге болады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1.Қалиұлы Б. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ терминдері // Ұлттық рухтың ұлы тілі. - Алматы: Ғылым, 1999. - 409- 416 бб;

2. Байтұрсынұлы А. Тіл - құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. Орынбор, 1914.

3.Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі. Алматы: Рауан, 1997. - 240 б.

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ –ТІЛ БІЛІМІНІҢ АТАСЫ**

Байқас Альбина Сағындыққызы  
А.Байтұрсыннов атындағы бастауыш гимназия  
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-эксперт  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Ахмет Байтұрсыннов - қыры мен сыры мейлінше көп адам. Ол қоғам қайраткері, өз заманындағы саяси басшы, дарынды ғалым-түрколог, ол –әдебиетші, Абайдың кесек тұлғасын алғаш таныған, оның әдеби мұрасын алғаш жоғары бағалаған сыншы. Сонымен қатар ол -әдіскер педагог.

Халық ағарту ісіне білек сыбанып, тікелей кіріскен, мектептер ашып, оқу құралдарын жазып,ұстаздықпен айналысқан Ы. Алтынсарин екені белгілі. Ол: «Мектеп- қазақтарға білім берудің басты құралы. Біздің үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы тек мектептерде»,-деп жазды. Ұлы ағартушы бастаған осы ойды, ұстаздық жұмыстарды дамыта жалғастырушы А. Байтұрсынұлы болды. Ол 1905 жылы педогогикалық училищені бітірісімен Қазақстанның әр түрлі облыстарынан мектептер ашып,ұстаздықпен айналысты.

Кел балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық!-деп балаларды оқуға шақырған Ыбырайдың ізімен Ахмет те:

Балалар оқуға бар, жатпа қарап,

Жуынып киініндер шапшаңырақ.

Шақырды тауық мана әлдеқашан,

Қарап тұр терезеден күн сығалап,- деген өлең шумағынан балаларды мектепке, оқуға шақырады.

Ахмет «Айқап» журналының 1912 жылы төртінші санында жарияланған мақаласында балалардың тез өсіп жетілуінің бір кілті- оларды ана тілінде оқыту, ол үшін ана тілінде оқу құралдарын

жазу, оны жазу үшін қазіргі қолданылып жүрген жазуымызды (араб жазуы) өз тіліміздің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіру деп жазды және айтқандарын бірінші болып өзі орындап шықты. Араб Әліппесін қазақ Әліппесі етіп өзгертті Төмендегі сурет Ахмет "Әліппесінің" суреті.

Қазақ тілінің дыбыстық, грамматикалық жүйелерін зерттеп, одан мектептерге арнап оқу құралдарын жазды. Бұл істердің қай-қайсылары болса да ана тілімізде жарық көрген тұңғыш туындылар болатын.

Ғалымның ғылыми -әдістемелік дидактикалық көзқарастары «Баяншы», «Тіл-құрал», "Әліппе астары", Әліпби сияқты оқулық, оқу-әдістемелік құралдарда да кең орын алған.

Ахмет 1926 жылы өзінің әйгілі "Әдебиет танытқыш" кітабын бастырып шықты. Бұл кітапты біз Аристотелдің «Поэтикасымен» қатар қойып салыстыруымызға болады.

А. Байтұрсынұвтың "әдебиет " еңбегінің ең басты бағалылығы-әдеби терминдерді қазақша қалыптастыруы.

Әдеби терминдердің басым көпшілігінің аудармасын ойлап тапқанда Ахмет Байтұрсынұлы; көріктеу, айшықтау, алмастыру, түйіндеу, т.б.

Осылардың бәрі М.Әуезовтің «Ахаң түрлеген ана тілі дейтін еңбегінде айқын көрсетілген.

Ахмет қазақтың тұңғыш Әліппесі мен ана тілі ,әдебиет оқулықтарының авторы екенін, қазақ тілі грамматикасындағы сан алуан лингвистикалық терминдердің авторы екенін білгеніміз жөн.

Кемеңгер ғалымның оқу-әдістемелік еңбектері, мектеп жұмысына қосымша ой-пікірлері осы күні де өз құнын жоя қойған жоқ.

Ыбырай мен Ахмет-»Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болған" алғашқы ұстаздар. Олардың халық үшін, өнер-білім үшін, тәуелсіз, мәдениетті ел ету үшін күрескен қажырлы еңбектерін халық ешқасан ұмытпайды.

Қазақтың ұлы ғұламасы Ахмет Байтұрсынұлының халық үшін істеген игі істерінің ішіндегі ең шоқтығы биік қызметінің бірі-араб жазуына өзгерістер енгізіп қазақ әліпбиін құрастыруы. Осы арқылы ғылым халқының тез сауаттанып хат тануына оқу білімге деген құштарлықтарының оянуына ерекше ықпал етті. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады да, оны 1912 жылдардан бастап қолданысқа енгізді. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды- жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынұв жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу- ағарту идеясына сол кезіндегі интелгенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының [7]әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі — ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенін олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

А. Байтұрсынұвтың өзі «Қазақ жазуы» деп, кейінгі зерттеушілер «Қазақтың тұңғыш ұлттық жазуы» деп аталған араб таңбалы жазуды ХХ ғасырдың алғашқы жартысынан бастап латынға ауыстыру науқаны басталды. Бұл қарекет, әрине, жеке-дара қазақ мәдениетінде емес, түріктер мен әзірбайжандарда басталып, Ресей қол астындағы түркі халықтарының (татар, қазақ, өзбек, қырғыз, ноғай т. т.) барлығының саяси-мәдени өмірінде белсенді түрде орын алғаны белгілі.

Ал қазақ ұлты ұзақ тарих көшінде сан алуан жазуды қолданып келгені белгілі.

Бүгінгі таңда елімізде латын әліпбиіне көшу әлі де екі жақты тартыс пен талас тудырып отырған мәселе болып табылады. Латын әліпбиіне көшуді жақтаушылар бұл мемлекеттік тілдің өзінің күшіне енуіне оң әсерін тигізеді десе, латынға қарсылық білдірушілер халық арасында сауатсыздық бел алады деп шошуда. Кейбіреулер Ахмет Байтұрсынұв бастаған қазақтың ардақтылары латын әліпбиіне қарсы болған деген пікірлерін де алға тартады. Ахмет Байтұрсынұлының латын жазуына қарсы шыққандығы

негізгі ойлағаны-елдің мәдениеті мен экономикалық жағдайы еді. Ахаң латынға көшу арқылы бүкіл қазақ халқы біріншіден, рухани-мәдени дүниесінен айырылатындығын, екіншіден, оқулық шығару, баспа ісі, т.б. латындандыру үшін орасан көп қаржы керек болатындығын, қатты ескертумен болған. («Енбекші қазақ», 1926, №282. 19 желтоқсан) Сол кездегі жазуға қатысты пікірталастар "Әліппе айтысы" деген атпен 1927 жылы Қызылорда қаласында кітап болып басылып шыққан. Бұнда А.Байтұрсынұлының пікірін М.Дулатұлы, Е.Омарұлы, а. Байтасұлы, І.Ахметұлы қолдап, сөз сөйлейді. - Қазіргі ғалымдар пікіріне қарасақ Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру елімізге саяси жағынан да, ғылым-білім тұрғысынан да, заман талабына сай даму үшін де өте маңызды. Сондай-ақ, бұл шараның қазақ тілінің дамуына, қолданысының кеңеюіне қосар үлесі де қомақты. Себебі бүгінге дейін өзіміз әбден үйренісіп, қолданып келе жатқан кирилл жазуы да аса жетілген, кемел емес екені белгілі. Мұны түсіндірме сөздікпен жұмыс істеуде, әсіресе сөздердің орфографиясы, орфоэпиясына келгенде анық байқадық. Жазуымызда қазақ тілінің дыбыс жүйесіне бағынбайтын кемістіктер, көпшілік үйреніп кеткенімен, кірме сөздердің орыс тіліндегі заңдылықтар бойынша сақталып жазылуы, басы артықь, ъ белгілері, в, ф, ц, ч, щ, ю, я әріптері, т.б. қиындықтар кездеседі. Латынға көшуде өзге себептермен қатар, тілдік тұрғыдан осы бір қиындықтарды шешуге, қазақ тілінің дыбыс жүйесін сақтайтын, табиғатына сай жүйелі, жетілген әліпбиді түзу мүмкіндігі туып тұр.

Ұлағатты ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы туған тіл туралы өзекті мақалаларында: «Тіл - адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. ...Біздің заманымыз - жазу заманы, жазу мен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» деп жазған екен. Шындығында, ол қазақ әліпбиін түзеп, түрлеудің, ана тілінде оқулықтарды жазудың мәні зор екенін, ұлт тілінің келешегі үшін күрескен кеменгер. Кеменгерлігі сол, әркімнің тіліне еріп, адасып жүрген жұртына «Қазақ әліпбиін» тайға таңба басқандай жасап берді. Ахмет түрлеген әліпбиді күллі түркі жұрты, сонымен бірге орыс ғалымдарының «...енді түзетуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан алғанда кемелденген, жетілген ұлттық графика» деп бағалағаны тарихи шындық.

Ахмет Байтұрсынұлы өз заманының ағысына қарсы тұра білген қайраткер. Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен. Өз достарының алды бола білген Ахмет өткір, алмас қылыштай адамның ойын осып өтетін сөздерімен өлең арқылы ой-сезімін білдірген. Қазақтың қазақ бола білуіне кеудесіндегі жанын да аямаған. Қарусыз-ақ сөзбен адам өлтіретін Ахмет қазақ елінің келешегін тәуелсіздікке жетелеген халықтың рухани жетекшісі. Халық үшін, халықтың мәдени-әлеуметтік болмысын көтеру үшін қызмет еткен.

Қазақ әліпбиінің атасы – Ахмет Байтұрсынұлы ұлт әліпбиін негіздегенде алдымен оның дыбыс өлшемін, яғни қазақтың сөйлеу мақамындағы дыбыс санын анықтаған. Өлбетте, ол сол кезгі қазақ тіліндегі ұғым-танымдар өресіндегі сөз қолданылысына, яғни тұтынудағы сөз қорына байланысты болатын. Белгілі бір атауларды атап, танымдарды түсіндіре алатын сөз қолданыстарының жиынтығындағы дыбыстар түзілімі – мағына құрайды. Қажет болған жағдайда, бұл дыбыстарды морземен де, эсперантомен де, тіпті сан түрінде де бейнелеуге болады. Алайда, бұлар әліпби болып шықпайды, орайға қарай шартты қолданыс түрлері ғана. Бұлар ұлттық ерекшеліктері жоқ, бұқаралық емес, шектеулі қолданыстағы жазу түрлері.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің өзіне дейінгі хат тілін де, халық әдебиетін де, сөйлеспелі сөз қолданылысын да зерделей келе, Қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты... Бұл дыбыстардың ішінде қ хәм ғ ылғи жуан айтылады. К мен г хәм е ылғи жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстардың әр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады. Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, .. онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дайым жуан айтылатын қ мен ғ-ны қосқанда, дайым жіңішке айтылатын к мен г, е-лерді қосқанда, бәріне 43 белгі (харіп) керек, - деп анықтай келе, араб таңбасының қазақ дыбыстарына жеткіліксіздігіне байланысты 38 белгі қажет ететін жуанды-жіңішкелі 19 дыбысқа айырымдық дәйекші белгісін қолдана отырып, 19 таңба үнемдейді. Сөйтіп, жіңішкелік үшін жалғыз ғана белгі алып, 43 түрлі дыбысты 25 белгімен дұрыстап жазуға болады, - деген қорытындыға келіп, осы негізде тұңғыш қазақ әліпбиін жасайды.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын графикасын жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» (Төте жазу) дүниеге келген, екінші – сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған бұл үшін «Тіл құралды» жазған.

Қорыта айтқанда, А.Байтұрсынұлының қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған тұлға болғандығын оның қаламынан шыққан қыруар еңбектері дәлел болады. Мәселен, «Оқу құралы» (Қазақша әліппе) атты кітабы алғаш рет 1912 жылы Орынборда жарыққа шықты. Бұл еңбегі 1912-1925 жылдар аралығында 9 рет қайта басылып, қазақ қоғамында ұзақ қолданыста болды. Сондай-ақ «Оқу құралының» (Әліппеге жалғасы) 2 кітабы 1913 жылы жарық көріп, 1924 жылға дейін 4 рет басылып шығады. Одан кейінгі «Оқу құралының» (Әліппеге баяншы) 3 кітабы 1913-1921 жылдар аралығында 2 рет жарық көреді. Ал ғалымның тек оқушыларға ғана емес, ересектердің сауатын ашуға арналған «Оқу

кұралы» 1921 жылы, «Сауаташқыш» 1924 басылып шықты. Ал методикалық құрал «Баяншы» 1920 жылы жарыққа шыққан. Сонымен қатар «Әліппе астары» 1924 жылы, ал «Жаңа әліп-би» атты жаңа оқулықты 1926 жылы ұсынады. «Тіл жұмсардын» бірінші бөлімі 1928 жылы, екінші бөлімі 1929 жылы жарық көрді. Ал ғалымның «Тіл – құрал» атты үш кітаптан тұратын еңбегі қазақ мәдениетінде бұрын болмаған тың дүние болды. Себебі бұл кітап – қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеп, танытып берген, қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми еңбектің басы еді. «Тіл – құралдың» фонетикаға арналған I бөлімі алғаш рет 1914 жылы жарық көріп, 1927 жылға дейін 7 рет басылып шығады. Бұл кітаптың морфология саласына арналған II бөлімі 1914 жылы баспадан шыққан. Ол да 1927 жылға дейін 8 рет басылып шығады. Синтаксиске арналған III бөлімі де 1923 жылы жарыққа шығып, 1928 жылға дейін 6 рет қайтадан басылады. Қазақ халқы үшін осыншама қыруар еңбек еткен ұлы тұлға есімін артында қалған ұрпақтары мәңгілікке ұмытпайтыны хақ.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Тұлғалар тұғыры / Құраст. І. Қозыбаев Алматы: «ҚазАқпарат», 2009.
2. А. Әміребаев, ҚР БҒМ Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институты.
3. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, даму жолдары. Алматы, 1987

### МНОГОГРАННЫЙ ТАЛАНТ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА

Баймендинова Айымгуль Канатовна  
студентка Торгайского гуманитарного колледжа имени Н. Кулжановой  
Научный руководитель: Сайболова А.А.  
Костанайская область, г. Аркалык

*“Улучшение жизни народа надо начинать именно с дела обучения детей.  
Ибо власть, управление, народ исправляется только образованием”  
А. Байтурсынов*

Ахмет Байтурсынов - государственный деятель, теоретик-лингвист, ученый, просветитель, поэт, публицист, реформатор национальной письменности, основоположник казахской лингвистики, литературоведения и основоположник национальной системы образования. Поэт родился 5 сентября 1872 года в селе Сарытубек Жангельдинского района Костанайской области. Получил первоначальное образование в родном ауле, затем учился в Тургайском русско-казахском училище (1886–1891), в Оренбургской учительской семинарии (1891–1895). Педагогическую деятельность начал в 1895 году учителем аульной затем волостной школ. В 1909 году, будучи заведующим двухклассным русско-казахским училищем, в г. Каркаралинске примкнул к оппозиции существующему строю, за что был арестован и сослан в г. Оренбург. К этому периоду относятся его научные поиски в области казахского языкознания и методики преподавания родного языка. В последующие годы он приступает к разработке принципов реформы казахской письменности, разрабатывает научную терминологию для определения категорий казахской грамматики.

Д.А. Байтурсынов – это тот человек, который посвятил себя своему народу, казахам, и безгранично любивший свой народ, никогда не деливший их на богатых и бедных людей, приложивший немалые усилия для развития своей нации, он особое внимание уделял развитию и духовному развитию и обогащению казахского народа.

Ахмет Байтурсынов был настоящим учителем нации, он стремился пробудить дремлющий казахский народ, он научил казахов любить себя, свой народ, свою страну, его вклад для казахского народа всегда безграничен. Он — один из лидеров идеи Алаш. Ради казахского народа он пятькратно попадал под арест и не уставал говорить: «Не спешите! За нами есть судья...», позже его приговорили к расстрелу. Он отдал свою жизнь за родину.

Многогранный талант А. Байтурсынова позволял ему пробовать силу пера в поэзии, публицистике, науке и других отраслях культуры. Он является не только ученым, составителем многих учебников, переводчиком, этнографом, но и автором многих стихов, доступных для детей младшего возраста. Его стихи дети быстро запоминали и по ним учились грамоте. Ахмет – был великим Устазом – Учителем с большой буквы детей и взрослых.

**Слова поэта о нации и народе:** «Нация, разговаривающая на своем языке, пишущая на своем языке, никогда не исчезнет. Самый мощный фактор, способствующий сохранению или исчезновению нации, это – язык. Вместе с исчезновением языка исчезает и сам народ. Те, кто хочет присоединить к своей нации другой народ, первым делом стремятся к уничтожению языка этого народа». Народ изучая историю, язык другого народа, при этом в первую очередь не должен забывать свой народ и язык. Для него в людях была важна не только образованность, но и человечность. Он был уверен, что

образованные, но нечеловечные люди могут быть опасны. Он призывал народ к свету знаний и духовному совершенству.

**Слова Ахмета Байтурсынова о работе школ:** «Работа школ зависит от трех главных составляющих – денег, учебников и учителя. Если все они будут на одном уровне, то образование будет устойчивым, будет двигаться ровно, без резких колебаний..., а если этого не будет, то процесс обучения станет непосильным грузом, который может в любой момент обрушиться. А без устойчивого образования не стоит ждать торжества знаний». Эти слова, сказанные век с лишним назад, до сих пор не потеряли актуальности, определяя важнейшие составляющие системы образования. В свое время он решился на исключительно ответственный шаг – составление учебников с учетом национальных интересов. Ученый предложил отказаться от кириллицы, навязанной царской властью, искал другие варианты алфавита. Он считал важным сохранить звучание родного языка и выбрал арабскую графику, которая соответствовала особенностям звукового произношения.

Ахмет Байтурсынов является автором и реформатором нового алфавита, который на основе арабской графики был адаптирован к казахскому языку и стал значительным научно-культурным достижением в развитии казахской письменности. О его созданном алфавите можно сказать многое. В 1912 году ученый исключил все чисто арабские буквы, не используемые в казахском языке, и добавил буквы, специфические для казахского языка. Новый алфавит, получивший название «Жаңа Емле» («Новая орфография»), алфавит до сих пор применяется в письменности. «Оқу құралы», «Учебное пособие» – один из первых букварей, написанных на казахском языке, который несколько раз переиздавался. «Тіл-құрал», «Языковой инструмент» – первое учебное пособие по казахскому языку, состоящее из частей: морфология, фонетика, синтаксис. Ахмет Байтурсынов написал практическое руководство для учителей «Тіл жұмсар» и учебное пособие «Баяншы». Помимо педагогических исканий, огромную ценность представляет литературное наследие А. Байтурсынова.

В национальном литературоведении Байтурсынов сформулировал новые понятия и термины, например, искусство слова, произведение, устная литература, стихотворение, эпитет, переосмысление, олицетворение, гипербола, метафора, метонимия, ирония и другие. Ахмет Байтурсынов изучал литературное наследие, устное народное творчество и издал отдельную книгу, в которую вошли оригинальное художественное произведение- сказание «Ер Сайын» (1923 г.) и сборник «23 жоқтау» (плачи, поминальные обрядовые песни) (1926 г.).

«Никогда не нужно забывать, что на самостоятельную жизнь вправе претендовать только тот народ, который говорит на своем языке и имеет свою литературу...». Слова из воспоминаний Ахмета Байтурсынова. Он всегда призывал людей изучать языки, а особенно свой родной язык. Он был примером для всех. Он знал свой родной язык, литературу своего народа.

А.Байтурсынов, глубоко проникаясь в сущность и специфику педагогической профессии, писал, что «самое важное для школы – профессиональная педагогика, методические приемы, учитель, умеющий обучать детей». Эти слова великого акына и просветителя казахского народа приобретают особую ценность сегодня, когда школы переходят на обновленное содержание образования в стране что предполагает реализацию главной цели школьного образования - совершенствование педагогического мастерства учителей и внедрение системы критериального оценивания. Процесс обновления школьного образования начинается с образовательных программ для начальных классов. Именно здесь закладывается фундамент будущего страны, за которого в ответе учителя школы.

**Роль квалифицированного учителя :** А.Байтурсынов отмечал, что успех работы в школе зависит от педагогического мастерства учителя, поэтому при профессиональной подготовке учителя в учебных заведениях нужно особое внимание уделять усвоению учителем педагогической техники, умению на научной основе вести процесс обучения школьников. Вся педагогическая деятельность А.Байтурсынова была направлена на совершенствование учебного процесса в школе и подготовку квалифицированного педагога, умеющего грамотно организовать весь педагогический процесс. В работе «Об обучении по-казахски» он определяет основные требования к учителю, который в первую очередь должен владеть частной методикой, знать психологические особенности детей и теоретические основы процесса обучения. Идея заключается в методической и психолого – педагогической подготовке учителей, ибо «Люди, занимающиеся обучением детей, должны хорошо знать вопросы методики.

Учителя должны хорошо знать природу и чувствовать настроение ребенка. Для этого необходимо все знать о физическом и умственном развитии детей почти с самого их рождения». Высокие требования к профессии учителя, выдвинутые Ахметом Байтурсыновым и на сегодняшний день, не утратили своей актуальности. Он много сил, знаний и энергии посвятил совершенствованию и повышению квалификации учителей казахских школ. Он часто поднимал вопросы культурного роста учителей, необходимости совершенствования методики обучения и воспитания гармоничной, всесторонне развитой личности.

Во всех своих трудах по вопросам образования населения, Ахмет Байтурсынов призывает народ стремиться к учебе, овладевать знаниями и искусством. Большое место отводится в его трудах духовному развитию личности, объясняется его необходимость и важность для молодого поколения, как будущее нации, высоко пропагандирует такие качества как нравственность, честность и благородство.



Он видел большие перспективы развития культуры, считая ее залогом благосостояния и будущности народа. А.Байтурсынов любил свой народ и верил в его необыкновенные природные способности, он мечтал увидеть свою страну в числе цивилизованных государств в мире.

Борец за народное просвещение, свободу и культуру, А.Байтурсынов внес неоценимый вклад в развитие казахского языкознания и литературоведения. Его произведения направлены на критику существующего общественно – политического строя, которые призывают население к борьбе с неграмотностью, невежеством и равнодушием, вывел казахскую литературу на качественно новый уровень.

Байтурсынов не ограничился чисто преподавательскими обязанностями. Он ездил по аулам, агитировал людей в пользу просвещения и делился с ними тем, о чем мечтал. Байтурсынов понимал, куда ведет безжалостная колонизаторская политика царского правительства и в своих выступлениях перед народом смело разоблачал ее. А. Байтурсынов активно включился в литературный процесс сборниками стихов и переводов «Жырык мысал» (Сорок басен), «Маса» (Комар), изданием образцов фольклора, разработкой проблем истории и теории казахской литературы в научно-теоретических статьях, трудах, учебниках.

В Алма-Ате на углу улиц Байтурсынова и Джамбула открыт Дом-музей Ахмета Байтурсынова и около него установлен памятник-бюст просветителю; Ему установлены памятники в Костанаве (2000), Шымкенте (2004), его именем названы улицы во многих городах Казахстана; именем Байтурсынова назван Костанайский государственный университет.

К заключению, чтобы сформировать национальное самосознание народа, Ахмет Байтурсынов раскрыл грамотность казахского народа, привел к знаниям, боролся за политико-экономическую и культурную модернизацию. Каждый казах должен знать государственного деятеля, ученого, просветителя, поэта, публициста, реформатора национальной письменности, основоположника казахской лингвистики и литературоведения и уважать проделанный путь и работу Ахмета Байтурсынова, ценить его творчество и идеи. Его отличала сильная любовь к народу, смелость и воля, которые предопределили его путь — путь борца. Знать и ценить его жизненный путь, деятельность, идеи — общий долг всего народа! Он был и остался в памяти народа светлым лучом казахской науки и культуры!

#### **Список литературы:**

1. <https://www.zakon.kz/4685064-mir-spaset-obrazovanie-akhmet.html>
2. <https://altaynews.kz/ru/detail-vklad-uchenogo-a-baytursynova-v-razvitie-kazahskoy-literatury-otmetili-v-vko/>
3. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 2 том. – Алматы: «Алаш», 2004.
4. <https://e-history.kz/ru/prominent-figures/show/12608/>
5. <https://ru.m.wikipedia.org/wiki/>

### **Н. ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫН ЗАМАНАУИ БАҒЫТТА ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУМЕН ҰШТАСТЫРУ**

Базарханұлы Расул

Жетекшісі: Қонысов Жәнібек Қонысович

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі  
Қызылорда қаласы

Сан ғасыр бостан болар күнін күткен,  
Алаш ел биік бүгін білімді ұлтпен.  
Талай шаһар бабалар салғаны анық,  
Тарих боп көне жұртта сырын бүккен.

Нәзипа Құлжанова - Алаш қозғалысы кезінде қайраткерлігімен көзге түскен қазақ қыздарының бірі, аумалы төкпелі заманда ел қамы үшін күрескен қайраткерлердің бірі. Қазақ қыздарынан шыққан ұстаз, этнограф, аудармашы, журналист. Орта жүздің Найман тайпасының Ергенекті Найман руының биі Құлжанның немересі 1887 жылы Торғай қаласында туған. Нәзипа Сағызбайқызы 1902 жылы Қостанайдағы орыс-қазақ гимназиясын, 1903-1904 жылдары Торғайдағы қыздар училищесін бітіреді. Оқып жүрген кезінен бастап өзін ұлт үшін күресуге даярлаған. Оқуын аяқтаған соң, 1905 жылы Семей қаласындағы оқытушылар семинариясында ұстаз болған. Ұстаздық жұмысты атқара жүріп, этнография тақырыбын зерттеп, мақалалар жазып, талантын танытқан ол 1913 жылы Орыс география қоғамының Семей бөлімшесіне, «Азамат серіктестігі» ұйымдарына мүше болады. 1914 жылы 26 қаңтарда Абайдың қайтыс болуына он жыл толуына орай әдеби кеш ұйымдастырады. 1915 жылы 13 ақпанда Пертградтағы мұсылман ауруханасы мен мұқтаж қазақ шәкірттеріне көмек көрсету

мақсатында әдеби кеш ұйымдастырады. «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш» газеттерінде әйел мәселелеріне байланысты мақалалар жазады.

1917 жылы Семей облысы қазақ сиезінің төралқа құрамына енеді. 1920 жылы Қырғыз (қазақ) АКСР Халық ағарту комиссариатының қазақ тілінде оқулықтар, кітаптар шығару, баспасөз істері жөніндегі арнаулы комиссияның құрамында жұмыс істеген. Осы жұмыста жүріп, жаңа қазақ әліпбиін енгізу жөніндегі комитеттің құрамына енеді. Н.Құлжанова - қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналистердің бірі. 1922 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің редакция алқасының мүшесі, 1923-1925 жылдары «Қызыл Қазақстан», 1925-1929 жылы «Әйел тендігі» журналдарында жауапты қызметтер атқарады. «Айқап», «Қазақ», «Бірлік туы», «Алаш» басылымдарында оқу-ағарту мәселелері туралы мақалалар жариялаған.

Ұзақ жыл оқытушы болып жұмыс істеген Нәзипа қазақ мектептері үшін оқулықтар жазған. 1923 жылы Орынборда «Мектептен бұрынғы тәрбие», 1927 жылы Қызылордада «Ана мен бала тәрбиесі» атты әдістемелік кітаптары басылып шығады. Н.Құлжанова әнші болмаса да, қазақ әндерін нақышына келтіре орындайтын өнері болған. Ең маңыздысы - ол кісінің әншілігі емес, қазақ әндерінің нотаға түсуіне көмек көрсетуі. Ол кісі Затаевичке «Ғайни-ау, сәулем», «Қадыр зары» әндерін жаздырған. 1934 жылы қайтыс болған.[1]

### **Конференцияның негізгі бағыты:**

#### **2 секция. Ахмет Байтұрсынов - ұлттық білім беру жүйесінің негізін салушы**

Негізгі бөлім "Ұлттың - ұлы ұстазы"

Ассалаумағалейкум ардақты ағайын! Мақала бастау алмас бұрын, Ахмет Байтұрсыновтың өмірбаянына тоқтала өтейін. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі. 1872 жылы 5-қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданында дүниеге келген.

Арғын тайпасының Шақшақ руынан шыққан. Атасы Шошақ оның немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Әкесінің інісі Ерғазы Ахметті Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болған.

Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандарымдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды.

Байтұрсынұлының Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты. Байтұрсынұлы 1917 жылы рев. өзгерістер арнасында өмірге келіп, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ комитеттері сияқты тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ газеті» арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды.

Алаш Орда құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Байтұрсынұлын бекітті. 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды. Байтұрсынұлы 1919 жылы наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-революциялық комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды.[2]

Кезінде Ахмет Байтұрсынов, оның ғылыми еңбектері туралы орыс ғалымдары проф. А. Самойлович, Е. Поливанов бағалы пікірлер айтқан.

Алаш қозғалысы тұсында Ахмет Байтұрсынов, өзі айтқандай адасады, қателікке ұрынады, санын соғады, түңіледі, сары уайымға салынады. Жаңа өткел, соны өріс іздейді. Азапты толғаныс, өзгеру эволюциясынан өтіп барып, 1919 жылдың март айында бұрынғы ұлт интеллигенциясының көптеген өкілдерін өзімен бірге алып, Совет өкіметі жағына өтеді – Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Әскери-революциялық комитеттің мүшесі ретінде оның жұмысына белсене араласады. Республика халық ағарту комиссары, Бүкіл Одақ Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, Коммунистік партия мүшесі (1920-1926 жылдар), Қазақстан Академиялық Орталығының жетекшісі, Ташкент, Алматы жоғары оқу орындарында профессор болады, сөйтіп, жаңа заман үшін күреске түседі.

Ахмет Байтұрсыновтың тарихтағы орнын, оның әлеуметтік-қоғамдық істерін, дүниетанымдағы кейбір қайшылықтарын өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамдардың бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол "Еңбекші қазақ" газетінде (1923 жыл, 19 қаңтар) "Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды" деген арнаулы мақала жазып, онда былай дейді: "Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патша арам қулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Елуге келген Ақанды шын көңілден құттықтап, өмірінің ұзақ болуын тілеймін".

Енді Ахмет Байтұрсынов мұрасының негізгі арналарына тоқталайық.

Қалай да халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын, айналып келгенде, Ұлы Абай тапқан Соқпақ орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсұнады. Бұрынғы ескі ертегі, хикая үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма - мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиялы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крылов (1768-1844) туындыларын аударып, "Қырық мысал" деген атпен 1909 жылы Петербургта бастырып шығарады.

Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан қазақ тұрмысына ет-жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндей етіп жіберді.

Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,  
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін,  
Тартады Аққу - көкке, Шаян - кейін,  
Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін.

Аудармада мін жоқ, мүдірмей, тұтықпай, есіліп-төгіліп тұр. Енді кезең оқырманына қатысты жаңа ой, соны пікір, толғаулы сөзді ақын өз жанына қосады:

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,  
Әуелі бірлік керек болса жолдас.  
Біріңнің айтқанына бірің көнбей,  
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас, –

деп елді тұтастық, бірлік, ынтымақ жалауының астына шақырады.

1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге өткізуге рұқсат беріледі. 1934 жылы М.Горькийдің жұбайы Е.П.Пешкованың көмегімен Байтұрсынұлы отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарады. 1937 жылы 8 тамызда тағы да қамауға алынып, екі айдан соң, яғни 8 желтоқсанда атылды.[3]

"Ер есімі - ел есінде!"

"Ұлттың - ұлы ұстазы" атанған Ахмет Байтұрсынов туралы мақала аясында мектеп оқушылары (10-11 сынып), студенттік орта, аға-әпке буын өкілдері, қазыналы қарияларымыздан сұхбат алған болатынмын. Сұхбат алу себебім; Қазіргі жастар, замандастарым ел игілігіне, еліміздің өркендеуіне, педагогиканың дамуына бірден бір үлкен үлес қосқан ұлы тұлғамызды біледі ма деген ой.

#### **Мектеп оқушылары (10-11 сынып):**

- "Ахмет Байтұрсынұлы ұлт ұстазы атанған ұлы ойшылдарымыздың бірі. Қазақты қиын қыстауда білімге шақырып, сауатсыздықтан арылтып, ең алғаш әліппені ойлап тапқан кісі. Қазақ ұлтына көп еңбегі сіңген жанашыр адамымыз. Алашорда қалаушыларының бірі. Өз заманындағы әділетсіздікпен қарсы күресе жүріп, халқының көзін ашқан, қазақтың мақтанышы. Ахмет Байтұрсынұлын әрбір қазақ баласы білуі тиіс."

- "Ахмет Байтұрсынов дегенде ең алдымен есіме ұстаздық саласы түседі. Ахмет Байтұрсыновты жалпы ұстаздық жолда, Алаш қозғалысы тұсында өзіндік қайсарлығын көрсете білген еңбеккер, батыл, ұлы тұлға ретінде тани аламыз. Және біздің есімізде мәңгі сақталмақ."

#### **Студенттік орта.**

- "Ахмет Байтұрсынов туралы айтар болсам өте-өте құнды деректер айтуға болады әрине. Бірақ, солардың біріне тоқтала кетсем. Ахмет үлкен аудармашы. Ол Крыловты аударған. "Арыстан, киік үәм түлкі" деген мысал өлеңін былай тұжырымдайды.

Кісіге таза жолдас табу қиын,  
Көбіне-ақ дос етеді мал мен бұйым,  
Досыңнан, дұшпаныңнан бірдей сақтан,  
Басыңда Сірә "Ахмет болса миың" - деп, өзіне арнаған. Енді бірде:  
Ойлама шын достарым мол екен - деп,  
Сөзіне ере берме жол екен - деп.  
Досыңды қиын іске қайрап тұрған,

Білгейсің шын дұшпаның сол екен -деп, немесе ол "Жұртыма", "Қара бұлтта" деген өлеңдерінде қансып жатқан далаға жаудың орнына, қарабұлттың жауыны, теңізге жаууын орынды сынайды. Жаңбырсыз "Даланы" бейқам жатқан қазақ дейді. Ахмет өлеңі, аудармасы болсын, бәрін қазақ

өміріне әкеліп тіреді. Оянар ма екен, сабақ аларма екен, серпілер ме екен деумен болады. Ахмет Байтұрсынов өзіндік өшпес із қалдырған жан деп айта аламын. Ахмет Байтұрсынов салған сара жолды болашаққа дәріптеу мына біздің борышымыз"

#### **Аға-әпке буын өкілдері:**

- "Ахмет Байтұрсынұлы қазақ грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша ғылыми термин жасап, жаңаша анықтамалар беріп, қазақ тілі білімін 20 ғасырдың бас кезінде қалыптастырып, оның ірге тасын қалаған. Ол ұлтына, қазақ халқына қызмет етті. Бұл туралы Сәкен Сейфуллин кезінде былай деген болатын: «...Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен, Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл». Ол шын мәнінде ұлт ұстазы, халқымыздың рухани көсемі бола білді. Ұлт ұстазы туралы бір ғана мақала аясында тоқталып өту өте қиын. Өйткені ауқымы өте кең."

#### **Қазыналы қариялар**

- "Ахаң жайлап шер тарқатар болсақ сол бір жылдары Ахаңның қазақ еліне еңбегі сіңді деп анық айта аламыз. Оған қазіргі заман кәу. Осылай баянды ғұмыр кешіп, бейбіт өмір сүруіміздің бірден-бір себепкері сол кісі деп айтсақ артық етпес. Мен өзім Алаш қозғалысы кезінде қаһармандық танытқан кісілерден ерекше құрмет тұтатын адамым Ахаң."

#### **Қорытынды**

"Ұлттың ұлы ұстазы Ахаң дер ем" өйткені, Ахмет Байтұрсынов қазақ еліне, жеріне еңбегі сіңген қаһарман деп айтсақ артық етпейді. Өйткені Ахмет Байтұрсынов Алаш қозғалысы тұсында, ұстаздық жолда өзіндік өшпес із қалдырды. Қазақ үшін қасиетті есім.

Ол өз ұлтының бағы жану үшін өмірдің барлық саласына араласты. Бұған оның атақ-даңқы дәлел. Қазақ халқы біртуар перзентін қоғам және мемлекет қайраткері, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы... ретінде жақсы біледі.

Қазіргі таңда кейбір жас буын ел игілігі үшін, ел бірлігі үшін еңбек еткен қаһармандарымызды білмей жатады. Ол біз үшін қайға қасірет. Өйткені болашақ ұрпақ біздің ата бабаларымызды, соның ішінде Ахмет Байтұрсыновты ұмытпауы керек. Болашақ жастарға дәріптеу бізге берілген аманат, ал аманатқа қиянат жасалмауы тиіс.

Ахмет дара, аудармашы ұлы тұлға,  
Сөзге шешен атамыз бар мақтанатын,  
Жадымда сақталады әрбір мұра.  
Әр сөзінде терең ой бар ақтаратын.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. «Алаш» қозғалысы. Алматы, 2008.
2. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы.
3. Ахмет Байтұрсынов "Ақ жол" кітабы. Алматы "ЖАЛЫН" 1991ж. Рымғали Нұрғалиев, А. Мектепте, Ғ. Әнесов

## **ҰЛТ БОЛАШАҒЫН ОЙЛАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА**

Бегалиева Назгул Табыновна

Педагогика ғылымдарының магистры, тарих пәнінің оқытушысы

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің оқытушысы, Қызылорда қаласы

Қазіргі таңда өркениетті елдерде ұлттық білім жүйесін дүниежүзілік тенденциялармен байланысты жетілдіру процесі жүріп жатыр. Ол сапаны көтеруге, өз бетінше шығармашылық күзіреттілікті дамытудың іргелі білім жүйесінің тұтастығын жасауға негіз болуда.

Негізгі тенденциялар қатарына: үздіксіз білім беруге көшу, білім берудің ашықтығы, актуальдандырылуы, іргелі білім беру, білімді ізгілендіру және білім берудегі инновация жатқызылады.

Білім беру жүйесін дамытудың бұл бағыттарының бәрі жеке тұлғаға бағдарланған білім беруге көшуге ықпал етуде. Жеке тұлғаға бағдарланған білім жеке тұлғаның өзінің өсіп келе жатқан рухани, әлеуметтік мәдени, білімдік сұраныстарын қанағаттандырады, сол арқылы мемлекет қажеттілігі де қамтамасыз етеді. Бүгінгі таңда жеке тұлға өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы өзгерістерге тиімді бейімделуге көмектесетін интеллектуалдық, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып отыруы қажет.

Мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыты - интеллектуальдық ұлт қалыптастыру, бұл білім беру үдерісін зияткерлендіру, ұлттандыру, цифрландыруды алға шығаруы. Интеллектуалды ресурстың бірі - ұлттық тіл. Қазақстан Республикасының ел басқару ісінен бастап, қоғамдық өмірдің барлық салаларында мемлекеттік тілге деген сұраныс бар. Бұл тұрғыда халқымыз өркениетті елдердің қатарында

жаһандану кеңістігінде өзінің ұлттық сапалары мен этномәдени құндылықтарын сақтауы арқылы мәңгілік ел ретінде көрініс табуы да қазақ тіліне тікелей байланысты.

Елімізде жүзеге асырылып жатқан жобалар: мәдени мұра, рухани жаңғыру, Ұлы даланың жеті қыры, т.б. ұлттық код тұрғысынан өзектеледі. Бұл мәселеде де қазақ демократ ағартушыларының алатын орны ерекше.

Ұлттық рухтың оянуына, халықтың тілін, ділін сақтап қалуына ықпал ететін тіл әдебиетті, ал әдебиет мәдениетті қалыптастырады. Әдебиетпен адамды ойландыруға болады. Қазақ болмысы оның тілінде, мәдениетінде, ұлттық құндылығында. Әдебиет – рухани азық, ой-өрісті кеңейтуші, сөздік қорды байытушы, санаға серпіліс беруші тарихи жадымыз. Тіл, ойлау, ойлану бағдары қазақша қалыптасуы керек. Оқушының ойланатын тілінің өкілі болғаны дұрыс. Би-шешендер мен жыршы-жырау дәстүрі қазақ тілінің шұрайлылығы мен көркемділігінің дәлелі. Ана тілі - ұлттың басты байлығы, баға жетпес қазынасы. Себебі тіл - ұлт болмысын ұғындырып, жан дүниесін сезіндіретін рухани негіз. Жастар өзінің кім екенін ұғынып, болмысынан, түп-тамырынан ажырамау үшін, ұлт адамы ретінде басқалардан ерекшеленуі үшін өз тілін жетік білу шарт. Ана тілі қазақша өмір сүруге, қазақша жұмыс істеуге, қазақша демалуға, қазақша дамуға мүмкіндік тудырады.

Қазір жаһанданумен қатар ұлттану да жүріп жатыр. Жаһандану күшейген сайын ұлттану да күшейіп келеді. Онсыз ешкім өз ұлттық бірегейлігін сақтап қала алмайды. Тіл мәселесі - өмірлік мәселе. Біртұтас ұлт болу үшін де қазақ тілі қажет-ақ. Бір тілде сөйлемеген қоғамда бірлік пен ынтымақтың, ұлттық бірегейліктің болуы мүмкін емес. Тілдің мәртебесі - әлемдік деңгейде мойындалатын дүние жасау кепілі. Тілді білу - адами капитал. Қазақ тілінде капитал табатын әлеует көп. Қазақ тілі ғылым тіліне айналуы керек. Тіл - ұлттық сананың жаңғыруының белгісі. Ұлттық код - ұлттық сана. Жаңа әліпби - ұлттық сананың қайнар көзі. Тіл - мемлекет саясатының басты өзегі. Әлеуметтік және ақпараттық сала, экономика, білім беру, ғылым - мемлекеттік тілді дамытатын кең өріс.

Міне, осы мәселелерді ХХ ғасырдың басында көре білген, жол сілтеген өз Отанын шексіз сүйіп, оған бүкіл жан тәнімен қызмет етудің тамаша үлгісін көрсеткен ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсынов.

А.Байтұрсынов ХХ ғасырдың басында өкіметтің қазақ елінде білім саласындағы шалағайлықтарына қарсы күрес жүргізді. Мектептерде оқытуды бірінғай орыс тілінде жүргізуге қарсы шықты. Мектеп оқушыларын орыстандыруға бағытталған саясатын олардың ұлттық діліне, мәдениетіне жатпайтын келеңсіз құбылыс ретінде бағалады.

Өйткені ол баланың ана тілін жете меңгеруіне, ауыз әдебиетінен сусындауына, дүниетанымының қалыптасуына жете мән беріп, ұлттық сана-сезімінен, салт-дәстүр, әдет-ғұрып жолдарынан алыстауына тосқауыл қойды. Сондықтан А.Байтұрсынов жастарды өзінің тілін, әдебиетін ұмытпауға шақырды. Өкіметтің саясатын сынап әшкереледі.

А.Байтұрсынов қазақтың әліпбиін жасап, жазу-сызуын ғылыми тұрғыда қалыптастырды. Ертеректе қазақтар жазуды білмейтін, жазса да сауатсыз жазатын артта қалған болса да, бірақ әлі күнге дейін кейбір тайпаларда ол да жоқ. Ахаңның еңбегін осы мысалдан анық байқауға болады.

Өлкеде мәдениетті, тілімізді, ұлттық құндылықтарымызды өркендетудің маңызды кезеңі А.Байтұрсыновтың Ә.Бөкейханов және М.Дулатовпен бірлесіп «Қазақ» газетін шығаруы болды. «Қазақ» газетінің редакторы қызметін атқарған А.Байтұрсынов газеттің алға қойған басты міндеттерінің бірі ретінде мәдениетті өркендетуге үлкен мән берді. Газеттің беттерінде ұлттық мәдениеттің өзекті мәселелерін жазды, олардың шығу себептері мен шешу жолдарын көрсетті, білім беру ісінің кадрлар дайындау жұмысының проблемаларын қарастырды, сонымен қатар газет беттерінде халықты ағарту мақсатында әр түрлі ғылым мен оқу пәндері: математика, әдебиет, медицина, тарих материалдары орналастырылды, жарияланды; ауыл шаруашылығын жүргізудің негіздерімен, жер өңдеудің мәселелерімен таныстырды, қазақтардың және өзге де халықтардың әдет-ғұрыптарымен және салт-дәстүрлерімен таныстырды, прогрессивті жақтарынан үлгі алуды үгіттеп, насихаттады.

«Қазақ» газетінде жарияланған көптеген материалдардың мазмұны халықта қоғамдық дамудың заңдылықтары туралы түсінікті қалыптастыруға, ұлттық сенімге тәрбиелеуге, саяси жағдайды, саяси өмірді бағалай білуге, патриоттық сезімге, азаматтыққа тәрбиелеуге бағытталуымен қатар, мәдениеттің түрлері мен элементтерін, олардың қоғамдағы рөлін, соның ішінде саяси мәдениетті құрайтын құрамды бөлімдерін айқындауға және басқа да құндылықтарды ашуға арналуымен ерекшеленді.

Қазақ елі, оның бір туар перзенттері алаш зиялылары үшін ұлттық сана, халықтың мәдени болмысын, ой еркіндігін негіздейтін ұлттық идеология ел мүддесіне адалдық, осы адалдықты азаматтық, кісілік жолмен көрсету. Ол білімді, саяси сауаты терең, елдің мүддесін қорғауға қабілетті болу. Зиялылық жоғары дәрежедегі халықтың ой – өрісі мен ұлттық мәдениетінің қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, ұлт еркіндігі, ұлт ісіне деген құндылықтардың, табандылықтың рухани қасиет үлгілерімен келетіндігі ақиқат. Бұл тұрғыдан келгенде, заңнан бұрын ұлттық сана мен берілетін адамгершілік заңы қоғамның барлық саласына ықпал етіп отырады. «Бұрынғы әділ билердің қолында билік қазақтық неше түрлі дертін жаза тұғын жақсы дәрі еді, -деген А.Байтұрсынов – бұл күнгі арам билерін қолында дәрі болмақ, у болып жұғып тұр... Қазақта білімді адам жоқ емес көп, бірақ солардың көбі, құтты, бәрі білімін халалға емес харамға жұмсап ғадеттенген.

Ахмет Байтұрсыновтың сөзінен ұғынғанымыздай қоғамның негізін құрайтын адамгершілік, халықтың басын біріктіретін адамгершілік қасиеттер. Адамгершілігі жоқ ортада немесе кісілік қасиеттерден алшақтайтын қоғам өзіне қажетті құндылықтарды қалыптастыруға қашанда дәрменсіз. Адамгершілік көп жағдайда жеке адамға қатысты айтылғанымен, оның тарихта қалатын, тегістей бір қоғамның мәніне айналатын бейнесі ұлттың жетістігімен өлшенбек. Қоғамдық сана түрлері, оның өз жолымен дамуы қашанда мемлекеттің, ұлттың жетістігі болып саналады.

Мемлекет иесі ұлт, халық, ұрпақ. Халықтың ұлтқа айналуы ұлттық сана өрісіне тәуелді. Мемлекет иесі ұлт дейтін себебіміз, ел ішінен зиялыларды тәрбиелеп, қоғам алдына шығаратын ұлттың өзі, яғни, зиялылар халық ішінен шығады. Оны түзейтін, дұрыс немесе бұрыс тәрбиелейтін халықтың өзі. Сондықтан да, мемлекеттің ісіне баға беретін халық болуы керек. Халық зиялылары халықты қай жағынан болмасын, қоғамға баға беретін деңгейге жеткізуге ұмтылған.

Мемлекет, тәуелсіздік, мемлекеттің дербестігін негіздейтін демократия, саяси мәдениет бірден қоғамда орнай қоятын нәрсе емес. Ең бастысы ұлттық сана, оның арғы жағында тарих, тарихи білімі, тарихи сана, өнеге, тіл, дәстүр мен мәдениет сақталуы керек. Бұларсыз, яғни, ұлттық құндылықтары ұрпақ тегістей иеленбей ұлттық рухани болмысы қалпына келмейді.

Биыл ата-бабаларымыз өмір бойы армандап өткен ұлы Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы мен Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдық тойының қатар келуі бір ғажайыптың керемет туындысы тәрізді. Азаттықты аңсаған арда ұл мен оның көрмей кеткен арманды тойы бір-бірімен үндесіп, үйлесім тауып жатса, көңілге қонған қуаныштың мейірім тапқаны.

Сынаптай сырғыған жылдар тізбегі біраз оқиғаларды өз ағысымен тарих қойнауына батырып жіберуі мүмкін. Бірақ, Алаштың ардақтысына айналған өжет мінез, ер көңіл, ұлтжанды Ахмет Байтұрсыновтың тарих қойнауына сүңгіп кетуі мүмкін емес. Олай дейтініміз, біз - қазақтың баласы Ахмет Байтұрсыновтың армандап өткен Азаттықтың көк байрағының астында өмір сүріп отырмыз. Сондықтан, көк байрақ көктен желбіреген сайын, Ахметтің есімі де биіктей түспек!

Ендеше, елдік мұраттарымыздың бағын жандырып, бағасын білейік. Сол мұратты игіліктің бірі Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдық тойы. Қазақ мемлекетінің өзге елдерге мақтанып көрсететін мұратты іс-шараларының бірі - осы той халықаралық деңгейінде тамаша тойланып, әдемі көрініс табады деген үміттеміз.

«Қазақ» газетіне жазған бір мақаласында Ахмет Байтұрсыновтың: «Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүниеде өңге жұрттар қатарында кім қор болмайтын, тұқымым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін имани дәрежесінде ұғып, білуге тиіс болады» - деп толғаған екен. Данышпанның осы бір кемел сөзі бүгінгі қазақ еліне арнап айтылғандай.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры
2. Байтұрсынов А. Тіл құрал // Байтұрсынов А. Алты томдық шығармалар жинағы.- Алматы.-2013ж
3. Өмірзақ А. Ұлт мәдениетінің хан тәңірі // Ахмет Байтұрсынұлы.-Алматы 2017ж

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Бегеманова Индира Оразғалиевна  
Арнайы пәндер мұғалімі,  
Қостанай индустриалды – педагогикалық колледжі  
Қостанай облысы, Қостанай қаласы

*Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағандай  
тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек.*

*Ахмет Байтұрсынов*

Алғаш мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап ең алғаш қолыма кітапты алған кезде-ақ таныстырылған ақын жазушылардың бірі: Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы және де, Ахмет Байтұрсынов. Бұл ғұлама адамдар әр оқушының, әр адамның, «қазақ» - деп, соғып тұрған жүректен орын ала білген. Тілімізді, дінімізді осы ақын-жазушыларды оқи отыра тани білдік.

Ахмет Байтұрсынұлын Абай мен Ыбыраймен бір қатарға қойғаным қате- деп ойламаймын. Өйткені Ахмет- ұлы ағартушылардың ізбасары, жалғастырушысы және де, қазақ тілінің дамуына үлкен үлес қосқан ағартушы. Ахмет Байтұрсыновтың өміріне көз жүгіртетін болсақ ол – Сарытүбек деген жерде, қазіргі Торғай облысы, Жанкелдин ауданында 1873 жылы 25 қаңтарда туған. Тоғыз жасынан

бастап ауыл мектебінде, кейіннен Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқиды. Одан соң Орынбордағы мұғалімдер мектебіне түсіп, оны 1895 жылы бітіреді. 1895-1909жж. Ақтөбе, Қостанай және Қарқаралы уездеріндегі мектептерде, орыс-қазақ училищелерінде мұғалім болып қызмет жасайды.

Сол кездегі Патша үкіметінің саясатына қарсы келіп 1909 жылы Семей түрмесіне қамалды. Кейін қазақ жерінен тыс жерлерге жер аударуға үкім шығарылып, ұзақ жылдар бойы «саяси сенімсіз» адм ретінде патшалық күзет қызметінің бақылауында болды.

1913 жылдан бастап «Қазақ» атты апталық газет ұйымдастырып, 1917 жылдың қыркүйегіне дейін оның редакторы болды. Ол қазақ мемлекетін қалпына келтіру үшін күрескен «Алаш» партиясының көсемі ретінде де белгілі. Ол Қазан төңкерісіне де қатысқан ақындардың бірі. 1922-1925 ж. Халық ағарту комиссариатына қарасты ғылыми-әдеби комиссиясының төрағасы болды, Халық ағарту комиссары болып сайланды. Яғни ол қандай да, қиыншылық көрмесе де, қазақ балаларының көзі ашық, тілдері жетік болғанын қалады, соған қызмет жасады. Ол саяси бағытта жұмыс жасаумен бірге, ағартушылық қызметті қатар алып жүрді. Ағартушылық бағытта әр түрлі тақырыпта мақалалар жазып, кітап шығарып басқа тілдерден аударған.

Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады. Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады.

Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

Байтұрсынұлының екінші кітабы - «Маса» (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. Қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» т.б. өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Кітаптың ішкі сазы мен ой-өрнек, сөз орамы қазақ поэзиясына тән өзіндік жаңалық, ерекше өзгеріс әкелді.

Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруда Байтұрсынұлы зор еңбек сіңірді. Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үш санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Онда қазақ халқының рухани өмірінде Абайдың аса ірі тұлға екені, өмірбаяны, шығармаларының мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылған, ақын мұрасының эстетикалық қадір-қасиеттері ашылған. Қазақтың эпостық жыры «Ер Сайында» алғы сөз бен түсініктемелер жазып, оны 1923 ж. Москвада шығарды.

Қазақ ауыз әдебиетінде молынан сақталған жоқтау-жырларын арнайы жүйелеп, сұрыптап, 1926 ж. «23 жоқтау» деген атпен жеке кітап етіп жариялады. Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі - «Әдебиет танытқыш» (1926). Мұнда көркем сөз өнерінің табиғаты, сыры, мазмұны, ерекшеліктері, жанлары, жаңа терминдер, ұғымдар жайлы жан-жақты зерттеулер, тұжырымдар сөз болды. Бұл еңбегінде Байтұрсынұлы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің әлеуметтік, қоғамдық мән-маңызын ашудан гөрі адамгершілік, эстетикалық әсемдік әуенін талдауға көбірек көңіл бөлген. Сондай-ақ мұнда жазба әдебиеттегі ағымдар, әдістер туралы ой-түйіндер айтылған. Кітаптың бірінші бөлімі «Сөз өнерінің ғылымы» деп аталады да, онда көркем сөздің толып жатқан қыры мен сыры, тараулар мен тармақтар, тіл әуезділігінің қыруар шарттары, «сөздің өлең болатын мәнісі», өлең айшықтары, «шумақ түрлері», «тармақ тұлғалары», «бунақ буындары», «ұйқастығы» т.б. сөз етіледі.

Байтұрсынұлы қалдырған бай мұраның тағы бір саласы - көркем аударма. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға мол үлес қосты. И.А. Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен жеке жинақ қылып бастырды. И.И. Хемницердің «Атпен есек», А. Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын этеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармаларын, орыстың белгілі лирик ақыны С.Я.Надсонның өлеңін қазақ тіліне аударды.

Байтұрсынұлы тілші-ғалым ретінде қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб әліпбиінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы мақалалар жазды. 1926 ж, Бакуде болған түркітанушылардың Бүкілодақтық I-съезіне қатысып, «Түркі тілдеріндегі терминология жайлы» деген тақырыпта баяндама жасады. Байтұрсынұлы қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмсады. Осы мақсатта «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914); ересектердің сауатын ашуға арнап «Әліпби» (1924), «Жаңа әліпби» (1926) атты оқулықтар мен тың еңбектер ұсынды. Қазақ

грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша ғылыми термин жасап, морфологиялық тұлға-тәсілдерді жаңаша талдау, жаңаша анықтамалар берді. Қазақ фонетикасы мен грамматикасын талдауда тілдің типологиялық ерекшеліктері мен өзіндік даму барысын ескеру принципін ұстады.

Ахмет Байтұрсынұлы - біздің қазіргі таңда қазақ тілінде білім алып жүргенімізге үлкен себепкер болған – Ұлы тұлға. Біздің, қазақ жұртының қазақ қарпімен жазуымызда қамтамасыз еткен – Ғұлама. Қазақ жүрегінде ұлттық сана сезімді, халқына, тіліне деген сүйспеншілікті оята білген – Потриот. Сондықтан да, ұлттық білім беру жүйесінің бастамасы болған ұлы адамның ізбасарлары біз болғандықтан, елміздің, тіліміздің жарқырап жайнауы тек қана біздің қолымызда. Ақын-жазушыларымыздың мұра қылып қалдырған тілімізді, көркем әдебиетімізді, шығармаларымызды, тарихы бай мұрағаттарымызды сақтай білейік, көркейтіп, дамыта білейік. Өліммен тұспа-тұс келген ғалымдардың жүрегіндегі отын өшірмей, шоқ жұлдыз қылып жарқыратып, болашаққа жол бастап, одан әрі көркейуіне улес қосу керек.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Ахмет\\_Байтұрсынұлы](https://kk.wikipedia.org/wiki/Ахмет_Байтұрсынұлы)
2. [Baitursynov A.pdf \(library.kz\)](#)
3. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992. 448 б.
4. Қазақ прозасы: Хрестоматия. Алматы: Ғылым, 2001 –Т.2.-672 б.
5. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы: Қазақ университеті, 2004.-388 б.

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ

Бекейқызы Бұлан

«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің» студенті  
Абай облысы, Семей қаласы

Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері – Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылында дүниеге келген. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі.

Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды. Байтұрсынұвтың «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ мектептерінің мұқтажына өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл граммат. терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы практикалық



құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ. Байтұрсынұлының ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды.

Ахмет Байтұрсынұлының өмірде алдына қойған басты мақсаты қазақ халқының ұлттық санасын ояту, тұрмыс жағдайын жақсарту болатын. Педагог-ғалым ол үшін халықты жаппай сауаттандыру керек екенін айтып, өзінің халықтық идеясын насихаттады. Ол «барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол ауыл мектебінде, семинарияда бала оқытты, оқу-тәрбие жұмысын жетідіру саласында көп ізденді», — деп жазады профессор С.Қалиев.

Ахмет Байтұрсынұлы халықтық идея туралы ой-пікірлерін «Қазақ» газетінде жариялаған көптеген мақалаларында, «Тіл туралы», «Әдебиет танытқыш», «Баяншы», «Тіл ашар», «Оқу құрал», «Сауат ашқыш», «Әліппе астар», «Оқу құрал» (хрестоматия), «Маса», «23 жоқтау», т.б. еңбектерінде жан-жақты айтып, оларды тікелей іске асырды.

Ахмет Байтұрсынұлы осы еңбектері арқылы Қазақстанда ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалады. Ол жүйенің басты элементтері мыналар:

1. Ұлттық жазу жүйесі бойынша білім беру;
2. Ұлттық негіздегі бағдарламалар, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар;
3. Мектепке керек заттар;
4. Мектеп ісін жандандыратын мұғалімдер мен тәрбиешілер.

Міне, осылардың негізінде қазақтың тілі, ауыз әдебиеті, мәдениеті, тарихы, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері туралы халықтық идеяларын мектепте оқушыларға ұлттық тәрбие беру мақсатында пайдалану жолдарын көрсетті.

А.Байтұрсынұлының қазақтың тұрмыс-салт жырларының ішінде ерекше мән бергені — «Бесік жыры». Ол: «Бесік жыры, яғни бала тербету — баланы ұяқтату үшін айтылатын өлең; бала тербету түрліше айтылады. Бірақ бүгінге бірдей жалпы келетін жерлері бар», — деп оның мазмұнын сипаттайды.

Осылайша ол ұлттық әдет-ғұрыптарға байланысты орындалатын рәсімдердің мән-маңызын салмақтай отырып, жеке тұлғаның рухани, адамгершілік қасиетін қалыптастырудағы халықтық мұраның рөлін айқындайды.

А.Байтұрсынұлы мақалдардың жағымдысы да, жағымсызы да болатынын, олардың адам бойында әр түрлі қасиеттердің қалыптас-тыруына ықпал ететінін атап айтады.

Қазақ арасында жиі айтылатын «Малым — жанымның садағасы, жаным — арымның садағасы», «Ашу — дұшпан, ақыл — дос, ақылыңа ақыл қос», «Жоқтық ұят емес, барлық мұрат емес», «Денсаулық — зор байлық», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың», «Ашу аддында шығады, ақыл соңында шығады, т.б. мақалдардың мән-маңызына үңіледі.

Мақал мен мәтелдерді салыстыра отырып, «мәтел дегеніміз — кезіне келгенде кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан қақиқат түрінде айтылады. Мәтел қақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есе-бінде айтылады», — деп тұжырымдайды.

Халық даналығынан тутан «Көппен көрген ұлы той», «Адасқан қаздай, рудан аздай», «Тамақ тоқ, көйлек көп, уайым жоқ», «Бетегеден биік, жусаннан аласа», «Бір теңге беріп жырлатып, мың теңге.

А.Байтұрсынұлы мұраларын зерттегенде ғалымның қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуын көксегені, осы жолда маңызды істер тындыруға ұмтылғаны аңғарылады. Әсіресе, ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ата-баба дәстүріне аса мән береді. Оны ұлттық сана-сезімді қалыптастырудағы ықпалды күштің бірі деп біледі.

Өзінің істеген ісін ата-баба қалдырған мұралармен салыстыра отырып, «Біздің заманымыз — өткен заманның баласы, келер заманның атасы.

Атадан алған мирасымыздың жәйі мағлұм, балаға бұл қалыпта тұрып не мирас қалдырмақпыз, оны болжауға да артық әулиелік қажет емес», — деп қынжылыс білдіреді.

Ағартушы-педагогтың «Маса» атты өлеңдер жинағынан қазақ қоғамындағы әлеуметтік, қоғамдық ойлар, оның азаматтық және халықтық идеялары айқын көрініс береді. Мұндағы «Қазақ калпы», «Қазақ салты», «Жұртыма», «Туысыма», «Оқуға шақыру», «Жұбату», «Анама хат», «Тілек батам», «Тарту», «Жиған-терген» атты өлеңдерінде туған халқын сүю, оны өнер-білімге шақыру, халықтық салт-дәстүрлерді қастерлеу, анаға мейірімділік, бата-тілектің маңызы, қазақ халқының даналығы, оның тәрбиелік мәні туралы кеңінен сөз болады. Мысалы, «Қазақ салты» атты өлеңінде әрбір азамат туған халқын құлай сүйіп, оның бақыты мен болашағы жолында жұмыр басын құрбан етуге әзір болу керектігін айтса, «Оқуға шақыру» өлеңінде «Балалар, оқуға бар, жатпа қарап, Аллалап ал кітапты қолдарыңа» деп, жас ұрпақты оқу-білімге үндейді. Ал «Жиған-терген» өлеңінен қазақ халқының қасіретке толы тарихы мен тағдыры көз алдына елестейді. «Жұбату» өлеңінде көне халық жырауларының таңдаулы дәстүрінде сөзін тындаушыларына тікелей арнау арқылы ықылым замандардан бермен қарай сахара елінің сәні болған, әр қазақтың жүрегіне қымбат белгілердің бірте-бірте көз ұшынан

ғайып болып, жоғалып бара жатқанын жырмен өрнектеп, ойын сауал түрінде жеткізеді.

А.Байтұрсынов «Асыл сөз» атты еңбегінде қазақ халқының сөз өнеріне қатысты дәстүр, әдет-ғұрыптарына жан-жақты тоқтала отырып, оның тәрбиелік мәнін ашып көрсетеді.

«Өнер алды — қызыл тіл», — дей отырып, сөз өнерінің адам санасында үш түрде негізделетініне, яғни 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге байланысты болатынына тоқталады. Ақыл мен тілдің мән-маңызы және міндеті туралы былайша пайымдайды: «Ақыл ісі — андау, яғни нәрселердің жәйін ұғыну, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі — меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұр-патына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі — түю, талғау»; «Тілдің міндеті — ақылдың андауын андағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жараяу».

Өсіресе сөз өнді, ұнамды болуы үшін сөз өнерінің мән-маз-мұнына төмендегі шарттарды қояды: сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтылығы, тіл дәлдігі, тіл көрнектілігі.

А.Байтұрсынов туған халқын ғылым-білімге ұмтылдыруды көкседі, газет арқылы әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуы қажеттігін көрсете отырып, ол үшін «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйрететін білім де сондай керек», — деп жазды.

А.Байтұрсынов қазақ тіл білімі саласында өнімді еңбек етіп, 1920 жылы «Баяншы» деген атпен әдістемелік құрал, 1928 жылы «Тіл жұмсар» деген атпен екі бөлімді қолданбалы грамматика шығарды.

Белгілі ғалым Р.Сыздықова А.Байтұрсыновтың қазақ мектептері үшін жазған еңбектерінде халықтық идеяны қалай жүзеге асырғанын былайша жүйелеп көрсетеді: «А.Байтұрсынов өзінің алдына жүйелі программа қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақша сауат аштыруды мақсат еткен, бұл үшін әліппе — «Оқу құралды» жазған; одан соң қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап, пән ретінде оқытып үйретуді мақсат еткен, бұл үшін үш бөлімнен тұратын «Тіл жұмсарды» жазған; төртінші — сауат аштыру, тілді оқыту методикасын жасауды міндетіне алған, бұл үшін «Баяншыны» жазған; бесіншіден — балалардың тілін ұстартып, оларды көркем сөзге баулуды көздеген, үлкен хрестоматия (олда «Оқу құралы» деп аталған) құрастырған.

А.Байтұрсыновтың педагогикалық көзқарасындағы халықтық идеясына М.Әуезов 1923 жылы оның 50 жылдық мерейтойына орай жазған мақаласында мынадай баға берген екен: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түлеткен ана тілі, Ахаңның салған әдебиеттегі елшілдік ұран — «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдары қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымас қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмыт-пайтын істер болмақ».

Ғалым-тарихшы М.Қозыбаев: «Ахмет Байтұрсынов — XX ғасырдың ұлы реформаторы» атты мақаласында «...Ахмет болса, ұлт-азаттық қозғалысына гуманистік, ұлттық сипат берді. Еуропалық күрес рухын ұлттық сарын, әуенмен қабыстырды.

Қорыта келе айтарымыз, А.Байтұрсынов — өзінің ағартушылық қызметі мен педагогикалық көзқарастары арқылы халықтық идеяны кеңінен насихаттап, оны нақты іске асыру жолына бар өмірін арналған ғұлама ұстаз, халық педагогы, «ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға».

#### Әдебиеттер тізімі:

1. <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/2236>
2. Жарикбаев К.Б., Қалиев С.Қ. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. Алматы, 1995. – 346б.
3. «Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл. ISBN 9965-26-096-6
4. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет. ISBN 9965-893-73-X

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ - ҰЛЫ ТҰЛҒА

Булекова А.Е, Байдешов Д.Б.

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Ахмет Байтұрсынұлы (5 қыркүйек 1872 жыл, қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылы – 8 желтоқсан 1937, Алматы қаласы) — қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі.

Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Әкесінің інісі Ерғазы Ахметті Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болған.

Байтұрсынұлы Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды. Байтұрсынұлы пен Дулатұлы қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру – жүзаралық алауыздыққа байланысты Алаш Орда үкіметінің құрамына саналы түрде енбей қалды, бірақ олардың қазақ ұлттық мемлекеттік идеясын жасаушы топтың ішінде болғандығын замандастары жақсы біліп, мойындады.

Алаш Орда құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Байтұрсынұлын бекітті. 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды. Байтұрсынұлы 1919 жылы наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-революциялық комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Байтұрсынұлының ықпалымен сәуірде Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды. Байтұрсынұлы бұл тарихи кезеңде «патшалардың төрінде отырғаннан, социалистердің босағасында өлгенім артық» деген пікірде болды (ҚР ҰҚК архиві, 78754-іс, 6-т., 44-п). 1920 жылы В.И. Ленинге үкіметінің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынға алған хатын жолдады. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласты.

Ахмет Байтұрсынұлы Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 ж. 27 тамызда Қостанай уезін Челябинск облысына қосу туралы шешіміне қарсы Б-тың жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды. Ол 1920 ж. тамызда құрылған Қазақ АКСР-і үкіметінің құрамына еніп, 1920–1921 жылы Қазақ АКСР-і халық ағарту комиссары қызметінде болды.

1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922–1925 жылы Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. Байтұрсынұлы түрлі мемлекеттік қызметке ат салыса жүріп, сонымен бір мезгілде өзінің жаны сүйген оқытушылық-ұстаздық жұмысынан да қол үзбеген.

1921–1925 жылы Орынбордағы, 1926–1928 жылы Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928 жылы Алматыда Қазақ мемлекеттік педагогика институтының ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты. 1929 жылы 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930 ж. 4 сәуірдегі шешіміне сәйкес Байтұрсынұлы ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырады: 1931 жылы қаңтарда 10 жылға концлагерьге ауыстырылса, 1932 ж. қарашада 3 жылға Архангельскіге жер аударылсын деп ұйғарылды.

1926 ж. Бакуде болып өткен "Бірінші Түркологиялық Құрылтайдың" төралқа мүшесі - Ахмет Байтұрсынұлы 1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге өткізуге рұқсат беріледі. 1934 жылы М.Горькийдің жұбайы Е.П.Пешкованың көмегімен Байтұрсынұлы отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарады. 1937 жылы 8 тамызда тағы да қамауға алынып, екі айдан соң, яғни 8 желтоқсанда атылды. Тұтас буынның төл басы болған Байтұрсынұлының алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Ол бұл еңбегінде Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін жұмбақтап, тұспалдап жеткізді. Байтұрсынұлы мысал жанрының қызықты формасы, ұғымды идеясы, уытты тілі арқылы әлеум. сананың оянуына ықпал етті. Ақынның азаматтық арман-мақсаты, ой-толғамдары кестеленген өлеңдері «Маса» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді (1911). «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды. Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта отырып, Байтұрсынұлы 20 ғ. басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге көтерді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы қазақ тіліне А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ф.Вольтер, С.Я.Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалар Байтұрсынұвтың тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды.

Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Байтұрсынұлының Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына,

теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді.

Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап берген. «Әдебиет танытқыш» – сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап-түсіндірген ғылыми зерттеді. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Сондай-ақ ол – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етіп шығарды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. 1998 жылы Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Байтұрсынұлының ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды. 1923 жылы Байтұрсынұлының 50 жасқа толғаны Орынбор, Ташкент 1922 жылы қалаларында салтанатты түрде аталды. С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, М.Дулатұлы, Е.Омаров сияқты замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалады. Өмірі мен қызметіне, шығармашылығына ғылыми пікір-тұжырымдар айтылды. Әуезов Ахмет туралы «Ақаңның елу жылдық тойы» деген мақаласында «...Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы хукіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі ... әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» деп жазды.

Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

Ахаңның 1914 ж. Орынборда жарық көрген Қазақша әліппесінің мұқаба беті Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды - жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынұлы жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу-ағарту идеясына сол кезіндегі интеллигенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі - ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлыныкі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенің олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. (Қол койған: Маса). Кітаптар жайынан // Айқап № 1, Б. 12–13, 1911; Оқыту жайынан // Қазақ № 29, 7 қыркүйек 1913.
2. А.Байтұрсынұлы еңбектерінің картотекасы. Қазақстан Республикасы

ұлттық кітапханасының Сирек қор кітаптары.

3. Әуезов М. Ақаңның елу жылдық тойы // Ақжол, 4, ақпан 1923.

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ**

Дамебаева Аруна

Жоғары көлік және коммуникация колледжінің студенті

Жетекшісі – Алимова Светлана Асантаевна

Нұр-Сұлтан қаласы

Осы тақырыпты таңдаған себебім, Ахмет Байтұрсыновтың білімге зор үлес қосқаны туралы жазғым келді. Ең алдымен Ахмет Байтұрсыновтың кім екен және өмір баяны туралы еске түсірейік.

Ахмет Байтұрсынұлы -5 қыркүйек 1872 жыл, қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы, Ақкөл ауылында туған. Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері болды. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, әрі мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі болды.

Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалған еді. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Байтұрсынұлының Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі 1926 қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек болып саналады. Қазақ халқының дарынды ұлының 1928 жылы еліміздегі тұңғыш жоғары оқу орны – Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының ашылуында сөйлеген сөздерін оқи отырып, осы бір ұлы тұлғаның тағы бір қырын ашамыз. Ол кісінің ойынша, «Қазақ институтының ашылуы – халықтың жоғары мәдениетке қол жеткізудегі шұғыл қажеттілігін ынталандыру көрсеткіші». Оның ұстаздық кәсібінің мәні мен ерекшелігіне терең енуін атап өткен жөн. Оның ойынша, мектеп үшін ең маңыздысы – кәсіби педагогика, әдістемелік техника, бала оқыта білетін мұғалім болуы керектің. Бастауыш мектепте оқу, жазу, ана тілі, ұлт тарихы, математика, география, сызу және т.б. оқуға қажетті пәндердің тізімін саралап, ана тілінде оқуды міндетті деп санады. Оның 1912 жылы жарық көрген «Қырғыздар үшін бастауыш» кітабы бастауыш мектептің негізгі оқулығы болды. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасауда өзінің үлкен үлесін қосты. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды.

Ахмет Байтұрсынов – қазақ филологиясының негізін салушы, қазақ жазуын реформалау қағидаларын және қазақ тілін оқытудың теориялық тұжырымдамаларын жасады.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды - жінішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу- ағарту идеясына сол кезіндегі интеллегенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Қазақ тіл білімінің ана

тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі - ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлыныкі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенін олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

Тұңғыш ұлттық «Қазақ» газетінің редакторы, қазақ тіл білімінің негізін салушы, 20-жылдары Халық ағарту комиссары, ұлттық мектептерге арналған қазақ тілі бойынша алғашқы оқулықтардың авторы, тіл білімі мен әдебиеттану ғылымында қазақ терминологиясын жасаушы

А.Байтұрсынов жалған айыппен тұтқындалып, 1937 жылы 8 желтоқсанда бір жылға атылды.

А.Байтұрсынұлының есімі 20-жылдардағы Қазақстандағы жаңашыл педагогикалық идеялардың дамуымен байланысты. Педагогикалық баспасөздің рөлі, бастауыш мектеп мәселелері, жоғары білім беру жүйесі, оқытудың мазмұнын, формалары мен әдістерін жетілдіру, өскелең ұрпаққа рухани-эстетикалық тәрбие беру – бұл қарастырылған мәселелердің толық тізімі емес. А.Байтұрсынұлы. Атақты орыс педагогы, ағартушы К.Д.Ушинский, білім берудегі ұлт идеясының жақтаушысы сияқты А.Байтұрсынов те тегін мектеп, ана тілінде білім беретін, нағыз азаматты тәрбиелеуге лайықты мектеп құруға шақырады.

#### **Ахмет Байтұрсынұлының шығармалары:**

Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

Байтұрсынұлының екінші кітабы — «Маса» (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. Қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» т.б. өлеңдері.

**Аудармалары:** Байтұрсынұлы қалдырған бай мұраның тағы бір саласы — көркем аударма. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға мол үлес қосты. И.А. Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен жеке жинақ қылып бастырды. И.И. Хемницердің «Атпен есек», А. Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын этеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармаларын, орыстың белгілі лирик ақыны С.Я. Надсонның өлеңін қазақ тіліне аударды.

Қорытындылай айта келетін болсам: 1988 жылы Байтұрсынов ақталды. Қазақстанның көшелері мен мектептері, Тіл білімі институты, Қостанай қаласындағы университет Байтұрсынұлының есімімен аталады. 1998 жылы Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуы салтанатты түрде аталып өтілді. Алматы қаласында Республикалық ғылыми конференция өтіп, Байтұрсынұлының мұражай-үйі мен ескерткіші ашылды.

Өз халқының нағыз перзенті бола отырып, Ахмет Байтұрсынов Еуропа халықтарының мәдени құндылықтарына қосылуға, олардан үлгі алуға – білімге, ғылымға инвестиция салуға, кітап шығаруға шақырды. «Ғылым мен практикалық білімнің іргетасын бойына сіңірген халық ақылды, бай, күшті болады» - деп ұлы ғалым, ағартушының бұл сөздері қазіргі кезде ерекше өзекті маңызды деп ойлаймын.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Байтұрсынұлы А. Көп томдық шығармалар жинағы. 5-т. Алматы: Алаш баспасы, 2006.-288б.
2. Байтұрсынұлы А. Көп томдық шығармалар жинағы, әліппелер мен мақалалар жинағы. Алматы: Алаш, 2006ж.- 320 б.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. — Алматы: «Атамұра», 2002. — 768 б.
4. Бұқаралық-ақпараттық құралдардың мәліметтері.

### **ҰЛАҒАТТЫ ҰЛТ ҰСТАЗЫ**

Дәулетәлі Әйгерім Маратқызы


Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің 3 курс студенті  
Жетекшісі: Назарова Г.К., арнайы пәндер оқытушысы, п.ғ.м.

Ахмет Байтұрсынов (1873-1938) – мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-лингвист, түрколог, әдебиеттанушы, ақын, аудармашы, «Алаш» партиясы көсемдерінің бірі, «Қазақ» газетінің (1913-1917) ұйымдастырушысы әрі редакторы, сталиндік қуғын сүргіннің құрбаны.

XX ғасырдың басында қазақ халқы аса ірі қоғамдық-саяси өзгерістермен қатар ауқымды рухани жаңғыруларды да бастан кешті. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, алға жетелеуге ұмтылған зиялы топ қалыптасты. Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов. Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен.

Қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов – Алаш қоғам жетекшілерінің бірі болып, Қазақ елінің дербес мемлекеттігі үшін саяси күресте шыныққан тарихи тұлға. 1919 жылы Алаш басшылығының келісімімен Ахмет Байтұрсынов Қазақ революциялық комитетіне мүше болып тағайындалды, яғни, Кеңес өкіметі кезіне де жоғары лауазымды ресми қызметтер атқарды. Қазақстан Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы Ғылыми – әдеби Комиссияның төрағасы, халық оқу-ағарту комиссары, Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, Қазақстан халық комиссариаты Академиялық орталығының жетекшісі, Алматы, Ташкент жоғары оқу орындарының профессоры болды. Ахмет Байтұрсынов қай салада жұмыс істесе де, саяси, ғылыми, әдеби, ұстаздық болмысын, Қазақ елінің ұлттық мүдделерін қорғауды мақсат етті. Ақын А.Байтұрсынов қалың қазақ бұқарасының мұң-мұқтажын көздеген ойларға толы мақалалар, өлеңдер жазды, бүкіл саналы ғұмырын халықтың білімін, рухани санасын көтеруге, намысын маса боп шағып оятуға арнайды. Қазақ халқы қараңғы дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан құтқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін «алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе?» деп келісті сауал қояды. Балаларға білім берудің бірінші басқышы – бастауыш мектеп. Осы мақсатты орындау үстінде ол қазақ тілін, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын баяндап, талдап-танымтал зерттеуші, әрі сол зерттеулерінің негізінде «Әліппе» мен тұңғыш ана тілі оқулықтарын жазған автор.

#### **А.Байтұрсыновтың туған жері Аккөл**



Сондықтан А.Байтұрсынов оқу-білімнің осы бірінші сатысына қатты назар аударды. 1914 жылы «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақаласын жариялады. Мұнда автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керек деген мәселе қойып, сол кездегі қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жай-жағдайы мез емес екендігін, оларда программа, оқу құралдары дегендердің жоқтығын, мұғалімдердің жетіспеушілігін айтады. Бастауыш мектеп миссионерлік саясаттан аулақ болуы керек дей келіп, халық сауатын

ана тілінде ашуы керек, атап айтқанда бастауыш мектеп бес жылдық болсын, алғашқы үш жылда балалар ана тілінде, кейінгі екі жылда орысша оқысын деп ұсыныс білдірді. Бастауыш мектептерде: оқу, жазу, дiң, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрапия, шаруа-кәсіп, жаратылыстану пәндері жүретін болсын деп нақты айтты. Әрбір тұлғаның тұғырлы бейнесі ол өмір сүрген ортаға, тарихи кезеңге тереңірек көз жібергенде ғана шынайы аңғарыла бастайды. Ахмет Байтұрсынұлы - заманына сай туып, дәуірлердің жарығы мен қараңғысын бірдей бағдарлап, жамандығынан жерініп, жақсылығынан үйрене білген жан. Ол-бір басында сан-саналы өнер тоғысқан, телегей теңіз энциклопедиялық білім иесі болған, қиындыққа толы тартысты ғұмырында қараңғылыққа қалған қалың елін жарқын болашаққа сүруден басқа бақыт бар деп білмеген бірегей тұлға.

Ө дегенде-ақ назарға ілігетін бір сипат – Ахмет Байтұрсынұлының бүкіл тірлік-тынысы, адамдық болмысы, ең алдымен, азаматтық ұғымымен астасып жататындығы. Ол – жеке бас, жеке адам бостандығының жоқтаушысы емес, түгел жұрт, тұтас ел азаттығының ту ұстаушысы. Жалпы XX ғасырдағы саяси күреспен мазмұндалған азаттық қозғалыстың бастауында тұрған қайраткерлердің



рухани тұлғасы осы – Ахмет Байтұрсынов. Ахмет Байтұрсынұлының азаматтық тұлғасын, ұлттың рухани ұстазы ретіндегі көшбасшысы көсемдігін бәрінен бұрын оның қоғамдық-әлеуметтік қызметтері айқындайды. Солардың ең бастылары-ұлт санасын ояту, халықты өнер-ғылымға үндеп, өркениетті елдердің қатарына қосуды көздеген ағартушылық, отаршылыққа қарсы ымырасыз күрес.

#### **Алматы қаласындағы А.Байтұрсынов атындағы мұражай**

Ахмет Байтұрсынов қай салада жұмыс істесе де, саяси, ғылыми, әдеби, ұстаздық болсын, Қазақ елінің ұлттық мүдделерін қорғауды мақсат етті. А.Байтұрсынов патша өкіметінің қазақ халқын экономикалық тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік-рухани тұрғыдан да отарлау саясатына қарсы күрестің көсемдерінің бірі ретінде халық санасының жойылуына, оның діні, тілі, ділінің қорлануына қарсы нақты істердің басында болды.

### **Торғай селосындағы Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовқа қойылған ескерткіш**

Көсем сөз шебері Ахмет Байтұрсынов «Қазақ» газетін осы тұрғыдан пайдалануды ұсынып, бұл басылымның мәнін «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп тап басып көрсетті. Орыс әдебиетімен жақсы таныс А.Байтұрсыновтың мысал жанрына көңіл бөлуі де тегін емес еді. Мысал жанрының шағын көлемді туындылары арқылы маңызды ойлар айта білудің, оны астарлап сөйлетудің мүмкіншілігі зор екенін жете сезінген А.Байтұрсынов әлеуметтік ортаға саяси, зерделі ықпал ету үшін орыс ақыны И.А.Крыловтың (1768-1844) шығармаларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургтен кітап етіп бастырады. А.Байтұрсынов мысалдарында сюжеттік жүйе сақталғанымен, мазмұны қазақ өміріне бейімделген, сол кездегі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік сұранысына қажетті ойлармен толықтырылып тұр.



Крыловтың он жылдық «Шымшық пен көгершінін» А.Байтұрсынов отыз екі жолмен дамытып, басқа туынды етіп шығарады.

Ахмет Байтұрсынов –қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетінде Қазақ революциясына дейін де, одан кейін де аянбай адал қызмет еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, тарихта орны айырықша зор тұлға. Ол –ең алдымен, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, әрі қарай қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш жұмсаған ағартушы қайраткер.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары.-Қарағанды: «TENGRİ Ltd», 2013.-382 б.
2. Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан. 1997 ж. 5 желтоқсан. –3-5 бб.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. — Алматы: «Атамұра», 2002. — 768 б.
4. «Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық» Алматы 2010

### **АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ – УЧИТЕЛЬ НАЦИИ**

Джумағалиев Амангельды Борантаевич  
мастер производственного обучения  
КГКП «Рудненский колледж строительства и транспорта»  
Костанайская область, г. Рудный

Огромный вклад в историю развития просветительской мысли и просвещения казахского народа внес общественный деятель, публицист и литератор, языковед, переводчик, ученый, духовный лидер нации, реформатор орфографии казахского языка, создатель казахских учебников, поэт Ахмет Байтұрсынов.

Ахмет Байтұрсынов родился 5 сентября 1872 года в Тургайской области (ныне Костанайской области). С раннего детства у Ахмета было огромное желание учиться, поэтому все свое время он посвящал образованию. Грамоте учился у образованных сельчан, затем закончил сельскую школу. В Оренбурге окончил четырёхлетнюю киргизскую учительскую школу и всю свою жизнь связал с образованием казахского народа.

В период с 1895-1909 года Байтұрсынов работал учителем в русско-казахских школах Костанайского, Актюбинского и Каркаралинского уездов, руководил городским училищем в Каркаралы.

«Учитель – душа школы!» – так говорил Ахмет Байтұрсынов. «Какой учитель – такова и школа, именно от учителя зависит качество знаний учащихся», поэтому вся его педагогическая деятельность была направлена на подготовку высококвалифицированного педагога, который умеет качественно и грамотно организовать педагогический процесс в школе.

Ахмет Байтұрсынов считал, что высокие рейтинги школы на прямую зависят от мастерства педагога, для этого, в учебных заведениях при профессиональной подготовке учителя, особое внимание необходимо уделить усвоению педагогом методики вести процесс обучения школьников. Вопрос подготовки учителя – профессионала рассматривается А. Байтұрсыновым в работе «Об обучении по-казахски».

Именно Ахмет Байтұрсынов определил главные критерии к учителю: владение методикой преподавания, знание детской психологии и наличие учебников, учебных программ.



Ахметом Байтұрсыновым был создан казахский алфавит. Он является автором «Әліпше», «Оқу құралы», «Тіл құралы», состоящий из 3 частей: фонетика, морфология, синтаксис [3, с.706].

Казахская литература благодаря его деятельности получила огромное развитие. Важнейшую роль в становлении казахского литературоведения сыграла его «Теория словесности».

Первая работа по литературоведению «Әдебиет танытқыш» (1926) так же принадлежит А. Байтұрсынову. Его созданные учебники были новинкой не только для казахов, но и всего тюркоязычного мира. По праву Институт языкознания АН РК носит имя Ахмета Байтұрсынова.

Ахмета Байтұрсынова можно по праву назвать основателем казахского языкознания, его труды не утратили своего значения и в наши дни. М. Дулатов писал: «Ахмет Байтұрсынов поднял казахскую словесность на высокую ступень и заложил прочный фундамент для национальной школы и родной литературы» [2, с.302].

Ахмет Байтұрсынов в своих работах и на страницах общенациональной газеты «Қазақ газеті» делал акцент важности обучения детей в школах и медресе. Излагая свои соображения о проблемах обучения в казахских и русских школах, он настаивал на обязательном двухгодичном обучении детей на казахском языке, считая, что «начальные школы должны быть в миссионерской политике, т.е. каждый народ должен иметь право на свой язык, письменность и религию». Он писал: «Чтобы не отставать от других, мы должны быть грамотными, надо учиться. Что бы быть богатыми, нужно единство. В этом направлении надо работать» [1, с.243].

Большое место в трудах Ахмета Байтұрсынова отводится духовному развитию личности, его необходимости и важности для молодого поколения как будущего нации. Он призывал молодое поколение к нравственности, к сохранению человеческих ценностей как условию роста культурного благосостояния народа, процветания казахского языка, его литературы, национальных традиций и обрядов.

В своих научных работах, известный педагог призывал народ стремиться к знаниям, овладевать искусством и культурой. [4, с.9].

Сакен Сейфуллин писал: «Ахмет Байтұрсынов человек не простой, он образованный человек. Он выходец из образованного класса.... Ахмет отдавал душу казахскому народу».

Ахмета Байтұрсынова по праву можно называть настоящим учителем нации, он стремился встрепенуть казахский народ. Он — акын, он — общественный деятель, он — первый казахский литературный теоретик-лингвист, ученый-просветитель. Знать и ценить его жизненный путь, деятельность, идеи — наш общий долг.

#### **Список литературы:**

1. Байтұрсынов А. Ак жол : стихи и переводы, публицистические статьи и литературные исследования. Алма – аты : Жалын, 1991. 460 с.
2. Дулатов М. Шығармалары : стихи. Алматы: Жазушы, 1991. 384 с.
3. История Казахстана с древнейших времен и до наших дней : учебник / Козыбаев М. К. [и др.]. Алматы: Атамура, 2000. 768 с.
4. Рахметов Ж. Подвижник просвещения. К 150-летию со дня рождения Ахмета Байтұрсынова // Учительская плюс. 2022. №9. С.10

### **ЖАСТАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ**

Еділбаева Гүлнар Қуандыққызы,  
Қостанай автомобиль көлігі колледжінің оқытушысы  
Қостанай қаласы

Өзін халықаралық деңгейде сенімдірек танытып келе жатқан дамушы мемлекетіміз білім беру жүйесіндегі әлемдік дамудың негізгі тенденцияларынан тыс қала алмайды. Қоғамымыздың өзекті мәселелерінің бірі – өзгермелі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда өмір сүруге ғана емес, сонымен бірге бар шындыққа белсенді түрде әсер етуге, оны жақсы жаққа өзгертуге дайын бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Қазақстанның инновациялық педагогикалық идеяларының дамуы бастауыш мектептің, педагогикалық баспасөздің, жоғары білім беру жүйесінің мәселелерін көтеріп, қарастырған, мазмұнын, оқыту әдістері мен нысандарын, өскелең ұрпақты рухани – эстетикалық тәрбиелеуді жетілдірген Ахмет Байтұрсыновтың есімімен байланысты. Бұл проблемалар өзекті болып табылады, өйткені Қазақстанның білім беру жүйесі бүгінде әлемдік білім беру кеңістігіне бағдарланған.. Қайраткер, гуманист ол өз Отанының нағыз азаматын тәрбиелеуге, ана тілінде оқытатын мектеп құруға шақырды. Халқының

білімді болуын армандаған А.Байтұрсынұлы «Қазақша оқу» мақаласында: «Білімге талпынбаған халық қанша бай болса да, біраз уақыттан кейін байлығы өркениетті адамдардың қолына өтеді. халықтар». Сонымен бірге уақыттың бір орнында тұрмайтынын, елдің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени, экономикалық өмірінің түрлі салаларында интеграциялық үдерістер жүріп жатқанын түсіне отырып, ол еуропалық халықтардың мәдени құндылықтарына қосылуға солардан үлгі алып, білімге, ғылымға ақша салу, кітап шығаруға шақырды. 20 ғасырдың басында А.Байтұрсынұлының жазғаны: "Ғылым мен практикалық білімнің негізін бойына сіңірген халық ақылды, бай әрі мықты болады", - қазіргі уақытта өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Еліміздің бүкіл білім беру жүйесінде орта білім беру моделін, оның құрылымын, мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарауды, сондай-ақ білім беруді бағалаудың принципті жаңа жүйесін енгізуді қамтитын білім беру мазмұнын жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. студенттердің жетістіктері. А.Байтұрсынұлы ұстаздық кәсіптің мәні мен ерекшелігіне терең бойлай отырып, «Мектеп үшін ең маңыздысы – кәсіптік педагогика, әдістемелік техника, бала оқыта білетін мұғалім» деп жазды. Қазақ халқының ұлы ағартушысының бұл сөздері республикадағы мектептер білім беру мазмұнын жаңартуға көшіп жатқан бүгінгі таңда ерекше маңызға ие болып отыр, бұл мектептегі білім берудің басты мақсаты – мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін арттыру және критериалды бағалау жүйесін енгізуді көздейді.

А.Байтұрсынұлы білікті ұстаздың рөліне орасан зор міндет жүктеп, ол мектептегі жұмыстың табысы мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты екенін атап өтті, сондықтан мұғалімді оқу орындарында кәсіби даярлау кезінде мұғалімнің педагогикалық техниканы меңгеруіне, оқушылардың оқу процесін ғылыми негізде жүргізе алуына ерекше назар аудару қажет. А.Байтұрсынұлының бүкіл педагогикалық қызметі мектептегі оқу-тәрбие процесін жетілдіруге және педагогикалық процесті сауатты ұйымдастыра алатын білікті ұстаз дайындауға бағытталды. Ол «Қазақ тілінде оқыту туралы» атты еңбегінде ең алдымен жеке әдістемесі болуы, балалардың психологиялық ерекшеліктері мен оқу процесінің теориялық негіздерін білуі тиіс мұғалімге қойылатын негізгі талаптарды айқындайды. Бұл идея мұғалімдердің әдістемелік және психологиялық-педагогикалық дайындығында жатыр

Екіншіден, табиғатты жақсы танып, баланың көңіл-күйін сезінуі керек. Ол үшін балалардың туғаннан бастап физикалық және психикалық дамуы туралы бәрін білу керек. А.Байтұрсынұлының ұстаздық кәсіпке қойған жоғары талаптары бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ. Бүгінгі таңда қазақтың ұлы Ұстазы армандаған интеллектуалдық деңгейі жоғары, жан-жақты, қазіргі заманның кез келген сын-қатерлеріне дайын, бәсекеге қабілетті, оқыту мен тәрбиелеуде теориялық және практикалық білімі терең ұстаз дайындау мәселесі де қойылуда.

А.Байтұрсынұлы қазақ мектептеріндегі мұғалімдердің біліктілігін арттыруға білімі мен күш-жігерін жұмсады. Ол мұғалімдердің мәдени өсуі, үйлесімді, жан-жақты дамыған тұлғаны оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін жетілдіру қажеттілігі туралы мәселелерді жиі көтерді.

Ол барлық еңбектерінде халықты оқуға, білім мен өнерге ұмтылуға шақырады. Шығармаларында жеке тұлғаның рухани дамуы, оның өскелең ұрпаққа қажеттілігі мен маңыздылығын түсіндіріп, адамгершілік, адалдық, тектілік сияқты қасиеттерді жоғары насихаттайды. Ол Қазақстанның әл-ауқаты мен болашағының кепілі деп санай отырып, мәдениетті дамытудың үлкен перспективаларын көрді. А.Байтұрсынұлы өз халқын құмарта сүйе отырып, оның ерекше табиғи қабілетіне сенді, өз елін әлемдегі өркениетті мемлекеттердің қатарында көруді армандады. азақ даласының Ұлы Ұстазының жоспары мен үміті Тәуелсіз Қазақстанда жүзеге асып жатыр.

Бостандық, мәдениет үшін күрескер А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Оның шығармалары қалыптасқан қоғамдық-саяси жүйені сынауға, халықты сауатсыздықпен, надандықпен, енжарлықпен күресуге шақырып, қазақ әдебиетін сапалы жаңа деңгейге көтерді. Оның «Қырық мысал» (1909), «Маса» (1911) сияқты шығармаларының адамгершілік-рухани құндылығы зор, оларда адам бойындағы жалқаулық, надандық, босқаулық сияқты жаман қасиеттерді келемеждеп, еңбексүйгіштікке шақырады, білім нәрімен сусындатады, халық мәдениетін көтеру.

А.Байтұрсынұлының сіңірген еңбегі – араб графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиін енгізіп, қазақтың тұңғыш «Әліппесін» жазды. Оның әдістемесі елдегі сауатсыздықты жоюда үлкен рөл атқарды. Қазақ тіліндегі тұңғыш қазақ тіл білімі, қазақ тілін оқыту әдістемесі саласындағы бірқатар еңбектердің авторы қазақ жазуын реформалаудың ұстанымдарын дамытады, қазақ грамматикасының категорияларын анықтау үшін ғылыми терминология жасайды. А.Байтұрсынұлы ұрпақтарына мол мұра қалдырып, бүгінгі таңда қазақ тіл білімі саласындағы ғылыми-әдістемелік еңбектері мен қазақ тілін оқыту әдістемесі білім беру жүйесінде кеңінен қолданылуда.

Ұлттық әдебиеттану ғылымында сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, аллегория, эпитет, тұлғалау, метафора, метонимия т.б тың ұғымдар, терминдер, категориялар тұжырымдалған. Әдеби мұраны, фольклорды зерттеп, кітап шығарды, оған көркем шығарманың төл туындысы – «Ер Сайын» аңызы (1923), «23 жоқтау» (1926) жинағын енгізді. Ол Абайдың тәлім-тәрбиелік, сыншылдық дәстүрлерін жалғастырушы және оның қазақтың ұлы ағартушысының көркемдік шеберлігі туралы ғылыми-зерттеу тұжырымдары қазақ әдебиеттануында көрініс тауып, дамып келеді. Өзі тұңғыш редактор болған «Қазақ»

газеті ұлттық сананы оятты, қоғамдық-саяси сипаттағы мәселелерді, халық ағарту, ағарту, тұрмыс-тіршілігін көтерді.

А.Байтұрсынұлы газетте: «Тәуелсіздігімізді сақтап қалу үшін ағартушылыққа, ортақ мәдениетке бар күш-қуатымызбен ұмтылуымыз керек, ол үшін ең алдымен туған тіліміздегі әдебиеттің дамуымен айналысуымыз керек. Тәуелсіз өмірге өз тілінде сөйлейтін, өз мәдениеті бар адамдар ғана құқылы екенін ешқашан естен шығармауымыз керек...». Білімнің, ана тілін, мәдениеті мен салт-дәстүрін білудің жалынды жақтаушысы Отанға, өз халқына, халықтың мәдениетіне деген ұмытылмас сүйіспеншіліктің, жоғары патриотизмнің үлгісі болып қала береді.

А.Байтұрсынұлы қазақ халқының болашағы, қазақ тілі мен ұлттық мәдениетінің болашағы жас ұрпақтың білім дәрежесіне, рухани және имандылығына байланысты деп түсінді. Олар бұқараға прогрессивті ғылыми идеяларды жеткізушілер болады.

Белгілі ұстаз, әділет жолындағы күрескер қазақ халқының тәлім-тәрбие мәселелерін қамтитын барлық шығармаларында халықты білімге ұмтылуға, өнер мен мәдениетті игеруге шақырады. Халықтың мәдени әл-ауқатының өсуінің, қазақ тілінің, оның әдебиетінің өркендеуі мен дамуының шарты ретінде тұлғаның рухани дамуының қажеттілігін түсіндіреді, адамгершілікке шақырады. Оның үндеуінде халқына, оның болашағына деген зор сүйіспеншілік пен жанашырлық сезіледі. Ол өз халқының болашағын бүгінгі тәуелсіз, өркендеген, өркениетті мемлекетке айналдырғанын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы растады: «Жаңа саяси-экономикалық курс жастарға жақсы білім беруге бағытталған, бұл одан да лайықты болашақты білдіреді».

А.Байтұрсынұлы идеяларының рухында тәрбиеленген жас ұрпақ оның қазақ тілі саласындағы әдістемесіне, іліміне сүйене отырып, рухани-адамгершілік, өзін-өзі құрметтеу және өзін-өзі таныту идеясына қанық болды. Әдебиет, психология және өнер қазіргі заманда еліміздің білім беру жүйесіндегі жаһандық өзгерістерді жүзеге асыруға тиіс озық ойлы жастардың ұрпағы болары сөзсіз.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Қазақша оқыту // Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Т.1. /Құраст. Қ. Жарықбаев, С.Қалиев). – Алматы, «Рауан», 1994. – 320 б.
2. Байтұрсынұлы А. Нужды школы // Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Т.1. Құраст. К.Б.Жарикбаев, С.К.Қалиев. - Алматы: Рауан, 1995. – с.18
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». 2012 жылғы 14 желтоқсан. Қазақстан шындығы. 2012 жылғы 15 желтоқсан.
5. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. «Ақпарат» сериясы.- No3. 1988. 18 б
6. <https://e-history.kz/ru/prominent-figures/show/12608/>

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ-ҰЛТЫНЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

Елеу Аружан Сәкенқызы  
Астана Халықаралық Педагогикалық колледжі «Негізгі орта білім беру» мамандығының  
студенті  
Нұр - Сұлтан қаласы

*Балалар, бұл жол басы даналыққа,  
Келіңдер, түсіп, байқап, қаралық та.  
Бұл жолмен бара жатқан өзіңдей көп,  
Соларды көре тұра қалалық па?!*  
*Даналық — өшпес жарық, кетпес байлық,  
Жүріңдер, іздеп тауып алалық та!*

Ұлтының ұлы ұстазы, тіл жанашары бола білген Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық білім берудегі жолын саралайтын болсақ, оның ұлы ұстаз ретіндегі еңбектері мен әдеби мұралары көп. 60 жыл бойы, 1929 жылдан бастап, "халық жауы" деген айдар тағылып, арамыздан алыстатылып, кейінгі ұрпаққа атын айтсаң, басың кететін құбыжық ретінде танытылып келген, сталинизм режимінің құрбаны болған, ал кезінде қазақтың ұлттық тіл білімінің іргетасын қалаушы лингвист-ғалым, еңбегі ерекше ағартушы-педагог, сөз құдыретін танытқан тамаша ақын, қазақ халқының рухани дүниесін көтеруге күш жұмсаған мәдениет қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы барлық жағынан ақталып, есімі туған халқына қайтарылып отыр.

Ахмет Байтұрсынұлы (5 қыркүйек 1872 жыл, қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Ақкөл ауылы – 8 желтоқсан 1937, Алматы) — қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы,

публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі.

А.Байтұрсынов ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы тарихында ерекше орыны бар аса білімді, салауатты, ірі саяси қайраткер. Әдебиеттанушы ретінде айтар болсақ еңбектері көп. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруда Байтұрсынұлы зор еңбек сіңірді. Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның Қазақ газетінің 1913 жылғы үш санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Онда қазақ халқының рухани өмірінде Абайдың аса ірі тұлға екені, өмірбаяны, шығармаларының мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылған, ақын мұрасының эстетикалық қадір-қасиеттері ашылған. Қазақтың эпостық жыры «Ер Сайында» алғы сөз бен түсініктемелер жазып, оны 1923 ж. Мәскеуде шығарды.

Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі — «Әдебиет танытқыш» (1926). Мұнда көркем сөз өнерінің табиғаты, сыры, мазмұны, ерекшеліктері, жанрлары, жаңа терминдер, ұғымдар жайлы жан-жақты зерттеулер, тұжырымдар сөз болды. Бұл еңбегінде Байтұрсынұлы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің әлеуметтік, қоғамдық мән-маңызын ашудан гөрі адамгершілік, эстетикалық әсемдік әуенін талдауға көбірек көңіл бөлген. Сондай-ақ мұнда жазба әдебиеттегі ағымдар, әдістер туралы ой-түйіндер айтылған.

Байтұрсынұлы Еуропа жұртындағы сындар әдебиетінің бай тәжірибесін меңгеруге бет алушылық, қазақ көркем сөз ізденістерінде сәйкестік, үйлесімділік тапқанын айтады. Байтұрсынұлы әдебиет зерттеушісі ретінде қазақ әдебиетінің даму процесін жеке дара бөліп қарамай, барлық халықтар әдебиетіне ортақ сипаттармен ұштастыра талдауға тырысады. Ол өзінің орасан зор ерік-жігерімен, ірі ұйымдастырушылық қабілетімен, саяси оқиғаларға көзқарасының тұрақтылығымен зор беделі мен құрметке ие болды. Сонымен қатар теориялық жағынан жетік болғандықтан, өз қызметінде таптық белгілерден гөрі ұлттық ұстанымды ұстанды. Өз халқының сауатты болуына, білім алып, көздерінің ашық болуына зор үлес қосқан айтулы азаматтардың бірі деп анық айта аламыз. Бұл орайда А. Байтұрсынов республикадағы мектептердің әр түрінің көбеюі мен оқушылар санының өсуіне зор жағдай жасап, оны өзінің қатаң бақылауына алып отырған. Сауат ашуда қазақ мұғалімдерінің қатарын толықтыру керектігін дер кезінде түсініп, жаңа мұғалімдерді дайындау мен қатар бұрынғы мұғалімдердің білімдерін жетілдіру мақсатында уездер мен губерниялардың бәрінде қысқа мерзімді және екі жылдық мұғалім дайындайтын курстарды ашты. Осы курстарға жастарды көптеп тартып, оларға стипендия төлеген. Сонымен қатар, ұлтын сүйген ұлды ауыл мәдениеті қатты алаңдатты. Осы орайда ауыл мәдениетінің мүлдем артта қалғанын ескере отырып, А. Байтұрсынов өз кезегінде Комиссариат нұсқаушыларын шалғай ауылдарға іс сапармен мектептер, сауат ашатын орындар мен қызыл отауларды ашуға жіберген. А. Байтұрсыновтың басшылығымен комиссариат педкурстардың қызметі мен жағдайын зерттеу үшін анықтама парақшаларын жіберіп, бірінші басқыш мектептерінің мұғалімдерін дайындау үшін ашылған қысқа мерзімді 4 айлық педкурстар мен мектеп нұсқаушыларының 2 айлық курстарының бағдарламалары мен есеп жүйесін жасаған. Мамандардың тапшылығына байланысты А. Байтұрсынов Халық Ағарту Институттары мен педагогтар дайындайтын арнаулы орта оқу орындарын ашқан. 1921 жылдың бірінші шілдесіне қарай республикада төрт Халық Ағарту институтын іске қосты. А. Байтұрсынов 1920 жылы Орынборда ашылған үлгі-тәрбие мектеп-коммунасының жанынан интернат ашқан. Алғашқы жылдары бұл бастауыш мектеп болды, кейін оны жеті жылдық үлгі-тәрбие мектебі етіп қайта құрды. Оны ауыл шаруашылығына бейімделген үлгі-тәрбие мектебіне айналдырған. Мектепті Академиялық Орталықтың тәжірибелік жұмыс орталығына айналдырады. Мектеп-коммунасында қазақ кедейлерінің, Қызыл Әскердің, кемтар адамдардың балаларын 10 жастан қабылдап оқытқан. Ал жетім балалар мектептің интернатында ешбір ақысыз оқып, үкімет қамқорлығында болды. 1920 жылдың 10 желтоқсанындағы Қазақ Орталық Атқару Комитеті Президиумының мәжілісі А. Байтұрсыновқа жіберген қатынасында РСФСР Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы құрамы аз ұлттарды ағарту бөлімі Қазақ Республикасын мекендейтін халықтардың мәдени-ағарту қызметі туралы очеркін құрастыруға қатысуын міндеттейді. Бұл тапсырманы орындауда Орталық Атқару Комитеті Комиссариаттардың өкілдерінен тұратын арнайы құрылған комиссияның мүшесіне А. Байтұрсыновты енгізеді. Президиум алдындағы жауапкершілікті Халық Ағарту Комиссары А.Байтұрсыновқа жүктеген. А. Байтұрсыновтың ыждағатты бақылауының арқасында не бары үш ғана оқулық - әліппе, грамматика, арифметика оқулықтары шықты, бұлардың жалпы таралымы 178 мың дана ғана болды. Бұл оқулықтардың бір бөлігі Қазақстанда, бір бөлігі Қазанда басылды. Басылған оқулықтардың таралымы аз болғандықтан, мектептердің болмашы қажеттігін де өтей алмаған. Халық Ағарту Комиссариатының қызметі 1921-1922 жылдардағы аштық кезеңіне тап болғандықтан, комиссариаттың жергілікті орындармен байланысы үзіліп, Өлкедегі ағарту жұмысына басшылық ету күн өткен сайын қиындай түскен. Қаржы-қаражат пен басқа да қажеттіліктердің жетіспеуі өсіп келе жатқан мектеп жүйесінің қарапайым сұраныстарын қанағаттандыра алмаған. Орныққан жағдайдан шығу үшін А. Байтұрсынов комиссариаттың жергілікті бөлімдеріне арнап қабылдаған қаулысында аштыққа ұшырағандарға көмек көрсетуге шақырған. Қазақ АКСР Халық Ағарту Комиссариатының жанынан арнаулы ғылыми бөлім – Академиялық Орталық болып 1923 жылы қайта

құрылды. Ғылыми мекеменің төрағасы етіп А. Байтұрсыновты бекіткен. Бұл мекеменің басты қызметіне – халық ағарту ісінің өзекті мәселелерін шешумен қатар ғылыми мәселелерге басшылық жасап, олардың жұмысын бір-бірімен байланыстыру арқылы реттеп отырған [22, 38-п.]. Академиялық Орталық теориялық және бағдарламалық жалпы басшылық орталығы» болып қалыптасты. Академиялық Орталықтың кезекті отырысында Өлкені жаппай жайлаған ашаршылықпен күресу үшін «Ашаршылықпен күресу» комитетін құрады. Бұл комитет Академиялық Орталық қызметкерлерінің күшімен концерт ұйымдастырып, оқыған лекцияларында аштан аман қалу үшін көктемгі-жаз айларында сүйірік, борық, буылдық, қарға тұяқ тағыда басқа өсімдіктердің тамырларын қорек етуге болатыны айтылған, «Ашаршылықтың қасіреті» атты сурет көрмесін ұйымдастырып түскен қаржыны ашыққандар қорына жіберген және Орталық Өлкелік мұражай көрме ақысын 1000 сомға көтерген, бір айда мұражайға орта есеппен 1000 адам келген екен, содан түскен 1000000 сом ақшалай қаражатты ашыққандар қорына аударған, ал Физика-медициналық қоғам бірнеше құнды лекциялар оқып, халық арасында жұкпалы аурулардан сақтану жолдарын үйреткен. 1923 жылы А. Байтұрсыновтың 50 жылдық мерей тойын атап өту туралы Халық Ағарту Комиссариатының Коллегиясы қаулы қабылдап, оны РКП(б) Қазақ облыстық комитеті Президиумының мәжілісіне ұсынып, қолдауды сұрайды. Партия комитеті бұл іс-шараға өзінің тікелей қарсылығын ашық көрсетпесе де, бірақ мерей тойға Кеңес органдары атынан жеке жауапты етіп С. Сейфуллинді тағайындайды [23]. Мерей той Ташкент қаласында өтіп, оған жан-жақтан оқыған зиялы қауым жиналды, яғни қазақ, қырғыз, түрікпен, башқұрт, өзбек, тәжік, ноғай, орыстар. 1929 жылы мамыр айының соңы мен маусымның басында Қызылорда қаласына А. Байтұрсынов іс сапармен келеді. Оның негізгі қызметі қазіргі Абай атындағы педагогикалық ұлттық университетінде қазақ тілі мен әдебиетінің профессоры болып жұмыс істеген, отбасы Алматы қаласында болған. Оны Қызылордаға Өлкелік Атқару комитеті ұйымдастырған Өлкетанушылардың құрылтай кеңесіне қатысуға шақырған болатын. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, ел басымыздың жарлығы бойынша, ұлтымыздың зиялы ұлдарына мәрмәр тастан үлкен ескерткіш қойылды.

Ахмет Байтұрсынұлы-қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған адам. Күш жұмсауға тура келген себебі мынада. Қазақ балаларына арналып мектептің тілі қазақша болғанмен, қазақша жазуы, яғни ресми түрде қабылданған графикасы жоқ болатын, сондықтан әр мұғалім өз ыңғайына қарай не орыс, не араб жазуларын пайдаланатын. А.Байтұрсынов пен өзге де бір топ қазақ интеллигенциясы уәкілдері 6 июньде Россия Империялық Министр Советінің Председателі атына петиция жазады. Мұнда бір пункт етіп қойған талаптары: "Қазақ даласында оқу-ағарту ісі дұрыс жолға қойылсын, ол үшін ауыл мектептерінде балалар қазақша сауат ашатын болсын, оқу ана тілінде жүргізілсін" деген болатын. Осы талаптың жүзеге асуы үшін А.Байтұрсынов қазақша сауат ашатын тұңғыш әліппе құралын жазады. Ол "Оқу құралы" деген атпен тұңғыш рет 1912 жылы Орынборда Каримов, Хусаиновтар баспасында шығады. "Оқу құралында" "барлық әріптерді өтіп болған соң, балаларға танымдық материалдар ұсынылады. Олар: "туысқан-туған ілікте" деген тақырыпта ата, баба, ана, әже, шеше, аға, іні... деген сөздер беріледі, сол сияқты киімдер, ойындар мен ойыншықтар, тамақтар мен сусын, дене мүшелері деп тақырыптар қойылып, олардың әрқайсысында сол салаға жататын атау сөздер ұсынылады. Және бір көңіл аударатын жері-автор балаларға лайық тілмен жазылған тәрбиелік мәні бар жұмбақ-жауаптарды, мақал-мәтелдерді, шағын өлең тексттерін берді. "Оқу құралы" тек сауат ашып қоймайды, сонымен қатар балалар үшін танымдық материалдарды, мысалы, қазақша және парсыша күн аттарын, арабша және орысша жұлдыз аттарын, қазақша ай аттарын, жыл аттарын ұсынады. 96 беттік бұл оқулық "ұсақ әңгімелер" деген атпен автордың өзі құрастырған 24 шағын әңгімелер текстімен және "Балалық күй" атты өлеңмен аяқталады. Ахмет Байтұрсынов 1926 жылы "Әліппенің" жаңа түрін жазып ұсынады, бұл осы күнгідей суреттермен берілген оқулық болатын, кітапты "Жаңа әліппе" деген атпен 1926 жылы Қызылорда-Ташкент баспалары бірігіп шығарған. Сонымен қатар ол тек мектеп оқушыларына ғана емес, ересектердің сауаттарын ашуға арналған "Әліппе" де жазған, ол 1924 жылы Орынборда, 1926 жылы Семейде басылды. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Сол 1911–1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаха-наларында жарық көрген. 1926 жылы ғалым «Әліппе-бидің» жаңа түрін жазды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған 1 бөлімі алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. Ол әрі қарай бірнеше рет басылған, 1927 жылғы Қызылордадағы басылымы 7-деп көрсетілген. Қазақ тілінің морфологиясына арналған 2 бөлімі бұдан да бір жыл бұрын 1914 жылы басыдан шыққан, оның 1927 жылғы басылымы 6-деп көрсетілген. Синтаксиске арналған 3 бөлімі де бірнеше басылым көрген. Оның 6-басылымы 1928 жылы Қызылорда-Ташкенттегі "Қазгосиздаттан" шыққан.

Қорытындылай келсек Байтұрсыновтың ұрпақ сауатын ашудағы қосқан үлесі Қазіргі кезде өз алдымызға тәуелсіз ел болып тұғырымыз қатайғанда, осы жолда өздерінің салықалы ғұмырларын құрбан еткен азаматтарымыздың халқы үшін сіңірген ерен еңбектерін саралап, жаңа заман талабына сай «ақтаңдақтардың» бет пердесін ашып зерделеу өте маңызды. Өсіп келе жатқан ұрпақ өткен тарихын

талдап, есінде сақтап, одан әрдайым сабақ алып отыруы қажет. Сондықтан да ұлттық рухы мықты қазақ зиялыларының бірі Ахмет Байтұрсыновтың халқы үшін көрсеткен елеулі еңбектерін дәріптеу маңызды мәселелердің бірі деп санаймын.

#### Әдебиеттер тізімі:

1 Әшкеева Қ.А. Байтұрсыновтың философиялық көзқарасы: филос.ғ.к. авторефераты. – Алматы.- 2003. - 17 б.

2 Имаханбетова Р. Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы (мұрағат деректері негізінде): филол.ғ.к. авторефераты.- Алматы. - 2006. – 22-23 б.б.

3 Қойгелдиев М.Қ. Ұлттық саяси элита. -Алматы:Жалы. - 2004, - 136 б; Мажитов С.Ф. Национально-освободительная война 1916 г. // Исторический опыт защиты отечества. - Алматы. 1999. – С. 139-162.

4 Тұрғараева Г. М. А. Байтұрсыновтың халық ағарту саласына қосқан үлесі // Халықаралық ғылыми конференциясы. – Алматы, 2007 ж. 21-22 сәуір.-Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2007. – 432-437 бб. Рабиға Сыздықова "Ахмет Байтұрсынов" кітабы.

### ТІЛ БІЛІМІНІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

ж.ғ.м., Ерік Жалғасбек Рәуілұлы

Ш. Уәлиханов атындағы №1 жалпы білім беретін мектебінің мұғалімі  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Біз қазақ тіл білімінің дамуы, негізі қалануы туралы, білім беру жүйесінің әдістемелік құралдарының пайда болуы туралы, ұлттың ғылыми-теориялық көзқарастарының қалыптасуы туралы және осы өзгерістердің барлығына қарамастан ұлттық ерекшелігінің сақталып қалуы туралы сөз қозғағанда жиырмасыншы ғасырдың бас кезеңіне қараймыз. Және сол кезеңдегі Алаш қайраткерлерінің еңбектеріне үңілеміз. Сосын осы кезеңнің қазақ әдебиеті мен мәдениеті тұрғысынан ғана емес, педагогика, психология, филология, тарих, қысқасы ғылымның бар саласы бойынша қазақ өркениеті дамуының алтын ғасыры болғандығын түсінеміз. Ал сол Алашорданың ішінде өз заманының қайраткер тұлғасы ғана болып қоймай, өзінен кейінгі күллі ұрпаққа рухани көсем болған азамат – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол – қазақ халқына мәңгілік азық боларлық еңбектердің иесі.

А. Байтұрсынұлы – қазақ әліппесінің авторы. Ол қазақ тілінің тілдік ерекшелігін сақтай отырып, төте жазудың және біраз уақыттан кейін латын әліпбиінің қазақ тіліндегі нұсқасын жасап шықты. Тілдегі әріппен дыбыстың тең, фонемамен графеманың сәйкес болуы керектігін баса айтып, сол жолда көптеген ізденістерге барған. Мәселен, тілдегі жуан айтылатын әріптермен жіңішке айтылатын әріптер барын ескере отырып, ол былай жазады: «...Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, онда 19 дыбысқа 38 белгі керек. Бұған дайым (ылғи) жуан айтылатын «к» мен «ғ»-ны қосқанда, дайым жіңішке жазылатын «к» мен «ғ»-ні қосқанда, бәріне 43 белгі (әріп) керек» [1, 324 б].

Ол тек қазақ тілінің ғана емес түркі тілдерін оқытудың жолдарын қарастырады. Оған мысал ретінде түркі халықтарының ана тілін оқу жөніндегі қарарды баптарға бөліп қойғанын көреміз. Өз ойын қорытындылай келе былай аяқтайды. «Тіл білімі ереже жаттату түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағына, қисын жағын тану түрде үйрету керек. Сөздің тұлға, мағына жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тиіс» [1, 416 б].

Сонымен қатар түркі тілдеріндегі оның ішінде қазақ тіліндегі үндестік заңының ерекшелігін көрсете отырып, тек дауысты дыбыстар ғана емес, дауыссыз дыбыстардың да осы заңға бағынатынын таныта келіп, «Дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстардың иелігінде» екенін көрсетеді [1, 328 б]. Және осы үндестік заңы әсерінен әріптің фонемадан аз болатындығын түсіндіреді.

Қазақ жазу ілімінің негізін қалаушы: «Жазу дегеніміз – дыбыстың таңбасы. Әр дыбыстың әр елдің таңбасындай таңбасы болады. Таңбасына қарап қай дыбыс екенін танымыз» дейді [1, 322 б]. Бұл ғылыми терминологияны қолданбай-ақ қарапайым оқушыға түсінікті тілмен жазылған теория. А. Байтұрсынұлының тағы бір ерекшелігі әр терминді қазақыландырып отыруы. Бұл туралы оның өзі: «Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып кемітіп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ. ...Қазақтың тілі өзгерген тіл деп айтуға жол жоқ: қазақ тілінің табиғатына жат келетін емле жоқ. Еділден Ертіске дейін, Оралдан бастап Ауғанға шейін қазаққа тіл де бір, емле де бір» дейді [2, 308 б].

Ол жазу тілінің жұп-жұмыр болып шығуы үшін көп ізденген. Өзге ғалымдардың үлгісіне қарай отырып, тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі болса, тәртіпті жазу болатынын түсінген және осы арқылы сөйлеу мен жазуда нақтылық болатынын түсінген тұңғыш ғалым. Сонымен қатар жалғаулардың дұрыс жалғануына алғашқы боп мән берген. «Мәселен, «малдар» деп айтып көріңіз, «маллар» деп айтып көріңіз. ...«Малдар» дегенде тіліміз таңдайға тірелмей, тиіп қана өтеді, ал «маллар»

дегенде тіліміз таңдайға тіреліп, аузымыздың қуысын бітеп тастайды» [2, 309 б]. Яғни ғалым қазақ тілінің жазу үлгісін ғана жасап қоймаған. Ол тілдің әдемі айтылуы, тыныс алу жолдарынан еркін шығып, құлаққа жағымды естілуін де қалаған. Қазақ тіл білімінің өзге түркі тілдес елдерден озық кеткен тұсы да осында.

Әлемдегі көптеген тілдер тіл біліміндегі терминдерді латын, ағылшын, француз тілдеріндегі нұсқасымен пайдалана береді. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімін алдымен қазақтың өзіне түсінікті ету үшін оларды біздің тілге ыңғайластырып аударды. Мәселен, тыныс белгілердің атауына тоқталайық. «тыныстық (.), жапсарлық (.), қосарлық (=), тастарлық (–), дәлдеулік (« »), сұраулық (?), лептеулік (!)» [1, 337 б].

Қазақ тіл білімінің негізгі әрі алғашқы оқулықтарының бірі – «Әдебиет танытқыш». Ғалымның бұл кітабы туралы З. Ахметов өз пікірін былай білдіреді: «Автор поэзия тілінің бейнелілігін, сөз қолдану тәсілдерін мұқият зерттеп, теңеу, ауыстыру (метафора), алмастыру (метонимия), шендестіру, арнау, қайталақтау, дамыту, бүкпелеу секілді ұғымдарды әдеби термин ретінде қолданады. Сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігуін, «оралым», «қайшы оралым» деген сияқты түрлерін ажыратып көрсетеді. Қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындай, бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптастырады» [3, 168 б]. Қарап отырсаңыз біздегі қазір қолданып жүрген өлең құрылысы, әдебиет теориясының барлығында осы терминдер қолданылады. Және біз қазір әр шығармаға тиесілі деп айтып жүретін «кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды» деген терминдердің А. Байтұрсынұлы ұсынған нұсқалары тіптен айшық көрінеді. «Байымдаманың зор мүшесі төртеу: бастамасы, ұсынбасы, баяндамасы, қорытпасы» [4, 165 б]. Ғалымның «Тіл құралы да» аса үлкен зерттеулер арқасында жазылып шыққан. Бұл туралы профессор Ө. Айтбаев өз зерттеуінде былай дейді: «А. Байтұрсынұлы жасаған терминдер жүйесі, бір қарағанда, оп-оңай болып көрінгенмен, ол – өте күрделі де терең ізденістер нәтижесінде пайда болған ғылыми туынды» [5, 32 б].

А. Байтұрсынұлы біздің заманымызда өмір сүргенде қазіргі білім саласындағы реформалардың көбін сынар ма еді деген ой келеді. Оның «Қазақша оқу жайынан» аталатын мақаласын алып қарайық. Алдымен біздегі көптеген оқулықтардың өзге тілдерден тікелей аударылғанын ескеріп: «Әуелі бала оқытатын кітаптарымызды түзеп, сайлап алып, сонан соң неден бастап, неге шейін оқытатынымызға жосық белгілеуге дұрыс (дұрыс белгілеу керек)» осылай дер ме еді [2, 52 б]. Біздегі үш тілдік оқыту жүйесіне қатысты ғалымның «Бастауыш мектеп» мақаласындағы ойды жүйелеп жеткізуге тырысайық. Оның пікірінше әуелі бала ана тілінде оқуы қажет. Оның ана тілінде оқығаны өзге тілді оқып үйренуге бастама ғана болуы керек. Оқушы бастауыш мектепті бітірген соң өзге тілді оқуды қажет деп тапса оқуы керек. Осы кезде тағы бір айта кетерлік жай. Ғалым қазақ әліппесін латын қарпімен жасады. Неліктен кирилл әріптерімен емес. Оның сөзімен айтқанда: «қазақты орысқа аударамыз (айналдырамыз) деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол үшін әуелі, балалар ана тілімен оқымай, орыс тілімен оқысын, ана тілімен оқыса да, орыс әрпімен оқысын дейді» [2, 55 б]. Демек ол қазақты орыстанып кетуден сақтағысы келген. «Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқумен түзеледі. ...Жаңалыққа жастар мойнын бұрып қайырылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі бәрінен бұрын ескеріліп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс» [2, 53 б]. Бүгінгі күні әр мекеменің тұрарлық сөзі осы болар.

А. Байтұрсынұлы жай ғана ағартушы, ақын, ғалым ғана емес. Ол – өз заманының ұлы ойшылы. Ол – қазақ мәдениетін көтеруге бар күш-жігерін жұмсаған тұлға. «Қазақ мәдениеті орыстан кем болған соң жем болатыны сөзсіз. Қазақ жем болудан түбінде мәдениет қуатымен құтылады. ...Мәдениет күшейеді өнер-білім күшімен, өнер-білім күшейеді оқумен. Оқу ісі сабақтас әдебиетпен. Оқу әдебиетті күшейтеді, әдебиет оқуды күшейтеді. ...Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет күшеюінің тетігі оқу мен әдебиетте» [6, Б. 80-81]. Осылайша ол қазақ әдебиетін көтеру арқылы білімін көтеруді, білімін көтеру арқылы танымын жоғарлатуды, ол арқылы азаттыққа жетуді көрсетеді. Және осы жолда қазақ қаламгерлерінің аянбай жұмыс жасауын талап етеді.

А. Байтұрсынұлының әдеби шығармаларының ішіндегі өзгелерден озық тұратыны «Маса» мен «Қырық мысал». «Маса» деген атты қоюының өзі ызындап елін оятудың мақсаты екенін бізге белгілі. М. Әуезов «Қазақ» газеті туралы сөз сөйлегенде: «Ол екпін, ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға заман ерік бермеген соң, маса болып қалай ызындап оятамын деп, ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған Ақаңның екпіні болатын» дейді [3, 157 б]. Бұдан артық түсіндірудің қажеттілігі де болмас. Ал «Қырық мысал» Абайдан, Ыбырайдан бастау алған аудармашылардың жолын жалғады. Қазақ ақындарының ішінде Крыловты аударғандар көп болды. Алайда А. Байтұрсынұлының аудармалары ерекшеленіп тұрады. Көптеген әдебиетшілер оның Крылов аудармаларын қазақиланған және түйінделген деп жазады. Біз бұған аударманың тағы бір қырын көрсетелік. Олардың барлығы қазақтың ішіндегі сол кездегі кері кеткендерді сынауға бағытталған. Мәселен, «Маймыл мен көзілдірік» аудармасында көзілдірікті көзге тағу керектігін ұғынбаған маймыл оны құйрығына байлап, тіпті иіскеп, жалап та көреді. Сосын «мұның қай жері жақсы көруге көмектеседі» деп түсінбей дал болады. Аяғында көзілдірікті шағып тынады. Крылов мұны осы күйінде қалдырады. Ал А. Байтұрсынұлы оның мәнін ашып, оқырманға түсініктеме бере кетеді:

«Алғанға бұл кеңесте ғибрат бар,

Маймылша іс ететін көп надандар.  
Пайдалы затты орнына жұмсай алмай,  
Сөгетін пайдасыз деп жоқ па адамдар?» [7, 62 б].

Ғұлама ойшыл ғылымның әр саласына қазақ тілінде анықтама беріп, олардың атасы пайымдама, яғни біз қазір оқып жүрген философия деп бекітеді. Бұл сөздерге дәлел ретінде ғалымның өз сөзін келтірелік: «Нәрселер арасында қандай сабақтастық, іліктестік, құрмаластықтың бар екенін ашу жағын, олардың бар болуы қандай себептер мен қандай заң бойынша екендігін айыру жағын пайымдап, ғалым адамдардың шығарған сөздері пән шығарма деп аталады. Пән шығарманың асылы пайымдама болады. Сондықтан пән шығарманың жалпы аты да пайымдама болады» [8, Б. 401-402].

Қорыта келгенде айтарымыз оның тұла бойы, ой-санасы қазақылық, әрбір сөзі, шығармасы елдің мұң-мұқтажын көрсетіп, азаттығын көксейді. Ол – қазақ тіл білімінің атасы. Оның мұрасы бүгінгі күнге дейін қандай құнды болып келсе, бұдан кейін де құнды болып қала бермек. Кешегі Кеңес Одағы кезеңінде оның шығармаларын тануға мүмкіндігіміз болмады. Соның кесірін көріп те, сезініп те жүрміз. Ол туралы З. Қабдолов: «Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал басы жоқ дене бола ма? Қайтейік болады деп келдік...» дейді [3, 167 б]. Ендігі мақсат уақыттың есесін қайтарып, оның шығармаларының тереңіне үңіле түсу.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. «Тіл тағылымы» – Алматы: Ана тілі, 1992
2. Сақ Қ. «Алаш көсемсөзі: Тіл мәселесі» – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014
3. Ісімақова А. «Алаш әдебиеттануы» – Алматы: Мектеп, 2009
4. Байтұрсынұлы А. «Әдебиет танытқыш» – Алматы: Атамұра, 2003
5. Айтбаев Ө. «Қазақ сөзі» – Алматы, 1991
6. Күземабаева В.Қ. «Ұлттың ұлы ұстазы» – Алматы: Комплекс, 2001
7. Байтұрсынұлы А. «Бес томдық шығармалар жинағы» – Алматы: Алаш, 2003
8. Байтұрсынұлы А. «Ақ жол» – Алматы: Жалын, 1991

## ДУХОВНЫЙ УЧИТЕЛЬ НАЦИИ

Есмагамбетов Асемхан Калмуқанович  
Преподаватель истории Аулиекольского сельскохозяйственного колледжа  
Костанайская область, с.Аулиеколь

**Ахмет Шошақұлы Байтұрсынов (Ахмет Байтұрсынов)** – великий казахский просветитель, крупный ученый-лингвист, тюрколог, поэт, переводчик, исследователь литературы, автор целого ряда учебников и учебных пособий. Родился он в январе 1873 года в Тосынской волости Торгайской губернии в простой семье. Отец Ахмета Байтұрсын Шошақұлы был гордым, принципиальным, смелым и дерзким человеком. Однажды он поссорился с уездным начальником Яковлевым, отстегал кнутом, а его семью и всех его родственников выгнал за пределы уезда. Уездное начальство послало карательный отряд и заключило под стражу Байтұрсына и его младшего брата Актаса. Суд приговорил братьев Шошақұлы к 15 годам каторги в Сибири. В тот год Ахмету было всего десять лет. Эти события по-своему отразились в сознании мальчика, стали основой дальнейших поступков: главной целью жизни Ахмета отныне становится борьба за свободу казахского народа. Дети сосланных Байтұрсына и Актаса, в том числе и Ахмет, остались на попечении у Ергазы, младшего сына Актаса, который помог им поступить и учиться в Торгайской двуклассной русско-казахской школе. Позднее Ахмет поступает в Оренбургскую школу учителей, которую заканчивает в 1895 году. Педагогическая деятельность А.Байтұрсынова начинается с 1895 года. С 1906 по 1907 годы Ахмет Байтұрсынов работает преподавателем в школах и училищах Актюбинского, Костанайского и Каркарлинского уездов. Учителствуя в Каркаралы, Ахмет Байтұрсынов сталкивается с многочисленным проявлением несправедливости властей по отношению к казахскому народу, выступает против них и попадает под надзор полиции, которая арестовывает его в июле 1909 года. Так что в период с 1895 по 1909 год Ахмет Байтұрсынов занимается не только преподавательской деятельностью, но и активной революционной деятельностью. Он был из тех просветителей, которые осознавали, что просвещение, образование принесут пользу народу только тогда, когда изменятся общественные условия. Он нередко выступает с разоблачениями произвола местных чиновников, против политики царского режима. В 1905 году несколько представителей казахской интеллигенции во главе с Ахметом Байтұрсыновым написали царскому правительству петицию с предложением о культурном и справедливом землепользовании, о создании земств для коренного населения, о соблюдении прав казахского населения Степи. Предложения, конечно же, были отвергнуты, а все, подписавшие письмо, взяты на заметку царской охранкой, за ними было установлено негласное наблюдение.... В 1907 году



насткпает реакция, Байтурсынов и его товарищи уходят в подполье, но среди товарищей-революционеров оказывается провокатор, который и выдает товарищей. С 1907 года по 1909 год Байтурсынов сидел в Каркаралинской тюрьме, затем его на короткое время выпускают. Первого июля 1909 года его снова арестовывают. До 21 февраля 1910 года сидит в Семипалатинской тюрьме, затем ему объявляют о высылке из пределов казахских степей. Поэтому с 1910 до 1917 года Байтурсынов живет в Оренбурге, без права посещения Казахстана. [1, с.3].

Умный, красивый, с пронзительным взглядом и твердым характером, волевой человек. Примерно таким представляется образ патриота казахской земли – Ахмета Байтурсынова, жертвы несправедливости и сталинских репрессий. Более полувека его имя не занимало достойного места в истории Казахстана. Непростая жизнь сложилась у общественного деятеля, лидера казахской интеллигенции А.Байтурсынова. Судьба его пронизана лишениями и трудностями. 13-летним подростком он был разлучен с отцом, которого отправили на 15 лет на каторгу в Итжеккен за избиение уездного начальника. А дальше – аресты, тюрьмы... Но сколько великих дел для своего народа успел совершить А.Байтурсынов – поэт, учёный, тюрколог, переводчик, педагог, публицист, просветитель. А.Байтурсынов – один из основателей казахского алфавита, наиболее точно передающего все звуки казахского языка. Феномен алфавита А.Байтурсынова признан на мировом уровне. Его уникальность в том, что количество букв в нем меньше, чем количество звуков. Для этого Ахмет Байтурсынов убрал из употребления 12 арабских букв, не нужных и вносивших путаницу. В 1924 году реформа казахской письменности была принята официально. А годом раньше Мухтар Ауэзов назвал его «вождём казахской интеллигенции» за неопределимые заслуги Байтурсынова перед казахским народом. Кроме того, Ахмет Байтурсынов – автор первого казахского букваря, изданного в Оренбурге в 1912 году. Новый алфавит и азбука имели значение первостепенной важности для культурного развития казахского народа. Вся современная лингвистическая терминология создана А.Байтурсыновым. Результат научно-педагогических трудов Ахмета Байтурсынова – казахская азбука, фонетика, синтаксис и этимология казахского языка, теория словесности и история культуры. Кропотливый труд А. Байтурсынова поднял казахскую словесность и грамотность народа, прочный фундамент национальной школы и казахской литературы. Не имея почти никаких материальных средств в 1913 году Байтурсынов открывает в Оренбурге газету «Казах», которая быстро стала популярной. А выходящие в то время газета «Казахстан» и журнал «Айкап» потеряли своих читателей и прекратили своё существование. Газета просуществовала 5 лет – до 1917 года, став главным национально-общественно-политическим и научно литературным изданием. В годы сталинских чисток жестокая расправа была учинена именно над сотрудниками газеты «Казах». Именно на страницах этой газеты был опубликован проект программы партии «Алаш».

Таких людей, как Ахмет Байтурсынов, называют совестью народа. Блестяще и разносторонне образованный «инородец», он предпочел уютной, сытой жизни чиновника в колониальной администрации или волостного управителя беспокойную долю защитника бесправных соотечественников. Газета «Казах», бессменным редактором которой Байтурсынов был с 1913 года по 1918 год, – первое общенациональное издание, выражавшее чаяния народа. Тираж газеты превышал 8000 экземпляров – огромный по тем временам показатель для страны, где большинство населения не владело грамотой. Впрочем, учитывая «корреспондентский штат» редакции, это и неудивительно [2, с.79].

Интеллектуальный «костяк» национального правительства Алаш Орда, история которого напрямую связана с развитием государственной и политической мысли, культуры, науки и образования всего казахского народа начала XX века. В июне 1918 года вышло постановление автономного правительства, где говорилось: «Все декреты, изданные Советской властью на территории автономной Алаш, признать недействительными». После победы большевиков алашевцам пришлось сотрудничать с новой властью, альтернативы не было. Часть верхушки «Алаша» принял Ленин. ВЦИК выпустил постановление, дескать, «киргизы, принимавшие участие в гражданской войне против советской власти, а также члены и сотрудники бывшего национального киргизского правительства Алаш-Орды за прежнюю свою контрреволюционную деятельность никакому преследованию и наказанию не подлежат» [3, с.186].

И в 1913 году они создали свою газету «Казах» (главный редактор Ахмет Байтурсынов), которая стала печатным органом будущей партии «Алаш Орда». Когда в казахскую степь пришла «лихая година» 1916 года, деятели «Алаша» решили оградить народ от новых катаклизмов и сохранить его. Именно поэтому они призвали казахов выполнить Указ царя «О привлечении мужского инородческого населения империи для работ по устройству оборонительных сооружений». Во-первых, они считали, что нависшая над Россией внешняя опасность касается и казахов. Во-вторых, они стремились не допустить вооруженного выступления практически безоружных казахов против регулярной русской армии. И в-третьих, в случае победоносного для России исхода войны, они надеялись на облегчение участи казахов и создание национальной автономии [4, стр47-53].

Двадцатые годы XX века были особенно тяжелыми для Казахстана. Началось активное преследование интеллигенции. Второго июня 1929 года Ахмета Байтурсынова арестовывают, через несколько недель его высылают в Архангельскую область, а его семью – жену Александру и дочь

Шолпан – отправляют в ссылку в Томск. Все произведения, стихи и переводы, статьи и научные исследования оказываются под запретом, их перестают печатать.

Из ссылки А.Байтурсынов возвращается в 1934 году. Этому способствовало письмо А.М.Горького и его жены П.Пешковой, действовавшие при посредничестве Международного Красного Креста, который помог освободить многих невинных заключенных. В Алма-Ате А.Байтурсынова отказываются восстанавливать на работе.

Восьмого октября 1937 года его вновь арестовывают и через некоторое время расстреливают. Выдающийся деятель национально-освободительного движения был реабилитирован только в ноябре 1989 года.

Бесспорным надо считать родное имя супруги Байтурсынова – Александра Ивановна – и место их знакомства – Аулиеколь. Ахмет работал здесь некоторое время учителем, жил на квартире у объездчика (по другой версии, лесничего, лесника) Аманкарагайского лесничества, у которого была дочь-красавица Александра... В большинстве источников (на русском языке) можно прочесть, что они оба, Ахмет и Александра, были молоды в тот момент. Но в декабре 2003 года газета "Экспресс К" опубликовала воспоминания внучки Ахмета Байтурсынова Айман Байсаловой: "Моя мама, Шолпан Ахметовна Байтурсынова, была удочерена Ахметом Байтурсыновым, когда ему было уже под пятьдесят. Тогда ей, дочери родного брата Ахмета, многодетного Машена, было лет 5. Ахмет Байтурсынов тогда все еще был холостяком. Вскоре он женился. Взял в жены русскую женщину Сашу, которая приняла ислам. Ее мусульманское имя – Бадрисафа Мухамед-Садыковна... После первого ареста Ахмета Байтурсынова Бадрисафу выслали в Кустанайскую область (следы ее затем затерялись), а маму определили в детский дом, где она пережила и голод, и холод..." Воспоминания внучки, особенно в части цифр, не вполне вписываются в другие исследования. Например, в документ, копия которого получена собкором газеты "Егемен Казахстан" Назирой Жаримбетовой. Это телеграмма из Семипалатинска в Омск, на имя Степного генерал-губернатора. Она отправлена Бадрисафой Байтурсыновой 5 августа 1909 года, когда Ахмету было всего 36. Динамичный и грамотный текст: "Первого июля арестован мой муж, бывший заведующий русско-киргизской школой Байтурсунов, препровожден в Семипалатинск, где содержится в тюрьме... Ваше высокопревосходительство, если муж мой преступник закона, пусть суд его покарает, и я покорнейше прошу сделать распоряжение ускорить производство следствия; если же тому нет оснований, и мой муж лишен свободы лишь по доносу, не откажите приказать освободить мужа из-под стражи..." Может ли телеграмма служить косвенным подтверждением полученной Назирой Жаримбетовой устной информации, что Бадрисафа училась на знаменитых Бестужевских курсах, известных своим вольнодумием и постоянным наблюдением властей? По экспрессии текст (приведенный в сокращении и в современной транскрипции) вполне в духе Бестужевских курсов. Из отечественного архивного фонда поисковая группа получила копию анкеты, составленной лично Ахметом Байтурсыновым в 1924 году. О составе семьи он пишет: жена Бадрисафа – 46 лет, дети: Казихан – 14 лет, Аумат – 7 лет, Шолпан – 5 лет. Но в справке МВД СССР от 9 июля 1936 года написано, что Шолпан Ахметовна Байсалова родилась 25 мая 1914 г., значит, в 24-м ей было 10. По воспоминаниям дочери Шолпан, приемные сыновья Байтурсыновых трагически погибли, а мать долгие годы провела в местах заключения. Сведения в чем-то расходятся, но только не в трагическом исходе для этой семьи, создававшейся в любви, с надеждой на долгое счастье, но принявшей жестокие страдания. Сегодня, когда уже составлены официальные биографии лидеров "Алаш" и "Алаш-Орды", а также их единомышленников, интересно и логично знать об их личной жизни. Случайно ли женой Алихана Букейханова была Елена Севостьянова, а на их дочери Елизавете женился Смагул Садвокасов, у Мустафы Чокая была жена Мария Горина, у Ахмета – Александра? Что влекло казахских интеллигентов к славянкам? Случайные, но судьбоносные встречи ли, особая ли красота русских женщин или их образованность? Есть и другое мнение: русская жена должна была служить защитой от русских властей. Словом, эти вопросы уже не должны казаться праздными. Ответы на них позволяют дополнить портреты деятелей, творцов казахской национальной истории, политики и культуры.

Духовный Учитель нации-именно так отозвался о выдающемся просветителе, общественном деятеле, ученом Ахмете Байтурсынове Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев. Произошло это 15 сентября 2000 года, когда в Костанае был торжественно открыт памятник выдающемуся общественному и политическому деятелю с участием Главы государства. Символично, что памятник установили на площади перед университетом, который с апреля 1996 года стал носить имя Ахмета Байтурсынова. [5].

Многогранный талант А. Байтурсынова позволял ему пробовать силу пера в поэзии, публицистике, науке и других отраслях культуры. Он является не только ученым, составителем многих учебников, переводчиком, этнографом, но и автором многих стихов, доступных для детей младшего возраста. Его стихи дети быстро запомнили и по ним учились грамоте. Ахмет – был великим Устазом – Учителем с большой буквы детей и взрослых. Он был и остался в памяти народа светлым лучом казахской науки и культуры.

#### **Список литературы:**

1. Жизнь знаменитых людей

2. «Казахи», девяти томный популярный справочник, том II, «Исторические личности».
3. Матаева М. Реализация конституционных идей в Туркистанской автономии и Алаш-Орде. – Алматы, – N 4. – С. 47-53.
4. Л.Фефелова: Любовь и смерть Ак келін. Ахмет и Александра Байтұрсыновы . Газета Костанайские новости от 3 июня 2010.
5. ASSEMBLY.KZ <https://assembly.kz/ru/news/dukhovnyy-uchitel-natsii/>

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТ ҰСТАЗЫ

Жакупова Гулим Маликовна  
Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

*Әлемдегі үздік білім — өмір үшін күресте беріледі.*

*Уэнделл Филлипс*

Ахмет Байтұрсынұлы — қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық, синтаксистік, орфографиялық құрылымын зерттеп, танытқан ірі лингвист-ғалым. Осының негізінде ғалым тіл мен әдебиетті, әлеуметтік мәселелерді, заң мен шаруа жайын (мал шаруашылығы, егін егу), мәдениет пен тарихты қазақ болмысына тірек ете отырып ұлт санасын, тілін, ділін, ғылымын, өнерін әлемдік өркениетке сай түбірінен жаңартуға атсалысты.

Тәуелсіздікке қол жеткізген уақыттан бері А.Байтұрсынұлының әдеби, ғылыми және шығармашылық мұрасы әдебиеттанушылардан басқа тарихшы, тілші-лингвист, журналист, заңгер, педагог (педагогика саласы бойынша), ғалымдар тарапынан да жан-жақты зерттелініп жатыр. Ғалым ресми түрде ақталғаннан кейін Ө.Айтбаев «Қазақ терминологиясының атасы» атты ғылыми мақаласында: «А.Байтұрсынұлов «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінің беттерінде араб емлесіне лайықтап икемделген жаңа нұсқа туралы жұртшылыққа түсіндіріп мақалалар жазады. Ол жасаған жаңа жазу үлгісі ел көңіліне бірден жетеді де, қабылданады...қазақ ұғымына әлі жат, бірақ тіліміздің кейбір ішкі жүйесін түсіндіруге қажет кейбір сөздерді жаңаша қолдана бастайды. Олар: дыбыс, әріп, емле, ноқат (нүкте), буын, әліппе, сөз басы, сөз аяғы, дауысты дыбыстар, дәйекші сөздер. Бұлар қазақ тілінде бұрыннан бар болғанмен белгілі бір ғылыми ұғым есебінде нақты атауға иелік жасап отыруы тұңғыш рет» деп баға берді [7].

Ахмет Байтұрсынұлов орыс миссионерлерінің қазақ халқын орыстандыру үшін жасап отырған айла-әрекеттерін жақсы түсінген. Ол кісі Ресей сияқты үлкен мемлекеттің жоспарлап отырған ірі саясатының құрбанына айналып кетпеу үшін күресті. Қазақ өзінің халықтығын, ұлттығын жоймас қамын жасау керек. Ол үшін ана тілінде әліппе жасап, сабақты ана тілінде жүргізіп, мектептерді заман талабына сай жабдықтап, педагогикалық білімі бар білімдер ұстаздар дайындау қазақ оқығандарының алдында тұрған маңызды міндет болды.

«Үкіметке жағымдысы — қол астындағы жұрттың жазу-сызу, діні бір болу. Россия қол астында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, хукіметке одан артық іс болмас», — деп патшалық Россияның ұсақ ұлттарға ұстанған саясатын ашық, батыл көрсетеді [1; 267].

Ахмет Байтұрсынұловтың тіл, оқыту мәселелеріне білім беруге байланысты айтқан пікірлері қазіргі уақытқа да қызмет ететінін көреміз. Мысалы, «-ов» туралы» деген мақаласын оқи отырып, осыдан 80 жылдай бұрын жазылған емес, күні кеше ғана баспасөз бетінен көргендей боласың. «Газет-журналдарымызда көбінесе «ұғлы, баласы, қызы» дегеннің орнына «-ов, -ова» жазылады. Бұл қазақ тілінде болмаған себепті құлаққа тіпті ерсі естіледі «-ов, -ев, -ин, -овалар» жалғыз-ақ орыс халқында бар деп айтуға болады, басқа Еуропа халықтарында жоқ, бізден өзге патшалы мұсылмандарда да жоқ. Бұларды орыстан көріп еліктеуіміз орынсыз, басқа жұрттың сөздерінің құйрығын әкеліп өз сөзімізге тағудың қанша қажеті бар? «-овтарды» орысша жазғанда қолдансақ та, қазақша «ұғлы, баласы, қызы» деп жазуымыз келіспей ме? Мұнан былай жұртқа өнеге беретін газета-журналдарымыз мұны ескерсе, қандай жақсы болар еді, қиындығы да болмас еді» [1; 315].

Ахаң қазаққа оқу-білімнің тым қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс-жағдайымен байланыстыра дәлелдейді: «Қазақ биыл 5 теңгеге сатқан нәрсесін келер жылы өзі 10 теңгеге қайта сатып алады. 10–11 сомға алып отырған былғары — былтырғы 4–5 сомға өзі сатқан терісі. Кезі 5–6 сомдық шұғалар, торқалар — қазақтың бір пұтына 3–4 сом алып сатқан малының жүні...

Басқа жұрттарда өздерінің істеген нәрселерінің өз ішінде сатылып, жұмсалған ақша өз елдерінде қалып, шетке кетпейтін болса, оны жұртқа шығын деп есептемейді, тек бірінен-бірі ауысқанға санайды. Қазақ малының басқаларға кетпейтін орны жоқ» деген сөздері бүгінгі күні еліміздің шешімін табуға тырысып отырған мәселелерімен үндес. Қазақстан байлығының сыртқы тасылуы қазіргі кезде

халқымыздың зиялыларын ойландырып отыр. Бұл жайлы Ахмет Байтұрсынов ғасырымыздың басында-ақ ескерткен екен [1; 254].

Сол кезде Ақаң қазақ халқының «олжалы жерде үлестен қағылып отырған» себебін не деген еді?

«Қазақтың шаруасына, бір жатқан, надандығынан кемшілік келгенде, екінші жақтан — білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдіктен, теңдіктен қалдырып, тиісті сыбағасына қиянат етіп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді», — деп қазақтың намысын қамшылай түседі де осы тығырықтан шығар жолды көрсетеді: «Бұл заманда қолы жетпегенді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер, білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік» [1; 254].

Қазақтың сол кездегі көңіл-күйіне оқуға, жастарын оқытуға деген ұмтылыс байқалды. Білімнің бірінші сатысы, негізі — бастауыш мектептер. Сондықтан да бастауыш мектептер ісін жөнге қою күн тәртібінде тұрған бірінші мәселе. Бірақ бастауыш мектептерде оқытуды үкімет орыстандыру саясатының құралына айналдырмақшы мақсатты көздеді. Мектеп ісін ұйымдастыру осы мақсатқа қызмет етті. Сондықтан да қазақша оқытатын қазақ мектептері «халық оқуды керек қылғандықтан, жаман да болса, жоғынан бар артық» дегенмен істеліп отырған іс деп, Ақаң айтқандай, күйде болды. Ал қазақтарды орысша оқытатын орыс мектептері үкімет тарапынан қамқорлық көріп отырды. «Бірақ сонысына қарай пайдасы аз. Бұлардың пайдасын кемітіп отырған бір-ақ нәрсе — қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школдар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб харпін тастатып, орыс харпін алдырамыз дейді. Сол үшін, әуелі, балалар ана тілімен оқымай, орыс тілімен оқысын, ана тілімен оқыса да, орыс харпімен оқысын дейді. Соның ішінде біреулер ана тілінде оқыған аты болу үшін қазақ тілінде орыс харпімен басталған кітаптардан бастап оқып, әрірек барған соң, кілең орысшаға түспек керек. Бұлар еппен қайырмалаушылардың жолы», — дейді [1; 267].

А.Байтұрсынов есімі «Алаш» партиясымен тығыз байланысты. Мықты ғалым, ақын, көсемсөздің шебері А.Байтұрсынов еңбектерінің жарты ғасырдан астам қараңғы қапаста жатып, жарық көрмеуі тіпті атын атауға қорқатындай жағдайға ұшырауы Алашорда өкіметімен байланысты болды. Алаш партиясы отарлық езгіге қарсы күрес жағдайында дүниеге келіп, жалпы ұлттық мүддеге қызмет етті. Ол кезде уақытша өкімет ұлттық мәселелерді шеше алмаған тұрақсыз, әлсіз саяси билік болды. Қазақ халқының сауатсыздығы, жер мәселесінің шешілмеуі атты қазақ әскерлерінің, қоныстанушылардың панасыз жергілікті халық үстінен жүргізген озбырлығы шегіне жетті. Елдегі осындай шиеленіскен жағдайлардан «Алаш» партиясы дүниеге келді. «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 21 қарашада шыққан санында «Алаш» партиясының іс жоспары жарияланған болатын, бұл жоспарды негізінен жасаған әрі қол қойған алты кісінің бірі — Ахмет Байтұрсынов болды. Онда ең әуелі Ресей өзінше демократиялық-федерациялық республика болуға тиіс деп жазылды, сол федерацияның бірі — өз билігі өзінде болатын Қазақ автономиясы болып белгіленген. Осы кездегі егеменді ел боламыз деп декларация қабылдап жатқанымыз — дәл осы өз билігі өзінде болатын қазақ автономиясы еді. Іс жоспардың мұнан кейінгі баптарында халыққа білім беру, мемлекеттен дінді бөлу, сот істерінің тәртібі, жер заңы, жұмысшы заңы, шаруа заңы, салық салу, келімсектерге тыйым салу және олардың қоныстануын жүйеге келтіру. Қазіргі кезде шеше алмай дал болып жүрген нәрселердің шешуін Алашорда өкіметінің көсемі Ахмет Байтұрсыновтың осыдан 75 жыл бұрын шешіп қойғанына таң қалмасқа болмайды. Барлығы да қазіргі заманғы мемлекеттік тілге қойылған талаптарымен үндес.

Осы кезге дейін қазақ қоғамында орын алып келген ана тілін менсінбеушілік, жете бағаламаушылықтың түптамыры әріде жатқанын аңғарамыз. Ахмет Байтұрсынов осы ұлы тамырдың тереңге жайылмауын, жас буынды шырмауының алдын алмақшы болып күресті. Уытты сөздерімен құрбандыққа айналып бара жатқан халқының санасына әсер етпекші болды. Бұл мақсатынан қашанда бас тартқан емес.

1920-жылдардың ортасына қарай бұрынғы «Алаш» партиясы өкілдеріне қысымшылық жасау күшейді. Елдің алдыңғы қатарлы адамдарына сталиндік зұлматтың бұлты үйіріле бастады. Осы жылдары Ахмет Байтұрсынов тек ғылыммен ғана айналысты.

А.Байтұрсыновтың әлеуметтік істеріне, шығармашылығына, дүниетанымын өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамның бірі — Сәкен Сейфуллин. XX ғасыр басындағы халықтың ауыр күйі мен отаршылдық езгіге наразылықты ашына жыр еткен Ахмет болса, өзінің қызылшылдығына қарамай, кеңестік бұрмалаушылықтар мен ұлт тағдырын аяққа басуға ашық қарсылық айтқан, «жан ашуын» білдірген жалғыз Сәкен болды. Бұл оның күрескерлігінің бір саласы 20-жылдардың басында Орынбордағы қазақ коммунистері қол қойып, орталық партия Комитетінің хатшысы Е.Ярославскийдің атына жазылған «Оңтөрттің хаты» осының алғашқы мысалы. Сәкен ол кезде Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы еді. Сәкен бастаған 14 коммунист Қазақстан автономия алғанымен, онда ұлт жағдайын көтерер ештеңе істелмей жатқанын, қазақ тілінде басылымдардың, кітаптардың жеткіліксіздігін, істің қазақша жүрмейтінін, қазақ мектептерін ашу қажеттігін, әкімшілік жүйеде орысшылдықтың басым екенін айтқан. Е.Ярославский ашуланып, оларға ұрысып мұның негізінде ұлтшылдық жатыр деп қорқытқанмен, іс жүзінде осы шараларға қозғау салды. 1924 жылы қазақ тілінің

орыс тілімен бірге мемлекеттік тіл болып бекітілуі осының салдары болатын. Сәкен қазақша іс жүргізу туралы нұсқалар беріп, бұл тақырыпқа бірнеше мақала жазды. Қазақша газет- журналдар көбейіп, қазақша кітаптар шыға бастады. Қазақ мектептері ашылды. 1923 жылы Байтұрсыновтың 50 жылдығы тұсында Сәкен «Еңбекші қазақ» газетіне «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» деген арнаулы мақала жазып, онда былай дейді: «Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патша арам құлықты атарман- шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары губернатор, соттарға күшін сатып тілмаш болып, кейбір оқығандары арларын сатып ұлықтық істеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай, қызметтерін қылды» [1; 5]. Бұл Ақаңа берілген әділ де сыншыл баға еді.

Ахмет Байтұрсынов көсемсөзін зерттегенде «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласына тоқталмай кету мүмкін емес. Бұл ғалымның әдебиеттану саласындағы алғашқы зерттеу еңбегі еді. Осы мақала «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үш санында басылған. Мақалада автор Абайдың қазақ халқының өмірінде алатын орнына тоқталып, шығармаларының мазмұн тереңдігі мен ақындық шеберлігі, орыс әдебиетімен байланысы туралы ойлар айтып, ақын өлеңдерінің эстетикалық, тәлім- тәрбиелік маңызы ашылған.

«Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына ойдың шеберлігі керек: мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі болған», — деп жоғары бағалайды [2; 219].

Ахмет Байтұрсыновтың өзі Абай өлеңдерін түсініп, сүйіп оқыған. Сондықтан да Абай мұрасының өзгеге ұқсамайтын ерекше қасиеттерін дәл көрсеткен. «Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы, әр нәрсенің бергі жағынан алмай, арғы асылына қарап сөйлейтіндігінде. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі кем болмаса да білімі кем болғаны даусыз», — деген Ақаң сөздерінде әр нәрсенің кілті терең білімде деген ой жатыр [1; 220].

Қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді сөз еткен мақалаларында Ахмет Байтұрсынов өз заманының өзекті деген тақырыптарына қалам тартып, халқына қамқор болу, елге қызмет жасау идеясын насихаттады. Мұның бәрі азаттық туын қазақ көсемсөзінде желбіретіп, «Ұятың, арың оянсын» деген Абай дәстүрін тарихи сабақтастықпен дамытқан. XX ғасыр басындағы көсемсөз өзіндік ерекшелігімен жаңа бір қырынан танылды. Сол шоқтығы асақ тұлғалар қатарында Ахмет Байтұрсынов жұлдызы биік болып қала бермек.

Қазақ баспасөзі бетінде тіл тазалығын сақтау үлкен проблемалық мәселе ретінде жан-жақты талқыға түсуі, орыс классиктерінің шығармалары мен Абай, Ыбырай өлеңдерінің жариялануы сыншылдық ой-пікірдің өріс алуына әсер етіп қана қоймай, білім беру туралы ғылыми мәндегі жаңа теориялық көзқарасты туғызды. Қазақша оқытудың «ескі» және «жаңа» үлгісі туралы салыстырмалы пікірлердің айтылуы, ұлттық әдістемелік-теориялық ой-пікірдің ғылыми сипатта көрінуінің алғашқы белгісі болды.

Бағалаушылық мәндегі ой-пікірлердің айтылуы, ұлт өкілдерінің шығармаларының жариялануы мен жарық көруі, қазақты оқытудың әдістемелік сипаты жағынан сөз бола бастауы дайындық кезеңі үшін маңызы зор болды. Себебі олар ұлттық педагогикалық-тарихи, әдістемелік-теориялық бағыттағы ойлау жүйесінің нақты көрінуін, жаңаша теориялық ұғымдар мен көзқарастың жинақтала бастауын, ғылыми-зерттеушілік, таным филологиялық білімдер бағытында өзіндік ерекшелікпен дами бастағанын дәлелдейді. Сондықтан ұлттық педагогиканың туу дәуіріне қадам басуға дейінгі ғылыми ізденістер мен барлаулардың өсу дәрежесін байқататын мәнді бір бастаулары бола білді деп бағалау керек. Олай болса бұл ізденістердің барлығы да Ахаңның «Қазақ» газетін шығаруына өз жәрдемін тигізбеді дей алмаймыз.

Сонымен қатар баспасөз халықтық эстетикадан бастау алып, XIX ғасырда жаңаша сипат алуға ұмтылған оқыту қажеттігін тудырды, ол педагогиканың дамуы мен оны зерттеу мәселелерін нақты және жан-жақты сөз етуде сәтті қадамдар жасады. Білім беру ісі өркен жайып, әдістемелік түрлері дамыды, жаңа көркемдік ізденістерге ұмтылды. Баспасөзде фольклорлық және классикалық мұраның таңдаулы үлгілері жарияланды, әдеби жинақтарға енді, жеке кітап болып басылып шықты. Осыған сай оқыту саласы да әр дәрежедегі эстетикалық биіктерге қол соза бастады. Кітап шығару ісі қызу қолға алынды. XX ғасырдың алғашқы 20 жылы ішінде 500-ге тарта кітап жарық көрді. Олардың ішінде халық ауыз әдебиетінің үлгілері, киссалар, әдеби жинақтар, әліппелер мен оқу құралдары, сол кезеңдегі ақын-жазушылар шығармалары т.б. бар. Классикалық мұрадан Әбу Әли Ибн Сина, Қожа Ахмет Йассауи, Шортанбай, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Д.Бабатайұлы, М.Мөңкеұлы шығармалары кітап болып жарық көрді.

«Қазақ» газеті оқулықтар, өлең кітаптар, қазақ тілінің тазалығы, басылып шыққан халық ауыз әдебиеті жинақтары туралы рецензия мен сыни мақалаларды көп жариялау арқылы ой-пікірді толықтыра түсті. Бұл тұрғыда айрықша көңіл аударатын бір мәселе — қазақ тіліндегі оқулықтарға деген талап-тілектің күшеюі. А.В.Луначарскийдің «Таза әдеби шығармалардан құралған хрестоматия ғана емес, тіл

біліміне арналған оқулықтардың өзі сыншылдық-ғылымдық ой-пікірмен сабақтасып жатады» деген пікіріне сүйенсек, М.Нұрбаевтың «Қазақша әліппе», «Ғалия» медресесі шәкірттері шығарған «Әліппе яки төте оқу», Қ.Қожықовтың «Әліппе», М.Кәшімовтің «Ақыл кітабы» (1903), «Әдеп», «Үгіт» (1907), М.Малдыбаевтың «Қазақша ең жаңа әліппе» (1910), А.Байтұрсыновтың «Тіл құралы» (1915), «Оқу құралы» (1912, 1914, 1915), М.Дибердиевтің «Қазақ балаларына қираэт кітабы» (1910), А.Аңдамасовтың «Қазақша оқу кітабы» (1912), Т.Жомартбаевтың «Балаларға жеміс» (1912), С.Көбеевтің «Үлгілі бала» (1912) атты оқу құралдарының шығуы мен қазақтарға арналған орыс тілін үйрену үшін букварьлар, оқулықтар, сөздіктердің шығуы құптарлық құбылыс болды. Сыни мақалалар оқулықтардың педагогикалық сипаты мен таза қазақ тілінде болып балаларға түсінікті жазылуын талап еткенде Ы.Алтынсариннің «Хрестоматиясын» әрқашан үлгіге ұсынып отырды.

Біз тарихтан тағылым ала отырып, осы мақала барысында А.Байтұрсынұлының көсемсөзін бүгінгі тәуелсіздік кезең тұрғысынан жан-жақты қарастыруға тырыстық. Ғалым дүниежүзілік және орыс әдебиеттану ғылымындағы жаңалықтардың бәрін жетік біліп, оны өз тәжірибесінде қолданып, насихаттады. Сонымен қатар ол ғылыми-теориялық ой-пікірлерін шашыратпай, белгілі бір арнаға бағыттап, жүйелей отырып, дамытты.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттығы мен егемендігін бүгінгі таңда бүкіл дүниежүзі танып, мойындап отырған тұста ғасырдан ғасырға жеткен мәдени мол мұраларымыз ел игілігіне айналуда. XX ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін ашып, ұлттық білім берудің негізгі ұстанымдары мен тұжырымдарын әлемдік контексте қарастырған әрі ғылыми тұрғыда негіздеген өміршең мақалаларын қалдырды.

Ақаң — қазақ көсемсөзінің атасы. Өзінің көсемсөздерінде қазақ тағдырына байланысты сан алуан көкейкесті мәселелерді қозғап, халқына жеткізуге, көкірек көзін ашуға ұмтылған заманның озық ойлы азаматы еді. Ақаң ел есінде өзінің өнеге болар өмірімен, шығармаларымен қалды. Ол кісі данышпандығы мен ұлылығын өз кезінде-ақ мойындатқан. Ақаң сөздерінің жаңғырығы бүгінгі ұрпақтарын да бейтарап қалдырмады. Ұлттық тәуелсіздік, ұлттық армия, ұлттың өзін-өзі басқару туралы концепцияларды Ақаң және Ақаң мүше болған «Алаш» партиясы іске асыра алмай арманда кетсе, бүгінгі ұрпақтары сол идеяларды жүзеге асыру үшін күресуде. Сондықтан да халқының Ақаңдай адамдары сол халқы барда мәңгі жасайды, тарих көшінде ұмытылып қалмайды.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. — Алматы: Жалын, 1991. — 464 б.
2. Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды // Байтұрсынов А. Ақ жол. — Алматы: Жалын, 1991. — 464 б.
3. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. — Алматы: Мектеп, 1976. — 136-б.
4. Әуезов М. Ақаңның елу жылдық тойы // Байтұрсынов А. Ақ жол. — Алматы: Жалын, 1991. — 17-б.
5. Дулатов М. Шығармалар. — Т. 1. — Алматы: Жазушы, 1991. — 384 б.
6. Дулатов М. Тіл-құрал. — Алматы: Жазушы, 1991. — 267-б.
7. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының атасы // Қазақстан әйелдері. — 1989. — № 4. — 8-б.

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ХАЛЫҚТЫҢ МАҚТАНЫШЫ

п.ғ.м., Жалғасбаева Гүлвира Шерғазықызы  
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық  
жоғары колледжінің оқытушысы  
Берік Алтынай Айбекқызы  
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық  
жоғары колледжінің студенті  
Қызылорда қаласы

Халықты ағарту баладан, мектептен басталады. Ахмет Байтұрсынұлы ең алғаш қазақ тілінде әліппе кітабын жинақтаған еді. Қазақ тіліндегі әліппе осы сөздердің бәріне дәлел. Ахмет Байтұрсынұлы орыстың белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударды.

Ахмет Байтұрсынов-қазақтың тілі мен әдебиетін зерттеген үлкен ғалым. 1929 жылы 1 мамырда өз қолымен орыс тілінде жазған өмірбаянында: «1901 жылдардан бастап, бала оқытқан кездерден бос уақыттарымда, өз бетіммен білімімді толықтырдым, әдебиетпен шұғылдандым. Ал Орынборға келгеннен кейін, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім. Одан кейін қазақ алфавитін және емлесін ретке салып, жеңілдету жолында, қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің әсерінен тазартуға әрекеттендім. Қазақ прозасын жасанды кітаби

сипаттан арылтып, халықтың сөйлеу тәжірибесіне икемдеу үшін, ғылыми терминдерді жасауға кірістім және стильдік өңдеу үлгілерін көрсетумен шұғылдандым», -деп жазады.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен оны таңбалайтын әріптер туралы пікірін ол 1912 жылы бастап, «Айқап» журналында, 1913 жылы «Қазақ» газетінде білдірді. Ахмет жаппай сауаттандыру ісіне үлкен үлес қосады. Оның бұл тәжірибесін өзбектер мен татарлар да өз жазуларында қолданды. Ахмет Байтұрсынов ең әуелі қазақ балаларына ана тілінде сауатын ашатын әліппе жазды. Ол әліппе «Оқу құралы» деген атпен алғаш рет 1912 жылы Орынборда басылды.

1926 жылы ол әліппенің жаңа түрін жасады. Бұл осы күнгідей суреттермен жабдықталған оқулықтың үлгісі еді. Кейін мектеп оқушыларына ғана емес, ересектердің сауатын ашуға арналған «Әліп-би» де жазады 1914-1916 жылдары «Тіл-құрал» деп аталатын үш кітап жазды. 1928 жылдарға дейін өңделіп, 6-7 рет қайта басылды. «Тіл құрал» оқулығы қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеген ғылыми жұмыстың басы болды. [1.2]

Ахмет Байтұрсыновтың тәжірибесін сол кезде түркі халықтары үлгі етті. Олар да өз жазуларына реформа жасай бастады. Ахмет жасаған жаңа жазуды күні бүгінге дейін Қытай Халық Республикасы, Ауғанстан, Иран елдеріндегі қазақтар қолданады. Ғалым латын алфавитіне көшуге қарсы болды. Өйткені араб жазуы қазақтың мәдени талаптарына әбден өтейді деген көзқараста болды. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші тұңғыш филолог-ғалым болды.

Қазақ тіл білімінің атасы, Қазақстан ғылымын алғашқы ұйымдастырушылардың бірі - Ахмет Байтұрсыновтың: «Шығармалардың да сөздері бәрі жақсы бола бермейді. Әр ақын, әр жазушы сөздің басын өзінше құрастырады. Сондықтан әрқайсысында өзіндік айырма белгілер болады. Ол айырма-белгілерін жай айтып түсіндіру қиын, олар әрқайсысының шығармасын оқып, әбден танысып болғанда ғана сезілетін белгілер...» деген еді.

Ахмет қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымының ағартушысы. Ахметтің мұрағаты жаңа уақыт, жаңа заманға, халқына қызмет етуде. Ахметтің ілімдері-әлі зерттелетін үлкен ғылым. Қазіргі жаңа заманға Ахмет Байтұрсыновтың ұлтым деп соққан жүрегі өте керек. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. 1905 жылдары «Қазақ» газетін редакторы болып, оның бетінде қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен, ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интелгенциясы өкілдерін баулуынан танылады. [2.3]

Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы – барлық түркі халықтарын байланыстыратын алтын өткел. Оның әралуан ғылым саласында көп оқып, батыс, орыс әдебиетін жақсы білгендігі барлық еңбектерінде айқын көрініп тұрады. Ахмет Байтұрсынұлы – ең бірінші болып тіл біліміндегі өзекті мәселелерді ғылыми тұжырым жасаған тілтанушы ғалым.

Ахмет Байтұрсынұлы реформалаған қазақ жазуы өз кезінде қазақ халқының өмірінде, оның мәдениеті мен ғылымында үлкен роль атқарды. Жаппай көпшілік қауымды сауаттандырған, жазу мәдениеті мен жазба әдеби тілінің дамуына әсер еткен, мәні мен маңызы зор құбылыс болды. Оның қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп жасаған әліппесі, оның емлесін туған тілімізде дұрыс беруі қазақ фонетика ғылымында тұңғыш рет іс жүзінде жүзеге асқан еңбек болды. Ол қазақтың дыбысына, сөзіне, арнап әріп шығарды, әріптен әліпби түзеді, оқу құралдарын жазды, қазақ халқын бостандыққа, жарқын өмірге бастады, жол көрсетті. Бұрынғы қарапайым қара сөздерді жаңғыртып, халық санасына қалыптастыру басты мақсаттарының бірі. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген. Өлеңдеріндегі сөздердің өзі адам көңіліне талпыныс, алға қарай жол бастап көш артында қалып қоймауға себепші болған. Қазақ тілін болашақ ұрпақтарға дамыта түскен қалпында басқа тілдерден биігірек ұстап, тазалығын сақтауға демеу болады. Қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танудағы қызметі қазіргі мектептерде қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. [3.1]

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап жаңа үлгі ұсынған реформатор. Оның «Оқу құралы» қазақ жазуының тұңғыш әліппелерінің бірі. Ал «Тіл - құралы» қазақ тілінің тұңғыш оқулығы.

Ол ұлтына, қазақ халқына қызмет етті. Бұл туралы Сәкен Сейфуллин кезінде былай деген болатын: «...Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен, Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл». Ол шын мәнінде ұлт ұстазы, халықтың мақтанышы, халқымыздың рухани көсемі бола білді

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 216 б.
2. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы, 1990. – 51 б.
3. Қордабаев Т. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ тіл білімі Орталық Қазақстан, 1992. – 2 шілде.
4. Қордабаев Т. Қазақтың тұңғыш лингвист ғалымы Қазақстан мұғалімі, 1988. – 30 декабрь.
5. Қордабаев Т. Бірі емес, өзі Қазақстан мұғалімі, 1990. – 20 шілде.

## АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ – ВЕЛИКИЙ ПРОСВЕТИТЕЛЬ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ

Жансугурова Альмира Багитовна  
преподаватель русского языка и литературы Аулиекольского СХК  
Аулиекольский район, Костанайская область

История любого народа неразрывно связана с теми личностями, которые в разное время оставили яркий след в его судьбе. Говорят, что каждый человек является продуктом своей эпохи. Однако значительность любой исторической личности измеряется, прежде всего, ее мудростью, умением смотреть далеко вперед и степенью причастности к судьбе собственного народа и Отечества.

1930-е гг – годы массовых репрессий. В 1937-1938 гг. в национализме и шпионаже были обвинены А. Бокейханов, А. Байтурсунов, М. Дулатулы, А. Ермеков, Х. Досмухамедулы и многие другие видные деятели. Был нанесен непоправимый вред республике в демографическом и интеллектуальном потенциале.

Жертвой жестоких репрессий стал и видный общественный деятель Ахмет Байтурсынов. Ахмет Байтурсынов – поэт, ученый, тюрколог, переводчик, педагог, публицист, общественный деятель [10, с.380].

Ахмет Байтурсынов родился 28 января 1873 года в Тосынской волости Тургайского уезда. Его отец был человеком независимым и гордым. Отец Байтурсын, считавшийся потомком народного батыра Умбетая, был храбрым, умным человеком, с чувством собственного достоинства, не мирившимся с произволом и несправедливостью в казахских аулах, часто вступающим в конфликт с местными феодалами и царскими властями. В 1885 году Байтурсын и его брат были осуждены на 15 лет и сосланы в Сибирь за то, что разбили голову начальнику уезда. Расправа властей над отцом, родственниками и поддержавшими их аульчанами оставила горькое впечатление у будущего поэта. В «Письме к матери», написанном в 1909 году из Семипалатинской тюрьмы, А. Байтурсынов об этих событиях пишет так: Сердце моё, сражённое в 13 лет, сохранило неизлечимую рану и глубокий след.

Получил первоначальное образование в родном ауле, затем учился в Тургайском русско-казахском училище, в Оренбургской учительской семинарии. Педагогическую деятельность начал в 1895 году учителем аульной затем волостной школ. В 1909 году, будучи заведующим двухклассным русско-казахским училищем, в г. Каркаралинске примкнул к оппозиции существующему строю, за что был арестован и сослан в г. Оренбург.

К этому периоду относятся его научные поиски в области казахского языкознания и методики преподавания родного языка. В последующие годы он приступает к разработке принципов реформы казахской письменности, разрабатывает научную терминологию для определения категорий казахской грамматики.

С именем А. Байтурсынова связано развитие инновационных педагогических идей в Казахстане в 20-е годы. Роль педагогической прессы, проблемы начальной школы, системы высшего образования, совершенствование содержания, форм и методов обучения, духовно-эстетическое воспитание подрастающего поколения — это не полный перечень проблем, рассматриваемых А. Байтурсыновым. Как и известный русский педагог, просветитель К.Д. Ушинский, сторонник идеи народности в образовании, А. Байтурсынов призывает к созданию свободной школы, школы обучения на родном языке, достойной воспитать настоящего гражданина своего отечества [6, с.15 4].

Ахмет Байтурсынов был одним из первых просветителей Казахстана, которые осознали, что просвещение, образование принесут ощутимую пользу народу лишь в условиях свободы, общественных перемен. Он нередко выступал с разоблачением произвола местных управителей и колониальной политики царского самодержавия.

А. Байтурсынов – автор первого казахского букваря. Новый казахский алфавит, названный в честь ученого байтурсыновским, в свое время служил хорошим образцом для всех тюркоязычных народов при проведении реформы письменности. Автором написаны также «Пособие по родному языку», «Изложение курса казахского языка», «Руководство к изучению грамматики», «Развитие речи», различные хрестоматии. Эти методические труды до сих пор пользуются авторитетом у ученых в области казахского языкознания и методики преподавания казахского языка.

Редактор первой национальной газеты "Казах", основоположник казахского языкознания, нарком просвещения в 20-е годы, автор первых учебников по казахскому языку для национальных школ, создатель казахской терминологии по лингвистике и литературоведению, А. Байтурсынов был арестован по ложному обвинению и 8 декабря 1937 года расстрелян [10, с.380].

В статье "Обучение по-казахски" он считает, что "улучшение жизни народа надо начинать именно с дела обучения детей, ибо власть, управление, народ исправляется только образованием". Как предостережение для потомков звучат его слова: "Каким бы богатством ни обладал народ, не стремящийся к образованию, через некоторое время его богатство перейдет в руки более цивилизованных народов" [3, с.234].



Дифференцируя перечень предметов, необходимых для изучения в начальной школе - чтение, письмо, родной язык, отечественная история, математика, география, рисование и другие, он считал обязательным обучение на родном языке. Его "Букварь для киргизов", изданный в 1912 году, явился основным учебным пособием для начальной школы.

Ахмет Байтурсынов - один из представителей психологической мысли в Казахстане. В его научных статьях рассматриваются такие вопросы, как деятельность, разум, познание, способности и другие психологические категории.

Читая выступления талантливого сына казахского народа на открытии первого вуза страны - Казахского педагогического института им.Абая в 1928 году, мы раскрываем ещё одну грань этой великой личности. По его мнению, "открытие казахского института - показатель стимула назревшей у народа потребности к достижению высшей культуры". Следует отметить его глубокое проникновение в сущность и специфику педагогической профессии. По его мнению, самое важное для школы - профессиональная педагогика, методические приемы, учитель, умеющий обучать детей.

Будучи истинным сыном своего народа, Ахмет Байтурсынов призывал приобщаться к культурным ценностям европейских народов, брать пример с них - вкладывать деньги в образование, науку, издавать книги. "Народ, впитавший в себя основы науки и практических знаний, будет умным, богатым и сильным" - эти слова великого ученого, просветителя приобретают особую актуальность в настоящее время.

А. Байтурсынов всю свою жизнь оставался верен своему девизу, который гласит:

Суть человеческой природы,  
Я человечности служу.  
Меняю милость на невзгоды,  
Так как свободой дорожу.  
Терпение мне не занимать,  
Мой дух свободен и спокоен.  
И пусть родная знает мать,  
Что сын отца его достоин.

Ахмету Байтурсынову удалось сплотить вокруг газеты «Казах» таких видных деятелей и поэтов, как Миржаким Дулатов, Шокарим Кудайбердиев, Магжан Жумабаев, Жусупбек Аймауытов и многих других. Благодаря энергии и усилиям таких видных деятелей газета стала общественным изданием, сыграв значительную роль в пробуждении сознания казахского народа. Восемьдесят тысяч ж газет (не малый по тем временам) позволял довести до народа волнующие проблемы.

В одном из номеров газеты «Казах» (1913 г.) Ахмет Байтурсынов писал: «Само существование казахских наций стало острой проблемой». Эти отчаянные слова вырвались у него не случайно. В начале XX века форсированными темпами шли колонизация азиатского Востока и интенсивное переселение крестьян из европейской части страны. В результате в 1916 году казахи лишились 40 млн гектаров лучших земель и были вытеснены в бесплодную степь и горы.

После революции 1917 г., будучи членом партии «Алаш», А. Байтурсынов избирается членом Военно-революционного комитета Киргизского (Казахского) края, работает наркомом просвещения края (1920–1921), председателем Академического центра (1921–1922), является членом научно-методического совета Наркомпроса. Царский режим лишил его права жить и работать на родной земле, в 1910 году Байтурсынов был сослан в Оренбург. Ненавистен был Байтурсынов и для большевиков. Потому, что не был согласен с их проектами «красногвардейского» преобразования казахской степи, глобальными экспериментами. После октябрьского переворота 1917 года вместе со своими соратниками преследовал исключительно цели защиты национальных интересов казахского народа. В 1919 году вместе с большой группой представителей научной интеллигенции был вынужден перейти на сторону Советской власти.

В 1920 году вступает в РКП (б), в 1921–1928 годах работает в Казахском институте народного образования, где читает лекции по казахскому языку и литературе, истории и культуре. В 1928–1929 годах А. Байтурсынов – профессор Казахского государственного университета. Созданная им и названная его именем графическая система позволила быстрее ликвидировать неграмотность, повысить письменную культуру казахов[7,с.124].

В июне 1929 года во время творческой поездки в Кызыл-Орду А. Байтурсынов был арестован. Ему вменялось в вину, что в 1926 году на съезде тюркологов в Баку он встречался с зарубежными учеными, пытался наладить связь с Мустафой Чокаевым, якобы для того, чтобы тот помог осуществить план отделения Казахстана от России.

В 1931 году – ссылка в Архангельскую область, откуда он вернулся в Алма-Ату лишь через три года. И в 1937 году, когда поднялась новая волна репрессий, его вновь арестовали. 8 декабря 1938 года Ахмет Байтурсынов был расстрелян как «враг народа».

В 1922-1925 гг. Байтурсынов был председателем научно-литературной комиссии при Нарком просе, избирался председателем Нарком проса Казахстана, членом ВЦИК, Каз ЦИК, работал в печатном органе ЦК Компартии Туркестана, газете «Ак жол». В 1925-1929 гг. Байтурсынов преподавал в Казахском институте народного просвещения, Казахском педагогическом университете. Отвечая,

следователем ОГПУ в 1929 году он писал, что предпочитает заниматься научной работой, чем политикой. Но по велению судьбы до конца своей жизни он вынужден был заниматься политической деятельностью. Иначе и не мог быть. Интеллигенция эпохи подъема национального самосознания не может быть вне политики. «Мой идеал – отмечал он на допросе, - Это повышение культурного состояния казахского народа, так как в этом залог его развития и какая власть это сможет обеспечить, той и я буду доволен» [9,с.2].

В 1937 году, когда был арестован и расстрелян А. Байтурсинов, его жену Бадрисафу также арестовали и отправили в ссылку в Свердловскую обл. Здесь она тяжело заболела. По возвращении в Костанай беспомощная Бадрисафа была помещена в больницу для инвалидов. Она стала жертвой сталинских репрессий, жизнь её трагически оборвалась на территории Костанайской области.

В памяти народа до сих пор из уст в уста передаются легенды об этой чистой красивой любви, которую Ахмет и Бадрисафа сумели пронести через свою трудную, полную лишений и страданий жизнь.

Многогранный талант Ахмета Байтурсинова позволял ему пробовать силу пера в поэзии, публицистике, науке и других отраслях культуры. Он является не только ученым, переводчиком, этнографом, составителем многих учебников, но и автором многих стихов для детей младшего возраста. Ахмет-ага был великим Устазом – Учителем с большой буквы для детей и взрослых. Он был и остался в памяти народа светилом казахской науки и культуры.

«Если для народа главное богатство – здоровье, главные богатства для души – знания и искусство. Только при их помощи народы находят свое место в рядах цивилизации. Главная задача – дать знания молодежи, научить ремеслу, дать им профессию. Для воплощения этих задач в казахской степи нужно открывать повсеместно в аулах казахские школы, преподавать на казахском языке. Это наша основная цель и задача» – говорил Ахмет Байтурсинов[11,с.182].

В 1988 г. Ахмет Байтурсинову был реабилитирован. Ученый, просветитель Ахмет Байтурсинов снова с нами. В своих книгах, в фонде его имени, в названии улиц, а главное – в своих идеях, которые созвучны проблемам дня сегодняшнего.

Память об Ахмете Байтурсинове увековечены в г. Костанай. Его имя носит Костанайский Государственный Университет. В Городском парке установлен памятник, одна из центральных улиц города носит его имя. Многогранный талант А. Байтурсинова позволял ему пробовать силу пера в поэзии, публицистике, науке и других отраслях культуры. Он является не только учёным, составителем многих учебников, переводчиком, этнографом, но и автором многих стихов, доступных для детей младшего возраста.

В результате научно-педагогических трудов Ахмета Байтурсинова мы имеем казахскую азбуку, фонетику, синтаксис и этимологию казахского языка, теорию словесности и историю культуры.

#### **Список литературы:**

1. [biblioteka.kz](http://biblioteka.kz)- Казахская электронная библиотека.
2. Н.Назарбаев Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания <http://www.akorda.kz>
3. Ахметжанова А.Т., Сарыбаев М.С. Вопросы модернизации обучения педагогических работников в Казахстане. <https://articlekz.com>
4. Ахмет Байтурсинов. Персоналии. <http://e-history.kz/ru/biography/view/20>
5. Атабек А. Ахмет Байтурсинов: «Читайте сердце наших знаки» / А. Атабек //
6. Бейсенбаева С. Ахмет Байтурсинов // Новое поколение.-1996.-№ 163.
7. Исмагулов Ж. Доброе имя Ахмета / Ж. Исмагулов // Позитив.-1990.- № 23.
8. Кекильбаев А. Учитель, перед именем твоим: Выступление на торжественном заседании, посвященном 125-летию со дня рождения Ахмета Байтурсинова /
9. А. Кекильбаев // Казахстанская правда.-1998.- 15 окт. (№ 193). — С.2 — 3.
10. «Казахи», девяти томный популярный справочник, том II, «Исторические личности». Том 2, с. 381-383
11. Асанбай Аскараров «Сыны Великого Турана». «Казахстанская политологическая энциклопедия» (Алматы-98).

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – АЛАШ АРЫСЫ**

Жасұланұлы Әлішер

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің студенті  
Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

Алаш арыстары. Олардың арасында Ахаң-Ахмет Байтұрсынұлының есімі ерекше аталады. Себебі, бұл тұлға халқымыздың “рухани көсемі”. Ал мұндай анықтаманың аясына барлық ұлы қасиеттің бәрі сыйып кететіні белгілі.

Ахмет Байтұрсынұлы – қайраткер. Ғалым. Ұстаз. Қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы. Біз бүгін бұлардың бәріне емес, тек соңғысына тоқталмақпыз.

Жалпы кез келген ғылымды оқып білу, меңгеру немесе оны өзгелерге үйрету сол салада қолданатын арнаулы ұғым атауларының мүмкін емес. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым ретінде Ахаң осы ғылым саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесін түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да жасаған жан.

Ғылыми ұғымдарға атау беру үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық үдеріс. Онымен қоса, арнаулы ұғымдарға ат қою кезінде ол жүйенің өзіндік ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру қажет. Атаудың ықшам болуы, бір мағыналылығы және ұғым мазмұнын қамтуы тағы бар. Осындай талаптарды мүлтіксіз орындаудың қиындығы терминдерді ана тілінде жасаудан гөрі көп жағдайда оны ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған өзге тілдерден дайын қалпында ала салуға, яғни, қабылдауға мәжбүр етеді.

Бұл тұрғыдан келгенде, ұлт ұстазы қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың жарқын үлгісін көрсете білді. Ахмет Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген “Оқу құралының” (қазақша әліппе) өзінен буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп) сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Ал 1914-1915 және одан кейінгі 1928 жылға дейін бірнеше дүркін басылып тұрған “Тіл – құрал” оқулық-тарында (қазақ тілінің сарфы) әбден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ сияқты көптеген терминдер кездеседі. Бұлардың терминге қойылатын талаптарға жауап беретіндігін дәлелдеп жату артық, өйткені олар кезінде арнайы шеттетілгендігіне қарамастан, уақыт сынынан өтіп, тұрақты қолданылатын дәрежеге жетті.

Мұнда ең басты атап айтатын нәрсе – Ахмет Байтұрсынұлы бір топ терминдерді ғана емес, бүкіл бір ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жиынтығын, дәлірек айтқанда, терминдер жүйесін жасаған. Ғылымның дамуына орай ұғымдар жүйесінің ұлғайып отыруы табиғи құбылыс. Ахаң қалыптастырған терминдер жүйесі де қазақ тіл білімі дамыған сайын жаңа элементтермен толыға түсуде.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің ғана емес әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы екендігі өткен ғасыр басында-ақ мойындалды. 1923 жылы ғалымның мерейтойына арналған баяндамасында Мұхтар Әуезов: “Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахаңды өзінің басшысы деп санайды”, – деп көрсетеді.

Сонымен, екіншіден, қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым осы ғылым саласының ғылыми терминологиясын да жасаған.

Терминделуші ұғымдарды дәл білдіретін ондаған әдебиеттану терминдерін жасай отырып, ғалым олардың ғылыми терминге тән ғылыми анықтамасын берген. Ол дегеніміз – ғылыми ұғымның, өзіне ғана тән белгілерін айқындаумен қатар, олардың ұғымдар жүйесіндегі алатын орнын да көрсету деген сөз. Мысалы: “Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз – өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады”, – дейді “Әдебиет танытқыш” еңбегінде ұлт ұстазы.

Бұл мысалдан байқайтынымыз, ғалым біріншіден, өлеңнің құрылым-құрылысын анықтаған, екіншіден, әрбір ұғымның өзіндік ерекшелігін, басты белгісін, іргелес өзге ұғымдардан айырмасын көрсететін анықтама берген. Яғни, әрбір ұғымның мазмұны мен көлемін бағамдаған; үшіншіден, әр ұғымның ғылыми атауын (айшық, шумақ, тармақ, бунақ, буын) жасаған; төртіншіден, терминдердің жүйелілік ерекшелігін ескере отырып, жалпы қолданыстағы бір үлгімен жасалған (модель) сөздерді термин ретінде пайдаланған; бесіншіден, ғылыми ұғымдардың арасындағы жүйелілік құрылымдық байланысты көрсеткен. Дәлірек айтқанда, айшықтың –шумақтан, шумақтың – тармақтан, тармақтың – бунақтан, ал бунақтың – буыннан құралатындығын сатылай көрсету арқылы ұғымдардың микрожүйесінің өзіндік табиғатын ашқан.

Бұдан ғалымның өзі зерттеп отырған ғылым саласындағы ұғымдар жүйесінің ішкі байланысы мен ерекшелігін терең білумен бірге, оларды таңбалауда тілді өте шебер пайдалана алғандығы анық көрініп тұр. “Әдебиет танытқыштан” мұндай мысалдарды әлі де көптеп келтіре беруге болады.

Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлы тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының ғылыми терминологиясын жасаумен бірге, қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты да көптеген терминдерге де жол салғандардың қатарына әдіс, әдісқой, сауаттау әдісі, жалқылау әдісі, жалпылау әдіс, жалқылау-жалпылау әдіс сияқты терминдерді жатқызуға болады. Бұлармен қоса Ахаң тарих, этнография терминдерін де жасаған. Олай дейтініміз, Мұхтар Әуезов 1923 жылы ғалымның “Мәдениет тарихы” атты кітап жазып бітіргенін айтқан еді.

Сонымен, үшіншіден, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты көптеген терминдер жасаған ғалым.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтаумен қатар, ол тәсілдерді термин жасауда пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткендігін оның қаламынан туындаған жүздеген терминдері дәлелдейді. Мәселен, ғалымның жұрнақ, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, мүше сияқты терминдері семантикалық тәсілмен, жақша, сызықша, көсемше, есімше, дәйекші, буыншы, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, әуреленіс, күліс, әлектеніс, әліптеме, зауықтама, мазмұндама, ермектеме, қорытпа, ұсынба, сұқтаныс, азаптаныс, жалғаулық, есімдік тәрізді көптеген терминдері морфологиялық тәсілмен, ал дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем сынды терминдер тобы синтаксистік тәсілмен жасалған.

Кезінде Ахмет Байтұрсынұлы “ұлтшылдық”, “пуристік” бағыт ұстады деп, ол жасаған терминдердің біразы қолданыстан шеттетілгені белгілі. Соған қарамастан, Ахаң еңбегінің көпшілігі өзінің өміршеңдігін танытып келеді. Ал арнайы шеттетілген терминдердің арасында бүгінде қайтадан қажетімізге жарайтындары да аз емес. Сондай-ақ оның қаламынан туындаған терминдер арасында авторы өзі екендігі ұмытылып кеткендері де бар. Ұлы тұлғаның термин жасауда ұстанған бағыты мен оның қаламынан туған басы ашық терминдері-ақ Ахаңның қазақ терминологиясының негізін қалаушы және ғасыр басындағы бүкіл ғылыми ой-сананың қалыптасуына ықпал ете білген жан екенін дәлелдейді.

Бесіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға.

Ғалымның терминжасам тәсілдерін көрсетіп, оларды пайдалана отырып, тіл білімі, әдебиет ғылымдарының терминологиясын, өзге арнаулы салаларға қатысты терминдер жасауы – ғасыр басындағы өзге ғылым салалары бойынша оқулықтар мен түрлі ғылыми еңбектер жазған авторларға таптырмайтын үлгі болды. Ахаңнан кейін әр түрлі ғылым салалары бойынша еңбектер жазған қазақ зиялыларының жасаған терминдері оған айқын дәлел бола алады. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлының 1914, 1915 жылдары және одан кейін бірнеше дүркін қайта басылған “Тіл – құрал” еңбегінде -уыш/уіш, -ша/ше, -лық/-лік жұрнақтары арқылы жасалған сызықша, есімше, көсемше, бастауыш, баяндауыш, сұраулық терминдерінің үлгісі 1927 жылы Мәскеуде басылған Ж.Күдериннің “Өсімдіктану” оқулығында сабақша, тұқымша, қайықша, қаптауыш, аналық, ал Е.Омарұлының 1928 жылы Қызылордада жарық көрген “Пішіндемесінде” (геометрия) тікше, қиықша, өлшеуіш, өлшемдік түрінде жалғасын тапқанын көруге болады.

Осы деректердің өзі ғалымның тіл білімпазы ретінде қазақ тілінде термин жасаудың үлгісін көрсете отырып, ғасыр басындағы термин жасау ісіне тікелей ықпал еткен зор тұлға екенін анық аңғартады.

Алтыншыдан, Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасырдың басындағы қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы.

Еңбекші қазақ” газетінің 1926 жылғы 12 тамыздағы санында жарияланған “Қазақстан оқу кемесериятінің орынбасары Жолдыбайұлы Молдағалимен әңгіме” деп берілген “Қазақ тілін байытамыз” атты шағын сұхбатта сол кезеңде термин жасаумен кімдер айналысқандығы және өзге тілдерден термин қабылдауда қандай қағидат басшылыққа алынғандығы, осы істі жүзеге асырудағы Ахаңның рөлі атап көрсетіледі. “1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшыландыратын кемесие құрылған. Кемесиенің құрылғаннан бергі жұмысы аз емес. Мың-мыңдаған сөздер қазақ тіліне аударылып, іә қазақ тіліне үйлестіріліп, қазақ тілі байытылды. Кемесиеде қазақ тіліне жетік 5-6 қазақ қызметкерлері жұмыс істейді. Оның үстіне кемесиенің жұмысына түрлі білімнің басын ұстаған мамандар қатыстырылады. Кемесиенің ағасы Қазақ елінің әсіресе тіл заңына жетік оқымысты данышпаны Байтұрсынұлы Ақымет. Кемесиенің негізгі мақсаты – қазақ тілін өнер-білімге бейім мәдениетті тіл қылу”.

Барлығы 5-6 адамнан тұратын комиссия үлкен іске мұрындық болып, көп іс тындыра білді. Оқу комиссариатының орынбасары атап көрсеткеніндей сол жылдарда қазақ тілі, оның терминологиялық қоры байыды, ғылым ұлт тілінде сөйлей бастады. Қазақ тілі термин шығармашылығында пайдаланылып, терминжасам тәжірибесі, дәстүрі қалыптаса бастады. Алаш арысы Ахаң төрағалық еткен осы комиссия қазақ тілінің терминологиялық қорын қалыптастырудың негізін салды, іргетасын қалады. Бұл істің ілгері басуына көрнекті көшбасшы, тіл, терминология жайын терең білетін ірі тілші ғалым, тарихи тұлға А.Байтұрсынұлының жеке үлесінің зор болғанын айрықша атап айтқан абзал.

“Кемесиенің негізгі мақсаты – қазақ тілін өнер-білімге бейім мәдениетті тіл қылу” дегеніне келсек, Ахаң басқарған комиссия мақсатына адал болып қана қойған жоқ, қазақ тілін білім-ғылым тілі ету жолында қыруар іс тындырды. “Байтұрсынұлы кезеңінде” қазақ тілінде жазылған көптеген оқулықтар мен, оқу құралдары, сөздіктер соның дәлелі бола алады. Оның бәрі азғантай ғана қазақ зиялыларының атқарған үлкен ісі, солардың қажырлы еңбегінің, мақсатты жұмыстарының нәтижесі. 1924 жылғы маусым айында Орынборда “Қазақ ғылыми қызметкерлерінің 1-съезі” болып, онда

Е.Омарұлы баяндамасына негізделген терминологияны қалыптастырудың қағидаттары съез қаулысымен ресми бекітілді. Араға екі жылдай уақыт салып, 1926 жылы Бакуде өткен “Түркологтардың Бүкіл-одақтық бірінші құрылтайында” терминология жөнінде жасаған баяндамасында А.Байтұрсынұлы қатынасушыларға осы қағидаттарды таныстыра отырып, өзге түркілерге де ғылыми терминологияны қалыптастыруда қазақ білімпаздары жа-саған осы қағидаттарды басшылыққа алуды ұсынды. Оның ұсыныстары ғалымдар тарапынан қолдау тауып, құрылтай қарарына енді.

Сонымен жетіншіден, Ахаң қазақ оқығандары жасап, ресми бекіткен терминология қағидаттарын бүкіл түркі халықтарына ұсына отырып, түбі бір туыстас тілдердің терминологиялық қорының ортақтық сипатын арттыруды көздеген кең тынысты түрколог ғалым.

“Ахмет Байтұрсынұлы жасаған терминдердің өміршеңдік танытуының сыры неде?” деген сұраққа жауап іздесек, ол ең алдымен ұғымға атау беруге ұлттық таным тұрғысынан келген. Сондықтан оны қазақ қауымы алғашқыда аздап жатсынғанмен, тез қабылдап санасына сіңіре алған. Екіншіден, сол кездегі Ахаңның зиялылар арасындағы зор беделі мен тіл саласындағы бірегей ірі оқымысты ретінде мойындалуы да оның жасаған терминдерінің шығармашыл қауым тарапынан талқысыз қабылданауына себеп болды. Онымен иықтас тұрып, ой жарыстырып, пікір таластырып, өз терминдерін ұсына қоятын тіл мамандары қалыптаса қоймап еді. Оның маңайындағы тіл мәселелеріне жетік деген Е.Омарұлы, Х.Досмұ-хамедұлы, Н.Төреқұлұлы сынды Алаш арыстарының да ғалым пікіріне құрметпен қарағаны байқалады.

Ахаң еңбегінің өміршеңдігін көрнекті тілші ғалым Мәулен Балақаев жақсы айтқан. Мәкеңнің мысалы мына төмендегі пікірінде шындық бар. Ол былай деп жазады: “Тіл — құрал” кезінде “алашордашылардың, ұлтшылдардың” кітабы болғандықтан, оны пайдалануға тыйым салынса, жаңа грамматика авторы да “халық жауы” атанып, кітабы қолданудан қалып қойды. Енді қайту керек? Тірі қалғандарымыз мектептерді оқулықтармен қамтамасыз ету үшін еңбектенгенде, алдымен грамматикалық атауларды қалай атаймыз деген проблема туды. Біз бұрыннан үйреншікті болған Ахмет терминдерін қазақ тілінің, қазақша айтылған бұрынғы сөздері деп танып, солай атай бердік. Себебі, басқаша жазу мүмкін емес, әдеби нормаға айналып, қалыптасып кеткен еді. Ахмет Байтұрсынов шығарған терминдер екенін білсек те, қазақ тілінің сөз байлығы деп танығанбыз”.

“Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын... Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді”, – деп тілдің міндетін терең түсініп, оны термин шығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай білген ұлы тұлғаның қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі ұшан-теңіз.

Орыстың ғылым тілінің даму тарихын зерттеуші ғалымдар бірауыздан энциклопедист-ғалым М.В.Ломоносовты “орыс ғылыми терминологиясының атасы” дейтін болса, Қазақстан ғылымының тарихындағы ондай орынды ұлтымыздың бағына туған перзенті, Алаштың аяулы ұлы, аса көрнекті тілші ғалым Ахмет Байтұрсынұлы иеленіп тұр.

#### **Әдебиеттер тізімі :**

1. «Бес арыс : естеліктер, эсселер және мақалалар» Д. Әшімханов Алматы; Жалын,1992.
2. «Ұлт мүддесін қорғаудағы ұстаным», К. Ибрагимова, Сыр бойы, Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет,2017.
3. « Алаш арысы Ахмет Байтұрсынов: Алаш орда үкіметінің құрылғанына- 100 жыл» , Э. Жүсіп, Қазақстан тарихы: ғылыми әдістемелік журнал, 2017.

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАСЫ**

Жахметова Балжан Кошкимбаева

Қарағанды облысы, Балқаш қаласы Әлихан Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы - техникалық колледжінің оқытушысы, Педагог – зерттеуші  
Қарағанды облысы, Балқаш қаласы

#### **Зерттеудің өзектілігі:**

➤ XX ғасырда қазақ ұлтының мақтанышына айналған Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық қызметін, қазақ әдебиеттану және тіл білімі ғылымдарының негізін қалаудағы еңбегін, ұлт ұстазының педагогикалық,әдістемелік көзқарасын насихаттау;

➤ Қазақ тілі мен оның асыл сөзін, яғни сөз өнерін пән ретінде ғылыми жүйеде негіздеген ғалым-реформатор, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының ғибратты мұрасын жан-жақты зерделеу;

➤ А.Байтұрсынұлының шығармашылық, әдеби, ғылыми мұрасы, қазақ тілін оқыту, үйрету, дамыту тұрғысындағы еңбектері туралы мәліметтерді зерттеп, оның маңызын, келешек ұрпақтың санасына сіңіру, болашақ мұғалімдерге дәріптеу.

#### Зерттеудің мақсаты:

➤ Кемеңгер ғалымның қазақ тілі және жазуы тарихындағы алатын орнын, рухани мұрасын, оқу-әдістемелік еңбектерінің, мектеп жұмысына қатысты педагогикалық ой-пікірлерінің бүгінгі білім беру жүйесіндегі құндылығын айқындау;

➤ Ағартушы әдіскердің еңбектерінің жазылу тарихы, әліппе мен оқулықтарының әдістемелік негізі, жалпы сипаттамасы жөнінде сараптамалық салыстырмалы талдаулар жасау;

➤ Ғалым-реформатордың ана тілінің дамуына, қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне қажетті ұғым-атаулар, оларға қатысты анықтамалардың қолданысының кеңеюіне қосқан үлесін танып-білу.

#### Болжам

➤ Ағартушы, педагог, әдіскер Ахмет Байтұрсынұлының рухани мұраларын жаңашыл оқытуда заманауи технологияларды тиімді қолдана білсек, болашақ ұрпаққа сапалы білім, тәрбие тағылымын дарытуда жоғары нәтижеге қол жеткізеріміз анық.

Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ой сіңіріп, алға жетелеуге ұмтылған дарабоздарыниесі, бірбасынакөсемдік, қайраткерлік, ғұламалық, ағартушылық, ұстаздық, жазушылық, журналистік, аудармашылық, көрегендік сияқты асыл қасиеттер тоғысқан ұлы тұлға – Ахмет Байтұрсынұлы біздер үшін ең басты еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған қазақ ұлтының Ұлы ұстазы. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Мектеп керектері» деген еңбегінде: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, һәм мектебі де сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрететін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керегі – білімді, педагогика, методикдан хабардар, оқыта білетін мұғалім», - деген болатын. Арада бір ғасыр өтсе де, Алаш арысының бұл сөзі әлі де күн тәртібінен түскен жоқ.



Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын ояту жолында қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы толассыз толғанып, үздіксіз ізденген. Ол қазақ мектептерінің мұқтажыдығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтарды жазуды 1910 жылдан бастап қолға алды.

Білімнің бас құралы - кітап. Қазақ арасына білім тарататын кітаптар жақсы болу керек, әуелі, оқу үйрететін орындар сай болу керек. Тек бала оқытып қана қоймай, «Қалай оқыту керек?», «Нені оқыту керек?» деген сияқты сұрақтар төңірегінде де ой қозғады. Міне, осы «керектердің» жолында бірінші болып өзі өзгелерге үлгі бола білген. Тіл саласында «**Оқу құралы**» (1912, 1913, 1914), «**Тіл - құралы**» (1914, 1915, 1923) оқулықтарын, әдіскер-ұстаз ретінде «**Баяншы**» (1920), «**Сауат ашқыш**» (1926), «**Әліп-би**» (1928), «**Тіл жұмсар**» (1928) атты кітаптарды жазды.

1.2.1 сызба



Қазақтың ұлы ғұламасы Ахмет Байтұрсынұлының халық үшін істеген игі істерінің ішіндегі ең шоқтығы биік қызметінің бірі-араб жазуына өзгерістер енгізіп қазақ әліпбиін құрастыруы. Осы арқылы ғалам халқының тез сауаттанып хат тануына оқу білімге деген құштарлықтарының оянуына ерекше ықпал етті. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтары да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жінішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекше белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «Қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынұлы жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды түзетін әліппе жазады. Ахмет Байтұрсынұлы бірінші кезекте елдің сауатын ашу, басты міндет екеніне

көзін жеткізді. Бұл үшін ең алдымен, сауаташар «Әліп-би» мен тіл үйретер «Тіл құралын» жазды. Ол - қазақ әліпбиін түзеп, түрлеудің, ана тілінде оқулықтарды жазудың мәні зор екенін ғасыр басында қоғам ахуалмен байланыстыра отырып, ауыр жүкті қолға алып, замандастарымен бірге ұлт тілінің келешегі үшін күрескен кемеңгер. Кемеңгерлігі сол, әркімнің тіліне еріп, адасып жүрген жұртына «Қазақ әліпбиін» тайға таңба басқандай жасап берді.

Ахмет Байтұрсыновтың құрастырған «**Оқу құралы**» - **Әліппе**


1912-1925 жылдар аралығында өңделіп, толықтырылып жеті рет қайта басып шығады. Тұңғыш бастауыш білім беруге арналған «Әліппе» оқулығы білім алушы жеткіншектердің жас ерекшеліктеріне, талап-талғамына сай жазылған. Ғалым-ұстаз онда балаларды қызықтыратын, ой-араман, қиялын ұштайтын халық ауыз әдебиетінің үлгілерін, ертегіден бастап, мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылпаштарды кеңінен пайдаланады. Автор «Балалар, бұл жол басы даналыққа» деп басталатын «Тарту» атты ғибрат өлеңін оқулықтың беташары ретінде берген. Бұл өлең Ыбырайдың «Кел, балалар, оқылық!» өлеңімен мазмұндасып, үндесіп келеді.

Балалар! Бұл жол басы даналыққа,  
Келіндер, түсіп байқап қаралық та!  
Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп,  
Соларды көре тұра қалалық па?  
Даналық-өшпес жарық, кетпес байлық,  
Жүріңдер іздеп тауып алалық та! -  
деп балаларға үндеу салады, оқу оқып, білім алуға шақырады.

Осы оқулықта қазақ әріптері төте жазу жолымен рет-ретімен беріледі де, әрбір ғаріптің тұсына таңбасы және сол таңбаның атауы жазылады және төменгі жағына оқытушыға түсінік, яғни нұсқаулығы қатар ұсынылады. Сонымен қатар, қысқа әрі нұсқа оқушының ұғымына сай, түсінігіне лайық қысқа мәтіндер берілген. Мәселен: Туысқан-туған атаулары, тұрмысқа қажетті киім, үй саймандары, ыдыс-аяқ, мал мен хайуандар атаулары және ас-тағамдармен қатар, дене мүшелерінің атаулары т.б. қамтылады. Бұл -әліппенің сауат ашу кезеңі.


Оқу құралының екінші кітабы алғашқы Әліппеге жалғасты ретінде толықтырылып, 1913-ші жылы шықса, «**Әліппе астары**» атты әліппеге жетекші құралы 1924-ші жылы жазылған. Бұл кітапта сауат аштыру әдістері туралы атап өткен. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында «Ана тілінің әдісі», «Зерттеу мен суретшілік әдісі туралы», «Жалқылауды жалпылау әдісі», «Қай әдіс жақсы?» деген әдістеме мәселелерін сөз ететін бірнеше мақалалар жариялады.

Үлкендерге арналған «**Сауат ашқыш**» әліппесінде ағартушы педагог әр таңбаның айтылу, жазылу тәртібіне тоқталған. Төте жазу заңына бағындырылған бұл оқулықтың тәрбиелік мән-мағынасы зор. Бұл оқу құралдары кейінгі ұрпаққа қалдырған Ұлт ұстазының мол мұрасының көшбасшысы болып қала бермек. Осы оқулықтардың баланы сауаттандырудағы қажеттілікті өтеудегі маңызы орасан. Кітап қаз-қалпында, яғни төте жазумен жарияланды.



1.2.2сызба

Ағартушының «Тіл – құрал» оқулығы негізінен, үш жылдыққа арналып, әр жылғы сыныптарға жеке-жеке жазылған құрал. Бірінші «Тіл танытқыш» кітап: Дыбыс жүйесі мен түрлері (1914), екіншісі: Сөздің жүйесі мен түрлері (1914-1915), үшіншісі: Сөйлем жүйесі мен түрлері (1923). Әдіскер ұстаз оқулықтың не себепті үш жылға бөлінгенін түсіндіре отырып, 1-ші жылы оқытылатын бөлім тілдің негізі болғандықтан, оқытушылар алғашқы жылы балаларға ғаріпті нық үйретулері керектігін ескертеді. Бірінші оқулықта әріптер, буындар, әріп туралы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары оқытылса жеткілікті екенін айтады. Дүниедегі жұрт тілінің негізі үшке: Түбіршек, жалғамалы, қопармалы болып бөлінетіні, ал, қазақ тілінің қай топқа жататынын, әрі оның негізгі ережелерін түсіндіріп береді. Сонымен қатар, қолданылуға тиісті әдіс-тәсілдердің қандай жолмен оқытылуы керектігін өте жеңіл, ұғынықы етіп түсіндіреді. Оқулықтың тақырыбы қарапайымнан күрделіге қарай оқыту тәсілі сатылана қолданылып, кітаптың екінші, үшінші жалғасы жазылды.



А.Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту, үйрету, дамыту тұрғысындағы «Оқу құралы», «Методика мәселелері», «Баяншы», «Тіл – жұмсар», «Қай әдіс жақсы?» т.б. толып жатқан мұрасын бүгінгі күн талабына сай, жаңартылған үлгіде толығынан пайдалануға әбден болады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған әдіскер-ұстаз Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» әдістемелік құралындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманға дейін әдістеме ғылымы үшін өз маңызын жойған жоқ.

«Тіл – жұмсар» атты екі бөлімнен тұратын әдістемелік көмекші құрал жазған.

1-ші кітап 46 бет (1928), екіншісі 90 бет (1929). Нұсқаулықтың кіріспе орнына берілген «Дәйектемесінде» құралдың қажеттілігі туралы, бұрынғы құралдардан айырмашылығы жаңа жолмен үйретуге ыңғайланып шығарылғанын айтады.

Бұл кітаптың басты мақсаты – баланы сауатты сөйлеуге, оқуға, жазуға, жаңа емлені қиындықсыз қабылдауға дағдыландыру. Яғни, сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы таныту, үйрету. Оқулықтың 1-бөлімінде әріптер мен әріп таңбаларын түрлі орында жұмсалатын сөз бен сөйлем белгілерін жаза білуге үйрету болса, 2-бөлімінде осы өткендердің ауқымын кеңейте отырып, пысықтау мен бақылау жұмыстарын қатар атқару қарастырылған.

Бүгінгі қазақ тілін оқыту әдістемесі бастау алатын 1920 жылы жарық көрген «Баяншы» әдістемелік оқулығы ағартушы-ұстаздың 14 жыл бойы бала оқытқан тәжірибесіне сүйеніп, «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазылу белгілері», «Дыбыспен жаттығу» деген андатпалық мағлұмат береді. Бұл оқулықтағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ.

Қазақ тілі мен оның асыл сөзін, яғни сөз өнерін пән ретінде ғылыми жүйеде негіздеген ғалым-реформатор, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының ғибратты мұрасы ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келеді. Ұлт ұстазының білімділік, танымдық, тәлімгерлік, әдіскерлік қызметі болашақ ұстаздарға үлгі-өнеге. А.Байтұрсынұлы: «Білім негізі – бастауышта» деп қарады. Әрбір оқытылатын тақырыптардан білім бере отырып, тәрбие беруін қарастыруды талап етті. Бастауыш мектеп бағдарламасының «Әдебиеттік оқу» сабақтарында Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығы енгізілген.

2-сынып: «Мен қалай оқуға бардым?» мәтіні

3-сынып: «Әліппенің атасы», «Оқуға шақыру»

4-сынып: «Екі шыбын» мысалы

Белгілі ғалым А.Байтұрсынұлы: «Бала білімді тәрбие арқылы өз бетімен алуы керек. Ал мұндағы мұғалімнің қызметі – балаға орындалатын жұмыс түрлерін беру және қойылған мақсатқа жету үшін бағыт-бағдар беріп отыру», -деген. Әр оқушыны жеке тұлға етіп дамытуда олардың шығармашылық қабілетін дамыту басты нысанға алынады.

Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденісте білімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», -деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасының негізін ұстану - әрбір бастауыш сынып мұғалімінің алға қойған мақсаты.

«Ұстаз оқуды, ізденуді қойса мұғалімдігі жойылады», - деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, шәкірт жүрегінен орын алып, үйрете де, оқыта да білетін ұстаз әрқашан шығармашылықтың биік шыңынан көрінетіні мәлім.

Ағартушы, педагог, әдіскер Ахмет Байтұрсынұлының рухани мұраларын жаңашыл оқытуда заманауи технологияларды тиімді қолдана білсек, болашақ ұрпаққа сапалы білім беруде жоғары нәтижеге қол жеткізеріміз анық.

Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану теориясының негізін салушы, ұлт мектебінің ұлы ұстазы А.Байтұрсынұлы «Ұлттық мұрамыз» деп мақтан тұту - ұрпақ парызы екенін ұмытпайық! Ғалым мұрасына мейлінше адалдық танытып, қажетті деңгейде қадірлей білсек екен.



### Әдебиеттер тізімі:

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1973
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. А., 1992 жыл
3. Байтұрсынов А. Оқу құралы. Қазақша алифба. I кітап. Орынбор., 1912
4. Байтұрсынов А. Тіл – құрал. Тіл танытқыш. Қызылорда 1925
5. Қойшыбаева А. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі. 1996 ж
6. Турдалиева Г.Ж. Бастауыш сыныптарды қазақ тілін оқыту. А. 2017
7. Әдебиеттік оқу 1-4 сынып

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ МУЗЫКА

Жеңісханқызы Ақгүл

Абай атындағы Шығыс қазақстан гуманитарлық колледжі  
21 –ББ -2 тобы

Ғылыми жетекшісі: Бикадамова.А.А

Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы

*Барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол ауыл мектебінде, семинарияда бала оқытты, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында көп ізденді»*

*С.Қалиев*



Ахмет Байтұрсынұлының музыкалық мәдениетке деген көзқарасы жайлы нақты дерек жоқтың қасы. Бұл Ахмет Байтұрсынұлы тұлғасының сан қырлы табиғатын тануға мүмкіндік берер еді.

Осы мәселе жайлы сөз қозғалса, әуелі оның қазақ халқының ән өнерін зерттеуге қосқан үлесін, музыкант, этнограф, композитор Александр Затаевичке көрсеткен қолдауын еске алады.

Затаевич қызмет бабымен Орынборда болған кезінде қазақтың халық мұрасын жинап, зерттеумен шындап айналысады. Бұл саладағы оның еңбектерінің нәтижелері жұртқа жақсы таныс: Қазақстанның музыкалық фольклорының 2300-ден аса шығармасын жазып алды, «Қырғыз (қазақ) халқының 1000 әні», «Қазақтың 500 әні мен күйі» атты іргелі еңбектері жарық көрді.

Александр Затаевич «Қырғыз (қазақ) халқының 1000 әні» кітабының бірінші басылымының алғысөзінде бұл еңбектің жарық көруіне ықпал еткен бірнеше адамның есімін ерекше атаған. Олардың ішінде Ахмет Байтұрсынұлы мен Әлихан Бөкейхан бар. Александр Затаевич олардың жоғары біліктілікпен берген түсініктеме, нұсқауларын өзінің көп пайдаланғанын жазады.

Александр Затаевич пен Ахмет Байтұрсынұлының таныстығы Байтұрсынұлының тағдырында ерекше мәнге ие болған Орынбор қаласында басталған сыңайлы. Ол 1891-1895 жылдары Орынбордағы қырғыз (қазақ) мұғалімдер семинариясында оқығаны белгілі. Сосын 1910-1917 жылдары айдауда болды. Революциядан кейінгі алғашқы жылдарын да Орынборда өткізді.

1919-1921 жылдары Ахмет Байтұрсынұлы ағарту ісінің халық комиссары болып істеді. Оның қолында Александр Затаевичке қолдау көрсету ғана емес, жалпы ұлттық мәдениетті зерттеу ісіне ықпал ететіндей, қазіргі тілмен айтқанда, әкімшілік ресурс болған. Бұл бастаманың авторы нақты кім екені жөнінде дерек жоқ, бірақ дәл Байтұрсынов нарком болған жылдары халық ағарту комиссариаты (наркомпрост) жанынан Қазақстандағы филология мен музыкатану ғылымының қалыптасуында үлкен рөл атқарған, құрамында Қырғыз (Қазақ) өлкесін зерттеу қоғамы бар академиялық орталық құрылды.

Александр Затаевичтің «Қырғыз (қазақ) халқының 1000 әні» деген кітабының түсініктемелерінде Ахмет Байтұрсынұлының музыкалық қабілеті жөнінде берген құнды мінездемелер бар.

«Туған елінің әндерін шын сүйетін және білетін жан ретінде, оларды нақышына келтіріп орындаушы және тамаша домбырашы ретінде Байтұрсынұлының отандастары да өте жоғары бағалайды. Ахмет Байтұрсынұлының білімі мен біліктілігінің бұл қырын бағалауға менің де мүмкіндігім болды. Өйткені менің мына еңбегімді ол үнемі назарына алып, Торғай, Қостанай, Ақтөбе, Бөкей ордасы және Қарқаралы (Семей губерниясы) өңірлеріне тән өзі білетін, қойын кітапшасына түртіп алған әндердің жазбаларын беріп, тіпті тамаша екі күүді өзі домбырада шертіп берді. Қазақ тарихы, тұрмысы мен этнографиясының терең білгірі ретінде мен жинаған мол материалды жүйелеуге бағыт-бағдар сілтеп отырды. Оның бұл елеулі еңбегіне аса тәнтімін, айтар алғысым шексіз» деп жазды Александр Затаевич.

«Қырғыз (қазақ) халқының 1000 әні» кітабында Байтұрсынұлы айтқан 19 әннің нотасы бар. Көпшілігіне жеке-жеке түсініктеме берілген. Мысалы, «Қара көз» әні жайында автор «әннің

Байтұрсынов өндеген нұсқасы халық арасында кең танымал» деп жазады. Затаевич «музыкалық дарынның басты дәлелі – осындай қиын вокалдық пьесаны жаттап алып айту қабілеті» дейді.

Байтұрсынұлы мен Затаевич хат жазысып тұрған. Екеуінің ұзақ уақыт хат алмасқаны Затаевичтің кітабына жазған авторлық алғы сөзінен байқалады. Филология ғылымдардың докторы Айгүл Ісмақова тек бір хатты ғана оқығанын айтты. Мұрағаттардан басқа хаттар да табылса, Ахмет Байтұрсынұлының музыкалық көзқарастарын тереңірек тануға, түсінуге көмектесер еді.

Ахмет Байтұрсынұлы мен Александр Затаевичтің арасындағы жарасымды қарым-қатынас жөнінде Ахмет Байтұрсынұлының мұражай-үйінің директоры Райхан Имаханбетте әңгімелеп берді.

Айтуынша, Байтұрсынұлының 1923 жылдың қаңтарында Орынбордағы Свердлов атындағы клубта өткен 50 жылдық мерейтойына Александр Затаевич те қатысып, фортепьянода ойнаған.

Александр Затаевич өзінің «Әйда, былпылым» және «Тепенкөк» деген екі музыкалық пьесасын Ахмет Байтұрсынұлына арнаған. Бұл шығармаларды 2012 жылдың 5 қыркүйегінде Алматыдағы Қазақ мемлекеттік филармониясында фортепьянолық музыка концертіне келгендер тыңдап қайтты. Оларды пианист Жанар Сүлейманова орындады. Онда Александр Затаевичтің топтамасындағы «Әгә-гу», «Арғын», «Балқадіша», «Қарғам-ау», «Құрышқан» деген шығармалары да орындалды. Концерт Ахмет Байтұрсынұлының 140 жылдығына арналды.

Александр Затаевичтің «Қырғыз (қазақ) халқының 1000 әні» кітабынан Ахмет Байтұрсынұлы берген 19 әнді табуға болады. Олардың атауын Алматыдағы мұражай-үйіндегі фотосуреттегі жеке парақтан оқи аласыз. Сірә, бұл әндердің көбін ол орындаушы ретінде ғана білген болуы керек.

Алайда бірнеше әнді Ахмет Байтұрсынұлының өзі жазғаны белгілі. Байтұрсынұлының өмірбаянын жақсы білетін адамдармен әңгімелескен кезде оның «Аққұм», «Шилі өзен», «Екі жирен», «Қарғаш», «Қараторғай» сияқты кем дегенде алты әні бар екенін естідік.

Жазушы Қоғабай Сәрсекеев «Ұлттың ар-ожданы» кітабында Ахмет Байтұрсынұлының басқа да әндері болған деген деректі жазады. Бірақ ұмытылған. Есімін атау қауіпті болған жылдары Ахмет Байтұрсынұлының әндерін есте сақтау ешкімнің ойына келмеді. Жазушы «халық жауларының» әндерін айтқаны үшін ғана 1937 жылы репрессияға ұшыраған өзінің туған нағашысы, Торғайда аты белгілі әнші Жүсіпназардың қайғылы өмірін мысалға келтіреді.

Байтұрсынұлының есімін жазуға советтік цензура тыйым салғандықтан, оның әндері ұзақ жылдар бойы түрлі жинақтарда «халық әндері» деп көрсетілді.

Ахмет Байтұрсынұлының жиеншары Меруерт Тыныбекова Борис Ерзаковичтің редакциясымен 1955 жылы шыққан «Қазақстанның халық әндері» кітабын Азаттық тілшісіне көрсетті. Ол кітаптан Байтұрсынұлының «халық әндері» деп берілген шығармаларының атын жазып алыпты.

Ахмет Байтұрсынұлы ақталғанға дейін шыққан «Қырғыз (қазақ) халқының 1000 әні» кітабының екінші басылымында (1963 жыл) оның есімін сызып тастаған. Ахмет Байтұрсынұлының есімі, цензураның талабы бойынша Александр Затаевичтің «Қазақтың 500 әні мен күйі» деген кітабының 1931 жылы жарық көрген бірінші басылымында да жоқ. Ол кезде

Ахмет Байтұрсынұлы Архангельск облысында айдауда жүрген еді. Профессор-филолог Айгүл Ісмақова Ахмет Байтұрсынұлының жаңадан табылған әнін осыдан сәл бұрын Қапаш Құлышеваның орындауында тыңдағанын айтты. Қапаш Құлышева оны Қытай қазақтарынан естіпті. Айгүл Ісмақова «әнде Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығына тән, авторлығын растайтын сөздер кездесетінін» айтты. Сондықтан Байтұрсынұлының бізге белгілі алты әніне тағы бір әнді қосуға болады. Қазақстанда Ахмет Байтұрсынұлының әндерінің жазбалары жоқ. Қоғабай Сәрсекеев халық ақыны, әнші-композитор Нұрхан Ахметбековтің дауысын таспаға түсіріп алмағанына өкінеді. Қазақ ақыны және ағартушысы Міржақып Дулатовтың көзі тірі жалғыз қызы Гүлнәр Дулатова орындаған Ахмет Байтұрсынұлының әндері де жазылып алынбаған. Гүлнәр Дулатова Байтұрсынұлының қарсы алдында отырып тыңдаған әндерді бала кезінен жатқа біледі.

Профессор Айгүл Ісмақова Ахмет Байтұрсынұлының әнді орындаушы ғана емес, ән мәдениеті теориясын зерттеуге де еңбегі сіңгенін айтады. Ол өзі бас редакторы болған «Қазақ» газетінде Орталық, Оңтүстік және Батыс Қазақстандағы күйлердің орындалу мәнері туралы мақалаларын жариялаған. Ахмет Байтұрсынұлының әйгілі еңбектерінің бірі «Әдебиет танытқышта» қазақ музыкасының теориясы, күй теориясы, халық әндері, қазақ әндерінің басқа әндерден айырмашылығы туралы бөлімдер бар. Мұның бәрін әлем халықтарының әндерімен салыстыра отырып түсіндіреді. Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларында Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов сияқты қазақтың ән өнерін орындаушылары туралы да салмақты ойлар бар.

Ахмет Байтұрсынұлы үш бірдей музыкалық аспапта ойнағаны анық. Ол домбыра ғана емес, скрипка мен фортепьяно да тартқан. Оның скрипка тартқанын Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнәр Дулатованың өзі көріп, естеліктерінде жазды.

Туыстарының айтуынша, Ахмет Байтұрсынұлының үйінде қара пианино да болыпты. Алайда Ахмет Байтұрсынұлының музыкалық аспаптарының ешбірі өзі тұтқындалған соң сақталмаған. Байтұрсынұлының мұражай-үйінде тұрған қара пианино халықтың өткен тұрмысынан хабар беру үшін ғана қойылған. Ал шындығында оны Ахмет Байтұрсынұлы қаза тапқан соң көп жылдан кейін жиеншарына арнап сатып алған. Жиеншары оны мұражайға табыс еткен.

Скрипка да, пиано да Байтұрсынұлының қазақтың халық музыкасымен ғана емес, классикалық музыкамен де әуестенгенін байқатады. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы қор мен Алматыдағы мұражай-үйінің негізін қалаған Самырат Кәкішевтің айтуынша, ғалым отбасымен бірге классикалық музыка ойналып жатқан жерлерге барып, тыңдап отырғанды ұнатқан.

Ахмет Байтұрсынұлының классикалық музыкаға деген ықыласы қайда және қашан оянғаны белгісіз. Орынбордағы мұғалімдер семинариясында үйренуі мүмкін емес. Өйткені Ресей империясының орыс емес халықтарына арналған семинарияда оқытылатын пәндердің тізімі орыс семинарияларына қарағанда өзгеше болды. Егер орыс семинарияларында музыка және ән пәндері оқытылса, татар мұғалімдер мектебінде (Уфа қаласындағы) мұндай пәндер оқытылмайтын. Орынбор семинариясының оқу бағдарламасын табудың сәті түспеді.

Адамның музыкалық мәдениетінің қалыптасуына оның өмір сүрген ортасы ықпал етеді. Ахмет Байтұрсынұлы музыкалық өмір қайнап жататын қалада көп тұрған адам. Мысалы, Орынборда 1869 жылы ашылған драма театрдың репертуарында опера, оперетта, водевиль сияқты музыкалық спектакльдер болған. 1881 жылы Орынбор казак әскерінің симфониялық оркестрі құрылып, көпшілік мерекелік шаралар кезінде өнер көрсеткен. 20 ғасырдың басында (революцияға дейін) Орынборда үш бірдей жеке меншік музыкалық мектеп болған. Ахмет Байтұрсынұлының классикалық музыкаға деген ықыласы Орынборда жүргенде оянса керек.

Жазушы Қоғабай Сәрсекеев «Ахмет Байтұрсынұлы Орынборда айдауда болған кезеңде көп уақытын кітапханада өткізді. Алайда ол сирек болса да театрдағы музыкалық қойылымдарға, симфониялық оркестрдің концертіне барып жүруі мүмкін, тіпті скрипка мен фортепьяноның дәрісін алған да болар» деп болжайды.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы. – Алматы. Қазақстан, 1995. -32б.
2. Қожахметов С. Педагогика мәселелері. Қазақ мемлекет баспасы, Алматы, 1940. -120б.
3. Жарикбаев К.Б., Қалиев С.Қ. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. Алматы, 1995. – 346б.
4. Бейсенбаева А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. Алматы, РБК, 1995. -117б.
5. Дайрабаева А. Қазақстанда дидактикалық ойлардың дамуы. пед.ғыл.кан. дисс. 13.00.01. Алматы, 1994. -160б.
6. Бержанов Қ, Мусин С. Педагогика тарихы. Алматы 1984. -255б.
7. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ғылым мен білім қызметкерлерінің Республикалық съезіндегі Үндеуі. Егемен Қазақстан. 2001 3 ақпан.
8. Абай Құнанбаев. Қара сөздер. Алматы. 1993. -268б.
9. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. Алматы. 1995. -120б.
10. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына 2004ж. Арнап жолдаған Үндеуі 2004ж.

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТІЛ БІЛІМІН ЗЕРТТЕУІ

Жармухамбетова Алтынгүль Алдабергеновна,  
Қостанай педагогикалық колледжінің оқытушысы  
Жумабаева Анар Жумабаевна,  
0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығының 3 курс студенті  
Қостанай облысы, Қостанай қаласы

Ақын, ғалым, публицист, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының алып тұлғасы туралы өз заманында қазақ ортасы, бүкіл түркі әлемі ғана емес, озық ойлы орыс ғалымдарының берген баға, жасаған тарихи тұжырымдары айрықша.

Қазақ тіл білімінің негізін салушы, ұлттық сана-сезімнің оянуына бірден-бір көшбасшы болғандардың бірі А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы туралы жан-жақты мағлұмат беретін еңбектер енді-енді жарық көре бастады. Алдағы уақытта азаматтық тарихымыздағы ақтандақтардың түбегейлі зерттеулермен толығыры, тиянақтылықпен қалпына келтірілері даусыз...

Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылдың 28 қаңтарында бұрынғы Торғай уезінің Сартүбек жайлауында дүниеге келген. Алғашқыда ауыл молдасынан дәріс алып, тіл сындырған. Тумысынан талантты жас 1891 жылы Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ училищесін бітіріп, Орынборға аттанады. 1895 жылы мұғалімдер даярлайтын мектепті тәмәмдайды. Міне, осыдан кейін оның ұстаздық қызметі басталады. 1895-1909 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі екі кластық училищелерде сабақ береді.

XX ғасыр басындағы наразылықтарға белсене атсалысады. 1905 жылғы қарашадағы манифестен кейінгі дүмпулер кезінде қазақ қауымының рухани басшысы кеңінен танылады да, реакция жылдарында, атап айтқанда, 1910 жылы Семейдегі түрмеге қамауға алынады. Ұлы Қазан төңкерілісіне дейінгі қызметінің ең елеулі кезеңін Орынборда атқарған.

Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық қызметі, қазақ тіліне арнап оқулықтар жазып оның ауылдық мектептер мен училищелерде сабақ берген күнделікті іс-тәжірибесімен тығыз ұштасып жатады. Сондықтан да ол жазған оқулықтарын іс жүзінде қалай оқыту қандай мәселелерге көңіл бөлу керектігі жөнінде арнайы әдістемелік құралдар да шығарған болатын. Бұлары әсіресе «Баяншы» (1920 ж), «Тіл жұмсар» (1928 ж) талдаулары мен жеке мақалаларында көрініс тапқан. Осы еңбектерінде де автор мектеп оқушыларының алғашқы білімді таза қазақ тілінде алуларын баса көрсетіп отырады: «...әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Бізде тіліміз бұзылмай, сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізде оқытып, сонан соң басқаша оқытуымыз тиіс».

Ахаңның әдістемелік еңбектеріне байыппен назар аударсақ, бүгінгі күннің талабына тікелей қатынасы бар көкейкесті мәселелерді көптеп кездестіреміз. Оқыту жүйесінің ойдағыдай болуы, оқушылардың сабақты үлгеруі ең алдымен мектеп мұғалімдеріне тікелей байланысты екендігін қатты ескертеді. Белгілі бір мәліметті оқытпас бұрын соның түп-тамырын, мазмұн-көрінісін оқытушының өзі жақсы білуі, меңгеруі қажет. Осындай талап-тілек оның әдістемелік еңбектерінен айқын сезіліп тұрады. Оның мектеп мұғалімдерінің қандай болу керектігі жайындағы көзқарасы мынаған саяды: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі де сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білсе, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы». Міне, оқушылардың осындай білім алулары үшін Ахаң олардың әрқайсысының «көңіл сарайын» тап басып, жете танып отырудың қажеттілігін айтады. Қазіргі біздің оқыту жүйемізде мәселенің осы жағы жетісе бермейді. Оқушылардың жан дүниесін түсінбей жатып, кейде оларды жазықсыз жазғыратынымыз бар. Демек, оларды кіналаудан бұрын әрқайсысының «көңіл сарайына» назар аударуымыз қажет, әрқайсысымен тіл табыса білуіміз керек. Мұғалімдік шеберліктің қайнар көзі де осындай тәжірибеге келіп тіреледі.

Ахмет Байтұрсынұлының методикалық еңбектерінен тағы бір үлгі аларлық жайт – оқулықтардың тілі жайындағы талап. Бұл мәселеде бізде әлі де болса ойласатын жайттар баршылық. Біздегі оқулықтардың тілі көп жағдайда оқушылардың жас ерекшеліктерін, берілген тақырыптардың ауыр-жеңілдігін саралап, ескере бермейді. Осыдан келіп оқулық мазмұны оқушылардың меңгеруіне ауыр тиіп жатады. Бұл жайтқа да өз кезінде Ахаң айырықша назар аударып, әліппеден бастап өзге де оқулықтарының түсінікті, жеңіл тілмен жазылуын жүзеге асырып отырған. Мұны оның оқулықтарының тілінен анық байқаймыз. Оқулықтардың тілі әсіресе оларда берілген анықтама-ережелердің сипатамен тығыз байланысты келеді. Белгілі бір тақырыптың мазмұн-келбетінің түйінін ереженің анықтамасы ретінде бір-ақ сөйлемде сыйдырылады. Ал бұл - қиынның қиыны. Бір сөйлемнен бүкіл тақырыптың табиғаты ашылып тұруы керек. Ол үшін ереже ең алдымен әрі қысқа, әрі нұсқа, жеңіл түсінілетіндей берілгені жөн. Осындай әдістемені Ахаңның өз оқулықтарында берген анықтамаларынан айқын көреміз. Осы арада әдістемеші-ғалымның тағы да бір талабын ескермеске болмайды. Әдетте көпшілік жағдайда оқушылар анықтама-ережелерді жаттап алуға тырысады. Мұғалімдер де осыны талап етеді. Солай-ақ болсын. Бірақ мәселенің екінші де жағы бар. Жатталынған ереже кейде мазмұн-мәнісі жағынан оқушылар жағынан ашылмай жатады. Демек, құр жаттау бар да, сырын ұғыну жоқ. Осыдан да болу керек, мәселенің осы жағына да үлкен көңіл бөлген. Ахаңның түсіндіруінше, ереже жаттау түрінде емес, терең түсіне біліп, танымдылық қасиетін ашу негізінде өтілгені жөн: «Тіл білімі ереже жаттау түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағына, қисын жағын тану түрде үйретілу керек».

А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімі жөніндегі зерттеулері мен көзқарастары қазақ тіл білімінде арнайы зерттелгенімен, әлі де зерттей түсуді қажет ететін тіл білімінің өзекті мәселесі.

Қазақ тіл біліміндегі сөз, сөйлем, сөз таптарына тоқталғанда А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» атты еңбегінің алатын орны зор. А.Байтұрсынұлы аталған еңбегінде қазіргі кезде қалыптасқан көптеген мәселелердің басын ашып берген болатын. Содан бері бұл мәселелер ғалымдар назарын өзіне аударып келеді.

А. Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің мәселелерін алғаш рет зерттеп, тіл білімінің әр саласы бойынша айтып кеткен ой-тұжырымдарының маңызын айқындап, кейінгі зерттеулерге тигізген рөлін анықтап көрсету жұмыстың негізгі мақсаты болып табылады.

Аталған мақсатты орындау үшін, төмендегідей міндеттерді шешу алға қойылды:

- ғалым еңбектеріне сүйене отырып, тіл біліміндегі категориялардың қандай заңдылық бойынша қалыптасқанын ашу;

- А. Байтұрсынұлының еңбектерінің қазіргі қазақ тіліндегі алатын орнын көрсету.

Бүгінгі таңда ана тілінде сөйлеуден қалған мәңгірттердің санының көбеюінің бір ұшығы Ахмет Байтұрсынұлы түзген дыбыстың жүйелі емлесі мен өзге тілге тән сөздерді (терминология) қабылдауда негізгі өлшем үндестік заңының ережесін ескермеуіміздің әсері екенін түсінетін мезгіл жеткен сияқты. Осындай кемелгер ойшылдың: «Жат тілден енген сөздерді тіліміздің ішкі заңдылығына бағындырмай

алудың түбі күндердің күнінде қазақ тілінің қураған бұтақтай сынып түсуіне әкеліп соғады», - деп айтқан көрегендік сөзі еріксіз ойға оралады.

Ана тіліміз бен әдебиетіміз, мәдениетіміз саласында өзіндік ерекше орны бар Ахмет Байтұрсынұлының өз халқына сіңірген еңбегі белгілі себептермен соңғы жылдары ғана кеңінен таныла бастады. Ғалым-азаматтың өмір жолы жайында жекелеген зерттеулер, оның ғылыми мұрасы турасында арнайы талдаулар жүргізілуде. Сондай-ақ Аханның өз шығармалары да енді қайтадан жарық көріп жатыр. Сондай шығармаларының бірі «Тіл тағылымы» деген атпен баспадан шықты. Аталған жинаққа қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері топтастырылған. Бұларды белгілі бір жүйемен өзара саралап құрастыруда Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкерлері Ғарифолла Әнесов пен Аманқос Мектепов айтарлықтай еңбек сіңірген.

Ана тілін барынша жетік меңгеру, тілдің теориясынан мол хабардарлығы, ең бастысы – қазақ тілінің ғылыми-зерттеу нысанына алғанда, таза ұлттық ерекшеліктерін ескеруден туған ақылға қонымды әдістемесі Ахмет Байтұрсынұлының лингвистикалық ізденістерінің күні бүгінге дейін мән-маңызын ешбір жаймаған, керсінше, ондаған жылдар бойы кейінгі ізденушілерге ой салып келе жатқан асыл мұра қалдырды деп қорытындылауымызға толық негіз болып табылады.

Қорыта келе, жұмысымды жаза отырып, көздеген мақсатыма жеттім деп ойлаймын. Мен осы жұмысымда А.Байтұрсынұлының тіл білімін зерттеуіне тоқталдым.

Қазіргі қазақ тілінде қалыптасқан сөз, сөздердің тіркесі, сөйлем, сөз таптары, сөз таптарының өзіндік категориялары бар. Ал осы тілдік мәселелер қалай қалыптасты? Міне, ғылыми жұмысымда осы мәселені ашып көрсетуге тырыстым. I тарауда қазақ тіліндегі терминдер жайы, оның Ахаң еңбектерінде берілуі, қазақ тіліндегі сөз, дыбыс, сөйлем жүйесі, қазақ тілін оқыту әдістемесі жайындағы көзқарастары, синтаксиске қатысты ой-тұжырымдары жеке-жеке қарастырылды. Әдістеме мәселесі төңірегінде біз Аханның кейбір ілімдерін ғана қозғадық. Осы турасында оның жоғарыда аталған еңбектерінде басшылыққа аларлықтай, үлгі тұтарлықтай жайттары толып жатыр. Ізденгіш мұғалімдер оларды күнделікті тәжірибе-жұмыстарында әбден пайдалануларына болады. Оқыту жүйесіндегі осындай еңбектерін ескере отырып, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі мен әдебиеті әдістемесінің негізін қалаушы деп әбден айтуымызға болады.

II тарауда Аханның тіл, әдебиет жайындағы ойларына тоқталдық. Жалпы айтар болсақ, А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі мәселелер жан-жақты талданып, алға қойылған міндеттерімізді толық, түбегейлі түрде шеше отырып, алға қойған мақсатымызға жеттік.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. <http://nblib.library.kz/elib/Sait/NauBibUKAZ>
2. <https://egemen.kz/article/201982-akhanhynh-tyrnaqaldy-maqalasy>
3. <https://infourok.ru/liti-li-stazi-abaytrsinov-1505442.html>
4. <http://tobyl-torgai.kz/2020/05/15/6030>
5. <https://tilalemi.kz/books/8000.pdf>
6. [https://adebiportal.kz/kz/news/view/ahmet\\_baitursynuli\\_audarmalarindagi\\_zhana\\_koldanistar\\_22087](https://adebiportal.kz/kz/news/view/ahmet_baitursynuli_audarmalarindagi_zhana_koldanistar_22087)

22087

<https://qamshy.kz/article/29187-akhmet-baytursynuly-%E2%80%93-qazaq-ultshyldyghynh-rukhani-kosemi>

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

Жолтаева Айгерим Бердибаевна  
«Б.Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебі» КММ  
Бастауыш сынып мұғалімі  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Қазақ халқында текті туған, ғұмырын ізгілікке арнап, ел дамуы жолында ат салысқан азаматтар жетіп артылады. Шоқтығы биік тұлғалардың бірі – Ахмет Байтұрсынұлы десек, артық айтпағанымыз болар. Саналы ғұмырын сауат ашуға арнап, халықтың көзін ашуға ұмтылған жан, қазақтан шыққан тұңғыш ағартушы екені мәлім.

Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы Торғай уезінің – қазіргі Қостанай облысы, Тосын болысында дүниеге келген. Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруда Байтұрсынұлы зор еңбек сіңірді. Әдебиет саласындағы

алғашқы зерттеуі деп оның Қазақ газетінің 1913 жылғы үш санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Онда қазақ халқының рухани өмірінде Абайдың аса ірі тұлға екені, өмірбаяны, шығармаларының мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылған, ақын мұрасының эстетикалық қадір-қасиеттері ашылған. Ахмет Байтұрсынов 1917 жылы өз пікірлерімен бірге «Алаш» атты партия құрды.

**Ахмет Байтұрсынов** – ең алдымен, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, әрі қарай қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш жұмсаған ағартушы. Ағартушылық мақсаты – өз алфавитін жасау, оқулықтар жазу. Осы мақсатты орындау үшін ол қазақ тілін, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын баяндап, талдап – танытқан зерттеуші әрі сол зерттеулерінің негізінде «Әліппе», «Маса», «Қырық мысал» атты оқулықтарын жазған.

**Қазақ әліпбиі** — қазақ тілінің әріптерінің жүйелі тізбегі, қазақ халқының мәдени өмірінде басқа да түркі халықтарымен бірге пайдаланып келген әр түрлі әріп таңбаларынан тұратын дыбыстық жазу жүйесі. Ғалым сауатсыз халықтың болашағын ойлап, жаны күйзелді. Қазақ халқы тұтынып отырған араб алфавитінің теріс жақтарын, кемшілік тұстарын көріп, өзгеріс енгізуді қажет деп санайды. Ол туралы ойын «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде» сөйлеген сөзінде айтады.

**А.Байтұрсыновтың ойынша, жақсы әліпбидің мынадай қасиеттері болу керек:**

1. Жақсы әліпби тілге шақ болу керек;
  2. Жақсы әліпби жазуға жеңіл болуға тиіс, әліпбидің әріп суреттері қиын болса, мүшелері көп болса, жазуды ұзақтатып, уақытты көп алады.
  3. Әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болуы тиіс;
  4. Жақсы әліпби үйренуге де қолайлы болуы тиіс.
- Ахметтің 1914 ж. Орынборда жарық көрген қазақша әліппесінің мұқаба беті



Жаңа



әліппе



Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруда Байтұрсынұлы зор еңбек сіңірді. Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның Қазақ газетінің 1913 жылғы үш санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Онда қазақ халқының рухани өмірінде Абайдың аса ірі тұлға екені, өмірбаяны, шығармаларының мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылған, ақын мұрасының эстетикалық қадір-қасиеттері ашылған. Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі — «**Әдебиет танытқыш**» (1926). Мұнда көркем сөз өнерінің табиғаты, сыры, мазмұны, ерекшеліктері, жанрлары, жаңа терминдер, ұғымдар жайлы жан-жақты зерттеулер, тұжырымдар сөз болды. Бұл еңбегінде Байтұрсынұлы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің әлеуметтік, қоғамдық мән-маңызын ашудан гөрі адамгершілік, эстетикалық әсемдік әуенін талдауға көбірек көңіл бөлген. Сондай-ақ мұнда жазба әдебиеттегі ағымдар, әдістер туралы ой-түйіндер айтылған.

**Аудармалары:** Байтұрсынұлы қалдырған бай мұраның тағы бір саласы — көркем аударма. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға мол үлес қосты. И.А. Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен жеке жинақ қылып бастырды. И.И. Хемницердің «Атпен есек», А. Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын этеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармаларын, орыстың белгілі лирик ақыны С.Я. Надсонның өлеңін қазақ тіліне аударды

**Ахмет Байтұрсынов туралы айшықты ойлар:** Қазақ тілі мен кітабын жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам – Ахмет. **Сәбит Мұқанов**

**Ахмет Байтұрсынұлы** - біріншіден, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Соңынан із салған жаңашыл ағартушы. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсынұлының әліп-биімен ашып, ана тілін Байтұрсыновтың “Тіл құралы” арқылы оқып үйренді.

**Рабиға Сыздықова** Сан салалы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы туған тілдің, туған мәдениеттің басында тұрды. Туған тілдің әдеби нормасын жасады. Бірде - бір бөгде тілдің сөзін қоспай, бірде - бір цитата келтірмей, таза, мөлдір тілмен өзі тапқан қисынды баламалармен “Әдебиет танытқышты” жазып шықты.

**Сырбай Мәуленов** Ахмет Байтұрсынұлының Алматы мұражай – үйі, Қостанай қаласында Ахмет Байтұрсынұлы атына арнап ескерткіш орнатылған және Қостанай педагогика университеті Ахмет

Байтұрсынов есімімен аталған. Тілі таза, намысы өжет, текті тұлға қашан да ұрпақтардың ықыласына бөленіп жүре бермек. Тұңғыш ұстаз, ағартушы, ұлт жанашыры, мемлекет қайраткері, ақын, аудармашы, нар тұлға. Осындай игі қасиеттердің бәрін бір бойына ғана сіңіре білген абзал азамат, Ахмет Байтұрсынұлы!

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Шығармалары/Ахмет Байтұрсынұлы.- Алматы: «Өлке» баспасы,2013;
2. Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу – эссе. – Алматы: «Арда», 2007;
3. «Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясы, Алматы, 2002;
4. “Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл;
5. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу – ағартуға қатысты еңбектері) Алматы,«Ана тілі», 1992 ж.
6. Ғаламтор беттерінен.

### РЕШЕНИЕ ПРОБЛЕМ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ЧЕРЕЗ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИДЕИ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА

Захарова Ольга Викторовна , Сереброва Дарья Игоревна  
студенты Восточно-Казахстанского гуманитарного колледжа имени Абая  
Научный руководитель: Полякова Наталья Михайловна  
Восточно-Казахстанская область, г. Усть-Каменогорск

**Актуальность** нашей темы заключается в том, что в современном Казахстане идёт становление новой системы образования, ориентированной на мировое образовательное пространство. Но из-за недостаточно продуманной схемы её реализации, в области образования нашей страны и по сей день продолжает возникать немало проблем и трудностей. Качество знаний детей снижается с каждым годом, и это, в конечном итоге, может привести к тому, что через определенное количество времени мы начнём сталкиваться с большим числом неквалифицированных специалистов. Поэтому педагогические идеи Ахмета Байтұрсынова по вопросам модернизации системы образования заслуживают пристального внимания.

**Цель проекта** – сопоставить и сравнить основные черты образовательной программы обновленного содержания с трудами и взглядами Ахмета Байтұрсынова. Найти пути решения проблем обновленного содержания образования в педагогических трудах Ахмета Байтұрсынова.

#### **Задачи исследования:**

1. изучить педагогические взгляды Ахмета Байтұрсынова;
2. сопоставить проблемы обновленного содержания образования с решениями, предложенными Ахметом Байтұрсыновым;
3. выяснить, актуальны ли педагогические взгляды Байтұрсынова на сегодняшний день.

**Объекты исследования** – исторические труды Байтұрсынова и образовательная программа обновленного содержания образования.

**Методы исследования:** анализ и методы НПИ.

#### **1. Введение**

Развитие инновационных педагогических идей Казахстана связано с именем Ахмета Байтұрсынова.

**Ахмет Байтұрсынов (1873-1938)** - основоположник казахской филологии (языкознания и литературоведения), педагог-просветитель, деятель культуры, общественный деятель. Ахмет Байтұрсынов родился в Тосынской волости Тургайского уезда, в семье крестьянина.



**Первоначальное образование** А. Байтұрсынов получил в родном ауле, затем учился в Тургайском русско-казахском училище (1886-1891) и в Оренбургской учительской семинарии (1891-1895).

**Педагогическую деятельность** А. Байтұрсынов начал в 1885 г. учителем аульных, волостных школ, городских двухклассных училищ в Актюбинском, Кустанайском и Каркаралинском уездах [1, с. 193].

**Вопросами системы образования** Ахмет Байтұрсынов занимался в период становления совершенно нового союза государств. Байтұрсынов занимал пост Наркома просвещения КАССР и видел в

полном масштабе, в каких преобразованиях нуждалось образование, какие возникали проблемы и каким способом их лучше было решить. В своих трудах он рассматривал проблемы: проблема начальной и высшей школы; духовно-эстетического воспитания подрастающего поколения; роль педагогической прессы; совершенствования содержания, форм и методов обучения (Рис. 1).

**Рис. 1. Проблемы, рассматриваемые А. Байтурсыновым**

*Почему же педагогические идеи педагога-просветителя своего времени важны для современного образования Казахстана в XXI веке? Для этого имеется несколько причин.*

**Первая причина – распад СССР.** Независимому Казахстану потребовалась полная модернизация всех своих структур – переход от социалистической системы к построению государства с рыночной экономикой.

**Вторая причина - активное развитие сети Интернет,** которое привело к формированию глобального информационного общества, базирующегося на развитых информационных технологиях. [4, с. 52-55]

Исходя из этого, понадобилась модернизация системы образования. Именно поэтому в 2016-2017-ом учебном году для первых классов и в 2017-2018-ом учебном году для вторых, пятых и седьмых классов началось внедрение обновленной системы содержания образования в общеобразовательные школы. Были: *составлены* учебники, состоящие из абсолютно нового теоретического материала и упражнений; *введена* система критериального оценивания; *сделан* акцент на самообразовании и самообучении.

Как и в любом начинании, с внедрением обновленной системы содержания образования возникли трудности. Учащиеся были абсолютно не готовы к такой образовательной системе, особенно психологически. Да и учителя, прошедшие переквалификацию, так и не смогли перестроиться, сформировать новый взгляд на своё место и роль в учебном процессе. Именно по этим причинам возникло много проблем, нерешённых и по сей день.

Как мы можем видеть, ситуации 1920-х годов и современного времени, в целом, схожи. И там, и там были проведены реформы в сфере образования, которые отвечали требованиям совершенно нового времени. Поэтому мы хотели бы обратиться к трудам Ахмета Байтурсынова, идеи которого могли бы помочь в решении возникших трудностей и проблем.

**2. Литературный обзор**

*Начнем с того, что обновленное содержание образования имеет в своей основе следующие цели: совершенствование педагогического мастерства учителей; развитие критического мышления школьников и повышение уровня самообразования; внедрение системы критериального оценивания; повышение конкурентоспособности молодёжи; ориентированность на мировое образовательное пространство; привитие определённых нравственных качеств и ценностей (Рис. 2).*

*Рассмотрим некоторые цели, в реализации которых возникли проблемы и попробуем найти решения с опорой на труды Ахмета Байтурсынова.*

**Рис. 2. Цели обновленного содержания образования**

**1) Совершенствование педагогического мастерства учителей.**

А. Байтурсынов обращал большое внимание на профессиональную подготовку учителей и повышение их педагогического мастерства. Он отмечал, что учителям необходимо овладевать педагогическими техниками, а также уметь вести уроки в школе, опираясь на научную базу. Именно поэтому его педагогическая деятельность была направлена на то, чтобы учебный процесс в школе постоянно совершенствовался, а вместе с ним и уровень квалифицированной подготовки учителей.

В связи с этим Байтурсынов выделил требования, которые предъявляются к учителю:

- владение частной методикой,
- знание психологических особенностей детей,
- знание теоретических основ процесса обучения [2, с. 230].

Как в старой системе образования, так и в обновлённой, учителя не используют *дифференцированный подход к ученикам*, т.к. не обладают должной психологической подготовкой. Например, в обычном классе общеобразовательной школы учится мальчик, имеющий меланхолический тип темперамента, которому свойственны высокая чувствительность, эмоциональность, тревожность, слабая нервная система. Он не умеет писать, не выходит к доске и всё время молчит. Из-за слабой





психологической подготовки, учителя предпочитают не искать к нему особые методы и подходы, а просто не обращать внимание.

В современной школе учитель обязан быть психологически грамотным. Без этого он не сможет осуществлять индивидуальный подход к каждому ученику и построить полноценный процесс не только обучения, но и воспитания.

### **2) Развитие критического мышления школьников и повышение уровня самообразования.**

Обновлённая система образования направлена на развитие *критического мышления* школьников. Они должны не просто знать новый материал, а также уметь анализировать, сопоставлять и делать выводы.



Но в реальности возникли следующие проблемы: ученики не обладают навыками, необходимыми для критического мышления, т.к. учителя сами не имеют такого навыка; в учебнике информация не дана в полном объеме; учащиеся не могут находить конкретные ответы на поставленные вопросы из-за противоречивой информации, находящейся в сети Интернет; у детей формируется совершенно неправильное представление об изучаемой теме, что делает практически невозможным её дальнейший анализ (Рис. 3).

### **Рис. 3. Проблемы развития критического мышления**

Обратимся к Ахмету Байтурсынову. Он писал, что школе нужна соответствующая программа, в которой бы упорядочились и систематизировались все материалы, подлежащие усвоению. Для того чтобы достичь положительных результатов в любом деле, его нужно заранее чётко спланировать и предусмотреть весь ход дальнейших

действий [3, с. 226-227].

Мы считаем, что необходимо создать единую научную базу на русском и государственном языках, в которой были бы собраны все достоверные сведения из совершенно разных областей. На основании данной научной базы составлялись бы школьные учебники, подбирались дополнительная литература с обязательным указанием ссылок на интернет-источники. Это позволило бы ученикам не тратить время на определение достоверности найденных источников.

### **3) Привитие определённых нравственных качеств и ценностей.**

Как было отмечено ранее, незнание учителями психологических особенностей детей, а также низкая нравственная культура самих учителей, не позволяет привить детям такие общечеловеческие ценности как покой, ненасилие, праведное поведение, истина и любовь.

Ахмет Байтурсынов высоко пропагандировал такие черты характера как нравственность, честность и благородство. Он видел в развитии данных качеств большие перспективы, считая их залогом благосостояния и будущего Казахстана. В своих произведениях «Қырық мысал» (1909), «Маса» (1911) педагог-просветитель высмеивал такие человеческие пороки как праздность, лень, невежество, тщеславие; призывал народ к трудолюбию; приобщал к знаниям; способствовал развитию искусства, повышению культуры народа.

Учителя должны быть примером для подражания, прививая детям как нравственные, так и общечеловеческие ценности.

### **4) Повышение конкурентоспособности молодёжи.**

Обновлённая программа нацелена на повышение *конкурентоспособности нашей молодёжи*, ведь именно за молодёжью – будущее нашей страны. Но для этого необходимо уже сейчас решить все образовавшиеся проблемы и недостатки. Одна из проблем заключается в некачественности педагогов, их неготовности повышать свой уровень всестороннего образования.

«Если для народа главное богатство – здоровье, главные богатства для души – знания и искусство. Только при их помощи народы находят свое место в рядах цивилизации. Главная задача – дать знания молодежи, научить ремеслу, дать им профессию. Это наша основная цель и задача» – говорил Ахмет Байтурсынов. Тем самым Байтурсынов подчеркнул, что именно знания повысят конкурентоспособность молодёжи и дадут шанс на крепкое и надёжное будущее.

### **3. Заключение**

Исходя из всего вышесказанного, обновлённая система содержания образования имеет хорошие перспективы для дальнейшего совершенствования и развития.

Опираясь на педагогический опыт Ахмета Байтурсынова, можно выделить несколько путей решения представленных проблем:

- создание единой научной базы нашей страны на русском и государственном языках, в которой были бы собраны все достоверные сведения из различных областей;

- совершенствование педагогического мастерства учителей для более глубокого понимания ими психологических особенностей учащихся;
- тщательная подготовка как учителей, так и учащихся к изменениям, происходящим в системе образования.

Если не решить сейчас все возникшие проблемы, то спустя определённое количество времени мы можем получить некомпетентных специалистов, которые будут работать в сфере образования, науки, медицины, политики и экономики. Именно они будут в будущем лечить нас и давать образование нашим детям, решать вопросы в области политики и экономики, принимать важные государственные решения.

#### Список литературы:

1. С. Калиев, К. Аюбай. Антология педагогической мысли Казахстана // Алматы: Сөздік-Словарь, 2012.- Т.1. - 448 с.
2. Байтұрсынов А. Об обучении по-казахски // Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К. Б. Жарикбаев, С. К. Калиев. - Алматы: Рауан, 1995. 512 с.
3. Байтұрсынов А. Нужды школы // Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К. Б. Жарикбаев, С. К. Калиев. - Алматы: Рауан, 1995. – 512 с.
4. Калжанова Г. М. Модернизация системы образования в Казахстане // Проблемы и перспективы развития образования: материалы VIII Междунар. науч. конф. (г. Краснодар, февраль 2016 г.). — Краснодар: Новация, 2016. — С. 52-55.

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ПЕН СПАНДИЯР КӨБЕЕВТІҢ МҰРАЛАРЫНЫҢ ҮНДЕСТІГІ

Ибраева Ләйлім Бериковна

,Қостанай педагогикалық колледжінің оқытушысы, магистр

Қостанай қаласы

XX ғасырдың басы – қазақ халқының көркемдік ой-пікірінің тарихында айрықша із қалдырған кезең. Бұл кезде ұлттық әдебиет ұлы Абай мен Ыбырай негізін салған демократтық, ағартушылық бағытты әрі қарай дамыта отырып, оны жаңа ғасыр күн тәртібіне қойған міндеттерге лайық жаңғыртты. Әдебиет тақырыбы кеңейді. Ол әлеумет ісіне араласып, қоғамдық өмірде болып жатқан өзгерістерге өз үнін қосты. Қазақ халқының тағдырына алаңдаған ой-пікір иелері әдебиетті алға ұстап, соған қосылып сөйледі. Сөйтіп Ахметтің «Оян,қазағы» мен «Масасы» тек әдебиет сүйгіш қауымды ғана емес, бүкіл ұлтты оятты. Ахмет осындай үрдісті Спандияр Көбеевте жалғастырып әкетті. Солардың шығармалары арқылы ғасыр басындағы қазақтың көркемдік ойы толысып, жетілді.

Қыран едің білім деген көктің сен  
Қандай биік армандарға жеттің сен  
Қалың қазақ білім алса деушедің  
Мұңайма ата арманына жеттің сен...

Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері – Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылында дүниеге келген. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі. Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет майданындағы есімі әр жас ұрпақ жүрегінде Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы, тарихтағы орны ғалымдық, ақындық, публицистік, қайраткерлік істері аса жоғары бағаланған. Өз уақытының аласапыран құбылыстарын бағалау болашақ алыс өрістерді көруге келгенде алмағайып ағыстарға малтығып, қалың тұманда адаспай Ахмет Байтұрсынұлының орны ерекше. Ақан ашқан қазақ мектебі, Ақан түрлеген ана тілі, Ақан салған әдебиеттегі елшілдік ұраны, «Қырық мысал», «Маса» еңбегі, «Қазақ газетінің» 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытқанда да, тарих ұмытпайтын білеміз. Оны жұрттың бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкім дауласпайды деп ұлы данышпанымыз Абай есімін бар әлемге таныстырған Мұхтар Омарханұлы Әуезов айтқан болатын. Ахмет атамыздың тарихтағы орнын, әлеуметтік-қоғамдық істерін, дүниетанымдағы кейбір қайшылықтарын өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамдардың бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол «Еңбекші қазақ» газетіндегі өз мақаласында былай деген екен: «А.Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан өз заманында патша арам қулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қалай болса да, жазушысы аз ғана, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына оқу хәм тіл құралдарымен қылған қызметі таудай». Ахмет атамыздың әдебиет майданында есімін асқақтатар болсақ,

қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын ұлы Абай тапқан аударма жасау дәстүріне мойын ұсынады. Бұрынғы ескі ертегі, хикая үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма – мысал арқылы көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крыловтың туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте бастырып шығарды. Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан қазақ тұрмысына ет-жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді төл дүниесіндей етіп жіберді. Әртүрлі аңдар, әртүрлі адамдар кейпінен хабар беріп, ишара тұжырым жасалады. Адамдардың мінезі, өмір ағысы, тағдыр сабағы, заман қабағына қатысты көптеген жайттарды әсіресе патша отаршылардың зорлық-зомбылығы, байлардың, жуандардың тепкісі, елдің азып-тозуына байланысты сарынды А. Байтұрсынұлы жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді, кейде ашық дәл айтылатын ойлары да кездеседі. Алуан-алуан ойға жетелейтін «Қайырымды түлкі», «Ала қойлар», «Үлес», «Қартайған арыстан», «Өгіз бен бақа», «Ат пен есек» мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды меңзейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алады. Аудармашы негізгі түп нұсқа мәтініне орайластырып, көркем ойға ой, суретке сурет қосып, пікірді ұштап, жаңа сарын-әуез қосып отырады. Ақын аудармаларында сюжет сақталғанмен еркіндік басым, қазақ тұрмысына жақын идеялар, заман тынысын таңытатын жаңа ойлар айтылады. Түп негізі қысқа болғанымен аудармашының аудармасы ұзақ болып келеді. Мысалы, «Өгіз бен бақа» орысшада-17, қазақшада-36 жол, «Қасқыр мен тырна» орысшада-19, қазақшада-76 жол, «Қасқыр мен қозы» орысшада – 37, қазақшада-68 жол. Бұдан біз Ахмет атамыздың жаңа, ұлттық төл туынды жасағанын көруге болады. [1, с. 1].

1911 жылы Орынбор қаласында «Маса» жинағы жарыққа шығады. Мұнда Ахметтің өз басынан кешкен қиын-қыстау күндер, ауыр жолдар, қуғын-сүргін, жетімдік-жоктық бір талай өлеңдерге арқау болады. Ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы басты сарын. Осыған орай Ахмет Байтұрсынұлының «Оқуға шақыру» өлеңі де қазақ халқының білімге сауаттылыққа шақырады.

Балалар!

Оқуға бар!

Жатпа қарап!

Жуынып, киіңдер шапшаңырақ!

Шақырды тауық мана әлдеқашан,

Қарап тұр терезеден күн жылтырап.

Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да,

Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да:

Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп,

Барады аралар да ұшып балға.

Күн ашық, тоғайлар шат, ың-жың орман,

Оянып жан-мақұлық түнде қонған,

Шығады тоқылдақтың тоқ-тоқ даусы,

Сайрағы сарғалдақтың сыңғырлаған.

Өзенде балықшылар ау қарап жүр,

Тоғайда орақ даусы шаң-шұң орған.

Аллалап, ал кітапты қолдарыңа!

Құлдарын Құдай сүймес жалқау болған. Қалың қазақ көпшіліктің білім алу жолына өзгерістер әкелді. [2]

Сол кездегі Спандияр Көбеевпен Ахмет Байтұрсынұлының қазақ халқының тағдыры үшін мол өзгерістер әкелді. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінің тарихында Спандияр Көбеевтің көрнекті орны бар. Қазақ жерінде ашылған алғашқы орыс мектептерінен тәрбие алған ол өзінің барлық саналы өмірін туған халқының мәдениет пен білім жолында ілгері ұмтылуына жәрдемдесуге арнады. Бұл саладағы қызметін Спандияр ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің педагогтік үлгісімен жүргізді. Би-болыстардың қырына ілінген қыңыр әкенің кесірінен мектепке іліге алмай қалған кедей баласын алғаш орналастырған да Торғайдың оқу инспекторы еді. Ұлы ұстазы алдында жаутандап, оның мейірімділігі мен кең пейіліне риза болған Спандияр ішінен соған ұқсауды армандаған-ды. Ыбырай секілді халыққа пайдалы азамат болу, өз білімін елін ағартуға жұмсау Спандиярдың өмір бойғы арман-тілегі еді. Спандияр Көбеев 1878 жылғы қазан айының 1 күні Қостанай облысы, Боровский ауданының Ақсуат ауылында кедей шаруа семьясында дүниеге келген. Ыбырай Алтынсарин ұйымдастырған ауылдық мектепте сауат ашып, Қостанай қаласында мұғалімдер даярлайтын курсты 1901 жылы бітірген. Осы жылдан бастап өмірінің соңына дейінгі 55 жылын ұстаздық қызметке жұмсады. Ол өзінің ұзақ та жемісті ұстаздық еңбек жолын «Орындалған арман» (1951) атты мемуарлық кітабында баяндады. [3]

Спандияр Көбеевтің қазақ әдебиеті тарихындағы үлкен орны – оның революциядан бұрынғы әдебиетте прозаның тууына, ондағы роман жанрының қалыптасуына сіңірген еңбегімен байланысты. 1913 жылы Қазанда басылған жазушының «Қалың мал» романы қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш көлемді прозалық туынды болып саналады. Романда Революция алдындағы қазақ ауылында болған қат-қабат әлеуметтік өзгерістер шынайы суреттелген, дәуір шындығы боямасыз көрсетілген. Романда қалың

мал әлегі, қазақ қызының аянышты да арманды тағдыры нанымды бейнеленумен қатар дала тіршілігіндегі әлеуметтік теңсіздіктің, жолсыздықтың сан алуан көрінісі батыл әшкереленген. Ел билеуші әкімдер мен үстем тап өкілдеріне қарсылық білдірген кедей бұқарасының әрекеті шыншылдықпен суреттелген. «Қалың мал» романы – тілінің тазалығы, көркемдігі жағынан да өзімен тұстас прозалық туындылардан өзгеше шығарма. Жазушы романында халықтың сөз байлығын, мақал-мәтелдерді орынды пайдаланған, кейіпкерлер мінезін даралап көрсеткен. [4]

Спандияр Көбеевтің де Мектепке шақыру – өлеңі қалың халықты ертемен оятып білімге шақырады.

Балалар, жиналыңыз мектепке ерте,

Мәз болмай деген сөзге «мырза, ерке».

Бұл кезде өнерлі адам өрге шықты

Зат емес надан кісі алар текке.

Ертеңгі шақыруымен әтеш құстың

Халықтар кетіп жатыр егіндікке.

Күн шығып терезеге сәуле түсті

Тұрыңыз, жарамас тек уақыт өтсе.

Адам да, аңдардағы, құстың бәрі

Әрқайсысы қызметінде келгенше әлі.

Қалбаңдап көбелек те тек жүрген жоқ,

Бал жинай кетіп барады ұшып ара.

Тоғайдың қызығына тоймастай жан,

Орманда қыбырлаған әртүрлі аң.

Тұра сап тоқылдақ та тек жүрген жоқ,

Ертемен құстар сайрап салады ән.

Шөпшілер тоғайда жүр шөбін шауып,

Қол күші еңбегімен пайда тауып.

Балықшы ауын қарап қайықта жүр,

Дені сауда жұмыс та бір қызық сауық.

Қарасақ әр мақұлық қызметінде

Көрінеді осылайша күнде - күнде.

Ынтамен сабағыңызға қол қойыңыз

Надан боп жұрт болмасын тек жүргенде.

Екеуі де сол заманда Ыбырай Алтынсарниң сара жолымен өтіп қазақ халқының білім алуын армандады. Спандияр Көбеев пен Ахмет Байтұрсыннов есімі бүгінгі таңда әр жас ұрпақ жүрегінде жатталып, мәңгі есте қалары хақ. Өз дәуірінің прогресшіл талап-тілектеріне жауап беруге тырысқан, орыс мәдениетінің жаршысы бола білген қазақ мәдениетінің тарихынан құрметті орын алатындары сөзсіз.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. “Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.ISBN 9965-26-096-6
2. «Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясы, Алматы, 2002;
3. Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009 ISBN 978-601-01-0268-2
4. [http://bilimdiler.kz/akin\\_zhazushi/11-spandiyar-kbeev.html](http://bilimdiler.kz/akin_zhazushi/11-spandiyar-kbeev.html)

#### ҰЛЫЛАР ҮНДЕСТІГІ

Иният Акерке Әсембекқызы, 2 курс студенті

Ы.Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжі

Жетекшісі:Турагулова Балжума Темирбековна, арнайы пәндер оқытушысы

Өзектілігі: «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болған» ұлт ұстаздары Ахмет пен Ыбырай есімі қай ғасырда болмасын ұштасып жатқан дүние. Бірі жол салушы, екіншісі соның ізбасары ретінде қапаста жатқан халыққа білім атты шырақ жағып, түнектен жол тауып шыға алды. Шоқтығы биік тұлғалардың еңбектерінің байланысын, халық жолындағы мақсаттары мен көкіректі кернеген ойларын зерттеп,насихаттау -жас ұрпақ парызы деп білемін. Ұлы дарындарымыздың салған сара жолымен

жүріп, өткен күннің озық тәжірибелерін бүгінгі күнге пайдалану үшін, қос шамшырақтың үндестігін анықтау күн тәртібіндегі өзекті мәселе.

Мәселе: Байтұрсынов пен Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығын, өзіндік әдістері мен тың идеяларын, арманы мен алға қойған мақсаттарын зерттеу арқылы, оны бүгінгі күнде жүзеге асқанын, жаңаша көрініс бергенін дәлелдеп көрсету-мен үшін маңызды мәселеге айналды.

Жұмыс мақсаты: Ұлы дарындарымыздың мәдениет, әдебиет, білім, өнер саласындағы қосқан үлестерін анықтау, оның 21 ғасырмен үндестігін көрсету.

Міндеттері:

- Ахмет Байтұрсынұлы мен Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығынан ақпараттар жинақтап, ұқсас дүниелерді бөліп шығару;
- Ыбырайдың ұлт жолындағы ізгі амалдарының Ахмет арқылы жалғасын табуын дәлелдеу;
- Дарындарымыз бастаған ұлы жолды жалғаған бүгінгі бастамаларды насихаттау.

Ахмет Байтұрсынұлы мен Ыбырай Алтынсарин бір ғасырда өмір сүрген ұлылар. Қос бірдей алыпты бір дәуірге қойған тағдыр неткен ғажап десеңізші. Осындай қайталанбас тұлғалардың Қостанай облысынан шыққаны да біз үшін үлкен мәртебе. Мүмкін бірінің ізін бірі жалғауына себеп болған дүние олардың жерлестігінде де шығар. Мұнымен қоса олар екеуі де орта жүзден шыққан. Ыбырай мен Ахмет алғашқы білім жолдарын Орынбордағы мектептен білім нәрімен сусындаудан бастаған. Оқып-тоқып ақылды, көрегенді, білгір, зейінді адамға айналған олар мектептік шақтан соң өз еліне борышын тілмаштық-хатшылық қызметтен бастады. Жәй ғана еңбек етіп қоймай, Ресейден қазақ жеріне жіберілген елшілермен, ықпалды кісілермен танысып, араласып-құраласа бастады. Олардың қатарында М. Горький, В.В. Григорьев, Н.И. Ильминский сынды атағы көпке мәлім беделді тұлғалар бар. Бұл Ыбырай мен Ахмет өмірінің ұқсас тұстарының бір бөлігі.

Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин: «Мектеп - қазақтарға білім берудің басты құралы. Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек мектептерде», - деп жазса, бұл ойды Ахмет Байтұрсынұлы «Мектеп жаны-мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі хәм сондай болмақшы», - деп жалғастырып, бүгінгі күндегі педагог мәртебесі ұғымына тоқталған. Ыбырай Алтынсарин алғаш мектеп ашып, қазақ балаларының сауат ашуын мақсат етіп тұтса, аға жолын жалғаған ізбасары мектептегі қазақ тілінің рөлі мен беделіне аса көңіл бөлді. Халқымыздың кемеңгер ұлдарының бірі Әлихан Бөкейханов 1925 жылы Ахметке хат жазып: «Алтынсары баласы Ыбырай хақында өзің жазсаң жақсы болар еді. Ол сенің ағаң емес пе? Егер ол қазір өмір сүрсе, сендей болар еді, ал сен ертерек дүниеге келгенде оның ісін жасарың хақ», - деп екеуінің бір-бірімен рухани жақындығын, мақсаттарының бір екенін айтып, үлкен сенім артады. Шындығында да, Ыбырай мен Ахметте бір-біріне ұлттық мүддеден туған ұқсастық көп. Ыбырай Алтынсарин «Кел, балалар, оқылық», - деп оқуға шақырса, Ахмет Байтұрсынұлы «Тарту» өлеңі арқылы даналық пен білімді ұштастырып, балалардың қызығушылығын оятқан. Расында, қай жылдары болмасын көкसेгені бір, мүддесі ортақ тұлғалар екі жарты бір бүтін іспеттес.

Бүгінгі күні ұлылар арманы өз жалғасын «100 мектеп, 100 аурухана», «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», «Педагог мәртебесі», «Қазақ тілін латын қарпіне көшіру», «Тіл тағдыры-ұлт тағдыры», «Цифрлы Қазақстан», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы арқылы тапты. Бұл тек алға жылжудың, ұлттымызды тарих сахнасына шығарудың ғана жолы емес, өткенге деген құрметтің, ата-баба тағылымының, сонша еңбек пен көз жастың жемісі деп білеміз. Ыбырай ағамыз мектеп ашуды, қазақ тілінде оқулық жазуды мақсат тұтса ол «100 жаңа оқулық», «100 мектеп, 100 аурухана» жобасы арқылы көрініс берді. Мұғалім-мектептің жүрегі деп ой салып, мұғалімнің мәртебесін көтеруі «Педагог мәртебесі» заңы арқылы жалғасын тапты. Ахмет ағамыздың қазақ кириллицасына аса мән беріп, тіл тазалығы мәселесін көтеруі, әліпби жасауы «Латын қарпіне көшу» бағдарламасымен үндесе түсті. Қазақ даласында ашылған мектептердің қажетті құрал-жабдықпен, техникамен толық қамтамасыз етілуін көкसेген бабалар тілегі «Цифрлы Қазақстан» жобасының бастамасы болғандай.

Зерттеу нәтижелері: Зерттеу соңы жұмыстың алдында қойылған мақсаттар мен міндеттерге толық жетумен жемісін берді. Ахмет пен Ыбырай тек 19 ғасыр ұлылары емес, мәңгілік өшпес, еңбегі мен ерлігі ғасыр өткен сайын өзінше жаңарып, көркейіп отыратын алтын өсімдер.

Қорытынды: Ыбырай мен Ахметтің өмірі мен шығармашылығы, ұлт жолындағы ізгі амалдары уақыт ағымымен бірге өсе беретін ұмытылмас тарих. Ұлы дала дарындарының тағылымдары өткен күннің естелігі ғана болып қоймай бүгінмен байланысатын, болашаққа жол ашатын көпір іспеттес. Тек осы көпірдің құрылысын салу жас ұрпақтың алдындағы парызы.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы, Ана тілі- 1992 ж.
2. Серікбай Оспанұлы. Сөнбес шырақ. Қостанай, 2016 ж.
3. Күзембаева В.К. Ұлттың ұлы ұстазы. Алматы, 2001 ж.
4. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. — Алматы: «Атамұра», 2002. — 768 б.
5. «Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық» Алматы, 2010 ж.
6. <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/2236>

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ

Ізімова Сағира Кенжебекқызы

Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің оқытушысы

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы

Қазіргі ұлттық қалпымыздың сақталып, дамуына негіз болған тұлғалар қазақ қоғамында аз болған жоқ. Саналы ғұмырында ұлт үшін қызмет етіп, ұлтым деп кеткен қанша тау тұлғаларымыз өтті. Әсіресе, Кеңес дәуіріндегі қазақ мәдениетінің құлдырау кезеңінде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып біріккен қазақ зиялылары, қиын кезеңде ұлттығымызды сақтап қалуға зор үлес қосты. Сол азаматтардың арасында елінің ұлттығын сақтауға ұмтылып «Қазақ» газетін шығару арқылы үкіметтің солшыл саясатын ашық жазған, Алашорда үкіметінің мүшесі, қоғам қайраткері, ақын, аудармашы, ұстаз, публицист, әдебиеттанушы - Ахмет Байтұрсыновтың қызметі зор.

Автордың «Маса», «Қырық мысал» жинақтары ақын, аудармашы реніде әдебиетке қосқан үлесі болса, «Қазақ» газетінде жарық көрген мақалалары публицист қырын айқындайды, ал ұстаздық, әдебиеттанушылық келбеті қазақ тілі мен әдебиеті ғылымында ойып тұрып орын алатын зерттеу еңбектерінен көрінеді.

«Ұлы ағартушы Алтынсариннің бастамасын ілгері дамытып, нағыз ғылымдық дәрежеге көтеріп, жетер жеріне жеткізіп берген- Ахмет Байтұрсынов» – деп жазады Абайтанушы, ғалым Қайым Мұхамедханов. Ғылым жүйеге негізделіп анық дәлелмен жазылатын таным. Қазақ тілі мен «асыл сөзінің» ғылымын жүйелеген - Ахмет Байтұрсынов екенін нақты әрі сенімді түрде айта аламыз. [7]

1912 жылы тұңғыш рет басылып шыққан «Балалар бұл жол басы даналыққа деп басталатын «Оқу құралы» қазақ халқының тіл ғылымының негізін салған алғашқы еңбек. Автор қазақ әліпбиін төте жазумен жазып, түсінікті болу үшін, оқуға жеңіл болуы үшін әр әріптің қасына атауы жазылып, мысалдар келтіре отырып жүйелеген. Бұл еңбектің қызметі зор болғандығын 1912-1925 жылдар аралығында 7 рет басылуынан байқауға болады. [2]

1914 жылы жарық көрген «Тіл -құрал» атты еңбегі қазақ тіл білімінің қалыптасуына жасалған ең маңызды іс болды. Автор: «Тіл — құрал» үш жылға бөлінгенде, бірінші жылда оқытуға ұйғарғанымыз: Сөйлеу мен сөйлемді айыру, сөз бен сөздің буынын айыру, буын мен буындағы дыбысты айыру, қазақ тіліндегі дыбыстар хәм оларға арналған харіфтер; Қазақ сөзіне жазылатын харіфтер турасындағы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары. Бірінші жылда үйретуге осы жеткілікті болар; өйткені, «Тіл — құралдағы» заттар қазақша хәм арабша алифбалардағы харіфтерді балалар үйреніп болғаннан кейін үйретіледі. Балаларға көп үйретем деп, асығып шала-шарпы үйретуден, аз да болса, анықтап нық үйрету абзал. Әсіресе, бірінші жыл оқылатын «Тіл — құралы» тіл білімінің негіз болғандықтан нық үйретілуге керек.

Қазақ тілі — түрік тілінің бір тарауы. Дүниедағы жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) Түбіршік тіл. 2) Жалғамалы тіл. 3) Қопармалы тіл. Түбіршік тіл түпкі қалпынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен, қытай хәм иапон тілдері. Жалғамалы тіл — сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, мәселен, түрік, фин тілдері. Қопармалы тіл — сөз түбірімен қопарылып өзгерілетін тіл, мәселен, орыс тілі, араб тілі. Біздің қазақ тілі түркі тілдің бір тарауы болғандықтан жалғамалы. Қазақ сөзінің түбірі өзгерілмей аяғына жалғау қосылып өзгеріледі. Жалғау екі түрлі: бірі сөздің тұлғасын өзгертсе де, ішкі мағанасын өзгертпейді, екіншісі сөздің тұлғасын да, мағанасын да өзгертеді. Сондықтан бастапқысы тысқарғы, соңғысы ішкергі жалғау деп аталады. «Құлақ» деген сөзге «-тың» деген жалғау қоссақ, «құлақтың» болады. Тұлғасы өзгерілді, мағынасы өзгерілген жоқ. «Құлақтың» дегенде бастың мүшесінің атын көрсетеді. Егерде «құлақ» деген сөзге «-шын» деген жалғау қоссақ, «құлақшын» болады. Мұнда тұлғасы да, мағанасы да өзгерілді. «Құлақ» бастың мүшесін көрсетуші еді, «құлақшын» болған соң, басқа киетін киімнің атын көрсетіп тұр. Міні, сондықтан «-тың» тысқарғы, «-шын» ішкергі жалғау болады.

Екі түрлі жалғаудың тысқарғысы – сөйлегенде, жазғанда сөздерді біріне-бірі қиындастырып тізу үшін қажет, ішкергісі — бір мағаналы сөзден екінші мағаналы сөз шығарып, сөзден сөз туғызып, көбейтіп тілді байыту үшін қажет. Ішкергі жалғаудың бірсыпырасы осы бірінші жылдық «Тіл — құралда» сөз тұлғасын сөйлеген орындарда көрсетілді. Тысқарғы жалғау туралы екінші жылдық «Тіл - құралда» айтылмақшы. Сөзді дұрыс тізіп сөйлеу, әсіресе дұрыс тізіп жазу туралы үшінші жылдық «Тіл — құралда» айтылмақшы-дейді, яғни қазіргі ғылым тілімен айтатын болсақ қазақ тілінің фонетикасы, морфологиясы мен синтаксисі балаға үйренуге оңай болуы үшін үш бөліп жазылған. [3]

1920 жылы басылған «Баяншы» еңбегінде мұғалімге дыбыстарды оқыту ретін түсіндіретін әдістемелік құрал болса, 1928 жылы жарық көрген «Тіл –жұмсар» автор дәйектемеде жазғандай «Тіл-құрал» еңбегінің жалғасы болатындығын айтады. Яғни «Тіл құрал» оқулық болса, «Тіл –жұмсар» сол

оқулықты балаға үйретудің әдістемесі. «Тіл –жұмсарда» автор барлық ережені үйрету ретін жазып, тапсырманы қалай беру керек екендігін мысалмен түсінікті етіп жазған.

1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш» қазақ әдебиетінің теориялық негіздемесін жасаған қайталанбас еңбек. Әдебиет сыншысы Т. Кәкішев: «Мұндай еңбек бізде бұған дейін де, бұдан кейін де қайталанған жоқ. Ол – әдебиет теориясы мен әдебиеттану ғылымының міндет-парызын қатар атқарып, біздің алдыңғы ағаларымыздың эстетикалық сауатын ашуға мұрындық болған жүйелі оқулық. Ондағы анықтамалар мен терминдердің өзі күні бүгінге шейін біздің ғылыми арсеналымыздан орын алатын құнды қағидалар мен атаулар. Көркемдік әлеміндегі сөз өнерінің сай-саласын ұғындыратын «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған өміршең қондырғы-фундамент» деп баға берген. [5]

Еңбекте Ахмет Байтұрсынов: «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты –шығарма сөз, ол аты қысқартылып, көбінесе шығарма деп айтылады. Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын – бәрі шығарма болады. Шығарманың түрлері толып жатыр. Оның бәрін шумақтап бір атағанда, арабша –әдебиет, қазақша –асыл сөз дейміз» дейді. Автор еңбекте осы әдебиетке үлес қосатын шығарманың қандай болуы тиіс екендігін егжей-тегжейлі жазып көрсетеді. Шығарманың сырқы тұрпаты: тақырып, жоспар, мазмұн, түрден бастап, ішкі негізі болатын мазмұнын байытуды, айшықтауды, суреттеуді, сипаттауды, айқын түсіндіреді. [1]

Жоғарыда айтылған жіктемелердің барлығы қазіргі күнге дейін қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда қолданылып жүр. Қаншама ұрпақ сол еңбектердің арқасында көзі ашық көкірегі ояу тұлғаға айналуда. Ахмет Байтұрсыновтың еңбектері кейін тіл білімі саласын зерттеген С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, А.Ысқақов, Ғ.Мұсабаев, Ы.Маманов, Ғ.Айдаровтардың да, әдебиет теориясын зерттеген Е.Смайлов, Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов, Т.Кәкішев, Р.Нұрғалиевтердің де зерттеулеріне негіз болды. Қанша уақыт өтіп заман ауысса да автор еңбектері өз маңызын жоғалтпақ емес. Сондықтан да Ахмет Батұрсынов ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалаушысы болмақ.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А.Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. — 208 бет
2. Байтұрсынов А. Оқу құралы. –Орынбор., 1912.
3. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Алматы: «Сардар» баспасы, 2009 - 348 бет.
4. Байтұрсынұлы А. Шығармалары Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер.-Алматы: Жазушы, 1989.-319 б.
5. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. Алматы, 1994.
6. Қазақ газеті [Мәтін] : Алаш азаматтарының рухына бағышталады / - Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 1998 . - 556, [2] б.
7. Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері.- Алматы: Атамұра, 1995.-208 бет.

### ДӘУІРДІҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

Қанафина Айзат Дәуленқызы

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің білім алушысы

Жетекші: Абдилдина Куляш Султановна

Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Ахмет Байтұрсынов ағамыз туралы қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқу арқылы, оның білім саласына қосқан үлесі, ұйқыда жатқан қазақтың көзін ашу мақсатында ағартушылық саласына орасан зор еңбек сіңіргені туралы көп деректер білдім. Тек қана білім саласына ғана емес, сонымен қатар, оның ғалым, зерттеуші, ағартушы, педагог, қоғам қайраткері, аудармашы, репрессия құрбаны және өз ұлтын сүйген патриот адам ретінде таныдым. Қазақ тіл білімінің дамуына және халықтың сауатын ашу мақсатында 24 таңбадан тұратын қазақ графикасын енгізді. Одан соң осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, Ахмет атаның қазақ графикасының негізінде халқымыз қара танып, сауатын аша бастады. Бүгінгі таңда ағамыздың құрастырып бізге аманаттап кеткен әліппінің арқасында оқып, білім алудамыз.

Ағартушы, ғалым А. Байтұрсынов тіл туралы өз сөзінде: «Сөзі жоғалған халықтың өзі де жоғалады», - дейді. Шынымен де, тіл болмаса қазақ деген елде болмас еді. Адамдар болғанымен, олар қазақ болмайды. Ал президентіміз Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», - дейді. Расымен де, қазақ тілінің сақталуы ана тілімізге байланысты болуы керек, үш тілде емес. Өйткені, ең алғаш былдырлаған сәбидің тілі – ана тілі болады. Орыс не болмаса, ағылшын тілі емес. Мен ойлаймын мектепте бастауыш сыныптың балаларына орыс тілінде емес, ағылшын тілінде емес, тек қана қазақ тілімізде білім беруіміз керек. Егер ана тілін жастайымыздан толық білмесек, бізден ешқандайда ақын да,

ұлы жазушы да, осындай Ахмет атамиз сияқты ұлы тұлға да шықпайды. Сондықтан үкімет басшыларына қазақ тілі мәселесіне көңіл бөлулерін сұраймын. Егер немқұрайлықпен қарайтын болсақ, онда тіліміз құриды... .

Қандай да ұлы адамды алсақ, оның ұлылығы ең бірінші туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігінен туады. Мен Ахмет атамның өзіміздің киелі қарт Торғай жерінен шыққанына мақтанамын. Себебі, Торғай жерінен көптеген ағартушы, педагог, ғалымдар шыққан, білім нәрінің бастау алған жері – ол менің кіндік қаным тамған, ұлы ұстаздар дүниеге келген қасиетті Торғай даласы. Атамның қандай шығармасын, өлеңдерін оқып қарасақ, әрдайым халқын қай жағынан болсын ілгері болғанын армандайды, тек сауатты болуы ғана емес, жан-жақты дамыған ұлы тұлға болып қалыптасу жағын ойлады. Сондықтан, біз кім екенімізді, қайдан шыққанымызды, ана тіліміздің қай тіл екенін осындай атақты тұлғалардың арқасында қол жеткізгенімізді мәңгі жадымызда сақтауымыз шарт.

Атамиз мәңгілік елдің ұстазына айналған ағартушы педагог. Қалың ұйқыға кеткен халқын «Маса» болып ызыңдап оятуды көздеген А. Байтұрсыновтың қазақ халқына сіңірген еңбегі шаш етекпен. Ол – алаш ардақтысы, қоғам қайраткері. Өз ұлты үшін бес рет түрмеге түсіп, соңында репрессия құрбаны болып, атылып кеткен ағартушы, ғалым. Мына біздер, оқушылар, атамиздың өмір жолын, елге жасаған қызметін білу бағалау – біздер үшін үлкен парызымыз деп білейік!

Адамзат мәдениеті тарихында алфавит пен жазудың маңызы ерекше. Жазу – адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, әлеуметтік өмірдің барлық саласында кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс ретінде жазу – өткен мен бүгінгі, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Еліміздің бүгінгі жеткен биігіне шығуы жолында жазу мәдениетіміздің де өз үлесін қосқанын жоққа шығармаймыз. Себебі жазу – мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі. Ал жазудың өзгертілуі сол халықтың мәдени өміріне, әлеуметтік психологиясына әсер етеді. Халықтың ғасырлар бойы игерген барлық жетістіктері жазу мұрасы арқылы танылады. Бір жазудан екіншісіне көшу халықтың осы рухани байлықтан сусындауынан қосымша қиындық келтіруі мүмкін. Сондықтан алфавит пен жазу мәселесіне әлеуметтік лингвистика тұрғысынан жете назар аударған жөн деп білеміз. Осы орайда, қазақ жазуы тарихында алғашқы түрен салушы, қазақ тілі білімінің атасы Ахмет Байтұрсынов есімін құрметпен еске аламыз. Сол кезеңде, яғни ХІХ ғасырдың соңынан бастап, Ахмет Байтұрсынов еңбек еткен алғашқы кезеңде, қазақ халқының өзге түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы қолданып келген араб жазуы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық бере алмайтыны, оның түркі тілдеріне жарамсыздығы мен кемшілік жақтары баспасөз беттерінде айтылып, қазақ жазуын жетілдіру керек деген мәселе көтеріле бастаған еді. Міне, осы көзқарастарды өз мақсаттарына шеберлікпен пайдаланған Н.И.Ильминский бастаған миссионерлер араб жазуының кемшіліктерін сынай отырып, қазақ жазуын бірден орыс графикасына көшіру идеясын уағыздай бастады. Н.И.Ильминскийдің пікірінше, алфавитті қай халық болса да, дінмен байланысты қабылдаған, мысалға, европа халықтары латын алфавитін – латын шіркеуі, орыстардың алфавиті – славян шіркеуі, ал мұсылман елдерінің араб жазуы ислам дінінің таралуымен байланысты қабылданған. Араб жазуы – мұсылман халықтарын ислам дінімен байланыстырушы үлкен құрал. Сондықтан, Ильминский бастаған патша өкіметінің миссионерлері, түркі халықтары жазуына орыс алфавитін енгізу арқылы «екі қоянды бір оқпен өлтіруге болады»: біріншіден, оларды мұсылман дінінен айруға болады, екіншіден, орыс графикасы арқылы оларды біртіндеп тілінен, дінінен айырып, православие дініне көшіруге болады деп есептеп, бұл әлеуметтік мәселеге ерекше мән беріп, тіпті, осы мақсатқа өз қандастарымызды да араластырып, біреудің қолымен күл көсеу саясатын қызу қолға алған еді. [1.6].

Н.И.Ильминский 1883 жылы қазан қаласында басылып шыққан еңбегінде былай деп жазды: «Орыс мектептерінде тәрбиеленуші қазақ жастары арасында, сөз жоқ, мұсылман дініне салқын қарағанмен, өз ана тілдерін жанын сала сүйетіндер бар. Соларға орыс алфавиті қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін сақтаудың негізгі амалы деп ұғындыра алсақ, олар қазақ тіліне орыс алфавитін енгізуде көп нәрсеге көмектесе алар еді»[1.4]. Міне, осындай пікірлерден-ақ, жазу мәселесін әлеуметтік саясат құралына айналдырып, халық тағдырын өз мақсаттарына қарай өзгертуді ойлаған проф. Н.И.Ильминскийдің миссионерлік саясатын анық байқауға болады. Осындай уағызға ерген кейбір қазақ оқығандары қазақтың ескі жазба тілін «татаршина», «арабшина» деп жағымсыз қылып көрсетуге қосылып кетті [2.273]. Ал бұл көзқарастардың әлеуметтік саяси астарын терең түсіне білген А.Байтұрсынов «қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек. Қазақты дінінен айыруға болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс... Дінмен байланысқан жазу дін жоғалмай, жоғалмайды», - деп жазды [3.437]. Ол тек өз көзқарасын білдіріп қана қоймай, «1910 жылдардан бастап араб жазуы таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы еместігін байқап, оны қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қайта түзуді қолға алды» [4.283]. Сөйтіп, А.Байтұрсынов реформалаған қазақ графикасы дүниеге келіп, 1924 жылы Орынборда өткен қырғыз-қазақ білімпаздарының тұңғыш құрылтайы оны ресми түрде қабылдады. Бұл әліпбиді халық «Байтұрсынов алфавиті», «Байтұрсыновтың төте жазуы» деп атаса, сол кездегі орыстың белгілі ғалымдары, профессорлар Е.Д.Поливанов пен Н.Ф.Яковлев өте жоғары бағалады. Н.Ф.Яковлев өз сөзінде жақсы алфавит бірнеше ғылыми талаптарға жауап бере алатын болуы керек. Ол талаптардың негізгілері



мыналар: 1. Алфавитте әріптер саны тілдегі сөз мағынасын ауыстыра алатын дыбыстар /фонемалар/ санына тең болуы керек; 2. Алфавитте әріптер саны өте көп болмау керек т.б. Осы негізгі екі қасиет қазақтың сингармониялық алфавитіне тән. Ал сингармониялық алфавит пен сингармониялық орфографияға қосымша таңба – дәйекшінің ендірілуі үлкен ғылыми жаңалық болды дейді [5.79]. Кезінде профессор Қ.Жұбанов та осы араб графикасына негізделген жазуға қарсы айтылып жүрген пікірлердің негізсіздігін айтып, осы жазудың авторы А.Байтұрсыновтың еңбегін жоғары бағалаған еді [6.581]. Е.Д.Поливанов бұл жазуды «Байтұрсыновский алфавит» дей отырып, «...енді түзетуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан алғанда кемелденген, жетілген ұлттық графика» деп ғылыми тұрғыда жоғары бағалады [4.283]. Ал бұл жазудың нағыз ғылыми бағасын танытып, Байтұрсыновтың ұсынған жазуы мен әліпбиінің күдіреттілігі мен тылсым сырын ашып, оның жазуы әлемдік деңгейдегі ғылыми жаңалық болғанын еліміз егемендік алғаннан кейін қорғаған докторлық диссертациясында Ташкенттік ғалым Махамбет Жүсіпұлы жан-жақты дәлелдеп бергені ғылыми қауымға белгілі жай. Сонымен, А.Байтұрсыновты араб алфавитін тұңғыш реформалаушы және соған сәйкестендіріп, емле ережелерін құрастырушы, қазақ жазуы мен әліпбиінің тағдырын шешкен ғұлама ғалым деп білеміз. А.Байтұрсынов жасаған алфавиттің әлеуметтік лингвистикалық жетістігі қандай десек, төмендегі мәселелерді атап көрсету қажеттігі туындайды:

Ғалым қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар, оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты дыбыстар екенін айтып: «бұл дыбыстардың ішінде «к» хәм «ғ» ылғи жуан айтылады, «к», «г» хәм «е» ылғи жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстардың һәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады. Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, ... онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дайым жуан айтылатын «к» мен «ғ» – ны қосқанда, дайым жіңішке айтылатын «к», «г», «е» - лерді қосқанда, бәріне 43 белгі керек», - дейді [3.324]. А.Байтұрсынов қазақтың сингармониялық сөйлесімінің барлық қасиеттерін жазылым процесінде толық қамту үшін осы 43 түрлі дыбысты дәйекшіні қосқанда 25 белгімен жазу техникасын ойлап тапқан;

Дыбыстың жіңішкелігін арнайы таңба – дәйекшімен белгіледі. Дәйекші сөз құрамындағы дауысты және дауыссыз дыбыстың, сонымен бірге, бүкіл сөздің толық жіңішке дыбысталуын білдіреді;

Сөз құрамындағы дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстарға тәуелді, яғни дауысты дыбыстардың жуан–жіңішкелігіне қарай дауыссыздардың да жуан–жіңішке болатындығын анықтаған;

Араб графикасы негізінде жасалған жаңа әріптерді енгізген. Бір сингармофонеманың қызметін сөйлесім процесінде бірнеше дыбыстар атқарады. Олар біріне-бірі ұқсамауы да мүмкін. Осы сингармодыбыстарды сингармофонеманың позициялық сингармотүрлері дейді. А.Байтұрсынов осы фонологиялық принциптерді - қазақ тілінің дыбыс жүйесінің сингармофонемалық және сингармопозициялық классификациясын – жасады; [5. 47].

А.Байтұрсынов фонема статусына ие болған және фонема статусына ие болмаған дыбыстарды нақты ажыратқан, сөйтіп алфавиті мен орфографиясында жеке /арнайы/ әріппен тек сингармофонемаларды, яғни сөз мағынасын өзгертетін фонологиялық единицаларды белгілеген; [5. 49]. А.Байтұрсынов төмендегідей проблемалық сауалдарға жауап берген: 1/. Неге бір түрлі фонетикалық жағдайда дыбыстар әр түрлі дыбысталады /сыз –сіз/; 2/. Неге алфавитке сөйлесім процесінде қолданылатын дыбыстардың барлығын жеке әріптермен таңбалау мүмкін емес?; 3/ Неге алфавиттегі әріп

Қорыта айтқанда, А.Байтұрсынов ана тіліне әлеуметтік лингвистикалық тұрғыда ерекше мән берген. Ол: «...һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу – сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, онан соң басқаша оқытуға тиіспіз», - деген еді [3.142]. Сондықтан «Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт–шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас», - деп білеміз [3.399]. Осы орайда, А.Байтұрсыновтай дара тұлғаның өсиеті, қалдырған мұрасы тіл жанашырларының алға ұстар бағдаршамы болуға тиіс. Тілімізді таза ұстаймыз десек, орфография мәселесінде А.Байтұрсынов ұстанған принциптерді басшылыққа алып, ана тіліміздің мүмкіндігін толық пайдаланып, өз тіліміздегі ғылым сөздерін қалыптастырып, сырттан кірген терминдерге балама тауып, немесе тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне сай жазуымыз қажет деп білеміз.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Әліппе айтысы – Қарағанды: ҚарМУ, 1990 – 106 б
2. Уәли Н. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғалым, 1999 268-281 б
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы.- Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы: Ана тілі; 1992 –448 б
4. Мәжітаева Ш. Қазақ (араб) жазуының тарихы хақында // Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы- Алматы, Ғылым, 1999 281-288 б
5. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы – Алматы, Ғылым, 1998 – 216 б
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- Алматы: Ғылым, 1999.-581 б
7. Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке – Алма-Ата: Наука, 1980 –78 с

Ахмет Байтұрсынов және ұлттық таным мәселелері.  
Аймақтық ғылыми-практикалық конференциясының материалдыры. 16 наурыз, 2007. –  
Қостанай:  
(Қостанай МПИ, 2007. - 36-39 б) Садуақас Нұрбол Абдуллаұлы

## ТРУДЫ А. БАЙТУРСЫНОВА В ОБРАЗОВАНИИ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Классен Виктория Николаевна  
Студентка КГКП «Костанайский педагогический колледж»  
Управления образования акимата Костанайской области  
Костанайская область, г.Костанай

Всестороннее гармоническое развитие личности - задача государства и ее граждан. Она осуществляется в неразрывной связи с дальнейшим продвижением общества по пути культурного и научно-технического прогресса, с развитием личности. Особое значение в формировании нового человека имеет комплексный подход к духовно-эстетическому воспитанию.

Ключевые ценности и цели образования Республики Казахстан нацелены на повышение уровня образованности выпускников школ, формирование навыков, необходимых для реализации инноваций и лидерства, развитие национальной идентичности через содержание школьного образования с учетом педагогического наследия ученых и педагогов – новаторов. В современном обществе вопрос образования стоит особенно остро, поскольку это главный критерий для оценивания личности, но для того, чтобы познавать нововведения необходимо узнать истоки.

Развитие инновационных педагогических идей Казахстана связано с именем Ахмета Байтұрсынова, который поднимал и рассматривал проблемы начальной школы, педагогической прессы, системы высшего образования, совершенствование содержания, методов и форм обучения, духовно – эстетического воспитания подрастающего поколения. [1] С его стороны были призывы к созданию школ на казахском языке, дабы сохранить духовное и культурное наследие своего народа. «Обучение по-казахски» А.Байтұрсынов, мечтавший видеть свой народ образованным, пишет: «Каким бы богатством не обладал народ, не стремящийся к образованию, через некоторое время его богатство перейдет в руки более цивилизованных народов» [2, с 512 ]. В тоже время он призывал приобщаться к культурным ценностям европейских народов, брать пример с них, вкладывать деньги в образование, науку, издавать книги. Говоря о книгах, хотелось бы затронуть его деятельность в развитии казахской письменности.

Истоком для казахского языка является арабская письменность, разработанный Ахметом Байтұрсыновым. Он создал первую версию в 1912 году и дорабатывал правила письма в 1912—1924 годах. Байтұрсынов разработал проект реформы арабского письма, адаптировав его к особенностям казахской фонологии. По его мнению, изменение уже существующей письменности было предпочтительнее перехода на новую, «поэтому нужно приспособить арабское письмо под казахские звуки» [3, с 46-47]. Алфавит был принят обществом и использоваться в преподавании, печатались книги, в следствии чего велась ликвидация безграмотности.

В 1920-е годы в казахской прессе активно обсуждался вопрос «нового алфавита»: сторонники латинизации и сохранения арабицы дискутировали о плюсах и минусах обоих проектов [4 с 18]. В итоге казахский язык был всё-таки переведён на латиницу. Его произведения направлены на критику существующего общественно – политического строя, призывают население к борьбе с неграмотностью, невежеством и равнодушием, вывел казахскую литературу на качественно новый уровень. Такие его произведения как «Қырық мысал» (1909), «Маса» (1911) имеют большую нравственно – духовную ценность, они высмеивают такие человеческие пороки как праздность, лень, невежество, тщеславие, призывают народ к трудолюбию, приобщают к знаниям, способствуют развитию искусства, повышению культуры народа. Его методика сыграла большую роль в ликвидации неграмотности в стране. Он является продолжателем просветительских и критических традиций Абая и его научно – исследовательские выводы о художественном мастерстве великого казахского просветителя нашли свое отражение и развитие в казахском литературоведении. Развивая идеи Абая о демократическом обустройстве общества, газета «Казак», где он был первым ее редактором, пробуждала национальное самосознание, поднимала вопросы социально – политического характера, образования, просвещения и быта народа.

Для ликвидации безграмотности, необходимы были высоко квалифицированный преподаватели и разработанная система образования. Каково должно быть содержание образования, чтобы стать конкурентоспособным на мировом рынке? И, следовательно, какими профессиональными и духовно – нравственными качествами должен обладать педагог, чтобы соответствовать статусу учителя?

Ахмет Байтұрсынов ставил ставку на методические приёмы и учителей, умеющих доносить информацию, Эти слова приобретают особую значимость сегодня, когда школы переходят на

обновление содержания образования в республике что, предполагает реализацию главной цели школьного образования - совершенствование педагогического мастерства учителей и внедрение системы критериального оценивания. Образование начинается с младших классов, где закладывается основа будущего страны. Учителю было необходимо применять различные формы педагогических техник, находить к каждому ребёнку особенный подход, поскольку от этого зависело будущее усвоение информации. Дети не предсказуемы их необходимо чувствовать и общаться с ними, для эмоциональной работы с детьми им было необходимо обладать ораторскими способностями. Высокие требования к профессии учителя, выдвинутые А.Байтурсыновым и на сегодняшний день, не утратили своей актуальности. Сегодня также остро поднимается вопрос подготовки высоко интеллектуального, разностороннего, готового к любым вызовам современного мира, конкурентоспособного, владеющего глубокими теоретическими и практическими знаниями обучения и воспитания педагога, о котором мечтал великий казахский Учитель.

Все свои силы казахский просветитель вкладывал в повышение квалификации учителей, поднимал вопрос необходимости совершенствования учебной программы. Во всех своих трудах по вопросам образования населения, он призывает народ стремиться к учебе, овладевать знаниями, искусством. Большое место отводится в его трудах духовному развитию личности, объясняется его необходимость и важность для молодого поколения, как будущее нации, высоко пропагандирует такие качества как нравственность, честность и благородство. Он видел большие перспективы развития культуры, считая ее залогом благосостояния и будущности Казахстана. А. Байтурсынов горячо любил свой народ и верил в его необыкновенные природные способности, мечтал увидеть свою страну в числе цивилизованных государств в мире. Планы и надежды Великого Учителя казахской степи претворяются в независимом Казахстане.

Исходя из всего сказанного выше, можно с уверенностью сказать, что Ахмет Байтурсынов основоположник национальной системы образования. Его труды по сей день являются фундаментом для педагогов. Он с подвиг развитие системы образования казахского народа. Молодое поколение благовоспитанное по учениям Байтурсынова, пропитаны мыслью духовности, а также нравственности, они будут прогрессивным поколением, которому предстоит осуществить глобальные перемены в системе образования в современном мире.

#### **Список литературы**

1. Бейсенбаева С. Ахмет Байтурсынов // Новое поколение. -1996.-№ 163.
2. Байтурсынов А. Об обучении по-казахски // Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К.Б.Жарикбаев, С.К.Калиев. - Алматы: Рауан, 1995. – 512 с.
3. Аманжолова Дина. Языковая политика и культура управленцев казахской АССР. 1920-1936 гг. // Российские регионы: взгляд в будущее. — 2016. — Т. 2, № 7. с 46-47
4. Байтурсынов А. Нужды школы // Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К.Б.Жарикбаев, С.К.Калиев. - Алматы: Рауан, 1995. – с.18

### **АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ- ОСНОВОПОЛОЖНИК НАЦИОНАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ**

Кожуховская Ольга Юрьевна  
Мастер п-о Матвиенко Елена Борисовна,  
Преподаватель русского языка и литературы  
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының « Кәмшат Дөненбаевой атындағы  
кәсіптік-техникалық колледжі» КМҚК

*Никогда не нужно забывать, что на самостоятельную жизнь вправе претендовать только тот народ, который говорит на своем языке и имеет свою литературу...*

*Ахмет Байтурсынов*

Эти известные слова Ахмета Байтурсынова можно назвать эпитафией и главным стержнем всей его жизни и плодотворной деятельности.

Всем известны жизнь и деятельность этого великого казахского просветителя:

Ахмет Байтурсынулы(1873-1938 гг.) Ахмет Байтурсынулы – казахский поэт, публицист, литературовед, переводчик, тюрколог, основоположник казахского языкознания, лингвист и общественный деятель, один из основателей партии Алаш и правительства Алашорды.

Родился в 1873 году 18 января в тургайском уезде Тосунской волости (нынешний Жангильдинский район Торгайской области) в семье простого казахского шаруа. С десяти лет учился в аульной школе. Когда ему исполняется 13 лет, отец его Байтурсын за открытое выступление против

произвола царских властей приговаривается к каторжным работам на 15 лет. В 1886 году поступает в Тургайское русско-казахское двухклассное училище, которое окончил в 1891 году. В 1891-1895 гг. учится в Оренбургской киргизской учительской школе. Этим и заканчивается, а А. Байтурсынова школьное образование. С 1895 по 1909 гг. работал учителем в школах, русско-казахских училищах Актюбинского, Кустанайского и Каркаралинского уездов. Ахмет Байтурсынулы рано начал борьбу против колониальной политики царизма, за что в 1909 году был арестован и заключен в Семипалатинскую тюрьму, а через год сослан. В течении семи лет (1910-1917 гг.) Байтурсынулы как «политически неблагонадежный», находился под надзором царской охраны. С именем Байтурсынова связано духовно возрождение казахского народа в его истории. Сегодня ни у кого не вызывает сомнения то, что без его алфавита и учебников, без его книг «Кырык мысал», «Маса», и газеты «Казах» не могло того всплеска национального самосознания, которое испытал наш народ в начале XX века. Ахмет Байтурсынов с его книгами и общенациональной газетой «Казах» был университетом для всех, кто умел читать в казахской степи в этот исторический период, он являлся активным членом партии «Алаш», которая боролась за воссоздания казахского государства. После октябрьского переворота 1917 года вместе со своими соратниками преследовал исключительно цели защиты национальных интересов казахского народа. Царский режим лишил его права жить и работать на родной земле, в 1910 году Байтурсынов был сослан в Оренбург. Ненавистен был Байтурсынов и для большевиков. Потому, что не был согласен с их проектами «красногвардейского» преобразования казахской степи, глобальными экспериментами. В 1919 году вместе с большой группой представителей научной интеллигенции был вынужден перейти на сторону Советской власти. В июне того же года А. Байтурсынов избирается членом ВРК Казахского края. В 1922-1925 гг. Байтурсынов был председателем научно-литературной комиссии при Нарком просе, избирался председателем Нарком проса Казахстана, членом ВЦИК, Каз ЦИК, работал в печатном органе ЦК Компартии Туркестана, газете «Ак жол». В 1925-1929 гг. Байтурсынов преподавал в Казахском институте народного просвещения, Казахском педагогическом университете. Отвечая, следователем ОГПУ в 1929 году он писал, что предпочитает заниматься научной работой, чем политикой. Но по велению судьбы до конца своей жизни он вынужден был заниматься политической деятельностью. Иначе и не мог быть. Интеллигенция эпохи подъема национального самосознания не может быть вне политики. «Мой идеал – отмечал он на допросе, - Это повышение культурного состояния казахского народа, так как в этом залог его развития и какая власть это сможет обеспечить той и я буду доволен ». Ахмет Байтурсынов сделал большой вклад в развитие казахской литературы и письменности. В частности, наиболее известны его басни, вошедшие в сборники «Кырык мысал» и «Маса». Байтурсынов провел большую работу по собиранию и изданию образцов казахского устного народного творчества. Он написал вступительную статью и комментарии к поэме «Ер Саин», опубликованной в 1923 году, выпустил книги «23 причитания» (1926) и «Литературоведение» (1926), последняя из которых является первым научным исследованием по истории казахской литературы. Ахмет Байтурсынов написал ряд учебников для обучения казахских детей родному языку.

Огромным вкладом является его деятельность по созданию национальной системы обучения Он утверждал: «Чтобы сохранить самостоятельность, мы должны всеми силами и средствами стремиться к просвещению и общей культуре. Наш долг и обязанность первым делом заняться развитием литературы на родном языке»

Как актуально звучат эти слова сегодня, слова, сказанные 100 лет тому назад. Он тогда уже предупреждал о необходимости знания и развития своего родного языка, своей науки и культуры»

Арабское письмо при использовании его без обозначения гласных представляло определенные неудобства для тюркских языков. Ахмет Байтурсынулы предложил проект реформирования арабского алфавита. Его идея сводилась к тому, чтобы при каждом слове отмечать признак переднего или заднего ряда добавлением знака, аналогичного знаку скрипичного или басового ключа в нотной записи, что существенно экономило число вновь вводимых знаков для гласных и примиряло с арабской графикой. В своей статье «Основные формы графической революции в турецких письменностях СССР» знаменитый лингвист, профессор Е. Д. Поливанов назвал этот проект «гениальным». «Нет сомнения, — писал Поливанов, — что если бы вопрос о казахском письме... мог бы решаться „вне времени и пространства“ — без необходимости считаться с графикой соседних народностей (а тем более вне задач интернационализации графических приемов), то казахская... школа вполне могла бы удовлетвориться „орфографией 1924 года“»<sup>[7]</sup>. Но проекту Байтурсынулы не суждено было сбыться, началась латинизация (1928) и кириллизация (1940) тюркских языков в СССР.

Ахмет Байтурсынулы внес большой вклад в развитие казахской литературы и письменности. В частности, наиболее известны его басни, вошедшие в сборники «Сорок басен» и «Маса», вышедшие, соответственно, в 1909 и 1911 годах. Байтурсынулы провел большую работу по собиранию и изданию образцов казахского устного народного творчества. Он написал вступительную статью и комментарии к поэме «Ер Саин», опубликованной в 1923 году, выпустил книги «23 причитания» (1926) и «Литературоведение» (1926), последняя из которых является первым научным исследованием по истории казахской литературы. Байтурсынулы принадлежат тезисы «О терминологии в тюркских языках», опубликованные в 1926 году Ахмет Байтурсынулы написал ряд учебников для обучения

казахских детей родному языку. Среди них: «Учебное пособие» (1912), «Пособие по языку» (1914), «Азбука» (1924), «Новая азбука» (1926—1928), и методическое пособие «Баяншы» (1926).

Он говорил, что народ с высокой культурой всегда побеждает народ с культурой низкой, независимо от его численности: у кого больше, у кого меньше. Это ясно и неоспоримо так же, как свет луны ночью и сияние солнца днем.

Все учебные пособия несли не только обучающий характер, но и воспитывающий. Он глубоко верил, что только образованный и высоконравственный народ может способствовать развитию своей страны, а не губить её или просто плыть по течению времени. Уже тогда он указывал, что главная задача, которая стоит перед государством- это дать знания, научить ремеслу и профессии подрастающее поколение. Именно такая молодежь может стать движущей силой прогресса.

Его слова: «Если для народа главное богатство – здоровье, то главные богатства для души – знания и искусство. Только с их помощью народы находят свое место в цивилизации. Главное сейчас – дать знания молодежи, научить ремеслу, профессии. Для воплощения этих задач в казахской степи нужно повсеместно открывать казахские школы, преподавать на казахском языке.» носят актуальный характер в любое время развития казахской земли. Потому что без народного языка, его культуры, его корней- нет нации.

Ахмет Байтұрсынов- пример истинного патриота своей Родины, посвятившего весь свой жизненный путь процветанию и развитию науки, языка, культуры казахского народа.

### Список литературы:

1. Байтұрсынов, Ахмет - Википедия [https://ru.wikipedia.org/wiki/Байтұрсынов,\\_Ахмет](https://ru.wikipedia.org/wiki/Байтұрсынов,_Ахмет)
2. Байтұрсынов Ахмет | Литературный портал <https://adebiportal.kz/authors/view>
3. Ахметжанова А.Т., Сарыбаев М.С. Вопросы модернизации обучения педагогических работников в Казахстане. <https://articlekz.com>
4. Ахмет Байтұрсынов. Персоналии. <http://e-history.kz/ru/biography/view/20>

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Кокасова Раушан Канагатовна,  
қазақ тілі және әдебиет пәнінің оқытушысы,  
Әулікөл ауылшаруашылық колледжі,  
Қостанай облысы, Әулікөл ауданы.

*"Ахмет Байтұрсынұлы- ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға".  
Әбіш Кекілбаев*

Ол - ақын, жазушы, аудармашы, публицист, қоғам қайраткері, ағартушы, түркітанушы, әдебиетші, тілші, ғалым...

Ахмет Байтұрсынұлы- қыры мен сыры мейлінше мол адам. Біріншіден, ол қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, соныдан із салған жаңашыл ағартушы.

А. Байтұрсынұлының "Әдебиет танытқыш" атты көлемді еңбегі- әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихына арналған тұңғыш зерттеу жұмысы...

Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, әдістемелік арналары, басты- басты терминдері мен категориялары түп- түгел осы кітапта қалыптастырылған.

Ахмет Байтұрсынұлы- ақын және мықты ақын. Оның өлеңдері "Қырық мысал", "Маса", "Үзік" деген аттармен 1912 жылдан 1922 жылға дейін бірнеше рет жарияланған. "Масаға" енген өлеңдер қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, қазақты шағуға дайын тұрған жылан. Оның иесі аяқтары ұзын, сары маса болып ызыңдап, ұйықтап жатқан халқын оятпақшы.

Ызыңдап ұшқан мынау біздің сары маса,  
Сап- сары аяқтары ұзын маса,  
Өзіне біткен түсі өзгерілмес,  
Дегенмен қара яки қызыл маса.

Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,  
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.  
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,

Қоймастан құлағына ызындаса?

Сұлтанмахмұт бір үйге келіп отырып: "Оқитын кітаптарың бар ма деп сұрағанда, оған үй иесі: "Маса" дейтін бірді айтып бірге кететін бір қиссамыз бар",- деп, қолына Аханның кітабын беріпті. Соған назаланған Сұлтанмахмұт "Тұтқындағы Байтұрсынның "Масасына" деген өлеңін жазған екен /1914 ж/.

Онда мынадай жолдар бар:

...Бағың жоқ көр соқырдың көзі алдында,  
Мұңыңды жылап шақшы өз алдыма:  
Гауһар тұрсын, айырып алтыныңды,  
Аузына керек тас деп бір алды ма?  
Өткірсің наркескеннің алмасындай,  
Жүйріксің "полный ходтың" арбасындай.  
Сен сұңқар, көңілі соқыр сенімен қас,  
Өзінің болмады деп қарғасындай...

Сұлтанмахмұттың осындай бағасынан кейін "Маса" жинағына қандай да болмасын пікір айтудың өзі артық болардай!

Қалай да халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын ұлы Абай тапқан соқпақ орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсұнады. И. А. Крылов туындыларын аударып, "Қырық мысал" деген атпен 1909 жылы Петербургте бастырып шығарды. Мысалдарда әр түрлі аңдар, әр түрлі адамдар кейпінен хабар беріп, ишара тұжырым жасалады. Кісілердің мінезі, өмір ағысы, тағдыр сабағы, заман қабағына қатысты көптеген жайттарды, әсіресе, патша отаршыларының зорлық-зомбылығы, жуандардың, байлардың тепкісі, елдің азып-тозуына байланысты сарындарды А. Байтұрсынұлы жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді. Кейде ашық, дәл айтылатын ойлар да бар.

Қазақ тілі білімі, әдебиет теориясы және әдебиеттану ғылымының негізін салушы. Оның қазақ тіл біліміне қосқан үлесі зор. Соның ішінде менің тоқталғай отырған тақырыбым Ахмет Байтұрсынов атамның «Тіл-құрал» еңбегіне тоқталсақ. Оқулық, негізінен, үш жылдыққа арналып, әр жылғы сыныптарға жеке-жеке жазылған құрал. Бірінші тіл танытқыш кітап: Дыбыс жүйесімен түрлері (1914), екіншісі: Сөздің жүйесі мен түрлері (1914-1915), үшіншісі: Сөйлем жүйесі мен түрлері (1923). Барлығы да Орынборда жарық көрген. Әдіскер ұстаз осы оқулықты не себепті үш жылға бөлгендігі туралы түсіндіре отырып, бірінші жылы оқытылатын «Тіл-құрал» тіл білімінің негізі болғандықтан, оқытушылардың алғашқы жылы нық үйретулері керектігін ескертеді. Бірінші кітапта әріптер, буындар туралы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары оқытылса, жеткілікті екенін айтады. Дүниедегі жұрт тілінің негізі үшке: түбіршек, жалғамалы, қопармалы болып бөлінетіні, ал қазақ тілінің қай топқа жататынын әрі оның негізгі ережелерін түсіндіріп береді. Сонымен қатар оқулықта қолдануға тиісті әдіс-тәсілдердің қандай жолмен оқытылуы керектігін ұғынықты етіп түсіндіреді. Оқулықта тақырыбы күрделеніп, қарапайымнан күрделіге қарай оқыту тәсілі сатылана қолданылып, кітаптың екінші, үшінші жалғасы жазылады. Жалпы, ағартушының бала оқытудағы әдістемелік мұрасы туралы 1995 жылы тілші ғалым А.Қыдыршаев ғылыми зерттеу еңбегінде әдіскердің еңбектерінің жазылу тарихы, әліппе мен оқулықтарының әдістемелік негізі жалпы сипаттамасы жөнінде сараптамалық талдаулар жасады. Зерттеуші еңбегінде «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің іргетасын қалаушы» екендігін ғылыми тұрғы дәлелдеп шығып, ағартушының әдістемелік мұрасының бүгінгі оқыту ісімен сабақтастығын, мұрасының өміршеңдігін жазды. Шындығында, осы «Тіл-құрал» кітабының бірінші бөлімі – 7 рет, екіншісі – 8 рет, үшіншісі 6 рет басылған.

Ахметтің тағы бір зор еңбегі – терминдерді жасау. Бұдан бөлек, ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды.

Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы – ғалымның жазып кеткен мұрасы.

"...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым", - деп жазды Байтұрсынұлы.

«Тіл құрал» – қазақ мәдениетінде бұрын болмаған сирек құбылыс. Оның жалғыз тіл емес, өзге де пәндер ойып-үйрететін қазақша жазылған кітап, құрал дегендерді білмей-көрмей келе жатқан қазақ жұртшылығы үшін мүлде тың дүние екендігін автордың өзі де ескертеді. Автордың «Сөз басында»: «Тіл-құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұнды да әуелгі кезде сондай жат көрінер, өйткені қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жат болып көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң қалыптасып кетеді. Шынында, ол жат болмақ түгіл, бірте-бірте сонша үйреншікті, қазақ балаларының бірнеше буын тәрбиелеген, 14-15 жыл бойы мектеп оқушыларына ана тілінің табиғатын танытқан ет бауыр дүниеге айналды: «Тіл-құрал» десе, жұртшылық қазақ тілі оқулығын, оқулық десе,

тек қана Ахмет Байтұрсынұлын білетін болды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі — ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлыныкі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенің олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы. «Тіл-құрал» тұңғыш оқулық болуымен қатар, бастауыш мектепке, яғни алғашқы 4-5 жыл оқитын шәкірттерге арналғанымен, бұл – қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеп, танытқан қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми жұмыстың басы болды. Бұл оқулықтар – «Қазақ тіл білімі» атты ғылым саласының ана тіліндегі дұрыс жазылған, жақсы бастамасы, өйткені қазақ тілінің дыбыстық құрамының классификациясы да, сөз топтарын ажыратып, сөз тұлғаларын көрсетуде де сөздердің септелу, тәуелдену, жіктелу тәртібін танытуда да, сөйлем түрлерін ажыратуда да бүгінге дейін А.Байтұрсынұлының аталған оқулықтарының негізі сақталып келеді. Тілдік әр категорияның классификациясынан бастап, барлық терминдеріне дейін қазіргі мектеп оқулықтарында А.Байтұрсынұлының ізі бар. Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын графикасын жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» (төте жазу) дүниеге келген, екінші – сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліпше оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін «Тіл құралды» жазған. Менің осы жобадан өзіме түйгенім: еңбек ете білген адам ерте болсын кеш, болсын өз еңбегінің жемісін алары хақ. Сол сияқты сонау уақыттан бізге мұра болып қалып отырған А.Байтұрсынұлы атамыздың осынау мұрасы сол кездегі жастардың ғана емес, біздің де ой-санамызды өсірері анық. Енді атамыздан осы қалған мол мұраларды жалғастырып алып жүру біздің ең басты міндеттеріміздің бірі болып қала бермек. Осы мол мұрамен сусындап одан нәр алу оның нәтижесін көрсетіп, алда еліміздің біртуар осындай азаматтарының бірі болу – біздің алдағы басты мақсатымыз.

А.Байтұрсынов өмірі мен қызметінің тағы бір салмақты саласы- оның ақындық, еңбегі. Ол бала кезінен қазақ ішінде көркем сөз күдіреті жоғары саналатынын көріп, естіп, сезініп, ойланып өскенге ұқсайды.

Қалай да халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын ұлы Абай тапқан соқпақ орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсұнады.

Өткен ғасырдың басында қазақ даласында мемлекетшілдік ұраны оянды. Сан ғасырға жалғасқан отаршылдық бұғаудан босанудың қам-қарекеттері басталды. Осы баянды істің басында қазақ оқығандары тұрды. Солардың бірі Ахмет Байтұрсынов еді. «Жақсының хаты өлмейді» дегендей Алаш мұралары біздің ұлттық қазынамызға айналды. Тағы да Ахаң айтқандай: «Адамдықтың егінін шаштым, ектім, Көңілін көтеруге құл халықтың...». Дәл осында айтылғандай Алаш идеясы, мұрасы, еңбектері, өсиеттері құл халықтың көзін ашпаққа керек.

Ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың артында аса мол әдеби, ғылыми еңбектер қалды. Ол өз заманында әрі ақын, әрі аудармашы, әрі ғалым ретінде танылды. Ахмет Байтұрсынов — қазақ ғалымдарының ішінен шыққан тұңғыш әдебиет теоретигі. Оның жазған кітаптар, ол туралы жазған кітаптар қазірде қолданыста жүр.

Ахмет Байтұрсыновтың ғалымдық, ақындық, публицистік, қайраткерлік істері өз заманында аса жоғары бағаланған. Өз замандастары және басқада қазақ ғалымдары Ахметке біреп пікірлерін жазып қалдырған. Олар: Сәкен Сейфуллин, Міржақып Дулатов, Мұхтар Әуезов, Серік Қирабаев, Рымғали Нұрғалиев, Сырбай Мәуленов, Зейнолла Қабдолов, Сәбит Мұқанов, Қайым Мұхамедханов, Ал Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығын Кеңестер Одағы тұсында зерттеген ғалымдар, Рымғали Нұрғалиев пен Рәбиға Сыздықова болды.

«Бір тіл, бір дін, бір мемлекет, бір хан» ұстанымымен Керей мен Жәнібек сұлтан құрған алғашқы Қазақ мемлекеті мен оны нығайту жолындағы Қасым хан бастап, Хақназар қостаған «Алты Алаш» идеясын жүзеге асыру жолындағы XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысы, Алаш алыптарының бірі Байтұрсыновты қазақ ұмытпаған, ұмытпайды да.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,

Ойлайтындар мен емес бір күнгісін

Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын

Ел бүгіншіл, менікі- ертеңгі үшін,- деген Ахаң бүгінде бізді болашаққа шақырып тұр. Сәкен Сейфуллин кезінде былай деген болатын: «...Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен, Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл». Ол шын мәнінде ұлт ұстазы, халқымыздың рухани көсемі бола білді.

## Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы. Атамұра, 2003.
2. А. Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығы.
3. А. Байтұрсыновтың өлеңдері.
4. Қазақ тілі Алматы «Мектеп» 2010 жыл
5. А. Байтұрсынов қоғам және мемлекет қайраткері. Қазақ тарихы. – 1998. - № 3. – 75-78 бб.
6. Ысқақұлы Д. Ел – бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін // Егеменді Қазақстан, 2003 жыл 28 қаңтар.
7. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. / Құрастырушы: Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы: Алматыкітап, 2009.
8. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан даму институты, 1998.
9. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – БАҒА ЖЕТПЕС ДАРЫНДЫ ТҰЛҒА

Көшерова Асель Азатқызы

№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжі  
«Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының I курс студенті,  
Алматы облысы, Іле ауданы, Жетіген ауылы.

Ахмет Байтұрсынұлы 1873—1938 ж— ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылында дүниеге келген. Алаш-Орда өкіметінің мүшесі. Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болған.

1895 - 1909 ж. Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі мектептер мен орыс- қазақ училищерінде мұғалімдік қызмет атқарады. Байтұрсыновтың қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі 1926 жылы тұңғыш еңбегі «Әдебиет танытқыш». Байтұрсынов тілші ғалым ретінде қазақ тілінің табиғаты, араб әліпбиінің жайы, терминдер, қазақ тілінің мәселелері туралы мақалалар жазады.

1895—1897 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде мектептерде сабақ береді. Қазақ тілі мен әдебиетінің мәселелерін зерттейді. Көп кітаптар оқиды, өзі ізденетін болған. Әдебиетпен айналысады, өлең-жырларын жазады, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинайды, оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлейді. А. Байтұрсыновтың замандасы әрі қаламдасы М. Әуезов 1923 жылы Ахметке арнаған мақаласында, оның тегі жөнінде. «... Сүйегі-Арғын, оның ішінде Үмбетей болады. Бергі аталары Үмбетейден шыққан Шошақ, Түбек. Ақаң Шошақтың немересі. Өз әкесінің аты -Байтұрсын» осылай мәлімет берген болатын [1].

1908 жылы саяси көзқарасы үшін Қарқаралы абақтысына қамалады. 1910 жылы 9-наурызда Орынборға аударылады. 1911 жылы «Маса» өлеңдер жинағы шығады. «Қырық мысал» кітабы екі рет басылым көреді. Осы жылы «Айқап» журналында «Қазақ хәм түрлі мәселелер», «Қазақтың өкпесі», «Қазақ жерін алу турасындағы низамдар, бұйрықтар», «Закон жобасының баяндамасы», «Тағы да народный сот хақында», «Жер жайынан», «Жазу тәртібі», «Кітаптар жайынан», «Бастауыш мектеп»жәнеде тағыда басқа өзекті мақалаларын жарияланды.

1912 жылы Қазақ әліпбиін түрлеп, оны қолданысқа ұсынады. Осы жылы «Оқу құралы» қазақша әліппесінің ең алғашқы бірінші кітабы шығады. «Айқап» журналында «Қазақ жерін алу турасындағы низам», «Шәйіман мырзаға», «Қазақ хәм төртінші Дума» мақалалары шығады. «Шора» журналында «Қазақша сөз жазушыларға», «Қазақ» газетінде «Көшпелі хәм отырықшы норма», «Шаруа жайынан», «Жер жалдау жайынан», «Земство», «Білім жарысы», «Оқу жайы» т.б. келелі мақалалары басылған болатын.

1917 жылдың шілдесінен бастап «Қазақ» газеті «Алаш» партиясының баспа органына айналды, бірақ біраз уақыттан кейін Торғай кеңесі съезінің шешімімен басылым аяқ асты жабылып қалды.

Жиырмамыншы ғасырдың жиырмамыншы жылдары Қазақстан үшін өте ауыр болды. Сол жылдары зиялы қауым өкілдерін белсенді қудалау басталды. 1929 жылдың 2 маусымында Ахмет Байтұрсынұлы тұтқындалып, бірнеше аптадан кейін Архангельск облысына жіберілді. Ал отбасы, әйелі Александра мен қызы Шолпан Томскіге жер аударылады. Жазушының барлық туындылары, өлеңдер мен аудармалары, мақалалары мен ғылыми зерттеулеріне тыйым салынып, ашылмай оқылмай қалады.



1937 жылы Байтұрсынұлы қуғын-сүргіннен оралады. Оның бостандыққа шығуына Максим Горький мен және оның жұбайы Пешкованың хаты себепші болатын. Ол Халықаралық Қызыл Крест делдалдығында әрекет етіп, көптеген кінәсіз тұтқындардың босатылуына көмек қолын созады. Алматыда Байтұрсынұлын жұмысқа алудан бас тартады [2].

Ахмет Байтұрсынұлы - қазақ халқының 20 ғ-дан басында ұлт азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі мемлекет қайраткері, ақын, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы..

Байтұрсынов әліпбиі казак тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жазылады. Ол Қазақ Білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924). Түріктанушылардың бүкілодақтық 1-құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы адам әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады.

Сталиндік репрессия жылдары жазықсыз құрбан болған Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының ояну дәуірінде өзінің саяси-қоғамдық ой-пікірін білдіре білген, тұмырының көбін әлемдік мәдениетке өзіндік үлес қосқан арыстың бірі. Қиын қыстау, тар жол тайғақ кешуде, ел тағдырын ойлай жүре, қалың бұқараға ақыл айтып, сыннан өткізіп жіберетін көкірегі ояу көреген азаматтар қай кезде де болған. Елге аға болу асқан заңдылықтың жемісті. Сталиндік зобалаңға ұшыраған ұлдарын да халқымыз ұмытпай, ұрпағына солардың қадір қасиетін сыбырлап жүріп-ақ ұқтырған. Дана бабамыз өзінің шығармалары арқылы ұлт тағдырының келешегі [3].

Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрген болатын «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл граммат. терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, тағыда басқа жүздеген ұлттық терминдерді түзді.

Өмірі мен қызметіне, шығармашылығына ғылыми пікір-тұжырымдар айтылды. Әуезов Ахмет туралы «Ақанның елу жылдық тойы» деген мақаласында «...Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы хукіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі ... әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға туралы тиеді» деп жазды.

Бірлік қып іс етуге шорқақ жұртым,  
Табылса оңай олжа, ортақ жұртым.  
Сияқты қара қарға шуылдаған  
Үрейсіз қоян жүрек қорқақ жұртым.  
Білмейсің жөнің менен терісінді,  
Ел болып іс етпейсің келісімді.  
Үміт қып бәйге атындай талай қосып,  
Байқадық шабыс түгіл, желісінді.  
Жөн айтқан жұртшылыққа адам болса,  
Шығасың қолыңа ала керісінді.  
Бытырап бет - бетіңе жөнелгенде,  
Көрдік қой жайылатын өрісінді.  
Келгенде өзді - өзіңе мықты - ақсындар,  
Қайтейін өзге десе көнгішінді.  
Сықылды сынық бұтақ төмендесең,  
Кім жұлмас оңайдағы жемісінді?!

Ахмет Байтұрсынұлының шығармалары қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келген, ұлы Абай тапқан соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдаланып, аударма жасау дәстүріне мойынсынады. Бұрынғы ескі-ертегі, химия үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крылов туындыларын аударып, “Қырық мысал” деген атпен 1909 жылы Петербургтен бастырып шығарды. Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан, қазақ тұрмысына ет-жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндей етіп жіберген еді. Жүк алды шаян, шортан, аққу бір күн, Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін, Тартады аққу көкке, шаян кейін Жұлқиды суға қарай шортан шіркін. Аудармада мін жоқ болатын [4].

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алынған болатын.. Тағыла қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырған туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Сол 1911–1912 жылдары жасалып, Уфа,

Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912–1925 жылдары арасында 7 рет қайта басталды, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланыла бастады. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидін» жаңа түрін жазды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылатын болады.

Байтұрсынұлы қалдырған бай мұраның тағы бір саласы бар — көркем аударма. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаға бұл саласын байытуға мол үлес қосты. И. А. Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен жеке жинақ қылып бастырды. И. И. Хемницердің «Атпен есек», А. Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын этеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармаларын, орыстың белгілі лирик ақыны С. Я. Надсонның өлеңін қазақ тіліне аударылды.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық.
2. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл. ISBN 9965-26-096-6
3. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы»
4. «Маңғыстау» энциклопедиясы, Компьютерлік-баспа орталығы, 2007

### **ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ**

Қабдрахман Қадыргүл Жұмабекқызы  
Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің 3 курс білім алушысы  
Ғылыми жетекшісі: Хасенова Зайгул Рашидовна  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

XX ғасырдың бас кезі қазақ өміріндегі азаттық жолындағы күрестің, яғни саяси-әлеуметтік қозғалыстың үрдіс дамып, құлаш жая бастаған тұсы болып табылады. Мұның басты себебінің бірі Ресей империясындағы жалпы қоғамдық ой-сананың дамуында бостандық идеясының белең алуынан болатын.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ ағартушылары мен ақын-жазушылары аңсаған ілім-білімді үйренуге үндеу-XX ғасырдың бас кезінде біршама нәтижесін беріп, алдыңғы қатардағы азаматтарды елді ояту, азаттық аңсау мақсатына жетеледі. Осынау зиялылар арасында ел бағытын айқындар сара жолды жаңылмай нұсқап, адастырмас даңғылға алып шығуға ұмтылған қоғамдық өмір өрінде жаңа тұлғалар шоғыры таныла бастады. Солардың ең көрнектісі - Ахмет Байтұрсынұлы. Ол азаттық пен бостандық жолындағы заманына лайық туып, халқына жан аямай еңбек еткен бірегей тұлға еді. Ахметтің өмір жолы біздің бұл пікіріміздің айқын дәлеліндей.

Ахмет Байтұрсынұлы (5 қыркүйек 1872 жыл, қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Ақкөл ауылы – 8 желтоқсан 1937, Алматы) — қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі.

Арғын тайпасының Шақшақ руынан шыққан. Атасы Шошақ оның немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Әкесінің інісі Ерғазы Ахметті Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болған.

Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды.

Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсынұлын қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы қалада 1913–1918 жылы өзінің

ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды.

Байтұрсынұлының Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты. Байтұрсынұлы 1917 жылы рев. өзгерістер арнасында өмірге келіп, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ комитеттері сияқты тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ газеті» арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды.

Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-творчестволық мұрасын негізінен үш үлкен салаға бөліп қарауға болады. Олар: автордың ағартушы, ғалым, тілтану, әдебиеттанудың алғашқы іргесін қалаушы ретіндегі еңбегі, ақындық және аудармашылық творчествосы. Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалған еді. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Байтұрсынұлының Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек болып саналады. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасауда қзінің үлкен үлесін қосты. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Мысалы, меңзеу, теңеу, ауыстыру, кейіптеу, әсірелеу, алмастыру, шендестіру, үдету, түйдектеу, кекесіндеу, т.б. «Әдебиет танытқышта» ақындық дарын табиғаты, шығарм. Психологиясы, шабыт стихиясына ғылыми тұжырым берілді. Өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас, т.б. ұғымдарға анықтама берді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап берген еді. «Әдебиет танытқыш» – сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап-түсіндірген ғылыми зерттеді. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Сондай-ақ ол – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етіп шығарды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті. Байтұрсынұлы ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді. «Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды. Байтұрсынұлы – әлеуметтік мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған публицист. Оның мақалалары ғылыми байыптауымен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді. Абайдың қоғам өмірінің демокр. Құрылысы туралы ойларын дамытып, саяси-әлеум. Жағдай, оқу-ағарту, халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы мәселелерді қозғады. Қазақ зиялыларының жан-жақты білімдер әрі саяси күресте шындалған легін қалыптастыруда Байтұрсынұлының публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшантеңіз. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор.

Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады. Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады. Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған. Байтұрсынұлының екінші кітабы — «Маса» (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. Қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ, қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бак» т.б. өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Кітаптың ішкі сазы мен ой өрнек, сөз орамы қазақ поэзиясына тән өзіндік жаңалық, ерекше өзгеріс әкелді.

Байтұрсынұлы қалдырған бай мұраның тағы бір саласы — көркем аударма. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға мол үлес қосты. И.А. Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен жеке жинақ қылып бастырды. И.И. Хемницердің «Атпен есек», А. Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармаларын, орыстың белгілі лирик ақыны С.Я. Надсонның өлеңін қазақ тіліне аударды. Әдебиеттану ісіне Ахмет Байтұрсынұлының қосқан үлесі аса мол. Қазақ тілі мен көркем сөзі, сана-салты, дүние танымы Ахмет Байтұрсынұлын семинарияда оқып жүрген кезінен бастап қатты қызықтырғанға ұқсайды, өйткені ол Орынбордағы мұғалімдер дайындайтын семинарияны бітірген 1895 жылдың өзінде «Тургайская газетаның» 39-санында «Казахские приметы и пословицы» деген мақала жариялаған. Бұл оның баспа бетін көрген алғашқы еңбегі. Оның үстіне мақаланың осы газет бетіне басылуының өзі көңіл аударарлық нәрсе.

Бұл жерде айтпағым-саналы өмірін қоғамдық, ағартушылық қызметке іштей дайындалып бастаған Ахмет Байтұрсынұлының халықтық көркем мұраның мән-маңызына, эстетикалық қадір-қасиеттеріне бойлап, оны жинап-бастыруға ұмтылысын байқату. Ол өзі де шығармалар жазып, басқа халықтар қазынасының үлгілерін туған халқына жеткізу мақсатында аудармалар жасады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздіктің, таптық шиеленіс-қақтығыстардың себеп-салдарына терең бойлай алмаса да, еңбекші халыққа, олардың ауыр халіне көңіл бөле отырып өзінің шығармалары арқылы жария ете білді. Бұл оның демократтық, гуманистік көзқарастарға бейімдігін аңғартады. Жастайынан тағдыр талқысын көріп өскен Ахметті өсірген де, ғылым мен мәдениеттегі көсегесін көгерткен де халық үшін еткен еңбегі, елі үшін еңсере жасаған қызметі. Ұлт маңдайына біткен тұлғаның туған тіліне деген құрметі жоғары болды. Оны бәрінен биік қойды.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1.Әбдіразақов Т. Аманбаев Қ. Жетпіс жылдық тарихтың тағылымы. // Қазақ әдебиеті 1990 6 сәуір
- 2.Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезінде қазақ әдебиеті. Алматы Қазақ университеті, 2002,430 б.
- 3.Қазақ әдебиеті.Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.ISBN 9965-26-096-6
4. Ә 13 Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу эссе.—Алматы: «Арда», 2007—296 бет., ISBN 9965-778-44-2.
- 5.Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 880 бет.ISBN 9965-893-73-Х
- 6.Байтұрсынов А: Б 20 Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер.(Құраст. Шәріпов Ә., Дәуітов С.) —Алматы: Жазушы, 1989.—320 бет., портр., суретті. ISBN 5+605-00811-0

### А.БАЙТҰРСЫНОВ МҰРАЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қадырова Балғынай Талғатқызы  
Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі, 2 курс студенті  
Ғылыми жетекшісі: педагогика және психология магистрі  
Омарова Назым Жумабековна  
Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі оқытушысы  
Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы

*Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа,  
Жол сілтедім жақын емес алысқа.  
Өзге жұрттар өрге қадам басқанда  
Дедім: «Сен де қатарыңнан қалыспа»*

Қазақ мәдениетін – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихи тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар. Халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі рухани тәжірибелері арқылы қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық құралдарын біз халық педагогикасы дейміз. Халық педагогикасы- халықтың мәдени мұрасы.

Ұлттық мәдениеттің даму кезеңдерінің қай дәуірін алсақ та, ол халықтың ұлттық (халықтық) педагогикасымен сабақтасып жатқанын көреміз. Ұлттық мәдениет ұлттық тәрбие арқылы қалыптасады. Ал, тәрбие дүниетаныммен, өмір заңдылықтарымен (философиямен) тығыз байланысты. Қазақтың ұлттық тәрбие негіздері (халық педагогикасы) ең әуелі дүниетанымды, содан кейін тәрбиелеуді, ол үшін өмір заңдылықтарын үйретуді көздейді [1].

Қазақтың халық педагогикасының үлкен бір саласы ауыз әдебиеті (жалпы әдебиет) — ұрпақты адамгершілікке, еңбекке, әсемдікті сезуге, тіл мәдениетіне құштарландыра тәрбиелейтін құдіретті құрал. Оның тәрбиелік кеңістігі мен қуаттылығы тарихи кезеңдер мен уақыттарға байланысты өлшенеді.

Данышпан дара тұлғалар, керемет ойшылдар әрқашан тұңғыш терең, шексіз жұмбақ болатыны белгілі. Олардың ой-пікірлері мен атқарған істері тарихпен, заманмен астаса қабысып, тіпті бүгінгі күннің, болашақтың өзекті мәселесі болып қала бермек. Осындай тұлғалар қатарына Ахмет Байтұрсынов та жатады.

Бала өмірінің ұмтылу, талпыну, есеюге құмарлық қасиеттерін суреттей келіп, өз өлеңдерінде жазған еді. Әлеуметтік оқиғалардың шиеленісті дәуірінде өмір сүрген ол өз заманының сыры мен қайшылықты шындығын тануға тырысып бақты. Сол жолда не қилы өмір өткелдерінен өтті. Жігіттікке асығу қасиеті оның өміріне бала кезден тән болуы да осыны аңғартты.

А.Байтұрсынов ұлттық мүддені жеке бастың мүддесінен жоғары қоя білді. «Елдің өзін ел сезінуін, өзгелермен тең сезінуін, өзінің ұлтын ер сезінуін, қайраттанып, намыстанып жігерленіп өмір сүруін» армандады. Сол жолда революционер – демократтарша өмірінің ақырына дейін күресе білді. Асыл арман жолында ел тағдыры үшін өз өмірлерін қиюдан да тайынбады. Сондай ғалымдардың бірі – А.Байтұрсынов еді.

«А.Байтұрсынов – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға», - деп Ә.Кекілбаев атап көрсеткендей, ғалымның артына қалдырған мұрасын расында да ешкіммен салыстыруға болмайды. «Жаңа жазу. Жаңа әліппе. Тұңғыш емле. Тұңғыш фонетика. Тұңғыш грамматика. Тұңғыш синтаксис. Тұңғыш терминология мен әдістеме. Тілашарлар. Тіл танытқыштар. Тіл жұмсарлар»

А.Байтұрсыновтың педагогикалық – ағартушылық ғылыми еңбектерін зерттеп, педагогикалық колледждер мен жалпы орта білім беретін мектептердің оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың ғылыми-әдістемелік кешенін жасау, оны теориялық және практикалық тұрғыда негіздеп, жан-жақты дамыған шығармашыл тұлға қалыптастырудың маңызы мен мәні аса зор. Егер, А.Байтұрсыновтың педагогикалық мұраларындағы құндылықтарды іріктеп, тәлімдік мүмкіндіктерін айқындай отырып жасаған әдістемелік ұсыныстар іске асса, онда рухани құндылықтарды бағалай білетін, ұлттық және патриоттық санасы жоғары жеке тұлға қалыптастыруға игі ықпал еткен болар еді [2].

Ол – ең алдымен қазақ балаларының ана тілінде саутын ашып, әрі қарай қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш жұмсаған ағартушы қайраткер. Осы мақсатты орындау үстінде ол қазақ тілін, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын баяндап, талдап танытқан зерттеуші, әрі сол зерттеушінің негізінде «Әліппе» мен тұңғыш ана тілі оқулықтарын жазған автор. Сонымен қатар А.Байтұрсынов – өз халқының саяси, мәдени, рухани және әлеуметтік өмірінің сан-саласына көз тігіп, тікелей араласқан ірі публицист, қоғам қайраткері А.Байтұрсынов – өнер иесі – ақын; қазақтың тілін емес, әдебиетін де мәдениетін де зерттеуші ғалым. Сондықтан А.Байтұрсынов қалдырған мұра да әр тектес. Олар көркем дүние – өлең жинақтары «Маса» мен «Қырық мысал»; әдебиеттану саласынан жазылған ғылыми еңбек «Әдебиет танытқыш», қазақ тілін оқыту үйретуге арналған оқулықтар мен хрестоматиялар, оқыту әдісіне арналған методикалық құралдар; оқу – ағарту проблемасын сөз ететін мақалалар, графика мен терминология мәселелерін әңгімелейтін мақалалар мен баяндамалар... Демек, А.Байтұрсыновтың бұл бай мұрасын бір текті басылын етіп ұсыну мүмкін емес.

А. Байтұрсыновтың – алған білімі, мамандығы жағынан профессионал лингвист емес еді. Оны тіл біліміне алып келген, оқу – ағарту ісін жолға қою, халықты жаппай сауаттандырып көзін ашу. Сол арқылы қазақ халқын ұлттық тенсіздіктен құтқару мақсаты болатын [3].

Осы бай мұраларының ішінде көлемі жағынан да, көздеген мақсаты жағынан да молы – тіл мен оқу – ағартушыға қатысты мұралары. Әзірге жинаған мәліметтерге қарағанда А.Байтұрсыновтың өз қолынан 15-16 кітап жарық көрген болса, солардың 11-12-сі тіл мен методикаға қатысты екен. 1910 жылдан бастап А.Байтұрсынов қазақ жазуымен (графикасымен) айналыса бастайды. Сол күнге дейін өзге түркі халықтары сияқты, қазақтар да пайдаланып отырған арап таңбалары таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы емес екендігін біліп, оны қазақ тілінің дыбыс жүйесіне икемдеп, қайта түзуді қолға алады. Ол үшін алдымен қазақ тілінің фонетикалық құрамын зерттеуге кіріседі [4].

А.Байтұрсыновтың араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы ешбір талассыз қабылдады, себебі А.Байтұрсыновтың реформасы қазақ тілінің табиғатына сүйеніп, ғылыми негізде жасалған болатын. Сонымен қатар оның 1912 жылдардан бастап ұсынған, осы алфавитті негізге алған жаңа жазуы (ол «Жаңа емле» деп аталады) іс жүзінде қолданыла бастады. 1915 жылдың бір өзінде осы емлемен (жазумен) 15 – тей қазақ кітабы басылып шығыпты және бұл жазуды 1912 жылдардан бастап мұсылман медреселері мен орыс – қазақ мектептері қолдана бастапты.

Сөйтіп, А.Байтұрсынов реформалаған араб жазуы өз кезінде қазақ мәдени дүниесінде үлкен роль атқаратын, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісінде, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына игілікті қызмет еткен, прогрессивтік құбылыс болды. А.Байтұрсыновтың бұл тәжірибесін сол кезде өзге түркі халықтары, өзбектер мен татарлар үлгі етіп, олар да өз жазуларына реформалар жасады.

А.Байтұрсынов қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған адам. Сол үшін қазақша сауат ашатын әліппе құралын жазды. Ол «Оқу құралы» деген атпен алғаш рет 1912 жылы Орынборда басылды. «Оқу құралы» 1912-1925 жылдар аралығында 7 рет қайта басылып, оқу – ағарту жұмысында ұзағырақ әрі кеңірек пайдаланды. Кітап бетінің төменгі тұсындағы сілтемеде хат таныту жолдары көрсетіліп, сабақ әдісі қоса беріледі. Барлық әріптерді өтіп болған соң, танымдық материалдар ұсынылады. Мысалы, «Туысқан – туған іліктес» деген тақырыпта ата, баба, ана, әже, шеше, аға, іні ... деген сөздер беріледі. Сол сияқты киімдердің, ойындар мен ойыншықтардың т.б. атаулары ұсынылады. Және бір көңіл аударатын жері – автор балаларға лайық тілмен жазылған, тәрбиелік мәні бар бар жұмбақ – жауаптарды, мақал – мәтелдерді, шағын өлең текстерді береді.

Қазақ тілінің морфологиясына арналған II – бөлімі бұдан 1 жыл бұрын 1914 жылы баспадан шықты. Ол да қырналып, толықтырылып баспадан бірнеше рет шықты (1927ж. 6 басылым). Тілдің әр категориясының классификациясынан бастап, бүкіл терминдеріне дейін қазіргі мектеп грамматикасынан А.Байтұрсыновтың оқулықтарының ізін табуға болады.

Мен практика барысында 3 – «А» сыныбына Ахмет Байтұрсынұлыны тұралы Қолдабай Сәрсенбеевтың «Ұлт ұстазы» кітабынан алынған «Бала Ахмет» шығармасын оқытқан едім. Бұл сабақта оқушылар Ахмет аталарымен жақынырақ тансыққан еді. Оқушылар мәтін арқылы Ахметтың бала кезінде қандай болғанын және үздік оқығаны туралы танысқан еді [5].

Ал енді, Ахмет Байтұрсынұлы жасап кеткен қазақ әліпбиінің болашағына келетін болсақ, тіл ғылымына қатысты арнаулы орындар нақты зерттеулер жасап, ғылым, өндіріс, кеңсе қолданыстарындағы сөздерді зерделеп, қазіргі қазақ әліпбиіндегі дыбыстардың бүгінгі сөз қолданысына қатыстылығын анықтаулары керек. Қазақ тілінің қолданыс аясының тарылып, заң жүзіндегі мемлекеттік тіл деген өз мәртебесіне ие бола алмай отырғандығы бір болса, оның тынысын бұдан да әрі тарылтып, түншықтырудың тағы бір амалы – латын таңбасына қайта таңу әрекеті болып отыр. Бұл – маңдайға соққан тырманың сабын ұмытып, оның басын қайыра басу есепті. Ұлтымызға құт болмай, жұт болған қайырсыз таңба еді ғой! – деген ұлт жанашырларының жанайғайы да бәрімізді ойландырмай қоймайды. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс. Қортындылай келе Ахмет Байтұрсынұлының қалдырған мұралары әлі күнге дейін жалғасын табуда және оның қалдырған ізі қазіргі таңда оқушылардың сауаттын ашып білім нәрін жинақтауға көп ықпалын тигізді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қыдыршаев А. А. Байтұрсынұлы әліппелерінің әдістемелік ерекшеліктері. - Бастауыш мектеп № 7-8, 2004 жыл
2. Ұлттың рухани көсемі. – Алматы, 2008 жыл
3. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. — Алматы: Мектеп, 1996. — 136-б.
4. Әуезов М. Ақанның елу жылдық тойы // Байтұрсынов А. Ақ жол. — Алматы: Жалын, 1991. — 17-б.
5. Дулатов М. Шығармалар. — Т. 1. — Алматы: Жазушы, 1991. — 384 б.

### ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

Қайыржанқызы Шынар

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің білім алушысы

Жетекші: Абдилдина Куляш Султановна

Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Кез келген халықтың тарихы әр уақытта оның тағдырында жарқын із қалдырған тұлғалармен тығыз байланысты. Әр адам өз дәуірінің туындысы дейді. Дегенмен, кез келген тарихи тұлғаның маңыздылығы, ең алдымен, оның даналығымен, алысты көре білуімен, өз халқы мен Отанының тағдырына араласу дәрежесімен өлшенеді.

1930 жылдар жаппай қуғын-сүргін жылдары болды. 1937-1938 жж. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатұлы, Ә.Ермеков, Х.Досмұхамедұлы және басқа да көптеген көрнекті қайраткерлер ұлтшылдық пен тыңшылықпен айыпталды. Демографиялық және интеллектуалдық әлеуеті жағынан республикаға орны толмас зиян келтірілді.

Көрнекті қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов та қатыгез репрессияның құрбаны болды. Ахмет Байтұрсынов – ақын, ғалым, түркітанушы, аудармашы, ұстаз, публицист, қоғам қайраткері. 1873 жылы 18 қаңтарда Торғай уезінің Тосын болысында шаруа отбасында дүниеге келген. Халық батыры Үмбетбайдың ұрпағы саналатын әкесі Байтұрсын қазақ ауылындағы озбырлыққа, құқысыздыққа

шыдамаған, қайшылыққа жиі түсетін, өз намысын сезінген ержүрек, ақылды адам болған. жергілікті феодалдармен және патша өкіметімен. 1885 жылы Байтұрсынов пен оның ағасы уезд бастығын сындырғаны үшін 15 жылға сотталып, Сібірге жер аударылды. Биліктің әкесін, туған-туыстарын, ауылдастарын қолдаған қырғыны болашақ ақынға ащы әсер қалдырды.

Алғашқы білімін туған ауылында алып, кейін Торғай орыс-қазақ мектебінде, Орынбор мұғалімдер семинариясында оқыды. Ұстаздық жолын 1895 жылы ауылда, кейін болыс мектептерінде мұғалім болып бастады. 1909 жылы Қарқаралы қаласындағы екі кластық орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі бола жүріп, қалыптасқан жүйеге қарсы сапқа қосылып, сол үшін тұтқындалып, Орынбор қаласына жер аударылады.

Бұл кезең оның қазақ тіл білімі мен ана тілін оқыту әдістемесі саласындағы ғылыми ізденістерін қамтиды. Одан кейінгі жылдары қазақ жазуын реформалаудың қағидаларын әзірлеуге кіріседі, қазақ грамматикасының категорияларын анықтау үшін ғылыми терминология жасайды.

Ахмет Байтұрсынов – ағартушылық пен білімнің халыққа еркіндік пен қоғамдық өзгерістер жағдайында ғана нақты игілік әкелетінін түсінген алғашқы қазақ ағартушылардың бірі. Ол жергілікті билеушілердің озбырлығын, патша самодержавиесінің отарлау саясатын жиі әшкереледі. [1.6].

А.Байтұрсынов – қазақтан шыққан тұңғыш шығарманың авторы. Ғалым Байтұрсынұлының құрметіне аталған жаңа қазақ әліпбиі кезінде жазу реформасы кезінде бүкіл түркі тілдес халықтарға жақсы үлгі болған. Сондай-ақ автор «Ана тілі бойынша анықтамалық», «Қазақ тілі курсының конспектсі», «Грамматиканы оқуға арналған нұсқаулық», «Сөйлеуді дамыту», түрлі хрестоматиялар жазды. Бұл әдістемелік еңбектер әлі күнге дейін қазақ тіл білімі мен қазақ тілін оқыту әдістемесі саласындағы ғалымдар арасында беделге ие.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиеті мен жазуының дамуына зор үлес қосты. А.Байтұрсынов шығармашылық қызметін фабулист ретінде бастады. Әсіресе, оның «Қырық мысал» және «Маса» жинақтарына енген аңыз-әңгімелері кеңінен танымал. Байтұрсынов қазақтың ауызша өнерінің үлгілерін жинап, басып шығаруда үлкен еңбек сіңірді. 1923 жылы жарық көрген «Ер Сайын» поэмасына кіріспе мақаласы мен түсініктемелері, «23 жоқтау» (1926) және «Әдебиеттану» (1926) кітаптары жарық көрді, соңғысы тарихқа қатысты тұңғыш ғылыми зерттеу болып табылады. қазақ әдебиеті. Ахмет Байтұрсынов қазақ балаларына ана тілін үйрету үшін бірқатар оқулықтар жазды. Өлеңдерінде қазақ халқының мұң-мұқтажын, арман-тілегін, жарқын болашаққа деген арманын өрнектеп, төрешілдіктің екіжүзділігін әшкереледі, білім нұрына, мәдениетке шақырды.

1913 жылы А.Байтұрсынов «Қазақ» газетінің тұңғыш редакторы болды. Газет бағдарламасының ерекшелігі – қазақ тілін, мәдениетін, мектептегі білім беруді дамыту мәселелерін көрсету болды.

1917 жылғы төңкерістен кейін «Алаш» партиясының мүшесі бола отырып, А.Байтұрсынов Қырғыз (Қазақ) өлкесінің Әскери-революциялық комитетінің мүшесі болып сайланды, Өлкенің Ағарту халық комиссары (1920–1921), төрағасы болды. академиялық орталықтың (1921–1922), Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғылыми-әдістемелік кеңесінің мүшесі болды. [1.4].

1920 жылы РКП(б) қатарына қабылданып, 1921-1928 жылдары Қазақ халық ағарту институтында жұмыс істеп, қазақ тілі мен әдебиетінен, тарихы мен мәдениетінен лекциялар оқыды. 1928-1929 жылдары А.Байтұрсынов Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры болды. Ол жасаған және оның атымен аталған графикалық жүйе қазақтардың сауатсыздықты тез жоюға, жазба мәдениетін жақсартуға мүмкіндік берді.

1929 жылы маусым айында Қызылордаға шығармашылық сапарында А.Байтұрсынов тұтқынға алынады. Оған 1926 жылы Бакуде өткен түркологтардың съезінде Қазақстанды Ресейден бөлу жоспарын жүзеге асыруға көмектесемін деп, шетел ғалымдарымен кездесіп, Мұстафа Шоқайпен байланыс орнатуға әрекеттенді деген айып тағылды.

1931 жылы Архангельск облысына жер аударылды, ол жерден үш жылдан кейін ғана Алматыға оралды. Ал 1937 жылы қуғын-сүргіннің жаңа толқыны басталғанда тағы да тұтқындалды. 1938 жылы 8 желтоқсан Ахмет Байтұрсынов «халық жауы» ретінде атылды.

Байтұрсыновты большевиктер де жек көрді. Өйткені олардың «Қызыл гвардияның» қазақ даласын өзгерту жобаларымен, жаһандық тәжірибелерімен келіспеді. 1919 жылы ол ғылыми интеллигенция өкілдерінің үлкен тобымен бірге Кеңес өкіметі жағына өтуге мәжбүр болды. Сол жылы маусымда А.Байтұрсынов Қазақ өлкесінің әскери революциялық комитетінің мүшесі болып сайланды. 1922-1925 жж. Байтұрсынов Миллет Халық Комиссариаты жанындағы ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы болды, Қазақстан Халық Комиссарының төрағасы болып сайланды, Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің, ҚазЦИК-тің мүшесі, Қазақстан Республикасы Парламентінің баспасөз органында жұмыс істеді. Түркістан Компартиясы Орталық Комитеті, «Ақ жол» газеті. 1925-1929 жж. Байтұрсынов Қазақ халық ағарту институтында, Қазақ педагогикалық университетінде сабақ берді. 1929 жылы ОГПУ тергеушісі ретінде жауап бере отырып, ол саясаттан гөрі ғылыми жұмыспен айналысқанды ұнататынын жазған. Бірақ тағдырдың жазуымен өмірінің соңына дейін саяси қызметпен айналысуға мәжбүр болды. Басқаша болуы мүмкін емес еді. Ұлттық сананың өрлеу дәуірінің зиялы қауымы саясаттан тыс қала алмайды. «Менің мұратым – қазақ халқының мәдени жағдайын көтеру, – деп атап өтті ол, – оның дамуының кепілі және ол қандай күш бере алады, соған қанағаттанамын». [1.5].

1937 жылы А.Байтұрсынов тұтқындалып, атылғанда оның әйелі Бәдрисафа да тұтқындалып, Свердлов облысына жер аударылды. Мұнда ол қатты ауырып қалды. Қостанайға оралған соң шарасыз Бәдрисафа мүгедектерге арналған ауруханаға жатқызылды. Ол сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болды, оның өмірі Қостанай облысы аумағында қайғылы түрде қысқарды.

Халық жадында Ахмет пен Бәдрисафаның қиыншылық пен азапқа толы қиын өмірін бастан өткерген осынау мөлдір сұлу махаббат туралы аңыз-әңгімелер әлі күнге дейін ауыздан-ауызға жетіп келеді.

Ахмет Байтұрсыновтың сан қырлы таланты поэзияда, публицистикада, ғылымда, мәдениеттің басқа да салаларында қалам қуатын сынауға мүмкіндік берді. Ол ғалым, аудармашы, этнограф, көптеген оқулықтарды құрастырушы ғана емес, жас балаларға арналған көптеген өлеңдердің авторы. Ахмет аға үлкен ұстаз – балалар мен үлкендерге бас әріпті ұстаз болған. Ол халық жадында қазақ ғылымы мен мәдениетінің көрнекті тұлғасы болды және солай болып қала береді.

«Халық үшін басты байлық денсаулық болса, жанның басты байлығы – білім мен өнер. Солардың көмегімен ғана халықтар өркениет көшінен өз орындарын табады. Жастарға білім беру, қолөнерге баулу, кәсіпке баулу – басты міндет. Қазақ даласында осы міндеттерді жүзеге асыру үшін ауылдардың барлық жерінде қазақ мектептерін ашу, қазақ тілінде оқыту қажет. Біздің басты мақсатымыз да, міндетіміз де осы», – дейді Ахмет Байтұрсынов.

1988 жылы Ахмет Байтұрсынұлы ақталды. Ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынов тағы да арамызда. Кітаптарында, есімінің іргетасында, көше атауларында, ең бастысы, бүгінгі күннің мәселелерімен үндескен ой-пікірлерінде.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 30 желтоқсандағы Жарлығымен 1997 жыл республикамызда Ұлттық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланды. Саяси қуғын-сүргін жылдарында жапа шеккендерді мәңгі есте қалдыру мақсатында 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды.

Әрбір халықтың, мемлекеттің өмірінде ұмытылмайтын оқиғалар болды. Осы оқиғаларға, оның тарихына ұқыпты қарау – бүгін де, ертең де жаңа оқиғаларды жасамайтындығымыздың ең жақсы кепілі.

Ал Ахметтің кітаптары болса қазіргі қазақ мектептерінде қолданылатын жалғыз оқулық. Оны Кир Наркомпрос қайталап бастырып шығармаса, сол қалпында қалмақ. Адамзат қоғамының идеологиялық жағынан толысуы өмірден де, техникалық прогресстен де қалыс қалып келеді. Сондықтан да идеология болмыстың (өзге) салаларынан консервативті. Идеологиядағы кертартпалық консервативтік ағымның салқыны, әсіресе, кейін қалған халықтарға, мәселен қазақтарға қатты зиянын тигізеді. Бұл, әрине, тың тұжырым емес. Идеологиялық консерватизм халықтың дамуына үлкен кедергі келтіреді. Бұл ой алфавиттік реформаға да қатысты. Мысалға орыс алфавитін орнықтыру мәселесі өткен ғасырдың 60-шы жылдары столыпіндік кезеңде шаруалардың орыс ойшылдары арқасында азат етілуімен тұспа-тұс келсе де, екінші Николайды құлатқаннан кейін ғана жүзеге асты. Мәдениеті бізден сөзсіз жоғары тұрған орыс қоғамының өзі дайын алфавитті тұрақтандыру үшін бұдан да күшті күресте айрықша қажыр-қайрат таныту керек болды. Қазақ арасында «Қадим» (ескіше) және «Жәдит» жаңаша, төтеше оқу деген мағына нақ осы кезден басталады. Бірақ бас-аяғы он жыл ішінде ескі молдалардың сағы сынып, біздің мектептерде жаңа азаматтық заң жеңді. Біздің мұғалімдер оқытып жатқан бүгінгі европалық әдіс – Ахмет Байтұрсынұлының жанашырлық қызметінің жемісі. Ахметтің жаңа оқулықтары жаңа әдістермен, қазақ өміріндегі жағдайға ғана орайластырылып қойылмаған, сонымен бірге ең соңғы жаңа методика мен дидактика әдістері тұрғысынан жазылған. Қандай да танымның, методиканың негізі – салыстыру. Талантты, озық ойлы методистердің бәрі де ежелден-ақ оқулықтарын осы салыстыру тәсіліне сүйеніп жазған. Ахмет өз әліппесіндегі материалдары да осындай жолды ұстанып отырып әзірленген. Ұғымға да, есте сақтап үйретуге де оңтайлы.

Атамыз мәңгілік елдің ұстазына айналған ағартушы педагог. Қалың ұйқыға кеткен халқын «Маса» болып ызыңдап оятуды көздеген А. Байтұрсыновтың қазақ халқына сіңірген еңбегі шаш етекпен. Ол – алаш ардақтысы, қоғам қайраткері. Өз ұлты үшін бес рет түрмеге түсіп, соңында репрессия құрбаны болып, атылып кеткен ағартушы, ғалым. Мына біздер, оқушылар, атамыздың өмір жолын, елге жасаған қызметін білу бағалау – біздер үшін үлкен парызымыз деп білейік!

#### Әдебиеттер тізімі

5. Н.Назарбаев Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту <http://www.akorda.kz>
6. Ахметжанова А.Т., Сарыбаев М.С. Қазақстандағы педагогикалық кадрларды даярлауды жаңғырту мәселелері. <https://articlekz.com>
7. Ахмет Байтұрсынов. Тұлғалар. <http://e-history.kz/ru/biography/view/20>



## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МЕН АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ҰҚСАСТЫҚ

Қасымханов Серғазы Әділханұлы  
«Қостанай ауылшаруашылық колледжі» КМҚК  
2Ш-2 тобы студенті  
Қостанай қаласы

Ахмет 1891 жылы Ыбырай Алтынсарин негізін қалаған Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқып, тәрбиеленеді.

Ыбырай – ұлы ағартушы. Халық ағарту ісінің де, ағартушылық әдебиеттің де, журналистиканың да негізін салушылардың бірі болса, Ахмет Байтұрсынов ол жасаған осы абыройлы істердің бәрін жалғастырып, дамытушы, талантты ізбасары десек те болады.

Халқымыздың кемеңгер ұлдарының бірі Әлихан Бөкейханов 1925 жылы Ахмедке хат жазып:

«Алтынсары баласы Ыбырай хақында өзің жазсаң жақсы болар еді. Ол сенің ағаң емес пе? Егер ол қазір өмір сүрсе, сендей болар еді, ал сен ертерек дүниеге келгенде оның ісін жасарың хақ [Дулатов Г. Аманат /Жұлдыз, 1994 №3-4. – 3-б.],» - деп екеуінің бір-бірімен рухани жақындығын, масаттарының бір екенін айтып, үлкен сенім артады. Шын мәнінде де, Ыбырай мен Ахметте бір-біріне ұлттық мүдеден туған ұқсастық көп.

Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин: «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы... Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек осы мектептерде» [Таза бұлақ. Алматы: Жазушы, 1988. -204б.], деп жазса, бұл ойды Ахмет Байтұрсынов «Мектеп жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы» [Мектеп керектері//Қазақ, 17 май, 1914], - деп әрі қарай жалғастырып, іс жүзіне асырды. 1895 жылы педагогикалық училищені бітірісімен, ұстаздық жолға түсті. Оның алдына қойған мақсаты- қалың ұйқыдағы қазақ халқын маса болып ызындап, санасына білім құю арқылы ояту болды. Оқу-білім, мектеп, оқулық, оқу жүйесі, мұғалім туралы сыр толғап жүріп, ағартушылық қызметті де атқарды. Екі тіл жанашырларының да қозғаған мәселелері, мақалалары бірдей мәселен: Ыбырай Алтынсарин «Облыстардағы оқу жұмыстарының жалпы жайы», «Мектептердегі оқу және тәрбие жұмыстары», «Оқу құралдарының жайы», «Мектептің шаруашылық жайы» деп халық ағарту мәселелері жөнінде толғанса, Ахмет те аға жолын жалғастырып, «Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Оқыту жайынан», «Мектеп керектері», «Орысша оқушылар» деген мақалалар жазды. Олардың мақалаларында халық ағарту ісінің мұң – мұқтаждары айтылды, оқу ісін жақсартудың жолдары да көрсетілді.

Ахаңның «Қазақша оқу жайынан» [Қазақ, 16 май, 1913] мақаласында редакцияға («Қазақ» газетіне – С.О.) мұғалімдерден бала оқыту үшін бағдарлама (автор бағдарламаны әуелі орысша «программа» деп алып, жақшаның ішінде «жосық» деп аудармасын көрсетіпті – С.О.) сұраған өтініш хаттар жиі түсетінін, бірақ әліппеден басқа бастауыш мектептерге арналған оқулықтар әлі де шықпағандықтан, бағдарлама жасау мүмкін емес екендігін түсіндірген. Баланы оқытпай тұрып, оларға арнап кітаптарды мәнді – мағыналары, ұғынықты етіп шығару керектігіне тоқталған болатын.

Осы орайда біз сонау егемендік алған алғашқы жылдардағы кейбір келеңсіз істерді еске аламыз. Оқулықтар тапшы, мектептерде бастауыштың мұғалімдері жеткіліксіз, сонда да бірнеше облыстық, қалалық, ауылдық және аудандық мектептерде бастауыш сыныптар ашылып, көп ұзамай жабылып қалды. Мұндай жағдайлар алдын-ала ертеңге жоспар құрмағандықтан болды.

Ұлы ағартушы «Әуелі біз бала оқытатын кітаптарымызды түзеп, сайлап алып, сонан соң неден бастап, неге шейін оқытатынымыздыға жосық белгілеу дұрыс», - деп дұрыс айтқан.

### **Зерттеу нәтижелері**

Ахмет Байтұрсынов – ұлтымыздың ұлы ұстазы. Оның әр айтқан пікірі, ойы- бізге жол нұсқап, тығырықтан шығудың небір тәсілдерін үйретеді. Ыбырай Алтынсарин :

Бір Аллаға сыйынып,  
Кел, балалар, оқылық  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық!  
Оқысаңыз, балалар,  
Шамнан шырақ жағылар.  
Тілегенің алдыңнан  
Іздемей-ақ табылар,-  
Десе, Ахмет Байтұрсынов:  
Балалар, бұл жолы басы даналыққа,  
Келіндер, түсіп, байқап, қаралық та.  
Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп.  
Соларды көре тұрып қалалық па?!  
Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,  
Жүріндер, іздеп тауып алалық та!,-

деп, бүкіл ғылым-білімнің басы – оқу екенін айтып, оның «өшпес жарық, кетпес байлық» екендігін ұғындырмақ болған.

Ыбырай:

Өнер-білім бар жұрттар,  
Тастан сарай салғызды.  
Айшылық алыс жерлерден,  
Көзді ашып жұмғанша,

Жалдам хабар алғызды, десе, Ахмет осы « Оқу жайы» деп аталатын мақаласында:

«Осы заманғы жан таңқаларлық нәрсенің бәрі де ,ғылыммен табылған.Адам баласын көкте құстай ұшқызып,суда балықтай жүздірген ғылым.Дүнианың бір шеті мен бір шетінен шапшаң хабар алғызып тұрған ғылым, отарба, откемелерді жүргізген ғылым», - Ыбырай сөзін талдап,оны дамыта түседі. Сөйтіп, Торғай облысы мен Қостанай уезінде қаншама қазақ тұратынын, олардағы мектеп санын айтып,оның тым аз екені жанына батады. Қазақ мектептерінде де , оқу ісі жақсы тәртіпке қойылмағанын,Қостанай уезіндегі 132 мектептің 109-ы ауылдық, жалпы қай жерде де қазақ балалары үшін ашылған мектептердің көбі ауылдық екенін, онда оқыған балалар ілгері мектептерге келіп оқымаса, тіршілікке пайдалы білім алып шыға алмайтыны өкінішті екенін жеткізді. « Қазақ балалары тәуірірек оқырлық школдарда қазыналық орын аз,өз күштерімен оқытуға әркімнің шамасы келе бермейді. Екі класты школдар әр уезде бір-екеуден, одан 30-дан артық қазақ баласын алмайды. Орта һәм жоғары школдарда қазыналық орын бұл кезде жоқтың қасында. Әр облыстың қазақтары үшін университет,институттарда 2-3 тен артық орын жоқ. Бұрынғы ашылған орындар әртүрлі сылтаумен кеміген. Сөйтіп, тәуірірек оқитын орындардың қазағы үшін есігі бекіп, жолы жабылған» [// «Қазақ», 21 апрель,1913].

Ыбырай Алтынсарин Торғайда, Ырғызда, Ақтөбеде, Троицкіде , Қостанайда мектептер ашса, Ахмет Байтұрсынов жалпы қазаққа мектеп болды деуге болады. Сонымен қатар жаңа мектептер ашудың жолдарын көрсетті. « Қызыл Қазақстан» журналының 1923 жылғы 14 нөмірінде: «Школдар ашуға үкіметтің шамасының келмейтіндігі анықталып отыр,үкімет 2116 кісінің ғана расходын көтермекші, ал балаларды тегіс оқытуға 20000-нан артық кісі керек. Сондықтан бір ауылнай не бір болыс ел күш біріктіріп, байға байша, кедейге кедейше үй басына салық салып, сол жиналған салықты оқытушылардың һәм басқа қызметкерлердің ақысына, школдың керек- жарағына (жұмсауға) міндетті болып, жергілікті оқу бөлімдермен договор жасап , школ ашу керек. Ол школдардың жанынан интернаттар ашу керек», - деп жазды.

Ыбырай қазақ балаларына арнап тұңғыш « Қазақ хрестоматиясын» (1879 жыл) құрастырушы. («Қырғыз хрестоматиясы » деп аталған – С.О.) Бұл қазақтың алғашқы оқулығының шығуы ,халқымыздың өміріндегі тарихи оқиға еді. Кейін сол 1879 жылы оның «Қырғыздарға орыс тілін үйретуге алғашқы басшылық» деген кітабы жарық көрді.

Ыбырай бастаған игі істі одан кейін Ахмет жалғастырды. «Оқу құралы» (1кітап,1912), « Қазақша оқу жайынан», «Баяншы», «Сауат ашқыш», « Жылқылау, айырыңқы әдіс», «Қай әдіс жақсы», «Әліп-би» тағы да басқа оқу-әдістемелік кітаптары соның дәлелі. Бұл кітаптар әлі күнге дейін құнын жоймаған, мектептерде пайдалануға болатын бағалы қазыналар. Бұдан басқа да жазу емлесі, оқу-ағарту, терминология мәселелері туралы мақалалары қанша!

Ыбырай мен Ахмет іс жүзіндегі (практик) ағартушылар. Екеуі де ауызбен айтып, жазып қана қоймай, мектепте өздері сабақ берген. Сондықтан да олар мектеп қажетін жақсы біледі.

Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясына» жазған кіріспесінде « Қазақ халқының сауатсыздығынан, қазақ тілінде басылған» бір де кітаптың жоқтығынан оқу орындарының мұғалімдері қазақ тілінің орнына татар тілін пайдаланып жүр. Сондықтан, көзге көрінер ешқандай пайдасы болмаса да, шәкірттерге амалсыздан.. татар тілін үйренуге тура келеді.Екінші жағынан,татардың кітап тілі, бұл тілді татарлардан шыққан оқымыстылардың өздері де менсінбегендіктен, араб, парсы сөздеріне лық толған; ол сондықтан сауатсыз қазақтарға түсініксіз», - деп жазса Ахмет Байтұрсынов «Оқыту жайынан»[Қазақ, 11,21 сәуір, 1912] деген мақаласында « Бұл күнде қазақша оқуда кемшілік көп. Әуелі, оқу құралы , кітаптар жоқ. Ноғайша ( Торғай қазақтары бұрын татарды ноғай дейтін – С.О.) оқу құралдары қазаққа үйлеспейді» , - дейді.

Ахмет «Әдебиет танытқыш» (Ташкент,1926) атты еңбегінде де шығарма талдағанда Ыбырай өлеңдері мен әңгімелерінен мысалдар келдіреді:

Үміт еткен көзімнің нұры, балам,  
Жаныңа жәрдем берсін құдай тағалам.  
Атаң мұнда анаңмен есен- аман,  
Сөйтіп сәлем жазады бүгін саған.

Атаңды сағындым деп асығарсың,  
Сабаққа көңіл бөлсең, басыларсың.  
Ата-анаңды өнер білсең асырарсың,  
Надан боп білмей қалсаң аһ ұрарсың.

Шырағым, мұнда жүрсең не етер едің?

Қолыңа құрық алып кетер едің.

Тентіреп екі ауылдың арасында

Жүргенмен, не мұратқа жетер едің?!

Бұл Ыбырайдың «Балғожа бидің баласына жазған хаты» деген өлеңі екенін қазір екінің бірі білсе керек. Осы сияқты Ыбырайдың « Жәнібек батыр» атты әңгімесін де мысалға келтіріп, « Мазмұн түрінің аралас келетін шығарма мысалы жоғарыдағы «Жәнібек батыр» деген сөз» деп анықтама береді.

Ахмет Ыбырайдың « Қайырымды түлкі», «Егіннің бастары» мысалдарын әрі қарай жалғастырушы.

Бұл – қалай да халыққа жетсін, оқысын, түсінсін, оянсын дегеннен туындаған іс. Мәселен Ахмет Ыбырайдың «Қайырымды түлкісін» (12 шумақ) сол қалпында ала отырып, оған өз жанынан:

Жеп қойды құстың жетім балапанын,

Қорықпай-ақ обалынан Түлкі залым.

Қарасаң, ел ішінде аз ба адамдар

Жеп жүрген обалсынбай жетім малын?

Пана боп, өзің сақта, құдіретім,

Кімде-кім балапандай қалса жетім.

Жұмсақ тіл, көңілі қатты залымдардың

Ете көр жетімдерден аулақ бетін,- деген екі шумақ қосып, мысалдың неге жазылып, нені мезгеп отырғанын халыққа түсіндіреді.

Жеті шумақ «Қарға мен түлкі» мысалын Ыбырай И.Крыловтан жеті шумақ етіп қазақшалап, Ахмет он екі шумақ етіп қазақтардың таным-түйсігіне лайықтап қайта жазып шыққан.

Екеуінің де көтерген мәселелері бір болғандықтан, әрі ой-мақсаттары тоғысып жатқандан кейін сөздері де қабысып, бір-бірін толықтырып тұр.

#### **Қорытындылар**

Қазақ халқын ілгері дамыту жолындағы жалынды күрескер - Ы.Алтынсарин. Ол аймақта бастауыш мектептер мен кәсіптік училищелерін ашу арқылы жалпы және кәсіптік білім беру ісінің негізін қалады.

Ал, Ахмет Байтұрсынұлы терең ойлы оқымысты ғалым, жазушы, ұстаз, қоғам қайраткері. Қазақ тілін ғылыми негізде, ғылыми әдіс тәсілдермен үлкен ғылым саласы ретінде алдымен ұлтымызға, одан соң бүкіл әлемге өз тілімізде паш еткен қазақ халқының мақтанышы. Ғылым мен техника дамып, адамзат қоғамы жаңа ғасырдың табалдырығынан аттағалы бері Ахмет Байтұрсынұлының бірінші, білім – ана тілінде берілуі, екіншіден, халықтың сауатты болуы керектігі болуы туралы әлі де көкейкестілігімен құнды. Бастауыш сыныптарда білім беру туралы айтқан пікірлері 1996 жылдың қыркүйек айында Қазақстан үкіметінің «Қазақстан Республикасының Жалпы білім беретін мектептеріне арналған оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендерін даярлаудың мақсатты бағдарламасымен» уақыт алшақтығына қарамай үндестік табуда.

Менің ойымша ендігі міндет – ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің шығармалары арқылы оқушыларды еңбекқорлыққа, Отанын сүйуге, білімді болуға, шыншыл әділетті болып өсуге баулу;

Ұлт жанашыры –Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығын терең меңгерту арқылы оқушыларды елжандылыққа, Отансүйгіштік қасиеттерге тәрбиелеу.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Оспанұлы С. «Алтынсариннің айналасындағы адамдар» Қостанай: Шапақ, 2006. – 295 б.
2. Байтұрсынов А. «Тіл тағылымы» Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.
3. Алтынсарин Ы. «Өнер – білім бар жұрттар». Алматы: Жалын, 1991. – 230 б.
4. Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. 1т. Алматы: Қазғұрт, 2003. – 236 б.
5. Байтұрсынов А. «Ақ жол». Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

### **А.БАЙТҰРСЫНОВ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ**

Құрманғажы Нұрдәулет Маратұлы

М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі

Дене тәрбиесі және спорт мамандығының студенті

Ғылыми жетекшісі: Сәрсенбаев Бауыржан Серікжанұлы

Ахмет Байтұрсынұлы – ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Ол 1873 жылы 18 қаңтарда қазіргі Қостанай облысының Торғай өңіріндегі Сартүбек деген жерде дүниеге келеді. 1884 ж. Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітірген. 1895 - 1909 ж.

Ақтобе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі мектептер мен орыс- қазақ училищерінде мұғалімдік қызмет атқарады. Байтұрсыновтың қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш еңбегі «Әдебиет танытқыш» (1926). Байтұрсынов тілші ғалым ретінде қазақ тілінің табиғаты, араб әліпбиінің жайы, терминдер, қазақ тілінің мәселелері туралы мақалалар жазды. Табиғатынан зерек Ахмет 1882—1884 жылдары ауыл адамдарынан сауатын ашып, кейін ауыл мектебінде оқиды. 1886—1891 жылдары Торғай қаласындағы екі сыныпты орысша-қазақша училищеде, 1891—1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын мектепте білім алады. 1895—1897 жылдары Ақтобе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде мектептерде, училищелерде сабақ береді. Қазақ тілі мен әдебиетінің мәселелерін зерттейді. Көп кітаптар оқиды, өз бетімен ізденеді. Әдебиетпен айналысады, өлең-жырларын жазады, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинайды, оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлейді.

Талай жанның өміріне шуақ болып шашылып, талай жанның шамшырағын жағуға ықпал еткен азамат, тек білім саласында орасан тер төгіп қана қоймай, баспа саласының дамуына да үлкен көмегін тигізді. Тұңғыш, жалпыұлттық «Қазақ» газетінің жарыққа шығуына түрткі болған, дәл осы Ахмет Байтұрсынов болатын. Саясаттан хабар-ошар тарапын, халықпен тікелей байланыс орнатқан басылым адамдарды үнемі ілім-білімге де үгіттеп отырды. 1913—1918 жылдары өзі ұйымдастырған "Қазақ" газетінің редакторы болып еңбек етеді. Газет бетінде халық өмірінің мәселелерін көтереді. Елді оқу-білімге шақырады. 1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін Алаш қозғалысын ұйымдастырып, бағдарламасын жазған. Қазақстанның тұңғыш халық ағарту министрі, Қазақстан академиялық орталығының жетекшісі, Алматыдағы, Ташкенттегі жоғары оқу орындарының профессоры қызметтерін атқарады. 1929 жылы жазықсыз түрмеге жабылып, 1936 жылы елге оралады, 1937 жылы қайта тұтқындалып, "халық жауы" деп аталған Ахмет 1938 жылы атылады. 1988 жылы ақын ақталды. Ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың мол әдеби, ғылыми еңбектері қалды. Ол өз заманында әрі ақын, әрі аудармашы, әрі ғалым ретінде танылды. Ахметтің 1909 жылы Петербург қаласында **"Қырық мысал"** деген алғашқы кітабы жарық көрді, ол кітапта орыс мысалшысы И.Крыловтан аударған мысалдар жинақталды. 1911 жылы Орынбор қаласында **"Маса"** атты өлеңдер жинағы шықты.

Ахмет Байтұрсынов қазақ тілінің реформаторы, теоретигі әрі қазақ тіл білімінің атасы. Ол араб әріптерінің негізінде қазақтың төл әліпбиін жасады. Өзінің "Оқу құралы" (1912), "Тіл құралы" (1914), "Әліпби" (1924), "Жаңа әліпби" (1926) атты кітаптарында қазақ тілінің мәселелерін қарастырды. Қазақ тіл білімінде терминдер қалыптастырды. Қазақ тілі грамматикасындағы ұғымдарға анықтамалар берді.

1911 жылғы 2 санында жарияланған «Қазақ өкпесі» деген мақаласында жазудың адам өміріндегі маңыздылығын, сауатсыз, қараңғы халықтың ғылым мен мәдениет өркендеуінен артта қалатындығын, сондықтан оқу-білімі жоқ, жазу-сызуы жоқ қоғамның «надандық құрсауында» болатындығын ашық жазып, «олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесепаты» деп өз халқын ағартушылыққа шақырады. Ағартушылыққа шақыра отырып, қазақ қоғамын «қараңғылықтан оятуды» сауаттандыру ісінен бастады, ал сауатсыздықты жою үшін әліпби, әріп, жазу, оқу мәселелеріне түбегейлі өзгерістер енгізді. Өйткені жоғарыда айтылғандай сол кезеңдегі оқу, жазу жүйесі біріншіден, «араб тілінің фонетикалық ерекшеліктерін үйретіп, діни білімді» ғана насихаттаса, екіншіден, бұған дейінгі жазба тіл «халықтың сөйлеу тілінен» мүлде алшақ жатқан еді, яғни қалың көпшіліктің сөйлеу тілі бір басқа да, жазу тілі бір басқа болатын. Былайша айтқанда, бұл жазу жүйесінде «ескі сөздер тобы мен араб, парсы элементтері және басқа түркі тілдерінің грамматикалық ерекшеліктері» басым қолданылып, қарапайым халықтың ұғынуына қиын тиетін. Бұлайша жазу сонау орта ғасырлардан бері сақталып, жалғасып келе жатқан жазба дәстүр, үрдіс болғандықтан, «ескі жазу» жүйесін меңгерген «сауаттылар» қауымына бұл жазу түрі түсінікті болғанымен, кез келген қарапайым адамға, әсіресе балаларға емін-еркін ұғынып, меңгеруіне ауыр болатын. Сондықтан бұл жазудың ауызша тілден айтарлықтай айырмашылығы барын, жаппай халықтың қолдануына қолайлы болмайтындығын түсінген Ахаң, жазуды реформалағанда «қазақ тілінің тазалығын» басты назарда ұстап, жазуды бұқара халықтың тез сауаттануына қарай ыңғайлайды. Яғни Ахаңның алдына қойған принципі «ауызекі сөйлеу тілінің» жазба тілдегі формасын жасап шығару болды да, осының негізінде қарапайым сөйлеу тілінің дыбыстық заңдылықтарына сай «ұлттық әліпби» құрастырды. Бұдан біз қазаққа ұлттық білім беру барысында Ахмет Байтұрсыновтың істеген ісі көбірек екенін түсінеміз.

Ахмет Байтұрсынұлы- қыры мен сыры мейлінше мол адам. Біріншіден, ол қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, жаңашыл ағартушы. А.Байтұрсынов өмірі мен қызметінің тағы бір салмақты саласы- оның ақындық еңбегі. Ол бала кезінен қазақ ішінде көркем сөз құдіреті жоғары саналатынын көріп, естіп, сезініп, ойланып өскенге ұқсайды. Қалай да халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын ұлы Абай тапқан соқпақ орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсұнады. Ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың артында аса мол әдеби, ғылыми еңбектер қалды. Ол өз заманында әрі ақын, әрі аудармашы, әрі ғалым ретінде танылды. Ахмет Байтұрсынов — қазақ ғалымдарының ішінен шыққан тұңғыш әдебиет теоретигі. Оның жазған кітаптар, ол туралы жазған кітаптар қазірде қолданыста жүр.

Жалпы, өзі жазылған өмірбаянда ол: «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен

емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым», деген болатын. Талай жылдық зерттеу, тынымсыз еңбек, алға қойған мақсаттың арқасында ғалым өзінің тырнақалды туындысын көпшілікке ұсынып, жемісті нәтижесі көп уақыт өтпей-ақ байқала бастады.

А.Байтұрсынұлының қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған тұлға болғандығын оның қаламынан шыққан қыруар еңбектері дәлел болады. Мәселен, «Оқу құралы» (Қазақша әліппе) атты кітабы алғаш рет 1912 жылы Орынборда жарыққа шықты. Бұл еңбегі 1912-1925 жылдар аралығында 9 рет қайта басылып, қазақ қоғамында ұзақ қолданыста болды. Сондай-ақ «Оқу құралының» (Әліппеге жалғасы) 2 кітабы 1913 жылы жарық көріп, 1924 жылға дейін 4 рет басылып шығады. Одан кейінгі «Оқу құралының» (Әліппеге баяншы) 3 кітабы 1913-1921 жылдар аралығында 2 рет жарық көреді. Ал ғалымның тек оқушыларға ғана емес, ересектердің сауатын ашуға арналған «Оқу құралы» 1921 жылы, «Сауатшқыш» 1924 басылып шықты. Ал методикалық құрал «Баяншы» 1920 жылы жарыққа шыққан. Сонымен қатар «Әліппе астары» 1924 жылы, ал «Жаңа әліп-би» атты жаңа оқулықты 1926 жылы ұсынады. «Тіл жұмсардың» бірінші бөлімі 1928 жылы, екінші бөлімі 1929 жылы жарық көрді. Ал ғалымның «Тіл – құрал» атты үш кітаптан тұратын еңбегі қазақ мәдениетінде бұрын болмаған тың дүние болды. Себебі бұл кітап – қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеп, танытып берген, қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми еңбектің басы еді. «Тіл – құралдың» фонетикаға арналған I бөлімі алғаш рет 1914 жылы жарық көріп, 1927 жылға дейін 7 рет басылып шығады. Бұл кітаптың морфология саласына арналған II бөлімі 1914 жылы баспадан шыққан. Ол да 1927 жылға дейін 8 рет басылып шығады. Синтаксиске арналған III бөлімі де 1923 жылы жарыққа шығып, 1928 жылға дейін 6 рет қайтадан басылады. Қазақ халқы үшін осыншама қыруар еңбек еткен ұлы тұлға есімі ешқашанда артта қалмайтынына мен сенемін!

#### Әдебиеттер тізімі:

1. “Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық»
2. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған
3. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса - Алматы: «Аң арыс» баспасы, 2009 жыл

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Құрманғали Расул

Жоғары көлік және коммуникация колледжінің студенті

Жетекшісі – Алимова Светлана Асантаевна

Нұр-Сұлтан қаласы

Ахмет Байтұрсынұлов-1872 жылы Қостанай облысы Жангелдин ауданында дүниеге келді.Көбі бәлетіндей ол:сазгер әрі орындаушы, публицист, этнограф, қоғам қайраткері, ғалым, түркітанушы, фольклорист, аудармашы, ағартушы және де қазақ тілі білімі, әдебиет теориясы және әдебиеттану ғылымының негізін салушы болып қазақ тіл біліміне қосқан үлесі зор.Солардың ішінде маған ерекшеле көрінген Ахмет Байтұрсынұловтың «Тіл-құрал» атты еңбегі.Осы Тіл-құрал еңбегіне тоқтала отырып оқилықтың үш жылдыққа бөлінгенің,әр жылғы сыныптарға жеке-жеке жазылған құрал екенін білуге болады.Бірінші тіл тынытқыш кітап:Дыбыс жүйесі мен оның түрлері(1914),екіншісі:Сөздің жүйесі мен түрлері(1914-1915),үшіншісі:Сөйлем жүйесі мен түрлері(1923).Үш кітабі да Орынборда жарық көрген болатын.Әдіскер ұстаз осы оқулықты не себепті үш жылға бөлгендігін туралы түсіндіре отырғанда,бірінші жылы оқытылатын «Тіл-құрал» еңбегі тіл білімінің негізі болады,солайда оқытушылардың алғашқы жылы нық үйрету керектігін ескертіп айтады.Бірінші «Дыбыс жүйесі мен түрлері» кітабында әріптер,буындар туралы ережелер,қазақ тіліндегі тұлғаларды оқытатын болса,жеткілікті екенін айтады.Дүниедгі адамзат тілінің негізі үшке бөлінеді:түбіршек,жалғамалы және қопармалы болаы бөлінеді,ал қазақ тілі қай топқа жататынын әрі оның негізгі ережелерін осы кітабында үйрететін болады.Сонымен қатар оқулықта қолдануға тиісті әдіс-тәсілдерің қандай жолмен оқытылуы керектігін нақты етіп түсіндіреді.Оқулықта тек тақырыбы күрделеніп,қарапайымнан күрделіге қарай оқыту тәсілі сатылана қолданып,оқулықтың екінші және үшінші кітабында жалғасы жазылады.

Ағартушының бала оқытудағы әдістемелік мұрасы туралы 1995 жылы тіл ғылымы А.Қадырашев ғылыми зерттеу еңбегінде әдіскердің еңбектерінің жазылу тарихы,әліппе мен онын оқулықтарының әдістемелік негізі жалпы сипаттамасы жайында сараптамалық талдау жасаған.Ол өз еңбегінде «Ахмет

Байтұрсынов-қазақ тілін оқу әдістемелесі ілімнің ергетасын қалаушы» екендігін ғылыми тұрғыда дәлелдеп, ағартушының әдістемелік мұрасының бүгінгі оқыту ісімен сабақтастығын, мұрасының өміршендігін жазды. Негізінде, осы «Тіл-құрал» кітабының бірінші бөлімі-7 рет, екіншісі-8 рет, үшіншісі 7 рет басылған болатын.

«Әліп-би. Жаңа құрал». Әліппи кітабі Қызылорда баспаханасы 1926 жылы бұрынғы «Оқу құрал. Қазақша алифбаға» жалғасты ретінде қайта жазылған. Содан соң кітап 14 жылдан кейін қайта өңделіп, 1926 жылы басылып шыққан. 1926 мен 1928 жылғы басылымдар өздер арасында көп аса айырмашылығы жоқ. Алғашқы басылым-116 бет, ал кейінгі басылым-114 бет болған (1927 жылы екінші басылымның түпнұсқасы табылған жоқ). 1928 жылы оқулық ішкі мұқабасында үшінші рет басылғандығы туралы айтылған. Ұлттық кітапхананың қорлар бөліміндегі тіркемеде осы оқулықтың 1924, 1926 және 1927 жылдары жарық көргендігі туралы картотекалық ақпарат бар. 1926 жылғы нұсқа 1992 жылғы «Тіл тағылымы» атты жинаққа енді. 1992 жылғы басылымда қажетті суреттер берілмеген, кесте ішіндегі бос орындарда қандай сурет болатындығы туралы айтылады да, төте жазудың сол жағында кириллше жазылуын беріп отырады. Мысалға, 1926 жылы әр нұсқада әр тақырыпқа керекті суреттердің барлығы дерлік түгел берілген. Және де осы суреттер арқылы сабақ оқытуда баланың ұғымына тез қонымды болатын негізгі алған әдіскер ұстаз кейінгі басылымда суреттердің көрнекті болғанын қалағн еді. 1992 басылымда суреттер құрастырылмаған, ал түпнұсқадағы 32 беттегі «Кім табады» деген айрықшамен берілген топтамалы 9 суреттің орны екен.

«Тіл тағылымы» жинағында 54-бетке ауысып кеткендіктен, Суреттің төменгі жақта берілген шешу шарты: «Мұның да істеу реті алдыңғыша» еген түсіндемелік, шындығында, «түсініксіздеу» баслып тұр. Кемшіліктер төте жазуды қазіргі кезде түсіндіруде де кездеседі. Мысалы, «сүгірет-сурет», «қаріп-әріп», «қадімше-қадымша» және т.б. сөздер өзгерген болатын. Осы топқа 1998 жылы ғылымның 125-жылдық мерейтойына орай, соңғы басылымның жетпіс жылдығына арнап, «Рауан» баспасынан 1000 тарылыммен жарық көрген болатын. Бұл жинақтың өзгешілігі-сол тұтастығы жазу елмесі қаз-қалпында сақталып, беттің төменгі жағына қазіргі жазуды түсірілген нұсқасы бар. Төте жазудан көшіріп редакция басқарған Ұлықман Асыллов болды. Бұл кітаптың бүгінгі күні оқышуға берер зор көмегі сол ғасыр басындағы ұлт зиялары қолдаған жазуды дөп басып, нақты тануға мүмкіндік береді. Және төте жазуды білгісі келген оқырманға бірден-бір құрал көмекші істемегн. Бұл кітаптың 1926 жығы басылымнан шартты баспа табақ жағынан айырмашылығы мүлдем жоқ. Екеуіде 114-бетпен аяқталады. Тек кейбір беттегі сөздері «мұғалімдерден-мұғалымдардан, жанастырып-жамастырыб, жүзіндегі-жөніндегі» деген сқз тіркестері әр бетте өзгеше келіп жатады.

1922 жылы мектеп балаларын қазақ сауатты болуға арналған әліппені жазғаннан кейін, көп уақыт алмай мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға бас тартады. «Біздің заманымыз-жазу заманы...» Сөздік жүйесін, қисынан келтіріп жаза білуге, сөз қандай орында қалай өзгеруін, қалайша бір-біріне қиындасуын, жалғасатын жүйесін білу керек болатындықтан, «Тәл-құрал» деген атпен кітап жазуға кіріседі.

Қазақ тілі морфологиясына арналға екі бөлімі біраз жыл бұрын, 1914 жылы баспадан шыққан болатын. Ол да қырнанып, толықтырып бірнеше рет қайта басылған. Синтаксиске арналған үш бөліміде 1916 жылдан бастап 6 рет басылған.

«Тіл-құрал»- қазақ мәдениетінде бұрын болмаған өте сирек құбылыс. Оның жалғыз тіл емес, өзге де пәндер ойып-үйрететін қазақ тілінде жабылған кітап, құрал дегендері білмей-көрмей келе жатқан қазақ жұртышығы үшін мүлде тың дүние екендігін Ахмет Байтұрсынов өзі де ескертеді. Автордың «Сөз басында», «Тіл-құрал» деген аты қандай жат көрсе, ішкі мазмұнында әуелі кезде осындай жат көрінер, өйткені осындай қазақ халқында бұрын болмаған жаңа құбылыс. Халықта бұрын болмаған зат жат болып көрініп, бірте-бірте бойы үйренген сон қалыптасып кетеді. Шындық болғанда, ол жат болмақ түгіл, бірте-бірте сонша үйреншікті, қазақ балаларын бірнеше буын үйреткен, 14-15 жыл бойы мектеп оқушыларына ана тілінің табиғатын танытқан ет бауыр дүниеге айналды; «Тіл-құрал» десе, жұртшылық қазақ тілін оқулығын, оқулық десе, тек қана Ахмет Байтұрсынов білетін болды.

«Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша.

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі — ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенің олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатыр.

Менің осы жобадан өзіме түйгенім: бізге мұра болып қалып отырған А. Байтұрсынұлы атамыздың осынау мұрасы сол кездегі жастардың ғана емес, біздің де ой-санамызды қалыптастырады. Енді атамыздан осы қалған мол мұраларды жалғастырып алып жүру біздің ең басты міндеттеріміздің бірі

болып қала бермек. Осы мол мұрамен сусындап одан нәр алу оның нәтижесін көрсетіп, алда еліміздің біртуар осындай азаматтарының бірі болу – біздің алдағы басты мақсатымыз

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ысқақұлы Д. Ел – бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін Егеменді Қазақстан, 2003 жыл 28 қаңтар.
2. Айбын. Энциклопедия/Бас редакторы Б.Ө. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.
3. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым.Құрастырушы: Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы: Алматыкітап, 2009.
4. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – 509 б.
5. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия.Бас редактор Ө. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖАСАҒАН ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИ**

Құрманғалиева Баян Берікқызы

Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің оқытушысы  
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы

Ахмет Байтұрсынұлы араб таңбаларын қазақ тілінің заңдылықтарына бейімдей отырып,тұңғыш әліпбиін жасады.Себебі,әркімнің тіліне еріп,адасып жүрген жұртына «Қазақ әліпбиін» тайға таңба басқандай жасап берді.Қазақ елін сауаттандыруда тарихи рөл атқарған. Араб графикасына бейімделіп,бар болғаны 28 әріптен тұратын бұл әліпби әдістемелік оқулығымен бірге 1912-жылы елдің қолына тиіп,ауылда балалардың сауатын ашу үшін сол жылдан бастап қолданыла бастады. Аталмыш оқулықта оқыту әдісі көрсетілгендіктен бір жағынан оқытушыларға да жеңіл болды, екінші жағынан оқушы балалар бір жылда хат тану мүмкіндігіне ие болды. Бұл оқулық 1912-1925 жылдар аралығында жеті рет басылып,оқу-ағартушылық салада біраз уақыт қолданылады.Әліппеде дыбыс пен әріпті оқыту дидактиканың «жеңілден қиынға қарай» қағидасы бойынша жеке сөздерді оқытудан басталады да кейін қысқа-қысқа мәтіндер алынады. Ал жеке сөздер алынғанда, екі дыбыстан тұратын қысқа, жеңіл сөздерден басталып,бірте-бірте күрделенеді. Мысалы, бал, бала, балалар, ас, аса, асар т.б. Бұл қағида оқушының оқуды, жазуды, сөйлеуді тез үйренуін қамтамасыз ету, оқыту үрдісін жеңілдету жолдарын іздеуден шыққан.

Ахмет екі сөзден тұратын сөйлеммен жаттығулар беріп, оларды түрлендіріп, тіпті жаңылтпашқа айналдыру сияқты тапсырмалар арқылы бала тілін дамытудың түрлі әдістерін қолданған.Олар күрделене келе мәтіндерге айналған.Ол өте кіші мәтіннен басталып, ары қарай күрделене береді. Ахмет Байтұрсынұлы әдістемесінде аз дыбыстан тұратын сөзден бастау, жаттығуды аз сөйлемнен, мәтінді өте шағын түрінен бастау, оларды біртіндеп қана кеңейту, күрделендіру тәсілі айрықша орын алады.

Ахмет Байтұрсынұлы «Оқу құралының» алғашқы бетін балаларға арналған өлең жолдарынан бастайды.

Балалар!Бұл жол басы даналыққа  
Келіндер, түсіп, байқап қаралық та!  
Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп,  
Соларды көре тұра қалалық па?  
Даналық-өшпес жарық,кетпес байлық,  
Жүріңдер, іздеп тауып алалық та!

Осы өлең жолдарын оқи отырып Ахмет Байтұрсынұлы сауат ашуға шақыратындығы көрініп тұр. Жасаған істерінің барлығы болашақ жас ұрпақтарға қалдырған үлкен ерең еңбегі десек қателеспейміз. Ол сонымен бірге-қазақ тілі грамматикасын яғни,фонетикасын, морфологиясын, синтаксисін және терминологиясын жүйелі түрде ғылыми түзеген.Қазақтың дыбыс жүйесін, сөз жүйесін, сөйлем жүйесін, терминологиясын толық зерттеп, қазақ тілі грамматикасының негізін салды. Ахмет Байтұрсынұлының лингвистика саласындағы бұл ғылыми еңбектерін кезінде Орта Азия,бүкіл түрік әлемі мойындап, қолдап және Ахаңның лингвистика саласындағы зор жетістіктерін өздерінің грамматикасында пайдаланды. Сондай-ақ қазақ тілінің шамын жағып,тіл заңдылықтары мен грамматикасының негізін қалап кеткен Ахметтің үш бөлімнен тұратын «Тіл құрал» атты үлкен оқулығында алғаш рет фонетика, морфология, синтаксис ұғымдарына кеңінен талдаулар берілген.

**Әліпби** – тек сауат ашу ғана емес, ғылым-білім үйренудің баспалдағы. Мұхтар Әуезовше айтсақ, Ақаң ашқан қазақ мектебінің ұстанымы қазақ баласын ана тілінде сауатын аштырып қана қоймай,оның танымдық талғамын қазақша қалыптастыру болған.Өйткені,сол тұстағы оқыған, сауатты жандардың басым көпшілігінің тілі не татарша, не орысша шыққаны және сол тілдермен өз тілін араластырып, «қойыртпақ тіл» жасағаны тарихтан белгілі.Сондықтан да ағартушы қазақ ұлтының табиғи қалпын

сақтау мақсатында, кемшіліктерді болдыртпау үшін өзінің білім беру жүйесінде ана тілмен оқыту тәсілін ұстанды.

Ахмет Байтұрсыновтың еңбектерінде оқушылардың сөз байлығын молайту мәселесі арнайы сөз барысында, оқушылардың сөздік қорын жетілдіруге арнайы бірнеше жұмыстарды жүргізгені байқалды.

Ә.Садуақасовтың: «Адамды бір-бірімен қоғамдастыратын басты құрал – тіл болып табылады» - , деген.

Бастауыш сыныптарда балаға тілдің фонетикалық құбылыстары, лексикалық ерекшеліктері, грамматикалық заңдылықтары үйретіледі. Мұнда мұғалімдердің алдында екі міндет тұрады. Бірі – оқушыға сөздің дұрыс айтылуы мен дұрыс жазылуын үйрету. Екіншісі – сөздік қорын молайту, оларды дұрыс қолдану.

Ахмет Байтұрсынов бүкіл саналы қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағытталды. Ол оқу тәрбие жұмысын жетілдіру саласында өзіндік өшпес ізін қалдыра білді. «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш», т.б. оқу құралдарын жазып, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемелік мәселелерін зерттеу ісімен айналысты. Ахмет Байтұрсынов өзінің ұстазы ұлы Абай салған жолмен орыс әдебиетінің мысалшы классигі И.А.Крыловтың туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петерборда бастырып шығарып, оқулық ретінде ұсынды. Аудару кезінде ол белгілі ағартушылық мақсат көздеді.

Ахмет Байтұрсыновтың ағартушылық ой пікірлері 1911-1915 жылдары шыққан «Айқап» журналы мен 1913-1917 жылдары Орынборда шыққан «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларынан айқын көріне бастады. Ол туған халқының ғылым-білімге ұмтылуын, әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім сондай керек» - , деп жазды ол. Бірақ осындай білім беретін ауыл мектебінің сол кездегі хал күйі оның қабырғасына қатты батты.

Ахмет Байтұрсынов қазан төңкерісіне дейін ауыл мектебінің кемшіліктерін де дұрыс көрсете білді. «Бұлардың кемшілігі сол,-деді ол-бала оқыту ғылымын меңгергендер оқығандар ішінде кем болады. Дыбысты жақсы білмей тұрып, төте жолымен жақсылап бала оқытуға болмайды. Дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдетуге пайдасы көп екенін я білмегендіктен, я білсе де істеп көрмегендіктен - тәжірбиесіздік». Осылайша оқытудың әдістемелік мәселесін қазақ топырағында тұңғыш рет сөз еткен де Байтұрсынов болды.

Ахмет 1912 жылы тұңғыш қазақша сауаттандыратын «Оқу құралын» жазды. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған 1-ші бөлімі «Тіл құралы» деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. 2-ші бөлімі 1914 жылы, ал синтаксиске арналған 3-ші бөлімі 1916 жылы басылып шығып, 1928 жылға дейін әлденеше рет басылып, пайдаланылып келді.

**«Тіл құралы»**- қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соңғы құбылыс еді. Оның қазақ жұртшылығы үшін мүлде тың дүние екенін оқулықтың кіріспесінде автор арнайы атап өтеді. Ол осы оқулықта қазақ грамматикасына қатысты-қатысты категориялардың әрқайсысына тұңғыш қазақша терминдер ұсынды. Күні бүгінге дейін қолданылып жүрген зат есім, сын есім, сан есім, етістік, бастауыш, т.б. сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы Ахмет Байтұрсыновтікі. Оқулықтың тағы бір құндылығы-қазақ грамматикасының басты салалары: фонетика-дыбыс туралы ғылым, морфология-сөз құрамын зерттейтін ғылым, ал синтаксис-сөйлем құрылысын зерттейтін ғылым деп, тұңғыш рет қазақ тіл білімін ғылыми зердемен саралап берді. Ол қолданбалы грамматиканы да жазып, «Тіл жұмсату» деген атпен екі бөлімді кітап етіп ұсынып, 1928 жылы Қызылордада шығарған.

Ахмет Байтұрсынов қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің теориялық мәселелерін қарастырумен бірге, ол пәндерді оқыту әдістемесінің де іргетасын қалаушы болды.

Ол балаларға жылдам хат таныту үшін дыбысты ажырататын жаттықтырудың әдіс тәсілдерін терең қарастырады. Сауаттылықтың негізі-жазуға жаттықтыру деп қарады, сауаттылықты оқу мұқтажы емес, жазу мұқтажы тудырған. Жаза білуге үйрету әдісі, оқи білуге де үйрету әдісі болады. **Жазу дегеніміз**- әріптердің суретін салу, ал **оқу дегеніміз**- суреті салынған әріптердің дыбысын айту. Балалар дыбысты ажыратып үйренген соң, сол дыбыстың таңбасы-әріпті көрсету керек. Оны меңгергеннен кейін оқу, жазу жұмыстарының бәріне сол тіреу болады. Жазу да, оқу да бір істеліп қана қоятын іс емес, мектепке күнде керек болса, күнде іске асырылатын жұмыс. Сондықтан мектептен шыққанша жазу мен оқуға балалар төселмек түгілі барған сайын қайсысын болса да, өнерге айналдырып, әдістемелеп жазуға, безендіріп оқуға төселіп алады. Көркем жазу мен мәнерлеп оқу дегендер жазу ісі мен оқу ісінің жетілдірілген түрі деген қорытынды жасайды.

Сондай-ақ Ахмет Байтұрсынов 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының №11,12 сандарында «Жалқылау және жалпылау әдістері» деген көлемді мақала жазды. Ахмет өзінің «Баяншы» деген атпен тілді оқытудың методикасына арналған әдістемелік құралында, мұғалімдерге «Әліпшені» оқытудың, сауат ашудың әдістерін ғылыми тұрғыда көрсетіп берді.

Ол оқытудың білімдік-танымдық жағымен бірге, тәлімгерлік жағына да баса көңіл бөлді. Оның жазған «Әдебиет танытқыш» атты оқулығы көркем сөз өнерінің қисыны әдебиет теориясының негізін тыңнан тұңғыш салған, жүздеген әдеби білімдік терминдерді негіздеді. Мысалы: көркемөнері, сымбат өнері, айтыс, кескін өнері, саз өнері, т.б. тұңғыш тілімізге енгізген аса құнды ғылыми еңбек болды. Қазан



төңкерісіне дейінгі қазақ ауылында мектеп ашу, оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету, мұғалім кадрларын даярлау істері шешуін таппаған аса күрделі мәселелердің бірі болатын. Ахмет Байтұрсынов бұл мәселелерге де ерекше көңіл бөліп, оны шешудің жолын көрсетіп берді. «Қазақ байлары өркениетті елдердің байлары сияқты ұлт намысын қорғап, оқулық шығарушыларға бәйге жарияласын. Бәйге берілетін кітаптарды бір-екі рет ақы иесі бастырып шығарып, ақшасын өндіріп алатын болсын» - , деді.

Ахмет мұғалімдерге педучилищелерді ашып, арнаулы оқу орындары арқылы даярлаудың тиімділігін айта келеді де, ондай оқу орындарының әзірге қазақ даласында жоқтығын ескеріп, орыс мектептерін, не қазақ медреселерін бітірген жастардың талаптарын тандап алып, мұғалімдік жұмысқа қоса пайдаланайық деген ұсыныс жасады. Олардың білімін жетілдіру мақсатында жаз айларында бір-екі айлық қысқа мерзімді курстар ашуға ұсыныс жасайды.

Қазақ халқының асыл азаматтарының бірі және бірегейі, XX ғасырдың бас кезіндегі демократтық бағыттағы қазақ зиялыларының ең ірі, ең беделді, көшбасшы-көсемі Ахмет Байтұрсыновтың қазақ ғылымы мен мәдениетіне, оның ішінде ұлттық педагогика мен оқу ағарту ісіне сіңірген өлшеусіз мол еңбегін Мұхтар Әуезовше бағаласақ, көптеген қан жылаған еңбегі, өнер-білім, оқу ағарту, саясат жолындағы қажымас қайраты тарих ұмытпас істер болмақ.

Ахмет Байтұрсынов патша мен Кеңестер үкіметі тұсында да қоғамдық және мемлекеттік қайраткер деңгейінде қызметтер атқарған тұлға. Сондай-ақ ол шығарма адамы-ақын, жазушы, журналист, композитор. Шығармашыл болған адам, өз еңбегінің қоғамда қандай деңгейде бағаланғанын білгісі келетіні рас. Бұл заңдылық. Өз еңбегінің нәтижесін көрмейде талай дарындылар өмірден өтті. Ал, Ахмет Байтұрсынов халық үшін істеген қызметтерінің, шығармашылығының бағасын өзінің елу жылдық мерей тойы Ташкентте, Орынборда аталып өткен кезде, қазақ елінің басында жүрген мемлекет және әдебиет қайраткерлерінің аузынан естіп, баспасөз беттерінен оқыды. Той кезінде айтылған бағалы, құнды пікірлер осыған дейін орыс патшалығы тұсында екі рет сотталып, Кеңес үкіметі тұсында өкімет басындағылардан психологиялық қысым көріп келе жатқан Ахаңның мерейін көтерді. Сонда С. Сейфуллин «Оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патша арам, қулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып дауысын шығарған кісі... Қалай болса да жазушысы азғана, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына оқу-тіл құралдарымен қылған қызметі таудай» - , деген. Мұхтар Әуезов пен Смағұл Садуақасовта Ахаңның халқына сіңірген қызметтеріне жоғары деңгейде баға берді. Бұл 1922-1923 жылдың арасы еді. «Ол кезде ауылдағы есі кірген баладан бастап, еңкейген кәріге дейін Ахметтің есімін білуші еді» - , деп айтып отыратын үлкендер. Олай дейтіні, ол уақытта қыстық қант-шәйін қамдау үшін шыққан базаршылар, ауқаттылар мен саудагерлер қалаға барғанда, Ахаңның «Қырық мысалын», «Масасын», «Әліпбиін» алып қайтады екен. Кешке отбасында ағайындар жиналған кезде немесе ораза кезіндегі ауызашарда үй ақсақалы сауатты балалардың біріне Ахаңның мысалдарын, «Ер Сайынын» оқытып, жиналғандар керемет рухани рахаттансып қалады екен. Үлкендері «Осының бәрін қалай білген» деп, мәз болып бастарын шайқасады. Мысалдардың мәнін түсінгендері «Данышпан екен, ә»-, деп таңданысады. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» - , деп айтушы еді данышпан қазақ, сол «қазанымыз» осы біздің заманымыз шығар. Ахмет Байтұрсынов есімі халқымен қайта қауышты. Оның артында қалған орасан зор мұрасы халқына таусылмас қазына. Ұлы тұлғаның әліде ашылмай, көрінбей жатқан қырларын зерттеу ғалымдардың міндеті. Жиырмасыншы жылдардың бас кезінде Ахаңның еңбектері туралы ең алғаш ғылыми пікір жазғандар-М. Дулатұлы, Шонанұлы, І. Омаров.

... Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдері өзінің сыртқы қарапайымдылығы, ішкі мазмұны, жеңілдігі және біркелкілігі жағынан қазақ әдебиетінде бірінші орын алады... Ахмет Байтұрсыновтың арқасында санасыз түрде болмаса да шын мәнінде орыстана және татарлана бастаған қазақ зиялыларының бір тобы дереу есін жиып, өз ағаттықтарын түсіне бастады...

## Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы. – Алматы. Қазақстан, 1995.
2. Кожакметов С. Педагогика мәселелері. Қазақ мемлекет баспасы, Алматы, 1940.
3. Жарикбаев К.Б., Қалиев С.Қ. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. Алматы, 1995.
4. Халитова І. Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарастары. Алматы. 1998.
5. Бейсенбаева А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. Алматы, РБК, 1995.
6. Дайрабаева А. Қазақстанда дидактикалық ойлардың дамуы. пед. ғыл. кан. дисс. 13.00.01. Алматы, 1994.
7. Бержанов Қ, Мусин С. Педагогика тарихы. Алматы 1984
8. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ғылым мен білім қызметкерлерінің Республикалық съезіндегі Үндеуі. Егемен Қазақстан. 2001 3 ақпан.
9. Абай Құнанбаев. Қара сөздер. Алматы. 1993. -268б.
10. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. Алматы. 1995.

11. Кожухметов С. Педагогика (рукопись на каз. языке). 1939.  
 12. Якиманская И.С. Личностно-ориентированное обучение в современной школе. –М., 1996.

## ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ А.БАЙТҰРСЫНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚИТУ ЖОЛДАРЫ

А.Т.Калиева, Л.Т.Балгазиева  
 Ақтөбе гуманитарлық колледжі, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушылары  
 Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

Ұстаз алдындағы басты мақсат – сапалы білім мен саналы тәрбие беру, шәкіртердің талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету. Баланы жан-жақты жетілдіруде үлкен танымдық баспалдақтарына жетелер дағды – машықтарды қалыптастыруға жол ашатын оқыту мен тәрбие технологиясын жете білу, оны меңгеру, өз біліктілігін арттыру. Қазақ әдебиеті сабағы әрі тартымды, әрі қызықты, әрі сапалы болуы әр ұстаздың өзіне, білім деңгейіне, кәсіби шеберлігіне байланысты. Біз, ұстаздар қауымы, қандай да болмасын жаңалыққа құлақ түре жүретініміз анық. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін білеміз және қашан да қолдануға тырысамыз. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру, қазіргі қоғам талабына сай ой-өрісін кеңейту, шығармашылығын дамыту, терең білімді, бәсекеге қабілетті, заман сұранысына сай ізденімпаз тұлғаны қалыптастыру болып отыр.

Мектептерде қазақ әдебиетінен сабақ беруде оқушының ойлауы мен тілін дамытуда, дүниетанымын қалыптастыруда алдымызда үлкен міндеттердің тұрғанын мәлім. Олар сабақ барысында әдіс-тәсілдерді түрлендіре пайдалана отырып, оқушылардың сөздік қорын молайту, сөйлеу тілін, соның ішінде диалогтік сөйлеу дағдысын қалыптастыру, түсінгенін айта білу, сауатты жазуға төселдіру, дүниетанымын, ой - өрісін кеңейту, өмірге деген көзқарасын қалыптастыру, шығармашылық қабілетіне жол ашу.

Осы мақсатқа жету үшін ұсынылып отырған мақалада көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, «Алаш» қозғаласы жетекшілерінің бірі, белгілі түріктанушы ғалым А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай жалпы білім беретін орта мектептерде А.Байтұрсынұлының шығармаларын оқыту барысында тиімді әдіс- тәсілдерді пайдалану жолдары туралы сөз қозғалмақ.

Алдымен жалпы білім беретін орта мектептерде А.Байтұрсынұлының төмендегідей шығармалары ғана оқытылатындығына тоқталғмыз келеді:

Әдебиеттік оқу 2 сынып	Әдебиеттік оқу 3 сынып	Қазақ әдебиеті 5 сынып
«Мен қалай оқуға бардым»	«Оқуға шақыру»	«Адамдық диқаншы», «Егіннің бастары»

Берілген тақырыптардың ішінен 5 сыныпта оқытылаты А.Байтұрсынұлының «Егіннің бастары» өлеңін талдай отырып, сабақ барысында төмендегі әдіс- тәсілдерді қолдануды ұсынамыз:

Осы сабақ арқылы жүзеге асыратын оқу мақсаттары	<p>Т/Ж2 Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау.</p> <p>Т/Ж3 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс – әрекеті арқылы образын ашу;</p> <p>А/И 1 Әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама- қарсы суреттеулерді табу;</p> <p>Б/С3 Шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу</p>
---	--

**Қызығушылықты ояту-** оқушылар үшін сабаққа қатысудағы алғашқы қадам. Бұрынғы білімдері мен сезімдеріне немесе әсерлеріне еніп, жаңа білімге мазмұн қалайды.

**Ой қозғау айдарында:** «Зымыран сұрақтар» әдісі

- А.Байтұрсынұлы кім?
  - А.Байтұрсынұлының қандай шығармаларын білесіз?
  - Мысал дегеніміз не?
  - Өлең қай тәсілмен жазылған?
  - Аллегория дегеніміз не?
  - “Егіннің бастары ” шығармасы орыстың қай ақынынан аударған?
- Өткен тақырып бойынша жоғарыда көрсетілгендей сұрақтар қойылады.

**Мағынаны тану фазасы** – оқушыларға жаңа мәлімет, идея немесе жаңа мазмұн кездескенде іске асады. Оқушылар жаңа білімді бұрынғымен біріктіре отырып, жаңа идеяны қабылдайды, ескі мен жаңаны ұштастырады, ойлау қабілетін кеңейтеді, не түсінгенін анықтайды.

Мағынаны тану кезеңінде А.Байтұрсыновтың «Егіннің бастары» мысалын жоғарыда көрсетілген оқу мақсаттарына сәйкес топтық, жұптық, жеке жұмыстар жүргізіледі.

**Топтық жұмыс:**

**1-тапсырма: Талдау**

**Айтылым**

**Нақты сұрақ, тұщымды жауап**

**1. Шығарманың басталуы**

1-сұрақ: Баласы мен әкесі қайда барды?

**2. Шығарманың байланысы**

2-сұрақ: Бидайлар қандай боп тұр, бала неге таңданды?

**3. Шығарманың шиеленісуі**

3-сұрақ: Бала әкесінен не туралы сұрады?

**4. Шығарманың шарықтау шегі**

4-сұрақ: Әкесі дәнсіз бидайдың мәнін қалай түсіндірді?

**5. Шығарманың шешімі**

5. Әкесі балсына қандай ақыл айтты?

**Жеке жұмыс:**

**2 – тапсырма Төмендегі сөздерді сәйкестендіріп, антонимді табыңыздар**

**Еске түсіру: Антоним дегеніміз не?**

Дәнді бидай	Көкке қарап тұрған бидай
Піскен бидай	Шикі бидай
Тағзым етіп тұрған бидай	Дәнсіз бидай

**3-тапсырма: Саралау тапсырмасы**

Бидайдың суретін салыңыз	Егін, астық туралы ән тандап, айтыңыз	Авторға хат жазыңыз
Егін, астық жайлы өлең жазыңыз.	Е.Хасанғалиев «Ақ бидай» әнін орындайды	Диканшылық, егін туралы мақал- мәтелдер жазады

**Ой толғаныс** – үйрену процесінің соңғы фазасы. Бұл кезде оқушылар алған білімдерін сыртқа шығарып, түсінгендерін өз сөздерімен жеткізіп бере бастайды. Оқушылар өздерінің ойын нақтылайды, сыныптастарымен, мұғаліммен кері байланыса отырып, мәліметтер мен құрылым мағынасын сынақтан өткізеді.

**«Жүзіп шығу» әдісі**

Берілген тіркестердің мысалдан жауабын табыңыз.

а) Баланың бір бидайға көзі түсті, себебі ...

ә) Жалғыз бидай көкке қарап бүлініп тұр, себебі ...

б) Әкесі бидай мен адамды байланыстырады, себебі...

«Оқушы – толтыратын құмыра емес, тұтататын алау» деп Д.Ховард айтқандай, сабақта қолданылатын заманауи әдістер арқылы шығарманы талдау барысында төмендегідей нәтижеге қол жетеді:

- Сабаққа қызығушылығын жандандырады, бәсекелесе отырып, оқу ілгері жылжытылады;
- Аудиториядағы психологиялық ахуал жақсарады, жауапкершілік сезімі арта түседі;
- Әр жұмыс, әр пікір сараланады.

Сөзімізді қорытындылай келе, аталған әдіс- тәсілдерді қолданылып жүргізілген жұмыстар нәтижесінде өтілген А.Байтұрсыновтың «Егіннің бастары» өлеңі тақырыбының мағынасын жан – жақты ашылып, оқушылар көптеген мәліметтер жинақтайды және ізденіс жұмыстарын жасайды деп ойлаймыз.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. А.С. Ақтанова, А.Қ. Жундибаева Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық, Алматы «Атамұра» баспасы, 2020
2. А.Байтұрсынов Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер Алматы «Жалын», 1991 жыл
3. А.Байтұрсынов Зерттеулер мен өлеңдер. Алматы «Атамұра», 2003 жыл
4. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. «Алматы кітап» баспасы, 2009

## ИННОВАЦИОННЫЕ ИДЕИ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА КАК УСЛОВИЕ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ МАСТЕРСТВА ПЕДАГОГА

Кучекбаева Галина Ильясовна

заведующая сектором развития производственного обучения методического кабинета ТиППО  
Управления образования акимата Костанайской области

Одной из актуальных проблем нашего общества является формирование конкурентоспособной личности, готовой не только жить в меняющихся социально - экономических условиях, но и активно влиять на существующую действительность, изменяя ее к лучшему.

Ключевые ценности и цели образования Республики Казахстан нацелены на повышение уровня образованности обучающихся школ, колледжей, формирование навыков, необходимых для реализации инноваций, развитие обучающихся через содержание образования с учетом педагогического наследия ученых и педагогов – новаторов.

Развитие инновационных педагогических идей Казахстана связано с именем Ахмета Байтурсынова, который поднимал и рассматривал проблемы начальной школы, педагогической прессы, совершенствование содержания, методов и форм обучения, духовно – эстетического воспитания подрастающего поколения. Эти проблемы являются актуальными и сегодня, так как, система образования Казахстана ориентирована на мировое образовательное пространство.

Ахмет Байтурсынов - один из первых просветителей Казахстана, осознавший, что просвещение, образование принесут ощутимую пользу народу лишь в условиях свободы, общественных перемен. Инновационные педагогические идеи А. Байтурсынова являются актуальными для современного образования:

- модернизация системы образования – главный вектор качественного роста человеческого капитала;
- качественное образование является основой индустриально-инновационного развития Казахстана.

В статье «Обучение по-казахски» он считает, что «улучшение жизни народа надо начинать именно с дела обучения детей, ибо власть, управление, народ исправляется только образованием». Как предостережение для потомков звучат его слова: «Каким бы богатством ни обладал народ, не стремящийся к образованию, через некоторое время его богатство перейдет в руки более цивилизованных народов». Ахмет Байтурсынов разработал основы казахского языкознания, научную терминологию для определения казахской грамматики. А. Байтурсынов – автор первого казахского букваря. Новый казахский алфавит, названный в честь ученого байтурсыновским, в свое время служил хорошим образцом для всех тюркоязычных народов при проведении реформы письменности. Созданная им и названная его именем графическая система позволила быстрее ликвидировать неграмотность, повысить письменную культуру казахов.

Вся образовательная система страны работает над обновлением содержания образования, что включает в себя пересмотр модели среднего образования, его структуры, содержания, методов и подходов обучения и воспитания, внедрения принципиально новой системы оценивания достижений учащихся. А. Байтурсынов, глубоко проникаясь в сущность и специфику педагогической профессии, писал, что «самое важное для школы – профессиональная педагогика, методические приемы, учитель, умеющий обучать детей». Эти слова великого просветителя казахского народа приобретают особую значимость сегодня, когда учебные заведения переходят на обновление содержания образования в республике, что предполагает реализацию главной цели образования - совершенствование педагогического мастерства преподавателей и внедрение системы критериального оценивания.

Огромную роль А. Байтурсынов отводил квалификации учителя, отмечая, что успех работы в организациях образования зависит от педагогического мастерства учителя, поэтому при профессиональной подготовке учителя в учебных заведениях нужно особое внимание уделять усвоению учителем педагогической техники, умению на научной основе вести процесс обучения. Вся педагогическая деятельность А. Байтурсынова была направлена на совершенствование учебного процесса в школе и подготовку квалифицированного педагога, умеющего грамотно организовать педагогический процесс. В работе «Об обучении по - казахски» он определяет основные требования к учителю, который в первую очередь должен владеть частной методикой, знать психологические особенности детей и теоретические основы процесса обучения. Идея заключается в методической и психологической подготовке учителей, ибо «Люди, занимающиеся обучением детей, должны хорошо знать вопросы методики.

Во – вторых, они должны хорошо знать природу и чувствовать настроение ребенка. Для этого необходимо все знать о физическом и умственном развитии детей почти с самого их рождения» [1]. Высокие требования к профессии учителя, выдвинутые А. Байтурсыновым и на сегодняшний день, не утратили своей актуальности. Сегодня также остро поднимается вопрос подготовки высоко

интеллектуального, разностороннего, готового к любым вызовам современного мира, конкурентоспособного, владеющего глубокими теоретическими и практическими знаниями обучения и воспитания педагога, о котором мечтал великий Просветитель.

Во всех своих трудах по вопросам образования населения, он призывает народ стремиться к учебе, овладеть знаниями, искусством. Большое место отводится в его трудах духовному развитию личности, объясняется его необходимость и важность для молодого поколения, как будущее нации, высоко пропагандирует такие качества как нравственность, честность и благородство. Он видел большие перспективы развития культуры, считая ее залогом благосостояния и будущности Казахстана. А. Байтурсынов горячо любил свой народ и верил в его необыкновенные природные способности, мечтал увидеть свою страну в числе цивилизованных государств в мире. Планы и надежды Просветителя казахской степи претворяются в независимом Казахстане.

Борец за народное просвещение, свободу и культуру, А. Байтурсынов внес неоценимый вклад в развитие казахского языкознания и литературоведения. Его произведения направлены на критику существующего общественно – политического строя, призывают население к борьбе с неграмотностью, невежеством и равнодушием, вывел казахскую литературу на качественно новый уровень. Такие его произведения как «Қырық мысал» (1909), «Маса» (1911) имеют большую нравственно – духовную ценность, они высмеивают такие человеческие пороки как праздность, лень, невежество, тщеславие, призывают народ к трудолюбию, приобщают к знаниям, способствуют развитию искусства, повышению культуры народа.

Заслуга А. Байтурсынова в том, что он ввел новый казахский алфавит на основе арабской графики и написал первый казахский букварь «Әліппе». Его методика сыграла большую роль в ликвидации неграмотности в стране. Автор первого казахского букваря, ряда трудов в области казахского языкознания, методики преподавания казахского языка, разрабатывает принципы реформы казахской письменности, разрабатывает научную терминологию для определения категорий казахской грамматики. А. Байтурсынов оставил богатое наследие своим потомкам и сегодня в системе образования широко используются его научно – методические труды в области казахского языкознания и методики преподавания казахского языка. В национальном литературоведении сформулированы новые понятия, термины, категории, такие как искусство слова, произведение, устная литература, иносказание, эпитет, олицетворение, метафора, метонимия и другие. Он изучал литературное наследие, устное народное творчество и издал книгу, куда вошли оригинальное художественное произведение – сказание «Ер Сайын» (1923), сборник «23 жоктау» (1926) и «Литературоведение» (1926), последняя из которых является первым научным исследованием по истории казахской литературы. Ахмет Байтурсынов написал ряд учебников для обучения казахских детей родному языку. В своих стихотворениях он выражал нужды и чаяния казахского народа, его мечту о светлом будущем, обличал лицемерие чиновничьего аппарата, призывал к свету знаний, культуре. В произведениях «Сорок басен» (1909), «Маса» (1911), «Комар» (1911) высмеиваются такие людские пороки и недостатки, как праздность, лень, тщеславие, невежество. Ахмет Байтурсынов не только принадлежал к славной плеяде литераторов – просветителей, знаменовавшей собой в начале прошлого века эпоху Ренессанса в духовной культуре и безжалостно уничтоженной сталинской машиной, но и был ее вдохновителем, учителем. На его поэзии идейно крепились последователи: М. Дулатов, Ж. Аймаутов, М. Жумабаев, М. Ауезов, С. Сейфуллин, С. Торайғыров, И. Жансугуров. Он всегда считал, что всестороннее формирование общественного сознания нации невозможно без создания регулярной общенациональной газеты. «Газета – глаза народа, его уши и язык. Как человеку необходимы глаза, уши и язык, так и народу нужна газета. Народ без своей газеты – как глухой без ушей, немой без языка, слепой без глаз» писал он.

Ахмет Байтурсынов является продолжателем просветительских традиций Абая и его научно – исследовательские выводы о художественном мастерстве великого казахского просветителя нашли свое отражение и развитие в казахском литературоведении. Развивая идеи Абая о демократическом обустройстве общества, газета «Казак», где он был первым ее редактором, пробуждала национальное самосознание, поднимала вопросы социально – политического характера, образования, просвещения, культуры и быта народа. В газете А. Байтурсынов напишет такие слова: «Для того, чтобы сохранить свою самостоятельность, нам необходимо всеми силами и средствами стремиться к просвещению и общей культуре, для этого мы обязаны первым делом заняться развитием литературы на родном языке. Никогда не нужно забывать, что на самостоятельную жизнь вправе претендовать только тот народ, который говорит на своем языке и имеет свою культуру...» [3]. Яркий сторонник образования, знания родного языка, культуры и традиций остается примером высочайшего патриотизма, незабвенной любви к Родине, к своему народу, культуре народа.

Ахмет Байтурсынов искренне верил в силу и возможности тех, кто хотел учиться и трудиться в сфере образования и науки. Поэтому, выступая в 1928 году при открытии первого высшего учебного заведения в Казахстане, он горячо желал, чтобы ВУЗ оправдал свое название и значение. Он считал, что «Университет – создание высшей культуры, а высшая культура – сумма максимальных достижений человечества в отношении науки и техники». Открытие университета, по его мнению, дает возможность, во – первых, учиться казахской молодежи и помочь своему народу приобщаться к высшей культуре; во –

вторых, достичь равенства и справедливости, повышая культурное состояние – залог развития любого народа; в - третьих, явится «первым рассадником работников высшей квалификации в Казахстане» [4].

Молодое поколение, воспитанное в духе идей А. Байтұрсынова, пропитанное идеей духовности и нравственности, самоуважения и самореализации, опираясь на методикү, его учения в области казахского языка, литературы, психологии и искусства непременно будет тем поколением прогрессивной молодежи, которому предстоит осуществить глобальные перемены в системе образования стране в современном мире.

#### **Список литературы:**

Байтұрсынов А. Об обучении по-казахски // Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К. Б. Жарикбаев, С. К. Калиев. - Алматы: Рауан, 1995. – 512 с.

1. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 2 том. – Алматы: «Алаш», 2004.
4. Байтұрсынов А. Нужды школы // Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К. Б. Жарикбаев, С. К. Калиев. - Алматы: Рауан, 1995. – с.18
5. Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. Серия «Информационная».- № 3. 1988. с.18

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ОРНЫ**

Мәлік Торғын Таңатқызы

қазақ тілі және әдебиеті мамандығының 1-курс студенті

Ғылыми жетекшісі Қасқырбаева Меруерт Мұхтарқызы

Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Ұлы қазақ даласы ешқашан өз халқына сараң болған емес және әрдайым әлемге көрнекті тұлғалар сыйлаған. 20 ғасырдың басында халқымызға дамудың дұрыс жолын көрсеткен адамдардың өмірі туралы естеліктер біз үшін ерекше қымбат. Егер тарихқа көз жүгіртсек, адамзат бірнеше рет тоқтап қалғанын, әдеттегі стандарттар бойынша өмір сүру мүмкін болмаған кезде, әдеттегі стереотиптер өзгеріп, дамудың сапалы сатысына көшу жүзеге асырылғанын түсінесіз. Әдетте, әлеуметтік қайшылықтар шыңына жеткен кезеңдерде қоғам оларды жеңу үшін ең батыл және ерекше қадамдарды қажет етеді. Және, әдетте, жеңістердің тәттілігі мен осы жолдағы жеңілістердің ащы дәмін, осы қадамға бірінші болып шешім қабылдағандар бастан өткерді. Бұл олардың принциптері, сенімдері, белгілі бір әрекеттері, жанқиярлық қабілеті, сайып келгенде, ұлттық дамудың прогресін анықтады.

Тағдыр өз халықтарының прогреске және өркендеуге бағыттаушысы болуға тағайындалған адамдар бар және ол, әдетте, өз сайлаушыларына үлкен батылдық пен пайғамбарлық көрегендікті береді.

Сондай көрнекті ақын – ағартушы, ірі ғалым, талантты аудармашылардың бірі, көрнекті қоғам және саясат қайраткері, Қазақ ұлттық тіл білімі және әдебиеттану мектебінің негізін қалаушы, соңында қазақ халқының көрнекті ұлы Ахмет Байтұрсынов туралы айтқым келеді.

Ахмет Байтұрсынов-ақын, ғалым, түркітанушы, аудармашы, педагог, публицист, қоғам қайраткері. Кезінде ол әділетсіздіктің, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болған, жарты ғасырдан астам уақыт бойы аталмаған, оның есімі Қазақстан тарихында лайықты орын алмаған. Тек қазір ғана, өзгеріс жағдайында, тарихтағы "ақ дақтар" жойылғанда, халыққа оның Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов сияқты қайраткерлерінің есімдері қайтарылды.

#### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ӨМІРІ**

Ахмет Байтұрсыновтың бүкіл өмірі қазақтардың өзін-өзі билеуіне, мәдениетін, білімі мен ғылымын дамытуға, ғасырлар бойы өзіндік халық шығармашылығын, ұлт рухын сақтауға деген жалынды қамқорлықпен ұштасты. М.Әуезовтің 1923 жылы Байтұрсыновтың Қазақ халқы алдындағы баға жетпес еңбегін ескеріп, оны "қазақ зиялыларының көсемі" деп атағаны бекер емес.

Ахмет Байтұрсынов-ақын, ғалым, түркітанушы, аудармашы, педагог, публицист, қоғам қайраткері. Кезінде ол әділетсіздіктің, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болған, жарты ғасырдан астам уақыт бойы аталмаған, оның есімі Қазақстан тарихында лайықты орын алмаған. Тарихтағы "ақтаңдақтар" жойылғанда ғана оның Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов сияқты қайраткерлерінің есімдері халыққа қайтарылды.

Ахмет Байтұрсынов 1873 жылы 28 қаңтарда Торғай уезінің Тосын болысының Сартүбек шатқалында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Оның әкесі тәуелсіз, ержүрек, ақылды және өзін-өзі бағалайтын, қазақ ауылдарында озбырлық пен заңсыздыққа бой алдырмаған, мақтаншақ адам Үмбетей халық батырының ұрпағы болып саналды. Жергілікті феодалдармен және патша өкіметімен жиі қақтығысқа түсті. Ахмет он үш жасар кезінде өмір оған ащы сабақ берді, бөлек тұрды, әкесі итжеккенге

15 жылға ауыр еңбек етуге жіберілді. Бұл Байтұрсын Шошақұлының уезд бастығы полковник Яковлевке бағынбауына және оны жылқымен ұруына байланысты болды.

Ахмет ауыл молдасынан сауат ашқан. Жас Ахмет үлкен қиындықтармен Торғай училищесінің курсы бітірді. Орыс-қазақ училищесін бітірген соң Орынборға барып, қазақ мұғалімдер мектебіне оқуға түседі. Ол үшін Орынборда төрт жыл болу және жыл сайын Торғай уезіне демалысқа оралу және Орынборға кері қайту үлкен материалдық мұқтаждыққа байланысты, бірақ өзінің табанды табиғатының арқасында өте қиын жағдайларда өтеді, А. Байтұрсынов көшіреді встречавшиеся оған жолында айыру және перебиваясь с "нан, нан-су", 1895 жылы ол сims курс ұстаздық мектеп. А.Байтұрсыновтың мектепте білім алуы осымен аяқталады. Болашақта ол еуропалық әдебиетті зерттей отырып, өзін-өзі тәрбиелеумен айналысады. 1895-1909 жылдар аралығында Ақтөбе, Қостанай және Қарқала уездерінің ауылдық болыстық училищелерінде сабақ берді. 1896 жылы Ахмет Ақтөбе уезінің батпақ болысына барып, Ахметкерей Катыбковтың мектеп мұғалімі болып жұмыс істейді, біраз уақыттан кейін қазіргі Қостанай облысының Әуликөл орнына - А мектеп мұғалімі лауазымына көшеді.

Ғалымның әйелі орыс болатын. Қостанай уезіндегі жұмыс кезінде Ахмет Байтұрсынов орманшының үйінде тұрып, Александр Ивановнаны жақсы көрді. Олар үйленді. Олардың некесі Қостанайда мұсылман болған, ол өзінің аты-жөнін өзгертіп, Бадрисафа Мұхаметсадыққызы Байтұрсыноваға айналған. Олар Қостанайда тұрып, орыс-қазақ мектебінде мұғалім болып жұмыс істеді. Келесі жылы олар Омбыға, содан кейін Каркалинскіге көшіп, онда 1907 жылға дейін қалды. Содан кейін ол алғаш рет түрмеге жабылды.

1896 жылы Омбыда Ахмет Байтұрсынов сол кезде солтүстік облыстарда мектеп ісін басқарған Алекторовпен танысады. Бұл достық оған көп нәрсе берді. Алекторов оны Ильминскийдің ағартушылық қызметімен таныстырды. Өз халқының ауыр жағдайын және сауатсыздығын көріп, ол өзінің күрес жолын таңдап, кедейленген қазақ қоғамын дәстүрлілікке емес, жалпы адамзаттық өркениет арнасындағы жаңа өмірге шақырады. Байтұрсынов тек оқытушылық міндеттермен шектелмеді. Ол ауылдарды аралап, адамдарды ағартудың пайдасына үгіттеді және олармен армандаған нәрселерімен бөлісті. Ол патша үкіметінің қатыгез отарлау саясатының қайда апаратынын түсінді және өз сөздерінде оны батыл ашты. XX ғасырдың басында Қарқаралыда тұрып, А.Байтұрсынов революциялық қозғалыстарға қатысады. Жоғарыда аталған Қарқаралыдағы бірінші орыс революциясын қарсы алып, ол саяси қызметке белсене араласады, дегенмен, көптеген орыс және қазақ зиялылары өкілдері сияқты Байтұрсынұлы да болып жатқан оқиғалардың мән-мағынасы мен мән-жайын бірден ұғынбады, біраз уақыт ұлтшылдық сезімнің ықпалында болды. Бірінші акция оның қазақтардан жерді алып қоюды тоқтату, қоныс аударушылар ағынын тоқтата тұру, халық земстволарын құру талаптары жарияланған петицияларды жасауға қатысуы болды. Православие дініне қарсы мұсылман халықтарын біріктіруге шақыру айтылды. Петицияда ағарту жүйесінің жаңа ұйымдастырылуы, қазақ халқының ойлары мен ұмтылыстарын бейнелейтін әдепсіз газет шығаруға рұқсат, мемлекеттік аппарат пен сот органдарында қазақ тілінде іс жүргізуді енгізу қарастырылған. Бұл ойлар қазақ халқына ұран тастады және оны көптеген зиялы қауым өкілдері қолдады. Осы уақыттан бастап оның барлық ойлары халықтың санасын оятуға бағытталған. Ал аталған петиция 1905 жылдың 26 шілдесінде атақты Қоянды жәрмеңкесінде қазақтың тұңғыш құқық магистрі Жақып Ақпаевпен және ірі саясаткер, ғалым-экономист Әлихан Бөкейхановпен бірге жазылды. Әділдікті іздеу және іс-әрекеттерді сынау із-түссіз жүре алмады. 1909 жылы сол кезде мұғаліммен айналысқан А.Байтұрсынов тағы да сотсыз 8 айға Семей түрмесіне қамалды. Сол кезден бастап ол озбырлықпен күресуге ашық кіріседі, бостандық туралы өлеңдер жазады, халықты езгіге қарсы күресуге шақырады.

### **САЯСИ ҚЫЗМЕТІ**

Байтұрсыновтың есімімен оның тарихында қазақ халқының рухани жаңғыруы байланысты. Бүгінгі таңда әліпби мен оқулықсыз, оның "қырық ой", "Маса" және "Қазақ" газеттерінсіз XX ғасырдың басында халқымыз бастан кешкен ұлттық сана-сезімнің шарықтауына ешкімнің де күмәні жоқ. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің кітаптарымен және "Қазақ" жалпыұлттық газетімен бірге осы тарихи кезеңде қазақ даласында оқи алғандардың барлығына университет болды, ол Қазақ мемлекетін қайта құру үшін күрескен "Алаш" партиясының белсенді мүшесі болды. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін өзінің жолдастарымен бірге қазақ халқының ұлттық мүдделерін қорғау мақсатын ғана көздеді. Патша режимі оны туған жерінде өмір сүру және жұмыс істеу құқығынан айырды, 1910 жылы Байтұрсынов Орынборға жер аударылды. Большевиктер үшін де Байтұрсынов жек көрді. Себебі, олардың қазақ даласын "қызыл гвардияшыл" қайта құру жобаларымен, жаһандық тәжірибелермен келіспедім. 1919 жылы ғылыми интеллигенция өкілдерінің үлкен тобымен бірге Кеңес өкіметінің жағына өтуге мәжбүр болды.

Сол жылдың маусым айында А.Байтұрсынов қазақ өлкесінің ҚРК мүшесі болып сайланады. Байтұрсынұлы 1922-1925 жылдары халық ағарту халық комиссары жанындағы ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы, Қазақстан тары Халық Комиссары төрағасы, БОАК, қаз ОСК мүшесі болып сайланды, Түркістан Компартиясы ОК баспа органында, "Ақ жол" газетінде жұмыс істеді. Байтұрсынұлы 1925-1929 жылдары Қазақ халық ағарту институтында, Қазақ педагогикалық университетінде сабақ берді.

Жауап бере отырып, 1929 жылы ОГПУ тергеушісі саясаттан гөрі ғылыми жұмыспен айналысуды жөн көретінін жазды. Бірақ тағдырдың қалауымен өмірінің соңына дейін ол саяси қызметпен айналысуға

мәжбүр болды. Басқаша болуы мүмкін емес еді. Ұлттық өзін-өзі тану дәуірінің зиялылары саясаттан тыс бола алмайды. "Менің идеалым - ол жауап алу кезінде атап өтті - бұл қазақ халқының мәдени жағдайын көтеру, өйткені бұл оның дамуының кепілі және мен оны қандай күшпен қамтамасыз ете алатыныма риза боламын".

Ахмет Байтұрсынов қазақ әдебиеті мен жазуының дамуына үлкен үлес қосты. Атап айтқанда, оның "қырық ой" және "Маса" жинақтарына енген ертегілері ең танымал. Байтұрсынов қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау және басып шығару бойынша үлкен жұмыс атқарды. Ол 1923 жылы жарық көрген "Ер Саин" поэмасына кіріспе мақала мен түсініктеме жазып, "23 жоқтау" (1926) және "Әдебиеттану" (1926) кітаптарын шығарды.

Ахмет Байтұрсынов қазақ балаларын ана тіліне оқытуға арналған бірқатар оқулықтар жазды. Олардың ішінде: "оқу құралы" (1912), "Тіл бойынша Оқу құралы" (1914), "Әліппе" (1924), "Жаңа әліппе" (1926-1928).

Ахмет Байтұрсынов - XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының ең жарқын өкілдерінің бірі, оның өмірі өз халқына, мәдениеті мен дәстүрлеріне деген шексіз сүйіспеншіліктің үлгісі болып табылады. Байтұрсынов тамаша әдебиетші, педагог, лингвист болған. Ол араб графикасы негізінде Қазақ жазуын реформалап, оны шетелде тұратын миллиондаған қазақтарға пайдалануға мүмкіндік берді. Ахмет Байтұрсынов қазақ тіл білімінің негіздерін, ғылыми терминологияны әзірледі.

Ахмет Байтұрсынов қазақ рухани мәдениетінің тарихына көрнекті саясаткер, классикалық орыс және Батыс поэзиясының қазақ тіліне тамаша аудармашысы, жазушы ретінде енді. XX ғ. басы Қазақстанда алғашқылардың бірі болып Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин және А. Құнанбаевтың қоғамдық өмірдің демократиялық құрылымы туралы идеяларын зерттеуді тереңдете бастады.

Ахмет Байтұрсынов көрнекті саяси, мемлекеттік қайраткер болған. Алаш партиясының мүшесі бола отырып, Алашорда үкіметінің құрамына кірді. Ол тәуелсіз демократиялық мемлекеттің жақтаушысы болды. Алаш партиясы Кеңес өкіметін қабылдамағанын білеміз. Партия басшылығын кінәлау қиын. Алаш партиясына негізінен жаңа ғана қалыптасып келе жатқан жас буржуазиялық интеллигенция өкілдері кірді. Сондықтан, өзін қоғамның авангарды санаған, жаңа буржуазиялық-демократиялық мемлекет құруды жоспарлаған Тұранның жас буржуазиясы деп ойлау қисынсыз болар еді.

#### **ПЕДАГОГТИК ҚЫЗМЕТІ**

Бірінші ұлттық "Қазақ" газетінің редакторы, Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, 20-шы жылдары халық ағарту комиссары, ұлттық мектептерге арналған Қазақ тілі бойынша алғашқы оқулықтардың авторы, Лингвистика және әдебиеттану бойынша қазақ терминологиясын жасаушы А. Байтұрсынов жалған айыппен тұтқындалып, 1937 жылдың 8 желтоқсанында атылды.

20-жылдары Қазақстанда инновациялық педагогикалық идеялардың дамуы А. Байтұрсыновтың есімімен байланысты. Педагогикалық баспасөздің ролі, бастауыш мектептің, жоғары білім беру жүйесінің мәселелері, оқытудың мазмұнын, нысандары мен әдістерін жетілдіру, өскелең ұрпақты рухани-эстетикалық тәрбиелеу - бұл А. Байтұрсынов қарастыратын мәселелердің толық тізімі емес. Белгілі орыс педагогы, ағартушы К. Д. Ушинский, білім берудегі ұлт идеясының жақтаушысы, А. Байтұрсынов өз Отанының нағыз азаматын тәрбиелеуге лайықты еркін мектеп, ана тілінде оқытатын мектеп құруға шақырады.

"Қазақша оқыту" мақаласында ол "халықтың өмірін жақсартуды балаларды оқыту ісінен бастау керек, өйткені билік, басқару, халық тек біліммен түзетіледі" деп санайды. Ұрпақтар үшін ескерту ретінде оның сөздері естіледі: "білім алуға ұмтылмаған адамдар қандай байлыққа ие болса да, біраз уақыттан кейін оның байлығы өркениетті халықтардың қолына өтеді".

Бастауыш мектепте оқуға қажетті пәндердің тізімін - оқу, жазу, ана тілі, Отандық тарих, математика, география, сурет салу және басқаларын саралау арқылы ол ана тілінде оқуды міндетті деп санады. Оның 1912 жылы жарық көрген "қырғыздарға арналған Әліппесі" бастауыш мектеп үшін негізгі оқу құралы болды.

Ахмет Байтұрсынов - Қазақстандағы психологиялық ой өкілдерінің бірі. Оның ғылыми мақалаларында белсенділік, ақыл, таным, қабілет және басқа психологиялық категориялар сияқты мәселелер қарастырылады.

Қазақ халқының талантты ұлының еліміздің алғашқы жоғары оқу орны - Қазақ педагогикалық институтының ашылуында сөйлеген сөздерін оқи отырып, 1928 жылы Абай осы ұлы тұлғаның тағы бір қырын ашамыз. Оның пікірінше, "қазақ институтының ашылуы - халықтың жоғары мәдениетке қол жеткізуге деген қажеттілігінің көрсеткіші". Оның педагогикалық мамандықтың мәні мен ерекшелігіне терең енуін атап өткен жөн. Оның пікірінше, мектеп үшін ең маңыздысы - кәсіби педагогика, әдістемелік тәсілдер, балаларды оқытуды білетін мұғалім.

Ахмет Байтұрсынов өз халқының шынайы ұлы бола отырып, еуропалық халықтардың мәдени құндылықтарына қосылуға, олардан үлгі алуға - білім, ғылым, кітап шығаруға шақырды. "Ғылым мен практикалық білімнің негізін сіңірген халық ақылды, бай және күшті болады" - ұлы ғалым, ағартушының бұл сөздері қазіргі уақытта ерекше өзектілікке ие.



Ахмет Байтұрсыновтың бүкіл өмірі қазақтардың өзін-өзі билеуіне, мәдениеттің дамуына, білім мен ғылымның дамуына, ғасырлар бойы өзіндік халық шығармашылығының ұлт рухының сақталуына жалынды қамқорлықпен толы болды. М.Әуезов 1923 жылы Байтұрсыновтың Қазақ халқына деген баға жетпес еңбегін ескеріп, оны "қазақ зиялыларының көсемі" деп атағаны бекер емес.

1929 жылы А. Байтұрсынов үш ондаған мемлекет және мәдениет қайраткерлерін еш себепсіз асыра сілтеудің ауыр күндерінде тұтқындалып, түрмеде отырды, кейін Архангельск қаласына жер аударылды. 1934 жылы М.Горький мен оның әйелі Е. П. Пешкованың араласуының арқасында Халықаралық Қызыл Кресттің көмегімен оны босатып, Бостандық ұзаққа созылмады, 1937 жылы А. Байтұрсынов қайта тұтқындалып, көп ұзамай ату жазасына кесілді. Жарты ғасырдан кейін ғана әділеттілік орнады, 1988 жылы Кеңес соты қылмыс құрамының болмауына байланысты өлімнен кейін ақталды. Қазақ халқының жарқын мәдени өкілдерінің бірінің тағдыры осындай болды.

А.Байтұрсынов мұғалімнің жұмысымен және ғылыммен айналысумен, белсенді қоғамдық қызметпен қатар көркем сөз саласында жемісті жұмыс істеді, 20 ғасыр жағдайында қазақ әдебиетінің реалистік, гуманистік, ағартушылық дәстүрлерін дамытуға қатысты. 19-20 ғасырлар аралығында қазақ әдебиетінің басты проблемаларының бірі ұлттық мәселе, қазақ қоғамының жай-күйі, оның даму жолдары болды.

А. Байтұрсынов әдеби процеске "Қырық мысал" (Қырық мысал), "Маса" (Комар) атты өлеңдер мен аудармалар жинақтарымен, фольклор үлгілерін шығарумен, ғылыми-теориялық мақалалардағы, еңбектердегі, оқулықтардағы қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясының мәселелерін әзірлеумен белсене араласты.

Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми-педагогикалық еңбектерінің нәтижесінде бізде қырғыз әліпбиі, фонетикасы, қырғыз тілінің синтаксисі мен этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы бар. Осы қажырлы еңбегімен Ахмет Байтұрсынов қырғыз әдебиетін жоғары сатыға көтеріп, ұлттық мектеп пен туған әдебиет үшін берік іргетасын қалады.

#### Әдебиеттер тізімі:

[1.Атабек А. Ахмет Байтұрсынов: «Читайте сердце наших знаки» / А. Атабек // Ленинская смена. - 1989. – 7 окт.]

[2.Бейсенбаева С. Ахмет Байтұрсынов // Новое поколение.-1996.-№ 163.]

[3.Исмагулов Ж. Доброе имя Ахмета / Ж. Исмагулов // Позиция.-1990.- № 23.]

[4.Кекильбаев А.Учитель, перед именем твоим: Выступление на торжественном заседании, посвященном 125-летию со дня рождения Ахмета Байтұрсынова / А. Кекильбаев // Казахстанская правда.-1998.- 15 окт. (№ 193). – С.2 – 3.]

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТ ЖАНАШЫРЫ

Мизамбекова Жанат Бакытовна

«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №17 жалпы білім беретін мектебі»КММ

Физика және информатика пәні мұғалімі

Қостанай қаласы

Адамзат баласының тарихында миллиардтаған жандар келіпте, өмірден өтіпте жатыр. Олардың басым көпшілігі қара басының қамынан аса алмай өмір кешті. Ахаң сөзімен айтсақ,«сасық ми,салқын жүрек санасыздар алаңсыз ақ малтасын езіп жатыр». әрине барша пенде жер бетінде өз басынан аса алмай өтсе, әлемді Назым Хикмет айтқандай қара түнек басар еді.

«Егер де сен жанбасаң,жанартау боп атылып,

Егер де ол жанбаса, аруақты шақырып,

Егер де біз жанбасақ, замананы сапырып,

Басар сонда барша әлемді,түнек пенен қапырық»,-деп Назым Хикмет тебіренсе,

Ахаң тұрып:

«Мен бұқтым, жаттым,

Сен бұқтың жаттың

Кім істейді қызмет?!»-деп, ұлтына қызмет істер перзент іздеуі, «ұл туып, ұлы жолда қызмет етсе, онан зор ұлтқа бар ма ырыс» деген үндеуі. Осыдан дана өз заманасынан озып туады, тозық елді озық етемін деп халқының алдына шығып өрге сүйрейді. Жолында тұрған кесапаттарды өңшенінен түйрейді.Сондай хх ғасыр даналарының бірі-Ахмет Байтұрсынов. Қазақ тілі білімінің ірге тасын қалаушы ғалым, Ыбырай Алтынсариннен кейінгі еңбегі ерекше ағартушы-педагог,сөз құдіретін танытқан тамаша ақын, қазақ бапасөз тілінің ұлттық үлгісін көрсеткен, талантты публицист, туған халқының рухани дүниесін көтеруге көп күш жұмсаған мәдениет қайраткері, Ахмет Байтұрсынов 1873 жылы 28(15)

қаңтарда сол кездегі Торғай уезіне қарасты Тосын болысының 5-ші ауылында Сарытүбек ауданы деген жерде (қазіргі Қостанай облысы Торғай ауданы күні кешеге дейінгі Южный деп аталған ал бұл күнде Ахмет Байтұрсынов атындағы совхоз орналасқан жерде) дүниеге келген. Әкесі қарапайым шаруа адамы, Байтұрсын Шошақ баласы Арғын-Үмбетей батырдың немересі. Шошақтың төрт ұлы болған. Олар: Байтұрсын, Ақтас, Ерғазы, Данияр. Бұлар жаратылысынан қажырлы, намысқой адамға ұқсайды, сондықтан болар Байтұрсын жергілікті әкімдермен көп сыйыса бермейді, тіпті уезд басындағы билеушілердің зорлық-зомбылығына көнбейтіндігін көрсетеді. Сол үшін уезд басындағы полковник Яковлев 1885 жылдың қазан айының 12-сінде Шошақ аулына келіп, Ақтас пен Байтұрсынды ұстамақ болады. Сол сәтте ауылда болмай шыққан Ақтасты «тауып бермедіндер» деп елге ойран салады, әйел, бала-шағаға дейін сабап, бастарына қамшы үйіреді. Ояз бен оның әскерінің бұл бассыздығына шыдай алмаған

Байтұрсын Яковлевтің өзін атына аударып алып, қамшының астына алады, нөкерлерін ауылдан қуып шығады. Әрине қарапайым «жабайы киргиздің» бұл қылығы жауапсыз қалмайды. Көп ұзамай ауылға жазалаушы отряд шығып, ауылды өртеп, мал-мүлкін талап, бала-шағаны шулатып, еркектерді ұрып-соғып, ағайынды Ақтас, Байтұрсынды және Ерғазыны ұстап алып кетеді.

Оларды Қазаннан келген әскери сот соттайды. Байтұрсын мен Ақтас бірқатар туыстарымен он бес жылға Сібірге каторгіге айдалады. Ақтас пен Байтұрсынды балаларын Шошақтың үшінші ұлы Ерғазы қамқорлығына алады: Ақтастың баласы Аспендияр мен Байтұрсындың баласы Ахметті Торғайдағы екі класстық орыс-қазақ училищесіне беріп оқытады.

Бұған дейін Ахмет ауылдың мұсылманша сауатты адамдарынан хат таниды. Училищені ол 1891 жылы бітіреді. Ұлы уақыт ұлы перзенттерін туғызады. Ұлттың ұлы перзенттері қашанда тамыршыдай замана талабына жауап берер ұлы идеяларын ұсынады. Екі ғасыр тоғысындағы Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрыновтар бастаған қазақ оқығандарының ұлт үшін ұсынған ұлы жолы ағартушылық жолы болды. Ахмет Байтұрсыновтың еңбек жолын ағартушылықтан бастауының үлкен мәні бар. Өткен ғасырдың соңы мен үстіміздегі ғасырдың бас кезінде қазақ интеллигенциясы қалыптаса бастағаны мәлім. Петербург, Омбы, Қазан, Уфа, Орынбор, Троицк т.б. қалаларда оқып, мұсылманша немесе орысша білім алған қазақ жастары шыға бастады. Олар дәулетті де, шағын да, кедейде де ортадан шыққандар болғанмен, едәуір білім алғандардың көбі әкімшілік-сот орындарында қызмет етіп, бас пайдасын, өз мүддесін көздейтін болған. Ахмет Байтұрсыновтың өз тілімен айтқанда, «байға мал, оқығанға мен мақсат боп, жұрттың қамын ойлайтын адам аз боп» тұрғанда, оқу-білімнен кен де қараңғы қазақ қауымының сауатын ашып, білім беру жолын қалап алғандардың бірі, бірі ғана емес, бірегейі Ахмет Байтұрсынов еді.

Ағартушылық ісі сол кездегі қазақтың әлеуметтік тіршілігінде ең қажет, ең игілікті әрекет болатын. 1895-1909 жылдарда Ахмет Байтұрсынов Қостанай, Ақтөбе, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектептерінде бала оқытады, екі класстық училищелерде сабақ береді. Бұл жылдардың ішінде Ахмет Байтұрсынов Қостанайдан Омбыға барып, қазақ халқының тарихын, этнографиясын, фольклорын, тілін зерттеуші А.Е. Алекторовпен танысады. Мұхтар Әуезовтың жазғанына қарағанда, оның бұл танысуы қазақ халқын оқу-білімге тарту жөніндегі миссионерлердің ниет-пиғылдарын жақын білуіне көмектеседі, соның нәтижесінде өзінің бұл мәселедегі көзқарасы мен мақсатын айқындай түседі.

Ахмет Байтұрсынов оқу-ағарту ісін өзінің азаматтық міндеті мен өмірінің мақсаты деп санаған. Ол 1911 жылдың өзінде :

Ызындап ұшқан мынау біздің маса,  
Сап-сары, аяқтары ұзын маса.  
Өзіне біткен тері өзгерілмес,  
Дегенмен қара я қызыл маса.  
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,  
Қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша.  
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,

Қоймастан кұлағына ызындаса,- деп, білім-ғылымнан кенже қалған, мал бағып жатқан қазақ халқын ол қараңғылықтан маса болып ызындап оятып, алып шығуды күрес жолының мақсаты етіп қояды.

Оның қазақтар үшін өз алфавитін жасау әректіне де, тілін зерттеп, оқулықтар жазуына да, тыңнан жол салып, бай терминология дүниесін жасауына да, тіпті қоғамдық- әкімшілік істеріне араласуына да алып келген-өзі дйттеген ағартушылық мақсаты деуге болады. Балаларға білім берудің бірінші басқышы-бастауыш мектеп.

Сондықтан Ахмет Байтұрсынов оқу-білімнің бірінші сатысына қатты назар аударады. 1914 жылы «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақаласын жриялайды. Мұнда автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керек деген мәселе қойып, сол кездегі қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жағдайы мәз емес екендігін, оларда програма, оқу құралдары дегендердің жоқтығын, мұғалімдердің жетіспейтіндігін айтады.

Бастауыш мектеп миссионерлік саясаттан аулақ болуы керек дей келіп, халық сауатын ана тілінде ашуы керек, атап айтқанда, бастауыш мектеп бес жылдық болсын, ал, ашқы үш жылда балалар ана тілінде, кейінгі екі жылда орысша оқысын деген ұсыныс білдіреді.

Бастауыш мектептерде: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрапия, шаруа-кәсіп, жаратылыс пәндері жүретін болсын деп нақты айтады.

Оқу мәселесін Ахмет Байтұрсынов жан-жақты сөз етеді. Бірде: «Қазақта балаларды оқытатын әзірге жосықтар(программа) мен кітаптар жоқ» дей келіп, оларды жазу қажеттігін және арнаулы педагогтік білім алатын оқытушылар даярлайтын керектігін жазса, енді бірде, «білімнің бас құралы-кітап» деп, «білім конкурсы» деренді жариялау арқылы да оқу-ағартуды жандандыруға болатын айтады. Сөйтіп, А.Байтұрсынов, біріншіден, қазақ тілінің әліппесі мен оқулықтарының авторы соңынан із салған жаңашыл ағартушы. Екіншіден, араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы. Бұл жазу үстіміздегі ғасырдың 10-жылдарынан бастап, 20-жылдардың соңына дейін қазақ мәдениетіне, оқу-ағартуына жақсы қызмет етті.

А.Байтұрсыновтің алфавиті күні бүгінге дейін қолданыс тауып келді:ҚХР, Ауғаныстан, Иран сияқты елдердегі қазақ бауырластарымыз сауаттарын осы жазумен ашып, баспа дүниелерін осы графикамен шығарады. Үшіншіден, Ахмет Байтұрсынов-қазақ әдебиеті мен тілін, мәдениет тарихын зерттеуші тұңғыш филолог, тарихшы ғалым және Қазақстан ғылымының ұйымдастырушылардың бірі. Төртіншіден, ол қазақ халқына, жас совет үкіметіне адам қызмет еткен ірі қоғам қайраткері.

Міне, қазақ халқының абзал ұлдарының бірі, хх ғасырдың бас кезіндегі үркердей шағын топ-демократтық бағыттағы қазақ интеллигенциясының ең ірі, ең беделді өкілі, бір емес екі рет заңсыз сотталып, сталиндік режимінің құрбаны болған Ахмет Байтұрсыновты осылай танимыз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Шәріпов Ә., ДәуітовС. «Ахмет Байтұрсынов шығармалары» Алматы, «Жазушы» 1989жылы (3-19 бет)
2. «Ұлт ұстазының ұлы жолы» «Саясат» Алматы 1998 жылы қазан (3-10 бет)
3. «А.Байтұрсынов-хх ғ. Ұлы реформаторы» «Егемен Қазақстан» 1998ж
4. «А.Байтұрсынов тіл тағылымы» «Ана тілі» Алматы 1992 жылы (8-29 бет)

### **ИДЕИ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА В СОВРЕМЕННОЙ МУЗЫКАЛЬНОЙ ШКОЛЕ**

Молдажанова Жумаш Кайрулаевна

Преподаватель КГУ «Детская музыкальная школа имени Б. Байкадамова отдела образования города Аркалыка» Управления образования акимата Костанайской области  
Костанайская область, г. Аркалык

Каждому педагогу Республики Казахстан известно имя Великого Учителя - Ахмета Байтурсынова, которого заслуженно называют Ұлттың Ұлы Ұстазы. Наш выдающийся земляк Ахмет Байтурсынов – это – многогранная личность! Просветитель, педагог, автор казахского алфавита, автор учебников, публицист, ученый, реформатор, лингвист, патриот.

"Мир спасет образование"- главная идея Ахмета Байтурсынова. Я, как преподаватель, полностью согласна с идеями этого выдающегося человека. А. Байтурсынов, эта прогрессивная личность, горячо любил свой народ и верил в его незаурядные природные способности, мечтал увидеть свою страну в числе цивилизованных государств мира. Планы и надежды Великого Учителя казахской степи претворяются в независимом Казахстане. Подтверждением тому является Послание народу «Стратегия «Казахстан 2050», где первый Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев отметил: «Чтобы стать развитым конкурентоспособным государством, мы должны стать высокообразованной нацией». [1]

Во всех своих трудах по вопросам образования населения, А. Байтурсынов призывает молодежь стремиться к учебе, овладевать знаниями, культурой. Гражданская идея-мечта Байтурсынова выражена в книге “Маса” («Комар») — приобщать народ к знаниям и трудолюбию, способствовать развитию искусства, повышению культуры. 12 апреля 2017 года была опубликована статья Главы Государства Казахстана Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». «Если мы хотим быть нацией со своим неповторимым местом на глобальной карте XXI века, то мы должны реализовать еще один проект – «Современная казахстанская культура в глобальном мире». Речь идёт о том, чтобы мир узнал нас не только по ресурсам нефти и крупным внешнеполитическим инициативам, но и по нашим культурным достижениям» - говорит в этой статье наш первый президент. [2]

Ведь культура – это то, с чего все начинается. Культура, о чем всегда говорит Елбасы, это противостояние хаосу, агрессии, всему безобразному во всех областях нашей жизни. Я, как преподаватель музыкальной школы убеждена, что музыкальная школа – это важное звено в формировании культуры общества, ведь именно музыкальная школа занимается воспитанием детей

средствами культуры, а именно - музыки. Развивать в детях любовь и уважение к собственной национальной культуре – вот ведущая педагогическая идея, которой необходимо придерживаться в музыкальной школе! И, я считаю, невозможно переоценить роль музыки в воспитании учащихся. Почему именно музыка? Ученые доказали, что самый ранний способ восприятия – слуховой. Первое, что слышит ребенок - это голос матери и колыбельную. И, наверно поэтому, у всех у нас звуки музыки вызывают яркий эмоциональный отклик. Хочу привести известные строки великого Абая:

«Двери в мир открыла песня для тебя.

Песня провожает в землю прах, скорбя.

Песня - вечный спутник радостей земли,

Так внимай ей чутко и цени, любя!».

В последнее время в мире и в нашей стране произошло много сложных, противоречивых событий в общественной жизни, в политике. И, поэтому сегодня, на современном этапе, обращение к наследию Ахмета Байтурсынова как никогда актуально, так как актуальна проблема воспитания гражданина страны – настоящего патриота своей Родины. Ахмет Байтурсынов, как вы знаете, так и не принял советскую власть, и был репрессирован, но он был истинным патриотом своей родной земли! Судьба Ахмета Байтурсынова - нравственный пример для всех, кто жил и живет после него. Это пример служения своему народу! Как выразился Мухтар Ауэзов, он смог стать духовным вождем своего народа! А. Байтурсынов понимал, что будущее казахского народа и национальной культуры зависит от степени образованности, духовности и нравственности молодого поколения. Думаю, что сейчас, когда в системе образования происходят кардинальные изменения и преобразования, нам педагогам 21 века, в том числе и преподавателям музыкальных школ, должна быть очень близка идея нравственного воспитания подрастающего поколения, претворению которой наш великий соотечественник посвятил свою жизнь. Любовь к Родине, формирование гуманистических качеств и патриотизма на уроках специальности в музыкальной школе осуществляется в процессе изучения ребёнком репертуара, поэтому к его подбору мы подходим с особой тщательностью. Особый акцент в своей работе мы делаем на изучение народной музыки и произведениях казахстанских композиторов. Казахская фортепианная музыка – это, в большинстве своем, переложения домбровых кюев и авторские обработки народных песен. И именно в народной, традиционной музыке раскрываются различные аспекты менталитета народа, отражаются исторические события, географические особенности. Так, например, особой популярностью среди пианистов пользуются кюи Даулеткерей «Косалка» и кюи Курмангазы «Балбраун» в переложении Г. Жолымбетовой. На уроках фортепиано, учащиеся играют фортепианные пьесы Г. Жубановой, которые полюбились многим поколениям юных пианистов, это «Легенда» и «Кюй». В них, со свойственной Г. Жубановой спокойной философией и лаконичностью передан рассказ о событиях давних времён, в звуках ярко воплощается дух казахского народа. Красота родной казахской природы, которая воспевается, как например, в пьесе Кенеса Дуйсеева «На джайляу», также пробуждает в детях любовь к своей стране. Живописные горы, быстрые реки, безбрежные степи видятся и слышатся в этой пьесе. Говоря об образах природы родного края, необходимо сказать о замечательной пьесе Нагима Мендыгалиева «Степь». Степь, её постоянно меняющийся облик передан композитором доступно детскому восприятию. Многие современные казахстанские композиторы плодотворно сочиняют произведения для детей. Один из них Алиби Абдинуров — молодой и талантливый, современный национальный композитор. У него есть пьеса, которая так и называется «Туған жер», это - фортепианный ансамбль, в котором партии доступны для исполнения начинающим пианистам. Уже само название произведения наполнено большим гуманистическим смыслом, призванным пробуждать глубокие патриотические чувства. В том и уникальность музыкального искусства, что, играя даже несложную пьесу, закладываются важные нравственные понятия! Также учащиеся младших классов очень любят и затем проникновенно исполняют произведение Е. Брусилковского «Ботакоз». Изучая это произведение, я, например, говорю с учениками о тяжелой женской доле в прежние времена, о переживаниях, чувстве безысходности. Дети в младшем школьном возрасте очень восприимчивы, в этот период происходит активное формирование эмоций и чувств ребенка. Дети, сами не замечая этого, учатся сопереживать. От того, какими глазами ребенок увидел окружающее, что поразило его воображение, какие уроки извлек он из рассказов об историческом прошлом страны, зависит нравственное и патриотическое воспитание учащегося. Наша задача как преподавателей помочь ученику, открывать историческое прошлое и настоящее нашей Родины. А в итоге подвести к мысли, что Родина у человека одна и её надо любить! Таким образом, приобщая детей к музыкальному наследию своего народа, мы воспитываем в них чувство любви к родине и важнейшие нравственные чувства. От того, как мы будем воспитывать у детей, у учащихся чувство патриотизма, любовь к Родине в решающей степени зависит стратегическое развитие Республики Казахстан. И это длительный процесс. Научить патриотизму, как учат математике или физике, нельзя. Любовь к родине, чувство национальной гордости закладывается в сознании личности ребенка постепенно.

Ахмет Байтурсынов, будучи сам учителем в школе, затем преподавателем училищ и вузов Казахстана, был уверен в том, что для благополучия и процветания казахов, необходимо улучшить

учебную и воспитательную работу с молодым поколением. Важное место в воспитательной работе музыкальной школы занимают народные праздники, связанные с традициями и обрядами народа, так как они объединяют в себе почти все элементы духовно-нравственного воспитания. Для казахского народа - это праздник Наурыз. В ходе национального праздника воспеваются любовь и преданность родным местам. В музыкальной школе мы регулярно проводим концерты, посвященные празднику Наурыз, учащиеся не только играют на фортепиано, но и читают стихи на родном языке, с помощью преподавателей и родителей показывают различные народные обряды. Кроме того, каждый школьный концерт обязательно содержит в программе патриотические произведения. Безусловно, музыкальная школа помогает раскрытию наилучших сторон учащихся посредством музыки, помогает сформировать их как настоящих патриотов своей родины.

В статье «Обучение по - казахски» А. Байтурсынов, мечтавший видеть свой народ образованным, пишет: «Каким бы богатством не обладал народ, не стремящийся к образованию, через некоторое время его богатство перейдет в руки более цивилизованных народов» [3, с 2].

И в то же время, понимая, что время не стоит на месте, что грядут интеграционные процессы в различных сферах общественно – политической, социально – культурной, экономической жизни страны, призывал приобщаться к культурным ценностям европейских народов, брать пример с них, вкладывать деньги в образование, науку, издавать книги. «Народ, впитавший в себя основы науки и практических знаний, будет умным, богатым и сильным», [4, с 1]. писал А. Байтурсынов, в начале 20 века и эти слова не потеряли актуальности в настоящее время. Наше развивающееся государство, все увереннее заявляющее о себе на международном уровне, не может оставаться в стороне от основных тенденций мирового развития в системе образования. Способность быть открытым и уметь перенимать всё лучшее - последние достижения в культуре и новые технологии - и является фактором успеха нации, изменяя ее к лучшему. Чувство национальной гордости для нас музыкантов – это также и гордость культурными достижениями Казахстана. Профессиональные казахстанские музыканты известны во всем мире. Нам, современным казахстанцам, есть кем гордиться! Пианисты Жания Аубакирова, Серик Еркимбеков, Амир Тебенихин, скрипач Марат Бисенгалиев, оперный певец Сундет Байгожин, эстрадные исполнители Роза Рымбаева, Батырхан Шукенов и группа "А-студио", Галымжан Молданазар, всемирно известный своим уникальным голосом Димаш Кудайберген, популярные реперы Адиль Жалелов, он же Скриптонит и Jah Kalib (Бахтияр Мамедов), обладатель премии Grammy за ремикс Roses и саунд продюссер Иманбек Зейкенов, победители проекта Голос Ержан Максим, Дanelия Тулешова и т.д... Музыкальная жизнь суверенного Казахстана – это широкий диапазон композиторов и исполнителей, которые через свое видение отражают современность.

Подводя итог, можно сказать, что нравственное воспитание гражданина своей страны – одна из приоритетных задач современного образования в музыкальной школе. Идеи Ахмета Байтурсынова актуальны и по сей день. И хочется верить, что наша воспитательная работа в детской музыкальной школе действительно помогает детям осознать определенные ценности и приобщиться к культурной традиции своего народа.

Значение Ахмета Байтурсынова в истории образования в Казахстане очень велико. Многогранная деятельность А. Байтурсынова способствовала культурному и духовному развитию казахского народа. Ахмет Байтурсынов был многогранной личностью, который оставил ярчайший след в истории казахского народа. Сторонник образования, знания родного языка, культуры и традиций он навсегда останется примером высочайшего патриотизма, незабвенной любви к Родине, к своему народу, культуре народа!

#### Список литературы:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан - 2050». Новый политический курс состоявшегося государства». 14 декабря 2012 года. Казахстанская правда.
2. Послание Президента Республики Казахстан-Лидера Нации Н.А.Назарбаева народу Казахстана Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания (Н. Назарбаев, 12 апреля 2017 года) .
3. Байтурсынов А. Об обучении по-казахски // Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К.Б.Жарикбаев, С.К.Калиев. - Алматы: Рауан, 1995.
4. Терновой И.К., Исетова Р.Л. Жизнь, озаренная борьбой. Костанай, 1998.

#### АХАҢНЫҢ БІР СЫРЫ

Молдабаева Алеся Габидуллақызы  
«Бастауыш білім беру» мамандығының 2 курс студенті  
Ғылыми жетекші: Турагулова Балжума Темирбековна

Тарихты білмей болашақты білу мүмкін емес. Сондықтан еліміздің осындай дәрежеге жетіп, тәуелсіз ел болуы үшін жанын қиған ұлт жанашырларының өмірін зерттеп, оны болашақ ұрпаққа дұрыс және сауатты жеткізе алуымыз қажет. Қостанай қаласында құрылған «Бадрисафа» экспедициясы да осы уақытқа дейін талай жұмыстарды тындырды деп айта аламыз. Сол зерттеу жұмыстарының арқасында ұлт ұстазы Ахмет атамыздай ұлы тұлғаның өмірлік жары, жан жолдасы Бадрисафаны бүкіл қазақ халқы білді. Ұлы кемеңгер Ахмет атамыз үшін тілін, дінін, ұлтын өзгерткен Бадрисафа анамыздың өмірі ешбір жанды қызықтырмай қоймасы анық. Осындай ұлы жандардың арқасында біз бүгінгі күні осындай дәрежеге жетіп отырмыз. Осы жобаны жазудағы мақсатымыз Бадрисафа анамыздың қилы тағдыры мен ерлігін тек қазақстандықтар ғана емес, бүкіл әлем халықтары білсе екен. Себебі, біздің еліміз дамыған елдердің қатарына кіруі үшін ең алдымен өзімізді таныта білуіміз керек. Тарихымызда зерттелмей, бізге жұмбақ болып жатқан дүниелер өте көп. Сол жұмбақтардың жауабын тауып, болашақ ұрпаққа ұлттық құндылықтарымыздың анық жеткені жөн деп ойлаймыз.

Ғылыми жұмыстың мақсаты: Көзінің тірісінде де, өмірден өткеннен кейін де жолы болмаған адал жар, А. Байтұрсынұлы өмірінің ажырамас бір бөлігі, оның қамқоршысы, ниеттес серігі, ол үшін жанпида күн кешіп, оның құрбаны болған ардақты анамыз – Бадрисафа Мұхаммедсадыққызының өмірін зерттеп, оны жас ұрпаққа таныстыру. Тарихи тұлғалардың өмірін өскелең жас ұрпаққа үлгі өнеге ету.

Міндеттері:

-Бадрисафа Мұхаммедсадыққызының өмірімен танысу;

-Аяулы жанның көзін көрген жандардың естеліктерін салыстыра отырып, анық деректермен танысу;

-Оның қилы тағдырын, көрген қиыншылықтарын ашып көрсету;

-Бадрисафа өмірі туралы шағын жинақ басып шығару.

Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, «қазағым» деп жүрегі соққан, халқын алға жетелеуге ұмтылған, оның зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан Алаш тобының рухани көсемі, тіл білімінің атасы – Ахмет Байтұрсынұлының тарихта алар орны ерекше. Әсіресе Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен қазаққа бостандық, теңдік әперу үшін саяси күрес майданына араласқаны, ел үшін, жұрт үшін аянбай еңбек еткені мәңгі халық жадында қалмақ. Ол тек саяси жағынан ғана емес, ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырып, шығармашылық қабілетімен де талай жетістікке жетуімен де танымал. Сонымен қатар, ол халық тілінің бай қорынан мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған. Ұлттың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы жайлы қанша айтып жазсақ та артық болмайды деген ойдамын.

Біз Ахмет Байтұрсынұлын лингвист ғалым, әдебиет зерттеушісі, тілші, аудармашы ретінде білеміз, шығармаларын оқимыз. Бірақ, жауабы жоқ сыр болып тұрған жағы оның асыл жары Бадрисафа апамыз туралы нақты бір деректің жоқтығы кім-кімді болса да ойландырады анық.

2009 жылы Қостанай қаласында құрылған «Бадрисафа» экспедициясы аясында біршама зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бірақ, дегенмен де қазақ тарихындағы Бадрисафа апамыздай өмірі өнегелі жандардың өмірдеректері келешек ұрпаққа анық жеткізілсе екен дейміз. Себебі, аяулы апамыз жайында әртүрлі жаңсақ пікірлердің болмауын қалаймыз.

XX ғасырдың бас кезі қазақ қоғамы үшін түрлі ағымдардың өзара қақтығыс, күрес кезеңі болды. Бір жағынан, ескі, күні өткен феодалдық қатынастар өзінің барлық даму қуатын тауысып, қоғамдық өсіп-өнуде кедергіге айналса, екінші жағынан оларды ауыстыра аларлық жаңа қоғамдық қатынастар тым әлсіз, балаң күйде еді.

Осы арада 1988 жылы қылмысы жоқ деп ақталған алаштың арысы, ағартушы ғалым, қоғам қайраткері, қазақтың рухани көсемі, қазақ әліппесін жасаған ұлт көсемі – Ахмет Байтұрсынұлын айтпау мүмкін емес. Себебі, еліміздің тәуелсіздігін аңсап, сол үшін күрес жолында құрбандыққа барған үркердей алаш азаматтарының арасында Ахмет Байтұрсынұлының есімі аса құрметпен тілге алынады. Қазақ зиялыларының басына дес бермес қара дауылдың келіп, тамырымен қопарған емендей алдымен Ахметті ұшырып әкеткені бізге белгілі жәйт. «Халық жауы» деген айып тағылған азаматтардың қай-қайсысының да отбасы да бала-шағасы да қорлықты көресідей көрді. Соның ішінде Ахметтің отбасы мен туыстары шеккен зәбірдің жөні бөлек. Ахмет тартқан азаптан оның асыл жары Бадрисафа да тыс қалмады. Көзінің тірісінде де, өлгеннен кейін де жолы болмаған Бадрисафа, Ахмет өмірінің ажырамас бөлігі-оның асыл жары, ниеттес серігі, ол үшін құрбан болған ардақты жан өзінің сүйген жарына адал болды. Ахметпен қатар олда Томға айдалды, аштық пен суық, жүректі елжіреткен қорқыныш бәрі қосылып ақырында талма ауруына ұшырады.

Бірақ, адам жүрегін сыздатар жәйттардың бірі - Ахметке адал жар, мұңдасы мен сырласы болған Бадрисафаның осы күнге дейін қайда туғаны да, оның өмірдерегі туралы да нақты деректер аз. Оны көзі көрген адамдардың да сөздерінің әр қайсысы әртүрлі келетіндігі зерттеушілерді көп қинайды. Жалпы, бүгінгі ұрпаққа аяулы Бадрисафа апамыздың өмір деректері де анық жетпеген. Соңғы жылдарға дейін Бадрисафа өмірінің ақырғы мезеттері қайда өтіп, оның сүйегінің қай сайда қалғандығы да белгісіз болып келеді. Ахметтің әлі бізге беймәлімдеу жұмбағы бұл – Бадрисафа. Оның туған жері, болашақ жарына кездесуі, жалпы адамдық келбет-кескіні, қадір-қасиеті туралы бірнеше нұсқа жазылып жүр, бірақ нақтылық аз.

Өзінің ақыл-ойын да, күрескер қайсар рухын да елінің ертеңіне бағыштаған Ахмет атамыз өмірі барысында бес рет түрмеге қамалған және екі рет жер аударылып кеткен. Сондай қиын күндерде Ахметтің жанына жалау болып, ізінен тамақ тасып қамқоршы болған Бадрисафа апамыз өмірінің соңына дейін өз жарына адал болған.

Ахмет Байтұрсынұлы Қарқаралыда мұғалімдік қызметте жүргенде Александра есімді орыс қызымен танысады. Жас мұғалім Ахмет пен Александра Әуликөлдің жеті көлінің бірі Мұғалімкөлдің (Учительское озеро) жағасында кездеседі. Болашақ жас жұбайлардың бір-біріне деген ыстық махаббаты да осы көлдің жағасынан басталған көрінеді. Әуликөл елдімекені-бозбала Ахметтің балалықпен қоштасып, жігіт болып, қосағы Александраны кездестірген жері.

Мұғалімдік қызметте жүрген Ахметті нақақтан нақақ «ұлтшыл» деген жаламен түрмеге отырғызады. Сонда орманшының қызы Александра оны Семейге іздеп барып, темір тордың артынан табады. Ахметке ізінен тамақ тасып, қамқор болып жүреді. Бұл жайында Рабиға Сыздық: «-Ахмет түрмеде жатқанда, тамақ тасып, кір-қоңын жуып оған қызмет көрсетеді. Ар-ұяты, адамгершілігі зор азамат мұндай қайырымдылықты, адал көңілді аттап кетуді ар санап, түрмеден шыққан соң, сол жетім қызға үйленеді. Ол кезде өзге діндегі әйелмен мұсылманның некесін қиғызуды қиын іс болғандықтан, Александраға Бадрисафа деген мұсылманша ат беріп, татар қызы еді деп некеге отырады»-деп жазған. Арабшада «бадрун» сөзінің «толық ай», ал «сафа» сөзінің «кіршіксіз таза» деген мағына беретінін білетін Ахмет атамыз болашақ жарына тек осы сұлу есімді лайық көрді.

[1, 35]

Ал, Ахмет пен Бадрисафаның тәрбиесінде болған Шолпан Байсалова өз сөзінде Бадрисафа туралы: «-Көйлегінің етегіне бір белдеу бүрме салатын. Басына ылғи шет-шетін суыртпақтап кесте жүргізген мережкелі ақ бәтес орамал салатын. Орамалы мен көйлегінің омырауына жібек жіптен өрнек жүргізіп қоятын ісмер кісі еді. Бізге кесте тігуді, мереже салуды үйрететін. Гүлнар екеуімізге (Міржақыптың қызы) ине-жіпті қалай ұстауды сол Бадрисафа апам үйретті»-деген. Сонымен қатар, «-Бал қосып пісірген шакшагын әкем ылғи мақтап: «Біздің Сафа сұлу пісірген»,-деп ауызына шымшып салып, шайды сораптап отыратын. Апам әкемді қатты сыйлап «Төре» деп отыратын... Төре демалып жатыр... Төре жазу жазып отыр...- деп аяғымыздың ұшымен жүргізіп, үстіне кіргізе бермейтін. Өзі де алдынан кесе-көлденең өтпеуші еді»-деп көңілге қонымды сөздер айтқан. [1, 38]

«Әкемді 1937 жылғы 8 тамызда ішкі істер наркомының қызметкерлері келіп ұстап алып кетті. Үш күннен кейін, яғни 11-ші тамызда Бадрисафа шешемді ұстады. Шешемді қамауға алып кеткен кезде мен перзентханада едім, Болат есімді ұлымды босанып жатқанмын. Әкем мен шешемнің ең соңғы сапарларын көре алмадым. Кейін әкемнің “атылды” деген қағазын алдым. Шешем туралы ешқандай дерек жоқ, әлде атып тастады ма, әлде көз көрмес, құлақ естімес жаққа айдап жіберді ме, ешқандай дерегін білмеймін»-дейді. [1, 42]

Қостанайлық жорналшы әрі жазушы Байтұрсын Ілияс 1998-жі жылы ғұламаның 125 жылдық мерейтойына орай жарық көрген «Алтын бесік» кітабында Ахметтің жұбайы жөнінде мынадай деректі оқиғаны баяндайды: «...Нұртаза ақынның баласы, атақты Әбіқай ақынның туған бауыры Нәуен молда Орынбордан келе жатқан Аханды үйіне құрметпен қарсы алып енгізеді. Бұрыннан Ахаң іші бұратын, қадір тұтатын, әзіл-қалжыңы жарасқан достығы болыпты. Нәуекең Ахаң әзілін қыстырып жібереді: – Аха, мына қасыңыздағы тым сымбатты асыл перизатыңыз, өзінің көзі де әдемі келісті, есімі кім болар екен? - дейді. Сонда Ахаң мүдірместен:

Есімі – Александра Ивановна,

Құдайдың ризамын қиғанына,

Бір кәпірді мұсылман қып сауаптасам,

Тұрмай ма он молданың иманына»-деп жауап қайырған екен.

Қорыта келгенде, ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының асыл жары, аяулы апамыз Бадрисафадай жанның өмір деректері туралы нақты мәліметтердің жоқтығы адам жанына батады. Бірақ, қазіргі таңда «Бадрисафа» экспедициясының зерттеу жұмыстары нәтижесінде біршама зерттеу жұмыстары жүргізілді. Атап айтсақ, «Бадрисафа» би ансамблі құрылды. «Ақ келіннің махаббаты және ажалы» атты қойылым қойылды. Аяулы апамызға арнап Қостанай облысы Меңдіғара ауданы, Қасқат ауылында ескерткіш белгі орнатылды. Ескерткіш белгінің екі жағына ғалымның жарына арнаған әлгі өлеңінің соңғы екі жолы және «Рух-халықтың жаны. Рухты жан - азамат адам, рухсыз жан - надан, есалаң»-деген сөздер жазылған. Содан кейін қостанайлық Егор Кислицин Ахмет Байтұрсынұлының әйелінің бюстін жасады. Ол бюст Аманқарағай ауылындағы шағын туған жерінде сақталады. Бюст мүсінінің бастамашысы Римма

Шыңғысқызы Бектұрғанова көп жылдар бойы Бадрисафаның өмірлік жолын зерттеумен айналысқан. Осы секілді зерттеу жұмыстарына тамшыдай болса да өз үлесімізді қосу біз жастардың міндетіміз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Байтұрсын Ілияс «Алтын бесік» Қостанай 1998ж.
2. Ибрагим Ағытайұлымен сұхбат кезінде жазылып алынған.
3. Имаханбетова Р.С. «Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны», Астана, 2010. -301 бет
4. <https://sputnik.kz/20191124/Alash-Akhmet-Baytursynuly-12110067.html>

### **А. БАЙТҰРСЫНОВ-ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ БАЛАСЫ, ҰЛТТЫҢ РУХАНИ КӨШБАСШЫСЫ**

Молдабек Дана Базарбайқызы М-31 тобы  
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай педагогикалық колледжі» КМҚК  
Қостанай облысы, Қостанай қаласы  
Ғылыми жетекші: Сейлова Ляззат Алдабергеновна  
Лауазымы: Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

**Өзектілігі:** Зерттеудің өзектілігі біздің ұлтымыздың ұлы көшбасшысы - Ахмет Байтұрсынұнов ретінде ата-бабаларымыз туралы білімімізді кеңейтуге мүмкіндік береді. Зерттеу үшін таңдалған тақырып өзекті болып табылады, өйткені қазіргі уақытта көптеген адамдар өзінің арғы тамырларына жүгінеді, Қазақстанның тарихы мен географиясымен танысады, балаларды ақындарымызға, жазушыларымызға құрметпен қарау мысалында тәрбиелейді, Олар біздің ұрпағымыздың абыроймен, тәуелсіздікпен, тұтастықпен және қауіпсіздікпен өмір сүруінің бірнеше жолынан өтті. Қазіргі, біз жерлестеріміз тұрып жатқан Қостанай қаласын Ахмет Байтұрсынұнов сақтап қалғандығын, қазақ әліпбиін жазып шыққандығын, негізі кириллицада емес, ең бірінші болып латын әліпбиін сол жазғандығын, қазақ халқын «қазақ-қырғыз» деп атауды дұрыс емес деп санағандығын және де бұл зерттеу ешқайда өткізілмегенің дәлелдейді.

**Мәселе:** Кеңестік Социалистік Республика Одағы кезінде құрылымдық өзгерістер пайда бола бастады. Бәріміз білетіндей, Қазақстан Республикасы сол одаққа кірген болатын. Алаш зиялылары, соның ішінде Ахмет Байтұрсынұнов мемлекетіміздің бөлек ел болғандығын қалады. Солардың бастамаларымен олар қазақ халқын танытқысы келді. Бірақта, Кеңестік Одақтың Витзен деген журналисттің кесірінен қазақ халқы, «қазақ-қырғыз» деп аталып кеткен. Ешкімнен қорықпаған ұлы ұстазымыз Лениннің өзіне барып, осы жағдаятты және жоғарыда аталып кеткендей мәселелері айтылады.

**Жұмыс мақсаты:** Әр түрлі дереккөздер көмегімен, тарихи-зерттеу жұмыстары негізінде қазақ халқының көрнекті өкілдерінің бірі Ахмет Байтұрсынұновтың өмірбаянын қарастыру және қазақ халқына қосқан зор үлестерін талдау.

#### **Міндеттері:**

1. Ахмет Байтұрсынұновтың өмірі мен қызметімен танысу.
2. Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу.
3. Өз Отаны мен халқына деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу.
4. Ешкімнен қорықпаған атамның халқымызға зор үлесін қосқандығын дәлелдеу.

Ахмет Байтұрсынұновтың бүкіл өмірі қазақтардың өзін-өзі билеуіне, мәдениетін, білімі мен ғылымын дамытуға, ғасырлар бойы өзіндік халық шығармашылығын, ұлт рухын сақтауға деген жалынды қамқорлықпен ұштасты. Мұхтар Әуезовтің 1923 жылы Ахмет Байтұрсынұновтың Қазақ халқы алдындағы баға жетпес еңбегін ескеріп, оны «қазақ зиялыларының көсемі» деп атағаны бекер емес. [1. 1-бет]

Қазақтың ақыны, әдебиетзерттеушісі, ғалым, түркітанушы, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері, қазақ халқының ХХ ғасырдың басындағы «Ұлтазаттық қозғалысы» жетекшілерінің бірі – Ахмет Байтұрсынұнов 1872 жылы қаңтардың 28 жұлдызында Қостанай облысы, Жангелді ауданы, Сарытүбек ауылында дүниеге келген. [2. 1-бет]

Қазақ ұлтының рухани көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұнов 1913 жылдан 1918 жылға дейін «Қазақ» газетінің негізін қалаушы, редакторы болған. Ғалым Ахмет Байтұрсынұнов өзінің кітаптарымен және «Қазақ» жалпыұлттық газетімен бірге осы тарихи кезеңде қазақ даласында оқи алғандардың барлығына оқу, білім құралы болды десекте қате емес, ол Қазақ мемлекетін қайта құру үшін күрескен «Алаш» партиясының белсенді мүшесі болды. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін өзінің жолдастарымен бірге қазақ халқының ұлттық мүдделерін қорғау мақсатын ғана көздеді.

Қазіргі тұрып жатқан Қостанай қаласы сол кезде Челябинск губерниясына жазылып тұрған болатын. Кеңестік Одақ Қостанай қаласын РФ Ресей Федерациясына жаздырып, сол жерде тұрған



азаматарды, Ресей азаматтары деп жаздырғысы келген. Бірақ Ахмет Байтұрсынов оған қарсы тұрып, Қостанай қаласын Қазақстан мемлекетінде сақтап қалған.

Ахмет Байтұрсынов – ұлы ұстаз деп жатамыз. Көп жылдан бері біз ұстазымыздың әліпбиін оқып келдік, бірақ шындығында ол кирилицада емес, қазақ әліпбиін латын тілінде ең алғаш болып жазған болатын. Сол таяу, қиын заманда халқымыз Кеңес Одағына қарағандықтан өз тілімізді шығаруға рұқсат етілмеді. Ахмет Байтұрсынов оған қарсы шыға алмады, бірақ сонда да өз тіліміз болсын деп қазіргі қолданып жатқан қазақ әліпбиімізді шығарды. [3. 2-бет]

Көптеген тарихи тұрғыда жазылған кітап, газет-журнал, мақалаларды ашып оқитын болсақ, қазақтарды «қазақ-қырғыз» деп бірге жазған. Егерде «неліктен бұлай?» деген сұрақ қоятын болсақ, «қазақ-қырғыз туыс халық» деп көбіне айтып жатады. Иә, туыс халық болсақ, солай шығар, бірақта қазақ халқы бөлек өз ұлтымыз екендігін жадымыздан шығармауымыз тиіс. Ахмет Байтұрсынов бұ сұрақтың жауабын алғаш рет тапқан болатын. Қазақ хандығы болған кезде Керей мен Жәнібек «қазақ» деген ұлтымызға атау берген. Бірақта хандық құлап, Кеңестік Социалистік Республика Одағы құрылған кезде, Витзен деген журналисттен қате кетіп, қазақ деген сөзді қырғыз деп жазып, келесі бір баспасында қазақ деп жазып, шатастырып алғаннан кейін, «қазақ-қырғыз» деп аталып кеткен. Ахмет Байтұрсыновтың әр жазбасын қарайтын болсақ, ол әрқашанда ұлтымызды тек қана «қазақ» деп жазған. Сондықтанда, біз қазіргі ұрпақ оны шатастырмауымыз керекпіз деп санаймын. Ұлы Қазақ даласы ешқашанда өз халқына, жеріне сараң болған емес және әрдайым әлемге көрнекті тұлғалар сыйлаған. XX ғасырдың басында халқымызға дамудың дұрыс жолын көрсеткен адамдардың өмірі туралы естеліктер біз үшін ерекше қымбат. Егер тарихқа көз жүгіртетін болсақ, адамзат бірнеше рет бірқалыпта тоқтап қалғанын, әдеттегі стандарттар бойынша өмір сүру мүмкін болмаған кезде, әдеттегі стереотиптер өзгеріп, дамудың сапалы сатысына көшу жүзеге асырылғанын түсінуге болады. Әдетте, әлеуметтік қайшылықтар шыңына жеткен кезеңдерде қоғам оларды жену үшін ең батыл және ерекше қадамдарды қажет етеді, және әдеттегідей, жеңістердің тәттілігі мен осы жолдағы жеңілістердің ащы дәмін, ең алдымен, осы қадамға бірінші болып шешім қабылдағандар бастан кешірді. Сол қадамға бірінші болып шешім қабылдағандардың принциптері, сенімдері, белгілі бір әрекеттері, жанқиярлық қабілеті ұлттық дамудың прогресін анықтады.

Сондай көрнекті ақын, ағартушы, ірі ғалым, талантты аудармашылардың бірі, көрнекті қоғам және саясат қайраткері, Қазақ ұлттық тіл білімі және әдебиеттану мектебінің негізін қалаушы, және де қазақ халқының көрнекті ұлы - Ахмет Байтұрсынов туралы айтқым келеді. [4. 2-бет]

Ахмет Байтұрсынов - ақын, ғалым, түркітанушы, аудармашы, педагог, публицист, қоғам қайраткері. Кезінде ол әділетсіздіктің, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болған, жарты ғасырдан астам уақыт бойы аталмаған оның есімі Қазақстан тарихында лайықты орын алмаған. Тек қазір ғана, өзгеріс жағдайында, халыққа Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов сынды сияқты қайраткерлерінің есімдері қайтарылды.

Жұмыс нәтижелері мен қорытындылар: Бұрын Ахмет Байтұрсыновтың жерлестері ғана өз отандастарының жетістіктерімен мақтанатын, ал қазір ақынның, аудармашының, бірқатар оқулықтар мен оқу құралдарының авторының өмірі мен ұлы жетістіктері туралы біліп, оны бүкіл әлем бойынша ұлттық батыр деп санайды.

Жұмыстың практикалық қолданылу саласы: Жұмыс Қазақстан тарихын зерттеуде пайдаланылуы мүмкін, ол қазақстандық және әлемдік жастарға үлгі болып табылатын Ахмет Байтұрсыновтың өмірбаяны мен қызметін ашады, жұмыс Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуге ықпал етеді. 20-жылдары Қазақстанда инновациялық педагогикалық идеялардың дамуы Ахмет Байтұрсыновтың есімімен байланысты. Педагогикалық баспасөздің рөлі, бастауыш мектептің, жоғары білім беру жүйесінің мәселелері, оқытудың мазмұнын, нысандары мен әдістерін жетілдіру, өскелең ұрпақты рухани-эстетикалық тәрбиелеу - бұл Ахмет Байтұрсынов қарастыратын мәселелердің толық тізімі емес. Белгілі орыс педагогы, К.Д.Ушинский, білім берудегі ұлт идеясының жақтаушысы сияқты, Ахмет Байтұрсынов өз Отанының нағыз азаматын тәрбиелеуге лайықты еркін мектеп, ана тілінде оқытатын мектеп құруға шақырады.

«Қазақша оқыту» мақаласында ол «халықтың өмірін жақсартуды балаларды оқыту ісінен бастау керек, өйткені билік, басқару, халық тек біліммен түзетіледі» деп санайды. Ұрпақтар үшін ескерту ретінде оның сөздері ұрандай естіледі: «Білім алуға ұмтылмаған адамдар қандай байлыққа ие болса да, біраз уақыттан кейін оның байлығы өркениетті халықтардың қолына өтеді».

Бастауыш мектепте оқуға қажетті пәндердің тізімін - оқу, жазу, ана тілі, Отандық тарих, математика, география, сурет салу және басқаларын саралау арқылы ол ана тілінде оқуды міндетті деп санады. Оның 1912 жылы жарық көрген «Қазақтарға арналған Әліппесі» бастауыш мектеп үшін негізгі оқу құралы болды.

Ахмет Байтұрсынов - Қазақстандағы психологиялық ой өкілдерінің бірі. Оның ғылыми мақалаларында белсенділік, ақыл, таным, қабілет және басқа психологиялық танымдық процестер сияқты мәселелер қарастырылады.

Ахмет Байтұрсынов өз халқының шынайы ұлы бола отырып, еуропалық халықтардың мәдени құндылықтарына қосылуға, олардан үлгі алуға - білім, ғылым, кітап шығаруға шақырды. «Ғылым мен

практикалық білімнің негізін сіңірген халық ақылды, бай және күшті болады» - ұлы ғалым, ағартушының бұл сөздері қазіргі уақытта ерекше өзектілікке ие. [5. 3-бет]

Шынында да, Ахмет Байтұрсынов қазақ тілі туралы әдебиеттану мен ғылымның бастауында тұрды. Жиырмасыншы жылдары араб графикасы негізінде, қазақ тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, әліпби жасап, грамматика, морфология, фонетика, оқыту әдістемесі мәселелері бойынша бірқатар еңбектер жазды, Қазақ әдебиеті мен мәдениетін дамыту бойынша үлкен жұмыс атқарды. Ол алғаш рет Абайға жоғары баға беріп, оны қазақ халқының бас ақыны деп атады. Ол тұңғыш рет ұлы жерлестеріміз Нұржан Наушабаевтың, Ақсұлу Орысбайқызының шығармашылығына назар аударып, «Әдебиет танытқыш» («әдебиеттану») кітабында Наурызбай бидің, Ақмолла, Жәнібек, Мағжанның және басқалардың шешендік сөздерінен мысалдар келтірді. Ахмет Байтұрсыновтың тікелей қатысуымен «Ер Сайын» эпосы, «Жоқтау» және көптеген қазақ мақал-мәтелдері жарық көрді.

ҚазКСР Халық ағарту ісінің бірінші комиссары Ахмет Байтұрсынов: «Ұстаз - мектептің жаны. Қандай мұғалім болмасын - бұл мектеп, яғни оқушылардың білім сапасы мұғалімнің қаншалықты дайын екендігіне және оның оқыту әдістерін қаншалықты меңгеретініне тікелей байланысты. Сондықтан, біріншіден, кез-келген мектепке мықты педагогикалық және әдістемелік дайындығы бар білікті мұғалімдер қажет. Екіншіден, оған барлық оқу құралдары, оқулықтар мен оқу құралдары қажет. Оқулықтар мен оқу құралдарынсыз оқыту туралы сөз қозғауға болмайды; оқыту сапасы оқулықтардың сапасына байланысты. Оқу ісіндегі сәтті жұмысты қамтамасыз ету үшін мұғалімдер оқу құралдарының барлық жиынтығына ие болуы керек. Үшіншіден, мектепке ассимиляциялауға жататын барлық материалдар ретке келтіріліп, жүйелендірілетін тиісті бағдарлама қажет».

Оның барлық педагогикалық қызметі мектептегі оқу процесін жетілдіруге және жалпы білім беретін мекемеде педагогикалық процесті сауатты ұйымдастыра алатын білікті мұғалімді даярлауға бағытталған. А.Байтұрсыновтың пікірінше, мектеп жұмысының жетістігі мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты, сондықтан мұғалімді оқу орындарында кәсіби даярлау кезінде мұғалімнің педагогикалық техниканы меңгеруіне, оқушылардың оқу процесін ғылыми негізде жүргізе алуына ерекше назар аудару қажет.

Ахмет Байтұрсынов кәсіби дайындық мәселесін шешкен кезде мұғалімге қойылатын негізгі талаптарды анықтайды, ең алдымен мұғалім жеке техниканы жақсы меңгеруі керек, балалардың психологиялық ерекшеліктерін, оқу процесінің теориялық негіздерін білуі керек. Оның идеясы мұғалімді даярлау кезінде психологиялық, педагогикалық және әдістемелік дайындыққа назар аудару керек деген ойға әкеледі. Мұны оның мынадай сөздері растайды: «Егер білімді адам жасаса, кез-келген іс жақсы және тез жасалатынын есте ұстаған жөн. Бұл тек физикалық еңбекке ғана емес, сонымен бірге ақыл-ойға да қатысты. Балаларды оқытумен айналысатын адамдар әдістеме мәселелерін жақсы білуі керек. Оқыту мәселелерін жақсы білгісі келетіндер алдымен балаларға үйрететін барлық нәрсені білуі керек. Екіншіден, олар табиғатты жақсы біліп, баланың көңіл-күйін сезінуі керек. Ол үшін балалардың туылғаннан бастап физикалық және психикалық дамуы туралы бәрін білу керек. Баланың ішкі жағдайын оның іс-әрекетімен ажырата білу керек. Білімді халықтарда балаларды оқытумен педагогика ғылымында арнайы оқытылған адамдар айналысады. Бұл дұрыс, өйткені егер судья өзінің сот ісін, ал дәрігер медицинаны үйренсе, онда мұғалімді педагогикаға үйрету керек...»

Ахмет Байтұрсынов оқу үдерісінің табыстылығының екінші факторы оқулықтар мен оқу бағдарламаларының болуы екенін атап өтті. ҚазКСР Халық комиссариаты бұл мәселені шешуге ерекше назар аударды. Осы мақсатта 1920 жылы Қазақ комиссариатының халыққа білім беру бөлімінің жанынан ғылыми комиссия құрылып, ол оқулықтар мен ғылыми еңбектерді құрастыру және басып шығару бойынша міндеттер шеңберін анықтады. [6. 4-бет]

Қазақ тіл білімінің дамуында А.Байтұрсыновтың алатын орны ерекше. VIII ғасырдан бастап қазақ даласында исламның таралуына байланысты біртіндеп араб жазуы егілді. Араб алфавитінде қазақ тілінің барлық дыбыстарын дәл бейнелеу үшін қажетті көптеген әріптер жетіспегеніне қарамастан, қазақ хаты араб графикасы негізінде болды. Ахмет Байтұрсынов қазақ тілінің табиғатын терен зерттеп, араб әліпбиін негізге ала отырып, жаңа қазақ әліпбиін жасады. Ол сол кезде қазақ тілінің дамуына жауап бермейтін, оның грамматикалық және фонетикалық құрылымын көрсетпейтін латын және, әсіресе, орыс әліпбиінің енгізілуіне қарсы болды. 1924 жылы «Тіл білімі» атты еңбегі жарық көрді. Ол 1927 жылы сөйлеген сөзінде қазақ графикасының зигзагтары туралы айтқан болатын. Ол өз халқына әліпби берді, қазақ тілінің фонетикасы, морфологиясы, синтаксисінің негіздерін қалады, алғашқы оқулықтарды жазды. [7. 4-бет]

Ахмет Байтұрсыновтың Қазақ әдебиеті тарихы мен әдебиет теориясы бойынша жүргізген зерттеулерінде үлкен еңбегі бар. Мысалы, ол абайтанудың негізін қалаушы болған, Абай Құнанбаев шығармашылығының рөлі мен маңызы туралы алғашқы мақалалар Байтұрсыновтың қаламына тиесілі. Ол әңгімешілер, ауызша халық шығармашылығының тасымалдаушылары туралы жазды. [8. 4-бет]

**Зерттеу нәтижелері:** Ахмет Байтұрсыновтың бүкіл өмірі қазақтардың өзін-өзі билеуіне, мәдениеттің дамуына, білім мен ғылымның дамуына, ғасырлар бойы өзіндік халық шығармашылығының ұлт рухының сақталуына жалынды қамқорлықпен толы болды. Егер халық үшін басты байлық-денсаулық, жан үшін басты байлық – білім мен өнер болса, тек олардың көмегімен халықтар өркениет

қатарынан өз орнын табады. Басты міндет – жастарға білім беру, қолөнерге үйрету, оларға мамандық беру. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін қазақ даласында барлық ауылдарда қазақ мектептерін ашып, қазақ тілінде сабақ беру керек. Бұл біздің басты әрі тиімді, халықпен жүзеге асырылатын мақсатымыз және міндетіміз. Бұрын Ахмет Байтұрсыновтың жерлестері ғана өз отандастарының жетістіктерімен мақтанатын, ал қазір ақынның, аудармашының, бірқатар оқулықтар мен оқу құралдарының авторының өмірі мен ұлы жетістіктері туралы біліп, оны бүкіл әлем бойынша ұлттық батыр деп санайды.

Жұмыс Қазақстан тарихын зерттеуде пайдаланылуы мүмкін, ол қазақстандық және әлемдік жастарға үлгі болып табылатын ұстазымыз, ақын атамыз Ахмет Байтұрсыновтың өмірбаяны мен қызметін ашады, жұмыс Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуге ықпал етеді. [9. 4-бет]

**Қорытындылар:** 1929 жылы Ахмет Байтұрсынов үш ондаған мемлекет және мәдениет қайраткерлерін еш себепсіз асыра сілтеудің ауыр күндерінде тұтқындалып, түрмеде отырды, кейін Архангельск қаласына жер аударылды. 1934 жылы М.Горький мен оның әйелі Е.П.Пешкованың араласуының арқасында Халықаралық Қызыл Кресттің көмегімен оны босатып алған, бірақ бостандық ұзаққа созылмады, 1937 жылы Ахмет Байтұрсынов қайта тұтқындалып, көп ұзамай ату жазасына кесілді. Жарты ғасырдан кейін ғана әділеттілік орнап, 1988 жылы Кеңес соты қылмыс құрамының болмауына байланысты өлімнен кейін ақталды. Қазақ халқының жарқын мәдени өкілдерінің бірінің тағдыры осындай болды.

Ахмет Байтұрсынов мұғалімнің жұмысымен және ғылыммен айналысумен, белсенді қоғамдық қызметпен қатар көркем сөз саласында жемісті жұмыс істеді, 20 ғасыр жағдайында қазақ әдебиетінің реалистік, гуманистік, ағартушылық дәстүрлерін дамытуға қатысты. 19-20 ғасырлар аралығында қазақ әдебиетінің басты проблемаларының бірі ұлттық мәселе, қазақ қоғамының жай-күйі, оның даму жолдары болды.

Ахмет Байтұрсынов әдеби процеске «Қырық мысал», «Маса» атты өлеңдер мен аудармалар жинақтарымен, фольклор үлгілерін шығарумен, ғылыми-теориялық мақалаларда, еңбектерде, оқулықтарда қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясының мәселелерін әзірлеумен белсене қатысты.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. <http://nlib.library.kz/elib/Sait/NauBibUKAZ>
2. <https://egemen.kz/article/201982-akhanhnyh-tyrnaqaldy-maqalasy>
3. <https://infourok.ru/liti-li-stazi-abaytrsinov-1505442.html>
4. <http://tobyl-torgai.kz/2020/05/15/6030>
5. <https://tilalemi.kz/books/8000.pdf>
6. [https://adebiportal.kz/kz/news/view/ahmet\\_baitursynuli\\_audarmalarindagi\\_zhana\\_koldanistar\\_\\_22087](https://adebiportal.kz/kz/news/view/ahmet_baitursynuli_audarmalarindagi_zhana_koldanistar__22087)
7. <https://qamshy.kz/article/29187-akhmet-baytursynuly-%E2%80%93-qazaq-ultshydyghynynh-rukhani-kosemi>
8. Алаш азаматтары // Қазақ. – 1917. – 11 июнь /№273/. (М.Дулатұлымен бірге)
9. <https://bankreferatov.kz/kazaktili/1452-ahmet-baytrsinov-zhne-aza-terminologiyasi.html>

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ МЫСАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мұқан Аяулым Болатқызы

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің 1 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м., Издибаева Дарига Муратовна

Қостанай облысы, Арқалық қаласы

А. Байтұрсынов ақындығының бір қайнар көзі орыс поэзиясында жатыр. Ол орыс ақындарын беріле мол оқыған. Ауыл мұғалімі боп істеген жылдарынан бастап шәкірттеріне И. А. Крылов мысалдарын оқытқан. Орыс ақындары А. С. Пушкинді, М. Ю. Лермонтовты, С. М. Надсонды оқып, кейбір шығармаларын аударған. Ақыннан қалған мұраның ішінде А. С. Пушкиннің «Ат» деген өлеңі, «Данышпан Аликтің ажалы», «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш» ертегілері бар. 1901 жылдан бастап Крылов мысалдарын аударып, сол негізде өзі де мысалдар жаза бастайды. А. Байтұрсыновтың мысал жанрына ден қоюының үлкен мәні бар еді. Ондағы моральдық, адамгершілік тағылымын ол қазақ қоғамы үшін аса қажет үлгі деп түсінді. Адам бойында кездесетін намыссыздық, жігерсіздік, алауыздық, жалқаулық пен жағымпаздық, қулық пен зорлық сияқты келеңсіз мінездерді сынау, шенеуге келгенде, ақын мысал жанрын таңдады. Әр түрлі аңдардың аллегориялық бейнесін беріп, олардың арасындағы түрлі қарым-қатынас арқылы ғибратты тұжырымдар жасады [1, 464 б.].

Крылов мысалдарын аудару Ыбырай, Абай тәжірибесінен басталса, Ахмет өз кезіндегі зиялы ақын-жазушылар С. Көбеев, Б. Өтетілеуовтермен қатар жұмыс істеп, мысал, ертегілер аударып, әдеби қазынаны байытты. Бір мысалдың өзі әр қайсысының аудармасына ілікті. Оны бір ақын өлеңмен аударса,

енді бірі қарасөзбен аударды. Бұл тәжірибе әдебиет тарихындағы нәзирагөйлік тәсілді байытты. Ұқсас өмір шындығын қамтып, ойға ой қосып отыратын үлгілер ұлттық әдебиеттегі мысал жанрының дамуына жол ашты. А. Байтұрсынов И.А. Крылов мысалдары сюжетін сақтағанмен, қазақ тұрмысын танытатын жаңа ойлар қосып молайтады. Мысалы, «Қасқыр мен тырна» түпнұсқада 19 жол болса, аудармада – 76 жол. «Өгіз бен бақа» түпнұсқада 17 жол болса, аудармада – 36 жол. Басқа мысалдар да осындай жолмен аударылған. Ұлттық сипат тек көлемінен ғана емес, кейіпкерлер атынан да аңғарылады. «Қасқыр мен мысық» мысалындағы Васька, Степан, Демьян, Трофим аттарын Ахмет Қоянкөз, Құрамыс, Көпберген бай, Қисықбас деп өзгертіп алады. Мысал «Айран ішкен құтылады, шелек жалаған тұтылады» деген халық мақалын еске салады. Ахмет мысалдарында ұлттық мақалмәтелдер мазмұнына қарай талғампаздықпен қолданылады. Мәселен, «Әлін білмеген әлек», («Өгіз бен бақа»), «Бастан құлақ садаға» («Қасқыр мен тырна»), «Халық айтса қалып айтпайды» («Қарға мен түлкі»).

Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан, қазақ тұрмысына ет-жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндегі етіп жіберді.

«Жақсылықты басыңа қыл, басыңнан асса, досыңа қыл» («Қара бұлт»), Ахмет мысалдары қазақ халқын бірлікке, ынтымаққа уағыздайды. «Аққу, шортан һәм шаян» мысалы арқылы алған жүкті үш жаққа тартқан алауыздықты шенесе, «Малшы мен масада» жылан шағайын деп келе жатқанда, шағып оятқан масаның достығын түсінбеген малшыны кінәлайды. Ақын өзін ұйқыдағы халқына достығын ұсынған масаға теңейді. Сондай ақ «Өгіз бен бақа» мысалында балаларға бақанын қанағатсыздығы, ашкөздігін осы мысал арқылы жеткізе алды. Ақын балаларға бар нәрсеге қанағат қылуды, көрсеқызар болмауды насихаттаған болатын.

Бұл тәжірибе А. Байтұрсыновтың аудармашы ғана емес, ұлттық әдебиеттегі мысал жанрын дамытушы болғанын дәлелдейді. Ахмет мысалдарының бір тобы адам бойындағы алауыздық, мақтаншақтық, қайырымсыздық, тәкаппарлық, күншілдік, зорлық, топастық, надандық, қулық, күндестік, үлкенді сыйламау, тойымсыздық, достықты қадірлемеу, жалақорлық, қанағатсыздық сияқты келеңсіз мінездерді мінеуге құрылады. Кейбір мысалдарда тұтас халықтық әлеуметтік мәні бар тақырыптар (отаршылдық, әкімшілдік, зорлық пен зомбылыққа қарсы халық санасына қозғау салатын, қайрат пен жігерге, намысқа шақыратын) қозғалады. Бұған «Қасқыр мен тырна», «Ала қойлар», «Қасқыр мен қозы», «Аңдарға келген індет», т.б. жатады.

Мысалдың тақырыбы	Автор ойы	Менің ойым
«Аққу, шортан һәм шаян»	«Аққу, шортан һәм шаян» мысалы арқылы алған жүкті үш жаққа тартқан алауыздықты шенесе,	«Бірлік бар жерде тірлік бар», - деген мақалды тегіннен-тегін айтпаса керек. Егер де Аққу, шортан, шаян жүкті бірлесіп тартқан кезде көздеген мақсаттарына жете алушы еді. Бұл мысал арқылы бауырмалдық, ауызбіршілік қасиеттерін ұғынуымызға болады.
«Малшы мен масада»	«Малшы мен масада» жылан шағайын деп келе жатқанда, шағып оятқан масаның достығын түсінбеген малшыны кінәлайды. Ақын өзін ұйқыдағы халқына достығын ұсынған масаға теңейді.	Бұл жерде масаның адалдығын, жанашырлығын осы мысал арқылы жас жеткіншектерге үлгі еткенін көруімізге болады.

Қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсынады. Бұрынғы ескі-ертегі, химия үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крылов туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургтен бастырып шығарды. Мысал жанрының қазақ әдебиетіне бойлап ену құбылысы әлемдік көркемдік дәстүрлердің типологиялық ұқсастығын көрсетеді. «Дала уалаяты» газетінде 1894 жылы 14 тамызда И.Крыловтың «Инелік пен құмырсқа» (аударған А.Құрманбаев) мысалының жариялануы – қазақ әдебиеті үшін жаңа бір арнаның басы еді. [5, 15-17 б.].

Крыловтан Абай – 14, Спандияр Көбеев – 37, Бекет Өтетілеуов – 12 мысал аударған. Бір мысалдың бірнеше рет аударылғаны да бар. Мәселен: «Аққу, шортан һәм шаян», «Ат пен есек», «Қасқыр мен тырна», «Шал мен ажал (өлім)», «Айна мен маймыл», «Маймыл мен көзілдірік» мысалдарын Ахмет Байтұрсынов та, Спандияр Көбеев те аударған. «Ала қойлар», «Есек пен қамыс (шілік)», «Бақа мен өгіз» мысалдарының Абай нұсқасы да, Ахмет нұсқасы да бар. [3, 10 б.].

Абай аудармалары Крылов түпнұсқасымен көбіне-көп дәлме-дәл келеді, Спандияр Көбеев 8 мысалды қарасөзбен баяндаған. Ал Ахмет Байтұрсынов аудармаларында сюжет сақталғанмен, еркіндік

басым, қазақ тұрмысына жаңа идеялар, заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтылады. Түп негізі Федрдан алынған Крыловтың он жолдық «Шымшық пен көгершін» мысалы Ахмет Байтұрсынов аудармасында отыз екі жолдан тұратын жаңа шығарма. «Өгіз бен бақа» орысшада – 17, қазақшада – 36 жол, «Қасқыр мен тырна» орысшада – 19, қазақшада – 76 жол, «Арыстан, киік һәм түлкі» орысшада – 35, қазақшада – 56 жол, «Қасқыр мен қозы» орысшада – 37, қазақшада – 68 жол, «Ағаш» орысшада – 31, қазақшада – 56 жол. Бұл фактілер қазақ ақыны дәстүрлі оқиға, қалыпты бейнелерді ала отырып, ойға ой, суретке сурет қосып, жаңа, ұлттық төл туынды жасағанын көрсетеді. Бұрын емеурін, ишара, мегзеу, астар, мысалмен берілген ойлар «Маса» кітабында ашық, анық, дәлді, нақты айтылады. Мұнда Ахметтің өз басынан кешкен қиын-қыстау күндер, ауыр жолдар, қуғын-сүргін, жетімдік-жоқтық, бірталай өлеңдерге арқау болады; ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы – басты сарын болып табылады. [4, 46 б.].

А. Байтұрсыновтың аудармалары арқылы бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық қасиеттерін дамытудың ерекшеліктері зор. Атап айтсақ, «Өгіз бен баға» шығармасында қанағатшылдыққа, тойымдыққа тәрбиелейді. Ашкөздіктің соңі өзін құлдыратуға әкеліп соғатынын көрсеткен. Сондай-ақ, «Аққу, шортан һәм шаян» аудармасын алып қарайтын болсақ, ауызбіршіліктің болмауы кез-келген ортада араздық тудырып, құрмет, сыйластық деген қасиеттердің жойылатынын көрсете білген. Осы шығарма арқылы балалардың ой-саналарына ауызбіршілік, адамгершілік, достық сезімдерінің маңыздылығын жеткізу. Татулық арқылы үлкен жетістікке жете алуға болатындығы жайлы түсініктерін қалыптастыруға болады. Яғни, Ахмет аудармаларының сабақ барысында кірістіріп отырудың ерекшелігі осында. Үлгі-өнегеге толы шығармалар арқылы өскелең ұрпақты саналы, тәрбиелі, тұлғалық сапалары дамыған азамат етіп қалыптастыра аламыз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ахмет Байтұрсынұлы. Ақ жол.-Алматы: Жалын, 1991.
2. Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Ахмет Байтұрсынұлының халық ағарту саласына қосқан үлесі //Халықаралық ғылыми конференциясы. – Алматы, 2007 жыл.
4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. -Алматы, 2008ж.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы.-Алматы «Ана тілі» 2003ж.

### **ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛЫНДАҒЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ**

Мұқанова Жанерке Тоқтарбекқызы  
Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі, 2 курс студенті  
Ғылыми жетекшісі: педагогика және психология магистрі  
Омарова Назым Жумабековна  
Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі оқытушысы  
Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы

Қазіргі кезде өз алдымызға тәуелсіз ел болып тұғырымыз қатайғанда, осы жолда өздерінің салықалы ғұмырларын құрбан еткен азаматтарымыздың халқы үшін сіңірген ерен еңбектерін саралап, жаңа заман талабына сай «ақтаңдақтардың» бет пердесін ашып зерделеу өте маңызды. Өсіп келе жатқан ұрпақ өткен тарихын талдап, есінде сақтап, одан әрдайым сабақ алып отыруы қажет. Тарихымызға сын көзбен қарасақ, төңкеріске дейін жекелеген ұлттық тұлғалардың өмір жолдары мен азаттық жолындағы күресі мен ұлтына арнаған қоғамдық-саяси қызметтерін өмірге жанаспайтын ұғымдар тұрғысынан қарастырылып, зерттеуге тыйым салынғаны, зерттеле қалғандарының өзі біржақты бағаланып, шындық тұрғысынан бағалауға мүмкіндік болмағандығын ашып айтуға болады. Сондықтан да ұлттық рухы мықты қазақ зиялыларының бірі Ахмет Байтұрсынұлының халқы үшін көрсеткен елеулі еңбектерін дәріптеу маңызды мәселелердің бірі болмақ.

А. Байтұрсынов ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы тарихында ерекше орыны бар аса білімді, салауатты, ірі саяси қайраткер. Ол өзінің орасан зор ерік-жігерімен, ірі ұйымдастырушылық қабілетімен, саяси оқиғаларға көзқарасының тұрақтылығымен зор беделі мен құрметке ие болды. Теориялық жағынан жетік болғандықтан, өз қызметінде таптық белгілерден гөрі ұлттық ұстанымды ұстанды. Өз халқының сауатты болуына, білім алып, көздерінің ашық болуына зор үлес қосқан айтулы азаматтардың бірі деп анық айта аламыз. Бұл орайда, А. Байтұрсынов республикадағы мектептердің әр түрінің көбеюі мен оқушылар санының өсуіне зор жағдай жасап, оны өзінің қатаң бақылауына алып отырған. Сауат ашуда қазақ мұғалімдерінің қатарын толықтыру керектігін дер кезінде түсініп, жаңа мұғалімдерді дайындау мен қатар бұрынғы мұғалімдердің білімдерін жетілдіру мақсатында уездер мен губерниялардың бәрінде қысқа мерзімді және екі жылдық мұғалім дайындайтын курстарды ашты. Осы курстарға жастарды

көптеп тартып, оларға стипендия төлеген. Сонымен қатар, ұлтын сүйген ұлды ауыл мәдениеті қатты алаңдатты. Осы орайда ауыл мәдениетінің мүлдем артта қалғанын ескере отырып, А.Байтұрсынов өз кезегінде Комиссариат нұсқаушыларын шалғай ауылдарға іс сапармен мектептер, сауат ашатын орындар мен қызыл отауларды ашуға жіберген. А.Байтұрсыновтың басшылығымен комиссариат педкурстардың қызметі мен жағдайын зерттеу үшін анықтама парақшаларын жіберіп, бірінші басқыш мектептерінің мұғалімдерін дайындау үшін ашылған қысқа мерзімді төрт айлық педкурстар мен мектеп нұсқаушыларының екі айлық курстарының бағдарламалары мен есеп жүйесін жасаған. Мамандардың тапшылығына байланысты А.Байтұрсынов Халық Ағарту Институттары мен педагогтар дайындайтын арнаулы орта оқу орындарын ашқан. 1921 жылдың бірінші шілдесіне қарай республикада төрт Халық Ағарту институтын іске қосты. А.Байтұрсынов 1920 жылы Орынборда ашылған үлгі-тәрбие мектеп-коммунасының жанынан интернат ашқан. Алғашқы жылдары бұл бастауыш мектеп болды, кейін оны жеті жылдық үлгі-тәрбие мектебі етіп қайта құрды. Оны ауыл шаруашылығына бейімделген үлгі-тәрбие мектебіне айналдырған. Мектепті Академиялық Орталықтың тәжірибелік жұмыс орталығына айналдырады. Мектеп-коммунасында қазақ кедейлерінің, Қызыл Әскердің, кемтар адамдардың балаларын 10 жастан қабылдап оқытқан. Ал жетім балалар мектептің интернатында ешбір ақысыз оқып, үкімет қамқорлығында болды.

А.Байтұрсыновтың алғаш ағартушылығы ой – пікірлері сонау 1913 – 1917 жылдары Орынборда шыққан «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларынан айқын көріне бастайды. Газеттің тұңғыш жарияланған санында – ақ былай деп жазды: «Бұл газеттің мақсаты жұрт пайдасына көз болу, қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету, басқа жұрттардың халінен хабар беріп, таныстыру. Сол мақсаттарды орнына келтіру үшін зақұндерді, хакімдердің бұйрық – жарлықтарын білдіріп тұру, Государственный дума, һәм Государственный совет жұмыстары турасында жете хабар беру, қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу, күнелту, сауда, кәсіп, жер – су, егін – таран, мал шаруасы жайынан кеңесу, оқу оқыту, мектеп, медресе, школа, ғылым, өнер тіл, әдебиет турасында көрсету, адам һәм мал дәрігерлігі жайында жазу».

А.Байтұрсыновтың туған халқының ғылым – білімге ұмтылуын, әр қазақтың тым болмаса бастауыш білім алуын аңсады. «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек», - деп жазды ол. Бірақ осындай білім беретін ауыл мектебінің сол кездегі хал – күйі оны қабырғасына қатты батты.

А. Байтұрсыновтың ыждағатты бақылауының арқасында не бары үш қана оқулық - әліппе, грамматика, арифметика оқулықтары шықты, бұлардың жалпы таралымы 178 мың дана ғана болды. Бұл оқулықтардың бір бөлігі Қазақстанда, бір бөлігі Қазанда басылды. Басылған оқулықтардың таралымы аз болғандықтан, мектептердің болмашы қажеттігін де өтей алмаған. Халық Ағарту Комиссариатының қызметі 1921-1922 жылдардағы аштық кезеңіне тап болғандықтан, комиссариаттың жергілікті орындармен байланысы үзіліп, Өлкедегі ағарту жұмысына басшылық ету күн өткен сайын қиындай түскен. Қаржы-қаражат пен басқа да қажеттіліктердің жетіспеуі өсіп келе жатқан мектеп жүйесінің қарапайым сұраныстарын қанағаттандыра алмаған.

А.Байтұрсыновтың «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 62 – санында «Мектеп керектері» деген мақаласында «...ең әуелі мектепке керекті – білімді, педагогика, методикадан хабардар оқыта білетін мұғалім. Екінші – оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді құралдар қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Үшінші – мектепке керекті белгіленген программа. Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі я мерзімді өлшеуі болуы керек. Белгісіз я өлшеусіз істелген іс – солпы я артық, я кем шықпақшы...» деп оқытудың дидактикалық принциптерін тұңғыш ғылыми тұрғыда нақтылы белгілеп берді.

Ол өзінің көп жылдық мұғалімдік тәжірибесіне сүйене отырып, қазақ мектептерінің ең зәру ісі – оқулық жазу мәселесімен түбегейлі айналысады. Ол үшін ең алдымен қазақ тілінің фонетикалық жүйесін зерттеуге кірісті. Қазақ балаларының сауатын ашатын «әліпби» мен ана тілін үйрететін «Тіл құралын» жазбас бұрын ең алдымен жазу графикасын жөндеп алудан бастаудың қажеттігін сезген А.Байтұрсынов 1912 жылдан бастап, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттерінде араб таңбаларын жетілдіру, лингвистикалық терминдерді тілге енгізу (дыбыс, әріп, дөйекші, жуан, жінішке дыбыс, қағида т.б.) туралы ой – пікір қозғады.

А.Байтұрсынов – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына да көп жұмыс жасалды. 1912 жылдан бастап үш жылдық бастауыш мектептерде шәкірттер сауат алдымен орыс тілінде ашатын. Қазақша оқылатын пәндердің тілі қазақша болғанымен, жазуы, яғни ресми түрде қабылданған графикасы жоқ еді. Сондықтан да әр мұғалім өз ыңғайына қарай не орыс, не арап жазуларын пайдаланатын. А.Байтұрсынов бастаған бір топ қазақ зиялылары 1905 жылы 26 шілдеде Ресей Империялық Министрлер Советінің Председателі атына петиция жазады. Ондағы қойған талаптың бастылары: «қазақ даласында оқу –ағарту ісі дұрыс жолға қойылсын, ол үшін ауыл мектептерінде балалар қазақша сауат ашатын болсын. Оқу ана тілінде жүргізілсін» т.б. Осы талаптарды жүзеге асыру үшін А.Байтұрсынов қазақша оқу құралы (1912) тұңғыш әліппе құралын жазды. Мысалы, 1892 жылы Қазанда басылған «Букварь для киргизов» деген құралы жеті рет қайта басылып 1925 жылға дейін қазақ мектептерінің негізгі оқу құралы ретінде пайдаланылып келген. А.Байтұрсынов 1926 жылы «Әліпбидің» жаңа түрін осы күнге дейін

суреттермен берілген «Әліппе» кітабын жазды. Ал бұл «Әліпбидің» 1928 жылы Қызылордада шыққан үшінші басылымы қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткішінде төмендегіше бағаланды: «Жаңа құрал қазақ тұрмысына үйлесімді суреттері бар. Емлесі жаңа. Қазақстан білім ордасы мектептерде қолдануға ұйғарған... Ахметтің жеті рет басылған бұрынғы «Әліпбиі» («Оқу құралы») қазақ жұртына орасан көп пайда келтірген еді... Бірақ соңғы кездерде жаңа тәртіптер шыға бастағаннан кейін ол «Әліпби» әдіс жөнінде де, мазмұн жағынан да ескерген. Мынау жаңа «Әліпбиі» бұрынғысынан қай ретте болса да аса артық. Бұл «Әліпбидің» мазмұны қазақ жағдайына қарай, мемлекет білім кеңесінің жаңа программасына үйлесімді болып шыққан. әңгімелері балалар үшін қызық, жеңіл, заманға лайық. «Әліпби көңілдегідей болып шыққан».

1912 жылы мектеп балаларына қазақша сауаттандыратын оқу құралын жазғаннан кейін көп ұзамай енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған бірінші бөлімі «Тіл құралы» деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көрген. Осы кітаптың морфологияға арналған екінші бөлімі 1914 жылы, ал синтаксиске арналған үшінші бөлімі 1916 жылы басылып шығып, 1928 жылға дейін әлденеше рет қайта басылып қайталанып келді.

Ғалымның тіл үйретудегі сіңірген еңбегі мұнымен шектелмейді. Ол қолданбалы грамматиканы да жазған болатын бұл жұмысын «Тіл жұмсар» деген атпен екі бөлімді кітап етіп 1928 жылы Қызылорда да шығарған еді.

А.Байтұрсынов қазақ тілін оқыту әдістемесінің ірге тасын қалаушы. Ол қазақ тілін дыбысқа бөліп оқыту арқылы сауаттандыру әдісінің негізін салды. Бұл салада бірнеше әдістемелік мақалалар жазып, соның негізінде 1920 жылы Қазанда «Баяншы» деген атпен методикалық кітапша шығарды. Мұнда ватор мұғалімдерге «Әліппені» пайдаланудың, сауат ашу әдістерінің жол – жобасын көрсетіп берді.

Сөйтіп ғұлама – ғалым өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойып бұларды біртіндеп шешуге кірісті. Ол алдымен қазақша сауат аштыруды көздеп «Оқу құралды» жазды, онан соң қазақ тілінің ғылыми грамматикасы «Тіл құралын» ұсынды, тілді дұрыс жұмсай беру тәртібін көздеп «Тіл жұмсарын», 4 –ші сауат аштыру, тілді оқытудың әдістемесін жасауды міндетіне алып, «Баяншыны» жазды.

Әрі аудармашы, әрі ақын, әрі қазақ тілі мен әдебиетін зерттеуші ғалым А.Байтұрсыновтың сан салалы еңбегіне арнап оның 50 жылдық тойына жазған мақаласында М.Әуезов былайша баға берген еді. «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаңның салған әдебиеттегі орны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер – білім, саясат жолындағы қажымас қайратты...Тарих ұмытпайтын істер болмақ. Жаңа өсіп келе жатқан қазақ интеллигенциясы Ахаңның еңбегінің өнімді болуын тілеуден жалықпайды».

Қазақ халқының абзал ұлдарының бірі, XX ғасырдың бас кезіндегі демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының ең ірі, ең беделді көш басшысы А.Байтұрсыновтың қазақ ғылымы мен мәдениеті, тәлім – тәрбие оқу ісі тарихына сіңірген орасан зор еңбегінің тарихтан өшпес орын алатынын бүгінгі демократия мен әділеттілік салтанат құрған дәуірде өмір шындығы дәлелдеп отыр.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Жанпейісов Е. Байтұрсынұлы бастаулары // Тілтаным №2, 2001., Б. 3-13.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілінің ғылыми курсы // Политехникалық мектеп №7-8., 1933., 35-б.
3. Қ.Жұбановтың жеке папкісі. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты. 81-қор, 3-тізбе, 68-ісі 103-105 п/п.
4. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994.-288 б., Б. 227-248.
5. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы. – Орынбор, 1912.-40 б.; Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-448 б., Б. 160-166.

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҰРПАҚ САУАТЫН АШУДАҒЫ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**

Мәлсқызы Гауһар

Жетекшісі: Қонысов Жәнібек Қонысович

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі

Қызылорда қаласы

Қазіргі кезде өз алдымызға тәуелсіз ел болып тұғырымыз қатайғанда, осы жолда өздерінің саликалы ғұмырларын құрбан еткен азматтарымыздың халқы үшін сіңірген ерен еңбектерін саралап, жаңа заман талабына сай «ақтаңдақтардың» бет пердесін ашып зерделеу өте маңызды. Өсіп келе жатқан ұрпақ өткен тарихын талдап, есінде сақтап, одан әрдайым сабақ алып отыруы қажет. Сол себептенде А.Байтұрсынов атамыздың біз үшін, біздің сауатымызды ашу үшін аянбай еңбек еткенін ескермеу дұрыс емес. Сондықтан мен бұл баяндамада А.Байтұрсыновтың білім беру жүйесі үшін жасаған еңбектерін ашып айтамын.

А. Байтұрсынов XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы тарихында ерекше орыны бар аса білімді, салауатты, ірі саяси қайраткер. Өз халқының сауатты болуына, білім алып, көздерінің ашық болуына зор үлес қосқан айтулы азаматтардың бірі деп анық айта аламыз. Бұл орайда, А. Байтұрсынов республикадағы мектептердің әр түрінің көбеюі мен оқушылар санының өсуіне зор жағдай жасап, оны өзінің қатаң бақылауына алып отырған. Сауат ашуда қазақ мұғалімдерінің қатарын толықтыру керектігін дер кезінде түсініп, жаңа мұғалімдерді дайындау мен қатар бұрынғы мұғалімдердің білімдерін жетілдіру мақсатында уездер мен губерниялардың бәрінде қысқа мерзімді және екі жылдық мұғалім дайындайтын курстарды ашты. Осы курстарға жастарды көптеп тартып, оларға стипендия төлеген. Сонымен қатар, ұлттың сүйген ұлды ауыл мәдениеті қатты алаңдатты. Осы орайда ауыл мәдениетінің мүлдем артта қалғанын ескере отырып, А. Байтұрсынов өз кезегінде Комиссариат нұсқаушыларын шалғай ауылдарға іс сапармен мектептер, сауат ашатын орындар мен қызыл отауларды ашуға жіберген. А. Байтұрсыновтың басшылығымен комиссариат педкурстардың қызметі мен жағдайын зерттеу үшін анықтама парақшаларын жіберіп, бірінші басқыш мектептерінің мұғалімдерін дайындау үшін ашылған қысқа мерзімді 4 айлық педкурстар мен мектеп нұсқаушыларының 2 айлық курстарының бағдарламалары мен есеп жүйесін жасаған. Мамандардың тапшылығына байланысты А. Байтұрсынов Халық Ағарту Институттары мен педагогтар дайындайтын арнаулы орта оқу орындарын ашқан.

1921 жылдың бірінші шілдесіне қарай республикада төрт Халық Ағарту институтын іске қосты. А. Байтұрсынов 1920 жылы Орынборда ашылған үлгі-тәрбие мектепкоммунасының жанынан интернат ашқан. Алғашқы жылдары бұл бастауыш мектеп болды, кейін оны жеті жылдық үлгі-тәрбие мектебі етіп қайта құрды. Оны ауыл шаруашылығына бейімделген үлгі-тәрбие мектебіне айналдырған. Мектепті Академиялық Орталықтың тәжірибелік жұмыс орталығына айналдырады. Мектеп-коммунасында қазақ кедейлерінің, Қызыл Әскердің, кемтар адамдардың балаларын 10 жастан қабылдап оқытқан. Ал жетім балалар мектептің интернатында ешбір ақысыз оқып, үкімет қамқорлығында болды. 1920 жылдың 10 желтоқсанындағы Қазақ Орталық Атқару Комитеті Президиумының мәжілісі А. Байтұрсыновқа жіберген қатынасында РСФСР Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы құрамы аз ұлттарды ағарту бөлімі Қазақ Республикасын мекендейтін халықтардың мәдени-ағарту қызметі туралы очеркін құрастыруға қатысуын міндеттейді. Бұл тапсырманы орындауда Орталық Атқару Комитеті Комиссариаттардың өкілдерінен тұратын арнайы құрылған комиссияның мүшесіне А. Байтұрсыновты енгізеді. Президиум алдындағы жауапкершілікті Халық Ағарту Комиссары А. Байтұрсыновқа жүктеген. [1.]

А. Байтұрсыновтың ыждағатты бақылауының арқасында не бары үш ғана оқулық - әліппе, грамматика, арифметика оқулықтары шықты, бұлардың жалпы таралымы 178 мың дана ғана болды. Бұл оқулықтардың бір бөлігі Қазақстанда, бір бөлігі Қазанда басылды. Басылған оқулықтардың таралымы аз болғандықтан, мектептердің болмашы қажеттігін де өтей алмаған. Халық Ағарту Комиссариатының қызметі 1921-1922 жылдардағы аштық кезеңіне тап болғандықтан, комиссариаттың жергілікті орындармен байланысы үзіліп, Өлкедегі ағарту жұмысына басшылық ету күн өткен сайын қиындай түскен. Қаржы-қаражат пен басқа да қажеттіліктердің жетіспеуі өсіп келе жатқан мектеп жүйесінің қарапайым сұраныстарын қанағаттандыра алмаған. Орныққан жағдайдан шығу үшін А. Байтұрсынов комиссариаттың жергілікті бөлімдеріне арнап қабылдаған қаулысында аштыққа ұшырағандарға көмек көрсетуге шақырған. Қазақ АКСР Халық Ағарту Комиссариатының жанынан арнаулы ғылыми бөлім – Академиялық Орталық болып 1923 жылы қайта құрылды. Ғылыми мекеменің төрағасы етіп А. Байтұрсыновты бекіткен. Бұл мекеменің басты қызметіне – халық ағарту ісінің өзекті мәселелерін шешумен қатар ғылыми мәселелерге басшылық жасап, олардың жұмысын бір-бірімен байланыстыру арқылы реттеп отырған. Академиялық Орталық теориялық және бағдарламалық жалпы басшылық орталығы» болып қалыптасты. Академиялық Орталықтың кезекті отырысында Өлкені жаппай жайлаған ашаршылықпен күресу үшін «Ашаршылықпен күресу» комитетін құрады. Бұл комитет Академиялық Орталық қызметкерлерінің күшімен концерт ұйымдастырып, оқыған лекцияларында аштан аман қалу үшін көктемгі-жаз айларында сүйрік, борық, буылдық, қарға тұяқ тағыда басқа өсімдіктердің тамырларын қорек етуге болатыны айтылған, «Ашаршылықтың қасіреті» атты сурет көрмесін ұйымдастырып түскен қаржыны ашыққандар қорына жіберген және Орталық Өлкелік мұражай көрме ақысын 1000 сомға көтерген, бір айда мұражайға орта есеппен 1000 адам келген екен, содан түскен 1000000 сом ақшалай қаражатты ашыққандар қорына аударған, ал Физика-медициналық қоғам бірнеше құнды лекциялар оқып, халық арасында жұқпалы аурулардан сақтану жолдарын үйреткен.

1923 жылы А. Байтұрсыновтың 50 жылдық мерей тойын атап өту туралы Халық Ағарту Комиссариатының Коллегиясы қаулы қабылдап, оны РКП Қазақ облыстық комитеті Президиумының мәжілісіне ұсынып, қолдауды сұрайды. Партия комитеті бұл іс-шараға өзінің тікелей қарсылығын ашық көрсетпесе де, бірақ мерей тойға Кеңес органдары атынан жеке жауапты етіп С. Сейфуллинді тағайындайды. Мерей той Ташкент қаласында өтіп, оған жанжақтан оқыған зиялы қауым жиналды, яғни қазақ, қырғыз, түрікпен, башқұрт, өзбек, тәжік, ноғай, орыстар. 1929 жылы мамыр айының соңы мен маусымның басында Қызылорда қаласына А. Байтұрсынов іс сапармен келеді. Оның негізгі қызметі қазіргі Абай атындағы педагогикалық ұлттық университетінде қазақ тілі мен әдебиетінің профессоры болып жұмыс істеген, отбасы Алматы қаласында болған. Оны Қызылордаға Өлкелік Атқару комитеті ұйымдастырған Өлкетанушылардың құрылтай кеңесіне қатысуға шақырған болатын.



Деректер бойынша А. Байтұрсыновты қамауға алынсын деген № 143 ордер 1929 жылы 28 маусымда шыққан, бірақ шындығында оны сол жылдың 2 маусымында алғаш рет тұтқындап Қызылорда қаласының түрмесіне қамаған. Бұл хабарды университеттің ректоры Санжар Асфендияровқа арнайы қатынаспен жіберген. [2.]

1929 жылы маусым айының аяғында айдаумен А. Байтұрсыновты Алматы қаласының түрмесіне құпия түрде этаппен алып келген. В.И. Лениннің өзі қол қойған Қазақ өлкесін басқаратын әскери төңкерістік комитеті төрағасының бірінші жауапты орынбасары болғанын және Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің мүшелеріне кешірім жасалғанын айтқан.

Жоғарғы Коллегия ұлт зиялысының кешірім хатын қайта қарап, 1931 жылы 13 қаңтарда бұрын шыққан үкімді бұзып, өзгерткен. «Өлім жазасына кесілген А. Байтұрсынов қамауға алынған күннен бастап 10 жыл концлагерде отыруға үкімі ауыстырылсын. Дүние-мүлкі кәмпескеленсін. Отбасы жер аударылсын» деп Сібірге жер аударумен алмастырған. Он жылға жер аударылған А. Байтұрсынов Архангельск қаласындағы концлагерге 1932 жылдың қарашасында келіп түседі. Мұнда келгенде қайраткер көп азапты шегіп, халі өте қатты нашарлаған. 1937 жылы Алматы көшелерінде Біріккен саяси Бас басқарма бастығы И. Ежовтың шашы тікелей, оң қолын жоғары көтеріп, әрбір саусақтарының басында мойындары қылтиып тұрған «халық жаулары» бейнеленген сурет-плакаттар А.Байтұрсыновтың тұрған үйдің де қабырғасына ілінеді. 1937 жылы 8 қазанда оны қайта тұтқынға алады.

А. Байтұрсыновты 1937 жылы 8 қазанда Алматы Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті үйінің астындағы жергөлеге әкеліп 7 камераға қамаған, бұл жолы «Жапон тыңшысы болған әйелмен астыртын байланыс жасаған» деп айыптаған. Шындыққа ешбір жуыспайтын айыпты басшылыққа алып 1937 жылдың 25 қарашасында Алматы облыстық ішкі істер халық комиссариаты үкім шығарып ату жазасына кеседі. Үкім 8 желтоқсан күні 1937 жылы орындалған. [3.]

Бұдан кейін, біраз атылған қазақ ұлтының зиялы ұлдарын Алматы облысы, Іле ауданына қарасты Жаңалық деген елді мекен жеріне апарып көмген. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, ел басымыздың жарлығы бойынша, ұлтымыздың зиялы ұлдарына мәрмәр тастан үлкен ескерткіш қойылды. «Қорытынды» бөлімінде зерттеудің нәтижелері, алынған ғылыми тұжырымдар мен ұсыныстар берілген. Жеке тұлғаның қоғамның дамуы мен тарихи үрдістерінде ерекше орын алатыны анық. Әрбір дәуірдің мәні мен ерекшелігі жеке тұлғалар арқылы анықталады. Отандық тарихта өзіндік орны бар қоғам, мемлекет қайраткерлерінің бірі - XX ғасыр басындағы А. Байтұрсыновтың өз халқын ұйқыдан оятып, бостандық, теңдік және туысқандық жолына салу үшін жүргізген жанпида күресі келер ұрпақты патриоттық тәрбие беруде үлгі болмақ. Екіншіден, бүгінгі күнде Ахметтің азабы мол еңбегі азаматтықтың биік үлгісі ретінде қазақ елінің тарихын қайта жаңғырту үстінде. Үшіншіден, ұлы қайраткер күрескердің еңбегін мүдірместен демократиялық дәстүрлерге берік бүгінгі қазақ, Қазақстан Республикасы зиялылары қайталайтындығына біздің ешбір күмәніміз жоқ. Ахмет Байтұрсынов өз ұлтына ғұмырын арнаған ұлы тұлға.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Әшкеева Қ.А. «Байтұрсыновтың философиялық көзқарасы: филос.ғ.к. авторефераты». – Алматы. - 2003. - 17 б.
2. Имаханбетова Р. «Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы (мұрағат деректері негізінде): филол.ғ.к. авторефераты».- Алматы. - 2006. – 22-23 б.б.
3. Қойгелдиев М.Қ. «Ұлттық саяси элита».

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЖАС ҰРПАҚҚА ҚАЛДЫРҒАН ҰЛЫ МҰРАСЫ**

Нургазина Гулим Сейлбековна

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің қоғамдық пәндер оқытушысы,  
педагогика ғылымдарының магистрі  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

XX ғасырдың басындағы ірі саяси тұлға, көрнекті қоғам қайраткері, жаңа қазақ тілі білімінің негізін қалаушы, қазақтың қараңғы түнін жарық қылған санаулы жұлдыздарымыздың бірі – Ахмет Байтұрсынұлы.

Биыл еліміз ұлы қазақ халқының біртуар ұрпағы, Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын атап өтуде. Оны қазақ даласының «Сегіз қырлы, бір сырлы» деп аталатын атақты адамдарына жатқызуға болады. Ахмет Байтұрсынұлы талантты әдебиеттанушы, терең ойшыл, аудармашы, жанқияр саясаткер, ізденуші ғалым, керемет ұйымдастырушы және өз халқының дамуына қызығушылық танытқан қоғам қайраткері.

Ахмет Байтұрсынұлы энциклопедиялық ақыл мен ерекше қабілеті бар, өмірді жақсы көретін және айналасындағы адамдардың тағдырына бей-жай қарамайтын тұлға.

Оның бүкіл еңбегінің мәнін бір ауыз сөзге сыйғызып айтар болсақ, ол бас әріппен жазылған ХАЛЫҚ ҰСТАЗЫ.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетіне аянбай адал қызмет еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, тарихта орны айрықша зор тұлға.

Әрбір көзі ашық адамға Ахмет Байтұрсынұлы кім екенін таныту үшін осы сөздерде жеткілікті болар еді. Дегенмен, сәл анығырақ айтсақ, Ахмет Байтұрсынұлы ағартушы ғалым болу үшін елеулі еңбектер атқарып, мемлекет қайраткерлігіне жету үшін қиын да күрделі жолдардан өтті.

1905 жылы педагогикалық училищені бітірген Ахмет Байтұрсынұлы Қазақстанның әр түрлі облыстарынан мектептер ашып, ұстаздық қызмет етті, жаппай – тұрмай еңбек етіп, қайткенде қазақ халқының көзін ашуға, санасын оятуға барын салды.

Яғни, Ыбырай Алтынсариннің қазақты сауатсыздықтан құтқару үшін қалаған сара жолын әрі қарай жалғады.

Қазақ халқының маңдайы жарқырап өзге елдермен қатар болуы үшін ең алдымен оқу-ағарту ісін аяғына қою керек екендігін түсінген Ахмет Байтұрсынұлының осы оқу-ағарту идеясы – азаматтық борышының негізі деп санады. Әрине, Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі жанып, арманы орындалды десек әбден болады. Бір сөзбен айтқанда, ол өзінің барлық саналы ғұмырын қазақ қоғамында білім мен ғылымның дамуына, ағартушылық ісіне арнады.

Ахмет Байтұрсынұлының өміріндегі ең маңызды істер қатарына үш ірі бастамасын жатқызуға болады:

- Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатовпен бірлесе отырып «Қазақ» газетін басып шығару;
- Араб графикасын қолдану арқылы «Төте жазу» жасау;
- «Алаш Орда» үкіметінің қызметіне қатысу [1].

Әрине, Ахмет Байтұрсынұлының өмірінде өзгеде айтулы оқиғалар болды, алайда дәл осы оқиғалар қазақ халқының өмірінде терең із қалдырды, оны өз елінің көрнекті ұлы етті, оның тәуелсіздігі туралы арманын асқақ етті.

Ахмет Байтұрсынұлының атын естімеген қазақ баласы жоқ шығар. Оның әліпбиі мен оқу құралдарын оқып, сол ғылыми еңбектерінің арқасында қаншама адам сауатын ашты.

Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілінен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет Байтұрсынұлы.

Алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Ол бұл еңбегінде Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің халін жұмбақтап, тұспалдап жеткізді.

1911 жылы ақынның ой-толғамдары, кестеленген өлеңдері «Маса» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді. «Масаның» негізгі идеясы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу.

Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» 1912 жылы – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Байтұрсынұлы қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды.

Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының морфологияға арналған бөлімі 1914 жылы, фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, синтаксис бөлімі 1916 жылдан жарық көрді. Сондай-ақ мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды.

Халық үшін, халықтың мәдени-әлеуметтік болмысын көтеру үшін қызмет етті. Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады дегендей, қазақ балалары көзі ашық, сауатты, азамат болып шығуға септігін тигізген, қазақ тіліндегі әліп-би осы сөздердің бәріне дәлел. Тек қана кітап жазумен тоқтамаған Ахмет Байтұрсынұлы, орыстың белгілі жазушыларының еңбектерін ана тілімізге аударып, өзінің халыққа, шамшырақ екенін дәлелдеп өткен.

Халықтың білімді болуына, сауатын ашуына көп көмек көрсеткен. Бұрынғы қарапайым қара сөздерді жаңғыртып, халық санасына қалыптастыру басты мақсаттарының бірі.

«Өркениетті елдерден кейін қалып, көрінгенге жем болып жүргеніміз біліміздің, өнеріміздің жеткіліксіздігінен, оқыса ілгері кеткен елдер қатарына қосылуға талпынса, қазақ халқы да ешкімге есесін жібермейді» - деген Ахмет Байтұрсынұлы [2].

Тәуелсіздік алғалы бері біз бүкіл әлем мойындаған мемлекетімізді құрып, экономикамызды нығайта алдық.

Біздің алдымызда ел болашағын сеніп тапсыратындай, төл мәдениетін жақсы білетін, туған тарихын сүйетін, болашақ ұрпақ дайындау міндеті тұр. Ахмет Байтұрсынұлының есімі бүгінгі таңда әр жас ұрпақ жүрегіне жатталып, мәңгі есте қалары хақ.

Ахмет Байтұрсынұлының қымбат, алтын, гауһардай асыл сөздері мен тәлім-тәрбиеге толы, адамдық қасиеттерді сипаттап жазған өлеңдері, кітаптары болашақ ұрпаққа келешегіне керек, таптырмас құнды қазына.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. “Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» 2010;
2. «Маңғыстау» энциклопедиясына, Компьютерлік-баспа орталығы, 2007

3. «Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясы, Алматы, 2002;
4. Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009 ;
5. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998;
6. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса – Алматы: 2009;
7. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы”, 1998

## АҒАРТУШЫ – ПЕДАГОГ - АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

Нуркешева Балдырған Оралбековна  
кәсіби қазақ тілі оқытушысы  
Қазақстан агротехникалық колледжі  
Қостанай облысы, Қарабалық кенті

Қазақ халқы ел тарихына алтын сөздермен мәңгілік жазылған біртуар тұлғаларымен әйгілі. Сондай ерекше тұлғалардың бірі – Ахмет Байтұрсынов. Ағартушы – реформатор, ақын, аудармашы, публицист және қоғам қайраткерінің қасиеттері бір тұлғада тоғысты. Ахмет Байтұрсынов – қазақ тіл білімінің қай саласында болсын өз ізін қалдырған әйгілі ғалым.

Ақын Торғай өңірінде дүниеге келіп, өз заманына сай жақсы білім алады. Ол өзінің кәсіби ретінде көрген педагогикалық қызметпен айналысуды армандады. Ауыл мектебінің берген білім негіздері одан әрі мұғалім мамандығын меңгеріп, Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы қалаларында осы салада жұмыс істеуге мүмкіндік береді. [6.29бет] Мұғалімдік қызмет атқара жүріп, тек ұстаздық етумен шектеліп қалмай, өзі педагогикалық жаңалықтарды, халыққа танымдық әдебиеттерді үнемі қадағалап, білімін толықтырып отырады. Байтұрсынов қарапайым халықтың мүшкіл халін көріп, қоғамда орын алған әділетсіздік пен адам бойындағы ұнамсыз мінездерге қарсы күресу үшін, ел ішінде білім, ағартушылық, өнер тарату ісін кеңейте беру керек деп ұғады. Бұл - туған халқының дамуының бірден-бір жолы деп түсінеді. Сондықтан ағартушы бар күшін өзінің арманы – халықты Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатынан азат етуге бағыттады, туған елге, жұртқа пайдалы қызмет істеуді мақсат етеді. Өз халқын білімді, рухани бай, мәдениетті қоғам ретінде көргісі келеді. [6.27бет] Жалпы реформаторлар - бұл қоғам үшін дүниеге келген адамдар деп түсінеміз. Олардың басты мақсаттары әлемнің жағдайын жақсартып, әділеттілікке қол жеткізіп, барлық адамдардың өмірін жақсарту. Сондай – ақ кез келген жаңалықтың бастамашысы сияқты Байтұрсынов - ағартушы да өз ынтасын ағартушылыққа аударады. Жоспарларын жүзеге асыруға кірісуде үлкен қиындықтарды бастан кешіреді. Ахмет Байтұрсыновтың балаларға арналған қазақ тілінде оқулықтар жасау, жазу, оқу жағынан орасан зор, теңдесі жоқ еңбегі.

«Ахмет Байтұрсынов – біріншіден, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Соңынан із салған жаңашыл ағартушы. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсыновтың әліпбиімен ашып, ана тілін Байтұрсыновтың «Тіл құралы» арқылы оқып үйренеді» - деп Р. Сыздықова дәл айтады. [7.19] Оқулық жасау жолында оқулықты білім мен тәрбие берудің басты құралы деп қарайды. Жазу – мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі. Ал жазудың өзгертілуі сол халықтың мәдени өміріне, әлеуметтік психологиясына әсер етеді. Байтұрсынов балаларды ана тілінде оқу мен жазуға үйретудегі асыл мақсатқа ұмтылады. Бұған да көп күшін жұмсайды. Ақын ең алдымен араб әліпбиіне емес, қазақ әліпбиіне негізделген оқулықтарды жасау қажеттігін айтады. Осыған орай 1910 жылы Ахмет Байтұрсынов қазақ әліпбиі мен қазақ тілі оқулықтарын жасауға кіріседі. Ең кеңінен таралған «қазақ жазуы» немесе «Байтұрсынов жазуы» атанған қазақтың ұлттық графикасын атап өтсек. Қазақ графикасының негізіне ең жақын сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосып, қазақ тілінің жуанды - жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Осылайша графиканы түзеп 24 таңба жасайды. Байтұрсынов әдісінің арқасында балалар 6-8 айдың ішінде сауат ашуға мүмкіндік алады. Ағартушы жасаған және оның атымен аталған графикалық жүйе қазақтардың сауатсыздықты тез жоюға, жазба мәдениетін жақсартуға мүмкіндік берді.

А.Байтұрсыновты араб алфавитін тұңғыш реформалаушы және соған сәйкестендіріп, емле ережелерін құрастырушы, қазақ жазуы мен әліпбиінің тағдырын шешкен ғұлама ғалым деп білеміз. Реформатордың айтуынша, әліпби жазуға қарапайым және түсінікті болуы керек. Әліпбидің әріп суреттері қиын болса, мүшелері көп болса, жазуды ұзақтатып, уақытты көп алады. Осының бәрі ескерілсе, әліпбиді тез меңгеруге көмектеседі деген ой білдіреді. Әліппе жазу барысында тілші балалардың жас ерекшеліктері мен психологиялық дамуын ескерген.

Тілшінің «Әліппесі» бірнеше рет қайта басылып, толықтырылып, жаңа түрінде шығады. Ол көп жылдар бойы пайдаланды.

Халыққа білім берудің қаншалықты қиын екенін, бірақ соған қарамастан қайтсе де білім алуды жақсы түсінген ақын: «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, сол шикізатынан жасалған өнімді екі - үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік» деп жазды «Қазақ» газетінде. Надандық деп отырғаны - халқының білім- ғылымнан қалыс келе жатқандығы. Қалыс қалуға үлкен себеп - қазақ жерінде мектептер аз, сол аз мектептердің өзінде мұғалімдер жетіспейді, ұлт кадрларын даярлайтын орындар жоқ дейді. [8.273бет] Демек, қазақ халқы қараңғы дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан құтқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін «алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе!» деп бейнелі түрдегі тілмен білдіреді.

Байтұрсынов оқудың мектеп, медреселерде өтуі керектігін түсінеді. Одан кейін мектепте қазақ тілін үйрету және оны пән ретінде енгізуді қарастырып «Тіл құрал» оқулығын жазуға кіріседі. Бұл оқулық үш бөлімнен, үш шағын кітап болып жарияланады. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша.

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі - ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлыныңкі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенің олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

«Тіл жұмсар» мен «Сауат ашқыш» еңбектерінде тілші қазақша дұрыс сөйлеп, оқып, дұрыс және сауатты жазудың әдістерін қарастырады. «Тіл жұмсар» кітабы жұмыс тәжірибе арқылы сөйлеу, жазу, оқу тілін үйретсе, «Сауат ашқыш» - әдістемелік жағынан әр түрлі тақырыпта берілген дидактикалық материалдармен көзге түсетін еңбек. Оқушыларға сапалы білім беру үшін ғалым үнемі ізденімпаздыққа, жаңалыққа құштарлығын көрсете біледі. [4.129бет] Ғалым әдіс түрлерін ізденіп, салыстырып, біршама тиімді тәсілдер мен қағидаларды жазады. Көрнекілік әдістің маңызды рөліне көңіл аударады. Әсіресе тіл ұстарту, сөйлеу барысында суреттерге, иллюстрацияларға тоғталып, олардың тиімділігін көрсетеді. Бүгінде педагог - ағартушының дидактикалық принциптерін ұстанып жүрген мұғалімдер аз емес. Байтұрсыновтың педагогикалық ой-пікірлері қазіргі білім беру саласында әлі де өзекті. Яғни, кез келген мемлекеттің дамуының негізі – білім беру деп түсінеміз. Біздің заманымызда тәрбиенің тарихи негізіне жүгіну қажет, өйткені тарихи педагогикалық мұраны түсінбей, жас ұрпақты адами мұраттарға жеткізу мүмкін емес. Ұлы ғалымның бүкіл өмірі мен шығармашылық жолы, оның өмірдің сан алуан салаларына көзқарастары ерекше қызығушылық тудырады және қазіргі тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына ықпал етеді. Ақын бізге өсиет ретінде сауатты жазуды қалдырған. Ал біз болса, кейбір жағдайда сауатты жазу мәселесіне керекті көңіл бөліне бермейтін тұстарды көріп, қынжыламыз.

Ахмет Байтұрсыновтың тағдыры – баршаға өнеге. Бұл – халқына аянбай қызмет етудің үлгісі. [5.41бет] **Ахмет Байтұрсынов – қазақ халқының табиғатынан аса дарынды ұлы, ел мақтанышы. Туған халқының мәдениетін дамуына аса зор үлес қосып, оның шығармашылығы мен еңбектері жас ұрпақтарға қалдырған асыл мұра. Ол – өмір шындығын озық идеясы тұрғысынан таныта білген тамаша қаламгер.** Бұл кісінің өмірі, жанқиярлық қызметі бір емес, бірнеше ұрпақты асқақ ойларымен нұрландырады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. <https://bankreferatov.kz/kazakstan-tarihi/883-ahmet-baytrsinov-aza-tiltanu-ilimini-atasi.html>
2. <https://stud.kz/referat/show/27223>
3. [https://www.inform.kz/ru/nasledie-velikogo-uchitelya-ibraya-altynsarina-aktual-no-i-segodnya-zasluzhennyi-deyatel-kul-tury-rk-g-kasymzhanova\\_a2420663](https://www.inform.kz/ru/nasledie-velikogo-uchitelya-ibraya-altynsarina-aktual-no-i-segodnya-zasluzhennyi-deyatel-kul-tury-rk-g-kasymzhanova_a2420663)
4. Қазақ әдебиеті. Алматы «Мектеп», 2006.
5. Ж. Қайыпберді. Консерватор, реформатор, новатор дегеніміз не? – Алматы, Ғылым, 1998 – 216 б
6. *Маиқанова Н. Т.* Ахмет Байтұрсынов – қазақ жазуының реформаторы. Ф. ғ. к. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. /Ғыл. жет.: фил. ғ. д., проф. Серғалиев М. С. Алматы, 1994. – 154 б.
7. Р. Сыздықова. «Ұлттың ұлы ұстазы», Алматы -2012 ж. 19 бет
8. Уәли Н. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғалым, 1999, 268-281 б

## АХМЕТТАНУ САЛАСЫНЫҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

Нурланова Шырай Дәулетқызы  
М.О.Әуезов атындағы Педагогикалық колледжінің студенті  
Абай облысы, Семей қаласы

Ахметтану ғылымы бұдан 80 жыл бұрын басталған болатын. Ахмет Байтұрсынұлы көзі тірісіндеақ қазақ халқының рухани көсемі ретінде бүкіл түркітану әлемінде мойындалған еді. 1923 жылы қазақ топырағында, қала берді бүкіл шығыс халықтарында бұрын-сонды болып көрмеген жаңа үрдіс – Ахаңның 50 жасқа толған мерейтойының өткізілуі оның мәдениетімізге сіңірген еңбегін жалпы халықтың мойындауы іспетті болғаны белгілі. Бұл мерейтойдың алдында, оны өткізу үстінде халқымыздың біртуар ұлдары – М.Әуезовтің, М.Дулатовтың, С.Сәдуақасұлының, Е.Омаровтың, С.Сейфуллиннің, Т.Шонановтың, орыс түркітанушылары – Е.Поливанов пен А.Самойловичтің Ахмет Байтұрсынұлының көп қырлы еңбегін жан-жақты бағалаған мақалалары мен зерттеулері ахметтану ғылымының алғашқы іргетасын қалады деуіміз керек. Алайда көп ұзамай шығармашылық күш-қуаты толысқан шағында Аханның өзі де, жаңа қалыптасып келе жатқан ахметтану ғылымы да сталиндік қан-қапастың құрбаны болып кете барды. Содан 60 жыл өткенде халқы Ахаңмен екінші рет қайта қауышты. Содан бергі өткен он-он бес жыл мұғдарында ғалым мұрасы жиналып, жарияланып, жан-жақты зерттеу нысанына айналып келеді. Ахаңды,оның еңбектерін тереңірек зерделеген сайын ұлтымыздың рухы биіктеп, рухани санамыз өсе түскені мәлім. Жоғарыда біз келтірген өз тұтастарының мақалаларында, негізінен, Ахаңның ағартушылық, қайраткерлік істері мен оның тіл әдебиеттану ғылымдарына сіңірген еңбегі сөз болған. Ал Ахмет Байтұрсынұлының қазақ мәдениеті мен ғылымына (оның ішінде қоғамдық ғылымдардың барлығы дерлік бар) қосқан үлесі өлшеусіз мол.Оның мақалаларында әдебиет пен тілді былай қойғанда, экономикаға, тарихқа, педагогикаға, жорналшылыққа,өнерге қатысты ой-пікірлері ұшан-теңіз. [1].

Ал осы жолдардан кезінде Ахаңды көрген, оның кітаптарынан тәлім алған аға ғалымдар болмаса, оның оқулығы түгілі, атын естімеген кейінгі ұрпақ ана тілінде ғылым жасаған, тіл білімі терминдерін қазақша қалыптастырған кім екені жайында не ұғуы мүмкін? Оның есесіне, автор кітаптың әліппе, емле мәселелеріне арналған ІІ тарауында Ахмет Байтұрсынұлының латын жазуын енгізуге қарсы болған пікірін өлтіре сынайды:«Латын алфавитіне негізделген жазуды қабылдау мәселесі 1924 жылы болған қазақ білімпаздарының съезінде көтерілгенмен, 1926 жылдың аяғына дейін ол айтарлықтай өріс ала алмады. Оған, ең алдымен, сол кездегі басқару орындарының біразына орналасып алған ұлтшыл арабшылар кінәлі еді. Олар араб жазуынан айырылмаудың, жаңаны жуытпаудың барлық шараларын істеп, арпалысып бақты»[1, 32].

Бұл арадағы кітап авторының «ұлтшыл арабшылар» деп отырғаны – Ахмет Байтұрсынұлы мен оның пікірлестері екені айдан анық. Шынында да, Ахаң жалпы алфавит өзгертуге қарсы болып, өзі реформалаған араб әліппесі қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, оның айтылу заңдылықтарын сақтауға әбден қолайлы екенін дәлелдеп баққаны белгілі. Ал латын жазуының қазақ тілі заңдылықтарын сақтап, дұрыс сауаттануға келе бермейтінін, тек саясат ыңғайымен, «жұрт көшіп жатыр, біз неге көшпейміз?» деген желеумен көше салудың зияндылығын көрсеткен болатын. Өмір тәжірибесі Ахаңның пікірінің дұрыстығын дәлелдеді, он жылға жетер-жетпесте одан безіп шықтық қой. Сонда «Ахаңды бірінші рет мен атадым» деп отырғаны – осылар ғана болғаны ма? 20 Бірде академиядағы Ахаң арналған бір жиналыста Төкең жоғарыдағы келтірген пікірін қайталағанда:«Кітабыңыздың қай жерінде Ахмет Байтұрсынұлының аты аталады?» – деген сұраққа: «Мен тікелей атамағанмен, сипалақтатып айттым ғой», – дегені бар. Сонда жиналыс төрағасы – академик Ә.Қайдаров: – Сіз «сипалақтатып» жүрсеңіз, Рәбиға Сыздықова сізден он жыл бұрын Ахаңның атын сипалақтатпай-ақ, тікелей атап, ол кісінің қазақ тіл біліміне сіңірген еңбегін де қорықпай айтып берген, – деп ескерту жасаған болатын. Енді Ахмет Байтұрсынұлынатап, ол ақталмай тұрып еңбегін ауызға алған ғалымдар туралы айтар болсақ, алдымен профессор Шора Сарыбаевты атаған болар едік. Ол 1960 жылы баспадан шыққан «Қазақ тілі білімінің көрсеткіші» деген кітабында Ахмет Байтұрсынұлының инициалымен (А.Б.) оның еңбектерінің тізімін бергені үшін кітабы таралмай жатып туралып, өзі бөлім бастығы қызметінен босатылған еді (партияда болмағандығынан ғана партиялық жаза алған жоқ). Сол жылдары өзім куә болған тағы бір деректі де айта кеткенді жөн санадым. 1967 жылдың күз айларының бірі еді. Академияға президент болып Шахмардан Есеновтың жаңадан келген кезі болатын. Академия президиумының кезекті бір мәжілісіне институт директоры да, оның орынбасары да қалада болмай, ғалым хатшы ретінде менің қатысуыма тура келді. Сол мәжілісте қаралатын негізгі мәселелер аяқталған соң Ш. Есенов мәжілістің аяқталғанын ескертіп, тек президиум мүшелері мен қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің институт басшыларының қала тұруын сұрады. Сондағы Шәкеңнің айтқан хабарламасының қысқаша мазмұны төмендегі болды: – Мен президент болғалы қай жерге барып, қанша халықпен кездесем де, Ахмет Байтұрсынұлының осы кезге дейін неге ақталмай жүргені туралы сұрақ қояды. Содан кейін ол кісі жайында бірсыпыра деректермен танысқанымда, оның өзінің де, әкесінің де патша үкіметінен зәбір көргеніне, ал Кеңес үкіметіне қарсы не істеген ісі, не айтқан сөзі жоқ екеніне көзім жетті. Жалғыз жазығы – Алаш үкіметінің құрамында

болғаны екен. Ал оны кезінде Кеңес үкіметі кешіргені де белгілі. Соған қарамастан, осы уақытқа дейін аты аталмай, еңбектері жабық қорларда сақтаулы тұрғаны түсініксіз. Сондықтан сіздер мақұл көрсеніздер, орта буын ғалымдарынан (аға буынды да, жастарды да қоспай) комиссия құрып, айқай-шусыз жан-жақты зерттесек: комиссияның қорытындысы дұрыс болса, жоғары құзырлы мекемелердің алдында ұсыныс жасауға болар еді. Бұл ұсынысты президиум мүшелері –С.Бәйішев, С.Зиманов т.б. қатысушылар қолдады. Бірақ бұл мәселе одан әрі жалғасын таппай, аяқсыз қалды. Оның себебі, менің ойымша, тап осы тұста болған мына оқиғамен байланысты сияқты. ҚазМУ профессоры Хайролла Махмудов дәл осы шамада студенттер алдында Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін оқып, ол жоғары жаққа мәлім болыпты. Орталық комитет ҚазМУ ректорына сөгіс жариялап, партия комитетінің хатшысын орнынан босатқан еді. Қазақ ғалымдары Ахаңның еңбектерін атағаны үшін жазаланып жатқанда ленинградтық ғалым, белгілі түркітанушы, академик А.Н.Кононов 1974 жылы шыққан «Биобиблиографический словарь отечественных тюркологов (дооктябрьский период)» деген еңбегінде кітаптың бір бетін Ахмет Байтұрсынұлына арнап, қысқаша өмірбаяны мен негізгі еңбектерін, ол туралы жазылған әдебиеттерді көрсеткен еді. 1977 жылы Кеңес үкіметінің құрылғанына 60 жыл толуына арналып, Тіл білімі институтында ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырылды. Конференцияда негізгі баяндама жасаған профессор Рәбиға Ғалиқызы Сыздықова өз сөзіне азамат, ғалым, коммунист ретінде өзі жауап беретінін ескертіп алып, өз баяндамасында қазақ совет тіл білімінің 60 жылдық тарихын сөз ету үстінде сол ғылымды қалыптастыруда аянбай еңбек еткен Ахмет Байтұрсынұлын, оның еңбектерін атамай кету өз ары алдында кешірілмес күнә деп есептейтінін айтып, Ахаң еңбектеріне қысқаша шолу жасады [2].

Бұл кітапты даярлап, жалпы редакциясын басқарған да – Р.Сыздықова. Институт ғалымдары тарапынан содан бері көптеген мақала жазылып, кандидаттық диссертациялар қорғалды. Р.Сыздықова Ахмет Байтұрсынұлының өміріне арналған кітапша шығарды, бірнеше конференцияда баяндамалар жасады, оның мұражайын ұйымдастыруға атсалысты. Сондай-ақ институт ғалымдары Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуына орай республикалық ғылыми-теориялық конференция өткізді. Конференция материалдары 1999 жылы «Ұлттық рухтың ұлы тіні» деген атпен 30 баспа табақ көлемінде жарық көрді. Оған аталған конференциядағы баяндамалар мен хабарламалардан басқа Ахаңның көзі тірісінде өткен 50 жылдық мерейтойына арналып жазылған мақалалар да кірді. Соңғы 10-15 жылдағы Ахаң туралы мақалалар ғалымды халқымызға қайыра таныстыру, шығармаларын насихаттауға арналғаны белгілі. Ендігі жерде Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын терең зерделеу керек. Бұл салада қазақ тіл білімінен қорғалған 2-3 кандидаттық диссертациядан өзге жоғарыда аталған ғылым салаларынан жазылған көлемді еңбектер әзір жоқ. Міне, бұл – жаңадан қайта қалыптасып келе жатқан ахметтану ғылымының іргесін кеңейтіп, мұраларын халқымыздың, әсіресе жас ұрпақтың игілігіне айналдырудың басты жолы болған болар еді. «Қазақтың бас ақыны» (1913) атты мақалаға қойылған бұл атауды кезінде қазақ атаулының бәрі мойындады, қолдады деп айтуға болмайтын шығар. Бірақ қаламгер осы мақаласында абайтануға баратын басты жолды дұрыс айқындап, сол жылдарда елге белгісіздеу жаңа ілімнің, бәлкім, көңіл аударма қоймаған соқпақтарын ашып көрсетеді. А.Байтұрсынұлының Әлихан Бөкейханұлының Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы жарық көрген шығармаларымен [3] жақсы таныстығы байқалады. Мысалы, Ә.Бөкейханұлы еңбегінде аталатын Спенсер, Луис, Дрепердің есімдері аталады, әсер еткен орыс қаламгерлерінен Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Салтыков-Шедрин, Достоевский, Белинский, Добролюбов, Писаревтер сөз болады. Сонымен қатар 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлеңі» атты шығармасымен [3], сондағы Кәкітай Ысқақұлының Абай Құнанбайұлының өмірімен жақсы таныстығы байқалады. А.Байтұрсынұлының 50 жылдығына арналған мақалаларды ғалымның «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында айтылатын ойлардың жалғасқанын аңғаруға болады. Мәселен, М.Дулатовтың «Абай (Ибрагим) Құнанбаев», С.Сейфуллин «Ибраһим Құнанбайұлы (Абай)» т.б. Мақала авторы: «Ақындық талант Абайда бала кезінен болған. Бірақ ол өлеңдеріне ақын онша мән бермеген тәрізді, – деп жаза отырып, – ол өлеңдердің мазмұны – замандастарына арналған әзілсықақтар мен қыздарға арналған ғашықтық өлеңдері. Оларды да ересек тарта келе ел басшылығымен түрлі сипатты қарым-қатынастарға араласа бастағанда тоқтатқанға ұқсайды», – дейді. А.Байтұрсынұлының Абай өмірбаянына байданысты деректерінде бүгінгі біз үйренген мәліметтерден алшақтық та байқалады. Бірақ бұл мәліметтер Әлихан Бөкейханов 1905 жылы келтіретін деректермен сәйкес: «Абай 10 жасынан 13 жасқа дейін қырда (демек, елде. – З.Б.) мұсылманша оқыған. 13 жасқа шығарда Семейде Ахмед Ризаның медресесінде оқыған. 4 жыл мұсылманша оқып, 3 ай орысша оқып, сонымен оқуды қойған. 15 жасында-ақ балалық қылмай, үлкендердің қатарына кіре бастаған. Қазақты меңгеріп, халыққа араны жүріп тұрған төрелермен әкесі – Құнанбай таласқанда Абай әкесіне серіктікке жарай бастаған» [1]. Ә.Бөкейханұлында: «Абай 10-12 жас аралығында қазақ даласында жүріп, хат таныды. Ал 12 жасында Семейдегі Ахмет Риза молданың медресесіне түседі. Абай 14 жасында сонда жүріп, үш ай орыс мектебінен дәріс алады. Осы төрт жылдық медреседегі, үш ай орыс мектебіндегі дәріспен Абайдың мектептік оқуы аяқталады [3]

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы, 1987.

2. Ахмет Байтұрсынов Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992.  
3. Бөкейхан Ә. Абай (Ибрагим) Құнанбаев (мұнақып-некролог) // Семипалатинский листок. - 1905, 25-27 караша.

## ТІЛДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСİNДЕГІ ҚҰНДЫ МҰРА

Нұрхан Диана Нұрханқызы

Ғылыми жетекші: Жусупова Гулнур Айдаровна

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі

Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

Кемеңгер қоғам қайраткері, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың туғанына биыл 150 жыл толды. Ахмет Байтұрсынов – патша өкіметі мен кеңестер үкіметі тұсында да қоғамдық және мемлекеттік қайраткер деңгейінде қызметтер атқарған тұлға. Сондай-ақ ол – шығармашылық адамы: ақын, жазушы журналист, композитор. Шығармашыл болған адамның өз еңбегінің қоғамда қандай деңгейде бағаланғанын білгісі келетіні рас. Бұл – заңдылық. Өз еңбегінің нәтижесін көрмей де, талай дарынды өмірден өтті. Мен Режиссер Мұрат Есжан түсірген «Ахмет. Ұлт ұстазы» атты фильмді тамашаладым. Фильмде 20 ғасыр зиялыларының, оның ішінде Ахмет Байтұрсынұлының басынан кешкен қиын қыстау тағдыры баяндала отырып, ұлт мұраты жолында жасаған дамылсыз әрекеті насихатталады. Ахметке жасалған сатқындықтар, газет шығару кезіндегі, кітап жазудағы қиындықтары көрсетіледі. Мен осы фильм арқылы Ахметтің жасаған дүниелерін сезіне алдым. Оқығаннан гөрі, фильмнен көрген мен үшін нағыз Ахметті көргендей болдым. [1]

Мұхтар Әуезов пен Смағұл Сәдуақасовта Ахметтің халқына сіңірген қызметтеріне жоғары деңгейде баға берді. Олар былай дейді: «Бұл 1922-23 жылдардың арасы еді. «Ол кезде ауылдағы есі кірген баладан бастап, еңкейген кәріге дейін Ахметтің есімін білуші еді» деп айтып отыратын үлкендер. Олай дейтіні, ол уақытта қыстық қант-шайын қамдау үшін шыққан базаршылар, ауқаттылар мен саудагерлер қалаға барғанда басқа қажеттерімен бірге, Ахметтің «Қырық мысалын», «Масасын», «Әліпбиін» алып қайтады екен. Кешке отбасында ағайындар жиналғанда немесе ораза кезіндегі ауызашарда үй ақсақалы сауатты балалардың біріне Ахметтің мысалдарын, «Ерсайынын» оқытып, жиналғандар рухани рақаттанысып қалады екен. Үлкендері «осының бәрін қалай біле берген» деп, мәз болып, бастарын шайқасады. Мысалдардың мәнін түсінгендері «данышпан екен, ә» деп танданысады. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда – қазан» деп айтушы еді данышпан қазақ, сол «қазанымыз» осы біздің заманымыз шығар. Оның артында қалған орасан зор мұрасы – халқына таусылмас қазына. 20-жылдардың бас кезінде Ахаңның еңбектері туралы ең алғаш ғылыми пікір жазғандар – М. Дулатұлы, Шонанұлы, [1]

Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің бүгінгі қазақ тілін оқытудағы маңызы. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Қазақ тіл білімі ғылымының негізін қалаушы, ұлы реформатор – А. Байтұрсынұлының қазақ халқының тілдік мәдениетіне қосқан үлесі орасан зор. Ғалымның қай еңбегін алып қарасақ та, қазақ халқының сауатын ашып, тілдік құндылықтың сақталып, ел ертеңіне деген азаматтық жанашырлығына көз жеткіземіз. Өткен ғасырда жазып кеткен ғылыми еңбектерінің бүгінгі күнде де тіл дамыту жұмыстарында ғылыми маңызы артып, бүгінгі ғылымның дамуына пайдасы бар екеніне айтып өтуге болады. Соның ішінде біз бүгінде білім беру бағдарындағы қазақ тілін оқыту әдістемесіне ғалымның қосқан үлесі туралы сөз қозғамақпыз. Бұл тақырыпқа ғылыми сараптама жасауда тілдің дамыту аясы мен тілді оқытудың тиімділігін арттыру жолдарына А. Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерін пайдалана отырып, қазақ тілін оқыту әдістемесін кеңейту жолдарын саралауды мақсат тұттым.

ҚР Тұңғыш Президенті – Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2030» бағдарламасында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде қалыптасуы, дамуы және тұрғыда жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау», – деп нақтылаған болатын. Ендеше, осы бағытта бүгінгі ұрпаққа білім беруде ертеңге пайдасы келер, алған білімін өмірде пайдасына асырар өзіндік көзқарасы қалыптасқан тұлға дамытуды мақсат тұта отырып, білім беру үдерісінде оқыту әдісіне ерекше көңіл бөлу қажет. А. Байтұрсынов: «Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек. Оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек», – деген [1].

Тілді оқытуда да, дамытуда да әдіс түрлерін жан-жақты қамтып, түрлендіріп отырған абзал. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңашыл ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір оқытушы жадында сақтауы тиіс. Үздіксіз білім алып, біліктілікті арттырып отырғанда ғана нәтижеге жете аламыз деп ойлаймын. Ахмет

Байтұрсынұлы – халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салған ғалым. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі – жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық», – деп [1],

1912 жылы қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі – «Оқу құралын» жазды. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылған. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Ахмет Байтұрсынұлының реформалаған араб жазуы негізіндегі әліпбиі – заманында қазақ халқының мәдени дүниесінде зор серпілістер әкелген құнды еңбек. Қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына зор ықпал жасады. А.Байтұрсынұлы – қазақ тілінің тазалығын сақтау мақсатында жан-жақты зерттеулер жүргізіп, бүгінгі күнде маңы А.Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесі мен қазақ тілінде дыбыс негізінде сауаттандыру әдісінің негізгі іргетасын қалаушы. Ғалым бұл салада 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материал жариялаған. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында «Ана тілінің әдісі», «Зерттеу мен сүгіретшілік әдісі туралы», «Жалқылаулы-жалпылау әдісі», «Қай әдіс жақсы?», «Ана тілінің әдісі» деген әдістеме мәселелерін сөз ететін бірнеше мақала жариялайды. Ағартушығалымның 1928 жылы «Жаңа мектеп» журналында «Қай әдіс жақсы?» деген атпен жариялаған мақаласында тілді оқыту әдістерінің ғылыми маңыздылығына ерекше тоқталған. Содан бері ғасырға жуық уақыт өтсе де, А.Байтұрсынұлының мақаласына арқау болған мәселе өзектілігін жоймаған. Керісінше, бүгінгі қазақ тілі мамандары үшін де күн тәртібіндегі аса бір маңызды, күрделі мәселелер қатарында саналып отыр. Әрине, Ахмет Байтұрсынұлының әдіс туралы көпшілікке ой салып, пікір айтудағы мақсаты мен біздің бүгінгі мақсатымыз арасында елеулі айырмашылықтар бар. Соғанқарамастан, А.Байтұрсынұлының әдіс және оның ерекшелігі туралы айтқандары қайталап оқыған сайын әрқайсымызға тың ой салары хақ. Осы мақаласында Ахмет Байтұрсынов: «Әдіс керекшіліктен шығады», – дей келе, сол керекшілікке қарай тілді дамыту жолдарын нақтылап өткен. Бүгінде қазақ тілінің даму бағдарын қайта қарап, оқыту әдістерін нақтылаудың қажеттілігі де, қазақ қоғамын қазақша сөйлетудің қиындығынан болып отыр. Яғни, тілді оқыту әдістерін ағартушы ғалымның еңбектеріне сүйене отырып, бүгінгі күн талабына сай дамытудың маңызы зор. Мемлекеттік тілді білуге мүдделі Қазақстан азаматтары мен шетелдіктерге тіл үйретуде сапалы қызмет көрсетумен байланысты қазақ тілін оқыту бағдарына ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Сапалы қызметтің кепілі – тіл үйретудің ұтымды әдістерін іздеп табу, қажет болған жағдайда қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерінен туындайтын тың әдіс түрін жасап қолдану және оны өзгелерге үйрете отырып, білікті әдіскерлерді даярлау. Тілді оқытуда әдіс түрлерін тиімді пайдаланып, жақсы-жаманын қалай ажыратуда Ахмет Байтұрсынұлының «...Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатынорнының керек қылуына қарай» деген тұжырымын басшылыққа алған абзал. Осы орайда «бүгінде мұғалімдер сол әдістерді ұтымды қолданып жүр ме?» деген сұрақ көкейге ұялайды. Мектеп балаларына арналған оқулықтарында А.Байтұрсынұлы иллюстративтік материалдарды қатар ұсынуда үлкен тәрбиелік әрі тіл ұстарту мүддесін көздеген. Автор жалпы оқулыққа тән «жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, қарапайымнан күрделіге» принципі ұстанып, білім беру бағдарындағы ерекшелігін нақтылаған. Бастауыш мектептің балаларына арналған материалдарды аса түсінікті етіп беруді көздеген ғалым оқу материалдарына мысалдарды қазақ баласына таныс (үлкендердің аузынан сан рет естіп, құлақтары үйренген) мақал-мәтел, нақыл сөздерден, мысалдардан ала отырып, оның тиімді әдіс екендігін зерделеген. Ұсынылған мысалдардың барлығы дерлік адамгершілікті, адалдықты, еңбексүйгіштікті ұлттық құндылықтарға негізделген қасиеттерді уағыздайтын дидактикалық мәні зор мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, өлең-жыр жолдарын ұсына отырып, тәрбиелік маңызына ерекше көңіл бөлген. Ал белгілі бір тақырыпқа лайықтап, өзі жасаған мәтіндер ауыл балаларының күнделікті тұрмысынан алынып, олардың арман-тілегін, талап-талпынысын т.б. танытатын шағын әңгімелер түрінде берілген шығармалары баланың тілдік білімімен қатар ойлау дүниетанымын дамытатындығына мән берген. Жас ұрпақтың жаңаша ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жанаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе. Бүгінгі орта білім беру ісіне қойылар талаптар қай кездегіден де күрделі маңызды. Өйткені бізді дамудың жаңа кезеңі күтіп тұр. Сол кезеңге лайық ұлттық санасы жаңғырған жаңа ұрпақ тәрбиелеу міндеті мойнымызда. Барлық кедергіні жеңу, табысқа талпыну өз қолымызда. Оқыту үрдісінде оқыту әдістерін тиімді пайдалану, білім беру жүйесін тұтастай жаңа оқыту технологиясын енгізу оқыту процесінде толыққанды дамуына мүмкіндік жасайды. Оқыту процесінде компьютерге негізделген жеке әдістемелер оқу мақсаттарымен жағдайларына байланысты тиімді қолданылуы қажет. [2]

А.Байтұрсынұлының еңбек жолын қарап отырсаңыз, ылғи да жүйелі мақсат көздеп отырғанын байқайсыз. Басты да әуелгі мақсаты – қазақ баласының сауатын ашу болса, соны іске асыру үшін алдымен «Оқу құралы» («Әліп-биді») жазады. Тілді тереңірек түсіндіріп баяндау үшін «Тіл – құралын» түзеді. Ал «Тіл жұмсарын» алсаңыз, өзінің аты көрсетіп тұрғандай, ана тілін дұрыс қолданып, дұрыс



тұтыну жолдарын қарастырады. «Баяншыны» оқысаңыз, тіл үйренудің жүйелі әдістері баяндалады. Осындай мәселеге жүйелі келудің нәтижесінде сауат ашу процесі әлдеқайда шапшаң, анағұрлым жедел жүргізілгені мәлім. Сонда өзінің алдында таза қазақ тілін оқытудың үлгі етерлік ешбір нұсқасы болмаған жағдайда тілді оқыту жайын осыншама терең біліктілікпен, барынша сауатты жүйелегеніне таңғалмауға болмайды. Басқа еңбектерін былай қоя тұрып, осынысының өзімен-ақ ол қазақ халқының мәдени тарихында өшпес із қалдырары даусыз еді. Қазақ тілі жайында А.Байтұрсынұлынан бұрын да зерттеулер болған. Бірақ олардың бәрі де орыс тілінде жазылған еді. Олардың бірде-бірін де (Н.И. Ильминский, П.М. Мелиоранский т.б.) қазақ тілінің өзіне тән табиғаты жүйелі түрде ашылған емес. Және олар орыс тілінде жазылғандықтан, қарапайым халықтың сауатын ашуға пайдасы аз болды. Міне, сондықтан да біз Ахаңды қазақ лингвистикасының бастауында тұрған басты тұлға деп есептейміз

Қазақ тіл біліміне қатысты терминдердің жасалуы, жалпы терминдік жүйе ретінде қалыптасуының даму бағдары да А.Байтұрсынұлы еңбектерімен де тығыз байланысты. Ұлттық терминологияның қалыптасуында А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал», «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл жұмсар» т.б. еңбектерінде тіл біліміне қатысты терминдер мен термин жөніндегі ойларының маңызы зор.[3]

Ғалым Ж.Манкеева «А.Байтұрсынұлы терминдерінің танымдық негіздері» деген мақаласында:

«Терминнің шартты белгілерден айырмасы – оның ұлттық танымға жақындығы, уәжділігі мен түсініктілігі, қызмет әлеуеті т.б. негізінде тілдің бұзылмай, жаңаша дамуы. Міне, кезінде А.Байтұрсынұлы шығармашылығындағы термин жасау ұстанымының да негізгі арқауы – осы. Себебі термин қалыптастырудағы ең негізгі талаптар: ұлттық, қоғамдық, әлеуметтік мүдде тұрғысынан қойылар талаптарға сай болу. Олай болса, қоғамдағы ғылыми қатынас құралы ретінде жаңа, күрделі ойды жеткізуші терминдер де сөздер секілді халықтың ақыл-ойын, адамдық рухын, ғылыми жасанды таңбалардан ғана жасалмай, терминжасамда халықтың тарихи-мәдени кодтық жадын жаңғырту да ескерілгені жөн екенін жалпы тіл табиғатын лингвистика тұрғысынан дәлелдеудің мәні ерекше. Осы жаңа ғылыми бағыттар тұрғысынан саралап қарасақ, осы қисынға сәйкес терминжасам А.Байтұрсынұлы бастаған зиялылардың қазақ тілінде термин түзуді ұлттық тіл мүддесі мен таным тұрғысынан, ана тілінің табиғатына сай жасауға ұмтылыстарынан басталғанын байқаймыз», – деген пікір айтады [4].

Тіл білімі саласындағы тілдік бірліктер білім-ғылымға ұмтылған өзге де адамдарға мейлінше түсінікті болуы қажет. Сондықтан А.Байтұрсынұлы – бастауыш мектеп оқулықтарынан және осы мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік құралдарынан өзге еңбектерінде жаңа сөздердің түсінікті болу жағын басты назарда ұстап, терминдердің барлығында да ұғым дәлдігіне қатты назар аударған ғалым.

Білім сапасы мұғалімдер қызметінің сапасына тікелей байланысты. Мұғалім жайлы Ахмет Байтұрсынұлы: ... «Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Демек, білім сапасын көтерудің негізгі тетігі – ұстаз, сондай-ақ оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі». Шығармашылық қызметі дегеніміз – білім беру бағдарындағы әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдаланып, дұрыстап, орнымен қолдана білудегі тапқырылығы.

Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жаңғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенін олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы анық. Тілші-ғалымдар Ахмет Байтұрсынұлы тұжырымдамаларын «қазақ тіл білімінің бастауы» деп танып, оны ғылыми тұрғыда жүйелеп, бүгінде білім беру бағдарында пайдалануда. [5]

Қорыта айтқанда, менің ұсынысым қазақ тіл білімі мен әдебиеттану теориясының негізін салушы, ұлт мектебінің ұлы ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиін ұлтымызға жасап кеткен мұра екенін ұмытпай, тілді оқыту әдістемесіне қалдырған еңбектерінің бүгінде маңызды екендігін айта келіп, сол ойды дамыту бағдарында жұмыс жасап, қазақ тілін оқыту жолдарын тереңдету қажет.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
2. Манкеева Ж. А.Байтұрсынұлы терминдерінің танымдық негіздері // «А.Байтұрсынұлы және қазақ филологиясының мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Алматы: Арыс, 2004. - 15-18-б.
3. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы: Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 448
4. Кәкішев С. Ахаң туралы ақиқат. - Алматы: Қазақстан: Шапағат, 1992. - 112
5. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Омарканова Айнура Саматовна

«Қостанай қаласы білім бөлімінің №17 жалпы орта білім беретін мектебінің» мұғалімі  
Қостанай қаласы

Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері – **Ахмет Байтұрсынұлы** 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылында дүниеге келген. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі.

Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Әкесінің інісі [Ерғазы] Ахметті Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болған.

Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды.

Ресей ПМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсынұлы қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы қалада 1913–1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейханов, М.Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды.

Байтұрсынұлының Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты. Байтұрсынұлы 1917 жылы рев. өзгерістер арнасында өмірге келіп, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ к-тері сияқты тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ газеті» арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды.

Байтұрсынұлы Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды. Байтұрсынұлы пен Дулатов қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру – жүзаралық алауыздыққа байланысты Алаш Орда үкіметінің құрамына саналы түрде енбей қалды, бірақ олардың қазақ ұлттық мемлекеттік идеясын жасаушы топтың ішінде болғандығын замандастары жақсы біліп, мойындады. Алаш Орда құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Байтұрсынұлыны бекітті. 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды. Байтұрсынұлы 1919 жылы наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-рев. к-ті төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Байтұрсынұлының ықпалымен сәуірде Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды. Байтұрсынұлы бұл тарихи кезеңде «патшалардың төрінде отырғаннан, социалистердің босағасында өлгенім артық» деген пікірде болды (ҚР ҰҚК архиві, 78754-іс, 6-т., 44-п). 1920 жылы В.И.Ленинге үкіметінің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынға алған хатын жолдады. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласты.

Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 ж. 27 тамызда Қостанай уезін Челябинск облысына қосу туралы шешіміне қарсы Б-тың жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды. Ол 1920 ж. тамызда құрылған Қазақ АКСР-і үкіметінің құрамына еніп, 1920–1921 жылы Қазақ АКСР-і халық ағарту комиссары қызметінде болды.

1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922–1925 жылы Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. Байтұрсынұлы түрлі мемлекеттік қызметке ат салыса жүріп, сонымен бір мезгілде өзінің жаны сүйген оқытушылық-ұстаздық жұмысынан да қол үзбеген.

1921–1925 жылы Орынбордағы, 1926–1928 жылы Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928 жылы Алматыда Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты. 1929 жылы 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930ж. 4 сәуірдегі шешіміне сәйкес Байтұрсынұлы ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырады: 1931 жылы қаңтарда 10 жылға концлагерьге ауыстырылса, 1932 ж. қарашада 3 жылға Архангельскіге жер аударылсын деп ұйғарылды.

1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге өткізуге рұқсат беріледі. 1934 жылы М.Горькийдің жұбайы Е.П.Пешкованың көмегімен Байтұрсынұлы отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарады. 1937 жылы 8 тамызда тағы да қамауға алынып, екі айдан соң, яғни 8 желтоқсанда атылды. Тұтас буынның төл басы болған Байтұрсынұлының алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Ол бұл еңбегінде Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін жұмбақтап, тұспалдап жеткізді. Байтұрсынұлы мысал жанрының қызықты формасы, ұғымды идеясы, уытты тілі арқылы әлеум. сананың оянуына ықпал етті. Ақынның азаматтық арман-мақсаты, ой-толғамдары кестеленген өлеңдері «Маса» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді (1911). «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды. Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта отырып, Байтұрсынұлы 20 ғ. басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге көтерді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы қазақ тіліне А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ф.Вольтер, С.Я.Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалар Байтұрсынұлының тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды.

Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектердің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетик. сипаты баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Байтұрсынұлының Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Мысалы, меңзеу, теңеу, ауыстыру, кейіптеу, әсірелеу, алмастыру, шендестіру, үдету, түйдектеу, кекесіндеу, т.б. «Әдебиет танытқышта» ақындық дарын табиғаты, шығарм. психологиясы, шабыт стихиясына ғылыми тұжырым берілді. Өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас, т.б. ұғымдарға анықтама берді.

Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап берген. «Әдебиет танытқыш» – сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап-түсіндірген ғылыми- зерттеді. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Сондай-ақ ол – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етіп шығарды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті. Байтұрсынұлы ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді. «Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды. Байтұрсынұлы – әлеум. мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған публицист. Оның мақалалары ғылыми байыптауымен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді. Абайдың қоғам өмірінің демокр. құрылысы туралы ойларын дамытып, саяси-әлеум. жағдай, оқу-ағарту, халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы мәселелерді қозғады. Қазақ зиялыларының жан-жақты білімдер әрі саяси

күресте шындалған легін қалыптастыруда Байтұрсыновтың публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшантеңіз. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор.

Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды. Байтұрсыновтың «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген. Б. қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тілі білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл граммат. терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ. Байтұрсыновтың ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды. 1923 жылы Байтұрсыновтың 50 жасқа толғаны Орынбор, Ташкент 1922жылы қалаларында салтанатты түрде аталды. С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, М.Дулатов, Е.Омаров сияқты замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, Байтұрсыновтың қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалады. Өмірі мен қызметіне, шығармашылығына ғылыми пікір-тұжырымдар айтылды. Әуезов Ахмет туралы «Ақаңның елу жылдық тойы» деген мақаласында «...Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы хукіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі ... әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» деп жазды. 1929 ж. шыққан «Әдебиет энциклопедиясында]]» (Мәскеу) Байтұрсынұлы тұлғасына «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогы. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми әділ баға берілді. 1933 жылы шыққан М.Баталов пен М.С.Сильченко|Сильченконың «Қазақ фольклоры мен қазақ әдебиетінің очерктері» деген кітапшасында: «оның негізгі бағыты қазақ халқының қоғамдық-мәдени оянуына ықпал ету болды» деп Б-тың қоғамдық қызметін қорытындылады. Кейінгі коммунистік идеология Б. есімін ауызға алуға көп жылдар бойы тыйым салып, ол туралы сыңаржақ пікірлер айтылды. Саяси қысымның қауіпіне қарамастан белгілі түркітанушы, академик А.Н.Кононов «Отандық түркітанушылардың биобиблиографиялық сөздігі» деген еңбегінде (1974) Байтұрсыновтың толық өмірбаянын беріп, әлеум.-қоғамдық қызметін, басты еңбектерін нақты айтты. Оның қазақ әліппесінің авторы екендігі, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы оқулықтарын жазғандығы көрсетілді. 1988 жылдан кейін Қазақстандағы көптеген көше, мектептерге Байтұрсын есімі берілді. Тіл білімі институты, Қостанай университеті|Байтұрсыновтың есімімен аталды. 1998 жылы оның туғанына 125 жыл толған мерейтойы салтанатпен атап өтіліп Алматы қаласында республика ғылыми конференция өткізілді, Байтұрсыновтың мұражай-үйі мен ескерткіші ашылды

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. “Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл. ISBN 9965-26-096-6

2. ↑ Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет. ISBN 9965-893-73-X
3. ↑ <https://qazaquni.kz/2012/12/06/14085.html>
4. ↑ <https://ikaz.info/ahmet-bajt-rsyn-ly-mirbayany/>
5. ↑ «Маңғыстау» энциклопедиясына, Компьютерлік-баспа орталығы, 2007
6. ↑ «Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясы, Алматы, 2002;
7. ↑ Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009 ISBN 978-601-01-0268-2
8. ↑ Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет. ISBN 5-7667-2616-3
9. ↑ Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса - Алматы: «Аң арыс» баспасы, 2009 жыл
10. ↑ Әліппе
11. ↑ “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9
12. ↑ Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. Жалпы редакциясын басқарған тарих ғылымының докторы, профессор Б. Ғ. Аяған. Алматы: Атамұра, 2009. ISBN 9965-34-933-9

## **А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ АУДАРМАЛАРЫН БІЛІМ САЛАСЫНДА ҚОЛДАНУ**

Перменова Айжан Аликқызы  
Студент  
Қостанай гуманитарлық колледжі  
Қостанай қаласы

Бүгінгі күні ұлттымыздың ұлы ұстазының 150 жылдығына орай рухани мұрасын жаңғырту өзекті мәселе болып отырғаны баршамызға аян. Менің ойымша, бұл біз үшін, келешек ұрпақ үшін ең бағалы құндылық.

Өзім болашақ тіл маманы болғандықтан, бұл жобамның мақсатын А.Байтұрсыновтың аудармаларының білім саласында қолданылу деңгейін қарастыруды жөн көрдім. Мен таңдаған тақырыптың өзектілігі – оның аударма, мысалдарының шынайы өмірден алынғандығы.

Осы тақырыпты зерттеу барысында өзіме қойған міндеттер:

- ұлы ұстаздың шығармашылығы туралы білімімді кеңейту;
- аударма еңбегінің ерекшелігі;
- мысал жанрының дүниеге келуі жайындағы ғылыми деректер;
- Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылық даралығын айқындау;
- мысалдарының көркемдік ерекшеліктерін көрсету.

Неліктен И.Крыловтың мысалдарын таңдады? деген сұраққа ақынның мына өлең жолдарымен жауап беруді жөн көрдім.

Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,

Өзірге қолдан келген осы барым.

Қанағат азға деген, жоққа – сабыр,

Қомсынып қоңырайма, құрбыларым!

Бабы жоқ жұмыстағы мен бір арық,

Күй қайда үздік шығар топты жарып.

Ат тұрмас аяғында желі болса,

Дүсірлеп шапса біреу қиқу салып.

Біріншіден, А.Байтұрсыновтың ақындық, азаматтық, сыншылдық, шыншылдық көзқарасына, айтар ой-мақсатына Крылов мысалдарының мазмұны мен мән-мағынасы дәл келді.

Екіншіден, ұлы адамдардың ойы бір жерден шығып отырды.

Үшіншіден, қазақ халқы қашан да астарлы сөзді, тұспалды мысалды іліп-қағып айтуды ұнатады және оның астарын жақсы түсінеді.

Төртіншіден, ояна бастаған қазақ елінің жетесіне жеткізіп айтатын оңтайлы тәсілі де осы мысал еді.

Бесіншіден, ұлы адамдардың ойы бір жерден шығып отырды.

Жалпы Крыловтың шығармаларын Абай мен С.Көбеев те аударған. Бірақ Ахмет Байтұрсыновтың аударма еңбектерінің өзіндік даралығын көруге болады.

Абай аудармалары Крылов түпнұсқасымен көбіне-көп дәлме-дәл келеді, Спандияр Көбеев 8 мысалды қарасөзбен баяндаған. Ал Ахмет Байтұрсынов аудармаларында сюжет сақталғанмен, еркіндік басым, қазақ тұрмысына жаңа идеялар, заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтылады. Түп негізі Федрдан алынған Крыловтың он жолдық «Шымшық пен көгершін» мысалы Ахмет Байтұрсынов аудармасында 32 жолдан тұратын жаңа шығарма.

Осы шығармалар қазіргі мектеп оқулығында кеңінен қолданылады. Жалпы білім беру стандартына сәйкес оқулықтарда өз басым Ахмет Байтұрсыновтың келесі шығармаларын кездестірдім: "Егіннің бастары", "Аққу, шортан һәм шаян", "Балықшы мен балық", "Айна мен маймыл", "Маймыл мен көзілдірік". Қараша-желтоқсан айларында мектепте іс-тәжірибе өту кезінде жоспар бойынша «А.Байтұрсыновтың мысалдары» тақырыбында сабақ өткіздім. Менің ойымша, Ахмет Байтұрсыновтың мектеп оқулықтарында берілген аударма-мысалдарының тілі жатық. оқушылардың түсінуіне жеңіл болды. Мысалы, «Аққу, шортан һәм шаян» аударма-мысалы рөлдік ойындарды ұйымдастыруда оқушылар үлкен қызығушылықпен орындады. Орта буын оқушылары мысал мазмұнын қазіргі өмірмен оңай байланыстыра алды. Жұмбақтаған, тұспалдаған мысал жолдарының мағынасын жақсы түсінді.

Ахмет Байтұрсынов аудармаларындағы жаңа қолданыстар қатарына И.Крыловтың қырық мысалы қазіргі заманда орыс тілінен қазақшаға аударылса, оның ішінде құрығанда орыстың қырық сөзі кездессе, еш таңғалмаған болар едік. Ал Ахмет Байтұрсынов бар болғаны аударылмай алынған екі-ақ сөз, дәлірек айтқанда, бір-ақ сөз кездеседі. Ол – «Өзен мен қарасу» мысал өлеңіндегі «план» сөзі. Қазіргі қолданысымыздағы – жоспар. Ахмет Байтұрсынов: «Планда орынды да көп алмаймын» депті. «План» сөзін ол «По карте не тянусь я через целый лист» деген өлең жолындағы «карта» орнына қолданыпты. Ал екіншіге жатқызбай отырған сөзіміз – «сөтке». «Иттің достығы» мысалындағы «Бір сөтке татулық жоқ арамызда» деген жолдардағы «сөтке» сөзін ақын өзі айтқандай «қазақтың шапанын жауып, тымағын кигізіп» қазақы кейіпке келтіріп алған. Бүгінде бұл сөз тілімізде «тәулік» түрінде немесе ол қабылдаған қалпында «сөтке» деп те қолданылып жүр. Сонымен қатар, «Бұлбұл мен есек» мысалының аудармасында мынандай жолдар бар:

«Мақтаулы бар ғой әнпаз әрбір тұста»

Солардың баршасы да әдемі әнге

«Тауықтың айғырындай емес ұста»

Осы өлең жолдарында ақын «певец» сөзінің баламасы ретінде «әншіні» емес, Абай өлеңдерінде қолданылған «әсемпаз», «өнерпаз» сөздерінің үлгісімен «-паз» кірме жұрнағын жалғау арқылы жасалған «әнпаз» сөзін қолданады.

Сонымен қатар, бұл жинақта орыс әдебиетінде мысал жанрын қалыптастырушылардың бірі И.И.Химницердің «Ат пен есек» шығармасы қазақшаға аударылған. Онда көтерілетін мәселердің, айтылатын ойлардың салмақтылығына, қазақ оқушыларына жақын да, түсінікті болуына, қазақ ақыны қатты көңіл бөлген.

Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан қазақ тұрмысына ет-жақын суреттерді ұластыра келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндей етіп жіберген.

Нәтиже: А. Байтұрсыновтың аудармаларының білім саласында қолданылуы деңгейі орташа. Жаңартылған білім мазмұны аясында қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында Ахмет Байтұрсыновтың мысалдары берілуі төмен деңгейде. Өйткені қазақ әдебиеті саласы қазақ тілі пәніне кіріктіріліп берілген.

Бұл фактілер қазақ ақыны дәстүрлі оқиға, қалыпты бейнелерді ала отырып, ойға ой, суретке сурет қосып, жаңа, ұлттық төл туынды жасағанын көрсетеді.

Қорыта келе, ұлы ұстаздың аудармаларының негізгі идеясының өміршеңдігі қазіргі өскелең ұрпаққа үлгі болары анық. Сондықтан да білім саласында ұлы ұстаздың шығармаларын кеңінен қолдану тек қазақ тілді оқушыларға ғана емес, сонымен қатар өзге тілді мектеп оқушыларына қазақ тіліне деген қызығушылықты оятудың бір құралы деп санаймын.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. А.Байтұрсынұлы. «Тіл тағылымы» — Алматы, 1992.
2. А.Байтұрсынұлы. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.І. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. 34-б.).
2. Аударманың лексика-семантикалық мәселелері: (тәжірибелер, толғаныстар, топшылаулар). – Алматы: Ғылым, 1987
3. Өуезов М. Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері. // Көркем аударманың мәселелері. Мақалалар жинағы. – Алматы: Қазақ көркем әдебиет баспасы, 1957.
4. Сәмитұлы Ж. Аударма теориясы және практикасы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 272 бет
5. Талжанов С.О. О переводах и переводчиках. /

## АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ – КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Попова Е. А.

студентка первого курса, специальности 06130100 «Программное обеспечение»

Мамитанова Лаззат Калижановна

преподаватель общеобразовательных дисциплин,

ЧУ «Колледж Предпринимательства КИИЭУ»

Костанайская область, город Костанай

Ахмет Байтурсынов – поэт, учёный, тюрколог, переводчик, педагог, публицист, общественный деятель, просветитель, реформатор национальной письменности, основоположник казахской лингвистики и литературоведения, один из руководителей национально-освободительного движения казахского народа в начале 20 века.

Актуальность исследования заключается в том, что ключевые ценности и цели образования Республики Казахстан нацелены на повышение уровня образованности обучающихся, формирование навыков, необходимых для реализации инноваций и лидерства, развитие национальной идентичности через содержание школьного образования с учетом педагогического наследия ученых и педагогов – новаторов

Цель исследования:

1.изучить и доказать влияние Ахмета Байтурсынова на духовное развитие нации

2.показать на основе исследований стремления и достижения деятельности Ахмета Байтурсынова.

3.раскрыть значимость трудов и убедиться в их влиянии на подрастающее поколение.

Задачи:

1.изучить выдающиеся труды А. Байтурсынова и узнать их ценность;

2.проанализировать и доказать влияние А. Байтурсынова на культурное наследие Казахстана.

Гипотеза: уровень образованности обучающихся будет повышаться при изучении культурного наследия казахского народа, в том числе биографии выдающихся деятелей.

Объект исследования: Казахский общественный и политический деятель, учёный - лингвист, литературовед Ахмет Байтурсынов.

Предмет исследования: Ахмета Байтурсынов - казахский поэт, литературовед, тюрколог, публицист, педагог, переводчик, общественный деятель, один из основоположников казахской письменной литературы и литературного языка, создатель казахского алфавита на основе русской графики.

Области практического использования результатов: Работа может быть использована при изучении истории Казахстана, она раскрывает биографию и деятельность Ахмета Байтурсынова, которая является примером для подражания казахстанской и мировой молодежи, работа способствует воспитанию казахстанского патриотизма.

Ахмет Байтурсынов был известен как один из немногих, кто всем своим существом проникся тяжелым испытанием, выпавшими на долю простого народа. Все что он видел с колыбели – бескрайняя, безлюдная долина да одинокий аул на берегу пустынного озера. И ничего больше. Маленький Ахмет огласил своим криком белый свет в отдаленном уголке, на самом краю местности Саргубек.

Во время своей учебы Ахмет проявлял свою любознательность и znalся исследовательской работой. Он самостоятельно прочел множество разнообразных книг, увлекся литературными знаниями, составлял учебные пособия, сочинял стихи, собирал образцы фольклора и на этом пути самообразования развивался и формировал свое мировоззрение.

Ахмет учился в той самой школе, которую открыл в казахской степи великий просветитель, рос и мужал на примере выдающегося педагога, формировался под влиянием Алтынсарина, считавшегося «казахским Ломоносовым», во всем подражал ему. Ахмет рос, обласканный вниманием самого прославленного и почитаемого поэта Тосынской волости Жумабая Шалабайулы из рода Уак, чьи крылатые изречения в те годы были у всех на устах. М.Ауэзов справедливо назвал Ахмета Байтурсынова духовным вождем казахского народа. Поэт Ахмет Байтурсынов всю жизнь посвятил служению народа.

Его будущий путь – стезя учителя. Он выбрал это направление: решил давать уроки казахским детям в аульных школах. Ахмет Байтурсынов, получивший определенные знания в области истории и культуры, политики и экономики, науки и искусства, активно включается в общественно-политическую деятельность. Он, будучи учителем школы, обучая грамоте молодежь, вел агитационно-пропагандистскую работу. Следует сказать, что революция 1905 года особенно повлияла на молодого Ахмета. Ахмет Байтурсынов, просвещая молодежь, остро ощущал необходимость учебно-методической и научной литературы. Он задумывался над такими вопросами, как есть ли

графика для обучения детей на казахском языке, есть ли государственные школы с системой обучения на казахском языке, есть ли алфавит и грамматика казахского языка. Первое, с чего начинает мудрый ученый, это с исследования фонетического состава казахского языка.

Масштабен труд Ахмета и в деле совершенствования языкознания. Он хорошо знал происхождение арабского, латинского алфавитов и кириллицы. В этом отношении Байтурсынов мог дать фору любому. Один из пионеров в области теории казахской литературы – все тот же Ахмет Байтурсынов. С этой стороны "Литературоведение" Ахмета – впервые выделенная им отдельная наука, целинный мир. Он реформатор, который проанализировал и охарактеризовал особенности литературных жанров. В Петербурге отдельной книгой вышел в свет сборник "Сорок басен" – его переводы на казахский язык ряда произведений русского баснописца И.А.Крылов. Человек, который вслед за Абаем и Ибраем заставил говорить по-казахски А.С.Пушкина – это тоже Ахмет Байтурсынов.

А. Байтурсынов оставил богатое наследие своим потомкам и сегодня в системе образования широко используются его научно – методические труды в области казахского языкознания и методики преподавания казахского языка. В национальном литературоведении сформулированы новые понятия, термины, категории, такие как искусство слова, произведение, устная литература, иносказание, эпитет, олицетворение, метафора, метонимия и другие.

Подводя итоги исследовательской работы, мы можем с точностью сказать, что труды А. Байтурсынова безоговорочно внесли незаменимый вклад в становлении Казахстана независимой страной, в развитии образования, развитие духовности казахского народа. Также, А Байтурсынов внес вклад в науку, изучая структуру казахского языка, создавая алфавит на примере. арабской графики, мы имеем все то, что называется культурным наследием.

А. Байтурсынов всегда верил в молодое поколение, и знал, что если дать им полноценное образование, и искоренить безграмотность то казахский народ может добиться всего, что мы и видим сейчас. Именно поэтому в Казахстане разработана стратегия, которая включает в себя задачу создать условия для понимания молодым поколением традиционных духовных ценностей казахского народа и истории страны. Эта стратегия направлена на реализацию Послания первого президента Казахстана. Н.Назарбаева народу Казахстана «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». Тем самым, гипотеза, выделенная в этой работе, была подтверждена.

### Список литературы:

- 1.Кадралинова, М.Т. Возвращенные имена. – Костанай, 1998г.
- 2.История казахской литературы в 3 томах. – Алма-Ата, 1971г.
- 3.Когабай Сарсекеев, Честь и совесть нации. – Алматы-Ата, 2003г.

## АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ – ОСНОВОПОЛОЖНИК КАЗАХСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Расимова Гульнар Утепбергеновна

М.Мәметова атындағы Қызылорда жоғары педагогикалық колледжі

Учитель русского языка и литературы

г.Кызылорда

Ахмет Байтурсынов – государственный деятель, ученый и педагог, основоположник казахского языка и литературы. Общественный деятель, не желавший вскрывать грамотность казахских детей. В год его рождения птица счастья прилетела в нашу страну. Он написал книгу для казахских детей и опубликовал много произведений, чтобы открыть глаза казахскому народу. С 1895 по 1909 год работал учителем в русско-казахских школах Актюбинского, Костанайского, Каркаралинского уездов, директором Каркаралинского городского училища. Он был очень мудрым и образованным человеком. Он устроился учителем казахского языка и литературы в Ташкенте. Он написал азбуку для казахских детей и начал ею пользоваться. Он также опубликовал книгу The Language Tool, которая была разделена на разделы по синтаксису, морфологии и фонетике. Ахмет Байтурсынов рассмотрел все правила казахского языка и дал определение. Первичный, рассказчик, глагол, существительное, прилагательное, существительное включали все эти термины. Термины, введенные этим учителем, - это то, что сегодня читают все молодые люди. Таким образом, он сейчас учится.

Девяносто лет назад Мукан-Мухтар Ауэзов сказал: Открытая Аханом казахская школа, родной язык Ахана, посольский девиз в аханской литературе «Маса», работа газеты «Казах» для плачущего мальчика-казаха 1916 года, его неустанные усилия на ниве искусства и образования, история никогда не забуду." получила современную оценку.



Ахмет Байтурсынов по образованию не был профессиональным лингвистом. Цель состояла в том, чтобы довести его до языкознания, организовать просветительскую работу, воспитать народ, избавить казахский народ от национального неравенства. Несмотря на то, что специалист не является лингвистом, Ахмет Байтурсынов правильно понимал природу и структурные категории языка, в том числе и казахского языка. В своем анализе казахской грамматики он хорошо осознавал тот факт, что строение тюркских языков, которые он пил из русской лингвистической школы, но отличавшихся родством, должно иметь черты, отличающие их от русского.

О том, что началось в последнее десятилетие XX века в русском языкознании в начале XX века, рассказал А. Байтурсынов. Он не только рассказывал, но знал и узнавал. В настоящее время мы говорим, что наклонение четыре и глагол четыре. А. Байтурсынов называет 15 типов наклонений и 10 типов глаголов. Исследователь западной и русской литературы, он изучал надсегментную фонетику казахского языка в сравнении с русским, польским, французским и чешским языками. Рассматривая характер и функции ударений, А. Байтурсынов разделил языки на две группы: «языки с общим ударением и языки с разным ударением». Русский акцент похож на французский акцент, который представляет собой один слог в конце слова.

Большая статья Байтурсынова «Главный поэт Казахстана» является одним из первых исследований в области литературоведения. В статье описаны историческая миссия великого поэта Абая, его духовная сущность, значение его стихов в народном словесном искусстве, художественно-эстетическая сущность. Он объяснял индивидуальность стихов Абая, «меньше слов, больше смысла, глубины», критики. Научные выводы Байтурсынова о поэтических способностях Абая и отношении к поэзии получили свое продолжение в казахском литературоведении. Его исследование «Введение в литературу» (1926 г.) является первой фундаментальной научно-теоретической работой на казахском языке. Стихи с несколькими простыми и сложными предложениями на одну и ту же тему можно назвать множественными синтаксическими единицами. Акхан называет их «выразительными предложениями». «Выразительные предложения — это сложные предложения, которые соединяются вместе, образуя таблицу. Такие предложения не совсем такие, как на коврике, или на ковре, а с узором <...>. Выражение можно преобразовать в простое предложение. Вы можете расширить простое предложение и превратить выражение в предложение. Потому что какой бы большой ни была фраза, то есть сколько бы предложений она не содержала, есть только одна главная мысль, которая будет якорем для всех. Это мнение может быть преувеличено во многих предложениях. Это мнение можно выразить в нескольких предложениях», — сказал Ахмет Байтурсынов. Это твои слова определяет содержание и форму сложной синтаксической (фразовой) целостности, которая только недавно начала изучаться.

Ахмет Байтурсынов в статье «Как вести воспитательную работу среди казахов» писал: Давайте подпишем договор со школами. И нам нужно открыть интернат рядом со школой»

В своей автобиографии, написанной 1 мая 1929 года, он писал: Я занимался литературой. Приехав в Оренбург, я впервые начал изучать звуковой строй и грамматический строй казахского языка. Затем я попытался упростить казахский алфавит и орфографию. В-третьих, я попытался избавиться от лишних слов в иностранных языках, очистить синтаксическую структуру от влияния других языков. Я начал создавать термины и показывать примеры стилистического редактирования».

С 1912 года он начал высказывать свои взгляды на звуковой строй казахского языка и буквы, его обозначающие, на страницах журнала «Айкап» и газеты «Казах». В выпусках 9-10 «Айкапа» за 1912 год он написал пространную статью под названием «Господину Шахзаману», в которой доказывал, что арабские буквы, не представляющие казахские звуки, не должны включаться в казахский алфавит, и что слово «цитата» должна быть помещена перед ним, чтобы указать тонкость слова. В 34-м и последующих номерах казахской газеты за 1913 год он опубликовал большую статью под названием «Проблема письма», в которой высказал свои взгляды на маркировку некоторых звуков. [12-13]

Формирование казахской письменности на основе научных принципов в качестве обязательного условия: 1) убраны из алфавита арабские символы, не нужные для звуков казахского языка; 2) ввел знак «цитирование», означающий тонкость слова. Это самое простое и понятное сочинение А.Байтурсынова, адаптированное к казахской концепции. Она была немедленно принята публикой, особенно профессорско-преподавательским составом, и внедрена в практику. это Европа и история создания алфавитов народов Азии был лингвистом. Например, рассмотрим следующие предложения: 1) необходимые для написания на казахском языке не получать символы жирных звуков в арабском алфавите; 2) звучит в казахском языке предлагают маркировать каждый по отдельности. Такова природа казахского алфавита. В результате создания казахского языка по закону сингармонизма в нашем языке. Надпись образовалась быстро. Эта надпись была с 1912 по 1929 годы в казахско-русских школах того времени, мусульманских используется в медресе. Уже в 1915 г. в некоторых материалах, опубликованных в печати. Кажется, на этой основе, т.е. на основе этой орфографии, было издано около 15 книг. срок Акхана Первая буква в начале его карьеры и в казахских книгах, 14 цитата, звук, толстый звук, тонкий звук, правило, корневой язык, сложный язык, сложный язык. Мы находим такие древние слова, как язык, корневое слово, производное слово, двойное слово, вспомогательное слово, суффикс. А.Байтурсынов работает над казахской национальной графикой, которая постепенно набирает силу

постоянно совершенствуется. Некоторые из них зависят от требований печатного станка уладил несоответствия и превратил его в национальный рекорд. Таким образом, эта запись была официально опубликована в 1924 году.

В дальнейших исследованиях рекомендуется сделать арабскую графику пригодной для казахского письма следующим образом: 1) не брать в арабском алфавите обозначения жирных звуков 2) обозначать каждый из звуков ы, е, и, о, у, у в казахском языке 3) с согласными, отличными от Ставить знак препинания перед словом для обозначения тонкости слова. Обсужден на первом съезде кыргызских ученых, начавшемся 12 июня 1624 г. в Оренбурге. В повестку дня этого съезда включены шесть вопросов: 1) правила письма 2) алфавит 3) казахские слова 4) меры по сбору устной литературы 5) меры по увеличению количества учебников по естественным наукам 6) программа начальных школ. Сотни терминов, вышедших из-под его пера, доказывают, что А. Байтұрсынов, помимо определения способов словообразования казахского языка, показал яркий пример использования этих способов в терминотворчестве. Например, суффикс ученого, суффикс, слог, слог, ветвь, луч, член, метод и т. д. такие термины, как семантика, скобки, дефисы, предлоги, местоимения, цитаты, союзы, предлоги, рассказчики, определители, предлоги, дополнения, прилагательные, местоимения, местоимения, местоимения, суффиксы, суффиксы, суффиксы, суффиксы, суффиксы, суффиксы, суффиксы. многие термины, такие как местоимения, являются морфологически правильными, в то время как согласный звук, гласный звук, строгий звук, вложенный звук, корневое слово, производное слово, двойное слово, сложное слово, прилагательное, периодический модификатор, адресный модификатор, критический модификатор, устойчивый член, неустойчивый член, группа терминов, таких как сложное предложение, смежное предложение, простое предложение, сложное предложение, положительное предложение, отрицательное предложение, полное предложение, образованы синтаксически.

В заключение я надеюсь, что такой великий человек никогда не будет забыт и навсегда останется в наших сердцах. Сегодня предлагаю провести много мероприятий, поставить много памятников, провести уроки по знанию Ахмета Байтұрсынова в казахстанском народе, назвать улицы его именем. Если мы сможем, я хочу, чтобы таким великим человеком гордился мир, я хочу, чтобы таких мероприятий было много, и чтобы мои ученики участвовали в таких соревнованиях. Вовлекая своего ученика в такое недавнее мероприятие, я понял, что поиск оставляет много информации в игре ученика. Я хочу, чтобы все учителя вовлекали своих учеников таким образом.

#### Әдебиеттер тізімі:

- Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.»
  - «Маңғыстау» энциклопедиясына, Компьютерлік-баспа орталығы, 2007, Алматы, 2002;
- Тарихи тұлғалар. Танымдық — көпшілік басылым.
- Энциклопедия. Алматы:
  - : Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы”
- Бас редакциясы
- Қазақстанның қазіргі заман тарихы:
  - Ахмет Байтұрсынұлы “Қазақ тіл білімінің мәселелері” [3-4беттер ]
  - Ахмет Байтұрсынұлы Тіл тағылымы [15-20беттер аралығы]

## ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

п.ғ.м., Рахымова Мейрамкул Тастанкызы  
Нұр-Сұлтан қаласының Жоғары көлік және коммуникация колледжінің оқытушысы  
Нұр-Сұлтан қаласы

Ахмет Байтұрсынов - қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетінде қызмет еткен ірі қайраткер, тарихта орны айрықша зор тұлға.

Ахмет Байтұрсынов өзінің барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісіне жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол ауыл мектебінде, семинарияларда бала оқытты. Оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында көп ізденді. "Әліпби", "Тіл құрал" атты кітаптары қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавитінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқытудың әдістемесі туралы көптеген мақалалар жазды. 1926 жылы Бакуде болған түркологтардың Бүкілодақтық I Съезіне қатынасып, бірнеше комиссия жұмысын басқарды. Қазақстан оқу-ағарту комиссариатындағы жұмысы - осының бәрі оның қоғамдық, мәдени, ағартушылық, ғалымдық қызметін аңғартады.

Белгілі түрколог академик А.Н.Кононовтың Ахмет Байтұрсыновты көрнекті түркологтардың қатарында еске алып, оның қазақ алфавитін жүйелеу, оқу құралдарын жасау, фонетика мен грамматика саласындағы қазақ мәдениеті мен әдебиеті туралы зерттеулерінің маңызы туралы жазуы да тектен-тек емес.

Ахмет Байтұрсынов алғаш ағартушылық ой-пікірлері сонау 1913-1917 жылдары Орынборда шыққан "Қазақ" газетінде (Байтұрсынов 5 жыл бойы осы газеттің жауапты редакторы болған) жарияланған мақалаларынан айқын көрінеді. Газет өзінің тұңғыш жарияланған санында-ақ былай деп жазды: "Бұл газеттің мақсаты жұрт пайдасына көз болу, қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету, басқа жұрттардың халінен хабар беріп, таныстыру. Хакімдердің бұйрық-жарлықтарын білдіріп тұру, Государственный дума, һәм Государственный Совет жұмыстары турасында жете хабар беру, қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу, күнелту, сауда, кәсіп, жер-су, егін-таран, мал-шаруасы жайынан кеңесу, оқу, оқыту, мектеп, медресе, адам үәм мал дәрігерлігі жайында жазу" ("Қазақ" №1, 1913, қаңтар).

Ахмет Байтұрсынов "Қазақ" газетінің 1914 жылғы 62 санында "Мектеп керектері" деген мақаласында ең әуелі мектепке керегі - білімді, педагогика, әдістемеден хабардар оқыта білетін мұғалім. Екінші - оқыту ісіне керек құралдар қолайлы үәм сыйлы болуы. Құралсыз іс істелмейді, һәм құралдар қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Үшінші - мектепке керегі белгіленген Программа. Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі я мерзімді өлшеуі балаларға керек. Үлгісіз я өлшеусіз істелген іс - солпы я артық, я кем шықпақшы - деп оқытудың дидактикалық принциптерін, тұңғыш ғылыми тұрғыда нақтылы белгілеп берді.

Сонымен қатар ғалым ширек ғасырдай тер төккен осы еңбегін, яғни реформаланған қазақ жазуын ұлт мәдени талаптарын әбден өтей алады деген көз- қарасты ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, латын алфавитіне көшуге қарсы пікірде болды. Бұл мәселе Баку қаласында Бүкілодақтық бірінші Түркологиялық съезі өткізіліп, оның күн тәртібіне түркі халықтарының жазуы, орфографиялық негізгі принциптері және олардың әлеуметтік мәні, терминология мәселелері, осы халықтардың тарихы, этнографиясы, ана тілін оқыту әдістемесі тағы басқа көптеген көкейкесті мәселелері қойылды.

Ахмет Байтұрсынов араб әрпін пайдаланудың тиімділігін жан-жақты дәлелдеп берді. Оның пікірінше, араб алфавиті тез оқуға, жылдам жазуға қолайлы, ал жастарды сауаттылыққа үйретуге мүмкіндік туғызады, баспахана техникасы мен өнімнің құны жағынан алғанда араб әрпін қолдану өзінің сыйымдылығымен әлдеқайда арзанға түседі. Үшіншіден араб әліппесінің әріп құрамы қазақ тілінің орфографиялық қажетін толық қанағаттандырады. Төртіншіден, бүкіл Азия елдерінің мәдени мұрасы осы алфавит негізінде жазылғаны айтылды.

Оның араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы жылы лебізбен қабылдады. Себебі, Байтұрсынов реформасы қазақ тілінің табиғатына, яғни сингармонизм заңдылығына сүйеніп, ғылыми негізде жасалған еді. Өйткені, қазақ дыбыстарының табиғатын айқындау ғалымға қазақтың жаңа әліпбиін жасауға мүмкіндік берді. Оның 1912 жылдардан бастап ұсынылған жаңа жазуы ("Жаңа емле" деп аталады) іс жүзінде қолданыла бастады. Баспа беттерінде жарияланған мәліметтер бойынша 1915 жылдың бір өзінде ғана бұл емленің 15-тей кітап болып шыққан. Сондай-ақ Ахмет Байтұрсынов ұсынған "Жаңа емле" 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, орыс-қазақ мектептерінде де қолданыла бастағаны белгілі.

1912 жылы мектеп балаларына қазақша сауаттандыратын "Оқу құралын" жазғаннан кейін көп ұзамай енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған 1 бөлімі "Тіл құралы" деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. Ол - ең алдымен, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, әрі қарай қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш жұмсаған ағартушы қайраткер. Осы мақсатты орындау үстінде ол қазақ тілін, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын баяндап, талдап-танытқан зерттеуші. Әрі сол зерттеулерінің негізінде "әліппе" мен тұңғыш ана тілі оқулықтарын жазған автор. Ахмет Байтұрсынов қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы. Ол - қазақ тілін дыбысқа бөліп оқыту арқылы сауаттандыру әдісінің негізін салды. Бұл салада бірнеше әдістемелік мақалалар жазып, соның негізінде 1920 жылы Қазанда "Баяншы" деген атпен әдістемелік кітапша шығарды. Мұнда автор мұғалімдерге "әліппені" пайдаланудың, сауат ашу әдістерінің жөн-жобасын көрсетіп берді. Сөйтіп ғұлама-ғалым өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойып, бұларды біртіндеп шешуге кірісті. Ол алдымен қазақша сауат аштыруды көздеп "Оқу құралды" жазды, онан соң қазақ тілінің ғылыми грамматикасы "Тіл құралын" ұсынды, тілді дұрыс жұмсай білу тәртібін көздеп "Тіл жұмсарын", төртінші - сауат аштыру, тілді оқытудың әдістемесін жасауды міндетіне алып, "Баяншыны" жазды.

А.Байтұрсынов "Бастауыш мектеп" атты мақаласында Ресей үкіметінің орыстандыру саясатының бет-пердесін ашады әрі: "Хүкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болуы, әр халыққа керегі өз діні, тілі, жазуының сақталуы. Солай болған соң бастауыш мектеп, еуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек... Олай болса, мектеп арқылы қазақтың дінін, тілін, жазуын жоғалтып, орысшаға аударамын деген пікірден хукімет безіп, тиісті бастауыш мектеп екі жаққа да зиянсыз, пайдалы болуын көздеу керек. Солай оилағанда көңілге ұнамды мектептің түрі біздің ойымызша мынау",- деп бастауыш мектептің 5 жылдық болуын, қазақ халқының көшпелі ерекшелігін ескеріп, мектептерді келіп оқитын және жатып оқитындай ғып құруды, қыр мектептері мен қала мектептері ерекшеліктерін ескере ұйымдастырылуын талап етеді. Жалпы 5 жылдық бастауыш сатының 3 жылы ауыл, -екі жылы болыс мектебіне берілсін. Ауыл мектебі тек ана тілінде болсын. Онда оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, жағрафия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайы пәндері

оқытылсын. Болыс мектебі орысша оқылатын соңғы екі жыл. Мұнда берілетін білім гимназияның төменгі сыныбына кірерлік пәндер болуы керек дейді. Демек, бұл салыстырулардан ғалымдардың мақсат-мүддесінің үндестігін, әрі заманына қарай өзіндік ерекшеліктері болғанын аңғарамыз.

Сонымен қатар, мектеп, орта және жоғарғы оқу орындарын ашу керек, оларды дамыту, қаржыландыру мәселесін "Қазақ" газеті үнемі көтеріп, жұртқа жол көрсетіп отырады деп газеттің алға қойған ағартушылық қызметін білдіреді.

А.Байтұрсыновтың халық ағарту, ұлттық мәдениетіміз бен өнеріміздің дамуына қосқан үлесі, педагогикалық ой-пікірлері өте көп.

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынов өмірінің соңғы сәтіне дейін, өзі түлеткен, өзі реформа жасап жетілдірген қазақтың жаңарған жазу үлгісін ғылыми негізде дәлелдеп, шырылдап қорғап өтті.

Қазақ халқының абзал ұлдарының бірі, XX ғасырдың бас кезіндегі демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының ең ірі, ең беделді көш басшысы Ахмет Байтұрсыновтың қазақ ғылымы мен мәдениеті, тәлім-тәрбие, оқу ісі тарихына сіңірген орасан зор еңбегінің тарихтан өшпес орын алатынын бүгінгі демократия мен әділеттілік салтанат құрған дәуірде өмір шындығы дәлелдеп отыр.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. А., Ана тілі. 1992ж.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол. (Өлеңдер мен тәржімалар). А., Жалын. 1991ж.
3. Жалын. 1991ж.
4. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. А., Санат. 1995ж.
5. 1995ж.
6. 4. "Ақ жол бағдарламасынан", "Ахаң туралы айшықты ойлар".
7. 1998ж. №6. //Қазақстан мектебі.

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ-ХАЛЫҚ ҰСТАЗЫ

Сартаева Қасиет Маралқызы

1216000 «Элеватор, ұн тартатын, жармалық және құрама жем өндірісі» мамандығы бойынша 2-ші курст студенті

«Қостанай жоғары политехникалық колледжі» КМҚК

Ғылыми жетекшісі Бейсенова Хамар Баязитовна

Қостанай қаласы

Ахмет Байтұрсынұлы- қыры мен сыры мейлінше мол адам. Біріншіден, ол қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, соньдан із салған жаңашыл ағартушы. Ол жазған мектеп оқулықтары 1914- 1915 жылдан 1927- 1928 жылға дейін пайдаланылып келді. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсынұлының “Әліп- биімен” ашып, ана тілін Байтұрсынұлының “Тіл құралы” арқылы оқып үйренді.

Ахмет Байтұрсынұлының жас қазақ ғылымына еткен қызметі тек тіл білімі саласында емес, әдебиет тану саласында да айтарлықтай болды деп санаймыз. Өткен ғасырдың II- жартысында- ақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, 1923 ж. “Ер Сайын” жырын Москвада шығарады. 1926 ж. “23 жоқтау” атты жинағы жарық көреді. Бұл да қазақ ауыз әдебиеті үлгілері.

Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, әдістемелік арналары, басты- басты терминдері мен категориялары түп- түгел осы кітапта қалыптастырылған.

Ахмет Байтұрсынұлы- ақын және мықты ақын. Оның өлеңдері “Қырық мысал”, “Маса”, “Үзік” деген аттармен 1912 жылдан 1922 жылға дейін бірнеше рет жарияланған. “Масаға” енген өлеңдер қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, қазақты шағуға дайын тұрған жылан. Оның иесі аяқтары ұзын, сары маса болып ызындап, ұйықтап жатқан халқын оятпақшы.

Қалай да халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын ұлы Абай тапқан соқпақ орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсұнады. И. А. Крылов туындыларын аударып, “Қырық мысал” деген атпен 1909 жылы Петербургте бастырып шығарды. Мысалдарда әр түрлі аңдар, әр түрлі адамдар кейпінен хабар беріп, ишара тұжырым жасалады. Кісілердің мінезі, өмір ағысы, тағдыр сабағы, заман қабағына қатысты көптеген жайттарды, әсіресе, патша отаршыларының зорлық- зомбылығы, жуандардың, байлардың тепкісі, елдің азып- тозуына байланысты сарындарды А. Байтұрсынұлы жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді. Кейде ашық, дәл айтылатын ойлар да бар.

Қазақ халқының осындай біртуар азаматы қазіргі Қостанай облысы, Торғай атырабындағы, Сартүбек деген жерде ел арасында беделді, қайратты кісі Шошақұлы Байтұрсын шаңырағында 1973 жылы 18 қаңтарда дүниеге келген. Қалың қазақ ортасы, қаймағы бұзылмаған сахара тұрмысы табиғатынан дарынды туған баланың сезім дүниесін, ой әлемін тербеп, толқытады. Әділетсіз өмірдің

улы зары бала жүрегін он үшінде жаралайды. Әкесі Байтұрсын мен оның інісі Ақтас аулына келіп кедей шаруаның басына қамшы үйіре берген орыс оязының озбырлығына шыдамай, 1885 жылы 12 қазанда ояз бастығы полковник Яковлевтің басын жарып жібереді. Мұның арты – дүние- мүлікті тартып алу, түрме, абақты, Сібірге 15 жылға жер аударылу.

Ахаңның әкесі Байтұрсын өз руынан үкіметке арыз жазуға білімі бар ешкімді таба алмаған. Сол уақытта оның Ахметке берген ақылы, өтініші: “Балам, мен, міне, үкіметке арыз бере алмай, Сібірге айдалып кетіп бара жатырмын. Егер арыз берген болсам, үкіметтің бастығы берген уақытын азайтар ма еді немесе мүлдем қысқартып тастар ма еді. Сол себепті қандай қиыншылыққа ұшырасаң да, аш қалсаң да, жалаңаш, жалаң аяқ жүрсең де, жататын орның болмаса да, қанша қорлық көрсең де, оқы, тағы да айтатын тілегім- оқы. Біздің үйде шешеннің жанында маған хат жазатын балам болсын” деген екен.

Арғы атасы Үмбетай батырдың ұрпағы Ахмет бір мүшелге толмастан тірі жетім боп ерте есейді. Әкесі Байтұрсын турашыл, әрі осы мінезімен жергілікті әкімдерге ғана емес, сұлтан, ояздарға да «жақпайды». Анасы Күнше - өжет, ел сыртынан «Сары уезд» деп атайтын. Әкесінің інісі Ерғазының көмегімен Ахмет 1886 жылы Торғайдағы екі сыныптық орыс - қазақ училищесіне түседі. Бергін келе Ерғазы қайтыс болған соң да Ахмет қинала жүріп оқуын тәмамдайды. Өз бетімен білімін жетілдіру жолында көптеген қиындықтарды көре жүріп Орынбордағы 1891-1895 жылдары қырғыз- қазақ мұғалімдер мектебін бітіріп шығады. Шығыс пен Батыстың рухани мәдениетін жетік игеріп, соның арқасында «Мәдениет тарихы» атты кітап жазды.

Ахмет Байтұрсынұлының ел ішіндегі өмірінің айтулы бір кезеңі 1896 жылы Омбыға барып, Ақмола, Семейдегі қазақ-орыс мектептерінің үстінен қарайтын А. Алекторовпен жақсы танысып білісуі болды. Өз басы қиыншылықтың сан түрін өткерген Ахмет Алекторов, Ильминский секілді миссионерлермен жақындаса түседі. Жақындасқан сайын өзінің азаматтық күрескерлік бет-бейнесі айқындала түседі. Осы жол оны саясатпен айналысуға, ғылым жолына түсуге, жиған - терген, білгенін халқына қайтару жолына алып келеді.

Ахмет Крыловтың «Қырық мысалын» аударып, кітап етіп шығарды. 1913 жылдың наурызынан бастап «Қазақ» газетін ұйымдастырып, 1913 жылдың қыркүйек-қазанына дейін оның редакторы болды. Ондағы жарияланған қоғамның әлеуметтік-саяси өміріне қатысты материалдар ресми орындардың наразылығын туындатып, үнемі бақылау, тінту жүргізіп, Ақанды түрмеге отырғызып тыныштық бермеген.

Ахмет Байтұрсынұлы - қазақ алфавитінің тұңғыш реформаторы, осы жетілген жазу үлгісімен еліне тұңғыш «Әліппесін», «Тіл құралын», «Әдебиет танытқышын» сыйлаған, қазақ филологиясы мен өнертануының негізін салушы, ғылыми, таза қазақ емлесімен шыққан тұңғыш газет «Қазақтың»(1913-1918) тұрақты редакторы, Абайдан кейінгі саяси-әлеуметтік тақырыпты жалау еткен көрнекті ақын, аудармашы, публицист журналист, ірі қоғам қайраткері, ағартушы ұстаз. КазПИ-дің профессоры, этнограф, фольклорист, композитор әрі орындаушы...

А.Байтұрсынұлының «Тіл құрал» атты еңбегі бүгінгі түркі тұқымдас халықтардың сөйлеу, жазу, тіл ұстарту білімінің бастау бұлағы саналады. Осы заманда қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, шылау, үстеу, ілік, жатыс, бастауыш, баяндауыш, септеу, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, қыстырма сөз деген атауларды ойлап тауып, ғылыми бір ізге салған Байтұрсынов болды.

Алаш қозғалысы тұсында (1918-1919) А. Байтұрсынов өзі айтқандай, адасады, қателікке ұрынады, санын соғады, түңіледі, сары уайымға салынады. Жаңа жол іздейді. 1919 жылы наурызда бұрынғы ұлт интеллигенциясының көптеген өкілдерін өзімен бірге алып, совет өкіметі жағына өтеді. Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери- революциялық комитеттің мүшесі ретінде оның жұмысына белсене араласады. Республика халық ағарту комиссары, Бүкіл Одақ Орталық Ағарту Комитетінің мүшесі, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болады.

Халқының азаттығы, елінің тәуелсіздігі мен ұлттық мемлекеттігі жөнінде жан аямаған күрескер Ахмет - өз арманы жолында арыстанның аузына, зымыстанның түбіне бара жүріп, халқына қалтқысыз еңбек сіңіре білді. Ол қазақты бай, кедей деп алалап бөлмей, бәрінің мүддесін бірдей қорғады, қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуын көздеді.

Сауаты, саңылауы жоқ қазақтың надан халқын қалың жау еңсесін басып, қара бұлт қаптап, түнше түнеріп тұрғанда, кеудесінің бар күшін аямай, жанын құрбан қылып, жарыққа қарай өрге сүйреген сүйікті ұстазымыз, қажымайтын қаһарманымыз- Ахмет Байтұрсынұлы. Бірінші рет басталған, бұрын ешкім ескермеген жұмыстың барлық ауыртпалығы Ахаңның басына түсті. Ойға- қырға бірдей қуылды, түрмеге түсті. Қуғын- сүргінде жүрген кездерінде қолынан қаламын тастамаған. Маңайындағыларды өлең қуатымен жылытып, рухтандырып отырған. Бірақ Ахаңның қайраты тасымаса, қайтпады, ақылы аспаса, саспады. Өзінің тізесін, түрменің терезесін үстел қылып, Ахаң қаламын тартпай жазумен болды.

Көпшілік бұқараны оятудың барлық амал- тәсілін қолданып байқаған Ахандар қалың қазақ арасында ең өтімді үгіт құралы- өлең сөз екенін аңдады. Сол бір жылдарда ел ішінде айтылар ойдың түпқазығы “Оян, қазақ!” деген бір-ақ сөзге тірелген ұран өлеңдер көп тарап еді. Солардың алғашқы қарлығашы- Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдері, оның “Қырық мысал” кітабы болатын.

“Қырық мысалды” оқи отырып, таныс сюжеттерге ұшырасқанда, олардың И. А. Крыловтан аударылды дегеніне қол қойсаң да, таза қазақы түсінік, ұлттық ұғыммен түйінделген ғибрат бөліміне келгенде ойналып-ақ қаласың.

Ойы оянып, санаға сана қосып, ел тағдыры жайлы ойланғанда, Ахмет, ең алдымен, сол елдің өзімен тілдесуді, олардың жай- күйі жайлы көргендері мен ойларын ортаға салуды, болашақ жөніндегі ұғым- түсініктерін бөлісуді парыз санайды. Оған әдебиетті, өлеңді пайдаланды. Алайда, Ахмет көрген ел әлі ұйқыдан оянып болмаған, ынтымағы жоқ алауыз, сөз тыңдауға салғырт, берекесіздікке ұйыған қауым еді. Сондықтан Ақан өлеңін “Маса” етіп жұмсап, ел құлағына барып ызындап, ұйқыдан оятуға тырысты. Атақты “Маса” жинағы осылай туды.

«Ақиқатын айтсақ, Байтұрсынов өз отандастарының арасында білімі жағынан жоғары бағаланатын жақсы домбырашы және тамаша орындаушы ғана емес, өз ұлтының ән- күйлерінің тарихын жақсы білетін, түсінетін терең ойлы азамат. Мен Ахмет Байтұрсыновпен бірге болған кездерімде, оның музыка саласындағы білімін осылай бағаламасқа шарам қалмады. Ол менің жарияланып отырған осы еңбегіме өлшеусіз үлес қосып, зор көңіл бөлді. Ол үнемі маған Торғай, Қостанай, Ақтөбе, Бөкей, Қарқаралы және Қарақалпақ аймақтарындағы кең танымал халық әндері мен күйлерін қойын кітапшасына жазып алып, маған үнемі хабарлап отырады. Сондай- ақ, ол- домбыраға арналған екі күйдің авторы болумен қатар өз халқының этнографиясын, тұрмыс- салтын жете игерген әрі жан- жақты білім алған үлкен парасат иесі. Мен нені жинап, неге назар аударуым керек екендігіне де ол үнемі нұсқау беріп әрі қолдау көрсетіп отырды. Сондықтан да, мен оған өмір бойы қарыздармын», - деп жазғаны белгілі.

Осыдан 80 жыл бұрын Мұхтар, Сәкен, Міржақып тәрізді тау тұлғалы замандастары, ізбасарлары елуге толған Ахмет Байтұрсынұлының көзі тірісінде- ақ лайықты баға беріп кеткен екен. Одан бергі жылдар ішінде Ахаң қиянат құрбаны болып, артында қалған баға жетпес мұрасы аяусыз тұншықтырылса да, оны жою ағысы қатты тау бұлағын бөгеумен тең еді. Осыдан он бес жылдай бұрын Ахмет есімі қазаққа қайтып оралғанда ғұлама ғалымның зор еңбегі бөгетті бұзған дариядай екпінмен келіп, ұлттық білім мен мәдениетімізді, саяси өмірімізді ғажап байлыққа кенелтті. Ол айтқан ақыл- кеңес, қозғаған мәселелер, жазып кеткен сан алуан саликалы туындылары бүгінгі күн талабымен оп- онай үндесіп, бір арнаға тоғыса қалды.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу.- Алматы: Жалын,1991.- 340 б.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы: Қазақ тілі мен оқу- ағартуға қатысты еңбектері.- Алматы: Ана тілі, 1992.- 448 б.
3. Байтұрсынұлы Ахмет. “Жан сөзімді кім түсінер?” - Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы қор, 1994. – 112 б.
4. Байтұрсынов А. “Шығармалар”: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАСЫ

Сары Жанайым Бауыржанқызы  
Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің 3 курс  
білім алушысы  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте Қостанай округі, Торғай уезі, Тосын болысының 5-ауылына қарасты Сартүбек елді мекенінде дәулетті отбасында дүниеге келген. Ахметтің ұлы бабасы- Үмбетей ру басына айналған үлкен ата. Байсейіт атадан жалғыз, оның әкесі Қалқаман Көшейұлы (5 ағайынды). Қалқаманның сүйегі — Арғын. А.Байтұрсынұлының замандасы әрі қаламдасы М.Әуезов 1923 жылы Ахметке арнаған мақаласында, оның тегі жөнінде. «... Сүйегі-Арғын, оның ішінде Үмбетей болады. Бергі аталары Үмбетейден шыққан Шошақ, Түбек. Ақаң Шошақтың немересі. Өз әкесінің аты — Байтұрсын» деген мәлімет береді [1, 17 б.]. Ахмет Байтұрсынов 1886 жылы Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесіне түсіп, оны 1891 жылы бітіреді. Сол жылы Орынбор мұғалімдер мектебіне оқуға қабылданып, 1895 жылы ОММ-нің Педагогикалық кеңесінің шешімімен «бастауыш училищенің оқытушысы» деген атақ беріледі. 1896-1901 ж.ж. Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектепте, екі сыныптық училищеде оқытушылық қызмет атқарады. 1902-1904 ж.ж. Омбыда Торғай облысы Халықтық училище директорының іс жүргізуші лауазымын атқара жүріп, бұратана ұлтының санасын ояту мақсатында И.Крыловтың мысалдарын аударды.

1905 жылы қазақ оқығандарымен бірге Қоянды жәрмеңкесінде бас қосып, тарихта белгілі Қарқаралы құзырхатын (петициясын) жазады. 1905-1908 ж.ж. Қарқаралыдағы орыс-қазақ училищесінің оқытушысы әрі меңгерушісі болып, екі міндетті қатар атқарады. 1908 жылы саяси көзқарасы үшін Қарқаралы абақтысына қамалады. 1910 жылы 9-наурызда Орынборға жер аударылады. 1911 жылы «Маса» өлеңдер жинағы жарияланып, «Қырық мысал» кітабы екінші рет басылым көреді. Осы жылы «Айқап» журналында «Қазақ хәм түрлі мәселелер», «Қазақтың өкпесі», «Қазақ жерін алу турасындағы низамдар, бұйрықтар», «Закон жобасының баяндамасы», «Тағы да народный сот хақында», «Жер жайынан», «Жазу тәртібі», «Кітаптар жайынан», «Бастауыш мектеп» т.б. өзекті мақалалары жарияланады. 1912 жылы Қазақ әліпбиін (төте) түрлеп, қолданысқа ұсынады. Осы жылы «Оқу құралы» қазақша әліпшесінің бірінші кітабы шығады. «Айқап» журналында «Қазақ жерін алу турасындағы низам», «Шәйіман мырзаға», «Қазақ хәм төртінші Дума» мақалалары жарияланады. «Шора» журналында «Қазақша сөз жазушыларға», «Қазақ» газетінде «Көшпелі хәм отырықшы норма», «Шаруа жайынан», «Жер жалдау жайынан», «Земство», «Білім жарысы», «Оқу жайы» т.б. келелі мақалалары басылады. 1913-1918 ж.ж. қырғыз атанған жұртының атауын қайта жаңғыртып, «Қазақ» газетін шығарды. Газеттің ұйымдастырушысы әрі бас сарапшысы қызметін атқарады. А.Байтұрсынов «Қазақ» газетінің бірінші санындағы халыққа арнауын былай деп аяқтады: «Аталы жұртымыздың, адуынды ұлтымыздың аруақты аты деп газетіміздің есімін «Қазақ» деп қойдық. Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына күшін қосып, көмектесер қызмет ету қазақ баласына міндет. Қызмет етем десендер, азаматтықтың зор жолының бірі осы» [2, 3 б.].

«Қазақ» газетінің дәл сол кездегі тарихи мәнін Ахмет Байтұрсынов осы басылымның бірінші нөмірінде былай деп көрсетті: «Әуелі, газет-халықтың көзі, құлағы хәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керен, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды. Дүниеде не болып жатқанын білу жоқ, не сөйленіп жатқанын есту жоқ, өз пікірін айту жоқ. Екінші, газет жұрттың уланбасына медет нәрсе. Олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп ғалым адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық етіп тұрады. Үшінші, газет халыққа білім таратушы. Олай дейтіміз, газеттерден жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте молайып, пікірі ашылып, қыр асты жетпекші. Төртінші, газет халықтың дауысы. Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады», деген тұжырым арқылы мерзімді баспасөздің қоғамда алатын орнын, оның саяси маңызын барынша айқындап берді. «Қазақ» газеті либералдық-демократиялық бағыттағы идеяларды білдірді. Тұтас алғанда қазақ өлкесінің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірінің дамуымен таныстыра білген «Қазақ» газеті «Алаш» партиясының дауысына айналды. Осы тұста әлеуметтік ахуалды баяндаған цензура көтермейтін мақалалар жариялағаны үшін әкімшілік А.Байтұрсыновқа бірнеше мәрте (1914-1915) айыппұл төлетеді, кейіннен абақтыға қамайды. Бұл — үшінші рет қамалуы [1, 18 б.].

1918-1919 ж.ж. «Алаш» партиясының жетекшісі, «Алашорда» үкіметінің жетекшілерінің бірі әрі оқулықтар жазу жөніндегі Комиссиясының құрамында қызмет етеді. Осы жылы «Революция и киргизы» мақаласы «Жизнь национальностей» атты басылымда жарияланады. 1917 жылы патшаның тақтан құлауын Ахмет Байтұрсынов зор қуанышпен қарсы алып, Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен қазаққа бостандық, теңдік әперу үшін саяси күрес майданына араласты. 1917 жылы Ақпан революциясының жеңісінен кейінгі елдегі революциялық процестердің қарқынды дамуы барысында Әлихан Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан либерал-демократиялық көзқарастағы қазақ интеллигенциясының өкілдері ұлттық партия құру жоспары бойынша өз жоспарларын 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында І-ші жалпықазақтың съезде Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов «Тәуелсіз автономия» құру идеясын ұсынды [3, 101 б.].

І-ші жалпықазақтың съездің қортындасында «Алаш» ұлттық саяси партиясы құрылды. Әлихан Бөкейханов қазақ халқының көсемі, партия басшысы болып сайланды. Бірақ қоғамда аласапыран ахуал қалыптастырған большевиктердің төңкерісі Ахмет Байтұрсынов және оның серіктерінің қазаққа дербес ұлттық автономия алып береміз деген әрекеттерін тұйыққа тіреді. Алаш қозғалысы білімсіз кедей-кемшіктің қалың тобырына арқа сүйеген жүгенсіз коммунистік қозғалысқа қарсы тұруға ол заманда қауқарсыз еді. Осыны түсінген және халқымен бірге болуды ойлаған Ахаң 1919 жылдың наурызында Кеңестер өкіметі жағына өтті, алғашқы өлкеде құрылған Революциялық комитет құрамына енгізілді. Ахаңдай ірі тарихи тұлғаның беделі уақытша болса да большевиктерге де қажет болды. Ол екі жылдай Республика халық ағарту комиссары қызметінде болып, қазақты ағарту ісіне, осы саланы аяғынан тұрғызуға қыруар еңбек сіңірді. Қазақ халқының қоғамдық ой-санасының дамуындағы барлық саяси қозғалыстар А.Байтұрсыновтың есімімен байланысты. Ол бейбіт ұлттық либерализмнен Октябрь революциясын және Совет өкіметін тануға дейінгі саяси даму кезеңдерінен өтті [4, 202 б.].

1919 жылғы жаз бен күзде Ахмет Байтұрсыновтың инициативасымен Қазревком өз мәжілістерінде Алашорданың батыс бөлігімен байланыс жасау және оның басшыларымен келіссөздер жүргізу үшін арнаулы өкілдер жіберу мәселесін талай рет талқылады. Қазревкомның және оның төрағасы қызметін көп жағдайда өзі атқарған Ахмет Байтұрсыновтың осы мәселедегі табандылығы

Торғайда болған оқиғаларды қайталамау және Алашорданың батыс бөлімінің түгелдей Совет жағына шығуын қамтамасыз етпесе де, оның Совет өкіметіне бейтарап жағдайда болуын жүзеге асыру ниетінен туындаған еді. Түптеп келгенде Алашорданың батыс бөлімін ақтардың одақтасы болудан совет өкіметі жағына шығару Орал өңіріндегі азамат соғысын тезірек аяқтаудың алғы шарттарының бірі еді [4, 206 б.]. Шын мәнінде, Ахаңның және оның серіктерінің Кеңес өкіметі жағына кездейсоқ өтпегені белгілі. Бұл туралы Ахаңның өзі «Жизнь национальностей» журналында 1919 жылы 3 тамызда жазған «Революция және қазақтар» атты мақаласында төмендегідей пікір білдірген еді: «Егер де бұрын бір топ адамдар патша чиновниктері атынан қырғыздарды (қазақтарды) жауапсыздықпен қамап, әр түрлі зорлық-зомбылықтарға жол берген болса, дәл осындай қылықты шет аймақтарда большевик-коммунистер деген атты жамылған осындай және басқадай адамдар тобы байқатты. Патша өкіметі кезінде, бұрын мұндай жағдаймен ымыраға келмеген мен және менің пікірлестерім, енді тағы да осындай істер Советтің Ресейде түгелдей орын алуда деп ойлап ымыраға келмей кеңес өкіметін мойындауғы қарсы болдық. Бірақ монархиялық билік бағытындағы Колчактың пайда болуы осы және басқа билік туралы ойлауға мәжбүр етті. Сонда біз қырғыз (қазақ-Т.О) халқының ежелгі арманы оңшыл ма әлде солшыл ма әйтеуір, жүзеге асар болар дегенге көзіміз жеткендіктен жергілікті большевиктердің іс-әрекеті біздерге ұнамды көріне қоймаса да кеңес өкіметі жағына шыққанды жөн көрдік» [4, 241 б.]

Ахмет Байтұрсынов және оның серіктері, шын мәнінде кеңестік билікті амалсыз мойындады. Бірақ Ахаң ешқашанда қазақ халқының ролін көтеру және қазақ елін ұлттық тұрғыдан дербес ету идеясынан бас тартқан емес. Ол 1920 жылы 17 мамырда В.Лениннің атына хат жолдап, «... Ресейде коммунистер көп, бірақ нағыз идеялық коммунистер өте аз, оның үстіне олар шет аймақтарда аз немесе мүлде жоқ», — дей келе қазақ жерінің билігін қазақтан шыққан коммунистер қолына беруді талап еткен еді [5, 4 б.].

Осы жылдың 12 шілдесінде Ахмет Байтұрсынов тағы да Т. Рысқұлов, Н.Ходжаев, З.Валидов, Ә.Ермеков, Х.Юмагулов тәрізді түркі халықтарының көрнекті тұлғаларымен бірге В.Ленинге хат жолдап, оның бұрынғы отарлаушы ел пролетариаты яғни орыс жұмысшы табы шеткері аймақтардағы отар елдер еңбекшілерін азат етеді деген қағидамен және панисламизмге қарсы күреске шақырған ұранымен өздерінің келіспейтінін ашық мәлімдеді [6, 354 б.].

1920-1922 ж.ж. Өлкелік Халық Комиссариаты жанындағы Академиялық Орталықтың төрағасы қызметін атқарады. Халық ағарту комиссариаты жанынан құрылған Академиялық орталықтың (Академцентр) тұңғыш төрағасы ретінде Қазақ елінің ғылымын академиялық жолмен басқаруды ұйымдастырудың негізін қалады. 1922-1925 ж.ж. Қазақ Халық ағарту Комиссариаты жанындағы Ғылыми-әдеби комиссиясының төрағасы, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы болады. 1925-1928 ж.ж. Қазақ елінің екінші астанасы болған Қызылорда қаласында тұрады, әрі ұлт жұмысының көшбасында болады. 1928 жылы қыркүйекте Алматы Қазақ мемлекеттік университетіне профессор лауазымымен қызметке кіреді. 4-қарашада «Еңбекші қазақ» газеті «Қазақ университетінің ашылуы» атты құттықтау сөзін, «Емле туралы» мақаласын жариялайды. Мұнда 1929 жылдың маусымына дейін қызмет атқарады. 1931 жылы РСФСР қылмысты істер кодексінің 58-бабының ең ауыр тармағы бойынша ату жазасына кесіледі, бірақ үкім қайта қаралып, 10 жылға бас бостандығынан айырылып, екінші рет жер аударылады. 1931-1933 ж.ж. Беломор-Каналда айдауда болады. Жыл соңында Ресейдің Кривошеин ауданына қарасты Жуково елді мекеніне тұрақтауға рұқсат алып, осында әйелімен жылға жуық тұрады. Осы жылы 28-қаңтарда жерлестері «Сарыарқа самалы» басылымында «Жауға түскен жан сөзі», «Қарқаралы қаласына», «Жұртыма» өлеңдерін жариялайды. 1934 жылы «Қызыл крест» қоғамының араласуымен түрмеден босатылып, Алматыға келеді. Осы жылы «Қазақ тілі грамматикасының тарихы» атты ғылыми еңбек жазуды бастайды. 1934 жылы 16-желтоқсанда Орталық мұражайға кеңесшілік жұмысқа тұрады, мұнда 1936 жылдың 21-қыркүйегіне дейін істейді. Осы жылдары суретші В.Н.Хлудовтың қазақ тұрмысы туралы туындыларына «Заключение по картинам художника Хлудова» сараптама пікір жазады.

Өкінішке орай, И.Сталиннің 1925 жылғы 29 мамырдағы «Ақ жол» газеті туралы хаты Ахмет Байтұрсыновты және оның серіктерін «ұлтшылдар» және «шоқаевшылдар» ретінде қуғындауға теориялық негіз қалады. Қазақстандағы қуғын-сүргінді жергілікті басшы Ф.Голощекин жандандыра түсті. Ақырында алғаш Архангельскіде, соңынан Томскіде 1929-1934 жылдары айдауды болған Ахмет Байтұрсынов, көп кешікпей, 1937 жылы қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілігіп жазықсыз атылып кетті.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары.-Қарағанды: «TENGRİ Ltd», 2013.-382 б.
2. Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан. 1997 ж. 5 желтоқсан. —3-5 бб.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. — Алматы: «Атамұра», 2002. — 768 б.
4. Нұрпейісов. К Алаш һәм Алашорда. — Алматы «Ататек» 1995- 256 б.



5. Омарбеков Т. Қателескен Ленин бе, жоқ әлде қазақ зиялылары ма? // Егемен Қазақстан, 1991. 26
6. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы: Қазақ университеті, 2004.-388 б.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ - ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Сеилбекова Баршагуль Тулегеновна  
Ш.Уәлиханов атындағы №1 жалпы білім беретін мектебінің бастауыш мұғалімі.  
Аубакирова Толкын Утешовна  
Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің мектепке дейінгі және педагогика пәндерінің оқытушысы және педагогика ғылымдарының магистрі  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

XX ғасырдың басында қазақ даласындағы әлеуметтік - саяси жағдай күрделілене түсті. Бір жағынан патшалық Ресейдің отаршылық саясаты күшейсе, екінші жағынан, жергілікті ұлықтардың озбырлығы да отқа май құя түскендей болды. Осы кезде қазақтың бір топ оқығандары: А. Байтұрсынов, Ө.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Жұмабаев ұлт-азаттық қозғалыстың көш басшылары болып, халқын күрес жолына бастады.

Осы үркердей топтың ішінде Ахмет Байтұрсынұлының азаттық жолындағы күресте атқарған қызметі айырықша. Оның бүкіл саналы ғұмыры туған халқының бақытты болашағы үшін қызмет етуге арналған. Жастайынан әділетсіздікті көп көріп өскен Ахметтің ой-санасы ерте оянады. Ол көрген өмірдің ауыртпалықтары, патша өкіметінің отаршылдық қысымы жас жігіттің бойындағы халықтық қасиеттерді қалыптастырады. Патша ұлықтарына қарсы шыққан әкесі мен ағасының сотталып кетуі, кейіннен зорлық-зомбылықты басынан көп өткеруі оны азаттық жолындағы күреске ұмтылдырады. Бұл туралы ол бір өлеңінде «оқ тиіп, он үшімде ой түсіріп, бітпеген жүрегімде бар бір жарам» деп он үш жасынан бастап осы жолға түскенін айтады. [1]

Өнер алды-қызыл тіл» деп мақалдап өткен қазақ ақындары, жазушылары осы күнге дейін қазақ поэзиясында биік орын алады. Солардың бірі –Ахмет Байтұрсынұлы. Өз заманының ағысына қарсы тұра білген қайраткер. Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен. Өз достарының алды бола білген Ахмет өткір, алмас қылыштай адамның ойын осып өтетін сөздерімен өлең арқылы ой-сезімін білдірген. Қазақтың қазақ бола білуіне кеудесіндегі жанын аямаған. Қарусыз-ақ сөзбен адам өлтіретін Ахмет қазақ елінің келешегін тәуелсіздікке жетелеген халықтың рухани жетекшісі. Халық үшін, халықтың мәдени- әлеуметтік болмысын көтеру үшін қызмет еткен.

Ең алғаш қазақ тілінде әліппе кітабын жинақтаған Ахмет еді. Қазақ балалары көзі ашық, сауатты азамат болып шығуға септігін тигізген. Қазақ тіліндегі әліпби осы сөздердің бәріне дәлел. Тек қана кітап жазумен тоқталмаған Ахмет, орыстың белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аудауып өзінің халыққа шамшырақ екенін дәлелдеп өткен. Халықтың білімді болуына, сауатын ашуға көп көмек көрсеткен. Бұрынғы қарапайым қара сөздерді жаңғыртып, халық санасына қалыптастыру басты мақсаттарының бірі. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген. Өлеңдеріндегі сөздердің өзі адам көңіліне талпыныс, алға қарай жол бастап көш артында қалып қоймауға себепші болған. Қазақ тілін болашақ ұрпақтарға дамыта түскен қалпында басқа тілдерден биігірек ұстап, тазалығын сақтауға демеу болады. Қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танудағы қызметі қазіргі мектептерде қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Ахмет қалыптастырған әдеби-теориялық терминдер осы күнге дейін өмірін жалғастыруда. Бұның бәрін әдебиетші Ахметтің қымбат, алтын, гаухардай асыл сөздері мен тәлім-тәрбиеге толы адамдық қасиеттерді сипаттап жазған өлеңдері бәрі-бәрі болашақ ұрпаққа келешегіне керек нұсқау болатын тұзу жол емес пе!? Қазақ тілін әсем әшекейлей білген Ахмет өз еңбектерімен басқа да елдерге танымал бола білді. Өзі де басқа халық ақындары мен жазушыларының жақсы деген өлеңдері мен мысалдарын өз ана тілімізге аударып кетті. Артына өшпес із қалдырды. [2;1]

Ахмет - қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымының ағартушысы. Ахметтің мұрағаты жаңа уақыт, жаңа заманға, халқына қызмет етуде. Ахметтің ілімдері-әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі-қазіргі заманға өте керек.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. 1905 жылдары Ресей «Кіндік үкіметіне» жазылған петициядан, редактор болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын қазақ тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен, ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интелегінциясы өкілдерін баулуынан танылады. [2;2]

Ахмет Байтұрсынұлын үстіміздегі жылдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ қауымы көшінің рухани басшысы етіп танытқан — оның қазақ халқын «іргелі жұрт» қатарына қосу үшін жүргізген күресі және сол күресте ұстанған бір қаруы - ағартушылық идеясы болды. Оқу - ағарту идеясы – Ахмет Байтұрсынұлының әлеуметтік қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы жатқан отар ел болатын. Халқы үшін сол кезде бебеу қаққан ойшылдардың көзімен көріп, сөзімен айтқанда бұл тұстағы қазақ халқы «көгі қараңғы, көңілі ұйқылы, еспесі жоқ қайығы қалтылдақ, малы талауда, жаны қамауда» болған «қайран ел, қайран жұрт» еді. Қазақ халқын әлеуметтік теңдікке, азаматтық мәдениетке жеткізетін, амал-әрекеттің бастысы «түгел қазақты» сауатты етіп, көзін ашу «надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз - бәрі надандық кесапаты». Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен бірге қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізінде қазақтың мәдени дүниесіне көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, оқу-ағарту идеясына сол кезіндегі интелегенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды сол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліпбидің» жаңа түрін жазды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. [3;1]

«Тіл – құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл – құралдарының» орны айрықша.

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалауындағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі – ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жаңғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екені олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы. Ахмет Байтұрсынұлының 1928 жылы Қызылордада жарық көрген екі бөлімнен тұратын екі кітапты «Тіл жұмсар» деген еңбегі белгілі. Ол методика саласында 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жинаған. Жазу таңбаларын үйрету амалдарын түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылы жарық көрген. Жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліпби астары» методикалық еңбегінде тағы көрсетеді. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында қазақ тілі методикасына арналған бірнеше мақала жариялайды.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен. Бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынұлы жазуы» дүниеге келген екінші сол жазумен сауат аштыруды ойлаған бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған бұл үшін «Тіл құралды» жазған. [3;2]

Ахметтің қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағызыдан тауып оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (синтаксис) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде айтылған болатын. Ғалым өз қолымен жазылған «Өмірбаянында» былай деді: «Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен: екіншіден, қазақ алфавитін (штрифін емес), орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен: үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен: ақыры, ең соңында, төртіншіден, проза (іс-қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жады тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған және өзім редакциялаған «Қазақ» газеті арқылы іске асты». Бұл жолдарда ғалымның өмір бойы жасаған істері тиянақты, жүйелі түрде айтылған. «Тіл-адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы – жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман...», - деп жазды ол. [3;3]

Байтұрсынұлы қазақ мектептерінің мұқтажығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 жылы, синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл грамматикалық терминдерді қалыптастырды. Мысалы: зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, тағы басқа жүздеген ұлттық терминдерді түзді. [4;1]

Сондай-ақ Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ. Байтұрсынұлының ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды. 1923 жылы Байтұрсынұлының 50 жасқа толғаны Орынбор, Ташкент қалаларында салтанатты түрде аталды. С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Дулатов, Е.Омаров сияқты замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалады. Өмірі мен қызметіне, шығармашылығына ғылыми пікір-тұжырымдар айтылды. Әуезов Байтұрсынұлы туралы «Ақанның елу жылдық тойы» деген мақаласында «Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы хукіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» деп жазды. 1929 жылы шыққан «Әдебиет энциклопедиясында» (Мәскеу) Байтұрсынұлы тұлғасына «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогы. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми әділ баға берілді. [4;2]

Қорытындылай келе, Ақанның тарихи мұраларына тоқтала кетсек мынадай мән-жайларға ие боламыз. Қалайда халықты ояту, сезіміне әсер ету жылдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақорыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, дәл аударма жасау дәстүріне мойынсұнады. Бұрынғы ескі ертегі, хикая үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиялы жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға әсер ету мақсатымен аудармалар бастыра бастады.

А.Байтұрсынұлының тіл білімі саласындағы еңбектерін саралау, жүйелеу, оларға тарихи тұрғыдан баға беру тілші ғалымдардың еншісіндегі-зор жауапкершілігі бар іс. Ахмет Байтұрсынұлы-тіл білімінің негізін қалаушы өшпес жұлдыз.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. «Егеменді Қазақстан» газеті. 2003ж.28 қаңтар.
2. www. q-qjbal . aef. kz.Қазақстанның ресми сайты.
3. Айбын. Энциклопедия. /Бас редакторы Б.Ө.Жақып.-Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.
4. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 ж., 509 бет. ISBN 5-7667-2616-3
5. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы
6. “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9

### АХМЕТ-ҰЛТ КӨСЕМІ

Серікбекова Ұлжан Серікбекқызы

М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің студенті

Абай облысы, Семей қаласы

Халқымыздың біртуар перзенті, ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі, «Алаш» партиясы мен «Алашорда» ұлттық кеңесінің «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушы мемлекет және қоғам қайраткері, түркітанушы, қазақ тілі мен әдебиеттанудың негізін қалаушы лингвист, ақын мысалшы, «Қазақ» газетінің ұйымдастырушысы әрі шығарушысы, бас сарапшы, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5-қыркүйекте Қостанай облысы, Торғай өлкесі, Сарытүбекте дүниеге келген.



А.Байтұрсынұлының қазақ елінің тарихында зор бетбұрыс жасаған ұлы өзгерістердің ұйытқысы болғаны баршаға мәлім. Ұлттың ұлы ұстазының жан-жақты қоғамдық-саяси қызмет мен еліміз тарихында алатын орнын көрсету тарихшы еңбектерінде лң шешімін тапқан. Солардың ішінен академик

М.Қозыбаевтың «Ахмет Байтұрсынұлы – XX ғасырдың ұлы реформаторы», «Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар», жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Ұлт ұстазы», «Ұстаз ұлағаты», тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы», «Саяси элита және ұлт мүддесі», «Ахаң аялаған азаттық рухы» атты ғылыми зерттеулерін ерекше атап өту қажет.



Қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы Алаш партиясының жетекшілерінің бірі болып, қазақ елінің тәуелсіз мемлекеттігі үшін саяси күресте шыныққан тарихи тұлға. 1919 жылы Қазақ революциялық комитетіне мүше болып тағайындалды, яғни кеңес үкіметі кезінде де жоғары қызметтер атқарды: Қазақстан Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы Ғылыми-әдеби комиссиясының төрағасы, халық ағарту комиссары, Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, Қазақстан Халық Комиссариаты Академиялық орталығының жетекшісі, Алматы, Ташкент жоғары оқу орындарының профессоры болды.[1]

А.Байтұрсынұлы, қандай қиын-қыстау жағдайға тап болса да, ұлт мүддесін, серіктестерін ешқашан сатпағанын, адамгершілік-азаматтық бағытынан қылдай ауытқымағанын, Қазақ өлкесі Әскери-революциялық кеңесінің қазақ халқын біріктіру және оны Кеңес өкіметі жағына тарту туралы мәселені қараған 1919 жылғы 27 қазанда өткен мәжілісінде сөйлеген сөзі арқылы тағы да бір рет дәлелдеді. Осы мәжілістің хаттамалық жазбасында кездесетін: «Байтұрсынұлы жолдас мыналарды ұсынды: 1) Қырғыз ревкомы қырғыздарға кеңес өкіметінің қырғыз халқына жалған емес, шын мәнінде автономиялық, өзін өзі басқаруды бергенін айқын көруі үшін дербес іс-қимыл көрсететін болсын; 2) барлық қырғыздарға, соның ішінде қазақтар жағында Кеңес үкіметіне қарсы күресіп жүрген Торғай және Орал Алашордашыларына Кеңес үкіметі жағына өткен жағдайда кешірім жариялансын және 3) жергілікті жерлерде Кеңес үкіметі халық сенімін қамтамасыз ететін мейлінше ақылға қонымды іс-әрекет жасауға және сол арқылы ақтар жағында жүрген және Кеңес үкіметіне сенбестікпен қарайтын адамдардың Кеңес үкіметі жағына өтуіне жәрдемдесуге шаралар қолданылатын болсын деген жолдар осының айқын айғағы.[2]




Жалынды да ойлы көсем сөз шебері, баспагер әрі ұйымдастырушы А.Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін осы тұрғыда пайдалануды ұсынып, бұл басылымның алдына қойған мақсаты «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп тап басып көрсетті. Бас редактор ретінде ол сол кездегі білімді, зерделі азаматтар басын қосып, оқу-ағарту, ұлт, жер мәселелерін батыл көтерді.

Бұл газеттің қазақ ұлты тарихында алатын орны қандай? Деген сауалға жауап іздесек, М.Әуезовтің 1923 жылғы лебізі ойға оралады: «Қазақ» газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ақаң салған өрнекті біліп, Ақаң ашқан мектепті оқып шыққалы табалдырығын жаңа аттап ішіне жаңа кіріп жатыр. Ақаңның бұл істеген қызметі – қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет, істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш – мәңгілік ескерткіш. ...Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой

түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді? Ол екпін, ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға заман ерік бермеген соң, маса болып тлай ызындап оятамын деп, ұзақ бейнетті мойнына міндеті қылып алған Ақаңның екпіні болатын».

Осы орайда белгілі ғалым, тарих ғылымының докторы К.Нұрпейіс былай дейді: «Міржақыптың «Оян қазағындағы» Ахметтің «Масасындағы» ұлттық намысты қайрау, халық санасын ояту идеялары «Қазақтың» беттерінде нақтыландыра, өткірлендіре түсті. Осы арқылы олар халық арасында отарлық езгіге қарсы саяси хал-ахуалды қалыптастырды».



Ұлттық мәні бар саяси-әлеуметтік және мәдени мәселелерді көтеріп, шешуде мерзімді баспасөздің атқарар қызметінің маңыздылығын А.Байтұрсынұлы жақсы түсінді. Сондықтан да о шын мәніндегі жалпыұлттық газет шығару ісіне көп күш жұмсады. Әлихан Бөкейхановтың бағыт беруімен, Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен, Міржақып Дулатұлының қосшылығымен, озық ойлы, халық қамын ойлаған жекелеген дәулетті адамдардың демеушілігімен 1913 жылдан бастап Орынборда жалпыұлттық биресмилік «Қазақ» газеті шыға бастады. Оның бірінші санында жарияланған оқырмандарға арналған мақаласында Ахмет Байтұрсынұлы газетті «халықтың көзі құлағы һәм тілі» деп анықтай келіп, «жұртым деп арын арлап, зарын зарлап, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады», - деген тұжырымы арқылы газеттің қоғамда алатын орнын, саяси маңызын барынша айқындап берді. Ахаң редакторлық еткен «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан білімпаз азаматтар оның беттерінде жарияланған жер, ұлт мәселесі, құу-ағарту ісі, мемлекеттік құрылыс сияқты маңызды мәселелер жөніндегі мақалалары арқылы, кейде ашық айтылған пікірлері арқылы патша үкіметінің отарлық саясатын сынап, оған демократиялық мазмұндағы талаптар қоюмен қатар халықтың саяси санасын тәрбиелейді. Міржақыптың «Оян, қазағындағы», Ахметтің «Масасындағы» ұлттық намысты қайрау, халық санасын ояту идеялары «Қазақтың» беттерінде нақтыландыра, өткірлендіре түсті. Осы арқылы олар халық арасында отарлық езгіге қарсы саяси хал-ахуалды өалыптастырды. [3]

Ахмет Байтұрсынұлы 1926 жылы өзінің әйгілі «Әдебиет танытқышын» кітап қып бастырып шығарды. Бұл – біздің жыл санауымыздан үш жз жиырма алты жыл бұрын Эллада елінде жарық көрген Аристотельдің атақты «Поэтикасы» тәрізді, сөз өнерінің болмысы мен бітімін жүйелі байыптайтын қазақ топырағындағы тұңғыш теориялық зерртеу еді.

Егер Лессинг өзінің «Гамбург драматургиясында» Аристотель «Поэтикасын» мінсіздік тұрғысынан «Евклид элементтерімен» қатар қойған болса, біз бүгін Ахаңның «Әдебиет танытқышын» Аристотель «Поэтикасымен» салыстырар едік.

Мұның мәнісі – екеуі де: бірі – грек әдебиетінің, екіншісі – қазақ әдебиетінің алғашқы «әліп-билері», Асылы, үздік қасиеттері бір-бірінен неғұрлым ерекше болса, бір-біріне соғұрлым ұқсас болады.

Мінсіздік дедік.

Мұның өзі уақыт пен кеңістікке тығыз байланысты тарихи категория: уақыт өтсе, кеңістік өзгерсе, бұл да адам танымастай өзгеріске ұшырайды.

Айталық, Эсхил трагедиясындағы мифтік құдайлар қырсықтан қырсыққа шалдығып, қырылып жатқанда, шетінен маңырай жылағын гректер Лукиан комедиясындағы өлімге жамырай күлген.

Ал Ахаң болса, біз тұңғыш қазақы теориялық трактат ретінде бағалап отырған өзінің «Әдебиет танытқышында» терменің жанрлық ерекшелігін былай сипаттайды: «Терме деп ат қойылуының мәнісі – бұл түрлі шығармалары бір нәрсенің жайынан сөйлеп тұрмай, көп нәрсені теріп сөз қылып өтеді. Түрлі шөптің басын шалып оттап, тоқтамастан желге қарай тартып бара жатқан мал сияқты»

А.Байтұрсынов – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған адам. Күш жұмсауға тура келген себебі мынада, Қазақ балаларына арналып 1902 жылдан бастап ашылған үш жылдық бастауыш мектептің өзінде шәкірттер сауатын орыс тілінде ашатын, қазақша оқылатын

пәндердің тілі қазақша болғанмен, жазуы, яғни ресми түрде қабылданған графикасы жоқ болатын, сондықтар әр мұғалім өз ыңғайына қарай не орыс, не араб жазуларын пайдаланатын. А.Байтұрсынұлы мен өзге де бір топ қазақ интеллигенциясуәкілдері болып, 1905 жылы 26 маусымда Ресей Империялық Министрлер Советінің Председателі атына петиция жазады. Мұнда бір пункт етіп қойған талаптары «қазақ даласында оқу-ағарту ісі дұрыс жолға қойысын, ол үшін ауыл мектептерінде балалар қазақша сауат ашатын болсын, оқу ана тілінде жүргізілсін» деген болатын. Осы талаптың жүзеге асуы үшін А.Байтұрсынов қазақша сауат ашатын тұңғыш әліппе құралын жазды. Оны «Оқу құралы» деген атпен 1912 жылы Орынборда басып шығарды. [4]



Ахмет Байтұрсынұлы – аса ірі қоғам қайраткері, көрнекті ақын, қазақ тілінің қолдану пиясын кеңейту үшін аянбай күрескен, тіл ғылымының негізін салған тіл зерттеушісі, қазақ поэзиясының теориялық тұрғыдан тануды жүйелеп ізге салған теоретик-ғалым, халыққа білім беру саласында еңбек сіңірген педагог-ұстаз. Ол ХХ ғасырдың басында, аумалы-төкпелі заманда қазақ қоғамының өміріне жаңа бағыт, жаңа арна тапқан қайраткерлердің алдыңғы шебінде болып, қазақ мәдениеті, қоғамдық ой-санасы дамуына өлшеусіз үлес қосты. Ахаң осы салалардың бәрін түгел айтпағанда, тек ақындығы мен әдебиеттануға сіңірген еңбегімен-ақ тарихта аты қалуға әбден лайық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Алматы «Ел-шежіре», 2013.- 384б
2. Алашорда. Құжаттар жинағы. Құрастырған Н.Мартыненко. – Алматы: 85-б.
3. Нұрпейіс К. Ахмет Байтұрсынов – аса ірі қоғам қайраткері // Ұлттың ұлы ұстазы. – Алматы, 2001. 11-б.
4. Ұлттың ұлы ұстазы (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады). Алматы, 2001

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ - ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Сәрсенбаева Сымбат

№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық колледжі

1 курс студенті

Алматы қаласы

Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері – Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылында дүниеге келген. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі.

Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Әкесінің інісі [Ерғазы] Ахметті Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болған.

Байтұрсыновтың саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды.

Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсыновты қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы қалада 1913–1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейханов, М.Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды.

Байтұрсыновтың Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты. Байтұрсынов 1917 жылы рев. өзгерістер арнасында өмірге келіп, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ к-тері сияқты тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ газеті» арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды.

Байтұрсынұлы Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды. Байтұрсынов пен Дулатов қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру – жүзаралық алауыздыққа байланысты Алаш Орда үкіметінің құрамына саналы түрде енбей қалды, бірақ олардың қазақ ұлттық мемлекеттік идеясын жасаушы топтың ішінде болғандығын замандастары жақсы біліп, мойындады. Алаш Орда құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Байтұрсыновты бекітті. 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды. Байтұрсынұлы 1919 жылы наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-рев. к-ті төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Байтұрсыновтың ықпалымен сәуірде Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды. Байтұрсынұлы бұл тарихи кезеңде «патшалардың төрінде отырғаннан, социалистердің босағасында өлгенім артық» деген пікірде болды (ҚР ҰҚК архиві, 78754-іс, 6-т., 44-п). 1920 жылы В.И.Ленинге үкіметінің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынға алған хатын жолдады. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласты.

Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 ж. 27 тамызда Қостанай уезін Челябинск облысына қосу туралы шешіміне қарсы Б-тың жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды. Ол 1920 ж. тамызда құрылған Қазақ АКСР-і үкіметінің құрамына еніп, 1920–1921 жылы Қазақ АКСР-і халық ағарту комиссары қызметінде болды.

1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922–1925 жылы Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. Байтұрсынұлы түрлі мемлекеттік қызметке ат салыса жүріп, сонымен бір мезгілде өзінің жаны сүйген оқытушылық-ұстаздық жұмысынан да қол үзбеген.

1921–1925 жылы Орынбордағы, 1926–1928 жылы Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928 жылы Алматыда Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты. 1929 жылы 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930ж. 4 сәуірдегі шешіміне сәйкес Байтұрсынұлы ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырады: 1931 жылы қаңтарда 10 жылға концлагерьге ауыстырылса, 1932 ж. қарашада 3 жылға Архангельскіге жер аударылсын деп ұйғарылды.

1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге өткізуге рұқсат беріледі. 1934 жылы М.Горькийдің жұбайы Е.П.Пешкованың көмегімен Байтұрсынұлы отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарады. 1937 жылы 8 тамызға тағы да қамауға алынып, екі айдан соң, яғни 8 желтоқсанда атылды. Тұтас буынның төл басы болған Байтұрсыновтың алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Ол бұл еңбегінде Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін жұмбақтап, тұспалдап жеткізді. Байтұрсынұлы мысал жанрының қызықты формасы, ұғымды идеясы, уытты тілі арқылы әлеум. сананың оянуына ықпал етті. Ақынның азаматтық арман-мақсаты, ой-толғамдары

кестеленген өлеңдері «Маса» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді (1911). «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды. Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта отырып, Байтұрсынұлы 20 ғ. басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге көтерді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы қазақ тіліне А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ф.Вольтер, С.Я.Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалар Байтұрсынұлының тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды.

Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектердің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетик. сипаты баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Байтұрсынұлының Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Мысалы, меңзеу, теңеу, ауыстыру, кейіптеу, әсірелеу, алмастыру, шендестіру, үдету, түйдектеу, кекесіндеу, т.б. «Әдебиет танытқышта» ақындық дарын табиғаты, шығарм. психологиясы, шабыт стихиясына ғылыми тұжырым берілді. Өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас, т.б. ұғымдарға анықтама берді.

«Қазақ» газеті либералдық-демократиялық бағыттағы идеяларды білдірді. Тұтас алғанда қазақ өлкесінің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірінің дамуымен таныстыра білген «Қазақ» газеті «Алаш» партиясының дауысына айналды.

Осы тұста әлеуметтік ахуалды баяндаған цензура көтермейтін мақалалар жариялағаны үшін әкімшілік А.Байтұрсынұлыға бірнеше мәрте (1914-1915) айыппұл төлетеді, кейіннен абақтыға қамайды. Бұл — үшінші рет қамалуы

1918-1919 ж.ж. «Алаш» партиясының жетекшісі, «Алашорда» үкіметінің жетекшілерінің бірі әрі оқулықтар жазу жөніндегі Комиссиясының құрамында қызмет етеді. Осы жылы «Революция и киргизы» мақаласы «Жизнь национальностей» атты басылымда жарияланады.

1917 жылы патшаның тақтан құлауын Ахмет Байтұрсынұлы зор қуанышпен қарсы алып, Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен қазаққа бостандық, теңдік әперу үшін саяси күрес майданына араласты. 1917 жылы Ақпан революциясының жеңісінен кейінгі елдегі революциялық процестердің қарқынды дамуы барысында Әлихан Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан либерал-демократиялық көзқарастағы қазақ интеллигенциясының өкілдері ұлттық партия құру жоспары бойынша өз жоспарларын жүзеге асыруға кірісті.

1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында І-ші жалпықазақтың съезде Ахмет Байтұрсынұлы пен Міржақып Дулатов «Тәуелсіз автономия» құру идеясын ұсынды

І-ші жалпықазақтың съездің қортындысында «Алаш» ұлттық саяси партиясы құрылды. Әлихан Бөкейханов қазақ халқының көсемі, партия басшысы болып сайланды. Бірақ қоғамда аласапыран ахуал қалыптастырған большевиктердің төңкерісі Ахмет Байтұрсынұлы және оның серіктерінің қазаққа дербес ұлттық автономия алып береміз деген әрекеттерін тұйыққа тіреді. Алаш қозғалысы білімсіз кедей-кемшіктің қалың тобырына арқа сүйеген жүгенсіз коммунистік қозғалысқа қарсы тұруға ол заманда қауқарсыз еді. Осыны түсінген және халқымен бірге болуды ойлаған Ахмет Байтұрсынұлы 1919 жылдың наурызында Кеңестер өкіметі жағына өтті, алғашқы өлкеде құрылған Революциялық комитет құрамына енгізілді. Ахандай ірі тарихи тұлғаның беделі уақытша болса да большевиктерге де қажет болды. Ол екі жылдай Республика халық ағарту комиссары қызметінде болып, қазақты ағарту ісіне, осы саланы аяғынан тұрғызуға қыруар еңбек сіңірді.

Қазақ халқының қоғамдық ой-санасының дамуындағы барлық саяси қозғалыстар А.Байтұрсынұлының есімімен байланысты. Ол бейбіт ұлттық либерализмнен Октябрь революциясын және Совет өкіметін тануға дейінгі саяси даму кезеңдерінен өтті [4, 202 б.].

1919 жылғы жаз бен күзде Ахмет Байтұрсынұлының инициативасымен Қазревком өз мәжілістерінде Алашорданың батыс бөлігімен байланыс жасау және оның басшыларымен келіссөздер жүргізу үшін арнаулы өкілдер жіберу мәселесін талай рет талқылады. Қазревкомның және оның төрағасы қызметін көп жағдайда өзі атқарған Ахмет Байтұрсынұлының осы мәселедегі табандылығы Торғайда болған оқиғаларды қайталамау және Алашорданың батыс бөлімінің түгелдей Совет жағына шығуын қамтамасыз етпесе де, оның Совет өкіметіне бейтарап жағдайда болуын жүзеге асыру ниетінен туындаған еді. Түптеп келгенде Алашорданың батыс бөлімін ақтардың одақтасы болудан совет өкіметі



жағына шығару Орал өңіріндегі азамат соғысын тезірек аяқтаудың алғы шарттарының бірі еді [4, 206 б.]. Шын мәнінде, Аханның және оның серіктерінің Кеңес өкіметі жағына кездейсоқ өтпегені белгілі. Бұл туралы Аханның өзі «Жизнь национальностей» журналында 1919 жылы 3 тамызда жазған «Революция және қазақтар» атты мақаласында төмендегідей пікір білдірген еді: «Егер де бұрын бір топ адамдар патша чиновниктері атынан қырғыздарды (қазақтарды) жауапсыздықпен қамап, әр түрлі зорлық-зомбылықтарға жол берген болса, дәл осындай қылықты шет аймақтарда большевик-коммунистер деген атты жамылған осындай және басқадай адамдар тобы байқатты. Патша өкіметі кезінде, бұрын мұндай жағдаймен ымыраға келмеген мен және менің пікірлестерім, енді тағы да осындай істер Советтің Ресейде түгелдей орын алуда деп ойлап ымыраға келмей кеңес өкіметін мойындауғы қарсы болдық. Бірақ монархиялық билік бағытындағы Колчактың пайда болуы осы және басқа билік туралы ойлауға мәжбүр етті. Сонда біз қырғыз (қазақ-Т.О) халқының ежелгі арманы оңшыл ма әлде солшыл ма әйтеуір, жүзеге асар болар дегенге көзіміз жеткендіктен жергілікті большевиктердің іс-әрекеті біздерге ұнамды көріне қоймаса да кеңес өкіметі жағына шыққанды жөн көрдік»

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1.А-Алматы. «Алматы кітап баспасы», 2009 ISBN978-601-01-0268-27
- 2.Айбын. Энциклопедия. / Бас ред.Б.Ө.Жақып .-Алматы: «Қазақ энциклопедиясы»,2011.
- 3.Ахмет Байтұрсыновтың халық ағарту саласына қосқан үлесі //Халықаралық ғылыми конференциясы. – Алматы, 2007 жыл.
- 4.Ахә және «Қазақ» газеті //Қазақ тарихы. №2.
- 5.Байтұрсынов А.Әдебиет танытқыш .-Алматы,2008ж.
- 6.Байтұрсынов А.Тіл тағылымы.-Алматы «Ана тілі» 2003ж.
7. «Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясы Алматы, 2002.

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ - ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Сулейменова Сақыш студент  
п.ғ.м., Мешелова Роза Жарасбаевна  
Қостанай гуманитарлық колледжінің оқытушысы  
Қостанай облысы, Қостанай қаласы

#### 1 Ұстаз, халық ұстазы

##### 1.1 А.Байтұрсынов ұлы тұлға, жан жары Бәдрисафа

*Әбіш Кекілбаев*"Ахмет Байтұрсынұлы- ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға".

*Адамдық диқаншысы қырға шықтым;  
Көл жоқ, көгалы жоқ- қорға шықтым.  
Тұқымын адамдықтың шаштым ектім,  
Көңілін көгертуге құл халықтың.*

*А. Байтұрсынов.*

Ол - ақын, жазушы, аудармашы, публицист, қоғам қайраткері, ағартушы, түркітанушы, әдебиетші, тілші. Оның бүкіл еңбегінің мәнін бір ауыз сөзге сыйғызып айтар болсақ, ол ҰСТАЗ, ХАЛЫҚ ҰСТАЗЫ.

"Ұлт үшіндеген істің ұлғаюына күшін қосып,көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін десендер азаматтар, тура жолдың бірі осы. Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенін ғұмыр жеткенінше істеп кетелік".[1]



А.Байтұрсынов (1873-1937)

Ахмет Байтұрсынұлы- қыры мен сыры мол адам. Біріншіден, ол қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, сондан із салған жаңашыл ағартушы. Ол жазған мектеп оқулықтары 1914- 1915 жылдан 1927- 1928 жылға дейін пайдаланылып келді. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсынұлының "Әліпбиімен" ашып, ана тілін Байтұрсынұлының "Тіл құралы" арқылы оқып үйренді [2,208 бет].

Жалпы XX ғасырдың басы қазақ өміріндегі еркіндік, азаттық мәселелері төңірегіндегі ой-сананың бұрын-соңды болып көрмеген деңгейде дамуымен ерекшеленетін болса, осындай ой-сананы,қоғамдық идеяны қалыптастырып, қалың бұқараны ілім-білімге, азаттыққа үндеуге А.Байтұрсыновтың алар орны ерекше. Ол отарлау саясаты шарықтау шегіне жетіп, тәуелсіз мемлекеттік тұрмақ,өзінің қазақ деген атынан айырылып қала жаздаған тұста қалың елді оятып, бостандыққа жетер сара жолды дәл нұсқап, сол кездегі ат төбеліндей қазақ зиялыларының рухани көшбастаушысына айналды[3,2 б]. Ұстазымыз, А.Байтұрсынов 1873 жылы 28(15)

қаңтарда сол кездегі Торғай уезіне қарасты Тосын болысының 5-ші аулында, «Сарытүбек» деген жерде (қазіргі Қостанай облысы, Торғай ауданы, күні кешеге дейін «Южный» деп аталған ал бұл күнде Ахмет Байтұрсынов атындағы совхоз орналасқан жерде) дүниеге келген[4,46].

Ақиқаттың желбіреп туы алдағы,  
Шындық бүгін өзгеше шырайланды.  
Ұлы Ахмет, аяулы Бәдрисафа,  
Ел есінде жұп жазбай тұрар мәңгі.

“Халық жауларының” қайсысының да отбасы, әйел, бала-шағасы қорлықты көресідей көрді. Соның ішінде Ахметтің отбасы мен туыстары шеккен зәбірдің жөні бөлек. Аханның асыл жары Бадрисафаны (Александраны) да заманның қара дауылы аямады, қаңбақтай ұшырды. Ахмет тоңған суыққа ол да тоңды, Ахмет көрген азапты бірге тартты. Ахмет Байтұрсыновтың 1924 және 1925 жылдары толтырған сауалнамасы бойынша Бадрисафаның туған жылы 1878 жылға тура келеді. Онда өзімен сыйластығы бар Мұхаметсадық деген татар саудагердің үйіне Ахмет әлгі өзіне тамақ тасып жүгіріп жүрген Александраны қызметші етіп орналастырады екен Ахмет Байтұрсыновтың өмір деректерін зерттеген марқұм Байтұрсын Ілияс Ахаң мен Бадрисафаның Қостанай қаласынан жүз шақырымдай жердегі Әуликөл кентінде кездескенін жазды. “Ахаңды көзімен көрген, туыстықпен араласып тұрған адамдардың қай-қайсысы да Бадрисафаны орыс қызы еді дейді. Әуликөлдегі көлдердің бірінің “Мұғалімкөл” (“Учительское озеро”) атануы да осы ойды орнықтыра түскендей болады. Осы көлдің жағасында жас мұғалім Ахмет пен қорықшының ақ сары, көк көз сүйкімді қызы Александра мәңгілікке қол ұстасады. “Әуликөлде ұстаздық жолын жалғаған Ахаң онда да өлмес ескерткішін қалдырған.

### 1.2 Сөзі де жоғалған жұрттың өзі де жоғалады

Ұлттың ұлт ретіндегі өмірінің қалыптасуы немесе жойылуына себеп болатын бірегей фактор да осы тіл. Бұл мәселені жіті түсінген А. Байтұрсынұлы: «Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады», - деп айтып кеткен. Бауырымызды «ахи», қарындасымызды «ухти» деумен қазақтың мұсылманшылығы күшеймейді. Алайда, діліне айтарлықтай зияны тиеді. Әкенің қанымен, ананың сүтімен дарыған тілде адамға керекті рухани дәруменнің барлығы бар. «Ұлттың тілі - ұлттың ділі» демекші, тіл адамды ата-бабасының руханиятымен тікелей байланыстырып тұрады. Қазақтың тілі - ата дін Исламның мазмұнын бойында толығымен қамтиды. Ана тілін білмейтін қазақ мұсылманшылықты түсінуде көптеген кедергілерге тап болуының басты себебі де осында. "Қазақша сөйлейтін халықтың үлесі 1991 жылы 37 пайыз болса, 2015 жылы 76,3 пайызға жетті, ал 2016 жылдың соңына дейін 82,3 пайызға артты. Сонымен қатар, тілді меңгерушілердің саны да артып келеді - 22,3 пайыз (2015 жыл). Ал орыс тілінде сөйлейтін халықтың үлесі 2015 жылы 0,6 пайызға қысқарып, 89,4 пайызға тең болды", - делінген зерттеуде.



Сондай-ақ, тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, 2025 жылы елімізде қазақ тілінде сөйлейтіндердің үлесі 95 пайыз болады екен де, орыс тілінде сөйлейтін халықтың үлесі 90 пайызға тең болады деп күтіледі екен [5].

Қорыта келе, осы бөлімде қозғайтын жайт ол тіл қазіргі заманда көбінесе өмір сүру құралы ретінде болып қолданылады, яғни адам өзінің, бала шағасының қамын ойлап орыс және басқа да шет тілдерін білуге тырысады. Өйткені ол тілдерде ғылым мен білім жолында табысты болуы шарт. Ал егер тіл тек ара қатынас құралы емес, ол адамның шыққан тегі мен ұлттық құрамын, отандық патриотты қасиеттерін анықтайтын құбылыс болса, онда бұл мәселенің келесі жолдарын шешуге төмендегідей ұсыныстарымды білдіремін;

1. Қазақ халқының демографиясын көтеру
2. Екі қазақ өзара тек қазақша сөйлеуге тиіс

Сонда біз әлемдік дамудан қалмаймыз, ана тіліміздің бұрмаланып жоғалуына жол бермейміз және санымыз бен сапамыз көбейген сайын басқа ұлттардың қазақ тіліне деген қажеттілігі артып МӘҢГІЛІК ЕЛ боламыз!

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуына орай оның қолдану маңызы мемлекет ішінде ғана емес, халықаралық қатынастарға дейін еседі. Бұл қазақ тілін оқу мен оқытуды жән оны жан-жақты зерттеп, дамытуды талап етеді.

Егер де біздер өз тілімізді, дінімізді, өсиеттерімізді, даналығымызды, жоғалтсақ онда қазақ тілі де жоғалады. “Орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, керек болғанда, қазақша оқығанның үстіне керек. Қазақша оқи, жаза білген соң, шама келсе орысша да білу қажет”[6].

Ахмет Байтұрсынов




## 2.2 «Ақ келіннің махаббаты мен ажалы»

Облыстық орыс драма театры Бәдрисафа туралы спектакльді көрерменге ұсынды. Сахнада – Аманқарағай орманы, Әулиекөл. Қол ұстасып келе жатқан қазақ жігіті мен орыс қызының жүзінен жастықтың лебі, сұлулық еседі. Аманқарағай орманшысының сүйкімді, ақылды қызы Александраны ұнатады. Ал Александра мұғалім Ахметті сүйеді. Құрбысы Елизаветаға сырын айтады. Оның «сенің одан ұлтың бөлек, тілін білмейсің, дінің басқа, саған Ахметке тұрмысқа шығуға болмайды» дегенінің біріне де Александра құлақ қоя алмайды. М.Горький атындағы Қостанай облыстық драма театрында тұңғыш рет қойылған «Ақ келіннің махаббаты мен ажалы» атты спектакльдің пердесі осылай ашылады. Александра Ивановнамен қосқанда Ахаң сол кездегі ірі мәдени және діни орталық болған Троицк қаласындағы мешітке апарып, некесін қидырады. Мұсылман дініне өткен Александрға мұсылманша Бәдрисафа атты жаңа есім беріледі. Бұл араб тілінен аударғанда «толған ай» деген мағынаны білдіреді. Торғайдағы еліне жас келіншегі Бәдрисафаны ертіп келгенде қазақ ауылы, Ахаңның туыстары орыс келінге таңғала қарайды. Ахаңмен құрдас Науан хазіреттің «Келіннің руы кім?» деп қағытатыны да сол жолы болса керек. Бәдрисафа қазақ ауылына, Торғайдағы қалың елге тек Ахметтің әйелі болғандықтан ғана емес, өзінің әдемілігімен, тәрбиелілігімен, білімділігімен, ең бастысы Ахаң деген махаббаты арқылы қазақтың тілін де, дінін де, барлық дәстүр-салтын, қалпын сол күйінше қабылдауымен сіңіседі, ұнатады. Сондықтан абысындар арасында «ақ келін» атанады. Ұлтым деп туған Ахаңның сол жолда жұмысы тереңдеген, қайраткерлігі көрінген сайын Байтұрсыновтар отбасының жағдайы ауырлай түседі. Бұл тек Бәдрисафа ғана емес, 30-шы жылдарғы саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болған барша әйелдер рухына құрмет болып саналады, –дейді Римма Шыңғысқызы. Алдағы уақытта театр «Ақ келіннің махаббаты мен ажалы» спектаклін аудандар мен қалаларға, Ахаң мен Бәдрисафаның табаны тиген жерлерге алып шығуды жоспарлап отыр.

### А.Байтұрсынов - ұлы ғалым

Алаш қайраткері педагог, ұстаз, қазақ грамматикасының негізін қалаушы, ұлтымыздың тіл



мәдениеті мен, сөйлем сөздерінің байлық, қолданысын арттырып, бүгінгі күндері қолданып жүрген әріптерді енгізіп, сол кездері бұратана халықтың жастарына білім берудің алғашқы сатысын енгізуге күш салған Ахмет Байтұрсынов алаштың алып азаматы болып мәңгілік қазақ тарихында қалды. Талайы арманда кеткен алаштың қайраткерлері, өздері білім алып, азаматты тұлғалары қалыптасып, саяси сахнаға шыққан патшалық ресейдің дәуірінде емес, ұлт тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күресте, өздері орнатуға ат салысқан Кеңес үкіметінің тоталитарлық жүйенің құрбаны болып, қуғын-сүргінмен өмірлері қиылды. Сонда алаш қайраткерінің ірі тұлғасы Міржақып Дулатов өзі Ақтеңізде айдауда жүріп, А.Байтұрсыновқа жазған хатында «Сендер қайткенде де Мұхтарды сақтаңдар, бізді келешекте Мұхтар ғана қорғайды» десе, өзі де қапаста отырған А.Байтұрсынов 1931 жылы Алматы түрмесіндегі М.Әуезов пен Ә.Ермековке «Сендер әлі жассыңдар, біз сияқты саясатта аттарың шығып әйгіленіп қалған

жوقсыңдар, «біз жаздық, жаңылдық», деп қанша жалынсақ та олар біздерге бәрібір сенбейді және түрмеден шығармайды» осы тұзақтың түскені- түскен. Қателіктеріңді мойындап ашық хат жазыңдар, бәріміз бірдей өліп кетсек, арманымызды алдағы күнге кім апарарды. Екіншіден сендер ештеңе тындырған жоқсыңдар, халыққа бізді жексұрын көрсету үшін, қатесін мойындайтын адамды іздеп отыр. Бұл да күрестің бір түрі, - деп ақыл айтып хат жазған екен. (Е.Күзембаев «Мұхтартану» 2007 жыл. Сол арманда кеткен Алаш қайраткерлерінің армандары арада сексен жылдай өткеннен кейін, еліміз егемендік алғаннан кейін, орындалып, олар елімен қайта қауышты. Қазақ тарихында қара таңба болып жазылған Репрессия жылдарының зардаптары туралы халық, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана білуде. Қазақстанда 100 мыңнан астам адамның қуғын-сүргінге ұшырағаны, олардың 25 мыңнан астамы атылғаны белгілі. Олар Ақмоладағы «АЛЖИР» түрмелерінде азап шекті: Еліміз егемендік алғаннан кейін, алаш қайраткерлерінің әйелдері азап шеккен түрмелерде олардың ат жөндері жазылған мемориалдық кешен ашылды.

Ал алаш қайраткері қуғын-сүргін құрбаны болған Ахмет Байтұрсыновтың әйелі Бәдрисафаның тағдыры қалай болған еді? Ахмет Байтұрсыновтың өмір жолдары, саяси күрестегі, тағдыры, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін кең



көлемде зерттеліп, халқымен қауышуда. Ахаңның атына республикалық әдебиет институты мен көшелердің аты беріліп, еңбектері жарық көруде. Бәдрисафа туралы айтқан сайын еліміз тәуелсіздігі үшін күрескен, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың заманынан көрген қорлығы қалыңдай түскендей болады. Ал бұл әйелдің бар “жазығы” Ахаңды сүйгені, Ахаңды күткені, оның жолында адалдықтан айнымағаны еді. Әрине, ақиқатты



анықтау парыз. Бірақ, ең бастысы Алаш арысымен бірге болып, өлім аузында тұрса да, өмірлік серігін боламын деген сертінен танбаған асыл жанды құрмет тұтып, үлгі ете білуіміз керек. Бүгінгі ұрпақтың ұлт көсемі алдындағы бұл бір өтемі болмақ. Ол «Оқу құралы» (қазақша әліппе) деген атпен алғашқы рет 1912 жылы Орынборда басылды.

Ахан атамыздың 150 жылдығына орай "

Л.Н.Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында 09.02.2022 жылы көрме ұйымдастырылған: әйгілі Серікбай Оспанов көптеген мәліметтерімен бөліскен болатын.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. А. Байтұрсынов қоғам және мемлекет қайраткері. Қазақ тарихы. – 1998. - № 3. – [75 78б.]
2. Ахмет Байтұрсынов «Ақ жол» кітабы, [1991, 252б.]
3. Әбдіраш Ж. Парыз. Парасат. Пайым: Әдеби сын /Құраст, баспаға әзірлеген Н. Мергенбаева. – Алматы: Өнер, [2001. – 312 б.]
4. Б.Илияс жас өркен- Қостанай журналы, [9б.]
5. А. Байтұрсынов Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы. Атамұра, – [2003.-208 бет.]
6. Ө. Оразбаев жас өркен- Қостанай журналы, [2-3б.]

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ - ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Сулембекова Толғанай

Әлихан Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы - техникалық колледжі  
Қарағанды облысы, Балқаш қаласы

Әр кезеңнің болмысымен үндестік табатын азаматтар болады. Әр дәуірдегі ұлы тұлғалардың кейбіреуі көзден таса, ұмыт қалып жатса, енді бірінің есімі тарих бетінде алтын әріппен жазылады. Ал енді біреулердің есімдері ұлылар қатарынан орын алмаса да, ел айтып аузынан тастамайтын елеулі де ауқымды істер тындырады. Сонысымен де жұрт алдында, ел алдында ерекше көрінеді. Қайда барсаңыз да оның ауялы да ардақты есімі жарқырап, алдыңнан шығады. Бәлкім "Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді" деген сөз осындай адамдарға айтылған болар. Міне, осындай есімі тарих бетінде алтын әріппен жазылған ұлы тұлғалардың бірі - Ахмет Байтұрсынов.

Ахмет Байтұрсынов қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы болған. Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған екен. Әкесінің інісі Ерғазының арқасында Ахмет Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебінде оқиды. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895–1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарды. Осы кезде қазақ жеріне орыс шаруаларының көптен көшіп келуі жергілікті халықтың тілін, мәдениетін, елдігін сақтап қалу мәселесін күн тәртібіне қояды. Тіл құрыса, халық та құриды. Ұлт атамыз өшпесін десек, қазақ әдебиеті мен тілін өркендетуді қолға алу керек деп ойлайды Ахмет. Осы ойын іске асыруға кіріседі.

Осы жолдағы ізденістерін ол 1896 жылы А. Алекторовқа жолығудан бастаған. Алекторов бұл кезде Омбыда отырып, Ақмола, Семей болыстарының оқу жүйесін басқарып тұрған болатын. Онымен Ахмет қазақ даласында бала оқыту жайы туралы кеңеседі. Ахмет орыс оқымыстыларының миссионерлік мақсатын, олардың қазақтарды орысша оқыту арқылы орыстандыру саясатын көздейтінін түсінеді. Қазақты өнер - білімге жетектеу өзгелердің емес, өзі тектес оқығандардың парызы деп түйеді. Алекторовтан алған екінші әсері - Ахметтің білім мен өнер жолындағы ой пікірінің кеңейе түсуі еді. Қазақ тарихы мен фольклорынан аса бағалы материал жинап, зерттеген Алекторов Ахметтің көп көмескі түсініктерін айқындап алуына, алдына жаңа мақсаттар қоюына елеулі әсерін тигізеді. Ағартушылық жолға түсіп, «қайтсем, халқыма пайдамды тигізем, қалай көзін ашам, ұйқысынан қалай оятам» деген мақсат Ахметті әдебиетке алып келді. Ол әдебиетті халыққа ықпал етер күш санайды.

Байтұрсыновтың саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы бірнеше рет тұтқындалып, түрмеге жабылған.

Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалған еді. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Байтұрсынұлының Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

А.Байтұрсынов қазақтың тілі мен әдебиетін зерттеген үлкен ғалым. 1929 жылы 1 мамырда өз қолымен орыс тілінде жазған өмірбаянында: «1901 жылдардан бастап, бала оқытқан кездерден бос уақыттарымда, өз бетіммен білімімді толықтырдым, әдебиетпен шұғылдандым. Ал Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім. Одан кейін қазақ алфавитін және емлесін ретке салып, жеңілдету жолында, қажетсіз сөздерден арылуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің әсерінен тазартуға әрекеттендім. Төртіншіден қазақ прозасын (яғни іс қағаздар тілін публицистика мен ғылыми тілін) жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтың сөйлеу тәжірибесіне икемдеу үшін, ғылыми терминдерді жасауға кірістім және стильдік өңдеу үлгілерін көрсетумен шұғылдандым», - деп жазады. Бұл сөздер Ахметтің ғылыми жұмыспен қашан, қалай, қандай мақсатпен шұғылданғанын көрсетеді. А.Байтұрсынов елдің санасын көтеруден бұрын сауатын ашу қажет екеніне мектепте мұғалім болып жүріп әбден көзін жеткізеді. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен оны таңбалайтын әріптер туралы пікірін ол 1912 жылы бастап «Айқап» журналында, 1913 жылы «Қазақ» газетінде білдіреді. Қазақ тілі дыбыстарына қажеті жоқ араб таңбаларын әліпбиден алып тастауды, сөздің жіңішкелігін білдіретін дәйекше деген белгі енгізуді, қазақ тіліндегі төл дыбыстардың әр қайсысына жеке таңба белгілеуді ұсынады. Сол арқылы Ахмет жаппай сауаттандыру ісіне үлкен үлес қосады. Оның бұл тәжірибесін көрші халықтар өзбектер мен татарлар да өз жазуларында қолданды. А.Байтұрсынов ең әуелі қазақ балаларына ана тілінде сауат ашатын әліппе жазды. Ол әліппе. «Оқу құралы» деген атпен алғаш рет 1912 жылы Орынборда басылды. 1926 жылы ол әліппенің жаңа түрін жасады. Бұл осы күнгідей суреттермен жабдықталған оқулықтың үлгісі еді. Кейін мектеп оқушыларына ғана емес, ересектердің сауатын ашуға арналған «Әліп – би» де жазған. ( 1924-1926 ). Тілші ғалымның келесі бір еңбегі «Тіл жұмсар» деген атпен екі кітап болып, 1928 жылы Қызылорда қаласында басылды. А.Байтұрсынов қазақ тілін оқыту әдістемесінің де іргетасын қалаушы болып саналады.

Байтұрсынұлының екінші кітабы — «Маса» (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. Қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» т.б. өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Кітаптың ішкі сазы мен ой өрнек, сөз орамы қазақ поэзиясына тән өзіндік жаңалық, ерекше өзгеріс әкелді.

Халықты оқуға шақырған, білім - ғылымның қажеттігін түсіндірген жалаң үгітші емес, қазақ арасында ағартушылық жұмыстарын, жалпы мектеп ісін жолға қоюға көп күш салған, бала оқытып, ұстаздық құрған ғұлама ғалым. Сонымен қатар ол - оқу - ағарту ісін жолға қою үшін қажет өзге де іс - әрекеттерді қолға алған қайраткер. Бұл іс - әрекеттер: қазақ жазуына лайық графика түзу, жазу тәртібі - емлені жасау, қазақша сауат ашатын "Әліппе" жазу, ана тілін танытатын мектеп оқулықтарын жазу, бала оқытудың әдістерін көрсету. Міне, осы орайда Ахмет Байтұрсынұлы қазақ мәдениеті көгінде жалаң ағартушы болып қана емес, ғалым - ағартушы болып та көрінді. Ол қазақ тілі мен әдебиетін пән ретінде қазақ тілінде тұнғыш баяндаушы ғалым. Атап айтқанда, А.Байтұрсынұлы 1910 жылдардан бастап қазақ жазуымен (графикасымен) айналыса бастайды. Сол күнге дейін өзге түркі халықтары сияқты, қазақтар да пайдаланып отырған араб таңбалары таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы емес екендігін біліп, оны аз тілінің дыбыс жүйесіне икемдеп, қайта түзуді қолға алады. Ол үшін алдымен қазақ тілінің фонетикалық құрамын зерттеуге кіріседі. Әрі қарайғы ізденістерінде араб графикасын қазақ жазуы үшін былайша лайықтап алуды ұсынады: 1) араб алфавитіндегі жуан дыбыстарының таңбаларын алмау; 2) қазақ тіліндегі ы, е, и, о, у, ұ дыбыстарының әрқайсысына таңба белгілеу; 3) к, г дыбыстарынан басқа дауыссыз дыбыстармен келген сөздің жіңішкелігін (яғни қазіргі ә, е, і, у дыбыстарымен айтылатындығын) білдіру үшін сөздің алдынан дәйекші таңба қою. Бұлайша түзілген алфавиттің дыбыс жүйесі сауат ашудың әдісіне сай келетіндігі байқалады. А.Байтұрсынұлының араб жазуын қазақ тіліне

икем деген нұсқасын қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы ешбір талассыз қабылдады, себебі Байтұрсынұлының реформасы қазақ тілінің табиғатына сүйеніп ғылыми негізде жасалған болатын. Сонымен қатар оның 1912 жылдардан бастап ұсынған, осы алфавитті негізге алған жаңа жазуы (ол "Жаңа емле" деп аталды) іс жүзінде қолданыла бастады. 1915 жылдың бір өзінде осы емлемен (жазумен) 15 - тей қазақ кітабы басылып шығып және бұл жазуды ("Жаңа емлені") 1912 жылдардан бастап мұсылман медреселері мен қазақ - орыс мектептері де қолдана бастады. "Жаңа емлені" А.Байтұрсынұлы әрі қарай да қырнай түседі, полиграфиялық жағынан қолайлы - қолайсыз жерлерін, оқыту процесіндегі тиімді - тиімсіз жақтарын салмақтайды. Сөйтіп, араб әріптері негізінде лайықтап жасалған қазақ графикасы 1924 жылы Орынборда маусымның 12 - сінде басталған Қырғыз (қазақ) білімпаздарының тұңғыш съезінде талқыланады.

Ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлы ескі қазақ жазба тілін күллі қазақ халқының игілігіне айналдыру идеясын ұсынды. Басқаша айтқанда, жазу - сызуды демократияландыру арқылы күллі халықты сауаттандыру ісіне бар білімін, күш - жігерін салды. Халықты жаппай сауаттандыруды, білім беруді тезірек қолға алмаса, қазақ қоғамының заман ағымына ілесе алмай қалып қоятынын терең түсіне білген ғалым жүйесі аса күрделі ескі қазақ жазба тіліне түбегейлі реформа жасады. Алдымен, ол араб әліпбиін пайдалана отырып, халық тілінің тоғыз дауысты (а - ә, ы - і о - ө ү - ұ, е) және тоғыз дауыссыздан (б - п, д - т, г - к, ж - ш, з - с, й, л, м, н, ң, р, у) тұратын дыбыс жүйесін негізге алып, қазақ әліпбиін түзді. А.Байтұрсынұлы ұсынған жазба тіл нормасы бірынғай халықтық тілдің сөз, грамматика, дыбыс жүйесіне сүйенді, соларды таяныш етті, ескі түркілік сөз үлгілері мен қалың жұртшылыққа түсініксіз араб, парсы элементтерінің қолданылуы шектеулі болды. А.Байтұрсынұлы жазуы халықтық тілдің сөз үлгілерін жазба тілде бірізді қолданудың жүйесін жасады. Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы халық тіліне негізделген жазбаша тілдік тұңғыш рет оқулықта, оқу құралдарында заңдастырылған нормасын жасады. Тіліміздің заңдастырылған жазу нормаларын А.Байтұрсынұлы негіздеп берді. А.Байтұрсынұлы ұсынған жазу жүйесі жалпақ жұртшылықтың ықыласына бөленді. Ден қойған адам оны бір - екі айдың ішінде - ақ үйреніп алатындай, 24 әріптен тұратын жүйесі ұғымға жеңіл, емлесі оңай болды. Жұртшылық сондықтан бұл жазуды бұрынғы жазудан бөлектеп төте жазу, төте оқу деп атады. А.Байтұрсынұлының төте жазуын тек қазақ зиялылары ғана емес, әлемдік тіл ғылымының (лингвистиканың) көрнекті өкілдерінің бірі Е.Д. Поливанов, фонетика зерттеушісі Яковлев т.б. арнайы тексере келіп, аса жоғары бағалады. Алайда төте жазудың Кеңестер Одағындағы ғұмыры ұзаққа бармады. 1929 жылы қазақ жазуы латын графикасына негізделген, 29 әріптен тұратын жазуға көшті. Ал 1940 жылы қараша айынан бастап латын негізді қазақ жазуы 41 әріптен тұратын осы күнгі орыс графикасына бейімделген жазуға көшті. Ал ҚХР - дағы миллионнан астам қандастарымыз осы күнге дейін төте жазуды қолданып келеді. Онда төте жазумен оқулықтар, оқу құралдары, газет - журналдар, әртүрлі кітаптар шығады.

Енді Ахмет мектепте қазақ тілін пән ретінде оқытатын оқулық жазуға кіріседі. Оны «Тіл-құрал» деп атап, үш кітап етіп жазды. Ол кітаптары 1914-1916 жылдары басылып шықты, 1928 жылдарға дейін өңделіп, 6-7 рет қайта басылды. «Тіл — құрал» оқулығы қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеген ғылыми жұмыстың басы болды.

Тілші ғалымның келесі бір еңбегі «Тіл жұмсар» деген ат пен екі кітап болып, 1928 жылы Қызылорда қаласында басылды.

А. Байтұрсынов қазақ тілін оқыту әдістемесінің де ірге тасын қалаушы болып саналады. Жазу таңбаларын түсіндіретін өзінің 14 жылдық ұстаздық тәжірибесі негізінде жазылған «Баяншы» деген кітапшасы 1912 жылы жарық көрді, кейін толықтырылып 1920 жылы Қазан қаласында басылды.

А. Байтұрсынов 1927-28 жылдары «Жаңа мектеп» журналына оқыту әдістемесін сөз ететін бірнеше мақалаларын жариялады. Ол қазақ тілінің табиғатын, құрылымдық жүйе заңдылықтарын зерттеуде орыс тілі ғылымының тәжірибелерін басшылыққа алды. Қазіргі мектеп грамматикаларындағы тілдік терминдерді жасады.

...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бірбасын бәйгеге тікті. Сәкен Сейфуллин - Ахмет Байтұрсынұлы хақында

А. Байтұрсынов - қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар дарынды ақын, өз бетін танытқан мысалшы, қазақ тілінің әліппесі мен оқулықтарының авторы, жаңашыл ағартушы. Араб графикасына негізделген қазақ жазуын жаңартушы. А.Байтұрсынов шығармашылығы XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің даму тарихындағы биік белес болып қала бермек. Ол шын мәніндегі нағыз күрескер - демократтық поэзияның негізін қалап, азаттыққа ұмтылған азаматтық жыр үлгісін жасады.


#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиеті 10 сынып (Алматы "Мектеп" 2002 [145, 157,1586])
2. Қазақ тілі 10 сынып (Алматы "Мектеп" 2014 [49, 55-576])
3. Қазақ тілі мен әдебиеті (4. 1994 [34, 356]) (<https://tilalemi.kz/article/2091>)

## ҰЛТ ҰСТАЗЫ А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ «ЕРМЕК- ЕҢБЕГІ» ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ

Султанова Асыллай Галымовна

А. Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназиясының  
бастауыш сынып мұғалімі, Қостанай облысы, Арқалық  
қаласы



Торғай даласы- қазақ елінің кіндігі саналатын Ұлытаумен шектеседі. Яғни, созылған сары даланың бір шеті- күншығысында Жезқазғанның кең жазираларымен түйіссе, солтүстігі Ақмола, Қарағанды аумағына ұласады. Батысында Ақтөбенің Хромтауы қос өлкеге мекен болса, оңтүстігі Қызылорданың бұйра құмымен шектесе, иін тіресіп жатыр. Бұл атырап қаншалықты кең болса, соншалықты дара тұлғаларды тудырған дархан дала. Даралардың бірі де бірегейі, бар қазаққа білім дәнін сепкен – Ахмет Байтұрсынов. Әліпби мен әліппені алсақ, Ахмет

ұстаз – ұлт жазуының реформаторы, ана тілді алсақ, Ахмет ұстаз - қазақ тіл білімінің атасы, әдебиет саласында, Ахмет ата- асыл сөздің алтын діңгегі, оқу- ағарту ісінде, Ахмет ата – ұлттық мектептің іргетасын қалаушы, халық ұстазы.[1,б.3]

Ахмет Байтұрсынов- қазақ балаларының сауат ашуына арналған алғашқы әліппелер мен қазақ грамматикасын танытатын тұңғыш оқулықтардың авторы, қазақша сауат аштыру мен қазақ тілін пән ретінде оқыту әдістерін баяндайтын құралдардың иесі екені баршаға мәлім. [3,б.180] Оның бір дәлелі-білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Тамыз конференциясында Қазақстан мектептеріне "Әліппе" қайтарылатынын мәлімдей отырып, біз Әліппені қайтару керек деп есептейміз. Ол 2021 жылы, өздеріңізге жақсы таныс, қазақ тіліне бейімделген Ахмет Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде енгізілетін болады", - деді. Және мақсат орындалып, бүлдіршіндеріміз әліппесін қолға алды.

Мен өзімнің мектеп табалдырығын мұғалім ретінде аттағандағы алғаш қолыма алған әдістемелік көмек кітаптарының алғашқысы- Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тілі мен оқу- ағартуға қатысты оқулықтары мен методикалық құралдарының арабшадан қазақ жазуына көшіріліп, көпшілікке ұсынылған «Тіл тағылымы» болды. Сол жылдардан бастап, Ахмет ұстаз еңбегін зерделеп, сарғайған кітап беттерін ақтара жүріп, «Әріпті балаларға үйрету үшін әуелі әрбірін бөлек- бөлек бір- бір жапырақ қағазға үлкен етіп жазу. Сонан соң А- дан бастап әрбірін балаларға бөлек- бөлек көрсету. Балалар әрбірін жаңылмайтын болып білген соң, алифаға қаратып оқыту. Бормен жазатын үлкен тақтай болса, әрбірін бөлек- бөлек тақтайға жазып көрсетсе болады»,- деген үлгісінен бастап, барлық әдістемелерін өз тәжірибиемде қолданып келемін. [1,б.34]

Ахмет ұстаз «Баулу мектебі» атты мақаласында оқу- ағарту ісінде оқыту жүйесі қашанда жаңарған заман талабына лайық болу керектігін айтады. «Баулу мектеп» - нәрседен нәрсе жасап, тауар қылып шығаратын пәбірлік, зауыт сияқты да орын емес, өзінен- өзі өсерлік жағдай жасап, бәрін- бәрін даяр күйінде беріп, балапан шығаратын жұмыртқа сықылды да орын емес, ұйым түрінде іс қылып, іс жүзінде білім алып, еңбекті сүйетін шын еңбекші болып, ұшқанда алатын нәрсесіне ұяда баулынған қыран баласы сияқты жастар шығаратын орын»,- деп атап көрсетеді.[1,б.18]

Қазіргі жаһандану заманындағы жаңартылған білім мазмұнының бар талабын осынау бір сөйлеміне сыйдырған ұлы тұлғаның «Ермек- еңбек» деп аталатын туындыларын Ахмет ұстаз аңсап кеткен білімге ұмтылатын ұрпақ- шәкірттерімен жеке, жұптық, топтық ойын түрінде қызықтыра ұсынып жүрген тәжірибиемді баяндайын.

Алғашқысы «Ермек- еңбегіміз»- «Шыққанын шырпыдан жасау»

Ұстаз еңбегінде «Бұлар бөлек- бөлек сызық бойымен кесіліп, карташа үлестіріліп беріледі. Әркім өзіне шыққанын отықтан жасайды», - деп беріледі. Ал мен сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда жас ерекшеліктеріне сай деңгейлік тапсырмалар дайындап, бастауыш сынып оқушысын ойландыра, ойната өздігінен білім алуға жетелеймін. Бұл әдісті қолдануда көптеген артықшылықтар бар. Атап айтар болсам, «баланың тілі- саусақтарында» деген қағиданы іске кірістіреді, ұсақ шырпы талдарынан шыққан суретті құрастыра отырып, оқушылардың саусақ бұлшық еттері дамиды. Үлестірмедегі шыққан суреттерді құрастыра отырып, ойлау, есте сақтау дағдылары жетіледі. Жұппен, топпен ойнау барысында жағымды қарым- қатынас қалыптасады. Жаңартылған білім мазмұнына сай айтар болсам, оқушылар топтық жұмыстар ережесін сақтау арқылы, тәрбиелілік көздері ашылады.

**«Қисындау»** - оқушылардың тілдік сауаттылықтарын арттыруға бағытталған ойын ретінде ұсынылған. Бұл ойында сөйлем жасата отырып, сөзге қосымша жалғау, байланыстыра сөйлеу, оқу, оқығанын түсіну дағдылары қалыптасады. Оқушылардың мүмкіндіктеріне қарай үлестірме қағаздарды дайын күйінде немесе ойыншылар бір- бірлеріне өз нұсқаларында сөздер жасырып ойнаулары үшін тек бос кестелерді беремін. Балалар ойнай отырып, бір- бірінен озамын деп, ана тіліміздің қайнар бұлағынан сусындайды, қарсыласынан жеңілмес үшін, келесі ойынға ізденіс үстінде келеді. Әрине жаңашыл білім мазмұнында «мұғалім- бағыттаушы», сондықтан «Артық білім кітапта»,- деп Абай хакім айтқандай, қарсыласыңнан біліміңмен озғың келсе, кітаптан жаңа сөйлемдер дайындап келуін бағыттау керек.

Мысалы:

- 1.Бүгін атам ат тағалады.
- 2.Ай туғанда күн жарықтанды.
3. Нар, інген түйе - жануарлар.
4. Таза жүрсең, денсаулығыңды сақтайсың. Кестеде берілген сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату. Құраған сөйлемдерін оқып, түрлі грамматикалық тапсырмалар орындатуға болады.

<b>Ат</b>	<b>Ата</b>	<b>Бүгін</b>	<b>Таға</b>
<b>Ай</b>	<b>Ту</b>	<b>Күн</b>	<b>Жарық</b>
<b>Таза</b>	<b>Денсаулық</b>	<b>Сақта</b>	<b>Жүр</b>
<b>Нар</b>	<b>Інген</b>	<b>Түйе</b>	<b>Жануар</b>

Грамматикалық тапсырмалар:

1. Сөздерді сөз тұлғасына жікте
2. Зат есім болатын сөзге фонетикалық талдау жаса.
3. Сөйлемдерге морфологиялық талдау жаса.

Бұл ойынды сабақ үстінде тақырыпқа сай, түрлендіріп пайдалансам, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында грамматикалық тапсырмаларсыз ұйымдастырамын. Бәйгеге түскен балалар қызыға ойнайды.

**«Он зат- он ат»** - ойнай отырып, айналаны тану және сөздерді оқи алуын дамытуға арналған. Өз тәжірибиемде сөз бен суретті тез сәйкестендіре отырып, ми шарларының, көру аймақтарының, оқу шапшаңдықтарының дамуына икемдеп пайдаланып келемін. Қазіргі «білім заманының» балаларына ықшамдаған ойын барысына тоқталсам, ойыншылар «бумаланған» үлестірме санына қарай болады. Бір «бумаланған» үлестірмеде жасырылған суреттердің атауы болады. Бір «бумада» он сөз, тиісінше он сурет. Ойын бастаушы «бумаланған» үлестірмелерді таратады және жасырылған суретті ортаға тастайды, ойыншылар өздерінің қолындағы үлестірмеден тез сурет атауын сурет үстіне тастау керек. Кім бірінші жабады, сол ұпай алған болып есептеледі. Сөйтіп барлық суреттер біткенше ойын жалғасады. Кім шапшаңдық танытып, қолындағы сөзі бітіп қалса немесе ойын аяқталғанда кімнің қолындағы үлестірмесі аз, сол жеңіске жетіп, бастаушы рөлін алады. Жеңілгендер қолдарындағы қалған сөздерін жазып отырулары керек. Осы ойын барысында байқағаным, балалар өз ойының әлсіздігі мен жайбасарлығын жазған сөздерінен-ақ өздері байқап, өзін- өзі бағалау, жетістікке ұмтылуға деген күштарлықтары оянады.

**«Ойандар! Ойландар!»**- қазіргі біз қолданып жүрген логикалық тапсырмалардың артықшылығын сол заманның өзінде біліп, мұра етіп бірнеше тапсырмалар құрастырған. Логикалық тапсырмалар көп- ақ, бірақ әліппені жазып, көзімізді ашып берген А. Байтұрсыновтың оқу құралындағы санаулы ғана болса да, оқушыны ойландыратын тапсырмаларды жаттап алып, ойына тоқып, шешіп-білер шәкірттер тәрбиелесек рухани көсемнің еңбегіне деген құрметіміз деп білемін.

1. Бір қазақ қалаға бара жатыр еді, жолда үш танысы қарсы соқты. Қанша адам қалаға барды? Жауабы: 1 адам

2. Қалада оқитын шәкірт мектебіне келе жатты. Біраз жүрген соң, арбалы алты адамды қуып жетті. Қараса сабақтастары екен. Қанша шәкірт қалаға барды? Жауабы: 7 адам.

3. 3 шырпыны былай қойындар: « I I I ». Осыған екі шырпы қосып, 10 болдыратын кім бар? Жауабы: I I I

4. Төлептің төрт ұлы бар. Төрт ұлының адам басына бір апа, бір қарындасы бар.Төлептің барлық баласы нешеу? Жауабы:Төлептің 6 баласы бар

5.Тайға мінген балалар жарысып келеді екен. Бір бала екі баланың алдында келе жатыр. Бір бала екі баланың ортасында келе жатыр. Бір бала екі баланың артында келе жатыр. Неше бала жарысып келе жатыр екен? Жауабы: 3 бала.

6. Үйдің төрт бұрышында төрт мысық отыр. Әр мысықтың алдында үш мысық отыр. Бөлмеде

**Шыққанын шырпыдан жасау (ермек — еңбек).**

/ар/ ара	/ара/ ара	/аар/ ара
/аз/ аза	/аа/ ара	/аар/ ара

**Ермек-еңбек (Он зат — он ат)**

Араның суреті (ара) ارا	Нанның суреті (нан) نان	Нардың суреті (нар) نار	Наның суреті (сан) سان
Сонаның суреті (сона) سونا	Піскен астың суреті (ас) اس	Сазаның суреті (сазан) سازان	Сабаным (соған) суреті (сабан) سابان
/ара/ ара	/нан/ نان	/нар/ نار	/сан/ سان
/юсан/ سونا	/сона/ سونا	/ас/ اس	/сазан/ سازان
			/сабан/ سابان




неше мысық отыр? Жауабы: 4 мысық.

7. Бір үйдің 4 аты бар еді. Ер адамдар- 2 әке, 2 ұл еді. Ерлер бас- басына бір- бір аттан мінгенде бір ат артық болып шықты. Бұл қалай? Жауабы: 1 әке, 2 бала.

8. Мынау қобдишаның ішінде 4 қаламбас бар. Осыны төрт балаға үлестіріп беріңдер. Төрт бала бір- бірден алсын, бірақ бір қаламбас қобдишаның ішінде қалсын. Жауабы: Бір бала қаламбасты қобдишасымен алады.

9. Шырпыдан тоғыз торкөз жасаңдар, Сонан сегіз шырпы алып тастап, басқасын қозғамай қойып, 2 торкөз ғана қалдыру керек. Қай шырпыларды алып тастау керек? Жауабы: (шырпымен көрсету)

10. Менің бір жолдасым бар. Жолдас болғанда бір түрлі! Қайда барсам, қасымнан қалмайды. Менсіз ешқайда бармайды. Тұрса тұрады, жүрсем жүреді, жүгірсем жүгіреді, жатсам жатады, жазсам, жазады. Ертеңгілік, кешкілік үлкейіп, өсіп кетеді. Түсте тырбынып, ергежейлі болады. Жарықта жанымнан қалмайтын қараңғы болса, ғайып болып кетеді. Сендерде осындай жолдас бар ма? Жауабы: Бар. Көлеңке. [1, б 75-87]



Ахмет ұстаздың осындай «Ермек- еңбектерінің» желісімен түрлі ойындар ойнатып жүрмін. Сондай- ақ грамматиканы үйретуде қолданған әдістемелерін де ойын түрінде оқушыларға ұйымдастырып келемін.


«Сын атына зат аты»- оқыту әдістемесі. Кестеде берілген сын есімдердің қасына үйлестіріп, зат есім сөзін қойып оқу керек. Балалардың талабын ескере отырып, дәл осы әдістемені былайша ойынға айналдырдым: Ойынға сандықшада жасырылған түстер суреттері, сын есімдер жазылған сөздер қима қағаздары болады. Бастаушы- ойыншы бір қима қағазды алады, ойыншылар келісім бойынша (3,4,5) сәйкесті зат есім сөзден өз қағаздарына жазу керек. Кім жазып болады, тоқтауға белгі береді. Ендігі кезек жариялау. Бастаушы- ойыншы бастап жазған сөзінің біреуін оқиды. Егер басқаларда болса, ол сөзді қалғандары өздерінен сызып тастайды. Сөйтіп сағат тілімен кезектесе отырып сөздерін оқиды. Соңынан бір- бірінікін тексеріп, ұпай сандарын санайды. Кімде ұпай көп болса, сол ойыншы ойынды қайта бастайды. Мысалы: сандықшадан «жасыл» түстің суретті шықты делік. Ойыншылар жасыл түсті болатын заттардың атын жазу керек. Жапырақ, көйлек, жер, аймақ, өлке т.с.с. Бұл ойынды жиі ойнаған оқушы басқалардан озу үшін, күнделікті қолданыс аумағынан тыс сөздерді тауып жазуға үйренеді.

«Қайсысын қайда қоюсың?» - оқыту әдістемесі. Есте сақтау қабілеттерін ұштау, сөйлемдегі сөздердің байланысын жетік меңгеруге жетелейді. Ұстаз еңбегінде қима қағаздарға жазылған бір сөйлем беріледі, балалар сөйлемді дұрыс қою керек. Қоя білген құтылады, қоя алмаған жазады. Осы әдісті жандандырып, жаңартылған білім мазмұнындағы тыңдалым және айтылым құзыреттіліктерін дамытуға сай былайша қолдандым: Мәтін оқылады. Оқушыларға мәтін бойынша сөйлемдер жазылған қима қағаздар үлестіріледі. Балалар қолдарындағы сөйлемді оқып, қима қағаздарды ретімен орналастырып, мәтінді қайта құрастырады. Құрастырылған мәтінді топпен қайта оқып шығады. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай мәтіндер де, топтағы бала саны да айқындалуы керек.

«Қате оқыған жақ қайта оқиды» -Оқушылардың мәтінді қатесіз оқу дағдыларын қалыптастыру. Ұжымдық оқуға баулуда, ұжымдағы өз жауапкершілігін сезінуге бастайтын таптырмас әдіс. Бұл әдісті балалар бірден ойын, жарыс ретінде қабылдайды. «Кемдегінің жаны бір» демекші, бірін-бірі оқуға қамшылайды. Ойын барысы: Сыныпты топтарға бөлу керек. Бөлінген топтардың барлығына бірдей етіп, мәтін беріледі. Мәтіннің әр сөйлемін кезектесе отырып, топ мүшелері қатесіз оқып шығулары керек. Қате оқыса, қателескен топ мүшесі тоқтатылып, кезек келесі топқа өтеді. Қатесіз оқыса, келесі мәтінге көше береді. Қателескен топқа кезек келгенде қателескен топ мүшесі, оқып жатқан сөйлемін басынан бастап қайта оқиды. Қай топ мәтінді толығымен оқып бітірсе, сол топ жеңіске жетеді. [1,6.52,67]

Осындай құнды әдістемелермен қоса бастауыш сынып оқушысымен жұмыс ерекшелігіне сай, сыртын ойынмен әрлеп, ішкі мағынасын руханилыққа бағыттағанды жөн көріп, ұстаз атаның шығармалары желісінде бейнеленген суреттерді, пазл ойыны түрінде дайындап жеке, жұптық, топтық жұмыстарда пайдаланудамын. Пазл ойынының бала дамуына әсерін әр педагог жетік біледі деп ойлаймын. Осы тамаша ойынның құпиясына көркем әдебиетіміздің жақұтын қосса одан сайын әрлене түсетіндігіне көзім жетті.

Қорыта айтқанда рухани көсемнің «Біз елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек»,- деген даналы сөзін ескерсек, бала бойына тарихтағы дара тұлғаларымызды бала тілімен саналарына сіңіруде ойын еңбегінің орны ерекше екенін білеміз.



Ойната отырып, оқу- білімге ұмтылдыру Ахмет ұстаздың салып кеткен сара жолы екенін осы «Еңбек-ермектерінен» аңғаруға болады. Мұғалімді мектептің жүрегі деп бағалап, мұғалімнен соң «оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді һәм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы» деп, бірнеше «мектеп керектерін» көрсетеді өз жазбаларында. [2, б.131] Жазып қана қоймай мен қолданып жүрген әдістемелік құралдарын да қалдырып, өмір бойы азық болар еңбектерімен қазақ жеріне дән сеуіп кеткен. Әр сөзінен өзі сияқты ұлтына адал, білгір де білімпаз, парасатты ұрпақ тәрбиеленсе деген арман- мақсатын да сезесің. Педагог ретінде дана ұстаздың үмітін ақтап, ізімен жүріп, келешек ұрпаққа білім беру ісінде адалдықпен қызмет жасай беремін деп сенемін.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. А. Байтұрсынов «Тіл тағылымы», Алматы, «Ана тілі», 1992
2. Имаханбет Р.С.«А. Байтұрсынұлы шығармалары» 6-том, Алматы: 2013 «Ел- шежіре»
3. Е. Манашов «Ахмет Байтұрсынұлы», Алматы: «Өлке» баспасы,2013

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ-ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Сүйеуова Мерей Бекболатқызы

М.Мәметова атындағы педагогикалық жоғары колледжінің шетел тілі бөлімінің

1 курс студенті

Қызылорда қаласы

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ үшін қасиетті есім. Ол өз ұлтының бағы үшін өмірдің барлық саласына араласты. Бұған оның атақ-даңқы дәлел. Қазақ халқы бір туар перзентін қоғам және мемлекет қайраткері, акын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы ретінде жақсы біледі.

Оның алғашқы кітабы – «Қырық мысал». 1909 жылы жарық көрді. Осы кітаптың өзінде отаршылдықтың зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін тұспалдап болса да жеткізді.

Ол қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жана үлгі ұсынған реформатор. «Оқу құралы» - қазақ жазуының тұңғыш әліппелерінің бірі. Ал «Тіл-құралы» - қазақ тілінің тұңғыш оқулығы.

Қазақстан Республикасы егеменді ел болғалы ғылым ,мәдениет, салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы жалпы адамзаттық және ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеріп, сапасын түбегейлі жақсартуды талап етеді. Сол жолда қазақ ағартушыларының еңбектері мен ой-пікірлері халқымыздың рухани-мәдени қазынасының бір саласын құрайды.

Қазақ тіл білімі ғылымының негізін қалаушы, ұлы реформатор А.Байтұрсынұлының қазақ халқының тілдік мәдениетіне қосқан үлесі орасан зор. Ғалымның қай еңбегін алып қарасақ та, қазақ халқының сауатын ашып, тілдік құндылықтың сақталып, ел ертеңіне деген азаматтық жанашырлығына көз жеткіземіз. Өткен ғасырда жазып кеткен ғылыми еңбектерінің бүгінгі күнде де тіл дамыту жұмыстарында ғылыми маңызы артып, бүгінгі ғылымның дамуына пайдасы бар екенін айтып өтуге болады. Соның ішінде мен бүгін білім беру бағдарындағы қазақ тілін оқыту әдістемесіне ғалымның қосқан үлесі туралы сөз қозғамақпын. Бұл тақырыпқа ғылыми сараптама жасауда тілдің дамыту аясы мен тілді оқытудың тиімділігін арттыру жолдарына А.Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерін пайдалана отырып, оқыту әдістемесін кеңейту жолдарын саралау жайлы айтқым келеді.

Жанын сала ұмтылды.

Болашақтың таңына

Қиялдап қана қойған жоқ

Май тамызып, от берді.

Ой – сананың шамына.

Иә, қиялдап қана қоймай, жанын салып ұмтылған болашақтың таңы мен ой – сананың шамына май тамызып от берген – А.Байтұрсынұлы. Ахмет – қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар акын ,мысалшыл, қазақ тілінің әліппесі мен оқулықтарының авторы, шын мәніндегі күрескер, азаттыққа ұмтылған, азаматтық жыр үлгісін жасаған халқының қалаулы азаматы. Ақын арманы – «адамдық диханшысы» болып халқына қызмет ету. Ахмет бұл арманын орындады.

Қазақтың ұлы ғұламасы А.Байтұрсынұлының халық үшін жасаған игі істерінің ішіндегі ең шоқтығы биік қызметінің бірі – араб жазуына өзгерістер енгізіп қазақ әліпбиін құрастыру. Осы арқылы ғалам халқының тез сауаттанып хат тануына оқу-білімге деген құштарлықтарының оянуына ерекше ықпал етті. А.Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады да, оны 1912 жылдардан бастап қолданысқа енгізді. Қазақ графикасының негізінде қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан,

туыстықсипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жінішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсыноа жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады.

А. Байтұрсынов әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалған. Оның «Оқу құралы» 1912 ж – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. А. Байтұрсынов қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін көп еңбек жасады. Ол қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеді, қазақ әліпбиі мен емлесін ретке келтірді, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды.

Оның «Тіл - құрал» атты оқулығы қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу еңбегі. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл грамматикалық терминдерді қалыптастырды. Мысалы: зат есім, сын есім, етістік, есімдік, үстеу, құмалас сөйлем т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды.

«Тіл – құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда А. Байтұрсыновтың «Оқу құралдары» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы А. Байтұрсыновтың тағы бір зор еңбегі – қазақ тіл білімі саласында терминдерді жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Ахметтің айтуынша «көрнек өнерін» бес тарауға бөліп қарастырады. Сол бес тараудың ішінде қазіргі таңда біздің қолданып жүрген бесінші тарауымыз. Бұл тарауда нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады. Өнердің ең алды – сөз өнері деп аталады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. А. Байтұрсыновтың айтуынша, сөз өнеріне жұмсалатын зат – сөз. Сөз шумағы тіл деп аталады. Сөз өнеріне жұмсалған сөз шумағы да тіл я лұғат деп аталады. Ахмет шығарма тілінің екі түрлі болатынын атап кеткен. Оның бірі ақын тіл, екіншісі әншейін тіл. Бұл екі тілдің арасындағы айырмасы : әншейін тіл көбінесе сөздің дұрыстығын, анықтығын, тазалығын, дәлдігін талғайды. Ақын тілі сөздің дұрыстығын, тазалығын, дәлдігінің үстіне көрнекі, әуезді болу жағын да талғайды. Шығарма сөз өңді, ұнамды, болу туралы талғаудың қоятын жалпы шарттары:

1. Сөз дұрыстығы
2. Тіл тазалығы
3. Тіл анықтығы
4. Тіл дәлдігі
5. Тіл көрнекілігі

Тілдің міндеті автордың айтуы бойынша – ақылдың аңдауынаңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек.

А. Байтұрсынов – қазақ тілінің тазалығын сақтау мақсатында жан-жақты зерттеулер жүргізіп, бүгінгі күнде маңызы жоғары құнды әдістер ұсынып кеткен ғалым.

Қазақ тіл біліміндегі инновациялық бағыттардың А. Байтұрсыновтың еңбектерімен сабақтастығы оның жазбаларында кездеседі. Тілді оқытуда әдіс түрлерін тиімді пайдаланып, жақсы жаманын қалай ажыратуда А. Байтұрсыновтың «..Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай » деген тұжырымын басшылыққа алған абзал. Осы орайда «бүгінде мұғалімдер сол әдістерді ұтымды қолданып жүр ме?» деген сұрақ көкейге ұялайды. Мектеп балаларына арналған оқулықтарында А. Байтұрсыновтың иллюстративтік материалдарды қатар ұсынуда үлкен тәрбиелік әрі тіл ұстарту мүддесін көздеген. Автор жалпы оқулыққа тән «жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, қарапайымнан күрделіге» принципі ұстанып, білім беру бағдарындағы ерекшелігін нақтылаған. Бастауыш мектептің балаларына арналған материалдарды аса түсінікті етіп беруді көздеген ғалым оқу материалдарына мысалдарды қазақ баласына таныс мақал-мәтел, нақыл сөздерден, мысалдардан ала отырып, оның тиімді әдіс екені зерделеген. Ұсынылған мысалдардың барлығы дерлік, адамгершілікті, адалдықты, еңбексүйгіштікті ұлттық құндылықтарға негізделген қасиеттерді уағыздайтын дидактикалық мәні зор мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, өлең-жыр жолдарын ұсына отырып, тәрбиелік маңызына ерекше көңіл бөлген.

Ғалым ұлтына, қазақ халқына қызмет етті. Осы тұрғыда А. Байтұрсыновтың туралы қазақ зиялыларының айтқан лебіздеріне тоқтала кетсек:

мет Байтұрсыновтың ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл. Ол – шын мәнінде ұлт ұстазы, халқымыздың рухани көсемі бола білді. Соңынан із салған жаңашыл ағартушы, өзге оқыған

замандастары өз бастарынын пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен.

Сәкен Сейфуллин

...А. Байтұрсынұлының өлеңдері өзінің сыртқы қарапайымдылығы, ішкі мазмұны, жеңілдігі және біркелкілігі жағынан қазақ әдебиетінде бірінші орын алады... А. Байтұрсынұлының арқасында санасыз түрде болмаса да, шын мәнінде орыстана және татарлана бастаған қазақ зиялыларының бір тобы дереу есін жиып, өз ағаттықтарын түсіне бастады.

Міржақып Дулатов

Қазақ тілі мен кітабын жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам - Ахмет.

Сәбит Мұқанов

Биыл еліміз Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын атап өтуде. Ол өз ұлтының бағы жану үшін өмірдің барлық саласына араласты. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ халқы үшін өмірін арнағанын ұмытпауымыз қажет. Ана тіліміздіде, қалыптастырған осы кісі.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. Ақанның елу жылдық тойы // Байтұрсынов А. Ақ жол. — Алматы: Жалын, 1991. — 17-б.
2. Дулатов М. Шығармалар. — Т. 1. — Алматы: Жазушы, 1991. — 384 б.
3. Дулатов М. Тіл-құрал. — Алматы: Жазушы, 1991. — 267-б.
4. Айтбаев Ә. Қазақ терминологиясының атасы // Қазақстан әйелдері. — 1989. — № 4. — 8-б.
5. Тойбаева Ж -Алматы Қазақ энциклопедиясы 2017.-744 б.

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Сұлтанбекұлы Нұрсұлтан

М.Мәметова атындағы педагогикалық жоғары колледжінің студенті  
Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

«Өнер алды – қызыл тіл» деп мақалдап өткен қазақ ақындары, жазушылары осы күнге дейін қазақ поэзиясында биік орын алады. Солардың бірі Ахмет Байтұрсынұлы. Өз заманының ағысына қарсы тұра білген қайраткер. Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен. Өз достарының алды бола білген Ахмет өткір, алмас қылыштай адамның ойын осып өтетін сөздерімен өлең арқылы ой-сезімін білдірген. Қазақтың қазақ бола білуіне кеудесіндегі жанын да аямаған. Қарусыз-ақ сөзбен адам өлтіретін Ахмет қазақ елінің келешегін тәуелсіздікке жетелеген халықтың рухани жетекшісі. Халық үшін, халықтың мәдени-әлеуметтік болмысын көтеру үшін қызмет еткен.

Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады. Ең алғаш қазақ тілінде әліппе кітабын жинақтаған Ахмет еді. Қазақ балалары көзі ашық, сауатты азамат болып шығуға септігін тигізген. Қазақ тіліндегі әліп-би осы сөздердің бәріне дәлел. Тек қана кітап жазумен тоқтамаған Ахмет, орыстың белгілі жазушыларының белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударып, өзінің халыққа, шамшырақ екенін дәлелдеп өткен. Халықтың білімді болуына, сауатын ашуға көп көмек көрсеткен. Бұрынғы қарапайым кара сөздерді жаңғыртып, халық санасына қалыптастыру басты мақсаттарының бірі. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген. Өлеңдеріндегі сөздердің өзі адам көңіліне талпыныс, алға қарай жол бастап, көш артында қалып қоймауға себепші болған. Қазақ тілін болашақ ұрпақтарға дамыта түскен қалпында, басқа тілдерден биігірек ұстап, тазалығын сақтауға демеу болды. Қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танудағы қызметі қазіргі мектептерде қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Ахмет қалыптастырған әдеби-теориялық терминдер осы күнге дейін өмірін жалғастыруда. Бұның бәрін әдебиетші Ахметтің қымбат, алтын, гауһардай асыл сөздері мен тәлім- тәрбиеге толы, адамдық қасиеттерді сипаттап жазған өлеңдері бәрі- бәрі болашақ ұрпаққа келешегіне керек, нұсқау болатын түзу жол емес пе?! Қазақ тілін әсем сөздермен әшекейлей білген Ахмет өз еңбектерімен басқа да елдерге танымал бола білді. Өзі де басқа халық ақындары мен жазушыларының жақсы деген өлеңдері мен мысалдарын өз ана тілімізге аударып кетті. Артына өшпес із қалдырды.

Ахмет қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымының ағартушысы. Ахметтің мұрағаты жаңа уақыт, жаңа заманға, халқына қызмет етуде. Ахметтің ілімдері - әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсынұлының ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі - қазіргі жаңа заманға өте керек.

## ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. 1905 жылдары Ресей «Кіндік үкіметіне» жазылған петициядан, редакторы болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен, ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интеллигенциясы өкілдерін баулуынан танылады.

Ахмет Байтұрсынұлын үстіміздегі ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ қауымы көшінің рухани басшысы етіп танытқан – оның қазақ халқын «іргелі жұрт» қатарына қосу үшін жүргізген күресі және сол күресте ұстанған бір қаруы - ағартушылық идеясы болды.

Оқу-ағарту идеясы – Ахмет Байтұрсынұлының әлеуметтік қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі. Бұл платформаны мықтап ұстауға итермелеген- оның туған халқының тағдырын ойлаған қам- қарекеті. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы жатқан отар ел болатын. Халқы үшін сол кезде бебеу қаққан ойшылдардың көзімен көріп, сөзімен айтқанда, бұл тұстағы қазақ халқы «көгі қараңғы, көңілі ұйқылы, еспесі жоқ қайығы қалтылдақ, малы талауда, жаны қамауда» болған «қайран ел, қайран жұрт» еді. Қазақ халқын әлеуметтік теңдікке, азаматтық мәдениетке жеткізетін, амал- әрекеттің бастысы «түгел қазақты» сауатты етіп, көзін ашу, «наландық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты».

Халықты ағарту мектептен, баладан басталады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының әйтеуір көзі ашылып, сауатты болуын, ғана емес, тек ана тілінде сауаттануын, содан соң барып өзге ұлт мәдениетіне, тіліне қол созуды принципті талап етті. 1913 жылдың өзінде ол «Қазақ» газеті мінбесін пайдаланып, қазақ қоғамына оқу- білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлдейді. Ахмет бұдан 80 жылдай бұрын байқап- түйгендері, айтқан пікірлері дәл бүгінгі күні айтылып жатқан мәселелерімізбен үндес келеді. «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, сол шикізатынан жасалған өнімді екі- үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік» деп жазды «Қазақ» газетінде. Надандық деп отырғаны - халқының білім- ғылымнан қалыс келе жатқандығы. Қалыс қалуға үлкен себеп - қазақ жерінде мектептер аз, сол аз мектептердің өзінде мұғалімдер жетіспейді, ұлт кадрларын даярлайтын орындар жоқ дейді. Демек, қазақ халқы қараңғы дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан қатқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін «алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе!» деп бейнелі түрдегі тілмен білдіреді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды- жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу- ағарту идеясына сол кезіндегі интеллигенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды.

«Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша.

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі - ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлыныкі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екені олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

Ахмет Байтұрсынұлының 1928 жылы Қызылордада жарық көрген екі бөлімнен тұратын екі кітапты «Тіл жұмсар» деген еңбегі белгілі.

Ол методика саласында 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жинаған. Жазу таңбаларын үйрету амалдарын түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылы жарық

көрген. Жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліп-би астары» атты методикалық еңбегінде тағы көрсетеді. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында қазақ тілі методикасына арналған бірнеше мақала жариялайды.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» дүниеге келген, екінші-сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін «Тіл құралды» жазған.

Ахметтің қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (синтаксис) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. «Ахметтің Октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сінді. Қазақ мектебі, қазақ тілі секілді орында оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды», – деп жазды Сәбит Мұқанов, 1929 жылы 5 мамырда Ахмет Байтұрсыновтың өз қолымен жасап берген газет және журналдарда жарияланғаннан басқа ғылыми, ғылыми-методикалық, еңбектердің тізімі» деген құжат ҚазПУ архивінде сақталған.

Ғалым бұрын айтқан пікірін тағы келтіріп, үдетіп беру машығынан таймайды. Ахмет Байтұрсыновтың азамат, қайраткер ретінде қалыптасуына зор ықпал еткен ХХ ғасырдың о жақ, бұ жағындағы қоғам дамуы мен оның қайшылықтары, ұлт аймақтарындағы езгінің күшеюі, сол уақыттағы қазақ халқының тағдыры жөнінде ой қорытудан бастады.

Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. 1905 жылдары Ресей «Кіндік үкіметіне» жазылған петициядан, редакторы болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен, ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интелгенциясы өкілдерін баулуынан танылады. Ахмет Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (грамматика) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. «Ахметтің октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сінді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды», — деп жазды Сәбит Мұқанов. Ғаббас Тоқжанов пікірі де осымен сабақтас. «Бір кезде сары маса боп ызыңдап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі, сөзін оқып сүйсінеді».

Өз қолымен жазған «Өмірбаянында» (1929, 8 наурыз) Ахмет Байтұрсынов былай дейді: «Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен; екіншіден, қазақ алфавитін (шрифтін емес), орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен; үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен; ақыры, ең соңында, төртіншіден, проза (іс-қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жады тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар және өзім редакциялаған «Қазақ» газеті арқылы іске асты».

Бұл жолдарда ғалымның өмір бойы жасаған істері тиянақты, жүйелі түрде айтылған. «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы – жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман...», – деп жазды ол.

Бұдан кейін жазуға үйрету, хат таныту мәселелері сөз болады. Қазақ мектептеріндегі оқыту жайлы, олардың қиындықтарын таратып айта келіп, автор өзінің оқыту әдістерін ұсынады. Жалпы ғылыми мәні бар пікірлерді де айтып отырады. Мына тұжырымға көңіл бөліп, ой жүгіртіп көріңіз:

«Дүниедегі жұрттардың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршек тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл. Түбіршек тіл түпкі қалыбынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен: қытай, жапон тілдері. Жалғамалы тіл сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, мәселен: түрік, финн тілдері. Қопармалы тіл сөз түбірімен қопарылып, өзгертілетін тіл, мәселен: орыс тілі, араб тілі» Дәл бүгін айтылғандай әсер қалдыратын бұл пікіріне таңданбасқа шара жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ

дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын, өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады.

### **Қорытынды**

«Тіл - құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Кезінде қазақ қауымы Байтұрсынұлы десе, Байтұрсынұлын «Тіл - құралды», «Тіл құралы» десе, Ахметті қазір – Ахаң деп танитын болған.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын графикасын жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» (Төте жазу) дүниеге келген, екінші – сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған бұл үшін «Тіл құралды» жазған.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. А.Байтұрсынұлы «Өмірбаян», «Тіл құралы»
2. Н.Машқанова «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ жазуының реформаторы»
3. Ш.Құрманбайұлы «Ахмет Байтұрсынұлының тіл мұрасы»

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ**

Темірболатқызы Гүлнұр ҚБ 13 студенті  
Ғылыми жетекшісі Қасқырбаева Меруерт Мұхтарқызы  
Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы

Қазақ тіл білімінің, оның ішінде ғылыми терминологияның қалыптасуы мен дамуы туралы сөз қозғағанда, алдымен Ахмет Байтұрсынұлының есімі ойымызға оралады. Себебі – қазақтың ұлттық ғылым тілінің, терминологиялық қорының дамып, қалыптасуының тұтастай бір кезеңі ғалым еңбектерімен, оның ғылыми-педагогикалық, ағартушылық және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметімен, қайраткерлігімен тікелей байланысты. Сондықтан да қазақ терминологиясының тарихы, оның даму, қалыптасу кезеңдері туралы сөз қозғағанда Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми шығармашылығы мен қоғамдық қызметіне жан-жақты тоқталу, оны терең зерттеу өте маңызды. XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясының дамуы мен Алаш зиялыларының ұлттық ғылым тілін қалыптастырудағы рөлі туралы сөзді Ахмет Байтұрсынұлынан бастайтындығымыздың себептерін нақты тілдік-тарихи деректерге негіздей отырып айта алсақ қана біз ғалым мұрасының қадіріне жетіп, оның озық ойлары мен терминжасам тәжірибесін қажетімізге жарата аламыз. Қазіргі қазақтың ғылыми терминологиясының тұтас жүйе ретінде қалыптаса бастауы да дәл осы кезеңмен байланысты деген сөз. Бұл істің басында кімдер тұрды дегенге келер болсақ, сол кезеңде қазақ тілінде алғашқы оқулықтар, оқу құралдары мен түрлі деңгейдегі ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектер жазған А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, Ж.Күдерин, С.Қожанұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, Н.Төрекүлұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ғ.Қараш, К.Жәленов, Т.Шонанұлы сияқты қазақ зиялыларының есімдері аталуға тиіс. Осы аталған авторлардың әрқайсысының қазақтың ғылым тілінің, салалық терминологияның қалыптасуына өзіндік үлестерін қосқандығы дау тудырмайды. Оған аттары аталған зиялылардың қазақ тілінде жазған еңбектерінде кездесетін ғылыми атаулар куә бола алады. Соған қарамастан, олардың арасынан А.Байтұрсынұлының есімін ерекше атаған орынды. Кезінде М.Әуезов, Е.Омарұлы, С.Сәдуақасұлы, М.Дулатұлы, С.Сейфуллин, Т.Шонанұлы сияқты қазақ зиялылары негізін қалаған ахметтану ілімі араға алпыс жылдан астам уақыт салып барып жалғасын тауып отыр. А.Байтұрсынұлы ақталғаннан бергі он бес-жиырма жыл уақыт ішінде ұлы тұлғаның соңына қалдырған еңбектері әртүрлі қырынан зерттеле бастады. Бұл істен тілші ғалымдар да шет қалмай, өз үлестерін қосып келеді. Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Ө.Айтбаев, М.Жүсіпов, т.б. ғалымдардың жариялаған еңбектері соның дәлелі бола алады. А.Байтұрсынұлының ғылыми терминологияны қалыптастыруға қосқан үлесін ғалымның жекелеген немесе бір топ терминдердің ғана авторы емес, бірнеше ғылым саласының терминдер жүйесінің негізін қалағанын аңғаруға болады. Ең алдымен, А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы. Кез келген ғылымды оқып білу, меңгеру немесе оны өзгелерге үйрету сол ғылым саласында қолданатын арнаулы ұғым атауларынсыз мүмкін емес. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым ретінде А.Байтұрсынұлы осы ғылым саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесін түзумен

қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да жасаған. Ғылыми ұғымдарға ат қою оп-оңай жұмыс емес. Ғылымның дамуына орай ұғымдар жүйесінің ұлғайып отыруы табиғи құбылыс. Ахаң қалыптастырған терминдер жүйесі де қазақ тіл білімі дамыған сайын жаңа элементтермен толыға түсуде. Ғылымның осындай тұтас терминдер жүйесін қалыптастыруы оның қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы екендігінің дәлелі бола алады. Белгілі әдебиеттанушы ғалым Р.Нұрғалиев өзінің «Алашординцы» атты кітабында «Книга А.Байтұрсынова «Тіл құрал» (Пособия по языку) содержит множество разделов, посвященных фонетике, морфологии, синтаксису и орфографии, заметим, каждый из этих терминов дан на казахском языке, автор, кроме того, воссоздал несуществовавшие до него понятия – такие, как «гласный звук», «согласный», «подлежащие», «сказуемое» и др. Ученый снабжает термины четкими, емкими и образными определениями, и в то же время, определения эти имеют строго научный характер» (С.19) деп жазады. Әрине, «гласный звук», «согласный», «подлежащие», «сказуемое» сынды ұғымдар лингвистикада Ахаңа дейін де белгілі болған, алайда қазақ тіліндегі осы дыбыстар мен сөйлем құрылысының табиғатын анықтап, олардың қазақша баламалары мен анықтамаларын дәл де айқын бергенін академик ғалым өте орынды атап көрсетіп отыр. А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің ғана емес, әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы ғұламалардың бірі. 1923 жылы ғалымның мерейтойына арналған мақаласында М.Әуезов «Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахаңды өзінің басшысы деп санайды» (Әуезов М.О. Ақаңның 50 жылдық тойы// «Ақ жол» газеті. 1923, 4-ақпан) деген болса, әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев оның «Әдебиет танытқышы» туралы айта келіп: «...қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» (Нұрғалиев Р.Алып бәйтерек//А.Байтұрсынов. Ақ жол. Алматы, 1991. –12-13 бб.) деп әділ көрсетеді. Сонымен, екіншіден, қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым осы ғылым саласының ғылыми терминологиясын да жасаған. Терминделуші ұғымдарды дәл білдіретін жүздеген әдебиеттану терминдерін жасай отырып, ғалым олардың ғылыми терминге тән дефинициясын да (ғылыми анықтамасын) берген. Ол дегеніміз – ғылыми ұғымның, өзіне ғана тән белгілерін айқын көрсетумен қатар, олардың ұғымдар жүйесіндегі алатын орнын да көрсету деген сөз. Мысалы, «Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты көптеген терминдер жасаған ғалым. Ғалымның термин шығармашылығындағы қызметінің бір ғана ғылым саласымен шектелмейтіндігі оның жалпы қазақ терминологиясын қалыптастырудағы орнының айрықша екендігін көрсетеді. Алайда А.Байтұрсынұлының қазақ терминологиясының қалыптасуына қосқан үлесі бұлармен ғана бітпейді. Оның Қазақстан ғылымын ұйымдастырушылардың бірі ғана емес, солардың ішіндегі аса ірісі, бірегейі екендігін дәлелдейтін деректер ғалым мұрасына тереңірек үңілген сайын табыла береді. Ендігі бір айрықша атап айтуды қажет ететін мәселе – ғалымның терминжасамның тәсілдері мен жолдарын анықтап бергендігі. Яғни төртіншіден, А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтап, оларды өзінің терминжасам тәжірибесінде кеңінен пайдаланған ғалым. Терминжасам тәсілдерінің аражігі ашылып, олардың термин шығармашылығында іске қосылуын қазақ тілі грамматикасының (сарфы) жазылуымен тікелей байланыста қарастырған жөн. Бүгінгі терминжасам тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктері бар екендігіне қарамастан, ол негізінен қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерінің құрамына енеді. А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтаумен қатар, ол тәсілдерді термин жасауда пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткендігін оның қаламынан туындаған жүздеген терминдері дәлелдейді. Мәселен, ғалымның жұрнақ, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, мүше, әдіс, т.б. осылар сияқты терминдері семантикалық тәсілмен, жақша, сызықша, көсемше, есімше, дәйекші, буыншы, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, әуреленіс, күліс, әлектеніс, әліптеме, зауықтама, мазмұндама, ермектеме, қорытпа, ұсынба, сұқтаньс, азаптаньс, жалғаулық, есімдік тәрізді көптеген терминдері морфологиялық тәсілмен, ал дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем сынды терминдер тобы синтаксистік тәсілмен жасалған. Бұл аталған терминдердің кейбіреулері орыс тіліндегі терминдердің негізінде калькалану арқылы (дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, қос сөз, т.б.) жасалғандығы аңғарылып тұр. Бұдан ғалымның калька тәсілін де ұтымды пайдаланғанын көруге болады. Г.Ц.Пюрбеев «Калькалау арқылы термин жасау өте күрделі мәселе. Аударманың сәтті шығуы үшін өзге тілдегі сөздің (сөз тіркесінің) семантикасын, морфологиялық құрылысы мен қолданылатын саласын жақсы білу керек» (Пюрбеев Г.Ц. Современная монгольская терминология. –М., 1984. – Стр.101.) деген болатын. А.Байтұрсынұлы жоғарыдағы терминдердің орыс тіліндегі аталған қасиеттерін жақсы білумен бірге, қазақ тілінің өз материалын ұтымды пайдалана отырып, сәтті терминдер жасаған. Көрсетілген терминдердің қазақ тілінің терминологиялық лексикасының қатарынан берік орын алып, күні бүгінге дейін өзгеріссіз қолданылып әбден қалыптасып кеткендігі олардың сәтті жасалғандығының айқын дәлелі бола алады. А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің түгелге жуық сәтті шығуының сыры – оның нағыз терминші ретінде терминге лексикология тұрғысынан да, концептология тұрғысынан да қарай білуінде жатса керек. Кезінде



А.Байтұрсынұлы пуристік бағыт ұстады деп, ол жасаған терминдердің біразы қолданыстан шеттетілгені белгілі. Соған қарамастан, Ахаң жасаған терминдердің көпшілігі өзінің өміршеңдігін танытып келеді. Ал арнайы шеттетілген терминдердің арасында бүгінде қайтадан қажетімізге жарайтындары аз емес. Әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев Ахаңның еңбегіне жазған алғысөзінде «сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап саралауға мүмкіндік беретін сауықтама, зауықтама, сарындама, салттама, ғұрыптама, қалыптама деген терминдер қазіргі ұғымымызға өзі сұранып тұр» (Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек//А.Байтұрсынұлы. Ақ жол. Алматы, 1991. -13-б.) дейді. Шындығында да А.Байтұрсынұлы жасаған ондай терминдерді құнттап қолдана білсек, талай терминдеріміз қазақы қалпына түскен болар еді. Белгілі тілші ғалым Р.Сыздықованың: «...жалпы мәдениетке, тарихқа қатысты әлеуметтік терминдердің де көпшілігі А.Байтұрсынұлы қаламынан туып, қазір авторы ұмытылып, жалпы халықтық кәнігі сөздер болып кеткендігін де айту керек» (Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынұлы//Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. -33-б.) деген пікірі назар аударады. А.Байтұрсынұлының термин жасауда ұстанған бағыты мен оның қаламынан туған басы ашық терминдері-ақ Ахаңның қазақ терминологиясының негізін қалаушы және ғасыр басындағы бүкіл ғылыми ой-сананың қалыптасуына ықпал ете білген зор тұлға екенін дәлелдей алады. Алайда оның қаламынан туған терминдер мен сөздер мүмкіндігінше анықталып жатса, тарихи әділеттілік болмақ. Сондықтан ғалым мұрасын зерттеушілердің оны естен шығармағаны абзал. Өзіміз қазақ тілі бай тіл деп дәлелдегенімізбен, іс жүзінде сол байлықты А.Байтұрсынұлы мен оның замандастары тәрізді шебер пайдалана алмауымыздан, термин жасау ісінде тіліміздің мүмкіндігін сарқа пайдалануға дағдыланбағандығымыздан және әлі де кешегі кеңестік термин жасау қағидаттарынан шыға алмай отырғандығымыздан да термин жасау ісі өз бағытын анықтап, жүйелі даму жолына түсе алмай отыр. Қазіргі ғалымдарымыз бен салалық мамандарымыздың бәрі бірдей ғасыр басындағы қазақ зиялылары сияқты ана тілін жетік білмейтіндігі, сондықтан да оны термин шығармашылығында пайдалану мүмкіндігінің төмендігі тағы бар. Бесіншіден, А.Байтұрсынұлы жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға. Ғалымның термин жасау тәсілдерін көрсетіп, оларды пайдалана отырып, тіл білімі, әдебиет ғылымдарының терминологиясын, өзге арнаулы салаларға қатысты терминдер жасауы – ғасыр басындағы өзге ғылым салалары бойынша оқулықтар мен түрлі ғылыми еңбектер жазған авторларға таптырмайтын үлгі болды. Бұл пікіріміздің негізсіз емес екендігіне А.Байтұрсынұлынан кейін әртүрлі ғылым салалары бойынша еңбектер жазған қазақ зиялыларының жасаған терминдері дәлел бола алады. Оны төмендегі кесте арқылы көрсетуге болады. Бұл кесте арқылы біз кейінгі оқулықтар жазған авторлардың А.Байтұрсынұлының кейбір термин жасау үлгілерін (модельдерін) қалай пайдаланғанын немесе ұлт тілінде бұрыннан бар тұлғалас сөздерді терминдік мағынада жұмсағандығы арқылы олардың арасындағы сабақтастықты көрсетуге тырыстық. Осы деректердің өзі ғалымның тіл білімпазы ретінде қазақ тілінде термин жасаудың үлгісін көрсете отырып, ғасыр басындағы термин жасау ісіне тікелей ықпал еткен зор тұлға екенін анық аңғартады. Мұндай мысалдарды әлі де келтіруге болады. Мысалы, А.Байтұрсынұлының қаламынан туындаған тұрлаусыз мүше, тұрлаулы мүше, одағай сөз, сабақтас сөйлем терминдері Е.Омарұлының көрсетілген оқулығындағы тұрлаусыз шама, тұрлаулы шама, одағай сан, сабақтас пішін терминдерінің жасалуына себеп болғандығына да дау айту қиын ғой деп ойлаймыз. Ал мәселенің екінші қырынан қарағанда, мұны ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде қанаттасып, қатар қызмет еткен қазақ тіл білімінің қос ғұламасының термин жасау ісіндегі шығармашылық сабақтастығының көрінісі деп тануға да негіз бар. Алтыншыдан, А.Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басындағы қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы, ол Е.Омарұлы екеуі қазақ терминологиясының тұңғыш ғылыми қағидаттарын белгілеушілер. 1924 жылы маусым айында Орынборда «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің 1-съезі» болып, онда терминологияны қалыптастырудың қағидаттары съезд қаулысымен ресми бекітілді. Араға екі жылдай уақыт салып, 1926 жылы Бакуде өткен «Түрікшілердің 1-інші құрылтайында» жасаған баяндамасында А.Байтұрсынұлы қатынасушыларға осы қағидаттарды таныстыра отырып, өзге түркілерге де ғылыми терминологияны қалыптастыруда қазақ білімпаздары жасаған осы қағидаттарды басшылыққа алуды ұсынды. Бұл жерде А.Байтұрсынұлының терминологияны дамытудағы жетекшілік қызметінің тағы бір қыры көрініс береді. Ол – ғалымның қазақ терминологиясын қалыптастырудың бағыт-бағдарын көрсетумен шектелмегендігі. Сонымен жетіншіден, Ахаң қазақ оқығандары жасап, ресми бекіткен терминология қағидаттарын бүкіл түркі халықтарына ұсына отырып, түбі бір туыстас тілдердің терминологиялық қорының ортақтық сипатын арттыруды көздеген кең тынысты түрколог ғалым. Ол қазақ өз баяндамасында қазақ білімпаздары жасаған қағидаттарды түркология съезіне қатысушыларға таныстыра келіп, өз ойын былай түйіндейді: «Этим путем каждый из нас, разгрузив свой язык от балласта чужих слов и очистив его от засоренности влиянием чужого языка, сделали бы доступными произведениям своей печати и своей народной массе и другим тюркским народам» (Байтұрсынұлы А. Шығармалар. – Алматы, 1989. –141-б.). Бұдан ғұлама ғалымның қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаумен қатар, бүкіл түркі халықтары терминологиясының дамуына көңіл аударып, термин жасауда ортақ қағидаттар ұстану арқылы туыстас халықтардың өзара тілдік, ғылыми және рухани-мәдени байланыстарының тереңдей түсуін көздегенін көруге болады. Сонымен қатар қазақ оқығандарының өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы ғылыми-ағартушылық саладағы жетекшілік ролін,

ықпалын, ұлттық және түркілік терминдер жасау, ғылым тілін қалыптастыру мәселелерінде туыстас халықтардан біршама озық тұрғанын да аңғаруға болады. А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің өміршеңдік танытуының сыры неде деген сұраққа жауап іздесек, ол ең алдымен ұғымға атау беруге ұлттық таным тұрғысынан келген. Сондықтан оны қазақ қауымы алғашқыда аздап жатсынғанмен, тез қабылдап, санасына сіңіре алған. Екіншіден, сол кездегі Ахаңның зиялылар арасындағы зор беделі мен тіл саласындағы бірегей ірі оқымысты ретінде мойындалуы да оның жасаған терминдерінің шығармашыл қауым тарапынан талқысыз қабылдануына себеп болды. Онымен иықтас тұрып, ой жарыстырып, пікір таластырып, өз терминдерін ұсына қоятын тіл мамандары қалыптаса қоймап еді. Оның маңайындағы тіл мәселелеріне жетік деген Е.Омарұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төрекұлұлы сынды Алаш білімпаздарының да ғалым пікіріне құрметпен қарағаны байқалады. Үшіншіден, ол қазақ тіліндегі сөз тудырушы жұрнақтарды, байырғы лексикалық қорды, жалпы алғанда, сөз тудыру тәсілдерін өте ұтымды, шебер пайдалана білген. Тілдік нормаларға сай, айтуға ыңғайлы, естуге жағымды, көңілге қонымды, бір сөзбен айтқанда, қолдануға қолайлы атаулар жасай білгендіктен, оның қаламынан туындаған терминдері уақыт сынына төтеп беріп, ұрпақтан-ұрпаққа қызмет етіп келеді. Ахаң бастаған Алаш зиялылары тарапынан алғаш рет терминологияны дамытудың бағдары белгіленді. Терминологияға қатысты айтқанда отыз-қырық жылды дей алмасақ та, жиырма жылдай уақытты, дәлірек келгенде, 1910-1930 жылдар аралығын «қазақ терминологиясы дамуының Байтұрсынұлы кезеңі» деуге толық негіз бар. Өйткені ғасыр басынан 30-жылдарға дейінгі қазақ терминологиясының дамуы Ахмет Байтұрсынұлы есімімен тығыз байланысты. Өйткені ол өзі жүздеген терминдер жасап, оларды қолданысқа енгізіп, ұлт тілінде термин жасаудың үлгісін көрсетті. Осы аталған уақыт аралығында қазақтың ғылым тілінің, ұлттық терминологиялық қорының қалыптасуына Ахаңның өзі тікелей басшылық етті. Ал «Байтұрсынов дәуірі», «Байтұрсынов ғасыры» дегенге келсек, терминологияға қатысты тұтас дәуірді, ғасырды А.Байтұрсынұлы есімімен байланыстыра қарасақ, онымыз тарихи шындықпен қабыса қоймайды. Себебі Ахаң терминология мәселелерімен 10-жылдардың орта тұсынан бастап, жиырмасыншы жылдардың аяғына дейін он бес жылдай белсенді айналысты. 30-жылдардың бастапқы жылдарына дейін ол бастаған іс жалғасын тауып отырды. Сол себепті біз қазақ терминологиясының ХХ ғасыр басындағы 10-15 жылдық мерзімді «А.Байтұрсынұлы кезеңі» деп атаған орынды деп санаймыз. «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарар. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадірінше жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын... Сондықтан сөзден жасап, сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді» (Байтұрсынов А. Шығармалар. – Алматы, 1989. –141-б.) деп, тілдің міндетін терең түсініп, оны термин шығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай білген ұлы тұлғаның қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі ұшан-теңіз. Орыстың ғылым тілінің даму тарихын зерттеуші ғалымдар бірауыздан энциклопедист-ғалым М.В.Ломоносовты «орыс ғылыми терминологиясының атасы» (Даниленко В.П., Канделаки Т.Л. Русская терминология// Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. М., 1986. –стр.182.) дейтін болса, Қазақстан ғылымының тарихындағы ондай орынды ұлтымыздың бағына туған перзенті аса көрнекті ғалым Ахмет Байтұрсынұлы иеленіп тұр.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1 (цифрдан кейін нүкте қойылмайды) Қабдолов З. Сөз өнері: әдебиет теориясының негіздері. - Алматы: Мектеп, 1983.- 368 б.- кітап
- 2 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құрастырғандар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. -240 б. - кітап
- 3 Сыдықов Т. Қазақ тарихи романының көркемдік тілі. – Алматы: Ер-Дәулет, 1996. -164 б. - кітап
- 4 Смағұл Елубай “Ақ боз үй”.Трилогия. – Алматы: Жазушы, 2005. -528 б. – кітап
- 5 Қазақстан Ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2003. Т.5. -720 б.- энциклопедия
- 6 Ахметов З. Әдеби терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б. – кітап.

## **ҰЛТ МӘДЕНИЕТІНІҢ БӘЙТЕРЕГІ**

Толыбай Гүлайдын

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің студенті  
Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылы 28 қаңтарда Торғай уезіне қарасты Тосын болысының 5-ауылында Сартүбек деген жерде дүниеге келген.

Ахметтің әкесін бауырларымен қоса уезд билеушілерінің зорлық-зомбылығына көнбегені үшін ұстап әкетіп, соттап жібереді. Олардың балаларын Ерғазы қамқорлығына алады. Ақтастың баласы

Аспандияр мен Байтұрсынның баласы Ахметті Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ училищесіне беріп оқытады. Бұған дейін Ахмет ауылдың мұсылманша сауатты адамдарынан хат таниды. Ахмет училищені 1891 жылы бітіреді. Ахметтің әкесі мен ағасы елге 17 жылдан соң оралады. Сол жылдардың ішінде Ахмет жоқшылық пен қиыншылықтың ауыр жүгін көтереді. Әйтсе де оқуын жалғастыруды тоқтатпайды. Ол оқу іздеп Орынборға барады. Онда Ыбырай Атынсарин салдырған оқу орны – «Учительская школаға» түседі. Осында төрт жыл оқып, 1895 жылы бітіріп шығады. Ағартушылық қызметіне кіріседі. Ахмет Байтұрсынов қазақ қауымының сауатын ашып, білім беру жолына түседі.

Ахмет Байтұрсынов 1895-1909 жылдары Қостанай, Ақтөбе, Қарқаралы уездерінде бала оқытады, екі кластық училищелерде сабақ береді. Мұғалім бола жүріп ол қоғамдағы болып жатқан құбылыстарға, әлеуметтік өмірге үңіледі. Бостандық аңсаған, күреске үндеген өлеңдер жаза бастайды.

«Қазақ» атты газетке редактор болып тағайындалады. Бес жыл бойы (1913-1917ж.ж) осы газетті өз қаражатына шығарады. Ол 1917 жылы газеттен кетіп, «Алаш» партиясының жұмысына араласады. Әртүрлі мемлекеттік басқару істеріне, қоғамдық жұмыстарға араласа жүріп, ұстаздық қызметін тоқтатпаған. Еліне адал қызмет етіп, халқының болашағы үшін бар өмірін сарп еткен ұлы тұлға. Ол қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, оқуын жалғастыруға күш жұмсаған ағартушы. Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы. Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралда қолайлы һәм сайлы болуы. Үшінші, мектепке керегі белгіленген программа. Ал енді «Жұртқа тәртіпті мектеп керек. Мектепке сайлы мұғалімдер керек» деп айтқаны мектептің адам өмірінде алатын зор міндеті барын, оны дұрыс қолға тапсыруды көрсеткені деп білеміз.

Ахмет Байтұрсыновты М.Әуезов «қазақтың «рухани көсемі» деп атағаны әрине, бекер емес. Халықтың рухани өміріне жанашырлық танытып, әрдайым елмен бірлікте болған рухани ұстаз Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылық қызметі ізгілікке толы болған. Ол атқарушылық қызметті де атқара жүріп, оқу-ағарту ісінен ешбір қол үзбеген қайраткер. Өзі үшін емес, халық үшін өмір сүрген рухани көшбасшы, өйткені Ахмет Байтұрсынов өз өмірін халық үшін құрбан еткен абзал азамат. Өз халқының өмірінің сан-саласына араласып, өз көзқарасын ашық ортаға салған қоғам қайраткері. Ахмет Байтұрсынұлының ойы, сөзі, ісі әрдайым бірлікте болған. Сонысымен де ізгі педагог. Ахмет Байтұрсынұлының оның өмірі мен қызметі, рухани мұралары ұрпаққа баға жетпес үлгі.

Ахмет Байтұрсыновтың азамат, қайраткер ретінде қалыптасуына зор ықпал еткен ХХ ғасырдың оң жақ, бұл жағындағы қоғам дамуы мен оның қайшылықтары, ұлт аймақтарындағы өзгенің күшеюі, сол уақыттағы қазақ халқының тағдыры жөнінде ой қорытудан бастады. Патша үкіметіндегі чиновниктермен қақтығысқа келгені үшін әкесі мен ағасының сотталып, жер аударылуы, жазалаушы отрядтың елге жасаған зорлық-зомбылықтары жас Ахметтің жүрегіне жара боп түсті. Осы жара ұлғая келе, оны күрес жолына дайындағанын біз ақынның өз өлеңдерінен білеміз. Түрмеде жатып анасына жазған хатында келтірген осы бір жолдар жас жүрекке түскен жараның үлкен азаматтық, адамдық дертке ұласуын әдемі бейнелейді. Азамат ұл сол дерттің халық басына түспеуін, одан азат болуды армандайды. Алайда, Ахмет көрген ел әлі ұйқыдан оянып болмаған, ынтымағы жоқ, алауыз, сөз тындауға салғырт, берекесіздікке ұйыған қауым еді. Сондықтан ол өлеңін «Маса» етіп жұмсап, ел құлағына барып ызындап, ұйқыдан оятуға пайдаланды. Атақты «Маса» жинағы осылай туды. Ахметтің ақындықты өнері, «Маса» мен «Қырық мысал» кітаптары осы күнге дейін тиянақты зерттелген емес. Ол жайлы мақалалар, көбінесе, автордың тарихи еңбегін көрсетуге, жеке шығармашылығын шолуға арналады. Сондықтан біз бүгін Ахметтің аудармаларын қоспай, оның төл өлең-туындыларын негізінен «Маса» жинағына байланысты сөз етуді мақсат тұтамыз. Бұл өлең бізге болашаққа жол ашуға шырақ болып жанып тұрады емес пе?! «Масаға» кірген өлеңдер жоғарыда сөз болғандай авторды толғандырған, сол дәуірдің өзекті мәселелерін сөз етеді. Ақын сол кездегі қазақ қоғамының даму жағдайларына, жерлестерінің күн көріс, тіршілігіне сын көзбен қарайды. «Тар көрдің қуысына тығылып отырған», «пайдасы өз басынан арылмайтын, тұрмысында мол құрлы мағына жоқ» туыстарын сынға алады. Ақынның ойшылдық, суреткерлік бейнесі оның «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Жиған- терген» сияқты өлеңдерінде айрықша танылады. Осы жолдардағы бейнелікке көңіл аударып қарайықшы! Сахара ның көлге қонып салқындап, еркін ұшқан қазы өртке душар болып, тәнінде шарпылмаған жер қалмаған! Отаршылдықтың өрті ғой бұл! Осыған қарсы тұрар кім бар, өрт сөндіре алар қазақта күш бар ма? Ақынды осы ойландырады. Қандай ұлы адамды алсаңыз да, оның ұлылығы, ең алдымен, туған халқына деген көзқарасынан танылады. Ол сол ортадан шығып, халқын ілгері бастауды армандайды, бірақ оны соңынан ерте алмай, күйінеді, оған ашу-ызасын арнайды, айналып кете алмай, орала береді. Күрес жолында кездескен қиындық тар, жазықсыз қамау түрме жағдайындағы өмір мен оның мәні, күрестің мазмұны мен мақсаты жөнінде ойландырмай қоймайды. Бір мезгіл ол жазықсыз жанды ұстатқан қара ниетті адамдарды еске алады. Бірақ олардың ісін кек тұтпайды, надандықтан көреді.

Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. Қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» т.б. өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Кітаптың ішкі сазы мен ой өрнек, сөз орамы

қазақ поэзиясына тән өзіндік жаңалық, ерекше өзгеріс әкелді. Сондай – ақ Байтұрсынұлы қазақ тіліне А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ф.Вольтер, С.Я.Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалардың тақырыбы, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары. ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған туындылар. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды.

Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек болмақ. Байтұрсынұлы әдебиет тарихының теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады.

«Халық жауы» деп атылған Ахмет Байтұрсынұлының есімі де, шығармалары да көпке дейін жұртшылық үшін жабық болды. Тек еліміз тәуелсіздік алған соң ғана шығармалары жарық көрді, мұралары зерттеле бастады. 1988 жылы ақталғаннан кейін А.Байтұрсынұлы шығармаларының жинағы шықты, «Ақ жол» кітабы 1991 жылы жарық көрді.

Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларының негізі идеясы жастарды бүгінгі күнде құр сөз, «таусылмайтын» ақыл – кеңеспен тәрбиелегеннен гөрі, жеке бастың өнегесіне, ғибраттылыққа, қоғамда орын алып жатқан әр қилы құбылыстарға сын көзбен қарап, өзіндік баға бере білуге баулу.

Басқадан кем болмау үшін біз білімді, күшті болуымыз керек. А.Байтұрсынұлы аңсаған егемендіктің құны мен қадірін бағалауымыз, ары қарай дамытуымыз керек!

#### Әдебиеттер тізімі:

4. Самырат Кәкішев «Ахаң туралы ақиқат» Алматы:Қазақстан:Шапағат, 1992.
5. Омарбеков Т. «Қателескен Ленин бе, жоқ әлде қазақ зиялылары ма?» Егемен Қазақстан, 1991.
6. Нұрпейісұлы К. «Ғасыр басындағы ұлттық интелленция» Егемен Қазақстан, 1997.
7. «Ахаңның асыл мұрасы»: Алаш аманаты, Д. Исламбекова, Ана тілі: Ұлт газеті, 2017.

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Турсынханова Жайдары Абдымажитқызы  
Астана Халықаралық Университетінің педагогикалық колледжінің  
«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша Ікурс студенті.  
Ғылыми жетекші: А.Кусаинова  
Нұр-Сұлтан қаласы

Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған қазақ әліпбиінің маңызы

Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны- «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер- білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұртты бәрі біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды.

— Мұхтар Әуезов

Ахмет Байтұрсынұлы (5 қыркүйек 1872 жыл, қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Ақкөл ауылы – 8 желтоқсан 1937, Алматы) — қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі

Атасы Шошақ оның немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Әкесінің інісі Ерғазы Ахметті Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болған.

Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады. Патшалық Ресейдің

канаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады.

Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

Байтұрсынұлының екінші кітабы — «Маса» (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. Қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ, қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» т.б. өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Кітаптың ішкі сазы мен ой өрнек, сөз орамы қазақ поэзиясына тән өзіндік жаңалық, ерекше өзгеріс әкелді.

Ахаңның 1914 ж. Орынборда жарық көрген Қазақша әліппесінің мұқаба беті

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды – жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу-ағарту идеясына сол кезіндегі интеллигенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының [10] әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тілі білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Қазақ тілі білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі – ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлыныңкі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенін олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

Байтұрсынұлы қалдырған бай мұраның тағы бір саласы — көркем аударма. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға мол үлес қосты. И.А. Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен жеке жинақ қылып бастырды. И.И. Хемницердің «Атпен есек», А. Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармаларын, орыстың белгілі лирик ақыны С.Я. Надсонның өлеңін қазақ тіліне аударды.

**Байтұрсынұлы тілші-ғалым ретінде қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб әліпбиінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы мақалалар жазды.**

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап берген еді. «Әдебиет танытқыш» – сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап-түсіндірген ғылыми зерттеді. Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Сондай-ақ ол – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етіп шығарды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті. Байтұрсынұлы ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді. «Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды. Байтұрсынұлы – әлеуметтік мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал

жасаған публицист. Оның мақалалары ғылыми байыптауымен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді. Абайдың қоғам өмірінің демокр. Құрылысы туралы ойларын дамытып, саяси-элем. Жағдай, оқу-ағарту, халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы мәселелерді қозғады. Қазақ зиялыларының жан-жақты білімдер әрі саяси күресте шындалған легін қалыптастыруда Байтұрсынұлының публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшантеңіз. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор.

1929 жылы 2 маусымда Ахмет Байтұрсынұлы Алаш қозғалысының 43 қайраткерімен бірге Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. Келесі жылы КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ "үштігінің" шешіміне сәйкес, ату жазасына кесілді. Бірақ бұл шешім бірнеше рет өзгерді. 1931 жылы қаңтарда 10 жылға концлагерьге ауыстырылса, 1932 жылы қарашада 3 жылға Архангельскіге жер аударылсын деген үкім шығарылды. 1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге өткізуге рұқсат беріледі. Ал 1934 жылы М.Горькийдің жұбайы Е.П.Пешкованың көмегімен Байтұрсынұлы отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарады. Орталық мұражайда кеңесші болып істеді. Өкінішке қарай, Сталиннің 1925 жылғы 29 мамырдағы "Ақ жол" газеті туралы хаты Ахмет Байтұрсынұлы және оның серіктерін "ұлтшылдар" және "шокаевшылдар" ретінде қуғындауға теориялық негіз қалады. Қазақстандағы қуғын-сүргінді жергілікті басшы Ф.Голощекин жандандыра түсті. Ақырында қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілігіп, 1937 жылы 8 желтоқсанда жазықсыз атылып кетті.

Қорытындылай келе сөзімді Сәкен Сейфуллин ағамыздың сөзімен аяқтасам деймін.

"...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті", - деп жазды

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары.-Қарағанды: «TENGRI Ltd», 2013.-382 б.
2. Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан. 1997 ж. 5 желтоқсан. –3-5 бб.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. — Алматы: «Атамұра», 2002. — 768 б.
4. «Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық» Алматы 2010

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫ

Турумова Зейнеш Айдарбекқызы

«Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығының 1 курс студенті

«Қостанай облысы әкімдігінің Білім Басқармасы» ММ«Қостанай тұрмыстық қызмет көрсету колледжі»КМҚК

Ахмет Байтұрсынұлы – ақын, ғалым, түркітанушы, аудармашы, ұстаз, публицист, қоғам қайраткері. Кезінде әділетсіздіктің, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болып, жарты ғасырдан астам уақыт бойы атақ-даңқ танытпады, есімі Қазақстан тарихынан лайықты орын алған жоқ. Енді ғана тарихтағы «ақ дақтар» жойылып жатқан өзгерістер жағдайында Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов сынды тұлғалардың есімдері халыққа қайтарылды.

Өз өлеңдерінде Ахмет Байтұрсынұлы махаббат туралы да, әйел туралы да, табиғат туралы да жырламайды, оның ұлағатты өлеңдері де, қанатты сөз тіркестері де жоқ. Қарапайым да түсінікті қырғыз тілінде азаттық туралы, ұлт туралы, артта қалған қырғыз елін ағартушылыққа, еңбекке шақырып, әр қырғыздың бойында азаматтық сезімін оятып, сан ғасырлық қысқы ұйқыдан құтылуға шақырады. А.Байтұрсынұлы өлеңдері сыртқы қарапайымдылығымен, ішкі мазмұнымен, біркелкілігімен қырғыз әдебиетінде бірінші орынды алады. А.Байтұрсынұлының «Қырық мысалынан» бөлек, «Маса» атты шағын және аударма өлеңдер жинағы мен әлі жарияланбаған бірнеше лирикалық өлеңдері бар. Патша саясатын аяусыз сынау мен қатаң талдау, оған қарсы наразылық Ахмет Байтұрсынұлының бүкіл әдеби қызметін кызыл жіптей өтеді.[1, с.15]

Қазақ тілінің табиғатын зерттей отырып, тіл білімі бойынша мақалалар, оқулықтар жазады, кейін тіл білімі туралы ғылыми ізденістері пайда болады. Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми-педагогикалық еңбектерінің нәтижесінде бізде қырғыз әліпбиі, қырғыз тілінің фонетикасы, синтаксисі мен этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы бар. Ахмет Байтұрсынов осы тынымсыз еңбегімен қырғыз әдебиетін биік деңгейге көтеріп, ұлттық мектеп пен төл әдебиеттің берік негізін қалады.

1913-1917 жж – Ахмет Байтұрсынұлы өмірінің тамаша кезеңі.

Орынборда қазақ тілінде шығатын жалғыз «Қазақ» газетінің редакторы болды. Газет бетінде оқырмандарды халықтың бай мәдени мұрасымен таныстырып, білім нұрына, рухани кемелдікке шақыратын оқу-ағарту, әдебиет, тіл білімі туралы көптеген мақалаларын жариялайды. «Қазақ» 1918 жылдың қазан айына дейін өмір сүрді. Жоқтан дерлік пайда болған және патшалық полиция режимінің қиын жағдайында өмір сүрген Ахмет Байтұрсыновтың шебер басшылығы мен жанқиярлық еңбегінің арқасында газет жабылар алдында өзінің баспаханасы, үлкен қағаз қоры, шағын кітапханасы, басылым 8000-нан асты. Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынов басқаратын «Қазақ» газеті жас қырғыз баспасөзінің тарихында бірінші және құрметті орынға ие болды.[ 2, с.25]

1917 жылғы төңкерістен кейін «Алаш» партиясының мүшесі бола отырып, Ахмет Байтұрсынов Қырғыз (Қазақ) өлкесі Әскери-революциялық комитетінің мүшесі болып сайланды, Өлкенің Ағарту халық комиссары (1920–1921), «Алаш» партиясының төрағасы болды. академиялық орталық (1921–1922), Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдістемелік кеңесінің мүшесі, 1920 жылы РКП(б), 1921-1928 жылдары Қазақ халық ағарту институтында жұмыс істеді, қазақ тілі мен әдебиетінен, тарихы мен мәдениетінен дәріс оқыды.

1928-1929 жылдары Ахмет Байтұрсынов Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры болды. Ол жасаған және оның атымен аталған графикалық жүйе қазақтардың сауатсыздықты тез жоюға, жазба мәдениетін жақсартуға мүмкіндік берді. 1929 жылы маусымда Қызылордаға шығармашылық сапарында А.Байтұрсынов тұтқынға алынды. Оған 1926 жылы Бакуде өткен түркологтардың съезінде Қазақстанды Ресейден бөлу жоспарын жүзеге асыруға көмектесемін деп, шетел ғалымдарымен кездесіп, Мұстафа Шоқаевпен байланыс орнатуға әрекеттенді деген айып тағылды.

1931 жылы Архангельск облысына ауыстырылып, ол жерден үш жылдан кейін ғана Алматыға оралды. Ал 1937 жылы қуғын-сүргіннің жаңа толқыны басталғанда тағы да тұтқындалды. 1938 жылы 8 желтоқсан Ахмет Байтұрсынов «халық жауы» ретінде атылды.

Байтұрсыновты большевиктер де жек көрді. Өйткені олардың «Қызыл гвардияның» қазақ даласын өзгерту жобаларымен, жаһандық тәжірибелерімен келіспеді. 1919 жылы ол ғылыми интеллигенция өкілдерінің үлкен тобымен бірге Кеңес өкіметі жағына өтуге мәжбүр болды. Сол жылдың маусым айында Ахмет Байтұрсынов Қазақ өлкесінің әскери революциялық комитетінің мүшесі болып сайланды. 1922-1925 жж. Ахмет Байтұрсынов – Миллет халық комиссариаты жанындағы ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы, Қазақстан Халық комиссарының төрағасы болып сайланды, Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің, ҚазЦИК-тің мүшесі, баспасөз органында жұмыс істеді. Түркістан Компартиясы Орталық Комитеті, «Ақ жол» газеті. 1925-1929 жж. Байтұрсынов Қазақ халық ағарту институтында, Қазақ педагогикалық университетінде сабақ берді. 1929 жылы ОГПУ тергеушісі ретінде жауап бере отырып, ол саясаттан гөрі ғылыми жұмыспен айналысқанды ұнататынын жазған. Бірақ тағдырдың жазуымен өмірінің соңына дейін саяси қызметпен айналысуға мәжбүр болды. Басқаша болуы мүмкін емес еді. Ұлттық сананың өрлеу дәуірінің зиялы қауымы саясаттан тыс қала алмайды. «Менің мұратым – қазақ халқының мәдени жағдайын көтеру, – деп атап өтті ол, – оның дамуының кепілі және ол қандай күш бере алады, соған қанағаттанамын».[3, с.17]

1937 жылы Ахмет Байтұрсынов тұтқындалып, атылғанда оның әйелі Бәдрисафа да тұтқындалып, Свердлов облысына жер аударылды. Мұнда ол қатты ауырып қалды. Қостанайға оралған соң шарасыз Бәдрисафа мүгедектерге арналған ауруханаға жатқызылды. Ол сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болды, оның өмірі Қостанай облысы аумағында қайғылы түрде қысқарды. Халық жадында Ахмет пен Бәдрисафаның қиыншылық пен азапқа толы қиын өмірін бастан өткерген осынау мөлдір сұлу махаббат туралы аңыз-әңгімелер әлі күнге дейін ауыздан-ауызға жетіп келеді.

Ахмет Байтұрсыновтың сан қырлы таланты поэзияда, публицистикада, ғылымда, мәдениеттің басқа салаларында қалам қуатын сынауға мүмкіндік берді. Ол ғалым, аудармашы, этнограф, көптеген оқулықтарды құрастырушы ғана емес, жас балаларға арналған көптеген өлеңдердің авторы. Ахмет аға үлкен ұстаз – балалар мен үлкендерге бас әріпті ұстаз болған.

Ол араб жазуы негізінде қазақ жазуына реформа жасап, шетелде тұратын миллиондаған қазақтардың оны қолдануына жағдай жасады. 1912 жылы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінде қолданылмайтын таза араб әріптерінің барлығын алып тастап, қазақ тіліне тән әріптерді қосты. «Жаңа Емле» деп аталатын жаңа әліпбиді Қытай, Ауғанстан, Иранда тұратын қазақтар әлі күнге дейін қолданады. Белгілі бір қазақ грамматикасы үшін қазақ тілінің және ғылыми терминологияның негіздерін жасаған Ахмет Байтұрсынұлы қазақ ғылымы мен мәдениетінің көрнекті тұлғасы болған және халық жадында қалады.[5, с.22]

«Халық үшін басты байлық денсаулық болса, жанның басты байлығы – білім мен өнер. Солардың көмегімен ғана халықтар өркениет көшінен өз орындарын табады. Жастарға білім беру, қолөнерге баулу, кәсіпке баулу – басты міндет. Қазақ даласында бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін барлық жерде қазақ мектептерін ашу, қазақ тілінде оқыту қажет. Біздің басты мақсатымыз да, міндетіміз де осы», – дейді Ахмет Байтұрсынов. Бір ғасырдан астам уақыт бұрын айтылған Ахмет Байтұрсынұлының бұл сөздері білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөліктерін айқындап, әлі де өзектілігін жойған жоқ.

1988 жылы Ахмет Байтұрсынұлы ақталды. Ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынов тағы да арамызда. Оның кітаптарында, оның атындағы қорында, көше атауларында, ең бастысы, бүгінгі күннің проблемаларымен үндес идеяларында.

Әрбір халықтың, мемлекеттің өмірінде ұмытылмайтын оқиғалар болды. Осы оқиғаларға, оның тарихына ұқыпты қарау – бүгін де, ертең де жаңа оқиғаларды жасамайтындығымыздың ең жақсы кепілі.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Алаш. Алашорда. Энциклопедия. – Алматы: "Арыс" баспасы, 2009.
2. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Алаш Қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Т. 1.- Алматы: Алаш баспасы, 2004.
3. Алаш-Орда: Сб. док./ Сост. Мартыненко Н., Алматы, 1992
4. Асанбай Асқаров «Ұлы Тұранның Ұлдары».
5. А.Т.Ахметжанова, М.С. Сарыбаев Қазақстанда педагогикалық қызметкерлерді оқытуды жаңғырту мәселелері.
6. Байтұрсынов А. Избранное., Алмата, 1995. 6. Тарихи тұлғалар. Қазақтар, тоғыз томдық танымал анықтамалық, II том.
7. ҚазҰУ хабаршысы, ақпараттық серия, № 3, 1998.
8. Тарихи тұлғалар. Қазақтар, тоғыз томдық танымал анықтамалық, II том.
9. Қазақстан саясаттану энциклопедиясы. Алматы-98.
10. "Алаш және Тәуелсіз Қазақстан: идеялар мен ұстанымдардың сабақтастығы" атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 2008 жылғы 21 қараша. – Алматы. 10. Байтұрсынов А. Избранное., Алмата, 1995.

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ТӘЛІМДІК ОЙ-ПІКІРЛЕРІНДЕГІ БІЛІМ МӘСЕЛЕСІ**

Тұрарбек Үкіләй

Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжінің

2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Бекшойнова Айсулу Еркінбековна

п.ғ.м., педагогика пәнінің оқытушысы

Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы

Бүгінгі таңда елімізде жүріп жатқан жаңару үрдісі өткен тарихымыздың сан қырын дұрыс бағалауға және ондағы рухани құндылықтарды қазіргі ағарту, оқу-тәрбие үрдісінде кеңінен пайдалануға қолайлы жағдайлар туғызып отыр. Педагогика ғылымы халқымыздың мәдени мұрасын, педагогикалық ой-пікірлер саласында қордаланған барлық құнды, қажетті және халық ағарту мен қоғамның даму кезеңдеріндегі тәжірибелерді жүйелі түрде зерттеп, пайдалануы қажет. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынов қалдырған рухани және ғылым-білім саласындағы орасан зор мол мұра ел тарихында алатын орнымен ғана емес, бүгінгі таңда да мән-мағынасын жоймаған көкейкестілігімен де ерекшеленеді А.Байтұрсынов туған халқының ғылым-білімге ұмтылуын, әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. "Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек", – деп жазды ол.

«Осы замандағы жан таңырқарлық нәрсенің бәрі ғылыммен табылған. Адам баласын көкте құстай ұшқызыған, суда балықтай жүздірген – ғылым. Дүнианың бір шеті мен бір шетіне шапшаң хабар алғызып тұрған – ғылым, отарба, откемелерді жүргізген – ғылым» (Оқу жайы). «Сөзбен үйреніп, сөз жүзіндегі іске шебер болуға болады, бірақ тіршілік ісі жалғыз сөз жүзінде емес. Сөзге қарамайтын тіршілік істері толып жатыр. Ол істерге істеп, үйреніп, шебер болмаса, сөзбен үйреніп шебер бола алмайды» («Баулу мектебі»).

Ахмет Байтұрсынов бүкіл саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында өзіндік өшпес ізін қалдыра білді. "Әліпби", "Тіл құралы", "Әдебиет танытқыш" тағы басқа оқу



құралдарын жазып, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемелік мәселелерін зерттеу ісімен айналысты.

Сонымен қатар қазақтың саяси теңдігіне, рухани кемелдігіне ғұмырын арнаған ағартушының оқу-ағарту, өнер-білім, ғылым хақындағы «Жазу тәртібі», «Бастауыш мектеп», «Оқу жайы», «Білім жарысы», «Орысша оқушылар», «Оқыту жайынан», «Баулу мектебі», тағы да басқа мақалаларының мәйегі іспеттес нақыл сөздері – руханиятымыздың алтын қорын еселеуде.

Ахмет Байтұрсынұлының нақыл сөздері – ояну дәуіріндегі рухани және саяси күрестегі елшілдік рух, ұлтшылдық сезім, мемлекетшілдік сана көрінісінің қайнары.

Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының сан қатпарлы шығармашылық тұлғасын, қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметін тануда нақыл сөздерінің алар орны ерен.

«Оқусыз халық қанша бай болса да біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші» («Оқу жайы»). «Еңбексіз егін шықпайды, терлесең терің тегін қалмайды. Телміріп алған теңгеден тер сіңірген тиын жұғымды» («Қазақтың өкпесі»). «Жел кемесі болса да от кемені іздеген, атарбасы болса да отарбаны іздеген, енді көк кемесін іздеп жатыр. Осының бәрі де жақсыдан да жақсыны іздеу, тараққи жолы» («Шаһзаман мырзаға»). «Мал бағатындар мал бағуын жақсы білерге керек, ел бағатындар ел бағуын жақсы білуге керек. Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек» («Қазақша оқу жайынан»). «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын. Бала деп бағып оқытып, адам қылғаннан кейін жұртым деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой» («Орысша оқушылар»). «Біз мәдениетті, өнерлі болуға талпынсақ, мақсатқа сонда жетеміз, сонда дайын нәрсеге қызығатұн болмай, барды ұқсатып, жоқты табатұн боламыз» («Әлібби тақырыпты Ақметтің баяндамасы»). «Тілеусіз, мақсатсыз адам болмаған соң талассыз, тартыссыз да адам жоқ. Әркім әліне қарай таласады, тартысады. Талас, тартыс табиғаттың негізгі заңының бірі» («Әдебиеттантықшы»),

«Оқусыз халық қанша бай болса да біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші» («Оқу жайы»). «Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап» («Жазу тәртібі»). «Білімнің бас құралы – кітап» («Білім жарысы») және тағы басқалары.

«Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек» («Қазақша оқу жайынан»), «Сауаттану – мылқауға тіл, саңырауға құлақ, соқырға көз бітіргенмен бірдей нәрсе» («Ана тілінің әдісі») екенін ағартушылық еңбегімен дәлелдеген ұлт ұстазының ана тілі, тіл лұғаты, мұғалім мерейі, ұрпақ тәрбиесі хақындағы нақыл сөздерінің мән-мағынасы алабөтен. Оларда тіл жасампаздығы, ұрпақ тәлімінің түйінді тақырыптары, мәңгілік мәселелері зерделенді.

А.Байтұрсынұлының қазақ тілімен қатар орыс тіліндегі мақала, баяндамаларындағы нақыл сөздері ой-өріс кеңдігі, дүниетаным тереңдігімен ұйытады. Елдік мұратты, елдік мүддені қорғаудағы азаматтығынан айнымаған қайраткердің интеллектуалды саралаулары, парасатты пайымдары шынайы ғалым, елшіл қайраткер, отаншыл азамат қандай биікте болуы керектігін ұқтырады. Мәселен, түркітанушылар құрылтайы баяндамасындағы ұлттық бірегейлік, әділдік, мәдениет, рухани ықпалдастық мәселелерін сын тезіне салған кемел ойлары – даналық кенішіндей әсерлі, мірдің оғындай өткір: «Современная культура не есть создание одной какой-нибудь нации или расы, а результат совокупных усилий и навыков всего человечества».

Байтұрсынұлының ағартушылық ой-пікірлері 1911-1915 жылдары шыққан "Айқап" журналы мен 1913-1917 жылдары Орынборда шыққан "Қазақ" газетінде жарияланған мақалаларынан айқын көріне бастады. Ол өзінің 1911 ж. "Айқап" журналына жазған "Қазақтың өкпесі" атты мақаласында "Өзге жұрттар өнер-білім қуғанда, қазақтың хандары да, халқы да ғылым, өнерді керек қылмаған. Ханы надан, халқы надан жұрт мықты мемлекет жанында өз алдына хандық құрып тұра алмайтын болғандықтан... хандарымыз халқыменен Ресейге қосылған" деп тарихи шындықтың бетін ашады. Қалың елі қазағына ұлы ақын Абайша өсиет айтып, "Шаруанды түзет. Жалқаулықтан арыл, адал еңбек ет, кәсіп үйрен, тер төк... Дүниеде елге теңдік, кемге кеңдік беретін, азды көпке теңгеретін ғылым мен өнерді үйренейік ағайын!" – деп көпке жар салды.

Ол өмірінің алғашқы жылдарын бала оқытудан бастайды. Ол жөнінде былай деп жырлайды:

Адамдық диқаншысы - қырға шықтым,

Көлі жоқ, көгалы жоқ-құрға шықтым.

Тұқымын, адамдықтың шаштым, ектім,

Көңілін көтеруге бұл халықтың - деп бейқам жатқан халқын сауаттандырып, өнер - білімге, мәдениетке жетектеді.

Менің ойымша ендігі міндет – ақыл ой алыбы А.Байтұрсынұлының асыл сөз, асыл ойларын санамызға сіңіру, өсиеттеріне сай еңбек етіп, іс қылу; өнегелі өмірін жастарға үлгі етіп ұсынып, кемеңгерлік, даналық пікірлерін тәрбиенің қуатты құралына айналдыру.

Қазақ халқы үшін қызмет етуді өмірлік мұрат тұтқан Ахмет Байтұрсынұлының артында қалған мұралары қазіргі егемен еліміздің жас ұрпағына қоғамдық тәрбие беруде айрықша мән-маңызға ие екені сөзсіз. Ахмет Байтұрсынұлының нақыл сөздері қазақ халқын отаршылдықтан арылтып, азаттыққа бастаған Алаш қайраткерлерінің елшілдік рухы, ұлтшылдық сезімі, мемлекетшілдік санасы қаншалықты асқарлы болғанын көрсетеді. Ұлттың ұлт болып қалуының мәңгілік мәселелері арқау болған нақылдары – қазақ топырағындағы рухани таным, саяси күрескерлік мектебінің тағылымы болуымен қастерлі.

## Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы. – Алматы. Қазақстан, 1995. -326.
2. Жарикбаев К.Б., Қалиев С.Қ. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. Алматы, 1995. – 346б.
3. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/22909?ysclid=121k9w4s32A>.
4. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/22909?ysclid=121k9w4s32#:~:text>

## БІЛІМНІҢ АТАСЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНА 150 ЖЫЛ

Хамит Жанәділ Темірбекұлы  
Жетекшісі: Қонысов Жәнібек Қонысович  
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі  
Қызылорда қаласы

*"Ахмет Байтұрсынұлы- ұлттық тарихымызда  
ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға".  
Әбіш Кекілбаев.*

Ахмет Байтұрсынұлы – бұл есімді білмейтін адам жоқ. Ол өз ұлтына, қазақ халқына аянбай қызмет етті. Оған Сәкен Сейфуллиннің мына айтқан сөзі дәлел бола алады: «Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен, Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл». Ұлт ұстазының 150 жылдық мерейтойын атап өтуде жалпы республикалық жоспар құрылды. Еліміздің оқу орындарында, мектептерде ғылыми-практикалық конференциялар (онлайн және офлайн форматта), айтыс, мүшәйра, конкурстар, Ахмет мұрасын сахналық қойылым қою, т.б іс-шаралар ұйымдастырылмақ. Алаш қайраткерінің шығармашылығы бойынша білім беру орындарында ашық сабақтар, тақырыптық конкурстар өткізілмек. Ұлт ұстазының 150 жылдығына орай мұндай іс – шаралар жыл бойына өткізілу жоспарланған. Биылғы жылы еліміз Ахмет Байтұрсынұлының 150 жыл мерейтойын әлемдік деңгейде ЮНЕСКО аясында тойлауды жоспарланып отыр. Ол саналы ғұмырын ағартушылыққа сарп етті. Ауыл мектебінде мұғалім, республиканың Академиялық орталығында филология профессоры болып жұмыс істеді. Байтұрсынов білімнің маңызын, қазақ жерін отарлауды тоқтату қажеттігін, патша өкіметінің іс-әрекетін сынау және т.б. мәселелерге арналған әдеби шығармалар, өлеңдер, мақалалар жазды. Ахмет Байтұрсынов өзі ашқан «Қазақ» газетінің айналасына Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов және басқа да көптеген белгілі қайраткер мен ақындарды топтастыра білді. Көрнекті қайраткерлердің күш-жігерінің арқасында газет қазақ халқының санасын оятуда маңызды рөл атқарған қоғамдық басылымға айналды.

Ахмет Байтұрсынов қазақша оқыту әдістемесінің негізін салушы. «Оқу ана тілінде жүргізілсін» - деген талаппен тұңғыш рет «Әліппе» жазды, ол халықты сауаттандырудың басты құралы балды. Бұл оқу құралы әрі сауат ашу, әрі ұлттық дүниетанымды іске асыру мақсатын қойды және «Әліппенің» жете өңделген жаңа түрі жарияланып, қазақ халқының сауат ашу мектебінің басты құралы балды. Әдіскер оқушыларға ереже жаттаудың тиімсіз екенін дәлелдеп, түсіндіру, талдау, қорыту тәсілдерін қолдануды ұсынды. Сол сияқты әдебиет сабағын оқытқанда әсерлендіру, талдау, бейнелеу, тұжырымдау тәсілдерін қолдану қажет екенін «Қай әдіс жақсы» (1928 ж.) деген мақаласында айқын баяндайды [1].

Байтұрсынұлының саясатқа араласуы 1905 жылмен сәйкес келеді. Ол жергілікті басқару, сот ісі, халықты ағартуға байланысты ұлт мүддесіне сай өзгерістер енгізу, ар бостандығы, сенім еркіндігі, цензураға ұшырамайтын газет шығару, баспа жұмысына еркіндік беру, Ресей үкіметінің Дала ережесіне бағынып, халқымыздың мүддесіне сәйкес келетін заңнама бекіту мәселелерін көтерді. Қазақ жеріне ішкі Ресейден қоныс аударушыларды әкелуге қарсы болды. Ахмет сол кезеңнен бастап патша үкіметінің назарына ілігіп, бақылауға алынды. 1909 жылы тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылған. 1910 жылы Ресей ПМ-нің Ерекше кеңесі Ахмет Байтұрсынұлын туған жерінен алыстатып, жер аудару жөнінде шешім шығарады. Иә, бәлкім елінен алыс жүрсе мүддесінен бастартар деген болар. 1910 жылдың 9 наурызынан бастап Орынборда тұра бастайды. Бұл уақыт оның қоғамдық-саяси өмірінің ең құнарлы кезеңі болды. Ол осы қалада Міржақып Дулатұлы, Әлихан Бөкейханұлымен бірігіп, ұлт зиялыларының қолдауымен «Қазақ» газетін құрды. Оның ұстаған қаруы – қара қалам еді. Әрбір сөз оқ іспетті, нысанасын көздеді. Газеттің басты мақсаты қазақ халқын білімге шақыру. Ахметтің мүдделесі Міржақып та «Оян қазақ!» деп ұрандады. Міржақыптың Ахметке деген құрметі, олардың қазақ ұлтына деген адалдығы кітапта анық берілген. Қазақтарды мемлекеттік Думадан алыстату ұлт зиялыларының белсенділігін оятты. Ұлт тарихына қатысты шешімді қазақ қана қабылдай алатынын айтып, халықтың санасын ояту үшін қызмет ете бастады. Ахмет пен Міржақып бар күшін осы жұмысқа арнады. Өз кітаптарын шығарды, газет беттерінен халыққа түсіндіру жұмыстары тоқтаусыз жүргізіле бастады. Міржақып «Біздің мақсатымыз» мақаласында Ресейден қоныс аударушыларды қазақ жеріне

орналастырудың астарында үлкен саясат жатқанын ашық жазды. «Ресейде жер жоқ емес, жер бар, тек оның патшасының көңілі қазақ даласының астындағы байлығы мен төсінде жайылған мыңғырған малына ауып отыр» деп ашық көрсетті [2].

Ахмет бұл жолда өзі «ұлттың әкесіне» айналғанын да байқамады. Бірақ бұл міндетті Жаратушының берген үлкен сыйы ретінде қабылдады. «Мені Алла тағала бекерден бекер жаратпаған болар. Мен өзімді өсірген, әкемдей қамқор, баламдай бауырыма басқан халқыма тағдырымды арнаймын. Ол үшін ризамын» деп талай түндерді ұйқысыз өткізген болатын. Еркіндік пен бостандықта, алдындағы малдың артына еріп, кең даланы кезіп тіршілік кешкен халқының бүгінгі тағдыры қатты алаңдататын. Уақытқа ілесе алмай, қайтсем халқымның ертеңін жарқын, болашағын кемел етем деп жан таласқан, ақыл айтар ағасы әрі сенімді досы Әлихан Бөкейханұлымен де талай сыр шертіскен еді.

Қазақтың бейқам тірлігі Ахметті қатты алаңдататын. Айналада болып жатқан өзгерістер, өзгелер жеріне, тіліне, дініне араласып жатса да үнсіз қарап отырғандығы ашындыратын. Қазақтың үні бір күні күндердің күнінде әлемді жаңғыртатынын ол анық білген. Бай әдебиеті бар, екіншісі шешендікке жақын, суырып салма ақындық қасиет дарыған халықтың өркениеттен кенже қалуы мүмкін емес еді. Тек қазақ ғасырлық дәстүр тамырын солдырмай, оянса екен, білімге, үйренуге ұмтылса екен деген тілек Ахметті алға жетеледі. Қазақ халқының басына түскен талай нәубет ұлт қайраткерінің тағдырымен қоса беріліп отырады. Бірінші дүниежүзілік соғыс, 1915-1916 жылдары қазақтарды әскерге шақырту, қазақ даласында бас көтерген көтерілісшілер, ақпан көтерілісі, патшаның тақтан құлауы – бұл оқиғалардың барлығы қазаққа ауыр тигені рас. Әскерге соғысу үшін емес, жау тылында окоп қазу ұлт зиялыларының ғана емес қарапайым халықтың ашу ызасын тудырған. Патша үкіметінің құлауын қазақ зиялылары үмітпен, қуанышпен қарсы алған халықты енді «Жаңа үкімет» күтіп тұрды. Келесі қадам ретінде «Қазақ автономиясын» құрды [3].

XX ғасырдың 20-30 жылдары Қазақстанда сталиндік репрессия жүрді. Қазақ зиялыларының дені тұтқындалды, тергелді, жалған айып тағылды, түрмеге қамалды және өлім жазасына кесілді. 1937 жылдың қазан айында Ахмет Байтұрсынұловта тұтқындалып, «халық жауы» ретінде атылды. «Ол ақырының не болатынын білді. Оны қарауылдар да білетін. Тек олар мына біртүрлі, түріне қарап қауіпті деп ойлауға болмайтын, әрекеті мектеп мұғаліміне ұқсайтын жанның еркіндіктен естілген күн күркіріне неге күлімсірегенін түсіне алмады». Бұл жолдар Амантай Ахетовтің «Властелин духа» кітабынан алынған. Тұтас кітап Ахмет Байтұрсынұловтың өмір жолына арналған. 1988 жылы Кеңес соты қылмыс құрамының болмауына байланысты қайтыс болғаннан кейін оны ақтады. Қазақ халқының жарқын мәдени өкілінің бірінің тағдыры осындай қиындықпен өтті. Бір сөзбен айтқанда Ахмет өзінің барлық саналы ғұмырын қазақ қоғамында білім мен ғылымның дамуына, ағартушылық ісіне арнады. Ахмет Байтұрсынұлов қазақ қауымының сауатын ашып, білім беру жолына түседі [4].

Сөзімді қорытындылай келе, бүгінгі Бүгінгі тәуелсіздік ұрпағының міндеті – Ахметтің 150 жылдық мерейтойы қарсаңында ұлттың маңдайына біткен Ахметтің «Алаш көсемі» деп дәріптеген замандастарының ұрпаққа танытуда кешенді жұмыстарды жоспарлы түрде жүргізу. Ғұлама ғибратының өміршеңдігін осы кешенді жұмыстар барысында жедел қолға алып, жаңаша пайыммен насихаттау. Ұлт тарихын парактауымыз тегін емес. Өйткені, тарихы оқиғалар «әдеби туындылардың» жазылуына себепкер. Әрбір шығарма тарихтан сыр шертеді. Үстіміздегі жылы Алаш аңсаған тәуелсіздіктің 30 жылдығын атап өтсек, биыл бізді «Алаш» партиясының 105 жылдығы, Ахмет Байтұрсынұловтың 150 жылдық мерейтойы күтіп тұр. Бұл рухани күшейіп, кемелденуге тағы бір себеп. Зиялылардың жүрген жолының соңы аяусыз жазаға тартылу болды. Сол сәттегі әділетсіздік, тамырын тереңге жайған дерт бүгінде тек парак беттерінде қалды. Алайда ер есімі ел есінде жаңғырып тұрады. Елін сүйген, халқын сүйген бір ғасырда бір туатын тұлғалар туралы жазылған осындай тың туындыларды оқып, дүниетанымызды кеңейте білсек, Ахмет Байтұрсынұлов аңсаған ұрпақ біз болмақпыз!

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Б. Тоғысбаев, А. Сужиков «Тарихи тұлғалар» Алматы, 2009 жыл. 107 бет.
2. Түркістан халықаралық энциклопедия. Алматы, 2000 жыл. 164 бет.
3. Кәкішов С «Ақаң туралы ақиқат». Алматы, 2009 жыл
4. Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы. Алматы, 1999 ыжыл.72-76 бет.

### ОТБАСЫ ТӘРБИЕСİNДЕГІ АТА-АНАНЫҢ РӨЛІ

Шакаримова Сабина Асқарқызы

М. О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі, Семей қаласы 409 топ, 4 курс, Ғылыми жетекшісі: А.К.Кабимолдина,

Педагогика-психология пәнінің оқытушысы, Семей қаласы

Қазақстан Республикасының Конситуциясында 27 бап Неке мен отбасы, әке, ана және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаға тәрбие беріп қамқорлық жасау ата-ана құқығы және міндетті.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар Рухани жаңғыру» мақаласында балаларды білімді, білікті, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, жеке тұлғаны даярлау қазіргі таңда өзекті мақсаты болып табылады. Отбасының басты қазығы, байлығы – бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері зор. Отбасының әрбір мүшесі, өзара сөйлесіп, не болмаса ата-ананың, баланың міндетін атқару ғана емес, береке-бірлік, сүйіспеншілікпен араласса, босағасы берік, шаңырағы биік отбасына айналары сөзсіз.

Адамның немесе тұлғаның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді. Жеке адамның бойындағы ар-ұяты, ақыл-ойы, адамгершілігі, басқа адамдармен қарым-қатынаста, мәдениеттілікті тәрбиелеуде отбасы алғашқы қадам. [2.74]

Қазақ отбасылық тәрбиесінің теориялық, педагогикалық негіздерін жасауға Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев т.б. үлестерін тигізді.

**Ахмет Байтұрсынұлы** (1873-1937)- ағартушылық, демократтық қозғалысқа, қоғамдық-әлеуметтік өмірге белсене араласқан педагог-ғалым, білім таратудың тиімді жолдарын қарастырушы әдістер, қазақ тілі мен әдебиетінің тарихын, теориясын, халықтың көркесөз мұрасын зерттеуші, алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарын жасаушы, аудармашы, дарынды ақын-журналист. А.Байтұрсынұвтың педагогикалық көзқарасының қалыптасуына қоғамдық-тарихи жағдайлардың ықпалын ғылыми-педагогикалық тұрғыда саралайды, сол кездегі қаланған білім жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Ал екінші тарауда ғұламаның артына қалдырған еңбектеріндегі адамгершілік мәселелері жан-жақты сарапталып, бүгінгі мектеп оқушыларының адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың алғышарттары қарастырылады. Сол мақсатта пән сабақтарының мүмкіндіктерін негізге ала отырып, бастауыш сынып оқушыларын «Ахметтану» атты пәндік үйірмелерге тарту, «Ахмет поэзиясы» атты кештер жүргізу арқылы оқушылардың рухани құндылық қасиеттерін қалыптастыру мүмкіндіктері қамтылады. Ахмед Байтұрсынов «Мектептен бұрынғы тәрбие атты» еңбегінде баланы бастан тәрбиелеу дегені баланы жастайынан дұрыс өсіру деген. Дұрыс өскен бала әр іскеде икемді, берік болып өседі. Жалынды публицист, ақын, тарихшы, саяси қайраткер Ыбырай мен Ахметті үлгі алып Міржақып Дулатов өз шығармаларында бала, ана, отбасы туралы мәселелерді көтерген. Міржақып Дулатов өзінің «Денсаулық» мақаласында отбасында баланың денсаулығын сақтау үшін ережелерді қойып өткен. Баланың жеке басының тазалығы, салауаттық өмір салтын, гигиеналық талаптарды орындау қажеттігін ұсынған.

С.Қалиев «Қазақтың халықтық тәлім-тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбына қорғаған докторлық диссер-тациясының есінші тарауында қазақ зиялылары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедовтың еңбек-теріне тоқталған. Мұнда автор М.Жұмабаевтың Абай шығармаларын, қазақ халқының бай мұрасы – ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерін ғылыми тұрғыда зерттеу арқылы тәрбиенің халықтық педагогика құралдарына сүйене отырып, жүргізудің жолдарын көрсетуі оның ғылыми педагогикаға қосқан жаңалығы деп бағалайды. Белгілі ғалым-академик Қ.Б.Жарықбаев айтқандай: «Халықтан шыққан үздік ойшыл тәлімгерлер халықтық тәлім-тәрбиеден нәр алып, дамиды. Ал халықтық тәлім-тәрбие ойшылдардың ой-пікірлері арқылы күрделеніп, шырай алып, әрмен қарай дамиды.» Ал қазіргі еліміздің тәуелсіздік алып, өркениетке бет бұрған кезеңінде халықтық тәлім-тәрбие қоғамның мақсат-мүддесімен үйлесімдік тауып отыр. Осыған орай жан-жақты жетілген тұлға-ларды тәрбиелеу іс-әрекетінде халқымыздың рухани-мәдени мұра-ларын кеңінен пайдалану кезек күттірмейтін мәселеге айналуы біздің проблемамыздың құндылығын арттыруда.

Қазіргі кезеңде жастарға қоғамдық тәрбие берудегі отбасынан кейінгі өте ықпалды орта жалпы білім беретін мектептер екені баршамызға аян. Жасөспірімдерді қоғамның белді мүшесі ретінде өздеріне үлкен жауапкершілік жүктелетінін сезініп, қоғамдық ортада өзін-өзі ұстай білуі мен қарым-қатынас этикасын ұстануға тәрбиелеу – мектептердегі қоғамдық тәрбиенің басты бағыты. Мектеп қабырғасында елінің рухани мәдениетін бойына сіңіріп, тілін, дінін сыйлап, халқының өзіне тән төл тәлім-тәрбиесінен тағылым алған оқушылар қоғамда өз орнын тауып, оның белсенді мүшесі бола алатынын қазақ жазушы-педагогтары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев және Х.Досмұхамедов өз шығармаларында айтып өткен еді. Қазіргі қазақ қоғамында отбасы тәрбиесінде көптеген проблемалар туындап жатады. Олар: ана тілін, мәдениеттерін, тарихын, салт-дәстүрлерін, дінін білмейтін жастар; тастанды жетім балалар үйінің көбеюі, қарттар үйінде телміріп отырған аталар мен әжелердің көз жасы, отбасын құрмаған немесе ажырасқан жастар, түрлі қылмыс жолына түсуі, шылым шегуі, нашақорлық, маскүнемділік; ата-аналардың бала тәрбиесіне салғырт қарауы, бала тәрбиесімен айналысуға уақыттың жетпеуі т.б. түрлі жағдайлар орын алып отыр.

Осы айтылған қайғылы құбылыстардан құтылудың, осындай жағдайлардың болдырмаудың ұзақ та қиын бір ғана жолы бар, ол қазақ халқының ерекшелігін ескере отырып, басшылыққа алып бүкіл халқымызға, әсіресе болашақтағы ұрпағымызға ұлттық тәрбие беру.

**Отбасы** – қоғамның әлеуметтік құрылымының негізі болып табылады. [12.156]

Отбасы кіші әлеуметтік топ, ал оның мүшелері некемен немесе қаны бір туыстығымен, тұрмыстың ортақтығымен және өзара адамгершілік жауапкершілікпен байланысты. [2.74]. Балалардың үздіксіз дамуы, шығармашылық қабілетін іске асыруы отбасынан басталады. Ұрпақты жақсы тәрбиелеу қоғам алдындағы үлкен жауапкершілік десекте болады.

**Отбасы** – адам баласының алтын ұясы. Өйткені адам ең алғаш дүние есігін ашқан сәттен, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті құнды алтын мектебі [9.169].

Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алар емес. *«Ел болам десең, бесігіңді түзе»* – деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын айқындатып тұр емес пе? [13.123].

Отбасы мүшелерінің жас шамасы әр түрлі болса да, олардың арасында бір-бірімен рухани жақындығы, мақсат ынтымақтастығы бар. Атақты қазақ ақыны Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде: *Отбасы – шағын мемлекет, Мен – президент, сен – премьер, - дегені бар*. Расымен отбасы – ол да бір шағын ғана мемлекет. Әр мемлекеттің өзіне тән өндірісі мен өнім бөлісі, сыртқы және ішкі саясаты, кіріс-шығыс бюджеті, қастерлеп ұстанатын рәміздері, т.б. болатыны сияқты, әр отбасы болмыс-тіршілігінің де соған ұқсас жақтары бар, оның жаратылысы да басшылық пен қосшылықты қажет етеді [3.150]

Отбасы – тарихи категория. Оның типтері, формалары мен функциялары өмір сүріп отырған өндірістік қатынастардың, жалпы қоғамдық қатынастардың сипатына, сондай – ақ қоғамның мәдени даму деңгейіне байланысты болады. [4.150]

Отбасы тәрбиесі мәселелері Шығыстың ұлы ойшылдары Әл –Фараби, Ж.Баласағұн, Қ. Иассауи, М.Қашқари, классик педагогтар Я.Каменский, К.Ушинский, И.Песталочий, қазақ ағартушылары А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин еңбектерінде, кеңес педагогтары В.Сухомлинский, А.Макаренко, Н.Крупская, қазақ зиялылары М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов және т.б. еңбектерінде орын алады. Бүгінде отбасы тәрбиесі мәселелері Қазақстандық ғалымдар С.Ғаббасов, Р.Қоянбаев, Г.Байделдинова, Р.Төлеубекова т.б. зерттелінуде [2.78]

Р.Нұрғалиев өзінің философиялық сөздігінде: *«Отбасы - әлеуметтік қауымдастықтың түрі, ол ерлі – зайыпты одаққа және туыстық байланыстарға, яғни ері мен әйелінің, ата – апалары мен балалардың, аға – інілердің, ана – қарындастардың, бірге туып ортақ шаруашылық жүргізетін туыстардың арасындағы сан алуан қатынастарға негізделген жеке тұрмысы»* деп анықтама берсе, ал ғалым – педагог Р.Қоянбаев оқулықтарында *«Отбасы – ол бірге тұратын некеге негізделген қандас туыстар тобы»* деп анықтама берген [5.97]

Тұжырымдай келгенде, дұрыс қалыптасқан отбасылық адамгершілік тәрбиесі негізіндегі қаланған отбасындағы оңтайлы қарым-қатынас баланың тұлғалық – психологиялық дамуының ғана емес, оның творчестволық қабілеттері мен іскерліктерінің дамуының қайнар көзі болып табылады. Біздің кім екенімізді, қайдан шыққанымызды, ана тіліміздің қай тілі екенін және осындай жаңа Тәуелсіз Қазақстандағы әл-ауқатымыз қандай тұлғалардың арқасында екенін мәңгі есте

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Кодексі Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 1269 Қаулысы.
2. Айтмамбетова Б., Бозжанова К., т.б. Балаларды отбасында адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір мәселелері. – Алматы, 2005 74 бет
3. Асыллов Ұ., Нұсқабайұлы Ж. Әдеп: инабаттылық дәрістері.- Алматы «Рауан», 1998ж 78 бет
4. Арын М. Бес анық: Тәрбие туралы толғамдар. Алматы: Арыс, 1996ж 150 бет
5. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика.- Алматы «Дарын», 2004 ж 97 бет
6. Бизақова Ф., Мамашбаева Ш. Отбасылық дағдарыс психологиясы (оқулық).- Астана. : Фолиант, 2010. – 123 б.
7. Галиев Е. Мектептің отбасымен байланысы/Тәрбие құралы, №1, 2015ж.169 бет
8. Дүйсембекова Ш.Д. Тәрбие үрдісінің ерекшеліктері.- Семей 2003ж
9. Жумадуллаева А.А. Отбасы-некелік тәрбие негіздері (оқулық). – Алматы, 2006.147 бет
10. Иманбека тәрбиесін мәселесін шешуде отбасы мен мектеп арасындағы
11. Жумадуллаева А. Жастарды отбасы- некелік өмрге даярлаудың негізі – ата- ана өнегесі / Ұлт тағылымы, №2, 2003ж 123бет
12. Қалиғожин А. Отбасылық тәрбие / Сыныптағы тәрбие, №2, 2013ж
13. Құрманалина, Мұқанова, Ғалымова, Ильясова Педагогика Астана 2007ж.

## ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ А. БАЙТУРСЫНОВА И ЕГО ИДЕИ

Шамилова Райана

Высший Кызылординский педагогический колледж имени М. Маметова  
студент

Научный руководитель: Расимова Гульнар Утепбергенова  
Кызылординская область, г.Кызылорда

А. Байтурсынов – основоположник казахской лингвистики и литературоведения.

Великая Казахская степь никогда не была скупа к своему народу и всегда дарила миру незаурядных личностей. Есть люди, которым судьбой предначертано стать проводниками своих народов к прогрессу и процветанию и она, как правило, наделяет своих избранников великим мужеством и пророческим предвидением. И таким человеком является Ахмет Байтурсынов.

Ахмет Байтурсынов – поэт, учёный, тюрколог, переводчик, педагог, публицист, общественный деятель. В своё время он стал жертвой несправедливости, сталинских репрессий, более полувека не достаивался

уважения, его имя не занимало достойного места в истории Казахстана. Лишь спустя полвека справедливость восторжествовала, в 1988 году советским судом он посмертно оправдан за отсутствие состава преступления. Его бесценные творения возвращены народу.

Ахмет Байтурсынов (1873-1938) – родился в Тосынской волости Тургайского уезда, в семье крестьянина. Получил первоначальное образование в родном ауле, затем учился в Тургайском русско-казахском училище и в Оренбургской учительской семинарии. Педагогическую деятельность А. Байтурсынов начал в 1885 году учителем аульных, волостных школ, городских двуклассных училищ в Актюбинском, Кустанайском и Каркаралинском уездах. К началу 1900-х годов относятся его научные поиски в области казахского языкознания и методики преподавания родного языка. 1921-1922 годы работает наркомом просвещения. В 1928-1929 году – в Казахском институте народного образования, где читал лекции по казахскому языку и литературе, истории культуры

Вся жизнь Ахмета Байтурсынова была пронизана пламенной заботой о самоопределении казахов, развитии культуры, образования и науки, сохранении в веках самобытного народного творчества, самого духа нации. Он по праву считается «вождём казахской интеллигенции». С именем Байтурсынова связано духовное возрождение казахского народа в его истории. Сегодня ни у кого не вызывает сомнения то, что без его алфавита и учебников, без его книг «Кырык мысал», «Маса», и газеты «Казах» не могло быть того всплеска национального самосознания, которое испытал наш народ в начале XX века. Его жизнь является примером безграничной любви к своему народу, его культуре и традициям. Байтурсынов был блестящим литератором, педагогом, лингвистом. Он вошел в историю Казахской духовной культуры как выдающийся политик, блистательный переводчик классической русской и западной поэзии на казахский язык, писатель.

Заслуга А.Байтурсынова в том, что он ввел новый казахский алфавит на основе арабской графики и написал первый казахский букварь «Эліппе». Его методика сыграла большую роль в ликвидации неграмотности в стране. Автор ряда трудов в области казахского языкознания, разрабатывает принципы реформы казахской письменности, разрабатывает научную терминологию для определения категорий казахской грамматики.

А.Байтурсынов оставил богатое наследие своим потомкам и сегодня в системе образования широко используются его научно – методические труды в области казахского языкознания и методики преподавания казахского языка. В национальном литературоведении сформулированы новые понятия, термины, категории, такие как искусство слова, произведение, устная литература, иносказание, эпитет, олицетворение, метафора, метонимия и другие. Он изучал литературное наследие, устное народное творчество и издал книгу, куда вошли оригинальное художественное произведение – сказание «Ер Сайын» (1923), и сборник «23 жоктау» (1926). Он является продолжателем просветительских и критических традиций Абая и его научно – исследовательские выводы о художественном мастерстве великого казахского просветителя нашли свое отражение и развитие в казахском литературоведении. Развивая идеи Абая о демократическом обустройстве общества, газета «Казах», где он был первым ее редактором, пробуждала национальное самосознание, поднимала вопросы социально – политического характера, образования, просвещения и быта народа. Вот что говорил А.Байтурсынов в газете: «Для того чтобы сохранить свою самостоятельность, нам необходимо всеми силами и средствами стремиться к просвещению и общей культуре, для этого мы обязаны первым делом заняться развитием литературы на родном языке. Никогда не нужно забывать, что на самостоятельную жизнь вправе претендовать только тот народ, который говорит на своем языке и имеет свою культуру...». Ярый сторонник образования, знания родного языка, культуры и традиций остается примером высочайшего патриотизма, незабвенной любви к Родине, к своему народу, культуре народа.

Многие вопросы, касающиеся науки, развития казахского языка, культуры, и образования не потеряли своей значимости и в нынешнее время. Например, первый президент РК Н.А.Назарбаев

подчеркнул, что: «Ответственная языковая политика является одним из главных консолидирующих факторов казахской нации. Казахский язык – это наш духовный стержень. Наша задача – развивать его, активно используя во всех сферах. Мы должны оставить в наследство нашим потомкам современный язык, в котором к опыту поколений наших предков был бы гармонично добавлен и наш след. Это задача, которую самостоятельно должен решать каждый уважающий себя человек. Государство, со своей стороны, многое делает для укрепления позиций государственного языка».

#### 1. Педагогическое наследие А. Байтурсынова

Развитие инновационных педагогических идей Казахстана связано с именем Ахмета Байтурсынова, который поднимал и рассматривал проблемы начальной школы, педагогической прессы, системы высшего образования, совершенствование содержания, методов и форм обучения, духовно – эстетического воспитания подрастающего поколения. Эти проблемы являются актуальными, так как система образования Казахстана сегодня ориентирована на мировое образовательное пространство. Борец и гуманист, он призывал к созданию свободной школы, школы обучения на родном языке, достойной воспитать настоящего гражданина своего отечества.

В своих работах, посвящённых просвещению и образованию, А. Байтурсынов отвечает на вопрос: Какой должна быть начальная школа с казахским языком обучения? Любой человек нуждается в начальном образовании в такой же степени, в какой ему нужны язык, уши и руки. Учащиеся школ должны овладевать знаниями, которые бы им позволяли свободно читать и писать на родном языке. Начальная школа – как мусульманская, так и с русским языком обучения должна выступать как образовательная база для тех, кто желает учиться дальше. Но если выпускники начальных школ лишены возможности совершенствовать свой уровень образования, то их надо обеспечить, хотя бы такими знаниями, с помощью которых они могли бы быть в курсе литературной и культурной жизни нации.

Ахмет Байтурсынов считал, что целесообразно довести, продолжительность начального образования детей - казахов до пяти лет. В течение первых трёх лет школьники должны учиться только на родном языке, в остальное время только на русском. В се дети, желающие учиться в начальной школе, получать реальную возможность посещать её. А. Байтурсынов предлагал разделить начальные школы на две группы: для проходящих и для постоянно проживающих в пришкольных зданиях.

Начальные школы нужно разделить на степные и городские. Степные школы целесообразно делить на аульные и волостные; в аульных обучение ведётся на родном языке и имеет продолжительность три года, в волостных - на русском языке, продолжительность обучения - два года. Волостные школы принимают выпускников аульных начальных школ. Городские школы могут быть трёхклассными и пятиклассными. В казахских начальных школах должны преподаваться следующие предметы: чтение, письмо, закон божий, родной язык, национальная история, арифметика, география, обучение хозяйственной деятельности, природоведение. Содержание образования двухлетних начальных русских школ нужно построить с таким расчётом, чтобы их выпускники в дальнейшем могли поступать в младшие классы классических и реальных гимназий. При такой организации начального образования знания, полученные детьми - казахами в начальной школе, могут служить хорошей базой для повышения как мусульманского, так и русскоязычного образования.

В статье «Обучение по - казахский» А.Байтурсынов, мечтавший видеть свой народ образованным, пишет: «Каким бы богатством не обладал народ, не стремящийся к образованию, через некоторое время его богатство перейдет в руки более цивилизованных народов». И в то же время, понимая, что время не стоит на месте, что грядут интеграционные процессы в различных сферах общественно – политической, социально – культурной, экономической жизни страны, призывал приобщаться к культурным ценностям европейских народов, брать пример с них, вкладывать деньги в образование, науку, издавать книги.

Вся образовательная система страны работает над обновлением содержания образования, что включает в себя пересмотр модели среднего образования, его структуры, содержания, методов и подходов обучения и воспитания, внедрения принципиально новой системы оценивания достижений учащихся. А.Байтурсынов, глубоко проникаясь в сущность и специфику педагогической профессии, писал, что «самое важное для школы – профессиональная педагогика, методические приемы, учитель, умеющий обучать детей». Эти слова великого просветителя казахского народа приобретают особую значимость сегодня, когда школы переходят на обновление содержания образования в республике что предполагает реализацию главной цели школьного образования - совершенствование педагогического мастерства учителей и внедрение системы критериального оценивания.

Процесс обновления школьного образования начинается с образовательных программ для начальных классов. Именно здесь закладывается фундамент будущего страны, за которого в ответе учителя школы.

В каждом своём труде Ахмет Байтурсынов затрагивает роль учителя. Он говорит, что учителя, которые хорошо владеют методиками непосредственного обучения детей, средствами родного языка и в этих целях пользуются эффективными учебными пособиями, могут за три года достичь неплохих результатов.

Проблема профессиональной подготовки вновь поднимается в работе «Об обучении по-казахски». Он определяет основные требования к учителю. В первую очередь, учитель должен хорошо владеть частной методикой, знать психологические особенности детей, теоретические основы процесса обучения. Его идея подводит к мысли, что при подготовке учителя надо усилить внимание психолого-педагогической и методической подготовке. Подтверждением этого являются его слова: «...надо помнить, что любое дело будет сделано хорошо и быстро, если его будет делать знающий человек. Это касается не только физического труда, но и умственного. Люди, занимающиеся обучением детей, должны хорошо знать вопросы методики. Те, кто хочет хорошо знать вопросы обучения, сначала сами должны усвоить все, чему будут обучать детей. Во-вторых, они должны хорошо знать природу и чувствовать настроение ребенка. Для этого необходимо все знать о физическом и умственном развитии детей почти с самого их рождения. Внутреннее состояние ребенка надо уметь различать по его действиям. У образованных народов обучением детей занимаются люди, специально обученные педагогической науке. Это и правильно, потому что если судья обучается своим судебским делам, а доктор - медицине, то педагог тем более должен быть обучен педагогике...». Стремясь приобщить свой народ к культурному наследию народов Востока и Запада, А. Байтурсынов призывал учить русский язык, чтобы обогатить родной язык, боролся за чистоту любого языка. Это остается актуальной темой и в наши дни.

## 2. Заключение

Память об Ахмете Байтурсынове увековечена в городе Кустанае. Его имя носит Кустанайский Государственный Университет. Преподаватели и студенты могут гордиться тем, что в данном учебном заведении имеется музей, где проводятся значимые мероприятия: Байтурсыновские чтения, открытые уроки, лекции. При посещении музея остаешься один на один с историей, испытываешь восторг при виде старых фотографий с видами казахских аулов, предметов быта, и на мгновение проникаешься духом далекой от нас эпохи конца XIX века. В городском парке установлен памятник, одна из центральных улиц города носит имя А. Байтурсынова. В поселке Торгай также имеется музей А. Байтурсынова. Здесь же хранятся поистине уникальные вещи.

Многогранный талант А. Байтурсынова позволял ему пробовать силу пера в поэзии, публицистике, науке и других отраслях культуры. Он является не только учёным, составителем многих учебников, переводчиком, этнографом, но и автором многих стихов, доступных для детей младшего возраста. В результате научно-педагогических трудов Ахмета Байтурсынова мы имеем казахскую азбуку, фонетику, синтаксис и этимологию казахского языка, теорию словесности и историю культуры. Этим кропотливым трудом А. Байтурсынов поднял казахскую словесность на высокую ступень и заложил прочный фундамент для национальной школы и казахской литературы. Ахмет был великим Устазом – Учителем с большой буквы детей и взрослых. Он был и остался в памяти народа светлым лучом казахской науки и культуры

## Список литературы:

1. Байтурсынов А. Об обучении по-казахски // Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К.Б.Жарикбаев, С.К.Калиев. - Алматы: Рауан, 1995. – 512 с.
2. Байтурсынов А. Нужды школы // Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К.Б.Жарикбаев, С.К.Калиев. - Алматы: Рауан, 1995. – с.18
3. Нургалиев, Р. Ахмет Байтурсынов [о творчестве А.Байтурсынова][Текст]/Р. Нургалиев //Перестройка и художественная литература.-1990. - С.3-21.
4. Послание Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан - 2050». Новый политический курс состоявшегося государства». 14 декабря 2012 года. Казахстанская правда. 15 декабря 2012 года.
5. <https://e-history.kz/ru/prominent-figures/show/12608/>

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ӘДЕБИЕТШІ ҒАЛЫМ, КӨСЕМСӨЗ ШЕБЕРІ

Шахим Айдана Сабыржанқызы  
Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледжінің  
«Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі» біліктілігі бойынша студенті  
Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы

Ахмет Байтұрсыновтың бүкіл өмірі қазақтардың өзін-өзі билеуіне, мәдениеттің дамуына, білім мен ғылымның дамуына, ғасырлар бойы өзіндік халық шығармашылығының ұлт рухының сақталуына жалынды қамқорлықпен толы болды. Мұхтар Әуезов 1923 жылы Байтұрсыновтың Қазақ халқына деген баға жетпес еңбегін ескеріп, оны "қазақ зиялыларының көсемі" деп атағаны бекер емес.



Ахмет Байтұрсынов-ақын, ғалым, түркітанушы, аудармашы, педагог, публицист, қоғам қайраткері 1873 жылы 28 қаңтарда Торғай уезінің Сартүбек шатқалында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Ахмет ауыл молдасынан сауат ашқан. Үлкен қиыншылықтар мен қиындықтарды басынан кешірген Ахмет Байтұрсынов оқуын жалғастыру үшін Орынборға барып, қазақтың көрнекті ағартушысы Ыбырай Алтынсарин негізін қалаған төрт жылдық мұғалім мектебіне оқуға түседі. Табиғатынан дарынды және мінезі бойынша табанды Ахмет 1895 жылы толық оқу курсы аяқтайды. 1896 жылы Ахмет Ақтөбе уезінің батпақ болысына барып, мектеп мұғалімі болып жұмыс істейді. Содан кейін Ахмет Қостанай қаласында екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде сабақ береді.[1,186 б.]

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. Ахмет Байтұрсынұлын үстіміздегі ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ қауымы көшінің рухани басшысы етіп танытқан – оның қазақ халқын «іргелі жұрт» қатарына қосу үшін жүргізген күресі және сол күресте ұстанған бір қаруы ағартушылық идеясы болды. Қазақ халқын әлеуметтік теңдікке, азаматтық мәдениетке жеткізетін, амал әрекеттің бастысы «түгел қазақты» сауатты етіп, көзін ашу еді. Халықты ағарту мектептен, баладан басталады.

Ахмет Байтұрсынов қазақ әліппесі мен қазақ тіліндегі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса, қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына жақындатады, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы болуы үшін белгі жасайды. Сөйтіп, жийырма төрт таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Осылайша, оқу-ағарту идеясына қазақ халқы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспасөздерге жарық көрген.[2]. "Маса" өлеңдер жинағы 1911 және 1914 жылдары Орынборда жеке басылымдармен жарық көрді. "Масаға" кірген өлеңдер сол дәуірдің өзекті мәселелерін сөз етеді. Ақын сол кездегі қазақ қоғамының даму жағдайларына, жерлестерінің күн көріс, тіршілігіне сын көзбен қарайды.

Ахмет Байтұрсынов халықты артта қалушылықтан құтқаруға ұмтыла отырып, мәдениеттің өрлеуін жалпыадамзаттық өркениеттің жетістіктерін жалпы ағарту және игеру арқылы жүзеге асыруға болатынын терең түсінді. Осы жылдарға Ахмет Байтұрсыновтың ғылым жолындағы жолының басы жатады. Қазақ тілінің табиғатын зерттей отырып, ол тіл білімі бойынша мақалалар мен оқулықтар жазады, кейіннен тіл білімі бойынша ғылыми зерттеулері шығады.

1913-1917 жж. Ахмет Байтұрсыновтың өміріндегі айтулы кезең. Ол сол кезде Орынборда шыққан жалғыз қазақ тіліндегі "Қазақ" газетінің редакторы болған. Мұнда ол ағартушылық, әдебиет және тіл білімі туралы көптеген мақалаларын жариялайды, оқырмандарды халықтың бай мәдени мұрасымен таныстырады, білім жарығына, рухани жетілуге шақырады. Ахмет Байтұрсыновтың әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында жеті рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліпбидің» жаңа түрін жазды.

Ахмет Байтұрсыновтың тіл білімі саласындағы еңбектерін саралау, жүйелеу, оларға тарихи тұрғыдан баға беру тілші ғалымдардың еншісіндегі зор жауапкершілігі бар іс.« Тіл адамның адамдық белгісінің зоры,жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айырылып,сөйлеуден қалса,қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айырылып,жаза алмайтын күйге ұшырыса,ондағы күйі де тілінен айырылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз –жазу заманы, жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман...»,–деп еңбектерінде Ахмет Байтұрсынұлы айтып өткен.[5,31 б.]

Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танудағы қызметі - мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды.

«Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсыновтың «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша.

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы А.Байтұрсыновтың тағы бір зор еңбегі – қазақ тілінің терминдерін жасауы. Қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген «зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз» деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсыновқа тиесілі.

Ахмет Байтұрсыновтың 1928 жылы Қызылордада «Тіл жұмсар» атты екі бөлімнен тұратын екі кітабы жарық көргені белгілі. Ол саласында 1910 жылдардан бастап 1928 жылға дейін бірнеше материалдар жинаған. Жазу таңбаларын үйрету амалдарын түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылы жарық көрген. Жалпы сауат аштыру әдістерінің жобасын «Әліпби астары» атты әдістемелік

еңбегінде көрсетіледі. «Жаңа мектеп» журналында қазақ тілі әдістемесіне арналған бірнеше мақала жариялайды.

Қай халықтың болса да өзінің бастапқы әдеби мұралары ауыз әдебиеті үлгілерінен басталғаны айдан анық. Қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерінің де өзіне тән көркемдік ерекшеліктері мен жиналу заңдылықтары бар.

Ахмет Байтұрсынов жалпы фольклорды «Сауықтама» және «Сарындама» деп екіге бөліп қараған. «Сарындама» терминін «Жұрттағы келе жатқан салт – сарынды сөздер» деп түсіндіреді. Ал, «Салт» терминін «Обряд» мағынасында қолданған. Сөйтіп сарындаманы «салт сөзі», «ғұрып сөзі» деп жіктейді. Осындай фольклор үлгілерінің бірі «Жоқтауды» Ахмет Байтұрсынов жинап, құрастырып қайта түзеткен. Ахаңның бұл «Жоқтаулар» жинағы өз ішіне қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитыны да жинаушының әдебиет теңізіне терең сүңгіп, қазақ халқының өткен дәуірін парақтап мұрағат қорына таусылмас қазына етіп тапсырғандығы бүгінгі күнге Ахаңның тұла бойына біткен ұлы қасиеттерін және бір танытып отыр.

Халықтың білімді болуына, сауатын ашуға көп көмек көрсеткен. Бұрынғы қарапайым қара сөздерді жаңғыртып, халық санасына қалыптастыру басты мақсаттарының бірі болды. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген. Өлеңдеріндегі сөздердің өзі адам көңіліне талпыныс, алға қарай жол бастап, көш артында қалып қоймауға себепші болған. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының әйтеуір көзі ашылып, сауатты болуын ғана емес, тек ана тілінде сауаттануын, содан соң барып өзге ұлт мәдениетіне, тіліне қол созуды принципті талап етті.

Қазақтың халық болып қалыптасуына үлкен үлес қосқан Ахмет Байтұрсынұлы орыс халқының атақты жазушыларының халық арасына кең тараған еңбектерін қазақ елінің ана тіліне аударып, өзінің халыққа шамшырақ екенін дәлелдей білген. Басқа халық ақындары мен жазушыларының үздік өлеңдері мен мысалдарын өз ана тілімізге аударды. Қазақ тілінде А.С. Пушкин, М.Ю.Лермонтов, С.Я.Надсон, Ф. Вольтер өлеңдерін аударды және бұл аудармалар тақырыптық, идеялық-көркемдік деңгейлері жоғарғы шығармалары болды. Артына өшпес із қалдыра білген және жас ұрпақтың келешегі үшін жанын берген дана тұлға.Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үшінші санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады.

Мұхтар Әуезов былай депті: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілік ұраны - «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер білім, саясат жолындағы қажымас қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істері болатын.»

Кеңес дәуірінде Ахмет Байтұрсынов есімін атаудың өзі қылмыс саналса, еліміз тәуелсіздік туын тіккеннен кейін халқымыз өзінің ұлы перзентімен қайта табысып отыр. Қазақстан Республикасының арнаулы қаулысы бойынша республикамыздың әр жерінде шаруашылықтарға, мектептерге, көшелерге және Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының Тіл білімі институтына Ахмет Байтұрсынов есімі берілді. Оның өлеңдерін балалар тез жаттап алып, олар бойынша сауаттылықты үйренді. Ол қазақ ғылымы мен мәдениетінің жарқын сәулесі ретінде халықтың есінде қалды.

Ахмет білім беру, халыққа еркіндік, қоғамдық өзгерістер болған жағдайда ғана елеулі пайда әкелетінін түсінген Қазақстанның алғашқы ағартушыларының бірі болды.

Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларының негізі идеясы жастарды бүгінгі күнде құр сөз, «таусылмайтын» ақыл – кеңеспен тәрбиелегеннен гөрі, жеке бастың өнегесіне, ғибраттылыққа, қоғамда орын алып жатқан әр қилы құбылыстарға сын көзбен қарап, өзіндік баға бере білуге баулу. Әдебиетші Ахметтің қымбат, алтын, гауһардай асыл сөздері мен тәлім- тәрбиеге толы, адамдық қасиеттерді сипаттап жазған өлеңдері бәрі- бәрі болашақ ұрпаққа келешегіне керек. Ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткерінің жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы – баршасы туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған, ендеше біз, жас ұрпақ, болашақ маман өркендеп, қоғамда одан әрі дамып, кеңге қанат жая білуіміз керекпіз.

Ахмет Байтұрсынов — қазақ көсемсөзінің атасы. Өзінің көсемсөздерінде қазақ тағдырына байланысты сан алуан көкейкесті мәселелерді қозғап, халқына жеткізуге, көкірек көзін ашуға ұмтылған заманның озық ойлы азаматы еді. Ақаң сөздерінің жаңғырығы бүгінгі ұрпақтарын да бейтарап қалдырмайтынына сенімім мол.

Ахмет Байтұрсынов – әдебиетші ғалым, көсемсөз шебері.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1.«Қазақэнциклопедиясы» 1993, 186 бет
- 2.<https://stud.kz/referat/show/53895>
3. «АхметБайтұрсынұлы» 2017, 47 бет
- 4.А.Байтұрсынов. «Ақжол» Алматы 1991, 5 бет
5. Ә.Дибаяев. «Тарту» Алматы 1994, 31 бет

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ-ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ КӨСЕМІ

Шаяхмет Айгул Келденқызы

А.Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі

Балтабаева Индира Қызбелбайқызы

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Б.Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебі» КММ Биология пәні мұғалімі

Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Қазақ тілі білімінің іргетасын қалаушы ғылым, Ыбырай Алтынсаринен кейінгі еңбегі ерекше ағартушы - педагог, қазақ баспасөз тілінің ұлттық үлгісін көрсеткен талантты публицист, туған халқының рухани дүниесін көтеруге көп күш жұмсаған қоғам қайраткері Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ училищесін оқиды. Ол училищені 1891 жылы бітіреді. Әкесі мен ағасы Ақтас айдауда жүрген қамқоршы ағасы Ерғасы қайтыс болған кезде Ахмет кедейшілік, жоқшылық тауқыметін тартады. Соған қарамастан ол әрі қарай оқуды армандайды. Ол оқу іздеп Орынборға барады. Ондай Ы. Алтынсарин салған мұғалімдер даярлайтын оқу орныны - «Учительская школа» оқуға түседі. 1895 жылы 4 жыл оқып, оқуды бітіреді. А.Байтұрсынов еңбек жолын ағартушылықтан бастауында үлкен мән бар. Өткен ғасырдың соңында қазақ интеллигенциясы шыға бастағаны мәлім. Петербург, Омбы, Қазан, Уфа, Орынбор, Троицк т.б қалаларда оқып, мұсылманша және орысша білім алған қазақ жастары шыға бастады. Олар дәулетті де шағын да, кедей де ортадан шыққан болғанымен білім алғандардың көпшілігі әкімшілік, сот орындарында қызмет етіп, бас пайдасын, өз мүддесін көздейтін болды. А.Байтұрсыновтың өз тілімен айтқанда, «байға мал, оқығанда шен мақсат боп, жұрттың қамын ойлайтын адам аз боп» тұрғанда, оқу-білімнен кеңде қараңғы қазақ қауымының сауатын ашып, білім беру жолын қалап аландардың бірі А.Байтұрсынов еді. 1895-1909 жылдары А.Байтұрсынов Қостанай, Ақтөбе, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектептерге бала оқытады. Екі кластық училищеге сабақ береді. Сол жылдары А.Байтұрсынов Қостанайдан Омбыға барып, қазақ халқының тарихын, этнографиясын, фольклорын, тілін зерттеуші А.Е. Алекторовпен танысады. Қарқаралыда қызмет еткен жылдарында А.Байтұрсынов саясатпен де айналысты. Мұнда ол патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы революциялық қозғалыстарға қатысады, «қазақтың елдігін сөйлей бастайды», яғни 1905 жылы бір топ қазақ зиялылары болып, патша үкіметінің жоғарғы басқару орнына петиция жолдайды. Онда қазақ халқына әлеуметтік теңдік берілуін, қазақ даласында оқу-ағарту ісін жолға қою керектігін жер мәселесінде қазақтардың мүддесін көздеуін талап етілді. Отаршылдыққа қарсы күресі үшін А.Байтұрсынов 1907 жылы Қарқаралы түрмесіне отырып шығады. 1910 жылы 4 наурызда Орынборға келіп 1917 жылдың соңына дейін сонда қызмет етеді. Уфадағы «Галия» медресесінде оқып жүрген қазақ жастарының, Мұхтар Әуезовтың сөзімен айтқанда, «қазақтың ерте оянған тобының» инициативасымен, елде қаржы жиналып, 1913 жылы «Қазақ» атты газет шығару ұйғарылды. Газеттің редакторы болып, А.Байтұрсынов сайланды. «Қазақ» газеті ең алдымен қазақ халқының ұлттық азаттығы мен мәдени-әлеуметтік дамуы үшін күрескен және қазақ қоғамы мүдделерін көздейтін проблемалар көтеріп, оларға әлеуметтік үн бере білген орган болды. Газет әсіресе тіл мәселесін бірінші орынға қойды. Қазақ тілін сақтап, әрі қарай дамыту керектігін, ұлт мектептеріндегі оқу-тәрбие ісін дұрыс жолға қою қажеттігін жиі жазды. А.Байтұрсынов жылдың соңында газеттен кетіп, 1919 жылдың наурызына дейін «Алаш» партиясының жұмысына араласады. Алғашқы қызмет ете жүріп, ол өзге партиялардың да ұстанған бағыттарын көзейтін мақсаттарына үңілді, оны қазақ халқы үшін қайсысының бағдарламасы қолайлы деген ой толғандырады. Сондықтан ол 1919 жылдың наурыз айынан бастап өз қалауымен Совет үкіметі жағына шығады да, бірден мемлекеттік істерге араласады. А.Байтұрсынов 1920 жылдан бастап әр түрлі мемлекеттік басқару істерінде қоғамдық жұмыстарға араласа жүріп, оқытушылық, ұстаздық қызметін тоқтатпады. Ол 1921-1926 жылдары Орынбордағы Қазақтың халық ағарту институты деп аталатын оқу орында, 1926-1928 жылдары Ташкенттегі Қазақ педагогикалық институтында қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді, дәріс оқиды. 1928 жылы Алматы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университеті ашылды. Бұған сабақ беруге Мәскеу, Ташкент сияқты орталықтардан мамандар шақырылады. Солардың бірі болып Ташкенттен Ахмет Байтұрсынов келді. Бұл университетке қазақ тілі мен әдебиетінің профессоры болып жұмысқа алынды. Бұл жоғарғы оқу орны 1930 жылы 24 желтоқсанға дейін ҚазМУ деп аталып келіп, кейін Абай атындағы пединститут болып жарияланды. Бұл кейігі Абай атындағы ҚазПИ еді. Мұнда А.Байтұрсынов 1929 жылы шілде айына дейін жұмыс істеді. 1929 жылы маусымның 2-ші күні тұтқынға алынғандықтан, қызметтен босату туралы ректордың бұйрығы шығады. 1920 жылы Қазақстан Компартиясының I хатшысы Ф.И.Голошкеин 1919 жылғы ВЦИК-тің қаулысына қарамастан өзіне қарсылық білдірген қазақ қайраткерлері мен интеллигенттеріне «ұлтшыл» деген айып тағып, олардың көздерін біржола жоюды қолға алды. А.Байтұрсынов 1929 жылы 2 маусымда ұсталынып, Архангельск облысына жер аударылды, жұбайы Александра (Бадрисафа) мен қызы Шолпан Том облысына жер аударылды. А.Байтұрсынов 1934 жылы мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға қайта оралды. Бірақ ол ешқандай жұмысқа орналаса алмады. Көп ұзамай 1936-1937 жылдардың зобалаңы басталып НКВД органдары Ахмет Байтұрсыновты

екінші рет ұстап көзін жойды. 1937 жылы 8 желтоқсанда аталған (бірқатар мәліметтерге қарағанда). Жариялылық пен демократия, әлеуметтік пен заңдылық бел ала бастаған бұл күндерде, Сталиндік режимнің құрбаны болған, жазықсыз жазғырылып, еңбегі еш, кезінде халқына, жаңа қоғамға адал қызмет еткен абзал жандардың есімі туған халқына қайтарылып отыр. «Керуен тонап, кісі өлтірмеген», банды ұйымдастырып оқ атпаған, жаңа Советтік құрылысқа, коммунистік идеологияға қарсы қастандық әрекеттер жасамаған Ахмет Байтұрсыновты Қазақ ССР-інің Жоғарғы соты 1988 жылы қарашаның 4 күні ешбір қылмысы жоқ деп тауып, оны толық ақтау жөнінде шешім қабылдады.(16,23-326) Міне, Ахмет Байтұрсынов кешкен өмір өткелдері, тар жол тайғақ кешулерінің қысқаша сыры осындай.

Ол оқу-ағарту ісін өзінің азаматтық міндеті мен өмірінің мақсаты деп санаған. Оның қазақтар үшін өз алфавитін жасау әрекетіне де, тілін зерттеп оқулықтар жазуына да, тыңнан жол салып, бай терминология дүниесін жасауына да, тіпті қоғамдық - әкімшілік істеріне де араласуына да алып келген өзінің ағартушылық мақсаты деуге болады. Ахмет Байтұрсыновтың ағартушылыққа байланысты білдірген ойлары мен істеген істері тек оқу-білімге шақырумен тынбады. Ол қазақ даласындағы мектептердің жайын, бала оқытудың жолдарын газет-журналдар беттеріне нақтылы сөз етеді. 1913 жылы «Қазақ» газетінде «Оқу жайы» деген бас мақала жарияланады. Бұл мақалада оқу-білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлелдейді. Қазақ халқы қараңғы дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан құтқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екенін «6 миллион қазаққа 6 ат жегіп, тарта алмады» - деп өкпелеу жөн бе? - деп келісті сауал қояды. Балаларға білім берудің бірінші басқышы - бастауыш мектеп. Сондықтан Ахмет Байтұрсынов осы оқу-білімнің бірінші сатысына қатты назар аударады. 1914 жылы «Бастауыш мектеп» атты мақаласын жариялайды. Мұнда автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болу керектігін, бастауыш мектеп миссионерлік саясаттан аулақ болуы керек, халық сауатын да тілінде ашуы керек, атап айтқанда бастауыш мектеп 5 жылдық болсын, алғашқы 3 жылда балалар ана тілінде, ал кейінгі 2 жылда орысша оқысын деген ұсыныс білдіреді. Ол оқу мәселесін жан-жақты сөз етеді. Ахмет Байтұрсынов ағартушылық қызметін Алашорда үкіметі кезінде де, Қазан революциясынан кейін де ешбір тоқтатпаған. Сол уақытта оқу ағарту жайындағы комиссияның төрағасы болып, қазақ халқының жаппай сауатын ашып, білім беру бағдарламасын жасайды. Ал 1919 жылдардан кейін, совет үкіметі тұсында әсіресе алғашқы кезеңде қазақ даласында оқу - ағарту ісінің экономикалық жағынан әлде де қиыншылық кешіп отырғанын, ол үшін не істеу керек екендігін «Қызыл Қазақстан», «Жаңа мектеп» сияқты журнал беттеріне жариялап отырған. Міне, бұл айтылғандардың барлығы Ахмет Байтұрсыновтың оқу-ағарту жайындағы ой - пікірлерін, көзқарасын, талап - тілектерін танытады: Өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап көтерілген оқу-ағарту мәселесі қазақ қоғамы үшін әлеуметтік мәндегі үлкен мәселе болса, оны іс жүзінде қолға алған тұңғыш ағартушы Ыбырай Алтынсарин екендігін білеміз. Осы салала нақты іс істеген екінші адам Ахмет Байтұрсынов болды. (2,85-956)

Ахмет Байтұрсынов - қазақ тілін оқыту методикасының да ірге тасын қалаушы болып саналады. Ол қазақ тілінде дыбыс негізінде сауаттандыру әдісінің негізін салушы. Ол бұл салада 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жазған. Сауат аштыру әдістерінің жөн - жобасын Ахмет Байтұрсынов «Әліп - би астары» атты еңбегінде көрсетеді. Ол «Ана тілінің әдісі», «Қай әдіс жақсы» - деген методика мәселелерін сөз ететін бірнеше мақала жариялайды. Мектеп балаларына арналған оқулықтарда, үлкендерге арналған «Сауат ашқышта» болсын Ахмет Байтұрсынов иллюстративтік материалдарды ұсынуда үлкен тәрбиелік әрі тіл ұстарту мүддесін көздегені байқалады. Иллюстрация ретінде көбірек келтірілген тұтас текстер «Тіл - құралдың» синтаксиске арналған 3 - кітабы мен ересектерге арналған әліппе "Сауат ашқыш" деген кітапта орын алған. Бұларда автор Қожанасыр, Алдаркөсе әңгімелерінен бастап, халық аузындағы аңыз-әңгімелерді, бұрынғы өткен ақын-жыраулар мұраларын, Абай, Ыбырай және өзінің өлеңдерін аударма және төл тума мысалдарды, Жуковский, Красновский сияқты ақындарынан жасалған аудармаларды, Ыбырай Алтынсариннің "Хрестоматиясындағы" кейбір әңгімелерді пайдаланған. Ахмет Байтұрсынов алған білімі, мамандығы жағынан профессионал лингвист емес еді, оны тіл біліміне алып келген, жоғарыда айтылғандай оқу - ағарту ісін жолға қою, халықты жаппай сауаттандыру, көзін ашу, сол арқылы қазақ халқын ұлттық теңсіздіктен құтқару мақсаты болатын. Маман лингвист емес екендігіне қарамастан Ахмет Байтұрсынов тілдің, оның ішінде қазақ тілінің табиғатын, құрылымдық категорияларын дұрыс аңғарған. Қазақ грамматикасын талдауда ол орыс лингвистикалық мектебінен сусындаған, бірақ туыстығы жағынан өзгешеленетін түркі тілдерінің құрылымында орыс тілінен ажыратылатын ерекшеліктері болуы тиіс екенін де жақсы сезген. Ахмет Байтұрсынов өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанған. Ол әуелі қазақша сауат аштыруға мақсат еткен, бұл үшін «Әліппе» оқу құралын жазған. Одан соң қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап, пән ретінде оқытып үйретуді мақсат еткен. Бұл үшін 3 бөлімнен тұратын «Тіл-құралды» жазған, үшінші дұрыс сөйлеп, дұрыс оқып, дұрыс жазуды үйретуге көмектесетін бір құралды жазуға ойға алған, бұл үшін «Тіл жұмсарды» жазған. Төртінші сауат аштыру, тілді оқыту методикасын жасауды міндетке алған, бұл үшін "Әліппе астарын" жазған, бесіншіден балалардың тілін дамытып, оларды көркем сөзге баулуды көздеген, бұл үшін Т.Ш.Шопановпен бірігіп, үлкен «Хрестоматия» кітабын жазған. Міне, Ахмет Байтұрсыновтың зерттеудегі және оқу-ағарту ісіндегі істеген істері мен жасаған еңбектері осындай.

### Әдебиетгер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992
2. Нұрғали Р. М.Әуезов және алаш. Алматы: Санат, 1997

## АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ – СИЛА ДУХА УЧИТЕЛЯ

Чернявская Анастасия Алексеевна

Преподаватель ГУ «Комплекс «Музыкальный колледж – музыкальная школа-интернат для одаренных детей»

Павлодарская область, г. Павлодар

*Актуальность темы:* очень часто в учебных заведениях, особенно школах, можно увидеть педагогов, которых не очень беспокоят качества, которые они сами же проявляют на уроках с детьми. Главное для них, чтобы со стороны администрации к ним не было претензий. И даже если они видят, что дети по тем или иным причинам не могут что-то делать, но раз поступил приказ от вышестоящих, то они начинают «дрессировать» детей, и часто это делается криками и угрозами. Но учитель это не только тот, кто передает какую-либо информацию, чтобы ученик ее понял, он еще на своем примере учит, как коммуницировать с окружающими людьми, какие качества характера можно проявить, общаясь с младшими, теми, кто в какой-либо степени зависят от тебя. И часто в этом отношении можно заметить грустную картину. Учителя, которые заняты только своим благополучием, не могут привить хорошие качества своим подопечным.

*Цель:* на примере жизни и личности Ахмета Байтурсынова показать, каким должны быть характер, сила духа педагога, любовь к своему делу, чтобы он мог по праву называться таковым.

*Объект исследования:* жизнь и творчество Ахмета Байтурсынова.

*Предмет исследования:* процесс становления характера, стойкости, целеустремленности «Учителя нации» на пути его долга.

Ахмет Байтурсынов - поэт, общественный деятель, публицист, языковед, но прежде всего учитель. Он жил в непростое время. Его детские годы проходили, когда простой народ не процветал, когда хорошая плодородная земля отбиралась царской властью. Люди не могли противостоять этой власти, они боялись ее, и просто смирились со своим положением. Образ такого народа Байтурсынов описывает так:

«...Рабы привыкли лишь по-рабски жить.  
Покорно прозябал двуногий скот  
Не в силах жалкий рок свой изменить...»[1, с. 19]

Других же, корыстолюбивых, но предприимчивых людей, которые наживали богатство на страданиях других, поэт описывает так:

«...Сегодня много бьющих в грудь себя,  
Свою предусмотрительность хваля,  
Но зоркости всего хватает им  
Обогатиться, обманув тебя...»[1, с. 26]

И лишь немногие хотели что-то изменить, и боролись с несправедливостью за лучшую жизнь для своего народа. О них Ахмет Байтурсынов говорит так:

«Посеять человечность он решил  
В сердцах, закоченелых изнутри,  
Для всех несчастных, не жалея сил,  
Трудился от зари и до зари...»[1, с. 19]

К последним относился и отец нашего героя – Байтурсын Шошаков. Он был главой местности, где они жили, и часто вступал в противоборство с чиновниками, которые вершили произвол в казахских аулах. И когда Ахмету было 13 лет, к ним приехал уездный начальник Яковлев и из-за неповиновения учинил расправу над аульчанами. Отец Ахмета не выдержал таких бесчинств, ударил Яковлева нагайкой по голове, и тот упал без чувств. После этого Байтурсына Шошакова и всех родственников посадили в тюрьму, а затем некоторых сослали в Сибирь на каторжные работы. В этом числе оказался и отец Ахмета. Этот момент его жизни оставил глубокое, горькое впечатление.

Через некоторое время брат Байтурсына Шошакова - Ергазы, на попечении у которого осталась его семья, вышел из тюрьмы. И Ахмет попросил, чтобы дядя отдал его в русско-казахскую школу. Они поняли, на сколько важно, оказалось, знать русский язык, т.к. когда был судебный процесс из-за страха перед уездным начальником не точно переводилась информация о произошедшем. И вот в 1886 году началось настоящее образование будущего учителя в Тургайском русско-казахском 2-классном училище. Но вскоре его дядя Ергазы умирает, и Ахмет продолжает обучение уже собственными силами. Можно только предположить какие трудности и лишения пришлось вынести подростку во время учебы, какие жизненные обстоятельства были в тот момент, что его 2-летнее обучение растянулось на 5 лет. После того, как он окончил Тургайское училище, его огромное желание продолжить учебу привело его в Оренбург, где он поступает в школу казахских учителей. Летом ему приходится возвращаться в родной аул, и затем на попутных телегах снова добираться до Оренбурга. Так он проучился 4 года.

Только в годы своего образования будущему педагогу нации пришлось многое перетерпеть, он жил впроголодь, терпел материальную нужду, и все для того, чтобы нести просвещение своему народу.

Педагогическую деятельность Ахмет Байтурсынов начинает в 1895 году, и в это же время он ведет активную революционную деятельность. Он понимал, что образование и просвещение народа даст весомые результаты, только если изменится общественное устройство, когда не будет благоприятных условий для развития коррупции, и народ сможет твердо «стоять на ногах» и не бояться. Чтобы улучшить положение своих соотечественников он занимался революционной деятельностью и не легально, на то время, и легально, но, в конце концов, по доносу предателя Ахмет Байтурсынов впервые попадает в тюрьму, а затем его высылают из казахских степей.

В связи с этим постановлением в 1910 году он со своей женой переезжает в Оренбург, где активно занимается литературной, языковедческой, политической, но прежде всего педагогической деятельностью, которую он не оставлял даже в самые трудные времена. Байтурсынов опасался культурной ассимиляции казахов и писал в связи с этим следующее: «на самостоятельную жизнь вправе претендовать только тот народ, который говорит на своем языке и имеет свою литературу» [1, с. 10]. Он очень радел за просвещение своего народа и старался ликвидировать неграмотность. Он усовершенствовал казахский алфавит на основе арабской графики, который более точно отображал звуковой состав казахского языка, и им до сих пор пользуются казахи в Китае, Афганистане и Иране; создал для детей Букварь («Әліппе»); опубликовал в журнале «Правила правописания»; издал «Учебное пособие» педагога.

В 1913 году Байтурсынов основывает газету «Казах», которая знакомила читателей с культурным наследием казахского народа, с произведениями современников, таких как М. Дулатов, М. Жумабаев, А. Букейханов, Х. Досмухамедов и самого А. Байтурсынова. Так же в этой газете описывались нужды казахского народа, и смело обличались недобросовестные чиновники и взяточники. За 4 года существования у газеты появилось немало врагов, ее арестовывали 26 раз. Байтурсынову приходилось платить немалые штрафы. Был случай, когда он не мог выплатить штраф и ради сохранения газеты согласился сесть в тюрьму на 3 месяца. И когда среди подписчиков данной газеты удалось собрать нужную сумму, его выпустили. Из этого случая мы можем понять, какая была связь Ахмета Байтурсынова со своим народом, как его любили и уважали мыслящие люди, и понимали, какой невероятный труд он проделывает.

В 1917 году А. Байтурсынов вместе с А. Букейхановым и М. Дулатовым основывают национальную партию «Алаш Орда». Они считали очень важным культурный подъем казахского народа, развитие языка и национальной литературы. Они очень осторожно противостояли колонизации Казахстана, и при этом не призывали к бунту против царской власти.

В это время в Российской Империи произошел переворот, который позднее дошел и до Казахстана. Хотя до этого алаш-ординцы поддерживали Сибирское белое правительство, но после того, как не захотели удовлетворить требование об автономии Казахстана, то партийцы вынуждены были обратить свой взор на Советскую власть. В марте 1919 года после гражданской войны представитель новой власти в Казахстане А. Жангильдин убедил представителей «Алаш-Орды» и Байтурсынова в том числе присоединиться к Советской власти. И уже к осени Казахстан получил статус автономной Республики. А. Байтурсынов и его соратники, поддерживая новую власть, надеялись, что получив статус автономной республики, уйдут проблемы, которые были при царской власти, но они не могли даже предположить, что принесет сталинский тоталитарный режим.

В 1920 году А. Байтурсынов стал первым наркомом просвещения нового правительства КазАССР. И хотя он занимал разные ответственные должности, и служил советскому режиму Ленина и Сталина, он служил, делая это на свой лад, идя гуманистическим путем. Из-за этого к Байтурсынову всегда было настроенное отношение со стороны властей. В итоге, когда началась коллективизация, в это же время начались широкие репрессии против казахской элиты – науки, культуры, политики, т.к. понимая, что эти реформы совершенно не подходят казахскому менталитету, они начали говорить против такой политики.

В 1929 году Байтурсынова, как и многих других государственных деятелей сажают в тюрьму, а затем ссылают на каторжные работы по рытью Беломорканала. В 1935 году благодаря содействию

Красного креста, А.М. Горького и его жены Е.П. Пешковой А. Байтурсынова отпускают. По 1937 год он работает преподавателем Казахского педагогического института в Алматы. Затем его снова арестовывают и приговаривают к расстрелу, как «Врага народа». В 1988 году он будет реабилитирован.

Из биографии Ахмета Байтурсынова мы видим, что он был великим сыном своего народа. Он так самоотверженно, прикладывая огромные усилия и идя на огромные риски, стремился помочь казахской степи стать самостоятельной. Он хотел изменить сердца людей, уличить этих запуганных «рабов», и сделать их свободными. Ведь такие люди это бич не только времени, когда жил Байтурсынов, такие люди были до того и есть сейчас, и их, к сожалению большинство. Сейчас очень редкий педагог хочет и пытается воспитать свободную личность в своем ученике. Не всегда можно увидеть и педагога, который просто преподавая свой предмет, может завлечь ученика, чтобы тому было интересно. Но я часто вижу, что в учителях остались еще отголоски советского авторитарного обучения, когда дети просто должны сидеть смиренно, слушать, и не мешать вести уроки. В этом случае учителя очень часто начинают кричать на детей и запугивать жалобами родителям. На мой взгляд, такой учитель не может привить своему юному подопечному никакие возвышенные качества, т.к. не проявляет их сам перед учеником. А воспитать эти благородные качества можно только собственным примером, а не читать их из учебника.

И на примере «Учителя нации» мы можем увидеть, что он именно проявлял эти качества, не просто говорил о них. Он никогда не отступал от своих принципов, и изменить им это было страшнее для него, чем умереть. В своем стихотворении «Письмо матери» он выразил это так:

«...Свой путь я выбрал добровольно,  
Однозначно навсегда,  
И нет теперь дорог окольных,  
Смерть предпочтительней стыда.

Суть человеческой природы,  
Я человечности служу.  
Меняю милость на невзгоды,  
Так как свободой дорожу...» [1. с. 32]

Внутренняя свобода и огромная любовь к людям, которую нельзя загнать ни в какие рамки и запугать, это что делает личность личностью, это то, что было у А. Байтурсынова. И именно такой человек с характером, с нерушимыми принципами, он по праву может называться «Учитель нации». Ведь именно такой настоящий учитель, не тот, кто может просто передать информацию ученику, пусть и точно, но тот, кто на собственном примере, на примере своей жизни может воспитать характер и благородные качества своих учеников. Именно таким и был Ахмет Байтурсынов.

#### Список литературы:

1. Джуанышбеков Н. Ахмет Байтурсынов. Алматы, 2004.- 48 с.
2. Сатпаева Ш. К., Адибаев Х. А. Казахская литература: Учебник для 10-11 классов общеобразовательных школ с русским языком обучения.- Изд. 3-е.- Алматы: Издательства «Мектеп», 2001.- 232 с.
3. Мировое литературоведение: учебное пособие в 3-х т. Т. 1 / сост., предисл. и прим. А. С. Исмаковой, У. О. Еркинбаева.- Алматы: ҚАЗАқпарат, 2007.- 271 с.

#### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Эргешова Бахарай Изатуллаевна  
Ғылыми жетекшісі Қасқырбаева Меруерт Мұхтарқызы  
Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы  
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Адамзат мәдениеті тарихында алфавит пен жазудың маңызы ерекше. Жазу – адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, әлеуметтік өмірдің барлық саласында кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін

элеуметтік мәні зор құбылыс ретінде жазу- өткен мен бүгінгіні, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Еліміздің бүгінгі жеткен биігіне шығуы жолында жазу мәдениетіміздің де өз үлесін қосқанын жоққа шығармаймыз. Себебі жазу – мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі. Ал жазудың өзгертілуі сол халықтың мәдени өміріне, элеуметтік психологиясына әсер етеді. Халықтың ғасырлар бойы игерген барлық жетістіктері жазу мұрасы арқылы танылады. Бір жазудан екіншісіне көшу халықтың осы рухани байлықтан сусындауынан қосымша қиындық келтіруі мүмкін. Сондықтан алфавит пен жазу мәселесіне элеуметтік лингвистика тұрғысынан жете назар аударған жөн деп білеміз. Осы орайда, қазақ жазуы тарихында алғашқы түрен салушы, қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынов есімін құрметпен еске аламыз. Сол кезеңде, яғни ХІХ ғасырдың соңынан бастап, Ахмет Байтұрсынов еңбек еткен алғашқы кезеңде, қазақ халқының өзге түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы қолданып келген араб жазуы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық бере алмайтыны, оның түркі тілдеріне жарамсыздығы мен кемшілік жақтары баспасөз беттерінде айтылып, қазақ жазуын жетілдіру керек деген мәселе көтеріле бастаған еді.

Міне, осы көзқарастарды өз мақсаттарына шеберлікпен пайдаланған Н.И.Ильминский бастаған миссионерлер араб жазуының кемшіліктерін сынай отырып, қазақ жазуын бірден орыс графикасына көшіру идеясын уағыздай бастады. Н.И.Ильминскийдің пікірінше, алфавитті қай халық болса да, дінмен байланысты қабылдаған, мысалға, европа халықтары латын алфавитін – латын шіркеуі, орыстардың алфавиті – славян шіркеуі, ал мұсылман елдерінің араб жазуы ислам дінінің таралуымен байланысты қабылданған. Араб жазуы – мұсылман халықтарын ислам дінімен байланыстырушы үлкен құрал. Сондықтан, Ильминский бастаған патша өкіметінің миссионерлері, түркі халықтары жазуына орыс алфавитін енгізу арқылы «екі қоянды бір оқпен өлтіруге болады»: біріншіден, оларды мұсылман дінінен айыруға болады, екіншіден, орыс графикасы арқылы оларды біртіндеп тілінен, дінінен айырып, православие дініне көшіруге болады деп есептеп, бұл элеуметтік мәселеге ерекше мән беріп, тіпті, осы мақсатқа өз қандастарымызды да араластырып, біреудің қолымен күл көсеу саясатын қызу қолға алған еді. Н.И.Ильминский 1883 жылы қазан қаласында басылып шыққан еңбегінде былай деп жазды: «Орыс мектептерінде тәрбиеленуші қазақ жастары арасында, сөз жоқ, мұсылман дініне салқын қарағанмен, өз ана тілдерін жанын сала сүйетіндер бар. Соларға орыс алфавиті қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін сақтаудың негізгі амалы деп ұғындыра алсақ, олар қазақ тіліне орыс алфавитін енгізуде көп нәрсеге көмектесе алар еді». Міне, осындай пікірлерден-ақ, жазу мәселесін элеуметтік саясат құралына айналдырып, халық тағдырын өз мақсаттарына қарай өзгертуді ойлаған проф. Н.И.Ильминскийдің миссионерлік саясатын анық байқауға болады. Осындай уағызға ерген кейбір қазақ оқығандары қазақтың ескі жазба тілін «татаршина», «арабшина» деп жағымсыз қылып көрсетуге қосылып кетті. Ал бұл көзқарастардың элеуметтік саяси астарын терең түсіне білген А.Байтұрсынов «қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек. Қазақтың дінінен айыруға болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс... Дінмен байланысқан жазу дін жоғалмай, жоғалмайды», - деп жазды. Ол тек өз көзқарасын білдіріп қана қоймай, «1910 жылдардан бастап араб жазуы таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы еместігін байқап, оны қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қайта түзуді қолға алды». Сөйтіп, А.Байтұрсынов реформалаған қазақ графикасы дүниеге келіп, 1924 жылы Орынборда өткен қырғыз-қазақ білімпаздарының тұңғыш құрылтайы оны ресми түрде қабылдады. Бұл әліпбиді халық «Байтұрсынов алфавиті», «Байтұрсыновтың төте жазуы» деп атаса, сол кездегі орыстың белгілі ғалымдары, профессорлар Е.Д.Поливанов пен Н.Ф.Яковлев өте жоғары бағалады. Н.Ф.Яковлев өз сөзінде жақсы алфавит бірнеше ғылыми талаптарға жауап бере алатын болуы керек. Ол талаптардың негізгілері мыналар: 1. Алфавитте әріптер саны тілдегі сөз мағынасын ауыстыра алатын дыбыстар «фонемалар» санына тең болуы керек; 2. Алфавитте әріптер саны өте көп болмау керек т.б. Осы негізгі екі қасиет қазақтың сингармониялық алфавитіне тән.

Ғалым қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар, оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты дыбыстар екенін айтып: «бұл дыбыстардың ішінде «қ» хәм «ғ» ылғи жуан айтылады, «к», «г» хәм «е» ылғи жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстардың һәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады. Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, ... онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дайым жуан айтылатын «қ» мен «ғ» – ны қосқанда, дайым жіңішке айтылатын «к», «г», «е» - лерді қосқанда, бәріне 43 белгі керек», - дейді. А.Байтұрсынов қазақтың сингармониялық сөйлесімінің барлық қасиеттерін жазылым процесінде толық қамту үшін осы 43 түрлі дыбысты дәйекшіні қосқанда 25 белгімен жазу техникасын ойлап тапқан;

Дыбыстың жіңішкелігін арнайы таңба – дәйекшімен белгіледі. Дәйекші сөз құрамындағы дауысты және дауыссыз дыбыстың, сонымен бірге, бүкіл сөздің толық жіңішке дыбысталуын білдіреді;

Сөз құрамындағы дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстарға тәуелді, яғни дауысты дыбыстардың жуан – жіңішкелігіне қарай дауыссыздардың да жуан- жіңішке болатындығын анықтаған;

Араб графикасы негізінде жасалған жаңа әріптерді енгізген. Бір сингармофонеманың қызметін сөйлесім процесінде бірнеше дыбыстар атқарады. Олар біріне-бірі ұқсамауы да мүмкін. Осы сингармодыбыстарды сингармофонеманың позициялық сингармотүрлері дейді. А.Байтұрсынов осы фонологиялық принциптерді – қазақ тілінің дыбыс жүйесінің сингармофонемалық және сингармопозициялық классификациясын – жасады.



Егер А.Байтұрсынов қазақ тілі сингармофонемасын жуан- жіңішке болып бөлінетін екі сингармовариациялардан тұрады деп анықтамаған жағдайда,өзінің сингармоалфавиті мен сингармоорфографиясын әлем ғалымдары жоғары бағаланғандай биік деңгейде жасай алмайтын еді .

А.Байтұрсынов позициялық принципті,фонеманың позициялық түрлері және фонема дыбыстар қоры ұғымдарын жалпы тіл білмі әлемінде бірінші болып зерттеп,анықтаған .

Байтұрсынов қазақ тілі дыбыс жүйесінде сингарможуан «қ, ғ» және сингарможіңішке «к, г, е» дыбыстарды ажыратып, оларға жеке таңба арнады. Яғни, түркі тіл әлемінде тұңғыш болып жуан-жіңішке сингармокорреляцияны анықтады, жұпталған сингармокорреляттік дыбыстар санын нақты белгілеген .

А.Байтұрсыновтың қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі ерекше деп білеміз. Ол терминдерді қазақ тілінің ішкі мүмкіндігі арқылы жасау жағына ерекше көңіл бөлген (бастауыш, баяндауыш, басқарма, хабарлама, т.б.). Өкінішке орай, А.Байтұрсыновтың идеяларын 1937-1938 жылдары әкімшілік- әміршілік жүйе тұншықтырып, 1990 жылдарға дейін тілімізді, жазуымызды орыстандыру бағыты толық үстемдік құрып келді.

А.Байтұрсынов араб жазуынан безіп, латын графикасына көшудің бір артықшылығы, қажеттілігі болып тұрмағынын айтып, «латынға алмастырғанынан енетін пайда көп болса немесе латын әріпін алу машақаты, шығыны араб әріпін түзуден аз болып шығатын болса, .... латынмен болуды жөн дер едік. Ол жоқ.», - деп, бүкіл түркі халқына ортақ болған араб графикасы негізіндегі жазуды жақтайды. Шындығында да, бір графикадан екіншісіне асығыс көшу салдары бірқатар қиындықтар келтіргені аян. Мысалы: түрік халқы алғашқы президенті Ататүрік кезінде араб жазуын тастап, латын графикасына көшті. Сол кезде «қ,к» дыбыстарын таңбалау үшін латынның бір «к» әрпі ғана алынған еді. Қазір 70 жыл өткен кездегі ұрпақ жуан қ дыбысын да, жіңішке «к» дыбысын да, «к» таңбасы арқылы жіңішке айтатын болған. Сондай - ақ, «ә» дыбысын латынның «е» таңбасымен белгіленуі салдарынан «ә, е, э» дыбыстары дұрыс оқылмайтын дәрежеге жеткен. Ал азербайжанда «ң» дыбысы болғанмен алфавитте таңбаланбауы да осындай кемшілікке жол берген. Өзбектердің «ң» дыбысын «нг» деп екі таңбамен белгілеуі салдарынан енді оны екі дыбыс етіп оқу қалыптасқан. Қазақ татарлары, қырғыздар мен түркімендер де «к-к, ғ-ғ» дыбыстарын жіңішке бір әріппен таңбалап жүр. Демек, қазақ жазуының негізін қалаған А.Байтұрсынов әліпбиінде мұндай кемшілікке жол берілмегенін қазіргі жазу мәдениетімізден де байқаймыз.

А.Байтұрсыновтың еңбектері арқылы қазақ тілінің табиғаты сингармонизмге негізделген танытын болсақ, оның еңбектері жарияланғаннан соң 70 жыл өткенде ғалым Ә.Жүнісбековтің докторлық диссертациясында А.Байтұрсынов ұстанған принциптің дұрыстығы, яғни қазақ тілінде фонологиялық қызметті сингармонизм атқаратындығы дәлелденді.

Қорыта айтқанда, А.Байтұрсынов ана тіліне әлеуметтік лингвистикалық тұрғыда ерекше мән берген. Ол: «...һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу – сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, онан соң басқаша оқытуға тиіспіз», - деген еді . Сондықтан «Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт – шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас»,- деп білеміз. Осы орайда, А.Байтұрсыновтай дара тұлғаның өсиеті, қалдырған мұрасы тіл жанашырларының алға ұстар бағдаршамы болуға тиіс. Тілімізді таза ұстаймыз десек, орфография мәселесінде А.Байтұрсынов ұстанған принциптерді басшылыққа алып, ана тіліміздің мүмкіндігін толық пайдаланып, өз тіліміздегі ғылым сөздерін қалыптастырып, сырттан кірген терминдерге балама тауып, немесе тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне сай жазуымыз қажет деп білеміз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Әліппе айтысы – Қарағанды: ҚарМУ, 1990 – 106 б
- 2.Уәли Н. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғалым, 1999 268-281 б
- 3.Байтұрсынов А. Тіл тағылымы.- Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы: Ана тілі; 1992 –448 б
- 4.Мәжітаева Ш. Қазақ (араб) жазуының тарихы хақында // Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы- Алматы, Ғылым, 1999 281-288 б

### 3 СЕКЦИЯ. Н.ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМНІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

#### НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА – ЫБЫРАЙДЫҢ ЖОЛЫН ЖАЛҒАСТЫРУШЫ ПЕДАГОГ

Абдуалиева Тамаша Айдосовна  
Нұр-Сұлтан қаласы №64 мектеп лицейінің бастауыш сынып мұғалімі  
Нұр-Сұлтан қаласы

Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы 20 қазанда Қазіргі Қостанай облысы, Затобол ауданында дүниеге келді. Шын есімі – Ибраһим. Ыбырайдың әкесі Алтынсарыны 1844 жылы Кенесары Қасымұлы жасақтары өлтіріп кеткен соң, анасы Айман ерінің інісі Қошанға тұрмысқа шығады. Ыбырай тәлім-тәрбиені атасы Балғожа биден алған.

1846 жылдың 5 наурызында Балқожа Орынборға әдейі барып, Шекара комиссиясының председатели генерал-майор М. В. Ладженскийге Ыбырайды жаңадан ашылуға тиісті қазақ балаларына арналған мектепке алуға арыз береді. 1850 жылы 22 тамызда Орынбор қаласында Шекара комиссиясы жанынан қазақ балалары үшін арнаулы мектеп ашылады. Оқу мерзімі жеті жылдық еді. Осы мектепке қабылданған 30 баланың бірі болып Ыбырай да қолына алғаш қалам алды. Сабақ 24 тамызда басталды. Оқытылған негізгі пәндер орыс, қазақ және татар тілдері, сурет, сызу, есеп, география, тарих болатын. Христиан және ислам діндері де оқытылды. 1857 жылы 15 маусымда бұл мектепті 20 бала тәмәмдады, Ыбырай үздік бітірген бес оқушының бірі болып ресми куәлік алып шықты. 1857-1859 жылдары Ыбырай Алтынсарин Балғожа бидің қарамағында хатшы болып жұмыс атқарады.

1859 жылы 1 тамыздан бастап Орынбор облыстық басқармасына кіші тілмаш болып тағайындалады. Шекара комиссиясының председатели, орыс ориенталисі, ғалым, генерал-лейтенант В.В.Григорьевтің қарамағында жұмыс істейді. Ыбырайға ілтипатпен қарап, өзінің бай кітапханасын пайдалануға мүмкіндік береді. Осы кітапханада Ыбырай орыс жазушыларының шығармаларын, дүниежүзі ағартушыларының еңбектерін, ұлы адамдардың өмірі жайлы кітаптарды көп оқыған. Өз заманының озат ой-пікірімен танысқан. Әдебиет, саясат, ағарту саласындағы журналдарды да зерделей қараған. Григорьев арқылы Алтынсарин ориенталист-ғалым Н.И.Ильминскиймен танысты, кейін онымен дос болып кетті.

Ыбырай Алтынсариннің хаты бойынша 1960 жылы Орынбор өлкесінің басқару орны Торғай бекінісінен қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуға рұқсат алынады. Мектепке өзі оқытушы болып тағайындалмақшы болады. Мектеп ашпақ болып Торғайға келеді, бірақ қиындықтар туады. Сол себептен ол оқушыларды өзі қабылдап, үйінде оқытады. Ол ең алдымен ауылдарды аралап мектеп ашуға қаражат жинайды. Осылайша армандаған мектептері салына бастайды. Ыбырайдың бүкіл өмірін арнаған ағартушылық-педагогтық қызметі осылай басталады. Тікелей өзінің араласуымен халықтан жинаған қаржыға мектеп үйін және интернат салып, 1864 жылы 8 қаңтарда мектептің жаңа ғимаратын салтанатты түрде ашады. Орынбор генерал-губернаторының тікелей тапсыруы бойынша Торғайда төрт рет уездік судья болып (1868—1874), Торғай уездік бастығының аға жәрдемшісі (1876—1879) қызметін атқарады. Ыбырай инспекторлық қызметке кіріскен соң оқу-ағарту жұмыстарын одан әрі жандандырып, Елек, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездерінде бір-бірден екі кластық орыс-қазақ мектептерін ашады, оларды қажетті кітаптармен жасақтайды. Әсіресе, елді көшпелі өмір салтын ескеріп, Ресейдің халық ағарту жүйесіне жаңа үлгілі білім беру тәсілін ұсыныс етеді.

Нәтижесінде, 1888 жылы 10 сәуірде Орскіде бастауыш мектептер үшін қазақ жастарынан оқытушылар даярлайтын мұғалімдер мектебі ашылады. Ыбырай мұнан әрі қазақ жастары арасынан экономика, ауыл шаруашылығы, қол өнер кәсіпшілігі салаларына қажетті мамандар даярлайтын училищелер ашуға көп күш жұмсайды. Тіптен, Қостанайдан ашылатын ауыл-шаруашылық училищесіне өзінің иелігіндегі жерін беретіні туралы өсиет қалдырады. Ыбырайдың қазақ қыздары үшін Торғайда, Қостанайда, Қарабұтақта, Ақтөбеде мектеп-интернат аштыруының тарихи мән-маңызы зор болды.

Ыбырай орыс-қазақ мектептері үшін арнаулы оқу құралдарын шығару қажет деп санады. Оқыту әдістерін жаңа бағытта құрды, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздеді, оқуды ана тілінде жүргізді. Мектеп оқуында, әсіресе, ана тіліне үйретуде К.Д.Ушинскийдің ойларына жүгінді. Қазақ балаларының таным-түсінігіне лайықты оқу-әдістемелік құралдар жазды. Ол орыс-қазақ училищесінде Ушинскийдің «Балалар дүниесін», Л.Н.Толстойдың «Әліппе және оқу құралын», Д.И.Тихомировтың «Грамматиканың қарапайым курсы» оқу құралы ретінде ұсынды.

Балаларды оқыту барысында Ыбырай оқушыларға ана тілін таза және ұқыптылықпен үйретеді. Шағын көркем шығармалар арқылы оларды жақсы мінез-құлыққа баулуды көздейді. Оқушылардың діни көзқарастарын да ескеріп отырады. 1876 жылы Ыбырай Алтынсарин орыс-қазақ мектептеріне арнап «Қазақ хрестоматиясын» және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын» жаза бастады. Олар 1879 жылы Орынбор баспасында жарыққа шығады. Екі кітаптың да корректурасын Орынборға барып өзі

оқыды. Бұл еңбектер ғылыми деңгейде жазылған асыл мұралар, қазіргі кезде де қадір-қасиетін жоймаған қымбат қазына. Осы жылдың 25 қараша күні Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясының» бір данасын Петербургке В.В.Григорьевке, бір данасын Қазанға Н.И.Илминскийге жіберді. 1884 жылы оның «Шариат-ұл-ислам» («Тәңірі заңдарының ережелері») деп аталатын еңбегі Қазан қаласында басылып шықты. Оны қолжазба күйінде Н.И.Ильминскийге, әріптестеріне көрсетіп, олардың орынды пікірлерін ескерді.

Ыбырай өмірінің соңғы күндеріне дейін жанында болған сүйікті шәкірті, әрі әріптесі Ғ.Балғымбаевтың естелігінде мынадай жолдар бар: «Июль айының басынан Алтынсарин тіпті қатты ауырып жатты, өкпесі қабынған ба, әлде басқа бір жері ауыра ма, әйтеуір ісініп кетті». Ұлы педагогтың қатты науқас екені бүкіл Торғай даласына тарады. Онымен кездесуге көңіл білдіріп, денсаулық тілеуге дос-жарандары, ұстаздары, шәкірттері келіп жатты. 1889 жылы шілде айының 17 күні, күндізгі сағат 11-де, 48 жасына үш ай, үш күн қалғанда қайтыс болып, Тобыл өзенінің жағасына жерленді.

Ұлы педагог, ағартушы Ыбырай Алтынсарин қазақ қоғамының мәдениет пен экономика жағынан мешеу кезінде өмір сүріп, халқымыздың демократиялық мәдениеті мен өнердің бір сыпыра саласында жаңадан өсіп өркендеуіне айқын жол ашып, баянды негіз жасады. Халықты оқуға шақырған, өнер-білімге жетелеген, өзінен кейінгі ағартушылық жолындағы ізбасары - Нәзипа Құлжанова.

Нәзипа Құлжанова Сегізбайқызы – ХХ ғасыр басындағы қазақ мәдениетінің ерекше із қалдырған тұлғасы, ағартушы, ұстаз, әлеуметтік қайраткер, журналист, жазушы, аудармашы. Құлжанова 1887 жылы 27 шілдеде Қостанай облысы Жанкелдин ауданында сатушының отбасында дүниеге келген. Ол әуелде Торғай қаласындағы Приходская школында оқып, 1902 жылы Қостанайдағы прогимназияны тәмамдаған. 1903-1904 жылдары Торғайдағы әйелдер училищесінде 15 жасында мұғалімдік қызмет атқарған. Одан соң Орынбор қаласындағы Мұғалімдер семинариясын бітірген. 1905-1950 жылдары осында мұғалім болды.

Нәзипа Сегізбайқызы жастайынан бері ержүрек, жігерлі кісі болған. Әке-шешесі Нәзипаны бір жігітке атастырып, қалың малын алған. Қыз бой жетіп, осы жігітті сүйемегендіктен, оған тұрмысқа шығудан бас тартты. Нәзипа қазақ даласының салты бойынша бұрын берілген қалың малын қайтаруға тиісті болған. Қыздың отбасының материалдық жағдайы төмен болғандықтан, облыстық әскери прокурордың көмегіне жүгінді. Сөйтіп Нәзипа Сегізбайқызы жаны қалаған адамға тұрмысқа шыққан. Жұбайы Нұрғали Құлжанов – осы заманның көрнекті ағартушыларының бірі. Ол да мұғалімдік қызметін атқарған. 1905 жылы жанұя Семей қаласына көшіп келген. Ерлі-зайыпты Құлжановтар Семейге келген кезде бұл қала Қазақстандағы ірі мәдени-ағарту орталығы дәрежесінде еді. 1913 жылы Нәзипа Сегізбайқызы Орыс география қоғамының Семей бөлімшесінің «Азамат серіктестігі» ұйымының мүшесі атанған.

Ұзақ жыл оқытушы болып жұмыс істеген Нәзипа қазақ мектептері үшін оқулықтар жазған. 1923 жылы Орынборда «Мектептен бұрынғы тәрбие», 1927 жылы Қызылордада «Ана мен бала тәрбиесі» атты әдістемелік кітаптары басылды. Нәзипа Сегізбайқызы – ұлттық педагогика ғылымының қалыптасуымен дамуына салмақты үлес қосқан салиқалы, зерделі зерттеуші. «Мектептен бұрынғы тәрбие» туындысында баланы қалай тәрбиелеп өсіруді, табиғи қалпын бұзбай, мінсіз баулуды, дұрыс, жақсы сөйлеуін, көркем мінезін, баланың саулығын, зейін-зердесінің жақсы болуын қамтамасыз еткен. Сондай-ақ Құлжанова мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оларға айтылатын сөздің де, көрсетілетін іс-қимылдың орынды болуын ескерген. Танымал педагог бала бойындағы білуге, ұғуға, көруге әуестікті тыйып тастамай, оларды бағыттап, дамытып отыру қажеттігін нақты мысалдармен түсіндіріп берген. «Халқыма деп іс қылдым», – деп Нәзипа Құлжанова өзі айтқандай келешек ұрпағына тәрбиелік мәні бар артына мол мұра қалдырған.

Оның ағартушылық, ұстаздық, қайраткерлік еңбегінің тағы бір көрінісі 1927 жылы Қызылорда қаласында 5000 данамен басылып шыққан – «Ана мен бала тәрбиесі» кітабы. Бұл кітап педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық кітап ретінде ұсынылған.

Дарынды Нәзипа ұлы Абайдың шығармашылығын жақсы көрген, алғашқы абайтанушылардың бірі. Оған дәлел – 1914 жылы 26 қаңтарда Семей қаласында жұбайымен бірге Абай Құнанбаевтың қайтқанына 10 жыл толуына орай ұлы ақынды еске түсіру кешін ұйымдастырды. Кеште ақын өмірі мен шығармашылығы жөнінде баяндаманы Нәзипаның өзі жасап, одан кейін Абай өлеңдері оқылады. Бұл кеш туралы «Айқап» журналында да жазылды.

Н.Құлжанова – қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналистердің бірі. 1922 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің редакция алқасының мүшесі, 1923-1925 жылдары «Қызыл Қазақстан», 1925-1929 жылы «Әйел теңдігі» журналдарында жауапты қызметтер атқарады. «Айқап», «Қазақ», «Бірлік туы», «Алаш» басылымдарында оқу-ағарту мәселелері туралы мақалалар жариялаған.

1929 жылы Нәзипа апай үйде отырып жұмыс істеуге мәжбүр болды. Мұрағат мәліметтерінің дерегінше, Құлжанованың денсаулығы нашарлап кетті. Бірақ ғалымның жағдайы жайында басқа пікір де бар. Яғни, Алашорданың қайраткерлерімен қарым-қатынас орнатып жүргендіктен, патша сақшыларының «назарына ілігеді».

Туған халқы үшін өшпес із қалдырған Н.Құлжанова небәрі 47 жасында 1933 жылы 21 тамызда Алматы қаласында, созылмалы аурудан дүниемен қош айтысқан. Қайраткер қазақ қызының өмірі де, сол

қысқа өміріндегі кездескен сан түрлі қиындықтармен атқарған ереулі қызметі де ұмытылмайды, және оның есімі қазақ мәдениетінің тарихында мәңгілік қалады.

Ыбырай Алтынсарин – ғасырлар өтсе де, заман өзгерсе де өзі өмір сүрген заманы мен өмірінде қазақ балаларына “Кел, балалар, оқылық” деп жар салудан тынбаған, сол арқылы қазақ балаларының надандық қамытын киюіне жол бермеген бірден-бір тұлға болып қала бермек. Оның қызметінің басты саласы – бала оқыту, ұстаздық екенін ұмытпау біз үшін міндет. Ыбырай – жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің қалыптасуына қомақты үлес қосқан. Ол қазақ жастарын ең алдымен оқу, өнер-білім, техниканы игеруге шақырады. Автор оқу-білімнің тек ізденіс, еңбекпен табылатынына мән берді. Бұған инемен құдық қазғандай ыждаһаттылық, талап пен сабырлық қажет екенін ескертеді. Ал оқымаған надандарды ақын аз ғана сөзбен сынап, олардың ақ, қараны айырмайтын көрсоқыр екенін айтады. Оқу, білімнің пайдасы қандай, ол неге керек деген мәселеге келгенде, оның өмір үшін, болашақ үшін қажет екенін талдап көрсетеді. Жастарды өнер-білім, техниканы игеруге үндеу ақынның «Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңінде өз жалғасын тапқан. Ол өнер-білімі жетілген елдердің артықшылығы қандай, олар сол өнерімен нені игеріп отыр, ертеңгі өмірдің талап-тілектері не секілді күрделі мәселелерді жастар алдына көлденең тарту арқылы оларға ой тастап, өнер-білімді батыл игеруге шақырады. Қазақтың ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептерде ерлі-зайыпты Құлжановтар оқып қана қоймай, ұлы ұстаздарының жолын қуған ХХ ғасыр басындағы қазақ тарихында ағартушылық жолын бекем ұстанған, оқыту тәрбиелеу ісінің теориясына да, практикасына да Нәзипа Құлжанова именбей кірісіп, еңбек сіңірді. Міне, Нәзипа Құлжанованың қаламгерлік мұраты мен эстетикалық талғамын айқындайтын барша шығармалары жазушы мұрасының құндылығын көрсетеді. Екі педагог теағартушы да балаларды өнер-білімге шақырып, қазақ халқының көзін ашқан педагогтер.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Ә.Ламашев «Ыбырай Алтынсарин және оның достары мен ізбасарлары», Алматы «Қазақстан», 1988 ж.
2. С. Қирабаев, Ү.Асыл, К.Құрманбай, С.Дүйсебаев, Б.Әрінова 10 сыныпқа арналған оқулық «Қазақ әдебиеті (ХІХ ғ.)», Алматы «Мектеп», 2014 ж.
3. С.Қалиев, Ж.Молдабеков, Б.Иманбекова «Этнопеддагогика», Астана, 2007ж.
4. Ұлттық энциклопедия, Алматы, 2004ж.
5. «Алаш» қозғалысы. Алматы, 2008 ж.

### НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ

Аканова Нурай Маратовна

Жетекшісі: Муқышева Салима Алпысовна

М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің студенті


Абай облысы, Семей қаласы



Қай заманда да қазақ қызы ұлтының намысы, тіршіліктің тұтқасы болған бүгінгі дамыған елдің бір іргесі қазақтың қайсар әйелдерімен қаланды. Нәубет жылдары ел болашағы үшін еңбек етіп әр салада тұнғыш атанған тұлға қыздар. 19- ғасырдың аяғы мен, 20- ғасырдың басында қазақ жеріне Еуропалық мәдениетпен жанашылдық тың келген тұсы еді. Сол уақытта қазақ қыздары ағартушылыққа, білім алу мен кәсіп игеруге зейін қоя бастады. Ғылым игеруге мақсат тұтқан нәзік жандар әр салада еңбек етіп қазақ тарихында өшпес із қалтырды. Ал, Алаш арыстарымен иық тіресе жүріп ел ағарту ісіне білек сыбана кіріскендердің қатарына тұнғыш журналист, ағартушы-педагогі, демократ, ақын-жазушысы Ы. Алтынсарин іргесін қалаған орыс-қазақ мектебін бітірген, 1923 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жайлы «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабын жазған- Нәзипа Құлжанова

Нәзипа Сегізбайқызы өзі бас болып қазақтың тілші қыздарына журналистикада жол салды. Ахмет

Байтұрсынұлы жасаған жаңа қазақ әліпбиінде еңбек сіңірді. Айрықша атап өту керек сол кезеңде алғаш болып Абайды таңытып, елге дәріптеген де қазақтың қайраткері Нәзипа Құлжанова еді. Әдеби-сазды кештерді өткізудегі Нәзипаның тәжірибесі ұлттық театрды дамытуда пайдаланылды. Нұрғали Құлжанов жұбайы Нәзипа екеуі тұңғыш театр – қырғыз-татар «Ес-аймақ» театрында ойнаған. [1]



Құлжановтардың ерлі-зайыптыларының фотосуреті Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық мұражайында ойылған. Сонымен қатар, Семей қаласындағы Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің құрамына кіретін «Алаш арыстары – М.Әуезов» («Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов») мұражай-үйінде, Құлжановтардың суреті қойылған экспозиция, Нәзипаға арналған бағдарламалық әдеби кеш және Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылығы. Нәзипа Сегізбайқызы Ахмет Байтұрсынұлының ұстаздық үлгісінен нәр алған адам. Ол өзі де педагогикалық екі еңбек жазды. Оның бірі «Мектептен бұрынғы тәрбие» (1923) деп аталса, екіншісі «Ана мен бала» (1925) деп аталады. Н.Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты еңбегіне Ахмет Байтұрсынұлы кіріспе сөз жазып, бұл еңбекке «Қазақстан топырағындағы жаңа тақырыпқа арналған тың туынды» деп жоғары баға береді. Нәзипа Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің жұмыс мазмұнын, атқаратын қызметін айта келіп, баланы тәрбиелеу, өсірудегі ұлттық ойындардың ерекшеліктеріне тоқталады. Үш пен жеті жас аралығындағы балалардың физиологиялық ерекшеліктерін –

бала әлемін сөз етеді. Әсіресе, жас баланың айналаны білуге деген құмарлығын, сөйлеуге, сұрақтар беруге бейім болатынын, сол арқылы ойы өсіп, жетілетінін айта келе, баланың ойын дамыту үшін олардың сұрақтарын жауапсыз қалдыруға болмайды. Қазақтар баламен сөйлесуге жете мән бермейді. Сондықтан, олардың сөйлеу мәдениеті толыққанды жетілмейді дейді. Баланы табиғат аясында тәрбиелеудің, табиғат құбылыстары жайында үнемі әңгіме жүргізудің тағылымдық мәніне терең тоқталады. Ол баланы жас кезінен бастап табиғат аясында тәрбиелеудің эстетикалық әсерін айта келіп, «Бала даланың кеңдігінде шолпылдатып суға түсіп, жүгіріп құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын тоғай арасында сайрандай жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей өсіп, өркендемек» дегенді айтады. Автор осы пікірін әрмен қарай жалғастыра келіп: «Әрбір құлықты, жақсы адам мінезінің түпкі негізінде болатын еңбек ету, көңіл көтеру және денесі еліктегіш, талшыбықтай икемді, нәзік сезімді болып келеді» деп мектеп жасына дейінгі балалардың тыныс-тіршілігін сөз етеді. Н.Құлжанова баланы үйде, балабақшада еңбекке бейімдей тәрбиелеудің маңызына тоқталады. Ол үшін әр балабақша жанында биологиялық бұрыш, тәжірибе участогы болуы керек. Бала торғайды, қоянды, тотықұсты, кірпікшешенді, балықты өсіруді білсін, аулаға көкөніс, гүл отырғызып, су құюды үйренсін, сазбалшықтан ойыншықтар жасап үйренсін дейді. Нәзипа Құлжанова баланың санасын оятып, қиялын өсірудегі ойыншықтардың тәрбиелік рөліне ерекше мән береді. «Ойын баланың қиялын өсіреді. Ойнай білу дегеніміз – ойнай білуге үйрету» дейді. Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттарын «Тән саулығы», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Заттың түр-түсін ажыратуы», «Бала тілінің шеберлігі», «Баланы еңбекке дағдыландыру», «Баланың әдемілік сезімін ояту», «Бала ойындары мен ойыншығы», «Баланы көпшіл болуға баулу» деп жіктей келіп, осы мәселелердің әрқайсысының мән-мағынасын ашып талдайды. Нәзипа Құлжанованың мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегінің құндылығы – біріншіден, оның Қазақстан топырағындағы тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуымен ерекшеленсе, екіншіден, Н.Құлжанова мектепке дейінгі педагогиканы биология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастырады, үшіншіден, ол қазақ этнопедагогикасын әлем елдерінің этнопедагогикасымен үндестіре зерттеді, төртіншіден, Н.Құлжанованың еңбектерінде Қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысы, сол уақыттағы ауыл мен қала өмірінің шындығынан алынған нақты көріністер айқын бедерленген. [2]

Қазір де Семей педагогикалық колледжіндегі мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөлімінде Нәзипа Құлжанова атындағы әдістемелік – практикалық кабинет бар. Бұл жерде мектеп жасына дейінгі балаларды заман талабына сай жабдықтармен ойнатады. Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен,

табиғатпен, қоғамдық құбылыстарымен, адамдармен, олардың еңбегімен, қарым — қатынастарымен танысады .



Мектеп жасына дейінгі балалардың моторикасын ашуға арналған ойындар.



3Д технологиялармен жабдықталған сенсорлы ойын құралдары .



Сенсорлық ойындар танымдық және сөйлеу дағдыларын дамыту - көру, тактильді және моторикалық тексеру, салыстыру арқылы заттардың түсін, өлшемін, пішінін анықтау. Сөздерді түсініп сөйлеуде қолдану – шама мен форма атаулары. Балалардың ерте жаста толық дамуының негізгі құрамдас бөлігі сенсорлық даму болып табылады. Сонымен мектепке дейінгі кезең – баланың жеке тұлға болып өзін — өзі сезінуінің алғашқы сатысы демек адамгершілік ақыл – ой және басқа да қасиеттерінің ең маңызды кезеңі. Біздің басты міндетіміз баланы жан — жақты дамыта отырып тілін дамыту. Сөздік қорларын байытумен қатар есте сақтау қабілеттерін арттыру. Осы орайда Нәзіпа Құлжанованың еңбектері бала тәрбиесіндегі таптырмас орын алады

#### Әдебиеттер тізімі:

1 [https://www.inform.kz/ru/pervaya-kazashka-zhurnalist-nazipa-kul-zhanova\\_a3040322](https://www.inform.kz/ru/pervaya-kazashka-zhurnalist-nazipa-kul-zhanova_a3040322)

2 <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/8451>

### Н.ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМНІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Ақылбекқызы Жаннұр

Жетекшісі: Мукышева Салима Алпысовна

“М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің ” 2 курс студенті

Абай облысы, Семей қаласы

**Құлжанова Нәзіпа Сегізбайқызы-** Алаш қозғалысы кезінде қайраткерлігімен көзге түскен қазақ қыздарының бірі, аумалы төкпелі заманда ел қамы үшін күрескен қайраткерлердің бірі. Қазақ қыздарынан шыққан ұстаз, этнограф, аудармашы, журналист.

Орта жүздің Найман тайпасының Ергенекті Найман руының биі Құлжанның немересі 1887 жылы Торғай қаласында туған. Нәзіпа Сағызбайқызы 1902 жылы Қостанайдағы орыс-қазақ гимназиясын, 1903-1904 жылдары Торғайдағы қыздар училищесін бітіреді. Оқып жүрген кезінен бастап өзін ұлт үшін күресуге даярлаған. Оқуын аяқтаған соң, 1905 жылы Семей қаласындағы оқытушылар семинариясында ұстаз болған. Ұстаздық жұмысты атқара жүріп, этнография тақырыбын зерттеп, мақалалар жазып, талантын танытқан ол 1913 жылы Орыс география қоғамының Семей бөлімшесіне, «Азамат серіктестігі» ұйымдарына мүше болады. 1914 жылы 26 қаңтарда Абайдың қайтыс болуына он жыл толуына орай әдеби кеш ұйымдастырады. 1915 жылы 13 ақпанда Перттроградтағы мұсылман ауруханасы мен мұқтаж қазақ шәкірттеріне көмек көрсету мақсатында әдеби кеш ұйымдастырады. «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш» газеттерінде әйел мәселелеріне байланысты мақалалар жазады.

1917 жылы Семей облысы қазақ сиезінің төралка құрамына енеді. 1920 жылы Қырғыз (қазақ) АКСР Халық ағарту комиссариатының қазақ тілінде оқулықтар, кітаптар шығару, баспасөз істері жөніндегі арнаулы комиссияның құрамында жұмыс істеген. Осы жұмыста жүріп, жаңа қазақ әліпбиін енгізу жөніндегі комитеттің құрамына енеді. Н.Құлжанова - қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналистердің бірі. 1922 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің редакция алқасының мүшесі, 1923-1925 жылдары «Қызыл Қазақстан», 1925-1929 жылы «Әйел теңдігі» журналдарында жауапты қызметтер

атқарады. «Айқап», «Қазақ», «Бірлік туы», «Алаш» басылымдарында оқу-ағарту мәселелері туралы мақалалар жариялаған.

**Құлжанов Нұрғали (1869-1919)** – мәдениет қайраткері. 1896 жылы Торғай уезінде дүниеге келген. Орынбор мұғалімдер семинариясын бітірген. 1905 ж. Семей к. Мұғалімдер семинариясында сабақ беріп, соңынан жоғары бастауыш колледжде қазақ тілін оқытты. 1906 жылы 1 қаңтарда 3-дәрежелі Қасиетті Станислав орденімен марапатталды. 1908 жылы Батыс Сібір Географиялық қоғамының Семей бөлімшесіне мүше болып қабылданды. Бөлімшенің тексеру комиссиясы құрамында болып, аймақ тарихы мұражайы бөліміне көне тарих, музыка, фольклорлық мұра туралы материал жинауды тапсырды. 1914 жылы Абайдың қайтыс болғанына 10 - жыл толуына Нәзипа Құлжановамен бірге әдеби кеш өткізуге қатысты. Облыстық қазақ сиезінде 1917 ж. Семей облыстық қазақ комитетінің мүшесі болып сайланған. Қазақ комитетінде жүріп, ұлт-азаттық қозғалыстың өрістеуіне үлес қосқан. Жазған мақалалары «Қазақ», «Бірлік туы», «Үш жүз» газеттерінде жарияланды. 1919 жылы Колчак жендеттерінің қолынан қаза тапты.

Нәзипа Құлжанованың ұстаздық, тәлімгерлік тұлғасын таныта түсетін екі еңбегі бар. Оның бірі – 1923 жылы Орынбор - да шыққан «Мектептен бұрынғы тәрбие», екіншісі «Ана мен бала тәрбиесі» (Қызылорда, 1927). «Ана мен бала» кітабы ана болу және қазақ әйелінің педагогикалық білімі мәселелеріне арналды, ол кезде қазақ тілінде педагогикалық кітаптар болған жоқ. Н. Құлжанова мектепке дейінгі мекемелерді ұйымдастырып, ашуға белсенді түрде қатысты. «Мектептен бұрынғы тәрбие» еңбегінде қазақ даласындағы мектепке дейінгі тәрбиенің негізгі міндеттері ашылған. Бұл Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырысымен жазылған алғашқы авторлық туынды.

Аталмыш кітапқа алғысөз жазған қазақ халқының ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы былай деген: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер – білім даярлау керек». Автордың бұл еңбегі мынадай тараулардан тұрады :

1. «Күллі жер жүзінде»
2. «Мектеп жасына толмаған бала»
3. «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие не керек?»
4. «Мектептен бұрынғы тәрбиенің Россиядағы түрі»
5. «Бала бақшасы деген не?»

Сол кездің өзінде шет елдердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарын зерделеу жүргізілгендігін осы кітаптың мазмұнынан айқын көруімізге болады. Мысалға, «Күллі жер жүзінде» атты алғашқы тарауында дүние жүзін мекен еткен Автор дамыған елдердегі бала бақшалардың мән-жағдайын көрсетіп баяндай келе, қазақ тұрмысында бала бақшаның болашақ ұрпақты тәрбиелеуде зор қызмет атқаратындығына зор сеніммен қарайды.

Сонымен қатар, Италия балабақшаларының балаларға арналған құрал-жабдықтармен талапқа сай қамтамасыз етілгендіктерін, Швейцарияның Цюрих қаласындағы тастан жасалған мектептің бір жағында мектепке жасы толмаған балалардың үйі бар екендігін және оның балалардың жас шамасына сай құралдармен жабдықталғандықтарын бейнелейді.

Шотландиядағы Эдинбург қаласындағы балалар бақшасын өз алдына ерекше етіп көрсеткен. Ол жерде күнделікті, таңертең ашық далада балалар бастары қосылғанда, кешкісін үйлеріне қайтарда бір-біріне «Амандық өлендерін» айтады дейді.

Н. Құлжанова Европа елдеріндегі балалар бақшаларының өмірін үлгі ете отырып, күншығыстағы Жапония мемлекетіндегі балалар тірлігін де әңгімелейді.

Автор бұл еңбегінде ең бастысы бірігіп ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа, реттілікке, ұйымшылдыққа баулу, балалардың ойына, жас межесіне, қабылдау ерекшеліктеріне барлық жұмысты бағындыру, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау, өлең айту, сурет салу тағы басқа өнерлерін дамыту мәселелеріне көңіл бөледі. Болашақтағы қазақ балалар бақшасы сондай болса екен деп армандайды.

Нәзипа Сегізбайқызы мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде оның жас ерекшеліктеріне назар аудару қажеттігін нақты мысалдармен түсіндірген. Ол баланың қалыпша дамуы үшін оған айтылатын сөз де, көрсетілетін қимыл да, үйретілетін тағылым да шамадан тыс көп болмау керек және тым ауыр болмауы ескерілуі шарт дейді. Мөлшерден артық тапсырмалар баланың дамуына кері әсерін тигізуі мүмкіндігін және баланың дамуы үнемі дәрігер мен педагогтың бақылауында болуы қажет дейді. Сол кездің өзінде оқымысты ғалымдардың үш жасар баланы зерттеу объектісі етіп алғандығын мысал етеді. Үш жастағы баланың даму ерекшелігін, білімге, зерттеуге, құпия ашуға құмарлығын мәлімдейді. Назипа Құлжанова баланың бойындағы білуге, тануға, ұғынуға, көруге, байқауға, өзінше қайталауға әуестігін тыйып тастамау керектігін, оларды бағыттап, алдында тұрған сауалдарды бірігіп шешуге ұмтылу қажеттігін, бала мүмкіндігіне қарай тұқым қуалаған мінездің әртүрлі құбылуын дәлелдеп көрсеткен. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке баруға дайындауды, оларға «Мен» түсінігін қалыптастыруды және де жас шамаларына байланысты даму деңгей ерекшеліктерін ғылыми түрде



негіздеген. Сонымен қатар, балаларды мектепке толыққанды дайындау мәселелері бойынша қойылған сауалдарды жауапсыз қалдырмаған, ғылыми тұрғыда негіздеп берген.

Н. Құлжанова мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде ойынның ерекше қызмет атқаратындығына айрықша көңіл бөліп былай деген: «Балаға керекті – ойын. Ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы ойын. Ойында бала көрген-білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып, бекітеді».

Нәзипа жолдасы қайтыс болғаннан кейін екі жыл бойы Ақмола қ. мұғалім болады. 1923 ж. «Қызыл-Қазақстан» журналына ауысып, әдеби-аудармамен айналысады. Ол орыс жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аударды. Соның ішінде, ол В. Г. Короленко мен Б. А. Лавреневтің кітаптарын қазақ тіліне, сондай-ақ, қазақ тілінен орыс тіліне аударды (Ы. Алтынсарин «Көктем»).

Н. Құлжанова әйелдер қозғалысын дамытуға күш салып, әйелдердің қоғам өміріне белсенді араласуына қолдау берді. Ол Шығыс әйелдерінің Бірінші съезін ұйымдастыруға қатысты. Қазақстанның мерзімді басылымдарына мақалаларын жариялап, аударма ісімен айналысты. Н. Құлжанова 1934 жасында қырық алты жасында қайтыс болды. Соңында мол шығармашылық мұрасы қалды.

Н Құлжанова мен жұбайы Н.Құлжанов екеуіде “М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжда ” бірге жұмыс істеген.



Нәзипа Құлжанова мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оларға айтылатын сөздің де, көрсетілетін іс-қимылдың да орынды, тағылымды болуын ескерткен.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында (1920 - 40 ж.ж.) Қазақстанда мектепке дейінгі мекемелер тұңғыш ашыла бастаған еді. 1930 жылдары бала бақша, балалар яслилерін ашу, сауатсыздар мектебін ашу сияқты күрделі де қиын мәселе болды. Оның себебі:

Біріншіден - мектепке дейінгі мекемелерді ашу үшін орасан мол қаржы керек болды (арнаулы үй, үй, жиһаз, оқу құрал-жабдығы, ыдыс-аяқ,

ойыншықтар т.б. сатып алу қажет еді).

Екіншіден - балаларға арналған жиһаз, ойыншықтар шығаратын өндіріс орындары жоқ болатын. Сондықтан оларды шет елдерден қымбатқа сатып алуға тура келді.

Үшіншіден - мектепке дейінгі мекемелерде қызмет ететін маман кадрлар жоқ еді. Оларды даярлайтын арнаулы оқу орындары болмады.

Төртіншіден - мектепке дейінгі мекеме қызметкерлеріне қажетті оқу-әдістемелік құралдар мүлде жоқ еді.

Міне, осы проблемаларды шешу ісімен кеңес үкіметінің басқару мекеме басшыларымен бірлесе отырып А.Оразбаева, Н.Құлжанова, Ш.Шонанова, С.Есова сияқты көрнекті педагог қайраткерлер айналысты. көрнекті педагог ғалым Назипа Құлжанова (1887-1934) Жангелді ауданында Ы.Алтынсарин ұйымдастырған мектепте оқып, кейін Орынбордағы мұғалімдер семинариясына түсіп, оны 1914 жылы үздік бағамен бітіреді. Назипа Құлжанова Орынборда мұғалімдер семинариясында (1907-1914) оқып жүрген кезінде өзінің идеялық ұстазы А. Байтұрсынов Назипаға өлеңмен хат жолдап оқу инемен құдық қазғандай-ауыр іс. Оған асқан төзімділік, қажымас қайрат керек. Келешек ел үмітін ақтап шығар алғыр, турашыл, өр мінезді азамат бол дей келіп,

Су да болар ол жолда, тау да болар,

Жаудың оғы-жайған тор, ау да болар.

Мынау пайда, мынау зиян демек

Ол ерліктің ісі емес, сауда болар ? !

Шалдығатын, шаршайтын жерлер де бар,

Шалдыққанға мұқалмас ерлер де бар.

Қайраттанып қажымай тырмыссаң да,

Шыққызбайтын жолыңда өрлер де бар

- деп сол кездегі саусақпен санарлық бірді-екілі талапты қазақ қыздарының білім жолындағы қиын кедергілерді жеңіп шығуына ағалық ақыл-кеңесін береді.

Н. Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің жұмыс мазмұнын, атқаратын қызметін айта келіп, баланы тәрбиелеу, өсірудегі ұлттық ойындардың ерекшеліктеріне тоқталады. Үш пен жеті жас аралығындағы балалардың физиологиялық ерекшеліктерін - бала әлемін сөз етеді. Әсіресе, жас баланың айналыны білуге деген құмарлығын, сөйлеуге, сұрақтар беруге бейім болатынын, сол арқылы ойы өсіп жетілетінін айта келіп, баланың ойын дамыту үшін олардың сұрақтарын жауапсыз қалдыруға болмайды. Қазақтар баламен сөйлесуге жете мән бермейді. Сондықтан олардың сөйлеу мәдениеті жетілмейді дейді. Баланы табиғат аясында тәрбиелеудің, табиғат құбылыстары жайында үнемі әңгіме жүргізудің мәніне тоқталады. Н.Құлжанова баланы жас кезінде көбінесе табиғат аясында тәрбиелеудің тиімділігін айта



үйренсін, саз балшықтан ойыншықтар жасап үйренсін дейді. Н.Құлжанова баланың санасын оятып,



қиялын өсірудегі ойыншықтардың тәрбиелік рөліне ерекше мән береді. «Ойын баланың қиялын өсіреді. Ойнай білу дегеніміз, ойлай білуге үйрету» дейді.

Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттары «Тән саулығы», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Заттың түр-түсін ажыратуы», «Бала тілінің шеберлілігі» «Баланы еңбекке дағдыландыру», «Баланың әдемілік сезімін ояту», «Бала ойындары мен ойыншығы», «Баланы көпшіл болуға баулу» деп жіктей келіп, осы мәселелердің әр қайсысының мән-мағынасын ашып талдайды.

Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегінің құндылығы біріншіден, оның Қазақстан топырағында тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуымен

ерекшеленсе, екіншіден Н.Құлжанова мектепке дейінгі педагогиканы биология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастырады, үшіншіден - ол қазақ этнопедагогикасын әлем елдерінің этнопедагогикасымен үндестіре білді, төртіншіден - Н.Құлжанованың еңбектерінде қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысы, сол уақыттағы ауыл мен қала өмірінің шындығынан алынған нақты көріністер айқын байқалады.

1927 жылы Қызылорда қаласында 5000 данамен басылып шыққан – «Ана мен бала тәрбиесі» кітабы. Бұл кітап педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық кітап ретінде ұсынылған.

Нәзипа Сегізбайқызы дәрігерлік арнайы білімі жоқ болса да көптеген әдебиеттерді ақтара келе, бала мен ана денсаулығына қатысты пайдалы кеңестерді рет-ретімен оқушысына, қалың көпшілікке ұсынып, қазақ тарихында есімін қалдырған еліміздің көрнекті ұстазы. Ана мен бала тәрбиесі, әсіресе баланы мектепке дайындау жайында әдістемелік құралдар ана тілімізде күні бүгінге дейін тапшылық етуде. Олай болса бұдан 75-80 жыл бұрын жазылған Н. Құлжанованың еңбектері күні бүгінге дейін өзінің құндылығына қылау түсірмес аса құнды еңбек екені даусыз.

Сөйтіп Н.Құлжанова - тұңғыш мектепке дейінгі педагогиканың негізін салушы педагог, ғалым болды.

“М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінде ” Нәзипа Құлжановаға арнап арнайы кабинет ашылды, колледждің басты ғимаратының 2 қабатында.

Бұл кабинетте Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың құрал-жабдықтары жасалған. Мектепке дейінгі білім беру саласының өзіне тән бұрыштары болады. Сондай бұрыштар осы кабинетте жабдықталған. Кабинетте мектепке дейінгі білімде қолданатын арнайы технологияларда бар. Мысалы : Крюизенер Технологиясы, Глен Домен технологиясы ,т/б.

## Әдебиеттер тізімі:

1. <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/8451>
2. [https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9D%D3%99%D0%B7%D0%B8%D0%BF%D0%B0\\_%D2%9A%D2%B1%D0%BB%D0%B6%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D0%B0](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9D%D3%99%D0%B7%D0%B8%D0%BF%D0%B0_%D2%9A%D2%B1%D0%BB%D0%B6%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D0%B0)

## Н ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМНІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Ақылбекова Луиза Бекетқызы  
Педагогика және психология пәндерінің магистрі  
Мамбетов Руслан Еликбаевич  
Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Н.Құлжанова - білімділігімен, парасаттылығымен, ұлтжандылығымен қайреткерлік дәрежеге көтерілген саусақпен санарлық қазақ қыздарының бірі. Алаш қозғалысы кезінде, аумалы төкпелі заманда ел қамы үшін күрескен қайраткер тұлға. Қазақ қыздарынан шыққан ұстаз, этнограф, аудармашы, журналист. Қазақтың ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептерде ерлі-зайыпты Құлжановтар оқып қана қоймай, ұлы ұстаздық жолын қуған, XX ғасыр басындағы қазақ тарихында ағартушылық жолын бекем ұстанған, оқыту, тәрбиелеу ісінің теориясын да, тәжірибесін де Н.Құлжанова именбей кірісіп, аянбай еңбек сіңірді.

Оқу - тәрбие жұмысын ғылыми жолға қоюда бетбұрыс жасаған «Мектептен бұрынғы тәрбие»(1923ж), «Ана мен бала тәрбиесі», кітаптары және ана мен бала денсаулығына байланысты циклдық мақалалары Нәзипа Құлжанованың ұстаздық жолы мен ағартушылық еңбегінің нәтижесі жүйелі құбылысқа ұласқандығын дәлелдеп берді. Бұл жолда оның қызметі қазақ зиялылары, оқымысты тұлғалар Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, тағы басқаларының салған сара жолы әсер етпей қоймағаны белгілі.

Н.Құлжанованың 1923 жылы жарық көрген «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты еңбегіне алғысөз жазған қазақтың ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы. 1913 жылы жазылған мақаласында: «Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең құл болмақшы» /1,432/, - А.Байтұрсынұлы. Нәзипа Сегізбайқызы кітабына жазған алғысөзінде: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер-білім керек. Тіршілікке керек сол өнер-білімге баланы бастан даярлау керек деген соңғы заманда пікір күшейді. Оны күшейтіп отырған да тіршілік ісіне бұл күнде өнер-білім көп керектігі» /39,1/, - дей келе, баланы сәби шағынан өмірге, оқуға, тәрбиелікке баулу проблемаларын басты назарда ұстауға меңзейді. Бұл еңбек Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырмасымен жазылған алғашқы авторлық туынды.

Ұрпақ тәрбиесі, ұлт тәрбиесі көңілі ояу, көкірегі таза ел азаматтарының ой тербегендегі алдымен назарда сақтайтын кенеулі мәселе болып қалатындығы талассыз. Кішкентай сәбилердің тәрбиесі төңірегінде теориялық мәнді мақсаттарды алға тартатын, әрі өмірге ене бастаған бала тәрбиесінің сала-сала тармақтарын саралайтын өмірге үйлесімді, тәжірибелік негізі қалыптасуға тиіс мектеп жасына толмаған бүлдіршіндер тағдырына еңбектің тез арада басылып шығуына зор қуанышпен қараған А. Байтұрсынұлы болатын.

Н.Құлжанованың ағартушылық, ұстаздық, қайраткерлік еңбегінің тағы бір көрінісі- «Ана мен бала тәрбиесі» /40/. 1927 жылы Қызылорда қаласында 5000 данамен басылып шыққан. Қазақстан өлкелік әйелдер бөлімінің ұйғарымымен, қолдауымен, тапсырмасымен жазылған. «Ана мен бала тәрбиесі»- педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне арналған анықтамалық, қойын кітапшасы, әдістемелік нұсқау сияқты күнделікті керекті тауып алуға мүмкіндік туғызатын кітап.

Қазақ халқының аса көрнекті ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлы оқу кітаптарынан басқа арнайы мақалалар жазып ұлтымызға оқу-ағартудың жәй-жапсарын түсіндіріп, жол көрсетті. Оқу-тәрбие жұмысындағы басты тұлға-мұғалімнің, тәрбиешінің мақсат-міндетін айқындап береді. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамында оқу-ағарту жүйесі шынайы ғылыми қалыпқа түсе бастады. Осындай игілікті істің бел ортасында Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанованың болып тікелей мұғалімдік қызметімен бірге теориялық, әдістемелік пайдалы істердің бастауында тұруы оның ұстаздық, ағартушылық, қайраткерлік келбетін бүгінгі ұрпақтың көз алдында асқақтата беретіндігі сөзсіз.

Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттарын «Тән саулығы», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Заттың түр-түсін ажыратуы», «Бала тілінің шеберлігі», «Бала ойындары мен ойыншығы», «Баланы көпшіл болуға баулу» деп жіктей келіп, осы мәселелердің әрқайсысының мән-мағынасын ашып талдайды.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстанда мектепке дейінгі мекемелер тұңғыш ашыла бастаған еді. Бірақ көптеген мәселелер туындады. Оның себебі:

1. Мектепке дейінгі мекемелерді ашу үшін орасан мол қаржы керек еді (арнаулы үй, жиһаз, оқу құрал- жабдығы, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, т.б)
2. Балаларға арналған жиһаз, ойыншықтар шығаратын өндіріс орындары жоқ болатын. Сондықтан оларды шет елдерден қымбатқа сатып алуға тура келді.
3. Мектепке дейінгі мекемелерде қызмет ететін маман кадрлар жоқ еді. Оларды даярлайтын арнаулы оқу орындары болмады.
4. Мектепке дейінгі мекеме қызметкерлеріне қажетті оқу- әдістемелік құралдар мүлде жоқ еді.

Міне, осындай проблемаларды шешу ісімен кеңес үкіметінің басқару мекеме басшыларымен бірлесе отырып, А.Оразбаев, Н.Құлжанова, С.Есова сияқты көрнекті педагог қайраткерлер айналысты. Олар бұл істегі батыс елдерінің педагог қайраткерлері К.Цеткина, Н.К.Крупская, Е.Тасова т.б іс-тәжірибелерінен үйренді. Солардың еңбектерін қазақ тіліне аударды. Сөйтіп, өздері де мектепке дейінгі тәрбиелеумен байланысты төл оқу- әдістемелік құралдар жазу, кадрлар даярлау істерімен айналысты.

Н.Құлжанова мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оларға айтылатын сөздің де, көрсетілетін іс- қимылдың да орынды, тағылымды болуын ескерткен. Ол бала бойындағы білуге, ұғуға, көруге деген әуестікті тыйып тастамай, оларды бағыттап, дамытып отыру қажеттігін нақты мысалдармен түсіндірді.

Баланы үйде, балабақшада еңбекке бейімдей тәрбиелеудің маңызы үлкен. Баланың бір нәрсені білуге деген құмарлығы соншалық, тіпті кейде ересектер оның сұрақтарынан шаршап қалады. Олардың тағы бір қасиеті- сөйлеуден шаршамайды. Ойындары сияқты, олардың сөзінің де шегі жоқ. Өздері сөйлейді, өзгелерді тыңдайды, әсіресе ертегілерді жақсы көреді. Көрген немесе естіген нәрсесі туралы айтқанда, ұмытып қалған жерлерін өздері қосып жібереді. Ересектер, мұны түсінбей, «бала өтірік айтуды үйреніпті» деп ойлайды. Бұл бекер! Балалар өздері көрген нәрсенің бәрін бейнелейді. Сурет салғанда әңгіме айтқан тәрізді мазасыз. Бұл олар үшін пайдалы, қоршаған ортаны танып- білуге деген құмарлығын арттырады. Олардың білгенің барлығы сурет, ойын, әңгіме түрінде сыртқа шығып отырады.

Мектеп жасына дейінгі балалар балабақшадан, мектептен көптеген нәрсе үйренеді. Бала балабақшасыз және мектепсіз де өсе алады. Бірақ ол балабақшаға бармаса, көп нәрседен құр қалады. Кейде адамға оның балабақшада үйренетін көп қасиеті жетіспей жатады. Оның балабақшада алған білімі, дағдылары мектептегіден гөрі анағұрлым маңызды.

*Мектеп жасына дейінгі бала балабақшадан не үйренеді?*

- Мектепке дейінгі бала қозғалыс дағдыларын, жүгіру, жоғарыға шығуды, секіруді үйренеді. Сонымен қатар көруді, тыңдауды, сезуді үйренеді.
- Өзінің ойын байланысқан сөйлемдер арқылы жеткізуге үйренеді. Ойлауды- салыстыруды, айырмашылығы мен ұқсастығын табууды, ойды қорытындылауды, оларды сыртқы ойын, сурет немесе әңгіме арқылы шығаруды үйренеді.
- Өз-өзің еркін ұстауға, ойын ашық айтуға дағдыланады.
- Баланың ұқыпты, шыншыл, жақсылыққа риза болып өскені де маңызды. Бұл балалардың балабақшада меңгеретін әдет, дағдыларының толық тізімі емес.

Балалар табиғатының қалыптасуына кедергі келтіретін жағдайлар да кездеседі. Үлкендердің баланың нені керек ететіндігін түсінбеуі, оларға немқұрайлы, салақ қарауы, баланың тез есейуіне қызығып, балалық кезеңдегі қимыл- қозғалыстарына, іс- әрекеттеріне зер салмауы, 7-8 жасқа жеткенше баланы тәрбиелеудің, оқытудың қажеті шамалы деп ұғынуы тумысынан нәзік, еліктегіш, білуге құштар бала әлемінің біртіндеп қалыптасуына кері ықпал тигізді сөзсіз.

Құлжанова тәрбиешілер мен ата- аналардың бүлдіршіндердің мінезі, дүниені тануы, қалыптасуы төңірегінде қандай мәселелерді білулері керек, мектепке дайындау барысында қадағалайтын жәйттар нелер- бұлардың баршасын жауапсыз қалдырмайды. Ол мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде ескерілетін проблемаларды тізбелеп көрсетеді:

- 1) Қимыл мүшелерін дұрыс билеу, жүру, жүгіру, осының бәрі ыңғайланып ептіленеді;
- 2) Көру, есту, иіс сезу, түр түсті ажырату қабілеттері қалыптасады;
- 3) Сөйлеу, өз ойын шағын сөйлемдермен жеткізуге дағдыланады;
- 4) Ойлау қабілеті күшейіп, тіпті шағын қорытындылар жасауға ұмтылады;
- 5) Өлең, әңгіме, сурет, ойын арқылы өз түсінігін қоршаған ортаға жарыққа шығарады;
- 6) Өз дегеніне жетуге тырмысады, ойына алған ісін басқа жұрттың да орындауларын қалайды;
- 7) Таза, ұқыпты болуды үйренгісі келеді;
- 8) Бала табиғаты шындықты ұнатады;

Көрсетілген дағдылар мен әдеттерді игерген бүлдіршін мектепке барғанда, бала бақшасында тәрбие көрмеген балаларға қарағанда, ерекшеленіп, тәрбиеге көнгіш, білімге ынталы келеді.

Мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде ойынның ерекше қызметке ие екендігін Н.Құлжанова жете түсінген: «Баланың керегі- ойын. Ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы ойын: ойында бала көрген- білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып, бекітеді» /39, 16/ деп, анықтай түседі.

Нәзипа Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегінің құндылығы біріншіден, оның Қазақстан топырағында тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуымен ерекшеленсе, екіншіден Н.Құлжанова мектепке дейінгі педагогиканы биология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастырды, үшіншіден- ол қазақ этнопедагогикасын әлем елдерінің этнопедагогикасымен үндестіре білді, төртіншіден Н.Құлжанованың еңбектерінде Қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысы, сол уақыттағы ауыл мен қала өмірінің шындығынан алынған нақты көріністер айқын байқалады.

Шын мәнінде ұстаз Нәзипа Құлжанова жұртшылықты жаңа қоғамдағы бала тәрбиесімен хабардар етуді мақсат еткен. Осы жазған еңбектерінің бүгінде аса қажетті екендігін баса айтсақ, асыра сілтегендік болмас. Өйткені бала тәрбиесі, әсіресе, баланы мектепке даярлау жайында методикалық құралдар әлі де тапшы. Осы тақырыпта қалам жебеп жүрген педагог-ғалымдар санаулы. Сондықтан жас ұрпақты тәрбиелеуде адамгершілік идеясын көтерген шығармалар әрқайсымыздың жүрегімізге жылы тиіп, қымбат саналатыны даусыз.

Н.Құлжанова бүгін де еліне осындай еңбектерімен құнды. Қазақстанда тұңғыш мектепке дейінгі тәрбиенің негізін салған көрнекті педагог-ғалым Нәзипа Құлжанованы мәңгі есте қалдыруда Қазақстан үкіметі арнаулы қаулы қабылдап, оның туған жері Рудный қаласындағы педколледжге ғалымның атын берсе, сондай-ақ, Қостанай, Семей қалаларында бірнеше көшеге есімі берілді. Сонымен қатар Арқалық қаласындағы педколледж ғалымның есімімен аталады. Бүгінгі таңда оқу орнынан көптеген шәкірттер білім алып, елге қызмет етуде.

Нәзипа Құлжанова мектепке дейінгі білімнің дамуына ерекше үлес қосқан тұлға. Бүгін де бізге қалдырған еңбектері ұшан теңіз. Сол еңбектері ұмытылмайтын қадірлі қалпында есте сақталады.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Имашев М. Нәзипа Құлжанова //Ақиқат, 1991, №12
2. Құлжанова Н. Халқыма деп іс қылдым. – Алматы: Рауан, 1993.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992
4. «Алаш» қозғалысы. Алматы, 2008.
5. Құлжанова Нәзипа.- Қазақ әдебиеті. Энциклопедия.- Алматы.: білік, 1999.
6. <https://kk.convdocs.org/docs/index-19515.html?pag>

## ӨНЕГЕҢМЕН ӨСЕМІЗ

Алдиярова Айдана Асқарқызы  
Жетекшісі Н.Т.Бегалиева

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің I курс студенті.  
Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы



Құлжанованың сөзімен бастағым келеді.

Мақаламды «Адам баласының дүниеде өмір шеккен тарихына қарасақ, бұрынғы адамдардың тіршілік етуінің түрі мен қазіргі адамдардың тіршілігінің айырмасы Жер мен Көктей. Аңның аз-ақ алдында жүрген алғашқы адамдармен осы күнге аспанға ұшып жүрген адам Жер мен Көктей емей немене: Отарба, пароход, аэроплан, жұмыс машинасы, сымды-сымсыз телефон, тағы басқа тетікті машиналар-бәрі тіршілік шарасына істелген құралдар. Заман күшінің қатарынан қалмай, бұларды тұтына білу үшін бірталай білім керек. Қазір баланы бастан тәрбиелеу керек, өнер-білімге тәрбиелеу керек деп отыр. Бала дұрыс тәрбиемен өссе, тіршілік ісіне икем, бейнетіне бекем болады» - деген Нәзипа

Нәзіпа Құлжанова - Шығыс еңбекші әйелдерінің съезін ұйымдастыруға белсене ат салушылардың бірі.



1920жылдары ол орыс география қоғамының Семей бөлімшесінің мүшесі ретінде Орынборда Қазақстанды зерттеу жөніндегі қоғамда жауапты қызметтер атқарған алғашқы қазақ әйелі.

Қоғам Нәзіпа Құлжанованың атқарған қызметтерін қоғамдық-әлеуметтік саяси мәні бар деп таныған. [1,25 б.] Ол- Қазақстанда әйелдер қозғалысын өрістету ісіне белсене араласқан, әйелдер

бөлімінің жұмысына үлкен үлес қосқан қоғам қайраткері.

Нәзіпаның туып-өскен жері Қостанай облысы Жанкелді ауданы. Ол алғашында Ыбырай Алтынсарин ұйымдастырған мектепте оқып, одан кейін Қостанайдағы орыс-қазақ әйелдер прогимназиясын бітірген. [2. 176] Нәзіпа мектепке дейінгі бала тәрбиесінің мән-жайын кітаптың бес бөліміне бөліп баяндайды. Октябрь революциясына дейінгі Россиядағы мектепке дейінгі тәрбиенің түрлері, еңбекші халықтың балаларының ауыр халі жайында нақтылы деректер келтіре отырып, балабақшасы деген не, ол қандай тәрбие бере алады деген сұрақтар қойып, соған педагогика ғылымына негіздей отырып түсінік беріп, шешімін табады. Кітап совет өкіметі орнаған соң 6 жылдан кейін жазылып отырғанын, сол кездегі қараңғы, сауатсыз қазақ елінің жағдайын ескерсек, дәл сол дәуір үшін үлкен үгіт-насихаттық, педагогикалық мәні болды. Бұл кезде қазақ елінде мектепке дейінгі бала тәрбиесі туралы ғылыми-педагогикалық мәні бар кітап жазып, бұл тақырыптың соңына түсіп зерттеген жан болған жоқ еді. Нәзіпа сол олқылықтың орнын толтырып, Халық ағарту Комиссариатының сенімін ақтап, осы еңбекті жазып шықты. Кітаптың көлемі 36 бет, араб алфавитімен жазылып, араб алфавитімен басылған. [2. 256] Кітап бөлімдері: «Бүкіл жержүзінде», «Мектеп жасына толмаған балалар», «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие неге керек?», «Үлкендердің мектеп жасына толмаған баланы таныған түрі», «Еңбекшіл балаларының тұрмысының жайы». Әр бөлімде қалаған сұрағыңызға жауап таба аласыз, әрі нақты, әдеби көркем стильмен жазған. Кітаптың «Мектеп жасына толмаған балалар» бөлімінде автор сәбилердің туғаннан кейін оларды үлкендердің қалай тәрбиелеп келе жатқанына тоқталып, балаға жас ерекшелігіне қарай тәрбие беруді ұсынады. «...Қазақ жас баланы үлкендермен бірге өсіре беретін. Үлкен айырып бөлек өсірмейтін. Халықтар соңғы 100 жылда бөлек өсіру, тәрбиелеуге қамтыла бастады, мән бере бастады. Әділ жолмен «Заң» туғызуға бет алды. Бала – кішкене кісі, табиғат заңына байланысты өсуі керек екенін біле бастады. Баланың толық адам болуы олардың өздерінің әрқайсысының ерекшелігіне байланысты. Баланың жан тәрбиесіне де әр кезеңде әр түрлі тәрбие беруі керек. Оқымыстылар осыны айырып, жасын тексере отырып зеректігіне қарай мән бере бастады. Баланы еркімен өсіріп, ілгерілетіп өсіретін тәрбие орындары пайда бола бастады. Мысалы, үш жасар балаға қарап тұрыңызшы, оның ересек баладан айырмасы бар. Үш жасар балада бір тыным жоқ, істі өзі орындағанды тәуір көреді» - деп түйіндейді. Осы еңбектің «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие неге



керек?» деген бөлімінде балабақшада болмаған балалардың жағдайы туралы баяндайды. Балабақшадағы жүгіру, секіру, қағып алу, жоғары-төмен өрмелеу ойындарының дене мүшесінің жетілу, жаттығу, шынығу, ыңғайлануындағы мәнін көрсетеді.

Нәзіпа Құлжанова бала тәрбиесінің екі жағдайға сабақтастыра қарайды. Алғашқысы- отбасында ата-ананың беделін сақтаудан тұрса, кейінгісі – бала тәрбиесінің жан – жақтылығын қадағалайтын әрекеттері. Отбасындағы бірлік, татулық, ананың денсаулығы, рухани дүниесінің кеңдігі, бала тәрбиесіне тікелей әсер ететін жағдайлар деп санайды. Сондықтан дөрекі еркектердің әрекеттерінен, анаға деген федалдық көзқарастарынан, әйелдің өзінің міндетіне салақ қарайтын жалқау, еріншек, жағымсыз қылықтарынан жиерендіре оларды жағымды да сүйкімді мінез-құлықтарымен салыстыра екшеп, ойлануға жетелейді.

XIX ғасырдан бермен қарай, бұдан 100 жыл бұрын шамасында, ғылым жұрттың көзін ашып, жас баланы анық көре бастады. Жер жүзінде адамзат қожа болып келгеннен бері жас бала дүниеге келіп, өз өмірін өзі сүріп, үлкендермен қатар жүре беретін. Баланы үлкеннен айыратын табиғатының әр түрлі басқылығын жұрт білмейтін, сезбейтін. Жұрт бала деген кішкене адам, үлкеннің мысалы деп түсінетін. Мысалы, біздің қазақтың осы күнге дейін өзгермей келе жатқан балаға көзқарасы. Неғұрлым шапшаңырақ үлкенге ұқсап, үлкеннің еткенін есте сақтап, жасап, мақсатқа жеткен болып табылады. [1.256]

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұны туралы сөз болғанда, Нәзипа Құлжанованың алатын орны ерекше. Өйткені қазақтың тұңғыш педагог ғалым қыз бала тәрбиесіне байланысты педагогикалық тұрғыда бірнеше еңбектер жазған. Атап айтсақ «Мектептен бұрынғы тәрбие»(1923ж.) және «Ана мен бала тәрбиесі» (1927ж.) атты еңбектері жарық көрген. «Мектептен бұрынғы тәрбие» еңбегі Орынборда 4000 данамен жарияланған. Н.Құлжанова шығармашылығында ана мен бала тәрбиесі, ұрпақ тәрбиесі бір-бірімен тығыз байланысты қарастырылады. [3. 746]

Мен алғаш рет колледжде мектепке дейінгі тәрбие негізінде өтілген сабақта Нәзипа апамыз туралы оқып, еңбектерімен таныстым. Себебі бұл бөлімнің іргетасын қалаған сол кісі еді. Колледжімізде осы мамандық төңірегінде 2-4 курс аралығында «worldskills» сайысы өтті. Соған біз осы бөлімнің 1-ші курс студенттері «волонтер» болдық. Сайыста қатысушы қыздардың тәрбиешілік қыр-сырымен танысып, өзіме керек тұстарын меңгеріп алдым. Келер жылы Нәзипа апамыздың ізін қуып, осы мамандық жөнінде біршама ақпараттар жинаймын. Осылайша, бұл сайысқа мен де бағымды сынап көрмекшімін. Маған дайындыққа Нәзипа Құлжанованың еңбектер жинағы көмектеседі деп үміттенемін. Байқап қарасақ, осы бөлімнің жеткен жетістігінің бәрі осы Нәзипа апамыздың және оның ұрпағына жасаған қызметі мен жазып кеткен еңбектерінің арқасы деп білемін.

**Қорытынды:** Мен бұл мақалам арқылы-мектепке дейінгі бөлімнің бала тәрбиелеудегі, келешек ұрпақтың саналы болуындағы ықпалы зор екенін айтқым келеді. Болашақ дәрігер де, мұғалім де, әкім де, кәсіпкер де алдымен тәрбиешінің берген білімі мен тәрбиесінен өтеді. Тәрбиешілердің баланы дұрыс адам болып қалыптастырудағы етілетін еңбегі зор. Ал Нәзипа Құлжанованың еңбегімен танысқан, білім алған студент, тәрбиеші бала тәрбиелеуде еш кінәратсіз жұмыс жасайды деп сенемін.

Ұлт руханияты тарихындағы әйгілі қайраткер Нәзипа Құлжанованың ұстаздық, қоғамдық еңбегі, кесек ой-толғаныстары заманнан заманға ауысқан сайын жаңғыра бермек, миуа-жемісін төге бермек.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Халқыма деп іс қылдым – Алматы «Рауан» 1993ж Н. Құлжанова баспасынан.
2. Алғашқы - қарлығаштар – Алматы «Қазақстан» 1993ж баспасымен.
3. Педагогика тарихы (Жалпы және мектепке дейінгі) – Алматы 2017ж

## НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ПЕДАГОГИКАНЫ ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Алдонгарова Замзагул Жанабаевна

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің оқытушысы  
Қызылорда обылысы, Қызылорда қаласы

Көрнекті педагог, журналист, аудармашы Нәзипа Құлжанова Торғай облысы, Жангелді ауданында туған. Балалық шағы қазақ ауылында, еңбекші бұқараның ортасында өткен. Талантты жас Торғай қаласындағы қазақтың тұңғыш ағартушы-педагогы, демократ, ақын-жазушысы Ы.Алтынсарин іргесін қалаған орыс-қазақ мектебінен тәлім алып, Ахмет Байтұрсыновтың қамқорлығы мен қолдауын көрген. 1902 жылы Қостанай қаласының Қыздар гимназиясын бітіріп, 1903-1904 жылдары қайта Торғай қаласына келіп, өзінің жастығына қарамастан, 15 жасында әйелдер училищесінде мұғалімнің көмекшісі болып қызмет еткен. Елдің қоғамдық саяси қызметіне белсене араласып, өзінің зерделігімен, қабілеттілігімен көзге түседі. Ленинград қаласындағы архив мәліметтеріне қарағанда, гимназияда 5 қазақ қызы оқыған. «Сағызбаева Нәзипа прогимназияның барлық 4 жылдық курсы бітіріп шықты, сабақты өте жақсы оқыды, тәртібі тамаша еді. Құрстың бірінші оқушы болып аяқтады» делінген, бұл деректер Н.Құлжанованың гимназияны үздік бітіргендігін айқындап тұрғандай.

Н. Құлжанова 1904 жылдан 1919 жылға дейін Семейдің мұғалімдер семинариясында оқытушы болып істейді, 1920-1922 жылдары Ақмолада әуелі мұғалім, кейін уездік комитетте жауапты қызмет атқарады.

Н. Құлжанованың белсене араласуымен сонау 20-жылдарының өзінде мектепке дейінгі қазақ педагогика ғылымының іргетасы қалана бастады. Мысалы, 1924 жылы Орынборда «Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу» атты педагогикалық жинақ, нұсқау кітабы жарық көрді. Осы кітаптың негізгі

педагогикалық идеясын әрі қарай «Әйел теңдігі» журналының беттерінде жариялайды. Онда қазақ балабақшаларының озат тәжірибелері, жүргізіліп жатқан түрлі тәрбие жұмыстарының жәй-жапсары, мақсат-міндеттері туралы көптеген мақалалары жарыққа шығады. «Әйел теңдігі» журналының мектепке дейінгі тәрбие бөлімін басқарған Нәзипа Құлжанова осынау көшпелі қазақ елінде бұрын-соңды болмаған бала тәрбиесінің жаңа түрін аяғынан тәй тұрғызуға себепші болды. Оның осы еңбектері Қазақ балалар педагогикасының алтын қорына енді [1].

Нәзипа Құлжанованың педагогикалық пікірлері медицина ғылымымен сабақтасып, жатыр. Осы ойлары автордың «Бала күтімі», «Баланың өміріне күн сәулесі мен таза ауа аса қажет», «Баланың аурулары», т.б. мақалаларынан жақсы байқалады. Автор тәрбиені бала жөргегінен бастауды ұсынып, өзі түйіндеген тұжырымның түп негізі етіп: «Тәні саудың – жаны сау» дейтін халық даналығына сүйенеді.

Тарих сахнасында өзіндік із қалдырған, өз мүддесін ұлт мүддесімен ұштасыра білген қайраткерлердің, ұлт зиялыларының, ғалымдардың өмір жолын зерттеуге шындап мән беруіміз керек. Бұл жөнінде академик М.Қозыбаев: «Күні кешеге дейін жеке адам мен халықтың қатынасы толық ашылмай келді. Қайраткер ұғымы қызметкерлер, мансап иесі дәрежесіне төмендетілді. Қайраткер – жасампаз адам, жоқтан бар жасаушы өз мүддесін халық мүддесімен қабыстырып, өз халқын өркениет көгінде жарастырушы болса керек. Ендеше Отан тарихынан кейбір кездейсоқ адамдарды аластап, тарихи тұлғаларды өз тұғырына қондыру керек» [2], - деп, жазған еді.

Сонымен, оқу-тәрбие жұмысын ғылыми жолға қоюды бетбұрыс жасаған «Мектептен бұрынғы тәрбие», «Ана мен бала», «Ана мен бала денсаулығы» тақырыптарымен байланысты циклдік мақалалары Н.Құлжанованың ұстаздық жолы мен ағартушылық еңбегінің нәтижесі жүйелі құбылысқа ұласқандығын дәлелдеп берді. Автордың «Мектептен бұрынғы тәрбие», «Ана мен бала», «Ана мен бала денсаулығы» дидактикалық еңбектері бүгінгі күні де өзекті.

Бұл жайт ұстаздың «Бала күтімі», «Баланың өміріне күннің сәулесі, таза ауа аса қажет», «Баланың аурулары» кітабында балалардың табиғи қалпын бұзбай мінсіз баулу, оған өскен ортасының әсері, балдырғанның мінез – құлқын, іс – әрекетін қалыптастыру, оның сезім мүшелерінің ақаусыз дамуы, баланың жаратылысқа еркін қызықтауын өркендету, зейін, зерде, қабілет, түйсік туралы жан-жақты, терең, әсерлі баяндалған. Оның педагогикалық еңбектері 1993 жылы толық жинақталып, «Халқыма деп іс қылдым» деген атпен жарияланды. Бұл Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырысымен жазылған алғашқы авторлық туынды. Нәзипа Құлжанованың дәрігерлік арнайы білімі жоқ болса да көптеген әдебиеттерді ақтара келе, бала мен ана денсаулығына қатысты пайдалы кеңестерді рет-ретімен оқушысына, қалың көпшілікке ұсынып, қазақ тарихында есімін қалдырған еліміздің көрнекті ұстазы.

Н.С.Құлжанованың ағартушылық, ұстаздық, қайраткерлік еңбегінің тағы бір көрінісі 1927 жылы Қызылорда қаласында 5000 данамен басылып шыққан – «Ана мен бала тәрбиесі» кітабы. Бұл кітап педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық кітап ретінде ұсынылған. Оның «Ана мен бала тәрбиесі» кітабы қазақ әйелінің ана және педагогикалық тәрбиесі мәселелеріне арналған, мемлекеттік тілде педагогикалық әдебиеттер болмаған жағдайда маңызды рөл атқарды. 1924 жылы «Ана мен бала» атты еңбегін жарыққа шығарғанда, Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлы оған алғысөз жазған. Нәзипа Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің мазмұнын, мақсатын баяндап, баланың қимыл-қозғалысына, сезім мүшелеріне, сөйлеу, ойлау, ерік-жігерін жетілдіру жолдарына тоқталады.

Мысалы, жоғарыдағы пікірлерді растау үшін автордың келесі тұжырымдарына тоқталып кетейік: «Мұның ең негізіне керек шарты – тәрбиелеу шарты – бала табиғатын жақсы біліп, бала табиғатын күштемеу, табиғат жолынан шықпау. Бала бастапқы кезінде адамнан гөрі табиғатқа жақын... Оның өсуі, есеюі адам зорлаумен жүрмей, табиғат жолымен жүрмек. Адамның істейтін көмегі – баланың дұрыс өсуіне, есеюіне керек жағдайды жасау. Зейіні алғыр болуы – адам тіршілігіне керек өнер – білім алуы, ал адамның өнер-білім табуы табиғи жағдаймен жолмен болуға тиіс... Тілді басқалардың сөйлесуінен үйренеді. Баланың еліктегіш табиғаты 3-тен 6-7 жасқа дейін күшті болады.»

Н.Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» (1923) кітабында қазақ даласы жағдайындағы мектепке дейінгі тәрбиенің маңызы және оның ерекшеліктері ашылады.

Осылайша, бала психологиясындағы қызығушылықтарына тоқталып, ойынның мәні мен маңызына назар аударады. Жас баланың өсіп-жетілуіне, дүниетанымына табиғаттың әсерінің ерекшелігіне тоқтала келіп, суға түсіп, жүгіріп, құспен бірге сайрап, көбелек құып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге кекорай шалғын, тоғай арасын сайраңдап жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей тегіс өсіп, өркендейді дейді. Сонымен қатар, автор баланың еліктегіш, айналаны танып, білуге деген құмарлық қасиетін дамыту қажеттігін атап кеткен [3].

Нәзипа Құлжанова баланы аурудан сақтандыру бағыты бойынша «бала өсірудің дұрыс тәртіптерін көрсеттік, түзу туған баланың тәрбиесін көрсеттік. Сол тәртіптерді тайдырмай қолданған әйелдің баласы таза, сау болып өседі дедік. Сондай бір тәжірибелі жол қолданбай, Құдай сақтаған жерде бәле жоқ деп, біздің елше асыраған баланың шыбындай жаны анасының ішінде жатқан кезінен бастап-ақ сансыз қатерде болады. Анасының өзі білмей жүрген дерті болса, мәселен, мерезі болса, ол бала



мезгіліне жетіп тұрмақ емес, көбінде түсік болып түседі... Бұл – іштегі баланың жолындағы қатерлер», деп жазады.

Бүгін де мектепке дейінгі педагогика баланың дамуына бағыт беріп, белсенді түрде басшылық етуге негізденген. Мұнда баланың мінез-құлқына өзгеріс енгізіп, ұйымшылдыққа, көпшілікке, мейірімділікке, еңбекке, т.б. ізгіліктерге баулу мақсаты қойылады.

Автор Қазақстандағы мектепке дейінгі мекемелерді ұйымдастыруға белсене қатысқан. Ұйымдастыру мәселелерін зерттей келе, шет елдердегі бала бақшалардың ұйымдастыру ерекшеліктері мен мазмұнымен танысқан. Италия балбақшаларының балаларға арналған құрал-жабдықтармен талапқа сай қамтамасыз етілгендіктерін, Швецарияның Цюрих қаласындағы тастан жасалған мектептің бір жағында мектепке жасы толмаған балалардың үйі бар екендігін және оның балалардың жас шамасына сай құралдармен жабдықталғандықтарын бейнелейді.

Шотландиядағы Эдинбург қаласындағы балалар бақшасын өз алдына ерекше етіп көрсеткен. Ол жерде күнделікті, таңертең ашық далада балалар бастары қосылғанда, кешкісін үйлеріне қайтарда бір – біріне «Амандық өлеңдерін» айтады, дейді.

Назипа Құлжанова Еуропа елдеріндегі балалар бақшаларының өмірін үлгі ете отырып, күншығыстағы Жапония мемлекетіндегі балалар тірлігін де әңгімелейді. Автор өзінің еңбектерінде ең бастысы бірігіп ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа, реттілікке, ұйымшылдыққа баулу, балалардың ойына, жас межесіне, қабылдау ерекшеліктеріне барлық жұмысты бағындыру, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау, өлең айту, сурет салу тағы басқа өнерлерін дамыту мәселелеріне көңіл бөледі. Болашақтағы қазақ балалар бақшасы сондай болса екен деп армандайды. Ол мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде ойынның ерекше қызмет атқаратындығына айрықша көңіл бөліп, былай деген: «Балаға керекті – ойын. Ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы ойын. Ойында бала көрген – білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып, бекітеді».

1920 жылы Нәзипа Құлжанова Қазақ Автономиялық Республикасы Оқу-ағарту халық комиссариатының оқулықтар мен кітаптар дайындау комиссиясының мүшесі болды. Ол қазақ әліпбиін дайындаудың бас маманы ретінде де танымал. 1922 жылы Нәзипа Құлжанова «Еңбекші қазақ» газетінің редакция алқасының мүшесі болады. 1923-1925 жылдары «Қызыл Қазақстан», «Әйел теңдігі» журналдарында қызмет етіп, «Айқап», «Қазақ», «Алаш» газеттерінде қызмет атқарған.

Әдебиетімізге көз салу атты зерттеуінде ол: «Ұлт әдебиетімізде майданға шығармақ үшін, ең әуелі өз тұрмысымызды білмегіміз, халық аузындағы әдебиетімізді жинап, бір тәртіпке, белгілі сарынға салмағымыз, өз жұртымызды әр жақтан білмегіміз керек.»

Н.С.Құлжанова 20-30 жылдарда ел өміріндегі елеулі мәселелерді көтерген мақалаларды өндірте жазады. Н.С.Құлжанова әдістемелік еңбектерін Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, тағы басқалармен ақылдаса отырып жазған. Белгілі ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров Нәзипа Құлжановаға «Танысу» поэмасын арнап, оның кісілік қасиеттерін сипаттап береді: адалдық, әйелдік және жауапкершілік.

Нәзипа Құлжанова аға жолын қуып, «ертеңі үшін» қызмет етті. Сол кезеңдердегі ақындар шығармаларынан жан-жақты талдау жасады. Ол алғашқы абайтанушылардың бірі. Қоғамдық-әдеби қызметпен айналысып, Абай Құнанбаевқа арналған әдеби кештерді ұйымдастырады (Қарқаралы, 1913; Семей, 1914). Оған дәлел – 1914 жылы 26 қаңтарда Семей қаласында Абай Құнанбаевтың қайтқанына 10 жыл толуына орай ұлы ақынды еске түсіру кешін ұйымдастырды.

Баяндаманы Нәзипа орыс тілінде оқып, Абайдың шығу тегі туралы, өзі далада туып-өссе де, Шығыс әдебиетін, Еуропа жазушыларының шығармашылығын өз бетінше зерттеп, Пушкин, Лермонтов, Толстойдың шығармаларын қазақ тіліне аударды. Қазақ халқына «Тәрбиелі сөз» қалды. Баяндамасының соңында Нәзипа: «Абайды дүниеге әкелген қазақ даласынан одан асқан әлі талай данышпандар туады», – деді. Бұл сөзді тыңдаған қазақтың біразы көзіне жас алды. Нәзипаның кіршіксіз орыс тіліне бәрі де тәнті болды. Кештің екінші бөлімінде Абай өлеңдерін оқып, әндерін шырқады», - деп жазды «Айқап» журналы.

Қорытындылай келе, келесі тұжырымды жасаймыз: Н.С.Құлжанова қоғамдық-әлеуметтік жұмыспен бірге шығармашылық жұмысты қатар жүргізіп, әдебиетке тиісті үлес қосуды көздегендігі байқалады. Осы бағытта ол ең алдымен халықтың сана-сезімін оятуға күш салу керектігін анық аңғарды. Н.С.Құлжанова қазақ педагогикасының дамуына үлкен, баға жетпес үлес қосты, мектепке дейінгі мекемелерді ұйымдастыруға белсене қатысты. Н.Құлжанова өз жазбаларында мектепке дейінгі мекеменің қызметін, сондай-ақ ұлттық ойындардың бала тәрбиесіндегі ерекшеліктерін зерттеп, мектепке дейінгі педагогиканы биология мен медицинамен байланыстыра қарастырады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ Совет Энциклопедиясы, 7-том. Алматы, 1975, 586 б.
2. Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты. Алматы: қазақ университеті, 1992. 272 б.
3. Кульжанова Н. Предшкольное воспитание. – Алматы. -1994.

4. Б.Ж.Әбжаппарова. П.Құлжанованың мәдени ағартушылық қызметі  
// Арқалық, 2001 ж. 19-21 бет

## НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА - МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕНІҢ ЖАНАШЫРЫ

Аюбеков Рүстем Серікұлы

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің оқытушысы  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Нәзипа Құлжанова - ұлттық педагогика ғылымының қалыптасуы мен дамуына салмақты үлес қосқан салиқалы, зерделі зерттеуші.

Бұған «Мектептен бұрынғы тәрбие» туындысы толық дәлел. Баланы қалайша тәрбиелеп өсіруді, табиғи қалпын бұзбай, мінсіз баулуды, ортасының әсер-ықпалын, қалайша дұрыс, жатық сөйлеуін, көркем мінез, келісті әдет дарыту, икем-бейімін арттыру, баланың саулығы, сезім мүшелерінің ақаусыз дамуы, жаратылыс дүниесін еркін қызықтауы, зейін-зердесінің тәрбиесі жан-жақты, терең, әсерлі баяндалады.

«Бала өне бойы еркін ұнатқан нәрселерін шұқылап отырып, бұрап сындырып, мүшелеп әбден танып, қайта салыстырып, соны өзі жасамақ болады, һәм жасайды да. Бұл -баланың тағы да бір артықша қасиеті, зерттеп тану құмарлығы. Бұл- жан-жақтағы жайнаған дүниені танытып, өзі де жасауға кірісу үшін жаратылыстың көкірегіне әуелден күйған құмарлығы.

Бұл қасиетін танымайтын надандар «Тиме!», «Сындырасың», «Шықпа, жығыласың», «Таста, бүлдіресің», «Үстіңді былғайсың», «Әрі жүр, басымды ауыртпа!» деп зарлауымен баланың алайын деп отырған қанша білімін тағы да тамырынан қияды.

«Бала ойнақшыған құлын-тайдай, желкілдеп еркін өскен қызғалдақ шөптей, кеңшілікті, еркіншілікті жақсы көреді. Жаратылыстың өз дүниесінде даланың кеңшілігінде, шалпылдап суына түсіп, жүгіріп, құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын, тоғай арасында сайрандап жүгіріп өссе, көңілі де, жан-тәні де бірдей тегіс өсіп, өркендемек. Біз қала баласын суық тастың ішіне қамап, жаратылыстың шыншыл, таза, ертегідей құлпырған әдемі дүниесінен айырып, тірідей көміп, сөндіреміз»(30-31 бет) деген лебіздерінде зор мағына бар екені даусыз.

«Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие неге керек?»- деп сұрақ қояды да, түйінді тұжырым жасайды.

«1. Мектеп жасына толмаған бала бала бақшасыз да, мектепсіз де өсіп адам болады ғой.

Әрине, бала бала бақшасыз да, мектепсіз де өсіп адам болады ғой.

Бірақ бала бақшаның тәрбиесін көрмеген бала көп білімнен, көп жақсы әдеттерден құр қалады. Кейде сол білімдерге өмір бойы жете алмайды.

Мектепке дейін бала оқымайды деу-зор қате. Мектептен бұрын үйренген білімдері кейін мектепте оқып білгендерінен гөрі маңызды болады.

Мектептен бұрын баланың үйренетіні:

1. Қимыл мүшелерін дұрыс игере білу- жүру, жүгіру, қағып алу, өрмелеп жоғары шығу, секіру-осының бәріне ыңғайлануы.

2. Көру, есту, сезу, иіс білу-мұның бәрін түзу, анық әрі нәзік білу.

3. Сөйлеу-яғни сөз бен сөздің байланыстырып, сөзін, өзінің ойын, талабын, көңіл сезімдерін басқаға жеткізу.

4. Ойлай білу- яғни сырттан алып, ойға тоқыған заттарды салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын тауып, әр нәрсе туралы өзінің ойын айтып, бір пікір шығару.

5. Ойға тоқығанды және оған көзқарасын жарыққа шығару (ойынмен, суретпен, әңгімемен).

6. Өз еркін өзі билеуде бір мақсатқа жетпек болып және басқалар үшін өз тілегін тежеу білу.

7. Таза, жинақы, шыншыл болу, жақсылыққа алғыс айта білу, әрі әдепті болу.

8. Басқалармен бірігіп, әрі аздап жеке де еңбек қыла білу. Бұнымен үйрететін өнер- білімнің бәрі түгендене қойған жоқ. Бала бақшасыз өзімен-өзі өсіп жетуі үшін баланың төңірегіндегі араласқан балалар, үлгі алатын үлкендер, тамақ, т.б. сол сияқты толық адам болуға қажет шарттар түгел болып тұру керек.

Нәзипа Құлжанова сындарын, пікірлерін, тұрлаулы тұжырымдарын, түйінді қорытындыларын тамылжыған, өрнекті кестелі тілмен жеткізеді.

Нәзипа мектепке дейінгі бала тәрбиесінің мән -жайын кітаптың бес бөліміне бөліп баяндайды. Октябрь революциясына дейінгі Россиядағы мектепке дейінгі тәрбиенің түрлері, еңбекші халықтың балаларының ауыр халі жайында нақтылы деректер келтіре отырып, бала бақшасы деген не, ол қандай тәрбие бере алады деген сұрақтар қойып, соған педагогика ғылымына негіздей отырып түсінік беріп, шешімін табады. Кітап совет үкіметі орнаған соң 6 жылдан кейін жазылып отырғанын, ескерсек, дәл сол

дәуір үшін үлкен үгіт-насихаттық педагогикалық мәні болады. Бұл кезде қазақ елінде мектепке дейінгі бала тәрбиесі туралы ғылыми-педагогикалық мәні бар кітап жазып, бұл тақырыптың соңына түскен адам жоқ еді. Нәзипа сол олқылықтың орынын толтырып, Халық ағарту Комиссариатының сенімін ақтап, осы еңбекті жазып шықты. Кітаптың көлемі 36 бет, араб алфавитімен жазылған, араб алфавитімен басылған.

Кітаптың бірінші бетінде: «Элмедиген Тумин кітабының ізімен» деп жазуына қарағанда өзіне дейінгі жас бала тәрбиесіне арнап еңбек жазған педагогтердің кітаптарын оқи отырып, қазақ елінің ой-өрісін осы мақсатқа бұруды алдына мақсат еткен.

«Мектеп жасына толмаған балалар» деген бөлімінде Нәзипа сәбилердің туғаннан кейін оларды үлкендердің қалай тәрбиелеп келе жатқанына тоқтап, баланың жас ерекшелігіне қарай тәрбие жүргізуді ұсынды: «...қазақ жас баланы үлкендермен бірге өсіре беретін. Үлкеннен айырып бөлек өсірмейтін. Халықтар соңғы 100 жылда бөлек өсіру, тәрбиелеуге қам қыла бастады. Мән бере бастады. Ғаділ жолмен «Заң» туғызуға бет алды. Бала-кішкене кісі. Баланың тән мүшелері өсуі турасында пән жасап, жаратылысы үлкеннен өзгеше екенін айта бастады. Табиғат заңына байланысты өсуі керек екенін біле бастады. Баланың толық адам болуы олардың өзінің әрқайсысының ерекшелігіне байланысты. Балаға үлкендердің тамағын берсе өлетіні сияқты, баланың жан тәрбиесіне де әр кезеңде әр түрлі тәрбие беру керек. Оқымыстылар осыны айырып, жасын тексере отырып, зеректігіне қарай мағына бере бастады.

«Үлкендердің мектеп жасына толмаған баланы таныған түрі» бөлімінде үлкендердің баланың жас ерекшелігіне қарай тәрбиелемей отырғанын сынайды. Бала ойнақтаған құлын-тайдай, желкілдеген гүлдей өсуі керек. Көбелек қуып сайрандап жүрсе, жан тәні жақсы өспек. Тәрбиеге бөгет болатын нәрсе баланың түсінбеушілік, балалық дәуірді тез жойып жіберушілік. Баланы тез үлкен ету қате. Мектептен бұрынғы тәрбие дегеніміз баланың маңызды кезеңі: өсіп, өркендеп, танып, ойлап, сөйлеп, жаттығады. «Балапан ұяда не үйренсе, ұшқанда соны алады» дейді қазақ».

Ойын, сурет, әңгіме жолымен бала бақшасында ойлай білу, салыстыра білу, заттардың айырмашылығын табу сияқты ақыл-ой дамыту істерінің жүруінің зор мағынасын баяндайды. Балалардың басқа балалармен бірігіп әңгіме құруды үйрететіні, шыншыл, әдепті болуды үйрететіні туралы ой қозғап, осының бәрі бала бақшасында жүзеге асырылатын-мұнсыз толық адам болуға қажет заттар жетіспей жатар еді деген қорытынды жасайды.

Көзін қиялға тігіп, құлашын кеңістікке жайған, пейілін кеңге, қырманын дөңге салған өзі отты, жаны жалынды қыран мінезді шынайы отаншыл, елшік, мақсаткер, білімдар, ой мен сөз зергері Нәзипа Құлжанованың «Маржан», «Есіл қыз-ай!» сияқты көркем әңгімелері болды.

Бұл шығармаларда замана ахуалы, халықтың мән жайы, кейіпкерлердің ішкі дүниесі, сөз сапасы, ойлау жүйесі, қоғамға, уақытқа көзқарасы, дәуір шындығы, ел тағдыры аса бір көркемдікпен, суреткерлік зейін-шеберлікпен, өнерпаздықпен тебіреністі сипатталған.

Сондықтан да білім-ғылыммен мұздай қаруланған Н.Құлжанова орыстың классикалық әдебиетімен етене таныстығы етене таныстығы, суреткерлік зерде-санамен қабылдауы, орыс тілінің образдық-метафоралық жүйесін, табиғатын жыға түсінуі, астарын сұңғылықпен тануы яғни түп нұсқаның рухын, сырын, сұлулығын жүйріктікпен сезініп-түсінуі ұлт тілінде соншалықты әсерлі, мәнерлі, жатық сөйлеткен.

Түйіп айтқанда, аударма өнері ұлт әдебиетінің өркендеуіне, шеберлік сабақтарының гүлденіп тереңдеуіне, жалпы халықтық, адамзаттық, ұлттық идеялардың бір-бірлерімен жалғасып-сабақтасып біртұтас құбылысқа, ортақ игілікке айналуына қызмет еткен саңлақ тұлға Нәзипа Құлжанованың ой қисыны, сөз қолдануы және көркемдік мазмұнын «қыран көрегендікпен», білгірлікпен айшықты бажайлап кестелеуі, өрнектеп жеткізуі қызықтырады.

Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың әдеби мұраларын насхаттап таратуда өзіндік еңбек еткен қатарлы топтың өкілдері ішінде Нәзипа Құлжанованың есімін де құрметпен атаймыз. Нәзипа мақтаса мақтауға тұрарлық орысша білім алып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан қазақ әйелі.

Н.Құлжанова өмірінің творчестволық беттері «Әйел теңдігі» журналымен де тығыз байланысты. Ол 1925-29 жылдары осы журналдардың жауапты хатшысы қызметін атқарды. Бұл журналда да Нәзипа қаламынан туған мақала, очерк, әңгіме және аударма шығармалар басылады. Соныменен қорыта келгенде, Нәзипа Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің «Мектепке дейінгі тәрбие» бөлімінің студенті ретінде, жерлесіміз қайраткер, журналист, педагог Н.Құлжанованың еңбектерін жоғары бағалай отырып, болашақ маман ретінде балабақшаларда балалармен жұмыста басшылыққа аламын.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Нәзипа Құлжанова. Г.А. Карібжанова. Семей 2012 ж
2. Н.Құлжанова - ағартушы, қайраткер Г.А. Карібжанова. Алматы «Арна» баспасы 2004 ж.
3. Қазақ тәлім тәрбиесі С.Қалиев, Қ.Жарықбаев Алматы «Жалын» 1986 ж.

## Н.ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМНІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Әубәкір Алмагүл Ғабсалыққызы,  
Альмагамбетова Гүлнар Шашубаевна  
А.Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясы бастауыш сынып мұғалімдері  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Қазақ қыздарының арасында XX ғасырдың басында оқу-өнерге талпынғандары аз болмаған. Олар өздері сауат ашысымен халық ағарту ісіне араласып, алған білімдерін елге таратушылар болды. Көбінің мамандығы мұғалімдік еді. Олар оқытып, қазақ әйелдерін біліммен қарулануға, қоғамдық істерге араласып, қараңғы халықтың көкірек-көзін ашуға шақырып отырды. Өздері де мұғалімдіктен кейін түрлі мамандықтарды игерумен ғана шектелмей, бар өмірлерін ел тағдырына арнаған абзал жандар болды. Сол кездегі қазақ қыздарының арасынан суырылып шығып, өз халқына өнер, мәдениет, білім сәулесін шашқан алғашқы қарлығаштар – Нәзипа Құлжанова, Алма Оразбаева, Нағима Арықова, Сара Есова, Шолпан Иманбаева, Шахзада Шонанова, Ләзиза Серғазиналар болды. Бұл кісілер туралы бүгінге дейін жетіп отырған деректер жұтандау, бірақ соған қарамастан, сол деректердің өзінен сонау өткен ғасырдың басында-ақ ел-жұртқа танымал, ағартушы, қайраткер, ұлт жанашыры болған қазақ қыздарының арасынан шыққан зиялы тұлғаларды көруге болады.

Құлжанова Нәзипа Сегізбайқызы (1887-1934), педагог-оқымысты, журналист, жазушы, аудармашы, қайраткер. XX ғасырдың басында өз халқын білімге, мәдениетке шақырып, жаңалықтың жаршысы болған халқымыздың көрнекті ағартушысы, алғашқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш педагог, этнограф, журналист-публицист.

Нәзипа Сегізбайқызы 1887 жылы Торғай облысы, Жангелдин ауданында қазіргі «Торғай» кеңшары жерінде дүниеге келген. Балалық шағы қазақ ауылында, еңбекші бұқараның ортасында өткен. Ол Торғай қаласындағы қазақтың тұңғыш ағартушы-педагогі, демократ, ақын-жазушысы Ыбырай Алтынсарин іргесін қалаған орыс-қазақ мектебін бітірген. 1902 жылы Қостанай қаласының Қыздар гимназиясын бітіріп, 1903–1904 жылдары қайта Торғай қаласына келіп, өзінің жастығына қарамастан 15 жасында әйелдер училищесінде мұғалімнің көмекшісі болып еңбек еткен және осында жүріп Орынбор мұғалімдер семинариясын бітірген. Училищеде қызмет етіп жүріп, семинария мұғалімі Құлжанов Нұрғалимен тұрмыс құрады.

Екеуін үйлестірген жағдай олардың дүниетанымы мен өмірге деген көзқарас ортақтығы болды. 1904 жылы бұлар Семейге көшіп келеді. 1905–1919 жылдары екеуі де Семей Мұғалімдер дайындайтын семинарияда мұғалімдік қызметте болған.

Ұстаздық жұмысты атқара жүріп, этнография тақырыбын зерттеп, мақалалар жазып, талантын танытқан Нәзипа 1913 жылы Орыс география қоғамының Семей бөлімшесіне, «Азамат серіктестігі» ұйымдарына мүше болады. 1914 жылы 26 қаңтарда Абайдың қайтыс болуына он жыл толуына орай ерлі-зайыпты Құлжановтар әдеби-музыкалық және этнографиялық кеш ұйымдастырып, онда Нәзипа баяндамасын орысша және қазақша екі тілде жасап, жиналғандарды таң қалдырған. Нәзипа Абайды қазаққа танытқан зиялылардың бірі болды.

Жазушы, драматург, Жүсіпбек Аймауытов «Айқап» журналына бұл туралы: «Біздің қазақта ұлтқа қызмет еткен әйелдің алды Нәзипа ханым болып шежіреде жазылуы тиіс» деп жоғары баға берген. Нәзипа Құлжанова 1923 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жайлы «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты әдістемелік кітабын жазған. Бұл Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырысымен жазылған алғашқы авторлық туынды.

Осы кітапқа алғысөз жазған қазақ халқының ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер–білім даярлау керек» деп жазған. Осы кітаптың мазмұнынан сол кездің өзінде шетелдердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарын зерделеу жүргізілгендігін айқын көруімізге болады. Мысалға, «Күллі жер жүзінде» атты алғашқы тарауында дүние жүзін мекен еткен дамыған елдердегі бала бақшалардың мән-жағдайын көрсетіп баяндай келе, қазақ тұрмысында бала бақшаның болашақ ұрпақты тәрбиелеуде зор қызмет атқаратындығына зор сеніммен қарайды.

Н.Құлжанова қазақ отбасыларында мектепке дейінгі бала тәрбиесінде орын алып келе жатқан кейбір кемшіліктерді көрсетеді. «Жас балаға үлкендер тыныш отыруды бұйырады. Үйге қамап қояды. Шамасынан артық қызмет тапсырады. Қазақ қыздарын үйге отырғызып қояды. Балалар далаға шығып, басқалармен ойнағысы, қозы қуғысы келеді. Үлкендер өз еркімен жүргісі келген балаға зорлық жасайды. Баланың өзіне керегін істетпей, «адам болмайсың» деп ұялатады... Онан білгенінің көбіне көңіл бөлмейді. Бала ойнақтаған құлын-тайдай, желкілдеген гүлдей өсуі керек». Қазақ баласының психологиялық ерекшеліктерін жазбай танитын ол ересектер мен бөбектер арасындағы қарым-қатынас мәселесіне айырықша мән береді. Бұл жөнінде ол былай дейді: «Балаға сусындай керегінің бірі-сөйлеу. Түрлі білімнің түбірі-баланың сөйлеуі, білуге құмарлығы. Сұрағына жауап бермей «мазамды алма» деп, үнемі баланың бетін қайтару арқылы оның сол білімге құмарлығының негізін жоғалтып жіберуге болады», дей келе автор, бала ойыны тану, білу құмарлығымен ұштасып жататындығын ескертеді.

Сонымен қатар, Италия балабақшаларының балаларға арналған құрал-жабдықтармен талапқа сай қамтамасыз етілгендіктерін, Швейцарияның Цюрих қаласындағы мектептің бір жағында мектепке жасы толмаған балалардың үйі бар екендігін және оның балалардың жас шамасына сай құралдармен жабдықталғандықтарын бейнелейді. Шотландиядағы Эдинбург қаласындағы балалар бақшасын өз алдына ерекше мысал етіп көрсетеді.

Н.С.Құлжанова Европа елдеріндегі балалар бақшаларының өмірін үлгі ете отырып, күншы – ғыстағы Жапония мемлекетіндегі балалар тірлігін де әңгімелейді. Автор бұл еңбегінде ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа, реттілікке, ұйымшылдыққа баулу, балалардың ойына, жас шамасына, қабылдау ерекшеліктеріне байланысты-өлең айту, сурет салу т.б. өнерлерін дамыту, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау мәселелеріне көңіл бөледі. Болашақтағы қазақ балалар бақшасы сондай болса екен деп армандайды. Мектеп жасына дейінгі балаларды мек -тепке баруға дайындауды, оларға «Мен» түсінігін қалыптастыруды және де жас шамаларына байланысты даму деңгей ерекшеліктерін ғылыми түрде негіздеген. Сонымен қатар, балаларды мектепке толыққанды дайындау мәселелері бойынша қойылған сауалдарды жауапсыз қалдырмаған, ғылыми тұрғыда негіздеп берген.

Н.С.Құлжанованың ағартушылық, ұстаздық, қайраткерлік еңбегінің тағы бір ірі көрінісі 1927 жылы Қызылорда қаласында 5000 данамен басылып шыққан – «**Ана мен бала тәрбиесі**» кітабы.Бұл кітап педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне әдістемелік кітап ретінде ұсынылған. Нәзипа Сегізбайқызы дәрігерлік арнайы білімі жоқ болса да көптеген әдебиеттерді ақтара келе, бала мен ана денсаулығына қатысты пайдалы кеңестерді рет-ретімен оқушысына, қалың көпшілікке ұсынып, қазақ тарихында есімін қалдырған еліміздің көрнекті ұстазы. Н.Құлжанова «**Баланы аурудан сақтандыру**» атты еңбегінде ана мен оның перзентінен дерттен сақтандыру жолдары, баланы бағу, күту, тамақтандыру турасында ой толғайды. Бала тәрбиесіне байланысты сындарлы пікірлерін түсінікті, өрнекті кестелі тілмен, айтпақшы ойын жан-жақты түсіндіре келіп жеткізеді.

Н.Құлжанованың тағы бір қыры – ол қаламы аттай желген сөз зергері – публицист, жазушы әрі аудармашы болған. Н.Құлжанова - қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналистердің бірі. Күйеуі қайтыс болғаннан кейін Н.Құлжанова Семейден Ақмолаға кетіп, 1920-1922 жылдары Ақмолада мұғалім болып жұмыс істейді. Ал 1922 жылы С.Сейфуллин басшылық еткен «Еңбекші қазақ» газетінің редакция алқасының мүшесі болып, 1923-1925 жылдары «Қызыл Қазақстан», 1925-1929 жылдары «Әйел теңдігі» журналдарында жауапты қызметтер атқарған. «Айқап», «Қазақ», «Бірлік туы», «Алаш» басылымдарында оқу-ағарту мәселелері туралы мақалалар жариялаған, сонымен бірге қазақ әйелдерінің тағдырына қатты зейін аударған.

Нәзипа Құлжанова – республикада әйелдер қозғалысына ірі қозғау салған және көптеген ауылдық, губерниялық, уездік комитеттерде әйелдер бөлімін аштырған қайраткер. Шығыс әйелдерінің I съезін ұйымдастыруда атқарған еңбегі ұшан-теңіз. «**Қазақ әйелінің қазіргі тірші -лігінің ең күшті тілегі – ана болып, бала өсіре білу һәм қазақ ел шаруасында мағыналы болу. Бұл міндеттерге жеткізетін тура жол – оқу, өнер, кәсіп**» деп жазған Нәзипа Сегізбайқызы өз еңбектерінде.

Сол кезде даңқы шығып тұрған Н.Құлжановаға ұлт зиялылары А.Байтұрсынов, С.Торайғыров, С.Сейфуллиндер өлең арнап жазған. Қайраткер, журналист Нәзипа Құлжановаға таза көңілмен, ағалық мейіріммен арнап Сұлтанмахмұт Торайғыров:

Ардақты, бар Нәзипа деген ханым,  
Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.  
Оқыса сондай әйел шығар ед деп,  
Оқығандар бағалар сөздің дәмін,  
Неше күн қыдырсаң да таба алмассың  
Семейдің одан өтер адам жанын.  
Ақ көңіл, мінезі онды, жүзі жарқын,  
Ынтасы жеткізбекке әйел халқын.  
деген шумақтары бар арнау өлең жазған.

Нәзипа Құлжанованың өмірі қысқа болды. Нәзипаның күйеуі колчактардың қолынан қаза тапқаннан кейін,арада он жылдай уақыт өткенде ол «халық жауы» деп танылып, ал оның адал жары, ел зиялысы Нәзипа Сегізбайқызына «халық жауының әйелі» деген айып тағылып, әуелі өзінің атқарып жүрген жұмысынан қуылып, баспалардан шыққалы жатқан бірқатар кітаптары мен мақалалары тоқтатылып тасталып, кейін мүлдем қорғансыз-панасыз болып қалады.

Көрінгеннің көзтүрткісіне айналып, ақыры жазылмас дертке ұшырап, денсаулығынан айырылып, 1934 жылы 47 жасында Алматыда қайтыс болған. Өз халқы үшін барлық күш-жігерін сарқа жұмсаған Нәзипа Құлжанованың тағдыры осындай болды. Нәзипа Құлжанованың Гүлжиһан деген жалғыз қызы қалған. Гүлжиһанның жолдасы Ұлы Отан соғысында қаза болып, одан қалған ұлы мен қызы жоғары білімді азамат болып олардан немере, шөберелері тарап отыр.

Көрнекті педагог- оқымысты, журналист- көсемсөзші, жазушы әрі аудармашы. Қазақтың ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептерде ерлі-зайыпты Құлжановтар оқып қана қоймай,ұлы ұстаздардың жолын қуған, Нәзипа Құлжанова –заманында ірі мәдени-қоғамдық істердің ұйымдастырушысы болған ,ұйтқысы болған,қайраткер.Ерлі-зайыпты Құлжановтардың Ресей

императорлық география қоғамы Батыс Сібір бөлімі Семей бөлімшесінің мүшелігіне сайланып,ғылыми-ағартушылық,мәдени-қоғамдық істерге араласуы зор оқиға. Оның үстіне Н.С.Құлжанова аталған қоғамға мүше болған жалғыз қазақ қызы. Құлжанованың қаламынан туған түрлі сипаттағы шығармалар жинағы профессор Серік Негимовтың құрастыруымен 2014 жылы Ана тілі баспасынан жарық көрді. Сонымен бірге Г.А.Кәрібжанованың ағартушы-педагог Н.С.Құлжанова туралы «Нәзипа Құлжанова» атты кітабы жарық көрді.

Арқалық қаласында Торғай гуманитарлық колледжіне Нәзипа Құлжанова есімі берілген. Ұлт руханияты тарихындағы әйгілі қайраткер Нәзипа Құлжанованың ұстаздық, қоғамдық еңбегі, ой толғамдары, өмірдегі атқарған ісі, өлшеусіз өнегесі мәңгі жасай береді деп сенеміз.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Н.Құлжанова-ағартушы,қайраткер- «Алматыкітап», 2004ж
2. Қазақтың тұңғыш журналист қызы-«Қостанай таңы»,2009ж 6.03,№3
3. Нәзипа мен Нұрғали –«Қостанай таңы»,2008ж 9.09,№6

### ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙРАТКЕР ҚЫЗЫ – НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА

Аманжанова Жансұлу Ерболатқызы  
Филология ғылымдарының магистрі,  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Жоғары колледжінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

Қазақ әйелдерінің арасында Қазан төңкерісінен бұрын да оқу-өнерге талпынғандары аз болған жоқ. Халық ағарту ісіне араласып, алған, жиған-терген білімін елге таратып, көкірек-көзін ашуға тырысты. Қазақ әйелдері білім нәрімен сусындап, қоғамдық мәселелерге белсене араласып, қараңғы халықтың сауатын ашуға ынталандырып отырды. Бір ғана саламен шектелмей, халықтың игілігі үшін қызмет еткен қазақ әйелдерінің бірі әрі бірегейі – Нәзипа Құлжанова. Педагог-ғалым, журналист-публицист, аудармашы, халыққа қызмет еткен абзал жан.

Нәзипа Сегізбайқызы Торғайдағы Ыбырай Алтынсарин ашқан қазақ-орыс мектебінде өнер-біліммен сусындап, тәрбиеленіп шықты. Нәзипа Құлжанованың өзге де қазақ қыздарына үлгі боларлықтай тұлғалық қасиетін өлеңмен өрнектеген қазақ ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров арнау өлеңінде:

Ардақты бар Нәзипа деген ханым,  
Газет-журнал жүзінде жұртқа мәлім.  
Оқыса, сондай әйел оқысын деп,  
Оқығандар бағалар сөздің дәмін.  
Неше күн қыдырсаң да таба алмайсың,  
Семейдің одан өгер адал жанын! [1, 20 б.].

1923 жылы Орынбор қаласында жарық көрген «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты кітапшасының алғы сөзін қоғам қайраткері, ұлт ұстазы, ғалым-лингвист, түрколог, әдебиет зерттеушісі, ақын, аудармашы Ахмет Байтұрсынұвтың жазуы да көп нәрсені аңғартады. Нәзипа Сегізбайқызының талантын танып, білімін байқаған Ахмет өз әріптесімен мына өлең жолдары арқылы ішкі сырын бөліседі. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Н.Қ.ханымға» деген өлеңі Нәзипа Құлжановаға арналған болатын. Мазмұнына үңіліп көрсек:

Рақатсыз өтсе де өмір-жасым,  
Бұл жөнімнен құдайым айырмасын.  
Ұзақ жолға ниет қып бір шыққан соң,  
Жарым жолдан қайтпасын, қарындасым!  
Шаршайды деп ойлама шалдыққаннан,  
Ұзақсынып жатпасын жалыққаннан  
Жұрт қолымнан келмесе, өкпелемес.  
Барым сақтап, мен аяп алып қалман.  
Ел мұңымды білемін ұқпайтынын,  
Көтермеге қалғанда шықпайтынын.  
Шалыс басып аяқты жығылғанда,  
«Жатқаныңнан тұрма», - деп мықтайтынын.

Бұл өлең жолдары ұлт ұстазының қарындасына көрсеткен ілтипаты, ақ пейіл батасы, лебізі [2, 3 б.].

Н.Құлжанова шығармашылығы, қамтыған тақырыптары сан алуан, жан-жақты тұлға. Ұлттық тәрбие, ана мен баланың арасында тығыз байланыс, ана мен баламен денсаулығы туралы құнды ақыл-кеңестермен бөліседі. Мектеп жасына дейінгі балалардың өсу, даму, жетілу заңдылықтарын, баланың тәні мен жан дүниесі, гигиена мен педиатрия, эстетика мен әдеп, тіл білімі мен дене шынықтыру сияқты ғылымдардың маңызы туралы жан-жақты сөз қозғап, ғылыми тұрғыдан зерттейді. 20-жылдарда сәбилер мен мектеп жасына дейінгі балалармен тәрбие жұмыстарын жүргізетін мекемелер, әдістемелік көмекші құралдар, т.б. қажетті дүниелер болмады. Сол кезеңде осы жеткіліксіз дүниені қолға алып, дамытуды өз міндеті ретінде қарады.

Ғалым-педагогтың қаламынан туған мақалалардың ішкі мазмұнын қазіргі заман бейнесімен салыстыра отырып қарастыру, қазіргі қоғамдағы ана мен бала тәрбиесі, ана мен бала, тәрбиеші арасындағы қарым-қатынастың одан сайын нығая түсуіне септігін тигізери сөзсіз.

Н.Құлжанова өз сөзінде: «Баланы бастан даярлау деген – баланы жас басынан дұрыс тәрбиемен өсіру деген болады. Дұрыс тәрбиемен өскен бала тіршілік ісіне икем, бейнетіне берік болып өспек. Дұрыс тәрбиенің асылы – баланың тәні мен жанына керек деп танылған істерді істеу. Баланың тәні сәлемат, есі дұрыс, зейіні алғыр болып өсуіне керек істерді бала табиғатының тілеуімен, ала табиғатының әуенімен істеу – сол дұрыс тәрбиелеу болады. Мұның ең негізіне керек шарты – тәрбиелеу шарты – бала табиғатын жақсы біліп, бала табиғатын күштемеу, табиғат жолынан шықпау» [3, 17 б.].

Баланың табиғатына терең үңілу, баланың жанын түсіну және баланың табиғатын қалыптастыруда ойынды жүзеге асыру маңызды орын алады. Себебі баланың «жұмысы» да, баланың күнделікті уақыты ойынмен өтеді. Жүгіру, секіру, әркез қозғалыста болу баланың сол кездегі табиғи түрде жетілуіне ықпалын тигізеді. Өйткені бала ойып процесі кезінде сөйлеседе, қарым-қатынасқа түседі, таласады, тартысады, эмоциясын көрсетеді, т.б. әрекеттер жасайды. Ойын – баланың шын тіршілігі.

Мектепке дейінгі тәрбие — барлық тәрбиенің бастамасы. Ал, баланың жан - жақты дамуы үшін ойынның рөлі ерекше. Ойын барысында балалардың айналадағы дүние жайында мағлұматтары кеңейіп, жауапкершілігі артады. Ойын — өсіп келе жатқан бала организмнің қажеті. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып, жетіле түседі.

Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл - әрекеті — ойын. Ойынның бірнеше түрлері бар. Олар: қимылды ойындар, дидактикалық ойындар, рөлдік – сюжеттік ойындар, ұлттық ойындар, топтық ойындар, логикалық ойындар, дамытушы ойындар т.б.

Қимылды ойындар балалардың жан-жақты өсіп жетілуінде үлкен рөл атқарады. Ойын баланың секіру, лақтыру, қағып алу іскерліктерін дамытады. Қимылдарды орындау, батылдық, шапшаңдыққа, ептілік, тапқырлық, сенімділік сезімін күшейтеді және ұжымда өзінің тиісті орын алуға көмектеседі.

Дидактикалық ойындар балалардың ақыл – ойының, сезім қиялының қалыптасуына, қызметіне қарай заттардың топтасуына, заттарды өсу, кему ретімен орналастыруға, зейін қоя білуге, есте сақтау, байқағыштық қабілеттері дами түседі. Дамытушы ойындар балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттырады. Бала саналы, мәдениетті, адамгершілігі мол болып, жан - жақты дамуы үшін және тілін, сөз байлығын дамыту, айналадағы өмір құбылысын меңгеру үшін дамытушы ойындар үлкен рөл атқарады.

Баланың ілгерілеп, дамып өсуі тән бір табиғат заңына байлаулы екен, баланың балалығын қысқартып, асығыс өсірмек болып, ерте жастан оқытып, шамасынан артық қызмет атқарту – баланың толық адам болуына кедергі жасайды. Қарапайым мысал ана сүтімен азықтанатын балаға ересек адамның тамағын берсе қалай болатынын көз алдыңызға елестетсеңіз, жоғарыдағы жағдайдан да дәл сондай нәтиже аласыз. Қазіргі таңдағы түйткілді мәселенің бірі, себебі қазіргі ата-ана баласының тез дамып, көп нәрсені жас ерекшелігін ескерместен игеруін қалайды. Шамадан тыс балаға жүк арту, шамадан тыс нәрселерге баулу баланың балалық шағын құртатын бірден-бір фактор. Қазіргі балада бос уақыт жоқ, қарапайым ата-анасымен болып, әңгімелесетін, ата-анасының арқасына мініп, арқа-жарқа болып ойнауға уақыты жоқ балалар мен уақыты жоқ ата-аналар. Сонымен қатар, баланы ойын атаулыдан алшақтатқан қазіргі ақпараттық құралдардың, түрлі гаджеттердің теріс жағы басым. Баланың доп тебісіп, аударыспақ ойнауын қазіргі гаджетін әрі төңкеріп, бері төңкеріп, сол құрылғыдан бас алмайтын баланың балалық шағы қайда деген сұрақ, дәл қазіргі уақыттың өзекті сұрағы.

Педагог ересектер мен сәби, бөбектер арасындағы қарым-қатынас мәселесіне де ерекше көңіл бөледі: “Балаға сусындау керегінің бірі – сөйлеу. Түрлі білімнің түбірі, негізі – баланың сөйлеуі, білуге құмарлығы. Сұрағына жауап бермей “мазамды алма” деп, үнемі баланың бетін қайтару арқылы білуге құмарлығының негізін жоғалтып жіберуге болады”, – дей келе, автор бала ойынының айналаны тани-білу құмарлығымен ұштасып жататындығын ескертеді [4, 15 б.].

Н.Құлжанова баланы жас кезінде көбінде табиғат аясында бағып-қағудың тиімділігін айтады. Ол осы пікірін әрмен қарай жалғастыра келіп: “Әрбір құлықты, жақсы адам мінезінің түпкі негізінде болатын еңбек ету, көңіл және дене тазалығының машықтары бала әдетіне кіріп, сіңіп қалады, төңіректің бәріне еліктегіш, талшыбықтай икемді, нәзік келеді”, – деп автор ойын баласының мектеп жасына дейінгі бүкіл тыныс-тіршілігі оның мектепте алар тәлімінің әзірлік сатысы болып табылатындықтан осы кезеңдегі тәлім-тәрбиеге ерекше мұқият қараудың маңыздылығына тоқталады.

Мектептен бұрынғы баланың тәрбиесіндегі басты нысандарды Н.Құлжанова өз еңбегінде тайға таңба басқандай анықтап көрсетеді [3, 45 б.].



Нәзипа Құлжанованың «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие неге керек?» деген мақаласында жалпы мектеп жасына дейінгі бала нені білгені дұрыс деген сұраққа жауап береді:

1. Қимыл мүшелерін дұрыс билеу: жүру, жүгіру, қағып алу, өрмелеп жоғары шығу, секіру – осының бәріне ыңғайланып, ептейленеді;
2. Көру, есту, сезу, ести білу – бұның бәрін түзу, анық, нәзік білетін болады, мәселен, нәрсенің түсі-түгін, дыбыстарды, иісті һәм басқа осы сияқтыларды;
3. Сөйлеу, яғни әр нәрсенің атын, қимылын, қалпын атап, бір нәрсені бір нәрсеге сөзбен байланыстырып, өзінің ойын, талабын, көңілін, сезімдерін басқаға жеткізеді;
4. Ойлай білу, яғни сырттан алып, ойға тоқыған заттарды салыстырып, ұқсас жерін, айырмашылығын тауып, әрбір нәрсе туралы адамның мінездері, қылықтары туралы өзінің ойын айтып, бір пікір шығармақ;
5. Ойға тоқығанды бұларға өзінің көзқарасын әртүрлі жолмен ойдан жарыққа шығару (мәселен, ойынмен, суретпен, өлең, әңгімемен);
6. Өз еркін өзі билеп үйрену, бір мақсатқа жетпек болып һәм басқалар үшін өз тілектерін ауыздықтай білу;
7. Таза, жинақы, шыншыл болу, жақсылыққа алғысын бере білу һәм әдепті болу;
8. Басқалармен бірігіп һәм аздап жеке де еңбек қыла білу, мұнымен үйренетін өнер-білімінің бәрі түгелдене қойған жоқ [3, 28 б.].

Демек, бала табиғи, жаратылыс заңымен даму процесі жүзеге асса өз балалық шағын балабақшада немесе өз төңірегіндегі балалар арасында өткізсе де болады. Тек мектеп жасына дейінгі баланы одан сайын жас ерекшелігіне сәйкес емес дүниелермен мазаламау.

Алаштың баласына түзу жол нұсқаған, әйел теңдігін көтерген, ана мен баланың мәселесін шешуге атсалысқан тұлға Нәзипа Құлжанова сындарлы пікірлерін, тұрлаулы тұжырымдарын, түйінді қорытындыларын тамылжыған, өрнекті кестелі тілмен жеткізеді. Н.Құлжанованың осынау қабырғалы шығармасының танымдық, тәрбиелік, тағылымдық мәні мейлінше терең. Оның дүниетаным дәрежесі, ой-өрісінің кеңдігі әлемдік ғылымнан мол хабардарлығы (қыруар деректерді, мәліметтерді, есеп-қисаптарды тізбелеп келтіруі) жарқырап көрінеді. Ұстаздық ғылымының дарынды өкілі «Ана мен бала



тәрбиесі», «Баланы аурудан сақтандыру» дейтін еңбектерінде ана мен оның перзентін дерттен сақтандыру жолдарын, табиғи ерекшеліктерін елеп, ескеру мәселелерін, баланы бағу, күту, тамақтандыру, табиғи емшілерді (күннің сәулесі, таза ауа, табиғи тамақ...) пайдалану турасында ой толғайды. Осы жинақта ұлт мәдениетінің жалынды жаршысы Нәзіпа Құлжанованың әдебиет пен көркем өнерге қатысты «Бір керек жұмыс», «Әдебиетімізге көз салу», «Ақын Шолпан», «Семей театры» секілді мақалалары топтастырылған [5, 4 б.].

XX ғасыр, Алаш қайраткерлері, қазақ оқығандары, қазақтың алғашқы баспасөзі, қазақ ғылымының бастауы туралы әңгіме болған кезде, біз қазақтың қайраткер қызы Нәзіпа Сегізбайқызын ұмытпауымыз керек. Нәзіпа Құлжанованың ісі, атқарған қызметі, тағылымды да, өнегелі ғұмыры бүгінгі әрбір қазақ қарақөздерінің өмірлік мақсатына айналуы тиіс. Нәзіпа Сегізбайқызы Құлжанова – саналы ғұмырын қазақтың келешегіне бағыштаған аяулы Алаш оқығандарының бірі.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Әбжаппарова Б.Ж. Н.Құлжанованың мәдени ағартушылық қызметі// Арқалық, 2001 ж.-19-21 б.
2. Тоқтарбай, Е. Н. Қазақтың қайраткер қызы [Мәтін] / Е. Н. Тоқтарбай // Қазақ үні. - 2016. - 21 қараша (№ 47).- 22 б.
3. Құлжанова Н. Шығармалары: (мақалалар, очерктер, педагогикалық ой-пайымдар, аудармалар). – Алматы: Ана тілі, 2014.-384 б.
4. Кәрібжанова Г.А. Н.С.Құлжанованың өмірі және қоғамдық-ағартушылық қызметі (1887-1934) [Мәтін] : Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Алматы : Б.ж., 2003. - 36 б.Мағауина З. Қазақтың ардақты қызы // Семей таңы.-2007.-24 мамыр.-3 б.
5. Қуантайұлы Н. Қазақтың алғашқы журналист қызы // Ертіс өңірі.-2003.-9 қазан.-29 б.

#### ЫБЫРАЙ ІЗБАСАРЫ – НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА

Әлім Аружан Аманқызы  
Жетекші: Оразова Гүлхашима Куандықовна  
Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі  
«Бастауыш білім беру» мамандығы 3-курс  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

"Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін  
ең алдымен азаттық пен білім қажет".

*Шоқан Уәлиханов.*

Қазақ халқының мемлекеттік тәуелсіздікке ұмтылысында өр тұлғалы қазақ қыздарының да үлесі зор болғаны белгілі. Қазақ қыздарының мінезіне тән ерекше бір қасиет оның қайтпас қайсарлығы, өжеттігі, тіпті керек кезде ел үшін Отан үшін отқа түсуге дейін баруға батылы жететіндігі дәлелденген. Тарихта ел намысын ерлерше қорғап, қайрат көрсеткен қазақ әйелдері де баршылық. Солардың бірі Қостанай өңірінен шығып, есімі бүкіл қазақ еліне танылған аяулы қыздарымыздың бірі – Нәзіпа Құлжанова.

Аса талантты педагог, ағартушы Ыбырай Алтынсарин қазақ қоғамының мәдениет пен экономика жағынан мешеу кезінде өмір сүріп, халқымыздың демократиялық мәдениеті мен өнердің бір сыпыра саласында жаңадан өсіп өркендеуіне айқын жол ашып, баянды негіз жасады. Халықты өнер-білімге жетелеген, өзінен кейінгі буын ағартушылық жолдағы ізбасары-Нәзіпа Құлжанова апамыз болатын.

Нәзіпа Құлжанова қазақтан шыққан тұңғыш қаламгер әйел, талантты аудармашы, ұстаз. Қазақ топырағындағы журналистика өнерін тұңғыш меңгерген, әнші, мәдениет қайраткері, халықтың ауыз әдебиеті мен муз- зыкасын зерттеп, оны А.Затаевич пен А.Бимбоэске нотаға түсірткен үлкен талант иесі Нәзіпа Құлжанова 1887 жылы Торғай облысы, Жангелді ауданы қазіргі «Торғай» кеңшары жерінде сатушы отбасында дүниеге келген. Балалық шағы қазақ ауылында, еңбекші бұқараның ортасында өткен.

Нәзіпа Сегізбайқызы мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оларға айтылатын сөздің де, көрсетілетін іс-қимылдың да орынды, тағылымды болуын ескерткен. Танымал педагог бала бойындағы білуге, ұғуға, көруге әуестікті тыйып тастамай, оларды бағыттап, дамытып отыру қажеттігін нақты мысалдармен түсіндіріп берген. [1.56]

Талантты жас Торғай қаласындағы қазақтың тұңғыш ағартушы- педагогы, демократ, ақын- жазушысы Ы.Алтынсарин іргесін қалаған орыс-қазақ мектебінен тәлім алып, Ахмет Байтұрсыновтың қамқорлығы мен қолдауын көрген. 1902 жылы Қостанай қаласының Қыздар гимназиясын бітіріп, 1903-1904 жылдары қайта Торғай қаласына келіп, өзінің жастығына қарамастан, 15 жасында әйелдер училищесінде мұғалімнің көмекшісі болып қызмет еткен. Елдің қоғамдық саяси қызметіне белсене араласып, өзінің зерделігімен, қабілеттілігімен көзге түседі. Ленинград қаласындағы архив мәліметтеріне қарағанда, гимназияда 5 қазақ қызы оқыған. «Сағызбаева Нәзіпа прогимназияның барлық 4 жылдық курсы бітіріп шықты, сабақты өте жақсы оқыды, тәртібі тамаша еді. Курстың бірінші оқушы болып аяқтады» делінген, бұл деректер Н.Құлжанованың гимназияны үздік бітіргендігін айқындап тұрғандай.

Нәзіпа өзінің жұбайы Нұрғали Құлжанов екеуі Семейде 1905 жылы мұғалімдер семинариясында жұмыс істейді. Нұрғали Құлжановтың да өмір тарихы Нәзіпаныкіне ұқсас. Нұрғали Құлжанов 1870 жылы Жангелдин ауданына қарасты Қошалақ ауылында дүниеге келген. Ыбырай мектебін аяқтап, Орынбордағы мұғалімдер мектебін 1893 жылы бітірген.

Ерлі-зайыпты Құлжановтар 1905-1920 жылдары Семей қаласындағы оқытушылық қызметке халық-ағарту, мәдени-әдеби жұмыстармен айналысады. Білікті де, сауатты мамандар осында орыс географиялық қоғамына мүше болып кіреді. Белгілі жазушы Сапарғали Бегалин «Құлжановтар семинариядан қолы бос уақытта түрлі қоғамдық жұмыстармен айналыса жүріп те, бір-екі сағат үйдегі біздерге сабақ беріп үлгеруші еді» - деп еске алады. Шығыс әйелдері съезін ұйымдастырушылардың бірі. Семейде әдебиет және мәдениет саласындағы істерге жетекші болды. [17-296]

Нәзіпа Құлжанова көшпелі қазақ елінде бұрын - соңды айтылмаған, жазылмаған бала тәрбиесінің жаңа түрін айтып берді. Оның бұл еңбектері «Қазақ балалар педагогикасының» алтын қорына қосылды. Бұл жайт ұстаздың «Бала күтімі», «Баланың өміріне күннің сәулесі, таза ауа аса қажет», «Баланың аурулары» кітабында балалардың табиғи қалпын бұзбай мінсіз баулу, оған өскен ортасының әсері, балдырғанның мінез-құлқын, іс-әрекетін қалыптастыру, оның сезім мүшелерінің ақаусыз дамуы, баланың жаратылысқа еркін қызықтауын өркендету, зейін, зерде, қабілет, түйсік туралы жан-жақты, терең, әсерлі баяндалған. Ол «Баланы аурудан таза ауада ойнату қажеттілігі, баланың еркіндігін, табиғилығын дамытудың мәні зор екендігі дәлелді баяндалған. Оның педагогикалық еңбектері 1993 жылы толық жинақталып, «Халқыма деп іс қылдым» деген атпен жарияланды. Бұл Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырысымен жазылған алғашқы авторлық туынды. Ұстаз балалар сахнасының тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, кештер мен кездесулер, қойылымдар ұйымдастырды.

Нәзіпа Сегізбайқызы Құлжанова өнерпаз адам болған. Ыбырай мен Абайдың шығармашылығына байланысты ойын-сауық кештерін өткізіп, Семей облыстық театрының негізін салған. Өнші болмаса да, қазақ әндерін домбырамен нақышына келтіре орындайтын өнері болған. Ең маңыздысы - ол кісінің әншілігі ғана емес, қазақ әндерінің нотаға түсуіне көмек көрсетуі еді. Нәзіпа Құлжанова Еуропа елдерінде балалар бақшаларының өмірін үлгі ете отырып, күншығыстағы Жапония мемлекетіндегі балалар тірлігін де әңгімелейді. Автор өзінің еңбектерінде ең бастысы бірігіп ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа, реттілікке, ұйымшылдыққа баулу, балалардың ойына, жас межесіне, қабылдау ерекшеліктеріне барлық жұмысты бағындыру, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау, өлең айту, сурет салу тағы басқа өнерлерін дамыту мәселелеріне көңіл бөледі.

Болашақтағы қазақ балалар бақшасы сондай болса екен деп армандайды. Ол мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде ойынның ерекше қызмет атқаратындығына айрықша көңіл бөліп, былай деген: «Балаға керегі-ойын. Ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы ойын. Ойында бала көрген – білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып, бекітеді». Н.Құлжанованың ағартушылық, ұстаздық, қайраткерлік еңбегінің тағы бір көрінісі 1927 жылы Қызылорда қаласында 5000 данамен басылып шыққан – «Ана мен бала тәрбиесі» кітабы. Бұл кітап педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық кітап ретінде ұсынылған.

Нәзіпа Құлжанованың дәрігерлік арнайы білімі жоқ болса да көптеген әдебиеттерді ақтара келе, бала мен ана денсаулығына қатысты пайдалы кеңестерді рет-ретімен оқушысына, қалың көпшілікке ұсынып, қазақ тарихында есімін қалдырған еліміздің көрнекті ұлағатты ұстазы. [15-20-356]

Ол алғашқы Абайтанушылардың бірі. Оған дәлел- 1914 жылы 26 қаңтарда Семей қаласында Абай Құнанбаевтың қайтқанына 10 жыл толуына орай ұлы ақынды еске түсіру кешін ұйымдастырды. Кеште ақын өмірі мен шығармашылығы жөнінде баяндаманы Нәзіпаның өзі жасап, одан кейін Абай өлеңдері оқылады. Бұл кеш туралы «Айқап» журналында да жазылды. Нәзіпа ханым осы кеште сөйлеген сөзінің аяғында Абайды туғызған қазақ даласы, тағыда талай Абай секілді, бәлкі одан да артық данышпандарды туғызар дегенде тыңдаушы қазақтардың жүйесі босап, көзіне жас алғандарды болды, деп хабар берді. «Ол кеш бірінші қазақ ақынының құрметіне жасалған алғашқы әдебиет кеші болып хәм бірінші қазақ әйел (Нәзіфа ханым Құлжанова жамағатының) майданға түсіріп берген өрнегі» - деп жазды 1914 жылы «Қазақ» газетіне Міржақов Дулатов. Қазақтың ұлттық ойындарының кешін өткізуге

әскери губернатордан рұқсат сұрап, 1915 жылы 13-ақпанда Нәзипа тағыда бір сауық кешін өткізеді. «Ойын-сауық ұйымдастырушы.

Жазушы, драматург, Жүсіпбек Аймауытов «Айқап» журналына бұл туралы: «Біздің қазақта ұлтқа қызмет еткен әйелдің алды Нәзипа ханым болып шежіреде жазылуы тиіс» деп жоғары баға берген. Нәзипа Құлжанова 1923 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жайлы «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты әдістемелік кітабын жазған. Бұл Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырысымен жазылған алғашқы авторлық туынды. Осы кітапқа алғысөз жазған қазақ халқының ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер-білім даярлау керек» деп жазған.

Нәзипа ханымның ондағы мақсаты қазақ әйелдерінің бетін ашып, мәдени-ағарту жұмыстарына қатысу бастамасы еді» дейді Мұхтар Әуезов. Мақтаса мақтауға тұрарлық Нәзипаның игі істерінің бірі жағдайы төмен оқушыларға көмек көрсеткені еді.

Нәзипа Сегізбайқызы Александр Затаевичке «Ғайни-ай, сәулем», «Қыздардың зары», «Жылқылы бай» әндерін жаздырған. Бұл әндер кейін А.Затаевичтің «1000 песен казахского народа» атты кітабына еніп, қазақ өнерінің алтын қазынасына айналды.

Нәзипа ханым екі тілде бірдей жүйріктігімен де көзге түсті. Оның орыс тіліне жетіктігінің арқасында орыс және Еуропа әдебиетінің кейбірі қазақ тіліне аударылды. Сонымен қатар, Абай, Ыбырай, Ғабиттердің шығармаларын тұңғыш рет орыс тіліне аударған да Нәзипа ханым еді.

Сол кезде даңқы шығып тұрған Н.Құлжановаға ұлт зиялылары А.Байтұрсынов, С.Торайғыров, С.Сейфуллиндер өлең арнап жазған. Қайраткер, журналист Нәзипа Құлжановаға таза көңілмен, ағалық мейіріммен арнап Сұлтанмахмұт Торайғыров:

Ардақты, бар Нәзипа деген ханым,  
Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.  
Оқыса сондай әйел шығар ед деп,  
Оқығандар бағалар сөздің дәмін,  
Неше күн қыдырсаң да таба алмассың  
Семейдің одан өтер адам жанын.  
Ақ көңіл, мінезі оңды, жүзі жарқын,  
Ынтасы жеткізбекке әйел халқын.

деген шумақтары бар арнау өлең жазған. Қазан төңкерісінен соң қазақ әйелдерінің арасынан суырылып шығып, өз халқына өнер-білім сәулесін шашқан алғашқы қарлығаштар - Алма Оразбаева, Мадина Бегалиева, Мүбина Ниязова, Шолпан Иманбаева сияқты қазақ халқының мақтанышына айналғандардың қатарында көпшілікке белгісіз себептермен аты осы уақытқа дейін көп аталмай, халықтың жүрегінен өзінің лайықты орнын ала алмай келген алғашқы педагог-ғалым, журналист-публицист қазақ қызы Нәзипа Құлжанова да бар еді. [1-56]

Туған халқы үшін өшпес із қалдырған Н.Құлжанова 1933 жылы 21 тамызда Алматы қаласында дүниеден өтті. Қазақтың аяулы қызының ең-бектері ғылыми - педагогикалық еңбектердің қатарында алар орны өзгеше, Қазақ зиялыларының бірі ретінде Нәзипа Құлжанованың рухыни, тарихи танымының жоғары екендігін байқаймыз. Семей оқытушылар семинариясында мұғалімдік қызметте болған кезі ізденістерге толы жылдар еді, ұстаздық ісінің бегілі бір жүйеге иеленіп, қомақты істерді бел шешіп атқаруға ойысқан шақ еді.

Семей семинариясында ұстаздық істі жемісті атқарған білімдар жанның өз ісіне шынайы берілгендікпен қарауы, өнегелі істің ұрқын себуі кейініректе жемісін де берді. Төңкерістен кейінгі жылдары бұрыннан бастаған ұстаздық ісін осы саладағы ағартушылық, қайраткерлік дәрежеге жеткізді.

Нәзипа Құлжанованың өмірі қысқа болды. Нәзипаның күйеуі колчактардың қолынан қаза тапқаннан кейін, арада он жылдай уақыт өткенде ол «халық жауы» деп танылып, ал оның адал жары, ел зиялысы Нәзипа Сегізбайқызына «халық жауының әйелі» деген айып тағылып, әуелі өзінің атқарып жүрген жұмысынан қуылып, баспалардан шыққалы жатқан бірқатар кітаптары мен мақалалары тоқтатылып тасталып, кейін мүлдем қорғансыз-панасыз болып қалады. Көрінгеннің көзтүрткісіне айналып, ақыры жазылмас дертке ұшырап, денсаулығынан айырылып, 1934 жылы 47 жасында Алматыда қайтыс болған. Өз халқы үшін барлық күш-жігерін сарқа жұмсаған Нәзипа Құлжанованың тағдыры осындай болды. Нәзипа Құлжанованың Гүлжиһан деген жалғыз қызы қалған.

Гүлжиһанның жолдасы Ұлы Отан соғысында қаза болып, одан қалған ұлы мен қызы жоғары білімді азамат болып олардан немере, шөберелері тарап отыр. Көрнекті педагог-оқымысты, журналист-көсемсөзші, жазушы әрі аудармашы Нәзипа Құлжанованың қаламынан туған түрлі сипаттағы шығармалар жинағы профессор Серік Негимовтың құрастыруымен 2014 жылы Ана тілі баспасынан жарық көрді. Сонымен бірге Г.А.Кәрібжанованың ағартушы-педагог Н.С.Құлжанова туралы «Нәзипа Құлжанова» атты кітабы жарық көрді Торғай қаласында Арқалық гуманитарлық колледжіне Нәзипа Құлжанова есімі берілген. Ұлт руханияты тарихындағы әйгілі қайраткер Нәзипа Құлжанованың ұстаздық, қоғамдық еңбегі, ой толғамдары, өмірдегі атқарған ісі, өлшеусіз өнегесі мәңгі жасай береді деп сенеміз. [10-156]

## Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова Л. Нәзипа Құлжанова // Алғашқы қарлығаштар. Құраст. (1-56) Д.Дәуренбекова.-Алматы: Қазақстан, 1993.-17-29 б.
2. Ш.Ахметов. «Қазақ балалар әдебиеті», Алматы,1974. (15-20-356)
3. З.Алтынсарин Ы. «Қазақ хрестоматиясы», Оқу құралы. Алматы, 2003. (1-56)
4. Г.А.Кәріпжанованың «Нәзипа Құлжанова» (10-156)

## Н.ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ІЛІМНІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Байнияз Перизат Маратқызы

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің оқытушысы

Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

Құлжанова Нәзипа Сегізбайқызы (*Сағызбайқызы*) шілде айының 27-ші жұлдызында 1887 жылы Торғайда дүниеге келіп, 1934 өмірден озды. Ол - ағартушы-педагог, этнограф, журналист-аудармашы. Торғай қаласындағы орыс-қазақ мектебін, 1902 жылы Қостанайдағы қыздар гимназиясын бітірген.

Н.Құлжанова 1927 жылы Қызылорда қаласында «Ана мен бала тәрбиесі» әдістемелік кітабын баспадан шығарды. Автор бұл еңбегінде педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне бала мен ана денсаулығына қатысты пайдалы кеңестер береді. Белгілі этнограф А.А. Затаевич Нәзипадан «Ғайни-ау, сәулем», «Қадыр зары» әндерін жазып алған. Публицист ретінде «Айқап», «Қазақ», «Бірлік туы», «Алаш» басылымдарына елдегі оқу-ағарту, мәдениет, денсаулық мәселелеріне байланысты мақалалар жазып тұрды. А.Байтұрсынов, С.Торайғыров, С. Сейфуллин, т.б. ақындар Құлжановаға арнап өлең жазған. Нәзипа аударма саласында да елеулі жұмыстар атқарып, қазақ оқырмандарын В. Короленконың «Күн тұтылғанда» (1923), А. Куприннің «Лапылдап жанған крейслер» (1927), Б. Лавреневтің «Қырық бірінші» (1928) сияқты шығармаларымен таныстырды. Арқалық қаласында бір көшеге ерлі-зайыпты Құлжановтар аты берілген. Арқалықта Құлжанова атындағы колледж жұмыс істейді. Семейлік жас ғалым Г.Кәріпжанова баспадан «Нәзипа Құлжанова - ағартушы, қайраткер» деген жинақ шығарды. Нәзипа Құлжанова мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оларға айтылатын сөздің де, көрсетілетін іс-қимылдың да орынды, тағылымды болуын ескерткен. Ол бала бойындағы білуге, ұғуға, көруге әуестікті тыйып тастамай, оларды бағыттап, дамытып отыру қажеттігін нақты мысалдармен түсіндіреді.[6]

Балабақшаның жұмыс жоспарлары мен бағдарламасы өзгеріссіз қалмауы тиіс. Туындаған жағдайларға сәйкес, қажет шаралар белгіленуі керек. Дегенмен, балабақша үшін ешқандай ереже немесе бағыттар болмайды екен деп ойламауымыз қажет. Мұның барлығы да бар, бірақ бұл жөнінде балалар білмеуі тиіс. Баланы үйде, балабақшада еңбекке бейімдей тәрбиелеудің маңызы үлкен. Ол үшін әр бала бақша жанында биологиялық бұрыш, тәжірибе участогі болуы керек. Бала торғайды, қоянды, тотықұсты, кірпікшешенді, балықты өсіруді білсін, аулаға көкөніс, гүл отырғызып, оған су құюды үйренсін, саз балшықтан ойыншықтар жасап үйренсін деп еңбектерінде көрсеткен. [2]

Үш жасар баланың бір нәрсені білуге құмарлығы соншалық, тіпті кейде ересектер оның сұрақтарынан шаршап қалады. Сонымен бірге ол күні бойы ойнай береді. Ол қолына не түссе, көзіне не көрінсе, сонымен ойнай береді. Бір ойыннан шаршаса, екіншісіне көшеді. Оның жаңа ситуациялар ойлап табу қабілеттеріне таңқалудан басқа ештеңе қалмайды.

Олардың тағы бір қасиеті – сөйлеуден шаршамайды. Ойындары сияқты, олардың сөзінің де шегі жоқ. Өздері сөйлейді, өзгелерді тыңдайды, әсіресе ертегілерді жақсы көреді. Көрген немесе естіген нәрсесі туралы айтқанда, ұмытып қалған жерлерін өздері қосып жібереді. Ересектер, мұны түсінбей, «бала өтірік айтуды үйреніпті» деп ойлайды. Бұл бекер! Балалар өздері көрген нәрсенің бәрін бейнелейді. Сурет салғанда әңгіме айтқан тәрізді мазасыз. Бұл олар үшін пайдалы, қоршаған ортаны танып-білуге деген құмарлығын арттырады. Олардың білгенінің барлығы сурет, ойын, әңгіме түрінде сыртқа шығып отырады. Күн сайын, сағат сайын балалардың білімі мен әдеттері өсіп отырады. Қимылдары жеңіл, ал ойындары – мазмұнды бола бастайды. Жолдастық сезімі оянады, балалар ұйымшыл бола бастайды. Алты-жеті жасында балалар ұжымдық мүдделер, қызығушылықты біледі, өз тілектерін, талаптарын тежей біледі. Енді олардың өмірінде кітап оқу, есеп шығару орын алады. Мұның барлығы баланың мектепке баруға даярлығын көрсетеді деп тұжырымдаған. [1]

Әрине, бала дамуындағы өзгерістер басқаша да жүруі мүмкін, ол баланың денсаулық жағдайы, жеке қасиеттері мен қоршаған ортасына да байланысты.

Мектеп жасына дейінгі бала нені үйренеді? Әрине, бала балабақшасыз және мектепсіз де өсе алады. Бірақ ол балабақшада болмаса, көп нәрседен құр қалады. Кейде адамға оның балабақшада үйренетін көп қасиеті жетіспей жатады. Оның балабақшада алған білімі, дағдылары мектептегіден гөрі анағұрлым маңызды.

Мектепке дейін бала неге қол жеткізеді? Біріншіден, қозғалыс дағдылары, жүгіру, аулау, жоғарыға шығу, секіру. Екіншіден, көруді, тыңдауды, сезуді үйренеді.

Өзінің ойын байланысқан сөйлемдер арқылы жеткізуді үйренеді. Ойлауды – салыстыру, айырмашылығы мен ұқсастығын табуды, ойды қорытындылауды, оларды сыртқа ойын, сурет немесе әңгіме арқылы шығаруды үйренеді.

Балаңыз балабақшада өзін-өзі ұстауды, өз еркін белгілі бір мақсатқа бағындыруды үйренсе, жаман ба? Баланың ұқыпты, шыншыл, жақсылыққа риза болып өскені де маңызды. Бұл балалардың балабақшада меңгеретін әдет, дағдыларының толық тізімі емес. [10]

Ал үйде ше? Мектеп жасына дейінгі балаға үйде осындай жағдай жасалған ба? Осы сұраққа жауап беруге тырысып көрейік. Бала табиғаты қозғалыстың болуын қажетсінеді. Ал үйде ересектер оларға қозғалмай тыныш отыруды, сонымен бірге қозғалыссыз отырып кесте тігуді, ұзақ уақыт жазуды немесе оқуды талап етеді. Қозғалмалы ойындарды жақсы көретін жеті жасар бала үшін, бұл, әрине, жаза. Ойын баланың қиялын өсіреді. Ойнай білу дегеніміз, ойлай білуге үйрету. Ал ересектер оларды: «Сенен дұрыс адам шықпайды», - деп ұялтады. Баланы табиғат аясында тәрбиелеудің, табиғат құбылыстары жайында үнемі әңгіме жүргізудің мәні зор. Баланы жас кезінде көбінесе табиғат аясында тәрбиелеу тиімді. Бала даланың кеңдігінде шолпылдатып суға түсіп, жүгіріп құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын, тоғай арасында сайрандай жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей өсіп өркендемек. Жас бала айналаны білуге құмар, сөйлеуге, сұрақтар беруге бейім болады, сол арқылы ойы өсіп жетіледі. Баланың ойын дамыту үшін олардың сұрақтарын жауапсыз қалдыруға болмайды. Қазақтар баламен сөйлесуге жете мән бермейді. Сондықтан олардың сөйлеу мәдениеті жетілмейді. Әрбір құлықты, жақсы адам мінезінің түпкі негізінде болатын еңбек ету, көңіл көтеру және денесі еліктегіш, талшыбықтай икемді, нәзік сезімді болып келеді. [4]

Олардың еркін өсуіне не кедергі жасайды:

Ересектер балаларға не керек екенін түсінбейді.

Ересектер балаларды тынымсыз деп санап, олардың табиғатына, жанына үңілмейді.

Балаларды тезірек есейтемін деп, олардың балалық шағын қолдан қысқартады.

Ересектер бала 7-8 жасында оқуға әлі ерте, ал 20-30-ға келгенде кеш болады деп есептейді.

Бірақ адам туғаннан өзінің соңғы күндеріне дейін өмірді, дүниені танып-біледі, дамиды, әрине, оқып, үйрене береді. Әрине, көптеген әдеттердің қалыптасуы үшін белгілі бір уақыт керек. Біздің көптеген сезім мүшелеріміз балалық шақта жетіліп, өседі. Осы кезеңде қолдан шығарып алған нәрсені кері қайтара алмайсың. Балаларға арналған ең көп тараған мекеме- балабақша болып табылады. Балабақшада баланың өсіп, дамуы, тәрбиесі үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Ойын баланың қиялын өсіреді. Ойнай білу дегеніміз, ойлай білуге үйрету. Балабақшаға қойылатын басты талаптар келесідей: Балалардың өзбетінше қозғалуы және қызығушылығына көңіл бөлу. [5]

Баланың дамуы үшін бала ойындары оларға жаңа қуаныш, сыйлап, ойындарда шешімі табылуы тиіс жаңа міндеттер қойылуы керек.

Баланы үйде, балабақшада еңбекке бейімдей тәрбиелеудің маңызы үлкен. Ол үшін әр бала бақша жанында биологиялық бұрыш, тәжірибе участогі болуы керек. Бала торғайды, қоянды, тотықұсты, кірпікшешенді, балықты өсіруді білсін, аулаға көкөніс, гүл отырғызып, оған су құюды үйренсін, саз балшықтан ойыншықтар жасап үйренсін.

XX ғасырдың басында өз халқын ілімге, мәдениетке шақырып, жаңалықтың жаршысы болған халқымыздың көрнекті ағартушысы, алғашқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш педагог, әрі – журналист-публицист.

Нәзипа Құлжанова 1923 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жайлы «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабын жазған. Бұл Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырысымен жазылған алғашқы авторлық туынды.

Аталмыш кітапқа алғы сөз жазған қазақ халқының ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы былай деген: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер – білім даярлау керек». Автордың бұл еңбегі мынадай тараулардан тұрады: 1. «Күллі жер жүзінде» 2. «Мектеп жасына толмаған бала» 3. «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие не керек?» 4. «Мектептен бұрынғы тәрбиенің Россиядағы түрі» 5. «Бала бақшасы деген не?» Сол кездің өзінде шет елдердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарын зерделеу жүргізілгендігін осы кітаптың мазмұнынан айқын көруімізге болады. Мысалға, «Күллі жер жүзінде» атты алғашқы тарауында дүние жүзін мекен еткен Автор дамыған елдердегі бала бақшалардың мән-жағдайын көрсетіп баяндай келе, қазақ тұрмысында бала бақшаның болашақ ұрпақты тәрбиелеуде зор қызмет атқаратындығына зор сеніммен қарайды. [3]

Сонымен қатар, Италия балабақшаларының балаларға арналған құрал-жабдықтармен талапқа сай қамтамасыз етілгендіктерін, Швейцарияның Цюрих қаласындағы тастан жасалған мектептің бір

жағында мектепке жасы толмаған балалардың үйі бар екендігін және оның балалардың жас шамасына сай құралдармен жабдықталғандықтарын бейнелейді.

Шотландиядағы Эдинбург қаласындағы балалар бақшасын өз алдына ерекше етіп көрсеткен. Ол жерде күнделікті, таңертең ашық далада балалар бастары қосылғанда, кешкісін үйлеріне қайтарда бір-біріне «Амандық өлеңдерін» айтады дейді. Н. Құлжанова Европа елдеріндегі балалар бақшаларының өмірін үлгі ете отырып, күншығыстағы Жапония мемлекетіндегі балалар тірлігін де әңгімелейді.

Автор бұл еңбегінде ең бастысы бірігіп ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа, реттілікке, ұйымшылдыққа баулу, балалардың ойына, жас межесіне, қабылдау ерекшеліктеріне барлық жұмысты бағындыру, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау, өлең айту, сурет салу тағы басқа өнерлерін дамыту мәселелеріне көңіл бөледі. Болашақтағы қазақ балалар бақшасы сондай болса екен деп армандайды. [7]

Нәзипа Сегізбайқызы мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде оның жас ерекшеліктеріне назар аудару қажеттігін нақты мысалдармен түсіндірген. Ол баланың қалыппен дамуы үшін оған айтылатын сөз де, көрсетілетін қимыл да, үйретілетін тағылым да шамадан тыс көп болмау керек және тым ауыр болмауы ескерілуі шарт дейді. Мөлшерден артық тапсырмалар баланың дамуына кері әсерін тигізуі мүмкіндігін және баланың дамуы үнемі дәрігер мен педагогтың бақылауында болуы қажет дейді. Сол кездің өзінде оқымысты ғалымдардың үш жасар баланы зерттеу объектісі етіп алғандығын мысал етеді. Үш жастағы баланың даму ерекшелігін, білімге, зерттеуге, құпия ашуға құмарлығын мәлімдейді. Нәзипа Құлжанова баланың бойындағы білуге, тануға, ұғынуға, көруге, байқауға, өзінше қайталауға әуестігін тыйып тастамау керектігін, оларды бағыттап, алдында тұрған сауалдарды бірігіп шешуге ұмтылу қажеттігін, бала мүмкіндігіне қарай тұқым қуалаған мінездің әртүрлі құбылуын дәлелдеп көрсеткен. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке баруға дайындауды, оларға «Мен» түсінігін қалыптастыруды және де жас шамаларына байланысты даму деңгей ерекшеліктерін ғылыми түрде негіздеген. Сонымен қатар, балаларды мектепке толыққанды дайындау мәселелері бойынша қойылған сауалдарды жауапсыз қалдырмаған, ғылыми тұрғыда негіздеп берген. [9]

Н. Құлжанова мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде ойынның ерекше қызмет атқаратындығына айрықша көңіл бөліп былай деген: «Балаға керекті – ойын. Ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы ойын. Ойында бала көрген-білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып, бекітеді».

Нәзипа Сегізбайқызы дәрігерлік арнайы білімі жоқ болса да көптеген әдебиеттерді ақтара келе, бала мен ана денсаулығына қатысты пайдалы кеңестерді рет-ретімен оқушысына, қалың көпшілікке ұсынып, қазақ тарихында есімін қалдырған еліміздің көрнекті ұстазы. [8]

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова Л. Қарлығаш қаламдастар [Мәтін] / Ахметова Л. - Алматы : Қазақ университеті,
2. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының тарихы (Кеңестік дәуір-1920-1990) [Мәтін] : Мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы / Қалиев С. - Алматы : Білім, 1999. - 160 б.
3. Этнопедагогика [Мәтін] : оқулық / Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. - Астана : Фолиант, 2007. - 400 б.
4. Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы [Мәтін] : Оқу құралы / Қалиұлы С. - Алматы : Білім, 2003. - 280 б.
5. Қожақеев Т. Сара сөздің сардарлары [Мәтін] : Көмекші оқу құралы / Қожақеев Т. - Алматы : Санат, 1995. - 168 б.
6. Құлжанова Н. Халқыма деп іс қылдым [Мәтін] : Педагог, журналист, әдебиетші Нәзипа Құлжанованың мұрасы / Құлжанова Н. - Алматы : Рауан, 1993. - 168 б.
7. Хакімжанова М. Үш томдық шығармалар жинағы [Мәтін] : естеліктер, мақалалар. Т. 3, 2006. - 368 б.
8. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы [Мәтін] : 10 томдық. Т. 6 : Ұлттық тәлім-тәрбиелік ғылымдардың дамып, қалыптасу тарихынан : 1920-2000 жылдар. - Алматы : Сөздік - Словарь, 2009. - 400 б.
9. Әлемдік педагогикалық ой-сана [Мәтін] : 10 томдық / Қазақстан Республикасының байланыс және ақпарат министрлігі, Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі, БІ. Алтынсарин атындағы ұлттық білім беру академиясы. Т. 10 : XV-XX ғғ. қазақ ойшыл оқымыстыларының тәлім-тәрбие туралы ой-пікірлері. - Алматы : Таймас, 2010. - 400 б.
10. Бейсенова Ш. Дәстүр жалғастығы немесе журналдың алғашқы шығарушылары Сара Есова, Нәзипа Құлжанова, Нағима Арықова туралы [Мәтін] / Бейсенова Ш. // Қазақстан әйелдері. - 1995. - №9. - Б. 7-9

## ҰРПАҚҚА ҰРАН ҰЛЫ ЕСІМ

Бақытжан Мерей  
Жетекшісі Н.Т.Бегалиева

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің І курс студенті.  
Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы.

Нәзипа Құлжанованың көркемдік талғамы мейілінше таза, әділ парасатты, сезімтал екенін шығармалары нақтылап дәлелдеп айқындайды. Нәзипа Құлжанованың шығармалары тәрбиелік және танымдық жағынан мағынасы өте терең. Ағартушының дүние танымы дәрежесі мен әлемдік ғылымнан хабардар екені жарқырап көрінеді.

Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанова 1887 жылы Торғай облысының Жанкелдин ауданында дүниеге келген. Торғайда қазақ-орыс мектебінде оқиды. Бұдан соң, 1892 жылы Қостанайдағы қыздар гимназиясында түсіп, оны 1902 жылы үздік бітіреді. Сол жылы Торғайда мұғалімділікке тағайындалады. Нәзипа Сағызбайқызы өнер-біліммен ерте сусындап, бірінші орыс революциясына дейін-ақ қазақ қыздарының ішіндегі білімділердің бірі болған. Оның Торғайда Ыбырай Алтынсарин ұйымдастырған қазақ-орыс мектебінде оқып, тәрбиеленіп шығудың өзі көп нәрсені аңғартса керек. Өзінің ағартушылық-демократиялық қызметімен Қазан төңкерісінен бұрын-ақ танылып, есімі ел ішіне кең тарала бастаған еді. Төңкерістен кейін сол білімін өз халқының қажетіне жаратуға жұмсады.

Н.Құлжанова шығармаларының басым көпшілігі әлеуметтік мәселелерге арналған. Кейіпкерлері өзі өмір сүрген кезеңнің адамдары. Олардың біразы – дала өміріндегі озбырлық пен зорлықтың құрбаны болған, көкіректері шерге, көздері жасқа толы қорғансыз жандар. Мұндай қорлықты жағдайдан құтылудың жолы оқу, өнерге талпыну деп көрсетеді ол өз шығармаларында. Бұл жөніндегі негізгі ой түйіндері «Октябрь төңкерілісі және қазақ әйелі» деген публицистикалық мақаласында көрініс тапқан. Мұнда әйел теңдігі мен бостандығын ғана талап етіп қоймай, бостандық, теңдік алған қазақ әйелдерінің қоғам, халық алдындағы, болашақ ұрпақ өсіріп тәрбиелеудегі борышы да кең сөз болады.

1904 жылы Құлжановтар отбасы Семейге көшіп келіп, мұғалімдер семинариясына ұстаз болып орналасады. Семей елге танымал, зиялы қауым өкілдері шоғырланған мәдени орта еді. Осы кезеңнен бастап Құлжановтар отбасының ел қамы үшін қоғамдық-ағартушылық жұмыстары кең өріс алады. Өнер-білімге құштар, мәдени-саяси өмірдің ағымын бағыт-бағдар етіп, ұлттың сана сезімін ояту, ел ішіне білім, мәдениет сәулесін шашу мақсатында түрлі әдебиет пен өнерге байланысты іс-шаралар тек Семейде ғана емес, шалғайдағы ауылдарға барып ұйымдастырып өткізген. Осындай өткізілген мәдени ойын-кештерден түсетін қаржыны Н.Құлжанова Омбыда, Петерборда, Қазанда оқып жүрген қазақ студенттеріне жетімге аударып отырған. Ол халқының көзін ашып, оқу-білімге шақырып, сауатсыздықты жоюға, Қазақстандағы әйелдер қозғалысын өрістеуге белсене қатысып, Семей өлкелік «Қазақ тілі», «Таң» баспасөздер бетінде оқу-ағарту, тәлім-тәрбие, жаңаша салт-дәстүрді енгізу туралы терең ойлы мақалалар жазды. Н.Құлжанова «Еңбекші қазақ» газеті редакциясының алқа мүшесі, 1923-1929 жылдары «Әйел теңдігі» журналында мектепке дейінгі тәрбие бөлімінің меңгерушісі болып қызмет жасайды.

Нәзипа Құлжанованың бала тәрбиесіне байланысты педагогикалық тұрғыда жазған бірнеше кітаптары бар. В.И.Ленин атындағы ғылыми-көпшілік кітапхана қорында екі кітабы бар екені анықталынған. Қазақстан өлкелік әйелдер бөлімі мен Қазақстан Оқу Комиссариатының тәрбие бөлімінің тапсыруымен 1923 жылы «Мектепке дейінгі тәрбие» деген кітабы Орынборда 4000 дана тиражбен басылып шығарылған.

Нәзипа Құлжанова мектепке дейінгі бала тәрбиесінің мән-жайын кітаптың бес бөліміне бөліп баяндайды. Октябрь революциясына дейінгі Россиядағы мектепке дейінгі тәрбиенің түрлері, еңбекші халықтың балалырының ауыр халі жайында нақтылы деректер келтіре отырып, бала бақшасы деген не, ол қандай тәрбие бере алады деген сұрақтар қойып, соған педагогика ғылымына негіздей отырып түсінік беріп, шешімін табады.

Кітап совет өкіметі орнаған соң 6 жылдан кейін жазылып отырғанын, сол кездегі қараңғы, сауатсыз қазақ елінің жағдайын ескеріп, дәл сол дәуір үшін үлкен үгіт-насихаттың, педагогикалық мәні зор болды. Бұл кезде қазақ елінде мектепке дейінгі бала тәрбиесі туралы ғылыми-педагогикалық мәні бар кітап жазып, бұл тақырыптың соңына түскен адам жоқ еді. Н.Құлжанова сол олқылықтың орнын толтырып, Халық ағарту Комиссариатының сенімін ақтап, осы еңбегін жазып шыққан болатын. Кітаптың көлемі 36 бет, араб алфавитімен жазылған және араб алфавитімен басылып шығарылған. Кітаптың бірінші бетінде: «Элмедиген Тумин кітабының ізімен» деп жазуына қарағанда өзіне дейінгі жас бала тәрбиесіне арнап еңбек жазған педагогтердің кітаптарын оқи отырып, қазақ елінің ой-өрісін осы бағытқа бұруды алдына мақсат еткенің байқауымызға болады.

Нәзипа Құлжанованың екінші бір көлемдегі еңбегі-1927 жылы Қызылордада басылып шыққан «Ана мен бала тәрбиесі» деп аталатын кітапшасы. Шығарманың көлемі шағын, ал ішінде үлкен мән мен мазмұн жатыр.

Баланың дені сау азамат болып өсуіне тумас бұрын-ақ қажетті жағдай жасайтын қоғам дей келіп, әйел-ананың отбасы тіршілігіндегі жауаптылығын сезінуі, ол үшін әйел-ананың сауатын ашып, әркез оқып, іздену үстінде жүруі, өмір легінен қалыспауға тырысуы керектігін қатты ескертеді. Бұл кітапшада әйел-ананы дертке шалдығудан сақтандыратын кеңестері де баршылық. Әйелдің екіқабат және босану кезіндегі ескеретін жағдайлары одан кейін жас нәрестені күту ережелері тәптіштей сөз етіліп, күнделікті өмірге қажетті ақыл-кеңестер айтылады.

Нәзипа Құлжанова бала тәрбиесін екі жағдайға сабақтастыра қарайды. Алғашқысы-отбасындағы ата-ананың беделін сақтаудан туса, кейінгісі-бала тәрбиесінің жан-жақтылығын қадағалайтын әрекеттер. Отбасындағы бірлік, татулық, ананың денсаулығы, рухани дүниенің кеңдігі, бала тәрбиесіне тікелей әсер ететін жағдайлар деп санайды. Сондықтан дәрекі әрекеттердің әрекеттерінен, анаға деген феодалдық көзқарастарынан, әйелдің өз міндетіне салақ қарайтын жалқау, еріншек, жағымсыз қылықтарынан жирендіре, оларды жағымды да сүйкімді мінез-құлықтармен салыстыра екшеп, ойлануға жетелейді.

«Надан адам – жарым адам. Елдің анасы – әйел. Жарым әйел бүтін адам жасай алмайды. Елді қатарға кіргізетін білімді, өнерлі, еркін әйел» дегенінде қолына ту ұстаған қалпында жалынды ұран тастап тұрған қажырлы әйел тұлғасы елестемей ме?! Оның қолынан «Мектептен бұрынғы тәрбие» (Орынбор, 1923). «Ана мен бала тәрбиесі» (Қызылорда, 1927) дейтін кітаптар шыққан.

Асылы Нәзипа Құлжанова – ұлттық педагогика ғылымының қалыптасуы мен дамуына салмақты үлес қосқан салиқалы, зерделі зерттеуші.

Бұған «Мектептен бұрынғы тәрбие» туындысы толық дәлел. Баланы қалайша тәрбиелеп өсіруді, табиғи қалпын бұзбай, «мінсіз баулуды, ортасының әсер-ықпалын, қалайша дұрыс, жатық сөйлеуін, көркем мінез, келісті әдет дарыту, икем-бейімін арттыру, баланың саулығы, сезім мүшелерінің ақаусыз дамуы, жаратылыс дүниесін еркін қызықтауы, зейін-зердесінің тәрбиесі жан-жақты, терең, әсерлі баяндалады.

Бала өне бойы еркін ұнатқан нәрселерін шұқылап отырып, бұрап сындырып, мүшелеп әбден танып, қайта салыстырып, соны өзі жасамақ болады, нәм жасайды да. Бұл – баланың тағы бір артықша қасиеті, зерттеп тану құмарлығы. Бұл – жан-жақтағы жайнаған дүниені танытып, өзі де жасауға кірісу үшін жаратылыстың көкірегіне әуелден құйған құмарлығы.

Бұл қасиетін танымайтын надандар «Тиме!», «Сындырасың», «Шықпа, жығыласың», «Таста, бүлдіресің», «Үстіңді былғайды», «Әрі жүр, басымды ауыртпа!» деп зарлауымен баланың алайын деп отырған қанша білімін тағы да тамырынан қияды.

Бала ойнақшыған құлын-тайдай, желкілдеп еркін өскен қызғалдақ шөптей, кеңшілікті, еркіншілікті жақсы көреді. Жаратылыстың өз дүниесінде даланың кеңшілігінде, шалпылдап суына түсіп, жүгіріп, құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын, тоғай арасында сайрандап жүріп өссе, көңілі де, жан-тәні де бірдей тегіс өсіп, өркендемек. «Біз қала баласын суық тастың ішіне қамап, жаратылыстың шыншыл, таза, ертегідей құлпырған әдемі дүниесінен айырып, тірідей көміп, сөндіреміз» деген лебіздерінде зор мағына бар екені даусыз.



«Біз жастар ұлттық педагогика ғылымының қалыптасуы мен дамуына салмақты үлес қосқан Нәзипа Құлжанованың ойын ақтап жүрміз бе?»- деген сұрақ әрқайсысымыздың көкейімізде тұрады. Қазіргі таңда анамыздың ұлы арманын асқақтатып жатқан жастар қаншама?!

Өзіме тоқталсам Мектепті қызыл аттестатқа бітіріп, облысымыздағы ең мықты оқу орындарының бірі М.Мамаетова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде білім алудамын. Түрлі байқауларға қатысып, жүлделі орындар және Алғыс хаттармен марапатталдым. Бұл мен үшін үлкен жетістік болып саналады. Алдыма көптеген мақсаттар қойдым. Жыл басталғалы колледжіміздегі түрлі тәрбиелік іс-шараларға белсенді түрде қатысып, шығармашылық шыңдалудамын. Солардың біріне тоқтала кетсек. Колледждің «Мектепке дейінгі тәрбие» бөлімінде «Қазақтың қайсар қызы-Мәншүк» тақырыбында ғылыми жоба және апталық шаралар өткізілді.

Ғылыми жобада Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова қазақ халқының қаһарман қызы, бұл даңқты есіммен барша қазақстандықтар мақтанатындығы айтылды.

Биыл батыр Мәншүк анамызға 100 жыл, оқу орнына 90 жылдығын кең көлемде аталып өткелі жатыр. Мәншүк Батыр атағын Шығыс қыздарының арасынан бірінші болып алды. Күллі Азия елдерінің арасында Кеңес Одағының Батыры атағын алған қазақтың қос шынары, қос мақтанышы – Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова екенін зор мақтанышпен айтамыз. Батыр





қыздардың есімі халқымыздың жүрегінде мәңгілік маздайтын болады. Сонымен бірге Анд беріп «Жас сарбаздар» қатарына қабылдандым. Мен де Мәншүк анамыз секілді елімізді, жерімізді сүйіп, сақтайтын патриоты боламын.

Осылайша қатысқан әрбір іс-шаралардан өзіме ой түйіндеп, қорытынды жасаймын. Еліміздің өркендеуіне, оның әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті ел атануына өз үлесімді қосамын.

Қорыта айтқанда, Нәзипа Құлжанованың осынау қабырғалы шығармасының танымдық, тәрбиелік, тағылымдық мәні мейлінше терең. Оның дүниетаным дәрежесі, ой-өрісінің кеңдігі әлемдік ғылымнан мол хабардарлығы жарқырап көрінеді.

Қаламы аттай желген жазушы, аудармашы Н.Құлжанованың көңіл айнасы, ақыл таразысы, ой-санасы, көркемдік талғамы мейлінше таза, әділ, жоғары, парасатты, бекзат, сезімтал екендігін нақтылы дәлелдеп айқындайды.

Ұлт руханияты тарихындағы әйгілі қайраткер Нәзипа Құлжанованың ұстаздық, қоғамдық еңбегі, кесек ой-толғаныстары заманнан заманға ауысқан сайын жаңғыра бермек, миуа-жемісін төге бермек.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Халқыма деп іс қылдым.-Құраст.Рахима Сыздықова.Алматы «РАУАН» 1993-6 бет
2. Алғашқы қарлығаштар.-Құраст.Д.Дәуренбекова.Алматы: Қазақстан, 1993-17 бет.
3. Педагогика тарихы жалпы және мектепке дейінгі. Меңдаяхова Қ.,Тайтелиева Л.Р.,2017-73 бет.
5. Құлжанова Н. Ана мен бала тәрбиесі Қызылорда 1927.

## НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА – МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕНІҢ ЖАНАШЫРЫ

Бейсенова Айгуль Тураровна

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің «Гүлдер» Ашутасты бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Ашутасты ауылы

*Адамның адамишылығы –ақыл, ғылым, жақсы ата,  
жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.  
Абай Құнанбайұлы*

Нәзипа Құлжанова – ХХ ғасырдың басында өз халқын ілімге, мәдениетке шақырып, жаңалықтың жаршысы болған халқымыздың көрнекті ағартушысы, алғашқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш педагог, әрі-журналист-публицист.

Нәзипа Сағызбайқызы 1888 жылы Торғай облысы, Жангелдин ауданында қазіргі «Торғай» кеңшарында дүниеге келген. Балалық шағы қазақ ауылында, еңбекші бұқараның ортасында өткен. Ол Торғай қаласындағы қазақтың тұңғыш ағартушы-педагогі, демократ, ақын-жазушы Ыбырай Алтынсарин іргесін қалаған орыс-қазақ мектебін бітірген. 1902 жылы Қостанай қаласының Қыздар гимназиясын бітіріп, 1903-1904 жылдары қайта Торғай қаласына келіп, өзінің жастығына қарамастан 15 жасында әйелдер училищесінде мұғалімнің көмекшісі болып еңбек еткен. Одан кейін Орынбор қаласындағы Мұғалімдер семинариясын бітірген. 1905-1920 жылдары сол Семей Мұғалімдер семинариясында мұғалімдік қызметте болған.

Нәзипа Құлжанова 1923 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жайлы «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабын жазды. Бұл Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырысымен жазылған алғашқы авторлық туынды екенін атап өткен жөн.

Аталмыш кітапқа алғы сөз жазған қазақ халқының ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы былай деген: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер-білім даярлау керек». Автордың бұл еңбегі «Күллі жер жүзінде «Мектептен жасына бұрынғы тәрбиенің Россиядағы түрі», «Бала бақшасы деген не?» деген тауарлардан тұрады. Мысалы, автор «Күллі жер жүзінде» атты алғашқы тарауында дүние жүзін мекен еткен дамыған елдердегі бала-бақшалардың мән-жайын көрсетіп баяндай келе, қазақ тұрмысында бала бақшаның болашақ ұрпақты тәрбиелеуде зор қызмет атқарғандығына зор сеніммен қараған.

Н.С.Құлжанованың ағартушылық, ұстаздық еңбегінің тағы бір ірі көрінісі 1927 жылы Қызылорда қаласында 5000 данамен басылып шыққан- «Ана мен бала тәрбиесі» кітабы. Бұл кітап педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық кітап ретінде ұсынылды.

Көпке дейін Н.Құлжанованың аты аталмай, еңбегі толық зерттелмей келді. Торғай өңірінде туып, оқып, білім алған, кейін ерлі-зайыпты Нәзипа, Нұрғали Құлжановтар Семейдегі оқытушылар семинариясында мұғалімдік қызметте жүріп, талай Алаш арыстарын қанағаттандырады.

Жастайынан өжеттігімен, қайсарлығымен танылған Нәзіпа Семейде өзінің белсенділігін, қабылет-қарымын байқатып, 1914 жылы 26 қаңтарда Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай мәдениет қайраткері, өмірлік серігі Нұрғали Құлжанов екеуі Абай Құнанбаевты еске алу кешін өткізді. Қазақ, орыс тілдерінде жасаған баяндамасында «Абайды туғызған қазақ даласы тағы да талай Абай секілді, бірақ одан да артық данышпандар туғызады» деп түйіндеп тыңдаушыларын тәнті етті.

Н.Құлжанова алғашқы кезекте алдыңғы қатарлы орыстың педагог ғалымдарының бірсыпыра еңбектерін ана тілін есударған, сонымен қатар өзі де сан алуан мақалалар жариялай отырып, ата-аналар мен тәрбиешілер арасына мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу жұмысын кеңінен таратуға жәрдемдеседі. Алғаш ашылған балабақшалардың жұмыс істеуіне теориялық басшылық жасайды. Баланың ыстық-суығына, әрбір жетістігіне сүйсінбейтін ата-ана мен ұстаз жоқ шығар. Бүгінгі ұл-ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз-ертеңгі ана, ол шешеге қарап өседі, осыған қарағанда «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деп бекер айтылмаса керек.

Педагогикалық ғылымдардың дамуы барысында тәрбие беру жұмысы методикасы да өзіндік бағыт бағдары бар ғылыми пән ретінде қалыптастып және дамып келеді. Оның міндеті-тәрбие беру жұмысын ұйымдастырудың негізгі бағыттар мен принциптерін, формалары мен әдістерін ашып көрсету, педагогтарға тәрбие беру өнерін меңгеруіне көмектесу. Оның педагогикалық тәжірибеге ғана емес, тәрбие беру теориясы жөніндегі терең де жан-жақты білімге сүйене отырып меңгеруге болады.

Отбасы сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ «Адамның бақыты-балада» деген екен. Кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдыретті сөзін өлшемін өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мін бермеуі мүмкін. Біреу бақыттың байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты- тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек.

Нәзіпа Сегізбайқызы мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оларға айтылатын сөздің де, көрсетілетін іс-қимылдың да орынды, тағылымды болуын ескерткен. Танымал педагог бала бойындағы білуге, ұғуға, көруге әуестікті тыйып тастамай, оларды бағыттап, дамытып отыру қажеттігін нақты мысалдармен түсіндіріп берген.

Н.Құлжанова әнші болмаса да, қазақ әндерін нақышына келтіре орындайтын өнері болған. Ең маңыздысы - ол кісінің әншілігі емес, қазақ әндерінің нотаға түсуіне көмек көрсетуі. Ол кісі Затаевичке «Ғайни-ау, сәулем», «Қадыр зары» әндерін жаздырған.

Н. Құлжанованың өмірі мен қызметі, мұрасы тереңірек зерттеуді қажет етеді. Оның журналистік, аудармашылық қырын ашу келешектің еншісінде. Нәзіпа Құлжановадай қазақтың қайсар, қайраткер қызы, оның ғибратты ғұмыры, тағылымды мұрасы жайлы жастарымыз білгені абзал.

Қарап отырсақ, Құлжанова XX ғасыр басындағы орыстың көрнекті педагог ғалымы Н.Альмединген-Тумимнің мектепке дейінгі тәрбиеге қатысты көптеген еңбектерінің маңызды тұстарын ескере отырып, қазақ қоғамының ағартушылық ойларын, тәрбиенің ең қажетті саласын жаңалық ретінде оқырманға ұсынған. Қазақ ағартушылық идеяларын және педагогика тарихында мектепке дейінгі тәрбиенің іргетасын қалауға күш салғаны айрықша дәлел [3, 1926].

Атам қазақтың ертеден келе жатқан бала тәрбиесі мен ана мәселесіне қатысты ойларын ебастан тәрбиелеу» дейтін нақылды жазу барысында ұран етіп ұстаған. Оқулықта Н.Құлжанова қазақ тұрмысына әлемдегі дамыған елдердегі бала бақшалардың артықшылықтарын енгізсе, ұрпақ тәрбиелеуде зор үлесін тигізер еді деп санаған. Онда автор Италия мен Швейцарияның Цюрих қаласындағы бала бақшалары жөнінде жазған. Сонымен қатар Шотландияның Эдинбург қаласындағы балалар бақшасының өмірін өз алдына бөлектеп суреттеп жазды.

Н.Құлжанова әр елдің бала бақшаларындағы ерекшеліктерді көре білген. Ең бастысы бірігіп ойын ойнап, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа баулу, қабылдау ерекшеліктері, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау т.б. дамыту мәселелеріне көңіл бөлді. Н.Құлжанованың аса көңіл аударған мәселесі мектеп жасына толмаған баланы тәрбиелеу мәселесі. Ол мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде нақты мысалдар арқылы жас ерекшеліктеріне назар аударған. Автор осы пікірін әрмен қарай жалғастыра келіп, «Әрбір құлықты, жақсы адам мінезінің түпкі негізінде болатын еңбек ету, көңіл көтеру және денесі еліктегіш, талшыбықтай икемді, нәзік сезімді болып келеді» деп мектеп жасына дейінгі балалардың тыныс-тіршілігін сөз етеді. Н.Құлжанова баланы үйде, бала бақшада еңбекке бейімдей тәрбиелеудің маңызына тоқталады.

Қазіргі таңда міне сол ұлылап үндестігімен жас ұрпақты тәрбиелеу жолында жаңашылдықпен мектепке дейінгі мекемелерде қыруар жұмыс атқарылып, қызу еңбек жүруде. Осы тұста айта кеткен абзал, кез-келген технологияның маңызы оның құрылымымен анықталады. Технология белгілі бір мақсатты жүзеге асырады. Ол үшін құралдар пайдаланылады, әдістеме жоғары деңгейге дейін жетіледі де, күтілетін нәтижеге қол жеткізіледі.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат – міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл – парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу-біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

## Әдебиеттер тізімі:

1. Н.Құлжанова «Мектептен бұрынғы тәрбие» Орынбор 1923
2. Нәзипа Құлжанова-ағартушы, қайраткер Г.А.Карібжанова. Алматы «Арна» баспасы, 2004 ж.
3. «Бала тәрбиесі» журналы №12, 2009 ж.
4. «Жұлдыз» журналы, 1984 ж.
5. Ахметова Л. Нәзипа Құлжанова. Алғашқы қарлығаштар. Құрастырған.
6. Қалиев С.Қ. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы 2003ж.

## Н.С.ҚҰЛЖАНОВА МЕН М.О.ӘУЕЗОВ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ҮНДЕСТІГІ

Бекенова Мөлдір Еркенқызы

Жетекшісі: Турсынова Аяулым Қанағатқызы

М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің 2 курс студенті

Абай облысы, Семей қаласы



Әр халықтың әлеуметтік рухани болмысын қалыптасып, дамуына ерекше ықпал еткен ұлы тұлғалар болады. Олардан қалған асыл рухани қазына сол халықтың сарқылмас бай мұрасы ретінде сақталады. ХХ ғасырдың басындағы қазақ мәдениеті мен білімінде ерекше із қалдырған тұлға – Нәзипа Құлжанова.

Нәзипа Құлжанова- ағартушы, қоғам қайраткері, ұлағатты ұстаз. Ол өзінің қайталанбас шығармашылық қызметімен қазақ ұлтының мәдени дамуына, рухани қайта түлеуіне үлес қосты. Н.С.Құлжанова өз еңбектерінде білім беру, ағартушылық жайлы өзіндік ой пікірін білдіріп қана қоймай оңды баға беріп, ондағы өткір мәселелерді шешуге талпынған. Ұстаздық қайраткерлік еңбегінің бір ірі көрінісі- «Ана мен бала тәрбиесі» еңбегі. Ол еңбегінде әйел адамның халі, жағдайы, бала күту ережелері жазылған. Осы тұрғыдан алғанда Н.Құлжанованың еңбегіндегі астарлы ойлар М.О.Әуезов ойларымен ұштас келеді.

Осы жылы бүкіл ел болып 125 жылдық мерейтойын атап өткен жаңғар жазушымыз М.О.Әуезов-қазақ әдебиетінің классигі, қоғам қайраткері, филология ғылымының докторы, профессор. Қазақстан ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР Еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Ол өзінің қайталанбас шығармашылық қызметімен қазақ ұлтының мәдени, рухани шырқау биігіне рухани түлеуіне мол үлес қосқан асыл жан.



Қазақ халқы о бастан бала тәрбиесін бәрінен жоғары қойған. Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, сапалы білім бере білген.

М.Әуезов «Қазақтың өзгеше мінездері» атты мақаласында Абай Құнанбаевтың дәстүрімен халық тұрмысынан өсу, даму жағдайларын қозғап, соған кесір келтіріп отырған қазақ арасындағы «ұйымсыздық, күндестік, паракорлық, партия, әділетсіз, билік, әйелдің хәлі» деген сияқты түрлі кемшіліктерді сынып, сол кемшіліктерден құтылудың жолын іздестіреді, жұртшылықты соған шақырады. Педагогикалық тұрғыдан алып қарағанда балада анадан туа біткен белгілі идеялар мен түсініктер және өжет, жұмсақ немесе байсалды мінез болмайды. Баланың адамгершілік, әуестік, белсенділік және батылдық сияқты қасиеттері даму үрдісінде қалыптасады. Баланың дамуы және оның дүниені тануы түрлі әлеуметтік жағдайларға байланысты. «Адамдық негізі - әйел» атты мақаласында да Әуезов осы мәселені әрі қарай жалғастырып, халық тұрмысының, яғни мінез – құлқының өзгермей, өспей отыруының негізгі бір себебі – қазақ арасындағы әйелге деген көзқарасқа тікелей байланысты деп біледі. Әуезов алған тақырыбының ішкі астарына, түпкі тамыр-тереңіне тарихи салыстырулар жасайды. «Отан от басынан басталады» дегендей, әйелді қоғамдық ортаның ұйытқысы ретінде танытады. Ерлер жағы өздерімен өздері, салт ат, сабау қамшысымен бет-бетінде жүргенде төңірегін уыздай ұйытып, «балаларын баулып, асырып, үйлік ұйымының басын құраған - әйел». Өйткені адам қоғамындағы адамгершілік – ана тәрбиесінің нәтижесі. «Өмірде әділет, мархабат, махаббат деген нәрсенің атын естімеген ананың» адамды адамдыққа тәрбиелеудегі өрісі қандай болмақ? Демек, адам бойындағы жаман қылық, жат мінездің бәрі бас бостандығы жоқ, сондықтан екі үйдің арасындағы пыш-пыш өсек ғайбатта әрі асып ешқайда бара алмай қалған көрбала, бұйығы, рухани таяз әйелдің төмендігіне байланысты екенін дәлелдей келе «әйел басындағы тұман айықпай,

халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал қазақ мешел болып қалам демесең, бағылымыңды, бесігінді түзе! Оны түзейін десең, әйелдің халін түзе!» - деген қорытынды ойын айтқан.

Нәзипа Құлжанова «Ана мен бала тәрбиесі» атты еңбегінде: «Бала қалай бітеді, қалай дүниеге келеді, әйел босанған кезінде қалай күтінуі керек, жаңа туған баланы қалай тәрбиелеу дұрыс, баланы дұрыс тамақтандыру тәртібі қандай болуы қажет екендігін жазып ұсынған. Бастан, бала жастан түзу тәрбиелі өскен, дені таза болған адам өзі түгіл елді билеп, қамал бұзып жол бастайтын ер болады», - деп түйеді.

М.Әуезов өзінің «Мәдениетке қай кәсіп жуық?» атты мақаласында халықтың мінез-құлқына, сана-сезіміне, жалпы тұрмыс-халіне «сыртқы өмір ыңғайы, отырған жерінің табиғат жағдайы және тұтынған кәсібі әсер етеді», - деген зор мән мағынасы бар пікірді ұсынады. Сонымен қатар ол кісі тәрбиенің бала дамуындағы басты рөліне баса назар аудара отырып: «Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен ортасы, көрген үлгі-өнегесі, көпшілікті адамшылыққа жеткізу үшін жас буынды тәрбиелеу қажет» екендігін айта өтіп, «адамшылыққа таза жүргізу үшін көп ой керек, ойлау үшін оқу керек және де оқу әр тараптан мағлұматтар бере отырып, хақиқатқа баланың көзін жеткізіп, көңілін тек жақсылық пен тәрбие қылу керек...», - дейді.

«Әйел теңдігі» атты журналында Нәзипа Құлжанова «Бала ауруы», «Баланың жұқпалы аурулары», т.б. пайдалы кеңестері жас буынның дұрыс тәрбиеленуіне негіз болған мақалалардың бірі болған. Нәрестенің шыр етіп дүниеге келуі, өсуі, ержетуі, саналы азамат болып тәрбиеленуі жайлы басқа да түрлі пайдалы кеңестерді Н.Құлжанованың еңбектерінен айқын танып білуге болады.

М.Әуезов – журналист. Ол кісінің «Адамдық негізі - әйел» атты еңбегінде жазушы әйел тұрмысына, қоғамда алатын орнына азаматтық ой-пікір тұрғысынан пайымдаулар жасаған. Адам тәрбиесіндегі ананың, әйелдің алар орнын ерекше бағалай білген жас Мұхтар атамыздың толғақты мәселесі бүгінде қоғамның негізгі тақырыбына айналып отырғаны шындық.

Сонымен қатар Нәзипа Сегізбайқызы мектепке дейінгі педагогиканың негізін салушы. Алайда Кеңес заманында мектепке дейінгі мекемелер (балабақша) ашу Н.Құлжановаға оңайға соққан жоқ. Оның бірінші себебі балабақшаға арналған түрлі қажетті құрал-жабдықтарды (оқу құралдары, ыдыс-аяқ, ойыншықтар,) басқада заттарды алуға қаражат мәселесі кедергі келтірсе, екінші бір себебі жиһаздар мен ойыншықтарды шығаратын арнаулы өндіріс орындары болмады, үшіншіден мектепке дейінгі мекемеде қызмет ететін мамандар тапшы болды, төртіншіден қызметкерлерге арналған оқу-әдістемелік құралдары жетпегендігінен балабақша ашу мүмкін емес болды. Н.Құлжанова балаларды тәрбиелеудің түрлі жақтарын қарастырып, барлық мүмкіндіктерді жасай отыра баланы ұлттық ойындар, тәрбие аясында, баланы еңбекке тәрбиелеуді, ойыншықтың баланың қиялын дамытудағы басты құрал екендіктерін ескере отырып балалармен жұмыстар жүргізген. Нәзипа Құлжанованың еңбектері күні бүгінге дейін өзінің құндылығына қылау түсірмес аса құнды еңбек екені даусыз.

М.Әуезов өзінің мақалаларының тақырыбын тек қана баланың бойында қасиеттерді дарыту, бала қандай болу керек? тақырыптарымен ғана шектелмей сонымен қатар балаға мектепте барлығымен таныстырып тәлім-тәрбие беретін ұстаздар жайлы айта кеткен. Ең алдымен оқытушының өзінің бойында тек қана білім мен білікпен шектеліп қоймау керек, педагогикалық қызметте бейімділік, ынталылық, ұғымдылық болу қажеттігін айта кеткен. Ұлы Мұхтар Әуезов айтқандай «Ұлт боламын десең, бесігінді түзе!». М.О.Әуезов педагогтар мен психологтар жылдар бойы бақылаған баланың ойын іс-әрекетіне байланысты бірнеше қорытынды жасады. Ата-ананың тәрбиелеу әсеріндегі маңызды ерекшелігі, баланың дидактикалық ойындар ойнауы, рухани және ақыл-ой тәрбиесіндегі маңызы көп және сол үрдісте баланың еңбек құралдары, мамандықтары туралы түрлі заттардың ерекшеліктері туралы біліп, білімде, жұмбақта және жаңылтпашта жарысады.

Мектеп жасына толмаған баланың басты іс-әрекеті деген Н.Құлжанова – XX ғасырдың басында қазақ қоғамындағы ағартушылық идеяларды бағдарда ұстап, тәрбиенің ең бір түйінді саласын бала тәрбиесінің келелі жақтарын танытып, бала тәрбиесімен айналысушыларға ұсына білген, елдің мәдениеті мен білімін көтеруде қоғамдық істердің ұйымдастырушы болған қайратты да жігерлі, елінің жақтаушысы мен жол көрсетер шырағы болған ірі тұлға.

Еңбектері қазақ әдебиетінің баға жетпес мүлкіне айналған, М.О.Әуезов ой-өрісі кең, білім парасаты терең, өмірге құштар, болашаққа деген үміт арманы жоғары, қарапайымдылығы шын ғалым бойына сай, адамгершілікке, ізгілікке толы жүрегі пәк, жаны жас адам болды.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М.О. 20-томдық шығармалар жинағы. [16-том.] А. «Жазушы» 1984.
2. Әуезов М.Әдебиет тарихы. Алматы. «Ана-тілі» 1991.
3. Қалиев С.Қ. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. А., 2003.
4. Кәрібжанова Г.А. Нәзипа Құлжанова- ағартушы, қайраткер.- Алматы; Информ-Арна, 2004.
5. Мұхтар Әуезов тағылымы: Әдеби- сын мақалалар мен зерттеулер. (Құраст. Р.Нұрғалиев). – Алматы: «Жазушы», 1998.

## НАЗИПАНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ

Бекқасым Аруна Амантайқызы  
Жетекшісі: Хасенова Зайгүл Рашитовна  
Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің 3курс білім алушысы  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Нәзипа Құлжанова 1887 жылдың 27 шілдесінде Қостанай облысы, Жанкелді ауданында туып өскен. 1982 жылы Ленинградтағы Орталық Мемлекеттік архив деректері бойынша Торғай облысындағы бірден-бір оқу орны – Қостанайдағы орыс-қазақ әйелдер прогимназиясын бітірді (1898-1903).

1903-1904 жылдары Торғайдағы қыздар училищесін ойдағыдай аяқтап, біраз уақыт сол училищеде көмекші мұғалім болып тағайындалады. 1905-1920 жылдары Семей қаласындағы оқытушылар семинариясында ұстаздық еткен.

Қазақ қыздарының арасында тұңғыш рет Географиялық қоғамның мүшесі болған Нәзипа Құлжанова 1914 жылы 26 қаңтар күні Семей қаласында ұлы Абайдың қайтыс болғанына он жыл толуына орай әдебиет кешін ұйымдастырып, сол кеште орыс тілінде тамаша баяндама жасап шығады. Ақын Абайдың өлмес даңқының сыр-сипатына терең баға береді. Алғаш рет Абай өлеңдерінің орысша аудармасынан үзінділер оқиды. Бұл Нәзипа Құлжанованың ең басты тарихи еңбегі болып табылады.

Нәзипа Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңін орысшаға аударып таныстырады және 1915 жылы «Сибирский студент» журналының 3,4 сандарына бастырады. Ол өзінің мақалаларында әдебиет жайлы ойларын байқатып отырады. Өзінің «Қазақ» газетінің 1916 жылғы 164 санында «Әдебиетімізге көз салу» мақаласында Нәзипа «Қазақ әдебиеті болашақ дамуында орыс әдебиетінен үлгі алуға тиіс. Бұл мәселеде мен орыс, Европа әдебиетіне еру мақұлырақ болар деп шештім. Өйткені татарда – Тоқай, қазақта – Абай орыс әдебиетінің пікірлері, идеяларымен мәлім болады»-деп жазды. Дәл сол кез үшін оқыған қазақ әйелінің осындай пікір айтып, өзіндік ойын алға тартуы прогрестік іс еді.

Өлке тарихын зерттеуші Виктор Белослюдов Құлжанованың аудармаларына риза бола қарайды. Ол 1915 жылы «Сибирь студенті» журналындағы «Қазақ поэзиясы туралы» мақаласында «Біз, орыстар, Абай Құнанбаевты да, Ыбырай Алтынсаринді де білмейміз. Абай Құнанбаевтың төл шығармалары орыс тіліне аударылмады, әрі басылмады. Алтынсарин өлеңдерінің ішінде орыс тіліне аударылғанынан маған белгілісі біреу ғана. Ол – « Көктем». Ал Абай Құнанбаев өлеңдері ішінен белгілісі – «Желсіз түнде жарық ай». Бұл екі өлеңді де қазақ әйелі Нәзипа Құлжанова аударған» дейді.

Нәзипа Құлжанованың Совет өкіметі кезіндегі еңбегі, негізінен, әдеби-журналистикалық бағытта көрінді. Сара Есовамен бірге «Қызыл Қазақстан» журналында, «Әйел теңдігі» журналында, «Еңбекші қазақ», «Қазақ тілі» газеттерімен байланысты болып, әңгіме-очерктерін («Қайран қыз-ай», «Қадірлі Қайша» т.б.) жариялап тұрды.

Нәзипа Құлжанова Семей қаласында оқу-ағартушылық саласында елеулі еңбектер сiңiрдi, қазақ баспасөзінде қызмет атқарады. «Қазақ», «Сарыарқа» және «Алаш» газеттерінде әйел мәселесіне байланысты мақалалар жариялайды.

Ол Орыс Географиялық қоғамының мүшесі ретінде қазақ халқының тұрмыс-салт, әдет-ғұрыптарын, ауыз әдебиеті мен фольклорлық шығармаларын зерттеп, оларды кеңінен насихаттаумен айналысты.

1917 жылы Семей облыстық қазақ съезіне қатысып, оның төралқасы құрамына енеді. 1920 жылы Қырғыз АКСР Оқу ағарту комиссариатының қазақ тілінде оқулықтар, кітаптар шығару мен баспасөз істері жөніндегі комиссияның белді мүшесі болған. Осы қызметте жүріп, жаңа қазақ әліпбиін енгізу жөніндегі Орталық Комитеттің құрамына мүшелікке енген.

Нәзипа Құлжанованың бала тәрбиесіне байланысты педагогикалық тұрғыда жазған бірнеше кітаптары бар. 1923 жылы «Мектепке дейінгі тәрбие» деген кітабы Орынборда 4000 дана тиражбен басылып шығыпты. 1927 жылы «Ана мен бала» атты ғылыми-педагогикалық еңбектер жазды. Ол аудармашылық өнермен де айналысты. Оның бұл саладағы сүбелі еңбектері ретінде Г.В.Короленконың «Күн тұтылғанда» және В.Лавреневтің «Қырық бірінші» атты повестерінің аудармасын атауға болалы. Нәзипаның өзі көркем проза саласында еңбек етіп, «Есіл қыз-ай», «Маржан» атты әңгімелер жазды.

Нәзипа Құлжанова 1930 жылдардың басында Мәскеуге барып Н.К.Крупскаямен кездесіп көптеген ақыл-кеңестер алады. Өлі де еңбек етіп, көлемді туындылар жазбақ болған журналист, ағартушы Нәзипа Құлжанова 1934 жылы Алматы қаласында дүниеден өтеді.

Нәзипа Құлжанова өз дәуіріндегі саяси-әлеуметтік жайдан, экономикалық құрылыс қалпынан, медицина, педагогика ғылымдарының заман талабы алға тартып отырған міндеттерінен толық хабары бар білімді журналист, шебер педагог екенін айқын тани аламыз. Бүгінгі қолданылып отырған тәрбие түрлерінің алғашқы бастамасының негізін ана тілінде сөз етіп, түсіндіріп, жол көрсетіп кеткен –

Нәзипа Құлжанова. Нәзипа бүгін де еліне сол еңбегімен құнды. Сол еңбегімен ұмытылмайтын қадірлі қалпында есте сақталады.

Бүгінгі таңда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналуға. Дүниежүзінде білімнің әлеуметтік рөлі артып, адамның болашағы оның алған білім сапасының көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты болады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасы, әдістерін, технологиясын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген. Бұл білім мекемелерінің мұғаліміне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық нұсқаны кез келген үлгімен құруға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда. Атап айтқанда:

-Білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламасының нақтылауымен байи түсуде;

-Ақпараттық дәстүрлі әдістер ауызша және жазбаша, телефон немесе радио байланыс қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығыстырып орын беруде;

-Баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде.

Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге жол ашуда. Осы тұрғыдан алғанда, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттердің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияларды пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан мұғалімнің біліктілігін көтеру мен шығармашылық педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгеруі маңызды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Елбасының «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасы мен «Дарын», «Болашақ» бағдарламаларында, Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында оқушыларға нәтижеге бағытталған білім беру арқылы оның ресурстық мүмкіндіктері мен шығармашылық дағдыларын дамытуға қолайлы жағдай туғызу – ең негізгі міндеттер деп айқындалған. Қоғамдық дамудың қазіргі үрдісі әлемдік білім беру жүйесінің алдына жаңа әлеуметтік тапсырыс ретінде өз мақсатына іске асыру үшін өз іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған ақпараттарды орынды пайдалана білетін, түпті нәтижеге жету үшін әртүрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогіне түсе алатын білімді тұлғаны тәрбиелеу мәселелерін қойып отыр. Бұл мәселелерді оңтайлы шеше білу білім берудің әлемдік және ұлттық кеңістігіндегі іргелі проблема болып отыр. Оқу-тәрбие үрдісін білім беру тұрғысынан ұйымдастыруда жаңа технологиялар мен озат тәжірибелерге сүйене отырып тұлғаға бағдарланған білім беруде әлеуметтік-тұлғалық білімділікті өзектендіру арқылы оқу үрдісін өзгертуді зерттеу-педагогика ғылымында туындап отырған қазіргі негізгі міндеттердің бірі.

Білім беру тәсілдерін инновациялық технологиялар негізінде жетілдіру, оқыту мен тәрбиелеу ісін ізгілендіру, ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып даралап, саралап оқыту арқылы оқушыны дамытуда білім, білік, дағдыны жетілдіруге негізделген білім беру педагогикада адамның өзін тануын және тұлғаның психикалық, физикалық саулығын қамтамасыз ету мәселелерін алға шығарып отыр.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова Л. Нәзипа Құлжанова // Алғашқы қарлығаштар. Құрасырған Д.Дәуренбекова.-Алматы: Қазақстан, 1993.-17-29б.
2. Әділбекқызы Ж. Семей Орыс Географиялық қоғамы және қазақ зиялылары // Абай.-2004.-61-64б.
3. Қуантайұлы Н. Қазақтың алғашқы журналист қызы // Ертіс өңірі.-2003.-9 қазан.-29б.
4. Байжұманова Н. Ұлы ақынды ұлықтаған Нәзипа // Семей таңы.-2007.-30 тамыз.-3б.
5. Мағауина З. Қазақтың ардақты қызы // Семей таңы.-2007.-24 мамыр.-3б.
6. «Қазақстан мектебі» журналы, №10/2007, №1/2007, №2/2007.
7. «Мектеп» журналы, №11, 2009ж.
8. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы.2008. 6-б.
9. Абай атындағы ҚазҰПУ, «Педагогика» журналы, №6 // Алматы, 2003ж.

## Н.ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ӨЗЕКТІЛІГІ

Бидахметова Балжан Ерланқызы  
Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжінің  
«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының білім алушысы  
Ғылыми жетекшісі: Кудайбергенова Гульмира Кабылқалықовна,  
арнайы пәндер оқытушысы  
Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұны туралы сөз болғанда, Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанованың алатын орны ерекше. Өйткені қазақтың тұңғыш педагог-ғалым қызы бала тәрбиесіне байланысты педагогикалық тұрғыда бірнеше еңбектер жазған. Атап айтсақ: «Мектептен бұрынғы тәрбие» (1923ж.) және «Ана мен бала тәрбиесі» (1927ж.) атты еңбектері жарық көрген. «Мектептен бұрынғы тәрбие» еңбегі Орынборда 4000 данамен жарияланған. Н.Құлжанова шығармашылығында ана мен бала тәрбиесі, ұрпақ тәрбиесі бір-бірімен тығыз байланысты қарастырылады. Халқым деп қызмет еткен Құлжанова ұрпақ тәрбиесі туралы жазған еңбектерінде баланы тумас бұрын түрлі аурулардан сақтандырып, емдеуге бағыттайтын құнды кеңестер орын алды. Талантты ізденімпаз журналистің қаламынан туғандықтан, оның бұл жазғандары әлі күнге дейін өзінің өмірлік мәнін жоя қойған жоқ, ғылым, білім дамыған қазіргі заманда да көпке көмегін тигізетін мағлұматтар баршылық. Автордың бұл еңбегі бірнеше үлкен қалалардағы балалар үйлері мен балабақшалардың жай-күйлерін байқау, көңілге түйгендерін зерттей түсуінен туындаған. Ондағы жағдайларды суреттеп жазудағы мақсаты - оқырманның басқа мәдениетті елдердегі бала тәрбиесінен хабардар ету. Осы мақсатпен олардағы балалардың болашағына түзу, нысаналы бағыт беретін тәрбие жолдарын саралап, нақтылы көзге елестетеді, соларды көре жүріп, жұрт өзінде туындаған, осында, қазақ жерінде қолдануға меңзеген ой-түйіндерін жеткізеді.

«Мектептен бұрынғы тәрбие» деген еңбегі төмендегідей тараулардан тұрады: Кіріспе, сөз басы.

1. Күллі жер жүзінде.
2. Мектеп жасына толмаған бала.
3. Балаға тәрбие не үшін керек?
4. Мектептен бұрынғы тәрбиенің Ресейдегі түрі.
5. Балабақша деген не?

«Мектептен бұрынғы тәрбие» кітапта автор мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиялық, психологиялық ерекшеліктеріне тоқталған. Мысалы, ойын -оның шын тіршілігі. Төңіректегі нәрседен өзіне қызықтысы ғана көзіне түсіп ықылас тартады және бір мінезі сөйлеуге жалықпайды. Тынымсыз қимылының бәрі сөзімен жалғасып жүреді. Көрген нәрсесін айтқанда, ұмытқан жерлерін ойдан толықтырады, - деп осы жастағы баланың ойлау, сөйлеу, ерік-жігерін жетілдіруге баса назар аударады.

Кітаптың «Мектеп жасына толмаған балалар» бөлімінде автор сәбилердің туғаннан кейін оларды үлкендердің қалай тәрбиелеп келе жатқанына тоқталып, балаға жас ерекшелігіне қарай тәрбие беруді ұсынады. Бала - кішкене кісі табиғат заңына байланысты өсуі керек екенін біле бастады. Баланың толық адам болуы олардың өздерінің әрқайсысының ерекшелігіне байланысты. Баланың жан тәрбиесіне де әр кезеңде әр түрлі тәрбие беру керек делінген. Осы еңбектің «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие неге керек?» деген бөлімінде балабақшасында болмаған балалардың жағдайы туралы баяндайды. Балабақшасындағы жүгіру, іру, секіру, қағып алу, жоғары-төмен өрмелеу ойындарының дене мүшесінің жетілу, жаттығу, шынығу, ыңғайланудағы мәнін көрсетеді. Ал ойын, сурет, әңгіме жолымен балабақшасында ойлай білу, салыстыра білу, заттардың айырмашылығын сияқты ақыл-ойды дамыту істерінің маңызын сипаттайды. Балалардың басқа балалармен бірігіп әңгіме құруды үйренетіні, шыншыл, әдепті болудың бастамасы екенін айта келіп, осының бәрі балабақшасында жүзеге асырылатынын - мұнсыз толық адам болуға қажет заттар жетіспей жатыр еді,» - деген тұжырым жасайды.

Баланың келешегіндегі түрлі-түрлі білімнің негізі - осы ойын. Баланың сұрағына үлкендер жауап бермейді, оның білгенінің көбеюіне көңіл бөлмейді. Бала ойнақтаған құлын-тайдай, желкілдеген гүлдей өсуі керек. Көбелек қуып сайрандап жүрсе, жан-тәні жақсы өскен. Тәрбиеге бөгет болатын нәрсе баланы түсінбеушілік, балалық дәуірді де тез жойып жіберушілік,» - деген пікірінен қандай жағдайда болмасын, баланың жас ерекшелігін ескеру қажеттігіне баса назар аударғанын айқын байқауға болады.

Нәзипа Құлжанованың журналист, аудармашы, шебер педагог ретінде өз заманында мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесін жолға қоюға келелі үлес қосқанын көруге болады. Бұл еңбектің құндылығы Қазақстандағы мектепке дейінгі тәрбие жұмысын ұйымдастыру үшін дүниежүзілік, ресейлік тәжірибені талдай отырып, көшпелі қазақ еліне бала тәрбиесінің жаңа түрін, яғни балабақшада тәрбиелеу жөнінде нұсқау берілуінде. Сондай-ақ

Н. Құлжанованың келесі бір еңбегі «Ана мен бала». Еңбектің мазмұны дені сау азамат дүниеге келу үшін оған жағдай жасайтын қоғам екенін ескерте

отырып, ана мен баланың денсаулығының дұрыс болуы анаға байланысты деп, оларға да ақыл-кеңесін ұсынады. Әйелдерге сауаттарын ашуды, оқуға ынталануды, өмір талабынан қалыспауға тырысуды ұсынады. Бұл еңбектің құндылығы сонда - отбасында ата-ананың беделін сақтауды және балаға дұрыс тәрбие беру жолдарын қарастырады. Отбасындағы бірлік, татулық, ананың денсаулығы, рухани дүниесінің кеңдігі, бала тәрбиесіне тікелей әсер ететін жағдайлар деп санайды.

Нәзипа Құлжанова бала тәрбиесін екі жағдайға сабақтастыра қарайды. Алғашқысы - отбасында ата-ананың беделін сақтаудан туса, кейінгісі - бала тәрбиесінің жан-жақтылығын қадағалайтын әрекеттері. Отбасындағы бірлік, татулық, ананың денсаулығы, рухани дүниесінің кеңдігі, бала тәрбиесіне тікелей әсер ететін жағдайлар деп санайды. Кітапшадағы «Жүкті әйелдің күтімі», «Емшек баласын дұрыс емізудің тәртібі», «Емшек баласының дене тәрбиесі», «Баланың аурулары», «Баланың өсуіне күннің сәулесі қажет» дейтін тақырыптарда, міне, осы мәселе жан-жақты сөз етіледі.

«Мектептен бұрынғы тәрбие» еңбектің «Сөз басы», яғни алғашқысында Нәзипа Құлжанованың жаңа қоғамдық формация адам тәрбиесіне жаңаша мән беріп, зор қоғамдық мақсат қойып отырғаны баяндалған. Аталған еңбектің кіріспесін, яғни алғы сөзін оқу-ағарту саласындағы ірі тұлға, халқымыздың көрнекті лингвист-ғалымы, түрколог, ақын А.Байтұрсынов жазған еді.

Заман амалының жарысынан, заман күшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгіндегі адамға көп өнер-білім керек. Тіршілікте керек сол өнер-білімге баланы басынан даярлау керек деген соңғы заманда пікір күшейді. Оны күшейтіп отырған да тіршілік иесіне бұл күнде өнер-білімнің көп керектігі.

Баланы бастан даярлау деген - баланы жас басынан дұрыс тәрбиемен өсіру деген болады. Дұрыс тәрбиемен өскен бала тіршілік ісіне икем, бейнетіне берік болып өспек. Дұрыс тәрбиенің асылы - баланың тәні мен жанына керек деп танылған істерді істеу. Баланың тәні сәлемат, есі дұрыс, зейіні алғыр болып өсуіне керек істерді бала табиғатының тілеуімен, бала табиғатының әуенімен істеу-сол дұрыс тәрбиелеу болады. Мұның ең негізіне керек шарты - тәрбиелеу шарты - бала табиғатын жақсы біліп, бала табиғатын күштемеу, табиғат жолынан шықпау.

Бала бастапқы кезінде адамнан гөрі табиғатқа жақын... Оның өсуі, есеюі адам зорлауымен жүрмей, табиғат жолымен жүрмек. Адамның істейтін көмегі - баланың дұрыс өсуіне, есеюіне керек жағдайлы жай жасау. Әуелі балаға тәнінің саулығы керек. Тәні сау баланың жаны да сау болып, есі дұрыс, зейіні алғыр болып өспек. Зейіні алғыр болуы - адам тіршілігіне керек өнер-білім табуы табиғи жолмен болуға тиіс. Адамға іс үстінде пайда болған іс пенен ес қосылуынан өнер-білімді ойлап үйренбейді, істеп, түюден үйренеді. Тілді басқалардың сөйлесуінен үйренеді. Баланың еліктегіш табиғаты 3-тен 6-7 жасқа дейін күшті болады. Солай болған соң жас бала дұрыс тәрбие алып, дұрыс өсу, дұрыс білім үйрену үшін үлгісі дұрыс болу керек. Тілді дұрыс үйрену үшін маңайындағылар дұрыс сөйлеу керек, бала жақсылыққа үйрену үшін маңайындағылар жақсы қылықты болу керек. Мұның бәрін де бала табиғаты тілеуінше істеп, бала табиғаты сүйсе, қонбақ.

Бала табиғаты нені сүйеді? Бала табиғатының сүйетіні: жүру, жүгіру ойнай жүре бір нәрсені шұқынып істеген болу. Баланың ойыны қайсы, «жұмысы» қайсы, айыруға болмайды. Ойын да – ойын, «жұмысы да»- ойын, бәрін де ойын үстінде, ойын үшін істейді. Ойынға жүреді, жүгіреді, ойын үшін шұқынып іс істеген «жұмысына» қанағат болады. Ойын үстінде сөйлеседі, таласады, тартысады: ойын үстіндегі өнерлері ойынынан ойын шығарады, неше түрлі ойыншықтар жасайды. Жас балаларға жақсы іс, дұрыс білім үйрету дегенде мектеп балаларына сабақ үйрету, үлкендерге іс үйрету сияқты емес, әлгі айтылған сияқты балалар табиғаты тілейтін жөнмен үйрету айтылды, яғни баланы ойынына үйрету, қатыстыру арқылы ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балалар айырмастай, сезбестей етіп үйрету деп білу керек. Бала тәрбиесіндегі негізгі мақсат-баланың бетін жасынан түзеп, дұрыс білім, жақсы әдет, көркем мінез, таза қылық үйрету.

Н.Құлжанова жалпы мектеп жасына толмаған баланың тәрбиесінде ойынның ерекше қызмет атқаратынына айрықша көңіл бөліп былай деген: «Балаға керегі-ойын. Ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы ойын. Ойында бала көрген-білгендеріне еліктейді, үйренгенін нығайтып, бекітеді.»

Қазіргі таңда да осы идея жаңартылған түрде мектепке дейінгі білім беруде, жаңа құралдарды қолдануда алдыңғы орында өзекті. Балаларды ойын арқылы оқыту құралдары сан алуан, соның ішінде тиімді лэпбук интерактивтік құралын немесе ойын технологиясын атап айтуға болады .

Лэпбук-қалташалары, шағын кітапшалары, терезелері, қозғалмалы қосымшасы және өзге де көрнекі ақпараттары бар қолдан жасалған интерактивтік папка, бала оны өз қалауы бойынша алуына, аударуына және қаттап салуына болады. Онда белгілі бір тақырып бойынша материалдар жинақталады. Қысқаша айтқанда, лэпбук-балалардың оқу бағдарламасын қызығушылықпен меңгерулеріне көмектесетін педагогикалық жаңашылдық.

Лэпбук балаға өткен тақырыпты өз қалауы бойынша ұйымдастыруға, тақырыпты жақсы түсінуге және материалды есте сақтауға көмектеседі. Бұл өткен тақырыпты қайталау үшін тамаша тәсіл. Кез келген ыңғайлы уақытта бала жай ғана лэпбукты ашады және қуана-қуана өткен қайталайды, өз қолымен жасаған еңбекті қарастырады. Сонымен қатар бала өз бетімен жинауға және ақпаратты ұйымдастыруға үйренеді. Лэпбук топта сабақ жүргізгенде қолайлы, онда бір мезгілде әр түрлі жастағы балалар оқиды. Тапсырманы деңгейге қарай таңдауға болады (кіші топтағы балалар үшін –карточкалармен қалташа



немесе жануарлар пішінің, ал ересек немесе даярлық топтардағы балаларға жаза білуге және т.б. тапсырмалар) және осындай ұжымдық еңбек кітапшасын жасауға болады. Сондай-ақ ләпбука құру ересектер мен балалардың бірлескен қызмет түрлерінің бірі болып табылады.

Ләпбук арқылы келесі міндеттер атқарылады:

1. Балаларды ересек адамдармен және өзінің құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас құруға тәрбиелеу, бірігіп іс-әрекет жасауға үйрету.
2. Балалардың танымдылық белсенділігін, өзділігін дамыту.
3. Ойлау қабілеттерін, логикасын дамыту.
4. Балаларды өз бетімен ақпарат жинауға, өз қалауы бойынша материалды ұйымдастыру.
5. Жаңа тақырыпты дұрыс түсініп және есте сақтауға, алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолдану.

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды»- деп дана халқымыз бекерден бекер айтпаса керек. Ғылым мен техниканың жылдан жылға кең өріс алып, жедел қарқынмен дамуы, білім берудің алғашқы сатысы болып табылатыны – мектепке дейінгі мекемелерге де өз әсерін тигізуде. Осы мақсатты жүзеге асыруда Назипа Құлжанованың өз заманында қозғаған мәселелері, оны шешу жолдарында айтқан құнды идеялары қазіргі мектепке дейінгі тәрбиені ұйымдастыруда өзектілігін жоймаған. Осыған орай ойын технологиясының интерактивті құралы- ләпбук әдісін пайдалану мектепке дейінгі білім берудің тиімділігін арттыруда зор рөл атқарады. Бүгінгі күн талабы – баланың ақыл-ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі тәрбиенің негізін қалаушы- Назипа Құлжанованың жаңа қоғамдық формацияда жас ұрпақ тәрбиесіне жаңаша мән берген, балабақшаның педагогикалық үрдістерін ұйымдастыруда қосқан баға жетпес үлесін болашақ педагог мамандарға дәріптеп отыру маңызды.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Меңдаяхова Қ. Тайтнлиева Л.Р. Педагогика тарихы. Алматы 2017. 70-74б.б.
2. Назипа Құлжанова шығармалары.
3. Жиенбаева С.Н. Мектепке дейінгі педагогика. Оқу құралы. Алматы 2016. 14-20б.б.
4. «Ләпбук дегеніміз не және не үшін қажет?». <https://kopilkaurokov.ru/>.

## Н. ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМНІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Булбаева Лаззат Қазымбекқызы

«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Арқалық қаласы білім бөлімінің №10 жалпы білім беретін мектебі» КММ тарих және география пәні мұғалімі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Қостанай облысы, Арқалық қаласы

*«Балаға керегі – ойын.Ең мағыналы , пайдалы мектебі, бар қызығы ойын.Ойында бала көрген – білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып, бекітеді»  
Н.Құлжанова*

Қандай заман болса да, әр кезде қазақ халқы ақсақалдардың айтқан сөздеріне құлақ асқан. Мысалы, Абылай хан қалмақтардың тұтқынына түскенде Қазыбек би қоңтайшы қалдан – Сереннің бетіне тіке қарап, сөзін айтқан. Нәтижесінде Абылай ханды құтқарып алған.

Қазіргі кезде сөздің қадірін, бағасын білетін тұлғалар – қаламы ұшқыр, ойы өткір журналистер.қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист – Нәзіпа Сегізбайқызы Құлжанова.

Асылында мектеп киелі орын. Өткен тарихымызға көз жүгіртсек, мектеп ашу ісі тіпті ұлы ұстаз Ы.Алтынсаринге дейін қолға алына бастаған күрделі мәселе. Сондай қиын – қыстау кезеңде қазақ балаларының білім алу жағдайын ойлап, жас бүлдіршіндерге арналған білім ошағын ашу ісін қаймықпай қолға алған бірден бір жанашыр ұстаз – Н.Құлжанова болып табылады. Педагог ғалым – Н.Құлжанова Жангелді ауданында Ы.Алтынсарин ашқан мектепте оқып, кейін Орынбордағы мұғалімдер семинариясын 1914 жылы үздік бітірген. Нәзіпа Орынбордағы мұғалімдер семинариясында 1907-1914 жылдар аралығында оқып білім алған. Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттарын «Тән саулығы», «баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Заттың түр – түсін ажыратуы», «Бала тілінің шеберлігі», «Баланы еңбекке дағдыландыру», «баланың әдемілік сезімін ояту», «Бала ойындары мен ойыншығы», «Баланы көпшіл болуға баулу» деп жіктей келіп, осы мәселелердің әрқайсысының мән – мағынасын ашып талдайды. Н.Құлжанованың мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегінің құндылығы – біріншіден, оның қазақстан топырағындағы тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог –ғалым болуымен ерекшеленсе, екіншіден, Н.Құлжанова мектепке

дейінгі педагогиканы биология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастырады, үшіншіден, ол қазақ этнопедагогикасын әлем елдерінің этнопедагогикасымен үндестіре зерттеді, төртіншіден, Н.Құлжанованың еңбектерінде қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысы, сол уақыттағы ауыл мен қала өмірінің шындығынан алынған нақты көріністер айқын бедерленген. Ана мен бала тәрбиесі, әсіресе баланы мектепке дайындау жайында әдістемелік құралдар ана тілімізде күні бүгінге дейін тапшылық етуде. Олай болса, Н.Құлжанованың еңбектері күні бүгінге дейін өзінің құндылығына қылау түсірмес аса құнды еңбек екені даусыз.

Н.Құлжанова 1923 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жайлы «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабын жазған. Бұл Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырмасымен жазылған алғашқы авторлық туынды. Аталмыш кітапқа алғысөз жазған қазақ халқының ұлы перзенті А.Байтұрсынұлы былай деген: «Заман амалының жарысынан, заман көшiнiң қатарынан қалмай өмiр сүру үшiн бүгiнде адамға көп өнер – бiлiм даярлау керек». Автордың бұл еңбегі мынадай тараулардан тұрады:

1. «Күллі жер жүзінде»
2. «Мектеп жасына толмаған бала»
3. «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие не керек»
4. «Мектептен бұрынғы тәрбиенің Россиядағы түрі»
5. Бала бақшасы деген не?»

Сол кездің өзінде шет елдердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарын зерделеу жүргізілгендігін осы кітаптың мазмұнынан айқын көруімізге болады. Мысалға, «Күллі жер жүзінде» атты алғашқы тарауында дүние жүзін мекен еткен автор дамыған елдердегі бала бақшалардың мән – жағдайларын көрсетіп баяндай келе, қазақ тұрмысында бала бақшаның болашақ ұрпақты тәрбиелеуде зор қызмет атқаратындығына зор сеніммен қарайды.

Сонымен қатар, Италия балабақшаларының балаларға арналған құрал-жабдықтармен талапқа сай қамтамасыз етілгендіктерін, Швецарияның Цюрих қаласындағы тастан жасалған мектептің бір жағында мектепке жасы толмаған балалардың үйі бар екендігін және оның балалардың жас шамасына сай құралдармен жабдықталғандықтарын бейнелейді.

Шотландиядағы Эдинбург қаласындағы балалар бақшасын өз алдына ерекше етіп көрсеткен. Ол жерде күнделікті, таңертең ашық далада балалар бастары қосылғанда, кешкісін үйлеріне қайтарда бір-біріне «Амандық өлеңдерін» айтады дейді. Н. Құлжанова Европа елдеріндегі балалар бақшаларының өмірін үлгі ете отырып, күншығыстағы Жапония мемлекетіндегі балалар тірлігін де әңгімелейді. Автор бұл еңбегінде ең бастысы бірігіп ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа, реттілікке, ұйымшылдыққа баулу, балалардың ойына, жас межесіне, қабылдау ерекшеліктеріне барлық жұмысты бағындыру, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау, өлең айту, сурет салу тағы басқа өнерлерін дамыту мәселелеріне көңіл бөледі. Болашақтағы қазақ балалар бақшасы сондай болса екен деп армандайды. Нәзипа Сегізбайқызы мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде оның жас ерекшеліктеріне назар аудару қажеттігін нақты мысалдармен түсіндірген. Ол баланың қалыппен дамуы үшін оған айтылатын сөз де, көрсетілетін қимыл да, үйретілетін тағылым да шамадан тыс көп болмау керек және тым ауыр болмауы ескерілуі шарт дейді. Мөлшерден артық тапсырмалар баланың дамуына кері әсерін тигізуі мүмкіндігін және баланың дамуы үнемі дәрігер мен педагогтың бақылауында болуы қажет дейді. Сол кездің өзінде оқымысты ғалымдардың үш жасар баланы зерттеу объектісі етіп алғандығын мысал етеді. Үш жастағы баланың даму ерекшелігін, білімге, зерттеуге, құпия ашуға құмарлығын мәлімдейді. Назипа Құлжанова баланың бойындағы білуге, тануға, ұғынуға, көруге, байқауға, өзінше қайталауға әуестігін тыйып тастамау керектігін, оларды бағыттап, алдында тұрған сауалдарды бірігіп шешуге ұмтылу қажеттігін, бала мүмкіндігіне қарай тұқым қуалаған мінездің әртүрлі құбылуын дәлелдеп көрсеткен. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке баруға дайындауды, оларға «Мен» түсінігін қалыптастыруды және де жас шамаларына байланысты даму деңгей ерекшеліктерін ғылыми түрде негіздеген. Сонымен қатар, балаларды мектепке толыққанды дайындау мәселелері бойынша қойылған сауалдарды жауапсыз қалдырмаған, ғылыми тұрғыда негіздеп берген Н.Құлжанова мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде ойынның ерекше қызмет атқаратындығына айрықша көңіл бөліп былай деген: «Балаға керекті – ойын. Ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы ойын. Ойында бала көрген-білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып, бекітеді». Н.С. Құлжанованың ағартушылық, ұстаздық, қайраткерлік еңбегінің тағы бір ірі көрінісі 1927 жылы Қызылорда қаласында 5000 данамен басылып шыққан – «Ана мен бала тәрбиесі» кітабы. Бұл кітап педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық кітап ретінде ұсынылған. Нәзипа Сегізбайқызы дәрігерлік арнайы білімі жоқ болса да көптеген әдебиеттерді ақтара келе, бала мен ана денсаулығына қатысты пайдалы кеңестерді рет-ретімен оқушысына, қалың көпшілікке ұсынып, қазақ тарихында есімін қалдырған еліміздің көрнекті ұстазы.

Демек бүгінгі күні әлі де мәселеге айналып отырған балаға жас ерекшелігіне қарай тапсырма беру, баланы ойын арқылы сабаққа тарту, одан ешуақытта жылылық сезімін аямау, білуге құштарлығын сөндіріп алмау, әсіресе денсаулығын медициналық тексерістен өткізіп отыру сияқты өзекті тақырыптарды қамтиды. Керек десеңіз ұлы Абай шығармаларындағы адамгершілік тақырыбы да қаламынан тыс қалмаған.

Осы сынып тәрбиеленушілерімен жаңартылған бағдарлама бойынша жұмыс жасап келемін. «Заманына қарай талабы»- демекші қазіргі таңдағы балаларға осы бағдарлама өте тиімді демекпін. Бала өз ойын толық жеткізе алады, өз-өздерін бағалай біледі, топпен жұмыс жасай біледі. Осының барлығы ойын арқылы жүзеге асуда.

Ойын – бала табиғатымен егіз, ойында баланың қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өседі сондықтан біз әр сабағымызды ойын арқылы өткізуге тырысамыз. Сабақ өткізгенде тәрбие беруші өзі немқұрайлықпен қараса баланың да санасында еш нәрсе қалмайды, сондықтан да әр сабағымызды көтеріңкі көңіл күймен, актерлік шеберімізді көрсетіп, түсіндіретін нәрсемізді бала санасына жететіндей етіп нақты жеткізе білуіміз керек деп ойлаймын, сонда ғана оң нәтиже аларымыз анық, балаға дұрыс бағыт бағдар бере білуіміз керек, баланы қызықтыра білу керек. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға»-деген Абай тағылымының мәні, әрине тереңде жатыр. Қанша жыл мұғалімдік қызмет атқарсаң да, дәл бүгінгі сабағыңа сақадай сай дайын болып, сенен білім алғалы отырған жас жеткіншектерге жүрек жылуыңды бере отырып сабақ жүргізу-әр мұғалімнің міндеті. Өскелең ұрпаққа білім бере отырып, ел ертеңін қолға алар ізбасарларды тәрбиелеудемін. Бүгінгі ұрпақ-бақытты ұрпақ. Себебі, технологияның дамыған кезеңінде өмір сүріп жатқан жастарға алаңсыз білім алуға жан- жақты жағдай жасалған. Елбасының айырықша көңіл бөлуі нәтижесінде білім мекемелерін көбейту және олардың материалдық базасын заманауи қондырғылармен жабдықтау арқылы білім сапасын дамытуға барлық жағдай жасалып келеді. Осының барлығы білім сапасын арттыруға, кәсіби шеберлікті нығайтуға, мұғалімнің әлеуметтік мәртебесін жоғарылатуға ықпал ететіні сөзсіз. «Ұстаз деген ұлағатты атауды естігенде, күні бүгінге дейін өзімді шәкірттей сезінемін» деген Серке Қожамқұловтың сөзінен ұстаз қауымына деген үлкен құрметтеушілікті байқаймыз. Жақсы ұстазға екі ғана нәрсе керек, оның бірі- терең білім болса, екіншісі – үлкен жүрек. Балаға деген шексіз махаббаттың иесі болған ұстаз ғана өз еңбегінің жемісін көре алары сөзсіз.

Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы "Ұстаздық - ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз" деген. Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – мұғалім. Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек. Сондықтан ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін баршамыз мойындаймыз.

Жалпы айтқанда қазақ қыздарының арасында тұңғыш рет Географиялық қоғамның мүшесі болған Н.Құлжанова 1914 жылы 26 қаңтар күні Сем ей қаласында ұлы Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай әдебиет кешін ұйымдастырып, сол кеште орыс тілінде тамаша баяндама жасап шығады. Ақын Абайдың өлмес даңқының сыр – сипатына терең баға береді. Алғаш рет өлеңдерінің орысша аудармасынан үзінділер оқиды. Бұл Н.Құлжанованың ең басты тарихи еңбегі болып табылады. Бұны жазып отырған себебім география пәнінің мұғалімі болуымның себебінен Н.Құлжанованың да география ғылымына қосқан үлесі деген мақтаныш сеніммен қараймын.

Н.Құлжанованың бала тәрбиесіне байланысты педагогикалық тұрғыда жазған бірнеше кітаптары бар. 1923 жылы «Мектепке дейінгі тәрбие» деген кітабы Орынборда 4000 дана тиражбен басылып шыққан. Ол аудармашылық өнермен айналысты. Оның бұл педагогикалық еңбектері ретінде Г.В.Короленконың «Күн тұтылғанда» және В.Лавреневтің «Қырық бірінші» атты повестерінің аудармасын атауға болады. Нәзипаның өзі көркем проза саласында еңбек етіп, «Есіл қыз – ай», «Маржан» атты әңгімелер жазған.

Н.Құлжанова 1930 жылдардың Мәскеуге барып Н.К.Крупскаямен кездесіп көптеген ақыл – кеңестер алады. Әлі де еңбек етіп, көлемді туындылар жазбақ болған журналист, ағартушы Н.Құлжанова 1934 жылы Алматы қаласында дүниеден өтеді. Н.Құлжанова өз дәуіріндегі саяси – әлеуметтік жайдан, экономикалық құрылыс қалпынан, медицина, педагогика ғылымдарының заман талабы алға тартып отырған міндеттерінен толық хабары бар білімді журналист, шебер педагог екенін айқын тани аламыз. Бүгінгі қолданылып отырған тәрбие түрлерінің алғашқы бастамасының негізін ана тілінде сөз етіп, түсіндіріп, жол көрсетіп кеткен – Н.Құлжанова. нәзіпа бүгінде еліне сол еңбегімен құнды. Сол еңбегімен ұмытылмайтын қадірлі қалпында есте сақталады.

Бүгінгі таңда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналуға. Дүниежүзінде білімнің әлеуметтік рөлі артып, адамның болашағы оның алған білім сапасының көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты болады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасы, әдістерін, технологиясын таңауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген. Бұл білім мекемелерінің мұғаліміне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық нұсқаны кез келген үлгісімен құруға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуға. Бұл педагогика теориясы мен оқу – тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда.

Халқымыздың ұлы батыры Б.Момышұлы «ұстаздық – ұлы құрмет.себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді, тәрбиелейді...Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» деген.

Бала бойына ата –анадан кейінегі ақыл –ой, адамгершілік, ар –ұят, ұлттық сана – сезімді сіңіруші адам - мұғалім.

Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек.

Н.Құлжановадай қазақтың дара қызы да осы ұстаздықтың қыр сырын зерттей білген, бала тәрбиесі жолындағы еңбегі зор тұлға!

Мен де осы ұстаздық қызметім жолында қазақтың дара қызының үлгі - өнегесіе алу басты парызым деп санаймын.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова Л.Нәзипа Құлжанова// Алғашқы қарлығаштар. Құрастырған Д.Дәуренбекова – Алматы: Қазақстан, 1993 -17 – 29 бет
2. Әділбекқызы Ж. Семей Орыс Географиялық қоғамы және қазақ зиялылары// Абай – 2004, 61-64 бет
3. Қуантайұлы Н Қазақтың алғашқы журналист қызы// Ертіс өңірі 2003 9 қазан 29 бет
4. Байжұманова Н. Ұлы ақынды ұлықтаған Нәзипа// Семей таңы 2007 30 тамыз 3 бет
5. Мағауина З Қазақтың ардақты қызы// 2007 24 мамыр 3 бет
6. «Қазақстан мектебі» журналы №10/2007, №1/2007, №2/2007
7. «Мектеп» журанлы, №11, 2009 ж
8. ҚР «Білім туралы» Заңы. Алматы. 2008. 6-б
9. Абай атындағы ҚазҰПУ, «Педагогика» журналы, №6// Алматы, 2003ж

### «БІЛІМДІНІҢ ШЫРАҒЫ, СҰЛУЛЫҚТЫҢ ШЫНАРЫ»

Дәулетәлі Әйгерім Маратқызы

Жетекшісі: Оразова Гүлхашима Қуандықовна

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің 3 курс студенті

Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Ұлттық мәдениет, әдебиет, ғылыми тарихында көренекті педагог-оқымысты, журналист-көркемсөзші, жазушы әрі аудармашы Нәзипа Құлжанованың (1887-1934) қайраткерлік тұлғасы, озық та озат санаткерлік болмысы байтақ бір әлем. Н.Құлжанованың мамандығы –мұғалім. Оның есімі педагог, қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист, этнограф, аудармашы ретінде қазақ тарихында мәңгілік қалды. Құлжанова Нәзипа Сегізбайқы 1887 жылы 27 шілдеде Қостанай облысының Жангелдин ауданында дүниеге келген. Ол әуелде Торғайдағы орыс-қазақ мектебінде білім алып, 1902 жылы Қостанай қаласындағы қыздар гимназиясын тәмамдаған. 1903-1904 жылдары Торғайдағы училищеді мұғалімдік қызмет атқарған. Кейін Орынбор мұғалімдер семинариясын бітіріп, Мұхтар Әуезов білім алған Семей мұғалімдер семинариясында 1905-1920 жылдары ұстаздық етеді. Қазақ, орыс тілдерінде баяндама жасайды.Өрен ұйымдастырушы, ерен еңбекқор, ересек қабілетті Н.Құлжанова ұлт ақыны Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Жазғытұры» атты өлеңдерін орыс тілінде тәржімалап бастырды.

Нәзипа Құлжанова Қырғыз (қазақ) АКСР Оқу-ағарту халық комиссариатының қазақ тілінде оқулықтар, кітаптар шығару мен баспасөз істері жөніндегі арнаулы комиссия құрамында болған. Нәзипа Сегізбайқы мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оларға айтылатын сөздің де, көрсетілетін іс-қимылдың да орынды, тағылымды болуын ескерткен. Танымал педагог бала бойындағы білуге, ұғуға, көруге әуестікті тыйып тастамай, оларды бағыттап, дамытып отыру қажеттігін нақты салдармен түсіндіріп берген. Н.Құлжанованың кейінгі ұрпақтарға қалдырған өшпес мұраларының бірі – «Ана мен бала тәрбиесі» кітабы. Бұл оқу құралы педагогтарға, тәрбиешілерге, ата-аналар мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық ретінде көрсетілген. Ол 1927 жылы 5000 дана мен Қызылорда қаласында басылып шыққан.

Нәзипа –сан қилы талант иесі. Ол қазақтың алғашқы педагог қыздарының бірі ғана емес, сонымен бірге тұңғыш педагог-ғалым қызы да. Ол бұл тақырыпқа алғашқылардың бірі болып қалам тартты. Оқу комиссариатының арнайы тапсырысымен «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты оқу

құралдарын жазған. Бұл еңбегі 1923 жылы жарық көрді. Аталған кітапқа ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер –білім даярлау керек» деп, алғысөз жазған.



### **Нәзіпа Сегізбайқызы Құлжанова**

«Н.Құлжанова аудармашылық өнермен де айналысты. Оның бұл саладағы сүбелі еңбектері ретінде Г.В.Короленконың «Күн тұтылғанда» және В.Лавреневтің «Қырық бірінші» атты повестерінің аудармасын атауға болады. Нәзіпаның өзі көркем проза саласында еңбек етіп, «Есіл қыз-ай», «Маржан» атты әңгімелер жазды.

Н.Құлжанова өмірінің творчестолық беттері «Әйел теңдігі» журналымен де тығыз байланысты. Ол 1925-1929 жылдары осы журналдың жауапты хатшысы қызметін атқарды. Бұл журналда да Нәзіпа қаламынан туған мақала, очерк, әңгіме және аударма шығармалар басылды.

Ол орыс географиялық қоғамының мүшесі ретінде қазақ халқының тұрмыс-салт, әдет-ғұрыптарын, ауыз әдебиеті мен фольклорлық шығармаларын зерттеп, оларды кеңінен насихаттаумен айналысты. Ол 1920-1924 жылдары А.Бимбоэс пен қазақ музыкасының әйгілі зерттеушісі А.Затаевичке Абайдың бірнеше әндері мен қазақтың халық әндерін айтып, нотаға да түсірткен. Мұның бәрі Нәзіпаның шын мәніндегі сан қырлы талант иесі болғандығының айқын айғағы.

Нәзіпа Құлжанова бала тәрбиесін екі жағдайға сабақтастыра қарайды. Алғашқысы –отбасында ата-анасының беделін сақтаудан туса, кейінгісі –бала тәрбиесінің жан-жақтылығын қадағалайтын әрекеттер. Отбасындағы бірлік, татулық, ананың денсаулығы, рухани дүниесінің кендігі, бала тәрбиесіне тікелей әсер ететін жағдайлар деп саналады.

Нәзіпа Сегізбайқызы өнер-біліммен ерте сусындап, бірінші орыс революциясына дейін-ақ қазақ қыздарың ішіндегі білімділердің бірі болған. Оның Торғайда Ыбырай Алтынсарин ұйымдастырылған қазақ-орыс мектебінде оқып, тәрбиеленіп шығуының өзі көп нәрсені аңғартса керек. Өзінің ағартушылық-демократиялық қызметімен Қазан төңкерісінен бұрын-ақ танылып, есімі ел ішіне кең тарала бастаған еді. Төңкерістен кейін сол білімін өз халқының қажетіне жаратуға жұмсады. Н.Құлжанова шығармашылығында ана мен бала тәрбиесі, ұрпақ тәрбиесін бір-бірімен тығыз байланысты қарастырылады. Халқым деп қызмет еткен Құлжанова ұрпақ тәрбиесі туралы жазған еңбектерінде баланы тумас бұрын түрлі аурулардан сақтандырып, емдеуге бағыттайтын құнды кеңестер орын алды. Талантты, ізденімпаз журналистің қаламынан туғандықтан, оның бұл жазғандары әлі күнге дейін өзінің өмірлік мәнін жоя қойған жоқ, ғылыми, білім дамыған қазіргі заманда да көпке көмегін тигізетін мағұлматтар баршылық. Сәбилер мен мектеп жасына дейінгі балалардың өсіп, жетілу заңдылықтарын мектепке дейінгі педагогика ғылымы зерттейді. Бұл ғылым баланың тәні мен жан дүниесі, гигиена мен педиатрия, эстетика мен әдеп тіл білімі мен дене шынықтыру сияқты ғылымдарымен тікелей байланысты қалыптасты. Автордың бұл еңбегі бірнеше үлкен қалалардағы балалар үйлері мен балабақшалардың жай-күйлерін байқау, көңілге түйгендерін зерттей түсуінен туындаған. Ондағы жағдайларды суреттеп жазудағы мақсаты –оқырманның басқа мәдениетті елдердегі бала тәрбиесінен хабардар ету. Осы мақсатпен олардағы балалардың болашағына түзу, нысаналы бағыт беретін тәрбие жолдарын саралап, нақтылы көзге елестетеді, соларды көре жүріп, жұрт өзінде туындаған, осында, қазақ жерінде қолдануға меңзелген ой-түйіндерін жеткізеді.

Н.Құлжанова –әдебиетіміздің сол кездегі жай-күйі мен даму жолдарына да барлау жасаған әдебиет зерттеушісі. Ол өзі қазақтың жазба әдебиетінің атасы деп танылған Абай шығармасын зергерлікпен үңіледі. Абайдың ақындық бұлақ көзін ашқан әуелі шығыс әдебиеті, содан соң орыс әдебиеті деп топшылайды. Бұл пікір Нәзіпа орыс тіліндегі дүниелерді ғана оқып, үйреніп қоймай, шығыс әдебиетінен де хабардар болғанын көрсетеді.



## Нұрғали Құлжанов және жары Нәзипа Құлжанова

Нәзипа Сағызбайқызы – Қазақстанда әйелдер қозғалысын өрістетуге ісіне белсене араласқан, әйелдер бөлімінің жұмысына үлкен үлес қосқан қоғам қайраткері. Шығыс әйелдерінің I съезін ұйымдастыруда атқарған еңбегі ұшаң-теңіз. Республиканың жер-жерлеріне әйелдер арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге аянбай ат салысқан. Осы жұмыстарды жандандырып, оған бағыт беріп, ақыл-көмегін көрсетуге ауылдық, губерниялық уездік комитеттерде әйелдер бөлімінің құрылуына күш салған. Н.Құлжанованың өмірі қысқа болды. Өз халқы үшін барлық күш-жігерін сарқа жұмсаған Н.Құлжанова денсаулығынан айрылды. Ол ауру,

мүгедек деген атпен қызметтен мүлдем қол үзіп қалды. Сөйтіп, жазылмас дерке ұшырап, өмірі үзілген тұлғамыздың қысқв ғұмыры өте аянышты.

Халқым деп іс қылған –кезінде қолдан келгенінше қала, ауыл жастарына қол үшін беруден, ақыл-кеңестерімен дұрыс бағыт сілтеуден аянбаған, содан өздері де ләззат алып, рухани өсіп отырған абзал азамат Нұрғали мен Нәзипа Құлжановтардың есімдерін орнымен ескермеу тарих алдында ұрпақ парызын жеңілдете қоймаса керек.

### Әдебиеттер тізімі:

1. «Н.Құлжанова шығармалары» Алматы «Ана тілі» баспасы 2014 жыл. 44-45 бб.
2. «Халқыма деп іс қылдым» Алматы «Рауан» 1993 жыл. 10-12 бб.
3. «Алғашқы қарлығаштар» Алматы «Қазақстан» 1993 жыл. 17-19 бб.
4. «Жас өркен Қостанай» журналы 2012 жыл. 19 бб.
5. «Мектеп» журналы №116 2009 жыл

## Н. ҚҰЛЖАНОВА – МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ПЕДАГОГИКАНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Егамова Акмарал Нишоналиқизи

Жетекші: Кусаинова А.

Астана Халықаралық Университетінің педагогикалық колледжінің  
«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша I курс студенті.  
Нұр-Сұлтан қаласы

Н. Құлжанованың мектепке дейінгі білімнің дамуына қосқан үлесі

Су да болар ол жолда, тау да болар,  
Жаудың оғы – жайған тор, ау да болар.

Мынау пайда, мынау зиян демек,  
Ол ерліктің ісі емес, сауда болар.  
Шалдығатын, шаршайтын жерлер де бар,  
Шалдыққанға мұқалмас ерлер де бар.

Қайраттанып, қажымай тырмыссаң да,  
Шыққызбайтын жолыңда өрлер де бар, – деген өлең жолдары сонау Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары елімізде мектепке дейінгі мекемелер ашу ісі күрделі мәселе болып тұрған заманда қазақтың қайсар, педагог қызы Нәзипа Құлжановаға Ахмет Байтұрсынұлының арнауы екен.

Асылында мектеп киелі орын. Яғни адам баласының жаңа ғана былдырлап тілі енді шығып келе жатқан, аузынан ана сүті әлі де кеуіп үлгермеген жас бүлдіршін кезінен бастап оң мен солын

танығанша, адам болып қалыптасқанша білім нәрімен сусындайтын қасиетті шаңырағы. Өткен тарихымызға көз жүгіртсек, мектеп ашу ісі тіпті ұлы ұстаз Ы.Алтынсаринге дейін қолға алына бастаған күрделі мәселе. Сондай қиын-қыстау кезеңдерде қазақ балаларының білім алу жағдайын ойлап, жас бүлдіршіндерге арналған білім ошағын ашу ісін қаймықпай қолға алған бірден бір жанашыр ұстаз-Нәзіпа Құлжанова болып табылады. Педагог ғалым -Нәзіпа Құлжанова (1887 жыл 26-ы шілде-1934 жыл наурыз) Жангелді ауданында Ы.Алтынсарин ашқан мектепте оқып, кейін Орынбордағы мұғалімдер семинариясын 1914 жылы үздік бағамен бітіріп шыққан. Нәзіпа Орынбордағы мұғалімдер семинариясында (1907-1914) оқып білім алған. Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттарын «Тән саулығы», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Заттың түр-түсін ажыратуы», «Бала тілінің шеберлігі», «Баланы еңбекке дағдыландыру», «Баланың әдемілік сезімін ояту», «Бала ойындары мен ойыншығы», «Баланы көпшіл болуға баулу» деп жіктеп келіп, осы мәселелердің әрқайсысының мән-мағынасын ашып талдайды. Нәзіпа Құлжанованың мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегінің құндылығы – біріншіден, оның Қазақстан топырағындағы тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуымен ерекшеленсе, екіншіден, Н.Құлжанова мектепке дейінгі педагогиканы биология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастырады, үшіншіден, ол қазақ этнопедагогикасын әлем елдерінің этнопедагогикасымен үндестіре зерттеді, төртіншіден, Н.Құлжанованың еңбектерінде Қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысы, сол уақыттағы ауыл мен қала өмірінің шындығынан алынған нақты көріністер айқын бедерленген. Ана мен бала тәрбиесі, әсіресе баланы мектепке дайындау жайында әдістемелік құралдар ана тілімізде күні бүгінге дейін тапшылық етуде. Олай болса, бұдан 94 жыл бұрын жазылған Нәзіпа Құлжанованың еңбектері күні бүгінге дейін өзінің құндылығына қылау түсірмес аса құнды еңбек екені даусыз.

Нәзіпа Құлжанова 1923 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жайлы «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабын жазған. Бұл Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырысымен жазылған алғашқы авторлық туынды. Аталмыш кітапқа алғысөз жазған қазақ халқының ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы былай деген: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер – білім даярлау керек». Автордың бұл еңбегі мынадай тараудардан тұрады :1. «Күллі жер жүзінде»2. «Мектеп жасына толмаған бала»3. «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие не керек?»4. «Мектептен бұрынғы тәрбиенің Россиядағы түрі»5. «Бала бақшасы деген не?» Сол кездің өзінде шет елдердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарын зерделеу жүргізілгендігін осы кітаптың мазмұнынан айқын көруімізге болады. Мысалға, «Күллі жер жүзінде» атты алғашқы тарауында дүние жүзін мекен еткен Автор дамыған елдердегі бала бақшалардың мән-жағдайын көрсетіп баяндай келе, қазақ тұрмысында бала бақшаның болашақ ұрпақты тәрбиелеуде зор қызмет атқаратындығына зор сеніммен қарайды. Сонымен қатар, Италия балабақшаларының балаларға арналған құрал-жабдықтармен талапқа сай қамтамасыз етілгендіктерін, Швейцарияның Цюрих қаласындағы тастан жасалған мектептің бір жағында мектепке жасы толмаған балалардың үйі бар екендігін және оның балалардың жас шамасына сай құралдармен жабдықталғандықтарын бейнелейді. Шотландиядағы Эдинбург қаласындағы балалар бақшасын өз алдына ерекше етіп көрсеткен. Ол жерде күнделікті, таңертең ашық далада балалар бастары қосылғанда, кешкісін үйлеріне қайтарда бір-біріне «Амандық өлеңдерін» айтады дейді. Н. Құлжанова Европа елдеріндегі балалар бақшаларының өмірін үлгі ете отырып, күншығыстағы Жапония мемлекетіндегі балалар тірлігін де әңгімелейді. Автор бұл еңбегінде ең бастысы бірігіп ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа, реттілікке, ұйымшылдыққа баулу, балалардың ойына, жас межесіне, қабылдау ерекшеліктеріне барлық жұмысты бағындыру, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау, өлең айту, сурет салу тағы басқа өнерлерін дамыту мәселелеріне көңіл бөледі. Болашақтағы қазақ балалар бақшасы сондай болса екен деп армандайды. Нәзіпа Сегізбайқызы мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде оның жас ерекшеліктеріне назар аудару қажеттігін нақты мысалдармен түсіндірген. Ол баланың қалыппен дамуы үшін оған айтылатын сөз де, көрсетілетін қимыл да, үйретілетін тағылым да шамадан тыс көп болмау керек және тым ауыр болмауы ескерілуі шарт дейді. Мөлшерден артық тапсырмалар баланың дамуына кері әсерін тигізуі мүмкіндігін және баланың дамуы үнемі дәрігер мен педагогтың бақылауында болуы қажет дейді. Сол кездің өзінде оқымысты ғалымдардың үш жасар баланы зерттеу объектісі етіп алғандығын мысал етеді. Үш жастағы баланың даму ерекшелігін, білімге, зерттеуге, құпия ашуға құмарлығын мәлімдейді. Нәзіпа Құлжанова баланың бойындағы білуге, тануға, ұғынуға, көруге, байқауға, өзінше қайталауға әуестігін тыйып тастамау керектігін, оларды бағыттап, алдында тұрған сауалдарды бірігіп шешуге ұмтылу қажеттігін, бала мүмкіндігіне қарай тұқым қуалаған мінездің әртүрлі құбылуын дәлелдеп көрсеткен. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке баруға дайындауды, оларға «Мен» түсінігін қалыптастыруды және де жас шамаларына байланысты даму деңгей ерекшеліктерін ғылыми түрде негіздеген. Сонымен қатар, балаларды мектепке толыққанды дайындау мәселелері бойынша қойылған сауалдарды жауапсыз қалдырмаған, ғылыми тұрғыда негіздеп берген. Н. Құлжанова мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде ойынның ерекше қызмет атқаратындығына айрықша көңіл бөліп былай деген: «Балаға керегі – ойын. Ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы ойын. Ойында бала көрген-білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып, бекітеді». Н.С. Құлжанованың

ағартушылық, ұстаздық, қайраткерлік еңбегінің тағы бір ірі көрінісі 1927 жылы Қызылорда қаласында 5000 данамен басылып шыққан – «Ана мен бала тәрбиесі» кітабы. Бұл кітап педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық кітап ретінде ұсынылған. Нәзипа Сегізбайқызы дәрігерлік арнайы білімі жоқ болса да көптеген әдебиеттерді ақтара келе, бала мен ана денсаулығына қатысты пайдалы кеңестерді рет-ретімен оқушысына, қалың көпшілікке ұсынып, қазақ тарихында есімін қалдырған еліміздің көрнекті ұстазы.

Демек бүгінгі күні әлі де мәселеге айналып отырған балаға жас ерекшелігіне қарай тапсырма беру, баланы ойын арқылы сабаққа тарту, одан ешуақытта жылылық сезімін аямау, білуге құштарлығын сөндіріп алмау, әсіресе денсаулығын медициналық тексерістен өткізіп отыру сияқты өзекті тақырыптарды қамтиды. Керек десеңіз ұлы Абай шығармаларындағы адамгершілік тақырыбы да қаламынан тыс қалмаған.

Бала өз ойын толық жеткізе алады, өз-өздерін бағалай біледі, топпен жұмыс жасай біледі. Осының барлығы ойын арқылы жүзеге асуда.

Ойын – бала табиғатымен егіз, ойында баланың қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өседі сондықтан біз әр сабағымызды ойын арқылы өткізуге тырысаымыз. Сабақ өткізгенде тәрбие беруші өзі немқұрайлылықпен қараса баланың да санасында еш нәрсе қалмайды, сондықтан да әр сабағымызды көтеріңкі көңіл күймен, актерлік шеберімізді көрсетіп, түсіндіретін нәрсемізді бала санасына жететіндей етіп нақты жеткізе білуіміз керек деп ойлаймын, сонда ғана оң нәтиже аларымыз анық, балаға дұрыс бағыт бағдар бере білуіміз керек, баланы қызықтыра білу керек. Өз тәжірибем бойынша ойын арқылы өткізген сабақ пен ойынсыз өткізген сабақтың айырмашылығы өте көп екенін байқадым. Ойын арқылы өткізген сабақтың нәтижесін білу үшін қайталау сабақ жүргізгенімде балалардың есінде көп нәрсе қызығушылықпен қалады екен, ал ойынсыз өткізген сабақтың нәтижесін білу үшін қайталау сабақ жүргізгенімде балалардың кейбіреуінің ғана естерінде қалаыпты. Сондықтан қазіргі кезде әр сабағымды ойын арқылы өткізуге бел будым.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген Абай тағылымының мәні, әрине тереңде жатыр. Қанша жыл мұғалімдік қызмет атқарсаң да, дәл бүгінгі сабағыңа сақадай сай дайын болып, сенен білім алғалы отырған жас жеткіншектерге жүрек жылуыңды бере отырып сабақ жүргізу – әр мұғалімнің міндеті. Өскелең ұрпаққа білім бере отырып, ел ертеңін қолға алар ізбасарларды тәрбиелеудемін. Бүгінгі ұрпақ – бақытты ұрпақ. Себебі, технологияның дамыған кезеңінде өмір сүріп жатқан жастарға алаңсыз білім алуға жан-жақты жағдай жасалған. Елбасының айырықша көңіл бөлуі нәтижесінде білім мекемелерін көбейту және олардың материалдық базасын заманауи қондырғылармен жабдықтау арқылы білім сапасын дамытуға барлық жағдай жасалып келеді. Осының барлығы білім сапасын арттыруға, кәсіби шеберлікті нығайтуға, мұғалімнің әлеуметтік мәртебесін жоғарылатуға ықпал ететіні сөзсіз. «Ұстаз деген ұлағатты атауды естігенде, күні бүгінге дейін өзімді шәкірттей сезінемін» деген Серке Қожамқұловтың сөзінен ұстаз қауымына деген үлкен құрметтеушілікті байқаймыз. Жақсы ұстазға екі ғана нәрсе керек, оның бірі – терең білім болса, екіншісі – үлкен жүрек. Балаға деген шексіз махаббаттың иесі болған ұстаз ғана өз еңбегінің жемісін көре алары сөзсіз.

Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы "Ұстаздық - ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз" деген.

Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – мұғалім. Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек. Сондықтан ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін баршамыз мойындаймыз.

## Әдебиеттер тізімі

1. Нәзипа Құлжанова [Электрондық ресурс] : [өмірбаян] // Уикипедия – ашық энциклопедиясы : сайт. – Пайдалану орны : [https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9D%D3%99%D0%B7%D0%B8%D0%BF%D0%B0\\_%D2%9A%D2%B1%D0%BB%D0%B6%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D0%B0](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9D%D3%99%D0%B7%D0%B8%D0%BF%D0%B0_%D2%9A%D2%B1%D0%BB%D0%B6%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D0%B0) (25.02.2017)
2. Сүйінкина, П. Нәзипа Құлжанова – мектепке дейінгі тәрбиенің негізін қалаушы [Электрондық ресурс] : [өмірбаян] / П. Сүйінкина // Біздің Қостанай : сайт. – Пайдалану орны : <http://top-news.kz/index.php?np=00013550&nl=1&tp=N&npN=00013550&sR=61430745&npMWp=---&npAWp=&npWp=1&npKd=60480952> (25.02.2017)
3. Нұрланұлы, М. Нәзипа Құлжанова – қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист [Электрондық ресурс] : [өмірбаян] / М. Нұрланұлы // Қазақстан тарихы порталы : сайт. – Пайдалану орны : <http://e-history.kz/kz/publications/view/1234> (25.02.2017)



4. НАЗИПА ҚҰЛЖАНОВА ЕҢБЕКТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ [Электрондық ресурс] // Инфоурок : сайт. – Пайдалану орны : <https://infourok.ru/nazipa-lzhanova-ebekteri-zhne-azirgi-pedagogikani-zekti-mseleleri-konferenciya-722653.html> (25.02.2017)
5. Нәзипа Құлжанова (1887-1934) [Электрондық ресурс] : [өмірбаян] // Презентация : сайт. – Пайдалану орны : [http://referatizk.ru/load/aza\\_sha\\_referattar/aza\\_debieti/n\\_zipa\\_lzhanova/10-1-0-1110](http://referatizk.ru/load/aza_sha_referattar/aza_debieti/n_zipa_lzhanova/10-1-0-1110) (25.02.2017)

## **Н.ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ ӨМІРІ МЕН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМНІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**

Еркімбекова Зейнеп Ертайқызы  
Жетекшісі: Маханбет Ақмарал, п.ғ. магистрі  
«педагогика және психология» пәні оқытушысы  
«М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК  
Абай облысы, Семей қаласы

Құлжанова Нәзипа Сегізбайқызы (Сағызбайқызы) шілде айының 27-ші жұлдызында 1887 жылы Торғайда дүниеге келіп, 1934 жылы өмірден озды. Қостанай өңірінен шығып, есімі бүкіл қазақ еліне танылған аяулы қыздарымыздың бірі. Бастапқы мамандығы – мұғалім, мектепке дейінгі тәрбиенің негізін қалаушы. Оның есімі педагог, қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист, этнограф, аудармашы ретінде қазақ тарихында мәңгілік есте қалды.

Нәзипа Құлжанова 1887 жылы А. Байтұрсынов, М. Дулатов сынды дарабоз тұлғаларды дүниеге әкелген Қостанай облысының топырағы киелі Торғай өңірінде туды. Алдымен іргесін ұлы ағартушымыз Ы. Алтынсарин қалаған Торғайдағы орыс-қазақ мектебінде білім алып, кейін оқуын Қостанай қаласындағы қыздар гимназиясында жалғастырады. Оны 1902 жылы тәмамдап, Торғайда мұғалімнің көмекшісі болып істейді. 1903-1904 жылы 15 жасында Торғайдағы қыздар училищесінде мұғалімнің көмекшісі болды. Одан кейін Орынбордағы мұғалімдер семинариясын бітіріп, 1905-1920 жылдары Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясында ұстаздық етті. 1913ж «Азамат серіктігі» ұйымына кірді. 1915 жылы Петроградтағы мұсылман ауруханасы мен қазақ шәкірттеріне көмек көрсету мақсатында әдеби кештер ұйымдастырды. «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш» газеттеріне әйел мәселелерін қоғамдық деңгейде арнайы көтеріп, мақалалар жазды. 1917 жылы Семей облыстық қазақ съездына қатысып, оның төралқасы құрамына сайланды. 1920 жылы Қырғыз (қазақ) АКСР Оқу-ағарту халкомының қазақ тілінде оқулықтар, кітаптар шығару мен баспасөз істері жөніндегі арнаулы комиссияның мүшесі болды. Құлжанова осы қызметте жүріп, қазақтың жаңа әліпбиін енгізу жөніндегі комитеттің құрамына енді. 1922-1929 жылдар аралығында «Еңбекші қазақ» газеті мен «Қызыл Қазақстан», «Әйел теңдігі» журналдарының редакцияларында жауапты қызметтер атқарды.

1923 жылы Орынбор қаласынан Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» оқулығы жарық көрген еді. Бұл Қазақстан Оқу комиссариатының нұсқауымен арнайы басылған алғашқы туындылардың бірі. Кітапқа Ахмет Байтұрсынов алғысөз жазған болатын. Еңбек: «Күллі жер жүзінде», «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие не керек?», «Мектепке дейінгі тәрбиенің Россиядағы түрі», «Бала бақшасы деген не?» деген тараулардан тұрады. Осындағы алғашқы тараудан автордың сол кезде ақ шет елдердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарын зерделеуге ұмтылыс жасағанын айқын көреміз. Педагог Италия, Швейцария, Шотландия елдеріндегі балалар бақшасының тәжірибелерін үлгі етіп ұсынады. Құлжанова 1927 жылы Қызылорда қаласында «Ана мен бала тәрбиесі» әдістемелік кітабын баспадан шығарды. Бұл оқу құралы педагогтарға, тәрбиешілерге, ата-аналар мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық ретінде ұсынылған. Ол 1927 жылы 5000 данамен Қызылорда қаласында басылып шыққан. Автор бұл еңбегінде педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне бала мен ана денсаулығына қатысты пайдалы кеңестер береді.

Сондай-ақ, ол баланың еліктегіштік, айналаны танып-білуге деген құмарлық қасиетін жетілдіре тәрбиелеуге баса көңіл бөлуді қуаттайды. Қазақстанда алғаш көзі ашық қазақ әйелі ретінде Нәзипа әйелдер қозғалысының дамуына да үлкен үлес қосып, олардың қоғамдағы ұстанымдарының белсенді болуын қолдап отырды. Ол Бірінші Шығыс әйелдері съезінің ұйымдастырушылары қатарында болды. Педагог, журналист, әдебиетші Нәзипа Құлжанованың Халқыма деп іс қылдым атты Алматы Рауан баспасынан 1993 жылы 168 беттік үлкен еңбегі бар. Кітаптың алғышқы беті редакциядан деп, онда: Табиғат пен қоғам дамуының объективті заңдары бойынша өмір күн санап алға жылжып, ілгері дамып барады. Осы заңдылықтардың негізінде адамдардың санасы мен түсінігі де, білімі мен талғамы да үнемі өсу үстінде. Кешегі жағдайлар бүгінге өлшем емес, қайта бүгінгі жеткен биіктен қарағанда, олардың кейбірі аласарып, кейбірі көзден мүлде тасаланып, көрінбей қалып барады. Олардың біразы бүгінгі адамдардың биік талғамына татымай, қажетсіз болып қалатынына таңдануға да болмайды. Осындай түсінік тұрғысынан келгенде, Нәзипа Құлжанованың бұл мұрасы редакцияға келіп

түскенде, бұл еңбектерді талғамы да, білім дәрежесі де жоғары бүгінгі қазақ оқырмандарына ұсыну қажет пе, қажет емес пе дегеннің төңірегінде біраз ойлануға тура келді. Өйткені олардың ішінде бүгінгі талап - талғамға жауап бермейтіндері баршылық еді. Бірақ мәселені жан жақты бағдарлай келгенде, мынадай уш жағдай бұлардың басым көпшілігін міндетті түрде жариялау керек деген тоқтамға келтірді.

Біріншісі - Нәзипа Құлжанова өз халқының көпшілігі, оның ішінде, әсіресе, қазақ әйелдері оқу, білімнен қашық тұрған сонау Қазан төңкерісінен бұрын- ақ білімі, түсінігі жағынан сас биік деңгейден көрінген, сондай-ақ кзі оқып, біліп қана қоймай, білгенін, ойға тоқығанын білім дәрежесі төмен жатқан өз халқын көтеруге жұмсап, елі үшін шыр-пыр болған, өзінің қысқа ғұмырын сол ізгі мақсат үшін сарп еткен ең алғашқы қарлығаш екен. Біз мұндай жандарды ұмытуға, көзден таса, көңілден сырт қалдыруға қақымыз жоқтығын ұғындық. мұндай игі жандарды, асыл азаматтарымызды қазіргі және келер ұрпақтар ұмытпай, біліп отырулары тиіс екен.

Екіншісі - Нәзипа Құлжанованың өзі де, оның ойлау, жазу дәрежесі мен жазып отырған жағдайлары да - тарих еліміздің, халқымыздың сол тұстардағы тыныс- тіршілігі, жай- күйі. Біз бұларды ешқашан да ақ немесе қара бояулармен бояламамай, сол күйінде, сол қалпында танып-білуіміз керек. Сондықтан, бүгінгі күн талап -талғамы тұрғысынан қарағанда, автор жазбаларында стильдік, ойлау жағынан қалам тигізіп, ұштай түсіп жататын жақтары баршылық бола тұрса да, біз оларға қиянат жасамай, сол қалпында беруді жөн көрдік.

Үшіншісі - автор жазбалары Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары дүниеге келсе де, олардың ішінде бүгінгі оқырмандар да тағлым аларлық, үйренерлік, іс жүзінде пайданаларлық ақыл кеңестер, татымды ойлар, салмақты топшылаулар, қоғам, ел жағдайын танытарлық құнды дерктер де жетерлік. Бұл жинақ қалың оқырман қауымға осындай сипаттары жағынан ұсынылып отыр. Бүгін де мектепке дейінгі педагогика баланың дамуына бағыт беріп, белсенді түрде басшылық етуге негіздеген. Мұнда баланың мінез -құлқына өзгеріс енгізіп, ұйымшылдыққа, көпшілікке, мейірімділікке, еңбекке, т.б. ізгіліктерге баулу мақсаты қойылады.

Мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде ойынның ерекше қызметке ие екендігін Н. Құлжанова жете түсінген «Баланың керегі - ойын. Ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы ойын: ойында бала көрген-білгендерін еліктейді, үйренгендерін нығайтып, бекітеді» деп анықтай түседі.

А. Байтұрсынов, С. Торайғыров, С. Сейфуллин, т.б. ақындар Құлжановаға арнап өлең жазған болатын. Нәзипа аударма саласында да елеулі жұмыстар атқарып, қазақ оқырмандарын В. Короленконың «Күн тұтылғанда» (1923), А. Куприннің «Лапылдап жанған крейслер» (1927), Б. Лавреневтің «Қырық бірінші» (1928) сияқты шығармаларымен таныстырды. Арқалық қаласында және Семей қаласында бір көшеге ерлі-зайыпты Құлжановтар аты берілген. Ал Арқалықта Құлжанова атындағы колледж жұмыс істейді. Семейлік жас ғалым Г. Кәріпжанова баспадан «Нәзипа Құлжанова - ағартушы, қайраткер» деген жинақ шығарды (2004).

#### Әдебиеттер тізімі:

1. [Нәзипа Құлжанова — Уикипедия (wikipedia.org)]
2. [Нәзипа Құлжанова – қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист (e-history.kz)]
3. Құлжанова Н. Халқыма деп іс қылдым .Құрастырып, алғы сөзін жазған филология ғылымдарының кандидаты Рахима Сыздықова. Алматы: Рауан, 1993.-168б.

### МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ БОЛҒАН ТҮЛҒА

Иргебаева Айгуль Ержигитовна  
педагогика және арнайы пәндер оқытушысы  
Астана Халықаралық университетінің Педагогикалық колледжі  
Нұр-Сұлтан қаласы

Асылында мектеп киелі орын. Яғни адам баласының жаңа ғана былдырлап тілі енді шығып келе жатқан, аузынан ана сүті әлі де кеуіп үлгермеген жас бүлдіршін кезінен бастап оң мен солын танығанша, адам болып қалыптасқанша білім нәрімен сусындайтын қасиетті шаңырағы. Өткен тарихымызға көз жүгіртсек, мектеп ашу ісі тіпті ұлы ұстаз Б. Алтынсаринге дейін қолға алына бастаған күрделі мәселе. Сондай қиын-қыстау кезеңдерде қазақ балаларының білім алу жағдайын ойлап, жас бүлдіршіндерге арналған білім ошағын ашу ісін қаймықпай қолға алған бірден бір жанашыр ұстаз - Нәзипа Құлжанова болып табылады.

Су да болар ол жолда, тау да болар,

Жаудың оғы – жайған тор, ау да болар.

Мынау пайда, мынау зиян демек,

Ол ерліктің ісі емес, сауда болар.

Шалдығатын, шаршайтын жерлер де бар,

Шалдыққанға мұқалмас ерлер де бар.  
Қайраттанып, қажымай тырмыссаң да,

Шыққызбайтын жолында өрлер де бар, – деген өлең жолдары сонау Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары елімізде мектепке дейінгі мекемелер ашу ісі күрделі мәселе болып тұрған заманда қазақтың қайсар, педагог қызы Нәзипа Құлжановаға Ахмет Байтұрсынұлының арнауы екен.

Педагог ғалым –Нәзипа Құлжанова (1887 жыл 26-ы шілде-1934 жыл наурыз) Жангелді ауданында Ы.Алтынсарин ашқан мектепте оқып, кейін Орынбордағы мұғалімдер семинариясын 1914 жылы үздік бағамен бітіріп шыққан. Нәзипа Орынбордағы мұғалімдер семинариясында (1907-1914) оқып білім алған. Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттарын «Тән саулығы», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Заттың түр-түсін ажыратуы», «Бала тілінің шеберлігі», «Баланы еңбекке дағдыландыру», «Баланың әдемілік сезімін ояту», «Бала ойындары мен ойыншығы», «Баланы көпшіл болуға баулу» деп жіктей келіп, осы мәселелердің әрқайсысының мән-мағынасын ашып талдайды.

Нәзипа Құлжанованың мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегінің құндылығы – біріншіден, оның Қазақстан топырағындағы тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуымен ерекшеленсе, екіншіден, Н.Құлжанова мектепке дейінгі педагогиканы биология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастырады, үшіншіден, ол қазақ этнопедагогикасын әлем елдерінің этнопедагогикасымен үндестіре зерттеді, төртіншіден, Н.Құлжанованың еңбектерінде Қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысы, сол уақыттағы ауыл мен қала өмірінің шындығынан алынған нақты көріністер айқын бедерленген. Ана мен бала тәрбиесі, әсіресе баланы мектепке дайындау жайында әдістемелік құралдар ана тілімізде күні бүгінге дейін тапшылық етуде. Олай болса, бұдан 94 жыл бұрын жазылған Нәзипа Құлжанованың еңбектері күні бүгінге дейін өзінің құндылығына қылау түсірмес аса құнды еңбек екені даусыз.

Нәзипа Құлжанова 1923 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жайлы «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабын жазған. Бұл Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырысымен жазылған алғашқы авторлық туынды. Аталмыш кітапқа алғысөз жазған қазақ халқының ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы былай деген: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер – білім даярлау керек». Автордың бұл еңбегі мынадай тараудардан тұрады :1. «Күллі жер жүзінде»2. «Мектеп жасына толмаған бала»3. «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие не керек?»4. «Мектептен бұрынғы тәрбиенің Россиядағы түрі»5. «Бала бақшасы деген не?» Сол кездің өзінде шет елдердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарын зерделеу жүргізілгендігін осы кітаптың мазмұнынан айқын көруімізге болады. Мысалға, «Күллі жер жүзінде» атты алғашқы тарауында дүние жүзін мекен еткен Автор дамыған елдердегі бала бақшалардың мән-жағдайын көрсетіп баяндай келе, қазақ тұрмысында бала бақшаның болашақ ұрпақты тәрбиелеуде зор қызмет атқаратындығына зор сеніммен қарайды. Сонымен қатар, Италия балабақшаларының балаларға арналған құрал-жабдықтармен талапқа сай қамтамасыз етілгендіктерін, Швецарияның Цюрих қаласындағы тастан жасалған мектептің бір жағында мектепке жасы толмаған балалардың үйі бар екендігін және оның балалардың жас шамасына сай құралдармен жабдықталғандықтарын бейнелейді. Шотландиядағы Эдинбург қаласындағы балалар бақшасын өз алдына ерекше етіп көрсеткен. Ол жерде күнделікті, таңертең ашық далада балалар бастары қосылғанда, кешкісін үйлеріне қайтарда бір-біріне «Амандық өлеңдерін» айтады дейді. Н. Құлжанова Европа елдеріндегі балалар бақшаларының өмірін үлгі ете отырып, күншығыстағы Жапония мемлекетіндегі балалар тірлігін де әңгімелейді. Автор бұл еңбегінде ең бастысы бірігіп ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа, реттілікке, ұйымшылдыққа баулу, балалардың ойына, жас межесіне, қабылдау ерекшеліктеріне барлық жұмысты бағындыру, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау, өлең айту, сурет салу тағы басқа өнерлерін дамыту мәселелеріне көңіл бөледі. Болашақтағы қазақ балалар бақшасы сондай болса екен деп армандайды. Нәзипа Сегізбайқызы мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде оның жас ерекшеліктеріне назар аудару қажеттігін нақты мысалдармен түсіндірген. Ол баланың қалыппен дамуы үшін оған айтылатын сөз де, көрсетілетін қимыл да, үйретілетін тағылым да шамадан тыс көп болмау керек және тым ауыр болмауы ескерілуі шарт дейді. Мөлшерден артық тапсырмалар баланың дамуына кері әсерін тигізуі мүмкіндігін және баланың дамуы үнемі дәрігер мен педагогтың бақылауында болуы қажет дейді. Сол кездің өзінде оқымысты ғалымдардың үш жасар баланы зерттеу объектісі етіп алғандығын мысал етеді. Үш жастағы баланың даму ерекшелігін, білімге, зерттеуге, құпия ашуға құмарлығын мәлімдейді. Нәзипа Құлжанова баланың бойындағы білуге, тануға, ұғынуға, көруге, байқауға, өзінше қайталауға әуестігін тыйып тастамау керектігін, оларды бағыттап, алдында тұрған сауалдарды бірігіп шешуге ұмтылу қажеттігін, бала мүмкіндігіне қарай тұқым қуалаған мінездің әртүрлі құбылуын дәлелдеп көрсеткен. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке баруға дайындауды, оларға «Мен» түсінігін қалыптастыруды және де жас шамаларына байланысты даму деңгей ерекшеліктерін ғылыми түрде негіздеген. Сонымен қатар, балаларды мектепке толыққанды дайындау мәселелері бойынша қойылған сауалдарды жауапсыз қалдырмаған, ғылыми тұрғыда негіздеп берген.

Н. Құлжанова мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде ойынның ерекше қызмет атқаратындығына айрықша көңіл бөліп былай деген: «Балаға керегі – ойын. Ең мағыналы, пайдалы

мектебі, бар қызығы ойын. Ойында бала көрген-білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып, бекітеді». Н.С. Құлжанованың ағартушылық, ұстаздық, қайраткерлік еңбегінің тағы бір ірі көрінісі 1927 жылы Қызылорда қаласында 5000 данамен басылып шыққан – «Ана мен бала тәрбиесі» кітабы. Бұл кітап педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық кітап ретінде ұсынылған. Демек бүгінгі күні әлі де мәселеге айналып отырған балаға жас ерекшелігіне қарай тапсырма беру, баланы ойын арқылы сабаққа тарту, одан ешуақытта жылылық сезімін аямау, білуге құштарлығын сөндіріп алмау, әсіресе денсаулығын медициналық тексерістен өткізіп отыру сияқты өзекті тақырыптарды қамтиды. Нәзипа Сегізбайқызы дәрігерлік арнайы білімі жоқ болса да көптеген әдебиеттерді ақтара келе, бала мен ана денсаулығына қатысты пайдалы кеңестерді рет-ретімен оқушысына, қалың көпшілікке ұсынып, қазақ тарихында есімін қалдырған еліміздің көрнекті ұстазы.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Құлжанова, Н. Халқыма деп іс қылдым [Мәтін] : педагог, журналист, әдебиетші Нәзипа Құлжанованың мұрасы / Н. Құлжанова. - Алматы : Рауан, 1993. - 168 б.
2. Құлжанова, Н. Шығармалары [Мәтін] : мақалалар, очерктер, педагогикалық ой-пайымдар, аудармалар / Н. Құлжанова. - Алматы : Ана тілі, 2014. - 384 б.
3. «Мектепке дейінгі тәрбие» журналы, Алматы, 2011-12 ж

### **Н.ҚҰЛЖАНОВА - МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ПЕДАГОГИКАНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ**

Искакова Светлана Байкеновна  
М.Дулатов атындағы жалпы білім беретін мектебінің мұғалімі.  
Қостанай облысы, Жангелді ауданы, Саға ауылы

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында (1920 - 40 ж.ж.) Қазақстанда мектепке дейінгі мекемелер тұңғыш ашыла бастаған еді. 1930 жылдары бала бақша, балалар яслилерін ашу, сауатсыздар мектебін ашу сияқты күрделі де қиын мәселе болды. Оның себебі: біріншіден - мектепке дейінгі мекемелерді ашу үшін орасан мол қаржы керек болды (арнаулы үй, үй, жиһаз, оқу құрал-жабдығы, ыдыс-аяқ, ойыншықтар т.б. сатып алу қажет еді); екіншіден - балаларға арналған жиһаз, ойыншықтар шығаратын өндіріс орындары жоқ болатын.

Сондықтан оларды шет елдерден қымбатқа сатып алуға тура келді; үшіншіден - мектепке дейінгі мекемелерде қызмет ететін маман кадрлар жоқ еді. Оларды даярлайтын арнаулы оқу орындары болмады; төртіншіден - мектепке дейінгі мекеме қызметкерлеріне қажетті оқу-әдістемелік құралдар мүлде жоқ еді. Міне, осы проблемаларды шешу ісімен кеңес үкіметінің басқару мекеме басшыларымен бірлесе отырып А.Оразбаева, Н.Құлжанова, Ш.Шонанова, С.Есова сияқты көрнекті педагог қайраткерлер айналысты. Олар бұл істі батыс елдерінің педагог-қайраткерлері К.Цеткина, Н.К.Крупская, Е.Тасова т.б. іс-тәжірибелерінен үйренді. Олардың педагогикалық еңбектерін қазақ тіліне аударды. Сөйтіп, өздері де мектепке дейінгі тәрбиемен байланысты төл оқу-әдістемелік құралдар жазу, кадрлар даярлау істерімен шұғылданды. Мәселен, көрнекті педагог ғалым Назипа Құлжанова (1887-1934) Жангелді ауданында Ы.Алтынсарин ұйымдастырған мектепте оқып, кейін Орынбордағы мұғалімдер семинариясына түсіп, оны 1914 жылы үздік бағамен бітіреді. Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің жұмыс мазмұнын атқаратын қызметін айта келіп, баланы тәрбиелеп өсірудегі ұлттық ойындардың ерекшеліктеріне тоқталады. Үш және жеті жас аралығындағы балалардың физиологиялық ерекшеліктерін - бала әлемін сөз етеді. Әсіресе, жас баланың айналыны білуге деген құмарлығын, сөйлеуге, сұрақтар беруге бейім болатынын, сол арқылы ойы өсіп жетілетінін айта келіп, баланың ойын дамыту үшін олардың сұрақтарын жауапсыз қалдыруға болмайды. Қазақтар баламен сөйлесуге жете мән бермейді.

Сондықтан олардың сөйлеу мәдениеті жетілмейді дейді. Баланы табиғат аясында тәрбиелеудің, табиғат құбылыстары жайында үнемі әңгіме жүргізудің мәніне тоқталады.

Баланың дүниеге келуі, өсуі, жетілуі әдепті жағдай деген түсінік қалыптасып келген. Бұл жалғыз қазақ қоғамына тән құбылыс емес.

Болмысында сондай табиғи жағдай ретінде баланың өсіп-жетілуіне қарау басқа халықтар тарихында кездескен, тіпті адамзаттың бойына сіңіп кеткен әдет ретінде қабылдау да дұрыстыққа жатпайды. Ата-ана баланың жылдам ер жетіп, үлкендерге ұқсауын, үлкеннің мінезін, сөзін, іс-әрекетін қайталаса деп әрекеттенетіні бар. Баланың дүниеге шыр етіп келген шағынан мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі кезеңі өз алдына зерттеуді, жүйелеуді, жолға қоюды тілейтін ғылым екендігіне түсінікпен қарамау орны толмайтын олқылық. Баланы табиғат аясында тәрбиелеудің, табиғат құбылыстары жайында үнемі әңгіме жүргізудің тағылымдық мәніне терең тоқталады. Ол баланы жас

кезінен бастап табиғат аясында тәрбиелеудің эстетикалық әсерін айта келіп, «Бала даланың кеңдігінде шолпылдатып суға түсіп, жүгіріп құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын тоғай арасында сайрандай жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей өсіп, өркендемек» дегенді айтады. Автор осы пікірін әрі қарай жалғастыра келіп: «Әрбір құлықты, жақсы адам мінезінің түпкі негізінде болатын еңбек ету, көңіл көтеру және денесі еліктегіш, талшыбықтай икемді, нәзік сезімді болып келеді» деп мектеп жасына дейінгі балалардың тыныс-тіршілігін сөз етеді. Н.Құлжанова баланы үйде, балабақшада еңбекке бейімдей тәрбиелеудің маңызына жете мән береді. Ол үшін әр балабақша жанында биологиялық бұрыш, тәжірибе участогы болуы керек. Бала торғайды, қоянды, тотықұсты, кірпікшешенді, балықты өсіруді білсін, аулаға көкөніс, гүл отырғызып, су құюды үйренсін, сазбалшықтан ойыншықтар жасап үйренсін дейді. Нәзипа Құлжанова баланың санасын оятып, қиялын өсірудегі ойыншықтардың тәрбиелік рөліне ерекше мән береді. «Ойын баланың қиялын өсіреді. Ойнай білу дегеніміз – ойлай білуге үйрету» дейді. Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттарын «Тән саулығы», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Заттың түр-түсін ажыратуы», «Бала тілінің шеберлігі», «Баланы еңбекке дағдыландыру», «Баланың әдемілік сезімін ояту», «Бала ойындары мен ойыншығы», «Баланы көпшіл болуға баулу» деп жіктей келіп, осы мәселелердің әрқайсысының мән-мағынасын ашып талдайды. Нәзипа Құлжанованың мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегінің құндылығы – біріншіден, оның Қазақстан топырағындағы тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуымен ерекшеленсе, екіншіден, Н.Құлжанова мектепке дейінгі педагогиканы биология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастырады, үшіншіден, ол қазақ этнопедагогикасын әлем елдерінің этнопедагогикасымен үндестіре зерттеді, төртіншіден, Н.Құлжанованың еңбектерінде Қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысы, сол уақыттағы ауыл мен қала өмірінің шындығынан алынған нақты көріністер айқын бедерленген. Ана мен бала тәрбиесі, әсіресе баланы мектепке дайындау жайында әдістемелік құралдар ана тілімізде күні бүгінге дейін тапшылық етуде. Олай болса, бұдан 94 жыл бұрын жазылған Нәзипа Құлжанованың еңбектері күні бүгінге дейін өзінің құндылығын ерекшеленеді.

Н.С.Құлжанова тәрбиешілер мен ата-аналардың, бүлдіршіндердің мінезі, дүниені тануы, қалыптасуы төңірегінде қандай мәселерді білулері керек, мектепке дайындау барысында қадағалайтын жәйттер нелер – осының бәрі назардан тыс қалмайды. Ол мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде есекрілетін мәселелерді тізбелеп көрсетеді:

1. қимыл мүшелерін дұрыс билеу, жүру, жүгіру, қағып алу – осының бәріне ыңғайланып ептіленеді;
2. көру, есту, иіс сезу, түр-түсті ажырату қабілеттері қалыптасады;
3. сөйлеу, өз ойын шағын сөйлемдермен жеткізе білуге дағдыланады;
4. ойлау қабілеті күшейіп, тіпті шағын қорытындылар жасауға ұмтылыс жасайды;
5. өлең, әңгіме, сурет, ойын арқылы өз түсінігін қоршаған ортаға жарыққа шығарады;
7. өз дегеніне жетуге тырмысады, ойына алған ісін басқа жұрттың да орындауын қалайды;
8. таза, ұқыпты, жинақы болуды үйренгісі келеді;
9. бала табиғаты шындықты ұнатады.

Көрсетілген дағдылар мен әдеттерді игерген бүлдіршін мектепке барғанда балабақшасында тәрбие көрмеген балаларға қарағанда ерекшеленіп, тәрбиеге көнбіс, білімге ынталы болып келеді. Н.С.Құлжанованың ағартушылық, ұстаздық, қайраткерлік еңбегінің тағы бір көрінісі – «Ана мен бала тәрбиесі» 1927 жылы Қызылорда қаласында 5000 данамен басылып шыққан. Қазақстан өлкелік әйелдер бөлімінің ұйғарымымен, қолдауымен, тапсырмасымен жазылған. Мектептен бұрынғы тәрбие «Ана мен бала тәрбиесі» кітаптары мен денсаулық жайындағы топтама мақалалары Н.С.Құлжанованың ұстаздық жолы мен ағартушылық қызметімен зор мағынаға ие айтулы құбылыс екендігіне дәлел болмақ. Назипа Құлжанова Орынборда мұғалімдер семинариясында (1907-1914) оқып жүрген кезінде өзінің идеялық ұстазы А. Байтұрсынов Назипаға өлеңмен хат жолдап оқу инемен құдық қазғандай-ауыр іс. Оған асқан төзімділік, қажымас қайрат керек. Келешек ел үмітін ақтап шығар алғыр, турашыл, өр мінезді азамат бол дей келіп,

Су да болар ол жолда, тау да болар,

Жаудың оғы-жайған тор, ау да болар.

Мынау пайда, мынау зиян демек

Ол ерліктің ісі емес, сауда болар ? !

Шалдығатын, шаршайтын жерлер де бар,

Шалдыққанға мұқалмас ерлер де бар.

Қайраттанып қажымай тырмыссаң да,

Шыққызбайтын жолыңда өрлер де бар

- деп сол кездегі саусақпен санарлық бірді-екілі талапты қазақ қыздарының білім жолындағы қиын кедергілерді жеңіп шығуына ағалық ақыл-кеңесін береді. Н.Құлжанова 1914-1920 ж.ж. Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқытушы, 1920-22 ж.ж. Ақмолада оқытушы, 1923-25 ж.ж. «Қызыл Қазақстан» журналының әдеби қызметкері, 1925-29 ж.ж. «Еңбекші қазақ» газетінде, «Әйел теңдігі» журналында қызметтер атқарады. 1934 жылы Ақмолада қайтыс болады. Н.Құлжанова 1925-29 ж.ж. М.Горькийдің, В.Г.Короленконың, А.Куприннің, В.В. Лаврененконың, Н.К. Крупскаяның еңбектерін

қазақ тіліне аударды. 1919 жылы Семей қаласында Ж.Аймауытов, М.Әуезовтермен бірге Абай мұраларын насихаттаумен айналысып, Семейде Абайдың қайтыс болғанына 15 жыл толуына байланысты әдеби кеш өткізіп, Абайдың ақындық творчествосы жайында екі тілде (орысша, қазақша) баяндама жасайды. Осы кеште М. Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасынан үзінді қойылады. Артынан концерт болады. Оған өнер саңлақтары И. Байзақов, Ә. Қашаубаев, Абайдың әнші шәкірті Әмбағамбет, Қ. Сәтпаев Ж. Аймауытовтар қатынасып Абай өлеңдерін оқып, Абай әндерін орындайды. Н.Құлжанова А.Байтұрсыновтың ұстаздық үлгісінен нәр алған адам. Ол өзі педагогикалық екі еңбек жазды. Оның бірі «Мектептен бұрынғы тәрбие» (1923) деп аталса, екіншісі, «Ана мен бала» деп аталады. Н.Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты еңбегіне А.Байтұрсынов кіріспе сөз жазып, бұл еңбектің «Қазақстан топырағындағы жаңа тақырыпқа арналған тың туынды» деп жоғары баға береді. Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттары «Тән саулығы», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Заттың түр-түсін ажыратуы», «Бала тілінің шеберлігі» «Баланы еңбекке дағдыландыру», «Баланың әдемілік сезімін ояту», «Бала ойындары мен ойыншығы», «Баланы көпшіл болуға баулу» деп жіктей келіп, осы мәселелердің әр қайсысының мән-мағынасын ашып талдайды.

Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегінің құндылығы біріншіден, оның Қазақстан топырағында тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуымен ерекшеленсе, екіншіден Н.Құлжанова мектепке дейінгі педагогиканы биология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастырады, үшіншіден - ол қазақ этнопедагогикасын әлем елдерінің этнопедагогикасымен үндестіре білді, төртіншіден - Н.Құлжанованың еңбектерінде қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысы, сол уақыттағы ауыл мен қала өмірінің шындығынан алынған нақты көріністер айқын байқалады.

Ана мен бала тәрбиесі, әсіресе баланы мектепке дайындау жайында әдістемелік құралдар ана тілімізде күні бүгінге дейін тапшылық етуде.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Нәзипа Құлжанова. Г.А. Карібжанова. Семей 2012ж.
2. Н.Құлжанова – ағартушы қайраткер. Г.А. Карібжанова. Алматы «Арна» баспасы, 2004ж.
3. Тәлім тәрбиесі. С.Қалиев., Қ.Жарықбаев Алматы «Жалын» 1986 ж.
4. 2007 жылдағы 27 шілдедегі 319№ III «Білім туралы заңы»

### НАЗИПА СЕГІЗБАЙҚЫЗЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ОРНЫ

Исмагулова Венера Жумағалиевна  
Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі,  
а.ш.ғылымдарының магистрі,  
«Мектеп» бөлімінің меңгерушісі  
Қостанай облысы Арқалық қаласы

Назипа Құлжанова-Қазақстандағы әйелдердің қоғамдағы рөлі мен өмірі туралы мақалалар Шығыстың, Торғай елінің көптеген әйелдерін білімге ұмтылуға итермелеген алғашқы журналист, педагог. Оның арқасында біз Абайды білеміз, өйткені ол өзінің шығармашылығын әлемге бірінші болып ашты. Назипа әйелдер қозғалысын дамытуға көп күш жұмсады, әйелдердің қоғамдағы белсенді позицияға деген ұмтылысын қолдады. Ол Шығыс әйелдерінің бірінші съезін ұйымдастырушылардың қатарында болды.

Ұлы қазақ әйелі, педагог-ағартушы Құлжанова Назипа Сегізбайқызының өмірі мен тағдыры туған халқына қызмет етудің үлгісі болып табылады.

Биыл 2022 жылы Қазақстанның педагогикалық қоғамдастығы қазақтың ұлы ағартушысы, педагог, журналист, орыс Географиялық қоғамының мүшесі Құлжанова Назипа Сегізбайқызының туғанына 135 жыл.

Назипа Құлжанова 1887 жылы Торғайда дүниеге келіп, Ыбырай Алтынсарин негізін қалаған орыс-қазақ мектебінде оқыды. Содан кейін Торғай әйелдер гимназиясында оқуын жалғастырды.

Ол оқуын үздік аяқтап, үздік диплом алды. Он бес жасар гимназиялыққа «Благопрание и успехи», еңбекқорлығы мен мақсаткерлігі үшін атаулы сыйлық - орыс ақыны В.Жуковскийдің шығармалары табыс етілді. Назипа орыс білімін алған алғашқы қазақ әйелі болды.

1902 жылы Назипа Шұбар болыс мектебінің мұғалімі Нұрғали Құлжановпен танысып, кейіннен тұрмысқа шығады. 1905 жылы олар Семейге көшті. Мұнда күйеуі ашылған мұғалімдер семинариясында жұмыс істейді және орыс тілі мен әдебиеті сабақтарын жүргізеді.

1913 жылы Назипа Орыс Географиялық Қоғамының Семей бөлімшесінің «Азаматтық серіктері» («Азамат серігі») тобының мүшесі болды.

Семейдегі жұмыс Назипаға Ұлы Абайдың отбасымен, сол кездегі көптеген танымал қайраткерлермен жақынырақ танысуға мүмкіндік берді, олардың арасында жер аударылған революционерлер де болды. Семей Географиялық қоғамының мүшесі-қызметкері бола отырып, ол әдеби-музыкалық және этнографиялық кештер ұйымдастырады, оның пікірінше, олардың танымдық мәні зор. Назипа Құлжанова Абайдың ақындық шығармашылығын қазақ және орыс халықтары арасында алғашқы насихаттаушы болды. Ол Абайдың «махаббат туралы», «Желсіз түнда жарық ай» («Желсіз түнгі ай») өлеңін орыс тіліне аударған. Соңғысының аудармасы 1915 жылы "Сібір студенті" журналында басылды.

Назипа Құлжанова ұйымдастырған екінші үлкен мәдени шара 1915 жылы 13 ақпанда өткен әдеби-музыкалық қайырымдылық кеші болды. Осы оқиғаға «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті өз жазбаларын арнады.

Назипаның әдеби-музыкалық кештерді өткізудегі тәжірибесі ұлттық театрдың қалыптасуында пайдаланылды. Өз қызметінде ол жастарды тәрбиелеу және халықтың мәдени қайта өрлеу мәселелерін үнемі көтеріп отырды.

1917 жылы Назипа Семей облысы қазақтарының съезіне қатысып, съезд Басқармасының құрамына кіреді.

1920 жылы Назипа Құлжанова оқулықтар, кітаптар дайындау, Баспа ісі жөніндегі Қазақ Автономиялық Республикасының Халық Ағарту Комиссариаты комиссиясының құрамына кірді.

1922 жылы Назипа «Еңбекші қазақ» газетінің редакциялық алқасының мүшесі болды.

1920-1922 жылдары Ақмолада (қазіргі Астана) мұғалім болып жұмыс істеді. 1923-1925 жылдары – «Қызыл Қазақстан», «Әйелдер теңдігі» журналдарында жұмыс істеді және «Айқап», «Қазақ», «Бірлік туы», «Алаш» газеттерінде мақалалар жариялады. 1925-1929 жылдары Н.Құлжанова — «Әйел теңдігі» қоғамдық-саяси және әдеби-көркем журналының жауапты хатшысы. Оның өтініші бойынша орыс композиторы Александр Затаевич «Гай-ау, саулем», «Қадырдың жылауы» әндеріне музыка жазды.

Күйеуі қайтыс болғаннан кейін, Назипа екі жыл бойы Ақмола қаласында мұғалім болып жұмыс істейді. 1923 жылы ол «Қызыл-Қазақстан» журналына ауысып, журналистика және әдеби-аудармашылық қызметпен тығыз айналысады. Орыс жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аударады. Атап айтқанда, ол В.Г. Короленко мен Б. А. Лавреневтің, ал қазақ кітаптары - орыс (Ы. Алтынсарин «Весна») тілдеріне аударылды.

Қазақстанның алғашқы ағартушы әйелдерінің бірі бола отырып, ол әйелдер қозғалысын дамытуға көп күш жұмсады, әйелдердің қоғамдағы белсенді ұстанымға ұмтылысын қолдады. Ол Шығыс әйелдерінің бірінші съезін ұйымдастырушылардың қатарында болды.

Назипа Құлжанова Қазақстанның көптеген мерзімді басылымдарында материалдар жариялап, аударымдармен айналысқан. Оның кітаптары да болды. Ол 1923 жылы Орынборда шыққан «Мектепке дейінгі тәрбие» («Мектептен бұрынғы тәрбие») және 1927 жылы жарық көрген «ана мен бала» («Ана мен бала») кітабының авторы. Олардың екеуі де бүгінде өзекті.

Оның «ана мен бала» кітабы Ана мен қазақ әйелінің педагогикалық білім беру мәселелеріне арналған, мемлекеттік тілде педагогикалық әдебиет болмаған жағдайда маңызды рөл атқарды.

«Мектепке дейінгі тәрбие» жұмысында қазақ даласындағы мектепке дейінгі тәрбиенің негізгі міндеттері ашылады.

Назипа Құлжанова 1934 жылы қырық алты жасында қайтыс болып, шағын, бірақ Елеулі Шығармашылық мұра, мақалалар, кітаптар, аудармалар қалдырды.

Н.С. Құлжанова қазақ педагогикасының дамуына үлкен, баға жетпес үлес қосты, мектепке дейінгі мекемелерді ұйымдастыруға белсенді қатысты.

2005 жылы наурыздың 3 жұлдызында Қазақстан Республикасы Үкіметінің №200 қаулысы бойынша Қостанай облысы Арқалық қаласының Торғай гуманитарлық колледжі Құлжанова Назипа Сегізбайқызының атына ауыстырылды. Қазіргі таңда Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі деп аталады.

Құлжанова Назипа Сегізбайқызының педагогикалық рухы әліде тірі және Торғай өңірінің білім алушыларына педагогикалық білімге үлесін қосуда.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Г. Кәрібжанова «Нәзипа Құлжанова» «Интеллект» баспа үйі Семей, 2012 жыл.
2. Қостанай таңы №110 саны Мұратқали Қамалұлы. Ұлы Отан соғысының ардагері. «Нәзипа мен Нұрғали» мақаласы

## РОЖДЕННАЯ БЫТЬ ПЕРВОЙ

Касымканова Алмагуль Мустафовна  
РГП «Детский сад «Қарлығаш» МЦ УДП РК  
Учитель английского языка  
г.Нұр – Сұлтан

«Только образованная, умелая, свободная женщина, способна вывести свой народ на уровень передовых народов».

Назипа Кулжанова.

Дошкольное воспитание и обучение является самым молодым уровнем образования и насчитывает всего 254 года. Первое дошкольное учреждение для детей младше 6 лет было открыто во Франции в 1740 году. Используемый нами термин «Детский сад» был введен в 1840 году немецким педагогом Фридрихом Вильгельмом Августом Фрëбелем. Созданный Ф. Фрëбелем «Институт игры и деятельности для игр и занятий взрослых с детьми дошкольного возраста» в г. Благенбурге был переименован в «Детский сад».

Пристальное внимание дошкольному уровню образования основано на базе того факта, что дошкольное воспитание является первым и ключевым звеном в формировании основных базовых компетенций человека. Исследования показывают, что наиболее бурный рост мозга человека происходит до 3 лет. Именно в это время наиболее активно формируются высшие когнитивные, мозговые функции ребенка, а именно: память, внимание, психомоторная координация, речь, счет, мышление, ориентация, сенсорика, слух, зрение и язык.

По данным «Института развития и исследований детей раннего возраста» развитие памяти ребенка зависит от формирования нейронных связей (синапсов). Для укрепления синапсов необходимо поступление информации, без нее синапсы разрушаются. Важный период в развитии ребенка это первые 3 года когда у детей отмечается самый высокий потенциал к развитию. Поэтому развитие мозга критически зависит от информации, которую получают дети в первые 3 года жизни. Все это хорошо сформулировал японский предприниматель, один из основателей компании «Sony» Масару Ибука в своей книге «После трех уже поздно».

Как же происходило зарождение системы дошкольного воспитания и обучения в нашей стране?

В 2021 году казахстанской системе дошкольного воспитания исполняется 104 года. Начало дошкольного воспитания в Казахстане положено в 1917 году в городе Верном - Алматы по инициативе частного просветительского общества при поддержке Совета рабочих и солдатских депутатов.

В этом же 1917 году в городе была открыта первая детская площадка для детей, а с 1920 года дошкольное воспитание начинает охватывать сельское население Казахстана. С тех пор и до начала 90-х годов прошлого века сеть детских садов в Казахстане неуклонно росла.

Кто же стоял у истоков казахстанского дошкольного воспитания?

Активным организатором и идеологом зарождения и развития дошкольного воспитания и обучения в нашей стране стала Кулжанова Назипа Сегизбайқызы -

педагог, журналист, одна из первых женщин-казашек, получивших образование на русском языке.

Назипа Кулжанова родилась в Торгае, 27 июля 1887 года. В 1902 году талантливая и целеустремленная девушка в 15 лет, поступает в казахско-русскую гимназию, основанную Ибраем Алтынсариним, выдающимся педагогом и просветителем в области образования нашей страны. За успехи в обучении, старательность и целеустремленность Назипа Кулжанова получает диплом с отличием. Быть первой во всем, целеустремленность и бесстрашие, понимание проблемы женщин и детей дает толчок к дальнейшему обучению в Торгайской женской гимназии.

После завершения учебы в 18 лет с 1905 года Назипа Кулжанова работает преподавателем в Семипалатинской семинарии. Смелость и волевой характер девушки можно заметить по ее поступкам, когда она решительно пошла против сложившихся обычаев степи. Ее родители скромные и небогатые люди решили выдать замуж несовершеннолетнюю девушку и получили за неё калым. Но Назипа отказалась выходить замуж, так как не любила этого человека. По степным обычаям, её семья должна была вернуть калым, но у них не было средств. В этой ситуации, Назипа решила обратиться к прокурору, который в итоге ей помог разрешить эту сложную проблему. Со временем, Назипа вышла замуж по любви, её избранником стал школьный преподаватель Нурғали Кулжанов.

Стремительная карьера и короткая жизнь выдающейся казахской женщины педагога – ученого Кулжановой Назипы Сегизбайқызы является образцом служения родному народу. В 2012 году педагогическая общественность Казахстана отметила 125-летие со дня рождения великой казахской просветительницы, педагога, журналистки, члена Русского Географического общества.

Являясь одной из первых образованных женщин Казахстана, она отдавала много сил развитию женского движения, поддерживала стремление женщин к активной позиции в обществе, была в числе



организаторов «Первого съезда женщин Востока», публиковала материалы во многих периодических изданиях Казахстана, занималась переводами.

Образование и просвещенный ум Назипы Сегизбайкызы Кулжановой дал толчок к написанию первого, необходимого в то сложное время пособия для педагогов «Дошкольное воспитание» - «Мектептен бұрынғы тәрбие». Книга была издана в городе Оренбург, в бывшей столице нашей страны в 1923 году, в пособии раскрываются основные цели и задачи дошкольного воспитания в условиях казахской степи и активности женского населения.

Назипе Кулжановой принадлежит авторство книги «Мать и дитя» - «Ана мен бала» 1927 года выпуска, посвященная также проблемам материнства и педагогического образования женщин, пособие сыграло важную роль в условиях, когда педагогическая литература на государственном языке отсутствовала.

В 1913 году Назипа становится членом группы «Гражданские спутники» «Азамат серіктігі» Семипалатинского отделения Русского Географического общества. Работа в Семипалатинске позволила Назипе ближе познакомиться с семьей великого Абая Кунанбаева, став первым пропагандистом поэтического творчества Абая среди казахского и русского народов, она переводила на русский язык стихотворение Абая.

Как педагог и просветитель Назипа Кулжанова всегда занималась проблемами воспитания молодежи и культурного возрождения народа, переводы печатались в журнале «Сибирский студент», материалы о жизни нашего народа и казахских женщин освещались в газетах «Алаш», «Казах», «Сарыарка», «Айкап», «Знамя единства».

Публикации в издательствах и становление Назипы как журналиста проходило с 1917—1929 годы, именно в период развития казахской литературы. Благодаря таким патриотам как Назипа Кулжанова произошло становление народной педагогики, журналистики, казахской литературы, музыки, национального театра.

В эти же годы неутомимая и самоотверженная женщина приступает к организации литературно-музыкальных и этнографических вечеров, Назипа Кулжанова правильно считала, что они были необходимы в то время и имели огромное культурное и познавательное значение.

Жизнь и творческий путь Назипы Кулжановой удивляет и поражает своей насыщенностью. Наполненная энтузиазмом Назипа не останавливается ни перед чем, она активно участвует в жизни страны и народа. Её статьи глубоки, а перо пронзительно и в то же время полезно обществу. В те времена журналистов среди женщин не было. Она стала основоположником нашей журналистики, писала статьи на женские темы.

Назипа Кулжанова занималась не только журналистикой, но и была прекрасным переводчиком. Огромная литературно-переводческая работа была проделана Назипой Кулжановой, благодаря ей были переведены на русский язык произведения И. Алтынсарина, А. Кунанбаева, Г. Мусирепова. Она переводит произведения русских писателей на казахский язык, так народ Казахстана познакомился с произведениями М. Горького, Л. Толстого, В. Короленко.

В своих трудах Назипа Кулжанова старалась показать, что неграмотный человек это получеловек, женщина — мать народа, которая своим образованием, умением, свободолобием способна вывести свой народ на уровень передовых народов.

Считала что, все молодые и старые, девушки и юноши — все свои умения, сознание должны направить на учение. В произведении «Общий женский праздник», она описывает место женщины в семье и в общественной жизни того времени.

Назипа Кулжанова занимала высокие, ответственные должности в течение своей плодотворной и короткой жизни:

- участвовала в съезде казахов Семипалатинской области и входила в Правление съезда;
- входила в состав Комиссии Народного комиссариата Просвещения Казахской автономной республики по подготовке учебников, книг, по делам издательств;
- занималась публикациями в журналах «Қызыл Қазақстан» («Красный Казахстан»), «Равенство женщин»;
- занимала должность ответственного секретаря общественно-политического и литературно-художественного журнала «Әйел теңдігі»;
- была членом комиссии Народного комиссариата просвещения Казахской автономной республики, по подготовке книг и учебников. Работая на этой должности, она стала главным специалистом по подготовке казахской азбуки.

Назипа Кулжанова пропагандировала поэзию Абая Кунанбаева. Занимаясь литературной и общественной деятельностью, в 1914 году организовала ряд вечеров, посвящённых 10-летию смерти А.Кунанбаева. На организованных встречах, она знакомила с творчеством поэта, читая его стихи перед широкой публикой. Исследователь востока Г. Н. Потанин, приглашенный на эти мероприятия, был удивлен чистыми и звонкими голосами и музыкальностью казахского народа. По ее просьбе русский композитор Александр Затаевич написал музыку к песням.

Поэму под названием «Знакомство» поэт Султанмахмут Торайгыров посвятил выдающимся личностям, представителям движения Алаш, где также отметил выдающуюся женщину того времени, которая несмотря на все жизненные трудности, бедность и болезнь, сделала все возможное для достижения высоких целей. Поэт считал главной целью таких людей как Назипа Кулжанова было самоотверженное служение своему народу. В поэме поэт восхищался её достоинствами, такими как честность, женственность, прямолинейность, отзывчивость, деловые качества.

Жизнь Назипы Кулжановой пришлось на сложные годы, потеря близкого человека, невзгоды, отсутствие собственных детей привело к тому что, Назипа умирает в возрасте сорока шести лет в 1934 году, от тяжелой болезни. Н.С. Кулжанова внесла большой, неоценимый вклад в развитие казахской педагогики, принимала активное участие в организации дошкольных учреждений, оставшееся творческое наследие статьи, книги, переводы должны изучаться педагогами. Рожденная быть первой во всем, Назипа Кулжанова является примером для многих педагогов нашей страны.

#### Список литературы:

1. Антология педагогической мысли Казахстана /Сост.К.Б. Жарикбаев.-Алматы:Рауан,1995-512с.
2. Кулжанова Назипа Сагызбаевна / Кашляк В. Семипалатинск: Их именами названы.- Семипалатинск, 2006.- С.297-29
3. 3.Портал «inform.kz».Первая казашка-журналист Назипа Кулжанова.
4. 4.Портал «История Казахстана». Первая казахская женщина-журналист – Назипа Кулжанова.

### ПРЕДОПРЕДЕЛЕНО СТАТЬ СУДЬБОЙ И ДОСТИЧЬ ВЕРХНИХ СТУПЕНЕЙ ПЬЕДЕСТАЛА

Катаргина Евгения Анатольевна

Учитель музыки, КГУ «Средняя школа №22 отдела образования  
города Тараз управления образования акимата Жамбылской области»  
Жамбылская область, г.Тараз




Образцом служения родному народу является жизнь и судьба выдающейся казахской женщины, педагога-просветителя Кулжановой Назипы Сегизбайкызы [2, с. 29]. 27 июля исполняется 135 лет со дня рождения этой неординарной женщины. Она была одной из самых образованных женщин своего времен. Общественный деятель, педагог, журналист, переводчик. Назипа (Сагызбаева).

Кулжанова родилась 27 июля 1887 года в Торгае. Училась в русской школе, основанной Ибраем Алтынсариным. Затем продолжила обучение в Торгайской женской гимназии, позже работала помощником учителя. Назипа с отличием окончила гимназию, за «благонравие и успехи» 15-летней гимназистке вручили подарок- сочинения русского поэта В. Жуковского. После окончания она получила преподавательскую должность. Замуж вышла в 1902 году за полюбившегося ей учителя Джетыгардинско - Чубарской волостной школы Нургали Кулжанова, одного из известных просветителей в интеллигентной среде той эпохи [2, с. 51].



## Духовный расцвет

После молодожены уехали в Семипалатинск, в места духовного расцвета. В Семипалатинске Назипа Сегизбаевна написала книгу «Дошкольное воспитание», которую высоко оценил Ахмет Байтурсинов. Уже в 1913 году получила полноправное членство в группе «Гражданские спутники» Семипалатинского отделения русского географического общества. Назипа просто обожала поэзию великого Абая. С 26 января 1914 года она провела серию вечеров, которые были посвящены десятилетию со дня кончины великого поэта [2, с.58]. Ею были собраны широкие публики, где пропагандировали высокое поэтическое искусство, читали стихи, знакомили читателей и слушателей с творчеством поэта. Проводя такие вечера, Назипа сумела собрать вокруг себя творческую молодежь города. Вторым культурным мероприятием, организованным Назипой Кулжановой, был литературно-музыкальный благотворительный вечер, который состоялся 13 февраля 1915 года. Событию посвятили свои заметки журнал «Айкап» и газета «Казах». Вечер оставил неизгладимое впечатление у населения и благодарные отзывы о его устроительнице Назипе Кулжановой. Фактически Кулжанова подготовила конференцию – написала научный доклад на казахском и русском языках, организовала концерт по мотивам произведений Абая. О впечатлениях от этого вечера известный исследователь Востока Г.Н. Потанин оставил следующие строки в Омском географическом обществе: «И, правда, казахский народ музыкален, голоса чистые, звонкие. Певцы очень искусно исполняют песни». Беспристрастный, но пылкий душой журналист не останавливается на достигнутом, она активно принимала участие в развитии народа и страны. Многие замечали, что Назипа писала глубокие статьи, перо ее было пронзительным, но полезным обществу.



В своей книге «Дошкольное воспитание» педагог предлагала открывать специальные учреждения с целью воспитания детей [4, с. 5]. Таких учреждений в то время в казахской степи не было. А если они и существовали, то их, во-первых, было мало, во-вторых, не было требуемого уровня воспитания детей, принятого в цивилизованном мире. В этих детских «домах» не было воспитателей, знающих психологию казахских детей. По мнению Н. Кулжановой, воспитатели, не знающие природу ребенка, не могут воспитывать его должным образом. В те годы ученый-педагог уже подчеркивала, что необходимо знать, как организуется дошкольное воспитание у других народов, какое место в их жизни занимают вопросы воспитания детей национальных меньшинств. Н. Кулжанова внесла неоценимый вклад в развитие дошкольного воспитания в Казахстане, была новатором создания Программы воспитания в детском саду в республике, выдвинула оригинальные требования к воспитанию дошкольников: учет половозрастных особенностей при воспитании детей дошкольного возраста; воспитание детей на родном языке. В работе «Дошкольное воспитание» раскрываются основные задачи дошкольного воспитания в казахской степи [2, с. 115].

Известный поэт Султанмахмут Торайгыров посвятил Назипе Кулжановой поэму «Знакомство». Он подчеркнул такие ее достоинства, как честность, женственность, отзывчивость. По просьбе Назипы русским композитором Александром Затаевичем была написана музыка к песням «Плач Кадыра», «Гайни-ау, саулем».

На протяжении всей жизни Назипа Кулжанова занималась переводами. Стала первой казашкой, получившей русское образование, что позволило ей с легкостью писать на двух языках. Благодаря ее таланту произведения Абая, Ибрая, Габита читали на русском языке. А казахи смогли познакомиться с произведениями Льва Толстого, Максима Горького, Александра Куприна, Владимира Короленко и других западноевропейских писателей [5, с. 172]. В 1919 году, после смерти мужа, Назипа переехала в Акмолинск и стала одной из первых казашек-журналистов. Известна также, как главный специалист по подготовке казахской азбуки. Известный поэт Султанмахмут Торайгыров посвятил Назипе


Кулжановой поэму «Знакомство». Он подчеркнул такие ее достоинства, как честность, женственность и отзывчивость.

По ходатайству Сакена Сейфуллина ее пригласили в газету “Енбекші қазақ”, затем были другие издания. Она быстро завоевала авторитет и стала одним из известных авторов. У нее были и книги — «Традиционное воспитание в школе», «Воспитание матери и ребенка», — которые актуальны и сейчас. В эти годы она постоянно советуется, общается с Сакеном Сейфуллиным, Биимбетом Майлиным, Мухтаром Ауэзовым, Сабитом Мукановым, Габитом Мусреповым, Молдагали Молдабаевым, Амангали Сегизбаевым [5, с.174].



Из фондов РГУ ЦГА КФДЗ РК. Арх. № 2-19659.  
Первая редакция газеты “Енбекші қазақ”. Слева направо: А. Сегизбаев, К. Габдуллин, Н. Кулджанова, С. Сейфуллин, Т. Арстанбеков, С. Муканов.  
г. Орекбурд, 1924-1925 г.г.

Являясь одной из первых просвященных женщин Казахстана, она отдавала много сил развитию женского движения, поддерживала стремление женщин к активной позиции в обществе. Она была в числе организаторов Первого съезда женщин Востока. Назипа Кулжанова публиковала материалы во многих периодических изданиях Казахстана, занималась переводами. Были у нее и книги. Она автор «Дошкольного воспитания» («Мектептен бұрынғы тәрбие»), вышедшего в Оренбурге в 1923 году, и книги «Мать и дитя» («Ана мен бала»), изданной в 1927 году.



В своих трудах Н. Кулжанова рассматривает содержание работы, деятельность дошкольного учреждения, а также особенности национальных игр в воспитании детей. Она рассматривает дошкольную педагогику в связи с биологией, медициной.

В 1929 году Назипа вынуждена была уйти на творческую работу в домашних условиях. Хотя архивные материалы и свидетельствуют об ухудшении ее здоровья. В марте 1934 года в Алматы Назипа Кулжанова умерла от продолжительной тяжелой болезни.

По информации старшего научного сотрудника республиканского музея Абая в городе Семей М. Бейсенбаева, в альбоме Григория Хомутова долгие годы хранилась фотография Кулжановых. Будучи студентом Семипалатинской учительской семинарии, Хомутов жил в 1906-1908 годах у Нургали Кулжанова. Он рассказывает, что Нургали и его жена Назипа были по тому времени высококультурными, прогрессивно настроенными людьми. Г. М. Хомутов с волнением отмечал, что то время, когда жил у них, он считает одним из лучших периодов своей жизни. «В этом доме я встретил чисто отеческое отношение к себе, чувствовал повседневную материнскую заботу. В ответ на такое отношение, желая хоть как-то выразить свое расположение и большое уважение к этим людям, я решил основательно изучить казахский язык, который преподавал в семинарии Нургали Кулджанович [2, с. 102].

Некоторые дошедшие до нашего времени статьи, книги и фотографии Назипы Кулжановой представлены на выставке в Восточно-Казахстанской областной универсальной библиотеке. В республиканском литературно - мемориальном музее Абая выставлена в экспозиции фотография супругов Кулжановых. Кроме того, в доме-музее «Алаш арыстары - М. Ауэзов» («Львы Алаша - Мухтар Ауэзов»), входящем в Государственный историко-культурный и литературно-мемориальный заповедник-музей Абая в городе Семей, есть экспозиция с фотографией Кулжановых, программой литературного вечера и произведением Султанмахмута Торайгырова, посвященном Назипе [2, с. 97].

### Список литературы:

1. Источник: <https://e-history.kz/ru/news/show/6667/>  
© e-history.kz
2. Кульжанова Назипа Сагызбаевна / Кашляк В. Семипалатинск: Их именами названы.
3. - Семипалатинск, 2006.- С.297-29
4. Активную ссылку на inform.kz
5. [https://www.inform.kz/ru/pervaya-kazashka-zhurnalist-nazipa-kul-zhanova\\_a3040322](https://www.inform.kz/ru/pervaya-kazashka-zhurnalist-nazipa-kul-zhanova_a3040322)
6. Казахстан в женских лицах: история и реальность. Назипа Кулжанова / Отв. ред. Сыздыкова Р. - Алматы, 1998. - 5 с.
7. Назипа Сагызбаевна Кульжанова (1887-1934) - первая казахская журналистка [Текст] // История Восточного Казахстана с начала XX века до современности: хрестоматия для 9 класса общеобразовательных школ ВКО / сост. Д. И. Бралинова [и др.]. - Семей : Тенгри, 2013. - С. 172-174.

### МУЗЫКАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМГЕ ӘСЕРІ (Н.ҚҰЛЖАНОВА ЕҢБЕГІ БОЙЫНША)

Койшагова Гульжаухар Ерболатовна  
Ли Нонна Васильевна  
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі  
оқытушы-концертмейстерлер  
Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлттымыздың баға жетпес қазынасы. Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр.

Педагог деген кім?

Педагог балалардың сапалы білім алу мен тәрбиесін, тәртібін жақсарту барысында жұмыс істеп, әрбір балаға бар мейіріммен қарап, жеке тұлға ретінде қарап, олардың ішкі жан сырын, ойын түсіне отырып, дұрыс жол сілтеу, бағыт бағдар көрсету, белгілі бір іске деген қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытында жұмыс істеуі керек. Әрбір адамға жақсы маман болып қалыптасуы үшін білім, тынымсыз еңбек, өзіне деген сенімділік, мақсатына жетуге ерік – жігер, тиянақтылық сияқты қасиеттер қажет.

Ал жақсы педагог болып қалыптасу үшін жоғарыда көрсетілген қасиеттермен қатар, әрбір істі шығармашылықпен, адамгершілікпен шешуді қажет ететін интуиция, дәлдік, тапқырлық, мейірімділік қасиеттері керек.

Музыкалық білім мен тәрбие беру адамзат өркениетінің ең терең тамырларынан бастау алады. Адамзаттың сан ғасырлық серігі болып келген музыка өнерінің тәлім-тәрбиеде алатын орын, әсер -

ықпалын, қоғам мәдениетінің дамуы процесінде қалыптасқан әлеуметтік, музыкалық – педагогикалық тәжірибені ой елегінен өткізіп, даму кезеңдерін қалыптастыруға тікелей байланысты [1].

Жан-жақты дамыған азамат тәрбиелеуде эстетикалық тәрбиенің басты саласының бірі – музыка мен ән. Музыка адамның жан дүниесін тебіренге отырып, оның өмірге деген көзқарасын, әдет, мінез-құлқын қоғам мүддесіне сәйкес қалыптастыруға, әдемілік заңымен өмір сүруге тәрбиелейді. Мектепке дейінгі жастағы балаларға музыкалық тәрбие – талғамдық, эстетикалық тәрбие беру ісінің негізгі саласы болып табылады.

Эстетикалық тәрбиелеу мәселелерін мектепке дейінгі жастағы балаларға Құлжанова Н., Меңжанова К., Меңдаяқова Қ.М., Левченко Т.А., Жұмабекова Ф.Н. және т.б. зерттеген. Мектепке дейінгі балалар білім берудің барлық деңгейлерінде жалпы өмірде табысты болып келетіндіктен, білімді тез қабылдап, мектепке дейінгі ұйымдағы оқыту мен тәрбиелеу үдерісі оларды алғашқы біліммен қаруландырып, қоғам талабына сай тұлғаны қалыптастырудағы алғашқы негіз болады. Сонымен басты мақсат – біртіндеп түрлі музыкалық іс-шараларды меңгерту арқылы баланың бойындағы түрлі табиғи талабын дамыту.

Өнер түрлерінің әрқайсысы адамға әсер етудің спецификалық құралдарына ие. Бала өмірінің ең басында әсер ету мүмкіндігіне ие музыка болып саналады. Ең бір бай әрі әсерлі эстетикалық тәрбие құралы, оның аса үлкен эмоциялық әсері бар, адамның сезімін тәрбиелейді, талғамын қалыптастыратын ол музыка Қазіргі заманғы ғылыми зерттеулер музыкалық қабілеттерінің дамуы, музыка мәдениеті негізінің қалыптасуы екенін айтады - содықтан, музыкалық тәрбиені мектепке дейінгі жастан бастау керек. Балалық шақта музыкалық әсердің таза болуының кейін орнын толтыру өте қиын [2].

Мен музыка пәнінің мұғалімі ретінде, болашақ еліміздің азаматтарын мәдени сауатты болып, бойына музыка өнерін сіңіру үшін музыкалық аспаптарды үйрету мектепке дейінгі мекемелерде басталғанын қалаймын. Осыған орай бала тәрбиесіне мектепке дейінгі мекемелерде арнайы көңіл бөліп тәрбиелену керек екенін аса назарда ұстаған және осы үшін көп еңбектенген қазақ қыздарынан шыққан алғашқы журналист – Нәзипа Құлжанова. Н.Құлжанова мектепке дейінгі мекемелерде музыкалық білімді нығайту туралы бірнеше әдіс тәсілдер ұсынған болатын.

Музыкалық тәрбие бойынша жұмыс істейтін педагогтер жұмысының басты жетістігі барлығын бірыңғай шығармашылық командаға біріктірігіп, жұмыс жасау білігін жүзеге асыру болып табылады. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру үшін тәрбиеші өзінің алдына белгілі мақсат қоюы тиіс.

Ал осы музыка сабағындағы қойылған нақты мақсат белгілі бір музыкалық тәрбиенің міндеттерін жүзеге асыруды көздейді [3].

Мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының музыкаға қызығушылығын дамытудағы ең бірінші міндет ол музыкалық іс-әрекеттер арқылы баланың сезімін (эмоциясын) ояту. Өйткені балалардың сабақ үстіндегі іс-әрекетінде эмоция өзіндік бағыттаушы және реттеуші рөл атқарады. Ол:

- а) музыкалық шығармалардың мазмұнын балалармен бірге талдау;
- ә) музыкалық-дидактикалық ойындар ұйымдастыру;
- б) тиімді әдіс-тәсілдерді таңдай білу;
- в) балалардың жас ерекшеліктері мен музыкалық даму ерекшелігін ескеру.

Екінші міндет – белгілі бір шығарманы саналы түсініп қабылдауға баулу. Ол үшін мынадай жұмыстар атқарылуы тиіс:

- а) музыканың көркемдік құралдарының (екпін, ырғақ, әуен, дыбыс бояуы, дыбыс биіктігі т.б.) музыкалық шығарма мазмұнын жасаудағы ерекшеліктерін түсіндіру; ә) әр - түрлі көрнекі құралдарды пайдалану;
- б) ырғақтық қимылдар жасау (нота биіктігін көрсету, ырғақты колмен шапалақтап көрсету, ойнауға жеңіл қарапайым ұлттық аспаптарды қолдану арқылы меңгертіледі).

Үшінші міндет — музыкалық шығарманы өз шама - шарқынша орындауға үйрету барысында орындаушылық дағдыларды меңгерту.

Бұл:

- а) шығарманы тыңдай отырып оны талдай білу дағдысын қалыптастыру;
- ә) күйлерден шағын үзінділерге ұлттық аспаптарды қосып ойнауға үйрету;
- б) домбыра үйретуді нотасыз және сандық жүйе бойынша меңгерту.

Қазіргі музыка сабағы – мектепке дейінгі ұйымдағы музыкалық тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы, музыка сабағында балалар педагогика ғылымының оған қойылатын соңғы талаптары бойынша мынадай іс-әрекеттермен айналысады: хормен ән айту, музыка тыңдау, музыкалық ырғақтық қимылдар, балалар аспабында ойнау, музыка сауаты, балалар шығармашылығы т.б.

Сонымен қатар 1923 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жайлы «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабын жазған. Бұл Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырысымен жазылған алғашқы авторлық туынды.

Аталмыш кітапқа алғысөз жазған қазақ халқының ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы былай деген: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер – білім даярлау керек». Автордың бұл еңбегі мынадай тараудардан тұрады: 1. «Күллі жер

жүзінде»2. «Мектеп жасына толмаған бала»3. «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие не керек?»4. «Мектептен бұрынғы тәрбиенің Россиядағы түрі»5. «Бала бақшасы деген не?» Сол кездің өзінде шет елдердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарын зерделеу жүргізілгендігін осы кітаптың мазмұнынан айқын көруімізге болады. Мысалға, «Күллі жер жүзінде» атты алғашқы тарауында дүние жүзін мекен еткен Автор дамыған елдердегі бала бақшалардың мән-жағдайын көрсетіп баяндай келе, қазақ тұрмысында бала бақшаның болашақ ұрпақты тәрбиелеуде зор қызмет атқаратындығына зор сеніммен қарайды.

Сонымен қатар, Италия балабақшаларының балаларға арналған құрал-жабдықтармен талапқа сай қамтамасыз етілгендіктерін, Швейцарияның Цюрих қаласындағы тастан жасалған мектептің бір жағында мектепке жасы толмаған балалардың үйі бар екендігін және оның балалардың жас шамасына сай құралдармен жабдықталғандықтарын бейнелейді. Шотландиядағы Эдинбург қаласындағы балалар бақшасын өз алдына ерекше етіп көрсеткен. Ол жерде күнделікті, таңертең ашық далада балалар бастары қосылғанда, кешкісін үйлеріне қайтарда бір-біріне «Амандық өлеңдерін» айтады дейді.

Н. Құлжанова Европа елдеріндегі балалар бақшаларының өмірін үлгі ете отырып, күншығыстағы Жапония мемлекетіндегі балалар тірлігін де әңгімелейді. Автор бұл еңбегінде ең бастысы бірігіп ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа, реттілікке, ұйымшылдыққа баулу, балалардың ойына, жас межесіне, қабылдау ерекшеліктеріне барлық жұмысты бағындыру, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау, өлең айту, сурет салу тағы басқа өнерлерін дамыту мәселелеріне көңіл бөледі. Болашақтағы қазақ балалар бақшасы сондай болса екен деп армандайды. Н. Құлжанова мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде ойынның ерекше қызмет атқаратындығына айрықша көңіл бөліп былай деген: «Балаға керегі – ойын. Ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы ойын. Ойында бала көрген-білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып,бекітеді». Н. С. Құлжанованың ағартушылық, ұстаздық, қайраткерлік еңбегінің тағы бір ірі көрінісі 1927 жылы Қызылорда қаласында 5000 данамен басылып шыққан – «Ана мен бала тәрбиесі» кітабы. Бұл кітап педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық кітап ретінде ұсынылған.

Сонымен музыка – адамның жан дүниесін тебіреніте отырып, оның өмірге деген көзқарасын, әдет, мінез – құлқын қоғам мүддесіне сәйкес қалыптасуына тәрбиелейді. «Дені саудың – жаны сау» дегендей, тәні де, жаны да сау, рухани бай эстетикалық жағынан сезімтал азаматты тәрбиеленіп өсіру – ата-ана парызы, қоғамдық мекемелердің міндеті. Осы міндетті іске асыру балабақша мен мектепалды даярлық тобынан басталмақ. Музыка ең бір бай әрі әсерлі эстетикалық тәрбие құрылы, оның аса үлкен эмоциялық әсері бар, адамның сезімін тәрбиелейді, талғамын қалыптастырады

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген. [www. Government.kz](http://www.Government.kz).
2. Э.Б. Абдулин, Е.В. Николаева Музыкалық білім берудің теориясы мен тәжірибесі - М., 2004.- 245 б.
3. Ақпараттық басылымдар «Ұстаз» «Ана тілі»
4. Ғаламтор желісі

#### ҰЛТ МҮДДЕСІН ОЙЛАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Колдасбаева Екатерина Досановна  
Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі  
орыс тілі пәнінің оқытушысы  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

«Таза - мінсіз асыл тас –су түбінде жатады, Таза- мінсіз асыл сөз- ой түбінде жатады»-демекші, қазақтың қайраткер қызы, жазушы, журналист, педагог, аудармашы, ағартушы, ғалым, өз ұлтының болашағын ойлап шарқ ұрған, кемеңгер тұлға Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанова айтылған сөз тіркесіміздің алғашқысына саяды десем, қателеспеспін. Сондай-ақ: -«Су түбінде жатқан тас- жел толқытса шығады, ой түбінде жатқан сөз - шер толқытса, шығады»-дегенді де ұмытпайық. Тарих қойнауынан сыр шертсек, аласапыран заманда небір зұлматтың бәрін көрген қазақхалқымыз мал бағып, көшіп жүргенді ғана білетін, жабайы, надан деген зәбір сөзді де естігенімізді есімізден шығармалық. Сүт бетіне шығатын қаймақтарымыз, халық жауы атанып атылып кеткен, одан қалды бай-құлақ тұқымы деген желеумен тұтқындалып, жер аударылып, бастарын тауға да, тасқа да соғып, жат елге жан тасалағанын жахан жұртшылығы біледі.

Су түбінде жатқан, інжу-маржандарымызды жарық дүниеге шығарып, келешек үшін кең насихаттайтын, халге жеттік. Тарих қойнауынан сыр суыртпақтаған сайын, көңіліміз шерленіп, ойымыз

он саққа жүгіріп, жүрегіміз бұлқынып, жан айқайымыз күшейе түсетін тәрізді. Нәзіпа Құлжанова жалпыға жар салып, сүйіншілейтін, інжу-маржандарымыздың бірі емес, бірегейі.

#### **Өз мақсаты, ұлт мүддесі жолындағы күрескер.**

Нәзіпа Құлжанова жөніндегі ой толғауымның алғашқысын осылай атағанды жөн көрдім. Нәзіпа Құлжанова өмірбаянын оқыған кісі осындай тоқтамға келуіне әбден болады. Ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсариннен білімнің бал бұлағына қанған жас шәкірттің ұстазынан үйренгенін халқының болашағы үшін, ел игілігіне жаратуды ойлағаны ұлт мүддесі жолындағы күреске дәлел болардай. «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай хәм күшті болуымыз керек. Бай болуға кәсіпкерек. Білімді болуға оқу керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек»-деп, ақын, әдебиет зерттеушісі ғалым, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов айтқан екен. Жас шәкірт Нәзіпа осындай ұстанымдарды ұстанып, білім жолында үнемі ізденісте болған. Осының айғағы әкесінің халқымыздың көне дәстүрімен, қалың мал алып, тұрмысқа бермек болғанына келіспей, бас бостандығы, білім алу жолындағы күресте табандылық танытып, өз мақсатына жеткенін айтуымызға болады. Өз мақсатына жету жолындағы күрескерлігіне, ұлт мүддесі жолындағы күрескерлігін қоса ұстануын, дәлелдеу қиын емес. Нәзіпа Құлжанованың жары Нұрғали Құлжановтың есімін бұл жағдайда бірге атамасақ әруағы алдында күнәліміз. 2008 жылғы «Қостанай Таңы» газетінің №110 санында жарияланған Құлжановтардың немере туысы, Ұлы Отан соғысының ардагері Мұратқали Қамалұлы «Нәзіпа мен Нұрғали» атты мақаласында оқырманға мол мағлұмат берген: «Ұлт мүддесі жолында Енді Құлжановтар қазақ халқы мал соңында өмір кешкен халық емес, олардың да өз салт-дәстүрі, мәдениеті мен әдебиеті бар халық екенін танытуды ойлайды. Сөйтіп өз халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениеті, әдебиеті жайлы кеш өткізуді жоспарлайды»-дегенді жазады. Одан әрі: «Бұл ана тілінде сауық-кеш өткізу, өлімге бас тіккенмен бірдей еді, себебі демократ жазушы Корпенконың айтуынша, Ресей империясына бодандыққа кірген аз ұлттар өз тілдерінде әдебиетке өткізуге тыйым салынсын, тыңдамағандарына өлім жазасы қолданылсын деген. Столыпин реакциясының 1910 жылдан бастап дәуірлеп тұрған шағы болатын»-деген айғақтар келтіреді. Тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университетінің доценті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтында «Нәзіпа Құлжанованың өмірі және қоғамдық - ағартушылық қызметі» тақырыбында диссертация қорғаған Кәрібжанова Гүлжан Арапқызы да, өзінің Нәзіпа Құлжанова жайлы шығарған кітабында осы деректерді келтіреді. Нақақ жала жабылып, ұсталып, халқының арман-мұраты жолында қаза болған, Нұрғали Құлжанов зайыбымен ұлт мүддесін осылай қорғаған. Анық дәуірлеп тұрған заңға мойынсұнбай, губернатормен келісіп, «Қалауын тапса, қар жанады»-дегендей, ұлт мүддесі үшін кеуделерін оққа тосқан күрескерлер екенін, іс-әрекеттерінен анық аңғарамыз.

#### **Жаңашыл-педагог.**

Нәзіпа Құлжанованың жаңашылдығын тарқатып айтар болсақ, өз заманында шет елдердің іс-әрекеттерін зерделеп, өмір -тәжірибемізге енгізуді көздегенінен аңғаруға болады. Шет елдер статистикасы бойынша зерттеу жүргізіп, оны қазақ халқымен салыстыруы, ұлт мүддесін көздегендігіне кепіл болады. Мысалы:Финляндияда бір жасқа дейінгі балалар өлімі 100 балаға шаққанда 13 сәби шетінеп кетеді. Скандинавияда 100 -іне шаққанда, 13-18 сәби шетінейді.

Қазақ халқында туылған 100 сәбидің 44-45 ке дейін сан мөлшері шетінейтінін айғақ қылады. Ұлттың демографиялық дамуын үшін, 20-сыншы ғасырда дабыл қағады. Нәзіпа Құлжанованың жаңашылдығына келтіретін деректер баршылық. «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабында Немістің атақты ғалымы, тарихшы Фридрих Фребель есімін зор ілтипатпен атайды.Ф.Фребель жүйесі зор мақсаттарды көздейді: Бала табиғатын оның еркіндігіне, қимыл-қозғалысына, әр нәрсені білуге құштарлығына дене тәрбиесі мен ақыл-ой тәрбиесінің тұтастығына ықпал жасауды көздейді. Нәзіпа Құлжанованың жаңашылдығына тағы бір айғақ: ескіліктің жұрнағы болып, жан ауыртатын әйелдерге байланысты көзқарасты дұрыстауды көздейді.Қазақ қыздарын қалың малға сатқызбау, білім алып толыққанды қоғам мүшесі ретінде қалыптастыру, жөнінде біраз іс тындырған Нәзіпа Құлжанова бір еңбегінде ащшы да болса шындықты айтады. «Ел еркегі буаз малды жүкті әйелінен артық қадірлейді»-деген көңілі толмас жәйттерді жасырмайды. «Қоғамды қалыпқа келтіру, дұрыс даму жолына түсудің алғышарты әйел-ананың қоршаған ортадағы орнына байланысты.Күллі әлемге жарқыраған күн сәулесінен, сондай-ақ ананың ақ сүтінен таралып, жетіп адамгершілікке, имандылыққа баулитын, тәрбиелейтін ізгілік жолының бастауы әйел қасиетінде екені анық. «Алып анадан» деген қанатты тұжырымға ел бастаған көсемнің де, сөз бастаған шешеннің де, қол бастаған батырдың да мойынсұнатындығы сондықтан»-дегенді ашып айтқан. Жаңашылдық жалпы халықты жаңа бағытқа жетелейді. Нәзіпа Құлжанова осылайша жаңа заманға жаңа әдеттермен бару жолын көрсетеді. Осындай ұлт мүддесін ойлаған педагогтың кейінгі қалдырған өсиетіндей сөздері, бүгінгі қоғам сахынасында өзінің айқындығын танытты. Саясатсахынасында болсын, ғылым-өнер саласында болсын, нәзік жандылардың үлес салмағының артуы осындай ұлт мүддесін ойлаған тұлғалардың арқасында болар.

#### **Нәзіпа Құлжанова -өнертанушы.**

«Ел іші –өнер кеніші»-дегендей, Нәзіпа Құлжанова өмірінің біраз кезеңін өнерді насихаттауға арнағанымен де дараланады. Бұл тұрғыда тағы да, Нұрғали Құлжановтай ардақты азамат, ұлт жанашыры, жары Нәзіпаға сүйеу болғаны алдымызға келеді. Гимназияда ұстаздық еткен Нәзіпа Құлжанова қазақ



шәкірттеріне Некрасовтың өлеңдерін жаттатып, дауыс ырғағын келтіріп, айтқызғаны жөнінде деректер бар. Мұхтар Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасын сахыналауға қолғабыс қылғандары, Біржан-Сара» айтысын көрерменге ұсынуының, жүрген жерінде өнер-сауық кештерінің ұйтқысы бола білгендігін зерттеу еңбектер растап береді. Нәзипа Құлжанова орыс География қоғамына мүше болған жалғыз әйел екендігімен де ерекшеленеді. Жаны нәзік әйел заты бола тұра, өз заманының кемеңгеріне айналған Нәзипа Құлжанова жайындағы, ол кісінің адамгершілігін, қамқорлығын көрген қазақ зиялылары, ол кісінің еңбегін тарих беттеріне, тайға таңба басқандай қылып жазып қалдырған. «Жақсының аты – өлмейді,

Ғалымның хаты-өлмейді».

Нәзипа Құлжанованың өз халқының келешегі үшін бар ғұмырын арнаған ұлт жанашыры Небары 47 жыл ғұмыр кешкен. Өкініштісі өз халқына сіңірген еңбегінің зейнетін көрмеген. Бейнеттеніп, өзіне сүйеу болар азаматынан наққак айырылып, өмірінің соңы көңілге қонымсыз жағдайда аяқталған. Бүгінгі заман ғалымдары осындай інжу-маржандарымызды, ой түбінде жатқан сөзімізді қару қылып, шерімізді тарқатудың сәті түскен заман. Жоғалғанымыз табылып, өзгелерге сүйіншілеуге жағдайымыз келген заман. Бігінгі жас ұрпақ үшін осындай асылдарымызды ардақтап, қалдырған мұраларын өмір тәжірибемізге пайдаланудың қолайлы сәті туды. Әйел затын құрметтеу мәселесі өзшешімін тапқан уақыт келді. Кәзіргі ғылыми тұжырымдар Нәзипа Құлжанованың педогогикалық көзқарастарын жоққа шығармайды. Ұрпақ тәрбиесіне қажетті жағдайлардың барлығы жаңа инновациялық жобаларды пайдалануды мақсат ету, жанашылдыққа ұмтылудың нақты дәлеліндей. Өз заманында талап-тілектері өзгелер тарапынан қолдау таппаған қазақтың қарлығаш қызы бүгін өз бағасын алуға әбден лайықты. Қазақтан шыққан тұңғыш педогог, журналист, ұлт мүддесін қорғаған күрескер ретінде қандайда бір құрметке лайық тұлға деп білемін. Торғай жеріндегі педогогикалық колледждің Нәзипа Құлжанова есімімен аталуы біз үшін зор мақтаныш. Болашақта өте жақсыға үлгерген студенттерге Нәзипа Құлжанова атындағы шәкіртақы тағайындалса, бұл кісінің есімін жас ұрпақ санасына сіңіру жолындағы жұмыс болып саналар еді. Ең бастысы әзірше ой түбіндегі жатқан сөзімізді халыққа жеткізіп үн қатқан сыңайлы болғанымызбен, ертеңгі күн еншісіндегі шаруалар ол кісі жайлы әлі талай ғылыми ізденістер жасауды тоқтатпағанымыз абзал.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Г. Кәрібжанова «Нәзипа Құлжанова» «Интеллект» баспа үйі Семей, 2012 жыл.
2. Қостанай таңы №110 саны Мұратқали Қамалұлы. Ұлы Отан соғысының ардагері. «Нәзипа мен Нұрғали» мақаласы

### НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ПЕДАГОГИКАҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Кушегалина Айгүл Манапқызы  
қазақ тілі мен әдебиет пән оқытушысы  
КМҚК «Қостанай құрылыс колледжі»  
Қостанай облысы, Қостанай қаласы

Қазіргі Қостанай облысының Жанкелдин ауданында көшпелі қазақ отбасында дүниеге келген. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында өзінің тәлім-тәрбиелік ойларымен, қазақ әйелдері арасынан әлеумет өмірінде алғаш көрінген кісінің бірі-Нәзипа Құлжанова болды. Ол өткір журналист-публицист, педагог-тәлімгер, екі тілде бірдей жазатын аудармашы. Шығыс еңбекші әйелдерінің І съезін ұйымдастырушылардың бірі, орыс жағырапия қоғамының Семей бөлімшесінің мүшесі болған.

Қазақстан Республикасының Президентті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Рухани жаңғыру» соның ішінде Заманауи білім берудің өзекті бағыттары білім беру, экономиканың негіздерін қалыптастыру, Қазақстанды жедел әрі жан-жақты жаңартудың негізін қалау мақсатында басты міндеттерді айқындап берді.

Соның ішінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары білім беру мен парасатты экономиканың негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту-бүгінгі таңда білім беру құрылымының маңызды элементтерінің біріне айналуда дүние жүзінде білім сапасының көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты болады.

Ахмет Байтұрсынов Нәзипаға өлеңмен хат жолдап, оқу инемен құдық қазғандай ауыр іс. Оған асқан төзімділік, қажымас қайрат қажет. Келешек ел үмітін ақтап шығар алғыр, турашыл, өр мінезді азамат бол дей келіп,

Су да болар ол жолда, тау да болар,  
Жаудың оғы-жайған тор, ау да болар.

Мынау пайда,мынау зиян демек,  
Ол ерліктің ісі емес,сауда болар.  
Шалдығатын,шаршайтын жерлер де бар,  
Шалдыққанға мұқалмас ерлер де бар.  
Қайраттанып,қажымай тырмыссаң да,  
Шыққызбайтын жолында өрлер де бар,

- деп, сол кездегі саусақпен санарлық бірді-екілі талапты қазақ қыздарының білім жолындағы қиын кедергілерді жеңіп шығуына ағалық ақыл кеңесін берді.

Нәзипа Сегізбайқызы Ахмет Байтұрсыновтың ұстаздық үлгісінен нәр алған адам.Ол өзі де педагогикалық екі еңбек жазды. Оның бірі «Мектептен бұрынғы тәрбие» деп аталса, екіншісі «Ана мен бала» деп аталған.

Н.Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты еңбегіне Ахмет Байтұрсынов кіріспе сөз жазып, бұл еңбекке «Қазақстан топырағындағы жаңа тақырыпқа арналған тың туынды» деп жоғары баға береді. Нәзипа Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің жұмыс мазмұнын, атқаратын қызметін айта келіп, баланы тәрбиелеу, өсірудегі ұлттық ойындардың ерекшеліктеріне тоқталады. Үш пен жеті жас аралығындағы балалардың физиологиялық ерекшеліктерін-бала әлемін сөз етеді. Әсіресе, жас баланың айналаны білуге деген құмарлығын, сөйлеуге, сұрақтар беруге бейім болатынын, сол арқылы ойы өсіп, жетілетінін айта келе, баланың ойын дамыту үшін олардың сұрақтарын жауапсыз қалдыруға болмайды. Баланы табиғат аясында тәрбиелеудің, табиғат құбылыстары жайында үнемі әңгіме жүргізудің тағылымдық мәніне терең тоқталады. Ол баланы жас кезінен бастап табиғат аясында тәрбиелеудің эстетикалық әсерін айтады. Н.Құлжанова баланы үйде, балабақшада еңбекке бейімдей тәрбиелеудің маңызына тоқталады. Ол үшін әр балабақша жанында биологиялық бұрыш, тәжірибе участогы болуы керек. Бала торғайды, қоянды, тотықұсты, кірпікшешенді, балықты өсіруді білсін, аулаға көкініс, гүл отырғызып, су құюды үйренсін, сазбалшықтан ойыншықтар жасап үйренсін дейді. Нәзипа Құлжанова баланың санасын оятып, өсірудегі ойыншықтардың тәрбиелік рөліне ерекше мән береді. «Ойын баланың қиялын өсіреді. Ойнай білу дегеніміз-ойлай білуге үйрету» дейді.

Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттарын «Тән саулығы», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Заттың түр-түсін ажыратуы», «Бала тілінің шеберлігі», «Баланы еңбекке дағдыландыру», «Баланың әдемілік сезімін ояту», «Бала ойындары мен ойыншығы», «Баланы көпшіл болуға баулу» деп жіктей келіп, осы мәселелердің әрқайсысының мән-мағынасын ашып талдайды. Нәзипа Құлжанованың мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегінің құндылығы – біріншіден, оның Қазақстан топырағындағы тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болумен ерекшеленсе, екіншіден, Н.Құлжанова мектепке дейінгі педагогиканы биология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастырады, үшіншіден, ол қазақ этнопедагогикасын әлем елдерінің этнопедагогикасымен үндестіре зерттеді, төртіншіден, Н.Құлжанованың еңбектерінде Қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысы, сол уақыттағы ауыл мен қала өмірінің шындығынан алынған нақты көріністер айқын бедерленген. Ана мен бала тәрбиесі, әсіресе баланы мектепке дайындау жайында әдістемелік құралдар ана тілімізде бүгінге дейін тапшылық етуде. Олай болса, Нәзипа Құлжанованың еңбектері күні бүгінге дейін өзінің құндылығына қалау түрмес аса құнды еңбек екені даусыз. Кеңестік дәуірде қазақ зиялыларынан шыққан қайраткерлер мен ғалымдардың атқарған қоғамдық-саяси қызметі зерттелді. Көбіне ондай зерттеулер Қазан төңкерісіне, соғысқа қатынасқандарға арналады. Басқаша айтқанда, жалпы зиялылардың, соның ішінде қазақ зиялыларының тарихын зерттеуге негізгі кедергі, бөгет болған коммунистік идеологияға негізделген методологиялық ұстаным екендігі аян. Нәзипа Құлжанова – ұстаз, қаламгер, қайраткер.

Қазақтың ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептерде ерлі-зайыпты Құлжановтар оқып қана қоймай, ұлы ұстазының жолын қуған, XX ғасыр басындағы қазақ тарихында ағартушылық жолын бекем ұстаған, оқыту, тәрбиелеу ісінің теориясына да, практикасына да Н.Құлжанова именбей кірісіп, аянбай еңбек сіңірді.

Оқу-тәрбие жұмысын ғылыми жолға қоюды бетбұрыс жасаған мектептен бұрынғы тәрбие, Ана мен бала тәрбиесі кітаптары және ана мен бала денсаулығына байланысты циклдық мақалалары Нәзипа Құлжанованың ұстаздық жолымен ағартушылық еңбегінің нәтижесі жүйелі құбылысқа ұласқандығын дәлелдеп берді. Бұл жолда оның қызметі А.Байтұрсынов, Х.Досмұхаметов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Дулатов сынды қазақ зиялыларының ағартушылық ойларымен, ұстанған жолдарымен тоғысып, үндесіп жатты. Н.Құлжанованың Семейден, Орынборға келген кезі халық ағарту комиссариатының қызметкерлігіне тағайындалған Нәзипа Құлжанова быраз жыл өткен соң жаңа қазақ әліпбиін енгізу жөніндегі Орталық комитеттің (Центральный комитет новогоказахского алфавита- ЦК НКА) құрамына енген. Орталық комитеттің 1927 жылғы Імамырынан 1927 жылдың Іқазанынан комитеттің құрамын жаңа мүшелермен толықтыру сөз болған. Олардың арасында әйелдерден Құлжанова мен Бегалиеваның бар екендігі хабарланған.

1920 жылыдары Нәзипа Құлжанова араб әліпбиін тастап, латын әліпбиіне көшу жөніндегі саяси астары терең істің басы қасында болды. Үкімет бекіткен комиссия құрамына енгендіктен, өз көзқарасына қайшы келсе де латын әліпбиінен еріксіз көшіру ісін амалсыз басынан өткерді. Бұл- сол кездегі қазақ

зиялыларының бармақтарын тістескен көпе-кернеу зорлықтың нәтижесі еді. Кирилл әліпбиіне көшу жолындағы алғашқы саты екендігін қазақтан шыққан ұлтжанды қайраткерлер мен ғалымдар әуел бастан ұққан болатын.

Нәзипа Құлжанова – қаламы жүйрік журналист, талғамы биік жазушы. Оның Қазақ, Аймақ, Алаш, Қызыл Қазақстан, Әйел теңдігі, Жаңа мектеп секілді мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген мақала, очеріктері уақыт талабына жауап берген, оқырманға ой салған туындылар қатарынан берік орын алды. Маржан көркем әңгімесі мен әдебиеттің сан салалы мәселелерін қозғаған еңбектері оның қаламгерлік мүмкіндіктерін танытты.

Әйел теңдігінің арашашысы Нәзипа Құлжанованың Алаш қозғалысы кезінде қайраткерлігімен көзге түскен, аумалы-төкпелі заманда ел қамы үшін күрескен қайраткерлердің бірі екендігіне дау жоқ. Оқып жүрген уақытынан бастап өзін ұлт үшін күресуге даярлаған еді. Сонда-ақ қайсар қыз этнография тақырыбын зерттеп, мақалалар жазып, талантын өзгелерге мойындатқан тұлға. 1913 жылы Орыс география қоғамының Семей бөлімшесіне, Азамат серіктестігі ұйымдарына мүше бола жүріп, Қазақ, Сарыарқа, Алаш газеттеріне әйел теңдігі мәселелеріне қатысты мақалалар жазып тұрды. Нәзипа Құлжанова өз халқының көпшілігі, оның ішінде, әсіресе, қазақ әйелдері оқу, білімінен қашық тұрған сонау Қазан төңкерісінен бұрын-ақ білімі, түсінігі жағынан сас биік деңгейден көрінген, сондай-ақ өзі ғана оқып, біліп қана қоймай, білгенін, ойға тоқығанын білім дәрежесі төмен жатқан өз халқын көтеруге жұмсап, елі үшін шыр-пыр болған, өзінің қысқа ғұмырын сол ізгі мақсат үшін сарп еткен ең алғашқы қарлығаш екен. Біз мұндай жандарды ұмытуға, көзден таса, көңілден сырт қалдыруға қақымыз жоқтығын ұғындыру. Өзінің қарлығаш сынды қанатымен сепкен суы арқылы бүгінгі шыққан биігімізді жақындатқан және сол биіктің іргетасын қаласқан мұндай игі жандарды, асыл азаматтарымызды қазіргі және келер ұрпақтар ұмытпай, біліп отырулары тиіс. Нәзипа Құлжанованың өзі де оның ойлау, жазу дәрежесі мен жазып отырған жағдайлары да-тарих-еліміздің халқымыздың сол тұстардағы тыныс-тіршілігі, жай-күйі. Біз бұларды ешқашан да, ақ немесе қара бояулармен боялмай, сол күйінде, сол қалпында танып-білуіміз керек. Сондықтан, бүгінгі күн талап-талғамы тұрғысынан қарағанда автор жазбаларында стильдік, ойлау жағынан қалам тигізіп, ұштай түсіп жататын жақтары баршылық бола тұрса да, біз оларға қиянат жасамай, сол қалпында беруіміз керек.

Бүгін мектепке дейінгі педагогика баланың дамуына бағыт беріп, белсенді түрде басшылық етуге негізделген. Мұнда баланың мінез-құлқына өзгеріс енгізіп, ұйымшылдыққа, көпшілікке, мейірімділікке, еңбекке т.б. ізгіліктерге баулу мақсаты қойылады.

Н.Құлжанова артына мол мұра қалдырды. Газет-журналдардағы көптеген очерк, мақалалары бір төбе десек, мектептен бұрынғы тәрбие (Орынбор, 1923), «Ана мен бала тәрбиесі» (Қызылорда, 1927) кітаптары жарық көрді. Сондай-ақ, ол көптеген авторлардың еңбектерін қазақшаға аударды. Олардың қатарында Б.Лавреневтің «Қырық бірінші» (1928), А.Куприннің «Лапылдап жанған крейсери» (1927), А.Скиталецтің «Дала соты» (1923), В.Короленконың «Күн тұтылғандысы» (1923) бар.

Педагог, журналист, әдебиетші Нәзипа Құлжанованың «Халқыма деп іс қылдым» атты Алматы Рауан баспасынан 1993 жылы 168 беттік үлкен еңбегі бар. Табиғат пен қоғам дамуының объекті заңдары бойынша өмір күн санап алға жылжып, ілгері дамып барады. Осы заңдылықтардың негізінде адамдардың санасы мен түсінігі де, білімі мен талғамы да үнемі өсу үстінде. Кешегі жағдайлар бүгінге өлшем емес, қайта бүгінгі жеткен биіктен қарағанда, олардың кейбірі көзден мүлде тасаланып, көрінбей қалып барады. Олардың біразы бүгінгі адамдардың биік талғамына татымай, қажетсіз болып қалатынына таңдануға да болмайды. Осындай түсінік тұрғысынан келгенде, Нәзипа Құлжанованың еңбектері күні бүгінге дейін өзінің құндылығын жоғалтпаған, талғамы да, білім дәрежесі де жоғары қылау түсірмес аса құнды еңбек екені даусыз.

## Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова Л. Нәзипа Құлжанова // Алғашқы қарлығаштар / құраст. Д. Дәуренбекова. - Алматы: Қазақстан, 1993. – Б. 17-29
2. Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.
3. Бөлеев Қ. Ұлт мектептерінің ұлы мұраты: [Н. Құлжанова туралы] / Қ. Бөлеев, Л. Бөлеева // Қазақстан мектебі. – 2013. - № 8. – Б. 27-31
4. Ерсәлімов Б. Орысша оқыған алғашқы қазақ қызы: [Белгілі қоғам қайраткері, журналист Н. Құлжанова туралы] // Дидар. – 2012. – 27 желтоқсан. – Б. 2
5. Кәрібжанова Г. Қазақтың қайраткер қызы / Г. Кәрібжанова // Егемен Қазақстан. - 2012. - 26 желтоқсан. – Б. 6
6. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті / Б. Кенжебаев. - Алматы: Мектеп, 1976. – 136 б.

## ТОРҒАЙ ТОПЫРАҒЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫ, ҚАЙРАТКЕР- НӘЗИПА

Қуанышбек Биязы Берікқызы  
Жетекшісі: Уахитова Алмагүл Абдуалиена  
Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі  
Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығының 4 курс студенті  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

*Асыл адам айнымас  
Бір бетінен қайырылмас  
Абай*

Ұлттық мәдениет, әдебиет, ғылым тарихында көрнекті педагог оқымысты, журналист-көркемсөзші, жазушы әрі аудармашы Нәзипа Құлжанованың қайраткерлік тұлғасы, озық та озат санаткерлік болмысы байтақ бір әлем.

Киелі Торғай өңірінен шығып, есімі бүкіл қазақ еліне танылған аяулы қыздарымыздың бірі- Нәзипа Құлжанова. Нәзипа Құлжанова 1887 жылы М.Дулатов, А.Байтұрсынов сынды дарабоз тұлғаларды дүниеге әкелген Торғай өңірінде туды. Өнер біліммен ерте сусындап, бірінші орыс революциясына дейін-ақ қазақ қыздарының ішіндегі білімділердің бірі болған. Алдымен іргесін ұлы ағартушымыз Ыбырай Алтынсарин қалаған Торғайдағы орыс-қазақ мектебінде білім нәрін сусындап, кейін оқуын Қостанай қаласындағы қыздар гимназиясында жалғастырады. Оны 1902 жылы тәмамдап, Торғайда мұғалімнің көмекшісі болып істейді. Оның Торғайда Ыбырай Алтынсарин ұйымдастырған қазақ -орыс мектебінде оқып, тәрбиеленіп шығуының өзі көп нәрсені аңғартса керек. Өзінің ағартушылық демократ қызметімен Қазақ төңкерісінен бұрын- ақ танылып, есімі ел ішіне кең тарала бастаған еді. Төңкерістен кейін сол білімін өз халқының қажетіне жұмсады. Нәзипа Құлжанованың бастапқы мамандығы-мұғалім. Оқу комиссариатының арнайы тапсырысымен «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты оқу құралын жазған. Бұл еңбегі 1923 жылы жарық көрді. Аталған бұл кітапқа ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер білім даярлау керек», -деп алғыс сөз жазған екен.[1]

Нәзипа Сегізбайқызы-ұлттық педагогика ғылымының қалыптасуымен дамуына салмақты үлес қосқан салиқалы, зезделі зерттеуші. Бұған «Мектептен бұрынғы тәрбие»туындысы толық дәлел. Баланы қалайша тәрбиелеп өсіруді, табиғи қалпын бұзбай, мінсіз баулуды, ортасының әсер ықпалы, қалайшы дұрыс, жатық сөйлеуін, көркем мінез, келісті әдет дарыту, баланың саулығы, зейін-зердесінің тәрбиесі жан-жақты терең, әсерлі баяндалады.

Сондай-ақ Нәзипа Құлжанова мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оларға айтылатын сөздің де, көрсетілетін іс- қимылдыңда орынды, тағылымды болуын ескерткен. Танымал педагог бала бойындағы білуге, ұғуға, көруге әуестікті тыйып тастамай, оларды бағыттап, дамытып отыру қажеттігін нақты мысалдармен түсіндіріп берген. «Халқыма деп іс қылдым», -деп Нәзипа Құлжанова өзі айтқандай келешек ұрпағына тәрбиелік мәні бар артына мол мұра қалдырды. Кейінгі ұрпақтарға қалдырған өшпес мұраларының бірі- «Ана мен бала тәрбиесі»кітабы. Бұл оқу құралы педагогтарға, тәрбиешілерге, ата-аналар мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық ретінде ұсынылған.

[2]

Нәзипа Құлжанова әйгілі оқымысты Ахмет Байтұрсынов сыр- сезімге толы толқынды жырын бағыштаса, Сұлтанмахмұт Торайғыров халықтың шынайы махаббатын мөлдірете жеткізген. Өрі -қыры бірдей Нәзипа Құлжанова –республикада әйелдер қозғалысына ірі қозғау салған және көптеген ауылдық, уездік комитеттерде әйелдер бөлімін аштырған айтулы жан. Қазақтың қайраткер қызының қаламынан туған түрлі сипаттағы туындылары көп болды. Нәзипа Құлжанова-қаламы жүйрік журналист, талғамы биік жазушы. Оның осынау қабырғалы шығармасының танымдық, тәрбиелік, тағылымдық мәні мейлінше терең. Оның дүниетаным дәрежесі, ой- өрісінің кеңдігі әлемдік ғылымнан мол хабардарлығы жарқырап көрінеді.

Ерлі-зайыпты Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтар халықтың рухани дүниесіне өлшеусіз үлес қосқаны мәлім. Ұлт руханияты тарихындағы әйгілі қайраткер Нәзипа Құлжанованың ұстаздық, қоғамдық, еңбегі, кесек ой- толғаныстары заманнан -заманға ауысқан сайын жаңғыра бермек.

Ұлт қызметкері Н.Құлжанованың түпкі ойы, көкейкесті мақсаты- көркем әдебиет кештері, ойын-сауықтары арқылы білім- ғылым сәулесін жалпақ елге жеткізу, ұлт әдебиетін ілгері бастыру, мұқтаж оқушыларға жәрдемдесу.

Нәзипа Құлжанова заманында ірі мәдени қоғамдық істердің ұйымдастырушысы, ұйтқысы болған қайраткер. Ол атқарып кеткен мәдени ағартушылық, ұстаздық, журналистік еңбегімен аса биік бағаға лайық тұлға. Нәзипа Сегізбайқызының өмірі қысқа болды. 1934 жылы Ақмолада небәрі 47 жаста дүниеден қош айтысқан қайраткер қазақ қызының өмірі де, сол қысқа өміріндегі кездескен сан түрлі қиындықтармен атқарған ереулі қызметі де ұмытылмайды, және оның есімі Қазақ мәдениетінің тарихында мәңгілік қалады.[3]

Осы мақалада алып тұлғаның шығармашылық қызметінің бір қыры ғана аз кем сөз етілді.

Халқым деп іс қылған кезінде қолдан келгенше қала, ауыл жастарына қол ұшын беруден, ақыл кеңестерімен дұрыс бағыт сілтеуден аянбаған Нәзіпа Құлжанованың есімін орныммен ескермеу тарих алдында ұрпақ парызын жеңілдете қоймаса керек.

#### Әдебиеттер тізімі:

3. «Нәзіпа Құлжанова»Кәрібжанова Г.А-Семей,2012 жыл 198 бет
4. «Нәзіпа Құлжанова- ағартушы, қайраткер»Кәрібжанова Г.А-Алматы, 2004жыл 200 бет
5. «Нәзіпа Құлжанова шығармалары»-Алматы, 2014 жыл 384 бет

### **ВЛИЯНИЕ МАЛЫХ АРХИТЕКТУРНЫХ ФОРМ НА РАЗВИТИЕ И ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ В СВЕТЕ УЧЕНИЯ Н. КУЛЖАНОВОЙ О ДОШКОЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ**

Ловягина Т.В.,

преподаватель спецдисциплин,

КГКП «Костанайский строительный колледж»,

г. Костанай

Проблемы воспитания и развития детей в раннем возрасте поднимаются и решаются постоянно, при этом, что видно из истории, они изменяются, усложняются, преумножаются. Этот вопрос стоит на повестке дня как на уровне государственных органов, так и в семье. Время не стоит на месте – меняются взгляды, требования к всестороннему развитию и воспитанию детей.

Литературы, посвященной данному вопросу очень много, решаемой с различных точек зрения и сфер: медицины, психологии, социологии, образования...

Но, если вернуться на рубежи 19-20 веков, такой литературы в Казахстане не было, ее приходилось переводить с других языков, чтобы донести азы воспитания в формирующиеся детские организации и, конечно, семьи. Именно тогда большой вклад в развитие дошкольного образования Казахстана внесла НазипаКулжанова - педагог-ученый, принимавшая активное участие в организации дошкольных учреждений в Казахстане, поднимающая вопрос о необходимости специальной подготовки педагогов и воспитателей, неоднократно публиковавшая статьи о проблемах воспитания ребенка[1]. И понятно, кто как не женщина, глубочайшим образом чувствует ребенка, печется о его будущем и заинтересована в его развитии и воспитании. Воспитание в младшем возрасте – это основа, на которой в дальнейшем формируется характер, и развиваются способности и умения. Ведь именно в этот интересный и непростой период формируется личность, а сформированные в основы нравственности в значительной степени определяют целую жизнь.

На развитие и воспитание детей влияет все и всё, кто и что их окружает, с чем и с кем они соприкасаются в повседневной жизни: люди, природа, архитектура и т.д.

Хочется поддержать идеи Н. Кулжановой и рассмотреть их с точки зрения архитектуры, как на развитие и воспитание детей младшего возраста влияют малые архитектурные формы, формирующие комфортную и гармоничную среду населенных пунктов. которые обычно наделены простейшей функцией и отличаются несложным конструктивным решением [2].

Детские же малые архитектурные формы, детское оборудование во дворах, детских учреждениях помогают организовать активный отдых во время прогулок, игр на свежем воздухе, которые способствуют физическому развитию, укреплению здоровья, самостоятельности, коммуникабельности, просто выбросу накопившейся энергии. Но не всегда эти объекты доступны детям, имеющим определенные особенности в развитии, например, ограничения в движении.

Для проектирования МАФ существуют определенные нормативные документы, которые предусматривают регламент, условия их проектирования. К сожалению, художественное восприятие данного объекта не регламентируется.

Если проанализировать имеющиеся МАФ в городе Костанай, то можно отметить следующее: они повсюду, есть такие, что бросаются в глаза и хочется к ним подойти, а есть малоприметные и непонятно, для чего они установлены. В Костане имеется множество малых архитектурных форм, в частности, скульптур: Чарли Чаплин, Наполеон, Студент и студентка. Среди городских скульптур можно найти посвященные разным профессиям: сталевара, парикмахера, сантехника, водопроводчика; Кос и Танай - девушек, чьи истории, по легенде и легли в основу названия города. Много у нас памятников великим историческим деятелям, монументов. Все эти малые формы помогут обратиться к истории, получить определенные сведения в различных сферах, способствуют формированию патриотизма

Что касается детской площадки, как МАФ, то это территория, на которой расположены элементы детского уличного игрового оборудования с целью организации содержательного досуга. Игровое оборудование, в свою очередь, представляет собой набор конструктивных сооружений, способствующих физическому развитию, оказывая при этом благоприятное воздействие на социальную адаптацию ребёнка.

Наш город активно застраивается и это очень важно, что в новых проектах предусмотрено современное благоустройство и наличие детских МАФ. Например, в уже существующих ЖК «Атынарман» и «Жана кала», во вновь строящихся «Марсель» и «Семья». Малые архитектурные формы для детских игр и упражнений должны отличаться оригинальностью решения и яркими красками.

Хочется все-таки обратить особое внимание на относящихся к разряду общедоступных малых архитектурных форм небольших архитектурных объектах, предназначенных для детей. Эта тема не нова, но находится в постоянном развитии. Мы тоже решили заняться ею и больше внимания уделить соответствию внешнего вида малых форм их назначению и поставили цель: разработать объёмно-пространственное и конструктивное решение тематических малых архитектурных форм для детей, способствующих развитию, познанию и воспитанию, и, очень важно, чтобы они были доступны детям с ограниченными возможностями (МГН) и обеспечивали бы спокойный семейный отдых и общение. Одно из важных требований к детским малым формам – безопасность.

Перед началом проектирования малых архитектурных форм для детей, была изучена история их появления, классификация, особенности, предъявляемые к ним требования, конструктивные решения и материалы, проанализированы имеющиеся детские МАФ.

Также было решено провести социологическое исследование: анкетирование с целью анализа отношения к детским малым архитектурным формам и пожелания горожан, в особенности мам (50 респондентов в возрасте 20-45 лет. В итоге 88% – ответили, что во дворах на детских площадках или рядом с ними имеются МАФ для детей; 80% - считают, что детское оборудование не всегда безопасно; 52% – согласны, что МАФ способствуют развитию физических качеств; 92% – (это большая часть) считают, что умственно имеющиеся МАФ не развивают; 96% опрошенных, согласны, что МАФ должны учить, развивать и воспитывать одновременно.

На вопросе по требованиям к малым архитектурным формам для детей ответы распределились следующим образом: детские МАФ должны способствовать занятости детей в свободное время (100%); способствовать физическому развитию детей (84%); способствовать умственному развитию детей (84%); быть яркими и привлекательными (82%); быть безопасными (94%); иметь воспитательное значение (60%); украшать определенное место в городе (22%). Отсюда вывод: большее предпочтение было отдано тому, что МАФ должны способствовать не просто занятости и физическому развитию детей, но и воспитанию, и умственному развитию, и, конечно, быть безопасными.

Все существующие детские малые формы, в основном способствуют организации детского досуга и развлечений, физическому развитию и габаритами соответствуют детскому возрасту, на них можно просто посмотреть, посидеть, полазать и т.д., но они ничему не обучают, другими словами, не дают умственного развития, и недоступны для детей маломобильной группы.

Просмотрев в интернете некоторые необычные МАФ, было решено спроектировать в Архикаде тематические комплексы малых архитектурных форм именно детского назначения, чтобы они не только габаритами соответствовали детскому возрасту, а действительно могли чему-то научить или дать определенное развитие в плане интеллекта.

За наглядный пример была принята площадка в центре Костаная, которая имитировала настоящую шахматную доску с фигурами, где проводится ежегодный открытый турнир города на приз акима области.

Вот, что получилось. Проект «Детские острова». Цель проекта – разработка архитектурного решения детской зоны отдыха в общественном парке или на территории микрорайона, где будут располагаться тематические МАФ способствующие умственному развитию малышей.

Детский остров №1: «ЗооЛэнд». К сожалению, не в каждом городе есть настоящий зоопарк, а этот «Остров» сможет помочь детям младшего возраста, во время отдыха между подвижными играми, узнать многих животных. Основу композиции составляют скамьи, и качели, выполненные из составляющих элементов и конструкций, имитирующих животных. Они просты в исполнении. Изюминка в том, что скамьи-животные неповторяющиеся, но размеры рассчитаны на детские габариты. Жираф, Обезьяна, Черепаха, Лев, Крокодил обязательно заинтересуют малышей, помогут им и узнать животного, и научиться правильно произносить его название, и просто посидеть, отдохнуть и посмотреть на представленные изображения. Дорожки между «животными» рассчитаны на передвижение колясок (рис.1, а).

Детский остров №2: «АВГДейка» (или «Буквоежка»). Помнится были времена, когда шли чудесные телепередачи под такими названиями, которые обучали малышей грамоте, правильному произношению слов, развитию речи. Основу спроектированной композиции составляют скамьи и кубики-тумбы с изображениями букв, которые имеют небольшой вес, их можно передвигать, переносить, полазать по ним, построить ступенчатую пирамид, позаниматься в паре или группе со

сверстниками, а главное, можно выучить буквы и сложить первые слова. Также этот остров будет способствовать совместному спокойному времяпровождению детей и родителей (рис.1, б).

Детский остров №3: «Палитра». Эта композиция направлена на изучение маленькими детьми разных цветов и их оттенков, развитие творческих задатков. На небольшой площадке из песка ограниченный участок, в форме палитры с цветными пятнами-кружками, имитирующими краску, цветные шары, зонты с разноокрашенными сегментами, обязательно привлекут детей и смогут помочь им разучить и запомнить основные радужные цвета: для шара определённого цвета нужно найти на палитре кружок такого же цвета и закрасить шар в него, а предложенными заготовками для рисования: мелки, участок с ровным гладким покрытием или панель-доска, можно будет еще и порисовать (рис.1, в).



а

б

в

Рисунок 1. а-«ЗооЛэнд» б-«АБВГдейка», в-«Палитра»

Основное внимание в нашем проекте уделено образу малой формы, её внешнему виду в соответствии с названием и назначением, и воздействию, которая будет оказывать на детей в плане познания, развития и воспитания, конечно же и привлекательности. Такие МАФ в реальности упростили бы родителям действия по организации познавательного досуга младших детей, способствовали бы их совместному пребыванию вне дома, общению. Ведь именно именно в общении с матерью или отцом у ребёнка формируется базовое отношение и доверие к миру.

Также ими можно обустраивать и площадки на территории детских организаций, будь то детский сад или школа, или двор внутри микрорайона, и почему бы не привокзальная площадь или городской парк.

Запроектированные объекты могут быть выполнены из разного материала, в том числе и антивандального, который обеспечат сохранность и долговечность площадок: металл, дерево, экопластик, ПВХ, а также инновационный композитный материал, главное, чтобы он и выполненные из него формы, предметы были безопасными. Еще, что касается сохранности этих «Островов», то рекомендуется их располагать в местах, зонах, которые охраняются или, при необходимости, можно оградить.

К основным характеристикам спроектированных «Островов детства» можно отнести: эстетичность, удобство в использовании, экономичность, безопасность, целевое назначение, польза в плане умственного, интеллектуального развития. Тема малых архитектурных форм, хоть и не отличается новизной, выбрана неспроста, т.к. находится в постоянном совершенствовании и имеется большой простор для творчества.

Малые архитектурные формы, в особенности для детей, чрезвычайно разнообразны по функциональному назначению и пространственным характеристиками, обладают эргономическими параметрами и должны соответствовать каждой из возрастных групп и учитывать специфику, связанную с их функциональным назначением. А как объекты переменного и типового проектирования для детей они должны обеспечивать разнообразие решений, быть выразительными и, непременно, полезными в плане здоровья, умственного развития и всеобщей доступности.

Идея, конструктивное решение даже самого небольшого сооружения малых архитектурных форм для детей требует особого внимания и эскизной проработки уже на стадии проектного решения [2]. Даже самый рутинный архитектурный объект в любом случае будет влиять на настроение, эстетические вкусы, художественное представление окружающего пространства и участвовать в общем развитии и воспитании наших детей.

Быстро развивающаяся архитектура Казахстана должна также вносить свою лепту в продолжение дел и учений наших народных просветителей и общественных деятелей.


#### Список литературы:

1. НазипаКулжанова – основоположник дошкольной педагогики, видный просветитель и общественный деятель/ – URL: <http://midedu.ozin-oz-tanu.kz/meeting/show/id/4403>
2. Конструктивные решения малых архитектурных форм – URL: [https://ozlib.com/881702/tehnika/konstruktivnye\\_resheniya\\_malyh\\_arhitekturnyh\\_for](https://ozlib.com/881702/tehnika/konstruktivnye_resheniya_malyh_arhitekturnyh_for)

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕНІҢ НӘРІ НАЗИПА

Махметова Айханым Бериковна  
Ә.Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы техникалық колледжінің студенті  
Жетекшісі: Оразхан Назым Төлепбергенова  
Қарағанды облысы, Балқаш қаласы

**Құлжанова Назипа Сағызбайқызы** XX ғасырдың басында өз халқын ілімге, мәдениетке шақырып, жаңашылдықтың жаршысы болған халқымыздың көрнекті ағартушысы, алғашқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш педагог, әрі-журналист-публицист. Назипа Сағызбайқызы 1888 жылы Торғай облысы, Жангелдин ауданында қазіргі «Торғай» кеншары жерінде дүниеге келген. Балалық шағы қазақ ауылында, еңбекші бұқараның ортасында өткен. Ол Торғай қаласындағы қазақтың тұңғыш ағартушы-педагогі, демократ, ақын-жазушысы Ы. Алтынсарин іргесін қалаған орыс-қазақ мектебін бітірген. 1902 жылы Қостанай қаласының Қыздар гимназиясын бітіріп, 1903–1904 жылдары қайта Торғай қаласына келіп, өзінің жастығына қарамастан 15 жасында әйелдер училищесінде мұғалімнің көмекшісі болып еңбек еткен. Одан кейін Орынбор қаласындағы



Мұғалімдер семинариясын бітірген. Назипаның өмірінде оның күшті және батыл екенін сипаттайтын бір эпизод бар. Назипаның ата-анасы оны кәмелетке толмаған кезде тұрмысқа бергілері келді және оған қалың мал алды. Бірақ Назипа тұрмыс құрудан бас тартты, өйткені ол оны ұнатпады. Содан кейін, дала әдет-ғұрыптары бойынша, оның отбасы қалың малды қайтаруға мәжбүр болды, бірақ оны қайтаруға қаражат болмады. Бұл жағдайда Назипа прокурорға жүгінуге шешім қабылдады, ол оған көмектесті.



Әрі қарай Назипа өзі ұнатқан Жетіқара-Шұбар болыстық мектебінің оқытушысы Нұрғали Құлжановқа тұрмысқа шықты. Ол әйгілі адам, сол кездегі көрнекті ағартушылардың бірі болған. Ресейдегі 1905 жылғы оқиғалардан кейін үйлену істерімен жағымсыз қауесеттерді болдырмау үшін жас жұбайлар Семейге, рухани гүлдену орталығына кетті. 1905–1920 жылдары сол Семей Мұғалімдер семинариясында мұғалімдік қызметте болған.

1913 жылы ол Орыс географиялық қауымдастығының "азаматтық спутниктер" тобының мүшесі болды [1, 232 б.].

Назипа Абай Құнанбаевтың поэзиясын жақсы көрді. Әдеби және қоғамдық жұмыстармен айналыса отырып, 1914 жылы ол Абай Құнанбаевтың қайты болуының 10 жылдығына арналған бірқатар кештер ұйымдастырды. Адамдарды жинап, оларды ақынның шығармашылығымен таныстырды, оның өлеңдерін көпшілік алдында оқыды.

Осы іс-шараларға қатысқан Шығыс зерттеушісі Г.Н. Потанин былай деген: «Шынымен де қазақ халқының музыкалық дауыстары таза, сыңғыр үнді. Әншілері әндерді жоғарғы деңгейдегі шеберлікпен орындайды»

Осы сәттен бастап оның саяси және әлеуметтік өмірі басталады. Ол журналист болады. "Алаш", "Қазақ", "Сарыарқа" газеттерінде қазақ әйелдерінің өмірі туралы жазады [2, 198 б.].

1917 жылы Семей облысы қазақтарының съезіне қатысып, съезд басқармасының құрамына кіреді. Оның шығармашылығы 1917-1929 жылдары, қазақ әдебиетінің даму кезеңінде орын алды. Оның қаламынан "Әдебиетімізге көзқарас", "Ақын Шолпан", "Қажетті жұмыс", "Семей театры" сияқты еңбектер жарық көрді. Бұл жұмыстар әдебиет мәселелерін зерттеу саласында көлемді ақпарат көздері, сондықтан әдебиет тарихында лайықты орын алады. Ынта-жігерге толы Назипа мұнымен тоқтамайды, ол ел мен халықтың өміріне белсенді қатысады. Оның мақалалары терең, ой тұртерлік мәнді және сонымен бірге қоғамға пайдалы. Сол күндері әйелдер арасында журналистер болған жоқ. Ол әйелдер журналистерінің негізін қалаушы болды, әйелдер тақырыптарына мақалалар жазды. Оның бірқатар еңбектері: "Сауатсыз адам — жартылай адам. Әйел-халықтың анасы. Тек білімді, шебер, еркін әйел ғана өз халқын озық халықтар деңгейіне көтере алады", "Біз бәріміз — жас және кәріміз, қыздар мен ұлдар — барлық дағдыларымызды, сана-сезімімізді ілімге бағыттауымыз керек", "Жалпы әйелдер мерекесі", онда ол әйелдің отбасындағы және қоғамдық өмірдегі орнын сипаттайды [3, 528 б.].

Ақын С. Торайғыров оған "Таныстық" атты поэмасын арнады. Ол адалдық, жауаптылық, тиімділік сияқты қасиеттерін сипаттады. Ақын соңғы көптеген ер адамдарда сапа жоқ екенін айтты.



Назипа журналистикамен ғана емес, жақсы аудармашы және мұғалім болды. Оның қабілеттерінің арқасында Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ғ.Мүсіреповтің шығармашылығы орыс тіліне аударылды. Ал қазақтар М.Горькийдің, Л.Толстойдың, В.Короленконың және т. б. шығармаларымен танысты.

Назипаның өтініші бойынша орыс композиторы Александр Затеевич "Қадырдың жылауы", "Гай-ау, саулем" әндеріне музыка жазды.

1920 жылы Назипа Құлжанова қазақ автономиялық республикасының Халық Ағарту Комиссариаты, кітаптар мен оқулықтарды дайындау комиссиясының мүшесі болады. Осы лауазымда жұмыс істей жүріп, қазақ әліпбиін дайындау бойынша бас маман болды.

Назипаның әдеби-музыкалық кештерді өткізудегі тәжірибесі ұлттық театрдың қалыптасуында пайдаланылды. Өз қызметінде ол жастарды тәрбиелеу және халықтың мәдени қайта өрлеу мәселелерін үнемі көтеріп отырды.

Күйеуі қайтыс болғаннан кейін, Назипа екі жыл бойы Ақмола қаласында мұғалім болып жұмыс істейді.




Из фотки РГУ ЦГА К ФДЗ РК. Арх. № 3.19439  
Первая редакция газеты "Еңбекші қазақ". Сидят направо А. Сейфуллин, К. Гилеушин, Н. Кундаманов,  
С. Сейфуллин, Т. Арстанбек, С. Муханов  
г. Оренбург, 1924-1925 гг.

1923-1925 жылдары "Әйелдер тендігі", "Қызы Қазақстан" журналдарында жұмыс істеді. "Алаш", "Қазақ", "Бірлік туы", "Айқап" газеттерімен ынтымақтастық орнатты.

1922 жылы сол кезде Қазақ АССР Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы және "Еңбекші-қазақ" газетінің редакторы болған С.Сейфуллин Назипаны редакциялық алқа құрамына шақырды. Өзінің жарқын шығармашылығының арқасында ол тез құрметке ие болды және танымал автор болды. Бұл кезде ол М.Әуезов, С.Сейфуллин, М.Молдабаев, Б.Майлин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, А.Сегізбаевпен жиі-жиі араласып, ақыл-кеңес алатын.

**Назипа Құлжанова** 1923 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жайлы «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабын жазған. Бұл Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырысымен жазылған алғашқы авторлық туынды. Аталмыш кітапқа алғысөз жазған қазақ халқының ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы былай деген: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер – білім даярлау керек». Автордың бұл еңбегі мынадай тараудардан тұрады:



1. «Күллі жер жүзінде»
2. «Мектеп жасына толмаған бала»
3. «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие не керек?»
4. «Мектепке дейінгі тәрбиенің Россиядағы түрі»
5. «Бала бақшасы деген не?»

Сол кездің өзінде шет елдердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарын зерделеу жүргізілгендігін осы кітаптың мазмұнынан айқын көруімізге болады. Мысалға, «Күллі жер жүзінде» атты алғашқы тарауында дүние жүзін мекен еткен Автор дамыған елдердегі бала бақшалардың мән-жағдайын көрсетіп баяндай келе, қазақ тұрмысында бала бақшаның болашақ ұрпақты тәрбиелеуде зор қызмет атқаратындығына зор сеніммен қарайды. Сонымен қатар, Италия балабақшаларының балаларға арналған құрал-жабдықтармен талапқа сай қамтамасыз етілгендіктерін, Швейцарияның Цюрих қаласындағы тастан жасалған мектептің бір жағында мектепке жасы толмаған балалардың үйі бар екендігін және оның балалардың жас шамасына сай құралдармен жабдықталғандықтарын бейнелейді. Шотландиядағы Эдинбург қаласындағы балалар бақшасын өз алдына ерекше етіп көрсеткен. Ол жерде күнделікті, таңертең ашық далада балалар бастары қосылғанда, кешкісін үйлеріне қайтарда бір-біріне «Амандық өлеңдерін» айтады дейді. **Н.Құлжанова** Европа елдеріндегі балалар бақшаларының өмірін үлгі ете отырып, күншығыстағы Жапония мемлекетіндегі балалар тірлігін де әңгімелейді. Автор бұл еңбегінде ең бастысы бірігіп ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа, реттілікке, ұйымшылдыққа баулу, балалардың ойына, жас межесіне, қабылдау ерекшеліктеріне барлық жұмысты бағындыру, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау, өлең айту, сурет салу тағы басқа өнерлерін дамыту мәселелеріне көңіл бөледі. Болашақтағы қазақ балалар бақшасы сондай болса екен деп армандайды.

Нәзипа Сегізбайқызы мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде оның жас ерекшеліктеріне назар аудару қажеттігін нақты мысалдармен түсіндірген. Ол баланың қалыппен дамуы үшін оған айтылатын сөз де, көрсетілетін қимыл да, үйретілетін тағылым да шамадан тыс көп болмау керек және тым ауыр болмауы ескерілуі шарт дейді. Мөлшерден артық тапсырмалар баланың дамуына кері әсерін тигізуі мүмкіндігін және баланың дамуы үнемі дәрігер мен педагогтың бақылауында болуы қажет дейді. Сол кездің өзінде оқымысты ғалымдардың үш жасар баланы зерттеу объектісі етіп алғандығын мысал етеді. Үш жастағы баланың даму ерекшелігін, білімге, зерттеуге, құпия ашуға құмарлығын мәлімдейді. **Назипа Құлжанова** баланың бойындағы білуге, тануға, ұғынуға, көруге, байқауға, өзінше қайталауға әуестігін тыйып тастамау керектігін, оларды бағыттап, алдында тұрған сауалдарды бірігіп шешуге ұмтылу қажеттігін, бала мүмкіндігіне қарай тұқым қуалаған мінездің әртүрлі құбылуын дәлелдеп көрсеткен. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке баруға дайындауды, оларға «Мен» түсінігін қалыптастыруды және де жас шамаларына байланысты даму деңгей ерекшеліктерін ғылыми түрде негіздеген. Сонымен қатар, балаларды мектепке толыққанды дайындау мәселелері бойынша қойылған сауалдарды жауапсыз қалдырмаған, ғылыми тұрғыда негіз деп берген. **Н.Құлжанова** мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде ойынның ерекше қызмет атқаратындығына айрықша көңіл бөліп былай деген: «Балаға керегі – ойын. Ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы ойын. Ойында бала көрген-білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып, бекітеді». **Н.С.Құлжанованың** ағартушылық, ұстаздық, қайраткерлік еңбегінің тағы бір ірі көрінісі 1927 жылы Қызылорда қаласында 5000 данамен басылып шыққан – «Ана мен бала тәрбиесі» кітабы. Бұл кітап педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық кітап ретінде ұсынылған. Нәзипа Сегізбайқызы дәрігерлік арнайы білімі жоқ болса да көптеген әдебиеттерді ақтара келе, бала мен ана денсаулығына қатысты пайдалы кеңестермен бөліскен.

1929 жылы Назипа шығармашылықпен үйде айналысуға мәжбүр болды. Мұрағат материалдары сүйенсек бұған себеп оның денсаулығының нашарлауынан деп көрсетілген. 1934 жылы наурызда Назипа Құлжанова ұзаққа созылған ауыр науқастан қайтыс болды.

Назипа Сегізбайқызы қазақ тарихында есімін ойып тұрып қалдырған еліміздің көрнекті ұстазы.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Алаш. Алашорда [Мәтін] : энциклопедия. - Алматы : Арыс, 2009. - 544 б. – Құлжанова Нәзипа: б. 231-232.
2. Кәріпжанова, Г. А. Нәзипа Құлжанова [Мәтін] / Г. А. Кәріпжанова. - Семей : Интеллект, 2012. - 198 б.
3. Тілешов, Е. Алаш қозғалысы [Мәтін] : энциклопедиялық анықтамалық / Е. Тілешов, Ш. Құрманбайұлы . - Алматы : "Сардар", 2014. - 528 б.
4. Шығыс Қазақстан облысы [Мәтін] : энциклопедия. - Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2014. - Құлжанова Нәзипа Сегізбайқызы: б. 481.

#### НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ, ҰСТАЗДЫҚ, ҚАЙРАТКЕРЛІК КЕЛБЕТІ

Муталипова Нургул Борашовна  
Педагогика және психология ғылымдарының магистрі  
Астана халықаралық университетінің  
Педагогикалық колледжінің оқытушысы  
Нұр-Сұлтан қаласы

Нәзипа Құлжанова – қазақтың білім саласының, қазақ журналистикасының, этнография ғылымының, сондай-ақ, мәдениеті мен әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан қоғам қайраткері. Біздің болашағымыз жастардың қолында дегендей Назипа Құлжанова үшін балалардың тағдыры жүректі ауыртпай қоймады. 1923 жылы Назипа, мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жайлы "Мектептен бұрынғы тәрбие" кітабын жазып балалардың тек ойын ойнап қана емес, білім алулары керек деген ұранды ұстанған қазақтың алғашқы қыздарының бірі еді. Бұл тақырыпта терең ізденген Назипа Еуропа еліндегі балабақша өмірін үлгі ете отырып, Жапония мемлекетіндегі балалар тірлігін әңгімелеп қазақ балаларында білімнен құр қалмау керектігін алға тартты. Назипа Құлжанова, баланың бойындағы білуге, ұғынуға, көруге, байқауға баланы тиіп тастамауға, баланың ойындағы сауалнамаларды бірге шешу керектігін сондаған ғана балаларды толыққанды білім беруші тұлғаға ашылатындығын дәлелдеп көрсете білген.

Н.Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты еңбегіне Ахмет Байтұрсынов кіріспе сөз жазып, бұл еңбекке «Қазақстан топырағындағы жаңа тақырыпқа арналған тың туынды» деп жоғары баға береді.

Нәзипа Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің жұмыс мазмұнын, атқаратын қызметін айта келіп, баланы тәрбиелеу, өсірудегі ұлттық ойындардың ерекшеліктеріне тоқталады. Үш пен жеті жас аралығындағы балалардың физиологиялық ерекшеліктерін – бала әлемін сөз етеді. Әсіресе, жас баланың айналаны білуге деген құмарлығын, сөйлеуге, сұрақтар беруге бейім болатынын, сол арқылы ойы өсіп, жетілетінін айта келе, баланың ойын дамыту үшін олардың сұрақтарын жауапсыз қалдыруға болмайды дейді. Қазақтар баламен сөйлесуге жете мән бермейді. Сондықтан, олардың сөйлеу мәдениеті толыққанды жетілмейді дейді. Баланы табиғат аясында тәрбиелеудің, табиғат құбылыстары жайында үнемі әңгіме жүргізудің тағылымдық мәніне терең тоқталады. Ол баланы жас кезінен бастап табиғат аясында тәрбиелеудің эстетикалық әсерін айта келіп, «Бала даланың кеңдігінде шолпылдатып суға түсіп, жүгіріп құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын тоғай арасында сайрандай жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей өсіп, өркендемек» дегенді айтады. Автор осы пікірін әрмен қарай жалғастыра келіп: «Әрбір құлықты, жақсы адам мінезінің түпкі негізінде болатын еңбек ету, көңіл көтеру және денесі еліктегіш, талшыбықтай икемді, нәзік сезімді болып келеді» деп мектеп жасына дейінгі балалардың тыныс-тіршілігін сөз етеді. Н.Құлжанова баланы үйде, балабақшада еңбекке бейімдей тәрбиелеудің маңызына тоқталады. Ол үшін әр балабақша жанында биологиялық бұрыш, тәжірибе участогы болуы керек. Бала торғайды, қоянды, тотықұсты, кірпікшешенді, балықты өсіруді білсін, аулаға көкөніс, гүл отырғызып, су құюды үйренсін, сазбалшықтан ойыншықтар жасап үйренсін дейді. Нәзипа Құлжанова баланың санасын оятып, қиялын өсірудегі ойыншықтардың тәрбиелік рөліне ерекше мән береді. «Ойын баланың қиялын өсіреді. Ойнай білу дегеніміз – ойлай білуге үйрету» дейді.

Нәзипа Құлжанованың мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегінің құндылығы – біріншіден, оның Қазақстан топырағындағы тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуымен ерекшеленсе, екіншіден, Н.Құлжанова мектепке дейінгі педагогиканы биология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастырады, үшіншіден, ол қазақ этнопедагогикасын әлем елдерінің этнопедагогикасымен үндестіре зерттеді, төртіншіден, Н.Құлжанованың еңбектерінде Қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысы, сол уақыттағы ауыл мен қала өмірінің шындығынан алынған нақты көріністер айқын бедерленген. Ана мен бала тәрбиесі, әсіресе баланы мектепке дайындау жайында әдістемелік құралдар ана тілімізде күні бүгінге дейін тапшылық етуде. Алашорда қозғалысының қайраткері, қазақтың тұңғыш журналисі, аудармашы, ұлықты ұстаз Нәзипа Құлжанованың өмірі мен артында қалған мол мұрасы бүгінде жас ұрпаққа өнеге болып тұр.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. «Алаш» қозғалысы. Алматы, 2008. ISBN 9965-32-715-7
2. Торғай елі. Энциклопедия, Құрастырған Т. Рсаев. Алматы, «Арыс» баспасы, 2013 жыл

### Н.ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМНІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Назкеева Әлия Тоқышқызы  
Қостанай құрылыс колледжінің қазақ тілі мен әдебиет оқытушысы  
Қостанай облысы, Қостанай қаласы

Мақалада 1920-1930 жылдардағы Қазақстанда мектепке дейінгі педагогика ғылымының, мектепке дейінгі мекемелердің қалыптасу процесі туралы айтылады. 1914 жылы Орынбордағы мұғалімдер семинариясын үздік бітіріп, педагогикалық қызметін бастаған педагог-ғалым Н.Құлжанованың қосқан үлесі зор. Педагогика бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие» (1923) және «Ана мен бала» (1925) еңбектерінің авторы. А.Байтұрсынов бұл кітаптарға алғысөз жазып, жоғары бағалаған. Н.Құлжанова өз еңбектерінде жұмыстың мазмұнын, мектепке дейінгі мекеменің қызметін, сондай-ақ ұлттық ойындардың бала тәрбиесіндегі ерекшеліктерін қарастырады. Мектепке дейінгі педагогиканы биология мен медицинамен байланыстыра қарастырады.

XX ғасырдың басында Қазақстанда Мектепке дейінгі тәрбиенің алғашқы теоретиктері мен ұйымдастырушылары Н.Құлжанова, О.Д. Мухля, е. л. Романова, М. Г. Солдатова, К. Д. Травина, М. ф. Покровский, Ш. Бегімбетова және басқа да көрнекті педагогтар мен қоғам қайраткерлері болды. XX ғасырдың басында Қазақстанда Мектепке дейінгі тәрбиені ұйымдастырушы, алғашқы теоретиктердің бірі, педагог-ғалым Н. Құлжанова 1923 жылы Орынборда шығарылған өзінің 5 "мектепке дейінгі тәрбие"

атты іргелі еңбегінде балалардың физиологиясы мен психологиясын ескере отырып, балалардың ерте дамуы үшін арнайы жағдайлар жасау қажеттілігі туралы қорытындыға келеді. Осы еңбектің "3 жасар баланың даму ерекшеліктері" атты үшінші бөлімінде Н. Құлжанова 3 жасар балаға тән дамудың қарама-қайшы ерекшеліктерін атап өтті: бір жағынан, ол белсенді, білімқұмар, тапқыр, зерек, сөйлейтін, тыңдағанды ұнатады, екінші жағынан, оның назары тұрақсыз, жалпылауды білмейді Н. Құлжанованың "Мектептен бұрынғы тәрбие" ("Дошкольное воспитание"), "Ана мен бала тәрбиесі" ("Воспитание матери и ребенка") еңбектері отандық педагогиканың алтын қорына енді.

Н.С. Құлжанова қазақ педагогикасының дамуына баға жетпес үлес қосты, мектепке дейінгі мекемелерді ұйымдастыруға белсенді қатысты.

Өз қызметінде ол жастарды тәрбиелеу және халықтың мәдени қайта өрлеу мәселелерін үнемі көтеріп отырды.

Назипа Сегізбайқызы Құлжанова (1887-1934 жж.) – педагог-ағартушы, журналист-аудармашы, этнограф, Орыс Географиялық қоғамының мүшесі, Алаш қозғалысына қатысушы.

1887 жылы Торғай қаласында дүниеге келіп, Ыбырай Алтынсарин негізін қалаған орыс-қазақ мектебінде оқыды. 1902 жылы Қостанай әйелдер гимназиясын бітірді. 1903-04 жылдары 15 жасында Торғай әйелдер училищесінде мұғалім көмекшісі қызметін атқарды. Содан кейін Орынбор Мұғалімдер семинариясын бітірді.

1905-20 жылдары Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясында ұстаздық етті.

1902 жылы Назипа Шұбар болыс мектебінің мұғалімі Нұрғали Құлжановпен танысып, кейін тұрмысқа шығады. 1905 жылы олар Семейге көшті.

1913 жылы Назипа Орыс Географиялық Қоғамының Семей бөлімшесінің "азаматтық серіктері" ("Азамат серіктері") тобының мүшесі болды.

1915 ж. 13 ақпанда Назипа Құлжанова ұйымдастырған екінші үлкен мәдени іс-шара болған әдеби-музыкалық қайырымдылық кеші өтті, осы оқиғаға "Айқап" журналы мен "Қазақ" газеті өз жазбаларын арнады.

Оның "ана мен бала" кітабы Ана мен қазақ әйелінің педагогикалық білім беру мәселелеріне арналған, мемлекеттік тілде педагогикалық әдебиет болмаған жағдайда маңызды рөл атқарды.

"Мектепке дейінгі тәрбие" жұмысында қазақ даласындағы мектепке дейінгі тәрбиенің негізгі міндеттері ашылады.

Ол "Қазақ", "Сарыарқа" және "Алаш" газеттеріне қазақ әйелдерінің өмірі туралы көптеген мақалалар жазады. Оның жарияланымдарын журналистика саласындағы мамандар жоғары бағалады. Сонымен бірге Назипа саясат пен қоғамдық өмірге араласа бастайды. 1917 жылы Семей облысы қазақтарының съезіне қатысып, съезд Басқармасының құрамына кіреді.

Оның әйелдің қоғамдағы өмірі мен ролі туралы мақалалары Шығыстың көптеген әйелдерін білімге ұмтылуға итермеледі, өйткені ол әйелдердің проблемалары туралы ешкім сияқты жаза алмады. Оның үстіне, сол кездегі уақыт оның барлық түсінуінде өте қиын болды. Ай сайын билік өзгеріп отырды және соған қарамастан ол бәрін батыл жазды.

Ал 1920 жылы Құлжанова қазақ автономиялық республикасының оқулықтар, кітаптар дайындау, Баспа ісі жөніндегі Халық ағарту комиссариаты комиссиясының құрамына кірді. 1922 жылы "Еңбекші қазақ" газетінің редакциялық алқасының мүшесі болды.

1923-1925 жылдары "Қызыл Қазақстан", "Әйелдер теңдігі" журналдарында жұмыс істеді және "Айқап", "Қазақ", "Бірлік туы", "Алаш" газеттерінде мақалалар жариялады. Оның "мектептегі дәстүрлі тәрбие" (Орынбор, 1923), "ана мен бала тәрбиесі" атты кітаптары да қазір өзекті.

Назипа қоғам үшін пайдалы, күшті мақалалар жазды. Сол кездегі жалғыз әйел журналист бола отырып, ол өзінің мақалаларында әйелдердің өзекті мәселелерін көтерді. Ол "жалпы әйелдер мерекесі" сияқты терең ойларды жазды, бұл жұмыста Назипа әйелдің отбасындағы ғана емес, қоғамдағы орнын да анықтауға тырысады, бұл 20 ғасырдың басында жаңа және ерекше болды.

Назипа Сегізбайқызын педагог – ағартушы деп жиі атайды. Қарапайым мағынада, ағартушы – ағартушы-ағартушы, білім нұрын көтеретін, қоғам үшін пайдалы жаңа нәрсені енгізетін адам. Біз Мазепаның лайықты мұрагерлері ретінде осы анықтамаға толық сәйкес келуге тырысуымыз керек. Өзінің педагогикалық қызметінде оқытудың жаңа әдістерін, оқушыларға білім беру тәсілдерін белсенді түрде енгізу. Уақытпен қатар жүру де емес, жарты қадам алда болу! Осы талаптарды сақтаған жағдайда ғана мұғалім оқушылардың жүрегі мен санасына жетуге, синергия әсеріне қол жеткізуге, яғни бір факторды жақсарту арқылы бірнеше факторды жақсартуға мүмкіндік алады. Мысалы, сабақта біз оқушыға білім беріп қана қоймай, ондағы адамгершілік, адамгершілік қасиеттерді дамытуға, еңбекке деген сүйіспеншілікті оятуға және т. б.

Оқытудың жаңа әдістерін енгізу мәселесі педагогикада әрдайым өткір болып келді. Оқыту әдістерінің үлкен арсеналы жинақталған, бірақ назар аудару, қызығушылықты арттыру және оқушылардың ынтасын арттыру мәселесі бүгінгі күні де өзекті.

Бүгінгі таңда сторителлинг танымал бола бастады. Күрделі атаудың артында қарапайым және тиімді оқыту әдісі жатыр.

Сторителлинг (ағылш. history, story – әңгіме, тарих) педагогикаға менеджменттен келді. Әңгіме жазу арқылы оқуды білдіретін әдіс. Яғни, әдеттегі, скучно дәріс қызықты саяхатқа айналады, онда дамып келе жатқан сюжет, кейіпкерлер мен шабыттандыратын логикалық қорытынды дұрыс қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс этнопедагогикада кеңінен қолданылады, өлеңдер, әңгімелер, питомниктер мен әзілдер арқылы балаларға мораль, жақсылық пен жамандық, әділеттілік ұғымдары енгізіледі.

Оқудан тыс, сторителлингті білім беру қызметінде белсенді қолдануға болады. Мысалы, бірінші курс студенттерін бейімдеу кезінде. Елестетіп көріңізші, 1 қыркүйекте Сіз оқу дәлізімен жүріп, бірінші курс студентімен (немесе жай ғана жаңа студент) кездесесіз. Ол шатастырылған, мүмкін аздап депрессияға ұшыраған шығар, оның жанынан кітаптар мен қағаздар бар көптеген фигуралар өтеді.

Ол "өз" болып көрінуге тырысады, бірақ ол сыныптастарының есімдерін, тіпті мұғалімдердің есімдерін де есіне алмайтынын түсінеді. Ол әлі сабақта, жауап беруде, күрделі материалды игеруге тырысады. Әрине, сіз онымен сөйлесе аласыз, бейімделуге арналған шағын тест, кезекші сөздер айта аласыз. Бірақ, әлдеқайда тиімді, егер сіз жай ғана түсіну похлопаете оның иығына айта бастайды "бұл екінші күні менің жұмыс, қашан...", немесе "қашан Мен ғана поступила институт маған оқиға болды ..." және рассказываете және оқу орны туралы, және, қалай білді түсіну өте қиын немесе сіздің жұмысыңыздың/оқуыңыздың басталуына байланысты күлкілі оқиға.

Тарих шабыттандырады, оқуға қызығушылық тудырады, колледж туралы оның ережелері туралы білімді қалыптастырады, мінез-құлық ережелерін жақсы түсінуге көмектеседі. Қызықты, тиімді, қызықты!

Н.Құлжанова тәрбиешілер мен ата-аналардың бүлдіршіндердің мінезі, дүниені тануы, қалыптасуы төңірегінде қандай мәселелерді білулері керек, мектепке дайындау барысында қадағалайтын жәйттер нелер-бұлардың баршасын жауапсыз қалдырмайды. Ол мектеп жасына толмаған бала тәрбиесіне ескерілетін проблемаларды тізбелеп көрсетеді:

1. Қимыл мүшелерін дұрыс билеу, жүру, жүгіру, қағып алу, оның бәріне ыңғайланып ептіленеді;
2. Көру, есту, иіс сезу, түр түсті ажырату қабілеттері қалыптасады;
3. Сөйлеу, өз ойын шағын сөйлемдермен жеткізуге дағдыланады.
4. Ойлау қабілеті күшейіп, тіпті шағын қорытындылар жасауға ұмтылады;
5. Өлең, әңгіме, сурет, ойын арқылы өз түсінігін қоршаған ортаға жарыққа шығарады;
6. Өз дегеніне жетуге тырмысады, ойына алған ісін басқа жұрттың да орындалуын қалайды;
7. Таза, ұқыпты, жинақы болуын үйренгісі келеді,
8. Бала табиғаты шындықты ұнатады.

Көрсетілген дағдылар мен әдеттерді игерген бүлдіршін мектепке барғанда, бала бақшасында тәрбие көрмеген балаларға қарағанда, ерекшеленіп, тәрбиге көнбіс, білімге ынталы келеді.

Кәдімгі бала ойынының көптен ғылым салаларына өзекті тақырып боларлықтай ұланғайыр ғылыми концепция жасалатын дәрежеде екендігін танып, ұғыну заманы үшін аса озық ой-пікір еді. Сонымен қатар Н.Құлжанова мектеп жасына толмаған балаға тәрбие неге керек? -деп қана қоймай өзінің шығармаларында көрсете білген. Атап өтсек «Мектеп жасына толмаған бала не үйренеді? Белгілі бір жасқа келген соң, яғни 7-8 ден бастап, жас баланы оқыту керек екені кімге де болса анық, олай болса баланы мектепке беру керек екен, бірақ мектепке дейін балаға еш нәрсе үйретпейді ғой, бұндай балаға тәрбие керек пе? Бұрынғы қалыпта өзінен-өзі өсіп, адам болып кетпей мектептен бұрынғы тәрбиені неге керек дейді? Әрине, бала бақшасыз да, мектепсіз де өсіп адам болады ғой. Бірақ бала бақшасының тәрбиесін көрмеген көп білімнен, көп жақсы әдеттерден құр қалады. Кейде сол білімдерге өмір бойы жете алмайды. Мектепке дейін бала оқымайды деген зор қате. Кішкене баланың табиғаты дамылсыз қимыл керек қылады деп айтып отырамыз. Бұрын үлкендер тыныш отыруды бұйырады. Оның үстіне тыныш бір жерде қадалып отырып, істейтін, шамасынан артық қызмет тапсырып қояды. Мәселен, қазақтың әйел баласы жасы жетіге келсе-ақ, шешесі іс тігуге отырғызып қояды, кейде мынаны қозғалмай отырып жазып шық деп, баласының атасы яғни анасы бұйырып, отырғызып қояды. Далаға шығып көбелек қуып, қозы қуып, ат болып ойнағысы келіп отырған балаға немесе құрбыларымен қосылып, «қонақ-қонақ», «мәлике тотай» ойнағысы келіп, жүрегі алып ұшып отыраған жеті жасар балаға бұлары кешірілмейтін зорлық, ондай ата-ананы тек надандығын ғана көрсетуге болады.

Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегінің құндылығы: біріншіден, оның Қазақстан топырағында тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуымен ерекшеленсе, екіншіден - Н.Құлжанова мектепке дейінгі педагогиканы, биология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастырады, үшіншіден - ол қазақ этнопедагогикасын әлем елдерінің этнопедагогикасымен үндестіре білді, төртіншіден - Н.Құлжанованың еңбектерінде қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысы, сол уақыттағы ауыл мен қала өмірінің шындығынан алынған нақты көріністер айқын байқалады. Ана мен бала тәрбиесі, әсіресе баланы мектепке дайындау жайында әдістемелік құралдар ана тілімізде күні бүгінге дейін тапшылық етуде. Олай

болса бұдан бұрын жазылған Н. Құлжанованың еңбектері күні бүгінге дейін өзінің құндылығына қылау түсірмес аса құнды еңбек екені даусыз.

Нәзипа Құлжанова өз дәуіріндегі саяси-әлеуметтік жайдан, экономикалық құрылыс қалпынан, медицина, педагогика ғылымдарының заман талабы алға тартып отырған міндеттерінен толық хабары бар білімді журналист, шебер педагог екенін айқын тани аламыз. Бүгінгі қолданылып отырған тәрбие түрлерінің алғашқы бастамасының негізін ана тілінде сөз етіп, түсіндіріп, жол көрсетіп кеткен – Нәзипа Құлжанова. Нәзипа бүгін де еліне сол еңбегімен құнды. Сол еңбегімен ұмытылмайтын қадірлі қалпында есте сақталады. Бүгінгі таңда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналуға. Дүниежүзінде білімнің әлеуметтік рөлі артып, адамның болашағы, оның алған білім сапасының көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты болады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасы, әдістерін, технологиясын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген. Бұл білім мекемелерінің мұғаліміне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық нұсқаны кез келген үлгімен құруға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеністігіне енуге бағыт алуға. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда.

Н. Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің жұмыс мазмұнын, атқаратын қызметін айта келіп, баланы тәрбиелеу, өсірудегі ұлттық ойындардың ерекшеліктеріне тоқталады. Үш пен жеті жас аралығындағы балалардың физиологиялық ерекшеліктерін - бала әлемін сөз етеді. Қазақтар баламен сөйлесуге жете мән бермейді. Сондықтан олардың сөйлеу мәдениеті жетілмейді дейді. Баланы табиғат аясында тәрбиелеудің, табиғат құбылыстары жайында үнемі әңгіме жүргізудің мәніне тоқталады. Н.Құлжанова баланы жас кезінде көбінесе табиғат аясында тәрбиелеудің тиімділігін айта келіп, «Бала даланың кендігінде шолпыдатып суға түсіп, жүгіріп құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын, тоғай арасында сайрандай жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей өсіп өркендемек» дейді. Автор осы пікірін әрмен қарай жалғастыра келіп; «Әрбір құлықты, жақсы адам мінезінің түпкі негізінде болатын еңбек ету, көңіл көтеру және денесі еліктегіш, талшыбықтай икемді, нәзік сезімді болып келеді» деп мектеп жасына дейінгі балалардың тыныс-тіршілігін сөз етеді. Н.Құлжанова баланы үйде, бала бақшада еңбекке бейімдей тәрбиелеудің маңызына тоқталады. Ол үшін әр бала бақша жанында биологиялық бұрыш, тәжірибе участогі болуы керек. Бала торғайды, қоянды, тоты құсты, кірпік шешенді, балықты өсіруді білсін, аулаға көкөніс, гүл отырғызып, оған су құюды үйренсін, саз балшықтан ойыншықтар жасап үйренсін дейді. Н.Құлжанова баланың санасын оятып, қиялын өсірудегі ойыншықтардың тәрбиелік рөліне ерекше мән береді. «Ойын баланың қиялын өсіреді. Ойнай білу дегеніміз, ойлай білуге үйрету» дейді

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Нәзипа Құлжанова. Г.А. Карібжанова. Семей 2012ж
2. Н.Құлжанова – ағартушы, қайраткер Г.А. Карібжанова. Алматы «Арна» баспасы, 2004ж
3. Тәлім тәрбиесі С.Қалиев. Қ.Жарықбаев Алматы «Жалын» 1986ж
4. 2007 жылдағы 27 шілдедегі №319-ІІІ ҚР «Білім туралы заңы»
5. Қазақ 2006 жыл
6. Н.Құлжанова шығармалары Алматы «Ана тілі» баспасы ЖШС 2014жыл (27-29бет )
7. Биданова, А. Союз любви и мысли : [о супругах Кулжановых Нургали и Назипе] / А.
8. Биданова // Казахстанская правда. - 2008. - 9 янв. - С. 12.
9. Ерсалимов, Б. Женщина - легенда / Б. Б. Ерсалимов; сост. Я. Иванченко // Наше дело. –2012. - 4 окт. - С. 10.
10. Ерсалимов, Б. Назипа - гордость нации / Б. Б. Ерсалимов // Казахстанская правда. - 2012. 21 декабря. - С. 14.

#### **Интернет ресурсы**

1. <http://collegu.ucoz.ru/> Сексенбаева, Р. Б. Назипа Кулжанова – выдающийся педагог-просветитель XX века(1887–1934 гг.)
2. <https://www.caravan.kz/> Беякина А. Назипа Кулжанова. Ее судьба – быть первой
3. <http://leanoffice.ru/> Герасименко О. Сторителлинг — как вариант обучения
4. <http://nitforyou.com/> Сторителлинг в обучении

### **ТӘРБИЕШІНІҢ ТҮЛҒАЛЫҚ РӨЛІНЕ НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ**

Насрединова Ақжарқын Есетовна  
педагогика ғылымдарының магистрі,

Адам өмірінің мәні мен сұлулығы адамның келешегіне сенімділігі мен қоғамның жаңа адамды тәрбиелеуі – мемлекеттік маңызды іс. Мемлекет пен ата-ана тәрбиешіге өзінің ең қымбатты асылын, халқының болашағын, барлық ықылас ниетімен сеніп тапсырады. Мұндай сенім тәрбиешіге жауапкершілік жүгін артады.

Нәзипа Құлжанова тәрбиешінің ұстаздық бейнесін өте жоғары бағалаған. Соның ішінде педагогикалық кәсіби мамандықтың негізге алатын түп нұсқасы адамгершілік қасиеттерін үлгі тұтты. Бұл жағынан алғанда Нәзипа Құлжанованың пайымдауынша балабақша тәрбиешісіне жеке тұлға ретінде өте жоғары талап қоя білді. «Тәрбиеші бүгінгі заман талабына сай, өзінің педагогтік мамандығының кілтін шебер ұстаған, жан-жақты терең білімді, сегіз қырлы, бір сырлы, ашық жарқын, жайдары жүректің жыр-қайратты, қатал талап қойып, оның нәтижесін тексере білетін, бірақ қазымыр кекшіл емес, тапқыр, еңбекқор болуы керек. Қарым-қатынас кезінде әр баланың жан дүниесін сезе біліп, кемшіліктерін түзетіп, жетістіктерін дамытатындай болғаны дұрыс».

Ол кісінің пікірінше тәрбие ісінде тәрбиеші ата-анасынан кейінгі негізгі рөл атқарады. Н.Құлжанованың ойынша мектеп жасына дейінгі баланы оқытып, тәрбиелеу ісінде тәрбиеші үлгі боларлық негізгі тұлға. Балалар үшін де бақшадағы басты кейіпкер – тәрбиеші. Әр бала өз тәрбиешісіне ұқсағысы келеді де оның сөйлеген сөзін, істеген әрекетін айналасындағылармен қарым-қатынасындағы түгелдей қайталап, айнытпай салады. Әсіресе мектеп жасына дейінгі балаларды еліктеуге қабілеттілік өте жақсы дамыған.

Сондай-ақ Н. Құлжанова ауылдық жердегі жұмыс жасайтын балабақша кадрларын даярлау мәселесіне ерекше көңіл бөліп, олардың ғылыми тұрғыда тереңірек білім алуына ерекше мән беріп, жағдай жасаған. Тәрбиешілердің терең, жан-жақты білім алуы үшін мемлекеттік арнаулы және орта, жоғары оқу орында оқығанда ғана баланың әрбір қойған сұрақтарына терең ғылыми тұрғыда жауап бере алады деген.

Балабақша мен мектепке дейінгі мекеменің жалпы жағдайында жұмысты жүргізу мен ұйымдастыру бағыты тәрбиешінің ақыл-ойының деңгейі мен адамгершілік қасиетіне де байланысты. Өйткені тәрбиеші теория мен тәжірибені бірдей меңгерген, оқу-тәрбие жұмысының бағдарламасына еңген сонғы жаңалықтардан хабары мол жаңашыл педагог болғаны абзал. «Тәрбиеші жеке тұлға ретінде бүкіл балабақшаға үлгі өнеге. Шаршамай талмай, жалындап жанып тұрған, жаңалыққа жаны құмар, жаңалықтың жаршысы болса ұжымның да бұлардан күтері көп».

Нәзипа Құлжанованы толғандырған бір мәселе – мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілерінің кәсіби ептілік-дағдылары қалай айқындалады? Деген ой. Жалпы алғанда тәрбиешінің педагогикалық әрекеті баланы мектепке үздік оқуға дайындап, оқытып, жан-жақты тәрбиелеу, баланың жан-дүниесін жете түсініп, анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ажырата білумен қоса балабақша бағдарламасының мазмұнын игеру.

Н.Құлжанова еңбектерінде ерекше маңызды орын алатын мәселе- тәрбие жұмысының күрделі динамикалық құрылысы. Оқымысты ғалым өз еңбегінде бала тәрбиесіне үлкен мән беріп, олардың денсаулығына ерекше көңіл бөлген. Ата-анасының да білімді болып, өз бетімен білімін көтеруіне ерекше мән берген. Сондай-ақ тәрбиешінің бақшада орындайтын әрбір әрекетіне жаңалықтың жаршысы екенін көрініп тұруын талап ететін тәрбиешінің күнделіктік орындайтын жұмыстарының өзі жоспарланған, мақсатты болады.

Нәзипа Құлжанова тәрбиеші өз әрекетінде ұйымдастырушылық қабілетімен де ерекше көзге түсуі керек деп есептейді соның нәтижесінде балаларды да ұйымдастыра алады. Тәрбиешілік мамандыққа тек педагогикалық-психологиялық білім ғана емес, арнаулы кәсіби дағдылары да болуы керек деп есептейді ғалым. Өйткені тәрбиеші әрі биші, әрі күйші, сүретші де мүсінші. Он саусағынан өнер тамған шебер тігінші, құрастырушы, сөйлегенде сөзі анық, дауыс екпінін дұрыс қоя білетін, тірі табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарларды да өсіріп күтіп, баптай алатындай болуы керек. Егер осы сапа –қасиеттер тәрбиешінің тал бойынан табылатын болса, онда ол сөзсіз балалар сыйлайтын, көпшілік құрметтейтін беделді, қадірлі болады.

Педагог-ғалымның пікірі бойынша тәрбиеші педагогтік іс-әрекетке қабілетті болуымен қатар, арнайы әртістік, музыкаға білімділік, бейнелеу өнеріне икемі бар жан-жақты болғаны дұрыс. Осының бәрі өзара қарым –қатынас негізінде жүзеге алады.

Н.Құлжанованың көзқарасы бойынша мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілерінің бойынан мынандай бірнеше мәнді сапаларды байқауға болады; соның бірі балаға деген сүйіспеншілік, байқағыштық, эрудиция, педагогикалық қарым-қатынас шеберлігі т.б. Тәрбиеші әр топтағы балалармен қарым-қатынас жасағанда жеке басының дамуы мен жас ерекшеліктерін ескеруі керек те, олардың өзара бірліктерінің, достық, жолдастық қарым-қатынасына, өзара сыйластығына көңіл бөлуі керек.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Құлжанова Н. «Мектептен бұрынғы тәрбие».- Орынбор, 1923.

2. Ұлт тағылымы. Ғылыми-педагогикалық басылым 2/2001
3. Бала мен балабақша. Республикалық педагогикалық журнал №7(37) 2011г.
4. Қазақстан мектебі. Ғылыми педагогикалық журнал №5 2006.

## Н.ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМНІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Наурызбай Дияс  
№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық колледжінің  
1 курс студенті  
Алматы қаласы

Қандай заман болса да, әр кезде қазақ халқы ақсақалдардың айтқан сөздеріне құлақ асқан. Мысалы, Абылай хан қалмақтардың тұтқынына түскенде Қазыбек би қонтайшы Қалдан-Сереннің бетіне тіке қарап, сөзін айтқан. Нәтижесінде Абылай ханды құтқарып алған.

Қазіргі кезде сөздің қадірін, бағасын білетін тұлғалар – қаламы ұшқыр, ойы өткір журналистер. Қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист – Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанова. Ол 1887 жылы 27 шілдеде Торғай қаласында дүниеге келген. Бұл уақытта қалада туылған қыздардың болашақ мүмкіндіктері ауыл өңірінде туып-өскен құрбылардың келешегіне қарағанда жақсы болған. Үлкен талант иесі Нәзипа 1902 жылы Қостанай қаласындағы орыс-қазақ гимназиясын тәмамдап, 1903-1904 жж. оқытушылар семинариясында ұстаз еткен.

Нәзипа Сегізбайқызы жастайынан бері ержүрек, жігерлі кісі болған. Әке-шешесі Нәзипаны бір жігітке атастырып, қалыңмалын алған. Қыз бой жетіп, осы жігітті сүймегендіктен, оған тұрмысқа шығудан бас тартты. Нәзипа қазақ даласының салты бойынша бұрын берілген қалыңмалын қайтаруға тиісті болған. Бірақ, қыз отбасының материалдық жағдайы төмен еді... Енді қайтті? Қиын жағдайдан шығу үшін облыстық әскери прокурордың көмегіне жүгінді. Осылайша, мәселе өзінің оңтайлы шешімін тапқан.

Бұл кезеңнен бері Нәзипа қоғам және саяси қайраткері ретінде танылды. «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш» газеттерінде журналистің көптеген мақалалары жарық көре бастады.

1917 жылы Семей облысындағы қазақ съезіне атсалысып, сол съезд төралқасының құрамына енген. Нәзипаның шығармашылығы қазақ совет әдебиетінің қалыптасу кезеңімен (1917-1929жж.) тұспа-тұс келді. Ол әдебиет пен өнер саласында көптеген зерттеулерін жазды: «Әдебиетке көзқарас», «Қазақ әдебиеті», «Шолпан ақын қызы», «Семей театры» және басқа. Сонымен бірге, Нәзипа көптеген мақаларында әйелдер үшін маңызды мәселелер туралы қалам тартты. Қазақтың ұлы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров «Таныстыру» поэмасын Нәзипа Құлжановаға арнаған:

«Ардақты бар Нәзипа деген ханым,  
Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.  
Оқыса сондай әйел шығар ед деп,  
Оқығандар бағалар сөздің дәмін.  
Неше күн қыдырсаң да таба алмассың,  
Семейдің одан өтер адал жанын...», – деп Нәзипа Сегізбайқызыны сипаттаған.

Н. Құлжанова қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналистердің бірі ретінде танымал болып, сонымен бірге есімі педагог, ғалым, аудармашы ретінде де қазақ халқының тарихында мәңгілікке қалды. Ол екі тілде бірдей жүйректігімен де көзге түскен. Оның орыс тіліне жетіктігінің арқасында Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Ғабит Мүсіреповтың шығармалары орыс тіліне аударылды. Ал қазақ оқырмандары қазақ тіліне аударылған Лев Толстой, Максим Горький, Александр Куприн, Владимир Короленконың әдеби туындыларымен танысты.

Сонымен бірге педагогика саласында көптеген кітаптардың авторы: «Мектептегі дәстүрлі тәрбие», «Ана мен бала тәрбиесі», т.б. Қазіргі кезде де ғалымның еңбектері өзінің өзектілігінен айырған жоқ. Нәзипа Сегізбайқызы Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Молдағали Молдабаев, Аманғали Сегізбаев секілді әдебиет және қоғам қайраткерлерімен көп араласқан.

1929 жылы Нәзипа апай үйде отырып жұмыс істеуге мәжбүр болды. Мұрағат мәліметтерінің дерегінше, Құлжанованың денсаулығы нашарлап кетті. Бірақ ғалымның жағдайы жайында басқа пікір де бар. Яғни, Алашорданың қайраткерлерімен қарым-қатынас орнатып жүргендіктен, патша сақшыларының «назарына ілігеді». 1934 жылдың наурызында Нәзипа Құлжанова созылмалы аурудан көз жұмды.

Н. Құлжанованың бастапқы мамандығы – мұғалім. Оның есімі педагог, қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист, этнограф, аудармашы ретінде қазақ тарихында мәңгілік қалды.



Нәзипа Құлжанова 1887 жылы А. Байтұрсынов, М. Дулатов сынды дарабоз тұлғаларды дүниеге әкелген Қостанай облысының топырағы киелі Торғай өңірінде туды. Алдымен іргесін ұлы ағартушымыз Ы. Алтынсарин қалаған Торғайдағы орыс-қазақ мектебінде білім алып, кейін оқуын Қостанай қаласындағы қыздар гимназиясында жалғастырады. Оны 1902 жылы тәмамдап, Торғайда мұғалімнің көмекшісі болып істейді.

Кейін Орынбор мұғалімдер семинариясын бітіріп, ұлы Мұхаң (Әуезов) білім алған Семей мұғалімдер семинариясында 1905-1920 жылдары ұстаздық етеді.

Жастайынан өжеттігімен, қайсарлығымен та-нылған Нәзипа Семейде өзінің белсенділігін, қабілет-қарымын байқатып, 1914 жылы (ұлы Абайдың қайтқанына 10 жыл болған уақыт) мәдениет қайраткері, өмірлік серігі Нұрғали Құлжанов екеуі Абай Құнанбаевты еске алу кешін ұйымдастырып, өткізеді. Қазақ, орыс тілдерінде баяндама жасайды. Баяндамасын «Абайды туғызған қазақ даласы тағы да талай Абай секілді, бәлкім одан да артық данышпандар туғызады» деп түйіндеп, тыңдаушыларын тәнті етеді.

Нәзипа Құлжанова кезінде Қырғыз (қазақ) АКСР Оқу-ағарту халық комиссариатының қазақ тілінде оқулықтар, кітаптар шығару мен баспасөз істері жөніндегі арнаулы комиссия құрамында болған. Оқу комиссариатының арнайы тапсырысымен «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты оқу құралын жазған. Бұл еңбегі 1923 жылы жарық көрді. Аталған кітапқа ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер-білім даярлау керек» деп, алғысөз жазған екен.

Қайран Ахаңның қазіргі жаһандану заманы талабымен үндес осы бір сөзіне қайран қаласың. Неге десеңіз, құдіретті күш, ең басты құндылықтардың бірі саналатын – білімнің өзектілігі мәңгілік.

Нәзипа Сегізбайқызы мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оларға айтылатын сөздің де, көрсетілетін іс-қимылдың да орынды, тағылымды болуын ескерткен. Танымал педагог бала бойындағы білуге, ұғуға, көруге әуестікті тыйып тастамай, оларды бағыттап, дамытып отыру қажеттігін нақты мысалдармен түсіндіріп берген.

Сондай-ақ, Н. Құлжанованың кейінгі ұрпақтарға қалдырған өшпес мұраларының бірі – «Ана мен бала тәрбиесі» кітабы. Бұл оқу құралы педагогтарға, тәрбиешілерге, ата-аналар мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық ретінде ұсынылған. Ол 1927 жылы 5000 данамен Қызылорда қаласында басылып шыққан.

Н.Құлжанова әнші болмаса да, қазақ әндерін нақышына келтіре орындайтын өнері болған. Ең маңыздысы - ол кісінің әншілігі емес, қазақ әндерінің нотаға түсуіне көмек көрсетуі. Ол кісі Затаевичке «Гайни-ау, сәулем», «Қадыр зары» әндерін жаздырған. 1934 жылы қайтыс болған.

Н. Құлжанованың өмірі мен қызметі, мұрасы тереңірек зерттеуді қажет етеді. Оның журналистік, аудармашылық қырын ашу келешектің еншісінде. Нәзипа Құлжановадай қазақтың қайсар, қайраткер қызы, оның ғибратты ғұмыры, тағылымды мұрасы жайлы жастарымыз білгені абзал

## Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова Л. Нәзипа Құлжанова // Алғашқы қарлығаштар. Құрасырған Д.Дәуренбекова.-Алматы: Қазақстан, 1993.-17-29б.
2. Әділбекқызы Ж. Семей Орыс Географиялық қоғамы және қазақ зиялылары // Абай.-2004.-61-64б.
3. Қуантайұлы Н. Қазақтың алғашқы журналист қызы // Ертіс өңірі.-2003.-9 қазан.-29б.
4. Байжұманова Н. Ұлы ақынды ұлықтаған Нәзипа // Семей таңы.-2007.-30 тамыз.-3б.
5. Мағауина З. Қазақтың ардақты қызы // Семей таңы.-2007.-24 мамыр.-3б.

## НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛЫ

Нугманов Сағадат Маликович  
Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

*Адам – керуен, өмір – жол  
Сәкен Сейфуллин*

Нәзипа Құлжанова – Қостанай өңірінен шығып, есімі бүкіл қазақ еліне танылған аяулы қыздарымыздың бірі. Бастапқы мамандығы – мұғалім, мектепке дейінгі тәрбиенің негізін қалаушы. Оның есімі педагог, қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист, этнограф, аудармашы ретінде қазақ тарихында мәңгілік қалды.

Н. Құлжанованың бастапқы мамандығы – мұғалім. Оның есімі педагог, қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист, этнограф, аудармашы ретінде қазақ тарихында мәңгілік қалды.

Нәзипа Құлжанова 1887 жылы А. Байтұрсынов, М. Дулатов сынды дарабоз тұлғаларды дүниеге әкелген Қостанай облысының топырағы киелі Торғай өңірінде туды. Ол алғаш Торғай қаласындағы гимназияны бітірген.

Нәзипа Құлжанованың айтарлықтай ерекшеліктерінің бірі ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептің түлегі болып қана қоймай, сонымен қатар өз бойына тұлғаға ұқсайтын шәкірттік мінезбен тәлімгерлік өнегені жете ұғынып, бар күш қуатын біліміне үздіксіз жұмсап, соңғы буынға орасан зор еңбек сіңірді/1/.

Ыбырай Алтынсарин мектебінің буыны қатпаған шәкірттен, бүкіл ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұстаз, ғалым, ағартушы дәрежесіне дейін көтерілген. 1903 – 1904 жылдары екі жылдай Торғай қаласындағы әйелдер училищесінде ұстаздық қызмет атқарған.

1905 жылы ерлі-зайыпты Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтар Семей қаласына келіп ұстаздық жолдарын бастаған. Құлжановтар Семейге келген кезде бұл қала Қазақстандағы ірі мәдени ағарту орталық дәрежесінде болған еді.

XIX ғасыр II – жартысында Семей қаласында түрлі мәдени, ағарту, ғылыми мекемелердің ашылуы кездей соқ емес еді. Атап айтсақ, 1902 жылы Орыс географиялық қоғамының Семейдегі бөлімшесі ашылып, оның «Жазбалары» жүйелі түрде жарық көрді. 1903 жылы ірі оқу орны Семей оқытушылар семинариясының ашылуы да Қазақстанның басқа өлкелерінде кездеспейтін құбылыс болатын /2/.

Семей семинариясы іргелі оқу орныны болған, онда қазақ халқының ұлы жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов пен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың оқуы, сонымен қатар энциклопедист – ғалым Әлкей Марғұланның білім алуы зор мақтанышпен айтылатын. Семей оқытушылар семинариясы Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтар ұзақ та жемісті жұмыс атқарған жері. М.О.Ауэзов атындағы педагогикалық колледж ұжымынада Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтардың ағартушылық жолындағы еңбегі мақтанышпен айтылып жүр.

1905-1920 жылдары Нәзипа апайдың Семей оқытушылар семинариясында ұстаздық қызметте болған кезі ізденіс жылдармен қатар, ұстаздық жұмыстарының жүйеленіп, қоғамдағы келеңсіз істерді оның ашық айтуға ойысқан шағы еді.

XIX ғасырдың II- жартысында қазақ – орыс мектептерінің саны көбейе түскен. Семей облысындағы қазақ-орыс мектептерінің, ерлерге, қыздарға арналған гимназиялардың, қалалық училище мен мұғалімдер семинариясының жұмыс жасауы ерекше құбылыстар қатарында.

Нәзипа, Нұрғали Құлжановтар, негізінен алғанда орыс аудиториясында қазақ тілінен сабақ берген. Бұл арада үкмет тарапынан орысша оқитын шәкірттерге қазақ тілін оқыту ресми түрде жолға қойылуы Қазақстан бойынша алғаш Семей оқытушылар семинариясының қабырғасында кездескен. Тарихи деректерге қарасақ, Семей губернаторына қазақ тілін оқытуды жолға қоюға байланысты жер – жерлерден хаттар келіп түсіп тұрған /3/. Құлжановтар арнайы дипломдары болмаса да орыс тілінде дәрістер оқып, өз ісіне мығым шәкірттер тәрбиелеген алғашқы ұлағатты ұстаздар болатын.

Өткен ғасырдың 20-шы жылдары Қазақстан жеріндегі оқу-ағарту жүйесінде қомақты істер алдында тұрды. Қазақ мектептерінің жүйесін дамыту, мектепке дейінгі мекемелерді ашып, оның жұмысын жолға қою сияқты мәселелерді атқару қажет болатын.

Ана мен балаға байланысты Кеңес өкметінің тиісті шаралары да ауқымды болатын. Ұстаз, журналист Н.С. Құлжанова 1923 жылы «Мектептен бұрынғы тәрбие» /4/ кітабын шығаруы сол кез үшін жаңалық, күтпеген оқиға болатын. Бұл кітаптың кіріспесінде оқулық Н.Альмединген – Тумим кітабының ізімен /5/ деген ескерту бар еді, алайда ол аударма емес еді. Бұл мектепке дейінгі тәрбие жөніндегі кітаптар мен мақалалар негізінде жазылған автордың өзінің шығармасы болған. Н.Құлжанова бұл еңбекті Қазақстан оқу комиссариятының тәрбие бөлімінің тапсыруымен жазған.

Қарап отырсақ, Құлжанова XX ғасыр басындағы орыстың көрнекті педагог ғалымы Н. Альмединген – Тумимнің мектепке дейінгі тәрбиеге қатысты көптеген еңбектерінің маңызды тұстарын ескере отырып, қазақ қоғамының ағартушылық ойларын, тәрбиенің ең қажетті саласын жаңалық ретінде оқырманға ұсынған. Қазақ ағартушылық идеяларын және педагогика тарихында мектепке дейінгі тәрбиенің іргетасын қалауға күш салғаны айрықша дәлел.

Атам қазақтың ертеден келе жатқан бала тәрбиесі мен ана мәселесіне қатысты ойларын есте сақтап, сол заманға лайық, тәжіірбелік игі істерді санада ұстап, «Баланы жастан, келінді бастан тәрбиеле» дейтін нақылды жазу барысында ұран етіп ұстаған.

Оқулықта Н.Құлжанова қазақ тұрмысына әлемдегі дамыған елдердегі бала бақшалардың артықшылықтарын енгізсе, ұрпақ тәрбиелеуде зор үлесін тигізер еді деп санаған. Онда автор Италия мен Швейцарияның Цюрих қаласындағы бала бақшалары жөнінде жазған. Сонымен қатар Шотландияның Эдинбург қаласындағы балалар бақшасының өмірін өз алдына бөлектеп суреттеп жазды /6/.

Н.Құлжанова әр елдің бала бақшаларындағы ерекшеліктерді көре білген. Ең бастысы бірігіп ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа баулу, қабылдау ерекшеліктері, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау т.б. дамыту мәселелеріне көңіл бөлді.

Н.Құлжанованың аса көңіл аударған мәселесі мектеп жасына толмаған баланы тәрбиелеу мәселесі. Ол мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде нақты мысалдар арқылы жас ерекшеліктеріне назар аударған. Құлжанова нақты деректерге сүйене отырып бала өлімінің артуын байқап, оны түсінген Бір жасқа толмаған жүз сәбидің Филяндияда 13-і, Скандинавияда 13-18 сәби, Ресейдің кейбір уездерінде 44-45 -ке дейін шетінеуі орын алған. Ресей құрамында болған XIX ғасырдың аяғымен XX ғасырдың басында Қазақстанда да балалар өлімінің статистикасы сондай болатын. Мектептен бұрынғы тәрбиені түзеп, мыңдаған балалар бекер мағынасыз қырылып жатқанына сескенбей, тыныш қарап отыра алмайтын үкметтер керек болған /7/.

Н.Құлжанова мектеп жасына дейінгі Ресейдегі балаларды тәрбиелейтін мекемелердің түр-түріне тоқтала келіп, олардың қазақ тұрмысына лайықтап енгізуді мақсат тұтады. Ресейдегі ата-анасынан айырылып қалған балаларға арналған «Жетімдер үйі» (приют), үш жасқа дейінгі балалар үшін ясли, жеті жасқа дейінгілерге «балалар бақшасын» қазақ жерінде ашу үшін ұлттық рух пен мінездің, қоршаған ортаның ерекшеліктерін есте сақтауды алғы шарт деп санады.

Нәзипа Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабы нәрестенің өсіп, жетілуі, мектеп табалдырығын аттауға дайындау төңірегінде жаңа ойларды ұсынған алғашқы жаңалыққа толы еңбек.

Қорытып айтқанда, Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» оқулығы педагогика тарихының ірі – мектепке дейінгі тәрбие саласы бойынша сол жылдардағы қазақ әйелдері үшін арнайы теориялық және әдістемелік нұсқау ретінде маңызды қызметтер атқарды. Еңбек 1923 жарық көргеніне қарамастан, теориялық, тәжірибелік маңызын, өзінің құндылығын жоймаған, бүгінгі күні де көкейтестілігін жоғалтпаған дүние болып қала бермек.

Н.С.Құлжанованың ұстаздық, қайраткерлік ағартушылық еңбегінің тағы бір көрінісі – «Ана мен бала тәрбиесі» атты еңбегі /5/. Бұл еңбек Қазақстан өлкелік әйелдер бөлімінің шешімімен және тапсырысымен 1927 жылы Қызылорда қаласында 5000 данамен басылып шыққан. Еңбекте- педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне арналған анықтамалық, әдістемелік нұсқауға ұқсас күнделікті қажетті нәрсені тауып алуға мүмкіндік беретін кітап. Әйелдің ежелден еншісіне тиген кең дәулет бала көтеру, бала өсіру міндетін орындауда қазақ әйелдері көптеген қиыншылықтарға кездескен. Мәселен, баланы уақытында тамақтандыру, ұйықтату, т.б.

Ұлттық, әрі бүкілхалықтық маңызды іс ол ана мен бала мәселесі – денсаулық сақтау, оқу-ағарту, әлеуметтік қорғау ведомстваларын қамтитын, бірнеше салалар бірлесіп шешуге арналған ауқымды құбылыс.

Әйел – ел анасы: ел бастайтын ерлер, данышпандар әйелден туып, әйел тәрбиесімен өскен. Бірақ біздің әйелдеріміз елді өсіретін, көркейтетін ана бола алмай келеді /5/. Автор оқулықтың кіріспесінде: «Бала қалай бітеді, қалай туады, әйел босанған кезде қалай күтінуі керек, жаңа туған баланы қалай тәрбиелеу дұрыс, баланы тамақтандыру тәртібі қалай болуы керек?» екендігін сөз етеді.

Нәзипа Құлжанова есімі XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары кеңінен таныла бастады. Әсіресе, оның «Әйел теңдігі» журналында жарияланған «Бала емізудің дұрыс тәртібі» (1927, №4, 22-29б.), «Бала ауруы» (1927, №8-9, 37-43 б.), «Баланың жұқпалы аурулары» (1927, №10-11, 70-79.) пайдалы кеңестерді баланың дені сау, тәні таза болуға бағытталған сол кездегі уақыт талабына сай еңбектер еді.

«Мектептен бұрынғы тәрбие», «Ана мен бала тәрбиесі» оқулықтары мен денсаулыққа байланысты топтама мақалалары Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанованың ұстаздық жолы мен ағартушылық қызметінің зор мағынаға ие айтулы құбылыс екендігі дәлел.

Осындай игілікті істің бел ортасында Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанова сияқты тұлғаның болуымен қатар тікелей ұстаздық қызметімен бірге теориялық, әдістеме тұрғысынан пайдалы істердің бастауында тұруы оның ұстаздық, ағартушылық қайраткерлік келбетінің бүгінгі ұрпақтың көз алдында асқақтата беретіндігі сөзсіз.

Ұстаз, ағартушы қоғам қайраткері Нәзипа Құлжанованың сонымен қатар көп салалы, жан-жақты творчестволық еңбегінің бір қыры журналистік жолға арналған. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің XX ғасыр басында қазақ баспасөзінің қанаты қатайып, қоғамдағы маңызды болуы ерекше құбылыстар қатарында. Құлжанованың қалам тартып жарияланған дүниелерінің басым көпшілігі әйел тағдыры, олардың жағдайы мен қоғамдағы орны сияқты өзекті мәселелерге арналған. Бұл топтағы алғашқы мақала «Октябрь төңкерісі және қазақ әйелі», «Қазақ әйелдеріне», «Жұма күнгі қазақ әйелдеріне кеңес», «Жалпы әйел мейрамы», т.б мақалалар.

Мақала Қазан төңкерісінің бес жылдығына арналған патшалық заман мен төңкерістен кейінгі жердегі қазақ әйелінің жағдайын сөз етеді. Сол жылдардағы Қазақстан халқының жарымынан көбін сауатсыз әйелдер құраса, ел дамуындағы шешуші фактор - сол қазақ әйелдері болып табылатын. Әйелдеріміз өнегелі, тәрбиелі болса баланы да, азаматты да тәрбиелейтін солар екені белгілі.

Революциядан кейін Нәзипа апай баспада атқару қызметкері болып жұмыс істеген. Бірді - екілі мақала, әңгіме жазды. Оның қазақ әйелінің хал-жайы, теңдік бостандағы туралы жазылған «Есіл қызы – ай!», «Маржан» деген әңгімелері «Қызыл Қазақстан» журналының 1921-1922 жылдарындағы санында жарияланған. Еңбектерінің көбі революция жылдарындағы қазақ әйелінің бостандық мен теңдігі еді.

Міне, Нәзипа Құлжанованың сөз еткен мақалалары мен көркем шығармалары артына елеулі мұра қалдырған қаламы ұшқыр журналист, әрі жазушы екендігін айқын дәлелдеп берді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Хакімжанова. М. Нәзипа Құлжанова Қазақ әдебиеті, 1967, 11 тамыз
2. Қасымбаев Ж. «История города Семипалатинска» (1718-1917 г.г.) Алматы «Өлке», 1998 – 276 ст
3. Исабай Қ. Байжан –Ата С. «Қажыға барған қазақтар» Алматы: Ана тілі, 1996 –192 бет.
4. Құлжанова Н.Мектептен бұрынғы тәрбие. Орынбор:1923 - 37 бет.
5. Құлжанова Н. «Ана мен бала тәрбиесі» Қызылорда:1927 – 117 бет.
6. Қойгелдиев М., Омарбеков Т., «Тарих тағылымы не дейді?» Алматы: Ана тілі, 1993 – 208 бет

### Н.ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМНІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Нурламанова Альмира

Жетекшісі: Маханбет Ақмарал

«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Абай облысы, Семей қаласы

Алғашқы қазақ әйел журналисті Назипа Сегізбайқызы Құлжанова болды. Ол 1887 жылы 27 шілдеде Торғай қаласында дүниеге келген. Ол кезде қала қыздарының ауылдағы сияқты кедергілері болған жоқ. Дарынды және мақсатқа ұмтылған Нәзипа 1902 жылы Қостанай орыс-қазақ гимназиясында оқуын аяқтап, 1903-04 жылдары мұғалімдер семинариясында сабақ берді.

Назипаның тағдырында оның батыл және жігерлі екенін көрсететін эпизод бар. Сол күндері Назипаның кедей және ескі ата — анасы, оның жасына жеткенге дейін, ол үшін қалыңмал алды. Ол махаббатпен үйленуден бас тартты, бірақ дала әдет-ғұрыптары оны қалыңдықты қайтаруға міндеттеді, оны қайтару үшін оның отбасында қаражат болмады. Осы қиын жағдайда Назипа облыстық әскери прокурордан көмек сұрап, ақыры оны алды.

Әрі қарай Назипа өзі сайлаған Жетіқара-Шұбар болыстық мектебінің оқытушысы Нұрғали Құлжановқа тұрмысқа шықты. Ол әйгілі адам, сол кездегі көрнекті ағартушылардың бірі болған. Оқиғалардан кейін Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында (1920-1930ж.ж)Қазақстанда мектепке дейінгі мекемелер (балабақша, балалар яслилерін) ашу аса күрделі де қиын мәселе болатын. Оның себебі: Біріншіден, мектепке дейінгі мекемелерді ашу үшін орасан мол қаржы керек еді (арнаулы үй, жиһаз, оқу құрал-жабдығы, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, т.б. сатып алу қажет). Екіншіден, балаларға арналған жиһаз, ойыншықтар шығаратын өндіріс орындары жоқ болатын. Сондықтан, оларды шет елдерден қымбатқа сатып алуға тура келді. Үшіншіден, мектепке дейінгі мекемелерде қызмет ететін маман кадрлар тапшы-тын. Оларды даярлайтын арнаулы оқу орындары болмады. Төртіншіден, мектепке дейінгі мекеме қызметкерлеріне қажетті оқу-әдістемелік құралдар жетпейтін. Міне, осы проблемаларды шешу ісімен алғашқы Кеңес үкіметінің басшыларымен бірлесе отырып А.Оразбаева, Н.Құлжанова, Ш.Шонанова, С.Есова сияқты көрнекті педагог қоғам қайраткерлері айналысты. Олар бұл істегі батыс елдерінің педагог қайраткерлері К.Цеткина, Н.К.Крупская, Е.Тасова, т.б. іс-тәжірибелерінен үйренді. Солардың педагогикалық еңбектерін қазақ тіліне аударды. Сөйтіп, өздері де мектепке дейінгі тәрбиемен байланысты төл оқу-әдістемелік құралдар жазу, кадрлар даярлау істерімен айналысты.

Назипа Құлжанова материалдарды Қазақстанның көптеген мерзімді басылымдарында жариялап, аудармамен айналысқан. Оның кітаптары да болды.Оның "Ана мен бала" кітабы қазақ әйелінің педагогикалық білім беру мәселелеріне арналған, мемлекеттік тілде педагогикалық әдебиет болмаған жағдайда маңызды рөл атқарды."Мектепке дейінгі тәрбие" жұмысында қазақ даласындағы мектепке дейінгі тәрбиенің негізгі міндеттері ашылады. А. Байтұрсынов осы кітаптарға алғы сөз жазып, оларға жоғары баға берді. Н.Құлжанова өз еңбектерінде жұмыстың мазмұнын, мектепке дейінгі мекеменің қызметін, сондай-ақ бала тәрбиесіндегі ұлттық ойындардың ерекшеліктерін қарастырады. Ол биологияға, медицинаға байланысты мектепке дейінгі педагогиканы қарастырады.

Бүгінгі таңда Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтар 1905-1920 жж. ұстаздық еткен Семей қаласының М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінде ф.ғ.к., Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгісінің иегері, колледж директоры Шағангүл Алдамжарқызы Жанасваның бастамашылдығымен ашылған Нұрғали Құлжанов пен Нәзипа Құлжанова атындағы атаулы кабинеттер жұмыс істеуде. Бұл атаулы кабинеттерді ашудағы мақсат: қазақ халқының рухани орталығы болған, Қазақстандағы бай тарихы бар жаңа тұрпатты білім ордасына айналған айтулы оқу орны - М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің шежірелі тарихында айрықша із қалдырған, тұңғыш қазақ тілінің мұғалімі Нұрғали Құлжановтың қазақ елінің жарқын болашағы жолындағы қайраткерлік істерін үлгі ете отырып, рухына тағзым ету. Аты аңызға

айналған тұлғаның азаматтық болмысын таныту арқылы колледж білім алушылары бойында патриоттық сезім, өз мамандығы мен колледжіне деген мақтаныш, құрмет сезімдерін қалыптастыру.

Бәсекеге қабілетті және күзіретті, шығармашыл, білімді мамандарды даярлауда біздің колледжімізде барлық жағдай жасалған, тарихымызды ұмыттырмай, Нұрғали Құлжанов, Жүсіпбек Аймауытов, Әзілхан Нұршайықов, Алаштың алғашқы құрбаны Қазы Нұрмұхамедұлындай бірегей тұлғалардың ерен еңбегін насихаттау, сол жандардың өмірін үлгі ету мақсатымен ашылған колледждегі әрбір атаулы кабинет заман талабына сай инновациялық технологиялармен жабдықталған. Бұл орда - Ұлылар білім алған, Ұлылардың ізі қалған мекен.

Тағы да мақтанышпен айта кететін жайттың бірі - аталған оқу орнының іргесіндегі бір көшеге Құлжановтар есімі берілген.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Антология педагогической мысли Казахстана /Сост.К.Б. Жарикбаев.-Алматы:Рауан,1995-512с.
2. Құлжанова Назипа Сағызбаевна / Кашляк В. Семипалатинск: Их именами названы.- Семипалатинск, 2006.- С.297-29
3. Құлжанова Н. Мектептен бұрынғы тәрбие 1923.

## Н.С.ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕНІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Нұрғали Мадина Сағадатқызы  
Жетекшісі: Серикова Забира Байдаулетовна  
Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжінің  
«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының 2 курс студенті  
Жамбыл облысы, Тараз қаласы

**Құлжанова Нәзипа Сағызбайқызы** XX ғасырдың басында өз халқын ілімге, мәдениетке шақырып, жаңалықтың жаршысы болған халқымыздың көрнекті ағартушысы, алғашқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш педагог, әрі – журналист-публицист. Назипа Сағызбайқызы 1888 жылы Торғай облысы, Жангелдин ауданында қазіргі «Торғай» кеншары жерінде дүниеге келген. Балалық шағы қазақ ауылында, еңбекші бұқараның ортасында өткен. Ол Торғай қаласындағы қазақтың тұңғыш ағартушы-педагогі, демократ, ақын-жазушысы Ы. Алтынсарин іргесін қалаған орыс-қазақ мектебін бітірген. 1902 жылы Қостанай қаласының Қыздар гимназиясын бітіріп, 1903–1904 жылдары қайта Торғай қаласына келіп, өзінің жастығына қарамастан 15 жасында әйелдер училищесінде мұғалімнің көмекшісі болып еңбек еткен. Одан кейін Орынбор қаласындағы Мұғалімдер семинариясын бітірген. 1905–1920 жылдары сол Семей Мұғалімдер семинариясында мұғалімдік қызметте болған.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстанда мектепке дейінгі мекемелер (балабақша, балалар яслилері) ашу аса күрделі де қиын мәселе болатын. Оның себебі: мектепке дейінгі мекемелерді ашу үшін орасан мол қаржы керек еді, балаларға арналған жиһаз, ойыншықтар шығаратын өндіріс орындары жоқ болатын. Сондықтан, оларды шет елдерден қымбатқа сатып алуға тура келді.

Мектепке дейінгі мекемелерде қызмет ететін маман кадрлар тапшы-тын болатын. Оларды даярлайтын арнаулы оқу орындары болмады. Міне, осы проблемаларды шешу ісімен алғашқы Кеңес үкіметінің басшыларымен бірлесе отырып А.Оразбаева, Н.Құлжанова, Ш.Шонанова, С.Есова сияқты көрнекті педагог қоғам қайраткерлері айналысты. Олар бұл істегі батыс елдерінің педагог қайраткерлері К.Цеткина, Н.К.Крупская, Е.Тасова, т.б. іс-тәжірибелерінен үйренді. Солардың педагогикалық еңбектерін қазақ тіліне аударды. Сөйтіп, өздері де мектепке дейінгі тәрбиемен байланысты төл оқу-әдістемелік құралдар жазу, кадрлар даярлау істерімен айналысты.

Осынау қазақтың педагог ғалым қыздарының алдыңғы легінде жан аямай еңбек еткен педагог ғалым Нәзипа Құлжанова (1887 жыл 26-ы шілде-1934 жыл наурыз) Жангелді ауданында Ы.Алтынсарин ашқан мектепте оқып, кейін Орынбордағы мұғалімдер семинариясын 1914 жылы үздік бағамен бітіріп шыққан.

Нәзипа Орынбордағы мұғалімдер семинариясында (1907-1914) оқып жүрген кезінде өзінің идеялық ұстазы Ахмет Байтұрсынов Назипаға өлеңмен хат жолдап, оқу инемен құдық қазғандай ауыр іс. Оған асқан төзімділік, қажымас қайрат қажет. Келешек ел үмітін ақтап шығар алғыр, турашыл, өр мінезді азамат бол дей келіп, Су да болар ол жолда, тау да болар, Жаудың оғы – жайған тор, ау да болар. Мынау пайда, мынау зиян демек, Ол ерліктің ісі емес, сауда болар. Шалдығатын, шаршайтын жерлер де бар, Шалдыққанға мұқалмас ерлер де бар. Қайраттанып, қажымай тырмыссаң да, Шыққызбайтын жолыңда

өрлер де бар, – деп, сол кездегі саусақпен санарлық бірді-екілі талапты қазақ қыздарының білім жолындағы қиын кедергілерді жеңіп шығуына ағалық ақыл-кеңесін береді.

Нәзипа Құлжанова 1914-1920 жылдары Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқытушы, 1920-1922 жылдары Ақмолада оқытушы, Орынбордағы «Еңбекші қазақ» газетінің редакция алқасының мүшесі және белсенді авторларының бірі, 1923-1925 жылдары «Қызыл Қазақстан» (қазіргі «Ақиқат») журналында, ал 1925-1929 жылдарда «Әйел теңдігі» (қазіргі «Қазақстан әйелдері») журналдарында қызмет атқарған.

Нәзипа Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты еңбегіне Ахмет Байтұрсынов кіріспе сөз жазып, бұл еңбекке «Қазақстан топырағындағы жаңа тақырыпқа арналған тың туынды» деп жоғары баға береді.

Нәзипа Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің жұмыс мазмұнын, атқаратын қызметін айта келіп, баланы тәрбиелеу, өсірудегі ұлттық ойындардың ерекшеліктеріне тоқталады. Үш пен жеті жас аралығындағы балалардың физиологиялық ерекшеліктерін – бала әлемін сөз етеді. Өсіресе, жас баланың айналаны білуге деген құмарлығын, сөйлеуге, сұрақтар беруге бейім болатынын, сол арқылы ойы өсіп, жетілетінін айта келе, баланың ойын дамыту үшін олардың сұрақтарын жауапсыз қалдыруға болмайды. Қазақтар баламен сөйлесуге жете мән бермейді. Сондықтан, олардың сөйлеу мәдениеті толыққанды жетілмейді дейді. Баланы табиғат аясында тәрбиелеудің, табиғат құбылыстары жайында үнемі әңгіме жүргізудің тағылымдық мәніне терең тоқталады. Ол баланы жас кезінен бастап табиғат аясында тәрбиелеудің эстетикалық әсерін айта келіп, «Бала даланың кеңдігінде шолпылдатып суға түсіп, жүгіріп құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын тоғай арасында сайрандай жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей өсіп, өркендемек» дегенді айтады. Автор осы пікірін әрмен қарай жалғастыра келіп: «Әрбір құлықты, жақсы адам мінезінің түпкі негізінде болатын еңбек ету, көңіл көтеру және денесі еліктегіш, талшыбықтай икемді, нәзік сезімді болып келеді» деп мектеп жасына дейінгі балалардың тыныс-тіршілігін сөз етеді.

Нәзипа Құлжанова баланы үйде, балабақшада еңбекке бейімдей тәрбиелеудің маңызына тоқталады. Ол үшін әр балабақша жанында биологиялық бұрыш, тәжірибе участогы болуы керек. Бала торғайды, қоянды, тотықұсты, кірпікшешенді, балықты өсіруді білсін, аулаға көкөніс, гүл отырғызып, су құюды үйренсін, сазбалшықтан ойыншықтар жасап үйренсін дейді. Нәзипа Құлжанова баланың санасын оятып, қиялын өсірудегі ойыншықтардың тәрбиелік рөліне ерекше мән береді. «Ойын баланың қиялын өсіреді. Ойнай білу дегеніміз – ойлай білуге үйрету» дейді. Нәзипа Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттарын «Тән саулығы», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Заттың түр-түсін ажыратуы», «Бала тілінің шеберлігі», «Баланы еңбекке дағдыландыру», «Баланың әдемілік сезімін ояту», «Бала ойындары мен ойыншығы», «Баланы көпшіл болуға баулу» деп жіктей келіп, осы мәселелердің әрқайсысының мән-мағынасын ашып талдайды.

Нәзипа Құлжанова 1923 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жайлы «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабын жазған. Бұл Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырысымен жазылған алғашқы авторлық туынды.

Аталмыш кітапқа алғысөз жазған қазақ халқының ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы былай деген: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер – білім даярлау керек». Автордың бұл еңбегі мынадай тараудардан тұрады:

1. «Күллі жер жүзінде»
2. «Мектеп жасына толмаған бала»
3. «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие не керек?»
4. «Мектептен бұрынғы тәрбиенің Россиядағы түрі»
5. «Бала бақшасы деген не?» Сол кездің өзінде шет елдердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарын зерделеу жүргізілгендігін осы кітаптың мазмұнынан айқын көруімізге болады. Мысалға, «Күллі жер жүзінде» атты алғашқы тарауында дүние жүзін мекен еткен.

Автор дамыған елдердегі бала бақшалардың мән-жағдайын көрсетіп баяндай келе, қазақ тұрмысында бала бақшаның болашақ ұрпақты тәрбиелеуде зор қызмет атқаратындығына зор сеніммен қарайды. Сонымен қатар, Италия балабақшаларының балаларға арналған құрал-жабдықтармен талапқа сай қамтамасыз етілгендіктерін, Швейцарияның Цюрих қаласындағы тастан жасалған мектептің бір жағында мектепке жасы толмаған балалардың үйі бар екендігін және оның балалардың жас шамасына сай құралдармен жабдықталғандықтарын бейнелейді. Шотландиядағы Эдинбург қаласындағы балалар бақшасын өз алдына ерекше етіп көрсеткен. Ол жерде күнделікті, таңертең ашық далада балалар бастары қосылғанда, кешкісін үйлеріне қайтарда бір-біріне «Амандық өлеңдерін» айтады дейді. Нәзипа Құлжанова Европа елдеріндегі балалар бақшаларының өмірін үлгі ете отырып, күншығыстағы Жапония мемлекетіндегі балалар тірлігін де әңгімелейді. Автор бұл еңбегінде ең бастысы бірігіп ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа, реттілікке, ұйымшылдыққа баулу, балалардың ойына, жас межесіне, қабылдау ерекшеліктеріне барлық жұмысты бағындыру, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау, өлең айту, сурет салу тағы басқа өнерлерін дамыту мәселелеріне көңіл бөледі. Болашақтағы қазақ балалар бақшасы сондай болса екен деп армандайды. Нәзипа Сегізбайқызы мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде оның жас

ерекшеліктеріне назар аудару қажеттігін нақты мысалдармен түсіндірген. Ол баланың қалыппен дамуы үшін оған айтылатын сөз де, көрсетілетін қимыл да, үйретілетін тағылым да шамадан тыс көп болмау керек және тым ауыр болмауы ескерілуі шарт дейді. Мөлшерден артық тапсырмалар баланың дамуына кері әсерін тигізуі мүмкіндігін және баланың дамуы үнемі дәрігер мен педагогтың бақылауында болуы қажет дейді. Сол кездің өзінде оқымысты ғалымдардың үш жасар баланы зерттеу объектісі етіп алғандығын мысал етеді. Үш жастағы баланың даму ерекшелігін, білімге, зерттеуге, құпия ашуға құмарлығын мәлімдейді.

Нәзипа Құлжанова баланың бойындағы білуге, тануға, ұғынуға, көруге, байқауға, өзінше қайталауға әуестігін тыйып тастамау керектігін, оларды бағыттап, алдында тұрған сауалдарды бірігіп шешуге ұмтылу қажеттігін, бала мүмкіндігіне қарай тұқым қуалаған мінездің әртүрлі құбылуын дәлелдеп көрсеткен. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке баруға дайындауды, оларға «Мен» түсінігін қалыптастыруды және де жас шамаларына байланысты даму деңгей ерекшеліктерін ғылыми түрде негіздеген. Сонымен қатар, балаларды мектепке толыққанды дайындау мәселелері бойынша қойылған сауалдарды жауапсыз қалдырмаған, ғылыми тұрғыда негіздеп берген. Назипа Құлжанова мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде ойынның ерекше қызмет атқаратындығына айрықша көңіл бөліп былай деген: «Балаға керегі – ойын. Ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы ойын. Ойында бала көрген-білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып, бекітеді».

Нәзипа Құлжанованың ағартушылық, ұстаздық, қайраткерлік еңбегінің тағы бір ірі көрінісі 1927 жылы Қызылорда қаласында 5000 данамен басылып шыққан – «Ана мен бала тәрбиесі» кітабы. Бұл кітап педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық кітап ретінде ұсынылған. Нәзипа Құлжанованың мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегінің құндылығы – Қазақстан топырағындағы тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуымен ерекшеленсе, екіншіден, Нәзипа Құлжанова мектепке дейінгі педагогиканы биология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастыра отырып, ол қазақ этнопедагогикасын әлем елдерінің этнопедагогикасымен үндестіре зерттеді.

Нәзипа Сегізбайқызы дәрігерлік арнайы білімі жоқ болса да көптеген әдебиеттерді ақтара келе, бала мен ана денсаулығына қатысты пайдалы кеңестерді рет-ретімен оқушысына, қалың көпшілікке ұсынып, қазақ тарихында есімін қалдырған еліміздің көрнекті ұстазы.

Нәзипа Құлжанованың мектепке дейінгі тәрбиеге байланысты қалдырған ой-пікірлері бүгінгі күннің өзінде өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Мәселен, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, сонымен қатар Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **мақсаты** балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау арқылы мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық, патриоттық, адамгершілік, зияткерлік тәрбие беру болып табылады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. С.Н.Жиенбаева, Р.К.Бекмахамбетова, А.Ж.Сыздықбаева, Ә.И.Бөлшекбаева Мектепке дейінгі педагогика. Алматы. Альманах, 2018
2. Хакімжанова М., Нәзипа Құлжанова \Қазақ әдебиеті, 1967, 11 август; Абай, Энциклопедия, А., 1995
3. Торғай елі. Энциклопедия, Құрастырған Т.Рсаев. Алматы, (Арыс) баспасы, 2013 жыл.
4. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат – Нұр-Сұлтан қ. 2021 ж. – 49 бет.

#### НӘЗИПА САЛҒАН САРА ЖОЛ, ҰРПАҒЫ ҮШІН ДАРА ЖОЛ

пжп ғ.м Оразова Гулхашима Қуандыққызы  
Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі,  
арнайы пәндер оқытушысы  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Торғай топырағынан шыққан халқымыздың дарынды, ағартушы дара тұлғаларының ішінде Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанованың шоқтығы биік. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Нәзипа Құлжанова, Сырбай Мәуленов т.б дарын иелерін түлетіп шығарған Торғай топырағын қалай киелі

демеске. Қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист, аудармашы, этнограф Нәзипа бейнесі қазақ тарихында ерекше мәнге ие. Ел болған соң мың сан пікір болады, мың түрлі көзқарас болады. Мұндағы айтпағым Нәзипа Құлжанова мен Нұрғали Құлжанов алыс ағайындылар болған соң ел екеуінің бас қосқандарына қарсы болып елден қуып жіберген десе, екінші тарап Нұрғали Құлжанов Семейдікі сонықтан олар Семейде көп жылдар тұрған деп пайымдап жатады. Бұл жалған ақпарат барлығы түсінікті болу үшін тақырыпты тереңірек тарқатайық. Қалай болған күнде де Құлжанова өмірнің де өзіндік шындығы мен ақиқаты бар. Оны тереңнен қозғап зерттеп, шындығына үңіле, ақиқатын табу, кейінгі толқын біздердің еншімізде. Дегенмен Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанова туралы деректер өте аз терең зерттелмеген сондықтан осындай іс шараның жыл сайын ұйымдастырылуы құптарлық іс.

Нәзипа Сегізбайқызы 1887 жылы қазіргі Жангелдин ауданының «Торғай» кеңшарында әйдеркенің қожагелді тармағынан Сегізбай атты кедей кісінің шаңырағында дүниеге келген баласы екен. Нәзипа өсіп, ержетіп жасы оқу жасына толған соң оқығысы келіп анасын мазалай бастайды. Анасы «кедейміз оқытуға жағдай бола қоймас» дейді. Дегенмен қызының зор ынтасын сезген ол шалы Сегізбай екеуі кеңесіп қыздарын оқыту қамымен Торғай қаласына көшіп келеді. Сегізбай пәтер жалдап, бір татарға отын-сушы болады. Нәзипа 1898 жылы әйгілі Ыбырай Алтынсарин ашқан төртжылдық қазақ-орыс мектебін өте жақсы бітіреді. Оқудың дәмін татқан Нәзипаның білуге, оқуға деген ынтасын көріп мектеп директоры сол жылы Қостанай халқының жинаған қаржысына ашылған «Русско-киргизская женская прогимназияға» түсу үшін жолдама мен мінездеме жазып береді.[1,23 б.]

Қостанайда сапарда болған сол кезеңнің бір орыс жазушысының жазғаны бар: демалыс кезеңінде алыстағы елі – Торғайына жете алмаған «даланың бозторғайы» Нәзипаның көзі жәудіреп терезеге қарап отырады. Дала бозторғайының еліне жетуге жол қашық, қаражат та жоқ. Осындай жабырқау күйде жүрген Нәзипаға тағы бір суыт хабар жетеді. Қысқа жібі шырмауына жетпей жүрген Сағызбай кіші жүздің бір байының ұлына қызына құда түсіп, қалыңмалын алып та қояды. Жігіт жағы қалыңдығын іздейді. Қиналғанда гимназия басшыларының кеңесімен Нәзипа жақын жер Шұбарда ұстаздық құрып жүрген жерлесі Нұрғали Құлжановпен хабарласады.

Нұрғали Құлжанов сыртта жүріп, жоқшылықтың көп тауқыметін тартқан Нәзипаға қолдау көрсетіп материалдық және моральдық тұрғыдан көмегін көрсетіп қол ұшын беріп қамқорына алған еді. Нәзипа басына түскен нәубетті жеткізгеннен кейін ол көмек қолын аямады. Бірден іске кірісті. Арашаға Торғайдан ояз бастығы Құлжан да түседі. Бидің көмегімен қыздың алып қойған қалыңдығы төленеді, қыздың оқуын жалғастыруға рұхсат етіледі. Осылай аққудың көгілдіріндей оқыған, сауатты қызға – Нәзипаға Нұрғалидың да көзі түседі. Оқуын еш алаңсыз жалғастыруына қолын жеткізуге қамқоршы болған Нұрғалидан қыз да кетері емес еді.[2,25 б.]

Осылай алғаш рет тотаритарлық кезеңнің қатан заңдылықтарына төтеп беріп, қарсы тұра білген және бұл даулы мәселені екі жақты келісіммен шешкен, тұңғыш қазақ қызы Нәзипа болды. Ол заманда қалыңмалға берген мүлкін қайтарып беру, аттастырған жігітке тұрмысқа шықпау деген қарама қайшылық, ел арасында мүлдем болмаған. Нәзипа осы қайсарлығымен де қазақ тарихында тұңғыштар қатарында.

Сонымен Нәзипа прогимназияның барлық төртжылдық курсы (1898 жылдың тамыз айынан 1903 жылдың мамыр айына дейін) бірінші оқушы болып үздік бітіріп шығады. Бұлар ерлі-зайыпты Нұрғали мен Нәзипа елге оралады. Екеуі де Торғайдың қыздар училищесіне мұғалімдікке орналасады. Бірақ туған елдерінде ұзақ тұрақтай алмайды. Ұстаздың формалы сәнді киімін киіп, барынша салмақты да сәнді жүріп, таза орысша сөйлейтін Нұрғалиды қазақы жұрт шоқындыға санайды. Татарша сәнімен киініп, қызметінде ашық жарқын тілдесетін Нәзипа келінді көпшілік көре алмайды, еркіндігін қызғанады. Қос жастың шаңырақ көтерген қуанышы ұзаққа созылмайды. Нұрғалидың үлкен ағасы Зейнолла: «Сен кедейдің қызына үйлендің. Орысша киінген шоқындыны қоя бер. Ауылдағы келіндерімізді бүлдіреді. Өзіміз сияқты текті жерден қыз әпереміз» десе, ауыл жандайшаптары: «Құлжанның шоқынды баласы келіп елге іріткі салып, Ленин идеясын таратып жүр» деген хабар Торғай үезіне жетіп, екі жақты қуғынға түседі. [2,39 б.]

Сөйтіп бұлар-ерлі-зайыпты Нұрғали мен Нәзипа елге қалай келді, солай қол ұстасып, Ресей оқу министрлігінің жолдамасымен, 1905 жылы екеуі елден жырақ қашып, Семей асады. Ондағы ойлары, саяси көзқарасы анық орыстардың шоғырланған жері ғой, бойымыздағы білімімізді онда еркін дамытуға мүмкіндік бар және сол жерде қазақтың көзі ашық көкірегі ояу оқымысты сауатты азаматтары шоғырланған қазақ зиялыларының қолдауына үміт артып, Семейден бірақ шығады.[3,42 б.]

Семейде екі тілге сауатты Құлжановтар тұңғыш рет Абайды қазақ пен орыс халқына бірдей насихаттауымен тарихта есімдері алтын әріппен жазылды. 1914 жылы 26 қаңтарда ұлы ақын Абай Құнанбаевтың қайтыс болғанына 10 жыл толуына арналған әдеби-сазды кешті Құлжановтар тұңғыш болып ұйымдастырады. Кеште ақын өмірі мен шығармашылығы жөнінде баяндаманы екі тілде бірдей жасаған Нәзипаның баяндамасы жоғары бағаланды. Одан кейін Абай өлеңдері оқылып, насихатталады. Бұл кеш туралы «Айқап» журналында да жазылды. Нәзипа ханым осы кеште сөйлеген сөзінің аяғында Абайды туғызған қазақ даласы, тағыда талай Абай секілді, бәлки одан да артық данышпандарды туғызар дегенде тыңдаушы қазақтардың жүйесі босап, көзіне жас алғандарды болды, деп хабар берді. «Ол кеш бірінші қазақ ақынының құрметіне жасалған алғашқы әдебиет кеші болып һәм бірінші қазақ әйел



(Нәзифа ханым Құлжанова жамағатының) майданға түсіріп берген өрнегі» - деп жазды 1914 жылы «Қазақ» газетіне Міржақов Дулатов. [3,64 б.]

Нәзипа ханым екі тілде бірдей жүйріктігімен де көзге түсті. Оның орыс тіліне жетіктігінің арқасында орыс және Еуропа әдебиетінің кейбірі қазақ тіліне аударылды. Сонымен қатар, Абай, Ыбырай, Ғабиттердің шығармаларын тұңғыш рет орыс тіліне аударған да Нәзипа ханым еді.

1915 жылғы ұлттық өнерімізді паш ету үшін Семей губернаторына арыз беріп, сахна төрінен «Біржан-Сара» айтысы мен Ы. Алтынсариннің өмір жолдары жайлы өткізген кеші сонымен қатар осы кеште ұлтымыздың салт дәстүрі жайлы да көріністер көрсетіледі.

Екінші бір құнды еңбегі ұстаздық ғылымның дарынды өкілі өзінің «Мектептен бұрынғы тәрбие» (Орынбор, 1923 ж.), «Ана мен бала тәрбиесі» (Қызылорда, 1927 ж.) кітаптары. ( Италия, Швейцария, Шотландияның, Жапония)[3,25 б.]

Н.Құлжанованың еңбектерінде ерекше маңызды орын алатын мәселе- тәрбие жұмысының күрделі динамикалық құрылысы. Ғалым өз еңбегінде бала тәрбиесіне үлкен мән берген. Тәрбиеші өз әрекетінде ұйымдастырушылық қабілетімен де ерекше көзге түсу керек деп есептейді, соның нәтижесін де балаларды да ұйымдастыра алады. Тәрбиешілік мамандыққа тек педагогикалық-психологиялық білім ғана емес, арнаулы кәсіби дағдылары да болуы керек деп есептейді.[4,58 б.]

Педагог-ғалымның пікірі бойынша тәрбиеші педагогтік іс-әрекетке қабілетті болуымен қатар, арнайы әртістік, музыкаға білімділік, бейнелеу өнеріне икемі бар жан-жақты болғаны дұрыс. Осының бәрі өзара қарым-қатынас негізінде жүзеге асады.

Н.Құлжанованың көзқарасы бойынша мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілерінің бойынан мынандай бірнеше мәнді сапаларды байқауға болады: балаға деген сүйіспеншілік, байқағыштық, педагогикалық қарым-қатынас шеберлігі. Тәрбиеші әр топтағы балалармен қарым-қатынас жасағанда жеке басының даңқы мен жас ерекшеліктерін ескеруі керек те, олардың өзара бірліктерінің, достық, жолдастық қарым-қатынасына, өзара сыйластығына көңіл бөлген дұрыс. [5,117 б.]

Н.С.Құлжанова тәрбиешілер мен ата – аналардың бүлдіршіндердің мінезі, дүниені тануы, қалыптасуы төңірегінде қандай мәселелерді білулері керек, мектепке дайындау барасында қадағалайтын жәйттар нелер – бұлардың баршасын жауапсыз қалдырмайды. Ол мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде ескерілетін проблемаларды тізбектеп көрсетеді:

1) Қимыл мүшелерін дұрыс билеу, жүру, жүгіру қағып алу, осының бәріне ыңғайланып ептіленеді;

2) Көру, есту, иіс сезу, түр түсті ажырату қабілеттері қалыптасады;

3) Сөйлеу, өз ойын шағын сөйлемдермен жеткізуге дағдыланады;

4) Ойлау қабілеті күшейіп, тіпті шағын қорытындылар жасауға ұмтылады;

5) Өлең, әңгіме, сурет, ойын арқылы өз түсінігін қоршаған ортаға жарыққа шығарады;

6) Өз дегеніне жетуге тырмысады, ойына алған ісін басқа жұрттың да орындалуын қалайды;

7) Таза, ұқыпты, жинақы болуды үйренгісі келеді;

8) Бала табиғаты шындықты ұнатады.

Көрсетілген дағдылар мен әдеттерді игерген бүлдіршін мектепке барғанда, бала бақшасында тәрбие көрмеген балаларға қарағанда, ерекшеленіп, тәрбиеге көнбіс, білімге ынталы келеді.

Н.Құлжанова мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде ойынның ерекше қызмет атқаратындығына айрықша көңіл бөліп былай деген: «Балаға керегі – ойын.Ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы ойын. Ойында бала көрген- білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып, бекітеді».[6,163 б.]

Сол себептен де Назипа Құлжанова жаңа заман тәрбиешілерінен зор үміт күтті, олардан жаңаша өмір сүріп, жаңалықтан хабардар болып, үнемі білімін көтеріп отыруда, жаңашыл педагогтардың еңбегімен танысып, оны өздерінің күнделікті тәжірибесінде пайдалана білуін талап етті. Н.Құлжанованың есімі ұстаз, қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист, ағартушы, қайраткер, этнограф, аудармашы ретінде қазақ тарихында мәңгі есте қалды.

Нәзипа Құлжанованың ағартушылық, ұстаздық, қайраткерлік еңбегінің тағы бір ірі көрінісі 1927 жылы Қызылорда қаласында 5000 данамен басылып шыққан – «Ана мен бала тәрбиесі» кітабы. Бұл кітап педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық кітап ретінде ұсынылған.

Нәзипа Құлжанованың дәрігерлік арнайы білімі жоқ болса да көптеген әдебиеттерді ақтара келе, бала мен ана денсаулығына қатысты пайдалы кеңестерді рет-ретімен оқушысына, қалың көпшілікке ұсынып, қазақ тарихында есімін қалдырған еліміздің көрнекті ұстазы.[7,7 б.]

Ол «Баланы аурудан сақтандыру» дейтін еңбегінде ана мен оның перзентінің дерттен сақтану жолдарын, табиғи ерекшеліктерін елеп, ескеру мәселелерін, баланы бағу, күту, тамақтандыру, табиғи емшілерді (күннің сәулесі, таза ауа, табиғи тамақ) пайдалану турасында сол кездің өзінде ғылыми тұрғыдан ой толғайды.

Н. Құлжанова өмірінің шығармашылық беттері 1925-29 жылдары өзі жауапты хатшысы болған «Әйел теңдігі» журналымен тығыз байланысты болуы кездейсоқтық емес. Назипа қазақ қыздарынан

алғаш болып тотаритарлық көқарасқа қарсы шығып, өзін аттастырып қойған азаматтан бас тартып, және бұл әрекетін өте сауатты түрде жеткізіп, елге дәлелді уәжімен екі жақты келісімге көндірген жан. Ол Қазақтың ұлттық ойындарының кешін өткізуге әскери губернатордан рұқсат сұрап, 1915 жылы 13-ақпанда тағыда бір сауық кешін өткізеді. «Ойын-сауық ұйымдастырушы Нәзипа ханымның ондағы мақсаты қазақ әйелдерінің бетін ашып, мәдени-ағарту жұмыстарына қатысу бастамасы еді» дейді Мұхтар Әуезов. Мақтаса мақтауға тұрарлық Нәзипаның игі істерінің бірі жағдайы төмен оқушыларға көмек көрсеткені еді.[8,3 б.]

Ол орыс географиялық қоғамының мүшесі ретінде қазақ халқының тұрмыс-салт, әдет-ғұрыптарын, ауыз әдебиеті мен фольклорлық шығармаларын зерттеп, оларды кеңінен насихаттаумен айналысты. 1920-24 жылдары А. Вимбоэс пен қазақ музыкасының әйгілі зерттеушісі А. Затаевичке Абайдың бірнеше әндері мен қазақтың халық әндерін айтып, нотаға түсірткен.

Мұның бәрі Нәзипаны шын мәніндегі сан қырлы талант иесі ғана емес, орысша білім алып, қоғамдық жұмыстарға араласқан қазақ әйелі ретінде мақтан тұтуға дәлел.

Қазақтың өнер мен білімдегі таңшолпаны атанған Нәзипаның аяулы жары Нұрғалидың «халық жауы» деп ұсталынып кеткеннен соңғы өмірі бәсеңси бастайды. Сөйтіп, енді бұл жерде тұрудың жөні болмас дейді, елге барудың да реті жоқ. Қос қайғыны арқалап әуелде қуылып шыққан елге не бетімен барамын деп қазақтың мәдениеті мен әдебиетін дамыту жолына толық бетбұрыс жасайды. Қоныс аударып Ақмолаға келеді. Бұнда да басын тауға да, тасқа да ұрғанымен, «халық жауы» күйесі өз дегенін істетеді. Қайда бармаса да соңына шам алып түсіп, қызметін жалғастыруға тұсау болады. Соның салдарынан табыс табудың барлық жолы қысқарады. Жоқшылықтың зардабын шегіп, айықпас дертке ұшыраған Нәзипаға әділетсізділікпен ешқандай моральдық және материалдық көмек көрсетілмейді. [9,38 б.]

Қазақтың жарық жұлдызы Н. Құлжанова 1934 жылы Алматыда небары 47 жасында тып-тыныш халде артында сөнбес сәуле қалдырып мәңгілікке көз жұмады.

—Әділін айту керек, Нәзипаны бүгінгі ұрпақтың ұлықтауы үшін, оның есімін туған топырағында ардақтау арқылы егеменді еліміздің тарихында қалдыру мақсатында көп ізденіп, үлкен үлес қосқан — соғыс және еңбек ардагері Мұратқали Камалұлы.

Мұратқали Камалұлы Нұрғали Құлжановтың немере інісі Құлжановтардың атына көше мектеп берілу бойынша көп ізденген. Елімізде 2000 жылы «Мәдениет жылы» жарияланғанда, сол сәтті пайдаланып, облыс, Арқалық, Торғай қаласы әкімдерінен бастап, Елбасына дейін хат жолдаған. Қостанай, Астана қалаларынан Құлжановтар көшесін беру керек деген талабына, алдымен туған жері Торғай, Арқалық қалаларында жүзеге асырылу керек деген жауап алған. Нәтижесінде 2005 жылығы наурыздың 3-дегі №200-ші Үкімет қаулысымен Қостанай облысының Арқалық қаласындағы Торғай гуманитарлық колледжине Назипа Құлжанова Есімі берілді. Бұл қаулы жайлы 2005 жылығы наурыздың 5-дегі «Казахстанская правда» газетінің 52-ші санында жарияланған. Мұратқали Камалұлы бұл істерге республикалық биік деңгейдегі билік өкілдеріне жолдаған хаттардағы мәселелерді қолдаған сол кездегі министр Б.Әйтімованың, Сенат депутаты, жазушы Ә.Кекілбаевтың қосқан ерекше еңбектерін атап өтеді.[10,161 б.]

Сондай ақ, Мұратқали Камалұлының министрлікке жолдаған хатында аталған тарихи тұлғаларға ескерткіш орнату туралы пікіріне қолдау білдірген. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001жылғы 1наурызындағы № 311қаулысына сәйкес алдағы уақытта ескерткіштер тек қана Үкіметтің қаулысына сай орнатылатындығын хабарлай келек, Қостанай облысы әкімшілігі ұсынған 2005-2009жылдары орнатылатын ескерткіштер мен монументтер тізбесінде аталған ескерткішті орнату қарастырылмаған.

Осыған орай ҚР мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Қостанай облысының әкімшілігіне Нәзипа және Нұрғали Құлжановтарға арналған ескерткішті Қостанай облысында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер тізбесіне енгізу туралы ұсыныс енгізеді.

Бұл мәселе әкімшілік тарапынан оң шешілген жағдайда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі аталған жобаны өз тарапынан тиісті түрде Қазақстанда орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі мемлекеттік комиссияның қарауына ұсынатынын мәлімдейді». [10,164 б.]

Мұратқали Камалұлының бұл арманы биыл орындалатын сияқты. Биылғы жылы қалалық бюджеттен мемлекеттік тапсырысқа Нәзипа Құлжанованың 135 жылдық мерейтойына арнап, қайраткердің бюсті орнату жобасын ұсындық. Жоба Арқалық қаласы әкімшілігі тарапынан қолдау тауып, биылғы жылы қаржыландырылды. Бюст бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр, қаламгердің туған күні қарсаңында ескерткішті орнату жұмысын толық аяқтау көзделіп отыр.

Қазақ ағарту ісінде айрықша із қалдырған Нәзипа Құлжановағаның еңбегі тарих алдында ақиқат болса, жасалып жатқан игілікті істердің барлығы, ұрпағының бабаларына деген тағзымы деп білеміз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. «Жұлдыз» журналы, № 9 саны, 1984 жыл
2. Хакімжанова. М. Нәзипа Құлжанова. Қазақ әдебиеті, 1967, 11 тамыз

3. Қасымбаев Ж. История города Семипалатинска (1718-1917 г.г.).- Алматы: «Өлке»,1998
4. Г.А.Кәрібжанова «Назипа Құлжанова» Семей,2012 ж.
5. «Ұлт тағлымы» журналы, 2010 ж.
6. «Қазақстан мектебі» журналы.
7. Кәрібжанова Г.А. Н.С.Құлжанованың өмірі және қоғамдық-ағартушылық қызметі (1887- 1934) [Мәтін] Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Кәрібжанова Г.А. - Алматы : Б.ж., 2003.
8. Құлжанова Н. Халқыма деп іс қылдым [Мәтін] : Педагог, журналист, әдебиетші Нәзипа Құлжанованың мұрасы / Құлжанова Н. - Алматы : Рауан, 1993.
9. «Зерек бала бағдарламасы» Т.М. Калашникова, Г.Н. Новогренко,Н.И. Матвиенко, Г.Ю. Жигайло
10. М.Камалұлы «Тегінді таны ұрпағым» - Астана : Елорда, 2013.


## Н.ҚҰЛЖАНОВА - МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕНІҢ ЖАНАШЫРЫ

Осипова Эльвира Хамитқызы  
Арқалық медицина колледжінің оқытушысы  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

*Су да болар ол жолда, тау да болар,  
Жаудың оғы – жайған тор, ау да болар.  
Мынау пайда, мынау зиян демек,  
Ол ерліктің ісі емес, сауда болар.  
Шалдығатын, шаршайтын жерлер де бар,  
Шалдыққанға мұқалмас ерлер де бар.  
Қайраттанып, қажымай тырмыссаң да,  
Шыққызбайтын жолыңда өрлер де бар,*

– деген өлең жолдары сонау Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары елімізде мектепке дейінгі мекемелер ашу ісі күрделі мәселе болып тұрған заманда Ахмет Байтұрсынұлының қазақтың қайсар, педагог қызы Нәзипа Құлжановаға арнауы екен.

Әрине, мектеп деген киелі орын. Яғни, адам баласының жаңа ғана былдырлап тілі енді шығып келе жатқан, аузынан ана сүті әлі де кеуіп үлгермеген жас бүлдіршін кезінен бастап оң мен солын танығанша, адам болып қалыптасқанша білім нәрімен сусындайтын қасиетті шаңырағы. Өткен тарихымызға көз жүгіртер болсақ, мектеп ашу ісі тіпті ұлы ұстаз Ы.Алтынсаринге дейін қолға алына бастаған күрделі мәселе. Сондай қиын-қыстау кезеңдерде қазақ балаларының білім алу жағдайын ойлап, жас бүлдіршіндерге арналған білім ошағын ашу ісін мол жауапкершілікпен қолға алған бірден бір жанашыр ұстаз – Нәзипа Құлжанова болып табылады.



Педагог ғалым – Нәзипа Құлжанова (1887 жыл 26-ы шілде-1934 жыл наурыз) Жангелді ауданында Ы.Алтынсарин ашқан мектепте оқып, кейін Орынбордағы мұғалімдер семинариясын 1914 жылы үздік бағамен бітіріп шыққан. Нәзипа Орынбордағы мұғалімдер семинариясында (1907-1914) оқып білім алған. Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттарын «Тән саулығы», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Заттың түр-түсін ажыратуы», «Бала тілінің шеберлігі», «Баланы еңбекке дағдыландыру», «Баланың әдемілік сезімін ояту», «Бала ойындары мен ойыншығы», «Баланы көпшіл болуға баулу» деп жіктей келіп, осы мәселелердің әрқайсысының мән-мағынасын ашып талдайды[1].

Нәзипа Құлжанованың мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегінің құндылығы:

- ✓ біріншіден, ол Қазақстан топырағында тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуымен ерекшеленсе;
- ✓ екіншіден, Н.Құлжанова мектепке дейінгі педагогиканы биология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастырады;
- ✓ үшіншіден, ол қазақ этнопедагогикасын әлем елдерінің этнопедагогикасымен үндестіре зерттеді;
- ✓ төртіншіден, Н.Құлжанованың еңбектерінде Қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысы, сол уақыттағы ауыл мен қала өмірінің шындығынан алынған нақты көріністер айқын бейнеленген.

Ана мен бала тәрбиесі, әсіресе баланы мектепке дайындау жайында әдістемелік құралдар ана тілімізде күні бүгінге дейін тапшылық етуде. Олай болса, Нәзипа Құлжанованың еңбектері күні бүгінге дейін өзінің құндылығына қылау түсірмес аса құнды еңбек екені сөзсіз.

Нәзипа Құлжанова 1923 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жайлы «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабын жазған. Бұл Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырысымен жазылған алғашқы авторлық туынды. Аталмыш кітапқа алғысөз жазған қазақ халқының ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы былай деген: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер – білім даярлау керек». Автордың бұл еңбегі мынадай тараулардан тұрады: «Күллі жер жүзінде», «Мектеп жасына толмаған бала», «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие не керек?», «Мектептен бұрынғы тәрбиенің Россиядағы түрі», «Бала бақшасы деген не?». Сол кездің өзінде шет елдердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарын зерделеу жүргізілгендігін осы кітаптың мазмұнынан айқын көруімізге болады. Мысалға алар болсақ, «Күллі жер жүзінде» атты алғашқы тарауында Автор дамыған елдердегі бала бақшалардың мән-жағдайын көрсетіп баяндай келе, қазақ тұрмысында бала бақшаның болашақ ұрпақты тәрбиелеуде зор қызмет атқаратындығына зор сеніммен қарайды. Сонымен қатар, Италия балабақшаларының балаларға арналған құрал-жабдықтармен талапқа сай қамтамасыз етілгендіктерін, Швецарияның Цюрих қаласындағы тастан жасалған мектептің бір жағында мектепке жасы толмаған балалардың үйі бар екендігін және оның балалардың жас шамасына сай құралдармен жабдықталғандықтарын бейнелейді. Шотландиядағы Эдинбург қаласындағы балабақшасын өз алдына ерекше етіп көрсеткен. Ол жерде күнделікті, таңертең ашық далада балалар бастары қосылғанда, кешкісін үйлеріне қайтарда бір-біріне «Амандық өлеңдерін» айтады дейді. Н.Құлжанова Европа елдеріндегі балабақшаларының өмірін үлгі ете отырып, күншығыстағы Жапония мемлекетіндегі балалар тірлігін де әңгімелейді. Автор бұл еңбегінде ең бастысы бірігіп ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа, реттілікке, ұйымшылдыққа баулу, балалардың ойына, жас межесіне, қабылдау ерекшеліктеріне барлық жұмысты бағындыру, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау, өлең айту, сурет салу тағы басқа өнерлерін дамыту мәселелеріне көңіл бөледі. Болашақтағы қазақ балабақшасы сондай болса екен деп армандайды[2].

Нәзипа Сегізбайқызы мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде оның жас ерекшеліктеріне назар аудару қажеттігін нақты мысалдармен түсіндірген. Ол баланың қалыппен дамуы үшін оған айтылатын сөз де, көрсетілетін қимыл да, үйретілетін тағылым да шамадан тыс көп болмау керек және тым ауыр болмауы ескерілуі шарт дейді. Мөлшерден артық тапсырмалар баланың дамуына кері әсерін тигізуі мүмкіндігін және баланың дамуы үнемі дәрігер мен педагогтың бақылауында болуы қажет дейді. Сол кездің өзінде оқымысты ғалымдардың үш жасар баланы зерттеу объектісі етіп алғандығын мысал етеді. Үш жастағы баланың даму ерекшелігін, білімге, зерттеуге, құпия ашуға құмарлығын мәлімдейді. Нәзипа Құлжанова баланың бойындағы білуге, тануға, ұғынуға, көруге, байқауға, өзінше қайталауға әуестігін тыйып тастамау керектігін, оларды бағыттап, алдында тұрған сауалдарды бірігіп шешуге ұмтылу қажеттігін, бала мүмкіндігіне қарай тұқым қуалаған мінездің әртүрлі құбылуын дәлелдеп көрсеткен. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке баруға дайындауды, оларға «Мен» түсінігін қалыптастыруды және де жас шамаларына байланысты даму деңгей ерекшеліктерін ғылыми түрде негіздеген. Сонымен қатар, балаларды мектепке толыққанды дайындау мәселелері бойынша қойылған сауалдарды жауапсыз қалдырмаған.

Н.Құлжанова мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде ойынның ерекше қызмет атқаратындығына айрықша көңіл бөліп былай деген: «Балаға керегі – ойын. Ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы ойын. Ойында бала көрген-білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып, бекітеді».

Н.С.Құлжанованың ағартушылық, ұстаздық, қайраткерлік еңбегінің тағы бір ірі көрінісі 1927 жылы Қызылорда қаласында 5000 данамен басылып шыққан – «Ана мен бала тәрбиесі» кітабы. Бұл кітап педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық кітап ретінде ұсынылған. Нәзипа Сегізбайқызы дәрігерлік арнайы білімі жоқ болса да көптеген әдебиеттерді ақтара келе, бала мен ана денсаулығына қатысты пайдалы кеңестерді рет-ретімен оқушысына, қалың көпшілікке ұсынып, қазақ тарихында есімін қалдырған еліміздің көрнекті ұстазы.

Демек, бүгінгі күні әлі де мәселеге айналып отырған балаға жас ерекшелігіне қарай тапсырма беру, баланы ойын арқылы сабаққа тарту, одан ешуақытта жылылық сезімін аямау, білуге құштарлығын

сөндіріп алмау, әсіресе денсаулығын медициналық тексерістен өткізіп отыру сияқты өзекті тақырыптарды қамтиды. Керек десеңіз ұлы Абай шығармаларындағы адамгершілік тақырыбы да қаламынан тыс қалмаған.

«Заманына қарай талабы» - дей келе сөзімді қорытындылайтын болсам, қазіргі таңдағы балаларға осы бағдарлама өте тиімді демекпін. Бала өз ойын толық жеткізе алады, өз-өздерін бағалай біледі, топпен жұмыс жасай біледі. Осының барлығы ойын арқылы жүзеге асуда[3].

Ойын – бала табиғатымен егіз, ойында баланың қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өседі сондықтан біз әр сабағымызды ойын арқылы өткізуге тырысамыз. Сабақ өткізгенде тәрбие беруші өзі немқұрайлылықпен қараса баланың да санасында еш нәрсе қалмайды, сондықтан да әр сабағымызды көтеріңкі көңіл күймен, актерлік шеберімізді көрсетіп, түсіндіретін нәрсемізді бала санасына жететіндей етіп нақты жеткізе білуіміз керек деп ойлаймын, сонда ғана оң нәтиже аларымыз анық, балаға дұрыс бағыт бағдар бере білуіміз керек, баланы қызықтыра білу керек. Өз тәжірбем бойынша ойын арқылы өткізген сабақ пен ойынсыз өткізген сабақтың айырмашылығы өте көп екенін байқадым. Ойын арқылы өткізген сабақтың нәтижесін білу үшін қайталау сабақ жүргізгенімде балалардың есінде көп нәрсе қызығушылықпен қалады екен, ал ойынсыз өткізген сабақтың нәтижесін білу үшін қайталау сабақ жүргізгенімде балалардың кейбіреуінің ғана естерінде қалапты. Сондықтан қазіргі кезде әр сабағымды ойын арқылы өткізуге бел будым.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» - деген Абай тағылымының мәні, әрине тереңде жатыр. Қанша жыл мұғалімдік қызмет атқарсаң да, дәл бүгінгі сабағыңа сақадай сай дайын болып, сенен білім алғалы отырған жас жеткіншектерге жүрек жылуыңды бере отырып сабақ жүргізу әр мұғалімнің міндеті. Өскелең ұрпаққа білім бере отырып, ел ертеңің қолға алар ізбасарларды тәрбиелеудеміз. Бүгінгі ұрпақ- бақытты ұрпақ. Себебі, технологияның дамыған кезеңінде өмір сүріп жатқан жастарға алаңсыз білім алуға жан- жақты жағдай жасалған. Елбасының айырықша көңіл бөлуі нәтижесінде білім мекемелерін көбейту және олардың материалдық базасын заманауи қондырғылармен жабдықтау арқылы білім сапасын дамытуға барлық жағдай жасалып келеді. Осының барлығы білім сапасын арттыруға, кәсіби шеберлікті нығайтуға, мұғалімнің әлеуметтік мәртебесін жоғарылатуға ықпал ететіні сөзсіз[4].

«Ұстаз деген ұлағатты атауды естігенде, күні бүгінге дейін өзімді шәкірттей сезінемін» деген Серке Қожамқұловтың сөзінен ұстаз қауымына деген үлкен құрметтеушілікті байқаймыз. Жақсы ұстазға екі ғана нәрсе керек, оның бірі – терең білім болса, екіншісі – үлкен жүрек. Балаға деген шексіз махаббаттың иесі болған ұстаз ғана өз еңбегінің жемісін көре алары сөзсіз. Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» деген. Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – мұғалім. Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек. Сондықтан ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін баршамыз мойындаймыз.

## Әдебиеттер тізімі:

1. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/23383>
2. Ахметова Л. Нәзипа Құлжанова // Алғашқы қарлығаштар /Құраст.
3. Д.Дәуренбекова. — Алматы: Қазақстан, 1993. — Б.17-29
4. Садықова, Ә. Нәзипа Құлжанова мен Ахмет Байтұрсынұлы [Мәтін] / Ә. Садықова // Қазақ тарихы. — 2013. — № 4. — Б. 33-34.
5. <https://kk.wikipedia.org/wiki>

## Н.ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМНІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ



Өтей Назерке Болатқызы  
Ералы Мадина Ералықызы  
Ш.Уәлиханов атындағы №1 жалпы білім беретін мектебінің  
бастауыш сынып мұғалімдері  
Қостанай обылысы, Арқалық қаласы

Әдебиет, өнер, мәдениет қашанда асыл тұлғаларды ұлт- ұлысына қарап бағаламайды. Ол даналардың нағыз інжу- маржандарын уақыт елегінен өткізіп,

бізге тек таңдаулыларын жеткізеді. Жаны таза, ой-өрісі кең, біліктілігі терең, тәлім-тәрбиесі, көргені мол ізгі ниетті адамдар ғана болашақтан үміт күтіп, халқы үшін жанын беруге дайын болады. Біздің халқымыз, соған қоса туған өңіріміз Торғай жерінде сөзіме тиек еткен ізгі адамдардың легі шексіз. Иә, Торғай даласы сондай ұлы адамдарға қашанда кенде емес. Соның ішінде тарихты өзгертуде бас болған білім іздеп, халыққа көз болған қыздарымыздың алдыңғы легінде қазақтан шыққан тұңғыш журналист-Нәзипа Құлжанова еді.

Нәзипа Құлжанова 1887 жылдың 27 шілдесінде Қостанай облысы, Жанкелді ауданында дүниеге келіп, сол өңірде туып өскен. Ол өз заманының ең білімді әйелдерінің бірі болды. Қоғам қайраткері, педагог, журналист, аудармашы ретінде халық жадында қалды. Халық игілігімен болашағы үшін жан аямай еңбек еткен Нәзипа Құлжанованың шығармашылығы қазақ совет әдебиетінің қалыптасу кезеңімен тұспа-тұс келді. Оның ата-анасы, кедей және қарт адамдар болғандықтан қыздарын бір кісіге аттастырып, ол үшін алдын-ала қалың малын алды. Қыз сүймейтін адамға үйленгісі келмеді, көмек алу үшін ол облыстың әскери губернаторына жүгінді. Нәзипа Сегізбайқызы жастайынан бері ержүрек, жігерлі кісі болған.

Талапты әрі талантты қыз 1902 жылы Қостанайдағы орыс-қазақ гимназиясын бітіріп, 1903-1904 жылдары Торғай әйелдер училищесінде мұғалім, ал 1905-1920 жылдары Семей семинариясында сабақ берді. 1902 жылы Шұбар болыс мектебінің мұғалімі Нұрғали Құлжановпен танысып, кейін тұрмысқа шығады. Ерлі-зайыптылар бір-біріне сәйкес келді: білімді, ақылды. Үш жылдан кейін олар Семейге көшуді ұйғарып, ол жерде жолдасы мұғалімдер семинариясында орыс тілі мен әдебиеті сабақтарын өткізді. 1913 жылы Назипа Орыс Географиялық Қоғамының Семей бөлімшесінің "азаматтық серіктері" ("Азамат серігі") тобының мүшесі болды.

Нәзипа Ұлы Абайдың поэзиясын өте жақсы көретін. Қоғамдық және әдеби қызметпен айналыса отырып, ол әдеби кештер ұйымдастырады. 1913 жылы осындай кештердің бірін Қарқаралыда өткізеді. Ал 1914 жылы 26 қаңтардан бастап Нәзипа Абайдың қайтыс болған күнінен бастап он жылдыққа арналған бірқатар кештер өткізеді. Ол адамдарды жинайды, жоғары поэтикалық өнерді насихаттайды, оқырмандар мен тыңдаушыларды ақынның шығармашылығымен таныстырады, оның өлеңдерін көпшілікке оқиды. Осы уақыттан бастап ол "Қазақ", "Сарыарқа" және "Алаш" газеттеріне қазақ әйелдерінің өмірі туралы жазады, саясат пен қоғамдық өмірге араласа бастайды.

1917 жылы Нәзипа Семей облысы қазақтарының съезіне қатысып, съезд Басқармасының құрамына кіреді. Жалынды журналист мұнымен тоқтап қалмайды, халық пен елдің өміріне белсенді қатысады, Мақалалар жазады, қаламы өткір және қоғамға пайдалы. Ол кезде әйел журналистер мүлдем болған жоқ. Нәзипа сияқты әйел проблемалары туралы ешкім жаза алмады және істей алмады. Ай сайын дерлік билік өзгерген жылдары журналист болу екі есе қиын болды. Мұндай жағдайда не жазу керек? Бұл Нәзипа үшін шындықты жазу.

1920 жылы Нәзипа Құлжанова оқулықтар, кітаптар дайындау, Баспа ісі жөніндегі Қазақ Автономиялық Республикасының Халық Ағарту Комиссариаты комиссиясының құрамына кірді. Осы жұмыста ол қазақ әліпбиін дайындау бойынша бас маман ретінде танымал болады. Күйеуі қайтыс болғаннан кейін, екі жыл бойы, 1920-1922 жылдары Н. Құлжанова Ақмолада мұғалім болып жұмыс істеді. 1922 жылы Сәкен Сейфуллин Қазақ АССР Халық Комиссарларының төрағасы және сонымен бір мезгілде "Еңбекші қазақ" газетінің редакторы болып, Назипаны шақырып, оны редакциялық алқа құрамына енгізеді. Ол әйгілі авторлардың бірі болды. 1923-1925 жылдары - "Қызыл Қазақстан", "Әйелдер теңдігі" журналдарында жұмыс істеді және "Айқап", "Қазақ", "Бірлік туы", "Алаш" газеттерінде мақалалар жариялады. 1925-1929 жылдары Н.Құлжанова — "Әйел теңдігі" қоғамдық-саяси және әдеби-көркем журналының жауапты хатшысы болды. Оның өтініші бойынша орыс композиторы Александр Затаевич "Гай-ау, саулем", "Қадырдың жылауы" әндеріне музыка жазды. Нәзипа Құлжанова Қазақстанның көптеген мерзімді басылымдарында материалдар жариялап, аударымдармен айналысқан. Оның кітаптары да болды. Ол 1923 жылы Орынборда шыққан "Мектепке дейінгі тәрбие" ("Мектептен бұрынғы тәрбие") және 1927 жылы жарық көрген "ана мен бала" ("Ана мен бала") кітабының авторы. Олардың екеуі де бүгін күні өзекті.

Белгілі ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров Нәзипа Құлжановаға "Таныстық" поэмасын арнады. Ол адалдық, әйелдік, жауапкершілік және тиімділік сияқты қасиеттерін атап өтті:

«Ардақты бар Нәзипа деген ханым,

Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.

Оқыса сондай әйел шығар ед деп,

Оқығандар бағалар сөздің дәмін.

Неше күн қыдырсаң да таба алмассың,

Семейдің одан өтер адал жанын...», – деп Нәзипа Сегізбайқызыны сипаттаған.

Ол екі тілде бірдей жүйректігімен көзге түскен. Оның орыс тіліне жетіктігінің арқасында Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Ғабит Мүсіреповтың шығармалары орыс тіліне аударылды. Ал, қазақ оқырмандары қазақ тіліне аударылған Лев Толстой, Максим Горький, Александр Куприн, Владимир Короленконың әдеби туындыларымен танысты. Қазақстанның алғашқы ағартушы әйелдерінің бірі бола отырып, ол әйелдер қозғалысын дамытуға көп күш жұмсады, әйелдердің қоғамдағы белсенді

ұстанымға ұмтылысын қолдады. Ол Шығыс әйелдерінің бірінші съезін ұйымдастырушылардың қатарында болды.

1929 жылы Нәзипа үйде шығармашылық жұмысқа кетуге мәжбүр болады. Дегенмен, мұрағат материалдарына жүгінсек оның денсаулығының нашарлағаны айтылады. Ол Алматыда 1934 жылы қырық алты жасында ұзаққа созылған аурудан (туберкулезден) кейін қайтыс болып, елеулі шығармашылық мұра қалдырды. Нәзипаның шығармашылығы қазақ кеңес әдебиетінің алғашқы жылдарын (1917-1929) қамтиды.

Оның "ана мен бала" кітабы Ана мен қазақ әйелінің педагогикалық білім беру мәселелеріне арналған, мемлекеттік тілде педагогикалық әдебиет болмаған жағдайда маңызды рөл атқарды. "Мектепке дейінгі тәрбие" жұмысында қазақ даласындағы мектепке дейінгі тәрбиенің негізгі міндеттері ашылады. Н.С. Құлжанова қазақ педагогикасының дамуына үлкен, баға жетпес үлес қосты, мектепке дейінгі мекемелерді ұйымдастыруға белсенді қатысты.

Семей қаласындағы республикалық Абай мұражайының аға ғылыми қызметкері М.Бейсенбаевтың ақпараты бойынша, Григорий Хомутовтың альбомында ұзақ жылдар бойы Құлжановтардың фотосуреті сақталған. Сонымен қатар, Семей қаласындағы Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби - мемориалдық қорық - музейіне кіретін "Алаш арыстары-М.Әуезов" музей-үйінде Құлжановтардың фотосуреті, Нәзипаға арналған Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби кеш бағдарламасы мен шығармалары қойылған экспозиция бар. Семей мұғалімдер семинариясының студенті ретінде Қамұтов 1906-1908 жылдары Нұрғали Құлжановтың үйінде тұрған. Ол Нұрғали мен оның әйелі Нәзипаның сол кезде жоғары мәдениетті, прогрессивті адамдар болғанын айтады. Г. м. Хомутов олармен бірге өмір сүрген уақытты өмірінің ең жақсы кезеңдерінің бірі деп санайтынын қуанышпен атап өтті. "Бұл үйде мен өзіме таза әкелік көзқараспен таныстым, күнделікті ана қамқорлығын сезіндім. Менде әрдайым қазақ тілі бойынша "өте жақсы" деген белгі болды", - деп хабарлады ол. Өкінішке орай, 1908 жылы семинарияны бітіргеннен кейін Григорий Хомутов енді Құлжановты кездестірмеді. Нұрғалидің алашордашылар мен ақ гвардияшыларды аяусыз өлтіргенін, ал оның әйелінің тағдыры белгісіз екенін айтады.

Назипа Құлжанованың біздің уақытқа дейін жеткен кейбір мақалалары, кітаптары мен фотосуреттері Шығыс Қазақстан облыстық әмбебап кітапханасында сақтаулы. Журналист Қазақстан әйелдерінің ағартушысы. Ол әйелдерге білім қажет деп санайды, қоғамда және саясатта әйелдер қозғалысын дамытты. Нәзипа Құлжанова өз дәуіріндегі саяси-әлеуметтік жайдан, экономикалық құрылыс қалпынан, медицина, педагогика ғылымдарының заман талабы алға тартып отырған міндеттерінен толық хабары бар білімді журналист, шебер педагог екені барлығымызға белгілі. Қазіргі уақыттағы қолданыстағы түрлерінің алғашқы бастамасының негізін ана тілінде сөз етіп, түсіндіріп, бағыт беріп, жолын көрсеткен – Нәзипа Құлжанова. Ол халықа осы еңбегінде құнды екенін айтып өткен жөн. Сол еңбегімен ұмытылмайтын қадірлі қалпында есте сақталады.

Қазіргі уақытта әлеуметтік құрылымдағы білім беру маңызы маңызды элементтерінің біріне айналуға. Дүниежүзінде білімнің әлеуметтік рөлі артып, адамның болашағы оның алған білім сапасының көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты болады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасы, әдістерін, технологиясын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген. Бұл білім мекемелерінің мұғаліміне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық нұсқаны кез келген үлгімен құруға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуға. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Құлжанова Назипа Сағызбайқызы / Кашляк в. Семей: олардың аттарымен аталды. - Семей, 2006. - Б. 297, 298-і.
2. Этнографиялық әдеби-музыкалық-вокалдық кеш бағдарламасы // Абай.- 1992.-№ 2.- Б.5, 8-10
3. Қара С. ағайынды Белослодовтар / Қара С. Ертіс жағалауынан.- Алма - Ата.- 1981. - Б.117, 119, 275.

#### ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ЖУРНАЛИСТІ НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІ

Салимова Айнұр Мейржанқызы  
Жетекшісі: Торыбаева Гайни Нурахметовна  
М.О.Ауезов атындағы педагогикалық колледжінің студенті

«Ардақты, бар Нәзипа деген ханым,  
Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.  
Оқыса сондай әйел шығар ед деп,  
Оқығандар бағалар сөздің дәмін

Неше күн қыдырсаң да таба алмассың,  
Семейдің одан өтер адал жанын.  
Ақ көңіл, мінезі оңды, жүзі жарқын,  
Ынтасы жеткізбекке әйел халқын.

Және бар әйелге хас нәзік сезім,  
Танитын бір көргенде-ақ істің нарқын.  
Атақты Байтұрсынов «Мысалында»,

«Н-ға» деп өлең жазып, жайған даңқын...» [1, 191 б.] – деп Нәзипа Құлжанова апамызға ағалық мейіріммен С.Торайғыров арнау өлеңін жазып кеткен екен.

Адам өмірін тұғырымен салыстыратын болсақ, Нәзипа Құлжанованың тағдыры биік белесті бағындыру болды. Бірақ, өкінішке қарай, қазақ тарихындағы тұңғыш әйел ұстаз, тұңғыш журналистердің бірі және тұңғыш абайтанушы әйел туралы білетіндер аз екені жүректі ауыртады.

Осы жылдың 27-ші шілдесінде Нәзипа апамызға 135 жыл толады. Нәзипа Құлжанова киелі Торғай жерінде дүнеге келіп, сол жердегі қазақтың аса көрнекті ағартушысы Ы.Алтынсарин іргесін қалаған орыс-қазақ мектебінде алғашқы білімін алды. Кейін Қостанай қаласындағы қыздар гимназиясында білімін жалғастырды. Оқуын аяқтаған соң, алдымен Торғайда мұғалімнің көмекшісі болып қызмет атқарды. 1905-1920 жылдары Семей қаласындағы оқытушылар семинариясында ұстаздық етті. 1920 жылы Н.Құлжанова Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатының қазақ тілінде оқулықтар, кітаптар шығару бойынша арнаулы комиссияның құрамында жұмыс істеді. Н.Құлжанова 1923 жылы «Қызыл Қазақстан» журналына жұмысқа орналасып, сол жерде әдеби аудармашылыққа бет бұрды. Қазақ және орыс тілдерін жетік меңгерген ұлт қызметкері аударма өнері арқылы ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне, әдеби туындыларымыздың орыс әлеміне танылуына өзіндік септігін тигізді. Әсіресе А.Құнанбайұлы, Ы.Алтынсарин, Ғ.Мүсірепов шығармаларын орысшаға аударуы ол кез үшін ерекше жағдай еді. «Нәзипа қазақ және орыс халқы арасында Абайдың поэтикалық шығармашылығын алғаш насихаттаушы болды. Ол Абайдың «Махаббат туралы», «Желсіз түнде жарық ай» («Безветренная ночная луна») өлеңдерін орысшаға аударды. Соңғысының аудармасы 1915 жылы «Сибирский студент» журналында басып шығарылған болатын.»[2]

Нәзипа Құлжанова апамыздың өмірінің көп уақыты Семей қаласында өтті. Және біздің колледжімізде Нәзипа апамыз туралы көптеген ақпараттар бар және арнаулы кабинет бар. Арнаулы кабинетте Нәзипа Құлжанова апамыз туралы өте көп мәліметтер табуға болады. Ол кабинетте қазіргі уақытта студентерге дәріс оқытылады, студенттер қарап көруіне, ақпараттар жинауға болады.



Нәзипа Құлжанованың Семей қаласындағы еңбектері мен тарихын айтып кетсем:

- 1905 жылы Семей қаласындағы оқытушылар семинариясында ұстаз болған.





- Ұстаздық жұмысты атқара жүріп, этнография тақырыбын зерттеп, мақалалар жазып, талантын танытқан ол 1913 жылы Орыс география қоғамының Семей бөлімшесіне, «Азамат серіктестігі» ұйымдарына мүше болады.
- 1914 жылы 26 қаңтарда Абайдың қайтыс болуына он жыл толуына орай әдеби кеш ұйымдастырады.
- 1915 жылы 13 ақпанда Пертпроградтағы мұсылман ауруханасы мен мұқтаж қазақ шәкірттеріне көмек көрсету мақсатында әдеби кеш ұйымдастырады. «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш» газеттерінде әйел мәселелеріне байланысты мақалалар жазады.
- 1917 жылы Семей облысы қазақ сиезінің төралқа құрамына енеді.
- 1920 жылы Қырғыз (қазақ) АКСР Халық ағарту комиссариатының қазақ тілінде оқулықтар, кітаптар шығару, баспасөз істері жөніндегі арнаулы комиссияның құрамында жұмыс істеген. Осы жұмыста жүріп, жаңа қазақ әліпбиін енгізу жөніндегі комитеттің құрамына енеді. Н.Құлжанова - қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналистердің бірі.
- 1922 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің редакция алқасының мүшесі, 1923-1925 жылдары «Қызыл Қазақстан», 1925-1929 жылы «Әйел теңдігі» журналдарында жауапты қызметтер атқарады. «Айқап», «Қазақ», «Бірлік туы», «Алаш» басылымдарында оқу-ағарту мәселелері туралы мақалалар жариялаған. [3]

Нәзипа жолдасы қайтыс болғаннан кейін екі жыл бойы Ақмола қаласында мұғалім болады. 1923 ж. «Қызыл-Қазақстан» журналына ауысып, әдеби-аудармамен айналысады. Ол орыс жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аударды. Соның ішінде, ол В. Г. Короленко мен Б. А. Лавреневтің кітаптарын қазақ тіліне, сондай-ақ, қазақ тілінен орыс тіліне аударды (Ы. Алтынсарин «Көктем»).



Нәзипа Құлжанова әйелдер қозғалысын дамытуға күш салып, әйелдердің қоғам өміріне белсенді араласуына қолдау берді. Ол Шығыс әйелдерінің Бірінші съезін ұйымдастыруға қатысты. Қазақстанның мерзімді басылымдарына мақалаларын жариялап, аударма ісімен айналысты. Өзі де кітап жазды. Ол 1923 ж. Орынборда шыққан «Дошкольное воспитания» («Мектептен бұрынғы тәрбие»), 1927 ж. Орынборда шыққан «Мать и дитя» («Ана мен бала») кітабының авторы. Ол кітаптар бүгін де өзекті. «Мать и дитя» («Ана мен бала») кітабы ана болу және қазақ әйелінің педагогикалық білімі мәселелеріне арналды, ол кезде қазақ тілінде педагогикалық кітаптар болған жоқ. Н. Құлжанова мектепке дейінгі мекемелерді ұйымдастырып, ашуға белсенді түрде қатысты. «Дошкольное воспитание» еңбегінде қазақ даласындағы мектепке дейінгі тәрбиенің негізгі міндеттері ашылған. Нәзипа Құлжанова қазақ педагогикасын дамытуға өлшеусіз үлес қосқан. 1929 жылы Нәзипа апай үйде отырып жұмыс істеуге мәжбүр болды. Мұрағат мәліметтерінің дерегінше, Құлжанованың денсаулығы нашарлап кетті. Бірақ ғалымның жағдайы

жайында басқа пікір де бар. Яғни, Алашорданың қайраткерлерімен қарым-қатынас орнатып жүргендіктен, патша сақшыларының «назарына ілігеді». 1934 жылдың наурызында Нәзіпа Құлжанова созылмалы аурудан көз жұмды. [4]

Белгілі ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров «Танысу» өлеңін Нәзіпа Құлжановаға арнаған. Ол оның адалдық, әйелдік, жауаптылық және тиімділік сияқты жақсы қасиеттерін ерекше атап өтті. «Соңғы қасиет, – деп жазады ақын, – тіпті көп еркек адамдарда да жоқ». Семей қаласындағы Абай атындағы республикалық мұражайдың аға ғылыми қызметкері М.Бейсенбаевтың айтуынша, Құлжановтардың фотосуреті Григорий Хомутовтың альбомында көп жылдар бойы сақталған. Хомутов Семей мұғалімдер семинариясының студенті ретінде 1906-1908 жылдары Нұрғали Құлжановпен бірге тұрады. Нұрғали мен оның жары Нәзіпа сол кездегі мәдениетті, озық ойлы адамдар болғанын айтады. Г.М.Хомутов олармен бірге өмір сүрген уақытты өмірінің ең жақсы кезеңдерінің бірі деп санайтынын толқумен атап өтті. «Бұл үйде мен өзіме деген таза әкелік көзқарасты кездестірдім, мен күнделікті аналық қамқорлықты сезіндім. Осы көзқарасқа жауап ретінде осы кісілерге деген пейілімді, үлкен құрметімді қалай да білдіргім келіп, Нұрғали Құлжанұлы семинарияда сабақ берген қазақ тілін түбегейлі оқуды жөн көрдім. Ал қазақ тілінен үнемі «өте жақсы» деген баға болатынмын», - дейді ол.



Қорыта келгенде, Аудармадан бөлек Нәзіпа Құлжанованың ұстаз, ағартушы, журналист, жазушы, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы ретінде есімі бүкіл қазақ еліне танылғанын және ХХ ғасырдың басында өз халқын ілімге, мәдениетке шақырып, жаңалықтың жаршысы болғанын айта кеткеніміз жөн. Нәзіпа Құлжанованың біздің заманымызға дейін жеткен кейбір мақалалары, кітаптары мен фотосуреттері Шығыс Қазақстан облыстық әмбебап кітапханасындағы көрмеге қойылған. Нәзіпа Құлжанова ұлттық туындыларымызды насихаттаумен қатар, орыс тіліндегі шығармаларды қазақшаға аудару арқылы қазақ әдебиетінің өркендеуіне айтарлықтай өз үлесін қосты. Сонымен қатар қазақ халқының саяси көзінің ашылуына да ықпал еткендігін айта аламыз. Қазақтың қайсар қызы, журналист, ұлықты ұстаз, аудармашы Нәзіпа Құлжанованың өмірі мен артында қалған тағылымды мұрасы бүгінде жас ұрпаққа өнеге болатындығы сөзсіз.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Негимов С., Айқын Нұрқатов шығармалары// “Ана тілі” баспасы ЖШС, 2019, – 191 б.
2. <http://www.cdni-arhiv.vko.gov.kz/kz/news.htm?id=43>
3. Кәріпжанова, Г. А. Нәзіпа Құлжанова [Мәтін] / Г. А. Кәріпжанова. - Семей : Интеллект, 2019. - 198 б.
4. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Нәзіпа\\_Құлжанова](https://kk.wikipedia.org/wiki/Нәзіпа_Құлжанова)
5. Тілешов, Е. Алаш қозғалысы [Мәтін] : энциклопедиялық анықтамалық / Е. Тілешов, Ш. Құрманбайұлы . - Алматы : "Сардар", 2019. - 528 б.

### МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА ЕҢБЕКТЕРІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Сәрсембекова Дильназ

Жетекшісі: Алтаева Фатима

«Мектепке дейінгі тәрбие беру» бөлімінің І курс студенті  
М.Мәметова атындағы Қызылорда жоғары педагогикалық колледжі  
Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

Жаңа Қазақстанды құру жолындағы ең маңызды қадамдарымыздың бірі үздіксіз білім беру жүйесінде еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ-болашағымыздың баға жетпес қазынасы.

Ал, осы білім беру жүйесіндегі алғашқы қадам мектепке дейінгі ұйым, балабақша болғандықтан тәрбиешілер мен жетекшілерге зор жауапкершілік жүктеледі. Мәдениетті, ұқыпты, білімді ұрпақ тәрбиелеу үшін тәрбиешінің өзі тәрбиелі, білімді болу қажет.

Қазақ әйелдерінің арасында Қазан төңкерісінен бұрын да оқу-өнерге талпынғандары аз болмаған. Олар өздері сауат ашысымен халық ағарту ісіне араласып, алған білімдерін елге таратушылар болды. Көбінің мамандығы мұғалімдік еді. Олар қазақ әйелдерінің біліммен қаруланған, қоғамдық істерге араласып, қараңғы халықтың көкірек-көзін ашуға шақырып отырды. Өздері де түрлі мамандықтарды игерумен ғана шектелмей, бар өмірлерін ел тағдырына арнаған абзал жандар болды.

Қазан төңкерісінен соң қазақ әйелдерінің арасынан суырылып шығып, өз халқына өнер-білім сәулесін шашқан алғашқы қарлығыштар-Алма Оразбаева, Мәдина Бегалиева, Мүбина Ниязова, Шолпан Иманбаева сияқты қазақ халқының мақтанышына айналғандардың қатарында көпшілікке белгісіз себептермен аты аталмай, халықтың жүрегінен өзінің лайықты орнын ала-алмай келген алғашқы педагог-ғалым, журналист-публицист қазақ қызы Нәзипа Құлжанова да бар еді.

Н.Құлжанова шығармашылығында ана мен бала тәрбиесі, ұрпақ тәрбиесі бір-бірімен тығыз байланысты қарастырылады. Сәбилер мен мектеп жасына дейінгі балалардың өсіп, жетілу заңдылықтарын мектепке дейінгі педагогика ғылымы зерттейді. Бұл ғылым баланың тәні мен жан дүниесі, гигиена мен педиатрия, эстетика мен әдеп, тіл білімі мен дене шынықтыру сияқты ғылымдармен тікелей байланыста қалыптасады. Нәзипа Құлжанованың көптеген еңбектері міне, осы мәселелерге арналған.

Мәдениетті елдің баласы қандай ортада, қандай тәрбие алуы керек деген сұрақ қойып, оған өзі жауап береді. Тәрбие жұмысын жүргізетін арнаулы мекемелердің, оларда жұмыс істейтін маман-кадрлардың қажеттігін саралап түсіндіріп, үлкен мәселе етіп қояды[1].

«Мектептен бұрынғы тәрбие»-деген еңбегінде А.Байтұрсынов: «Бала тәрбиесіндегі негізгі мақсат-баланың бетін жасынан түзеп, дұрыс білім, жақсы әдет, көркем мінез, таза қылық үйрету. Мұны істеуге үлкендердің қалпындағы тұрмыс, үй-күйі үйлесе қоймайды. Сондықтан бала қалыпқа лайық үй-күй жасау үшін Нәзипа жолдастың кітабында айтылған сынға қатысты бала тәрбиелейтін түрлі үйлер жасалады. Ондағы үйлер қазақ ішінде жоқ. Қазақ балалары үшін жасалған кейбір шаһарларда «бала үйі» бар болса, олар әуелі аз, екінші, ол үйлерде бұл күнде көңілдегідей тәрбие жоқ. Олай болуының себебі-бала табиғатын жақсы біліп, балаларды жақсы баулырлық бала үйлерінде қазақтан кісі жоқ. Басқалар бала табиғатын жақсы білгенмен, баланың тілін білмеген соң, бала баулуына керек істердің көбін істей алмайды»-деп дабыл қағайды[2]. Қазақ зиялыларының бұлай дабыл қағуы да тегін емес еді.

Нәзипа Құлжанова-ұлттық педагогика ғылымының қалыптасуы мен дамуына салмақты үлес қосқан салиқалы, зерделі зерттеуші.

Бұған «Мектептегі бұрынғы тәрбие» туындысы толық дәлел. Баланы қалайша тәрбиелеп өсіруді, табиғи қалпын бұзбай, мінсіз баулуды, ортасының әсер-ықпалын, қалайша дұрыс, жатық сөйлеуін, көркем мінез, келісті әдет дарыту, икем-бейімін арттыру, баланың саулығы, сезім мүшелерінің ақаусыз дамуы, жаратылыс дүниесін еркін қызықтауы, зейін-зердесінің тәрбиесі жан-жақты, терең, әсерлі баяндалады.

«Бала өне бойы еркін ұнатқан нәрселерін шұқылап отырып, бұрап сындырып, мүшелеп әбден танып, қайта салыстырып, соны өзі жасамақ болады, хәм жасайды да. Бұл баланың тағы бір артықша қасиеті, зерттеп тану құмарлығы. Бұл-жан-жақтағы жайнаған дүниені танытып, өзі де жасауға кірісу үшін жаратылыстың көкірегіне әуелден құйған құмарлығы.

Бұл қасиетін танымайтын надандар «Тиме!», «Сындырасың», «Шықпа жығыласың», «Таста, бүлдіресің», «Үстіңді былғайды», «Әрі жүр, басымды ауыртпа!» деп зарлауымен баланың алайын деп отырған қанша білімін тағы да тамырынан қияды.

«Бала ойнақшыған құлын-тайдай, желкілдеп еркін өскен қызғалдақ шөптей, кеңшілікті, еркіншілікті жақсы көреді. Жаратылыстың өз дүниесінде даланың кеңшілігінде, шалпылдап суына түсіп, жүгіріп, құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорй шалғын, тоғай арасында сайрандап жүріп өссе, көңілі де жан-тәні де бірдей тегіс өсіп, өркендемек. Біз қала баласын суық тастың ішіне қамап, жаратылыстың шыншыл, таза ертегідей құлпырған әдемі дүниесінен айырып, тірідей көміп, сөндіреміз»-деген лебіздерінде зор мағына бар екені даусыз.

«Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие неге керек?»-деп сұрақ қояды да, бұларға мынадай түйінді тұжырым жасайды.

1. Мектеп жасына толмаған бала не үйренеді?

Әрине, бала бақшасыз да мектепсіз де өсіп адам болады ғой. Бірақ бала бақшаның тәрбиесін көрмеген бала көп білімнен, көп жақсы әдеттерден құр қалады. Кейде сол білімдерге өмір бойы жете алмайды. Мектепке дейін бала оқымайды деу-зор қате. Мектептен бұрын үйренген білімдері кейін мектепте оқып білгендерінен гөрі маңызды болады. Мектептен бұрын баланың үйренетіні:

Қимыл мүшелерін дұрыс игере білу-жүру, жүгіру, қағып алу, өрмелеп жоғары шығу, секіру-осының бәріне ыңғайлануы.

Көру, есту, сезу, иіс білу-мұның бәрін түзу, анық әрі нәзік білу.

Сөйлеу-яғни сөз бен сөзді байланыстырып, сөзін, өзінің ойын, талабын, көңіл сезімдерін басқаға жеткізу.

Ойлай білу-яғни сырттан алып, ойға тоқыған заттарды салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын тауып, әр нәрсе туралы өзінің ойын айтып, бір пікір шығару.

Ойға тоқығанды және оған көзқарасын жарыққа шығару (ойынмен, суретпен, әңгімемен).

Өз еркін өзі билеуде бір мақсатқа жетпек болып және басқалар үшін өз тілегін тежей білу.

Таза, жинақы, шыншыл болу, жақсылыққа алғыс айта білу, әрі әдепті болу.

Басқалармен бірігіп, әрі аздап жеке де еңбек қыла білу. Бұнымен үйренетін өнер-білімнің бәрі түгелдене қойған жоқ. Бала бақшасыз өзімен-өзі өсіп жетуі үшін баланың төңірегіндегі араласқан балалар, үлгі алатын үлкендер, тамақ, т.б. сол сияқты толық адам болуға қажет шарттар түгел болып тұру керек. Біздің мектеп жасына толмаған балаларымыздың қазіргі уақыттағы тұрмыс шарттары баланың өсіп ілгерілеуіне жайлы бола ма екен? Енді осы сауалға жауап берейік.

Нәзипа Құлжанова сындарлы пікірлерін, тұрлаулы тұжырымдарын, түйінді қорытындыларын тамылжыған, өрнекті кестелі тілмен жеткізеді.

Н.Құлжанованың осынау қабырғалы шығармасының танымдық, тәрбиелік, тағылымдық мәні мейлінше терең. Оның дүниетаным дәрежесі, ой-өрісінің кеңдігі әлемдік ғылымнан мол хабардарлығы жарқырап көрінеді[2].

Ең алғашқы тәрбие мен білімнің алғашқы баспалдағы балабақша десек, балаларға тәрбие мен білім беруде олардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамыту жолында тәрбиешілер зор жауапкершілік жүгін арқалай отырып қызмет етуі тиіс. Бала тәрбиелеу ісіндегі әрбір тәрбиеші өзінің басты бағыт-бағдары ретінде Нәзипа Құлжанованың еңбектерін басты оқу құралы ретінде алса жас буын ұрпақты тәрбиелеуде еш қателеспес еді деп ойлаймын. Балалар –еліміздің ертеңі, болашағымыз. Болашағымыз жарқын болуы жолында мектепке дейінгі үздіксіз тәрбиемен, біліммен қамту өзіміздің басты мақсаттарымыздың бірі екенін мақтана айта аламын.

#### **Әдебиеттер: тізімі:**

1. Нәзипа Құлжанованың өмірі мен шығармашылығы туралы. Рахима Сыздықова, филология ғылымдарының кандидаты. 1993ж
2. Нәзипа Құлжанова шығармалары. (Мақалалар, очерктер, Педагогикалық ой-пайымдар).
3. Білімнің шырағы, сәлулықтың шынары. Серік Негимов. Г Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.
4. Мектептен бұрынғы тәрбие. А.Байтұрсынов (Орынбор,1923 жыл 30 сентябрь).

### **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ПЕДАГОГИКАНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ӨМІРШЕҢДІГІ**

Сейтбекова Ақерке Жаңбырханқызы

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің студенті

Жетекшісі: п.ғ.м., Издибаева Дариға Мұратовна

Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Қостанай өңірінен шығып,есімі бүкіл қазақ еліне танылған аяулы қыздарымыздың бірі - Нәзипа Құлжанова Сегізбайқызы.

Нәзипа Құлжанованың мамандығы-мұғалім. Оның есімі-педагог, қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист, этнограф, аудармашы ретінде қазақ тарихында мәңгілік қалды.

Құлжанова Нәзипа Сегізбайқызы 1887 жылы 27 шілдеде Қостанай облысының Жанкелдин ауданында дүниеге келген.Ол әуелде Торғайдағы орыс-қазақ мектебінде білім алып,1902 жылы Қостанай қаласындағы қыздар гимназиясын тәмамдаған.1903-1904 жылдары Торғайдағы училищеде мұғалімдік қызмет атқарған. Кейін Орынбор мұғалімдер семинариясын бітіріп, Мұхтар Әуезов білім алған Семей мұғалімдер семинариясында 1905-1920 жылдары ұстаздық етеді.

«Ардақты Нәзипа деген ханым,

Газет,журнал жүзінде жұртқа мәлім.

Оқыса сондай әйел шығар ед деп,

Оқығандар бағалар сөздің дәмін.

Неше күн қыдырсаң да таба алмассың,

Семейдің одан өтер адал жанын.

Ақ көңіл, мінезі онды, жүзі жарқын,

Ынтасы жеткізбекке әйел халқы» деп қазақтың атақты ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров жырға қосқан Нәзипа Құлжанова 20 ғасыр басындағы қазақ мәдениетінің тарихында ерекше із қалдырған тұлғалардың бірі.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында (1920 - 40 ж.ж.) Қазақстанда мектепке дейінгі мекемелер тұңғыш ашыла бастаған еді. 1930 жылдары бала бақша, балалар яслилерін ашу, сауатсыздар мектебін ашу сияқты күрделі де қиын мәселе болды. Оның себебі: біріншіден - мектепке дейінгі мекемелерді ашу үшін орасан мол қаржы керек болды (арнаулы үй, үй, жиһаз, оқу құрал-жабдығы, ыдыс-аяқ, ойыншықтар т.б. сатып алу қажет еді).

Екіншіден - балаларға арналған жиһаз, ойыншықтар шығаратын өндіріс орындары жоқ болатын. Сондықтан оларды шет елдерден қымбатқа сатып алуға тура келді. Үшіншіден - мектепке дейінгі мекемелерде қызмет ететін маман кадрлар жоқ еді. Оларды даярлайтын арнаулы оқу орындары болмады. Төртіншіден - мектепке дейінгі мекеме қызметкерлеріне қажетті оқу-әдістемелік құралдар мүлде жоқ еді.

Н.Құлжанова А.Байтұрсыновтың ұстаздық үлгісінен нәр алған адам. Ол өзі педагогикалық екі еңбек жазды. Оның бірі «Мектептен бұрынғы тәрбие» деп аталса, екіншісі, «Ана мен бала» деп аталады.

Нәзипа Құлжанова 1923 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жайлы «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабын жазған. Бұл Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырысымен жазылған алғашқы авторлық туынды [1, 112 б.].

Аталмыш кітапқа алғысөз жазған қазақ халқының ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы былай деген: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер – білім даярлау керек». Автордың бұл еңбегі мынадай тараудардан тұрады :

1. «Күллі жер жүзінде».
2. «Мектеп жасына толмаған бала».
3. «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие не керек?».
4. «Мектептен бұрынғы тәрбиенің Россиядағы түрі».
5. «Бала бақшасы деген не?»

Сол кездің өзінде шет елдердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарын зерделеу жүргізілгендігін осы кітаптың мазмұнынан айқын көруімізге болады. Мысалға, «Күллі жер жүзінде» атты алғашқы тарауында дүние жүзін мекен еткен Автор дамыған елдердегі бала бақшалардың мән-жағдайын көрсетіп баяндай келе, қазақ тұрмысында бала бақшаның болашақ ұрпақты тәрбиелеуде зор қызмет атқаратындығына зор сеніммен қарайды.

Сонымен қатар, Италия балабақшаларының балаларға арналған құрал-жабдықтармен талапқа сай қамтамасыз етілгендіктерін, Швейцарияның Цюрих қаласындағы тастан жасалған мектептің бір жағында мектепке жасы толмаған балалардың үйі бар екендігін және оның балалардың жас шамасына сай құралдармен жабдықталғандықтарын бейнелейді.


Шотландиядағы Эдинбург қаласындағы балалар бақшасын өз алдына ерекше етіп көрсеткен. Ол жерде күнделікті, таңертең ашық далада балалар бастары қосылғанда, кешкісін үйлеріне қайтарда бір-біріне «Амандық өлеңдерін» айтады дейді.

Н. Құлжанова Европа елдеріндегі балалар бақшаларының өмірін үлгі ете отырып, күншығыстағы Жапония мемлекетіндегі балалар тірлігін де әңгімелейді.

Автор бұл еңбегінде ең бастысы бірігіп ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа, реттілікке, ұйымшылдыққа баулу, балалардың ойына, жас межесіне, қабылдау ерекшеліктеріне барлық жұмысты бағындыру, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау, өлең айту, сурет салу тағы басқа өнерлерін дамыту мәселелеріне көңіл бөледі. Болашақтағы қазақ балалар бақшасы сондай болса екен деп армандайды. [2, 630 б.].

Нәзипа Сегізбайқызы мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде оның жас ерекшеліктеріне назар аудару қажеттігін нақты мысалдармен түсіндірген. Ол баланың қалыппен дамуы үшін оған айтылатын сөз де, көрсетілетін қимыл да, үйретілетін тағылым да шамадан тыс көп болмау керек және тым ауыр болмауы ескерілуі шарт дейді. Мөлшерден артық тапсырмалар баланың дамуына кері әсерін тигізуі мүмкіндігін және баланың дамуы үнемі дәрігер мен педагогтың бақылауында болуы қажет дейді. Сол кездің өзінде оқымысты ғалымдардың үш жасар баланы зерттеу объектісі етіп алғандығын мысал етеді. Үш жастағы баланың даму ерекшелігін, білімге, зерттеуге, құпия ашуға құмарлығын мәлімдейді. Назипа Құлжанова баланың бойындағы білуге, тануға, ұғынуға, көруге, байқауға, өзінше қайталауға әуестігін тыйып тастамау керектігін, оларды бағыттап, алдында тұрған сауалдарды бірігіп шешуге ұмтылу қажеттігін, бала мүмкіндігіне қарай тұқым қуалаған мінездің әртүрлі құбылуын дәлелдеп көрсеткен. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке баруға дайындауды, оларға «Мен» түсінігін қалыптастыруды және де жас шамаларына байланысты даму деңгей ерекшеліктерін ғылыми түрде негіздеген. Сонымен қатар, балаларды мектепке толыққанды дайындау мәселелері бойынша қойылған сауалдарды жауапсыз қалдырмаған, ғылыми тұрғыда негіздеп берген.

Н.Құлжанова баланың санасын оятып, қиялын өсірудегі ойыншықтардың тәрбиелік рөліне ерекше мән береді. «Ойын баланың қиялын өсіреді. Ойнай білу дегеніміз, ойлай білуге үйрету» дейді.



Н.Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабы 1923 жылы жарық көргендігіне қарамастан, өзінің құндылығын, теориялық, тәжірибелік маңызын жоймаған, бүгінгі күні де көкейкестілігін жоғалтпаған дүние.

Кейінгі ұрпақтарға қалдырған өшпес мұраларының бірі - «Ана мен Бала тәрбиесі» - педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне арналған анықтамалық, қойын кітапшасы, әдістемелік нұсқау сияқты күнделікті керекті тауып алуға мүмкіндік туғызатын кітап. Бұл кітап 1927 жылы 5000 данамен Қызылорда қаласында басылып шығарылды. [3, 352 б.].

Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегінің құндылығы біріншіден, оның Қазақстан топырағында тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуымен ерекшеленсе, екіншіден Н.Құлжанова мектепке дейінгі педагогиканы биология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастырады, үшіншіден - ол қазақ этнопедагогикасын әлем елдерінің этнопедагогикасымен үндестіре білді, төртіншіден - Н.Құлжанованың еңбектерінде қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысы, сол уақыттағы ауыл мен қала өмірінің шындығынан алынған нақты көріністер айқын байқалады.

Н.Құлжанованың аса құнттап қараған мәселесі мектеп жасына толмаған баланы тәрбиелеу проблемасы. Адамзатты ғасырлар бойы толғанып келе жатқан жас буынның қалыптасуы, бүлдіршіндердің дені сау, жаны сау азамат болуы қай ғалымды, қай ойшылды немқұрайлы қалдыра алмады. Нәзипа Сегізбайқызы мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде оның жас ерекшеліктеріне назар аудару қажеттігін нақты мысалдармен түсіндірді.

Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие неге керек? Осы қажет пе? Емін-еркін ойын баласына айналып мектеп табалдырығын аттаған соң да білім-ғылымды үйреніп алмай ма? Осындай сауалдар әркімнің көңіліне ұялауы мүмкін. Келер ұрпақтардың тағдыры, оның тәрбиесі ұлттың зор қазынасы екендігін ұққан Н.Құлжанова. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиесін ғылыми негізге қойып, осы бір саланың теориялық мәселелеріне тыңға түрен салғандай жанкешті еңбекпен шұғылданды.

Н.Құлжанова 20 ғасыр басындағы орыстың көрнекті педагог-ғалымының мектепке дейінгі тәрбиеге байланысты көптеген еңбектерінен маңызды-маңызды тұстарын бағдарда ұстап, қазақ қоғамындағы ағартушылық идеяларын, тәрбиенің ең бір түйінді саласын әліппелік жаңалық дәрежесінде оқырманға ұсынды. Әліппелік жаңалықтардың басын біріктіріп, бір түйінге жинақтай келе, қазақ ағартушылық ойы мен педагогика тарихында мектепке дейінгі тәрбиенің іргетасын қалыптастыруға көп көмегін тигізді. [4, 193 б.].

Нәзипа Құлжанова – атқарып кеткен тарихи-этнографиялық, мәдени-ағартушылық, ұстаздық, журналистік еңбегімен аса биік бағаға лайық тұлға. 1934 жылы небәрі 47 жаста жарық дүниемен қош айтысқан қайраткер қазақ қызының өмірі де, сол қысқа өміріндегі тарам-тарам бағыттағы сан салалы қызметі де ұмытылмайды. Н.Құлжанованың өмірі мен қызметі, мұрасы тереңірек зерттеуді қажет етеді. Оның журналистік, аудармашылық қырын ашу келешектің еншісінде деп сенеміз. Қазақтың қайсар, қайраткер қызының ғибратты ғұмыры, тағылымды мұрасы жастарға аманат.

## Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова Л. Қарлығаш қаламдастар [Мәтін] / Ахметова Л. - Алматы : Қазақ университеті, 1993.
2. Жарықбаев Қ Жантану оқулығы [Мәтін] / Жарықбаев Қ. - Алматы : Дарын, 2008.
3. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ тәлім-тәрбиесі [Мәтін] : Қазақ ұлттық педагогикасы мен ұлттық психологиясының тарихы. Оқу құралы / Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.К. - Алматы : Санат, 1995.
4. .Кәрібжанова Г.А. «Нәзіпа Құлжанова» - Семей, 2012.

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАҒАН ТҰҢҒЫШ ПЕДАГОГ – НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА

Сембекова Кызгалдақ Жанабаевна  
Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжінің оқытушысы  
Жамбыл облысы, Тараз қаласы

Қазақ қыздарының арасында ХХ ғасырдың басында оқу-өнерге талпынғандары аз болмаған. Олар өздері сауат ашысымен халық ағарту ісіне араласып, алған білімдерін елге таратушылар болды. Көбінің мамандығы мұғалімдік еді. Олар бала оқытып, қазақ әйелдерін біліммен қарулануға, қоғамдық істерге араласып, қараңғы халықтың көкірек-көзін ашуға шақырып отырды. Өздері де мұғалімдіктен кейін түрлі мамандықтарды игерумен ғана шектелмей, бар өмірлерін ел тағдырына арнаған абзал жандар болды.

Сол кездегі қазақ қыздарының арасынан суырылып шығып, өз халқына өнер, мәдениет, білім сәулесін шашқан алғашқы қарлығаштардың бірі – Нәзіпа Құлжанова еді.

Құлжанова Нәзіпа Сегізбайқызы (1887-1934), педагог-оқымысты, журналист, жазушы, аудармашы, қайраткер. ХХ ғасырдың басында өз халқын білімге, мәдениетке шақырып, жаңалықтың жаршысы болған халқымыздың көрнекті ағартушысы, алғашқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш педагог, этнограф, журналист-публицист.

Н.Құлжанованың белсене араласуымен 1920 жылдардың өзінде-ақ мектепке дейінгі қазақ педагогика ғылымының іргетасы қалана бастады. Мәселен, 1924 жылы Орынборда «Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу» атты педагогикалық жинақ, нұсқау кітабы жарық көрді. Кейіннен «Әйел теңдігі» журналында осы ізгілікті іс әрмен қарай жалғастырылды. Журнал беттерінде қазақ балабақшаларының озат тәжірибелері, онда жүргізіліп жатқан түрлі тәрбие жұмыстарының жай-жапсары, мақсат міндеттері жайында көптеген мақалалары жарияланды. Осы журналдың мектепке дейінгі тәрбие білімін басқара жүріп, көшпелі қазақ елінде бұрын-соңды болмаған бала тәрбиесінің жаңа түрін аяғынан тұрғызуға себепші болды. Нәзіпа Құлжанованың тәлім-тәрбиелік пікірлері медицина ғылымымен де сабақтасып жатады. Бұны автордың «Бала күтімі», «Баланың өміріне күн сәулесі мен таза ауа аса қажет», «Баланың аурулары», т.б. мақалаларынан жақсы байқалады. Автор тәрбиені бала жөргегінен бастауды ұсына келіп, өзі түйіндеген тұжырымның түп негізі етіп: «Тәні саудың- жаны сау» дейтін халық даналығын алады. Н.Сағызбайқызының еңбектерінің қайсысынан болса да, оның ағарту, халыққа қызмет ету борышы, гуманистік ойлары бір-бірімен тұтастықта, диалектикалық бірлікте көрінетінін аңғаруға болады. Н.Құлжанова А.Байтұрсыновтың ұстаздық үлгісінен нәр алған адам. Ол өзі педагогикалық екі еңбек жазды. Оның бірі «Мектептен бұрынғы тәрбие» (1923) деп аталса, екіншісі «Ана мен бала» (1927) деп аталады. Н.Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты еңбегіне А.Байтұрсынов кіріспе сөз жазып, бұл еңбектің «Қазақстан топырағындағы жаңа тақырыпқа арналған тың туынды» деп жоғары баға береді.

Нәзіпа Құлжанованың 1927 жылы Қызылордада басылып шыққан «Ана мен бала тәрбиесі» деп аталатын кітапшасы. Шығарманың көлемі шағын, ал ішінде үлкен мән мен мазмұн жатыр. Баланың дені сау азамат болып өсуіне ол тұмас бұрын-ақ қажетті жағдай жасайтын қоғам дей келіп, әйел-ананың отбасы тіршілігіндегі жауаптылығын сезінуі, ол үшін әйел ананың сауатын ашып, әркез оқып, іздену үстінде жүруі, өмір легінен қалыспауға тырысуы керектігін ескертеді. Автор бала тәрбиесін екі жағдайда сабақтастыра қарайды. Алғашқысы - отбасында ата-ананың беделін сақтаудан туса, кейінгісі-бала тәрбиесінің жан-жақтылығын қадағалайтын әрекеттер. Отбасындағы бірлік, татулық, ананың денсаулығы, рухани дүниесінің кеңдігі, бала тәрбиесіне тікелей әсер ететін жағдайлар деп санайды. Сондықтан дәреке ер адамдардың әрекеттерінен, анаға деген феодалдық көзқарастарынан, әйелдің өз міндетіне салақ қарайтын жалқау, еріншек, жағымсыз қылықтарынан жирендіре, оларды жағымды да сүйкімді мінез-құлықтарымен салыстыра екшеп, ойлануға жетелейді. Н.Құлжанованың ұстаздық-тәлімгерлік талғамын таныта түскен еңбегінің алғашқысы 1923 жылы Орынборда шыққан «Мектептен бұрынғы тәрбие» еді. Кеңес үкіметінің алғашқы кезеңдерінде бала тәрбиелеудің қажетті міндеттері және оны іске асырудың жолдары әлде де болса айқындала қоймаған, мектеп жасына дейінгі балалармен тәрбие жұмыстарын жүргізетін қоғамдық орындар мен әдістемелік құралдар жоқтың қасы еді. Нәзіпа

Сағызбайқызының осынау тың жатқан істі зор міндет, басты проблема етіп алуы-оның батылдығы мен бала тәрбиесінің сан-салалы шараларын көрсете алатын білімділігінде. Автор бұл еңбегінде мектепке дейінгі тәрбиенің мазмұнын, мақсатын баяндай келіп, баланың қимыл – қозғалысына, сезім мүшелеріне, сөйлеу, ойлау, ерік-жігерін жетілдіру жолдарына тоқталады. Ол сондай-ақ ересектер мен сәби, бөбектер арасындағы қарым қатынасқа ерекше көңіл бөледі: «Балаға сусындай керегінің бірі-сөйлеу. Түрлі білімнің түбірі, негізі-баланың сөйлеуі, білуге құмарлығы. Сұрағына жауап бермей, «мазамды алма» деп, үнемі баланың бетін қайтару арқылы оның сол білуге деген құмарлығының негізін жоғалтып жіберуге болады», -дей келе, автор бала ойынының танып-білу құмарлығымен ұштасып жататындығын ескертеді.

Нәзипа Сегізбайқызы мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде оның жас ерекшеліктеріне назар аудару қажеттігін нақты мысалдармен түсіндірген. Ол баланың қалыппен дамуы үшін оған айтылатын сөз де, көрсетілетін қимыл да, үйретілетін тағылым да шамадан тыс көп болмау керек және тым ауыр болмауы ескерілуі шарт дейді. Мөлшерден артық тапсырмалар баланың дамуына кері әсерін тигізуі мүмкіндігін және баланың дамуы үнемі дәрігер мен педагогтың бақылауында болуы қажет дейді. Сол кездің өзінде оқымысты ғалымдардың үш жасар баланы зерттеу объектісі етіп алғандығын мысал етеді. Үш жастағы баланың даму ерекшелігін, білімге, зерттеуге, құпия ашуға құмарлығын мәлімдейді. Назипа Құлжанова баланың бойындағы білуге, тануға, ұғынуға, көруге, байқауға, өзінше қайталауға әуестігін тыйып тастамау керектігін, оларды бағыттап, алдында тұрған сауалдарды бірігіп шешуге ұмтылу қажеттігін, бала мүмкіндігіне қарай тұқым қуалаған мінездің әртүрлі құбылуын дәлелдеп көрсеткен. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке баруға дайындауды, оларға «Мен» түсінігін қалыптастыруды және де жас шамаларына байланысты даму деңгей ерекшеліктерін ғылыми түрде негіздеген. Сонымен қатар, балаларды мектепке толыққанды дайындау мәселелері бойынша қойылған сауалдарды жауапсыз қалдырмаған, ғылыми тұрғыда негіздеп берген.

Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттары «Тән саулығы, бала тәнінің түзу өсуі», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Нәрсенің түр-түсін тану», «Дене қимылын түзету», «Шеберлік, жаратқыштық зейінінің көтерілуі», «Баланың білімін арттыру», «Бала тілінің шеберленуі», «Баланы еңбекке машықтандыру», «Баланың әдемілік сезімін көтеру», «Баланың мейірімділік әдеттерін көтеру», «Көпшілік және еңбек», деп бұлардың әрқайсысын жеке-жеке қарастырып сипаттама береді. Автордың еңбектері бірнеше үлкен қалалардағы балалар үйлері мен балабақшалардың жай-күйлерін байқау, көңілге түйгендерін зерттей түсуінен туындаған. Ондағы жағдайларды оқырманның басқа мәдениетті елдердегі бала тәрбиесінен-суреттеп жазудағы мақсаты хабардар ету. Осы мақсатпен олардағы балалардың болашағына түзу, нысаналы бағыт беретін тәрбие жолдарын саралап, нақтылы көзге елестетеді, соларды көре жүріп, жұрт өзінде туындаған, осында, қазақ жерінде қолдануға меңзеген ой-түйіндерін жеткізеді.

Н.Құлжанова әр елдің бала бақшаларындағы ерекшеліктерді көре білген. Ең бастысы бірігіп ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа баулу, қабылдау ерекшеліктері, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау т.б. дамыту мәселелеріне көңіл бөлді. Н.Құлжанованың мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбектерінің құндылығы:

- біріншіден, оның Қазақстанда тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуымен ерекшеленсе;
- екіншіден, Н.Құлжанова мектепке дейінгі педагогиканы биология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастырылған;
- үшіншіден, Н.Құлжанова қазақ этнопедагогикасымен үндестіріп, үйлестіре білуінде;
- төртіншіден, Н.Құлжанованың еңбектерінде қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысының айқын берілуінде; Н.Құлжанованың 70-80 жыл бұрын жазылған мектепке дейінгі тәрбие мәселесі туралы еңбектері күні бүгінгі күнге дейін өзінің құндылығын жоймайтын, қазақ әулетінің жүрегіне жылы тиіп, қолдан түспейтін құнды еңбек. Осындай игілікті істің бел ортасында Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанова сияқты тұлғаның болуымен қатар тікелей ұстаздық қызметімен бірге теориялық, әдістеме тұрғысынан пайдалы істердің бастауында тұруы оның ұстаздық, ағартушылық қайраткерлік келбетінің бүгінгі ұрпақтың көз алдында асқақтата беретіндігі сөзсіз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Хакімжанова. М. Нәзипа Құлжанова Қазақ әдебиеті, 1967, 11 тамыз
2. Құлжанова Н. Мектептен бұрынғы тәрбие. Орынбор:1923 - 37 бет.
3. Құлжанова Н. «Ана мен бала тәрбиесі» Қызылорда:1927 – 117 бет.



## Н.ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕРІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Серикова Забира Байдаулетовна  
Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжінің  
«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»мамандығының оқытушысы  
педагог-мастер.  
Жамбыл облысы, Тараз қаласы

Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанова 1887 жылы 27 шілдеде Торғай қаласында дүниеге келген. Үлкен талант иесі Нәзипа 1902 жылы Қостанай қаласындағы орыс-қазақ гимназиясын тәмамдап, 1903-1904 жж. оқытушылар семинариясында ұстаздық қызмет еткен. 1920-1922 жж. Н. Құлжанова Ақмола қаласында мұғалім болды. Ол 1923 ж. Орынборда шыққан «Мектептен бұрынғы тәрбие», 1927 ж. Орынборда шыққан «Ана мен бала» кітабының авторы. Ол кітаптар бүгін де өзекті.

«Ана мен бала» кітабы ана болу және қазақ әйелінің педагогикалық білімі мәселелеріне арналды, ол кезде қазақ тілінде педагогикалық кітаптар болған жоқ.

Н. Құлжанова мектепке дейінгі мекемелерді ұйымдастырып, ашуға белсенді түрде қатысты. «Мектептен бұрынғы тәрбие» еңбегінде қазақ даласындағы мектепке дейінгі тәрбиенің негізгі міндеттері ашылған. Нәзипа Құлжанова қазақ педагогикасын дамытуға өлшеусіз үлес қосқан.

Қазақ қоғамы жағдайында жас ұрпақты тәрбиелеудің ғылыми астарлары әлі де болса айқындала қоймаған кезде Н.Құлжанованың осынау тың жатқан істі өзіне зор міндет, басты проблема етіп көтеруі – оның асқан батылдығы да, бала тәрбиесінің сан-салалы шараларын көрсете алатын біліктілігінде еді. Аталмыш еңбектерінде автор мектепке дейінгі балалар мекемелерінің тарихын, олардың отандық және шетелдік үлгілерін сөз етумен бірге қоғамдық ортадан тәрбие алатын баланың жас ерекшелігіне қарай, оның қоршаған ортасының ықпал-әсерінен туындайтын психологиялық өзгерістерді кеңінен баяндайды.

Ғалым-педагог баланың жан тәрбиесіне әр жас кезеңінде әртүрлі тәрбие беру керек екенін айта келіп, үш жасар баланың психологиясын былай сипаттайды: «Үш жасар бала бір тыным жоқ «басты қатырады» деп шешесі зарлайды. Үш жасар бала істі өзі орындағанды жақсы көреді. Өзім істеймін деп араласады. Сұрамайтын сөзі жоқ, неге бұлай? Ол өзі ұстап байқағанды жақсы көреді. Кісіні шаршатады. Ат болады, түйе болады. Шешесі болып ойнайды, тағы да басқа ойын дүниесіне кіріседі... Үш жасардың сөзінің түбі жоқ. Айтқанды тыңдауға, тынымсыз, сөзбен жағалас жүреді... Нәрсенің бәрін білгісі келеді... Тапқан заттарының бәрін ойын қылады... Ойын – оның шын тіршілігі... Төңіректегі нәрседен өзіне қызықты ғана көзіне түсіп, ықылас тартады...».

Н.Құлжанова қазақ отбасыларында мектепке дейінгі бала тәрбиесінде орын алып келе жатқан кейбір кемшіліктерді көрсетеді. «Жас балаға үлкендер тыныш отыруды бұйырады. Үйге қамап қояды. Шамасынан артық қызмет тапсырады. Қазақ қыздарын үйге отырғызып қояды. Балалар далаға шығып, басқалармен ойнағысы, қозы қуғысы келеді. Үлкендер өз еркімен жүргісі келген балаға зорлық жасайды... Баланың өзіне керегін істетпей, «адам болмайсың» деп ұялтады... Онан білгенінің көбіне көңіл бөлмейді... Бала ойнақтаған құлынтайдай, желкілдеген гүлдей өсуі керек». Қазақ баласының психологиялық ерекшеліктерін жазбай танитын ол ересектер мен бөбектер арасындағы қарым-қатынас мәселесіне айрықша мән береді. Бұл жөнінде ол былай дейді: «Балаға сусындай керегінің бірі – сөйлеу. Түрлі білімнің түбірі – баланың сөйлеуі, білуге құмарлығы. Сұрағына жауап бермей «мазамды алма» деп, үнемі баланың бетін қайтару арқылы оның сол білімге құмарлығының негізін жоғалтып жіберуге болады», – дей келе автор, бала ойыны тану, білу құмарлығымен ұштасып жататындығын ескертеді.

Н.Құлжанова баланы жас кезінде көбінде табиғат аясында бағып-қағудың тиімділігін айтады: «Жаратылыстың, – деп жазды ол, – өз дүниесінде, даланың кеңшілігінде шылпылдап суына түсіп, жүгіріп, құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын- шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көк- орай шалғын, тоғай арасында сайраңдап жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей тегіс өсіп, өркендемек». Ол осы пікірін әрмен қарай жалғастыра келіп: «Әрбір құлықты, жақсы адам мінезінің түпкі негізінде болатын еңбек ету, жан және дене мүшелерінің машықтары бала әдетіне төңіректің бәріне еліктегіш, тал-шыбықтай икемді, нәзік, жас кезінде кіріп, сіңіп қалады», – дейді автор. Ойын баласының мектеп жасына дейінгі бүкіл тыныс-тіршілігі, оның мектепте алар тәлімінің әзірлік сатысы болып табылатындықтан осы кезеңдегі тәлім- тәрбиеге ерекше мұқият қараудың маңыздылығына тоқталады.

Н. Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттарын «Тән саулығы», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Нәрсенің түр-түсін тану», «Дененің қимылын түзету», «Шеберлігін көтеру», «Баланың білімін арттыру», «Бала тілінің шеберленуі», «Еңбекке машықтандыру», «Әдемілік сезімін көтеру», «Мейірімділік әдеттерін көркейту», «Көпшілік және еңбек», т.б. осындай тақырыптардың психологиялық маңызы бар.

Ана мен бала тәрбиесі, әсіресе баланы мектепке тәрбиелеу жайындағы методикалық құралдар төл тілімізде әлі күнге дейін тапшылық етеді. Сондықтан да аталған еңбектер бұдан жарты ғасырдан астам бұрын жарық көрсе де, қазіргі кездегі мектепке дейінгі тәрбиенің өзекті мәселелері болып отыр. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру аясында биылғы 2021-2022 оқу жылына берілген әдістемелік нұсқау хатындағы негізгі бағыттарының бірі ретінде балаларды оқытуда

ұйымдастырылған оқу қызметтерін қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамытуды негізге алуды қарастырып отыр. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны таниды, психикалық процестері дамиды, психикалық қасиеттері қалыптасады.

Ғылыми салалардың өкілдерін ойын бойынша «өздерінің» аспектілері ғана қызықтырды, бірақ барлығы да «ойын – адамзат мәдениетінің ажырамас бөлігі» деген пікірге келіседі.

Қазіргі педагогикалық теорияда ойын мектепке дейінгі баланың қызметінің жетекші түрі ретінде қарастырылады. Ойынның жетекші қағидасы бала жұмсайтын уақыт мөлшерімен емес, оның негізгі талап-тілектерін қанағаттандыруымен анықталады; ойын аясында қызметтің басқа түрлері пайда болды және дамиды; ойын психикалық дамуына жоғары деңгейде мүмкіндік береді. Бұл қағидаларды қарастыралық. Ойында мектепке дейінгі баланың негізгі қажеттіліктері бой көрсетеді. Жоғарыда айтылып кеткендей, ең алдымен дербестікке ұмытылыс, ересектердің өміріне белсенді қатысу балаға тән. Баланың дамуына қарай олардың таныған әлемі кеңейеді, шынайы өмірде қол жетпейтін ересектердің қызметтеріне қатысуға деген ішкі қажеттіліктері туындайды. Бала ойында өзінің тәжірибесінде сақталған бейнелердегі ересектерге еліктеуге тырысып, өзіне рөлді алады. Бала ойнай отырып, өз бетімен әрекет етеді, өзінің тілек, ықыластарын, түсініктерін, сезімдерін еркін білдіреді. Баланы әрқашан оқытатын, қорғаштайтын (жүгірме, құлап қалма, қолыңды жу, ойыңнан шығара беруді қой) күнделікті өмірден айырмасы ойында бала барлығын жасай алады: кемеде жүзеді, космосқа ұшады, мектепте оқушыларға сабақ береді және т.б.[1]

### Әдебиеттер тізімі:

1. С.А.Козлова, Т.А.Куликова Мектепке дейінгі педагогика. Мәскеу. Академия.2015
2. Нәзипа Құлжанова [Электрондық ресурс] : [өмірбаян] // Уикипедия – ашық энциклопедиясы
3. .Ахметова Л. Нәзипа Құлжанова // Алғашқы қарлығаштар. Құрастырған Д.Дәуренбекова.-Алматы: Қазақстан, 1993.-17-29б.
4. Мағауина З. Қазақтың ардақты қызы // Семей таңы.-2007.-24 мамыр.
5. «Қазақстан мектебі» журналы, №10/2007, №1/2007, №2/2007.
6. «Мектеп» журналы, №11, 2009ж.
10. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат – Нұр-Сұлтан қ.2021ж.

## ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ А.БАЙТҰРСЫНОВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Серікбай Назым

Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда жоғарғы педагогикалық колледжі

Бастауыш оқу бөлімінің 1 курс студенті

Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

Ахмет Байтұрсынов - қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетінде Қазан революциясына дейін де, одан кейін де аянбай адал қызмет еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, тарихта орны айрықша зор тұлға. Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда, қазақ халқының “рухани көсемі” болған А.Байтұрсыновтың ұланғайыр еңбегі сан саладан көрінеді. 1910 жылдың 9 наурызында Уфадағы “Ғалия” медресесінде оқып жүрген қазақ жастарының, Мұхтар Әуезовтың сөзімен айтқанда, “қазақтың ерте оянған тобының “инициативасымен, елден қаржы жиналып, 1913 жылы “Қазақ” атты газет шығару ұйғарылды. Газеттің редакторлығына А.Байтұрсыновты қалайды. Сөйтіп ол 1913 жылдың басынан 1917 жылдың соңғы айларына дейін осы органның редакторы болып қыруар еңбек етеді. Орынборға келіп, А.Байтұрсынов 1917 жылдың соңына дейін сонда қызмет етті.

Ол-ең алдымен, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, әрі қарай қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш жұмсаған ағартушы қайраткер. Осы мақсатты орындау үстіне ол қазақ тілін, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын баяндап, талдап-танытқан зерттеуші әрі сол зерттеулерінің негізінде “Әліппе” мен тұңғыш ана тілі оқулықтарын жазған автор. Сонымен қатар А.Байтұрсынов – өз халқының саяси мәдени, рухани және әлеуметтік өмірінің сан саласына көз тігіп, тікелей араласқан ірі публицист, қоғам қайтаркері. А.Байтұрсынов – өнер иесі-ақын, қазақтың тілін ғана емес, әдебиетін де, мәдениетін де зерттеуші ғалым. Сондықтан Ахмет Байтұрсынов қалдырған мұра да әр тектес. Олар: көркем дүние-өлең жинақтары “Маса” мен “Қырық мысал”; әдебиеттану саласынан жазылған ғылыми еңбек-“Әдебиет танытқыш” ; қазақ тілін оқытып-үйретуге арналған оқулықтар мен хрестоматиялар; оқыту әдісіне арналған методикалық құралдар; оқу-ағарту проблемасын сөз ететін

мақалалар; графика мен терминология мәселелерін әңгімелейтін мақалалар мен баяндамалар, ұсыныстар мен жобалар; саяси-әлеуметтік тақырыпты қамтитын публицистика... Демек, А.Байтұрсыновтың бұл бай мұрасын бір текті басылым етіп ұсыну мүмкін емес. Сол себептен оның поэтикалық мұрасы өз алдында жеке ұсынылса, ”Әдебиет танытқыш” сияқты көлемді еңбегі бір кітап болып басылуы керек. Сондай-ақ публицистикасы түгелге жуық жиналса, ол материалдар да бір бөлек басылуы керек. Ал осылардың ішінде көлемі жағынан да, көзделген мақсаты жағынан да тіл мен оқу-ағартуға қатысты. Әзірге жиналған мәліметтерге қарағанда, А.Байтұрсыновтың өз қаламынан 10-16 кітап жарық көрген болса, солардың 11-12-сі тіл мен методикаға қатыстылары екен.

А.Байтұрсынов оқулықтарының бірнеше басылымы болғаны мәлім. Мұнда бұлардың бір басылымы ғана ұсынылды, тек “Тіл-құралдары” фонетикаға арналған I бөлімнің ең алғашқы 1914 жылғы және 1925 жылғы 5-басылымы салыстыру үшін қатар жіберілді. “Тіл-құралдың” 2-бөлімінің 1915 жылғы тұңғыш басылымы ұсынылып отыр. “Оқу құралы” мен “Тіл-құралдың”, “Баяншы” мен “Сауат ашқыштың” барлық жылдардағы басылымдары қолымызға түгел түспегендіктен, олардың арасындағы айырмашылықтар көрсетілген жоқ. Бұл-арнайы жүргізілетін келешектің ісі. Ал айырмашылықтар бар. Ол өзгерістер оқулықтардың құрылымынан гөрі, мазмұнында: талдауларда, терминдер мен жеке сөздердің қолданысында, иллюстративтік материалдарда кездеседі. Мысалы, осы кітапта ұсынылып отырған I-жылдық “Тіл құралдың” 1914 және 1925 жылғы басылымдарын салыстырып қарасақ, “Алғы сөздің” өзінде айырмашылық бар. “Кітаптың “Тіл-құрал” деген аты қандай жат көрінсе...” деп басталатын таныстыру ең алғашқы басылымдарда орын алса, 1925 жылғыда бұл жоқ, өйткені 1914-1925 жылдар арасында “Тіл-құралдың” аты да, заты да жоқ болып кеткен-ді. Сондай-ақ алғашқы басылымда автор әріп пен дыбыс деген атауларды ажыратпай, дауысты әріп, дауыссыз әріп деп қолданған болса, кейін дауысты, дауыссыз болатындар әріп емес, дыбыстар екенін түсінді, түзетеді. Дыбыстардың классификациясында да өзгешеліктер бар: 1914 жылғыда у мен й дыбыстары жарты дауыстылар деп көрсетілсе, 1925 жылы бұлар дауыссыздардың қатарында берілген немесе 1914 жылғы оқулықта ұяң дыбыстар деп ж,з,л,м,н,ң дыбыстарын көрсетсе 1925 жылы ұяң деп м,н,ң дыбыстарын атайды. Мұндай өзгерістер зерттеушінің іздену үстінде болғандығын көрсетеді.

Автордың екі кітабы әзірге Алматы, Москва, Ленинград, Уфа қалаларының кітапханаларынан табылмады Олар: “Нұсқаушы”, “Әліппе астары”. А.Байтұрсынов мұрасы араб жазуымен сақталғаны мәлім. Қазіргі қалың жұртшылық бұл жазуды оқи алмайтындықтан, ғалым мұрасы түгелімен қазіргі графикаға көшіріліп беріліп отыр. “Әліппе” оқулықтарындағы әріптерді немесе буындарды үйреткен тұстарында араб әріптерінің таңбалары жазылып, олардың осы күнгі баламасы жақша ішінде көрсетіліп отырды. Осы оқулықтардағы текстердің арабша жазылуы берілген жоқ. Графиканы сөз еткен мақалаларында да араб таңбалары көрсетілді.

Үстіміздегі ғасырдың 10-20-жылдарындағы қазақ әдеби тілінің лексикалық және орфографиялық нормаларында қазіргіден өзгеше түсетін тұстар бар. Мысалы, осы күнгі қолданысымызда сурет, дәреже және, өйткені, сөйткені, өйтіп, сөйтіп, қайтып, хат, халық, хабар, лақ, ру, рас түрінде жазылуы нормаға айналып қалыптасқан сөздер А.Байтұрсынов кітаптарында немесе сол кездегі баспасөз беттерінде сүгірет, даража, жана, үйткені, сүйткені, үйтіп, сүйтіп, қалық, қат, қабар, ұлақ, ұру, ырас вариантында жиі қолданылған. Бұл тұлғалар түпнұсқа бойынша жазылды. Сол сияқты енді бірқатар сөздер бірде мағына, бірде хәріф-қарып-хәріп түрінде екі-үш варианттан ұшырасады. Бұлардың да әр кітаптағы жазылу түрін сақталғанын ескертеміз. Бірге бөлек дефис арқылы жазылатын сөздердің бірқатары қажет жерлерінде түпнұсқадағы қалпын сақтап жазылды, ал көпшілігінде қазіргі жазу нормасымен жіберілді. Мысалы, әр қайсысы, алып сатар деп жазылған сөздер әрқайсы, алыпсатар деп қосылып жазылды. Сол сияқты араб жазуымен шыққан кітаптар мен газет-журналдарда екі түбірден жасалған адам, жер-су аттары көбінесе бөлек кейде дефис арқылы жазылған болып келеді, бұл кітапта жалқы есімдер түпнұсқада қалай жазылғанына қарамастан, осы күнгі емле нормасы бойынша бірігіп жазылды.

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынов-қазақ балаларының ана тіліне, сауат ашуына арналған алғашқы әліппелер мен қазақ тілі грамматикасын толық талқылайтын тұңғыш оқулықтардың авторы, қазақша сауат аштыру мен қазақ тілін пән ретінде оқыту әдістерін баяндайтын құралдардың да иесі. Байтұрсыновтай ұлы тұлға қазақ білімінің іргетасын қалаушы ғалым. Ыбырайдан кейінгі еңбегі ерекше ағартушы-педагог, сөз құрметін танытқан тамаша ақын, қазақ баспасөз тілінің ұлт үлгісін көрсеткен талантты публист, халқының рухани дүниесін көтеруге көп күш жұмсаған мәдениет қайраткері, совет үкіметіне адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Тіл тағылымы А.Байтұрсынов (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері)-Алматы, ”Ана тілі” 1992, 448б.
2. А.Байтұрсыновтың тіл танымдық мұрасы-Астана: ”Алашорда” Қоғамдық қры, 2017.-752

## НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА- АЛАШТЫҢ ҚАЙРАТКЕР ҚЫЗЫ

Тілеуғазинова Аяулым  
«М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК  
II курс студенті  
Жетекшісі: Кабимолдина Айгуль Кайрбековна  
Абай облысы, Семей қаласы

Назипа Құлжанова қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш мәдениет қайраткері, педагог, жазушы, журналист – публицист және аудармашы.

Қандай заман болса да, әр кезде қазақ халқы ақсақалдардың айтқан сөздеріне құлақ асқан. Мысалы, Абылай хан қалмақтардың тұтқынына түскенде Қазыбек би қонтайшы Қалдан-Сереннің бетіне тіке қарап, сөзін айтқан. Нәтижесінде Абылай ханды құтқарып алған.

Қазіргі кезде сөздің қадірін, бағасын білетін тұлғалар – қаламы ұшқыр, ойы өткір журналистер. Қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист – Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанова. Ол 1887 жылы 27 шілдеде Торғай қаласында дүниеге келген. Бұл уақытта қалада туылған қыздардың болашақ мүмкіндіктері ауыл өңірінде туып-өскен құрбылардың келешегіне қарағанда жақсы болған. Үлкен талант иесі Нәзипа 1902 жылы Қостанай қаласындағы орыс-қазақ гимназиясын тәмамдап, 1903-1904 жж. оқытушылар семинариясында ұстаз еткен. 1905-1920 жылдары Семей қаласындағы оқытушылар семинариясында ұстаздық еткен.

Қазақ қыздарының арасында тұңғыш рет Географиялық қоғамның мүшесі болған Нәзипа Құлжанова 1914 жылы 26 қаңтар күні Семей қаласында ұлы Абайдың қайтыс болғанына он жыл толуына орай әдебиет кешін ұйымдастырып, сол кеште орыс тілінде тамаша баяндама жасап шығады. Ақын Абайдың өлмес даңқының сыр-сипатына терең баға береді. Н. Құлжанова қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналистердің бірі ретінде танымал болып, сонымен бірге есімі педагог, ғалым, аудармашы ретінде де қазақ халқының тарихында мәңгілікке қалды. Ол екі тілде бірдей жүйректігімен де көзге түскен. Алғаш рет Абай өлеңдерінің орысша аудармасынан үзінділер оқиды. Бұл Нәзипа Құлжанованың ең басты тарихи еңбегі болып табылады.

Назипа Сегізбайқызы қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін, музыкалық фольклорын жинақтауға, қала өміріндегі маңызды мәдени –ағартушылық шаралардың жүзеге асуына ұйытқы болған. Дарынды Нәзипа ұлы Абайдың шығармашылығын жақсы көрген ,сондай-ақ, Абай шығармашылығын алғашқы насихаттаушылардың бірі. Шығыс әйелдері съезін ұйымдастырушылардың бірі. Оған мысал , Нәзипа Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңін орысшаға аударып таныстырады және 1915 жылы «Сибирский студент» журналының 3,4 сандарына бастырады. Ол өзінің мақалаларында әдебиет жайлы ойларын байқатып отырады.

1923 жылы Орынборда «Мектептен бұрынғы тәрбие», 1927 жылы Қызылордада «Ана мен бала тәрбиесі» атты кітаптары жарық көрген. 1925 -1929 жылдары «Әйел теңдігі», қазіргі «Қазақстан әйелдері» журналында жауапты хатшы қызметін атқарған.

Нәзипа Құлжанованың Совет өкіметі кезіндегі еңбегі, негізінен, әдеби-журналистикалық бағытта көрінді. Сара Есовамен бірге «Қызыл Қазақстан» журналында, «Әйел теңдігі» журналында, «Еңбекші қазақ», «Қазақ тілі» газеттерімен байланысты болып, әңгіме-очерктерін («Қайран қыз-ай», «Қадірлі Қайша» т.б.) жариялап тұрды.

Нәзипа Құлжанова Семей қаласында оқу-ағартушылық саласында елеулі еңбектер сіңірді, қазақ баспа сөзінде қызмет атқарады. «Қазақ», «Сарыарқа» және «Алаш» газеттерінде әйел мәселесіне байланысты мақалалар жариялайды.

Нәзипа Құлжанованың бала тәрбиесіне байланысты педагогикалық тұрғыда жазған бірнеше кітаптары бар. 1923 жылы «Мектепке дейінгі тәрбие» деген кітабы Орынборда 4000 дана тиражбен басылып шығыпты. 1927 жылы «Ана мен бала» атты ғылыми-педагогикалық еңбектер жазды. Ол аудармашылық өнермен де айналысты. Оның бұл саладағы сүбелі еңбектері ретінде Г.В.Короленконың «Күн тұтылғанда» және В.Лавреневтің «Қырық бірінші» атты повестерінің аудармасын атауға болалы. Нәзипаның өзі көркем проза саласында еңбек етіп, «Есіл қыз-ай», «Маржан» атты әңгімелер жазды. Сонымен бірге, Нәзипа қазақ әліппесін дайындаған маман ретінде белгілі.

Нәзипа Құлжанова 1930 жылдардың басында Мәскеуге барып Н.К.Крупскаямен кездесіп көптеген ақыл-кеңестер алады. 1929 жылы Нәзипа апай үйде отырып жұмыс істеуге мәжбүр болды. Мұрағат мәліметтерінің дерегінше, Құлжанованың денсаулығы нашарлап кетті. Бірақ ғалымның жағдайы жайында басқа пікір де бар. Яғни, Алашорданың қайраткерлерімен қарым-қатынас орнатып жүргендіктен, патша сақшыларының «назарына ілігеді». Әлі де еңбек етіп, көлемді туындылар жазбақ болған журналист, ағартушы Нәзипа Құлжанова 1934 жылы Алматы қаласында дүниеден өтеді.

Нәзипа Құлжанова өз дәуіріндегі саяси-әлеуметтік жайдан, экономикалық құрылыс қалпынан, медицина, педагогика ғылымдарының заман талабы алға тартып отырған міндеттерінен толық хабары бар білімді журналист, шебер педагог екенін айқын тани аламыз. Бүгінгі қолданылып отырған тәрбие түрлерінің алғашқы бастамасының негізін ана тілінде сөз етіп, түсіндіріп, жол көрсетіп кеткен – Нәзипа

Құлжанова. Нәзипа бүгін де еліне сол еңбегімен құнды. Сол еңбегімен ұмытылмайтын қадірлі қалпында есте сақталады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова Л. Нәзипа Құлжанова // Алғашқы қарлығаштар. Құрасырған Д.Дәуренбекова.-Алматы: Қазақстан, 1993.-17-29б.
2. Әділбекқызы Ж. Семей Орыс Географиялық қоғамы және қазақ зиялылары // Абай.-2004.-61-64б.
3. Қуантайұлы Н. Қазақтың алғашқы журналист қызы // Ертіс өңірі.-2003.-9 қазан.-29б.
4. Байжұманова Н. Ұлы ақынды ұлықтаған Нәзипа // Семей таңы.-2007.-30 тамыз.-3б.
5. Источник: <https://e-history.kz/kz/news/show/3080/>

### НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА ЕҢБЕКТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Төлеуова Толғанай Ерболқызы  
«М. О. Әуезов атындағы педагогикалық колледж» КМҚК оқытушысы  
Абай облысы, Семей қаласы

Нәзипа Құлжанова 1887 жылдың 27 шілдесінде Қостанай облысы, Жанкелді ауданында туып өскен. 1982 жылы Ленинградтағы Орталық Мемлекеттік архив деректері бойынша Торғай облысындағы бірден-бір оқу орны – Қостанайдағы орыс-қазақ әйелдер прогимназиясын бітірді (1898-1903).

1903-1904 жылдары Торғайдағы қыздар училищесін ойдағыдай аяқтап, біраз уақыт сол училищесіде көмекші мұғалім болып тағайындалады. 1905-1920 жылдары Семей қаласындағы оқытушылар семинариясында ұстаздық еткен.

Қазақ қыздарының арасында тұңғыш рет Географиялық қоғамның мүшесі болған Нәзипа Құлжанова 1914 жылы 26 қаңтар күні Семей қаласында ұлы Абайдың қайтыс болғанына он жыл толуына орай әдебиет кешін ұйымдастырып, сол кеште орыс тілінде тамаша баяндама жасап шығады. Ақын Абайдың өлмес даңқының сыр-сипатына терең баға береді. Алғаш рет Абай өлеңдерінің орысша аудармасынан үзінділер оқиды. Бұл Нәзипа Құлжанованың ең басты тарихи еңбегі болып табылады. Нәзипа Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңін орысшаға аударып таныстырады және 1915 жылы «Сибирский студент» журналының 3,4 сандарына бастырады. Ол өзінің мақалаларында әдебиет жайлы ойларын байқатып отырады. Өзінің «Қазақ» газетінің 1916 жылғы 164 санында «Әдебиетімізге көз салу» мақаласында Нәзипа «Қазақ әдебиеті болашақ дамуында орыс әдебиетінен үлгі алуға тиіс. Бұл мәселеде мен орыс, Европа әдебиетіне еру мақұлырақ болар деп шештім. Өйткені татарда – Тоқай, қазақта – Абай орыс әдебиетінің пікірлері, идеяларымен мәлім болады»-деп жазды. Дәл сол кез үшін оқыған қазақ әйелінің осындай пікір айтып, өзіндік ойын алға тартуы прогрестік іс еді.

Өлке тарихын зерттеуші Виктор Белослюдов Құлжанованың аудармаларына риза бола қарайды. Ол 1915 жылы «Сибирь студенті» журналындағы «Қазақ поэзиясы туралы» мақаласында «Біз, орыстар, Абай Құнанбаевты да, Ыбырай Алтынсаринді де білмейміз. Абай Құнанбаевтың төл шығармалары орыс тіліне аударылмады, әрі басылмады. Алтынсарин өлеңдерінің ішінде орыс тіліне аударылғанынан маған белгілісі біреу ғана. Ол – « Көктем». Ал Абай Құнанбаев өлеңдері ішінен белгілісі – «Желсіз түнде жарық ай». Бұл екі өлеңді де қазақ әйелі Нәзипа Құлжанова аударған» дейді.

Нәзипа Құлжанованың Совет өкіметі кезіндегі еңбегі, негізінен, әдеби-журналистикалық бағытта көрінді. Сара Есовамен бірге «Қызыл Қазақстан» журналында, «Әйел теңдігі» журналында, «Еңбекші қазақ», «Қазақ тілі» газеттерімен байланысты болып, әңгіме-очерктерін («Қайран қыз-ай», «Қадірлі Қайша» т.б.) жариялап тұрды.

Нәзипа Құлжанова Семей қаласында оқу-ағартушылық саласында елеулі еңбектер сiңiрдi, қазақ баспасөзінде қызмет атқарады. «Қазақ», «Сарыарқа» және «Алаш» газеттерінде әйел мәселесіне байланысты мақалалар жариялайды.

Ол Орыс Географиялық қоғамының мүшесі ретінде қазақ халқының тұрмыс-салт, әдет-ғұрыптарын, ауыз әдебиеті мен фольклорлық шығармаларын зерттеп, оларды кеңінен насихаттаумен айналысты.

1917 жылы Семей облыстық қазақ съезіне қатысып, оның төралқасы құрамына енеді. 1920 жылы Қырғыз АКСР Оқу ағарту комиссариатының қазақ тілінде оқулықтар, кітаптар шығару мен баспасөз істері жөніндегі комиссияның белді мүшесі болған. Осы қызметте жүріп, жана қазақ әліпбиін енгізу жөніндегі Орталық Комитеттің құрамына мүшелікке енген.

Нәзипа Құлжанованың бала тәрбиесіне байланысты педагогикалық тұрғыда жазған бірнеше кітаптары бар. 1923 жылы «Мектепке дейінгі тәрбие» деген кітабы Орынборда 4000 дана тиражбен басылып шығыпты. 1927 жылы «Ана мен бала» атты ғылыми-педагогикалық еңбектер жазды. Ол

аудармашылық өнермен де айналысты. Оның бұл саладағы сүбелі еңбектері ретінде Г.В.Короленконың «Күн тұтылғанда» және В.Лавреневтің «Қырық бірінші» атты повестерінің аудармасын атауға болалы. Нәзипаның өзі көркем проза саласында еңбек етіп, «Есіл қыз-ай», «Маржан» атты әңгімелер жазды.

Нәзипа Құлжанова 1930 жылдардың басында Мәскеуге барып Н.К.Крупскаямен кездесіп көптеген ақыл-кеңестер алады. Әлі де еңбек етіп, көлемді туындылар жазбақ болған журналист, ағартушы Нәзипа Құлжанова 1934 жылы Алматы қаласында дүниеден өтеді.

Нәзипа Құлжанова өз дәуіріндегі саяси-әлеуметтік жайдан, экономикалық құрылыс қалпынан, медицина, педагогика ғылымдарының заман талабы алға тартып отырған міндеттерінен толық хабары бар білімді журналист, шебер педагог екенін айқын тани аламыз. Бүгінгі қолданылып отырған тәрбие түрлерінің алғашқы бастамасының негізін ана тілінде сөз етіп, түсіндіріп, жол көрсетіп кеткен – Нәзипа Құлжанова. Нәзипа бүгін де еліне сол еңбегімен құнды. Сол еңбегімен ұмытылмайтын қадірлі қалпында есте сақталады.

Бүгінгі таңда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналуға. Дүниежүзінде білімнің әлеуметтік рөлі артып, адамның болашағы оның алған білім сапасының көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты болады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасы, әдістерін, технологиясын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген. Бұл білім мекемелерінің мұғаліміне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық нұсқаны кез келген үлгімен құруға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуға. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда. Атап айтқанда:

- Білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламасының нақтылауымен байи түсуде;
- Ақпараттық дәстүрлі әдістер ауызша және жазбаша, телефон немесе радио байланыс қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығыстырып орын беруде;
- Баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;

Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге жол ашуда. Осы тұрғыдан алғанда, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттердің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияларды пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан мұғалімнің біліктілігін көтеру мен шығармашылық педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгеруі маңызды.

Оқытуды демократияландыру, ізгілендіру арқылы экономикалық, әлеуметтік өзгерістерге бейімделе отырып, әлемдік өркениетке ұмтылған қоғамда танымдық қызығуы, біліктілігі жоғары, белсенді азамат тәрбиелеу талабы – бүгінгі таңдағы білім беру жүйесіне үлкен міндет жүктейді.

Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі – инновациялық технологияға сүйене отырып, оқушының бойында шығармашылық ойлауды, тұлғаның үйлесімді дамуына қолайлы жағдай туғызы нәтижесінде оның өзіндік мүмкіндіктерін жоспарлы пайдалана білуіне қол жеткізу арқылы тұлға біліктілігін қалыптастыру.

Білімді даралап-саралап берудің басты бағыттарының бірі дарынды, талантты жасөспірімдерді оқыту. Кейінгі кезде мұндай өзекті мәселеге әлемдік педагогикада қызығушылық бары байқалады. Соның бір айғағы-жоғары қабілетті Еуропалық ассоциация құрылды. Ассоциацияның басты мақсаты – дарынды балаларды зерттеу, қолдау және мадақтау. Мұндай саясат Қазақстанда жүріп жатыр. Ел президенті Н.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің балаларымыз біліктілігі жоғары мамандар болады. Оларға жағдай жасау керек» деген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Елбасының «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасы мен «Дарын», «Болашақ» бағдарламаларында, Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында оқушыларға нәтижеге бағытталған білім беру арқылы оның ресурстық мүмкіндіктері мен шығармашылық дағдыларын дамытуға қолайлы жағдай туғызу – ең негізгі міндеттер деп айқындалған. Қоғамдық дамудың қазіргі үрдісі әлемдік білім беру жүйесінің алдына жаңа әлеуметтік тапсырыс ретінде өз мақсатына іске асыру үшін өз іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған ақпараттарды орынды пайдалана білетін, түпті нәтижеге жету үшін әртүрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогіне түсе алатын білімді тұлғаны тәрбиелеу мәселелерін қойып отыр. Бұл мәселелерді оңтайлы шеше білу білім берудің әлемдік және ұлттық кеңістігіндегі іргелі проблема болып отыр. Оқу-тәрбие үрдісін білім беру тұрғысынан ұйымдастыруда жаңа технологиялар мен озат тәжірибелерге сүйене отырып тұлғаға бағдарланған білім беруде әлеуметтік-тұлғалық білімділікті өзектендіру арқылы оқу үрдісін өзгертуді зерттеу-педагогика ғылымында туындап отырған қазіргі негізгі міндеттердің бірі.

Білім беру тәсілдерін инновациялық технологиялар негізінде жетілдіру, оқыту мен тәрбиелеу ісін ізгілендіру, ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып даралап, саралап оқыту арқылы оқушыны

дамытуда білім, білік, дағдыны жетілдіруге негізделген білім беру педагогикада адамның өзін тануын және тұлғаның психикалық, физикалық саулығын қамтамасыз ету мәселелерін алға шығарып отыр.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова Л. Нәзипа Құлжанова // Алғашқы қарлығаштар. Құрасырған Д.Дәуренбекова.-Алматы: Қазақстан, 1993.-17-29б.
2. Әділбекқызы Ж. Семей Орыс Географиялық қоғамы және қазақ зиялылары // Абай.-2004.-61-64б.
3. Қуантайұлы Н. Қазақтың алғашқы журналист қызы // Ертіс өңірі.-2003.-9 қазан.-29б.
4. Байжұманова Н. Ұлы ақынды ұлықтаған Нәзипа // Семей таңы.-2007.-30 тамыз.-3б.
5. Мағауина З. Қазақтың ардақты қызы // Семей таңы.-2007.-24 мамыр.-3б.
6. «Қазақстан мектебі» журналы, №10/2007, №1/2007, №2/2007.
7. «Мектеп» журналы, №11, 2009ж.
8. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы.2008. 6-б.
9. Абай атындағы ҚазҰПУ, «Педагогика» журналы, №6 // Алматы, 2003ж.

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУ ҮРДІСІНДЕ Н.ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ РОЛІ

Тухтамурадова Арайлым Азаматовна  
Б. Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжінің  
білім алушысы  
Жетекшісі: Қанешова С.  
Қостанай облысы, Рудный қаласы

Елімізде мектепке дейінгі ғылым саласының қарыштап дамуында өзіндік қолтаңбасымен дараланған, көзі ашық, көкірегі ояу, ғылымға ден қойғандардың бірі Нәзипа Құлжанова Сегізбайқызы болды. Ол –ағартушы педагог, этнограф, журналист-аудармашы.

1887 жылы Торғай қаласында дүниеге келіп, сол қалада негізін Ыбырай Алтынсарин қалап кеткен қазақ-орыс мектебінде оқыды.

1902 жылы Қостанайдағы орыс-қазақ гимназиясын бітірген. 1903-04 ж. Торғайдағы қыздар училищесінде, 1905-20ж. Семей қаласындағы оқытушылар семинариясында ұстаздық еткен. 1913 ж. орыс география қоғамының Семей бөлімшесіне, «Аманат серіктестігі» ұйымына мүше болған. Ол үлкен танымдық мәні бар деген оймен көптеген әдеби-саздық және этнографиялық қайырымдылық кештерін өткізген. Атап айтқанда, орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің атынан 1914 ж. 26 қаңтарында Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай және 1915 ж 13 ақпанында Петроградтағы мұсылман ауруханасы мен мұқтаж қазақ шәкірттеріне қаржылай көмек көрсету мақсатында әдеби кештер ұйымдастырды. [1, 109 б.].

Нәзипаның әдеби-сазды қайырымдылық кештерін ұйымдастыру тәжірибесі ұлттық театр құрылуына баға жетпес үлес қосты. Өзі атқарған істерінде Нәзипа үнемі жастарды тәрбиелеу мен халықты мәдени сауаттандыру тақырыптарын қозғап отырды. [4, 1 б.].

«Қазақ», «Сарыарқа» және «Алаш» газеттеріне әйел мәселесіне байланысты мақалалар жариялады. 1917 ж. Семей облысы қазақ съезіне қатысып, оның торалқасы құрамына енді. 1920 ж. Қырғыз (қазақ) АҚСР Оқу-ағарту халық комиссариатының қазақ тілінде оқулықтар, кітаптар шығару мен баспасөз істері жөніндегі арнаулы комиссия құрамының мүшесі болған. Осы қызметте жүріп, жаңа қазақ әліпбиін енгізу жөніндегі ОҚ-нің құрамына мүшелікке енген.

1922 ж. «Еңбекші қазақ» газеті редакция алқасының мүшесі. 1923-1925 ж. «Қызыл Қазақстан», 1925-29 ж. «Әйел теңдігі» журналында жауапты қызметтер атқарған. «Мектептен бұрынғы тәрбие» (Орынбор,1923), «Ана мен бала тәрбиесі» (Қызылорда, 1927) әдістемелік кітаптарды шығарды. [1, 109 б.].

Негізінен орыс жазушыларының шығармаларын қазақшаға аударды. Атап айтқанда В.Г.Короленко мен Б.А.Лавреневтың кітаптарын аударды, бірақ кейде қазақшадан орысшаға да аударды (Б.Алтынсарин – «Көктем»).

Нәзипа қазақ және орыс халқы арасында Абайдың поэтикалық шығармашылығын алғаш насихаттаушы болды. Ол Абайдың «Махаббат туралы», «Желсіз түнде жарық ай» («Безветренная ночная луна») өлеңдерін орысшаға аударды. [4, 1 б.].

Қазақстанда алғаш көзі ашық қазақ әйелі ретінде, Нәзипа әйелдер қозғалысының дамуына үлкен үлес қосты, әйелдердің қоғамдағы ұстанымдарының белсенді болуын қолдап отырды. Нәзипа Бірінші Шығыс әйелдері съезінің ұйымдастырушылары қатарында болды. [4, 2 б.].

Ағартушы ұстаз, қоғам қайраткері Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанова 1934 жылы дүниеден озды. [2, 1 б.].

Н.Құлжанованың араласуымен сонау 20-жылдардың өзінде-ақ мектепке дейінгі қазақ педагогика ғылымының іргетасы қалана бастады. Мәселен, 1923 жылы Орынборда «Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу» атты педагогикалық жинақ, нұсқау кітабы жарық көрді. Кейіннен «Әйел теңдігі» журналында осы ізгілікті іс әрі қарай жалғастырылды. Журнал беттерінде қазақ балабақшаларының озық тәжірибелері, онда жүргізіліп жатқан түрлі тәрбие жұмыстарының жай-жапсары, мақсат-міндеттері жайында көптеген мақалалары жарияланды. Осы журналдың мектепке дейінгі тәрбие бөлімін басқарған Н.Құлжанова осынау көшпелі қазақ елінде бұрын-соңды болмаған бала тәрбиесінің жаңа түрін аяғынан тәй тұрғызуға себепші болды. Оның бұл еңбектері «Қазақ балалар педагогикасының алтын қорына қосылды». [4, 2 б.].

«Мектептен бұрынғы тәрбие» атты еңбегінің алғы сөзін халқымыздың көрнекті лингвист ғалымы, түркітанушы, ақын-публицист, ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов жазған болатын, бұл еңбекке «Қазақстан топырағындағы жаңа тақырыпқа арналған тың туынды» деп жоғары баға береді. [2, 2 б.].

Кеңес үкіметінің алғашқы кезеңдерінде бала тәрбиелеудің қажетті міндеттері және оны іске асырудың жолдары әлде де болса айқындала қоймаған, мектеп жасына дейінгі балалармен тәрбие жұмыстарын жүргізетін қоғамдық орындар мен әдістемелік құралдар жоқтың қасы еді. Н.Құлжанованың осынау тың жатқан істі өзіне зор міндет, басты проблема етіп алуы – оның батылдығы мен бала тәрбиесінің сан-салалы шарттарын көрсете алатын білімділігінде.

Аталмыш еңбектерінде автор мектепке дейінгі балалар мекемелерінің тарихын, олардың отандық және шет елдік үлгілерін сөз етумен бірге, қоғамдық ортадан тәрбие алатын баланың жас ерекшелігіне орай, оның қоршаған ортасының ықпал әсерінен туындайтын психологиялық өзгерістерді кеңінен баяндайды. Мәселен, бұл жөнінде автор былай дейді: «Ойын – оның шын тіршілігі...»

Үш жасар баланың бір нәрсені білуге құмарлығы соншалық, тіпті кейде ересектер оның сұрақтарынан шаршап қалады. Сонымен бірге ол күні бойы ойнай береді. Ол қолына не түссе, көзіне не көрінсе, сонымен ойнай береді. Бір ойыннан шаршаса, екіншісіне көшеді. Оның жаңа ситуациялар ойлап табу қабілеттеріне таңқалудан басқа ештеңе қалмайды. [3, 1 б.].

Төңіректегі нәрселерден өзіне қызықтысы ғана көзіне түсіп, ықыласын тартады және бір мінезі – сөйлеуге жалықпайды. Тынымсыз қимылының бәрі сөзімен жалғасып жүреді. Көрген нәрсесінің бәріне ықыласы жеңіл, тұрақсыз...». [2, 2 б.].

Автор мектепке дейінгі тәрбиенің мазмұнын, мақсатын баяндай келіп, баланың қимыл-қозғалысына, сезім мүшелеріне, сөйлеу, ойлау, ерік-жігерін жетілдіру жолдарына тоқталады. Ол сондай-ақ ересектер мен сәби, бөбектер арасындағы қарым-қатынасқа ерекше көңіл бөледі: «Балаға сусындай керегінің бірі – сөйлеу. Түрлі білімнің түбірі, негізі – баланың сөйлеуі, білуге құмарлығы. Сұрағына жауап бермей, «мазамды алма» деп баланың бетін қайтару арқылы оның сол білуге деген құмарлығының негізін жоғалтып жіберуге болады», - дей келе автор бала ойынының танып-білу құмарлығымен ұштасып жататындығын ескертеді. [2, 2 б.].

Н.Құлжанованың баланы жас кезінде көбінесе табиғат аясында тәрбиелеудің тиімділігін «Жаратылыстың, - деп жазды ол, -өз дүниесінде, даланың кеңшілінде шалпылдап суға түсіп, жүгіріп, құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын, тоғай арасында сайрандап жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей өсіп, өркендемек». Ол сын пікірін әрі қарай жалғастыра келіп: «әрбір құлықты, жақсы адам мінезінің түпкі негізінде болатын еңбек ету», көңіл және дене тазалығының машықтары бала әдетіне төңіректегінің бәріне еліктегіш, тал шыбықтай икемді, нәзік, жас кезінде кіріп, сіңіп қалады», - деп, автор ойын баласының мектеп жасына дейінгі тыныс тіршілігін, оның мектепте алар тәлімінің әзірлік сатысы болып табылатындықтан, осы кезеңдегі тәлім-тәрбиеге ерекше мұқият қараудың маңыздылығына тоқталады.

Баланы үйде, балабақшада еңбекке бейімдей тәрбиелеудің маңызы үлкен. Ол үшін әр бала бақша жанында биологиялық бұрыш, тәжірибе участогі болуы керек. Бала торғайды, қоянды, тотықұсты, кірпікшешенді, балықты өсіруді білсін, аулаға көкөніс, гүл отырғызып, оған су құюды үйренсін, саз балшықтан ойыншықтар жасап үйренсін.

Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттары «Тән саулығы», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Нәрсенің түр-түсін тану», «Дененің қимылын түзету», «Шеберлігін көтеру», «Баланың білімін арттыру», «Бала тілінің шеберленуі», «Еңбекке машықтандыру», «Әдемілік сезімін көтеру», «Көпшілік және еңбек» деп бұлардың әрқайсысын жеке-жеке қарастырып, сипаттама береді. [2, 2 б.].

Балабақшаның жұмыс жоспарлары мен бағдарламасы өзгеріссіз қалмауы тиіс. Туындаған жағдайларға сәйкес, қажет шаралар белгіленуі керек. Дегенмен, балабақша үшін ешқандай ереже немесе бағыттар болмайды екен деп ойламауымыз қажет. Мұның барлығы да бар, бірақ бұл жөнінде балалар білмеуі тиіс... [3, 1 б.].



Ана мен балаға байланысты Кеңес өкіметінің тиісті шаралары да ауқымды болатын. Ұстаз, журналист Н.С. Құлжанова 1923 жылы «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабын шығаруы сол кез үшін жаңалық, күтпеген оқиға болатын.

Атам қазақтың ертеден келе жатқан бала тәрбиесі мен ана мәселесіне қатысты ойларын есте сақтап, сол заманға лайық, тәжірибелік игі істерді санада ұстап, «Баланы жастан, келінді бастан тәрбиеле» дейтін нақылды жазу барысында ұран етіп ұстаған.

Оқулықта Н.Құлжанова қазақ тұрмысына әлемдегі дамыған елдердегі бала бақшалардың артықшылықтарын енгізсе, ұрпақ тәрбиелеуде зор үлесін тигізеді деп санаған. Бұл еңбегінде автор Италия мен Швейцарияның Цюрих қаласындағы бала бақшалары жөнінде жазған. Сонымен қатар Шотландияның Эдинбург қаласындағы балалар бақшасының өмірін өз алдына бөлектеп суреттеп жазды.

Н.Құлжанова әр елдің бала бақшаларындағы ерекшеліктерді көре білген. Ең бастысы бірігіп ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа баулу, қабылдау ерекшеліктері, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау т.б. дамыту мәселелеріне көңіл бөлді.

Н.Құлжанованың аса көңіл аударған мәселесі мектеп жасына толмаған баланы тәрбиелеу мәселесі. Ол мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде нақты мысалдар арқылы жас ерекшеліктеріне назар аударған.

Н.Құлжанова мектеп жасына дейінгі Ресейдегі балаларды тәрбиелейтін мекемелердің түр-түріне тоқтала келіп, олардың қазақ тұрмысына лайықтап енгізуді мақсат тұтады. Ресейдегі ата-анасынан айырылып қалған балаларға арналған «Жетімдер үйі» (приют), үш жасқа дейінгі балалар үшін ясли, жеті жасқа дейінгілерге «балалар бақшасын» қазақ жерінде ашу үшін ұлттық рух пен мінездің, қоршаған ортаның ерекшеліктерін есте сақтауды алғы шарт деп санайды.

Нәзипа Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабы нәрестенің өсіп, жетілуі, мектеп табалдырығын аттауға дайындау төңірегінде жаңа ойларды ұсынған алғашқы жаңалыққа толы еңбек.

Қорытып айтқанда, Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» оқулығы педагогика тарихының ірі – мектепке дейінгі тәрбие саласы бойынша сол жылдардағы қазақ әйелдері үшін арнайы теориялық және әдістемелік нұсқау ретінде маңызды қызметтер атқарды. Еңбек 1923 жарық көргеніне қарамастан, теориялық, тәжірибелік маңызын, өзінің құндылығын жоймаған, бүгінгі күні де көкейтестілігін жоғалтпаған дүние болып қала бермек. [4, 4 б.].

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Құлжанова Назипа «Қазақ энциклопедиясы» бас ред. Б.Аяған- Алматы «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 2004-696 бет.
2. <https://aqqat.kazgazeta.kz/news/8451> Серғазы Қалиұлы, профессор мақаласы Нәзипа Құлжанова – мектепке дейінгі педагогиканың негізін салушы ғалым, көрнекті ағартушы, қоғам қайраткері.
3. <http://midedu.ozin-ozu-tanu.kz/meeting/show/id/4404> Нәзипа Құлжанова – Мектепке дейінгі тәрбие (үзінділер).
4. [https://www.myuniversity.ru/Психология/Құлжанова\\_Нәзипа\\_1887](https://www.myuniversity.ru/Психология/Құлжанова_Нәзипа_1887).
5. [https://edudocs.info/nazipa-ljanova-ebekter-jne-azrg-pedagogikany-zekt-mseleler-konferenciya.html#google\\_vignette](https://edudocs.info/nazipa-ljanova-ebekter-jne-azrg-pedagogikany-zekt-mseleler-konferenciya.html#google_vignette) Назипа Құлжанова еңбектері және қазіргі педагогиканың өзекті мәселелері.

#### НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА – МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕНІҢ ЖАНАШЫРЫ

Үкібай Дильназ Аманғалиқызы  
Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжінің студенті  
Жетекші: Сембекова Кызгалдақ Жанабаевна  
Жамбыл облысы, Тараз қаласы

Педагог ғалым - Нәзипа Құлжанова (1887 жыл 26-ы шілде-1934 жыл наурыз) Жангелді ауданында Ы.Алтынсарин ашқан мектепте оқып, кейін Орынбордағы мұғалімдер семинариясын 1914 жылы үздік бағамен бітіріп шыққан. Нәзипа Орынбордағы мұғалімдер семинариясында (1907-1914) оқып білім алған. Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттарын «Тән саулығы», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Заттың түр-түсін ажыратуы», «Бала тілінің шеберлігі», «Баланы еңбекке дағдыландыру», «Баланың әдемілік сезімін ояту», «Бала ойындары мен ойыншығы», «Баланы көпшіл болуға баулу» деп жіктей келіп, осы мәселелердің әрқайсысының мән-мағынасын ашып талдайды. Нәзипа Құлжанованың мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегінің құндылығы – біріншіден, оның Қазақстан топырағындағы тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуымен ерекшеленсе, екіншіден, Н.Құлжанова мектепке дейінгі педагогиканы биология,

медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастырады, үшіншіден, ол қазақ этнопедагогикасын әлем елдерінің этнопедагогикасымен үндестіре зерттеді, төртіншіден, Н.Құлжанованың еңбектерінде Қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысы, сол уақыттағы ауыл мен қала өмірінің шындығынан алынған нақты көріністер айқын бедерленген. Ана мен бала тәрбиесі, әсіресе баланы мектепке дайындау жайында әдістемелік құралдар ана тілімізде күні бүгінге дейін тапшылық етуде. Олай болса, бұдан 94 жыл бұрын жазылған Нәзипа Құлжанованың еңбектері күні бүгінге дейін өзінің құндылығына қылау түсірмес аса құнды еңбек екені даусыз.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында өзінің тәлім-тәрбиелік ойларымен қазақ әйелдерінің арасынан әлеумет өмірінде алғаш көзге көрінген кісінің бірі – Нәзипа Құлжанова болды. Ол журналист-публицист, педагог-тәлімгер, екі тілде бірдей жазатын аудармашы. Шығыс еңбекші әйелдерінің I съезін ұйымдастырушылардың бірі, орыс жағрафия қоғамының Семей бөлімшесінің мүшесі еді.

Ол 1902 жылы Қостанайдағы қыздар гимназиясын бітірген соң Торғайдағы қыз балалар училищесіне мұғалімдікке тағайындалады. Н.Құлжанова 1904 жылдары Семей мұғалімдер семинариясына орналасып, сонда 1919 жылдарға дейін оқытушы болып істейді, 1920-22 жылдары Ақмолада әуелі мұғалім, кейіннен уездік комитетте жауапты қызмет атқарады, одан соң Орынборға шақырылып, 1923-25 жылдары “Қызыл Қазақстан” журналының хатшысы, ал 1925-29 жылдары республикалық “Еңбекші қазақ” газетінде редколлегия мүшелерінің бірі, “Әйел теңдігі” журналының бөлім меңгерушісі, кейіннен жауапты хатшысы қызметтерін атқарады.

Н.Құлжанованың белсене араласуымен 1924 жылы Орынборда “Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу” атты педагогикалық жинақ, нұсқау кітабы жарық көрді. Кейіннен “Әйел теңдігі” журналында осы ізгілікті іс әрмен қарай жалғастырылды. Журнал беттерінде қазақ бала бақшаларының озат тәжірибелері, онда жүргізіліп жатқан түрлі тәрбие жұмыстарының жай-жапсары, мақсат-міндеттері жайлы көптеген мақалалар жарияланды. Осы журналдың мектепке дейінгі тәрбие бөлімін басқарған Н.Құлжанова осынау көшпелі қазақ елінде бұрын-соңды болып көрмеген бала тәрбиесінің жаңа түрін аяғынан тәй тұрғызуға себепші болды.

Нәзипа Құлжанова 1923 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жайлы «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабын жазған. Бұл Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырысымен жазылған алғашқы авторлық туынды. Аталмыш кітапқа алғысөз жазған қазақ халқының ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы былай деген: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер – білім даярлау керек». Автордың бұл еңбегі мынадай тараудардан тұрады:

1. «Күллі жер жүзінде»
2. «Мектеп жасына толмаған бала»
3. «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие не керек?»
4. «Мектептен бұрынғы тәрбиенің Россиядағы түрі»
5. «Бала бақшасы деген не?»

Сол кездің өзінде шет елдердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарын зерделеу жүргізілгендігін осы кітаптың мазмұнынан айқын көруімізге болады. Мысалға, «Күллі жер жүзінде» атты алғашқы тарауында дүние жүзін мекен еткен автор дамыған елдердегі бала бақшалардың мән-жағдайын көрсетіп баяндай келе, қазақ тұрмысында бала бақшаның болашақ ұрпақты тәрбиелеуде зор қызмет атқаратындығына зор сеніммен қарайды. Сонымен қатар, Италия балабақшаларының балаларға арналған құрал-жабдықтармен талапқа сай қамтамасыз етілгендіктерін, Швецарияның Цюрих қаласындағы тастан жасалған мектептің бір жағында мектепке жасы толмаған балалардың үйі бар екендігін және оның балалардың жас шамасына сай құралдармен жабдықталғандықтарын бейнелейді. Шотландиядағы Эдинбург қаласындағы балалар бақшасын өз алдына ерекше етіп көрсеткен. Ол жерде күнделікті, таңертең ашық далада балалар бастары қосылғанда, кешкісін үйлеріне қайтарда бір-біріне «Амандық өлеңдерін» айтады дейді. Н. Құлжанова Европа елдеріндегі балалар бақшаларының өмірін үлгі ете отырып, күншығыстағы Жапония мемлекетіндегі балалар тірлігін де әңгімелейді. Автор бұл еңбегінде ең бастысы бірігіп ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа, реттілікке, ұйымшылдыққа баулу, балалардың ойына, жас межесіне, қабылдау ерекшеліктеріне барлық жұмысты бағындыру, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау, өлең айту, сурет салу тағы басқа өнерлерін дамыту мәселелеріне көңіл бөледі.

Н. Құлжанова мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде ойынның ерекше қызмет атқаратындығына айрықша көңіл бөліп былай деген: «Балаға керегі – ойын. Ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы ойын. Ойында бала көрген-білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып, бекітеді». Н.С. Құлжанованың ағартушылық, ұстаздық, қайраткерлік еңбегінің тағы бір ірі көрінісі 1927 жылы Қызылорда қаласында 5000 данамен басылып шыққан – «Ана мен бала тәрбиесі» кітабы. Бұл кітап педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық кітап ретінде ұсынылған. Нәзипа Сегізбайқызы дәрігерлік арнайы білімі жоқ болса да көптеген әдебиеттерді ақтара келе, бала мен ана денсаулығына қатысты пайдалы кеңестерді рет-ретімен оқушысына, қалың көпшілікке ұсынып, қазақ тарихында есімін қалдырған еліміздің көрнекті ұстазы.

Демек бүгінгі күні әлі де мәселеге айналып отырған балаға жас ерекшелігіне қарай тапсырма беру, баланы ойын арқылы сабаққа тарту, одан ешуақытта жылылық сезімін аямау, білуге құштарлығын сөндіріп алмау, әсіресе денсаулығын медициналық тексерістен өткізіп отыру сияқты өзекті тақырыптарды қамтиды.

Ұстаз, ағартушы қоғам қайраткері Нәзипа Құлжанованың көпсалалы, жан-жақты шығармашылық еңбегінің бір қыры журналистік жолға арналған. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің XX ғасыр басында қазақ баспасөзінің қанаты қатайып, қоғамдағы маңызды болуы ерекше құбылыстар қатарында. Құлжанованың қалам тартып жарияланған дүниелерінің басым көпшілігі әйел тағдыры, олардың жағдайы мен қоғамдағы орны сияқты өзекті мәселелерге арналған. Бұл топтағы алғашқы мақала «Октябрь төңкерісі және қазақ әйелі», «Қазақ әйелдеріне», «Жұма күнгі қазақ әйелдеріне кеңес», «Жалпы әйел мейрамы», т.б мақалалар.

Міне, Нәзипа Құлжанованың сөз еткен мақалалары мен көркем шығармалары артына елеулі мұра қалдырған қаламы ұшқыр журналист, әрі жазушы екендігін айқын дәлелдеп берді.

Нәзипа Құлжанова өз дәуіріндегі саяси-әлеуметтік жайдан, экономикалық құрылыс қалпынан, медицина, педагогика ғылымдарының заман талабы алға тартып отырған міндеттерінен толық хабары бар білімді журналист, шебер педагог екенін айқын тани аламыз. Бүгінгі қолданылып отырған тәрбие түрлерінің алғашқы бастамасының негізін ана тілінде сөз етіп, түсіндіріп, жол көрсетіп кеткен – Нәзипа Құлжанова. Нәзипа бүгін де еліне сол еңбегімен құнды. Сол еңбегімен ұмытылмайтын қадірлі қалпында есте сақталады.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Құлжанова Н. Мектептен бұрынғы тәрбие. Орынбор: 1923 - 37 бет.
2. Құлжанова Н. «Ана мен бала тәрбиесі» Қызылорда: 1927 – 117 бет.
3. Қойгелдиев М., Омарбеков Т., «Тарих тағылымы не дейді?» Алматы: Ана тілі,
4. Хакімжанова. М. Нәзипа Құлжанова Қазақ әдебиеті, 1967, 11 тамыз

## НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА АЛҒАШҚЫ ФЕМБИКЕ ЖАЗУШЫЛАРДЫҢ БІРІ

Үшқас Ақбота

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің

«БМ-42» тобының студенті

Ғылыми жетекші: Оралбаева Салтанат Усербаевна

Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Нәзипа Құлжанова – қаламы жүйрік журналист, талғамы биік жазушы. Ұстаз, ағартушы, географиялық қоғамның белсенді мүшесі болған Нәзипа Сегізбайқызы көп салалы, жан – жақты творчестволық еңбегінің бір қыры журналистік қызметінде көрініс табады.

Нәзипа Құлжанова XX ғасыр тұсындағы баспасөз ісіне тікелей араласып, қазақ елін ұйқыдан оянуына қалам қайратын жұмсады. Назар салып қарасаңыз, Ахмет Байтұрсынов – ұстаз, ағартушы, ақын, оқулықтардың авторы, аудармашы, Міржақып Дулатов – ақын, газет редакторы, қазақтың тұңғыш романын жазған адам, журналист, Жүсіпбек Аймауытов – жазушы, композитор, аудармашы, оқулықтар авторы. Бұл тізімді тоқтаусыз жалғастыра беруге болады. Ойланып тереңірек қараған сайын олардың талантына таң қалып, тәнті боламыз. Нәзипа Құлжанова да журналист ретінде қолына қалам алғанда абзал ағаларының өміршең үрдістерін жадында бекем ұстаса керек.

Баспасөз майданына араласқан әрбір адам жазған дүниелерімен қарапайым оқырманға бағыт сілтеуді, жол көрсетуді, мүмкіндігінше оқушысын ізгілікке баулуды мұрат тұтады. Осы бір қаламгерлік жолда Нәзипа Сегізбайқызы үнемі күрделі де іргелі мәселелерді көтеруді жүрегімен ұққан, сол бағытта оқырман көңілінен шығып, өнегелі, үлгілі сәттерді көрсетіп қалуды ескерген.

Н.Құлжанова есімін қазақ оқырманына алғаш таныстырған «Қазақ» газеті. «Қазақтың» 1914 жылғы 30- наурыздағы санында оның «Қазаққа» мақаласы жарық көрген. Нәзипа Сегізбайқызы «Қазақ» газетінің шыққанына бір жыл толуын қуана қуаттай келе үш мыңнан астам оқушысы бар басылымның атқарған істеріне баға беріп, атқарылмақ шаруалар төңірегінде ой қозғайды. «Қысқасын айтқанда, ойдағы, қырдағы, алыстағы, жақындағы, қазақтардың бастары құралып, пікірлері қозғалып, ақылдасып, сөйлесіп, кең даланың кеңесі құрылған сияқты болды. Жетісіне бір рет шығатын бір жасар жас «Қазақтың» бетінен осылардың бәріне орын табылды. Осылардың бәрі де – Ай мен Күндей, Алаш ұлына бірдей түсінікті ана тілмен сөйледі»/98/, - деп қуанады. Жаңа басталған іске қол қусырып қарап отырмай, қалам қайратымен бірге қаржылай көмек көрсетіп, газет шаруасының жандануына оң пиғыл танытады. «Ардақты жас «Қазақ»! Ұйықтағанды оятып, уланғанның бетін түртіп, мүдделі жөн көрсетіп, көсемдік

етіп, ұлтының таң жұлдызы –Шолпаны болсын деп тілеймін. Жаңа тума «Азамат серіктігі» алаш азаматтарының басын қосып, ұйымдық үлгісі болып «Қазақты» көркейтуге, сонымен бірге қазақ даласын, даланың күллі баласын, үрім-бұтақты көркейтуге себепкер болсын деп тілеймін!»- деп көтеріңкі көңілмен аяқтайды мақаласын.

Н.С.Құлжанованың баспасөзде жарияланған дүниелерінің басым бөлігі әйел тағдыры, оның хал-тұрмысы, қоғамдағы орны сияқты өзекті мәселелерге арналған. Бұл қатарда «Октябрь төңкерісі және қазақ әйелі», «Қазақ әйелдеріне», «Жұма күндері қазақ әйелдеріне кеңес», «Жалпы әйел мейрамы», «Көңілді түрде өтті», тағы басқа мақала, хабар, суреттемелерін атау ләзім.

Төңкерістен соң іле –шала жазылған дүниелерде уақыт таңбасы, саясат ықпалы айқын сезіледі. Қалай дегенде де оның алға қарап, алысты көздейтіні көрінеді.

Төңкерісті құбыжық етіп көрсетуге болмас. Тарихи әдебиеттерге қарап отырғанда төңкеріс төңірегінде бір қиырдан екінші қиырға соғып жататын пікірлер кездесіп қалғанымен ол тарих екені сөзсіз. Тарих дөңгелегін кері айналдыру мүмкін емес.

Бұл топтағы алғашқы мақала – «Октябрь төңкерісі және қазақ әйелі»/101/. Ірі саяси, әлеуметтік мәселелерді нысанға алған, көтерер жүгі ауқымды, айтар ойы салмақты еңбек. Өткен тарихқа ойлы көзімен үңіліп қазақ әйелінің бағзы уақыттардан ер азаматқа серік, ақылшы, қамқоршы болғандығына мән береді.

Мақала Қазан төңкерісінің бес жылдығына арналып жазылғандықтан патшалық заман мен төңкерістен кейінгі жердегі қазақ әйелінің жағдайы салыстырыла сөз етіледі.

«Патша заманындағы әйелдің жәйі бәрімізге де мәлім. Қыз баланың тәрбиесі шешесінің міндетінде, әкесінің онымен жұмысы жоқ. Қыз баланың дәуірі үйінен кеткенше ғана. Былайғы жерде өзі сияқты сорлы біреудің күні болатынына көзі жетіп, шеше байғұс сүйіп әлпештеп, қолынан келген білімін, өнерін үйретіп, ана жүрегінің бар қуатын соның тәрбиесіне салады, Өзі қараңғы, надан оқуды ол қайдан білсін? Қызы да надан болып қала береді»/101,24/, -дейді.

Патшалық Ресейдің боданына айналып кеткен қазақ жеріндегі трагедиялық сипаттағы ахуалды барынша сынаиды ағартушылық бағытты бекем ұстанған журналист. Қалың мал, көп әйел алу, әменгершілік сияқты әдеттерді өз әрекеттері жолында бүркемелеп, бұрмалайтын, әлгі аталған жәйттерді қазақтың ата заңына сәйкестірмекке бағытталған жосықты әшкерелейді.

Төңкерістен соң не өзгеріс байқалады. Ресей федеративтік республикасы заңдарының ізімен Қазақстан Орталық қызмет атқару комитеті (Қаз ЦИК) қалың малды жою, әйел үстіне әйел алуды тоқтату, ерлі –зайыптылардың қосылуы мен айырылуының ерікті болуы жөнінде заңдар шығарып, әйелдер тұрмысын түбірімен өзгертуге жол салды. «Қыздар әкесінің жастан айттырып қойған жеріне бармай, сүйгенімен кету ел ішінде аз емес, қазақтың бойжеткен, есі кірген қызын тоқалдыққа беру осы күні оңай болмай барады. Және мына жаңа заманнан хабары бар қыздардың оқуға ықыласы артқандығы байқалады»/101,29/, -деп іш тарта жазады.

Қазақ қызының өміріндегі өзгерістердің біртіндеп ілгершіл сипатқа түсіп келе жатуын жақсылықтың хабаршысындай санайды. Қоғамдық өмірде қазақ қызына жаңа көзқарас қалыптаса бастағанымен шешуін таппаған түйіндердің бірнеше есе көп екендігін естен шығармайды. Жергілікті жерлерде әйел бостандығының сөз жүзінде қалып, батыл қимылдар жоқтың қасы екендігі Н.Құлжанованың көңілін көңшітпейді. Ел билейтін, ел басқаратын қазақ азаматтарының қазақ әйелінің басындағы ауыр халді көруге, оған көмектесуге әлі де әзір еместігін сынаиды. Билік басындағы азаматтардың өмірдің өзі ұсынып, алдыға тартып отырға күрделі мәселелерді түбірінен қозғап шешуде сергектік танытар деген үмітін үзбейді.

«Қазақ әйелдеріне» /102/ мақаласы қазақ әйеліне тікелей арнау. Бұл жолы қазақ халқының алғашқы фембикесінің бірі Н.Құлжанова ресми әңгіме қозғайды. «Осы декабрьден бастап «Қызыл Қазақстан» журналы мен «Еңбекшіл қазақ» газетасының бетінен «Әйел бөлімі» аталып, қазақтың әйелі жайынан сөз жазып тұруға орын алынып отыр»/102,53/, -деп хабарлайды.

Әйелдер бөлімінің атынан сөз алып отырған Нәзипа Сегізбайқызы ақыл –кеңесін жаңашырлықпен, әйел қауымына сый құрметпен ұсынады. Жүзеге асырылатын міндеттер қатарында әйелдер жөнінде үкімет заңдарын түсіндіру, әйелдердің шараларын белгілеу күн тәртібіндегі кезек күтпейтін, насихаттауды тілейтін мәселелер екендігін автор ашық жазады.

Әйелдер құқығының аяқ асты болып, олардың сөзінің естілмей қалуы әлі де күнделікті тіршілігімізде кездесіп жүргендігі шындық. Олай десек, көштің өз бетімен жүре түзелетіндігіне сенбей, әйел халінің ащы күйін газет, журналдарға жазып көрсетіп, жабысқан дертті дер кезінде сылып тастаудың қамына кірісу керек. Өзі-ақ орнына келер, өзі-ақ ескіріп қалар дегендей тоқмейілісіп қарамай, уақытында ем қолданудың тиімділігін ескертеді.

«Газет –журналды алындар, алғызындар, оқындар, ұғындырып танымайтындарына түсіндіріңіздер, қасиетін, керектігін, сездіріңіздер!»/102,56/ . Мұнан артық қалайша түсіндіруге болады. Еркектер әйелдеріне дауыстап оқып беріп, бірге талқыласын, бірге ұғыныссын дейді.

Нәзипа Құлжанованың бірін – бірі толықтырып, байытып тұрған «Жалпы әйел мейрамы» және «Көңілді түрде өтті» мақалалары.

«Жалпы әйел мейрамы» мақаласын әйелдер мейрамының тарихынан бастайды. Халықаралық әйелдер күні -8 март 1910 жылы Копенгаген қаласында социалист әйелдердің екінші халықаралық конференциясында белгіленген. Дүниежүзі әйелдер ынтымақтастығын, бірлігін қолдап, әлеуметтік, экономикалық, құқықтық теңдігі үшін күреске жұмылдыру мақсатын ұстанған. Тұңғыш 1911 жылы Германияда, Австрияда, Швейцарияда, Данияда аталып өткен. 1913 жылдан Ресейде демонстрация, митинг, жиналыс ретінде ұйымдастырылған. Төңкерістен соң Қазақстанда да әйелдер мейрамын атап өту дәстүрге айнала бастаған. «Біздің қазақ әйелдерінің де төбесіне нұр жауғандай болып, еркіндік, теңдік дәулеті мейлінше беріліп отыр. Бірақ бұлар бұл дәулетке ие болып пайдасын, рахатын көруге қараңғылық, надандығы бөгеу болып отыр» -деп налиды.

Қазақ әйелінің әлі де күндіктен арыла алмай, бейнет қамытын сыпырып тастауға мұршасы жетпей дәрменсіз күй кешуі маңдайына жазылып қойған тағдыр деп қарамау керек. Білімнің қайнарынан сусындай алмай, оқусыз, білімсіз тоқырап қалған қазақтың еркегінің де жағдайы мәз емес. Сондықтан білімді жқрт дәрежесіне жету үшін үлкен де, бала да, әйел де, еркекте оқудың жолына түсуі қажет.

Ұстаз, ағартушы болғандықтан Н.Құлжанова бұл идеясын қайталаудан, ежіктеуден танбайды. Әйелдердің жәй сауат ашу, хат танумен шектелмей, мәдениеттің, өркениеттің, өнеркәсіптің, шаруашылықтың қай саласына да жүрексіңбей араласатын көзі ашық маман дәрежесіне жетсе деп армандайды.

Бір сөзбен түйгенде, Н.Құлжанованың көзқарасы бойынша, әйелдер мейрамы жыл сайын тойлауды дәстүрге айналдыру біткен істі санамалау үшін ғана емес, енді не істемекпіз деген салмақты сұрау төңірегінде тынымсыз ойланып, алда атқарылар істердің межесін белгілеуге де керек.

«Көңілді түрде өтті» шағын хабарында Халықаралық әйелдер күнін тойлау қазақ тұрмысына ене бастағанына шексіз қуанады. Бұрында салғырт қарап,немқұрайлылық байқататын ерлердің қозғалғанына, сөз сөйлеп, құттықтаулар оқып іске кіріскеніне оң қабақ танытады.

Н.Құлжанова Қазақстанның жер –жеріндегі ел көрсін, үлгі тұтсын деген оймен әрбір жаңалықты ашып айтады: «Марттың 8-і құрметіне қолөнеріне артельдер ашуға қаулы қылынды. Еңбекшілдер болысында әйелдер үшін балалар үйін (ясли) ашу ұйғарылды. Онсын қызыл отауға екі сеператор алынбақшы болды. Қызыл отау қасындағы сотқа әйелдерден бір –екі әйелді қосшы би етіп сайлады. Кооперацияға екі жалшы әйелді мүше ғып өткізді. Панасыз балаларға өкіл әйелдер тарапынан түрлі тәтті тамақтар берілді»./104,18/

Мақала аты- «Үй қандай болу керек?». Ойласу ретінде жазылған дүниеде ойласарлық жәйттер көп –ақ . Алдымен, автор үй шаруасындағы әйелдің жағдайын жеңілдету мәселелерін қозғаған. Нәзипа Құлжанованы қатты ойландырып, қабырғасын қайыстырған әйелдің жан ашырлық тірлігі дамылсыз күйбеңмен, түйтінектеп «кейіп –налып, қарғап –сілеп жүретіні» бейнеттің бір басынан асып кетуі, шамадан тыс азапты көтеруге мойынұсынуы. Әйелдің тұрмысы жеңілдеу үшін үйі жайлы болуы керек. Авторды ертедегі байлардың кең сарайын армандамайды, тек отбасылардың жер кепеде күнелтуін жақтамайды. Мақаланың ең соңғы жолдарындағы жазушының түйіні нағыз жанашырлықтың белгісіндей екендігін ұғынған жөн: «Германға еліктегендік немесе шама келмесе құлаш ұрғандық емес, үй іші тұрмысын жеңілдетуді бізде ойлануымыз керек. Әйелдің өсімі кемдігі, өлім көптігі, дерт-дермененің етек алуы бәрі де үй тұрмысының жамандығынан. Үй тұрмысы түзелмей, дертіне емде қонбайды»./106,31/

Нәзипа Құлжанованың журналисттік жолы сөз болғанда оның әйелдерге арналған газеттердің барлығына ат салысқандығын айтуымыз жөн. Н.Құлжанова кәсіпқой жазушы болу мақсатын алдына қоймаған. Бірақ зор білімді, журналист ретінде қаламы төселген жан бойындағы жазуға деген икемнің бар екендігін жоққа шығармаған. Өзінің жазушылық қабілетін пайдалана отырып, қай кезде болмасын әйел теңдігін алға қойып, сол кездегі қазақ әйелдерінің қоғамдағы құқықығы үшін күрескен. Қазіргі кезде Нәзипа Құлжанованың жолын жалғастырып жүрген жастар қатары күн санап артуда. Нәзипа Сегізбайқызының әйел теңдігі жайлы еңбектері қазірдің өзінде актуалды екені сөзсіз!

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Кәрібажнова Г.А. «Нәзипа Құлжанова»
2. Нәзипа. Көңілді түрде өтті//Әйел теңдігі, 1928
3. Н.Құлжанова. Октябрь төңкерісі [және] қазақ әйелі// Қызыл Қазақстан,1922
4. Нәзипа. Жалпы әйелдер мейрамы [8 март]
5. Құлжанова Н. Үй қандай болу керек ? (ойласу үшін)//Әйел теңдігі,1927

## НАЗИПА ҚҰЛЖАНОВА МҰРАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ОРНЫ

Халыкова Гаухар Алтаевна,  
Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі  
математика және информатика пәнінің оқытушысы  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Нәзипа Құлжанова 1887 жылдың 27 шілдесінде Қостанай облысы, Жанкелді ауданында туып өскен. 1982 жылы Ленинградтағы Орталық Мемлекеттік архив деректері бойынша Торғай облысындағы бірден-бір оқу орны – Қостанайдағы орыс-қазақ әйелдер гимназиясын бітірді (1898-1903).

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында өзінің тәлім-тәрбиелік ойларымен қазақ әйелдерінің арасынан әлеумет өмірінде алғаш көзге көрінген кісінің бірі – Нәзипа Құлжанова болды. Ол журналист-публицист, педагог-тәлімгер, екі тілде бірдей жазатын аудармашы. Шығыс еңбекші әйелдерінің I съезін ұйымдастырушылардың бірі, орыс жағрафия қоғамының Семей бөлімшесінің мүшесі еді.

Ол 1902 жылы Қостанайдағы қыздар гимназиясын бітірген соң Торғайдағы қыз балалар училищесіне мұғалімдікке тағайындалады. Н.Құлжанова 1904 жылдары Семей мұғалімдер семинариясына орналасып, сонда 1919 жылдарға дейін оқытушы болып істейді.

Өлке тарихын зерттеуші Виктор Белослюдов Құлжанованың аудармаларына риза бола қарайды. Ол 1915 жылы «Сибирь студенті» журналындағы «Қазақ поэзиясы туралы» мақаласында «Біз, орыстар, Абай Құнанбаевты да, Ыбырай Алтынсаринді де білмейміз. Абай Құнанбаевтың төл шығармалары орыс тіліне аударылмады, әрі басылмады. Алтынсарин өлеңдерінің ішінде орыс тіліне аударылғанынан маған белгілісі біреу ғана. Ол – «Көктем». Ал Абай Құнанбаев өлеңдері ішінен белгілісі – «Желсіз түнде жарық ай». Бұл екі өлеңді де қазақ әйелі Нәзипа Құлжанова аударған» дейді.

Нәзипа Құлжанованың Совет өкіметі кезіндегі еңбегі, негізінен, әдеби-журналистикалық бағытта көрінді. Сара Есовамен бірге «Қызыл Қазақстан» журналында, «Әйел теңдігі» журналында, «Еңбекші қазақ», «Қазақ тілі» газеттерімен байланысты болып, әңгіме-очерктерін («Қайран қыз-ай», «Қадірлі Қайша» т.б.) жариялап тұрды.

Нәзипа Құлжанова Семей қаласында оқу-ағартушылық саласында елеулі еңбектер сіңірді, қазақ баспасөзінде қызмет атқарады. «Қазақ», «Сарыарқа» және «Алаш» газеттерінде әйел мәселесіне байланысты мақалалар жариялайды.

Ол Орыс Географиялық қоғамының мүшесі ретінде қазақ халқының тұрмыс-салт, әдет-ғұрыптарын, ауыз әдебиеті мен фольклорлық шығармаларын зерттеп, оларды кеңінен насихаттаумен айналысты.

1917 жылы Семей облыстық қазақ съезіне қатысып, оның төралқасы құрамына енеді. 1920 жылы Қырғыз АКСР Оқу ағарту комиссариатының қазақ тілінде оқулықтар, кітаптар шығару мен баспасөз істері жөніндегі комиссияның белді мүшесі болған. Осы қызметте жүріп, жаңа қазақ әліпбиін енгізу жөніндегі Орталық Комитеттің құрамына мүшелікке енген.

Н.Құлжанованың белсене араласуымен 1924 жылы Орынборда “Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу” атты педагогикалық жинақ, нұсқау кітабы жарық көрді. Кейіннен “Әйел теңдігі” журналында осы ізгілікті іс әрмен қарай жалғастырылды. Журнал беттерінде қазақ бала бақшаларының озат тәжірибелері, онда жүргізіліп жатқан түрлі тәрбие жұмыстарының жай-жапсары, мақсат-міндеттері жайлы көптеген мақалалар жарияланды. Осы журналдың мектепке дейінгі тәрбие бөлімін басқарған Н.Құлжанова осынау көшпелі қазақ елінде бұрын-соңды болып көрмеген бала тәрбиесінің жаңа түрін аяғынан тәй тұрғызуға себепші болды. (Қазақ Совет энциклопедиясы”, 7-том. Алматы, 1975, 586-бет). Нәзипаның тәлім-тәрбиелік пікірлері медицина ғылымымен сабақтасып жатады. Автордың “Бала күтімі”, “Баланың өміріне күннің сәулесі, таза ауа аса қажет”, “Баланың аурулары” т.б. мақалаларында тәрбиені бала жөргегінен бастауды ұсына келіп, өзі түйіндеген тұжырымның түп негізі етіп: “Тәні саудың – жаны сау” дейтін халық даналығын алады.

Н.Құлжанованың ұстаздық тәлімгерлік тұлғасын таныта түсетін екі еңбегі бар. Оның алғашқысы 1923 жылы Орынборда шыққан “Мектептен бұрынғы тәрбие” атты еңбегі еді, оның алғы сөзін халқымыздың көрнекті лингвист-ғалымы, түрколог, ақын, публицист, ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов жазған болатын. Аталмыш еңбектерінде автор мектепке дейінгі балалар мекемелерінің тарихын, олардың отандық және шетелдік үлгілерін сөз ете келіп, қоғамдық ортадан тәрбие алатын жас жеткіншектердің ерекшелігіне орай, қоршаған ортасының ықпал-әсерінен туындайтын психологиялық өзгерістерді де кеңінен баяндайды. Мәселен, бұл жөнінде автор былай дейді: “Ойын – оның шын тіршілігі... Төңіректегі нәрседен өзіне қызықтысы ғана көзіне түсіп, ықылас тартады. Және бір мінезі – сөйлеуге жалықпайды. Тынымсыз қимылының бәрі сөзімен жалғасып жүреді. Көрген нәрсесіне ықыласы жеңіл, тұрақсыз... Көрген нәрсесін айтқанда ұмытқан жерлерін ойдан толықтырады”... дей келіп үш пен жеті жастың арасындағы балдырғандар бойында кездесетін физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді сөз етеді.

Ол ересектер мен сәби, бөбектер арасындағы қарым-қатынас мәселесіне де ерекше көңіл бөледі: “Балаға сусындай керегінің бірі – сөйлеу. Түрлі білімнің түбірі, негізі – баланың сөйлеуі, білуге құмарлығы. Сұрағына жауап бермей “мазамды алма” деп, үнемі баланың бетін қайтару арқылы білуге

құмарлығының негізін жоғалтып жіберуге болады”, – дей келе, автор бала ойынының айналы тани-білу құмарлығымен ұштасып жататындығын ескертеді. Н.Құлжанова баланы жас кезінде көбінде табиғат аясында бағып-қағудың тиімділігін айтады. Ол осы пікірін әрмен қарай жалғастыра келіп: “Әрбір құлықты, жақсы адам мінезінің түпкі негізінде болатын еңбек ету, көңіл және дене тазалығының машықтары бала әдетіне кіріп, сіңіп қалады, төңіреkteгінің бәріне еліктегіш, талшыбықтай икемді, нәзік келеді”, – деп автор ойын баласының мектеп жасына дейінгі бүкіл тыныс-тіршілігі оның мектепте алар тәлімінің әзірлік сатысы болып табылатындықтан осы кезеңдегі тәлім-тәрбиеге ерекше мұқият қараудың маңыздылығына тоқталады.

Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттарын “Тән саулығы”, “Баланың сырт сезімдерінің дамуы”, “Нәрсенің түр-түсін тану”, “Дененің қимылын түзету”, “Шеберлігін көтеру”, “Баланың білімін арттыру”, “Бала тілінің шеберленуі”, “Еңбекке машықтандыру”, “Көпшілдік және еңбек”, – деп бұлардың әрқайсысына жеке-жеке сипаттама берді.

Н.Құлжанованың еңбектерінде Қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысы, сол уақыттағы ауыл мен қала өмірінің шындығынан алынған нақты көріністер айқын байқалады.

Нәзипа Құлжанованың бала тәрбиесіне байланысты педагогикалық тұрғыда жазған бірнеше кітаптары бар. 1923 жылы «Мектепке дейінгі тәрбие» деген кітабы Орынборда 4000 дана тиражбен басылып шығыпты. 1927 жылы «Ана мен бала» атты ғылыми-педагогикалық еңбектер жазды. Ол аудармашылық өнермен де айналысты. Оның бұл саладағы сүбелі еңбектері ретінде Г.В.Короленконың «Күн тұтылғанда» және В.Лавреневтің «Қырық бірінші» атты повестерінің аудармасын атауға болалы. Нәзипаның өзі көркем проза саласында еңбек етіп, «Есіл қыз-ай», «Маржан» атты әңгімелер жазды. Нәзипа Құлжанова 1930 жылдардың басында Мәскеуге барып Н.К.Крупскаямен кездесіп көптеген ақыл-кеңестер алады. Әлі де еңбек етіп, көлемді туындылар жазбақ болған журналист, ағартушы Нәзипа Құлжанова 1934 жылы Алматы қаласында дүниеден өтеді.

Нәзипа Құлжанова өз дәуіріндегі саяси-әлеуметтік жайдан, экономикалық құрылыс қалпынан, медицина, педагогика ғылымдарының заман талабы алға тартып отырған міндеттерінен толық хабары бар білімді журналист, шебер педагог екенін айқын тани аламыз. Бүгінгі қолданылып отырған тәрбие түрлерінің алғашқы бастамасының негізін ана тілінде сөз етіп, түсіндіріп, жол көрсетіп кеткен – Нәзипа Құлжанова. Нәзипа бүгін де еліне сол еңбегімен құнды. Сол еңбегімен ұмытылмайтын қадірлі қалпында есте сақталады.

Бүгінгі таңда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналуға. Дүниежүзінде білімнің әлеуметтік рөлі артып, адамның болашағы оның алған білім сапасының көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты болады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасы, әдістерін, технологиясын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген. Бұл білім мекемелерінің мұғаліміне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық нұсқаны кез келген үлгімен құруға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда. Атап айтқанда:

- Білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламасының нақтылауымен байи түсуде;
- Ақпараттық дәстүрлі әдістер ауызша және жазбаша, телефон немесе радио байланыс қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығыстырып орын беруде;
- Баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде.

Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге жол ашуда. Осы тұрғыдан алғанда, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттердің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияларды пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан мұғалімнің біліктілігін көтеру мен шығармашылық педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгеруі маңызды.

Оқытуды демократияландыру, ізгілендіру арқылы экономикалық, әлеуметтік өзгерістерге бейімделе отырып, әлемдік өркениетке ұмтылған қоғамда танымдық қызығуы, біліктілігі жоғары, белсенді азамат тәрбиелеу талабы – бүгінгі таңдағы білім беру жүйесіне үлкен міндет жүктейді.

Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі – инновациялық технологияға сүйене отырып, оқушының бойында шығармашылық ойлауды, тұлғаның үйлесімді дамуына қолайлы жағдай туғызы нәтижесінде оның өзіндік мүмкіндіктерін жоспарлы пайдалана білуіне қол жеткізу арқылы тұлға біліктілігін қалыптастыру.

Білімді даралап-саралап берудің басты бағыттарының бірі дарынды, талантты жасөспірімдерді оқыту. Кейінгі кезде мұндай өзекті мәселеге әлемдік педагогикада қызығушылық бары байқалады. Соның бір айғағы-жоғары қабілетті Еуропалық ассоциация құрылды. Ассоциацияның басты мақсаты –

дарынды балаларды зерттеу, қолдау және мадақтау. Мұндай саясат Қазақстанда жүріп жатыр. Ел президенті Н.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің балаларымыз біліктілігі жоғары мамандар болады. Оларға жағдай жасау керек» деген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Елбасының «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасы мен «Дарын», «Болашақ» бағдарламаларында, Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында оқушыларға нәтижеге бағытталған білім беру арқылы оның ресурстық мүмкіндіктері мен шығармашылық дағдыларын дамытуға қолайлы жағдай туғызу – ең негізгі міндеттер деп айқындалған. Қоғамдық дамудың қазіргі үрдісі әлемдік білім беру жүйесінің алдына жаңа әлеуметтік тапсырыс ретінде өз мақсатына іске асыру үшін өз іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған ақпараттарды орынды пайдалана білетін, түпті нәтижеге жету үшін әртүрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогіне түсе алатын білімді тұлғаны тәрбиелеу мәселелерін қойып отыр. Бұл мәселелерді оңтайлы шеше білу білім берудің әлемдік және ұлттық кеңістігіндегі іргелі проблема болып отыр. Оқу-тәрбие үрдісін білім беру тұрғысынан ұйымдастыруда жаңа технологиялар мен озат тәжірибелерге сүйене отырып тұлғаға бағдарланған білім беруде әлеуметтік-тұлғалық білімділікті өзектендіру арқылы оқу үрдісін өзгертуді зерттеу-педагогика ғылымында туындап отырған қазіргі негізгі міндеттердің бірі. Білім беру тәсілдерін инновациялық технологиялар негізінде жетілдіру, оқыту мен тәрбиелеу ісін ізгілендіру, ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып даралап, саралап оқыту арқылы оқушыны дамытуда білім, білік, дағдыны жетілдіруге негізделген білім беру педагогикада адамның өзін тануын және тұлғаның психикалық, физикалық саулығын қамтамасыз ету мәселелерін алға шығарып отыр.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова Л. Нәзипа Құлжанова // Алғашқы қарлығаштар. Құрасырған Д.Дәуренбекова.-Алматы: Қазақстан, 1993.-17-29б.
2. Әділбекқызы Ж. Семей Орыс Географиялық қоғамы және қазақ зиялылары // Абай.-2004.-61-64б.
3. Қуантайұлы Н. Қазақтың алғашқы журналист қызы // Ертіс өңірі.-2003.-9 қазан.-29б.
4. Байжұманова Н. Ұлы ақынды ұлықтаған Нәзипа // Семей таңы.-2007.-30 тамыз.-3б.
5. Мағауина З. Қазақтың ардақты қызы // Семей таңы.-2007.-24 мамыр.-3б.
6. «Қазақстан мектебі» журналы, №10/2007, №1/2007, №2/2007.
7. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы.2008. 6-б.
8. Абай атындағы ҚазҰПУ, «Педагогика» журналы, №6 // Алматы, 2003ж.
9. Тажибаева Т. Просвещение в школе Казахстана во второй половине XIX в. –Алматы. 1962.
10. Қалиев С.Қ. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы. Білім, 2003.

### «ТИМЕ!» СЫНДЫРАСЫҢ! ШЫҚПА! ЖЫҒЫЛАСЫҢ!

Хасенова Зайгуль Рашитовна

Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің  
«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының оқытушысы  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Нәзипа Құлжанова аса құнттап қараған мәселесі мектеп жасына толмаған баланы тәрбиелеу проблемасы. Адамзатты ғасырлар бойы толғанып келе жатқан жас буынның қалыптасуы,бүлдіршіндердің дені сау, жаны сау азамат болуы қай ғалымды,қай ойшылды немқұрайлы қалдыра алды?!

Баланың дүниеге келуі,өсуі,жетілуі әдепкі жағдай деген түсінік қалыптасып келген. Бұл жалғыз қазақ қоғамына тән құбылыс емес. Болмысында сондай табиғи жағдай ретінде баланың өсіп, жетілуіне қарау басқа халықтар тарихында кездескен, тіпті адамзаттың бойына сіңіп кеткен әдет ретінде қабылдау да дұрыстыққа жатпайды. Ата-ана баланың жылдам ержетіп үлкендерге ұқсауын, үлкеннің мінезін, үлкеннің сөзін, іс-әрекетін қайталаса деп әрекеттенетіні бар. Баланың дүниеге шыр етіп келген шағынан мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі кезеңі өз алдына зерттеуді, жүйелеуді,жолға қойуды тілейтін ғылым екендігіне түсінікпен қарамау орын толмайтын олқылық.

Нәзипа Құлжанова «Соңғы жүз жылдың ішінде ғана баланың өсуіне көз салып,ой бөліп, табиғатын тануға қам қыла бастады: баланың тіршілігі, әдеттерін, көңіл тілектерін, қызығын һәм баланың тән жасалысын, қанының өсуін,табиғатының осы сияқты құбылыстарының барлығын ақтара қарап,тудыруға бет алды.Ойлай-ойлай бұрын бүркеулі жатқан бар пікірдің беті ашылғандай болды: бала кішкене кісі,үлкеннің кішірейткен суреті деген бекер екен, баланың тәні жасалыста,тән мүшелерінің өсуі тұсында ететін қызыметтері де әм жан тіршілігі де, барша табиғатының жаратылысы үлкеннен айрықша



басқа ,өзгеше болып шықты» /39,6/ деп ғылыми түйінге келеді. Кітаптың жазылған мерзімін ескерсек,бұл ғылыми ойды жинақтаған қазақ зиялылары арасында пайда болған жаңа ой екендігіне ризашылықпен қол қоясыз.

Нәзипа Сегізбайқызы мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде оның жас ерекшеліктеріне назар аудару қажеттігін нақты мысалдармен түсіндіреді. Бала қалыпты даму үшін оған айтылатын сөз де, көрсетілетін қимыл да, үйретілетін тағылым да шамадан тыс көп, болмаса бұлдіршінің қабылдауына тым ауыр болмауы ескерілуі шарт. Әйтпесе, мөлшерден артық тапсырмалар баланың дене құрлысының және ақыл-ойының дұрыс қалыптасуына кері әсерін тигізуі мүмкін. Яғни баланың қалыптасу процесі тәрбиеші педгог пен дәрігердің бақылауынан тыс қалмауы керек.

Оқымысты ғалымдар зерттеу объектісі етіп алғандықтан 3 жасар баланы мысалға алады.Нәзипа Құлжанова «Баламысың» деп қазақ атамыз айтқандай 3-жасар бала бір тыным таппай, білгісі келмейтін дүниесі жоқ жан.Анау не?,Мынау не?,Ол не?,Неге?,т.б Білмекке құмарлық,қолына түскен нәрсені «зерттеп», «құпиясын ашуға» құштарлық бала табиғатына тән.Тек бала бойындағы білуге, тануға, ұғуға, көруге, байқауға өзінше қайталауға әуестігін тыйып тастамау керек.Керсінше оны жолға қойып,алдында тұрған сауалдарды бірігіпшешуге ұмтылу қажет.

Нәзипа Құлжанова осы жағдайлардың баршасына ұсақ дүние деп қарамайды. Бала тәрбиесінде ұсақ, ірі проблемалар жоқ, бәрі де ескерілетін дүниелер. Оның барлығы жас буынды мектепке баруға дайындауға ,кішкентай «менің» қалыптасуына септігін тигізеді.

Сөйтіп мектеп жасына толмаған 3-7 жас аралығындағы жас бала өсіп осындай өзгерістерден өтеді. Бұл өзгерістер бірде тура айтылғандай болып,бірде құбылып бақа қалыппен кейде ретті,кейде ретсіз болып, баланың денсаулығына қарай, тұқым қуған әртүрлі мінездің құбылуына қарай,әсіресе баланы қоршапкеле жатқан тұрмыс шарттарынақарай қалыптасатынына Нәзипа Сегізбайқызы қатты көңіл бөлген.Мектепке дейінгі тәрбие неге керек? Осы қажет пе? Емін еркін ойын басында айналып мектеп табалдырығын аттаған соң да білім-ғылымды үйреніп алмай ма? Осындай сауалдар әркімнің көңіліне ұялауы мүмкін. Келер ұрпақтың тағдыры, оның тәрбиесіүлттың зор қазынасы екендігін ұққан Нәзипа.

Сондықтан мектепке дейінгі тәрбиені ғылыми негізге қойып,осы бір саланың теориялық мәселелеріне тыңға түрен салғандай жанкешті еңбекпен шұғылданды. Нәзипа Сегізбайқызы.

Нәзипа Сегізбайқызы тәрбиешілер мен ата-аналардың жас баланың мінезі, дүниені тануы, қалыптасуы төңірегінде қандай мәселелерді білдіруі керек, мектепке дайындау барысындақалағайтын жәйттер нелер-бұлардың баршасын жауапсыз қалдырмайды.Ол мектепке дейінгі бала тәрбиесінде ескерілетін мәселелерді тізбелеп көрсетеді:

1. Қимыл мүшелерін дұрыс билеу,жүру,жүгіру, секіруқағып алу,осының бәріне ыңғайланып ептіленеді;
2. Көру,есту,иіс сезу,түр түсті ажырату қабілеттері қалыптасады;
3. Сөйлеу,өз ойын шағын сөйлемдермен жеткізуге дағдыланады;
4. Ойлау қабілеті күшейіп,тіпті шағын қортындылар жасауға ұмтылады;
5. Өлең,әңгіме,сурет,ойын арқылы өз түсінігін қоршаған ортаға жарыққа шығарады;
6. Өз дегеніне жетуге тырмысады,ойына алған ісін басқа жұрттың да орындауын қалайды;
7. Таза,ұқыпты,жинақы болуды үйренгісі келеді;
8. Бала табиғаты шындықты ұнатады.

Көрсетілген дағдылармен әдеттерді игерген бала мектепке барғанда, бала бақшасында тәрбие көрмеген балаларға қарағанда, ерекшеленіп,тәрбиеге көнбіс, білімге ынталы келеді. Мектепке дейінгі бала тәрбиесінде ойынның ерекше қызыметке ие екендігін Н.Құлжанова жете түсінген. «Баланың керегі-ойын.Ең мағаналы,пайдалы мектебі,бар қызығы ойында бала көрген білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып,бекітеді» /39,13/-деп анықтай түседі.

Ойын баласын олай етпе, бұлай етпе деп тежей бермей, қайта ойын барысында баланың түрлі қимыл-қозғалыстары мен әдет мінездерін,сөйлеу машықтарын дамыту бағытындағы шараларды жүзегеасыруға ден қою шарт.Бала табиғаты тыным таппай қимылдауды, жүгіруді, секіруді көрген білгенін қайталап сұрауды қалайды. «Тиме! Сындырасың! Шықпа! Жығыласың! Таста! Бұлдіресің, үстіңді былғайсың!»-деп баланың алайын деп ынтығып отырған қаншама білімін тағы тамырынан қияды» /39,14/ -деп қынжылтады. Бала тәрбиесінде үлкендер атқаратын қызымет пен арқалар жүктің ауырлығына мән береді.Үлкеннің іс-әрекетінің, жасаған жұмысының, сөйлеген сөзінің тікелей көрнісі бала тәрбиесінде жатқандығына ата-аналардың, ұстаздардың, тәрбиешілердің назарын аударады. Ойынның жәй ойыншық емес, баланың қалыптасуында, еңбекке араласуында шешуші қызыметте екендігін нақты мысалдармен ежіктеп түсіндіреді. Осындай алысқа жетелейтін қорытындылар жасау Нәзипа Сегізбайқызының оқып, білгені, көңілге түйгені мол ұстаз, педагог екендігіне дәлел.

Балалар табиғатының қалыптасуына кедергі келтіретін жағдайлар да кездеседі. Үлкендердің баланың нені керек ететіндігін түсінбеуі, оларға неқұрайлы, салақ қарауы, баланың тез есейуіне қызығып, балалық кезеңдегі қимыл-қозғалыстарына, іс-әрекеттеріне зер салмауы,7-8 жеткенше баланы тәрбиелеудің, оқытудың қажеті шамалы деп ұғынуы тумасынан нәзік, еліктегіш, білуге құштар бала әлемнің біртіндепқалыптасуына кері ықпалын тигізеді сөзсіз. Ендеше, оның «Мектептен бұрынғы тәрбие»кітабы сәбидің өсіп,жетілуі,мектеп табалдырығын аттауға дайындау төңірегінде мүлдем жаңа

ойларды ұсынған теңдесі жоқ жаңалық дәрежесіндегі еңбек. Мектепке дейінгі тәрбие жұмысындағы басты тұлғалар-басшылар мен тәрбиешілерге тікелей байланысты екендігі айқындалып, теориялық тұрғыдан тұжырымдалады.

Қорта келгенде, Н.Құлжанова «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабы 19 ғасырдың басында жарық көргендігіне қарамастан өзінің құндылығын, теориялық, тәжірибелік маңызын жоймаған дүние.

Бүгінгі таңда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналууда. Дүние жүзінде білімнің әлеуметтік рөлі артып, адамның болашағы оның алған білім сапасының көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты болады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасы, әдістерін, технологиясын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген. Бұл білім мекемелерінің оқытушыларына оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық нұсқаны кез келген үлгімен құруға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алууда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда. Атап айтатын болсам,

-Білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламасының нақтылауымен байи түсуде;

-Ақпараттық дәстүрлі әдістер ауызша және жазбаша, телефон немесе радио байланыс қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығыстырып орын беруде;

-Баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;

Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге жол ашуда. Осы тұрғыдан алғанда, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін педагогтің инновациялық іс-әрекеттердің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияларды пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан мұғалімнің біліктілігін көтеру мен шығармашылық педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгеруі маңызды.

Оқытуды демократияландыру, ізгілендіру арқылы экономикалық, әлеуметтік өзгерістерге бейімделе отырып, әлемдік өркениетке ұмтылған қоғамда танымдық қызығуы, біліктілігі жоғары, белсенді азамат тәрбиелеу талабы – бүгінгі таңдағы білім беру жүйесіне үлкен міндет жүктейді.

Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі – инновациялық технологияға сүйене отырып, оқушының бойында шығармашылық ойлауды, тұлғаның үйлесімді дамуына қолайлы жағдай туғызы нәтижесінде оның өзіндік мүмкіндіктерін жоспарлы пайдалана білуіне қол жеткізу арқылы тұлға біліктілігін қалыптастыру.

Қоғамдық дамудың қазіргі үрдісі әлемдік білім беру жүйесінің алдына жаңа әлеуметтік тапсырыс ретінде өз мақсатын іске асыру үшін өз іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған ақпараттарды орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін әртүрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогіне түсе алатын білімді тұлғаны тәрбиелеу мәселелері алға қойылған. Бұл мәселелерді оңтайлы шеше білу білім берудің әлемдік және ұлттық кеңістігіндегі іргелі проблема. Оқу-тәрбие үрдісін білім беру тұрғысынан ұйымдастыруда жаңа технологиялар мен озат тәжірибелерге сүйене отырып тұлғаға бағдарланған білім беруде әлеуметтік-тұлғалық білімділікті өзектендіру арқылы оқу үрдісін өзгертуді зерттеу-педагогика ғылымында туындап отырған қазіргі негізгі міндеттердің бірі.

Білім беру тәсілдерін инновациялық технологиялар негізінде жетілдіру, оқыту мен тәрбиелеу ісін ізгілендіру, ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып даралап, саралап оқыту арқылы баланы дамытуда білім, білік, дағдыны жетілдіруге негізделген білім беру педагогикада адамның өзін тануын және тұлғаның психикалық, физикалық саулығын қамтамасыз ету мәселелерін алға шығарып отыр.

Бүгінгі қолданылып отырған тәрбие түрлерінің алғашқы бастамасының негізін ана тілінде сөз етіп, түсіндіріп, жол көрсетіп кеткен – Нәзипа Құлжанова. Нәзипа бүгін де еліне сол еңбегімен құнды. Сол еңбегімен ұмытылмайтын қадірлі қалпында есте сақталады. 1923 жылы «Мектептен бұрынғы тәрбие» деген кітабы Орынборда 4000 дана тиражбен басылып шығыпты. 1927 жылы «Ана мен бала» атты ғылыми-педагогикалық еңбектер жазды. Бұл Қазақстан Оқу комиссариатының нұсқауымен арнайы басылған алғашқы туынды еді. Аталмыш кітапқа алғысөз жазған қазақ халқының ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы былай деген: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер – білім даярлау керек». Автордың бұл еңбегі мынадай тараулардан тұрады: 1. «Күллі жер жүзінде» 2. «Мектеп жасына толмаған бала» 3. «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие не керек?» 4. «Мектептен бұрынғы тәрбиенің Россиядағы түрі» 5. «Бала бақшасы деген не?» Сол кезеңнің өзінде шет елдердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарын зерделеу жүргізілгендігін осы кітаптың мазмұнынан айқын көруімізге болады. Мысалға, «Күллі жер жүзінде» атты алғашқы тарауында дүние жүзін мекен еткен Автор дамыған елдердегі бала бақшалардың мән-жағдайын көрсетіп баяндай келе, қазақ тұрмысында бала бақшаның болашақ ұрпақты тәрбиелеуде зор қызмет атқаратындығына зор сеніммен қарайды.

Нәзипа Құлжанова өз дәуіріндегі саяси-әлеуметтік жайдан, экономикалық құрылыс қалпынан, медицина, педагогика ғылымдарының заман талабы алға тартып отырған міндеттерінен толық хабары бар білімді журналист, шебер педагог екенін айқын тани аламыз.

Нәзипа Құлжанова 1930 жылдардың басында Мәскеуге барып Н.К.Крупскаямен кездесіп көптеген ақыл-кеңестер алады. Әлі де еңбек етіп, көлемді туындылар жазбақ болған журналист, ағартушы Нәзипа Құлжанова 1934 жылы Алматы қаласында дүниеден өтеді.

Биыл талантты қазақ қызы, қайраткер, педагог Н.Құлжанованың туғанына – 135 жыл. Осы айтулы датаға орай оның «Мектептен бұрынғы тәрбие» құралы қайта жарық көріп жатса, бұл кейінгі буынның асыл тұлғаға деген құрметі болар еді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Н.Құлжанова. Халқыма деп іс қылма,-Алматы: Рауан,1993-168б
2. Ахметова Л. Нәзипа Құлжанова // Алғашқы қарлығаштар. Құрасырған Д.Дәуренбекова.-Алматы: Қазақстан, 1993.-17-29б.
3. Әділбекқызы Ж. Семей Орыс Географиялық қоғамы және қазақ зиялылары // Абай.-2004.-61-64б.
4. Қуантайұлы Н. Қазақтың алғашқы журналист қызы // Ертіс өңірі.-2003.-9 қазан.-29б.
5. Байжұманова Н. Ұлы ақынды ұлықтаған Нәзипа // Семей таңы.-2007.-30 тамыз.-3б.
6. Мағауина З. Қазақтың ардақты қызы // Семей таңы.-2007.-24 мамыр.-3б.
7. «Қазақстан мектебі» журналы,№10/2007, №1/2007, №2/2007.
8. «Мектеп» журналы,№11, 2009ж.
9. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы.2008. 6-б.
10. Абай атындағы ҚазҰПУ, «Педагогика» журналы, №6 // Алматы, 2003ж.
11. Н.Құлжанова.«Мектептен бұрынғы тәрбие» .
12. Н. Құлжанова. «Ана мен бала»,
13. «Алаш» қозғалысы. Алматы, 2008

#### НАЗИПА ҚҰЛЖАНОВА ЕҢБЕКТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ыбырай Сағыныш Қонысбайқызы  
Арқалық медициналық колледжінің оқытушысы  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Бүгінгі таңда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналуға. Дүниежүзінде білімнің әлеуметтік рөлі артып, адамның болашағы оның алған білім сапасының көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты болады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасы, әдістерін, технологиясын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген. Бұл білім мекемелерінің мұғаліміне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық нұсқаны кез келген үлгімен құруға мүмкіндік береді.Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуға. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда.Осы жолда елулі еңбек еткен Назипа Құлжанованың еңбегін ерекше атап өтуге болады.[1]



Нәзипа Құлжанова Сағызбайқызы

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында (1920-1930ж.ж) Қазақстанда мектепке дейінгі мекемелер (балабақша, балалар яслилерін) ашу аса күрделі де қиын мәселе болатын. Оның себебі: Біріншіден,

мектепке дейінгі мекемелерді ашу үшін орасан мол қаржы керек еді (арнаулы үй, жиһаз, оқу құрал-жабдығы, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, т.б. сатып алу қажет). Екіншіден, балаларға арналған жиһаз, ойыншықтар шығаратын өндіріс орындары жоқ болатын. Сондықтан, оларды шет елдерден қымбатқа сатып алуға тура келді. Үшіншіден, мектепке дейінгі мекемелерде қызмет ететін маман кадрлар тапшы. Оларды даярлайтын арнаулы оқу орындары болмады. Төртіншіден, мектепке дейінгі мекеме қызметкерлеріне қажетті оқу-әдістемелік құралдар жетпейтін. Міне, осы проблемаларды шешу ісімен алғашқы Кеңес үкіметінің басшыларымен бірлесе отырып А.Оразбаева, Н.Құлжанова, Ш.Шонанова, С.Есова сияқты көрнекті педагог қоғам қайраткерлері айналысты. Олар бұл істегі батыс елдерінің педагог қайраткерлері К.Цеткина, Н.К.Крупская, Е.Тасова, т.б. іс-тәжірибелерінен үйренді. Солардың педагогикалық еңбектерін қазақ тіліне аударды. Сөйтіп, өздері де мектепке дейінгі тәрбиемен байланысты төл оқу-әдістемелік құралдар жазу, кадрлар даярлау істерімен айналысты. Мәселен, Ш.Шонанова 1929 жылы «Жаңа мектеп» журналына екі еңбегін ұсынды. Оның бірі «Мектепке дейінгі тәрбие жұмысының болашақ проблемасы», екіншісі «Балалар алаңын құру мәселесі» деп аталды. Ш.Шонанова (1903-1938) 1922 жылы ҚазАССР-і Халық ағарту комиссариаты жанындағы мектепке дейінгі тәрбие ісінің әдіскері, ғылыми хатшысы, инспекторы қызметтерін атқара жүріп, республиканың әр аймақтарында мектепке дейінгі мекемелерді ашу ісімен де айналысты. Ол екі рет медицина институтына (Орта Азия мемлекеттік университетінің биология факультетіне) түсіп, шыққан табына байланысты оқудан шығарылған болатын. 1937 жылы жұбайы, көрнекті лингвист, тарихшы ғалым Телжан Шонановпен бірге тұтқындалып, халық жаулары ретінде 1938 жылы ату жазасына кесілген. Осынау қазақтың педагог ғалым қыздарының алдыңғы легінде жан аямай еңбек еткен педагог ғалым Нәзипа Құлжанова Жангелді ауданында Ы.Алтынсарин ашқан мектепте оқып, кейін Орынбордағы мұғалімдер семинариясын 1914 жылы үздік бағамен бітіріп шыққан. Нәзипа Орынбордағы мұғалімдер семинариясында (1907-1914) оқып жүрген кезінде өзінің идеялық ұстазы Ахмет Байтұрсынов Назипаға өлеңмен хат жолдап, оқу инемен құдық қазғандай ауыр іс. Оған асқан төзімділік, қажымас қайрат қажет. 1914-1920 жылдары Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқытушы, 1920-1922 жылдары Ақмолада оқытушы, Орынбордағы «Еңбекші қазақ» газетінің редакция алқасының мүшесі және белсенді авторларының бірі, 1923-1925 жылдары «Қызыл Қазақстан» (қазіргі «Ақиқат») журналында, ал 1925-1929 жылдарда «Әйел теңдігі» (қазіргі «Қазақстан әйелдері») журналдарында қызмет атқарған. Нәзипа Сегізбайқызы Ахмет Байтұрсыновтың ұстаздық үлгісінен нәр алған адам. Ол өзі де педагогикалық екі еңбек жазды. Оның бірі «Мектептен бұрынғы тәрбие» (1923) деп аталса, екіншісі «Ана мен бала» (1925) деп аталады. Нәзипа Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің жұмыс мазмұнын, атқаратын қызметін айта келіп, баланы тәрбиелеу, өсірудегі ұлттық ойындардың ерекшеліктеріне тоқталады.[2]

Күн сайын, сағат сайын балалардың білімі мен әдеттері өсіп отырады. Қимылдары жеңіл, ал ойындары – мазмұнды бола бастайды. Жолдастық сезімі оянады, балалар ұйымшыл бола бастайды. Алты-жеті жасында балалар ұжымдық мүдделер, қызығушылықты біледі, өз тілектерін, талаптарын тежей біледі. Енді олардың өмірінде кітап оқу, есеп шығару орын алады. Мұның барлығы баланың мектепке баруға даярлығын көрсетеді. Әрине, бала дамуындағы өзгерістер басқаша да жүруі мүмкін, ол баланың денсаулық жағдайы, жеке қасиеттері мен қоршаған ортасына да байланысты...

Мектеп жасына дейінгі бала нені үйренеді?

Әрине, бала балабақшасыз және мектепсіз де өсе алады. Бірақ ол балабақшада болмаса, көп нәрседен құр қалады. Кейде адамға оның балабақшада үйренетін көп қасиеті жетіспей жатады. Оның балабақшада алған білімі, дағдылары мектептегіден гөрі анағұрлым маңызды.

Мектепке дейін бала неге қол жеткізеді?

Біріншіден, қозғалыс дағдылары, жүгіру, аулау, жоғарыға шығу, секіру. Екіншіден, көруді, тыңдауды, сезуді үйренеді. Өзінің ойын байланысқан сөйлемдер арқылы жеткізуді үйренеді. Ойлауды – салыстыру, айырмашылығы мен ұқсастығын табу, ойды қорытындылауды, оларды сыртқа ойын, сурет немесе әңгіме арқылы шығаруды үйренеді. Баланың балабақшада өзін-өзі ұстауды, өз еркін белгілі бір мақсатқа бағындыруды үйренсе, жаман ба? Баланың ұқыпты, шыншыл, жақсылыққа риза болып өскені де маңызды. Бұл балалардың балабақшада меңгеретін әдет, дағдыларының толық тізімі емес. Ал үйде ше? Мектеп жасына дейінгі балаға үйде осындай жағдай жасалған ба? Осы сұраққа жауап беруге тырысып көрейік. Бала табиғаты қозғалыстың болуын қажетсінеді. Ал үйде ересектер оларға қозғалмай тыныш отыруды, сонымен бірге қозғалыссыз отырып кесте тігуді, ұзақ уақыт жазуды немесе оқуды талап етеді. Қозғалмалы ойындарды жақсы көретін жеті жасар бала үшін, бұл, әрине, жаза. Ойын баланың қиялын өсіреді. Ойнай білу дегеніміз, ойлай білуге үйрету. Ал ересектер оларды: «Сенен дұрыс адам шықпайды», - деп ұялтады. Баланы табиғат аясында тәрбиелеудің, табиғат құбылыстары жайында үнемі әңгіме жүргізудің мәні зор. Баланы жас кезінде көбінесе табиғат аясында тәрбиелеу тиімді. Бала даланың кендігінде шолпылдатып суға түсіп, жүгіріп құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын, тоғай арасында сайрандай жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей өсіп өркендемек. Жас бала айналаны білуге құмар, сөйлеуге, сұрақтар беруге бейім болады, сол арқылы ойы өсіп жетіледі. Баланың ойын дамыту үшін олардың сұрақтарын жауапсыз қалдыруға болмайды. Қазақтар баламен сөйлесуге жете мән бермейді. Сондықтан олардың сөйлеу мәдениеті жетілмейді. Әрбір құлықты, жақсы адам мінезінің түпкі негізінде болатын

еңбек ету, көңіл көтеру және денесі еліктегіш, талшыбықтай икемді, нәзік сезімді болып келеді. Олардың еркін өсуіне не кедергі жасайды: Ересектер балаларға не керек екенін түсінбейді. Ересектер балаларды тынымсыз деп санап, олардың табиғатына, жанына үңілмейді. Балаларды тезірек есейтемін деп, олардың балалық шағын қолдан қысқартады. Ересектер бала 7-8 жасында оқуға әлі ерте, ал 20-30-ға келгенде кеш болады деп есептейді. Бірақ адам туғаннан өзінің соңғы күндеріне дейін өмірді, дүниені танып-біледі, дамиды, әрине, оқып, үйрене береді. Әрине, көптеген әдеттердің қалыптасуы үшін белгілі бір уақыт керек. Біздің көптеген сезім мүшелеріміз балалық шақта жетіліп, өседі. Осы кезеңде қолдан шығарып алған нәрсені кері қайтара алмайсың. Балаларға арналған ең көп тараған мекеме- балабақша болып табылады. Балабақшада баланың өсіп, дамуы, тәрбиесі үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Ойын баланың қиялын өсіреді. Ойнай білу дегеніміз, ойлай білуге үйрету. Балабақшаға қойылатын басты талаптар келесідей: Балалардың өз бетінше қозғалуы және қызығушылығына көңіл бөлу. Баланың дамуы үшін бала ойындары оларға жаңа қуаныш, сыйлап, ойындарда шешімі табылуы тиіс жаңа міндеттер қойылуы керек. Балабақшаның жұмыс жоспарлары мен бағдарламасы өзгеріссіз қалмауы тиіс. Туындаған жағдайларға сәйкес, қажет шаралар белгіленуі керек. Дегенмен, балабақша үшін ешқандай ереже немесе бағыттар болмайды екен деп ойламауымыз қажет. Мұның барлығы да бар, бірақ бұл жөнінде балалар білмеуі тиіс...[3]

Үш пен жеті жас аралығындағы балалардың физиологиялық ерекшеліктерін—бала әлемін сөз етеді. Әсіресе, жас баланың айналы білуге деген құмарлығын, сөйлеуге, сұрақтар беруге бейім болатынын, сол арқылы ойы өсіп, жетілетінін айта келе, баланың ойын дамыту үшін олардың сұрақтарын жауапсыз қалдыруға болмайды. Қазақтар баламен сөйлесуге жете мән бермейді. Сондықтан, олардың сөйлеу мәдениеті толыққанды жетілмейді дейді. Баланы табиғат аясында тәрбиелеудің, табиғат құбылыстары жайында үнемі әңгіме жүргізудің тағылымдық мәніне терең тоқталады. Ол баланы жас кезінен бастап табиғат аясында тәрбиелеудің эстетикалық әсерін айта келіп, «Бала даланың кендігінде шолпылдатып суға түсіп, жүгіріп құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын тоғай арасында сайрандай жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей өсіп, өркендемек» дегенді айтады. Н.Құлжанова баланы үйде, балабақшада еңбекке бейімдей тәрбиелеудің маңызына тоқталады. Ол үшін әр балабақша жанында биологиялық бұрыш, тәжірибе участогы болуы керек. Бала торғайды, қоянды, тотықұсты, кірпікшешенді, балықты өсіруді білсін, аулаға көкөніс, гүл отырғызып, су құюды үйренсін, сазбалшықтан ойыншықтар жасап үйренсін дейді. Нәзипа Құлжанова баланың санасын оятып, қиялын өсірудегі ойыншықтардың тәрбиелік рөліне ерекше мән береді. «Ойын баланың қиялын өсіреді. Ойнай білу дегеніміз – ойлай білуге үйрету» дейді. Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттарын «Тән саулығы», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Заттың түр-түсін ажыратуы», «Бала тілінің шеберлігі», «Баланы еңбекке дағдыландыру», «Баланың әдемілік сезімін ояту», «Бала ойындары мен ойыншығы», «Баланы көпшіл болуға баулу» деп жіктей келіп, осы мәселелердің әрқайсысының мән-мағынасын ашып талдайды. Нәзипа Құлжанованың мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегінің құндылығы – біріншіден, оның Қазақстан топырағындағы тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуымен ерекшеленсе, екіншіден, Н.Құлжанова мектепке дейінгі педагогиканы биология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастырады, үшіншіден, ол қазақ этнопедагогикасын әлем елдерінің этнопедагогикасымен үндестіре зерттеді, төртіншіден, Н.Құлжанованың еңбектерінде Қазан төңкерісінің қарсаңындағы көшпелі қазақ елінің тұрмысы, сол уақыттағы ауыл мен қала өмірінің шындығынан алынған нақты көріністер айқын бедерленген. Ана мен бала тәрбиесі, әсіресе баланы мектепке дайындау жайында әдістемелік құралдар ана тілімізде күні бүгінге дейін тапшылық етуде.[ 4]

Нәзипа Құлжанова 1923 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жайлы «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабын жазған. Бұл Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің нұсқауымен және арнайы тапсырысымен жазылған алғашқы авторлық туынды. Аталмыш кітапқа алғысөз жазған қазақ халқының ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы былай деген: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер – білім даярлау керек». Автордың бұл еңбегі мынадай тараудардан тұрады :1. «Күллі жер жүзінде» 2. «Мектеп жасына толмаған бала» 3. «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие не керек?» 4. «Мектептен бұрынғы тәрбиенің Россиядағы түрі» 5. «Бала бақшасы деген не?» Сол кездің өзінде шет елдердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарын зерделеу жүргізілгендігін осы кітаптың мазмұнынан айқын көруімізге болады. Мысалға, «Күллі жер жүзінде» атты алғашқы тарауында дүние жүзін мекен еткен Автор дамыған елдердегі бала бақшалардың мән-жағдайын көрсетіп баяндай келе, қазақ тұрмысында бала бақшаның болашақ ұрпақты тәрбиелеуде зор қызмет атқаратындығына зор сеніммен қарайды. Сонымен қатар, Италия балабақшаларының балаларға арналған құрал-жабдықтармен талапқа сай қамтамасыз етілгендіктерін, Швецарияның Цюрих қаласындағы тастан жасалған мектептің бір жағында мектепке жасы толмаған балалардың үйі бар екендігін және оның балалардың жас шамасына сай құралдармен жабдықталғандықтарын бейнелейді. Шотландиядағы Эдинбург қаласындағы балалар бақшасын өз алдына ерекше етіп көрсеткен. Ол жерде күнделікті, таңертең ашық далада балалар бастары қосылғанда, кешкісін үйлеріне қайтарда бір-біріне «Амандық өлеңдерін» айтады дейді. Н. Құлжанова Европа елдеріндегі балалар бақшаларының өмірін үлгі ете отырып, күншығыстағы Жапония мемлекетіндегі

балалар тірлігін де әңгімелейді. Автор бұл еңбегінде ең бастысы бірігіп ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа, реттілікке, ұйымшылдыққа баулу, балалардың ойына, жас межесіне, қабылдау ерекшеліктеріне барлық жұмысты бағындыру, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау, өлең айту, сурет салу тағы басқа өнерлерін дамыту мәселелеріне көңіл бөледі. Болашақтағы қазақ балалар бақшасы сондай болса екен деп армандайды. Нәзипа Сегізбайқызы мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде оның жас ерекшеліктеріне назар аудару қажеттігін нақты мысалдармен түсіндірген. Ол баланың қалыппен дамуы үшін оған айтылатын сөз де, көрсетілетін қимыл да, үйретілетін тағылым да шамадан тыс көп болмау керек және тым ауыр болмауы ескерілуі шарт дейді. Мөлшерден артық тапсырмалар баланың дамуына кері әсерін тигізуі мүмкіндігін және баланың дамуы үнемі дәрігер мен педагогтың бақылауында болуы қажет дейді. Сол кездің өзінде оқымысты ғалымдардың үш жасар баланы зерттеу объектісі етіп алғандығын мысал етеді. Үш жастағы баланың даму ерекшелігін, білімге, зерттеуге, құпия ашуға құмарлығын мәлімдейді. Назипа Құлжанова баланың бойындағы білуге, тануға, ұғынуға, көруге, байқауға, өзінше қайталауға әуестігін тыйып тастамау керектігін, оларды бағыттап, алдында тұрған сауалдарды бірігіп шешуге ұмтылу қажеттігін, бала мүмкіндігіне қарай тұқым қуалаған мінездің әртүрлі құбылуын дәлелдеп көрсеткен. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке баруға дайындауды, оларға «Мен» түсінігін қалыптастыруды және де жас шамаларына байланысты даму деңгей ерекшеліктерін ғылыми түрде негіздеген. Сонымен қатар, балаларды мектепке толыққанды дайындау мәселелері бойынша қойылған сауалдарды жауапсыз қалдырмаған, ғылыми тұрғыда негіздеп берген. Н. Құлжанова мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде ойынның ерекше қызмет атқаратындығына айрықша көңіл бөліп былай деген: «Балаға керегі – ойын. Ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы ойын. Ойында бала көрген-білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып, бекітеді».[4]

#### Әдебиеттер тізімі:

1. <https://infourok.ru/nazipa-lzhanova-ebekteri-zhne-azirgi-pedagogikani-zekti-mseleleri-konferenciya-722653.html>
2. <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/8451>
3. <http://midedu.ozin-ozu-tanu.kz/meeting/show/id/4404>
4. <https://imena.pushkinlibrary.kz/kz/pedagogikz/1203-.html>

### ВКЛАД НАЗИПЫ КУЛЖАНОВОЙ В РАЗВИТИЕ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Юсупова Анна Владимировна  
преподаватель ГУ "Музыкальная школа им.Б.Байкадамова  
отдела образования акимата г. Аркалыка"  
Костанайская область, г. Аркалык

Много выдающихся личностей подарила земля Торгая. Взрастила и воспитала она вереницу поколений мыслителей, педагогов, талантливых писателей и поэтов, историков, исследователей, политиков, ученых и других, чьи имена широко прославили историю нашего родного края. В их числе и педагог, искусствовед, писатель- публицист, переводчик, общественный деятель Назипа Кулжанова [1, с. 1].

Назипа Кулжанова родилась в 1887 году в Жангелдинском районе Торгайской области. Окончила двухгодичную русскую школу в г. Торгае, русско-киргизскую (казахскую) женскую гимназию в г. Костанай (1903-1905 годы). С 1905 по 1920 годы работала преподавателем в Торгайском женском училище, а затем в Семипалатинской учительской семинарии. Она оказала неоценимую помощь в становлении молодых педагогов, внесла огромный вклад в развитие дошкольной педагогики, культуры и литературы в Казахстане. Являлась почетным членом Российского географического общества. В 1920-1924 годы музыковед А.Затаевич и А. Бимбоэс записывают в исполнении Н. Кулжановой несколько песен Абая и казахского народа. Н. Кулжанова была одним из организаторов съезда женщин Востока [1, с. 1].

Назипа очень любила поэзию великого Абая. Занимаясь общественной и литературной деятельностью, она организует литературные вечера. В 1913 году такие вечера состоялись в Каркаралинске. А в 1914 году, начиная с 26 января, Назипа проводит ряд вечеров, посвященных десятилетию со дня смерти Абая. Она собирает людей, пропагандирует высокое поэтическое искусство, знакомит читателей и слушателей с творчеством поэта, читает его стихи широкой публике. С этого времени она пишет для газет «Казах», «Сарыарка» и «Алаш» о жизни казахских женщин, начинает вмешиваться в политику и общественную жизнь [1, с. 2]

В 1920 году Назипа Кулжанова стала членом комиссии Наркомата просвещения Казахской автономии по подготовке учебников и книг. Она принимала участие в разработке казахской азбуки, была автором дидактических трудов «Традиционное воспитание в школе», «Воспитание матери и ребенка», тематика которых остается актуальной и по сей день. Она советовалась с Сакеном Сейфуллиным, Беймбетом Майлиным, Мухтаром Ауэзовым, Сабитом Мукановым, Габитом Мусреповым... [1, с. 2].

Известный поэт Султанмахмут Торайгыров посвятил Назипе поэму «Знакомство», в которой описал грани ее личности: честность, женственность, отзывчивость и деловитость. «Последнее качество, – отметил поэт, – отсутствует даже у многих мужчин» [2, с. 1].

